№41(14342), 21 ақпан 1991

• Уақыт жаңғырығы

Қаржаудың құдығы

АШАРШЫЛЫҚТА ӨЛГЕН АДАМ СҮЙЕГІНЕ ТОЛҒАН

Одан бері де алпыс жылға тарта уақыт өтіпті. Көптеген нәрсе ұмытылып, тарих беттерінен сызылып тасталғаның білеміз. Алайда, сол күндердің куәсі болған, бүгінде арамызда жүрген адамдардың саналарынан сол күндердің оқиғалары өшер емес. Бәлкім барлық кезде алған әсерлері өмір бойы жандарында сақылып қалғандықтан болар. Менің әңгімелескен, пікірлескен адамдарым сонау 1932 жылғы ашаршылық кезіндегі алты мен он екінің арасындағы балалар еді. Сол күнгі балалардың ауыр оқиғаларды бүгін еске алуы ауыр-ақ. Ауыр болатын себебі, бала болса да тарихи шындықты көзбен көрді. Тіптен ауыл-селолардағы көптеген семьялар ашаршылықтың құрбаны болды.

Әңгімені басынан бастайықшы. Бұл мақаланы жазуымызға «Өркен» газетіне басылған сексен жастағы Бейсенбай Қалдыбаев ақсақалдың естелігі еріксіз әсер етті. Ол өзінің естелігінде қазіргі Жаңадәуір селосында белгілі бір құдық бар екендігін, сол құдыққа 1932 жылы аштан қырылған адамдарды әкеп тоғытқандығын, оны әке-шешесі үнемі айтып отырғанын және Алматы төңірегі адамдар сүйегіне толы екендігін жазған болатын.

Жаңадәуір селосы — Іле ауданына қарасты елді мекендердің бірі. Тіптен астанамыз Алматыға таяу маңға орналасқан қала мен село арасы небәрі 17 шақырым. Бүгінгі Жаңадәуір селосы өзінің көріктілігімен көзге түседі. Онда орта мектеп, соңғы жобамен салынған клуб, балалар бақшасы жұмыс істейді. Ауыл адамдарына су құбыры қызмет етеді. Ал мұндай жағдайда ескі құдық жайында ауызға алудың өзі қиын. Алайда тарих беттеріне үңілсек, қазіргі «Қазақстанның 40 жылдығы» колхозының негізінде жаппай коллективтендіру жылдары Жаңадәуір өзінше бір колхоз болып ұйымдастырылған екен. Тіптен Жаңаталап, Ынтымақ, Қоянқұс, Әли — барлығы сегіз шаруашылық құрылған.

Жаңадәуір селосы 1932 жылға дейін шағын ғана елді мекен еді. Әрі қысқа, әрі қиқы-жиқы екі-үш көшесі бар болатын. Бұл көшелерді адамдардың бақшалары ұштастырып жататын. Селода небәрі жүзге тарта түтін болатын. Ашаршылық жылдары Жаңадәуір селосында небәрі 10-15 семья қалды. Көше бойларындағы тұрғындардың үштен бірі ашаршылық қасіретіне душар болып, жер қойнауына енді. Ал мүлдем жойылып кеткен көшенің жағасында екі құдық бар болатын. Оның бірін жақын маңдағы үйлер ауыз суға пайдаланады. Ал екіншісі, яғни Қаржау құдығы кейіннен аштықтан құрбан болған адамдардың бейітіне айналды. Бұл жөнінде соғыс және еңбек ардагері Сатыбай Нүсіпов былайша еске алады:

— Қаржау құдығы қазіргі Мир көшесінің арғы жағында үлкен арықтың бойындағы өткелдің қасында болатын. Бұл құдыққа ашаршылық кезінде 40-50 адам тасталғанын білеміз. Құдық оның несінің атымен аталады. Қаржау болса коллективтендіру кезінде өз семьясымен және туған-туыстарымен басқа жаққа қашып кетті. Олардан қалған үй, мекен-жай және терең қазылған құдық қаңырап бос қалды. Біраз уақыттан соң басқа маңайдағы үйлер де осындай күй кешті. Колхозшылар болса бұл үйдің құрылыс материалдарын мектеп салуға жұмсады. Қаржаудың тастаңды құдығы да қажетке жарады. Бірақ бұл жерде оның қандай қажетке жарағандығын ауызға алудың өзі қиын...

— Мен ол кезде небәрі он жасар бала едім,— деп әңгімесін онан әрі жалғастырды ауыл ақсақалы. — Әкемнің шешемнен естуімше ашаршылық біздің ауылды қатты азапқа салды. Өзімде жақсы білемін. 1932 жылдың ақпан-наурыз айлары өте қиын болды. Көптеген адамдар жейтін, тіске басатын талшық ізден селодан безіп кетті. Олардың біразы Қырғыз ауса, енді біразы Жамбыл облысына қоныс аударды. Олардың көбісі бұл маңайға қайта айналып соққан жоқ. Ал осында қалған семьялардың он бестей ғана тірі қалды. Біз тұратын көшенің көп үйлері бос қалған және маңайында әр жерден қашқан, қайыршылық күн кешкен адамдар көбейіп кетті. Олардың көбісі ұры-қарлық жолға түсті. Адамдарды тонайтын немесе өлтіріп кетуден тайынбайтын. Бізге таяу маңда жалғыз басты бір әйелдің тұрғанын білеміз. Бір түн ішінде сол адамды өлтіріп кетті. Ұрылар үйден тауып алғаны бір кесе тары екен. Әрине, ол кезде қазіргідей дүние-мүлік қайдан болсын. Міне осы оқиғадан кейін менің ата-анам көршілерімен ақылдаса келіп, орталық көшеге қоныс аударды. Мұның өзі ауыл адамдарына бір табан болса да жақын тұру қажеттігінен келіп туған еді. Ал босап қалған үйлерді бұзып отын етуге тура келді. Кейіннен, 1936 жылы осы көше бойындағы бос қалған үйлерге қоныс аударып поляк халқының өкілдері орналасты.

Аштықтан өлген балалар, әйелдер, қарттар құдыққа жерленді. Жерленді деген аты ғана. Өйткені өздері әбден аштықтан қалжыраған адамдардың бейіт қазуға да мұршасы келмеді. Өлген адамдардың сүйегін арбаға немесе шанаға бірінің үстіне бірін салып құдыққа апарып лақтыратын. Сол тұстағы аштықты, жалаң аштықты сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Бүкіл бір шаңырақтың орындарынан тұрмай қалғандығын өз көзімізбен көрдік. Барлық жаңалықты таң атқаннан кейін еститінбіз. «Ана жерде бәлен, мына жерде бәлен өліп жатыр» деген сөздер жиі естілетін.

Біздің семья болса бір сырдың желіне қарап қалды. Таңертең оны анам сауып жататын. Сүт пісірген соң айналадағы тірі қалған көршіқолаңды шақыратын. Көрші демекші, Айман мен Қатипа деген екі қыз жетім қалды. Жаңылмасам олардың фамилиясы Байсенбаевтар болатын. Міне біз балалар бірге отырып сүт ішетінбіз. Сонан соң менің шешеммен бірге барып егіс алқабынан масақ жинайтынбыз. Оларға жиі-жиі мен қосылып жүрдім. Кейде күн ұзақ жинаған дәніміз бір уыстан аспайтын. Бірақ оның өзі де үлкен қуаныш елі. Жаңағы әкелген дәнді құырып талқан етіп, тартатынбыз. Сонан соң оны нан орнына жейтінбіз. Міне осылайша күн кештік. Кейіннен апа-сіңілі Айман мен Қатипаны Қаскелең қаласындағы мектеп-интернатқа өткізді. Олар сол жерден он жылдықты бітіріп, Қазақ педагогикалық институтына оқуға түсті. Бүгінде олардың әрқайсысының өз семьясы, балалары бар. Оның бірі қазіргі Ынтымақ селосында тұрса, енді бірі Алматы қаласының тұрғыны.

Аштық туралы Сара Мұратбекова, Өрікбала Омарова, Жұматай Тұрапбергенов және басқалар айтқан болар еді. Иә, бүгін аштықты көзбен көргендердің қатары сиреп барады. Солардың бірі — Қарқабат ақсақал тоқсан жастан асып қайтыс болды. Ол 34-ші жылы шешесімен бірге Баканастан көшіп келді. Оның айтуынша балықтың арқасында аштық құрбандығынан аман қалыпты. Қыс ішінде қатып жатқан мұз астынан балық аулап күнелтсе керек. Сол тұста біздің колхозға Балқаш ауданынан Иген Тұрысбеков те келген болатын.

— Әркез Қаржау құдығының қасынан өтіп бара жатып көзіме жас үйіріледі,— деп еске алады сексенге таяп қалған Сара Мұратбекова. — Менің туыстарымның көбісі, отызға тарта адам сонда жерленді. Тіптен анам мен емшектегі бауырларымды да сонда жерледік. Әлі есімде құдық іші адамдар сүйегіне лық толы. Мүмкін, әкем үйде болғанда біздің туыстардың ешқайсысы да мұндай күй кешпеген болар ма еді деп ойлаймын.

Менің әкем колхозда қарапайым бригадир болып жұмыс істеді. Ал осы ашаршылықтың аз алдында мемлекетке астық тапсыру жоспарын орындамағаны үшін оны түрмеге жауып қойды. 1933 жылы әкем Оразбай түрмеден босап ауылға келгенде, оның алдынан менен басқа ешкім шықпады. Бір үйлі жан түгелдей қырылып қалды, өзімнің қалай тірі қалғанымды білмеймін. Қазір сол құдықтың орнын дәл тауып көрсетуге бармын.

— Ол кезде мен небәрі 6-7-лер шамасында едім. Көп ес біле бермеймін. Бірақ адамдардың өлімдері мәңгі есімде сақталып қалыпты. Олардың бәрі құдыққа тасталғаны анық,— дейді Өрікбала Омарова. — Менің әкем кедей шаруа болатын. Бар байлығы үш-ақ қойы бар еді. Семьямыз тым үлкен, балалар да көп еді. Аштық ешқандай семьяны құтқарған жоқ. Бір үйлі жаннан үш адам тірі қалдық. Заманның ауырлығына, тамақтың жетіспейтіндігіне қарамастан әкем жетім қалған екі баланы асырады. Әкем үшін бір үйлі жанды асырау әрине, өте қиынға түсті. Егер сол тұста әкем ферма меңгерушісі болмағанда, мүмкін ешқайсымыз да аштық ажалына қарсы тұра алмас па едік.

Ол анда-санда болса да үйге сүт әкелетін. Бір жолы аурудан және жемшөптің жетіспеушілігінен сиырлар да өле бастады. Мұндай тұста әкем жанын қоярға жер таппады. Тіптен, отыра қалып жылауға дейін баратын. Бірақ оның бәрі де артта қалды ғой. Ауырпалықтың бәрін көтерді. Бірде үйге аштық болмай тұрып сырға, жүзік және басқа әшекей заттарын әкелгені бар. Ашаршылық жылдарында бұл әкелгендері пайдаға жарады. Жаңағы тауып әкелінген заттарды анам базарға апарып нанға, күрішке және басқа да азық түріне айырбастады.

Кейде түнделетіп әкем далаға барып масақ жинайтын. Бірде қуанып келсе, енді бірде қуарып кіретін. Өйтпегенде қайтсін, бір үйлі жан әкемнің алақанына қарайтынбыз. Енді бірде жарты қаптай бидай әкелді. Оны көршілермен бөліп-жардық. Бірде түнде үйілген сабан ішінен әкем үстінде қалың тоны бар ер адамның өлігін тауып алыпты. Ал, оның қолында бір үзім нан қалған екен. Сол қолындағы нанды аузына апара алмағандығы айдан анық. Жаңағы адамның сүйегін әкем арқалап әкеліп осы құдыққа тастаған.

— Анам да байыз таппайтын. Мүмкіндігінше көршілерге қол ұшын беруге тырысатын. Әкем арқылы немесе мен арқылы оларға үздіксіз сүт, нан, шай беріп жататын. Ал Мұратбековтердің үйіне сүт апарған апайым бірде үрейі ұшып қорқып келді.

— Бәрі де жатыр,— деді ол есіктен кірген бетте.

— Денелері қатты ма?— деп сұрады одан әкем.

—Қатты,— деді үрейі ұшқан менің анам.

Көп ұзамай селолық Советтің төрағасын шақырып келіп жаңағы үйге ендік. Үй ішінде қатарынан тізіліп он адам жатыр. Бәрі де жарық дүниемен қош айтысқан. Тек қана бір жас жігіт қана қырылдап үн шығарды. Бірақ басын жерден көтере алмайды. Жанталасып жаңағы жігіттің аузына сүт тамыздық. Ол бір-екі рет сүтті жұтуын жұтса да көп ұзамай өліп қалды. Аздан соң жаңағы өліктердің сүйегін бірінің үстіне бірін салып, төрт арбамен Қаржаудың құдығына алып кетті.

Бізден онша алыс емес жерде атамыз бен әжеміз тұрып жатқан еді. Олардың үйіне ойнау үшін жиі баратынбыз. Бірде кешкілік уақытта бара қалсам үй тастай қараңғы, от жағылмапты. Ол кезде қандай жетіскен отын болушы еді. Сабан жағатынбыз. Қорқып кеттім, кері барып анамды шақырып келдім. Жарық жағып қарасақ, төсектің үстінде екеуі қатар жатыр. Осыдан бірер күн бұрын әкем олаға фермадан сиырдың бас-сүйегін әкеліп берген еді. Бірақ оны қайнатып жеуге де әлдері жетпепті. Түн бойы оларды күзетіп шықтық. Таң қылайып атып келе жатқанда атамыз қайтыс болды. Атамды жерлеген соң, әжем менің әкемнен қазанға қар суын ерітуды сұрады. Соған шомылғысы келетіндігін айтты. Әкем оның өтінішін бұлжытпай орындады. Ол ертеңгісін таңғы мезгілде қайтыс болды. Олардың үйінде бір қыз бар еді. Ол тірі қалды. Өзіміз үйге алдық,— деп әңгімесін аяқтады Ө. Омарова.

— Иә, ауыл адамдарының айтуынша, адамдардың көбі аштан өлді. Олардың саны қанша? Кезінде марқұм Қожакан Исабеков пен Өмірбек Қонақбаевтан естігенім бар,— деді бірде еңбек және соғыс ардагері Игін Тұрысбеков. — Жаңадәуірдегі құдықтарда кемінде 200-300 адам жерленген.

Бұны естіген мен И. Тұрысбековтен құдық туралы білетінін толығымен айтып беруді өтінген едім.

— Біз,— деп бастады ол әңгімесін. — Жаңадәуірге 1934 жылы көшіп келдік. Колхозшылардың қолында ешнәрсе болмады. Кейін колхозда 40 жылқы 500-ге тарта қой бөлінді. Әр аулаға үш қойдан таратылды. Міне, осылайша адамдар есін жинай бастады. Қаржау құдығындай құдықтар бұл маңда біреу емес, бірнешеу.

Аштықтың келуі колхоз құрылысын дұрыс жүргізбегендіктен деп білген жөн. Сол кездегі республика басшысы Голощекиннің айналасындағылар коллективтендіруді жеңіл, жедел науқан деп білді. Сөйтіп адамдар үлкен қайғыға душар болды. Тіптен басқаны былай қойғанда аштық құрбандары болған адамдар жайында жазуға да тыйым салынды. Ол кезде қанша адам өлді, міне бұл жөнінде бүгінгі таңда баспасөзде пікірталас жүруде. Ал Қаржау құдығы сияқты бауырластар зираты әлі иесіз, ескерусіз жатыр.

Айтікен ЕСДӘУЛЕТОВ.
Жаңадәуір ауылы,
Іле ауданы.

ОТАН НАГРАДАЛАРЫ

Еңбекті ұйымдастырудың озық әдістерін енгізудің негізінде тұрғын үй, өндірістік және әлеуметтік-мәдени объектілер құрылысында қол жеткен зор табыстары үшін Қазақ ССР құрылыс кәсіпорындары, бірлестіктері мен ұйымдары қызметкерлерінің бір тобы Советтік Социалистік Республикалар Одағы Президентінің 1991 жылғы ақпанның 22-сіндегі жарлығымен ССРО ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Республика құрылысшылары он екінші бесжылдықта тұрғын үйлерді, емханаларды, мектептерді, мектепке дейінгі балалар мекемелері мен басқа да әлеуметтік-мәдени объектілерін жоспарланғандағыдан едәуір артық тұрғызды. Мемлекеттік күрделі қаржыны ойдағыдай игеруге құрылыс индустриясының, құрылыс ұйымдарының өндірістік базаларының едәуір нығайтылуы, жергілікті құрылыс материалдарының кеңінен пайдаланылуы үлкен септігін тигізді.

* * *

Халық тұтынатын тауарлар өндірісін ұлғайтуға, халыққа қызмет көрсету сапасын жақсартуға тікелей зор үлес қосқаны үшін Қазақ ССР халық тұтынатын тауарлар өндірісі мен халыққа коммуналдық-тұрмыстық қызмет көрсету салалары қызметкерлерінің бір тобы Советтік Социалистік Республикалар Одағы Президентінің 1991 жылғы ақпанның 22-сіндегі жарлығымен ССРО ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Республикада халық тұтынатын тауарларды іс жүзінде барлық кәсіпорындар шығарады, өткен бесжылдықта олардың көлемі 45 процент артты, бұйымдардың 400-ден астам жаңа түрінің шығарылуы игерілді. Тұрмыстық қызмет көрсетудің прогрестік формалары кеңінен енгізілуде, коммуналдық шаруашылықтың материалдық базасы дамып, нығаюда.

Жамбыл өндірістік-сауда бірлестігі аяқ киім фабрикасының бөлшектер кәсушісі Т. Қ. Сықымбаев 1-ші дәрежелі Еңбек даңқы орденімен наградталды.

(СОТА — ҚазТАГ).

• Сенбілік сұхбат

ЗАУАЛ ЗАМАН ҚҰРБАНДАРЫН ҰМЫТУҒА БОЛА МА?

Ақтаңдақтардың бәрін ақтарып болдық, отызыншы жылдардың ойраны туралы жазылған мақалалар көпірін тоқтатын кез келіп жетті деп кейбіреулер дауыс көтере бастаған түста еріксіз екіұдай ойдың құшағында қаларыңыз сөзсіз. Шынында солай ма? Халық басына түскен сол бір қасіретті қайталап жаза бергеніміз бүгінгі ұрпақты жалықтырып жіберген жоқ па? Осындайда екінші бір ой қылаң береді. Жоқ. Өткеніміздің екінші ертеңімізге сабақ болып, жазықсыз жазаланған ұл-қыздары үшін ел еңіреген сол бір зауал заман қайта оралмасын десек, бұл мәселені қанша жазсақ та артық етпейді. Қасірет жылдардың құрбаны болған азулы азаматтарымызды жоқтар, солардың есімдерінің елеусіз қалмауы үшін аянбай еңбек етіп жүргендер, шүкір, жетерлік. Құрылғанына біраз уақыт болған «Әділет» қоғамының мақсаты да сойқан жылдардың құрбандарының есімдерін қалпына келтіру. Осы қоғамның жауапты хатшысы Сәуле Рақымқызы Айтманбетовамен біздің бүгінгі сұхбатымыз оқырмандарға «Әділет» қоғамын таныстыру мақсатынан туған еді. Әңгіме барысында бізге беймәлім көптеген фактілер естірміз деп тіпті ойламағанбыз.

— Партиялар мен түрлі бейресми ұйымдар жаңбырдан соңғы саңырауқұлақтай қаптап шыға келген мынау дүбірлі дүниеде оқырмандарымыздың «Әділет» қоғамы туралы хабары да болмауы ғажап емес...

— Әрине, мәтіңгілетіп жатпаған соң халық назарынан қалтарыста қалуымыз мүмкін. Әйтсе де, «Әділеттің» мақсаты даңғаза саясатпен мәртебесін көтеріп алу емес, жазықсыз жапа шеккен боздақтардың тапталған тағдырларын тарих алдында тазалап алу екенін есте тұтқан жөн. Біздің қоғам 1989 жылдың сәуір айында құрылды. Оның дүниеге келуіне ұйтқы болғандар негізінен әкелері құғын-сүргінге ұшырап, халық жауы атанғандардың балалары. Мысалы, қоғам төрағасы Санжар Жандосовтың әкесі жалынды революционер, қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың жалақорлықтың құрбаны болып, жазықсыз атылғанын кім білмейді. Сол есіл ерлердің арман-тілектерін алға апарып жатсақ, сол кездегі сатқындықтың астарына үңіліп, бүгінгі ұрпаққа досын сатып кеткен азғындарды өшкерелеп жатсақ әкелер алдындағы парызымыздың бір мысқалын болса да ақтағандай болар едік-ау.

— Шынын айту керек, сол бір жылдардың көпшілікке беймәлім тұстары әлі көп. Тіпті Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Ораз, Тұрар секілді арыстарымыздың сүйегі қайда екенін де білмейміз. Моңғолдар атам заманғы Шыңғысханның сүйегін іздеп, арнайы экспедиция жасақтап жатқанда жарты ғасыр бұрын вайырылған боздақтарының мәйітін тауып, басына белгі қою бүгінгі ұрпақ үшін сын емес пе!

— «Әкең елді дегенге
сенбеймін мен,
Себебі ол үйімнен тірі
аттанған»,—

деп ақын Мұқағали айтпақшы, хабарсыз кеткен әкелерінің тым болмаса қабіріне топырақ тастап, тағзым етуді армандамайтын ұрпақ жоқ болар. «Әділет» қоғамының тікелей ізденісінің нәтижесінде «халық жауларының» мәйіттері көмілген бірнеше жер белгілі болды. Соның ішінде Талғар ауданындағы Жаңалық ауылында табылған адамдар көмілген орлар көңіл аударарлық. Мұндағы адам сүйектері орасан көп. Тіпті алпысыншы жылдары осы ауылдың балалары «халық жауларының» бас сүйектерімен доп ойнағандарын естігенде төбе шашым тік тұрған. Бұл ауылда адам сүйектері әр үйдің ауласынан, бақшасынан табылып отырған. Болжам бойынша бұл жер Алматыда атылғандарды көметін орталық мәйітхана болған. Әлі күнге дейін беймәлім болып отырған Сәкен, Бейімбет, т. б. әкелеріміздің сүйектері осы жерде жатуы да ғажап емес. Жергілікті адамдардың ішінде сол жылдары атылғандарды арнаулы орларға машинамен әкеліп жатқанын көрген тірі куәлар да талтық. Олардың айтуынша, күн сайын оңдаған адамды әсында әкеліп көмеді екен. Біз көрген адам сүйектерінің барінде оқтың іздері бар.

Жаңа сен бұл өмірден өткеніне жүздеген жылдар болған Шыңғысханның сүйегін табудан үміттерін үзбеген моңғолдар туралы айттың. Ақиқатын айтар болсам, бізде құнттылық жетіспейді. Көп болып қолға алар болсақ, қазақтың мандайына біткен зиялыларының көмілген жерін әлдеқашан тауып алуға болар еді. Басқаны қойып, Хауіпсіздік комитетінің ішіне бүккен құпиялары әлі де бар деп ойлаймын. Ешкімнің қолы жете бермейтін оның құпия архивтерінде «халық жаулары» көмілген жерлердің картасы болуы да мүмкін.

— Әңгімеңізге қарағанда сол жылдардың қасіреті сізді де жанап өткен секілді!

— Дәл үстінен түстің. Әкем аласапыран жылдары атылып кеткен. Сен күтпеген бір әңгіме айтсам таңқалуың мүмкін. Әкем — Рақым Сүгіров Алматы облыстық «Жетісу» газетінің (ол кезде «Сталин жолы» деп аталған) редакторы болып жүріп ұсталған. Яғни, 1935-37 жылдар аралығында газет редакторы және облыстық партия комитетінің бөлім меңгерушісі қызметтерін қоса атқарған.

— Қызық екен! «Жетісу» газетінен екенімді айтқанымда елең еткеніңізді енді түсіндім-ау.

— Әкем еңбек еткен, оның өмірінің соңғы жылдарындағы қуанышы мен қайғысын бірге бөліскен газет мен үшін тым ыстық. Әкем жайлы айтар болсам, 1937 жылдың қазан айында Ораз Жандосовпен бірге ұсталды. Тағылған айып: Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин-дермен бірге террорлық-төңкерісшіл топта болды деген желеу. Көз көргендердің айтуынша, әкем көпшіл, өз ісіне мығым, Совет үкіметіне берілген коммунист болыпты. Заманының заңғар ұлдары Сәкен, Ілиястармен жақын араласып жолдас болған. Ұлы Жамбыл атамыз Рақымды баласындай көріп, бауырына тартқан. Әкем ұсталғанда талай табалдырықты тоздырып араша сұраған. «Мен оны жау дегендеріңе сенбеймін, мүмкін емес» деп Мирзоянның алдында да болған. Қарт ақынның қолынан дүлей заманға қарсы тұру келмеді. Бар жақсылығы — аяғы ауыр анамды алысқа айдалып кетуден аман алып қалғаны. Жәкең өле-өлгенше біздің семьяға қамқорлық жасап кетті. Тағы бір қызық айтайын. Әкеме болған сот әлем тарихында болмаған ең қысқа сот болыпты. Мен мұны Мемлекет хауіпсіздігі комитетінің архивіндегі іс-қағазбен танысқанда кездестірдім. Сот 1937 жылы 3 наурызда 14 сағат 10 минөтте басталып, 14 сағат 15 минөтте аяқталыпты. Не деген адамды қорлау десеңізші! Мұнша уақытта тіпті соңғы сөз айтуға да үлгермейді емес пе?

Әкем ұсталып кеткен соң екі баламен еңіреп, отызға жаңа ғана толған анам қала берді. Жар азабы мен жан азабы оның жас жанын ұзаққа шыдатпады. Арағa аз жыл салып асыл анам да бұл дүниеден өтті. Ал, әкеміздің әлі-тірі екенін ұзақ жылдар бойы білмей келдік. 1957 жылы әкем Рақым Сүгіров ақталған кезде маған Мемлекет хауіпсіздігі комитеті берген анықтамада оны Сібір жерінде айдауда жүріп, елуінші жылдары қайтыс болды делінген. Әйтсе де менің бұл анықтамаға сенгім келмеген. Шүкір, қазір хауіпсіздік комитеті өзінің қойнына бүккен көптеген құпияларын сыртқа шығара бастады ғой. Соның шапағаты маған да тиді. Оның құпия архивінен Рақым Сүгіровтың сот болған күні, яғни 1937 жылы 4 наурызда атылғаны туралы анықтаманы тауып алдым.

— Осы жерде бір сауалдың орайы келген секілді. Әке-шешелері, туыстары сол бір аласапыран жылдарда айдалып кеткен адамдар туралы мәліметтерді қалай және қайдан алуына болады! Тіпті олардың қай жерлерде қаза болғанын анықтаудың өзі үлкен іс бітіргендей емес пе!

— Әрине, әркім сол кездері хабарсыз кеткен туыстарының қай жерде атылғанын білгісі келетіні анық. Ондайларға «Әділет» қоғамы қол ұшын беруге әзір. Біздің қолымыздағы кейбір директор бойынша Алматы қаласының өзінде ғана 2-2,5 мың адам атылған. Бастапқыда айтып өткенімдей, олардың мәйіттері астана маңындағы арнаулы орларға көмілген. Біз зауал жылдары ұсталғандардың ұрпақтарына әкелерінің ісі бойынша тергеу қағаздарын табуына көмектесе аламыз. Ол үшін біздің мына мекен-жайға хабарласуға болады. Алматы қаласы, Абай проспекті 39, Орталық Мемлекеттік архив, «Әділетке».

— Халқымызды қасірет шексіз, қан жұтқызған қатыгез жылдар салған жара жуық арада жазыла қоймас. Өлгендер қайтып келмейді. Дегенмен, жазықсыз жазаланғандардың конфискеленген дүние-мүліктерін балаларына қайтарып беру немесе ақшалай өтем беру жөнінде көптен бері әңгіме қозғалып жүр.

Аталған мәселе жөнінде оқырмандарымызға не айтар едіңіз!

— Ақиқатын айтар болсақ, конфискеленген дүние-мүлікті қайтарып беру мәселесінің кемескі тұстары көп болып тұр. Ұсталғандардан алынған заттарға жасалған акт табылса дүниелер қайтарылуы тиіс. Ал, ол актілерді қайдан табарсыз? Сотталғандардың іс-қағаздарының ішінде бұл құжат көп жағдайда жоғалып кеткен. Дегенмен, сирек жағдайда болса да аталған актіні тауып, дүние-мүліктерді қайтарып алғандар бар.

— Қанды жыл құрбандарына өлмес ескерткіш орнатып, есімдерін мәңгі есте қалдыру үшін қандай шаралар атқарылып жатыр!

— Зауал заман құрбандарын ұмытуға бола ма! Қазақтың мандайына біткен арыстарының сүйегі жатқан жерлерге белгі орнату — бүгінгі ұрпақтың парызы. «Әділет» қоғамы «халық жауларының» ескерткішін орнату мақсаттарында арнайы есеп ашып, қаржы жинауда. Болашақта Жаңалық жақта парк ашылып, сырттан келген мейманларға асыл ағаларымыздың жатқан жерін көрсетсек, біз үшін мәртебе болар еді. Қол ұшын беріп, ақша аударғысы келгендерге біздің есебіміздің нөмірін де айтуға болады. ССРО кредит әлеуметтік банкісінің оперативтік басқармасы. Есеп № 3700812 код 01.

Осындайда өткенде болған бір оқиға ойыма оралады. Біз, Ілияс Жансүгіровтың қызы Ипфа екеуміз атылғандар жаппай жерленген жерде болып қайтқанбыз. Құғын-сүргін құрбандарының сүйегі жатқан жердегі қыратта қып-қызыл қызғалдақтар қаулап өсіп кеткен екен. Ипфа гүл теріп жүріп, кенет көзіне жас алды.

— Сәуле, әкелеріміздің сүйегі жатқан мына бір жер парк жасауға тіленіп тұрғандай екен. Парк құғын-сүргін құрбандарына арналса,— деген....

Арада азғана күн өткен соң ақын ағамыздың қызы біздің қорымызға мың сом аударғанын хабарлады. Айына алатын жүз сом зейнетақысымен күнелтіп отырған оның бұл қадамы мені қатты тебіренткен. Бұл бір ғана әке емес, бүкіл жазықсыз жазаланғандарға деген құрмет деп түсінемін.

— Соңғы сауал. «Әділет» қоғамының басқа бейресми ұйымдарға көзқарасы қандай!

— Атының өзі айтып тұрғандай, біздің ұйым ең алдымен қоғамдағы орын алған әділетсіздіктермен күреседі. Отызыншы жылдардың ойраны қайта оралмас үшін бүгінгі ұрпақ кешегі әділетсіздіктерді білуі тиіс. Одан сабақ алғаны жөн. Біздің ұстанған негізгі бағытымыз осы. «Әділет» — партия емес. Ұлттық ұйым да емес. Бізде саналуан ұлттың өкілдері жұмыс істейді.

Дегенмен, саяси айтыстардан бас тартпаймыз. Бейресми ұйымдардың бас қосуларында болып тұрамыз.

Менің жеке өз пікірімше, кейбір бейресми ұйымдар қазіргі қалыпты тірлікті бұзуға әуес болған сыңайы бар. Туған тіліміздің мемлекеттік мәртебесін алып беру үшін қаншама тартыс болды. Мен орыс тілінің беделі төмендеп, оған қауіп төнді деп даурығып жүргендерді түсінбеймін. Орыс тілін білмейтін орысты көргеніңіз бар ма!

Ал, туған тілінен мақұрым қалған қазақты жиі кездестіреміз. Сондықтан тіліміздің мәртебесін көтеру жөніндегі ұмтылысымызды өзге ұлт өкілдері түсіністікпен қабылдауы тиіс.

Әңгімеміз аяқталып сұхбатасымыз ой құшағында қалған. Оның жанарынан үзіліп түскен қос тамшыны көріп көңіл шіркін әлем тапырық күй кешкен. Арадағы үнсіздікті бұзуға біздің де батылымыз бармады. Зауал заман-ай! Қанша ұрпақтың қарғысын арқалап екенсің! Самайын ақ қырау шалған әйелдің жанарына тұнған жасты көріп осындай ой келді. Талай ошақтың отын өшірген опасыз шақтың қайта оралмауын іштей тіледік.

Арман НҰРҚАЛИЕВ.
Алматы.

Газет 1918 жылғы 21 маусымнан шығады

№ 211 (14814)
сенбі,
2 тамыз
1991

АЛМАТЫ

БҮГІНГІ КҮНД

ЖЕДЕЛХАТ

АЛМАТЫ, «ЖЕТІСУ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКТОРЫ Б. МУСИН ЖОЛДАСҚАІ

«Тескенсу» совхозындағы біздің товарлы-сүт фермамызда 60 адам еңбек етеді. Соның 55-сі өздерінің сүйікті газеттері «Жетісуға» жазылды. Баспасөзге жазылу одан әрі жүргізілуде.

Товарлы-сүт фермасының бригадирі
Д. САҒЫНБЕКОВ.

Шелек ауданы.

● *Қасіретті күндер елесі*

Жазығы жоқ жан еді



Ара-тұра болсадағы өткен күндердің өкініштi жайлары төңірегінде өңгімелер қозғалып жатады. Соның бірі 37-жылғы аласапыран. Шынында да, ол бір ел жақсыларының, зиялыларының басына түскен неубет болды. Өзіміз куәсі болған сол бір қасіретті жайға әлі күнге дейін қиналамыз. Кездің алдына елестесе, тебе шашымыз тік тұрады.

Ел басына түскен сол ауыртпалыққа Балқаш өңіріндегі бұрынғы Куйбышев атындағы колхоздың бір топ зиялылары да душар болған еді. Олар Рашит Дүйсенбаев, Қошақан Шынасылов, Жәнібек Ахметов, Сұлтан Белекбаев, Беке Жұмәділовтер. Бұл кісілер кезінде ауданның әр жерінде қызмет істеп, ел басқарған, халықтың қамын ойлаған азаматтар еді. Осынау ағалардан өнеге алып, солардың жолын қуған орта буын өкілдері — Әбдіқай Назтаев, Тауықбала Құлжабаева, Есеңқұл Жұмәділов және басқалары бүгіндері құрметті демалыста.

Осынау сайдың тасындай азаматтардың ішінде Қошақан Шынасыловтың тағдыры мен өмірі қиын-қыстау, бұралаңды болды. Оның өмір жолына қысқа ғана зер салсақ, 1910 жылы Сарытау-құм өңірі, төменгі Іле бойында дүниеге келген. Жастайынан қағілез, пысық болып есіп, әуелі ячейка басқарып, кейін комсомол жұмыстарына араласып, көптің көзіне жақсы қырларынан көрінген.

Қазір ойлап отырсақ бәрі тарих. Біздің Іле өңірінде Совет өкіметі 1929—1930 жылдары орнай бастап еді. Жаңа заман ыңғайына қарай ауыл-ауылды аралап, ағайын-туғандары мен ел-жұртының басын біріктіріп, әуелі артельге, сонан кейін колхозға ұйымдастырған осы Қошақан болған. Осы кісілердің басы-қасында болған біздер де коллективтік шаруашылықтар құруға, колхоз ұйымдастырудың жұмысына белсене қатынастық. Ауыл азаматтарының осындай ынтымағының арқасында 1933 жылы Іленің оң жақ бетінен Куйбышев атындағы колхоз ұйымдастырылып, ел мүше болып кіре бастады. Кейін бұл колхоз 14-Мия-лы ауыл Советінің қарамағына енді.

Қошақан Шынасылов осындай істердің алдыңғы сапында жүріп, ауылда сауатсыздықты жою ғана емес, колхоздың экономикасы мен мәдениетінің өрлеуіне сүбелі үлес қосты. 1935—1937 жылдары жаңағы колхоздың төрағасы бол қызмет атқарды. Біз оның іскерлігіне, ұйымдастыру қабілетіне үнемі риза болушы едік. Сондай азаматтың қиын күндердегі халқына көрсеткен қызметін ескерусіз қалдыруға болмайды.

Иә, ел басынан өткен «ақтаңдақтардың» зардабы шексіз болды. 1937 жылдардағы неубет Іле бойындағы талай зиялы азаматты қидай сыпырып, күйедей жалап әкетті. Сол қара тізімге Қошақан да ілігіп, айдалып кете барды. Ұсталған жылдың қазан айында үштіктің үкімімен атылып та кетіпті.

Ел өмірінде болып жатқан жаңалықтар мен жариялылыққа қарай Қошақан Шынасылов кеш те болса ақталып, «Жетісу» газетінің өткен жылғы 10-шілдедегі санында жарияланған тізімге аты басылды. Біз шексіз қуандық. Бұған елі-жұрты риза болды. Сол арманда кеткен жандарды есте қалдыру үшін аудан орталығында ескерткіш орнатса дұрыс болар еді. Ал, Қошақан Шынасылов сынды халқына адал еңбек еткен зиялы азаматтарымыздың рухын мәңгі есте қалдыру үшін ауылымыздың бір көшесінің атын беру мақұл болмақ және халық қуана қарсы алар еді...

Молдаш БҰҚАЕВ,
еңбек, соғыс ардагері.

Бақбақты ауылы,
Балқаш ауданы.

№223, БЕЙСЕНБІ, 21 ҚАРАША 1991 ЖЫЛ.

«БАНДЫ» АТАНҒАН ОМАРБЕК

Қоғамымыздың ғасырға тақау ғұмырында шектен шыққан небір сорақылықтар да аз болмады. Бұл әңгіме ел басына қиын заман орнаған сол бір жылдар шыңдығынан сыр шертпек. Кезінде болған осы бір оқиға жылдар өте көмескіленіп, ұмытылуға айналғандай еді. Әйткенімен ол сол кезде бұған куә болған кеңекөз қариялар аузымен әр жерде айтылып қалатыны болмаса, қағазға түспеген. Сондықтан кейінгі ұрпақ елі мен жерінің өткенінен хабардар болуы үшін мұны жазуды өзіме парыз санадым. Әңгіме Омарбек турасында болмақ. Оны кезінде кісі өлтіруші, ел тонаушы, банды, қарақшы етіп көрсетіп келген. Шындығында кім еді Омарбек?

1929 жылдың қарасуық желтоқсан айы еді. Біздің үйге күн бата бір қонақ келеді. Келген қонақ әкем Мейірманұлы Сатыбалдының қимас жолдасы Жантайұлы Омарбек екен. Кезінде екеуі талай жерді бірге аралаған. Өзбекстанның Әндіжан қаласына жылына екі рет базарлап барып қайтушы еді. Бір-бірін көптен көрмеген екен, жапырласа амандық-саулықтарын сұрасып жатты. Қысқы соғымның басталған уақыты, алдарына азын-аулақ ет келді. Ауылдағы белсенді дегендердің заманы дүрілдеп тұрған кез, отырған үйдің терезесін қараңғылап қойып, ұзақ әңгімелесті. Біраздан кейін Омарбек келген шаруасының қорытындысын айта бастады.

— Қыстайтын бұлағымыз белек болғанымен, жүрісіміз, көсібіміз бір. Шамалы жасығыздың үлкендігі болмаса, ауыл арасының тартыстары мен тамашаларын бірге көрдік, Сатеке. Он алтыншы жылғы Күнбатыс Қастек көтерілісін де бірге өткіздік. Ал енді соның бәрінен мына қиындық өтіп тұр. Жоқты тап дейді. Табайын, мақұл деп іздеп кетсең, үйдегі қатын-балаға тыныштық жоқ. Әртұрлі сылтау айтып, үйді торып электендіреді. Тіпті, қайсыбір белсенділер біреудің жас қызын, біреудің қойнындағы қатынын қорқытып тартып әкетіп жатыр. Не деген масқаралық. Олар ең болмаса ана Әбдіқайым, Рақат, Әбіш секілді өзім теңдес адамдар болса екен. Үй торып дікөндейтіндер ел қыдырып күнін көретін, өмірі қайыршылықпен өтіп келе жатқандар (Омарбек олардың атын атайды. Алайда, бүгінде олардың ұрпақтары бар дегендей, оларды жазуды жөн көрмедім). Мұндай қорлыққа қалай шыдарсың. Енді жерде менің шыдамым шегіне жетті, жүйкем таусылып келдім, Сатеке. Не көрсек те бірге көрсек қайтеді деп, осы ойымды сізге айтып, ақыл сұрағалы келдім. Және бұрынғы қимас жолдаспыз. Сол жолдастықты жалғастыруға қалайсыз демекпін.

Сатыбалды біршама уақыт үнсіз отырып қалды. Иә, Омарбектің айтып отырғанының бәрі рас. Алғаш Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі жылдар қиындығы әлі есімде. Аудан орталығынан өкілдер келіп, жаңа жағдайға байланысты ел басқаруға өзгерістер енгізді. Азамат соғысы жүріп жатқан кез. Соған байланысты революциялық комитет құрып, оған Жаркент маңындағы Қызыл Әскерге қазақтан түйе, орыстан ат арба ұйымдастырып жіберуді тапсырды. 1919 жылдың басында қазақтан ұйымдасқан түйе көлікті Жаркентке апарып тапсыру үшін бес адамға бас болып Сатыбалдының өзі жіберілді. Онда барған соң, оны бірден қайтармады. Екі жыл Қызыл Әскерге қызмет етті. Содан 1928 жылдың қыркүйек айына дейін жүргізілген жаңа экономикалық саясат халықтың бұрынғы көрген қиыншылықтарын ұмыттырып, мал басы өсті, елдің өл-ауқаты жақсарып қалып еді. Әттең, ол заман ұзаққа бармады. Сол 1928 жылдың тамыз айында жүргізілген мал және адам санағының қорытындысы бойынша халық мемлекетке заттай және ақшалай алым төлеуге міндеттелді. Егіндей төлем — жоспар, ақшалай төлем — салық деп аталды. Қыркүйектен бастап келесі жылдың наурыз айына дейін алым ай сайын алынды. Осылайша алым төлеу 1931 жылдың ақпанына дейін жылына 6 рет қайталанып отырылды. Бұл халықтың әбден тынығына жетті. Әсіресе, диқаншылықты кәсіп етпейтін халыққа егіндей жоспар төлеу өте қиын болды. Төлеуден бас тартқандар табан астында түрмеге жабылып, үй-мүлкі малымен қоса тәркіленіп, қара ниеттілердің қолында кетіп жатты.

• УАҚЫТ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

— Рас айтасың, мен енді өз жайымды айтайын,—дейді әкем. — Өзің білесің бірнеше балам шығындалды. Аға мен інімді солдаттың оғы алып, жасым қырықтан аса мына жаманды көріп едім, — деп он жасқа келген мені көрсетеді. — Осым жасқа толмай үйден шығамын деп екі жылға жуық Қызыл Әскер қатарында керуенші болдым. Керуенге ақтар жиі шабуылдап, адам шығындалып жүрді. Сонда егер осыдан аман қайтсам, үйден шықпаспын деп өзіме сөрт өткенмін. Және сол жолы коммуниссің деп жіберіп еді. Коммунистен зорға құтылдым. Ол тамақты талғамай жеу керек екен. Намаз оқымауы және құдайға сенбеуі тиіс. Сондықтан қазір мен коммунист емеспін және өзің де солай болдың. Мына балаларымның үшеуі де жас. Қиындық жалғыз сағаң келген жоқ, Омарбек. Тілімді алсаң мақұлдан басқаны айтпа. Олардың түрлері жаман. Түйе жетелеп көршілес қырғыз ағайындарды, түнделетіп орыс ағайындарды аралап, жоспарын тапсырып жүрдік. Енді де сөйтіп шыдап көрелік, — деп көсімін айтты.

Омарбек алдындағы етті жапырақтап турап отырып қазыдан жеңгесіне асатып жатып:

— Науке, бір табақтан ас жегеніміздің соңы осы бола ма деп қауіптенемін, — деп, көп кешікпей хош айтысып, сол түні аттанып кетеді.

Сол кеткеннен қайтып келмеді. Үлкен бәйбішесінен тұған баласы үйлі еді. Сонысы шешесімен бірге ауылда қалып, екі әйелін Омарбек өзімен бірге ала кетеді. Ауыл белсенділері:

— Омарбек алым төлеуден бас тартып, қашып кетті! — деп соқына түсті.

Омарбек үй-ішін Жамбыл облысының Қырғызстанмен шектес бір ауылына орналастырып, өзі азырақ жолдас тауып, Күнгей Алатауының Көрешкілі деген шатқалына бекініс жасап жатады. Жақсы қаруланып алған. Жолдастарын да мүмкіндігінше құрқол қоймайды. Бұл 1930 жылдың қаңтар айы еді. Омарбек тобы жазға аман іліғіп, халық сиреген елсіз жерді паналап жүреді. Келесі қыстың Алматы мен Жамбыл облыстарының шектескен жеріндегі Қопалы өзенінің екі жақ тәулы қыраттарында өткізеді. Сөйтіп, озбырлыққа қарсы шығушылар «Омарбек тобы» деп аталды. Ауыл белсенділері оларды барынша банды, қарақшы етіп көрсетуге тырысты.

1931 жылдың ақпан айында халықты колхоздастыру басталды. Колхозға күштеп ұйымдастырылған шаруалар қатал заңның озбырлығына шыдамай, жан-жаққа қашып кетіп жатты. Сондай босқындардың бірқатары Омарбек тобына қосылды. Осы жылдың маусым айында Омарбек тобы қазіргі Жамбыл ауданының «Ақтерек», «Беріктас» совхоздарының жерін түгел қамтып, Дегерес жеріне жетеді. Оларды жою үшін көп әскер жіберілді. Беріктастың тәулы шатқалында үкімет әскері мен Омарбек тобының арасында үлкен қақтығыс болып, біраз адам шығындалады. Шілде айында бұлар Ырғайты тауы мен Суықтөбе таулары аралығын мекен етіп, соғыс жүргізіп жатты. Қазан айында үкімет әскеріне төтеп бере алмай, беттесіп ұрысқанды қойып, топ үшке бөлінді. Омарбек тобы, Сматай тобы және Шалтабай тобы. Омарбек пен Сматай топтары Төменгі Қопалы өзенінің Адыр тауларын бетке алды. Ал Шалтабай тобы Өтеген бастауына кетеді. Шалтабай тобы Күртінің сирек қалған бір ауылымен жиі қонаққа шақырысып жүреді екен. Реті келген бір шақырыста оларды солдат қоршап алып, түгел тұтқындайды. Омарбек — Өтеп руының Болпашынан, Шалтабай — Түрікпен руының Мырзабегінен, Сматай — Ақтерек әлінен шыққан.

Омарбек тобы Төменгі Адырға түсіп солдаттан енді құтылдық па дегенде, қапысын тауып көп әскер түнделетіп барып қоршауға алады. Олар қоршаудағыларға: «Беріліңдер, ендігі қарсылықтың жөні жоқ!» деп дауыстайды. Көп адам қаруларын тастап беріледі. Омарбек азғантай топпен 12 жасар қыз баласын қолынан жетелеп, бұта арасымен су жағалап жүре береді (Қыз баланың есімі Сабира, ортаншы әйелінен. Бүгінде Қарақыстақ ауылында тұрады). Сейтіп, Омарбектер бір ескі тамға кез болып, ішіне бекініп, күні бойы атысады. Солдаттар әуелде атқа барған кезде жылқы ішінен бір адам қашып құтылып кеткен болатын. Ол Сматай тобына хабарлап, Сматай бар жолдастарымен келіп, Омарбектерді құтқарып алады. Қатары сиреген Омарбек тобы желтоқсан айында Жиренайыр тауының берік шатқалын мекен етеді. Мұны сезіп қалған солдаттар қоршауға алып, атысты Шәбден деген бірегей жігітінен айырылған Омарбек тау асып кетеді.

Ол кезде Сматай тобы Төменгі Адыр тауын тастап, Жаманты тауын мекен етіп жүргенде, сол маңайдағы ауылдардың біріне қонаққа шақырылып, айламен солдат тұтқынына түседі.

Омарбек тобы көп шайқастан кейін азайып, Жиренайырдың бір берік шатқалына орналасып жатады. Сонда жолдас санап жүрген Сәт деген адам сатқын болып шығады. Сәт Омарбекке:

— Ауылға жақын келдік. Жөнді келігіміз де жоқ, аттың бәрі жау қолында кетті. Біздер көлік тауып әкелейік және мен үйіме бара келейін, — деп сұранады. — Менікі жарамай қалды, — деп қаруын да алып кетеді. Екі жолдасымен тіке сол кездегі аудан орталығы болған Қарақыстаққа тартып, ішкі істер бөліміне хабарлайды. Осылайша өзі жалғыз, қолында қаруы да жоқ бейқам жатқан Омарбекті қоршап алып, атып өлтіреді. Басын кесіп алып, кесекен пышақты санына шаншып тастап, он екі солдаттан опасыз Сәт Қарақыстаққа мақтанып оралады.

Алым төлеудің өлегімен жүрген әкем адам мәйітін көріп, жақындайды. Қорлықпен, аяусыздықпен өлтіріліп, далаға тасталған қимас жолдасын таниды. «Ой, бауырымдаған» дауыс жаңғырығы асқар таудың құз беткейлерінің бірінен біріне тарап жатты.

Осылайша Қазақстанды басқарған Голощекиннің адамзатқа жат заңы мен ауылдың ақымақ белсенділерінің іс-әрекеті талай есіл ерлерді банды атандырып, тағдырына балта шапты. Мұны кейінгі ұрпақ білуі тиіс. Ендігәрі өз ұлтын өз қолымен қырудың қаншалықты қасіретті екенін сезінуі тиіс. Мұндай сорақылық ешқашан қайталанбасын.

Әбсемет САТЫБАЛДЫҰЛЫ,
соғыс және еңбек ардагері.
Шиен ауылы,
Жамбыл ауданы.

• ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА—5 ЖЫЛ

ГАЗЕТТЕГІ БІР СУРЕТ

талайды тағдыр тәлкегіне түсірген еді

Оқырмандарыңыздың есік де болар, 1987 жылғы бір сурет бірақ қалам нелерін «қызырып» салды. Ол 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысқан бір топ жасқа толған сот мәжілісінен түсірілген сурет еді. Түсірген республикалық телеграф агенттігі болатын. Жарияланған «Жетісу», «Огни Алатау» және «Коммунизм туы» газеттері еді. Осы үшін ҚазТАГ-тың директоры Ж. Ысмағұлов жұмыстан босатылып, партиялық қатан сөгіс алды. Агенттіктің жауапты қызметкері В. Венгловский партиядан шығарылды. «Жетісу» газетінің редакторы М. Жақыпов жұмыстан босады, партиядан шығарылды. «Огни Алатау» газеті редакторының орынбасары С. Смороходов жұмыстан қуылды. «Коммунизм туы» газетінің редакторы Т. Назаров та орнынан айрылды. Қорытынды айып — қылмыскерлері нәсихаттадың, сәлем соқтырып көрсеттің. Бір суретке бола мектептерінің еншісіне қалдырайық. Онан соң суретті бірінші жариялаған біз емес, ол 18 маусымда республикалық «Коммунизм туы» газетінде жарияланып кеткен. Ал қырағы жазалаушылар болса, қалай екенін қалдам бұл «ең зиянды» суреттің онда жарияланғанын аңғармай қалыпты.

Сол суреттегі аты аталған бес жігіттің (солдан оңға қарай) Алматы саулет-құрылыс институтының бірінші курс студенті Е. Көпесбаев, «Алматаатодеистрой» трестіндегі № 39 құрылыс-монтаж басқармасының балташысы Т. Ташенов, Алматы әмеғұтилық құрылыс техникумының III-курс студенті Ж. Тайжұманов, Е. Көпесбаевтың курстасы Қ. Рысқұлбеков және «Алматапромстрой» трестіндегі № 40 құрылыс-монтаж басқармасының электромен дәнекерлеушісі К. Күзембаевтың бейнелері талқыға әбігер алып келген-ді.

Орталық Комитеттің аяқ астынан айқай шығып, (оны кімнің бастап, кімнің қоштағаны өз алдына бөлек) бұл суреттің бір-екі газетте басылып кетуі партияның белделі органында бірнеше сағат бойы талқыланып, Г. Колбин бізбің бірақ газет редакторына «Егер осы суреттің әсерінен студенттер демонстрацияға шығып жатсе, онда сот жолымен сотталғысың» күқық көрсеткен әйбарлы сөзін естіген соң, талайдың есі шықты. Бізде де алаасапыран басталды. Ол кезде Г. Колбин емес, одан төмен деңгейдегі партия қызметкерінің ауызынан шыққан сөзінің қаншама қанарлы екенін, қаншама адамға зәрезап уын шашатынын бүгінгі оқырмандар жақсы білетін болар. Бұдан соң біздің және «Огни Алатау» газетінің басшыларын талқыдан, жазасын беру облыстық партия комитетінің үлесіне қалдырылған еді. Ақиқат үшін айтайық, бюроға барар алдында М. Жақыповқа 18 маусымда «Коммунизм туы» газетінде жарияланып кеткен соң, ешқандай өзгеріс енгізуге мүмкіндік қалмаған-ды. Сол болды да. Бірақ бюродағы әріптес газет туралы бір ауыз сөз айтылған жоқ. Сурет жарияланған газет нөмірін шығаруға атсалысқандар арасында «Жазаны бөлісейік» дегендер де болды. Бірақ коллектив басшысын бәрін өз мойнына алып, қуылса да, басқа да жаза көрсе де өзін кінәлімін деп санады жөн көрді. Солай болды да. Бірақ бірдола ол жариялылық тұрғысынан шындықты айтуға тырысқанымен М. С. Мендібаев бет бақтырмады. «Қасақана істеді» деп зәрін шашты...

Сонымен «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінде бұл сурет 1987 жылғы 19 маусымда жарық көрді. Бұл жерде алғі суреттің неге үш газетте қана жарияланғанын айта кетейік. ҚазТАГ алдымен желтоқсан оқиғасына қатысқандарға сот процесі жайында материал береді. Оны көптеген газеттер 18 маусымда жариялады. Ал суреттің кеш түсірілгендіктен, техникалық жағдайға байланысты бере алмаған. Осы жерде тек «Коммунизм туы» газеті ғана кереметі шапшаңдық танытқан. Көп газеттер келесі күні бұрынғы материалдың мазмұнын қайталап жатпағын суретті берғісі келмеген болар. Ал біздің журналистер алғашқы күні «Огни Алатау» газетінің қызметкерлерінің өтінші бойынша сот процесі жайында кешкеу түскен материалды алып қалады. Келесі күні бұл сурет «литерді» (журналистер үшін газетте жариялау қағеттігін көрсететін ресми нұсқау белгі) деген айдарнен келеді де, басқа газеттерде жарияланған материалдарды қайталап жатпай суреттің өзін ғана беруге шешім қабылдаған еді.

Кейін газет редакторы М. Жақыповқа тағылған ең үлкен айып — суреттің өзін ғана беріп, бұрын түсіп қалған материалды алып қалу болды. Не үшін сотталғанды-ғы толық айтылмаған соң, мына суретте олардың қасқайып тұруы кінәсіз, жазықсыздай әсер қалдырса керек. Жазалаушылар өздерінің сотталғандарға таққан кінәсінің әлсіздігін дәл осы жолы аңғартқан еді. Әйтпесе орталық баспасөздерден сол жылдардың өзінде-ақ ауыр қылмыстылардың, тіпті халықаралық деңгейдегі қылмыстылардың суретін көріп жүретінбіз. Егер қылмыскерді қылмыскер деп жазса, онда неге бұрмалап, әбігерге түседі, неге оны насихаттау дейміз? Бұл арада алаяқтардың, дес алып, ай-шайға қарамай басып жіберуі әсіресақтығы қышылмасы, асыра бағалаудың алыпұшпасы. Сот процесі жүйіндегі суретке байланысты қатаң жазалау шараларын шын мәнінде басшасында мықтап бұғалықтап ұстаудың әдісі еді. Осындай үстемдік, әділетсіздік, өктемдікті басшылыққа алған асыра сілтеушілік идеологтары қаншама адамға обал жасады, қаншама тағдыр толмекке түсті, талай отбасының қара жасы көл болды...

Қолбинің «Мынау Жақыпов дегендің идеология мақына жолаттау керек» деген сөзін естіген обком басшылары идеологиялық жұмыстағы қолдан шығармай, оны қолшақтарға айналдыру үшін ең алғаш жоқ. Облыстық газеттің редакторы Қасқелең қаласына құылып, аудандық газеттің техникалық жұмысына жіберілді. Марқасқа ағаның бұған да көнді, бұған да шыдас берді. Обкомның бірінші хатшысы М. Мендібаев онысымен тынбай екі газеттің басқа да қызметкерлерін қатаң жазалауды талап етті. Кейбір жолдастар оны орындау үшін өрекет-тенгенімен, коллективтің мүшелері, байырғы коммунистер сол кезде-ақ, әділет үшін ең үлкен ашық білдіріп, азаматтық танытқанын айтпасқа болмайды.

Бұл мәселеге байланысты ресми баға берудің қорытындысы облыстық партия комитетінің пленумы туралы ақпарат хабарда былай деп жазылды: «Оқушылардың наразылығын тудыруға әкеліп соқтырған идеалық жағынан зиянды фотосуреттерді газетте жариялағаны, саяси қырағылықты жоғалтқаны және болжамсыздық көрсеткені үшін «Жетісу» газетінің бұрынғы редакторы, облыстық партия комитетінің мүшесі М. Жақыпов СОКП мүшелігінен шығарылды».

Кімнің кімге наразы екенін, наразылық тудыраның ұлы төреші уақыттың өзі қазір көрсетіп отыр. Арада бір-бір жыл өтісімен-ақ салиқалы ой арнасын тауып, партия қатарынан шығарылғандар қайтадан партия қатарына қосылды. Бірақ бәрі кейін болды. Ең бастысы, осы жалғыз суреттің төңірегінде өрбіген оқиғалардың зердеге салсақ, қолдағы биліктің кезді жұмыл жіберіп, жазалау қылышын оңды-солды сілтей беретін науқаншылық мүберттік қашанда апат әкелетінің, талайдың тағдырын аяусыз талмекке түсіретінін айқын аңғарасың. Сол бір күндері облыс басшысының бірінде «Кеңсайдағы» зираттқа тиіскен бұзақылардың суретінің газетке бұдан бұрын жарияланғанда ешкімнің дәм-мың демегенін айтқанда ол: «Онда сотталушылар сүмірейіп тұр, ал мұнда батырларша тұр ғой» деп үзік айтқан екен.

Бұл суреттің басты айыбы осы болса керек.

М. БИДАЛЫҰЛЫ.

ЕСКЕ АЛУ КЕШІ

Желтоқсан оқиғасы қазақ жастарының өміршілдік-өнімшілдік жүйеге қарсы алғаш рет бас көтеруін есте түсіреді. Бұл сәвсе толқудың болып өткеніне 5 жыл өтті. Сондықтан желтоқсан құрбандарын дарын есіне алуға арналған кеш өткізілді. А. С. Пушкин атындағы мемлекеттік кітапханада жинақталған көпшілік қаулым сол бір ауыр күндерде жазылысқандай-жазылысқы жапа шекken ұл-қыздарды есіне алып әні де болса айтылмай келген жайларға қаныққы.

Кешке ақын Мұхтар Шаханов, желтоқсан оқиғасына байланысты құрылған арнаулы комиссияның төрағасы С. Шаймерденов, ақын И. Сапарбаев, журналист К. Табеев қатысты.

К. Табеев желтоқсан оқиғасы туралы зерттеулерімен, сондай-ақ басқасөзде әлі жарық көрмеген, көйінен табылған деректермен таныстырды. С. Шаймерденов кешке жиналғандардың сауалдарына жауап берді. М. Шаханов желтоқсан оқиғасына байланысты шығарылған Президент жарлығымен таныстырып келіп: «Қазақстандағы бұл оқиға азалы күндерді еске түсіреді. Сонымен бірге демократиялық қозғалыстың ең бір жарқын үлгісі болып табылады» деп оның мақсынын тоқталып өтті.

Кеш соңында ақын И. Сапарбаев желтоқсан жайындағы бірнеше әлеңдерін оқымды. Ал кешке жиналғандар өз пікірлерін ортаға салды. Шынымда біз үшін желтоқсан әлі тарихи дәрежа айналмақ. Бұл күні жазықсыз өмірден өткен бауырларымыздың есіне алып олардың арнап ас беріпетін болады.

Л. ҚАСЫМЖАНОВА,
ҚазМУ-дің студенті.

...Бұдан бірақ жыл бұрын редакцияға именә басып бір қыз келді.

— Бір ғана сіздің адресіңізді беріп еді, айтатын өтінемен бар,— деді.

— Айта беріңіз, отырыңыз,— дедім.

— Бұл арада айта алмасың. Желтоқсан оқиғасына байланысты сотталып, абақтыдан қалған бетім осы. Аты жөнім — Қайыпхан Иманбаева,— деді де бұдан әрі сөйлеуден қалды. Өне бойы дірілдеп, көзіне жас үйіріледі.

Әңгімемің басы былай болғымен байқабар қызметтес жолдастарым да, өзім де өзгеріп сала бердік. Бөріміздің Де көңілімізге астан-кестен.

Ол көпке дейін өзіне-өзі келе алмай отырды.

— Қайда істап едіңіз бұрын?..

— «Поршень» заводында жұмысшы едім. Содан желтоқсан оқиғасында алынға бармасам да, жазықсыз жала жабылып, күй, іп кеттім,— дегенде Қайыпхан көз жасына тағы да ерік берген. Оның қалпына келгенінше өңкілемі дағаға тұрушма тұрушма келді...

...Иә, желтоқсан оқиғасының тағы бір көйінкері Қайыпхан Иманбаева әлі күнге өктелген жоқ. Одан бері өттай екі жыл зырлап өтіпті. Ол да ізденуде, мен де оның тағдырына байланысты бір рет орталық газетке дәлелді мақала жазғанмын.

Алайда, жариялибады...

Республиканың бас прокуроры Тұқбекев пен республикалық сотпың төрағасы Аймұханбетовке Қайыпханның тағдырын көзбе-көз айтып берген едім. Аймұханбетов Қайыпхан Иманбаеваның толық ақталып шығуына мүмкіндігі бар деген сөнім білдірді. Әрі арыз-шағым жазудың жолын айтқан болатын. Ал арыз-шағым толық қарағанше кім білсін, әлі бір-екі жыл өтін кетер. Кім бар, кім жоқ. Сондықтан Аймұханбетов жолдасқа айтқан уәжімді келтіре кетейін:

— «Жолдас республика Жоғарғы сотының төрағасы. Сіздің алдыңызға күйбе-күй жүз деген арыз-шағым түседі. Әрине, оның әрқайсысымен таныстыңызға сіздің уақытыңыз болмайтыны түсінікті. Уақыт озған сайын желтоқсан оқиғасына байланысты шындықтың бет пердесі ашылып келеді. Әрине, сіздің алдыңыздағы цифрларға елдер лагеріне анасының қайтыс болғандығы жөнінен анықтама жеделхат келгенімен ме, кема басшылары оны желтоқсан оқиғасының басшысы ретінде айыптап, қазаға жіберімей қояды. Тек қылмысының мойындасаң жібераміз деген соң амалдың жоғынан әлгі кешірімді жазуға мәжбүр болыпты. Сондықтан Қайыпханның тез сында Брежнев атындағы алаңдағы оқиға ортақ әңгімеге айналады. Әңгімеде көңіл-күй ауғаны байқалады емес пе? Алаңдағы оқиғаға байланысты әрқан әңгіртұрлі пікір айтып жатқанда Қайыпханға Арсланов деген өйел:

Сен мұнда қазақтарды көтеріпіске бастап жүрсің,— деп айғайға басады. Бұл кезде Порбаевға деп көліп тұр. Сонымен 1986 жылы 30-шы желтоқсанда Брежнев атындағы алаңға бармай-ақ әлгі Арсланова деген өйелдің хабарламасымен Қайыпхан Иманбаева үш бірдей статьямен, атап айтқанда 65, 170-3, 200-11 статьялармен айыпты болып шыға келді.

Түсінік берушілердің ұлттық рең-ңе де назар аударған ойым жоқ. Ал ең ақыры Қайыпханның тілі де, түрі де, ділі де басқа жолдастарды сол қаралаушы топты әлі күнге айыптап отыр. Қайта құру дәмекратияны туғызды. Ал демократия жариялылыққа қол жеткізді. Біздің халқымыздың басына түскен ауырлықтарының бәрі осы демократияның шынайы демократиялық жоқтығынан еді. Сонау 30-шы жылдардағы қара түнек көзегін немен дәлелдемекпіз.

Сталиндің репрессия кезінде «халық жауларының» әйелдері деген айдарнен мыңдаған әйелдер түрмеде отырғаны бұл күндері жасырын емес. Күйеулерін атып, балаларын бауырынан бөліп алып өздерін де қылмысқа қатысты деп сотталады ма!!

Ал 1986 жылғы желтоқсан оқиғасында сотталған қара көз қазақ қыздарының тағдыр-талайын зерттей келе бұл да сол бір репрессияның ұшқыны іспетті сияқты көрінді маған. Бір ғана Қайыпханның тағдыры бұған нақты дәлел бола алады. Өзі жазықсыз сотталса, темір тордың ар жағында екі көзі жас, қа толып болашағынан үмітсіз отырғанда, бұл қайғы-қасіретке шыдамай анасы қайтыс болады. Бұдан асқан қатығаздік бола ма? Амалдың жоғынан болмаған оқиғаны мойындап (помилование) кешірім сұрау 1937 жылдың репрессиясында да көптеп кездескен ре еді. Олай болса Қайыпханды да 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатыстыру, демократияның, жариялылық тың жолында репрессияға ұшыраған десек қателеспегеніміз.

Төртеудің тырнағына ілініп, түрмемің төріне барған қызбен 50 жыл бұрынғы жазықсыз жапа шекken «халық жауларының» өкілдері басынан өткізген оқиғалар көз алдыма келді.

— Мынау үкімді оқып көріңізші,— деген еді Қайыпхан маған өтіне қарап,— қаралау деген осы екен деп, айыптаушылар маған бар палені жалқан. Оқып отырып жағамды ұстадым. Жолымыз жіңішке адамбыз ғой. Бұл жалғыз төзе алмадым. Өзіме-өзім қол салғым да келді алайда арымды аралдағым келмеді.

Қандай цивилизацияны мақтайдың ол болса да әйелдерді соттаудың белгілі шегі болады. Ал қарапайым ғана жұмысшы әйелді үш бірдей статьямен соттау арқылы оның сағын сындырысқы келген заң адамдары бір сот ойлап көрсе екен.

Желтоқсан дүрбелеңі ұлттық сана-сезімдерді оятты. «Социалистік Қазақстан» газетінде 1989 жылғы 5 желтоқсанда жарияланған «Көңіл кірі қайтсе кетеді» деген журналист Қ. Ергебаевтың Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі Қ. Мырзалиевпен сұхбатында:

«Оны өмдеу үшін біраз уақыт керек. Қарбалас аласпапырған күндері асыра сілтеудің де орын алғанын ешкім бүгін теріс дей алмайды. Алаңға шыққан жастың бәріне қылмыскер, бұзақы деп қарау сол тұстағы кәтенің үлкені еді» деп атап өтіпті. Бірақ бәтенің. Олай болса, алаңға бармай-ақ соттаған Қайыпхан Иманбаеваның жазығы не еді деген көкей. Ақтауға болады деген республика сотының пікірінө сенің отырмыз.

Армжал ТАСЫМБЕКОВ,
журналист.

РЕДАКЦИЯДАН: Қазақстан Республикасы Президентінің 1991 жылғы желтоқсанның 12-сіндегі Жарлығымен Қазақстанда 1986 жылғы желтоқсанның 17-18-індегі оқиғаларға қатысқаны үшін қылмыстық, әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар ақталды. Сапардың бірі — Қайыпхан Иманбаева. Біз оның бүтінгі қуанышына ортақпыз.

ҚАСІРЕТ ШЕККЕН КҮНДЕР

келетін болсақ, желтоқсан оқиғасына қатысты 99 адам ақталыпты. Олардың қаншауы ақталды, қаншауы ақталмады. Оны сіз жақсы білесіз. Нағима Салихова деген қыз толық ақталып, партия билетін қолына алды. Ал сондай жазықсыз сотталған қыздың бірі — Қайыпхан Иманбаева. Оның қалай сотталғанына келетін болсақ, деп Нағима Салихова қалай «қылмысты» болды, Қайыпхан да соның кебін киіп, сотталып кете барған. Айыптау қорытындыларының ішіндегі жаттанды жолдарды айтпағанның өзінде үкімнің 2 бөті Брежнев атындағы алаңдағы көріністі суреттейді. Қайыпхан Қазақ КСР қылмыстық істер кодексінің 65, 170-3, 200-11 статьяларды бойынша жауапқа тартыпты. «Желтоқсан-оқиғасына жұмысшылардың үгіт-насихатпен алаңға шығарған, көпігі қылмыс жасады» деген айыппен 3 жылға бас бостандығынан айырып, Шамалғандағы әйелдер лагеріне жібереді. Қайыпхан бірдебір өзіне тағылған айыпты мойындамай сотталып кеткенмен, лагерьде оның сағы сынып, шығу мерзіміне 4 ай қалғанда жалбарыну — кешірім (помиловка) сұрап, өз қылмысын түгелімен мойындауға мәжбүр болады. Оның себебі, Алматыда қалған Қайыпханның анасы қайғы қасіреттен, жалғыз қызының жалмен сотталып кеткені қабырғасына батқандықтан қайтыс болады. Әйтеуір, әйелдер лагерінде анасының қазасына қатысты 99 адам ақталыпты. Олардың қаншауы ақталды, қаншауы ақталмады. Оны сіз жақсы білесіз. Нағима Салихова деген қыз толық ақталып, партия билетін қолына алды. Ал сондай жазықсыз сотталған қыздың бірі — Қайыпхан Иманбаева. Оның қалай сотталғанына келетін болсақ, деп Нағима Салихова қалай «қылмысты» болды, Қайыпхан да соның кебін киіп, сотталып кете барған. Айыптау қорытындыларының ішіндегі жаттанды жолдарды айтпағанның өзінде үкімнің 2 бөті Брежнев атындағы алаңдағы көріністі суреттейді. Қайыпхан Қазақ КСР қылмыстық істер кодексінің 65, 170-3, 200-11 статьяларды бойынша жауапқа тартыпты. «Желтоқсан-оқиғасына жұмысшыларды

• Уақыт жаңғырығы

Жазықсыз жазаланған жан

АҚСАҚАЛ АШҚАН АЛҒАШҚЫ СЫР

— Ой шырағым-ай, мына біздер бұл фәниде не көрмедік. «Не көрмедім, өмірде не көрмедім, Көрмегенім қалған жоқ тек өлмедім», — демекші, бір өліп, бір тірілген адамдардың біріміз ғой. Әйткенмен, алла тағаланың мұнысына да шүкіршілік. Өйткені, сол бір ауыр да азапты шақтардың тұсында өмірдің темірдей зіл батпан тепкісіне шыдай алмай өзімізді өзіміз жала мен жазаның құрбандығына шалсақ, онда не болар едік. Десек те сондай бір аласапыран кезеңде өмірдің қабырғаны қайыстырып, бел омыртқаны үзер ауыр да азапты қиыншылығына шыдай алмай өз өмірлерін қиғандар да бар. Әрине, ондай жандарды кінәлап айыптаудан да аулақпын. Жарық дүниеде көргеннің бәрі жақсы демекші, жеке басымыздың есен-саулығын есінен шығарып, есеңгіретіп жіберген сол бір тұста дәл мына бүгінгідей немере сүйіп, қуанышқа кенелеміз деген кімнің ойында болған. Мына алдарындағы жаман шалдың өмірбаяндық дерегі қажет деп білсеңдер, соңынан айта жатармын.

СТАЛИННІҢ СУРЕТІН АТТЫҢ ДЕП

Ол тұста Кеген ауданының орталығы Жалаңаш ауылы болатын. 1946 жылы 1 қаңтарда мені аудандық ДОСААФ-қа бастық етіп тағайындады. Бұл қызметте бір жарым жылдай еңбек еттім. Аудан басшылары мені қолынан іс келетін әрі сауатты азамат ретінде Ленинградқа партия мектебіне оқуға жібермек болды. Осылайша бір аяғым үзеңгіде сапарға аттанғалы тұрған шақта аяқ астынан жазықсыздан жазықсыз жала-пәлеге тап болдым.

Алғашқы әскери даярлыққа баулу мақсатымен мектептегі жоғары класс оқушыларына мылтық атуды үйретуші едім. Бір күні 10-класс оқушыларына осындай сабақ кезінде мергендік сағатын өткіздім. Арнайы ілінген ақ қағаздың артына белгісіз біреулер Сталиннің суретін шаптап қойыпты. Тіпті, сабақ тұсында болмаған мұндай оқиғаны олар соңынан ұйымдастырып, Сталиннің суретін құраймен тесіпті. Міне, осы бір жағдай менің басыма табан астынан қара бұлт төндіріп, тфу деген түкірігі жерге түспей тұрған кесемнің суретін қасақана аттың деген айып тағылды. Қойшы, қысқасы, тергеуге алындым. Алғашқы тергеуші жігіттің аты-жөні Прохоров деген еді. Осынау қатал да, асқан қатыгез тергеуші жігіт қолыма темір кісен салып, темір тормен қоршалған тар қапасқа өкеліп тықты. Ол ол ма, сондағы шаш ал десең, бас алуға дайын тұрған күзетшілерге ұрғызып, ауыр соққыға жықты. Тіптен екі қабырғамды сындырып, қолымды темір кісен бунал қып түсті. Осылайша үш күн өстүсімді білмей жаттым. Мұндай ауыр азапқа салып, жазалаудың асқан қатал түрін қолданудағы оның бар мақсаты мені қорқыту арқылы аққа қара жағып, болмаған істі болды деп мойындату еді. Алайда, тергеушінің бұл бір қылығынан еш нәтиже шықпады. Осылайша менің мойындамайтынымды анық сезген тергеуші істі енді екінші бір адамға табыс етті. Оның аты-жөні Тайманов деген қазақ жігіті болатын. Ішкі істер қызметінің майоры деген шені бар ол тергеуді толық аяқтап, істі сотқа жолдады. Алайда, сот болар алдыңдағы тар қапасқа жатып, көрген қорлығым бұрынғыдан бірде-бір кем болған жоқ. Онсыз да зәрдей тас қапаста қиналып отырған менің төбемнен суық су құйып, табаныма тікенек темірлер батырды. Міне, осылайша есімнен тандырып, өйтеуір құр сүлдемді сот алдына апарды. Қатты күйзеліп, өлсіреген соншалық, соттың ешбір сауалына жауап қайтаруға шамам болмады. Айласы құрыған сот ағасы мені үш күн есін жиып, өзіне-өзі келсін деп қайырды. Үш күннен соң қайта басталған сот маған өз үкімін шығарды.

СОТ ҮКІМІ — 25 ЖЫЛ

Сот осылайша дәлелсіз болса да 58-статьяның II-тармағымен айыпқа тартып, мені 25 жыл қатал тәртіп бойынша итжекке айдады. Сібірдің аса қауіпті мемлекеттік қылмыскерлер отыратын түрмесіне барып түстім. Мұнда да мен сияқты жазықсыз жала шеккендер көп-ақ екен. Тамақтың орнына таяқтан көз ашпадық. Жұмыс та ауыр. Қаншама ұлттың өкілдері бар десеңізші. Бәрінің де шеккені ауыр азап. Арамызда ауыртпашылыққа төзе алмай, өзін-өзі өлтіріп жатқандар да бар. Оңдайларды көргенде тіптен жаның түршігеді. Алайда мен үшін жан тәтті емес еді. Тек қана ауылда қалған анам мен туыс-туғандарымды ойлап, іштей зар жылап запыран құсамын. Сейтемін де қалай да шындықтың шыңына шығып, ақыры бір сөт әлі күнге дейін көз алдымда. «Сені тірі келіп арамызға қосылады деген үш ұйықтасақ ойымызда жоқ еді» деп өңірегенде етегі жасқа толған жан анамның жарқын бейнесі еш жадымнан шыға қоймас. Туған-туыс, дос-жаран, жекжат-жұраттар да ағынан жарыла ақ тілеу тілеп, қуана қарсы алды. Әрине, мұның да өзіндік себебі бар еді. Өйткені, дәл сол бір тұста ауыр жазамен айдалып түрмеге кеткендер емес, тіпті жеңіл-желпі жазаға тартылғандардың да мыңнан бірі есен-сау елге оралатын-ды. Ал, мына менің сондай тажал аузынан қалайша аман қалып, туған жерге келгенімді естігенде ел-жұрттың көбі өз көздеріне өздері сенбеді.

Бұл бір қысқа да нұсқа үзік сыр жайлы білу үшін Тұрапбай ақсақалды сонау жылдардан жете танитын, тіпті бір кездері қатарлас қызмет жасаған қазіргі Кеген ауданы Кеген ауылының тұрғыны Әлімқазы Жомартбеков қарияға сөз тізгінін ұстаталық. Мен Тұрапбай ақсақалды көптен бері білемін. Ол ең алғашқы түлектердің бірі болып Жалаңаш қазақ орта мектебін ойдағыдай тәмамдап шықты. Сондай-ақ запастағы офицер болатын.

Тұрапбай Қайыпов ағамыздың нелiктен Анатолий Васильевич атанғанын айтайын. Жалаңаш қазақ орта мектебі алғаш ашылғанда онда оқушыларға арналған парта, орындық, тақта, сол секілді басқа да қажетті заттар мүлдем жоқтың қасы еді. Ал, оларды жасау үшін арнайы ағаш материалдары мен ағаш шебері қажет болды. Әлі есімде Тұрапбайдың ағасы Асанғали деген кісі ағаш дайындап, ал Анатолий Васильевич Протасов деген орыс жігіті одан мектепке парта, орындық, тақта, тағы да басқа қажетті заттарды әзірледі. Бұл өзі бір ағаштан түйме түйетін нағыз қас шебер екен. Осылайша ол жаңадан ғана ашылып, тәй-тәй басып келе жатқан мектептің ары қарай босағасын бекіте түсті. Жаңағы орыс жігіті Анатолий Васильевич пен Тұрапбай Қайыпов бірден-ақ тіл табысып кетті. Тұрекең болса сол кезде-ақ орыс тілін жетік меңгерген-ді. Ал Анатолий да қазақ тіліне деген құштарлық танытты. Сөйтіп, көп ұзамай достығы жарасқан осынау екі азамат бір кісінің баласындай тату-тәтті ғұмыр кешіп, бақытты болашаққа қарай қол ұстасып қадам басты.

Кейіннен Анатолий қазақ тілін жетік меңгеріп алды. «Маған Тұрапбай өз ана тілін үйретті. Сондықтан да ол менің бірге туған бауырым деп есептеймін. Мен болсам жалғыз басты адаммын. Сондықтан да Тұрапбайды Анатолий Васильевич Қайыпов» — деп атасам артықшылығы бола қоймас деп, қоятын. Міне, содан бастап, ол өзіл-шыны аралас күлің Түрекең Тұрапбай Анатолий Васильевич Қайыпов болып аталып кетті.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда Анатолий Васильевич Протасов та, Тұрапбай Қайыпов та ел қорғауға аттанды. Содан Протасов соғыстан кері оралған жоқ. Оның өлі-тірі екендігі жайлы әлі осы уақытқа дейін бейхабармын. Ал, Тұрапбай Қайыпов ағамыз 1946 жылы есен-сау отбасына оралды.

ӨМІРБАЯНДЫҚ ТҮСІНІКТЕМЕ

Әңгіземіздің басында Тұрапбай ақсақал «қарақтарым менің өмірбаяндық дерегім қажет бола қалса, онда сөз соңында айта жатармын» дегені бар емес пе. Осыған орай ол кісінің өмір жолы жайлы қалың оқырман қауымға аз-кем дерек бере кетсек артықшылығы да бола қоймас.

1918 жылы Шелек ауданының Жаңа шаруа деп аталатын ауылында кедей шаруаның шаңырағы астында дүниеге келген Тұрекең жас кезінен-ақ өмір тауқыметін басынан өткерген жан. Ол 1928 жылы Асысаға бастауыш мектебінің табалдырығын аттап, содан отбасының сол кездегі тіршілік тынысына байланысты 1930 жылы Кеген ауданының Жалаңаш ауылына қоныс аударған. Сөйтіп, Тұрапбай Қайыпов 1939 жылы Жалаңаш қазақ орта мектебін бітіруші тұңғыш түлектердің бірі болған. Жылдан астам уақыт сол өзі тамамдаған мектепте ұстаздық өткен Тұрекең кейіннен, яғни, 1941 жылы Ұлы Отан соғысына аттанған.

От пен оқтың нағыз ортасында болып, ұрыстың алдыңғы, шебінде жаумен шайқасқан Тұрекең 10-шы әуе десанты дивизиясының 24-ші полкінің 108 батальонында взвод командирі болған. Бірінші және екінші Украина майданында, Солтүстік батыс майданында соғысқа қатысып, Псков, Пушкин, сол сияқты басқа да қалаларды жау тырнағынан аман алып қалысқан. Курск иінінде қанды шайқасқа қатысып, Украинаның Харьков қаласын жаудан азат еткен. Румыния, Болгария, Венгрия елдерін басып өтіп, Будапешт қаласында жарақат алған. Алайда жарақаттынан сауыққан солдат қайтадан алғы шепке аттанып, және жаумен шайқасқан. Осылайша Балатон деп аталатын көлдің маңындағы қанды қырғында тағы да жараланып, әскери емханаға түскен. Бұл жерде біраз емделіп, қайтадан қатарға қосылған ол Чехословакияның орталығы Праганы фашистерден ада-күде тазартысып, соңау Қиыр Шығыстағы Жапон ұрысына аттанған. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген емес пе. Міне, Түрекең де дәл осылайша өлемнің әр түкпірін шарлап, өз Отанын көзінің қарашығындай қорғауда ерен ерлік танытқан. Шығыстағы Харбин, Хайлар деп аталатын қалалар да жапон соғысына қатысып, сол арадан ел-жұртына оралған.



Тұрапбай Қайыпов ақсақалдың Ұлы Отан соғысы тұсындағы ерлік істері де елеусіз емес. Оның дәлелі ретінде де бұл күндері оның еңірінде жарқырап тұрған бірінші дәрежелі Отан соғыс ордені, үшінші дәрежелі «Даңқ» ордені, екі рет алған «Ерлігі үшін» медалдерын, айтуға болады.

Иә, Москва қаласындағы Ломоносов атындағы академияда оқып жүрген кезінде кенеттен Ұлы Отан соғысы басталып кетіп, тура сол арадан ұрысқа аттанған Тұрапбай Қайыпов ақсақалдың қысқаша өмірбаяндық деректері мен бастан кешкен оқиғалары осындай. Ол кісі бұл күндері ауданымыздың Тескенсу ауылында ғұмыр кешіп жатыр. 73 жастағы қарт құрметті еңбек демалысында. Отағасының отбасында кемпірі Үлбике, немерелері Қуаныш, Сандуғаш, Салтанаттар бар. Жастайынан қол ұстасып қосылған қосағы Үлбике Мұқашева апайдың да өткен өмір жолы үлкен бір кітапқа арқау боларлықтай.

ТҮЙІН

Мен дейді Түрекең, көпті көрген көне көзді қариялардың бірімін. Халқымызда: «Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деген аталы сөз бар ғой. Егер де жасымды былай қойғанда көргенімді айтсам әлі бұдан да көп уақыт керек. Оның бәрін жіпке тізіп жатпай-ақ қоялық. Болашақ ұрпақтарға тілерім аспан астының ашық, жұртшылық қарнының тоқ, ынтымағының жарастықты болып, мейірлі-шапағатты болуы».

Осындай абзал жанды ағаларымыздың ғибратты ғұмыры қалған ұрпаққа қашан да өнеге бола берсе екен.

Ескендір РАҚЫМБАЙҰЛЫ,
ҚСРО Журналист
одағының мүше
Тескенсу ауылы,
Шелек ауданы.



ТАҒДЫР ТӘЛКЕГІ

Қазақ халқының басынан талай-талай ауыртпалықтар өткені белгілі. Көптеген азаматтар заман қыспағына ілініп ауыр мехнат шекті, кейбірі азапты басынан кешірді. Не бір ықылым заманда елдігі бұзылмай, ерлігі ақыға айналған қазақтардың келе-келе көрген күні күн болмай, берекесі кетті, қабырғасы сөгіліп, іргесі ыдырады. Жоңғар шапқыншылығына ұшырады, ақ патшаның қаһарына ілікті. Қала берді «бастарына бақыт құсын қондырамын» деген Кеңес өкіметі әміршілдік-әкімшілдік жүйесін нығайта отырып, жер-жерге «шаш ал десе, бас алатын» өз өкілдерін жіберді. Солардың солақай тірлігінен халқымыз 1930-31 жылдары аштыққа ұшырады, жазықсыз қырылды. Әсіресе Қазақстанға Голощекин келіп «Кіші Октябрь» орнатты, елім деп еңіреген азаматтардың жазықсыз көзін жоюға, халықтың жаппай аштан өлуіне «аянбай еңбек» сіңірді. Не істерін білмеген данагөй халық қатты сасып, жан сауғалайтын жер іздеді. Біразы көршілес Қытайға қашып кетті.

Осындай кезі қарақты азаматтың бірі Тасыр еді. Ол Кеген ауданы Таушелек ауылында 1890 жылы дүниеге келген. Патшаның әмірі жүріп тұрған кезде Тасыр «Старшын» деген атқа ие болып, өз ауылында салық жинаушы болады. Өзі тілге шешен, мінезі алғыр Тасыр елден салық жинай жүріп, көп жағдайды көзімен көріп, жасалып жатқан зорлық-зомбылыққа шыдай алмайды. Ауқатты адамдар алым-салықты төлегенімен, кедей-кепшіктер оны төлей алмайды. Төленбеген алым-салықты қолма-қол өндіру үшін арнайы келген сары ала шенді жандарм (патша өкілі) халыққа бүйдей тиіп, бермегендердің жалғыз атын тартып алады. Бірде жесір әйелдің сиырын тартып алып, жанындағыларға алып кетуге бұйрық бергенде Тасыр арага түседі.

— Мен халықпен ақылдасайын, ел емеспіз бе, көпшілік болып жинап, кейін құяйын, бірнеше күн мәулет бер, тақсыр!,— дейді.

Сонда жандарм: «Сен не оттап тұрсың, ол қалай күн көрсе олай күн көрсін, маған десе өліп қалсын! Мен сенің салықты неғып жинамай жүргеніңді білдім, ақымақ»,— деп айқайға басып, қылышын қынабынан суыра бергенде Тасыр да қарап тұрмай мылтығын жандармға кезеніп:

— Ал ендеше, салықты өзің жинап ал, маған жақындасаң өлесің, атып жіберемін,— дейді. Бұл сөзді тілмәш оған аударып бергенше Тасыр атына қарғып мініп, тайып тұрады. Олар оны қанша қуса да жете алмай, Тасырдан көз жазып қалады.

Маған «мылтық кезелді» деп жандарм қанша іздегенмен ол табылмайды. «Тасырды тауып бермедіңдер» деп оған туыс екі-үш адамды қамап қояды. Солардың бірі Қашаған деген кісіні бес ай бойы қамайды, кейін ол босанып келгенде, үйіне бірнеше қария хал сұрауға барады. Сонда Мошалақ деген кісі былай депті:

Ау, келдің бе, аман-есен, Қашағаным,
Түрмеден қанша болды босағаның.
Тасыр жүр ақ патшадан қашқын
болып,
Соған жуат бере көр, жасағаным!

Ақыры тыным бермей, тағы бір туысын қамаған соң Жаркентке Тасыр өзі келіп қолға түскен. Сонда қайтыс болған. Ал оның баласы Маманды да тағдыр тәлкегіне түсірушілер болды. Маман молдадан дәріс алған, арабша жаза білетін сауатты әрі ақын болған. Қазақ жерінде Кеңес өкіметі орнап «Барлық билік Кеңестерге берілсін» атты ұран көтерілген кезде Кеңес өкіметінің нығаюына өз үлесін қосқан. Алайда Маманға сол кездің өзінде туған-туыстарының Қытайға кеткенін кінә етіп, қысым көрсетілген. «Байдың, жуанның тұқымысың, сыртқа көшіп жатқан елге тиым сала алмадың» деп орынсыз жала жапқан. Осыдан кейін Маман күн көре алмасын сезіп, көрші Қытай еліне өтіп кетеді де 1955 жылы туған жерге қайта оралады. Елін, жерін, ағайын-туыстарын сағынып көп өлеңдер жазады.

— Көкпектен бұрылып, Айырлының кезеңіне шығып, әкем ауылды көзбен шолды. Сонда екі көзінен жас парлап ағып тұрып дауыстап былай өлеңдеткені әлі есімде,— деп еске алады ұлы Жұмай. Сол өлең міне, былай басталады екен:

Таушелек, аманбысың, туған жерім,
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім.
Асыр сап, бала кезде күлік ойнап,
Жейде шешіп, көбелек қуған жерім.
«Өлмеген бір көреді» деген рас,
Дәм айдап көп жылдан соң қайта
келдім.
Аманбысың, қайран ел, өскен жерім,
Кір жуып кіндігімді кескен жерім,
Бір күнгідей болмады, міне бүгін
Басымнан қайғы-қасірет
кешкендерім.
Бүгін өлсем бәрібір арманым жоқ
Тірілгендей боп тұрмын өшкендерім!
Шын сағыныш махаббатынан туған жыр маржандары үлкен ақындық талантты аңғартады.

Жұмаймен әкесі жайлы, оның ақындығы жайлы біраз әңгімелестік. Ол әкесінің еліне елеулі, халқына қадірлі адам екенін, елге көшіп келгенде туған-туыстары түгел жиналып, құшақ жая қарсы алғанын, бастарына баспана, күн көріске жетерлік мал жинап бергенін сыр етіп айтты. Осыдан соң «Әкемнен қалған ескерткіш мына бір дүниелер еді» деп қолымызға бір топ қағаз ұстатты. Бұл ел аузынан жазылып алынған Маман ақынның өлеңдері екен. Ақынның өзінің өмірі жайлы, басынан өткен тағдыры жайлы толғаныстары өмірдің таршылық тауқыметін көрген адам тағдырын көз алдымызға елестеткендей болады. Тұла бойынды шымырлатып шыққан маржан жырларды тот баспапты, ел аузында жатталып, сақталып қалыпты.

Маманды білетін, оның өлеңдерін жаттап алған адамдар Кеген өңірінде бар деп білеміз. Өйткені қолға түскен осы бір шағын өлеңдер болмаса қалған дүниелері әлі де белгісіз. Демек, ақын жырын білетін адамдар ақынның ұлы Жұмай Тасыровқа (Алматы, Жандосов көшесі 29 үй, 7 пәтер) немесе редакцияға хабарласады деп сенеміз. Төменде Тасырдың бір топ өлеңдерін жариялап отырмыз.

• Асыл мұра

Кірімізді бір жуып, кіндігімізді бір кескен,
Кінәм жоқ босқа құдалап
айрылдық бірге жүрістен
Араз болған жерім жоқ байқасам таныс-білістен.
Жалаңаштан алыпты Тұрлыбай мен Әлиді,
Сүйеніш кетіп қалған соң, Солтекем қатты налиды.

АМАНАТ ХАТ

Маман ТАСЫРҰЛЫ

Аз ғана сөз жазамын ақ қағаздың бетіне,
Әр түрлі сөз айтады келген соң адам етіне
Өлең емес мәселе, сөзімнің қара ретіне,
Жан алып қашқан біз пақыр,
Айлакер иттің тұмсығы тигеннен соң етіңе,
Алдым тұман, артым жер, өтер ме екенбіз өкіне.

Туып-өскен мекенім Құрметінің алқымы-ай,
Аршалы жайлау, Қасқатар самалың суық салқын-ай,
Ынтымақ пенен ел-жұртым, өскен екенбіз шалқып-ай.
Ел мен жер еске түскенде, езіліп кетемін балқып-ай.

Атамекен қонысым, туған жерім Таушелек,
Дайын болып тұратын қу жаныңа не керек?
Егіс, шабыс бәрі бар, жайлауың былай бір бөлек,
Тоз-тоз болып барамыз, іргелі берік ел едік.

Қалың Албан жерлеген Қарқара мен Кегенді,
Жаман көреді «большевик» атаның ұлы дегенді
Ел-жұртымнан айрылып жүрегім менің тебіренді
Қайғымен өмір өтпек пе «Қайран ел қалды-ау»— деп енді.

Қашамыз дейді әйтеуір жұрттың басы айналып,
Дүрбелең түссе басына кім отырар жайланып.
Осындай жағдай үстінде Дәукем кетті айдалып
Қытайға қарай жосыды, жаяу, атты бар халық.

Алда ғана-ау, дүние-ау, барамыз басты қайда алып...
Аршалы жайлау, Қасқа төр іздесем сендей қаяқ бар.
Диқанның кенін орнатқан күнгейінде салқ бар
Барсаң, басқа тиетін,
Большевик деген таяқ бар.

Енді аяңдап барайын Талдының айыр тасына,
Қырғыз-қазақ аралас, жайлаушы еді басына
Сыйласып өмір сүріппіз бар қызық көрген осы да.
Ел-жұртым еске түскенде орамалым су болды,
көзімнің аққан жасына.
Салғанға сабыр етейік қу көңіл сен де жасыма
Маманның жазған хаты бұл, туысқан-туған, досына.

Қарауыл шоқы, Көкбұлақ, құдырғы сай жерім-ай
Аралас басын жайлаған алдияр, сапы елім-ай.
Бұғы, марал, аңы бар үш өрісті, байсаурын
Табылмас сендей тегі де-ай.

Қара арта, Көксай жерлеген Бердіекемнің баласы-ай,
Иесіз қапты аңырап Мойынсаздың даласы-ай,
Құлан атым өлең боп далаға түсіп кетіпті,
Құданың ісін қарашы-ай.

Ажыбай, Алтай баласы жерлеген жерің Далашық,
Көтеріп ұстап қамшыңды, біріңе-бірің қарасып
Ойын-күлкі той болса, тұрушы еді жарасып,
Көретін күн болар ма, барамын елден адасып!..

Алатауды бір жайлаған албанменен бұрым-ай,
Қарасып жүріп жан бақкан бірі-бірінің ығына-ай.
Сендерді ойлап кеткенде ашылар сөздің тығыны-ай,
Қылмыс қылған жерім жоқ, күнәсіз жүрген бұғып-ай,
Көрісер деп өлмеген айтып бір кеткен бұрынғы-ай
Қылшеттік, Маржа елім-ай, ата жолдас бірге өскен,
Қысымға елді алған соң,
Қалған ел қайтіп жариды!..

Ондағы жекжат аман ба, Бартоғайдың бойында?
Ешнәрсе жоқ білемін кейбіреудің ойында.
Бүйте берсе бар халық тіреледі қиынға
Артын құдай оңғарсын, барамыз шеттеп қиырға.
Маясар жекжат аман ба, Сарытауды жерлеген?
Асысаға күнде той, аты шауып терлеген,
Қатты айтар бізде қауқар жоқ, сөз айтамын пернемен.
Артыңа батыр қарай жүр, көрісер кісі өлмеген.

• • •

Шала байды байсың деп байлап жатыр
Байланған соң Сібірге айдап жатыр.
Кеңестің әділеті қашан болар?!
Қазаққа орнатты ғой заман ақыр.
Өзіме де бір пәле тақалған соң.
Қытайға жан ап қашқан мен бір пақыр.

Әркімнің быт-шыт болды жинағаны
Жер қалды-ау туып-өскен қимағаны,
Мінеки қашқан атқа мен де қондым,
Заманның осы болды сыйлағаны.

• • •

Ап кетуге шара жоқ, балалар қалды аманат,
Шешем де қалды соларға еріксізден паналап,
Біз Қытайға бет алдық тау-тасты түнде жағалап.
Көз жұмып кетсем егер де артымда қалар қара дақ.

Қайғы түсті басыма көзімнің жасы сорғалап,
Қайта айналар күн туса басыма қонар сонда бақ.
«Көріседі өлмеген» деген сөз бар, япырм-ау сондай
болған-ақ
Не боламыз белгі жоқ, алдымыз тұман шырмаяқ,
Дамылсыз көп түн жол жүріп, ойлаған жерге тиді аяқ.

• • •

Құлжаның аман жеттім қаласына
Жалбының түгел сәлем баласына!
Ешкімге істеп қойған қылмысым жоқ
«Аты жуан» деген бір жаласына
«Ұр да жық» бастықтарға күнің түссе
Әділеттеп, тексеріп қарасын ба?

Тілекем аман ба екен жасы жеткен?
Құлжадан бізге құдай нәсіп еткен.
Атаның құдай берген дәулетінде
Жоқ еді ешбір дұшпан басып өткен.

Итбала аман ба екен Айтбай, Майтық?
Тұрамын сағынғанда айтпай қайтып,
Тоқайым, Шалтабай мен Абайылдам,
Әлімжан, Әділ, Ділдә жүрген шалқып
Ел мен жер еске түскенде, о, дариға
Жүрек күйіп кетеді от боп балқып.

• • •

Ата-мекен жеріме,
Қызыр келіп жанаған.
Мүшір аман жүр ме екен,
Байшекемнен тараған?

Оспан менен Тоқтекең халық ісіне жараған,
Аталмаған туыстар бәрің дағы бол аман.
Сағынғанда ел-жұртын
Маманның хаты жолдаған.

• • •

Не бір сақлақ жігіттер Қытайға келіп өріп жүр
Әрбіреуге жалданып көресісін көріп жүр.
Кейбірі байға малай боп несібесін теріп жүр,
Аударып мініп атыңды шабарман мен шерік жүр.

Ақалақшы Зәңгілер қашқынға қатты төніп жүр
Салғанға сабыр етейік, теңелерміз біз де бір.
Көретін күн бола ма сағындым сені-ау туған жер?

Сағынамын елді ойлап бәрін бірдей күндіз-түн
Аман болып тұрыңдар үлкен-кіші аға-інім
Салғанға сабыр етелік, көрісерміз біз бір күн.

Әркімнің аталмасын жаман аты
Тасырдың сағынғанда жазған хаты
Еске сақтап жүрсін деп осы сөзді
Хатқа салып жолдадым аманатты.

1930-1931 ж.

Құлжа қаласы.

Өлеңнің алғы сөзін жазып, газетке әзірлеген КСРО Жазушылар одағының мүшесі Ш. САДЫҚАНҰЛЫ.

...ғылым өз тапқан Төлембайды да осынау «саяси науқанның» асыра-сілтеушілік салқыны шарпып өтерін ешкім білмеген еді.

Ойламаған жерден: — Мұның арғы аталары Рысбай мен

...лығымен баяндалған ол хатқа жауап (болар-болмасы неғайбыл болса да, үміт оты кемес кілеңген емес. Қайта күн се... бір жауаптың келетініне деген сенімі арта түскен. Бала арманы алдамапты.

...де поезға отырған олар Термез қаласына келген. Артынша арнайы бұйрық жетіп, осы ара... тұрақтап қалған. Әскери қызметті одан әрі де осы жерде жалғастыра берді. Бірақ, 1941 жылдың жаз айы тағы да

...атқыштар полкіне түскен ол алғашқы рет соғыс... Харьковте кірісті. Одан кейінгі азат етуге қатысты. Одан әрі қанға бөккен Польша жері, Германия...

1945 жылдың 3 сәуірінде

Арман АРДАҚ,
Ұзынағаш ауылы,
Жамбыл ауданы.

СУРЕТТЕ: Төлембай ақсақал мен зайыбы Шәкен.

Бүгінде Нәбең құрметті
Декабрь ауылында тұрад
ақсақал.

С

• *Ардагер сөз алады*

БОЛАШАҚТЫ БАҒДАРЛАУ ҮШІН ӨТКЕНІМІЗДІ ҰМЫТПАЙЫҚ

Мен де 1942 жылдың көкек айында Батыс Брянск майданындағы бірінші гвардиялық Ленин орденді атқыштар дивизиясының құрамында қатардағы солдат ретінде соғысқа кіргенмін. Үш айдан соң мен өзім басқаратын бөлімшемен барлауға барып, жаудың унтер-офицерін қолға түсірдік. Сол үшін Қызыл Жұлдыз орденімен наградталдым. Әрине, кенеттен басталған соғыстың ұзаққа созылатынын ешкім де білмеген еді. Оның сан қилы жолы бізді қайда апармады дерсің. Батыс Украинаны азат еттік, Балқанды фашистердің қанды сұрсауынан құтқардық.

Ұлы Отан соғысының мәнмәңызын бәсеңдетіп, релін төмендеткісі келетін, қысқа ойлап, келте тұжырымдайтын жандар бар. Соғысқа қатыссың, қатыспасың әркім өзінше пәлсафа соғып, тіпті тарихи шықпыққы бұрмалауға дейін барады. Бұл-сандырақ. Соғысты бағалау үшін, еліміздің қазіргі бейбіт өмірінің қадір-қасиетін түсіну үшін біз сияқты бүкіл Европаны жаулау жүріп өтіп, соғыс ауыртпалығын өз иығымен көтерген жандардың жанжүрегіне тереңірек үңілген жөн.

Осындай қиын-қыстау кезеңде соғыс және еңбек ардагерлеріне, көп балалы отбасыларына, мүгедектер мен жарымжан жандарға жасалып жатқан қамқорлықтар да баршылық. Соның бірі — жақын уақыттан бері жұмыс істеп келе жатқан облыстық қайырымдылық қоры. Үш-төрт айдың ішінде шаруашылықтармен, кәсіпорындармен, ұйымдармен жүйелі байланыс орнатып, 3 миллион сомнан астам қаржы жинадық. Ал аудандардың өздерінде жинақталған 7 миллион сомнан астам қаржы өз алдына. Ардагерлерге ақшалай-заттай көмектер де көрсетілін жатыр. Осындай әртүрлі жәрдем берілген адамдардың жалпы саны бүгінде облыс бойынша 30 мыңнан асып отыр. Орынды жерінде бірер цифрларды да айта кеткен жөн болар. Мысалы, әлеуметтік тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына арналып 500 тоннадан астам ұн, 40 тонна ет, 3,5 тонна қант, 400—500 тонна көмір, 36 тонна жем бөлінді. Үш айдың ішінде ғана бір мезгіл тегін тамақ беретін 59 асхана, 99 қайырымдылық дүкені ашылып, жұмыс істеуде. Үй-күйі жоқ, өз алдына жан баға алмайтын 30-дан астам мүгедектер мен кемпір-шалдар қарттар үйіне орналастырылды.

Қазір облыс бойынша соғысқа қатысқан 7 мыңнан астам адам қалыпты. Президенттің Жарлығына сәйкес оларды үймен қамтамасыз ету мәселесі түбегейлі шешіліп келеді. Әрине, бірлі-жарым қалғандары бар. Олар бұл алады.

Сөзімнің соңында көкейімде жүрген мына бір түйткілді айта кеткім келеді. Қайырымдылық — бүкіл адамзаттың моральдық келбетіндегі ең биік қасиеттердің бірі. Осыны, әсіресе, мынандай аумалы — төкпелі заманда жастардың жадында ұстағандары жөн-ау. Өмірлері оқсыз да от пен оққа оранып өткен, жайдары, жарқын кездерінен бұлтты күндері көп болған қария,қарттарымызға қайырымдылық көрсетіп, оларды құрметтеп жүрер болсақ — бұл біздің озған ел екендігімізді көрсететін белгі. Жалпы болашағын ойлаған ел өткенін де ұмытпайды.

З. БАТТАЛХАНОВ,
облыстық қайырымдылық қоры тарағасының орынбасары, соғыс ардагері.

ҚАРУЛАСТАР

Майдангер журналистің жазбаларынан

1. Күміс жұлдыз

Екінші Беларусь майданында орыс, өзбек, қазақ және татар тілдерінде шығатын төрт газеттің төрт әскери тілшісі жұбымызды жазбастан алдыңғы шепке қарай келе жатырмыз. Мақсатымыз мәлім: майдан әскерлерінің Нәреў өзені бойындағы қиян-кескі шайқастарда айрықша көзге түскен жауынгерлері жайында деректі очерк жазу керек.

Біз генерал Батов басқаратын 65-ші армияның 193-ші дивизиясына ат басын тіредік. Мен осында есімі мен ерлігі бүкіл құрамаға мәлім болған аға сержант Жабас Ізбасов жайында көп әңгіме естідім. Дивизияның саяси бөлімінің бастығы подполковник Козлов өз блиндажындағы әңгіме кезінде маған:

— Одан да мен сізді Ізбасовпен жүздестірейін. Жерлесіңіздің бет-әлпетін көріңіз, сөйлесіңіз, жарай ма, — деді. Арада аз ғана уақыт өткеннен кейін мен отырған блиндажға Жабастың өзі кіріп келді. Екеуміз таныстық.

— Ақтөбелікпін, — деді ол сөзін кіндік қаны тамған жерден бастап. — Армия қатарына өз еркімен келдім.

Аға сержант әңгімеге сарандау кісі екен. Өзім сауал қойып әр жайдан сөз қозғамасам жарытып ештеңе айтатын емес.

Жабастың жауынгерлік жолы 1942 жылы Воронеж түбінде басталыпты.

— Ұрысқа алғаш кіруім еді. Ахуал ауыр, жағдай қиын да қорқынышты болды, — дейді Жабас. — Сөйтеді де, содан соң Сталинград шайқасына қатысқаның еріксіз еске алды.

— «Құырдақтың көкесін түйе сойғанда көресің» дегендей, мен қанды қырғынның не екенін сонда көрдім. Күндізіміз бен түніміз бірдей болып, от теңізінің ортасында жүрдік. Жер беті қорғасынмен қапталды. Мамаев қорғанын қанша рет алып, қанша рет қолдан шығарып алғанымыз есімде қалмапты.

1943 жылы Жабас бөлімше командирлігіне жоғарылатылыпты. Севск маңындағы ұрыс қимылдарында көзге түскен ол алғаш «Батырлығы үшін» медалімен наградталды. Қайсар командир снарядтың жарықшағы тиіп жаралана түрса да, госпитальға барудан бас тартыпты. «Қанды көйлек жолдастарымды тастап қайда барамын. Осында медсанбатта жатып-ақ емделейін» депті ол дәрігерлерге.

— Севскіден кейін қай жерлерде соғыстыңыз деймін мен Жабасқа тікелей сауал беріп.

— Ой, інім-ай, несін айтасың оның. Мен кешпеген от бар ма, мен жұтпаған жалын бар ма!

Айтса айтқандай екен. Аға сержант қызмет ететін 193-құрама Днепр үшін жүргізілген атақты шайқасқа қатысып, командованиенің аса бір жауапты тапсырмасын орындапты.

— Ол қандай тапсырма?

— Мен басқаратын бөлімшеге жауынгерлерді аң-жайқын Днепрдің арғы бетіне өткізу міндеті жүктелді. Жау оқ боратып бізді өзеннен өткізбеу үшін жанталасып-ақ бақты. Жасамаған айласы қалмады. Бірақ біз шабуыл қарқынын титтей басеңдетпедік. Сөйтіп, Днепрдің арғы бетіне өтіп алдық.

Мен Жабасқа кезекті сұрағымды қойып, одан кейінгі оқиғалар жайында сұрай бастаймын.

Украинаны азат ету шайқастарына қатысқан ол енді бауырлас Беларусияға қол ұшын беріп, Барановичи қаласын алушылардың бірі болған. Взвод командирі ауыр жараланған шақта бөлімшені басқарып, ерлік көрсеткені үшін үшінші дәрежелі Даңқ орденімен наградталған. Дәл сол жолы оған аға сержант атағы берілген.

Мен Жабастың өмір жолын түптей бермей, оның тарихындағы ерекше бір оқиғаға назар аудара кетуді жөн көрдім. Менің айтып отырғаным — Жабас Ізбасов бүкіл Қызыл Армияда американ орденіне ие болған жалғыз қазақ. Ресми құжатқа үңілемін. Онда былай делінген: «Бұл құжат конгресс атынан өкіл етілген Америка Құрама Штаттарының Президенті КССР Қызыл Армиясы қатарындағы жауынгер Жабас Ізбасовты Күміс жұлдызбен наградталғанын растайды. Батырлығы үшін. Менің қолым қойылып, 1944 жылғы маусымның 12-сінде Вашингтон қаласында берілді».

Осынау орденді Жабасқа дивизия командирі 1944 жылғы қарашаның 4-інде өз қолымен табыс еткен.

Егер оқырман Ізбасовтың соғыстан кейінгі тірлігінен бір дерек білгісі келсе, айтарым: майданнан аман-есен оралған ол Ақтөбе маңындағы Алға қаласында бетоншы болып жұмыс істеген. Балалары осында тұрады. Бұдан біраз уақыт бұрын Қуаныш дейтін баласы Алматыға келіп, маған жолығып кетті.

2. Тап

Мен енді газет оқырмандарына соғыстың алғашқы жылдарының бірінде Солтүстік-Батыс майданында болған қызықты бір оқиғаның мән-жайын баяндауға көшсем деймін.

Новгород жері, Старая Русса маңайы. Ұзын аққан Ловать өзенінің арғы жағын гитлершілер жайлаған, бергі бетіне біз бекінгенбіз. Екі жақ текетіресе тартысты. Өліспей берісетін емеспіз. Біз болсақ қоршаудағы дұшпанды Ленинград жақында, Кавказ бен Еділ бағытында қия бастырмаудың қамындамыз. Біз негізінде қорғау ұрыстарын жүргізе отырып, ара-тұра шабуылға да шығамыз.

Бір күні күтпеген жерден мынадай бір оқиға бола қалды. Атқыштар полкінің екінші батальоны шегінген жауды екшелете қуа отырып, ат басын тіреп тін, бекінетін жерден ұзаңқырап кетті. Мұны білген полк командирі мазасызданып, қатты алаңдай бастады.

— Апыр-ау, батальон қандай халге душар болды екен? Неліктен хабарласпайды?

Командир дереу, шұғыл жарлыққа қол қойды. Енді оны бөлімшеге тез жеткізу шарт. Міне ,күтілмеген шетін қиындық та тап осы арада басталды. Қиындығы — майдан шебіндегі телефон байланысы кенет үзіліп қалды да, анау батальонмен тек рация арқылы ғана хабарласу мүмкін болатындай тетенше жағдай туды. Ал сонда жарлық мазмұнын ашықтан-ашық қалай жеткізерсің. Жау болса телефонға құлақтарын түріп, бір сөзіңді қалт жібермей қадағалайды. Іштерінде орысша білетін біреулері кенет былдырлап, алденені шатып-бұтып кетеді. Аузына не болмай, сені сыбап тастаудан да іркілмейді. Сондықтан тура орыс тілі арқылы беру мүмкіншілігі есікті ашып қоюмен тең болды. Олармен керілдесіп керісуден не пайда?

АУЫЛ САХНАСЫНДА— АСТАНА АРТИСТЕРІ

Астаналық облыстың 60 жылдық мерекесіне орай М. Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрының шығармашылық ұжымы облыс аудандарында театр күндерін өткізу жөнінде жақсы бір бастаманың ұйытқысы болды. Астаналық актерлер өз өнерлерін алғаш Кеген ауданының шаруашылықтарында көрсетті. Қазақтың белгілі ақыны Мұқағали Мақатаевтың жерлестері ақынның «Қош, махаббат» атты шығармасының желісіне құрылған спектакльді тамашалады. Спектакльдегі басты рольді Республиканың халық артисі Нүкетай Мыңбаева өте шеберлікпен орындады. Осы өңірден түлеп ұшқан оның бұл өнері — өз жерлестерінің алдында берген шығармашылық есебі іспеттес болды.

Мамыр айының соңына дейін театр артистері облыстың барлық аудандарын аралап, болған жерлерінде спектакльдер көрсетіп, концерттер қойды және көрермендермен, көркемөнерпаздар ұжымының мүшелерімен, мұғалімдермен, мектеп оқушыларымен, сондай-ақ мәдени-ағарту саласының қызметкерлерімен кездесулер өткізбек.

БАЙЛАНЫСТАР АЯСЫ КЕҢЕЙЕДІ

Алматы қаласында бауырлас қалалар өкілдері бас қосуда

Кеңестік империя бұғауынан құтылып, өз алдына дербес мемлекет болған тәуелсіз Қазақстан беделі шетелдерде күн сайын арта түсуде. Оған дәлел — туған еліміздің өмірінде болып жатқан елеулі саяси оқиғалар. Республикамызда шетелдердің дипломаттары қоныс тәуіп, бізге достық ресми сапармен келушілер де сейілер емес. Мысалы, бұл күндері астанамыз Алматыда Италияның Моденн, АҚШ-тың Тусон, Түркияның Стамбул, Францияның Рэнн қалаларынан келген делегациялар жүр. Олар астана басшылығымен әлеуметтік-экономикалық салада байланыс жасауға, бауырлас халықтар арасында достық қарым-қатынас аясын кеңейте түсуге тікелей мүдделі.

Алматы қалалық Кеңесінде өткен кездесуді қалалық Кеңестің тарағасы А. Бижанов ашып, қонақтарды және осы кездесуге қатысып отырған қала депутаттары мен астана аудандары Кеңестерінің басшыларын еркін әңгімеге шақырды. Өз сөзінде ол республика өмірінде болып жатқан елеулі саяси оқиғаларға тоқталды. Кеңестің өз алдына жеке дара бөлініп шыққандығын айта келіп, ол бұл хұқылық мемлекет құрудағы жаңа қадамның бірі екендігін атап көрсетті. Қалалық Кеңес 200-ден астам депутатты біріктіріп отыр. Олар өз жұмыстарын 13 тұрақты комиссия арқылы жүзеге асырады. Әр комиссияның өз бағыты бар. Ол сөзінің соңын қонақтардың елінде муниципалитеттік басқару жүйесі қандай екен деген сауалмен аяқтады.

Францияның Рэнн қаласы мэрінің кадрлармен жұмыс жөніндегі орынбасары Эммануэль Жольо бірінші болып сөз алды. Рэннде 200 мыңнан астам тұрғын бар екен. Ал муниципалитеттік кеңестің құрамындағы 59 депутат өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқарады. Кеңес мүшелері әр алты жыл сайын сайланатын көрінеді. Қаладағы түрлі саяси партиялар өз кандидаттарын тізім арқылы ұсына алады. Кеңестің алғашқы мәжілісінде қай тізім ең көп дауыс жинаса, қала мэрі содан сайланады. Мэрдің 17 орынбасары бар екен. Кеңес мүшелері ай сайын бас қосып, түрлі мәселелерді шешіп отырады. Бес тұрақты комиссия жұмыс істейді. Олар қаржы, спорт және жастар, денсаулық сақтау, қаланы дамыту, экономика мәселелері мен айналысады.

—Италиядағы басқару жүйесі де осыған ұқсас,—деді Моденн қаласының мэрі Пьер Луиджи Бекчарио. — Қала мэрі мен оның орынбасарлары муниципалитеттік кеңесте сайланады. Мемлекет кеңесті қаржымен қамсыздандырады. Муниципалитеттік кеңес құрамында 50 депутат бар. Олардың әрқайсысы белгілі бағыт бойынша жұмыс істейді. Моденн қаласында жеті аудан бар, жалпы халық саны 180 мың. Кеңестегі бес комиссия түрлі мәселелерді шешуді айналысады. Қалада референдум өткізу үшін жеті мың адамның қолы жеткілікті.

— Бізде сайлау төрт жылда бір рет өткізіледі,— деді АҚШтың Тусон қаласы қалалық кеңесінің мүшесі Миказль Г

№ 10 (5167), 2 ақпан, 1-бет, 1989

ҚАРА ҚҰЙЫН

Балқаш даласын көктей өтіп, 36 мың адамның өмірін қиып, 12 мыңын тарыдай шашыратып жіберді.

1931—1932 жылдары аштық пен ауырудан Қазақстанда қанша адам өлгенін ешкім дәл айта алмайды. Және оны білу мүмкін де емес. Халық санағының материалдары тек 1970 жылы ғана республиканың түпкілікті халқы 1926 жылғы өз санын қалпына келгенін көрсетеді. Ал Т. Рысқұлов өз халқына бағытталған күйзеліс күшін жеңілдету ниетімен 1933 жылы 9 наурызда Сталинге жазған үшінші хатында «Балқаш ауданындағы 60 мың халықтың (жергілікті ОГПУ-дің мәліметі бойынша) 12 мыңы көшіп кеткен, 36 мыңы қаза тапқан, сонымен 12 мыңы ғана қалған» деп жазды. Қазақ даласында адамдар шыбындай қырылып жатқанда Еуропаға бидайды экспортқа шығару жыл сайын өсе түсті. Егер 1928 жылы шет елге 1 миллион центнерге жетер-жетпес астық шығарылса, ал 1929 жылы 13 миллион, 1930 жылы—48,3 миллион, 1931 жылы — 51,8 миллион, 1932 жылы 18,1 миллион центнер астық жөнелтілді. 1932-33 жылдарда шет елге тасылған астықтың жартысы-ақ бүкіл елімізді аштықтан аман алып қалуға жетер еді. Алайда Құжақтың (Голощекинді Байтұрсынов осылай атаған) Қазақстандағы «кіші октябрь» саясатының қара құйыны оған мұрша бермеді. Жуас халыққа ойына келгенін істеді, құғындады, өлімге мәжбүр етті.

Балқаштықтардың жаппай аштықтың құрбаны болуына негізгі себеп болған тегеурінді әкімшілік зобалаңы еді. Мал дайындау науқаны о бастан-ақ, әсіресе «соғыс коммунизмі» тұсында төтенше шаралар сипатын ала бастады. Дайындау көлемдері жоспарлы тапсырмалармен белгіленді, бірақ бұл тапсырмалардың есепті негіздері халықтың қолындағы мал саны жөніндегі өңі айналдырылған деректерге құрылған болып шықты. Соның салдарынан ауданға қолда бар малдың нақты санынан анағұрлым артып түсетін тапсырмалар түсе бастады. Табынында 183 мың ірі қара малы бар балқаштықтардан 300 мың малға салғырт алған. Оның үстіне егінмен айналыспайтын мал шаруашылығы аймағына салығының салынуы жығылған үстіне жұдырық болып тиді. Егіншілікпен шұғылданбайтын көшпелі қазақ шаруалары астық дайындау жоспарын орындау үшін малын сатып, оның орнына астық сатып алуға мәжбүр болды.

1930 жылы ауданға 10 мың пұд астық дайындау жоспары берілді. Шолақ белсенділер мен ОГПУ күштеріне сүйенген аудан басшылары астық жоспарын орындауға, тіптен асыра орындауға қол жеткізді. Жоспарланған 10 мың пұттың орнына 12 мың пұд астық дайындалды. 15 мың пұд тұқым тапсырудың жоспары орындалмаған жағдайда кулак санатына жатқызып, совет өкіметіне жау, жат элемент ретінде 107-статьямен жауапқа тартылып, мал-мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударылып немесе ОГПУ түрмелеріне қамалатын болды.

Тұйыққа тірелген осындай қатал тәртіп қыспағынан жол іздеген балқаштықтар күштеп коллективтендіруге лағнет, қарғыс айтып, көрші аудандардағы ауылдарды аралап, жетектеріндегі түйелері мен жылқысын астыққа айырбастау үшін ауыр шарттарға, арзан саудаға көнді. Мысалы, балдай тәтті сары қымыз беріп отырған дөнен биелерді 2 пұд астыққа, аты мен түйелерін 3 пұдқа, ауыздығымен алысқан арғымақты 4 пұд астыққа беріп кетуге тура келді. 1930 жылдың 1 қаңтарынан сәуір айының соңына қарай аудандығы мал басы 35 процентке күрт азайып кетті. Оның үстіне әр үйге бөлініп салынған теріден бастап әртүрлі ескі-құсқыға дейінгі салықтар да ауыл адамдарын естен тандырып, әбден есеңгіретті.

Міне, осы жылы 20 мамырда, асыра сілтеу мен күрестің барынша қызып тұрған шағында «Советская степь» газеті Ілияс Қабыловтың «Балқаш шіріmесінің батырлары» деген мақаласын жариялады.

Қосымша тақырыпшада мынадай сөздер бар еді: «Тап жауларының жансыздары ауатком мандатын пайдаланып, ауыл кедейлері мен орташаларының қатарына сіқіп кетті» (өлкелік партия комитетінің пікірі бойынша, байлар мен кулактар асыра сілтеудің басты кінәлілері болып саналды.)

Мақала авторы Іле, Балқаш және Шоқпар көшпелі аудандарында астық дайындау жоспарының «орындалу» сырын ашып береді. Ол өлкелік комитеттің телеграфтық нұсқауының салдарынан туындаған жергілікті бір нұсқаудың тексін келтіреді: «Жергілікті өкіметтің жарлығын орындау үшін қазақ малшылары көрші аудандардан астық сатып алуға мәжбүр болды. Ақшаға ешкім астық сатпайды-қымбат. Сондықтан 0,5 пұд астық үшін бір қойын берді, 1,5 пұд үшін-сиырын, 3 пұд үшін-бұқасын, 4 пұд үшін жақсы атын, 4,5 пұд үшін түйесін берді».

Аудандық және округтік уәкілдер: «Кімде-кім колхозға енбесе-жаңа жер мен тиесілі барлық жеңілдіктерден айырылады, колхоз құрылысының қас-жауы болып жарияланады» деп түсіндірді. Колхозға кіргендердің бәріне діни әдет-ғұрыптарды ұстануға мүлдем тиым салды. Осылайша 38 колхоз ұйымдастырылды. Округтен Мүсаев деген уәкіл 1930 жылы қожалықтар 100 процент коллективтендіріледі деп жариалады.

Қыс ортасында шаруашылықтардың барлық түрғындарына 10 киледен жүн өткізу салығы салынды. Малшылар қойлары мен ешкілерін қыс ортасында қырқуға мәжбүр болды. Бұл операциядан кейін мал қырылып қалды.

Оның есесіне «кереге керу» салты өрістеді. Бұл салт бойынша ата-аналар қызын «қымбатты» қонақтарға берді. Мұндай сұмдық сорақылықпен күресудің орнына жаңа түрмыстың адамдары-жауапты қызметкерлер мен әртүрлі уәкілдер оны барынша пайдаланды. Ал бәйгі, үйлену тойларына әкімшілік тәртіппен тыйым салынды. Мешіттер жабылды.

Халықтың шыдамы шегіне жетіп, 1930 жылы сәуірдің 6-шы жұлдызында «Аккөл көтерілісі бұрқ ете түсті. Көтерілісшілер ауданның өзіндік ерекшеліктерін ескермей отырған аудан басшыларын ұстап алып, халық алдында жауапқа тартпақ болды. Халық толқуы арада 60 жыл өтсе де, ресми куә болар анықтама-деректердің жоқтығынан тарихшылар үшін де жабулы тақырып ретінде келе жатқанын жасыруға болмайды. Әйтсе де 1931 жылы өлкелік партия комитетінің жетінші конференцияда жасаған Голощекиннің баяндамасы назарға ілікпеуі мүмкін емес.

«Бас көтерулерді талдай қарасақ, бәрінің мақсаты жартылай феодалдардың ескілік үшін күресі түрғысына саяды (әрекет әуелі хан сайлаудан басталады). Негізгі ұрандарынан діни қиял жасауға, коллективтендіруге, жеке-дара салық салуға қарсы екенін білуге болады. 1928 жылы конфискеленген малды қайтарып алу үшін күреседі, ауылдағы таптық күресті құптамайды.

Сонымен жолдастар, бұл бас көтерулердегі негізгі мақсат-жартылай феодалдар мен ишандар, жартылай феодалдық-патриархалды ауыл үшін күресі». Солай дей тұрып ол «Біз халықты әлі де Ленин айтқандай «коммунизм басталатын» социалистік деңгейге көтере алған жоқпыз» деп көкіді.

Ал, О. Исаев XII партконференцияда мынадай ұсыныс жасады:

—Қазақстанның 10 жылдығына Голощекин жолдастың барлық еңбектері орыс және қазақ тілдерінде шығарылсын (қол шапалақтау);

— Алматы қаласында жаңадан ұйымдастырылып жатқан коммунистік университетке «Қазақтың Голощекин жолдас атындағы коммунистік университеті» деген ат берілсін (қол шапалақтау).

Ауыл белсенділері де Голощекин жолдастың басшы ретінде біздің партия ұйымын большевиктендіруге қосқан үлесі зор, тәрбие беру және шын мәнісінде марксистік кадрларды өсіру ісіндегі қызметі ешбір күмән келтірмейді, дау тудырмайды» — деп қол шапалақтап, «өкіметтің айтқаны заң» деп қандай жоспарды болсын басын шұлғи қарсы алды. Ал 12-ші ауылдық Кеңестің 1931 жылғы 15 июньдегі түрлі әлеумет ұйымдары бас қосқан жиналысындағы: «Осы 1931 жылда болайын деп отырған санақ науқаны жөнінде барлық ынтамызбен, жәрдем көзімізбен қарап, байлардың тыққан малы болса, сонымен қатар сыртқы табыс табушылар болса, соларды есеп алушыларға түгел жасырмай тауып беруге міндетті түрде уәде береміз» — деп білек сыбанып, іске кіріскен шолақ белсенділер аянып қалмады. Өйткені «саналы» кедей орташаның «ұрлығын» ұстап бергені үшін, одан барымталанған қордың төрттен бір бөлігін тектен-текке алады. Ауыл-ауылда өзгенің дәулетін аңдып, көршісін немесе таныcын абақтыға қаматып, ал олардың отбасын қаңғыртып жіберетін арсыз, сөз тасушы жәдігөйлер қаптай бастады. «Шаш ал десе, бас алатын» қаулылар сақырауқұлақша қаптады.

«Біздің 13-ауылға келіп отырған 835 пұд бидай жоспары үш шаруалас ауылға мынадай жобамен бөлінсін: 1-Реңді ауылына 320 пұд бидай, Сақымбай ауылына 320 пұд бидай, Байсары ауылына 245 пұд бидай.

Біздің ауылға келген тары жоспары 2908 пұд. Бұл тарыдан Реңді ауылына 1150 пұд, Сақыбай ауылына 1050 пұд, Байсарыға 709 пұд тары. Осы жоғарыдағы жұмыстарды бидай, тары және мал жүргізу жоспарларды шұғыл кіріcіп, бес күнде өткізіп отыруға шаруалас ауылға жауапты бригадирлер жіберілсін. Бұл науқанда шын жігермен қимылдамаған уәкілдер мен бригадирлер аяусыз түрде жазаланады». (1931 жылғы 20 августегі № 32 тоқтам саны).

Арада бір апта өтпей жатып осы ауылдық Кеңестің алқа мүшелерінің жиналысында тағы да мынадай қаулы қабылданды: «Қазіргі партия мен үкіметтің ұстап отырған саяси бағыты дұрыс. Сондықтан қазіргі келіп отырған шаруаларға 1861 пұд, байларға 1525 пұд жоспар негізінен қабылданып, орындау шарасына кірісеміз (1931 жыл, 28 август 34 тоқтам саны).

Балқаштықтардан осылай астық пен мал үсті-үстіне жиналып, оның соңы тігерге тұяқ, ішерге тамақ қалдырмады. Бай да, орташа да, кедей де қаңғырып кетті. Байдың тамырына балта шабылып, орташа орға жығылып, кедейдің кеңірдегі үзіліп жатса да Голощекин тілі мен жағына сүйеніп көшпеліктен отырықшылыққа ауысу ешқандай шығынсыз болуы мүмкін емес, ол заңды құбылыс дегенінен танбады.

Балқаштағы Аккөл көтерілісі мен күштеп коллективтендіру ақтаңдақтары қанша жазылса да, таусылмайтын тақырып. Бұл материалды берудегі мақсат халқымыздың тарихында орны толмастай терең із қалдырған, осы уақытқа дейін зардабы қалмай келе жатқан асыра сілтеуден аша тұяқ қалмаған кезеңді халық жадында жаңғыртудан туындаған еді. Өйткені «мешін жылының апатында Қазақстанның өзінде байырғы түрғындарының 2 миллион 200 мыңдайы мезгілсіз дүниеден өтті. Бұл республика бойынша 4 миллион 120 мыңға жетіп қалған қазақ жұртының жартысынан астамы ал дәлірек айтсақ-53 проценті. Ал Қазақстаннан тыс көшіп кетіп қалған бір миллион 100 мың босқындар мен шұбырындыларды қоса санағанда сол кезеңде ғана республикамыз өзінің байырғы халқының үштен екісінен астамынан айрылып қалды» (М. Тәтімов, Заүал. «Жазушы» баспасы 45-46 бет).

Балқаш өңіріндегі әр ауылда «Қырғын қыстақ», «Қырғын склад», «Қырғын төбе» деген атаулар ашаршылық тұсында өмірге келді. Аккөл мен Көкжиде сияқты ауылдарда ізбасар болмарлық тұяқ қалмағанын көнекөз қарттар бас шайқап отырып әлі күнге дейін әңгімелейді.

Балқаштықтар Іле өзені мен Балқаш көлінің жағасында тұрып, кәсіпке бейімделмегендіктен балық, аң-құс аулап күн көріс жасай алмаған. Әрі оны ұстайтын құрал сайман да жоққа тән еді. Малдан айырылған олар күн көріс қамымен Іле көпіріне ағылды. Бірақ ажал тырнағы жолай қан жоса етті. Бала-шаға, кемпір-шалдар жолда қырылды.

Сталин мен Голощекинді ешқашан ақтауға болмайды. Өйткені олар 300 жылға созылған жаугершілік пен 300 жылға созылған отаршылдық кезінде жасалынбаған зұлымдықтарды 2-3 жылда ғана жасады. Егер қолдан қасірет зұлматы ұйымдастырылмаса бүгінде, Қазақстан халқы 30 миллионға, ал Балқаш өңірінің түрғындары 180 мыңға жетер еді. Бұл ащы да болса ақиқат. Алайда шындық түгелдей ақтарылып халыққа жеткен жоқ. Тарих қойнауындағы ақтаңдақтардың құпиясын ашу еліне, жеріне табынған әрбір азаулы азаматтың абыройлы борышы болып қала бермек.

З. ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.
«Балқаш еңбеккері» газеті редакторының орынбасары.

Балқаш ауданы.

ҚҰРЫЛЫС САРАПШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУЫ

Құрылыс министрлігі дүниежүзілік банк пен қалалардың халықаралық ассоциациясымен бірлесе отырып, Қазақстанның болашақ құрылыс сарапшыларының алғашқы семинарын өткізді.

Нарық экономикасына байланысты ар сатушы, тұтынушы және несие беруші «баға дегенді қалай түсінесіз?» деген сұраққа жауап берулері қажет. Егер бұл сұрақты үй, пәтер жер учаскесі, дүкен немесе фабрикаға байланысты қойса, жұрттың көпшілігі қалай жауап берерін білмейтіні ақиқат. Аталған объектілерге ірі көлемде қаржы бөлініп отырғаны сарапшы-бағалаушыны керек етеді. Осындай сарапшылар дайындайтын кәсіптік бағдардағы оқулар Құрылыс министрлігінің мамандық көтеру институтында өтті.

Бұл оқуға мемлекеттік мекемелерде жұмыс істейтін 40 адам, сондай-ақ, осы оқуға ниет білдірген жеке азаматтар қатысып, екі апта оқыды әрі аса күрделі техникалық емтиханнан өтті. Сөйтіп, осы емтиханнан мүдірмей өткендер республика мызда тұңғыш құрылыс сарапшыларының дипломын алып шықты.

Е. БАЙҒОЖАТЕГІ.

Естен кетпес есімдер

ЖЕТІСУ АҒАРТУШЫЛАРЫНЫҢ ТӨЛБАСЫ

Ұстаз Сұраншы Сауранбаев туралы



Қазақстанның әртүрлі аймақтарында ұлт мектептерінің көптеп ашылуы Октябрь революциясы жеңген алғашқы күндерден басталғаны шындық еді. 1917 жылы 9 ноябрьдегі Декрет бойынша оқу-ағарту жүйесі қайта құрылды. Ал 1918 жылы 26 июньде «Халық ағарту ісін ұйымдастыру туралы» декрет қабылданды. Бұл декрет бойынша еліміздегі оқу-ағарту ісін арнаулы мемлекеттік комиссия басқаруға тиісті болды. Ал жергілікті жерлерде жұмысшы және шаруа депутаттары кеңестерінің жанынан губерниялық, уездік, облыстық халық ағарту бөлімдері құрылды. Соның бірі Жаркент уездік оқу бөлімі еді. Оның түңғыш меңгерушісі Сұраншы Сауранбаев болды.

Сол жылдардағы уездік оқу бөлімінің алдындағы басты міндет елді, бүкіл халықты сауаттандыру, панасыз балалар үшін балалар үйлерін ашу, жаңа мектеп үйін салу. Бұл қиындықтың басы әріде жатыр. 1914—18 жылғы **бірінші дүниежүзілік соғысқа** дейінгі патшалық Россияда екі жарым миллионнан астам бала аш-жалаңаш, панасыз қалған болатын. Ал азамат соғысы жылдарында бұлардың саны көбейе түсті. Бұл төтенше жағдай Қазақстан мектептерін де қамтыды. Алайда 1922 — 23 жылдары республикада 500-ден астам балалар үйлерін құру белгіленді. Қазақстан Халық Комиссарлар Советінің төрағасы Сәкен Сейфуллиннің тікелей нұсқауымен Сұраншы Сауранбаев Жаркент уезінің Есік, Жалаңаш, Жаркент, Алматы маңы елді мекендерінде ондаған панасыз балалар үйлерін құрды. Сұраншының жолдамасымен Жаркенттегі сондай үйге 1922 жылы Нұрбапа Өміржақов орналастырылған екен. Ол кейінен Қазақстан мен Өзбекстанда партия, совет қайраткері болды. 1937 — 39 жылдары Қазақ ССР-ның Орталық Атқару Комитетінің төрағасы қызметін атқарды. Сол жылдары Жаркенттегі уездік мектепте оқып, кейінен Абай атындағы Қазпидің профессоры болған Тәлім Мұсақұлов соғыстың алдындағы жылдарда Ақмола облыстық Совет атқару комитетінің төрағасы болған Қынабек Дүйсебаев, Алматы облысының аудандарында ұзақ жылдары басшы партия, совет қызметкері болған Иманбек Бидайбеков, ұзақ жылдар әртүрлі партия қызметтерінде болған Зейнахан Намазбаева т.б. көптеген саналы азаматтар білім алған Нарынқол өңірінде түңғыш мектеп Түзкөл ауылының қолтық қыстағында ашылған. Сұраншының жарлығымен мектептің директоры болып Малғаждар Қуанұханбетов тағайындалған. Бұл мектеп қазіргі Киров орта мектебі, 1993 жылы 70 жылдығын тойлады.

1920 жылдардың үстінде қалыптасқан еліміздегі халық ағарту жүйелерінің Қазақстанда өте үлкен ерекшеліктері болды. Бұл ерекшеліктер Қазақстанда мектеп жұмысының белгілі тәжірибенің болмауына, мұғалімдердің жеткіліксіздігіне байланысты еді. Осы қиындықтарға байланысты алғаш мектептер киіз үйде ашылады. Алайда, ол қиындықтарға қарамастан, қазақ бастауыш мектептерін құру мақсатымен, интернаты бар коммуна мектептерін ашу белгіленді. 1925 — 26 жылдары мұндай бірнеше уездік мектеп ашылды. Мұнда да С. Сауранбаевтың үлесі болды. Ол мектептердің кейінгі жеті жылдық, тіпті тоғыз жылдық мектеп дәрежесіне дейін көтерілгені бар. Жаркент уезінің Кеген, Нарынқол ауданының осындай мектептерінде кейін республикаға танымал ұстаздар Әужан Ниязбеков, Мұстафа Әуғисов, Мүсілім Шәкіров, Молдахмет Байпақов, Әбдірсүлейменов Хасенов, Мақсұт Белаефов, Әкімқожа Садыров, Бейсенбек Байзақов т.б. өсіп, қалыптасты.

1924 жылы Қазақ АССР оқу-ағарту Халық Комиссариатының орталығы құрылып, оның мүшесі ретінде Сұраншы Сауранбаев, және басқа бірнеше ағарту қызметкерлері Москвада түңғыш Халық ағарту комиссары А. В. Луначарский өткізген мәжіліске қатысады. Сол мәжілісте барған Түркістан комсомолының басшысы Әзия мен Қазақстан комсомолын ұйымдастырушы Ғани Мұратбаевпен кездеседі. Ғани Қазақстан мектептеріндегі комсомол ұйымдарын құру туралы кеңестер береді. Бұл орталық 1924 жылы Қазақ бастауыш мектебіне арнап алғашқы пәндік программа жасап шығарды. Бұл программамен жұмыс істеу үшін мұғалімдерге көмек ретінде екі әдістемелік хат таратылды. Дұл документтер сол жылдардағы қазақ мектебінің оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруға негіз болды.

Халықтың білімге талабының артуына байланысты 1927 жылдан бастап Қазақстанда шала сауатты адамдарды жаппай оқыту жүзеге асырылды. Сұраншы Сауранбаев бұл істе де Республика ағартушыларының бірі ретінде қайраткерлік көрсетті. Ол сол кездегі үлкен тілші маман, Абай атындағы ҚазПИ-дің профессоры Ахмет Байтұрсынов екеуі Ақмола, Семей облыстық оқу бөлімдеріне бұл мәселеге байланысты шұғыл көмек көрсетті. С. Сауранбаев уездік бастауыш мектептерге Байтұрсыновтың тілдашар кітаптарын оқыту, енгізу туралы нұсқаулар берді.

1927—28 оқу жылында республиканың Халық ағарту комиссариаты мектептің екінші басқышына арналған міндетті оқу жоспарын бекітті. Балаларға политехникалық білім берудің алғашқы қадамы жасалды. Бұл сияқты маңызды шараларды жүзеге асыруда комиссариаттың орталығының мүшесі ретінде Сұраншы Сауранбаев тындырымды істер атқарды. Әсіресе, ол өзі басшылық жасайтын уезд бойынша тәжірибе-тірек мектептерін құрды. Бұл мектептерде қабылданған шаралар эксперимент ретінде алдын-ала зерттеліп, үлгілісі, нәтиже бергені ғана республиканың басқа мектептеріне таратылды.

Сұраншы ауыз әдебиетін, қазақтың айтыс нұсқаларын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жақсы білетін, солар туралы оңтүлкілерді, естеліктерді айтып тауыса алмайтын еді. Бір естелігінде «1927 жылы Алматыға Мұхтар Әуезов келді деген хабар «Еңбекші-қазақ» газетіне басылды — деп басталды сөзін. Мұны естіген Алматыдағы қазақ зиялылары үйірдүбір болып, шүйіркелесіп қалдық. Бұл Мұхтардың Ленинградтағы аспирантурадан келген сапары екен».

Кешікпей Республика Үкіметінің халық ағарту комиссариатының басшыларының тапсырмасымен Сұраншы Мұхтар Әуезов және Ақай Нүсіпбеков (1968—1976 жылдары Қазақ ССР Ғылым академиясының вице-президенті болды, академик, тарих ғылымының докторы) үшеуі қазіргі Кеген, Нарынқол ауданының жерінде, Таушелек, Кіші Жалаңаш, елді мекендерінде болып өтіп, Торайғыр тауы арқылы Қарқара жайлауын, Шалкөде жайлауының Қостөбе бойын, Ұзақ Сауырық жүрген жерлерін аттап аралайды. Ең бастысы Мұхтар «Қилы заманға» материал жинаған. Бір кездерде Сұраншы Сауранбаев 1908 — 1912 жылдары Нарынқол ауылындағы орыс-түзем мектебінде оқып жүргенде, Қостөбе бойындағы Жабырды қыстайын Ұзақтың үйіне соғып, әкесі Сауранбай екеуі әңгіменің, сонда батыр оның әкесіне: «Баланды орысша оқытқаның жақсы болған, балаң болашақта тілмаш болады», — деп ризашылық білдіргенін Мұхтарға айтады. Мұқаң: «Сен Ұзақтың батасын алған бала екесің гой, батырдың тұлғасы есіңде ме?» — деп сұрайды. Сонда Сұраншы: «Ұзақ қолшоқпардай, иықты, бедеміше кісі болған», — деп есіне түсіргенде, Мұқаң күліп: «Батыр қолшоқпардай дегенді біріншi естіп тұрмын», — деген екен.

Сұраншы ел қамын көп ойлаған, жер жағдайын жақсы білетін еді. 1927 жылы Ілияс Жансүгіров, қатарына ерген Ыдырыс Көшкінов, (Жетісуда совет өкіметін орнатуға қатысқан революционер), бар үшеуі тағы да Қарқара жайлауын, Алатаудың Шығыс сілемдерін түгелдей аттап аралайды. Бұл сапарда Ілияс өзінің «Жетісу суреттері» өлең топтамаларын жазып:

«Қарқара, құртты жайған өресіндей»

Барлық аң бір шатқалдан өретіндей.

Ешкідей үркіп шыққан Шоладыр тұр.

Қасқырдан бір тықырды көретіндей.

Қасындағы таулардың бәрі әсем,

Сорлы тау неге болсын Сөгетіндей.

Оқшырайып жалғыз қалған Лабасы,

Байлардың қойға үретін төбетіндей.

Жалықпай араладық қыдырыспен

Қасымдағы Сұраншы, Ыдырыспен», — деген.

* * *

Сүкең әдебиетті сүйетіні сонша лық және зеректігінен болар Ілиястың осы өлеңін, т.б. ертедегі ақындардың, Шалтабайдың, Көдектің, Таңжарықтың өлеңдерін жатқа айтатын. Сұраншы 1910 — 1940 жылдар арасындағы қазақ тарихының шежіресі — деп айтуға болатын еді. Оны бүлай деп атаған Нығымет Үшаяқов еді. Ол аты аңызға толы, кезінде саяси экономиканы, Маркстің «Капиталын» жатқа айтқан үлкен экономист болған. Кәзір-ақ сабақ берген. 1921 — 30 жылдар арасында ағарту мекемелерінде Сұраншымен қызметтес болған. Шыңында да Сұраншының Сол жылдардағы осы аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, кейін үлкен жазушы болған, халық ағартудың озық қызметкері Зейтін Ақышев Сұраншымен бірге қызметтес болған жылдарын асқан ризашылықпен еске түсіретін еді. Қазақ халқы тарихындағы зұлмат-зобаланы Сұраншы Сауранбаевпен де түсті. Ол 1937 жылы қуғынға ұшырады. Берия тыңшылары, оны кейінде тыныш қоймай, 1951-55 жылдары түрмеге отырғызды. Халық жауы деген қара дақ жақасы келді.

1938 — 39 жылы ол республиканың жылқы шаруашылығы Бас басқармасының бастығы болған. Қазіргі Кеген ауданының «Қарқара совхозының орнында болған «Конзаводын» Сұраншы ұйымдастырған. Ол ел байлығына, жер байлығына, табиғатқа өте үқыптылықпен қарайтын еді.

Соғыстың алдындағы жылдарда Қазақ ССР Оқу министрлігінің мектептер басқармасын басқарып жүрген Сүкең, республика мұғалімдерінің үйдеуіне үн қосып, туған ауылы Нарынқол аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі қызметіне барады. Соғыс жылдарында мал-шы балалары үшін ашқан интернаты бүгінге дейін жұмыс істейді. Көп жылғы ағартушылық тәжірибесін аудан мектептерін дамытуға аямай жұмсаған Сүкеңнің еңбегі жұртшылыққа белгілі. Ең бастысы олмектеп бітірген жастармен аудан мұғалімдерінің қатарын жыл сайын толықтырып отырған. Сол мұғалімдердің бірі Дәуітов Рахым — ол қазір құрметті демалыста, елу жылға тарта Жамбыл ауданында ұстаздық етті, математик ұстаз. Иманбаев Сұраншы-математик, ұзақ жылдар Үйғыр ауданында ұстаздық етті. Әбдісүлейменов Шоғанбек — химик, Нарынқол ауданының мектептерінде жемісті еңбек еткен. Сүкең тәрбиелеген Нарынқол ауданының түлектері тек Алматы облысы ғана емес, республиканың түпкір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жүр.

Ағартушылық қызметін, соның 1915 жылдан бастаған Сұраншы Сауранбаев — Қазақстан Республикасының ағартушы, дара ұстазының бірі. Оқу-ағарту ісін алғаш ұйымдастырушылардың бірі. Мұғалімдер қауымы оған аса құрметпен қарайды. Оның есімі туған ауылындағы — Нарынқол ауданының Ленин орта мектебіне берілуі әбден құптарлық жайт. Бұл бүгінгі емес, болашақ ұрпаққа үлгі.

Жеңіс ӘБИЕВ,
Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің доценті, педагогика ғылымының кандидаты.

• Болған оқиға ізімен

Сақ құлақ

Шығыс Түркістанда тұратын қазақтар арасында 1959 жылдың 13 тамызында Кеңес елінің азаматы болып табылатындардың тағы бір тобы елге қайтарылатын болды. Шығыс Ақсу, Батыс Ақсу бойына орналасқандар өзен бойындағы кең жазыққа (Нарынқол шекарасынан 50 шақырым) жиналып, Қазақстан жағынан келіп, алып кететін көліктерді тосты. Кететіндер мен қалушылар бірнеше күн бойы қоштасып, біреулері қуанып, біреулері жылап дегендей абыр-сабыр болды. Сөйтетін де жөні бар еді. Біреулердің бауыры кетіп, өзі қалып, біреулердің өздері кетіп, қыздары қалып барады. Тіпті өзі кетіп, әкесі қалып немесе, ері кетіп әйелі қалған жағдай да бар еді. «Ой, дариға-ай, енді бір-бірімізді аман-есен көретін күн бола ма, болмай ма?» деп мұңдасқандар «Құдай бұйыртса, біз де алақ жетіп барамыз» деп тоқтау айтып, жұбатқандар, айтеуір үш-төрт күн бойы уду болып жатты.

Он үшінші тамыздың ұлы сәскесі шамасында жүйткіген машиналар қаптап келіп, тоқтай қалды. Бұынып-түйініп жеңіл отырған жұрт жүкті дереу жапа-тармағай тиеп, астына киіз үйдің ағашын, туырлықтар мен теңдерді орналастырып, үстіне балашаға мен үлкендер жайғасып, ал енді аттандық дегенде айырылысуға бірін-бірі қимаған жұрт у-шу болып шуласып, жыласып, қош-қош айтыса бастады. Машиналар жүріп бергенде артта қалған аттылы, жаяулылар ілесе шауып, жеткен жеріне дейін барып, біртіндеп қалып жатты.

Ілескендер қатары сиреген кезде Саудабайдың үй-іші мінген машинаның сонынан жарыса шауып келе жатқан оның иті Сақ құлақ көзге түсіп, назарға ілінді. Ол біресе машинаның алдына озады, біресе екінші жағына шығады. Машина үстіндегі иесінің өзін жұртқа тастап, асығыс қайда аттанып бара жатқанын түсінбей, көз жазып, адасып қалмауға тырысады.

Саудабай Ақсу өңіріндегі Албандар арасында белгілі азаматтардың бірі еді. 1949 жылы Қытайда халық өкіметі орнаған соң 1951 жылға дейін тазалау жүрді яғни кісі еңбегін қанаған байларды анықтау, тізімін алу жүзеге асырылды. Ал 1951-52 жылдары оларды жазалап, атып-асқан үкіметтің көңілі тынған соң, кеңшілік саясаты жүргізілді, 1954 жылы қытай кадрлары келіп, әрбір он екі-он төрт отбасынан бөлімше, 30-40 отбасынан взвод, 90-100 отбасынан рота деген құрылып, әскери салт бойынша әрқайсысына өз ішінен командир белгіленді. Саудабай сондай рота командирлерінің бірі еді. Командирлер қасқа таңнан тұрып, елді сағат төртте оятып, егістікке көш тасытатын. Сағат алтыда оларды тарқатып, сағат сегізде он отбасынан бірігіп, ортақ қазаннан тамақ ішеді. Содан кейін ересектер түгел мектепке жиналып, бірін-бірі өшкерелеумен айналысатын. Бұл өзін-өзі тазалау, идеялық жағынан тазалану деп аталады. Кімнің қандай кемшілігі бар, қай кезде, қай жерде қандай қателік жіберіп алғаны мойнына салынады. Егер ол кінәні мойындамасаң, үлкен палеге қалғатың. Ең дұрысы «қателігіңді мойындап» құтылу керек.

Комсомолға тек кедей жастарын алып, оларға арнаулы киім берді. Ел ішінде оны «махрупа шапкі, ходани көк» киім деп атайды. Оған қолы жете алмаған жастар кәдімгідей қызығады. Ал ел алғідей комсомол болғандарды «мырза жүріс, ит жатақ» деп күледі. Себебі көшеде шыртиып киініп жүргенімен олардың кешкісін жататын үйі, шынында да, иттің жатағына ұқсас жадау-жүдеу екені рас еді.

Ағайын туысты шекараға дейін шығарып саламыз деп бірнеше күннен бері сөйгүліктерін жаратып, суытып, дайындалып жүрген бозбала жігіттер, жастайынан тайдай тебісіп бірге өскен моңғол ағайындар енді міне төтелей шауып, сабыла жүйткіген машиналардан өзірше қалыспай келеді. Солардың арасында құлдырандаған Сақ құлақ та қалатын емес. Алды-артын орап, шапқылаған итті жүргізуші де байқап, жаны ашыса керек, Текестегі Құрманжан көпірінен өткен соң машинаны тоқтатып, кабинадан басын шығарып: «Чья собака» деп дауыстады. Орысша бір ауыз сөз түсінбейтін Саудабай орынан қарғып тұрып, көзі жыпылықтап, арттағы машинада келе жатқан туысына «Әй, Әбдібай аға, мынау орысың не дейді?» деді. Әбдібай орысша біршама тіл білуші еді: «Ана итті ұстап, машинаға салып алыңдар деп тұр», — деді.

Сол-ақ екен Саудабай жерге қарғып түсіп, Сақ құлақ екеуі көптен бері көріспегендей құшақтаса түсіп де итіне жаны ашып, күйзеліп келе жатқанын көрсетіп итін басынан сипап кешірім сұрағандай болды. Сақ құлақ та: «Ием-ау мұның не, шыпымен-ақ мені тастап кетпек болдың ба?» дегендей Саудабайдың қолынан, құлақ-шекесінен жалап-жалап алды. Ол тегінде есті ит еді. Иесі машинаның арт жағынан екі алдыңғы аяғын көтерген кезде қолын созған адам сияқты аяғымен қорапқа жабыса түсіп, көзді ашып-жұмғанша үстіне қарғып шығып алды. Оны көрген балашаға да қуанып, мойнынан құшақтап, арқасынан сипап, мәз болып қалды.

Шекарага жеткен соң Қытай жақтағы кеденде тексеруден өткізу үшін төрт күн аялдауға тура келді. Шығарып салушылар, шекара маңындағы қазақтар жиналып, малын сойып, қымызын құйып, тағы да қонақ асы беру, қош-қош айтысу басталды. Моңғолдар көкірдегі-торсықтағы арағын шығарып, өздерінше сый-сияпат жасады. Ал арақтың алды жүрген соң арты таусылғанша тоқтамайтыны белгілі ғой. Бұрын Шыңжанда ішімдікті қазақ арасында бірен-сарандар ғана татып алатын. Оның өзінде кейбір зиялылар, қадірлілер, мұғалімдер ауыл ақсақалдарына көрінбей, жасырып ішіп, иманы мен ұятын сақтауға тырысатын. Ал бұл жерде қоштасар сәтте олай болмады. Қытай мен моңғол арағын жұрттың көпшілігі алғаш татып көріп, төрт күн бойы думандатып қоштасып, аяғы ойын-сауыққа ұласып кетті.

Қолына толық құжатын алған Саудабай да машинаға толқып мінді. Қазақша өнге салып, анда-санда үйғыр нақшысына да басып жібереді. Жас кезі ғой, дауысы да керемет! Көңіл-күйдің ойпы-тойпылығынан Сақ құлақ тағы да ұмытылды. Бірақ иесі ұмытқанымен ит одан көз жазған жоқ еді. Автокөлікке тырмысып, өрең шығып жатқан Саудекеңе қайтер екен дегендей Сақ құлақ басын біресе оңға, біресе солға қисайта, шекелей қарап қояды. Дүр етіп машина жонеле бергенде ол да ілесе ұмтылды.

Шекарадан өтіп, одан үш шақырымдай жердегі «Абай» ұжымшарына келіп, үлкен қойманың алдына түскен соң Саудабай итті ойына енді түсіп, «ой, алғі ит қайда» деп жан-жағына қарағаны сол еді, Сақ құлақ жүктің көлеңкесінде жатыр екен. Иесі оған риза болып; «Әй, Сақ құлағым-ай, сен ақылды ит болдың, сен өзіңнің туған жеріңді тастап, рұқсатсыз-ақ шекараны қиып өтіп, біздің туған жерімізге келгеніңе рахмет» деп итін басынан сипады. Мақтағанды сезген ит те еркелеп, оның аяғына оралды.

Осы жерде тағы бір апта тосуға тура келді. Шетінен іс қағаздары біткендерді тасымалдап, колхоз-совхоздарға бөліп әкетіп жатыр. Өздерін Шоған тұқымын жатқызатын 120 отбасы 24 тамызда атамекеніміз деп Көккайнарға келіп түсті.

Атажұртына қайтқан елмен Қызыр бірге келгендей сол жылы егіннің шығысы керемет болды. Келгендердің жартысы қырманға үй тігіп, егін орағына шықты да қалғаны пішен дайындауға кірісіп кетті. Ал кешкісін кезекпен ерулікке шақырған туыстарға қонаққа барады.

Тамыздың 26-сы күні кешке қарай қырманнан бір машинаға тола мініп, Көккайнар ауылындағы дайындалып отырған туыстарға ерулікке келіп, бөлініп-бөлініп түсті. Саудекең Құсайынның Жұмаханының үйіне түскен. Үй тола жиналған туыстармен көрісіп, ішіп-жемнен кейін жарым түн ауғанда тараған олар көлігіне мініп, аттанып кетті. Осы у-дүмен жүргенде ит тағы да ұмытылды. Ертесінде түске таман ғана ит есіне түскен Саудекең оны іздеп, атын атап шақырып, қырманды басына көтерді. Бірақ бірнеше аптадан бері иесінен бір елі қалмай, қайда барсаң да ілесіп, шапқылап жүрген қайран Сақ құлақ бұл жолы жоқ болып шықты. Иесі машинаға отыра салып, Көккайнарға қарай заулатты. Онда келіп итін сұраса, ешкім көрмеген болып шықты.

Сөйтіп Ақсудан Көккайнарға дейін ілесіп, аман-есен жеткен итінің аяқ асты жоғалып кетуі иесін қатты өкіндірді. «Әттеген-ай, қара басып, қайран Сақ құлағымнан айырылып қалғаным-ай. Анау-мынау пендеге айырбастамас есті ит еді» деп қайғырып, Сақ құлақтың өнгімесін жыр қылып, көпке дейін айтып жүрді. Бара-бара бұл ит туралы өнгіме елге де тарап, оның иесіне берілгендігі ел аузында аңыз болып кетті.

Арада екі ай өткенде Шыңжанда қалған Әлімжаннан Қазақстандағы Саудабайға хат келді. Хатында ол басқа жаңалықтармен бірге тамыздың 27-сі күні таңертең Сақ құлақтың Ақсуға қайтып келіп, есік тырналағаны жазылыпты. Ойпырмай, сонда Сақ құлақ Саудекең Көккайнарға қонаққа барған түннің таңертеңінде өзінің туған ауылына қайтып барғаны ғой. Шамасы түн ішінде машинаға мініп кеткен иесінен ол көз жазып қалған болды-ау. Мүмкін күйрығы қайқы ауыл иттерінен батып жақындай алмағандықтан иесінен қара үзіп қалды ма екен. Содан кейін қайда барарын, иесін қайдан іздерін білмеген Сақ құлақ өзіне таныс көш келген ізбен қайта шапқылап отырып, шекараны көктей өтіп, өзінің ұяластары қалған туған жеріне таңертең жеткен ғой.

Түрсынбай ШАЯНОВ.
Алматы қаласы.

Құттықтаймыз!



Райымбек ауданындағы Сарыжаз ауылының тұрғыны Қайыпберді Шамшиұлына

Бірімізгежолы бөлек қайын, біріміздің қадірлі әкеміз, Қайыпберді, сізді ақыл сұрар 60-қа келіп отырған мерейтойыңызбен бәріміз де шын жүректен құттықтай отырып:

Алпыстың сіз шықтыңыз асқарына,
Ауылдың жөн сілтеген жастарына.
Жайраңдап ортамызда жүре бергін,
Көңілдің бұлт қонбай аспанына.

Тілек білдірушілер: жеңгесі — **Мария**, балалары — **Бектұр, Бекмұханбет**, келіні — **Гүлбақыт**, қызы — **Бақытгүл** және **немерелері.**

Райымбек ауданындағы Сарыбастау ауылының тұрғыны Райхан Рысбекқызына



Асақадірлі Райхан Рысбекқызы! Сізді келе жатқан туған күніңізбен және ұзақ жыл мейірбике болып еңбек етіп құрметті демалысқа шығуыңызбен құттықтаймыз. Бәріміз де бүгін сізге:

Табылса деп сырқат жанның емі шын
Тер төгуден жалықпадың ел үшін.
Ұл-қызыңның қызығына бөленіп,
Еңбегіңнің көре бергін жемісін! — демекпіз.

Тілек білдірушілер: Бауырлары, балалары — **Марат, Мұрат, Бағдат, Нұрболат**, қыздары — **Жанна, Рита**, күйеубаласы — **Аман**, келіні — **Нұржанат**, жиен немересі — **Айбол.**

Алматы облыстық акционерлік Халық банкі басқармасының ұжымы Қазақстан Республикасының акционерлік Халық банкі қызметкерлері Ырысалды Шәріпқызы Шубаевға күйеуі және Данияр Болатұлына әкесі

Болат Батырханұлы ШУБАЕВТЫҢ

қайғылы қазаға ұшырауына байланысты қатты қайғырып, көңіл айтады.

Құрылтайшы: Алматы облысының әкімшілігі

Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы № 58 куәлігі берілген.

Телефондар: бас редактор — 33-87-87, бас редактордың орынбасары — 33-87-94, жауапты хатшы — 33-88-06, секретариат — 33-69-31, саясат және қоғамдық пікір — 33-88-08, хұқық және әлеуметтік мәселелер — 33-88-10, өнеркәсіп, құрылыс және транспорт — 33-88-49, ауыл шаруашылығы — 33-88-49, мектеп, мәдениет және әдебиет — 33-88-37, еңбекшілер хаттары және бұқаралық жұмыс — 33-88-19, хабар, жарнама — 33-88-53, экология — 33-88-00, коммерция — 33-88-85, суретші — 33-69-31, фототілші — 33-58-65: кешкі редакция — 33-36-61, корректорлар бюросы — 33-54-53. Газет табыс етілмесе, 62-59-01 телефонымен хабарласу керек.

Республикалық «Дәуір» газет-журнал баспасы. 480044. Алматы қаласы, Ленин даңғылы, 2/4.
Газет уақытша аптасына екі рет — сәрсенбі, жұма күндері шығады.

Авторлардың пікірлерін редакцияның түпкілікті көзқарасы деп түсінбеу керек.

Компьютермен терілді.
Көлемі — 2 баспа табақ.
Таралымы — 10000.
Индексі — 65469.
Тапсырыс - 9310.

Тарих беттерінен

АҚКӨЛ КӨТЕРІЛІСІ

«Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп, не қойғандығын білдірмейді. Келешекте басында қандай күн туатынына көзі жетпейді. Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады».

«Қазақ» газетінде 1913 жылы жарияланған осынау мақала жолдары бүгін де өз мәнін жоғалтқан жоқ. Бұл жолдар көкірегі ояу қазақ азаматын ойландыруы тиіс.

Біздің де қайта-қайта тарих беттерін парақтап, 1930-31 жылдардағы Балқаш ауданындағы оқиғаларға үңілудегі мақсатымыз халық жадында өткенді түсіру. Заманымыздың ойшыл ақыны Расул Гамзатов айтқандай, «егер сен өткенді пистолетпен атсаң, болашақ сені зеңбірекпен атады». Сондықтан да 1930-31 жылдары Балқаш ауданында елді дүр сілкіндірген Ақкөл көтерілісі туралы бүгінгі жас ұрпақ егжейтегжейлі білуі қажет. Өйткені көтеріліс хақында алып қашпа әңгіме көп те, оның нақтылы шығу себебін дәлелді фактілермен пайымдап, әңгімелеп бергендер жоқтың қасы. Міне, осыдан барып біреулер: «Ол байлардың іріткісінен туған» десе, екінші біреулер: «Жоқ, ол халық наразылығынан өріс алып, ашаршылыққа қарсы атылған оқ» дейді. Екі пікірде де шындық бар. Дегенмен де дауылды күндер ел арасындағы оқиғаны колхоздастыру науқанымен шиеленістіріп, екі таптың өкілдерін жіктеп, жіліктеп қана қоймай, бір атаның балаларын бір-бірлерімен ата жауға айналдырып, ықылым заманнан көшпенді немесе жартылай көшпенді халықты тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына, тұрмыстық қарым-қатынастарына қарамай зорлық-зомбылық пен қияметтің қыл көпірін орнатып, зауал төндіргенін ұмытуға болмайды.

Асыра сілтеушіліктің «шаш ал десе, бас алған» асығыс қимылы кесірін тигізбей қойған жоқ. Бұрын егін екпеген балқаштықтарға астық салығы салынды. Ел ішін аштық жайлай бастады. Колхоздастыруға ешқандай дайындықтан өтпеген, шала сауатты, ауызымен орақ орған шолақ белсенділердің араласуы; олардың қиянаты, зорлығы онсыз да «шықпа, жаным, шықпа» деп отырған балқаштықтардың наразылығын тудырды. Мұның соңы айтулы Ақкөл көтерілісіне ұласты.

1930 жылы сәуірдің 6-шы жұлдызында ақкөлдіктер қолдарына түскен әртүрлі нәрсемен қаруланып, аудан орталығы Ақкөл ауылдық кеңесінің үйіне шабуыл жасады. (Қазақстан Республикасының қазіргі заман тарихының архиві, 141нқор., 2914іс, 94н98 п.п.). Көтерілісшілер ауданның өзіндік ерекшеліктерін ескермей отырған аудан басшыларын ұстап алып, халық алдында жауапқа тартпақ болды.

Кіналәрі не?

Бұл туралы тарих ғылымының кандидаты Талас Омарбеков былай деп жазады:

«...1930жылы ауданға 10-мың пұт астық даярлау жоспары берілді. Ал мұның өзі тұрғындарының ашуызасын ғана емес, түсінбеушілігін де туғызады. Өйткені аудан тек қана мал шаруашылығымен айналысатын. Сондықтан мұнда астық дайындау дегеніміз мүмкін емес. Егер ет дайындау жоспарын ұсынса, аудан тұрғындары оған ренжігенімен өздері мал өсіретін болғандықтан ет төлеуге тиіс екен ліктерін түсіне алатын еді. Бірақ шолақ белсенділер мен ОГПУ-дің күштеріне сүйенген аудан басшылары астық жоспарын орындауға, тіптен асыра орындауға қол жеткізді: жоспарланған 10 мың пұттың орнына 12 мың пұт астық даярланса, ал 15 мың пұт тұқымдық қор жинаудың орнына 17 мың пұт жинап алды. Адамдар астық тапсырудың жоспары орындалмаған жағдайда кулак санатына жатқызылып, Совет өкіметіне жау, жат элемент ретінде мал-мүлкі тәркіленіп, өздері жер аударылатын немесе ОГПУ түрмелеріне қамалатын болды».

Түйыққа тірелген осындай қатаң тәртіп қыспағынан шығатын жол іздеген байғұс қазақ шаруалары күшпен коллективтендіруге лағнет, қарғыс айтып көрші аудандардағы ауылдарды аралап, жетектеріндегі түйелері мен жылқысын астыққа айырбастауға ұшін аса ауыр шарттарға, арзан саудаға көнуге мәжбүр болды. Мысалы, былай тәтті сары қымыз беріп отырған дөнен биелердіекі, ал атан түйелерді үш, ауызды-ғымен алысқан арғымақты төрт-ақ пұт астыққа айырбастады.

Осындай қысым көрсетудің салдарынан астық тапсыру жоспары мал шаруашылығына да ойсырата соққы берді. 1930 жылдың сәуір айының соңына қарай мал саны шұғыл 35 процентке кеміп кетті. Оның үстіне әр үйге бөлініп салынған теріден бастап, әртүрлі ескі-құсқыға дейінгі салықтар ауыл адамдарын естен тандырып, әбден есеңгіретті.

Ауылдағы партия ұйымдары да формальді және немкетті жұмыс істеді. Оның мүшелдерінің саны небәрі 50-ақ адам болатын. Коммунистер қара халықтың қорғаушыларына айналудың орнына, саяси білімдері мен сауаттылық деңгейлері өте төмен болғандықтан, мағнасымен мазмұны лениндік принциптерге түбірінен қарсы келетін «байды батпаққа, орташаны орға, кедейді кеңірдеккел» деген өте зиянды, бірақ сол кездегі Голощекиннің күшпен колективтендіру идеясының шындығын ашып көрсететін, сойылын соғатын ұран ұсынды.

Көтерілісшілер аудан орталығына лап қойған кезде аудан басшылары жан-жаққа қашып кетіп, бас сауғалай бастайды. Аудан орталығына басып кірген көтерілісшілер жергілікті өкіметке деген өздерінің наразылығын ауыл шаруашылығы машиналарын жаппай талқандау арқылы да білдірді.

Аудандық мекемелердің, кооператив ұйымдарының, дүкендердің астан-кестеңі шығарылып, қиратылды. Әртүрлі заттарды көтерілісшілер табан астында өздері бөлісіп алды. Көтерілісшілер «ауданды басқаруды өз қолдарымызға алдық» деп ойлады да, өз орталарынан «уақытша өкіметін» құрды. Бірақ жеделдете жеткенОГПУ-дің қосымша күштері оның мүшелерін кешікпей-ақ тұтқынға түсіріп, көтерілістің аудан территориясына кеңінен тарауына мүмкіндік бермей діңкелетті. Елтай Ерназаров бастаған жақсы қаруланған эскадронның келіп жетуі көтерілісшілердің жігерін құм етіп, еріксіз бағынуына мәжбүр етті. Аутпартком хатшысы Төке Әбдірахманов пен ауатком төрағасы Әміртай Бейсенов орындарынан босатылды, аудандық партия комитетінің хатшысына Т.Тұяқбаев, ауатком төрағасына К.Мерекеев тағайындалды.

Сол жылдың 21 сәуірінде Е.Ерназаров Голощекинге көтеріліс туралы былай деп хат жолдайды:

«... Саяси шаруашылықтың шаралары жандарына батқан байлар, атқа мінерлер және ақсақалдар бұрынғы билеушілер билігін қалпына келтіретін кез келді деген сияқты арандатулар таратылды. Үрейленген, арандатылған бұқара ру басшылардың және байлардың бастауымен 6-шы сәуірде аудан орталығына кірді. Ал ауданда ешкім қалмаған, бәрі безіп, қашып кеткен. Арандатушылар тобы иесіз қалған аудан орталығын талқандады және барлық ауыл шаруашылығы машиналарын қиратты, тұқымдық қоры және кооператив ұйымдарының тауарларын талап әкетісті.

Балқаштағы оқиға қысқаша осы.

Коммунистік сәлеммен Ерназаров.

Ақкөл.

Ал көтерілісшілер болса: «Бізді Ерназаров қорғайды» деп қалып, қаруларын тастаған еді. Сол құдайдай сенген бейшара ОГПУ отрядының бастығынан аса алмайды. Осының салдарынан көтерілісшілер қойдай қырылады.

Ақкөл көтерілісінің куәгері, ақкөлдік қария Оразбек Кенебаев былай деп әңгімелейді:

н Оразбек банды атанғаным 1930 жылдың көтерілісімен тұспа-тұс, әйтеуір көлеңкемдей қосақталып қалмай келеді. Ақкөл көтерілісінің төркіні қазір ойлап, сараласам, Алматыда болған Желтоқсан оқиғасымен өте ұқсас екен. Желтоқсанда жастар әкімшіл-әміршіл жүйенің өкемтемдігіне қарсы наразылық білдірсе, біз жаппай колхозға кіргізуге деген қарсылық уәжімізді айтуға талаптандық. Өкінішке орай, бізді тыңдаған ешкім болған жоқ.

...Түн ортасында әлдененің сыбдырынан оянып кеттім. Қарасам Қасымбек ағам алдымда тұр. Мәре-сәре қауышып, құшақтасып та қалдық. Оны 1929 жылы Көшербай Қармысұлы бастаған толқудан кейін ұсталып кеткеннен көріп тұрғаным осы.

— Бауырым, сен менен ештеңе сұрама. Оны айтып жатуға уақыт тығыз. Түрмеден қашып шықтым. «Адамның басы алланың добы» дегендей, ұшарымды жел, қонарымды сай біледі. Біреуін-мірей көріп қалса, сендерге зиянын тиер. Егер мені іздесең Көкешкі қыстауын табарсың.

Қайтарма сөз де айтып үлгермедім, ағайым қалай пайда болса, солай ғайып болды.

Күн артынан жылжып күндер өтіп жатты. Бір күні Қасымбекке азық—түлік апарып, жағдайын—біліп келейін деген оймен ел жата Көкешкі қыстауын бетке алып, атқа қондым. Межелі жерге сол кездегі көзі ашық ауыл азаматы Байжұманмен әлденеге келісе алмай, қызыл кеңірдек болып отыр екен.

— Қасымбек, сабаңа түс. Елді босқа қырып аласың. Көтеріліске шығамыз дейсің, бақайшағына дейін қаруланған әскерге төтеп беру қиын. Мені тыңдасаң райыңнан қайт!

— Сенің Совет өкіметі дегенде таңдайың таңдайыңа жұқпайды. Колхоз құраймыз деп маңдайымызға біткен бар малды сыпырып жатқаны анау. Ертең елдің аштыққа ұшырамасына кім кепіл? Бере алмайсың. Ендеше ұзын сөздің қысқасы, әрқайсымыз өз жолымызды табайық. Тоқтасқан жеріміз осы болсын!

Ағайым сөз бітті дегендей орнынан түрегелді.

— Сен Көшербай айтты деп отырсың. Онікі де құр дүрмекке ілесу.

— Ол айтса шынын айтады. Болмаса Талдықорғандағы, Содақтағы ағайындар да ат ауыздығымен алысар ма еді?..

Байжұманның: «Қайран аңғал батырым-ай, басыңды аңғалдықпен оққа байлап отырсың—ау?» деп күрсіне бас шайқағаны әлі көз алдымда. Көп ұзамай көтеріліс басталды. Бірақ ОГПУ—дің мұздай қаруланған әскеріне қарсы төтеп бере алмадық. 30 жігіт түрмеге қамалып, айдалып кете бардық. Бізден кейін де 60 жігітті түрмеге жөнелтіпті. 10 жыл түрмеде отырдым. Туған жерге 4—5—ақ азамат оралдық. Қалғанына қай жердің топырағы бұйырды, оны бір құдайдың өзі ғана біледі...

Екі—үш күннен кейін біз Республика күнін мерекелегелі отырмыз. Исатай—Махамбет, 16-жылғы және Ақкөл көтерілістері, Желтоқсан оқиғалары болмаса біз бостандыққа жете алмаған болар едік.

Зарыққан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ,

Балқаш ауданы.


«Анкара» конақүйі бой көтеріп келеді

тілді білу керек. Мұнда қызмет

Фонд N20

ӨМІРІ ТҰНҒАН ӨНЕГЕ

(Майдангер, білгір омарташы Әбдіқай Назтаев жайлы бір үзік сыр)



Жетпістің жонынан сексеннің сеңгіріне қарай аяқ басса да көрілікке мойынсұна қоймаған осы бір қария жайлы жазарда көп толғандық. Басқа басқа, жазудың қыр-сырына қанық өз әріптесің жайлы жазу қандай қиын. Қолыңнан шыққандықтан жаныңа жақын дүниенді өз көңіліңнің биігімен өлшеп, өттеген-ай, мына жерін былайша жіберсе болатын еді, мына жерінде сәл жансақтық жіберіп алыпты-ау деп отыра ма деген қысылыс та болмай қалған жоқ. Иә, қан майданда дүшпан тегеурініне қасқайып қарсы тұрып, бірнеше рет қанын төккен, үлгілі ұстаздық етіп, жауапты қызметтер атқарған, журналистік өмірдің жауапкершілігін де жан-тәнімен сезінген Әбекеңнің өмірінде суреттеуге тұрарлық кезеңдер көп-ақ.

Әбдікай қария осы Балқаш өңірінің жергілікті тұрғыны. 1924 жылы Іле бойындағы 14-ші ауылда, кейін Куйбышев деп аталған колхозда дүниеге келіпті. 1959 жылғы іріландіру кезінде аталған колхоз Бақбақтыға қосылғанымен кейіннен ол жер басқа аудандардың аумағына қосылып кеткен.

1942 жылғы қыркүйек айында Бақанас мектебін бітірушілердің бір тобы майданға аттанды. Солардың қатарында 18-ге енді ғана толған өрімдей жас Әбдікай да бар болатын. Ес біліп, етек жапқан кезден бері көңілді билей бастаған арман, мақсаттың бәрі кейін ысырылып, әзірше тек біреуі ғана — каскөй дүшпанға қан құстыру мақсаты ғана алға шыққан. Осы мақсатты іске асыру жолында жас жауынгер барын салды, қандай қауіп-қатер тұсында да аянған жоқ. Әлденеше рет жауынгерлік тапсырмаларды орындап, алғыстар алды, үш рет жараланып, ауылына абыроймен оралды.

— Алғашқы жараланғаным 1944 жылы, — деп еске алады майдангер. — Ол кезде қорғаныста тұрғанбыз. Он шақты жауынгер жаудан тіл әкелуге аттандық. Бастаушыларымыз бұрын да барлауға барып жүрген әккі жігіттер. Дегенмен қимылымыз ашылып қалып, оқ жауып кетті. Сол оқтың біреуі қолыма, біреуі күректі тесіп өтіп, жамбасыма тиді.

Сол 1944 жылдың қазанында Әбекең тағы бір рет жараланды. Снаряд жарықшағы жақын жерден тиіпті. Операция жасаған дәрігер қуыққа зақым келе ме деп жарықшаққа тимегендігін айтты. «Бұрын білінбеуші еді, былтырдан бері сезіліп жүр, ет қашқандікі шығар», — дейді ардагер ойлана түсіп.

Жас ағза жараны тез жеңеді ғой, азғана уақыттың ішінде қатарға қайта тұрған жауынгер Будапешті азат етерде үшінші, бұл жолы соңғы рет жараланды. Оқ басынан сипай тиіпті, контузиясы тағы бар. Осылайша алғашқы ұрыска Кривой Рог қаласының түбінде кіріп, Днестр, Буг өзендерінен жанкештілікпен өтуге қатысқан. Ұлы Жеңісті сол кездегі Чехословакиянын Братислава қаласында қарсы алған жеңімпаздың жауынгерлік жолдары аяқталды. Өз кезегінде Әбекеңнің жарқын еңбек жолдары басталған.

Соғыс біткеннен кейін бір кезде көкейде кеткен көп арманды іске асыру мүмкіндігі туды. Әбекең әртүрлі қызметтер істеп жүріп, Абай атындағы Қазақ мемлекеттік мұғалімдер институтын, жоғары партия мектебін бітірді. Одан кейін мұғалім, мектеп директоры, партком хатшысы қызметтерін атқарды. Бірнеше жыл мемлекеттік ондатра шаруашылығында бастық болып та істеді. «Шіркін, сол кездегі байлық-ай! Ондатра дегеніңіз миллиондап ауланатын еді ғой» дейді Әбекең таңдайын қағып. Көз алдымызда жүдеп бара жатқан табиғатты көре тұрып бұл сөзге не уәж айта аламыз, «солай болыпты ғой» деп біз де бас шұлғимыз.

Жоғары партия мектебін бітіріп келген соң Әбдікай Назтаевқа аудандық «Балқаш еңбеккері» газетіне редакторлық ету тапсырылды. Әрине, бұл үшін жалғыз партия мектебін бітіріп келу аздық ететін. Аудандық партия комитетінің мұндай шешімге келуіне Әбекеңнің тек қана аудандық емес, облыстық, республикадық газеттер беттерінен байыпты мақалаларымен жиі көрініп жүруі де әсер еткен сияқты. Сол күндердің белгісіндей «Жетісу» (ол кезде «Коммунизм туы») газетінен келген мына бір хат жолдарына көз жүгіртейікші:

«Құрметті тілшіміз А. Назтаев жолдасқа!

Сіз біздің газеттің тұрақты тілшісінің бірісіз. Жазғандарыңызға ұдайы назар аударып, өсу, төселу жолдарыңызды бақылап отырамыз. Арнаулы рейдтерге қатысуыңызды сұрап тапсырма берген кездеріміз де болды».

1962 жылдың 15 қыркүйегінде жазылған бұл хат жолдарының соңында әдеттегідей ауыл өмірінен мақалалар жазып, хабарласып тұру өтініледі. Газет тілшісі мен белсенді автор арасындағы мұндай қатынас бұдан кейін де көп жылдар бойы бәсеңдемеді. Осы жылдары Әбекең республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің жергілікті тілшілерінің семинарына да қатысты.

Қызығынан гөрі қиындығы, жүйкені жұқартар жұмысы көп журналистік өмір де зырқырап өте шыққан. Кейін қандай қызметтер атқарса да, үлкен өмір мектебіне айналған бұл жылдардың сабағы боска кетпегендігін, қаншама рет пайдаға аскандығын ардагер мақтанышпен айтады. Кейіннен аудандық Кеңестің депутаты, аудандық партия комитетінің бюро мүшесі болып жүргенде де оқиғаларға журналистік тұрғыдан баға беру, қорыту тәжірибесі пайдаға аспай қалған жоқ.

Осындай үлкен өмір жолынан жүріп өткен Әбдікай Назтаев 1984 жылы күрметті еңбек демалысына шығыпты. Бірақ жаратылысынан іскер, тындырымды жан қарттық дәуренге келіп жеткен екенмін деп қарап отыра алмаған. Осы кезден бастап бұл кісінің омарташылық жолы басталыпты.

— Ара ұстаған пайдалы ғой, ол үшін көп қаржының да керегі жоқ. Мәселен менің өзім алғаш рет ара сатып алғанда 1986 жылы 640 сом жұмсадым, содан бері бір тиыным шыққан емес. Біздің қазақтардың осынау пайдалы іспен неліктен айналыспайтындығын түсінбеймін, — дейді Әбекең.

Әркімге өзінің айналысып жүрген ісі жақын емес пе? Сол сияқты Әбекең де бал арасы, оны ұстаудың ерекшелігі мен пайдалылығы жайлы ерінбей өңгімелеуге бар.

Ауа райы аса қолайлы болған бір жылы омарташы балшелегінен бір тоннаға жуық өнім алып, дайындау орындарына өткізіпті. Ал өткен жылы 10 ұядан 350 киле бал дайындалған, ниет болса мұндай ұялардың санын өнімділікке әсерін тигізбей-ақ көбейтуге болатын көрінеді. Шын көбейтемін деген адам мамыр, маусым айында негізгі ұядағы бал арасын бір бөліп алса, тамыз айында тағы бір бөліп алуға жарап қалады екен. Ұстаймын деген адамға омарташы көмектесуге әзір. «Біздің қазақ сатып алуды білмейді ғой. Кейбіреулер «баламыз ауырып қалып еді» деп бал сұрап келеді. Тұқымдық ара сұрап жатқан ешкім жоқ» дейді Әбекең.

Өмір көрген адамның сөзі еріксіз ой салмай қоймайды. Расында да көптеген пайдалы нәрселерді көріп тұрып кежегеміздің кейін тарта беретіні несі? «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» деп ұлы Абай айтқандай, шындап ден қойса үйренбейтін несі бар? Басқа мал сияқты жемшөп, су сұрамайтын бал арасының емдік қасиетінің өзі неге тұрады? Преполис араның сүті сияқты бал арасынан алынатын емдік заттарды дәріханалар қуана-қуана қабылдамай ма?

Омарташының айтуынша ауылдық жердегі әр үйдің бал арасын ұстауына болады. Өйткені жер жетеді, ерте көктемнен қоңыр күзге дейін гүлдейтін неше түрлі өсімдік түрлері де мол. Бау-бақшалардағы жеміс ағаштарынан басқа жиде, шеңгел сияқты шөптер гүлдеген кезде әр ұя 2-3 килеге дейін бал береді. Бір сөзбен айтқанда, қазан айына дейін бал жинауға болады. Алматыдан 300-400 шақырым жерден «ат арытып» жететін ағайындардың қоңыр күзге дейін омарта ұстайтындығын көріп жүріп, заман қанша қинаса да қолда бар байлығымызды қадірлеуді үйрене алмай келеміз-ау деген таптаурын ой көңілге оралмай қоймайды.

Балшелекті ұстау үшін қант керек деген-ді құлағымыздың шалғаны бар-ды. Әбекеңнен соның мәнісін сұрасаңыз. «Балды көбірек алсам дегендер ғана қант береді... Мен қант бермеймін. Ал қысқа қарай әр ұяға азғана бал қалдырамын. Соны жеп шығады» дейді омарташы ол күдігімізді де сейілтіп.

Зібира апайдың құйған қызыл шәйін іше отырып балдың дәмін татып көреміз. Әрине, балдай деген тенеу бұл жерге келе қоймайды. Әйтеуір өзіміз дүкеннен, базардан алып жүрген балдан өзгеше, жиденің, шеңгелдің, тағы басқа түрлі шөптердің, қысқасын айтқанда жазғы шалғынның иісі мұрынға келетіндей...

Қоштасар сәт таяғанда отбасылық альбом қолымызға тиген. Бұл күнде шартарапта сан түрлі қызметтер атқарып жүрген осы шаңырақтан тараған үлдар мен қыздар, немерелер. Зібира апайдың «Ардагер Ана» екендігін де осы кезде білдік. Әбекең екеуі тәрбиелеп өсірген балалардың көпшілігі-ақ жоғары оқу орындарын бітіріпті, қазір әртүрлі жауапты қызметтер атқарып жүрген көрінеді.

«...Сіздің әкелік ұлағатыңыздан бастау алған біздер, осы бір Адам деген жоғары есімді өмір бойы биік ұстап, жүрек жалынымызды сөндірмейміз деп сендіреміз» депті әкесін мерейтойымен құттықтаған балалары.

Бұл сөздерге не алып, қосуға болады? Әкелік, адамгершілік парызды бұдан артық қалай өтерсің?

Н. ӘБДІРАХЫМ,
«Жетісудың» меншікті тілшісі.
Бақанас ауданы.

• Интернатта оқып жүр

МЕРЕЙЛІ МЕКТЕП

Алматы қаласындағы № 2 қазақ тілі мен әдебиетін терендетіп оқытатын республикалық мектеп-интернатқа келгенімде спорт пәндерінің онкүндігі яғни шахмат, дойбы, баскетбол, көнілді мәре ойындарынан жарыстар өтіп жатыр екен. Бұл оқу ордасының өзіндік ерекшелігі — әрбір пәннің жекежеке онкүндігін өткізіп, оның қорытындысында сол саланың белгілі адамдарын шақырып, оқушылармен кездесулер ұйымдастырады. Оларды балалармен таныстырып, еңбектерін үлгі етеді.

Бұл мектеп белгілі партизан жазушы Әди Шәріповтың тікелей басшылығымен 1957 жылы малшылардың балаларына білім беретін оқу орны ретінде ірге көтерген. Кейіннен, 1988 жылы қазақ тілі мен әдебиетін терендетіп оқытатын республикалық мектеп-интернат боп құрылды. Содан бастап Қазақстанның түкпір-түкпірінен астаналық мектептен білім алу үшін алғашқы қарлығаштар легі келе бастады. Мұнда оқу үшін олар белгіленген сынақтардан өтуі тиіс. Бастапқы кезде мектеп-интернаттың жанынан арнайы лагерьлер ашып, сынақтарды осында қабылдайтын. Келе-келе заман қиыншылығына орай екі-үштен бірігіп жан-жақтағы облыстарға оқушыларды қабылдау үшін мұғалімдердің өздері жолсапарға шықты. Бұл тәсілдің де қолайсыздығын түсінген мектеп-интернаттың директоры Мақсұт Оразай биылдан бастап облыс басшыларына хат жазуды ойластырды. Әрбір мектеп қабілетті үздік оқушыларды өздері жіберуі керек. Егер осындай оқушылардың бізге келіп оқуына отбасында мәселесінде қиындық туса, ондай жағдайда облыс басшылары талапты балаға қолұшын беріп, көмек көрсетіп жатса нұр үстіне нұр болар еді, — дейді № 2 мектеп-интернаттың директоры Мақсұт Оразай. Мұнда негізінен оқушыларды 8-сыныптан бастап қабылдайды,

Қазақ тілі мен әдебиетін терендетіп оқытатын республикалық мектеп-интернатта оқыту процесі — оқушылардың әрқайсысының жеке дара бейімділігі, әсіресе қазақ тілі мен әдебиетіне және құқық пәндеріне деген қызығушылығын ояту мақсатында жүреді. Мұнда басқа мектептерде өткізілмейтін пәндер оқытылады. Атап айтсақ, 10-11 сыныптарға арналған «Қазақ баспасөзі» сабағы өтеді. Оның тарихы мен мазмұны терендете айтылады. Сонымен бірге «Түркология негіздері», «Шет ел әдебиеті» және шет ел тілдері (ағылшын, француз, түрік) терендетіліп оқытылады. Тағы бір айта кететін нәрсе — мұнда «Шешендік өнер» пәнінің бағдарламасы жасалған. «Шет ел әдебиеті» пәнінің негізгі мақсаты грек, үнді, жапон әдебиеттеріне шолу жасау, Ұлыбритания, Испания, АҚШ жазушыларының негізгі шығармаларымен таныстыру және олардың ойлау қабілетін кеңейту. Сонымен қатар «қазақ әні», «араб әліпбиі», «журналистика негізі», «дипломатия», «маркетинг негіздері» деген қосымша сабақтар жүргізіледі.

Жуық манда қазақ тілі мен әдебиетін терендете оқытатын республикалық мектеп-интернат оқушыларының Абай атамыздың 150 жылдық мерейтойына арнап жазған шығармаларының жиынтығы «Біздің Абай» деген атпен кітап болып шыққалы жатыр. Бұл да болса талантты балалардың білімге деген құштарлығын арттыруға септігін тигізері сөзсіз. Бұл жерде болашағынан зор үміт күттірер Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген сары ауыз балапандардың қанатын қатайтып, әркайсысын өз бейімділігіне орай тәрбиелеп, өз орындарын табуына күн-түн демей күш салып жүрген осы мектеп-интернат директоры Мақсұт Оразайдың және басқа да тәрбиешілер мен мұғалімдердің еңбектері зор.

Оқу үлгерімі бойынша оқушыларды сыныпқа бөліп оқыту эксперименті жүзеге асқанына екі жыл болды. Тест жүйесі бұл жерде 1993 жылдан бастап енгізілген және өз нәтижесін беруде. Жоғары оқу орындарына *барғанда № 2 мектеп-интернат* оқушыларының тестпен жұмыс істеуді білетіндері қиналмай өтеді. Оқушылардың өз қолымен жасаған көркемсурет галлереясы да біраз нәрсені аңғартқандай. Дүниежүзілік озық тәжірибелерді қолдану мақсатында жұмыс істеп жатқан бірден-бір жаңашыл мектеп-интернат осы десек қателеспейміз.

Түймегүл ИВАШОВА.
Алматы қаласы.

• Тәлім

Баланың

Бұған дейін де талай рет айтылса да қазақ топырағында дүниеге келген «Адамды адам еткен — еңбек», «Еңбек — байлық атаулының бастауы», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген сияқты толып жатқан мақал-мәтелдердің әлеуметтік астарында үлкен тәрбиелік мақсат-нысана жатыр емес пе...

Мектеп оқушыларын қоғамымыздың саналы азаматы етіп даярлауда еңбектің қаншалықты роль атқаратыны баршамызға мәлім. Сайып келгенде мұғалімдер алдында басты міндет — білім беру ғана емес, сонымен бірге еңбекке баулу болып саналады. Әрине, бұл мәселе бір күндік немесе бір жылдық науқандық жұмыс емес. Ол — ұзақ процесс. Бұл орайда поляк педагогы Ян Корчак: «...еңбек ету тек мәңгілікке көз жұмғанда ғана қалады», — деген емес пе?! Педагогтар арасында әлі де болса еңбек тәрбиесі мен білім беруді бөле-жарып қарау баршылық. Рас, әр ұстаздың тәлім-тәжірибесі, білімі бірдей емес. Сондықтан еңбек тәрбиесіне келгенде ала-құлалықтың болуы заңды құбылыс.

Осыдан он жылдан астам уақыт бұрын Алматыда өткен педагогтар мәслихатында белгілі ұстаз, Еңбек Ері Рафиха Нұртазина: «Өнімді мол алу тұқым сапасына тікелей байланысты. Неғұрлым сепкен дәніңіз сапалы болса, жиналар өніміңіз де бағалы болмақ», — деген еді. Әрине, ардагер ұстаз бұл жерде тәрбие мәселесін мегзеп отыр. Демек, ұстаздың өмірден жиған-тергені, оқып үйренгені көп болса, оқушыларды тәрбиелеудегі еңбегі жемісті болары айқын.

Еңбек тәрбиесі — үздіксіз жалғасып, ұдайы жаңғырып отыратын жанды организм іспеттес. Халқымыз «Баланы — жастан...» деп тектен-тек айтпаған ғой. Талай рет айтылса да, баланы екі-үш жастан еңбекке баулу өз нәтижесін беріп те жүр. Педагог-ғалымдардың балғындардың информацияны нысана етіп ұстануы тектен-тек емес. Балаусалардың талдамалық тұжырым жинайтын, миына қабылдайтын ең жауапты кезеңі — екі мен үш жастың аралығы деген тұжырымды жасауы, яғни өмірлік жағдайларға, процестерге баға беруі, міне, осы кезде басталады. «Баланың миын қатырып, не болса соны тықпалай беру жақсылық емес, ертең өсе келе бәріне үйрене жатады», — деу өте үлкен қателік. Рас, бала алдымен ақпаратты отбасында алады. Оның интеллектісінің қалыптасуы мектепке барғанға дейін-ақ дамудың жоғары сатысын бастан кешіреді. Біз енді осыған мысал келтірелік.

Міне, сіз ыдыс жуып жатырсыз, не қамыр илеу үстіндесіз. Дәл осы кезде үшке толып үлгірмеген бөбегіңіз: «Мен де жуамын» немесе «мен де қамыр илеймін« деп қапталдасып, сізге жармасады. Тәрбиелі ана ешуақытта баласының қолын қақпайды. Ал егер: «Сенің қолыңнан келмейді» немесе «ыдысты сындырып аласың» — деп жаныңызға

1916 - 1996

Ұлт-азаттық көтерілісіне — 80 жыл



Қанды Қыргын

Жетісу жеріндегі ең үлкен бұлқыныс Қаркара жәрменкесіндегі 1916 жылғы [illegible]енке, Ұзақ, Әубәкір, тағы басқа да [illegible]каһармандары бастаған көтеріліс [illegible]. Бұл көтеріліс патша үкіметінің отарлық, озбырлық саясатына қарсы халықтың ашу-ызасының әбден шарықтау шегіне жетуінен туған еді.

Қаркара көтерілісінің он жылдығына байланысты 1926 жылы жазған бір мақаласында белгілі қайраткер-ғалым, кейін зобалаң құрбаны болған Әлихан Бөкейханов: «Соғысқа дейін орыстың егіншісі қазақ, қырғыздың жерінен таңдап 25 миллион десятина жер алған. 1913-інші жылы жалғыз Жетісудан егінші орыс 4 миллион десятина жер алған. «Жерім кетті» деп қазақ арыз қылса, дала уалаятының жандаралы Шмид: «Сендердей иттерді өзімізге қуам!» деген Ұлт Кеңесіне мүше, ақсүйек, екінші Марков деген: «Қазақ-қырғыз Шыңғысхан мен Аксақ Темірдің елі, бұларға Американдағы қызыл терілілерге қылғанды қылса да обал жоқ» деп соққан. Американдықтар олардың өздерін аңша қырып, жерін тартып алған. Патшаның баскесер жендеті Марков қазақ-қырғызға осыны қылмақ болған.

Он алтыншы жылдың зобалаңында көршілес қырғыз елі де патшаға қара жұмысқа жігіт бермейміз деп жаппай көтерілген еді. Оны басу үшін Ташкеннен, Самарқаннан, майданнан зеңбіректі әскер бөлімдері, баскесер атты казақтар ағылып келді. Жергілікті келімсек орыстарды да қаруландырады. Күр қол қырғыздар қарулы әскермен қарсыласа алмайды. Алай ауады. Амалсыз Қытайға қашады. Қырғыз ағайындар бас сауғалап қашқанда, патша жендеттері оларды баудай түсіреді. Әсіресе, Ыстықкөлдің қабағында патша баскесерлері мыңдаған қырғызды бауыздап, малын айдап кетіп, қорасын өртеп жібереді.

Патша үкіметі Қаракол, Пішкек уезінің өзінде қырғыздың 53 мың үйін шапқыншылыққа ұшыраткан. Бұл қырғыздың үштен бір бөлігі еді деп жазады. «Өгізге туған күн бұзауға да туады» демекші, қырғыз ағайынның басына туған күн казакка да туды. Қилы заманның қыспағында калған қанды 1916 жылы қазақтар мен қырғыздардың ежелгі руларының алдында тағы да не өмір сүру, не өлу, не туған жер топырағында қалу, не жат жерге жылысып қоныс аударып, жан сауғалау ғана калған еді.

Қаркара жәрменкесіндегі ереуілдің лапылдай тұтануына көрші қырғыз елінің де [illegible] ақиқат. Ежелден тете өскен халықтың патшаның отаршыл әкімшіліктен көрген езгісі де ортақ еді. Патшаның жарлығына олар да катты наразылық білдірді.

«Қытай жеріне ауған ел 1917 жылғы ақпан айында туған жеріне қайта оралған. Бірақта мал-мүлкінен таза айрылды. Ауған елдің жүзінен сексені өлген де, жиырмасы ғана аман оралған» деп жазады Бөкейханов өз мақаласында.

Ғұлама жазушы Мұхтар Әуезовтың он алтыншы жылғы Қаркара көтерілісі туралы жазған «Қилы заман» повесін сол кездегі Албан елі мен қырғыз жеріндегі қанды қырғындарды көз алдына каз-калпында көлденең тартады.

1916 жылы тамыз айының басында Ақсу — Пішкек арасында 530 адам саптың алдынан өткізіліп, таспен, таяқпен ұрып өлтірілді. Осы жылдың 12 тамызы күні Қаракол түрмесінде жатқан тұтқындарға қарулы әскер кенеттен басып кіріп, оқ жаудырды. 138 адам каза тапты. Меркенің маңында тығылып жатқан 112 адамды қоршап алып, баудай түсірді. Оның 42-сі қыз, 56-ы ұл бала болған.

Деректерде көрсетілгендей: Түркістан өлкелік генерал губернаторы Куропаткин 347 адамды дарға асуға қол қойған. 3000 адам ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқаны үшін ауыр жазаланып, түрмеде зардап шекті, атылды. Бұлардың арасында Қаркарадан айдаумен келген халықтың қаһармандары Жәменке, Ұзақ, Қазыбек, Кәрібоз, Түрлыкожа тағы басқа да батыр ұлдары бар еді.

Қылышынан қан тамған жазалаушы казақтардың пулемет пен мылтығының оғынан бас сауғалап тау-тасты паналаған қазақ, қырғыздардың қосындарын, көштерін әдейі аңдып түрып қастандықпен, катыгездікпен жазалаған. Әбден үрейі ұшып, бет-бетімен үркken ел, кемпір-шал, қатын-бала шыбын жанынан түңіліп жан сауғалаған. Жолдың шетінде, ошақ басында сәбилер бесігінде таңулы, жөргегінде ораулы күйінде калған. Бұта-бұтаның арасына тығылған әйел, бала-шағаларды Фон-Берг сиякты жендеттер аңша қырып, шауып өлтірген. Алатау мен Тянь-Шанның көркем беткейі мен тау-тасы қазақтардың сан ғасырлар бойы мекен еткен қасиетті мекені өлім алаңына айналған.

Подполковник Базилевский Түрген, Асы арқылы, подполковник Гейциг Самарқаннан шығып, Пішкек, Ыстықкөл арқылы, Құлжа қазақ жүздігі Жаркенттен Нарынқол, Қаркара арқылы Кравченконың отрядына қосылып, түс-түстан «ау қурып», Алатауды сүзіп шығып, Қаракөлда түйісті. Бұл көтерілісті басу емес, жергілікті халықты жаппай тұқым-тұяғын қалдырмай қырып-жойып, олар жайлаған жерді тартып алу еді.

Жазушы Түрсын Жұртбаевтың «Бейуақ» атты зерттеу кітабында сотник Волков деген[illegible]ң Жетісу облыстық әскерлерінің қолбасшысына берген мәліметі келтірілген. «22 август күнгі № 9 рапортында көрсетілгендей, 23 август күні таңғы сағат 7-де Кеңсу өзені мен Мерке жазығындағы қазақтардың көшін іздеуге аттандым. Алайда, Кеңсу — Мерке өңіріндегі қазақтар жүздеген (500—600-ден астам) киіз үйлерін, малын, дүние-мүлкін тастап, шығысқа көшіп кетіпті... Қазақтар шығысқа қарай босып жатыр. Кеңсу — Меркедегі иесіз қалған киіз үйлер өртенді. Малдары Жаланаш стансасына айдалып әкелінді» делінген. (244-бет).

Немесе: «Олар атыса отырып киіз үйлерін, дүние-мүлкін, малдарын тастап Түп өзенінің жоғарғы сағасына өрледі. Олар сапқа түрып асығыс шабуылға шығуға әрекеттеніп еді, біздің оғымыздың астында қалды. Қазақтар кейде белсене кіріскенмен де ешқандай нәтиже шықпай, кешкі бес жарымда шабуылды тоқтатты. Түп өзенінің он шақырым мөлшеріндегі аңғары қазақтардан тазарды. Олардың дүние-мүлкі, киіз үйлері (200—300-дей) өртелді. Ал малдарын Қаракол қаласына айдап келіп, Теплоключинск селосында қазынаға табыс еттік. Қазақтардың 70—80-і каза тапты, не жараланды. 13 адам тұтқындалып, Қаракол түрмесіне табыс етілді. Тартып алынған малдардың саны мынандай: 172 жылқы, 1645 сиыр, 10221 қой, жиыны 12038 бас». (245 бет).

Албан елінің басынан өткен «Қилы заманның» бас кейіпкері баскесер Фон-Бергтің бір мәліметінде: «28 август күні екі отрядпен шабуылға шықтық. 18 шақырымдай жүріп көштің (Қытайға ауып бара жатқан көшті айтады) басына жеткенше 40-қа жуық қазақ, қырғызды өлтірдім. Мені көріп қазақ, қырғыздар шыңғырып жіберді, қатты үрейленді. Алдында 300 метрдей жерде үй түрды... Отрядымды сонда апарып, адамдарымды 100 қаламдай ілгері шығарып, жатып атысуға бұйырдым. 7 мыңға тарта төрт болыстың адамы мені қыспаққа алды... Команданы үйдің қалқасына жидым да, атқа мінгізіп, қатар түргызып, қылыштарын қынабынан суырттым да, «ура» деп айқайлап, қазақ, қырғыздарға қарсы шаба жөнелдім. Шұғыл шабуылды күтпегендіктен де, антарылып қалды, қалың топтың арасын қақ тіліп отырдым... Қазақ, қырғыздарды оңды-солды аяусыз қылыштадық, ондап қырылды... Олардың көпшілігі асуға беттегенін көріп, казак Сердобишинді сонда жұмсадым, ол 4 адамды қылышпен шауып түсірді. Бұл жолы қазақ, қырғыздың көпшілігі қашып құтыла алмады, өлгендердің санының көптігі сондай, шатқалдан кері қайтарда саймен жүруге мүмкіндік болмады, қабақты жағалай киялап жүрдік... Түп өзенінің бойындағы үрыста миллионға тарта мал, барлық асыл заттары мен дүние-мүлкі, тамақтары түгелдей колға түсті. 150-дей тұтқын алдық» (247 бет) деп мақтанышпен мәлімдеді.

Міне, сан ғасырлар бойы самаркау, жайбарақат күн кешіп жатқан момын халықты құғын-сүргінге салып, туған жерімен қоштасуға мәжбүр еткен ақ патшаның азғын саясаты талай қазақ пен көршілес қырғыз еліне қасірет пен қайғы бұлтын осылайша торлатты.

Осы дүрбелең жайында ұлы жазушы Әуезов: «Артында кіндігін кескізіп, кірін жуған момындық күні калды. Албан албан болғалы қыстың жұтын, жаздың індетін көрсетпеген жер кіндігі — ата қоныс мекені калды. Тау толған аркар, бұғы, елік, қаракүйрық, таутекедей жабайы жайын көршілері де калды» деп жазады («Қилы заман»). Шекараның арғы бетіне тағдырдың жазуымен амалсыз аркалап бара жатқан Албан елінің төлкекке түскен тағдырын осылай суреттейді.

Қазақ пен қырғыздың басына түскен қилы заманның зобалаңы жайлы сол кездегі Жетісу әскери губернаторының Түркістан округтық губернаторы А. Куропаткинге жолдаған мәліметінде: «Пішкек уезі мен Пржевальск уезіндегі Ыстықкөлдің онтүстік жағасындағы көтеріліске қатысқан болыстар әскери отрядтың қысымымен асу арқылы Қашкарға кетті. Ыстықкөлдің солтүстігіндегі қырғыздар, Нарынқол — Шарын учаскесіндегі Албан руы Текес өзені арқылы Құлжаға өтті» деп хабарлаған («Бейуақ», 249 бет).

Ал енді, осы кітапта келтірілген мына бір деректерге назар аударыңыз. Жәркент уезінің сол кездегі бастығы полковник Ступининнің өз мәліметінде: «Дәл қазіргі уақытта Нарынқол учаскесінде бірде-бір қазақ қалған жоқ... 23 августе Албан — Қожбанбет болысының 6 старшинасы қыстауға көшіп келген. Оларда Бөдеті, Кеген, Алжан, Құрман, Айт, Сартоғай, Қонырбөрік, Торайғыр, Мерке және Шелек болыстарының бір-бір старшинасы ғана бүлікшілікке қатыскан. 26 август күні Суандардың Байтүгей, Сатай, Тоқ-Арыстан және Түрдымбет болыстарының барлық түтін иелері, Борохожыр мен Төңірек болыстарының шағын тобы орыстардың, басқа алдардың өзіне қоскан малдарын қайырып беріп, ың-шыңсыз Қытай ауып кетті.

Осы жылдың 13 октябрі күні телеграф арқылы мынандай мәлімет бергемін: «Кравченко отряды қырғыздарға қарсы соғыс ашқаннан кейін Сүмбедегі Албандар Қытайға өтіп кетті. Қытай өкіметі оларды тонап, кері қуды. Қазақтар аштықтан, сүзектен өліп жатыр... Егер оларды қыстауға жібермесе халық қырылады, мал жұтайды. Албандар шыдамды, мал басы құрып бара жатыр. Армияға ат алу қиындай түсті. Нұсқау күтемін...».

Полковник Ступининнің мәліметінен тағы да мына бір дерекке назар аударайық: «Жәркент уезіне бүліншілікке дейін 30 болыс қарайтын. Оның ішінде 6-уы суандар, 14-і албандар. 1916 жылдың бірінші январына дейін 17.712 түтін бар еді. Қазіргі кезде 5099 түтін ғана қалған. Көтерілістен соң Қытайға ауып кеткендер 12.612 түтінге жеткен.

1916 жылғы Қаркара көтерілісі кезіндегі момын қазақ ауылын қанды қырғынға ұшыратқан «әскери серуен» деп аталған жорық кезінде Түркістан өлкелік әскери губернаторының штаб бастығы генерал Ерофеевтің бір телеграммасында: «Отрядтар жоспарлы әрі жүйелі түрде өйелдер мен балалар паналаған шатқалдарға шабуыл жасаған. Аштыққа ұрындырып, қыспаққа алған. Ақсуда тұтқынға түскен 500 қазақ, қырғызды таспен ұрып өлтірген. Қалғандарын Пішпекке апарып, кешке жақын кинематографтық музыка ырғағына билеп жүріп, әкімшіліктің көзінше өлімші еткен. Жазалау отрядының бастығына интеллигенцияның өзі әкімшіліктің бұйрығын бұлжытпай орындадық деп мақтаныш еткен. Бейбіт елді қырып салғандарды «ер» деп бағалаған. Өз еркімен келген қазақ, қырғыздарды мылтықпен, қылышымен қорқытып, жартастан құлатқан. Әскерлер көзіне көрінген мыңдаған қазақ, қырғыздың бәрін қырып салған. Жетісу облыстық ведомстволарының бұйрығы солай болған...». Генерал Ерофеевтің бұл телеграммасы — 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі зансыздықтарды, жергілікті халықты қырып-жою бағытын ұстаған әкімшілікті әшкерелеген Дума депутаттарының арнайы комиссиясына жауап беру үшін еріксіз жолданған мәлімет еді.

Бейқам жатқан ауыл адамдарын балашаға, кемпір-шалына қарамай қырып-жойғанына масаттанған хорунжий Фон-Бергтің бір түннің өзінде үйқыдағы екі ауылдың бала-шағасымен қосып тып-типыл еткен де, үшінші топты қызыл-жоса қан қылған. Құрбандыққа шалған адамның саны 200-ден асып кетті. Бұл бұл ма, бастамасы ғана болып шықты... Соншама адамның қанын Түптің суындай ағызғаны сол 11 август емес пе?

Көтеріліс кезінде жан сауғалап, жат жұртқа қопарыла көшкенде халқымыз екі жақты зардап шегіп, қайғы-қасіретке дұшар болды. Ата-жұртынан, аға-бауырынан, іні-қарындасынан, мал-мүлік, дүние-жиһаздарынан айырылды. Деректерге қарағанда, Қаркарадағы ереуілдің кезінде тек Жетісу облысында 20 миллион 724 мың сомның мүлкі халықтың қанын судай шашқан патша жендеттерінің уысында кеткен. Қазақ, қырғыздардың ен даласында қаптай өрген қарақұрым малдың жартысына жуығы талан-таражға түскен.

Осы бір ел басына күн туған дүрбелең жылдарында ел бүлініп, қырғыз да, қазақ та үркіп, тірі қалғандары шекараның арғы шебіне жаппай өтіп кеткенде «Қайда барсаң — Қорқыттың көрі» демекші, онда да олардың шекесі қыза қойған жоқ. Қытай бір таласа, қаңғалақтап қалмақ арасына барғандар да теперіш көріп, мал-мүлкін, жылтыраған затын тартып алып, тұрақтар қоныс таба алмай, жат жерде жетім қыздың күйін кешті.

Осы үркіншілік жылдарында мұндай зобалаң, тек Албан елінде ғана емес, бүкіл қазақ даласында болғаны тарихтан белгілі. Қасірет шеккен қазақ халқы шыбын жанын шүберекке түйіп, тек қана Қытай мен Монғол жеріне ғана жан сауғалаған жоқ, дүниенің төрт бұрышын кезіп кетті. Тіптен мұхиттың арғы бетіндегі Америка құрлығынан бірақ шыққандар да бар. Тағдыр тауқыметін тартып, тар жол, тайғақ кешуден өтіп, талқаны таусылып, туған жерінен бір уыс топырақ бұйырмай арманда кеткендері қаншама?! Ақыры, карапайым халықты сондай құғын-сүргінге ұшыратып, қанын судай шашқан патшалық самодержавиянын да күлі көкке ұшып, құдайдың қарғысына ұшырады.

Қазақтың басына қара бұлт торлап құғын-сүргін, қолдан жасалған ашаршылық, қанқұйлы Голощекиннің 1929—1932 жылғы асыра сілтеу саясаты мен 1937—1938 жылдардағы жаппай жазалау кезінде де жат жұртқа жан сауғалап, үдере көшіп, қызыл қырғынға душар болғанын бүгінгі ұрпақ ұмыта қойған жоқ. Ол жылдардың қасіреті жайлы білгір тарихшыларымыз бен жазушы, журналистеріміз зерделі зерттеулер жүргізіп, тиянақты жұмыстар атқарып келеді. Оған да тәуба демекпіз.

Бұл тақырыпқа тек халқым деп туған қазақ қаламгерлері ғана емес, шет ел журналистері де қалам тартқан. Американың «Нэйшнл Джиографик мэгезин» атты журналының 1954 жылғы 61 санында жарияланған «Елім-айлап көшкен ел...» атты мақаласында американдық журналист Милтон Дж. Кларк: «Қытай қызылдарынан теперіш-тепкі көрген далалық көшпенділер жорық жолындағы қаскөй елді көктей өткен кезде қыруар шығынға ұшырап, 3 мың миль азапты сапар шегіп, Кашмирге келіп ат басын бір-ақ тартты.

Мен Кашмир жазығындағы ежелгі Сринагарда, ата-бабалары екі мың жыл бойы Орталық Азияның кең даласында еміннеркін көшіп жүрген ерекше халықтың өкілдері — қазақтар арасында бір жыл ғұмыр кештім.

Менің мәрт қожайындарым қызыл Қытайдың коммунистік режиміне көндіге алмай, туып-өскен Синцзянь провинциясынан қаша көшкен көшпенділердің тірі қалғандары екен.

Әйеліміз екеуіміз теңдесі жоқ суыт жорықтан аман қалғандардың бірнешеуімен қатты достасып кеттік, ал жорықтың өзін теңдесі жоқ ерлік, әрі теңселтіп әкетер қасіретті қайғы десе де болғандай: қаша көшкен 4 мың түтін қазақтан 350 адам ғана Кашмирге аман жетіпті» деп жазады американдық журналист.

Мильтон Дж. Кларк өз мақаласында Қытайдағы қазақтар бастан кешкен мынандай бір жантүршігерлік қасіретті жағдайды баяндайды: «1949-50 жылдардың күзі мен қысында қазақтар коммунистермен келіссөз жүргізіп, дін еркіндігіне кепілдік беруді, өз салт-дәстүрлерін сақтап қалу және Синцзянда еркін көшіп жүру құқын сақтауды өтінді. Алайда, жаңа өкімет өкілдері қазақ «кооперациясына» тиым салынады, деген сынай танытты.

Қазақтардың көпшілігі Баркөл кеңесіне жету үшін ұзақ сапар шекті. Қақаған қыстың бораны мен аязында мал көп қырылды. Қоздай бастаған қойдың төлін паналатар жер табылмады. Мұндай сүргінді қазақтар «қар жастанып, мұз төсену» дейді.

Ақыры 1950 жылдың наурызында ел жиналды. Мыңдаған қазақ қосына әлі қары сөгілмеген алқапқа қонды. Қарақұрым киіз үйдің көптілігінен ине шаншар жер қалмады. Отау үйлер қарашаңырақтарын ортаға ала қонған. Бұл жерде кем дегенде 15 мың адам, 60 мың қазақы қой, 12 мың жылқы, 7 мың ірі қара, 1 мыңнан астам түйе жиналған-ды...» дей келіп: «Сұлтан Шәріптің әңгімесінен білгенім — Баркөлде бас қосқан 15 мың адамның 12600-і қырылып, түтқынға түсіп, тоз-тозы шығыпты, бір бөлігі тауға тығылды деседі. Бәлкім, әлі де қашып-пысып күн көріп жатқан болар...».

«Қайран қазақ, жүрген жерің азап» демекші, қылышынан қан тамған ақ патшаның баскесер жендеттерінің зобалаң қырғынынан, 1929—1932 жылдардағы бүкіл қазақ даласын жайлаған ашаршылық нәубеті мен 1937-38 жылдардағы қазақтың баскөтерер ер-азаматтарын жаппай жазықсыз жазалау кезінде жан сауғалап, туған жерінен амалсыз жат жұртқа ауып кеткен ағайындарымыздың аз ғана тобының Баркөлде бастан кешкен бір ғана зұламаты бұл.

Бүкіл қазақ жұртының айналасы жарты ғасырға жетер-жетпес уақыттағы басына түскен қайғы-қасіреті мен тарткан тауқыметі жайлы айтып жеткізу мүмкін емес. Бұған Отан соғысының тигізген зардаптары мен онда шейіт болған сан мыңдаған боздақтарымызды қосыңыз!

Тарих қазақ жұртының шаңырағын сан рет шайқалтып, қызыл қырғынға ұшыратып, нәубет пен тауқыметін тарттырса да аттың жалында, түйенің комында өскен халқымыз қиындықтан қабырғасы қайыспай, ұрпақтарының болашағы үшін өмір көшін алға жетелеп келеді. Кешегі қанды қырғын жылдарында қыр асып, қиырға — жат жұртқа ауып кеткен қандастарымыз бірте-бірте қайта оралуда. Көш көлікті болғай!

Нұртай ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ.

1916 · 1996



Ұлт-азаттық көтерілісіне — 80 жыл

Зілді кезең дүбірі

1916 жылғы көтеріліс Қазақстанның түкпір-түкпірін қамтыды. Ұлт-азаттық көтерілісінің басталуына патша үкіметінің 1916 жылғы маусым жарлығы түрткі болып қана қойған жоқ, бұған сонымен қатар еңбекші бұқараның әбден титығына жеткен қорлау, патша үкіметінің отаршылдық саясаты, патша шенеуніктерінің шұрайлы жерлерді тартып алып, жергілікті халықты қайыршылыққа ұшыратуы да негізгі себептер болды. Сондықтан 1916 жылы Қазақстанда болған ұлт-азаттық қозғалысы кездейсоқ туған жоқ. Патша үкіметіне қарсы жер-жердегі көтерілісті халық ортасынан шыққан батырлар бастады. Торғайдан Амангелді Имановтың, Жетісудан Бекболат Әшекеевтің, Үзақ Саурықовтың ел бастап шыққан ерліктері сол күннің өзінде халық арасында жыр болып, аңызға айналды. Бұл батырларға қазақтың оқыған зиялылары Әлиби Жангелдин, Тоқаш Бокин, Әділбек Айқөтов, т.б. үн қосты.

Халықтың ашуын туғызған, кейін қырғынға ұшыраткан көтеріліс кезінде жыр алыбы Жамбылдың үні ерекше естілді:

Верныйдан жандаралдар бұйрық қылды,
Құйрығы бұйрығының тіпті зілді.
«Отыз бір, он тоғызды алад» деген
Суық хабар халықты бұлқындырды.

Жамбыл бұрыннан екі жақты қанауда болған еңбекшілерге бұл жарлық халықтың басына түскен жасындай, жығылғанға жұдырық деген пікірді айтады, ел халін одан әрі нашарлатып, олардың азаматтық құқықтарын, ар-намысын табанға таптап, жаныққан патша үкіметінің зұлымдығын, жексұрын кескінін өткір өлеңмен әшкерелейді. Ол бұқара халықтың осындай ауыр жағдайға ұшырау себептерінің түп-тамырын ашып, елді патшаға бас имеуге, бағынбауға, оның озбырлығына қарсы күресуге шақырды.

Жамбыл өзінің жырларында 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің туу себептерін, халықтың билеуші таптарға деген қарсылығын айқын сипаттайды.

Жамбыл «Зілді бұйрық» деген өлеңінде:

Пристав келіп қалды бала сұрап.
Ел жатыр бермейміз, —
деп қойдай шулап, —
Тіп халық ашық наразылығын көрсетеді.

Көтерілістің үлкен ошағы Жетісуда болды. Жамбыл Жабаев Жетісудағы 1916 жылғы көтерілісті өз көзімен көріп, кейін Бекболат және басқа батырлар туралы *көптеген өлең тудырған.*

Жетісудың губернаторы кейбір жергілікті би, төрелердің дем беруімен Верныйға ақындарды жинап алып, «ел ортасында үгіт жүргіз, ақ патшаны мақта», — деген бұйрық береді. Сол күннің өзінде патшаны, соғысты мадақтамадың деп қарт Жамбылды абақтыға да жабады. Жамбыл мұны өзінің «Менің өмірім» деген жырында былай еске алады:

Ақыны, әнші, күйші қыруар жан,
Аймағын Жетісудың жинап алған.
Сабаннан төсек, ерден жастық істеп,
Жатарға жай салғызды ат-қорадан.
Сорпасы капустаның «ыстығына»
Сөткесіне кісіге бір қара нан.
«Үгіт айт, патшаны мақта» дейді,
«Болып жатқан соғысты жақта» дейді.
«Жыр айтсаң, құдай менен
пайғамбарды айт,
Онан басқа жырыңды айтпа» — дейді.

Жамбыл Жетісуда болған көтеріліс кезінде жай бақылаушы ғана емес, үрлікке елмен бірге боп, оның жаршысы, жыршысы болды. Ақынның «Зілді бұйрық» атты жырында ел көтерілісін болған оқиғалар негізінде көрсетеді. Бұл Жамбылдың 1916 жылғы көтеріліс кезінде айтқан өлені.

1916 жыл жайында көптен жиналып келе жатқан бай фольклор материалының арасынан оны тапқан профессор Есмағамбет Ысмайлов екен. Өленді 1939 жылы Жамбылдың өзіне оқып көрсеткенде «менің жырым мұнан мол еді, бұл сол кезде айтқан өлеңімнің оннан бір бөлігі ғана» дейді. Өленнің бірде-бір сөзі өзгерместен 1940 жылы басылған Жамбыл шығармаларының бір томдығына енгізілген. Кейін, 1946 жылғы шыққан толық шығармалар жинағына содан алынды. Осы жинақтың түсініктемесінде көтерілісті бастаған ерлерді атай келіп: «Ботпай» соның бірі болды», — дейді. Ал шын мәнінде олай емес, «Ботбай» рудың аты. Түсініктеме берушінің бұл түста қателескендігін айтуымыз керек.

Бұл қателікті кейін, 1982 жылы басылып шыққан Жамбыл Жабаевтың екі томдық шығармалар жинағында Қазақ мемлекеттік университетінің белгілі ғалымы Сұлтанғали Садырбаев түзеді.

1916 жылы патшаның маусым жарлығына байланысты Верный уезіндегі Қарғалы шұға фабрикасы жұмысшылары мен Үшқоңыр жайлауындағы Қарамолда деген елдің біріккен ереуілі болады. Ереуілді Бекболат Әшекеев және оның сарбаздары Байбосын Тамабаев, Қалығұл Сапабаев басқарады. Ереуілді Верныйдан шыққан жазалаушы отряд қанға бояп басады. Бекболат пен Байбосынды патша жендеттері ұстап алып, Алматының солтүстік іргесіндегі Боралдай деген жерде халықты қорқыту үшін 1916 жылы 9 қыркүйекте дарға асып өлтіреді. Азаттық аңсаған ерін дарға асу арқылы патша әкімдері қазақтың сағын сындырдық деп ойлайды. Міне, Жәкең осы оқиғаның ақиқатын ашып отыр.

Жамбылдың «Зілді бұйрық» жырында Жетісуда, соның ішінде, сол кездегі Верный уезіндегі Қарғалы, Самсы, Қастек көтерілістеріне кеңінен тоқталады.

Жиылды боз балалар бір кезеңге,
«Қарғалы» деген тасқын бір өзенге.
Пристав кепті — «еріксіз аламын» деп,
Көресің бұл істі деп, кезегінде,

Бәрін де ол пристав жаттап алды,
Басшыларын қағазға қаттап алды.
Аттандырып бұл елге солдаттарын,
Басты-басты кісіні саптап алды.

Жақсыдан жақсы қоймай алды сайлап,
Қамалды абақтыға қырғыз-қазақ.
Білмеді не болғанын сырттағы жұрт,
Қамалғандар тірідей тартып азап.

Шулайды абақтыға қамалған көп,
Сырттағы жұр: «біз енді
қайтеміз?» — деп.
Губернатор, жандарал жауапқа алды:
«Жайлауда ту көтеріп,
шапқан кім?» деп.

Ешқайсысы айтпаған соң айқай
сап кеп,
Өзі айтқан жандаралдың
«Бекболат» деп.
Бекболат бола қалса ту көтерген,
Бұйрық қылды: «дарға асып, тарт!» деп.

Отар бөлімінің приставы 1917 жылы 9 шілдеде Верный уезінің бастығы атына арнайы хаттама түсірген. Онда 8 шілде күні бір мың адам жиналған Үлкенсаз жайлауында пристав қазақтарды 1916 жылғы 25 маусымда соғыстағы тыл жұмыстарына бала алу туралы патшаның жарлығымен таныстырған кезде осында жиналған Қарғалы, Бидалы, Күрті, Ұзынағаш болыстарының бір топ жақсылары мен ақсақалдары жарлыққа қарсы шыққаны айтылады.

Приставтың жанында осы жиналыста Қарғалы болысы — Сандыбай Шаңбаев, Бидалы болысы — Қырбас Ботбаев, Күрті болысы — Қасембай Айғожин, Ұзынағаш болысы — Есдәулет Асылбеков, полиция бастығы Федор Брянцев, Ботпай болысының писарі А. Бронников және шабарман Қисым Ақмұрзин болған екен.

1916 жылы 17 шілдеде аталған адамдар тұтқындалған 15 шілдеден бастап 3 айға Верный түрмесіне қамау туралы Жетісу облысы әскери губернаторының арнайы қаулысы шығарылды. Артынан олардың үстіне 6 адам әкеліп, тағы қамады. Олар: Күрті болысынан — Қожмамбет Қилыбаев, Аскар Ибрагимов, Изембай Нұрабаев, Иманәлі Байғожин, Ұзынағаш болысынан — Қоким Майкин және Омар Саркөбенов.

Міне, сөйтіп патша жарлығына наразылық білдіргені үшін ғана аймаққа беделі мен атағы күшті 40 адамды қамауға алып, халық арасындағы ықпалынан қорыққан болуы керек және оның басқа аймақтарға таралуынан қаймықты да қатты күдіктенген. Бірақ соған қарамастан патшаның өміріне қарсылық үлкен ереуілдерге ұшырасты.

Кейінірек қамалғандар сұраққа алынып, тергеліп, 26 адамды 23 шілдеде тұтқыннан босатуға мәжбүр болған. Оған халықтың талап-тілегі, наразылығы да себеп болды. Ал қалғандары 3 ай бойы түрмеде ұсталды.

Осы кездегі Ботпай болысының басшысы Қалдыбек Алғадаев тыл жұмысына жіберілетін адамдардың тізімін жасауда белсенділік танытпаған екен. Бұл бағытта ешқандай іс-әрекет жасамаған. Сондықтан Пішпек уезі бастығының 1916 жылғы 26 шілдедегі Жетісу облысы әскери губернаторының атына жазған рапорты бойынша, 1916 жылы 3 тамызда тура көтеріліс қарсаңында Жетісу облысы әскери губернаторы М. А. Фольбаумның бұйрығымен Қ. Алғадаев болыстық қызметінен алынып, оның орнына бұрынғы болыстыққа кандидат болып жүрген Қасен Әжібаев тағайындалды. Бірақ бұл өзгеріс істің ілгері басуына әсер еткен жоқ. Халықтың ызасы мен кегі шегіне жетіп, дауылды шақ жақындап келе жатты.

6 тамыз күні кешке қарай әскерге жігіт жинауға келген патша шенеунігі — Отар учаскесінің приставына және оның жендеттеріне қарсы халық көтеріліске шығады. Самсыны Ботпай болысының және көрші болыстардан көмекке келген 5 мың адам қоршап алады. Батыс Қастек болысынан Доскежа Қашағанов, Рахмет Айдосов, Ахмет Қожамқұлов, т.б. сарбаздар келеді.

1916 жылғы 7 тамызда Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы А. Н. Куропаткиннің атына жіберілген жедел телеграммада Жетісу облысы әскери губернаторы М. А. Фольбаум Самсыдағы қазақтардың қарулы көтерілісі туралы суыт хабар жолдайды.

Міне, сол шақта атағы осы аймаққа белгілі, елге беделді Малыбайұлы Жәнібек қажы көтерілген қарусыз халықтың келешегін ойлап, олардың өмірін сақтап қалу үшін және патша жандаралдары әскерінің қатал жазалау шараларын неғұрлым әлсірету мақсатымен еріксіз пристав пен жиналған елдің арасына арашаға түседі. 7 тамыз күні таңертең приставы бар, почта ұстаушысы бар топ, шағын әскери отрядпен Ұзынағаш, Верныйға қарай қашып шығады.

Кейіннен, 1916 жылы қыркүйек айында Отар учаскесінің приставы 6 тамыз күнгі Ботпай болысы қазақтарының Самсы станциясына шабуыл жасауына байланысты Самсы почта станциясының почта ұстаушысы Никитин және төменгі шенді жасағымен бірге келесі күні, яғни 7 тамызда таңертеңгі сағат 6-да 3—4 пәуескілерімен Казанско-Богородское селосына (Ұзынағашқа) қашып шыққандығын мойындауға мәжбүр болады. Көтерілісшілер почта бекетін, телеграф бағаналарын талқандаған. Бірнеше орыс мұжықтарын, көпестерді қолға түсіріп, тұтқындайды.

Самсы көтерілісі патша жандаралдарын қатты қорқытып, олардың бір-біріне жіберген жедел телеграммалары, хаттары арқылы Верный, Ташкент, Петроградқа дейін белгілі болып, империяны дірілдетіп жатты. Жедел түрде әскери отрядтар жасақталып, көтерілісті басып-жаншуға жөнелтілді. Оны архив құжаттарынан анық байқауға болады. Алғашында Самсыға есауыл Бакуревичтің жазалаушы отряды жіберілген екен. Тең емес шайқастарда екі жақтан да шығын болып, біраз қазақтар қолға түседі. Жендеттер тарапынан бейбіт халық қатты таланған. Почта жолын қалпына келтіріп және түзету үшін хорунжий Александров басқарған тағы бір жүздік әскер жіберіледі. Есауыл Бакуревичтің отряды Тоқмақтағы көтерілісті басуға жіберілгендіктен, Самсыға енді Верный дружинасынан прапорщик Махонин бастаған рота әкелінді.

Сөйтіп, Қастек, Тарғап, Отар, Самсы көтерілістері тамыздың ортасына қарай көрші Пішпек уезінің жеріне, Тоқмақ аймағына ауысты.

Патшаның зілді бұйрығы шілде айының басында Верный уезі Батыс Қастек болысы жұртына да келіп жетті. Жарлықпен таныстыру үшін болыс басшылары халықты жинап, жалпы жиналыс өткізеді. Жиналысқа негізінен Шығыс Қастек, Батыс Қастек, Шиен болыстарының адамдары жиналады. Бұл үлкен жиында осы аймаққа беделі мен ықпалы бар Сарымсақ Шынтеміров, Ахмет Қожамқұлов, Сейдалы Садыбеков, Нақысбек Қанаев, Доскожа Қашағанов, Нүке Сатыбеков, Қашаған Рысқұлбеков, Тайжан Шынтеміров, Бейсебай Қасқарауов, Әбдікерім Сәмбетов, Рахмет Андосов, Керімбай Қожамбердиев, Алакүшік Ұлтанов, Сандыбай Жаманқұлов сияқты азаматтар сөз сөйлеп, әскерге адам бермейтіндіктерін ашық айтып, патша жендеттеріне қарсы шығудың керектігін айтты.

Бұл кезде болыстар әскерге алынатындардың тізімін жасап та қойған еді. 200-ден астам тізімге іліккен адамның аты-жөні осы жиылыста оқылады. Олардың көпшілігі кедей, жарлы-жақыбайлардың балалары еді.

Жалпы жиналыс таяу арада көтеріліс жасау керек деп шешті. Көршілес жатқан болыстарға елшілер жіберіледі. Нұрғожа Түргенбаев, Көкбай Қасқоров, Рысжан Елекенов сияқты ұсталар найза, қылыш, айбалта, шоқпар жасауға кірісті. Ұрыс жоспары жасалып, ол бойынша патша солдаттары бекінген Шиен, Бұрған бекеттеріне шабуыл жасап, басып алу белгіленді, жұрт осы көтерілістің басшылары, қолбасшылары етіп Сатай Көбегенұлы Қарашевты және осы өңірге белгілі аңшы — мерген Нүке Сатыбековты сайлады. Көтерілісшілерде отты қару жоқтың қасы еді. Тек Нүке Сатыбеков бастаған бірнеше адамда ғана мылтық болды.

Үкімет жансыздары арқылы дайындалып жатқан көтеріліс туралы біліп алып, оның алдын-алу шараларын ұйымдастырды. 1916 жылы 6 тамызда Қастекке Верныйдан қаруланған 250 адамдық жазалаушы отряд шығарылды. 7 тамыз күні ұзынқұлақтан хабар алған жергілікті ел-жұрттың қару ұстауға жарарлық азаматтары Шиен маңындағы Қаратөбеге жиналды. Жиналған мыңнан аса сарбаздар үш топқа бөлініп патша отрядына жан-жақтан шабуылға шықты. Сатай Көбегенұлы 200 жігітпен сақадай-сай қаруланған жауға қарсы тұрады. Ер Сатайға оқ тиіп, ат үстінен аударылып түседі. Жендеттерге қарсы қаптал тұстан Доскожа Қашағанов, Нүке Сатыбеков, Ниязқұл Сатаев, Ахмет Қожамқұлов, Рахмет Андосов, Сарымсақ Шынтеміров, т.б. лап берді. Бірақ жазалаушы топ көтерілісшілерді жаңбырдай жауған оқпен қарсы алды. Осы ұрыста ер Сатай бастаған оннан астам азамат ерлікпен қаза тапты. Солдаттар да шығынға ұшырады. Ұрыс барысында Нүке Сатыбеков бастаған мерген аңшы жігіттер Шиен мұжығы Москаленконы, жазалаушы отряд басшысы Пешковты атып өлтіреді.

Батыс Қастек, Шиен болыстарындағы көтерілістер осылайша аяқталды. Қарусыз халық амалсыздан тау-тасқа шегінуге мәжбүр болады. Патша әскерлері кейіннен Суықтөбеге қарай шегініп, қырғыз аспақ болған топты қуып жетіп, атқылап қанды қырғын салды. Көтеріліс басылған соң осы көтерілістің ұйымдастырушылары болған бір топ азаматтарды патша әскерлері тұтқынға алып, тергеп, сотқа тартты. Көпшілігін дарға асу арқылы өлім жазасына кесті. Тек, 1917 жылғы патша өкіметін құлатқан ақпан революциясынан кейін уақытша үкімет бұл шешімді өзгертті. Түрмедегі Қастек көтерілісінің жетекшілері босатылды.

Жамбыл ақынның 1916 жылғы көтеріліс тақырыбына шығарған жырлары («Патша өмірі тарылды», «Зілді Бұйрық») идеясы мен көркемдігі сай келіп отырады. Ақын көтерілісті бастаған батырлардың басынан өтетін қиындық халдерге, жан толқындарына өзі ортақ болып, сезім дүниесі шынайы беріліп отырады.

Бұған:

«Верныйдың қадам баспай қаласына,
Кемпір-шал жылап жатыр баласына.
Ешбір емі табылмады іздесе де,
Халықтың жүректегі жарасына», —

деген жолдар дәлел бола алады.

1916 жылғы қазақ даласында болған оқиғаны ұлы ақын Жамбыл Жабаев халықпен бірге қабырғасы қайыса қарсы алды. Көтеріліске шыққан халықпен бірге жүріп, халық зарын жырға айналдырды, ел-жұртты бостандық алу жолындағы күреске шақырды. Халық арманына жеткізген де осындай байрағы желбірей беретін алып арпалыс болатын.

Смағұл САБЫРХАН,
Әл-Фараби атындағы
ҚМҰУ-дың оқытушысы.

Газет 1918 жылғы
21 маусымнан шығады

ЖЕТІСУ

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газет

№8 (15462) | Сәрсенбі | 29 қаңтар, 1997 жыл | БАҒАСЫ КЕЛІСІМДІ

Нақты меншік иесінсіз нарықты экономика жоқ

Президент Нұрсұлтан Назарбаев қаңтардың 27-сі күні өткізген кеңесте жалақы мен зейнетақы жөніндегі орасан мол қарызды төлеу, кіші бизнесті дамыту, жекешелендіруді жеделдету мәселелері талқыланды. Кеңеске облыстардың әкімдері, үкімет мүшелері, республикалық ведомстволардың жетекшілері қатысты.

Кеңесті ашқан мемлекет басшысы әңгіме өміріміздегі төтенше сыркаулы сала жайында болғалы отырғанын атап көрсетті. Сондықтан да карт адамдарға және кәсіпорындардың қаржы жағынан тақырға отырып қалуына орай тіршілік етуге еш мүмкіндігі болмай отырған еңбек ұжымдарына тезірек көмек көрсету қажет.

Осынау мәселелерді Үкімет пен аумақтық басқару органдарының қалай шешпекші екені туралы Премьер-министрдің орынбасары — қаржы министрі Александр Павлов пен еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Наталья Коржова әңгімелеп берді.

Республиканың көптеген кәсіпорындары 50 миллиард теңгеге жуық жалақыны уақтылы бере алған жоқ. Ең ірі қарыздар өнеркәсіпте, ауыл шаруашылығында, көлік кешенінде болып отыр. Сондықтан бұл сала кәсіпорындарының 43,2 процентінің өз есеп-шотында түк қаржысы жоқ екеніне таңдануға болмайды. Осыған орай санацияның және банкроттықтың тетіктерін іске қосуды бұдан әрі кешіктірмеу, шағын және орташа бизнесті белсендірек дамыту, мемлекет меншігін жекешелендіруді неғұрлым кең күлашты қарқынмен жүргізу қажет деген ұсыныстар айтылды.

Бұл бағыттарда елеулі ілгері басусыз нағыз нарықтық экономика болмайды, делінді кеңесте. Статистика бойынша ел экономикасының негізгі салаларында кәсіпорындардың 90 проценті түбегейлі реформалаудан өтті. Алайда, олардың жартысының ғана дербес қожасы бар. Ал қалған жартысы жекешелендіруге атүсті қарағандықтан өзіне-өзі зиян келтіріп отыр.

Дамыған мемлекеттерде барлық өнімнің 70 процентін 15-тен 50-ге дейін ғана адам жұмыс істейтін шағын кәсіпорындар береді. Ал бізде шағын және орташа бизнес қазірше тек қана Алматы мен Қарағандыда дамып келеді. Бұларда осындай ондаған өндіріс орындары пайда болды. Осы үрдісті жылдамдату үшін республикалық бюджеттен 3,5 миллиард теңге қаржы бөлу белгіленіп отыр. Оның 50 миллионы шағын кәсіпорындарға техникалық көмек көрсетуге жұмсалады. Кеңеске қатысушылар шағын және орташа бизнесті өркендетуге Үкімет кепілдігі мен қосымша несие бөлуді, бұл саладағы түсінік жұмыстарын күшейтуді ұсынды, оны барлық деңгейдегі әкімдер өрістетуге тиіс.

Әлеуметтік салаға келетін болсақ, зейнетақы төлеу жөніндегі борыштың 31,5 миллиард теңгеге жеткені айтылды. Мұншама қарыз жиналуының негізгі себептері — өткен жылғы бюджеттің кіріс жөніндегі бірқатар баптарының орындалмай қалуы, зейнетақы қорына жарна және салық төлеуден жалтару, банктердің қаржы берудегі кезекті бұзуы, зейнетақы төлеуді заңсыз кешіктіру болды.

Мемлекет басшысының ұсынысы бойынша облыс, қала және аудан әкімдерін зейнетақы қорындағы қаржыларды қалпына келтіру жөніндегі түпкілікті шараларды жүзеге асыруға міндеттейтін шешім қабылданды. Мұндай қаржыларды жинау республика Президентіне тікелей бағындырылатын Мемлекеттік салық комитетіне жүктелді.

Облыстарда жалақы және зейнетақы төлеу жөніндегі қарызды өтеудің барысын апта сайын бақылап отыратын оперативті топ құрылды. Мұндай топтарды барлық деңгейдегі аумақтық әкімшіліктерде де қалыптастыру ұсынылды. Осылайша күшейтілген жұмыс кезінде жиналған қаржының бір бөлігін салық инспекторларын көтермелеуге бөлу ұйғарылды.

Сондай-ақ, бұдан былай жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асырудың барысын ай сайын ел Президентінде өтетін кеңестерде қарап тұру белгіленді. Аталған саладағы құқықтық базаны жетілдіру және соттық іс жүргізудің тиімділігін арттыру мәселелері мен өкімет орындарының кеңесшілдік әрекеттері жайындағы фактілер де сол кеңестердің күн тәртібіне қойылатын болады.

Кеңесте Премьер-министр Әкежан Қажыгелдин сөз сөйлеп, кәсіпорындарды мемлекет меншігінен алу, медицина мекемелерін, мектептерді және басқа әлеуметтік объектілерді жекеменшік басқаруға беру ісіндегі Үкіметтің бағытына және облыс әкімдеріне қойылатын талаптарға түсініктеме берді.

(ҚазТАҒ).

• *Ішкі істер басқармасында*

Жұма күнгі жедел кеңес



• Құрмет грамотасын тапсыру сәті.

Өткен жұмада облыстық Ішкі істер басқармасының мәжіліс залында 1996 жылдың жұмысын қорытындылауға арналған жедел кеңес өткізілді. Оған Ішкі істер басқармасы бөлімдерінің басшылары, барлық аудандық, қалалық басқармалар мен бөлімдердің жетекшілері жиналды. Сонымен бірге ІІМ Бас жедел басқармасының бастығы, милиция полковнигі Е. Елемісов, облыс әкімінің орынбасары Е. Жүнісбеков, облыстық соттың төрағасы М. Нұрбеков, МТК облыстық басқармасының бастығы, әділет генерал-майоры Б. Ыскақов, тағы басқа да облыстағы құқықтық органдардың басшылары қатысты.

Кеңесті Ішкі істер басқармасы бастығының бірінші орынбасары Қ. Қасымов жүргізді. Басқарма үшін сәтті аяқталып, республика облыстары ішінде қоғамдық тәртіпті қадағалау, құқықтық заңдылықтардың сақталуын қамтамасыз етуде жеткен жоғары көрсеткіштеріне байланысты бірінші орын әкелген 1996 жыл ішіндегі атқарылған істер туралы баяндаманы облыстық Ішкі істер басқармасының бастығы, милиция генерал-майоры Құралбек Нағимаұлы Серікбаев жасады. Екінші болып, мінбеге көтерілген оның орынбасары, ішкі қызмет полковнигі В. Пошивай басқармадағы кадрлық және тәрбиелік жұмыстар, ішкі мәселелер жайында сөз сөйледі. Бұлардан кейін облыс прокурорының бірінші орынбасары, аға заң кеңесшісі Ш. Дурсунов, Алматы қаласы мен облысының әскери комиссары, полковник Қ. Базарбаевтар өз пікірлерін білдіріп, күрделі мәселелер жайына тоқталды.

ІІМ Бас жедел басқармасының бастығы, милиция полковнигі Е. Елемісов өз кезегінде өткен жылдың қорытындысына байланысты шыққан министрдің бұйрығын оқып, жеткен жоғары жетістіктері үшін басқарма қызметкерлеріне Құрмет грамотасы мен 100 мың теңге сыйлық тапсырды. Оны қабылдап алған Қ. Н. Серікбаев өз жұмыстарында бұдан да жоғары көрсеткішке жететіндіктеріне министрліктен келген өкілді сендіріп, рахметін айтты.

Жедел болса да жарқын мерекелік көңіл-күйде өткен кеңесті облыс әкімінің орынбасары Е. Жүнісбеков қорытындылап, тәртіп сақшыларының толымды табысына әкім атынан алғыс айтты, өз тараптарынан қашан да болса қолдау болатынын жеткізді.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.



• Кеңестен кейінгі келелі пікір алысу.
Суреттерді түсірген Н. ҚИЗАТОВ.

Ізгі көршілік көмегі

Алматыда, Достық үйінде, қаңтардың 24-інде «Бөбек» қайырымдылық қорына Қытай Халық Республикасы үкіметінің бір миллион юань сомасындағы гуманитарлық тартуы — он мың жүп балалар қысқы аяқ киімі, 24 компьютер, жас тележурналистер үшін үш бейнекамера және Микшер пульті табыс етілді. Сондай-ақ Қытай мүгедектері федерациясынан жүз балалар арбасы Қазақстанның барлық облыстары бойынша бөлінеді.

Сыйды тапсыру рәсімінде ҚХР-дің Алматыдағы төтенше және өкілетті елшісі Чэнь Ди осы әрекетті көршілес екі мемлекет халықтары арасындағы ежелгі достықтың айғағы деп атады. Ол өз отандастарының шын жүректен жолдаған тартуы олардың қатынастарын одан әрі нығайтудың жаңа қадамына айналады деп сенім білдірді.

«Бөбек» қорының президенті Сара Назарбаева ҚХР басшылығына ыстық ризашылық сөзін арнады. Ол Қытай біздің республика балаларына пәрменді көмекті алғашқылардың бірі болып көрсеткенін атап өтті. Ол елшіге осы тартуы үшін, жас қазақстандықтардың проблемаларына назар аударып отырғаны үшін ҚХР үкіметі мен мүгедектер федерациясына алғыс айтылған хатты елшіге тапсырды.

Рәсімге республиканың барлық облыстары балалар қорларының өкілдері қатысты. Олар және осында қатысып отырған Алматы облыстық балалар үйінің тәрбиеленушілері Қытай жағына және «Бөбек» қорының қызметкерлеріне алғыс айтты.

Сара МҰСТАФИНА,
ҚазТАҒ тілшісі.

Газет 1918 жылғы
21 маусымнан шығады

Жетісу

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газет

№12 (15466) | Сәрсенбі | 12 ақпан, 1997 жыл | БАҒАСЫ КЕЛІСІМДІ

Қорғаныс министрлігіндегі кездесу

Қазақстан Президенті, республика Қарулы күштерінің жоғарғы бас қолбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев ақпанның 10-ы күні Қорғаныс министрлігінің басшы құрамымен кездесті. Кездесу барысында әскери ведомствоның басшысы генерал-полковник Мұхтар Алтынбаевтың ел армиясындағы істің жағдайы туралы баяндамасы тыңдалды.

Кездесуде Қарулы күштерді өркендетудің келешегіне байланысты, атап айтқанда, Қарулы күштердің академиясын құру, Қорғаныс министрлігін Ақмолаға көшіру, әскердің өмірі мен қызметіндегі басқа да көкейтесті мәселелер қаралды.

Елші қоштаспайды, тек «көріскенше» дейді

Президент Нұрсұлтан Назарбаев ақпанның 10-ы күні Қазақстандағы өз өкілеттігін аяқтаған Ресей Федерациясының елшісі Вячеслав Долговты қабылдады. Мемлекет басшысы оған біздің елдегі жемісті жұмысы үшін жылы лебізді алғыс айтты. Дипломаттың екі жақты қатынастарды ойдағыдай дамытып, тереңдетуге белсене ықпал еткенін атай келіп, Қазақстан мен Ресейдің алда да екі елдің экономикалық және әлеуметтік қайта құру бағдарламаларын жүзеге асыру ісінде тығыз ынтымақтастық жасайтынына сенім білдірді.

Президент В. Долговқа «Достық» орденін тапсырды. Мұнымен ол халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан үлкен үлесі, Қазақстан мен Ресей арасындағы жан-жақты қатынастарды өркендетуге сіңірген еңбегі үшін марапатталған.

Елші өз еңбегін бағалағаны үшін терең ризашылық білдіріп, өзінің Қазақстанда тіркелген шетел дипломаттарының арасында туысқан елдің осыншалық жоғары наградасын бірінші болып алғандығынан да бұл бағаның ерекше құнды екенін атап өтті. В. Долгов Ресейдің Сыртқы істер министрлігінде жұмыс істей жүріп, бұдан былай да екі мемлекет арасындағы өзара тиімді байланыстардың дамуына тынбай еңбек жасайтынына біздің мемлекеттің басшысын сенімдірді.

Сол күні В. Долговты республиканың Мемлекеттік хатшысы Ә. Кекілбаев қабылдады.

Жедел жұмыс тобы құрылды

Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 29 қаңтардағы өкімін орындау үшін, Зейнетақы қорына қаржы жинауды жақсарту және облыс тұрғындарының зейнетақыларын, жәрдемақылары мен жалақыларын уақытылы төлеуді қамтамасыз ету мақсатымен облыс әкімінің жанынан жедел жұмыс тобы құрылды. Топтың жетекшісі — облыс әкімі С. Үмбетов, орынбасары — блыс әкімінің орынбасары — Е. Жүнісбеков, мүшелері облыс әкімі аппаратының жетекші А. Әлімжанов, ұйымдастыру-инспекторлық және кадрлармен жұмыс бөлімінің меңгерушісі С. Садықбаев, облыстық қаржы басқармасының бастығы Қ. Тәжібаев, облыстық салық инспекциясының бастығы Ж. Стамбеков, Мемлекеттік қаржы-валюталық бақылау басқарма-сының бастығы А. Өксікбаев, облыстық халықты әлеуметтік қорғау басқармасының бастығы З. Мыңбаев, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің Алматы аумақтық Бас басқармасының бастығы А. Еркінов, облыстық салық полициясының бастығы М. Қараев, Қазақстан Республикасы Халық банкі Басқармасының орынбасары — Халық банкі Алматы облыстық филиалының директоры Е. Сиырбаев, республикалық бюджет банкі бастығының орынбасары А. Алтыбаева, облыс прокуроры Ғ. Өтебаев, Алматы облысы бойынша мемлекеттік тергеу комитетінің бастығы А. Мәмбетов, облыс әкімі аппаратының экономика және нарықтық қатынастар бөлімінің бастығы С. Қасымов, облыс әкімі аппаратының әлеуметтік сала секторының меңгерушісі Р. Көшенов.

Жедел топтың міндеттері — меншік түріне қарамастан, заңды тұлғалардан Зейнетақы қорына қаржының түсуіне бақылауды күшейту және талдау жасау, заңдылықтың облыс халқының жалақысын, зейнетақысы мен жәрдемақысын дер кезінде төлеу туралы талаптарын қамтамасыз етуде облыстық басқару органдарының, жергілікті жерлердегі атқарушы органдардың және құқық қорғау органдарының жұмыстарын үйлестіру. Алдарына қойылған міндеттерін орындау үшін оларға шаруашылық жүргізуші субъектілер мен лауазымды адамдардан қажетті ақпараттардың, құжаттардың және басқа материалдарды талап етіп, алдыруларына рұқсат етілді.

Аудандардың және Қапшағай қаласының әкімдері осыған ұқсас жұмыс топтарын құруға және Зейнетақы қорына қаржы жинауға байланысты жұмыстарды кең көлемде жүргізуге тиіс.

• Алматы облыстық әкімшілігінде

Жасөспірімдер жайы толғандырады

Облыстық әкімшілік жанынан құрылған кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия былтырғы жылы біраз игілікті істер атқарып, мүмкіндіктерінше жұмыс істеді. Бірақ, балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс, қаңғыбастыққа салыну, қараусыз қалу жағдайы әлі күнге дейін күрделі күйінде қалып отыр.

Өткен сәрсенбі күні облыстық әкімшіліктің мәжіліс залында облыстық әкімшілік жанындағы отбасы, әйелдер істері және демографиялық саясат жөніндегі кеңес пен жоғарыда аталған комиссия мүшелері бас қосқан алқалы мәжіліс болып өтті. Онда осынау өзекті де, өткір мәселелер жөнінде орынды ойлар айтылып, келелі де, керекті пікірлер қозғалды. Мәжілісті кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі облыстық комиссия төрағасының орынбасары В.Жексембекова жүргізіп, күн тәртібімен таныстырған соң өткен жылғы жұмыстарға қысқаша шолу жасады.

Жалпы облыстағы кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстық ахуал туралы баяндаманы облыстық ішкі істер басқармасы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекциясының бастығы, милиция капитаны Н. Әкімеев жасады.

Облыс аумағында 1996 жылы балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен 286 қылмыстық оқиға тіркелген. 1995 жылмен салыстырғанда біраз төмендеу байқалады. Бірақ ұйымдасып, топтасып, (151) ересектермен бірлесіп (103) жасалған қылмыстың жиілеуі алаңдататыны рас. Жоғарыда айтылған қылмыска қатысушылардың 209-ы қылмыстық жауапқа тартылған. Жасөспірімдердің қатысуымен бір кісі өлімі, 2 тонау, 1 зорлық болып, ауыр қылмыстың саны төртке жеткен. Облыста тұратын 670 бала Алматы қалалық кәмелетке толмағандарды қабылдап-бөлу орнына түсіп, оның 41-і балалар үйіне орналастырылған. Қазіргі кезде облыстық кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекцияның тізімінде 907 бала бар. Н. Әкімеев сонымен бірге Шелек ауданындағы комиссия жұмысына біраз сын айтты.

Алматы қаласы «Жұлдыз» шағын ауданында орналасқан кәмелетке толмағандарды қабылдап — бөлу мекемесінің бастығы, милиция подполковнигі Р. Лыкова да бәрімізді толғандырып, бүгінгі күнгі әңгіме өзегіне айналып отырған жайларға кеңінен тоқталды. Өздері атқарып отырған жұмыс жайлы айта келіп, өткен жылы қабылдап — бөлу орнына 2117 бала түскенін, бұл санның бұрнағы жылға қарағанда 457-ге артып отырғанын мәлімдеді. Алматы облысынан бір жыл ішінде жоғарыдағы мекемеге түскен 670 бала санын жоғарыда айттық. Әсіресе, қала маңайындағы аудандардың балалары бұл мекеменің жиі-жиі қонағы болады екен. Мысалы, Іледен — 225, Талғардан—130, Каскеленнен — 92, Еңбекшіқазақтан—72, Қапшағайдан — 60 бала осында түскен. Сонымен бірге осы айтылған аудандардан қайталап түсетіндер саны өте көп.

Туған ошағы мен әке-шешесінен безген балалар тағдыры кімді болса да толғандырады. Ата-ананың қабағынан мейірім төгіліп, туған үйдің шаңырағы шаттыққа толы болса олар ешқайда қашпас еді. Қазіргі кезде шаңырағы шайқалған отбасылар оңдап емес, жүздеп саналады.

Отбасындағы жағдайы нашар бүлдіршіндер, әкесі мен шешесінің бірі жоқ балалар, түлдыр жетім жеткіншектердің паналайтын орны— мектеп-интернат, балалар үйі дегендердің саны күн өткен сайын азайып барады. Күн көрісі орташа отбасылардың дарынды балалары оқитын мектептердің барлығы жекешелендіріліп, коммерцияланып жатқаны да өтірік емес. Сонда қаржысы жоқ талантты бала қайда қалады деген сауалдар да көлбеңдеді. Мәжілісте сөз болған мәселеге байланысты облыстық білім басқармасының бас маманы Р. Қасенова, Іле ауданы әкімінің орынбасары Ә. Исаев, Каскелен аудандық білім басқармасының бастығы М. Көркенов өз ойларын ортаға салды. Облыс әкімшілігі жанындағы отбасы, әйел істері және демографиялық саясат жөніндегі кеңестің хатшысы Т. Мұқанова да өздері атқарып жатқан жұмыстар жайлы айтып өтіп, әлеуметтік саладағы күрделі мәселелерді шешу жолдарына қатысты пікірін білдірді.

Мәжілісті облыстық әкімшіліктің ішкі саясат және әлеуметтік сала бөлімінің меңгерушісі А. Сейітов қорытындылады. Комиссия жұмысындағы кемшіліктерді айтып, балалар, жасөспірімдер мекемелері мен құқықтық органдар арасындағы байланыстың жеткіліксіз екендігіне тоқталды.

Болат ҚАБДЕШҰЛЫ.

Зейнетақы мен жалақыны уақытында беру мақсатында

Облыс әкімі жанынан құрылған жедел жұмыс тобы өткен екі апта ішінде өз қызметінің негізгі бағыттарын айқындап, ұйымдастыру мәселелерін қарап, зейнетақы мен жалақыны уақытында төлеуді қамтамасыз ету, қарыздарды жабу жөніндегі жұмысқа белсенді жұмылып кетті. Алғашқы шаралардың жоспары жасалып, қарыздарды жалпылай және әрбір кәсіпорын бойынша жабудың кестесі жасалды. Жалақыны, зейнетақыны, салықтарды уақытылы төлеу жөніндегі заңдылықтардың бұзылуын жергілікті жерлерде тексеретін топтар құрылды. Барлық аудандарда және Қапшағай қаласында Зейнетақы қорына, сақтандыру жарнасын және жалақы төлеу жөніндегі борышкерлер туралы мәліметтер жиналды.

Тәртіпті үнемі бұзушыларға әкімшілік ықпал ету шаралары қолданылып, заң бойынша өндіріп алу үшін материалдары тергеу орындары мен сотқа берілуде. Ақпан айының ортасында аудан, қала, селолық округтердің әкімдерімен облыстық басқармалар мен комитеттердің басшыларымен, аудандық каржы және бақылау қызметтерінің, құқық қорғау органдарының жетекшілерімен Зейнетақы қорына берешек қарыздарды қайтару, жалақы төлеу, шағын және орта бизнесті, кәсіпкерлікті дамыту, қосымша жұмыс орындарын және облыстық бюджетке қаржы түсуін қамтамасыз ету жөнінде облыстық кеңес өткізу белгіленіп отыр.

Салық қызметтері мен салық полициясының жұмысы едәуір жандана түсті. Мемлекеттік салық комитетінің облыстық басқармасында салықты жасырып қалушылықты әшкерелеу мақсатында түрғындар үшін 42-79-27, 42-75-53 сенім телефондары ашылды. Салықтар мен міндетті төлемдерді жасырып қалу деректерін ашуға үлес қосқан адамдарға сыйлық беру жүйесі қарастырылған.

Жұмыс істеуге қаражаты жоқ мемлекеттік кәсіпорындарға санация жасау және оларды жою жұмыстары белсенді жүргізіле бастады. Банкроттық жариялау, бірінші кезекте, жалақы төлеуді және Зейнетақы қорына қаражат аударуды ұзақ уақыт бойы жүзеге асырмаған шаруашылық жүргізуші субъектерге қолданылады. Облыста шағын және орта бизнесті қолдау жөніндегі облыстық инвестициялық-талдау орталығы құрылып, оның қызмет ету бағдарламасы белгіленуде.

Реформалардың табысы қоғамдағы татулыққа байланысты

Бүгінде республикамыз үшін қоғамның ынтымағынан басқа маңызды ештеңе жоқ та шығар. Тек осындай жолмен ғана жүзден астам ұлттың өкілдері мекендеп отырған Қазақстанды демократиялық және гүлденген ел етуге болады. Осыны түсіне отырып, республика азаматтары Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 1997 жылды Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялаған Жарлығын терең қанағат сезімімен қабыл алды.

Алматыда, Парламент үйінде ақпанның 6-сында мемлекет басшысының саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің, ұлттық-мәдени орталықтардың, діни конфессиялардың жетекшілерімен, саяси қуғын-сүргінге ұшырағандар мен оның құрбандарының балаларымен кездесуінде осынау маңызды құжаттың көкейтестілігі туралы сөз болды.

Жиналғандардың алдында сөз сөйлеп Н. Назарбаев достық саясатын жүзеге асыру және Қазақстанның барлық халықтары арасында татулық ауқымында жинақталған оң тәжірибені атап өтті. Ұлтаралық татулықтың арқасында сақталып қалған қоғамдық тұрақтылық республикада жүзеге асырылып жатқан, өмірдің барлық қырын қамтитын батыл реформаларды ойдағыдай аяқтаудың кепілі болып табылады, деді.

Саяси қуғын-сүргін жылдары қисапсыз көп болған құрбандар жайында айта келіп, Президент кездесуге қатысушыларды, күллі қазақстандықтарды олардың аруағын өз зердесінде ұдайы сақтауға шақырды. Осынау жарқын зерде бізге тыныштық пен ізгі татулықта өмір сүріп, жаңа қоғам орнатуға көмектесуге тиіс.

Содан кейін Президент Жарлығын жүзеге асыру үшін не істеу керегі жайында кеңінен пікір алысылды.

Ашық та мүдделі әңгімені Н. Назарбаев қорытындылады.

(ҚазТАГ).

Жұмыла көтерген жүк жеңіл

Ақпанның 7-сінде, Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен кездесуден кейінгі келесі күні, саяси пар-тиялар мен қоғамдық бірлестіктердің басшылары оның шақыруына үн қатып, өздерінің ынтымақтасуы туралы келісім жасау үшін Алматыдағы Достық үйінде жиналды. Пікір алысудан кейін олар мұндай құжаттың мәтінін қабылдады. Оған алпыска жуық әртүрлі қоғамдық құрылымдардың өкілдері қол қойды.

Келісімде үстіміздегі жылды Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы ретінде жариялаған Президент Жарлығына қолдау білдірілген. Онда республика басшылығының тұрақтандыру мен экономиканы өрге бастыру, елдің егемендігін, аумақтық тұтастығын және халықаралық беделін нығайту, қылмысқа қарсы күрес, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын камтамасыз ету саласында жүргізіп келе жатқан бағытына жәрдемдесу бекемдігі айтылған.

Бірлескен құжатқа қол қойған тараптар республикада қоғамдық-саяси жағдайды тұрақсыздандыруға душар етуі мүмкін бұкаралық акциялар ұйымдастырудан бойды аулақ салу ниетінде Үкіметтің және әкімияттардың жанынан қоғамдық кеңестер құру идеясына да қолдау білдірілген.

Келісімге қатысушылар олардың күш-жігері біздің қоғам бастан кешіп отырған қиындықтарды тезірек жеңуге көмектеседі деген сенімде.

(ҚазТАГ).

1997 жыл — Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы

Отызыншы жылдардың қанды оқиғаларына байланысты Қаркарадағы «тарих ақтаңдақтары» әлі терең зерттелініп, халық қасіреті шынайы ашылған жоқ. Ресей империясының отарлау саясаты мен кейінгі дінсіз қызыл империяның сойқан тәртіп-заңына қарсы халықты көтеріліске бастаған сол кездегі батыл да батыр ел ағаларының есімдері енді-енді атала бастады. Өткен ғасырдың ортасында Жетісу өлкесін қанға бөктіріп жаулау саясатын ұстанған қазақ — орыстармен өмірбақи өш болып, ата жауымен ғасырға жуық айқасқан атақты Тазабек батырдың үрім-бұтағы Қаркарада ұлттық тәуелсіздігі үшін отызыншы жылға дейін қан төкті, сонында Қытай асып, азаттық жолындағы соғыстарын сонда жалғастырды. Жетісу өлкесін жаулаған Колпаковскийдің әскеріне қарсы оқ атып, 1871 жылы патша жендеттері алтырған Тазабектің немересі, батыр, қолмерген Жақыпберді және оның туыстарының бірі Әуезхан ақын, Оқас абыз Қаркарада халықты көтеріп Қызыл үкіметті мойындамады. «Біздің үкімет — Алаш» деп олар ашық айтты. Бұдан бір-екі жыл бұрын жасы жүзге келіп қайтыс болған Қазына әже: «Азаматы Алаштың аттанатын күн туды» деген әнді айтатынбыз десе, ол кісінің көзі тірі қызы Гүлшаруан апа: «Сен Алаш, мен Алаш, Алашқа құрбан мал мен бас» деп Жақыпберді жақтаған үкіметтің Кеңеске қарсы екенін үлкендер бізге осы өлең жолымен сездіретін. Яғни, күллі Қаркара — Хантәңірінде аты мәлім батыр елді сорақы саясатқа қарсы көтерді», — дейді.

Қулықтың тауында аю атып, оның өтін алатын, құралайды көзге атқан қолмерген, серіқсаятшы, ескіше оқыған Жақыпберді халыққа түбінде қасірет әкелетін жаңа үкіметтен жақсылық күтпейді. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде Қаркарада патшаның бақайшағына дейін қаруланған солдаттарына қарсы соғысқан Жақыпберді жиырмасыншы жылдың соңында елді бүлдіріп жатқан белсенді большевиктердің киянатына шыдай алмай еріксіз жасақ жинап, коммунист төрелердің үрейін алады. «Жақыпберді келе жатыр» дегенде НКВД-ның адамдары қорыққанынан бас көтере алмайды екен. Өйткені атқан оғы текке кетпейтін мергеннің нысанасына ілінген жау тірі қалмайтын көрінеді. Жақыпбердінің мергендігі оның жауларының зәресін осылай алған.

«Көкжал қасқыр», «хан тұқымы» атанған Жақыпбердінің әкесі Сұлтанбек шешен «Албан — Бұғының ағасы» деген атаққа ие болған белгілі кісілердің бірі екенін айта кетсек артық болмас. Сұлтекеннің Мінікей деген әйелінен Жақыпберді туады. Жақанның шешесі де тегін жан болмаса керек. Батыр туыстарының айтуына қарағанда қорада түскен арлан қасқырды қолымен қылқындырып өлтірген. Тіпті асау биелерді жалынан ұстап сауғызатын Мінікей апамыз еркектен аскан қайратты болыпты. Осындай жау жүрек батыр, отызыншы жылдың ойранында «банды» атанып, Қулық тауында жасақ-сарбаз жинап, Қызыл үкіметке қарсы күрес жүргізеді. ГПУ солдаттарымен атысып, шамасы келгенше коммунистердің билігіне қасарысып қарсы тұрды. Шенқұмар, шаласауатты, шолақ белсенділердің жазасын береді. Кеңес үкіметін жақтаған бұрынғы болыстарды айла-амалмен айтқанына көндіріп, аштық алдында тұрған елді шекара асырады.

Қулық тауының етегінде қазір «Жақыпбердінің қарауыл шоқысы» деп аталатын жотаның бауыры оның жасақ-сарбаздары, дос-туыстары, мергең, ұсталары жиналатын мекен-қонысы болады. «Батыр жасақтарының атыс-шабыс кезінде мылтықтарынан түскен оқ жездері іздесе әлі де табылады» дейді осы өңірдің тұрғындары.

Шырғанақ ауылының тұрғыны Оразбек Жанбыршыұлы Жақыпбердінің мылтығын, тағы да басқа қару-жарағын соққан ұста болғанын әңгімелейді. Соған қарағанда Жақанның сарбаздарының бес қаруы сай болған. Өткен жылы жасы 80-ге келіп қайтыс болған Халық Тойшыбеков ақсақал «Жақанның маузолай деген керемет мылтығы бар еді. Аласапыран басталардың алдында осы қаруымен жүрді. Үкімет тыншылары үнемі батырды андитын» деп әңгімесін жалғастыратын.

Тауда жасақ құрып, Кеңес үкіметіне қарсы шыққан Жақыпбердіні ұстау үшін ГПУ әскерлері барын салып, «бандылармен» соғысады. Мерген батыр жауы канша өрекеттенгенімен өзін алдырмайды. Сонында Жақыпбердінің жасағын және өзін тез күрту үшін тау үстінде барлаушы ұшақ ұшады. Айырлы асуында мерген ГПУ-дің күртуға келген әскери ұшағын атып түсіреді. Осы оқиғадан кейін Жақыпберді батыр құдіреті бар адам, киесі күшті кісі атанып, көзінің тірісінде аңызға айналады. Жақанның өжет інілерінің бірі болған, жастай ақындық дарып, сонында қызыл қырғында қыршынынан қиылған ақын Әуезхан Белгібайұлы «Тас түрмеде туған жыр» атты қасірет толғауында:

«Талқандап пулеметті бес атармен,
Жақыпберді — шын жүрек жұткан ағам.
Айырлы асуында аэропланды құлатып,
Жалғыз оқпен тажалды күрткан ағам», —

деп өзінің көзімен көрген оқиғаны осылай суреттейді. Астаналық облыстың Кеген, Райымбек, Шелек және Үйғыр аудандарын дүрліктірген бұл оқиғаға байланысты Қаркараға әскер қаптайды. Күндіз-түні болып жатқан атыс-шабыстан ел одан сайын үркеді. Жақыпберді «бандының» жасақтарын қолға түсірудің зор шаралары жасалады. Қулық тауында қанжоса қырғын болады. Бірде көп әскердің қоршауында қалған Жақыпберді мергендігінің арқасында өзіне төнген ажалдан құтылады. «Жақыпберді атса басқа тиеді, біз атсақ тасқа тиеді» деп ГПУ әскерлері енді одан үрейленеді. Бірақ қайткен күнде де «көкбөріні» күртудың әрекетіне қатты кіріседі. Жасақтарының арасынан саткын шығып, дұшпан бар сырын біліп, өмірлеріне өлім қауіп төнгенде есіл ер еріксіз Қытай асуға мәжбүр болады. Атамекен, туған жерін тастап Шығыс Түркістанға тартады. Жолшыбай «қанды майдан» салып барған Жақыпберді мұндағы Қытайдың отаршыл гоминьдан үкіметіне бағынбайды, «Ақбұлақ» деген жерде ақ ордасын тігіп, босқын болған біраз туыс-жақындарының басын қосып, ешкімге тәуелді болмай, үш жыл еркін өмір сүреді. Жақыпбердінің шағын «ауыл-мемлекетіне» Қытайдың заң, тәртібі жүрмейді.

Түбінде Жақыпберді бүкіл Шығыс Түркістанды бүлдіреді деп қорыққан Қытайдың зымиян ұлық-әкімдері «өзара достық келісімге келеміз» деп аңқау, сенгіш батырды алдап қолға түсіреді. Жақанның атақ-данқы мен босқын елге қорған болған батырлығын қызғанған саткын зәнгі, ақалақшылар Қытай ұлықтарымен ауыз жаласып, батырды қатыгез жаудың қолына түсіреді. Шығыс Түркістандағы қанды қырғын дүнген көтерілісінің қарсаңында яғни, 1933 жылы Жақыпберді ішінде пендеге жазығы жоқ ақын Әуезхан бар отыз шақты серігімен Күлжа өлкесінде атылады. Жақыпбердінің көзін күрту үшін оның атамекенінен барған жансыздар да жанын салып, астыртын жұмыс істеген. Сталиндік қуғын-сүргін мен атып-асудың әлі көп адам біле бермейтін бұл оқиға қазақ тарихындағы қанды заманның айтуға ауыз бармайтын қасірет белгі — дерегі. Атамекенінен еріксіз ауып, Қытайға барған Жақыпбердінің жат-жұрттағы қасіретті тағдыры әлі тарихшы-зерттеушілер біле алмай жүрген халық трагедиясы. Олай болса биылғы «Жалпы ұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылында жазықсыз атылған Жақыпберді батыр жайында айтпау тарихқа қиянат.

Тазабек әулетіндегі қасиетті тұлға, ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтың «Қилы заман» шығармасында Жансейіт деп аталатын батырдың көзін көрген үлкен кісілердің бәрі Жақаң жайында бір жаман сөз айтпайды. «Иманды болғыр Жақыпберді ердің ері еді ғой» деп жазықсыз кеткеніне налып, еске алады. Шығыс Түркістанда жарты патша болған Жақаңды осы жақта көрген, кейін өзі Магаданда он жыл айдауда болған Үкібай ақсақал, босқындық өмірді басынан кешірген Шәкең қария және бала көтере алмай жүргенде Жақаннан бата алып, үбірлі-шүбірлі болған Қазына әже, тағы да көптеген үлкен кісілер Жәнібек — Жақыпберді аруақ конған қасиетті адам еді, арманда кетті ғой» деп ауыздарынан тастамайтын. Жақанның ағасы, Қаркарадағы ұлт-азаттық көтерліс көсемдерінің бірі — Әубәкір батырдың ұлы, қазір көзі тірі Бәукей қария белгілі қоғам қайраткері Ораз Жандосов Кеген ауданында қызметте жүргенінде, заманның тыныш кезінде Жақыпбердің жақсы сыйлап, құрметтегенін айтады. Батырдың құралайды көзге атқан мергендігін, сер-саятшылығын және діни білім алған сұңғылалығын Орекең өте жақсы көріпті. Бірде жаздыкүні аспанда шырылдап тұрған бозторғайды ат үстінде тұрып, көздемей атып түсірген мергендігіне риза болып, мылтықтың жүз оғын Ораз ағa батырға сыйлаған екен. Жақан кейін Кеңес үкіметі кезінде қайтадан ашылған Қаркара жәрменкесіне келіп, жамбы атып, өнерін көрсетіп жүреді. Қаркара жайлауында шығармашылық сапарымен атақты казақ зиялыларының аң атып, саятшылыққа шыққан кездерінде олармен бірге бүркітін қолына алып, Жақанның да жүргені рас.

Қаркара өңіріндегі халықтың жүрегінде, атамекеннің жер-су, тау-тасында есімі тарих болып қалған Жақыпберді жайында айта берсе, әңгіме таусылмас. Оны өлкедегі елдің көрікжасына дейін біледі десек, артық айтпаймыз. Көзкелген кария оны көрмесе де аныз болған мергендігі мен «бандылығын» айта жөнеледі. Жұрттың есінде калғаны соншалық — батыр жайында аныздың толып жатқан түрлері бар.

Еңбекшіқазақ ауданында тұратын Төлебай Ш... ріпов зиялы ел... ғасы «Жақып... берді жаздыкүні киіз үйдің ішінде отырып, шанырақтан аспанда ұшып бара жатқан қос аққудың сынарын атып түсіріпті. Ажалы осы күстың киесінен болған екен» деп өзінше әңгімелейді. Оның мергендік қасиетіне байланысты бұл сияқты қызықты аныздар көп-ақ. Ал мергендігіне өздері шын куә болған кісілердің әңгімелері бұдан да асып түседі. Өйткені тегін адам аспанда ұшқан ұшақтың «жанды жерін» көздеп атып жерге құлата бермейді ғой. Бұл Әуезхан жырында жоғарыдағыдай суреттеледі.

Жылысай өңірінде ауылдық Кеңестің хатшысы болған, айтыс ақыны, қуғын-сүргін қасіретін жеріне жеткізе жазып, өзі де атылған Әуезханның тағдыры да халық трагедиясының бір көрінісі. Ақынның түрмеде жазған қасіретті толғау жыры, босқындықтың қанды сүргінін тарихта қалдырған шерлі шежіресі, біз әлі жөнді білмейтін кер заманның мұң-зары. «Отырмын тас түрменің түнегінде, қол-кісен шылдырлайды білегімде» деп басталатын ақынның қасірет жырын Қаркара өңірінде жатқа айтатындар әлі бар.

«Сия алмай Қаркарадай кең ауданға,
Тоз-тоз боп ата жұрттан ел ауғанда»,

деп патшалық қырғын мен қызыл қырғынды өз басынан кешіріп, иман-діні үшін шейіт болған Әуезхан ақын тәуелсіздік алғанынан кейін түнектен жарыққа шықты. Жақыпбердіні халықтың өзі ақтап, отызыншы жылдың «банды» — батыры деп үкты. Жақыпбердінің көзін көріп, оның жасағында жүргендер ержүрек батырға бағыштап дұға оқыды. «Ерлік — елге мұра, ұрпаққа — ұран» деген қанатты сөзі ұн-мақсаты болған «Қазақ батырлары» басылымы Жақыпбердінің 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қол бастағаны жайында жаңа деректер жариялап, 1991 жылы батырдың аруағын көтерді. Туыстары зерттеуші жазушыларға деректер берді.

Өкініштісі, өткен жылы Қаркарада өткен ұлт-азаттық көтерілістің 80 жылдық салтанатында, неге екені белгісіз, биыл 100 жылдық мерейтойын әлем атап өтетін ұлы Мұхаңның (М. Әуезов) шығармасына арқау болған Әубәкір мен Жақыпбердінің есімдері аталмады. Ұзақ пен Жәменке және Серікбай ғана сөз болды. Елінің бостандығы жолында арпалысып жүріп қапыда қаза болған Жақыпбердіні кастерлеу — кейінгі ұрпақ біздің борышымыз болуға тиіс.

Ораз ҚАУҒАБАЕВ.

• *Жазықсыз құрбан болғандар*

Жақыпберді неге «банды» атанды

белгілі қоғам қайраткері Ораз Жандосовтың өзі сері саятшылық өнеріне тәнті болған Қаркарадағы ұлт-азаттық көтерілісі батырларының бірі, кейін отызыншы жылдардың ойран саясатына оқ атып, жат жұртта жау қолынан қаза болған Жақыпберді Сұлтанбекұлының қасіретті тағдыры туралы не білеміз?



●Өткен жолдың өрнектері

Қажымас қайрат иесі

Осы бір ауыр да жауапты мамандықты жете меңгеріп, бүкіл саналы өмірін тамаша мамандыққа жұмсаған азамат Мұқамәди Смағұлов еді. Ол сонау аласапыран жиырмасыншы жылдардың басында Талдықорған облысының Ешкіөлмес деген жерінде татар молдадан дәріс алған. Кейінірек Тәкіш деген жерге келіп, онда 3-сыныпты бітірген еді. Мұқамәди онда бар қажыр-қайратын білім алуға жұмсаған болатын. Осы бір арман оны Ойжайлау (Лепсі) қаласына әкелді. Анасынан үш жасында жетім қалған Мұқамәдиге әкесі Смағұл да мейірім сала қарап, оның ынтасын, оқуға зеректігін құптап, қолдап отырды. Смағұл баласын оқысын, білім алсын деп осындағы мектепке орналастырады. Көп кешікпей бұл оқу орны Сарқант қаласындағы балалар үйіне қосылды. Осы балалар үйінде Мұқамәди 1932-33 жылдардағы ашаршылықты көзімен көріп, өз басынан кешіреді. Сол бір сұрапыл алатты қазір сексеннен асқан қарт педагог Мұқаң тебіренe отырып еске алады.

— Аштық қазақ жерін қымтап алды. Сонда біз тұрған Сарқантқа Семей облысындағы Шұбартау ауданының күн көрісі тығырыққа тірелген адамдары шұбырып келіп жатты.

Біздің балалар үйінің бір қабырғасы милиция кеңсесімен жапсарлас болатын. Сол қабырғаның арғы жағында милиция қызметкерлері өлікті қалай жинап жатқанын жиі көретін едік. Қысты күні өлген адамдарды бірінің үстіне бірін үйіп, жинап қойып, түн болғанда бір жаққа алып кетіп жатты, — деп ауыр күрсінді Мұқаң.

1934 жылы жазда, балалар жетіниші класты бітіргенде, аудандық оқу бөлімі ересектерді тұтасымен бастауыш мектептерге мұғалім етіп жіберді. Бірақ Мұқамәдидің тағдыры басқаша қалыптасады. Осы кезде Алматыдағы байланыс техникумына оқушылар қабылдап жүрген адам келіп қалады. Сол жолы ол емтихан тапсырып, оқуға түседі. Иә, Ғабит Қабылбеков, балалар үйінің директоры Әбдікәрім Қалқабаев тамаша ұстаз, нағыз педагогтар еді. Соларға қызығып, солардың ісіне еліктейтін Мұқамәди: «Мен де осы кісілердей педагог боламын», деп іштей ойланып, толғанып жүретін.

Бұл кезде Мұқамәди неге болса да батыл шешімге келіп, университетке түсу үшін емтихан алатын алайдан үміт күтетін еді.

Жақсы іс ізденістен басталады. Сабақты жақсы оқып, ғылым негіздерін ойдағыдай меңгере бастаған Мұқамәди университет басшыларының көзіне түсіп, жақсы лебіздер ести бастайды. Сондықтан да олар оны Жамбыл ауданындағы «Дегерес» кеңшарына улы жыландарды зерттеп, олардың зиянынан асыл тұқымды жылқыларды қорғау үшін жылан уына қарсы сарысу жасау жолдарын зерттеуге арнайы экспедиция жіберді. Мұқамәди өзіне тән ұқыптылығымен, зеректілігімен Жамбыл ауданы жерінде кездесетін сұр жылан (гадюка) мен қалқан тұмсықтан (щитомордник) ұстап, уларын алып, өздерін зерттеп, бар материалды университеттің ғылыми лабораториясына тапсырады.

Бұл жұмыс Смағұловтың беделін көтеріп, ғылымға қадам басуына жол ашты. Оны аспирантураға қалдыру ұйғарылады. Бірақ Отанымызға қауіпті жағдайлар туа бастайды да, оның бұл үмітінің орындалуы қиынға түседі. Көп кешікпей Фин соғысы бұрқ ете түседі. Осыған байланысты университеттегі соңғы курс студенттері әскерге алынған мұғалімдердің орнына жер-жерлерге мұғалімдік жұмысқа жіберіледі, Мұқамәди Семей облысындағы Сергиополь селосындағы педучилищеге бір жыл сабақ береді. 1940 жылы жазда университетте мемлекеттік емтихан тапсырып, диплом алады. Туып-өскен жері Сарқантқа келіп, орыс мектебінде сабақ береді. Көп кешікпей облыстық оқу бөлімінде істейтін досы, қарт ұстаз Ғұсманов шақырып алып Қапал педучилищесіне орналасуға ақыл береді. Кешікпей оның директоры болады.

1950 жылы училищенің үй-жайлары Орта Азия әскери округіне беріліп, училище жабылады. Смағұлов біраз уақыт облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметін атқарып, 1952 жылы осы педучилищенің директоры болып тағайындалады.

Бұл кезде Мұқамәди Смағұлов педагог ретінде қалыптасқан, ақыл-ойы толысып, тәжірибесі молайған басшы дәрежесіне жеткен болатын. Ол жастарға білім, тәрбие беруді жан-жақты ойлайтын азамат деңгейіне көтерілген еді.

Мұқамәди педагогикалық жұмыстарды ойдағыдай жүргізу үшін күш-жігерін де, ақыл-ойын да аяған жоқ. Оның басшылығымен көптеген жатақханалар, клубтар салынды.

Мұқаң қазір сексеннің сеңгірінде. Құдай қосқан қосағы Сағымқан да педагог. Екеуі сонау 1946 жылы Қапалда жүргенде қосылған. Таяуда үй болып, ерлі-зайыптылардың татутәтті өмір сүргеніне 50 жыл толды, алтын тойларын дүрілдетіп өткізді. Мұқамәди мен Сағымқан әже бес қыз, бір ұл өсіріп, тәрбиелеген үлгілі ата-аналар. Балаларының бәрі жоғары білімді, үйлі-баранды. Олардан 18 немере сүйіп отыр. Бұлардың бәрі Мұқаң қарияның қуанышы, мақтанышы.

Үсенбай ТАСТАНБЕКОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Қаскелең қаласы.

ТОҚЫРАУДЫҢ СЕБЕПТЕРІ

Питирим Сорокин — тегі орыс, бірақ Америкада өмір сүріп, еңбек еткен, XX ғасырдың атақты ойшылы, ұлы социолог. Кеңес өкіметі тұсында атын атауға, еңбектерін оқуға тыйым салынған. 1889 жылы туып, 1968 жылы дүние салған.

Ғалым өз зерттеулерінде адам баласы ес білгелі дүниеге үш түрлі көзқарас: діни, идеалистік және ғылыми-материалистік көзқарастар үстемдік еткенін айтады. Үшеуінде де абсолютті ақиқаттың жоқтығын, алғашқы екеуінің қазіргі кезде екінші, үшінші қатарға ығысып шығып қалғанын, соңғы үш жүз жыл бойына дүниеге ғылыми-материалистік көзқарас үстемдік құрып тұрғанын ескертеді. Ғылым — материлистік көзқарастың денесі мен тәні дейді. Дегенмен, дін мен идеализмді теріске шығарып, материализмді ғана абсолютті ақиқат деу — адаскандық болар еді. Дін, идеализм, басқа да көзқарастар надандық, кателік болса, онда жер бетінде бірде-бір адам өмір сүріп, тіршілік ете алмаған болар еді. Материализмнен басқаның бәрі теріс болса, адаскандық болса, жеке адам түгіл қоғамның өзі ондаған, тіпті, жүздеген жылдар бойы қалай өмір сүрген деген сұрақ туады. Бұған әлі күнге дейін мемлекеттерін, қоғамдарын дін мен санаға деген көзқарас басқарып келе жатқан елдердің тәжірибелері дәлел бола алады. Ортағасырлық Еуропада 600 жыл бойына дін үстемдік етіп келді, соған қарамастан, Батыста кері кеткен, құрып кеткен бірде-бір елді білмейміз. Сөйтіп, тарихи факт діннің де, сананың да (идеализм деп оқыңыз) тұтастай кате емес екенін дәлелдеп берді. Дүниеге көзқарастың бәрінде ішінара болса да күрделі объективті шындықтың аспектілерінен білім беретін шындық бар. Әдеттен тыс харизматикалық және мистикалық формада тек қана пайғамбарларға, ұлы ойшылдарға, ұлы суретшілер мен ұлы діни лидерлерге берген Құдай дарыны бізге объективті шындықтың, сезіміміз бен логикамыздың шамасы жетпейтін аспектілерін ашып береді. Қазіргі заманғы материалистік жаратылыстану ғылымдары мен технологияларының түбінде, мәселен, математика мен логикада сананың (идеяның, материяның емес) көп бөлігі жатыр. Айналып келгенде, дін мен ғылымның түп негізінде адамның түйсігі (интуициясы) бар. Ғылымдағы көптеген жаңалықтар тәжірибе, эксперимент жолымен емес, түйсіктің көмегімен ашылған. Түйсік, сондай-ақ сұлулықтың, адамгершілік нормалар мен діни құндылықтардың да негізі. Содан барып адам ойын, санасын, түйсігін, алдын ала болжағыштығын, яғни идеализмді қалай түгелге теріске шығаруға болады? Ньютонның, Галилейдің, Мейер мен Пуанкареның жаңалықтары тәжірибеден емес, түйсіктің арқасында ашылған. Бұл тұрғыдан алғанда өнердің барлық саласындағы, діннің, әсіресе, моральдың көптеген аспектілері кемеңгерлердің шабытқа толы сирек кездесетін ғажап түйсіктерінің арқасында дүниеге келген. Біз кез келген шынайы шығармашылықтың кез келген шынайы ашылулар сияқты шығармашылық екенін ұмытпауға тиіспіз. Моцарт немесе Бетховен, Рафаэль немесе Дюрер, Фидий немесе Шекспир, Будда болмаса Мұхаммед, Платон немесе Кант өздерінің көркем, діни немесе философиялық жүйелерін жасаған кезде шынайы дүниедегі жасырын мүмкіндіктерді актуальды ете түскен, олар біз білмейтін жайларды тауып, ашып берген. Егер бүкіл көркем, діни, философиялық және этикалық құндылықтарды жойып жіберіп, материалистік ғылыми ашылуларды құрғақ фактілермен, цифрлармен, қатал шындықпен ғана тұжырымдасақ, әлем, шынайы өмір туралы түсініктеріміз қаншалықты ақиқат, қаншалықты терең болғанымен жұтаңдаңар еді, қор болар еді. Миллионерден қайыршыға айналар едік. Дінде де, идеализмде де, сезімде де жекелеп алғанда абсолютті ақиқат жоқ, солардың бәріне тән ортақ шындық қана абсолютті ақиқатқа епте жақын келеді. Қазіргі материалистік ғылыми көзқарастың тоқырауы кездейсоқ сырткы себептерге байланысты, бұл тоқырауға ол өзінің даму барысында тап болып отыр. Қазіргі кездегі соғыстар тоталитарлық диктатураларға қосылып, шығармашылық энергияның шаршауы мен төмендеуіне соқтыруда, ол құлдырау гуманитарлық және қоғамдық ғылымдардан жаратылыстану ғылымдарына, технологияға жайылуда. **Экономистер экономикаға неғұрлым көп араласқан сайын ол одан сайын жаман бола түсуде, саясаткерлер мемлекетті реформалауға неғұрлым мол араласқан сайын үкімет реформаға одан да көп мұқтаж бола түсуде. Отбасының ісіне социологтар, психологтар, антропологтар мен заңгерлер неғұрлым мол араласқан сайын бүлінген отбасылар одан ары көбеюде; қылмыстың алдын алуға байланысты ғылыми шешімдер молайған сайын қылмыс одан ары өрши түсуде.**

Қазір дүние жүзінде үстем болып отырған материалистік көзқарас нәтижелі қолында қоғамдық, жаратылыстық-мәдени мы болғанмен, олардың процестерді басқаруы қиындауда. Экологиялық, ядролық, табиғи апаттардың алдын ала алмауда, әлеуметтік, саяси, экономикалық жағдайлардың болжалданбаған арынды ағыстары жағадан жағаға, жартастан жартасқа апарып соқтыруда. Қытайдан бастап Батыс Еуропаға дейінгі аймақта миллиондаған адам бақытсыз, қорғансыз, аш-жалаңаш өмір сүруде. Соғыстар, ұлт араздықтары, қылмыс, психикалық аурулар, өзін өзі өлтірулер — көлемі белгісіз меңдеген аурудың айғағы. Көз алдымызда адамзат мәдениеті күңгірт тартуда. Соғыс алдында сөзегей ғалымдар тыныштық орнайды дейтінді, экономикалық құлдырау мен қайыршылық қарсаңында әлем экономикасы барынша гүлденеді деуді, революциялар мен ұлтаралық соғыстары қарсаңында тұрақты тәртіп пен заңды прогресс болады деуді шығарды. Ғылымның атынан айтылатын кедейлікті, соғысты, тиранияны, қанауды және басқа да әлеуметтік ақауларды жою жөніндегі ұсыныстар іс жүзінде олардың күшейе түсуіне себепкер болуда. Демократияны күшейтеміз десек, ол барған сайын өлсірей түсуде. Дін мен сананы (идеализмді) тәрк еткенде, дүниеге материалистік ғылыми көзқарастың жеткен биігі, сынаржақтықтың жазасы — осы.

Бұл күнде ақша жасау, дүние табу — Құдайдың жіберген рахымы деліпуде, тіпті, ол табиғат алдындағы басты парызын етіп көрсетілуде. «Біз бүкіл христиандарды шамалары келгенше ақша табуға шақыруымыз керек, — деді Джон Уэсли. — Сонда ғана олар бай болады». Америка президенті Бенджамин Франклин: «Естеріңде болсын, уақыт ақша. Естеріңде болсын, ақшаның өндіргіш, жеміс беретін табиғаты бар», — деп уағыз айтады. Материализм, ғылыми көзқарас, ақша мен зат діндармыз дейтін адамдардың өздерін дін жолынан тайдырды. Жексенбі күндері діндарлар Құдай мен Мәңгілікке сенеді, ал жай күндері қор биржасына сенеді. Жексенбі күндері олардың басты кітабы — Библия да, жай күндері иман келтіретін басты да қасиетті кітаптары — Гроссбух.

Ғылыми көзқарас, материализм мол табысқа жетті. Дүниенің қыры мен сырына ашты, ғарышқа ұшты, басқа планеталарға — «атбасын» бұрды, адамның ұрпақтарын, туратын позитрондардан, электрон телевизор мен компьютерлерді пұтқа, қара тасқа, иконқаратқан қасиетті әулиелер зиратына, қағбаға табынған «қаранғы» халық, енді соларға табынуда. Молдалар мен поптарға емес, енді соларға сенеді. Құдайдың, о дүниенің, жұмақ пен тозақтың жоқтығы көз жеткізе дәлелденген соң, қорқатын да, именетін де ешнәрсенің болмағаны ғой. Атом мен позитроннан тұратын адамның ойдан шығарған моралі, гуманизмі, адамгершілігі, рахымшылдығы мен қайырымдылығы кімге керек, бәрі орындасаң да, орындамасаң да болатын шартты нәрсе емес пе? Бүгін барсың, ертең жоқсың, өлі дүниеге — атомдарға, топыраққа қайта барып қосыласың. Қара күштің диктаты мен қантөгістер, жеккөрушілік, берекесіздік осыдан келіп шығады. Адамды адамның, таптың таптың, ұлттың ұлтты, нәсілдің нәсілді, мемлекеттің мемлекетті жеккөруі, көре алмаушылығы адамзатты біріктірудің орнына бір-бірінен алшақтатуда. Бәріміздің бәрімізді жеккөруіміз жеті басты аждаһадай кіжінуде. «Пайда келтіретіннің бәрін істеу» заманымыздың ұранына айналды. «Құдайға сену пайдалы болса, сеніңіз, ал ісіңізге кедергі келтірсе, пайдасыз болса, сенбеңіз». Пайда табу, ақша жасау — Құдаймен парапар. Ақшаға аранымыздың ашылуы да, байлық үшін ұятсыз күреске түсуіміз де содан. Біздің ақсүйектеріміз сәті түскен нәрсені молынан қарпып қалуда. Уақытымыздың трагедиясының негізінде осындай моральдық цинизм (ардан кету) жатыр. Қоғам Құдайдан құтылса, Абсолюттен арылса, моральдық құндылықтарды теріске шығарса, онда олардың орнына қара күш келеді, алдау, арбау келеді. Қазіргі материалистік қоғам адамының трагедиясы да осында. Құдайға сену, «жоққа» сыйыну адамның адамгершілігін, ар-намысын, қасиетін, тәуелсіздігін сөзсіз қорғап келген еді. Бұл қаруынан айрылып, «көзі ашылған» адам қазір кездейсоқ күштердің қолындағы ойыншыққа айналды. Қазіргі адам күштілердің біреуіне пайдалы болса, тиімді болса ғана оған ол пайдалы жануардай дұрыс қарайды, камқорлық жасайды. Егер күшті адамға тиімсіз болса, зиян келтірсе, онда ондай кісіні жоқ қылып жіберу — улы жыланды өлтіргеннен оңай. Күртып жіберген адамның кінәлі болуы, қылмыскер болуы, басқа бір себептің болуы — шарт емес, адам болғаның жеткілікті. Арбаға жегетін малға да адам ешқашан бұлай қарамаған шығар.

Діни және идеалистік (саналылық пен парасат, түйсік) көзқараска этика мен құқыққа қайтадан бет бұрмай, құндылықтарды (өмірді, ар-ұятты, намысты, гуманизмді, махаббатты) абсолюттендірмей, әмбебаптандырмай қоғам-материалистік ғылыми қоғам өзін өзі әкеп тіреген тұйықтан шыға алмасы анық.

Әзірлеген Қалдыбай ИМАНБАЕВ.

1997 жыл — жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы

Үстіміздегі 1997 жылды «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялаудың ерекше мәні бар деп түсінем. Себебі осыдан 60 жыл бұрын большевиктердің қатыгездігінің шегінен шығып, коммунистердің «құрбан айтына» мал емес адам шалынып, мыңдаған арудың жесір, баланың жетім қалғаны баршаға мәлім. Сол бір ел басына түскен ауыртпалық біздің шағын Ақбастау ауылын да айналып өтпегені белгілі. Әлі есімде, мектеп есігін алғаш ашқан жылы біздің Ақбастау ауылының тұрғындары Қаратөбеде қаралы митингіге жиналды. Бұл қаралы митинг 1934 жылы С. М. Кировтың «халық жауларының қолынан» күтпеген жерден қаза болуына байланысты өткізілген еді. Менің ойымша, сол бір мазасыз күндерден «халық жауы» деген халықтың санасын сарғайтқан, жүрегіне күдік жайлатқан зілзала заман басталды. Ал ол 1937 жылы өзінің ең бір шарықтау шегіне жетіп, миллиондаған жазықсыз жандардың қызыл қанына боялған туын тікті. Ауылдастар, туыстар бір біріне сенуден қалды, ауыз құлпылаулы, көз жұмулы, құлақ тас керең болды.

Біздің балалық шағымыз дәл сол «тар жол, тайғақ кешу» заманына тұспа-тұс келіп, атадан қалған мұраның көбін ұқпай өстік, алысты көрмейтін, жақынды танымайтын болып тәрбиеледік. Ал, кейбіреулердің күні бүгінге дейін бөрік астынан бөрі, тырнақ астынан кір іздейтінді сол бір зұлмат заманның сарқыншағы ма деймін.

Ал ағайын, жекжат-жұрат, құда-құдағи, нағашы-жұрт, қайын-жұрт деген ұғымның қазақ баласы үшін қаншалықты ыстық та жақын екенін ескерсек, сондай адамдардың ел басына түскен нәубаттың кесірінен бір-бірінен алшақ кетуі қандай қиянат десеңізші?! Бір кезде «халық жауы» атанған Жандостовтар Жантүгел ауылының жақын жиендері екен. Ораз, Оразалы, Мүшәй Ұшқызылдың шоқысындай бірінен бірі биіктеп, Далатау — Шоқпар жайлаған нағашы жұртының жүрегін күн сәулесі түскендей жадыратқан кезі де болған көрінеді. Содан 1937 жыл деген қаралы күндер туып, арман оты жылт етіп өшіп қалғанын ауыл ақсақалдары сыбырлап қана айтатын.

1937 жылы Жандосовтар «халық жауы» атанып ұсталғанда Жантүгел ауылының бас көтерерлері «Жандосовтың нағашысы, қолшоқпары, шашбаушысы, құдасы, жанкүйерлері» делініп Далатау — Іле-Шу өңіріндегі «халық жауларының» ілкі алды болып ұсталды. Солардың көбі от басына оралмады, кімнің қай жерде қалғанын да ешкім білмейді. Жантүгел ішінде іздеу салар ешкімнің қалмағаны ғой. Ол зілзаладан бірен-саран қалғандарды Ұлы Отан соғысы жұтып кетті де, бүгіндер Жота жерінде ел де, Жантүгел атты ауыл да жоқ.

Япырмай деймін кейде өзіме өзім, сол бір күндері жақсының шарапатынан гөрі «пәле-жаласы», «кесірі» мірдің оғы болып тиген екен-ау, ағайын жұртына. «Пәле-жаладан сақта!» деп құдайға жалбарынуымыздың сыры осында ма деймін.

Соғыс біткен соң бірер жылдан кейін «халық жауы» болып ұсталғандардың біразы қу сүлдесін сүйретіп елге оралғанда ғана есін жигандар сол бір ауыр кездер туралы сыр аша бастаған еді.

Жиендердің ішіндегі кішісі, әрі өзі Жантүгелге жиен-күйеу болған Қиқымның кенжесі Мүшәй 17 жыл айдауда болып, туған еліне елуінші жылдардың басында оралған. Соның өзінде «қаралы көңілдің» бірден ашыла қоймағаны сонша, сол Мүшәйдің 70 жасқа келген тойын ұйымдастырған немере інісі Санжардың шақыруымен барғанымызда, бірінші рет сұқбаттасып, жақын отырып тіл-қатқанымызша жат жұрттай жүре беретінбіз. Тіпті Алматы — Ташкент жолының бойында «Қазақтың Морозовы» атанып, тас мүсіні қойылған Болатбек Мүшәйдің жары Биғайша әкпеміздің бірге туған інісі екенін, оны қатарға қосқан Мүшәйдің өзі екенін білсек те тіс жарып, жақын жұрағаттармыз деуге жүрегіміз дауаламаған екен-ау.

Сол күні Мүшәй жиналған ел алдында бәрімізге қуанышты көңілмен рахмет айта келіп, үлкен тебіреніспен жан жары Биғайша әкпеміз жайлы аңыздай әңгіме қозғағаны есімде. әкпеміз сол кезде ашылмайтын есіктердің табалдырығын тоздырып жүріп, Мүшәйдің қайда жүргенін сырттай қадағалап, көз жазбайтын көрінеді. Неткен ерлік десеңізші! «Мұндай қылық Жантүгелдің ғана қыздарынан шығады» деп қойды ол сөз арасында.

Биғайша айлап, апталап жүріп бір нәрселердің басын құрап, жинаптеріп Мүшәйға посылке салады екен. Олардың көбі жетпеген де көрінеді. Содан сәті түсіп бір посылке қалай да Мүшәйге жетеді.

Посылкені мұқият тексеріп, онда да дәрігердің қатысуымен ғана ашатын болса керек. Сонда посылкенің ішінен жылы тоқыма шұлық және «Шелек» совхозында өсетін темекі жапырақтары шығады. Шұлықты өзі алып, темекі жапырақтарын өзгелерге үлестіреді.

Дәрігер ертеректе осындай бағалы темекі тартып үйренген ленинградтық үлкен ғалым болған екен, әлгі темекіні тартқаннан соң жан-жайлауын тапқандай жадырап, көздері ұшқын шашып, сел-сел терге батады. Мүшәй темекінің оған соншама ұнағанын байқап, бір жапырағын қалдырмай соған береді. Сол күннен бастап Мүшәй әлгі ғалым-дәрігердің қойған диагнозы бойынша адам өміріне аса қауіп төндірмейтін жұмысқа ауысады. Шынында да Мүшәйдің елге өлмей тірі келуіне бұл жай себеп болады.

Енді бірде Мүшәй айдаудан келісімен қайын-жұртына барғанын тілге тиек етті. Хал-жағдайына қарай әркім жиен-күйеуді үйлеріне қонақ қылып қондырып, аз күн сыйлапты. Содан ауылдың үлкендері бас қосып: «атадан қалған салт бойынша, жесір қалған күйеуге отау көтеріп, алдына мал салып, таңдаған кісің болса, айт» депті Мүшәйға. «Ырым, рәсімдеріңнен айналайын, жұрағатым, бауырларым, менде әлі үй болам-ау деген ойдың елесі де жоқ, есімді жиып, етегімді жабайын. Содан кейін тағы айналып келермін». «Қайын-жұртымнан Биғайшаны көргендей болып, оның басқан ізін басып, бірге суын ішкен бастаудан сусындап, бір жасағандай болып, төстегі елге қайттым», деп көрі күйеу көзін сүртті.

Мен, қарап отырмай, оны жездесіне «Мүшеке, шыныңызды айтыңызшы, жендеттер ұрып-соққанда халқыңа істеген қандай «жауыздығыңызды» мойныңызға алдыңыз?» дедім.

«Мойныма алатындай ешбір жаман қылығым да, қылмысым да болған емес. Қолымнан келгенінше халқыма, соның ішінде сенің де туысқандарың бар, өсіресе ашаршылық жылдары кімге жақсылық жасағанымды мен білем, құдай біледі. Бірақ, жендеттердің алдында біреуге жақсылық жасадым деп айтқаным жоқ, онсыз да Жандосовтардың жұрағаты дегендердің бәрін жазалады емес пе. Менің бар кінәм де, күнәм да Ораздың туған інісі болғаным еді. Ол, біле білгенге, маған құдай сыйлаған бақыт еді ғой. Сондықтан мен әркез өзімді Жандосовтар ұрпағының бешенесіне жазылған бақытты да, бақытсыздықты да қатар көтергенімді өзіме үлкен мәртебе санадым, мойымадым.

Ораз бен Оразалының бастарына келген зобаланды мен де бірге көтеруді қаладым, олармен жаным да, арым да, ожданым да тең болса екен деп тіледім құдайдан. Менің ардақты бауырларымды «жау» дегендерге мен қалайша «дос» болып қаламын.

«Халық жауы» атанғандардың үрім-бұтағына балта шабу былай тұрсын, қарға тамырлы қазақтың *түп-тұқиянынан бастап жазалауды,* тіпті сәлемі түзу қалыс ағайындар мен реті келгенде дастарқан жайып, шай бергені үшін де «халық жауы» санатына қосып, итжеккенге айдату әдетке айналғаны кімге жасырын сыр. Сондай қарап жүріп «халық жауы» болғандардың бірі Байғазы Қырықбаев екен. Сондағы оның бар кінәсі Ораз Жандосовтан дәріс алып, ауыл шаруашылық техникумын үздік бітіргені, Мәскеуге институтқа оқуға жолдама алғаны. Оқуын тәмамдап келген соң сол кезде облатком болып тұрған Жандосовтың қоластында жігерлі жастың қызық та, қызу іске араласқаны.

«Халық жауын» кеңселерден іздеп болып, жалпақ ел бас қосатын, тіршілік көзі болған базардан табуға кіріскен кезде, Шиен базарында мәңгі жасайтын Ешбай деген аспазшыны, Ораз Жандосов бір келгенде қолынан мәнті жеп, өзін мақтап кеткені үшін оны да итжеккенге «халық жауының» санатында айдатып жіберген. Ол бейшараның бар жазығы «Ораздай тамақты сүйсініп ішетін адам сирек кездеседі. Оған тағам берудің өзі көңілге жылу әкелетін» депті қасындағы біреулерге. Сол сөзі «халық жауы» болуға толығынан жетіп жатса керек.

Ораз Жандосовтың жанкүйер жұрағаттары қатарында Ысты Бөлтірік шешеннің ұрпағы Дәулетбақтың екі бірдей ұлы — Қызырәлі, Қызырбек пен нағашыларының балалары Сәлдебай мен Жомарт — бәрі қатар «халық жауы» деп ұсталып, елге қайта оралмады, зым-зиян кетті.

Осындай абзал жандардың атарын естігеніміз болмаса, өздерімен аға-іні болып сұхбаттаса алмай қалдық емес пе. Себебі ол кезде біз әлі торғай ұстап, доп қуалап жүрген бала едік. Шынын айтсақ, сол күндері халықтың, ағайын-туғанның көл болған көз жасын ұға да білмедік-ау. Қайдан білеміз, егер ешбір жан тіс жарып ештеңе айтпаса, ауыздары құлпылауы болса.

Қасқабай МҰҚАНҰЛЫ,
ұстаз, соғыс ардагері.

● *Жазықсыз жазаланғандар*

Жандосовтың жақындарын қуғындау

қарға тамырлы қазақтың бетке ұстар бейкүнә азаматтарын итжеккенге айдатуға сылтау болды

«Бүгін өздерің бас қосып тойлап отырған 70-ке келуіме Жантүгел ауылының аяулы аруы, менің ардақты асыл зайыбым Биғайшаның қосқан үлесі мол. Менің бағыма туған сол абзал жан өзі аш-жалаңаш болса да менің қамымды ойлап соңымнан оқ бойы ұзамай жүріпті. Содан, менің сорыма, мен түрмеден босанардан азақ уақыт бұрын дүниеден өтіп кетіпті. Маған оның бәрі ол кезде белгісіз еді, келгенде естіп: «Қара жер, неге мені Биғайшамен қатар жұтпадың» деп талай-талай, қой соңында жүріп баладай жыладым» деп көптің алдында көзіне жас алғанда, көбіміздің көңіліміз босап, «әттең дүние-ай!» дегеннің осындайда айтылатынын ұқтық.

Сонда Мүшәйдің ертегідей егілтіп айтқан әңгімесі мынадай еді. Биғайша

Қуғын-сүргін құрбандары рухына тағзым етті

Республика Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялауы көпшілік қауымның көңілінен шығып, оң бағасын алуда.

10-ақпанда республиканың көрнекті ақын-жазушылары, өнер қайраткерлері 1937—1938 жылдары мәйіті құпия көмілген «Жаңалық» елді мекенінде (астанадан 60 шақырым) болып, қуғын-сүргін құрбандарының рухына тағзым етті. Арнайы орнатылған белгі таста «Бұл жерде біздің қасіретті заманымыздың құрбандарына — жазықсыз атылғандарға, құпия көмілгендерге ескерткіш қойылады!» деп жазылған. Бұл шараны Жазушылар одағы басқармасы ұйымдастырды.

Еске алу рәсімін одақ басқармасының хатшысы Темірхан Медетбеков ашты. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен үстіміздегі жылдың саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялануының үлкен астары бар, бұл — ұлы күрескер әке-ағаларымыздың рухы алдында бүкіл қазақстандықтарды бірлікке, татулыққа шақыру, деді ол. Ал, жалпыұлттық татулық біздің тәуелсіздігімізді нығайтудың және әлеуметтік- экономикалық өрлеуіміздің бірден-бір кепілі.

Атылып, Боралдайда жерленген 19 мемлекет қайраткерін қоспағанда, бұл жерде барлығы 630-дай белгілі қайраткеріміздің сүйегі жатыр. Оларды 1938 жылы ақпанның 21-інен бастап наурыздың 13-іне дейін құпия түрде лек-легімен атып, сүйегін жасырын көмген. С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Ж. Сәдуақасов, А. Мусин, Ж. Шанин, М. Масанчи және басқа арыстарымыздың — тоталитарлық жүйенің жазықсыз құрбандарының сүйегі кейінгі кезде сол жерге арулап, қайта жерленді.

Белгі тас басында халық жазушылары Ә. Әбішев, Д. Әбілов, республика саяси қуғын-сүргін құрбандары ассоциациясының төрағасы Б. Мұстафин, Ілиястың қызы Үміт Жансүгірова, Бейімбеттің қызы Гүлсім Майлина, Сәкеннің қызы Рымжан Сейфуллина, ұйғырдың белгілі жазушысы М. Зұлпыхаров сөз сөйлеп, ақын Л. Кривощеков марқұмдарға арнаған жаңа өлеңін оқыды.

Құрбандарға арналып құран оқылып, артынан ас берілді.

Рәсімге республика Президенті аппараты, үкімет аппараты, Алматы облысы, Алматы қаласы Алмалы ауданы әкімшіліктерінің өкілдері қатысты.

(ҚазТАГ).



«Бізді қазақ жері табыстырды» — дейді ерлі-зайыпты Мальцаговтар

Ақши ауылында ингуш ұлтының бірден бір өкілі Сұлтан Мальцаговтардың отбасы көптен бері тұрады. Жетпістен асып кетсе де, ширақтығын жоғалта қоймаған қарияның қашан болсын «Қалай, денсаулық жақсы ма? Ең бастысы денсаулық қой. Аллатағала денсаулық пен бақыт сыйласын» — деп қалбалақтап тұрғанын көресіз. Алғаш көрген адам Сұлтекеңнің басынан тағдырдың талай үйтқыған бораны соғып өткендігін аңғара да қоймастай.

Ұлы Отан соғысының отты жылдарында чешен мен ингуш, неміс пен корей сияқты ұлт өкілдерінің Қазақстанға жаппай күштеп көшірілгендігі белгілі. Сұлтекеңнің зайыбы Эрна апай 1941 жылы Украинаның Донецк қаласынан жеткен алғашқы дүрмектің ішінде болса, өзі Қазақстан топырағын тұңғыш рет 1944 жылы басыпты. Арып-ашып қиналып жеткен ағайындарды қазақ халқының қандай қамқор көңілмен қарсы алғандықтарын қайталап жатудың өзі артық секілді. Ол шақты жарты ғасыр бірлесіп ғұмыр кешкен ерлі-зайыптылар ең бір жылы сезімдермен еске алады.

1974 жылы тағдырларын тоғыстырған ингуш жігіті Сұлтан Мальцагов пен неміс қызы Эрна жаңа мекендеріне толықтай бауыр басып кетті. Алғаш Аққол мен Бақаназта, кейіннен Аралтөбеде еңбек еткен олар кейінтіннен осы Ақшиге қоныс аударып, біржолата тұрақтады, қазақтармен қоян-қолтық араласып кетті. Әсіресе Эрна апай қазақ тілінде сөйлегенде, өзімізді жаңылдыра жаздайды.

Бір қызығы, Сұлтан аға өз ағайындарының туып-өсіп, бауыр басқан ыстық ұя-қимас мекендерінен жер аударылғандығына Сталинді кінәлі санамайды. «Оны жаңылыстырған Берия ғой, басқа ғайбаттама» — деп сан мыңдаған, миллиондаған адамдардың қырылып, бүтіндей ұлттардың жер бетінен жойылып кете жаздауына себепкер болған қанды мойын қылмыскерге шаң жуытпайды. Қарт адамның кезінде әбден қалыптасып қалған көзқарасын өзгертуге біз де тырыса қоймаймыз.

Біржолы Сұлтан ағамен көп жыл көрші болған Серік Бұғыбаев деген азамат қорасының бір түпкіріндегі майда-шүйде заттар арасынан Сталиннің қоладан құйылған шағын мүсінін тауып алыпты. Сол кезде барып Серіктің ойына Сталинді керемет қадірлейтін көршісі Сұлтеке түседі.

Көршімнің сол кездегі қуанғанын көрсең, — деп еске алады кейіннен Серік. — Мен үшін мүлдем қажетсіз қара темір сыйлағанымды ат мінгізіп, атан жетелеткеннен кем көрген жоқ. Қайта-қайта алғысын жаудырып жатқаны.

Осы оқиғаны кейіннен көршілер көпке дейін өңгімелеп күліп жүрді. Сыйға алған Сталиннің мүсінін Сұлтекең тура төсегінің үстіне іліп қояды. Эрна апай, әрине, мұнысын онша жақтыра қоймайды. Арғы-бергі тарихтан хабары бар ол кісі шалына: «Сталин тірі кезінде талай ингуштің түбіне жетіп еді, бір күні жер сілкіне қалғандай бола қалса, мына өлген Сталиннің өзі үстіңе құлап, енді сені жазым етуі мүмкін», — деп өзілдейді. Ондайды Сұлтекең құлағына қыстырсын ба, қабырғадағы мүсінге әрі-бері өткен сайын бір көз салып мәз болатын көрінеді.

Бүгінде қосылғандарына тура жарты ғасыр толып отырған Сұлтан аға мен Эрна апай ұл-қыз, немере өсіріп, тамырын тереңге жіберген бейтерекке айналған. Олар өмірлеріндегі ең бір қиын-қыстау кез табыстырған қазақ жеріне біржолата тұрақтады. «Кавказға да, Германияға да жиналып жүрген жоқпыз. Осы тірлігімізден жарылқасын. Уақыт жетіп, олай-бұлай болып жатсақ, топырақ қазақ жерінен бұйырсын деп отырмыз» — дейді Сұлтан аға.

Топырақ демекші, жаңа айтып өткеніміздей, жетпістен асқанымен әлі күнге дейін тып-тың Сұлтан қария жақында алақ астынан дәрігерлердің пышағына ілігіп, шағын операция жасатты. Мұндайда адам көңілі үміттен гөрі күдікке бейім тұрмай ма, аз ғана күн басы ауырып, балтыры сыздаған Сұлтекеңнің ойына да әр нәрсе оралып Эрна апайға күтпеген бір өтініш айтады. «Алда-жалда олай-бұлай болып кетсем, мұсылман зиратына, қазақтардың арасына қоярсыңдар деген кезде менің де көңілім босап, жылап жіберe жаздадым», — деді Эрна апай.

Иә, өмірлерінің саналы бөлігін түгелдей дерлік қазақ жерінде өткізген қосақтардың жаңағыдай өңгімесі ауылдастары үшін тосын дүние емес. Бұл төңіректің тұрғындарына Мальцаговтардың отбасы сыйлас көрші, жақсы замандас, бір қуаныш, бір қайғыда бас қосатын жақын ағайын саналады. Солардың ыстық ықыласы мен ақ тілеулерінің арқасында кезінде құғын-сүргіннің құрығына ілінсе де, қиындыққа қажымай, жергілікті ұлтпен қоян-қолтық араласып кеткен бұл әулеттің аспаны алдағы уақытта да ашық бола берер деген ойдамыз. Пайым солай болғай.

Н. ӘБДІРАХЫМ,
«Жетісудың» меншікті тілшісі.
Күрті ауданы.

ТОЛ СОТЫЛМАЙТЫН ТАТУЛЫҚ ПЕН ЕСКЕ АЛУ ЖЫЛЫ 97

БАСТАУ: Иә, биылғы жыл біздің республикамызды мекендейтін халықтар үшін айтулы жыл болмақ. Сталиндік сұмдық саясаттың қанды шеңгеліне іліккен репрессия құрбандарын еске алып, өткен тарихымыздың қаралы беттерін қайта парақтап, олардың есімдерін жаңғыртып жатырмыз. Халқымыздың бетке ұстар азаматтарының шаңырағын шайқалтып, оларды «халық жауы» деген айыппен ату жазасына кесіп, ал әйелдерін «Қарлағқа», «Алжирге» әкеткен қызыл қырғынның зұлматын қалай ұмытармыз! Сол үлкендермен бірге тағдыры талекке түскендердің бір тобы — «халық жауының» балалары. Бүгінгісі бекімей жатып ерте есейген, 37-ның тешкісінен теңтіреген балалар тағдыры туралы да білгеніміз дұрыс-ау. Енді өздеріне сөз берелік.

«Халық жауының» балалары

Тәйжан БЕРДЕНОВ, Софья БЕРДЕНОВА, ұлы Алдан.









Ғалымжан БЕКТЕМІСОВ, ұлы Самат.





Сабыр АЙТХОЖИН, қызы Айша.







Жұмағат КОЖАХМЕТОВ, Гүлбайрам КОЖАХМЕТОВА, қызы Сәуле.

Берденов Алдан ТАЙЖАНҰЛЫ, Алматы қаласының тұрғыны.

— *Сіздер үшін, яғни отбасында қызыл қырғынның қасіреті қай кезде басталып еді?*

— 1937 жылдың шілдесінде анамның әкесі Тұрлыбаев Айдархан Омбы қаласында қамауға алынды. Біз үшін зобалаң шақ сол кезде туған еді. Мен алты жаста болатынмын. Атамның еңбек жолдары Сәкеннің «Тар жол, тайғақ кешуінде» айтылады. Ол 1920-30 жылдары әртүрлі заң орындарында қызмет еткен. Атамның тізесінде отырып, оның стол үстіне карталарды жайып салған бір сәті есімде қалыпты. Сосын жалықпай көп әңгімелер айтатын, әсіресе батырлар туралы.

— *Ал, әкеңізді соңғы рет көрдіңіз бе?*

— Иә. Әкем қамауға алынғаннан кейін 1938 жылдың басында онымен кездесуге шешеме рұқсат берілді. Кездесуге інім екеумізді алып барды. Әкеммен НКВД-ның ұядай бір бөлмесінде жүздестік. 4 жасар Сүннят:

— Папа, бізбен неге орыс тілінде сөйлесіп тұрсыз" — деп сұрады. Себебі үйде тек қазақ тілінде ғана әңгімелесетінбіз. Бізді бақылап отырған бөгде бірсу сол арада «оларға әңгімелесуге тек орыс тілінде болысын» деп қатаң ескертіп қалды. Бізге мейірлене қарап әкем шашымыздан ақырын сипап тұрып:

— Басқа тілді үйренгендерің де жақсы, — деп жарық берді. Одан кейін әкемді көрген жоқпыз. Ол 32 жаста болатын.

Әкем — Берденов Тайжан 1905 жылы Солтүстік Қазақстан облысында қойшы отбасында дүниеге келген. 1923-28 жылдары Қызыл Армия қатарында жүріп өскери газеттің редакторы болған. Командирлер даярлайтын мектепті бітірген. 1928 жылдан бастап Ертіс, Ақмола, Көкшетау қалаларында газет шығару жұмыстарына қатысып, 1934 жылы Алматыға шақырылған. «Қазақстан» баспасында директордың орынбасары қызметін атқарып, газет-журналдарға мақалалар беріп тұрған. «Әскери терминдердің қазақша-орысша сөздігін» құрастырған.

Ал, әкем туралы қайғылы қазаны 1938 жылдың 2 наурызында естідік. Ораз Жандосовтармен бірге бір күнде «халық жауы» болып атылып кеткен.

Әкеммен кездесуден кейін көп ұзамай шешемді тұтқындады. Бізді (әжем мен інім бар) Ленинградта оқып жүрген анамның інісі Мұрат жоғары әскери-теңіз училищесін тастап, әуелі Омбы қаласына, кейін Солтүстікке (Ханты-Мансы ұлттық аймағына) алып кетті. Сөйтіп, Сүннят екеумізден балалық шағымыз Ах өзенінің жағасындағы шағын орман шаруашылығында өтті. 1942 жылы қамқоршы ағамыз майданға алынды. Інім екеуміз орыс, ханты-мансы балаларының арасында өстік. Нәтижесінде Сүннят ана тілін мүлдем ұмытып қалған еді.

Ұлы Отан соғысы аяқталған кезде әжем Мұраттың майданнан оралуын күтпестен ел жаққа жақындағысы келіп Омбыға жиналды. Үлкен кісінің сол кездегі қайсарлығын айтам-ау! Қиын да алыс сапарымызда бәрін де көрдік — аштық-жалаңаштық, қорлық, кірлеп те кеттік. «Қырық жыл қырғын болса да жақалды өледі» деген ғой, көрер жарығымыз бар екен, соңғы пароходпен Омбыға да келіп жеттік. Кейде тағдырдың күтпеген сыйы да болады екен, онда бізді Мұрат күтіп алған еді.

Бір жылдан соң «Алжирден» анам оралды. Сегіз жыл болып келді. Бірақ анама Омбыда тұруға рұқсат етілмеді. Тағдыр талқысына мойынсұнған біз енді төртеу болып Ақмолаға кеттік. Онда үш жыл остен кетпес ауыр жылдарды бастан өткердік. Ол кезде мен кешке оқып, күндіз баспаханада жұмыс істейтінмін. Білім алу мақсатымен Алматыға келіп, тау-кен институтына оқуға түстім. Инженер-геофизик мамандығын алып, Алтайда экспедиция құрамында болдым. 1961-92 жылдары Қазақ политехникалық институтында еңбек етсем, қазір Қазақ шикізат өнімдері институтында аға ғылыми қызметкермін. Інім Берденов Сүннят та тау-кен қызметкері, отбасымен Санкт-Петербургте тұрады.

Есімнен кетпейтін ерекше бір оқиға: анамның пәтеріне ор жылдың сәуір айында «алжирлік» тұтқын аналар жиналатын. Бұндай басқосулар, ұмытпасам, 60-жылдан бастап 80-жылдың басына дейін жалғасып тұрды. Бір кезде олар асыл жары үшін темір тордың ар жағында азапты күндерді өткізген-ау деуге кимайсың. Олардың қайраттылығы, жүздерін әжім торласа да жүректері, көңілдері, қартаймаған, сағы сынбаған жастығы мені де, геолог достарымды да қайран қалдыратын. Олардың бәрі де бір кездері сұлу да жап-жас қалпында тұтқындалып еді ғой. Анам не бәрі жиырма сегіз жаста болатын. Олардың жиі басқосуларынан үкканым, сол түста аналарымызға зәбір-жәбір көрсеткен лагерь бастықтарының ішінде адамдық қалпын сақтаған Баринов (ұмытпасам солай) деген болыпты. Маған бейәлім сол кісінің есімін олар жиі айтып отыратын. Қазақи қалжыңмен мазмұнға бай әңгімелеря қандай қызықты еді десеңші! Ал анам Софьяның пианинода ойнаған, оның суыққа шалдығып үсіп, құрысып қалған саусақтарынан төгілген Чайковскийдің өсем әуені әлі күнге дейін құлағымда тұр...

Асылбаева Сәуле ЖҰМАҒАТҚЫЗЫ, Алматы қаласының тұрғыны:

— Мен әкемнің бет-жүзін толық елестете алмаймын. Тосекте жатқан кезімде ол кісінің маған төне қарап тұрған кездегі (бетімнен сүймекші болып жатады ғой деймін) мандай шашы ғана еміс-еміс есімде қалған сияқты. Ол кезде не бәрі үш-ақ жаста едім. Әкем отыз жетінші жылы ұсталып кеткеннен кейін анама сан алуан сауалдар қойып: «Әкем кім, ол қайда? Пулеметші ме, ұшқыш па? Жоқ, әлде артиллерист шығар, ә?» деп әбден есін шығарады екем. Сол кезде байғұс анамның жаралы жүрегін аяусыз тырналап, қансыратып жататынымды білсем ғой.

Әкем Қожахметов Жұмағат туралы көп ешнәрсе білмедім. «Халық жауы» болып қамалғанға дейін Ақтөбе облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарыпты. Ес білген шағымда туыстарымыз айтатын:

— Әкеңнің «халық жауы» болғанына ешуақытта сенбе. Ол нағыз коммунист, еңбеккор, әділ адам болған. Өткір де тұрашыл еді, — деп. Сол бетке айтатын тұрашылдығы үшін де ұсталған болар. 1957 жылы әкеме «Өлім туралы куәлік» берілді. Бірақ онда өлімінің себебі, не қайтыс болған жері көрсетілмеген. Қайда барып мінажат етерімізді де білмейміз. Жоқтаушысыз қалғаны ғой. Ол халыққа, Отанына кім үшін не үшін қызмет етті? (Сәуле апай көзіне жас алды).

— *Бала болсаңыз да, сол бір зобалаң шақтың кейбір көріністері есіңізде қалды ма?*

— Әрине, есімде (жанарына тұнған жасты тағы да құрғатып алды). Әкем ұсталғаннан кейін мамам екеумізді жер астынан салынған бір үйге алып келді. Кішкентай болсам да, бәрі көз алдымда. Жан-жағымыз дағаза, айқай-шу. Бәрі де «халық жауының» отбасы болуы керек, бала-шағалы әйелдер. Сосын біздерді балалар үйіне алып кетті. Онда да жылаған, айқайлаған балалар. Әлдекайдан микрофонмен диктордың сақылдаған ашық даусымен бірге балалардың жылауы астасып, бөлмені күңірентіп жібергендей еді. Анасыз қалған бізге біртүрлі үрей шақырып тұрғандай. Сол түні дәрменсіз бүлдіршіндерді көздерін жаудіретіп вагонға тиеп, алыс Башқұртстанға алып кетті. Уфа қаласының № 5 балалар үйіне орналастырды. Онда бізге жақсы қарады. Соғыс жылдарында госпитальдардағы жаралы жауынгерлерге концерт қоятынбыз.

Ол кезде анам «Қарлагта» болатын. Мені іздестіріп жүріп тауып жылаймын. Сөйтсем бәрі де балаларын сағынған аналар екен ғой.

Тігін фабрикасының директоры Мариям Лазаревна мені ертіп үйіне алып барды. Ол кісі анасы және қызы Валентина — үшеуі тұратын еді. Валентина екеуміз керемет достастықта болдық. Сол достың ауыртпалықтарына қарамай олардың мені қамқорлықтарына алғаның ешуақытта ұмытпаспын. Жеңіс күнін де сол үйде қарсы алдым. Кейін анам мені іздеп тауып, алып кетті.

Анам Гүлбайрам мұғалім болған. Мектепте директор да болыпты. Ол өте білімді, ақылына қорқі сай әдемі еді. Туған-туыстарымыз қатты күрметтейтін. Бір кездегі зұлмат заман оның жиырма бес жасында жарын, одан қалды бауырындағы қызын алды. «Халық жауы» атанған асыл жары үшін лагерьде от кешкен, қатыгездікке қасқайып қарсы тұра білген ерлігіне таңқалам! Бала жүретін ауырткысы келмей ме, маған «Қарлагтағы» өмірі туралы ешнәрсе ашып айтпайтын. Менің алдымда көзіне жас та алмайтын. Мүмкін өткен күндерін еске алу соншалықты ауыр шығар. Қандай қайсарлық десеңші.

Анам да, жарым да қайтыс болған. Күйеуім — Ұлан Асылбаев ҚазМҰУ-де көп жылдар үстаз болған. Өзім де технология институтында отыз төрт жыл ұстаздық еттім. Қазір үш немерем бар. Біздің балалық шағымыздың ашы дәмін олар татпасын деп тілеймін. Менің қазіргі өмірімнің бар мәні де, әрі де — сол немерелерім.

Айтхожина Айша САБЫРҚЫЗЫ, Талғар қаласының тұрғыны:

— Әкем Сабыр Айтхожин 1920 жылдан партия мүшесі, 1919-20 жылдары Көкшетау уездік халыққа білім беру мекемесінің меңгерушісі, 1920-21 жылдары Орынбор қаласындағы оқу комиссариатының ұйқаушысы, 1921-25 жылдары Петропавл қаласындағы облыстық «Бостандық туы» газетінің редакторы, 1928-30 жылдары «Қосшы» ұйымының төрағасы, 1931-36 жылдары Совнаркомның бөлім меңгерушісі, ал 1936-37 жылдары Жамбылда аудандық атқару комитетінің төрағасы болған. Осышама жауапты қызметтер атқарған әкем бір күнінің ішінде «халық жауы» болып кете барған. Ол кезде мен сегіз айлық екенмін.

— *Анаңыз туралы не айтасыз?*

— Қайғы-қасіретті арқалап, үш баламен әкемнің артында зар илеп анам қалыпты. Соңғы кездесуде әкем:

— Ғайыш, балаларды сақта, елге кайт. Сені де ұстайды, тез кайт елге, — деп қайталай беріпті. Сөйтіп анам Жамбылдың түрмесіндегі әкемді бір құдайға тапсырып, бізді алып Қызылжарға келіпті. Туысқа туыс үрке қарап, бір-бірінен алыстаған заман болған ғой ол кез, қызым. Кейін анам «халық жауы» болып ұсталып кеткен жездесі Нығмет Сыргабеков пен өпкесі Бибі-жамалдың (оны «Алжирге» тұтқындап алып кеткен) үш баласын алып келіп, алтауымызға әже де, ана да, пана да болған.

Анамның бастан кешірген азуымен айтып жеткізу мүмкін емес жан төзгісіз қиыншылықтары, қапсарлығы үшін бас иіп өтемін. Репрессия құрбаны болған әкенің, жазықсыз жазаны арқалап түрме тозағына түскен шешенің соңында тірі жетім боп көздері жәудіреген талай бүлдіршіндер қалды емес пе. Аяулы анам Ғайникамал бізді бұл зұлматтан арашалап алып қалды.

Анамның 1932 жылғы ашаршылық туралы мына бір әңгімесі әлі күнге дейін есімнен кетпей. Сол кезде бір топ комсомол қызметкерлерін республикадағы ашаршылыққа байланысты жан-жаққа көмекке жібереді. Анамды Каркаралыға бөліпті. Сонда аштықтан көзі қанталап кеткен бір әйел жас баланың етін жеп отырғанын көріп шошып кетіпті. Үйіліп қалған күл-қоқыстардың арасынан сүйек-саяқ жиып жүргендердің де куәсі болыпты. Өзім көрмесем де осы көріністер еріксіз көз алдыма келеді. Ол Голощекин саясатының сұмдық қасіреті ғой.

Анамнан кейінгі бізге қамқор болған жан — Роза тәтем, Нығмет Сыргабековтың қызы. Арамыздағы ересегі сол болды да, ауыр жылдардың қиындығын анаммен бірге жүріп бөліскен де сол.

Сәуле тәтем екеуміз әкемнің сүйегі жатқан жер — Шымкент қаласына барып қайтқанбыз. Онда репрессия құрбандарына арнап орнатылған ескерткіш-тақта бар. Қанатын кенінен жайған алып құс, оның кеуде тұсынан орнатылған темір тор бейнеленген. Әлгі құс бейне бір қанатын сермеп әлдекайда, бостандыққа ма, самғай ұшқысы келетін сияқты, бірақ темір тор кедергі жасап тұрғандай. Сәтті шыққан дүние. Жылда көктем айында дәл сол жерде қызыл жауқазындар ерекше жайқалып өседі екен.

1958 жылы Қыздар педагогикалық институтының музыка-филология факультетіне оқуға түсіп, 1963 жылы бітірдім. Содан бері бір салада, бір орында — Талғар қаласының С. Сейфуллин атындағы орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімімін.

Мен қыз бала болған соң ба, көп қиындық көрмедім. Ал, інім Емілді «халық жауының» баласы деп Қазақстанда оқуға алмай қойған. Мәскеудің университетін бітірген. Екі баласы бар. Менің бір ұл, екі қыз, төрт немерем бар. Зұлмат заманда балалар тарткан мехнатты енді олар көрмесе екен. Жолдасым Самат Бектемісов қазір зейнеткерлікте. Оның да әкесі 1937 жылдың құрбаны.

Бектемісов Самат ҒАЛЫМЖАНҰЛЫ, Талғар қаласының тұрғыны:

— Ойын баласы емеспіз бе, кешкілік үйге келсем, бөлмелердің астан-кестең шыққан, шашылған. Бір бұрышта анам отыр жылап. Әкемді НКВД-ның адамдары әкеткенін айтты. Анам бертін келе де НКВД орналасқан Дзержинский атындағы көшемен жүрмейтін. Біртүрлі қорқамын дейтін.

1941 жылы отбасымызбен, — әкемнің шешесі, анам — Сәкен және төрт бала Жамбыл ауданының Қоғамшыл ауылына (қазіргі «Суықтөбе») келдік. Шешем қой сонында жүріп. Балалардың үлкені — Гүлшат тұрғандегі трактордың оқуына барып оқып, колхозда трактордың болды. Мен өзім құралпы балалармен бірге қырманда жүрдім. Соғыс жылдарының ол бір ауыр кезеңі еді. Есімде, билайдың масағын үгітіп-үгітіп дорбаға салып алатынбыз. Қайтар жолда қырман бастығы байқап қойып, дорбамыздағы «байлығымызды» алып қалатын. Ал өзімізді өлімші етіп қамшының астына алатын. Ашы көз жасымызды білегімізбен бір сүйкеп өтіп қаша жөнелеміз. Балалық-ау, үлкеннен ала алмаған ыза-кегімізді қырман бастығының баласынан алатынбыз, жазықсыз баланы сабап кетеміз.

Соғыс жылдары қаншалықты ауыр кезеңдерді өткердік десек те, ол кездегі адамдардың пейілдері кең еді ғой. Бірінің басындағы ауыртпалықты бірі түсініп отыратын, көмек қолын созуға тырысатын. Мәселен, ауыл арасында Сары апа, Сары әулие атанып кеткен Күләмзә әжем кешкілік мардымсыз ғана істелген көжені енді алдымызға ала бергенде:

— Саматжан, көршіні шақырып келші, олар да аш отыр ғой, — дейтін. Қиын-қыстау түста тарылмаған пейіл-ай!

— *«Халық жауының» баласы ретінде қандай қиындықтар көрдіңіз?*

— Бала кезімізде «халық жауының баласысың» деп қолын шошайтып көрсететін балаларымен (ол сөздің түп-төркінін әлі түсіне қоймасақ та) өзімізше қып-қызыл төбелес ашатынбыз. «Халық жауының баласы» болып бес мектепті ауыстырыппын ғой.

1952 жылы 8 сыныпты бітіріп, Ақтөбе авиациялық училищесіне оқуға тапсырдым. Емтихан Алматыда қабылданды. Емтихан алдында:

— Әкең қай баппен сотталған? — деген сұрақ қойылды.

— 58-ші, — деп жауап бердім.

— Оның қай тармағы?

— Білмеймін.

— Ендеше әкеңнің қай тармақпен қамауға алынғанын және қылмысты істер кодексінің 58-бабының он екі тармағының бар екенін де білмеппін. Оқуға қабылдан-байтынымды білгеннен кейін өзімнен жастары өлдекайда кіші балалармен мектепте оқуға намыстанып, сол жылы әскерге кетіп қалдым. 1954 жылы әскер қатарында жүргенде, енді Ленинград байланыс училищесіне түсуге талаптанып көрдім. Құжаттарымды өткізіп қойған кезімде «сізді бөлімшеге шақырады» деді. Алдымда тағы бір кедергінің тұрғанын сезіп ем өзім де. Бөлімшеде иманжүзді орыс азаматы болып еді, сол:

— Балам, онда тапсыруға сағаң өл уақыт туған жоқ, — деді ақырын ғана арқамнан қағып. Тауым шағылып қала бердім. Бірақ анам бірде:

— Әкелерің халқына шын берілген, өте білімді азамат болып еді. Перзенттерім де келешекте білімді болады деп отыратын. Оның жолын жалғастырғандарың жөн болар еді, — деп сөзінің аяғын екі ұштылау аяқтаған-ды. Әкемнің арманы үшін тағы да оқуға тапсырдым. Сөйтіп, 1957 жылы Алматы медициналық институтының санитарлық-гигиеналық факультетіне түсіп, 1963 жылы ойдағыдай төмамдап шықтым. Талдықорған облысында дәрігер болдым. 1964 жылы Талғарға қызметауыстырып, осында зейнеткерлікке шыққанға дейін санэпидстанцияның бас дәрігері қызметін атқардым.

Тағдырымыз бір арнада болған Айша екеуміз 1964 жылы басымызды қостық. Екеуміз де жұырда аталып өткен мерейтойымызды жасамас бұрын, биылғы татулық пен еске алу жылында ата-анамыздың аруақтарына бағыштап ас беріп, құран оқыттық. Біз олардың бастан кешірген қиындықтарын ұмытпақ емеспіз.

ТҮЙІН: Міне, біз жүздесіп, әңгімелескен кешегі «халық жауының» балалары — бүгінгі зейнеткерлер өткен өмірлері жайлы осылай дейді. Әрине, олар көп. Бірақ олардың тартқан азаптары бір еді. Сәуле апай: «Репрессия құрбандарының отбасына берілетін жеңілдік бар деген соң, тәйсті орындарға барып едім. «Сендер үкімет қарауында болғансыңдар, бақытты өмір сүрдіңдер. Егер «Қарлагта» не «Алжирде» болсаңдар, онда сөз басқаша деп шығарып салды», — дейді. Бұл әділдік емес, әрине. Әкесінің тұр-түсін де білмейтін, оның аялы алақанын да сезінбеген, енді бірі — анасынан тіріден айырылып, қала берді, туған жерінен аластатылған бала әке-шеше мейіріміне шөлдемеді ме екен?! Сондықтан «халық жауының» балалары атанған азаматтардың бәріне бірдей үкімет тарапынан қолдау көрсетілу керек. Ең — уақыт талабы.

Әрине, қызыл қырғынның зұлматын біз олардың жүрегінше салмақтай алмаймыз. Себебі, олар кешкен жолды біз көрген жоқпыз. Бірақ сол жандардың әңгімесін тыңдай отырып жүздеріне байыппен үңіле қарайтын болсаң, ортақ бір үқсастық бар сияқты. Иә-нә, таптым, ол — ерекше бір жылылық лебі ескен нәзік те мұңды көзқарас...

Нұржамал ӘЛІШЕВА.

КЕЛМЕСКЕ КЕТСІН СОЛ ЗҰЛМАТ...

Өткен аптада Талғар қаласында жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылына арналған ғылыми-практикалық конференция болып өтті

Өз халқына қарсы өзі соғыс жариялап, өз халқына өзі жау болған мемлекет бұл ғаламда, сірә, жоқ болар, әйтпесе әте сирек кездесетін шығар. Міне, осындай сұмдық масқарашылыққа большевиктік кеңес өкіметі еш ойланбастан, жүзі күйместен барды. Елдің әкесі, қамқоры деп әспеттеген Сталин саяси қуғын-сүргінің бас жендетіне айналды. Отызыншы жылдардың ортасына әрі түбегейлі жеңеске жетті деп шәпкіні аспанға атып жар салған социализм нағыз өктем, сұмырай бейнелі тоталитарлық жүйе болды. Сөйтіп империя шегіндегі барша халықтарға құлдық қамытын кигізді. Кеңес Одағының шексіз де шетсіз ұланғайыр аумағында «Гулагтар», «Карлагтар», «Алжирлер» қабырдап қаптап кетті. А. П. Чеховтың әйгілі «Алтыншы палатасына» ұқсатсақ, КСРО-ның өзі түгелдей үлкен бір азап лагері, халықтардың қан-қасап түрмесі іспеттес еді.

Ал, енді Қазақстанға келетін болсақ, әңгіме өкінішті өкпемен, шерлі қасіретпен өрнектеледі. Қазақстанның негізгі, жергілікті халқы қазақтар өктем жүйенің шеңгеліне алдымен түсті, қанды-қасабына алдымен ілікті. Біз көбіне-көп 1921 жылғы ғаламат ашаршылық пен елді жайлаған індет жайын айта бермейміз. Сол кезде Ленин ашаршылыққа ұшырағандарға жәрдем сұрап жалпақ жаһанға жар салады. Арал теңізінің балығына дейін вагондап алдыртады, ал шыбындай қырылып, баудай түсіп жатқан қазақтарға ешкім, тіпті, назарын да аудармайды. Бұратана қазақтың бары не, жоғы не? Керек десеңіз, кейбір ғалымсымақтар социализмнің қарқынды қозғалысына ілесе алмаған қазақ сияқты ұлттардың қырылып құрып кетуі заңды құбылыс деп сандырақтағанын қайтерсіз. Әсіресе, Шая Ицкевич — Голощекин осы теориясымақты арам пиғылмен қайталаудан ешбір жалықпайтын еді.

1928 жылдан бастап қазақ ұлтының басына қара бұлт шындап үйірілді. Нақ осы уақытта елдің үйтқысы, күтберекесі, тіршілігінің көзі, экономикалық тірек-негізі болып отырған мыңдаған байлардың мал-мүлкі тәркіленіп, өздері түрлі қиырға айдалып жер аударылды. Сөйтіп, қазақтардың экономикасының негізгі саласы саналатын мал шаруашылығына үлкен нұқсан келтірілді. Кеңес өкіметінің қаһарына ілікken байлар шаруаның ығытын білетін, мал өсіру кәсібін жақсы меңгерген ақылды һәм іскер адамдар болатын. Олардың көзі құртылған соң, шаруадан да береке кете бастады, ауыл-ауылдағы қазақ жұрты өздерінің басты адамдарынан, қиналғанда топ бастап кеңес беретін ақылман көшбасшыларынан айырылды.

1929 жылы қазақ халқы саяси қуғын-сүргіннің де салқын ызғырын сезді. Ахмет Байтұрсынов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Мұхтар Әуезов, Әлмұхан Ермеков сынды қайраткерлер, арыс азаматтар ұсталып, қамаққа алынды, оларға түрлі-түрлі сорақы айыптар тағылды. Осының бәрі 1932 жылғы сталиндік-голощекиндік геноцидке, яғни мешін жылының 2 миллионнан астам қазақты жалмаған қолдан ұйымдастырылған ашаршылығына тура бастап әкеле жатты. Ал 1987 жылдың сойқанында ұлтымыздың қаймағы екінші рет сыпырылды. Саяси қуғын-сүргін 1950 жылдары тағы басталып, үйтқи соғып барып, қайтадан тоқтады. Алла-тағала халықтың көз жасын көрді ме, әйтеуір Сталин өліп тынып, жұрттың көзі ашылып, естерін жиды.

Иә, ата-бабалар «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деп қалай дәл, дұрыс айтқан. Өткеннің тағылымынан сабақ алмай, оны көңіл таразысына салып сараламай, қазіргі күнімізді түсіне алмаймыз, келешекті бағдарлай алмаймыз. Сондықтан қоғамда жаңару жүріп жатқан осы шақта бұдан алпыс жыл бұрын адамдарға сотсыз, тергеусіз жасалған қуғын-сүргіннің қайғы-қасіреті ерекше мәнге ие болмақ. Осынау қасиетті оқиғаларды ұмытуға біздің әсте хақымыз жоқ. Осы ретте Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1997 жылды Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялауы әрбір жүрекке жақын да түсінікті. Бұл шара жұртшылық тарапынан үлкен қолдау тауып отыр. 55 саяси партия мен қоғамдық қозғалыстар жетекшілері оны жүзеге асыруға тікелей араласып, хадари-халдерінше көмек көрсететіндерін мәлімдеді.

Шоқан Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры академик Манаш Қозыбаев, осы институт директорының орынбасары, тарих ғылымының кандидаты Хайдар Алдажұманов, Республика Мемлекеттік архивінің қызметкері Марат Қасенов осы қуғын-сүргіннің саяси әлеуметтік астарына кеңінен тоқталып, тоталитарлық социализм жүйесінің сан мыңдаған адам тағдырына қиянат жасап, ойыншық қылғандығына, тұтас халықтарды жер аударған қылмысына көптеген айғақ мысалдар келтірді.

Міне, бірнеше жылдан бері республика жұртшылығының назары Талғар ауданындағы шағын ғана Жаңалық ауылына ауып отыр. Осы ауылдың жанында 1937—1938 жылғы саяси қуғын-сүргін құрбандары жайратылып, мәңгілік мекен-тұрақ тапқан. Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Ораз Жандосов сияқты арыстардың сүйегі осы арада жатыр. Тек 1938 жылы ғана Жаңалықтың жанындағы шұңқыр қорымдарда түрлі ұлттың 700-ге жуық өкілі атылып, жерленді. Жыл сайын мамыр айының соңында Жаңалықта жазықсыз құрбандардың аруақтарына бағышталып ас беріліп, қаралы митинг өткізілді. Келешекте бұл арада ескерткіш орнатылмақшы. Мұнда қаза болған арыстардың үрім-бұтақ, ұрпақтары, туыс-жұрағаттары, республикалық «Әділет» қоғамы мен Қазақстан қуғын-сүргін көргендер ассоциациясының өкілдері жиналып, ардагер аруақтарға тағзым етеді. Талғар қаласының ортасындағы көрнекті жерге Қазақстанның аса ірі мемлекет қайраткері, қызыл зұлматтың құрбаны Тұрар Рысқұловтың ескерткіші қойылды.

Ғылыми-практикалық конференцияда сөз алған Талғар ауданының әкімі Болатбек Құтпанов Қазақстан жұз ұлттың мекені, шын мәнісіндегі интернационалдық достықтың ортақ үйі екендігіне, сол орайда атқарылып жатқан шараларға баса тоқталды. Әрбір ауылдық округтерде өткен достық фестивальдарына үйғыр, түрік, корей, поляк және басқа ұлттық мәдени орталықтар белсене қатысып, өздерінің ұлттық мәдениеті мен өнерін, салт-дәстүрлерін көпшілікке паш етіп көрсетіп отырады.

Бұлар нағыз мерекеге, сән-салтанатқа, қалықтаған өң-күйге толы ұлттар достығының мерекесіне айналады. Ал, осы тұтас халықтар отызыншы-қырқыншы жылдары суық вагондарға тиеліп, қолдарына бір-бір түйіншектерін ғана ұстап Қазақстанға зорлықпен жер аударылып келген шақтарында, мереке былай тұрсын, көкіректері қайғы-шерге толы болатын, бір үзім нанға зар болатын. Сол қиын-қыстау шақта олар қазақ халқы көңілінің жылы шуағына, меймандостығына бөленді. Енді бір сәт сөзді осы ұлттар өкілдерінің өздеріне берелік.

Түрік ұлттық мәдени орталығының төрағасы Саяпат Тұрсынов: «Менің жер аударылған, көп қасірет шеккен халқымның тарихы сонау 1829 жылдан басталады. Сол жылы Ресей мен Түркия арасындағы соғыс кезінде генерал Паскевич Грузияның солтүстік аудандарын жаулап алды. Келісімге сәйкес негізінен түріктер мекендейтін Солтүстіктегі бес аудан Ресейге қарайтын болды. 1944 жылғы қарашаның қасіретті қара күніне дейін біздің халқымыз Түркиямен шекаралас бейбіт өмір кешіп, еңбек етіп тұрып жатты. Қасірет 1944 жылдың 14 қарашасында келді. Бұл кезде біздің әкелеріміз бен ағаларымыз Отан қорғап, гитлершіл жаумен шайқасып жүрген болатын. Сол Отан қорғаушылардың әкешешелері мен балаларын атамекендері мен ошақтарынан айырып, суық күпеп ысқырған тауар вагондарына тиеп, Орта Азия республикалары мен Қазақстанға алып келді. Қазақстандықтардың үлкен бауырмал көмегі мен шапағат-мейірімінің арқасында біздің халқымыз өз тіршілігін одан әрі жалғады. Зұлматтың қырсығынан аман қалып жан сақтады. Осы көмек үшін біз қазақ халқының алдында әрдайым тағзым етіп бас иеміз. Түрік халқы мұнда да комендантшық тәртіптің қысымына түсіп, жәбір-жапа шекті. Отан қорғауға 40 мың боздағымыз аттанса, соның 26 мыңы майдан даланаларында шәһит болды. Жеті түрік жігіті Кеңес Одағының Батыры болғандығын да өзімізше мақтан етеміз. Қазір Қазақстан аумағында 200 мыңнан астам түрік тұрады. Республиканың 30 мектебінде түрік тілі оқытылады. Менің халқым жалпыұлттық татулыққа, қуғын-сүргін құрбандарын еске алудың қасиетті ісіне өз үлестерін қоса бермек».

Грек ұлттық мәдени орталығының төрағасы Константин Муратиди: «Қазақстанда гректердің пайда болуының өзіндік тарихы бар. Бұл да бір қайғылы тарих. Біздің бірсыпыра ата-бабаларымыз жиырмасыншы ғасырдың алғашқы ширегінде түрік езгісінен құтылмақ үшін ата-жұрт, үйі, жері, бүкіл мал-мүкәммәлін тастап, Ресейге ауа көшіп, Грузия, Солтүстік Кавказ, Армения, Қырым аймақтарына орнығады. Сол жерде жиырма жылдан астам тұрып, қайтадан үй-күй болып, тұрмыстары дұрысталып, жақсы өмір сүре бастағанда, өзімізге жаңа Отан таптық-ау деп көңілдеріне сүйініш орнаған кезде олар жаңа қырсыққа тап болады. Олардың орнатқан шаңырақтары 1941 жылы кенеттен талқан боп ортасына түседі, сөйтіп, оларды қоныстанған жерлерінен басқа жаққа қуудың қатал сұрғыны басталады. 1938 жылдың қаңтарында әкем және шешем жағынан туыс болып келетін алты атамды тұтқындады. Одан соң соғыс басталды. Біздің халыққа сенімсіздік білдіріліп, жиырма төрт сағаттың ішінде Ресей шегінен қуылдық. Біздің жинапуымызға екі сағат қана уақыт берілді. Одан соң тауарлы вагондарға мінгізіп, белгісіз бағытқа жөнелтті. Қайда баратынымызды да айтқан жоқ. Сөйтіп, гректер Қазақстанның кең байтағына келіп қоныстанды. Бұл республика қаншама қиыншылық жылдарды бастан өткізгеннен кейін, міне, біздің екінші Отанымызға айналып отыр. Сол бір ауыр уақыттарда Қазақстанның жергілікті халқы бізге үлкен жәрдем көрсетіп, қонақжайлылық танытты».

Ғылыми-практикалық конференцияда бұдан кейін үйғыр ұлттық мәдени орталығының төрағасы Осман Әшімов, корей орталығы төрағасының орынбасары Роберт Цой, ауыл шаруашылық техникумының оқушысы Бекмұрат Әмірханов және басқалар сөйледі. Жиналғандарға әкесі кеңестік қызыл империяның түрлі түрмелері мен лагерлерінде азап шегіп атылған Жолдасбай Рахметовтің жүрекжарды сөздері қатты әсер етті. Қай сөзде болсын сол бір зұлматтардың келмеске кетуі, республикада қазіргі кезде татулықтың сақталуы, алтын өзекке айналды. Ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар «Карлаг» деректі кинофильмін, кітап пен құжат, фотосурет көрмесін тамашалады. Конференцияға Алматы облысы әкімінің орынбасары Б. С. Шәкіров мырза қатысып отырды.

Қорғанбек АМАНЖОЛ.

№2, Ело...

ГОД СОГЛАСИЯ И ПАМЯТИ ТАТУЛЫҚ ПЕН ЕСКЕ АЛУ ЖЫЛЫ 97

Азаматқа көрсетілген құрмет

Өткен өмірдің әзекті өртеп өкінтер өткелін еске түсірумен болашақтың тәтті дәмі татымсыз көрінері сөзсіз ғой. Сондықтан да тарих тасқа басқан таңбамен тең. Ол әрі сабақ, әрі тағылым. Халқымыздың «өз еркімен» Ресейге бодан болуға келісім берген 1731 жылдан кейін қазақ даласында әскери бекіністер қаптап, қара шекпенділер қатары көбейді. Одан кейінгі 1916 жылғы әйгілі дүрбелең, 1932 жылғы алапат аштық, 1937 жылғы саяси қуғын-сүргін, 1960—1970 жылдардағы «коммунизмнің» қадамдары, қайта құру кезеңі, бәрі-бәрі уақыт жаңғырығы, тарих тағылымы.

Енді міне, бүгінде Қазақстан Республикасының егеменді, тәуелсіз ел болғанына алтыншы жыл. Президентіміз «1997 жыл — Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялады. Көпшіліктен қолдау тауып отырған саяси мәні бар Жарлықты мен де қолдаймын. Және «халық жауы» атанған Жамалдин Хасанов туралы бірер сөз айтқым келеді. Аруағы риза болсын деген ниетім бұл. Осыдан он төрт жыл бұрын сексен жасында дүние салған Жамалдин соңғы рет жастықтан басын көтеріп, дүниемен мәңгі қоштасар сәтінде:

— Халқымның адал перзенті болуға тырыстым, бұл ғұмырдан сол адал қалпыммен қоштасамын. Маған және мен секілді адал жандарға «халық жауы» деп қара күйе жаққандарға ол дүниеде де риза емеспін, — деген екен.

Жамалдин Хасанов Шелек ауданының Қаратұрық ауылында 1893 жылы кедей шаруа жанұясында дүниеге келген. Жастайынан-ақ қағылез, еңбек сүйгіш ол өз бетінше арабша хат таныған. Ұлты — ұйғыр.

1919 жылы партия қатарына өтеді. Ол кезде Жамалдин 26 жаста еді. 1919—1923 жылдары селолық ревкомның төрағасы, ал кейіннен оның өткірлігі мен іскерлігі бағаланып, облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне жоғарылатылған.

Қызылордадағы төрт айлық курсты аяқтап, 1925—1928 жылдардың ортасында аудандық жер басқармасының меңгерушісі қызметінде болған. Шелектен партия үйымының тапсырмасымен Іле ауданына келген Жамалдин 1929—1931 жылдары Октябрь селолық кеңесінің төрағасы, 1930—1931 жылдары Алматы қаласындағы ертұрман жасау фабрикасы партия үйымының хатшысы, кейіннен сол фабриканың директоры болып қызмет жасайды.

Қайда жүрмесін, қабілетті де іскер, ол қалың бұқараны соңына ілестіре, оларды әрқайсысының қабілетіне қарай жұмыстың әр саласына орналастыра білуші еді. Осындай зеректігін аңғарған партия басшылары 1934—1935 жылдары Шелек ауданындағы дайындау бөлімінің бастығы етіп тағайындайды. Одан кейін аудандық шикізат дайындау кеңсесінің меңгерушісі қызметін атқарады.

Қашанда әділеттілікті жақтап, ағынан жарылатын, оның тура сөйлеп туғанына жақлағаң кездері де болады. Соның зардабы болар, 1937 жылы 24 желтоқсанда күтпеген жерден қамауға алынып, «халық жауы» деген айдар тағылды. Сөйтіп, он жылды артқа тастап, ол 1948 жылы жанұясымен Шелекте емес, «Қызыл-Қайрат» ұжымшарында табысады. Ал «халық жауы» деген атақтан 1957 жылғы 19 қаңтарда ақталады.

Сөдан 1965 жылға дейін шаруашылықтың сан-саласында еңбек ете жүріп, алпыстан асқан шағында құрметті демалысқа шығады. Республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер болды. Колхоздастыру кезеңінің бел ортасында жүріп, таза арына қара күйе жағылса да мойымаған, «мен коммунистпін» деп Отанымыздың босағасына беріле еңбек еткен ардагер өзін көп алдында дәлелдеді. Бірақ қиыншылыққа толы арпалас дәуірдің зейнеттегі тәтті дәмін сегіз-ақ жыл татып, 1973 жылы көз жұмды.

Өзі өлсе де артында өшпес із қалдырған Жамалдин қария «Қызыл Қайрат» ұжымшарының мақтаулы азаматы еді. Тіпті мәуелі бәйтерегі деуге де болады. Себебі, Хасановтар әулеті бүкіл ауылға үлгі. Оның терең тамырынан тараған төрт ұл, екі қыз өке жолын қуған абыройлы еңбек адамдары.

1993 жылы 21 шілдеде Октябрь селолық кеңесінің шешімі бойынша бір көшеге Жамалдин Хасановтың есімі берілді. Қашанда жетім мен жесірді жебеп, үлкен, кішіні өзімен тең санаған қарапайым еңбек адамы Ж. Хасановқа берілген бұл құрмет өз жүгін көтереді.

Иса ӨСКЕНБАЕВ.

Талғар ауданы.

•Баспасөзге жазылу — 97

Мерзімдік басылымдар — әрбір отбасына

Почта байланысының республикалық мемлекеттік кәсіпорны хабарлағанындай Қазақстан аумағында 1997 жылғы екінші жарты жылдыққа газеттер мен журналдарға жазылу басталды. Республикалық мерзімдік басылымдарға ол шілденің 1-іне, ал ресейлік басылымдарға — мамырдың 25-іне дейін созылады.

Оқырмандарға 2,5 мыңнан астам газеттер мен журналдардың атаулары ұсынылады. Оларға жазылуды «1997-ші жылғы Қазақстан Республикасының газеттері мен журналдары» каталогы бойынша қабылдау ережесінде белгіленген кез-келген мерзімге шілденің 1-інен бастап ресімдеуге болады. Республикалық басылымдарға бағалар өзгеріссіз қалды. Осылайша, 6 айға жеке жазылушылар үшін баға: «Егемен Қазақстанға» — 603 теңге 36 тиын, «Казахстанская правдаға» — 783 теңге 30 тиын, «Жас алашқа» — 431 теңге 34 тиын, «Экспресс К-ға» — 784 теңге 14 тиын, «Қазақ Әдебиетіне» — 365 теңге 34 тиын, «Ана тіліне» — 313 теңге 50 тиынды құрады.

Каталогтық бағаның және газет құнының артуына байланысты Ресей басылымдарына жазылу бағасы 1-ден 2 процентке дейін өсті. Енді «Комсомольская правдаға» жарты жылға жазылу бағасы 1996 теңге 52 тиын, «Аргументтер мен фактілер» апталығына — 534 теңге 84 тиын, «Известияға» — 932 теңге 52 тиын болады.

Жазылуды баспасөз тарату учаскілерінде, почтамттарда, мемлекеттік почтаның аудандық және қалалық тораптарында, байланыс бөлімдерінде, киоскілер мен дүкендерде, тұрғылықты жер, жұмыс немесе оқу орны бойынша почта тасушылар мен қоғамдық таратушылар арқылы ресмилеуге болады. Барлық жазылуды қабылдайтын пункттер халыққа қолайлы уақытта жұмыс істейді. Почта байланысы кәсіпорындары мен республикалық газет шығарушылар жеке жазылушылар бір мекен-жайға үш және одан да көп республикалық газеттерді ресмилеген жағдайда жазылу бағасының 10 процентті мөлшерінде жеңілдіктер береді.

Мерзімнің бір бөлігіне жеңілдікпен жазылуды ресмилеген Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен қатысушылары бір республикалық және бір жергілікті басылымға жазылу кезінде сонымен бірге жазылу бағасының 50 процентті мөлшерінде жеңілдіктер алып, оны ұзарта алады. Халыққа қолайлы болу үшін жазылудың ұжымдық нысаны ұсынылады. Қызметтестер, оқушылар, студенттер немесе көршілер газеттер мен журналдардың бір немесе бірнеше түрлі атауларын жаздырып алуына болады. Бұл қаржы үнемдеуге және қажетті ақпараттар алуға мүмкіндік береді.

Екінші жарты жылдыққа қабылданған жазылу жазылу құнының өсуіне және мүмкін болатын инфлцияға қарамастан үстіміздегі жылдың соңына дейін жеткізілін тұратын болады.

(ҚазТАГ)

№134

Қазақ бауырларымызға ризамыз



Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бойынша биылғы жыл жалпы ұлттық татулық пен саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланғаны белгілі. Ал, Президенттің екінші Жарлығы бойынша жыл сайын мамырдың 31-жұлдызы 1931–1933 жылдары қолдан жасалған ашаршылық құрбандарын еске алу жылы болып белгіленді. Осы саяси құжаттар үшін Қазақстанға зорлықпен жер аударылып келген басқа халықтардың өкілдері де ризашылық білдіруде.

1944 жылғы қарашаның қаралы күніне дейін біздің түрік халқы да Грузияның оңтүстігінде хал-қадерінше еңбек етіп, өмір сүріп жатты. Әкелеріміз бен ағаларымыз соғыста Отан қорғап жүрген осы кезде олардың туған-туыстарын, аналарын, әйелдері мен балаларын қаңыраған суық вагондарға тиеп, ата-жұрттарынан айырып, Орта Азия мен Қазақстанға алып келді. Жадап-жүдедік, аш жалаңаш болдық, бірақ қазақстандықтардың дархан көмегінің арқасында аман қалдық. Осы көмек үшін біз қазақ халқының алдында әр уақытта бас иеміз. Бұдан кейінгі 12 жыл бойы жер аударылған түріктер комендантттық тәртіптің қорлығын бастан кешіруге мәжбүр болды.

Соғыс алдында Грузияның бес аймағында 140 мыңға жуық түрік тұратын. Немістерге қарсы соғысқа аттанған 40 мың боздақтың 20 мыңы шаһит болды. Қазір біздер Кеңес Одағының Батырлары Бәкір Мұстафаев, Ағалы Мәмедов, Бадыр Мұрадов, Кәрім Исмайылов, Ибрагим Буджигал сынды арыстарымызды мақтан тұтамыз.

Бірақ тағдырлары өктем жүйенің ойыншығына айналғандар қаншама. Солардың бірі Жульфаев. Ол тұтқынға түседі. Одан қашып шығады. Үш жыл бойы Италия тауларында Гарибальди атындағы партизан отрядында соғысады. Соғыстан кейін жеңіспен елге оралған оны халық жауы ретінде соттайды. Азапқа салады. Жульфаев ақсақал қазір Алматы түбіндегі Мичурин атындағы ұжымшарда тұрады.

Біздің халқымыз ежелден жер емшегін еміп өскен, жерді сүйеді. Сондықтан да жергілікті халықпен қоян-қолтық егіншілікті, мал шаруашылығын дамытуға үлкен үлес қосып жүр. «Алматы» ұжымшарының сауыншысы Гули Байрамова әр сауын сиырдан сауылған сүттің мөлшерін 6 мың литрге дейін жеткізді. Ал, ұзынырғасы 30 жылда ол барлығы 2,5 миллион литр сүт сауған екен. Мичурин атындағы ұжымшардың атақты диханы Исмаил Тарамонов туралы да осындай жылы лебіз білдіруге болады. Мұндай мысалдар толып жатыр.

Әрбір ұлт пен ұлыстың рухани һәм мәдени өмірі үшін бейбітшілік, ынтымақ және жасампаз еңбек ауадай қажет. Бұларсыз демократиялық өзгерістер, өркениеттің алға басуы, экономиканың тұрақтануы мүмкін емес. Қазақстандағы түрік диаспорасы да осы мақсаттардан тысқары қала алмайды. Біз қазіргі қиын уақыт артта қалып, барлық ұлттармен бір атаның баласындай болып, бақыт-шаттыққа, ырыс-берекеге кенелетінімізге сенімдіміз.


Түрік мәдени орталығының санағы бойынша Қазақстанда қазір 200 мыңнан астам түрік тұрады. Оның 90 проценті қазақ жерінде туғандар. Бүгін таңда республиканың 30 мектебінде түрік тілі оқытылады. Қазақ, орыс, неміс, ұйғыр балалары түрік тілін үйренуде. Ал, Түркияның қамқорлығымен Анкара мен Ыстанболдың жоғары оқу орындарында 300-ден астам жасөспірімдер білім алып жатыр.

Кезінде марқұм Тұрғыт Өзал, қазіргі Түркияның президенті Сүлеймен Демирел біздің жарты ғасыр бойы өз тіліміз бен мәдениетімізді, ұлттық дәстүрлерімізді сақтап қалғанымызға риза болып, қатты сүйініс білдірген болатын. Менің түрік бауырларым Қазақстанның саяси-рухани өміріне де белсенді қатысып жүр. Ұлы ақындар Абай мен Жамбыл тойларын өз тойымыздай мерекелеп, мерейленіп мақтан тұттық. Енді Әуезов тойына дайындалып жатырмыз.

Қазақ топырағында жүзден астам ұлттың өкілі тату-тәтті, ынтымақ-бірлігі жұдырықтай жұмылған бір әулеттің ұрпағы болып өмір сүре бермекпіз. Тамыры терең, бұтағы саялы бәйтеректей өркен жая бермекпіз. Бүгінгі Мамыр мерекесінің де мұраты осы ғой.

Саяпат ТҰРСЫНОВ,
Түрік ұлттық мәдени орталығының төрағасы.
Талғар ауданы.

N40



ТМД жаңалықтары

Ресей президентінің алдағы сапарлары

МӘСКЕУ. Мамырдың 26-27-сі аралығында өтетін өзінің Парижге сапары кезінде РФ Президенті Борис Ельцин Ресей-НАТО арасындағы іргелі актіге қол қоюға қатысудан баска, бірқатар екіжақты кездесулер өткізеді. Президенттің баспасөз хатшысы Сергей Ястржембскийдің журналистерге хабарлағанындай, Брис Ельцин осы сапар барысында Франция президенті Жак Ширакпен, АҚШ президенті Билл Клинтонмен, сондай-ақ Ұлыбританияның жаңа премьер-министрі Энтони Блэрмен кездеседі.

Кездесу бағдарламасы белгісіз

МӘСКЕУ. Ресей президенті Борис Ельциннің Киевке сапары мамырдың 30-31-інде жасалмақ, деп хабарлады брифингте мемлекет басшысының баспасөз хатшысы Сергей Ястржембский. Ол «сапардың мазмұны, оның бағдарламасы туралы айтуға әзірше ертерек» екенін атап өтті.

Президент тапсырмасы

МӘСКЕУ.Борис Ельцин үкімет төрағасы Виктор Черномырдинге қорғаныс министрі Игорь Родионовқа және РФ қарулы күштері бас штабының бастығы Виктор Самсоновқа әуе-десант әскерлерін қысқарту мен қайта құруды тоқтата тұруға тапсырма берді.

Евгений Примаковтың мәлімдемесі

МӘСКЕУ. Таяу Шығыстағы жанжал — ең көне де қауіпті ошақтарының бірі, деп мәлімдеді Ресей сыртқы істер министрі Евгений Примаков еуропа Одағының Таяу Шығыстағы жағдайды реттеу жөніндегі арнаулы елшісі Мигель Моратиноспен келіссөз кезінде.

Байқоңырдағы апат

МӘСКЕУ. Сейсенбі күні Мәскеу уақыты бойынша 11 сағат 07 минутта Байқоңырдың 45-алаңынан «Космос» сериялы әскери спутникті алып ұшқан «Зенит-2» ракетасы ұшудың 48-секундында двигательдің тоқтап қалуына байланысты ұшырылған жерден 28 шақырым жерге құлап, жарылды. Апат болған жерде апаттан құтқару тобы тікұшақпен ұшып барды.

Грозныйға қайта оралуға мәжбүр етті.

ГРОЗНЫЙ. Чешенстан вице-президенті Ваха Арсанов бастаған осы республиканың делегациясы Гаагада өтетін халықаралық конференцияға қатысу үшін мамырдың 20-сы күні Одессаға ұшып ұшып, амалсыздан Грозныйға қайта-оралуға мәжбүр болды.

Делегация басшысы Ваха Арсановтың Чешенстанға оралғаннан кейін «алдын-ала қол жеткен уағдаластықтарға қарамастан, Ресей жағы әуеде ұшып келе жатқанда-ақ ұшақтың Минеральные Воды қаласына қонуын талап еткен». Оның айтуынша, әскерилер әуеге жойғыш ұшақтарды көтерген. Де[illegible]нген азаматтық ұшақ Грозныйға қайтып оралуға мәжбүр болды.

Шет ел жаңалықтары

Оқшау қалғанды қаламайды

ДЖАКАРТА. Евразиялық держава болғандықтан Ресейдің Азия-Тынық мұхит аймағында өзінің ұлттық мүдделері бар, ол осында болып жатқан интеграциялық процестерден оқшау қалғанды қаламайды. Бұл туралы РФ Қауіпсіздік кеңесі хатшысының орынбасары Юрий Дерябин мәлімдеді. Ол, Филиппин астанасында өтіп жатқан Тынық мұхит экономикалық кенесінің 30-бас сессиясына қатысуда.

Сессияның тақырыбы — «Тынық мұхит аймағы өтпелі кезеңде».

Ирактың солтүстігіндегі қақтығыстар

КАИР. Түркия армиясының кең ауқымды операциясы Солтүстік Иракта Күрд жұмысшы партиясы мен Күрдістан демократиялық партиясы жақтастарының арасында өзара қақтығыс туғызды. Осында келіп түскен хабарларға қарағанда, дүйсенбі күні Эрбиль — сында күрдтердің өзара қақтығысы барысында кемінде 120 адам қаза тапқан. Ал, Түркия армиясының таңдаулы бөлімдерінен құралған 50 мың адамдық корпус Ирактың солтүстігінде жасырынып жүрген Күрд жұмысшы партиясының қарулы құрамаларына қарсы жазалау операциясын жалғастыруда. Түркия қорғаныс министрлігінің деректері бойынша, өткен 6 күн ішінде таулы аудандарда 1142 сарбаз жойылған.

Израиль премьер-министрінің айқындамасы

ТЕЛЬ-АВИВ.Израиль премьер-министрі Биньямин Нетаньяху парламенттің жазғы сессиясының ашылуында сөйлеген сөзінде өз үкіметінің араб көршілерімен қарым-қатынасты реттеу проблемалары жөнінде бұрынғысынша қатаң айқындама ұстанатынын қуаттады. Бұл орайда палестиналықтармен келіссөздің түйыққа тіреліп қалғаны үшін барлық жауапкершілікті ол автономия әкімшілігіне аударды.

Заирдағы жағдай

НАЙРОБИ. Сенбі күні өкімет басына Лоран-Дезире Кабила бастаған көтерілісшілер келген Заирдегі жағдай қазір тыныш. Елдің астанасы Киншасадағы өмір қалыпты күйіне түсіп келеді, қоғамдық көлік қайтадан жұмыс істей бастады, барлар мен ресторандар ашылды. Тек теңіз және өзен, сондай-ақ әуе порттары ғана жұмыс істемей тұр. Киншасада өткен баспасөз конференциясында Конго-Заирді азат ету одағының бас хатшысы Деогратиас Бугера елде тыныштық пен тәртіп орнамайынша шекара жабық болып қала береді, деп мәлімдеді.

Генерал Дустумның туы шайқалды ма?

Дүйсебі күні өз қолбасшысына қарсы бүлік шығарған генерал Абдул Малик бастаған Дустумның бірқатар дала командирлері Фарьяб провинциясын басып алды және Ауғанстанның солтүстігіндегі екі провинция — Саманган мен Джаузджанда белсенді әрекет етуде.

Малик өзінің «Талибан» қозғалысына қосылатыны туралы мәлімдеді.



«Әділетке» барар жол оңай болған жоқ



Кезінде Бүкіл одақтық ерікті тарихи-ағарту «Мемориал» қоғамы және «Әділет» тарихи-ағарту қоғамының құрылғанын қалың көпшілік біле бермейді. Негізінен Бүкілодақтық «Мемориал» қоғамының демеушілері болып КСРО архитекторлар одағы, Киноматографистер одағы, Театр қайраткерлері одағы, Суретшілер одағы, Дизайнерлер одағы, «Огонек» журналы, «Литературная газета» қатысты. Репрессия құрбандарына арналған Бүкілодақтық «Мемориал» кешенін салу жөніндегі ұсынысты КПСС Орталық Комитетінің Саяси бюросы қолдады.

Бұған қаражатты жеке азаматтар және ұйымдардың «Жилсоцбанкідегі» № 700454 есебіне аударуы жөнінде әңгіме болып, қажеттілігіне орай осы есепшоттың одақтас республикаларындағы филиалдарын қамту мәселесі де көтерілді. Алайда жиналған қаржыға бақылаушы Бүкілодақтық «Мемориал» қоғамдық кеңесінің фондысы болсын деген ұсыныстың соңы айтыс-тартысқа айналды. Жалпы кеңестің бақылаушылары болып А. Адамович, Ю. Афанасьев, Г. Бакланов, В. Быков, Е. Евтушенко, Ресейдің қазіргі президенті Б. Ельцин, Ю. Корякин, В. Коротич, Д. Лихачев, А. Сахаров тағы басқалар сайланды.

Байқаған шығарсыздар, бәрінің есімдері елге мәлім. Қазақстан «Әділет — Мемориал» қоғамына бақылаушылыққа Санжар Оразұлы Жандосовты ұсынды. Қысқасы Одақтас республика өз бақылаушыларын сайласын да, ақшаны № 700454 есебіне аударсын, бәріміздің бірігіп істеген еңбегіміз болады деген тұжырым жасалды. Украина ат-тонын ала қашты. Балтық бойы Республикаларының делегациялары қарсылық білдіріп, шығып кетті. Қалған республикалар өкілдері үн-түнсіз.

Санжар Оразұлын «Мемориал» қоғамдық ұйымының Мәскеуде болуына үгіттеп жанын салған бір қазақстандық әйел баспасөзге, радио-теледидарға жиі-жиі шығып:

— Біз Мәскеу жағындамыз. Қазақстандағы құрылатын «Мемориал» қоғамдық тарихи-ағарту ұйымы Мәскеу ұйымының филиалы болып қалады, — деп жар салды.

Алайда Санжар Жандосов:

— Бұл мәселені біз, қазақстандықтар өзіміз шешеміз. Филиал болу деген не?! Қазақ халқының жартысы репрессияда «план» орындады біз Мәскеудің шекпенінің етегінен ұстауымыз ұят! — деп жауап берді.

Қысқасы Қазақстаннан барған 14 өкілдің 10-ы, біздер қарсылық білдірдік. Төртеуі Мәскеу жағында болды. Ақыры әлгі әйел күйеуі екеуі (ұлты қазақ) Израилға кетіп қалды.

— Ата-бабамыздың қарғысы атсын. Қандай опасыз, ә! — деген марқұм Мардан Бәйділдаев ағаның ашулы кейпі әлі көз алдымда.

Бұл оқиға 1988 жылы, ақпанның 12-сінде Мәскеуде болған еді. Санжар Оразұлы Бүкілодақтық «Мемориал» тарихи-ағарту қоғамының тең төрағасы Мәскеу Архитектура институтының ректоры Юрий Афанасьевті Алматыға шақырып, Қазақстан «Әділет-Мемориал» қоғамын құру жөнінде қазақстандықтардың өз пікіріне құлақ түрүін өтінді. Әрине, баяндама Ю. Афанасьевке берілді, ол конференцияда Бүкілодақтық «Мемориал» қоғамын құруда Қазақстанға сеніп келгенін хабарлады. Тәртіп бойынша 300-ден астам өкіл шақырылды. Мәселе осы 300 адамның дауыс беруіне байланысты болатын. «Мемориал» қоғамын жақтаушылар жанын салып дауысқа ұмтылды.

Сөз кезегі Мардан Бәйділдаевқа берілді де, әз аға қазақ тілінде сөйледі. Залдағылар «орыс тілінде сөйле, біз түсінбейміз!? — деп реплика тастады.

— Мұнда түсінетіндер бар, қайта мені түсінбегендерің дұрыс! — деп Мардан ағамыз ашуға басты. Пікірін аяқтаған соң Мардан аға мені шақырып алып.

— Армиял, масқара болғалы тұр. Дауысымыз жетпейтін сияқты. Келмей қалғандардың орнын талтыру керек. Тез зыт! Студенттерді, оқытушыларды жина! — деді.

Конференция кино үйінде болып жатқан. Мен жақындау деген КазПИ-ге, театр институтына барып өтініш айттым.

КазПИ басшылары «сабақтан босата алмаймыз!» — деп керікті. Жөн болғанда марқұм Нұрмұхан Жантөрин студенттеріне сабақ беріп отыр екен. Мен мән-жайды айтып бердім. Көзін сығырайта қарап «қанша студент керек?» деді.

— Бәрі, бәрі, Нүреке! — деймін асығыстығымды білдіріп.

Нұрмұхан аға аудиторияларды аша жүріп:

— Мына жігіт қайда жүр десе, сонда барасыңдар! Егер бір де біреуің айтқанымды орындамасаңдар, зачет жоқ! Шагом марш!» — деді.

Мен жолшыбай студенттерге қалтамдағы мандаттарды үлестіріп беріп, қысқаша түсіндірдім.

— Айтсаңыз болды ғой. Дауыс берудің көкесін көрсетеміз! — деді қуақылау біреуі.

Біз барғанда дауысқа салу мәселесі көтеріліп жатыр екен.

Қысқасы басым дауыспен жаңа құрылған тарихи-ағарту қоғамы «Әділет» болып аталды.

Биылғы жыл репрессия құрбандарын еске алу және рухани татулық жылы болып есептелгендіктен Республикалық тарихи-ағарту қоғамы бұдан 8 жыл бұрын құрылып, шамашарқынша жұмыс істеп келе жатқандығын айта кетуіміз қажет.

«Ақмоладағы Отанын сатқандардың әйелдер лагерінде болған — «алжирлік» аналарға арналып Малиновка селосында ескерткіш кешен ашылды. Боралдайда ескерткіш орнатылды. Мұндай еске алу шаралары Ақтөбеде, Қарағандыда, Семейде, Шымкентте, Жамбылда, Алматыда, Талдықорғанда, Жезқазғанда, Арқалықта, Торғайда, Оралда көрініс беруде. «Алжир», «Жансебіл», «Алашорда»,«Нәубет» сияқты кинофильмдер шықса, «Жан дауысы», «Нәубет-қызылдар қырғыны», «Зауал-Сары дәптер», «Азалы кітап» кітаптары жарық көрді.

Бұл тақырыпта шыққан Ш. Мұртазаның, Б. Қойшыбаевтың, С Елубаевтың, М. Михаиловтың, В. Пономаревтің шығармалары бір төбе. Ғалымдар К. Нұрпейісовтың, Б. Баймахановтың, Т. Кәкішовтың, Ш. Елеукеновтың, М. Қозыбаевтың кітаптары, мақалалары жарық көрді. Республикалық баспасөзде журналистеріміз ақтаңдақтар жөнінде қалам тартып келеді. «Сталинге хат», «Кебенек киген арулар» спектакльдері қойылды. «Әділет» қоғамы татулық пен еске алу жылында да қалқадеріншe іс тындырып келеді.

Алайда Республикалық тарихи-ағарту «Әділет» қоғамының белгісінде «Адилет» деп жазылғаны қисынсыз-ақ. Орыс тіліне бұрып, тіліміздің сындырып айтылатын «Адилет» пен «жүректен шыққан асыл сөз «Әділеттің» арасалмағы аспан мен жердей.

Тоталитарлық режим кезінде Мәскеуге байлана жаздап барып, қазіргі кезде ерікті тарихи-ағарту ұйымы болған «Әділетіміздің» осындай тарихы бар. Шындыққа жету қиын-ау!

Армиял ТАСЫМБЕКОВ,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

● Жазықсыз жазаланғандар

«Жаудың» өзі болмасақ та, «күйыршығы» атанғанбыз

1937 жыл — Кеңес Одағы басшыларының қылышынан қан тамып, қабағынан қар жауып тұрған азалы да апатты жыл болды. Жапон империясының тыңшылары деген жала ең алдымен еліміздің нағыз сорпаның бетіне шығар жоғары шенді қызметкерлері, олар таусылған соң орта дәрежелі жауапты қызметкерлер ұсталып, сотсыз, тергеусіз, атылып, Қиыр Шығысқа айдалып жатты. Біз жиырмадан жаңа асқан, темірқанат комсомол мүшелері болатынбыз. Мен ол кезде Оңтүстік Қазақстан облысындағы Келес ауданы орталығы Сарыағаш қаласындамын. Ауданаралық «Ленин жолы» газетінің редакциясында жауапты хатшы болып қызмет етемін.

Отыз алтының ортасында басталған «халық жауы» деген атақты дүрбелең 1937 жылы шарықтау шегіне жетіп, қыза түсті. Нақақтан-нақақ жасанды жаламен ұсталып, қамалып кетіп жатқан адал адамдардың саны күннен-күнге көбейіп бара жатқаны еске түскенде шырт ұйқыдан қалай оянып кеткеніңді білмей де қаласың екенсің. Соған дейін ауданда жауапты қызметтерде жүрген Төлеген Әбдірахманов, Сейітхан Есенғұлов, Мүсілім Қарақожаев, Сейіткерей Ұсабаев сықылды азаматтардың қалай ұсталып, қай жаққа айдалып кетіп жатқанын естігенде, есімізді жия алмайтын болдық. Сөйтіп жүргенде бұл індет идеология қызметкерлеріне де келді. Ең алдымен, бір түнде «Ленин жолының» редакторы Аймағамбет Жалмағамбетов ұсталып кетті. Оның орнына келген аупарткомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Ескараевтың да (атын ұмыттым) «халық жауы» атануы бір-екі айдан аспады.

Сондай құғынға ұшыраған-дардың бірі — осы жолдардың авторы болатын. Екі бірдей редакторымыз екі айдың ішінде ұсталып кеткен соң ендігі кезек бізге келмесіне де кім кепіл болушы еді? «Солармен бірге қызмет істегенің рас қой? Үйлерінен шай ішкенің өтірік емес қой?» деген сылтаумен «халық жауының күйыршығы» деген атақ тағып газет қызметкері Орман Нұрқабаев, оның аудандық аткомдағы машинкеші әйелі Алмагүл Ешпанова және солардың үйінде жататын — мен — үшеумізді де аупартком қызметтен құғызып, комсомол қатарынан шығартты. Айдалып кетпесек те үшеуміз де Қызылордамызға көшіп кетіп, сегіз ай селкілдеп, қызметсіз саландап бос жүрдік. Тек 1938 жылғы Мәскеудегі Орталық Комитеттің февраль-март пленумының шарапаты тиіп, қызметке қайта орналасып, комсомолдық билетімізді қайтарып алғанбыз.

Несін айта берейін. Сегіз айлық сергелденнің токетері осындай. «Халық жауы» деп айдалып кеткендердің бірен-сараны ғана ит көрмеген қорлықты көріп, бірнеше жылдан кейін қайтып келіпті деп естідік. Ондайлар — көп болса жүзден бір-екеу ғана болар, басқаларының барлығы да түкке тұрмайтын өтірік жаламен о дүниеге аттанып кетті де, «күйыршық» біздер ғана бәлей-бәтерден аман құтылғанбыз.

Тек отыз жетінің құрбандарының «иманы жолдасы болсын, қалғандарын Алла өзі жарылқасын!» дегеннен басқа айтарымыз жоқ-ау, сірә.

Малік ҚАРАҚҰЛОВ,
Ұлы Отан соғысының II топтағы мүгедегі,
Еңбек сіңірген мәдениет қызметкері.

№42

•Тарихтың ащы сабағы

Қандысай қасіреті

ГОД СОГЛАСИЯ И ПАМЯТИ ТАТУЛЫҚ ПЕН ЕСКЕ АЛУ ЖЫЛЫ 97

Қазірде Қазақстан жүзден астам ұлт пен ұлыстың өкілдері тату-тәтті, қолдасып тұрып жатқан көп ұлтты, алуан қырлы мемлекет болып отыр. Өкініштің үлкені сонда, марапатымыздан түспейтін осы көпұлттылық, көптілділік, патшалық Ресей отаршылдығының һәм әсіресе сталиндік-голощекиндік тоталитарлық құғын-сүргін саясатының тікелей салдары, зардабы. Бұлардың нәтижесінде өз қара орманында ең көп қасірет шеккен де қазақ халқы.

21-ші және 32-ші жылғы алапат ашаршылықтар сұмдығы өз алдына бір бөлек. Жиырмасыншы жылдардан бастап 30 жыл уақытты қамтыған сталиндік саяси сүргін кездерінде Қазақстанның 103 мың ардақ тұтар азаматы қамауға алынып, жауапқа тартылып жазаланды. Соның ішінде 27 мың адам атылған, олардың жиырма бес мыңы қазақтар.

Анықталған деректерге қарағанда, екі жарым мың боздақ Алматыдан 35 шақырым, бұрынғы Диқанбай қыстауы, Жаңалық деген жерде жерленген. 1989 жылдың сәуірінен бері белсенді қызмет жасап келе жатқан «Әділет» қоғамының арқасында 499 құрбанның есімдері анықталды. Қанға боялған есімдер Сөкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин_ тізім осылай жалғаса береді. Жерледі дегеніміз де жай сыпайы сөз ғой. НКВД үйінің астында атқаннан кейін олардың мәйіттерін «қара құзғындарға» тиеп, шұңқырларға әкеліп тастап, әйтеуір беттерін қалқалайтын.

Саяси құғын-сүргін құрбандарының жұртшылық өкілдері іздестірін тапқан екінші ортақ қабірі Іле ауданындағы Қарасу ауылының жанында, Қандысай деген жерде жатыр. Мұнда әзірге Алматы қаласындағы бірінші тізім бойынша атылған 19 адамның мүрдесі табылды. Бұл арада әлі де 300-ден астам адамның сүйегі бар деп болжамдалады. Бірақ төбешіктер тегістеліп, қорымның үстіне саяжайлар салынып қалғандықтан, оны дәл анықтау қиын.

Бейсенбай Келдібаев ақсақал былай дейді: *«Мен 1938 жылы ауданда мал дәрігері болып істедім. Ақпанның аяғы, наурыздың басы болуы керек. Әжеттегі нағашымның үйіне бардым. Сонда нағашым айтты: «Алла сақтасын, осы маңай қазір қан сасиды. Небір марқасқаларды түнде әкеліп аңыратып атып жатыр. Кейде айқайлаған дауыстарын естиміз». 1937—1938 жылдары «халық жауы» деп айдар тағылғандарды Әжет пен Боралдай арасындағы сайға әкеліп атып, жасырып көміп отырған. Әрине, әркімге де жан керек. Сондықтан өлгендей шырқырған айқайларды, мылтық дауысын естісек те естімегендей болатынбыз, тісімізден шығармайтынбыз. Мұны аңғармай сыр шашып қалған бейшаралар іс-түзсіз жоғалып кететін. Қандысайдағы қанды оқиғалардың куәгерлері әлі бар».*

Ескі тарихқа жүгінсек, осы сайдың бойында бұдан 280 жылдай бұрын қазақ пен жоңғар әскерлерінің ірі шайқасы өткен. Аңыз бойынша сонда сел болып аққан қаннан өзен суы қап-қара болып кеткен дейді. Содан да ауыл Қарасу, сай Қандысай аталған екен.

Осы арадағы төбеде ақ патшаға қарсы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі көсемдерінің бірі Бекболат Әшекеев дарға асылған. Міне, халық тарихына қатысты Қандысай қасіретінің қатпарлары осындай.

1937—1938 жылдар — Қазақстан тарихындағы ең бір қаралы да, жаралы, шерлі парақтар. 1938 жылдың 25 ақпаны мен 13 наурызы арасында ғана КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясы көшпелі сессиясының үкімдері бойынша Алматы қаласында атылған 631 адамның тізімін 1992 жылдың 7 сәуірінде Ресей Федерациясының Қауіпсіздік министрлігі берген болатын. Бұл қаныпезер үкімдерді шығаруға диввоенюрист Горячев төрағалық етіп, басшылық жасаған. Анығында үкімді жалғыз өзі шығарған. Жендеттер Қазақстанның сол заманға, сол кездің идеологиясына адал қызмет етіп жүрген таңдаулы перзенттерінің орта есеппен күн сайын 43-ін атып отырған.

Жыл сайын 31 мамыр күні Қарасу ауылындағы Қандысайда 1938 жылы бірінші тізім бойынша атылған 19 боздақтың мәңгілік тыным тапқан жерінде орнатылған ескерткіштің жанында құғын-сүргін құрбандарының рухын еске алатын митинг өткізіледі. Ашаршылық пен құғын-сүргін құрбандарына арналған бұл ескерткіш-мемориал 1992 жылдың 31 мамыр күні ашылған болатын. Митингке қатысушылар қазақ зиялыларының қаймағын, осында жерленген, Алматы дәрігерлік институтына есімі берілген Санжар Асфандияровтың, қазақ тілінің тұңғыш грамматикасын жасаған Құдайберген Жұбановтың, опера театрын құрған, Мәскеудегі бірінші қазақ әдебиеті мен өнері онкүндігінің басты ұйымдастырушысы Темірбек Жүргеновтың, «Балқашмыстың» бірінші директоры Василий Иванович Ивановтың және басқалардың жарқын бейнелерін үнсіз аза тұтып еске алады.

Осы арада сталиндік қызыл қырғын қыршынынан қиған халық комиссарлары Нығметолла Сырғабеков, Мұхаметқали Тәтімов, Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетовтердің де ардақты есімдері ел есінде қалған, ұрпақ жадында жаттталған.

Бір ғана Ұ. Құлымбетовті алайық. Бірінші тізімге ілініп, 1938 жылдың 25 ақпанында атылған ол жасырын түрде осы Қандысайда жерленеді. Бұдан соң әйелі мен балалары құғындалады. Әйелі Әйша сегіз жыл Ақмола лагерінде, барлығы 18 жыл басқа жерлерде құғын-сүргінде болады. Қыздары Көбира, Орынша мен ұлы Болат балалар үйінің «қонағы» болып, қорқынышүрейден туған запыстылықпен фамилияларын Қарабалин деп өзгертеді.

Адамзат тарихында бір ақиқат бар: әділет қашанда жеңеді. Әрине, сталиндік құғын-сүргіннің мындаған тағдырларға салған жара жазылмасы анық. Бірақ сол қылмыстың бетін ашып айыптау, шындыққа жету бүгініміз үшін, болашағымыз үшін, ұрпағымыз үшін аса қажет. Осы тұрғыдан келгенде Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі «Жаппай саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау» туралы қаулысын орындау барысында 51772 адамның ақталуы әділеттің салтанат құруы деп білу керек. Ал, 1954 және 1994 жылдар аралығында ақталған республикамыздың азаматтары 90419 адам болды. Алматы қаласы мен облысы бойынша тек 1994 жылы ғана 1293 адам ақталды. Бұл жұмыс қазір одан әрі жалғасуда.

Дәл іргесінде Қандысай қасіреті зарланған біздің қарасулық орта мектебіміздің музейінде «Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандары» бұрышы ашылған. «Ізденіс» экспедициялық жасағы жұмыс істейді. Оның балғын ұландары ескерткіш-мемориалға күтім жасайды, Қандысайға жерленген арыс аталарының есімдерін анықтайды, осылар бойынша дерек-құжаттар жинастырады. Өткеннің ащы сабағымен біз жас ұрпақ бойында болашаққа деген сенімді тәрбиелеуге ұмтыламыз. Біздің балалардың тарихтың қасіретті мұрасына үлкен жауапкершілікпен, байсалды ойлылықпен қарауы қуандырады. Мысалы, 1996 жылы 11 класс оқушысы Равил Тыныбеков республикалық ғылыми-практикалық конференцияда «Қандысай қорымы туралы» баяндама жасап, жеңімпаз атанды, сөйтіп, заңды жеңілдіктерді пайдаланып, Заң институтына оқуға түсті.

Жалпыұлттық татулық пен саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы аукымында мектебімізде әлеуметтік-тәрбиелік маңызы зор ұлағатты шаралар көптеп ұйымдастырылды, өлкетану-іздестіру жұмыстары жаңа серпін алды. Біздің мектепте аталмыш тақырыпқа арналып, оқушылардың ғылыми-практикалық конференциясы, сондай-ақ Қазақстан тарихы пәні мұғалімдерінің облыстық семинары өткізілді. Еліміздің көрнекті ғалымдары, облыс басшылары мен аудан әкімі қатысқан ғылыми-практикалық конференция да біздің мектеп негізінде өткізіліп, тағылымды із, өрнекті өнеге қалдырды.

Ертеңгі 31 мамыр — Саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күнінің республика бойынша шараларының бірқатары біздің Қарасу ауылында, Қандысай қасіреті болған жерде өтетіні сөзсіз. Оған қызыл қырғын зұлматының ащы сабағын ұмытпауға, жалпыұлттық татулыққа шақырып, өзі соған ұйтқы болып отырған Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев та қатысады деп зор үмітпен күтіп отырмыз.

Қандысай қасіреті кешегінің зұлматы еді. Оның сабағы бүгініміз бен болашағымызға қызмет етуі тиіс. Мен өзім солай болады деп сенемін.

Сармантай РАХЫМБЕРДИЕВ,
№1 Қарасу орта мектебінің мұғалімі,
мектеп мұражайының директоры.
Іле ауданы.

ТАҒЗЫМ

Тауларға тағзым етемін,
Қойыны толған кені үшін.
Даларға тағзым етемін,
Сыйлаған елге жемісін.
Адамға тағзым етемін,
Адамды құрметтегенге.

Аспанға самған кетемін,
Ақын боп жүріп төменде.
Жақпаймын аққа күйені,
Достаспан екіжүздімен.
Жандайсын маған киелі,
Өзінді ансап үздігем.

Тозбайтын не бар?
Темір де...
Тозады (Енсе көтергің).
Мен мына нұрлы өмірде,
Достыққа тағзым етемін.

Базарбай ИСАЕВ.

«Жетісудың» бұрынғы редакторы



Саяси құғын-сүргін құрбандарын жазықсыздан-жазықсыз «халық жауы»деген атпен жаппай дәл желкеден атқан, оларды қазылған шұңқырларға көме салған 1937—38 жылдардың зобаланын кім ұмытар?! Сол кездегі құрбан болған азаматтардың мәйіті жарты ғасыр өткеннен кейін табылып отыр. Ауырып өлген малдың өлген себебін анықтап, акті жасап, көмбеуші ме еді. Ал өлімінің себебі, тіпті осы кезге дейін өлген жері де, мінәжат ететін мәйіті де белгісіз болып келген арыстар мал емес, адам еді ғой. Шүкір, қазіргі таңда елі үшін құрбан болған жандардың есімі халқына қайтадан оралып жатыр. Олардың қатарында Сүгіров Рахым Сүндетұлы да бар. Ол 1904 жылы Қостанай облысында туып, Алматы қаласында тұрған. Алматы облыстық партия комитетінің мектеп және мәдени-ағарту мекемесінің бөлім меңгерушісі болған. Ал, 1937 жылы облыстық «Сталин жолы» (қазіргі «Жетісу») газетінің редакторы қызметін атқарған.

1938 жылдың 3 наурызында атылып, 1957 жылы ақталды.

НҰРЖАМАЛ.

СУРЕТТЕ: Р. Сүгіров

ГОД СОГЛАСИЯ И ПАМЯТИ ТАТУЛЫҚ ПЕН ЕСКЕ АЛУ ЖЫЛЫ 97

•*Алаш Алаш болғанда*

ЗИЯЛҒА — ЗАУАЛ

Құғын-сүргін. Қызыл қырғын. Ашаршылық нәубеті. Өн бойынан өлім ызғары ескен осы сұмдық апаттар қазақ халқына үсті-үстіне жұт болып тиді. Большевиктік империя зымияндық пен қатыгездікті қатар пайдаланды. Саясаттану ғылымының докторы, демограф Мақаш ТӨТІМОВ советтік сұрқия саясаттың осындай жымысқы жылымдарын талай жылдардан бері ашына әшкерелеп айтып келеді.

— Мәке, халқымыздың кеңес өкіметі кезінде көрген кесапат, шеккен кәсіреттерінің біріне саясаттың салқыны тиді ме, әлде...

— Империя, мейлі, ол қызыл болсын, ақ болсын, көк болсын, бәрібір, әсіресе дамуы кенжелеп қалған қазақ сияқты халықтар жөнінде қай кезде де бөлек саясат ұстанған. Қызыл сүргінінің қазақтарға қарсы қомағай араны 1921 жылдан бастап ашылды. Азамат соғысының, бүлікшілік пен құрғақшылықтың зардабы Қазақстандағы алғашқы ғаламат ашаршылыққа әкеліп соқтырды. Нәубет екі миллионнан астам адамға шеңгелін салды. Ашыққандар негізінен қазақтар еді. Әрине, бұл ашаршылық қасақана, қолдан ұйымдастырылды деуге болмас. Бірақ мына бір жәйт қайран қалдырады. Басы Ленининің өзі болып Совет өкіметінің басшылары Еділ бойындағы ашаршылық туралы айдай әлемге дабыл қағып, ондағы ашыққандарға Арал теңізінің балығын вагондап жөнелткізді. Мұны мадақтап жазған Ғабит Мүсірепов ағамыздың әйгілі әңгімесі де бар. Ал аштық пен індет жайлаған қазақтарға көмек бермек түгілі, тіпті олардың баржоғына да ешкім назар аударған жоқ. Ол ол ма, ет салығы ретінде қазақтардың малын сыпырып алды. Осыны саясат емес, саясаттағы залымдық емес деп кім айтады.

— Қазақ халқын ашықтан ашық, арсыз оспадарлықпен тұқырту, бүктіру саясатын Қазақстанда қайдағы бір «Кіші Октябрь» орнатамын деген перделі желеумен кастаңдығын ішіне бүгіп Ф. Голощекин бастады ғой.

— Дұрыс айтасың. Ол өзінің бұл қылмысты әрекеттерін Сталинмен келісіп істеді. Голощекин деген бетперде жамылған бұл еврей Шая Ицкевич әуелі қазақ зиялыларына қарсы майдан ашып, солардың көзін құртуға, халықты топ бастайтын серкелерінен, ақыл-ойынан, өнтиндеп қаймағынан айыруға тырысты. Сондарынан шам алып түсіп, Сұлтанбек Қожанов, Смағұл Сәдуақасов сияқты ер, ер, өткір, халқы үшін айға шабудан тайынбаған арыстан азаматтарды Қазақстандағы басшы қызметтерден құдырып тынды.

Қазақ байларын тәргілеп, өздерін атқанын атып, атпағанын жер аударып, алапсапыранға түсіргенін алайық. Бұл да аса күтүрқы саясат еді. Біріншіден, ауыл күн көрісінің көзі — малынан айырылды. Екіншіден, сол бай дегендеріміздің өздері өр ауылдағы ақылман, парасатты, істің жөнін білетін ел басы адамдар еді ғой. Ауыл-аймақтың зиялы мен қаймағы еді ғой. Сөйтіп, әрбір қазақ ауылы жөн білетін, жол білетін басшыларынан көз жаздырылды. Байларды құрту да қазақты бассыз, көзсіз қалдырудың бір амалытын. Демек, бұл да саясаттың сұрғын, оның ақыры келіп қазақтың қырғыны болды.

Осыған орай, Кеңес Одағының көпшілік аймақтарындағы сияқты, Қазақстанда да режимге ашық қарсылықтар жасалды, бұл бірқатар жерлерде қарулы бас көтерулерге ұласты. 1929-1931 жылдары Қазақстан бойынша 372 көтеріліс тіркелген екен. Олардың бәрі аса қаталдықпен басылды. Жүздеген адамдар атылды, асылды, мыңдап қапас лагерлерге айдалды. 1929—1933 жылдар аралығында 3386 адам ату жазасына кесілді. 13151 адам үш-он жыл мерзімге сотталды. Бұлар да қазақтың намыскер, жігерлі азаматтары болатын.

— Мақаш аға, міне, осы алапатыран кезіндегі мешін жылғы ашаршылық ауқымы жағынан аса қатерлі болып, ұлтымыздың ең үлкен кәсіреттерінің бірі ретінде тарихымызда қалады. Соны біріміз нәубет, біріміз зұлмат, апат, қырғын деп жазып, санасаққа жүгіртіп жатырмыз. Меніңше, бұл кәсіретіміздің де ғылыми жағынан пайымдалған, бір ізге түсіріліп тиянақталған атауы болуы тиіс қой деп ойлаймын.

— Өте орынды. Бұл не? Нәубет пе, әлде зұлмат па? Қалай атасақ қателеспес екенбіз. Жоңғар шапқыншылығынан халық шежіресіне енген «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама» деп аты дұрыс қойылғандықтан сол қайғылы тарих санаға сіңіп, үрпақтан-үрпаққа ауысып, миымызға шегеленіп қалғанлай. Ал, 1932 жылғы ашаршылық — меніңше, қызыл табан қырғын. Нәубет деп айтуымыз жаңсақ. Себебі, нәубет сөзі дінн ұғымға жақындайды. Мәселен, сел жүрсе, жер сілкінсе, оны құдайдың құдіретімен болған нәубет дейміз. Есеңгіреткен ашаршылық апатынан қатты шошынған халық бұл да құдайдың жіберген зауалы ма деп оны нәубет атамасқа шарасы болмады. Шынында, бұл қызылтабан қырғынға ұласқан саяси зұлмат еді. Зұлмат арғы түбірі зұлымдық деген сөзден шыққан, геноцидтің баламасы. Қарапайым халықтың үркінді, запыс болғаны соншалық, Сталин жасағанды құдай жасаған екен деп айтуға мәжбүр болды. Голощекинді пайғамбар санады. Ежовты Әзірет Әлінің зұлпықар қылышындай көрді.

— XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының азаматтық, интеллектуалдық деңгейі аса жоғары болғаны жалпыға мәлім ақиқат. Кеңестік шығыста түркі халықтарының ішінде қазақ зиялылары ең мықтысы болғанына ешкім таласа қоймас. Осы қазақ зиялыларына, қазақ ақыл-ойының қаймағына келген зауал аса қатты болуы, арыстарымызды шетінен жусатып кетуі неліктен деп ойлайсыз?

— Иә, Ежовщинаның қылышынан қан тамған 1937-38 жылдары атылғандардың көбі большевик зиялылары. 29—31-де қазақ халқының Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов бастаған нағыз қаймағы сыпырылды. «Алашордада» болған азаматтар мен қызыл большевиктер арасында келіспеушіліктер болды. Арадағы жік пен дүрдараздықтың кесірінен екі жағы да көп зардап шекті. Олар көп реттерде бірін-біріне өшіктіріп айдап салған зымиян идеологиялық зұлматтың құрбандарына айналды. Қазақ зиялылары, мысалы, өзбектермен салыстырғанда үш есе көп қырғын тапты. Бұл көп жайды аңғартады. Және біздің қазіргі ахуалымызға да, болашағымызға да өркеш сабақ болуы керек. Алтыбақан алауыздық ешкімді үшпаққа шығармайды, қайта ұлтымыздың ортақ мүддесіне кедергі жасайды.

— Қазақ зиялыларының көп зардап шегуіне Ежовтың осының алдында Қазақстанда бірталай жыл жұмыс істеуі де себеп болмады ма екен?

— Әлбетте, мұның көп зияны тигені анық. Ежов Семей губкомында істеді. Қазақ зиялыларымен қоян-қолтық араласты. Олардың қасиеттерін, мінез-құлқын, ақыл-парасатын, қайсысы неге татитынын жақсы білді. Кейбірімен бас араздығы, келіспеушілігі болуы, кейбіріне тағы бір себептермен тісін басып жүруі мүмкін. Ол қазақ зиялыларын ату тізімін жасауға өзі тікелей қатысуы да ықтимал. Грузия репрессия кезінде Берия болғандықтан көп зардап шекпесе, Ежовтың Қазақстандағы қырғыны одан әлдекайда асып түсті.

— Мақаш аға, мен бір жерден оқып едім, егер 50 саясатшысынан, 50 ғалымынан, 50 әскербасысынан, әйтеуір әр саладағы ең мықты 50 қайраткерінен айырылса, Франция сияқты үлкен мемлекет біршама уақыт мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтата тұрады деп. Ал, отызыншы жылдардағы Қазақстанды Франциямен әсте салыстыра алмаймыз. Соған қарағанда қазақтың бетке ұстар зиялы қауымын қырып тастауға сталиндік саясат мүдделі болған-ау деймін.

— «Халықтың қуаты — зиялыларында» деген екен Антон Павлович Чехов. Әсіресе, қазақ сынды ен байлықтың, жерұйықтың, жалпақтан-жалпақ сайын даланың үстінде отырған халықтың қаймақ-кілегейін сыпырып, күш-қуатсыз, ақыл-ойсыз, парасатсыз, көз-құлақсыз қалдыру большевиктік кеңес империясының мемлекеттік ауқымдағы маңызды саясаты, түпкі мақсаты болғандығы қазір ешкімге күмән тудырмаса керек. Сүргінге ұшыраған құрбандықтар санына қарап отырып, жанағы ойға одан әрі беки түсесін. 20—30-шы жылдардағы ең ауыр соққыны әр деңгейдегі қазақ **зиялылары көрді.** Бүкіл Орта Азияда, Кеңестің түркілік шығысында ең шоқтығы биігі де осы қазақ зиялылары болатын. Зымиян, әккі саясат дегеніне жетті. Қазақ зиялы сондай ойсыраған орнын әлі күнге дейін толтыра алған жоқ десек, қателесе қоймаспыз.

— Мәке, енді әңгіме бетін 1937—1938 жылғы саяси құғын-сүргін құрбандарына қарай бұрсақ деген өтінішім бар.

— Өзім де соған келе жатырмын. «Әділет» қоғамының 1992 жылғы қазан айындағы бір жиналысында жүрегімді тебіренткен, жүйкемді қозғаған бір оқиға болды. Ол 1938 жылғы ақпанның аяғы мен наурыздың басында Алматыда жаппай атылып кеткен зиялылардың тізімін көруім еді. Құжат қойылған жерде соны өз көзіммен көріп, оқып, зерттеп шықтым. Дереу сол арада статистикалық талдау жасай бастадым.

Талдауды жүйелей келгенде: 25 ақпаннан 13 наурызға дейін 631 адам атылған екен. Күн сайын орта есеппен 43 адамды атып отырған. Ең аз атқандары — 37. Ең көбі — соңғы күні атылған адам саны — 56-ға жеткен. Қанды қасапты он бес күн ішінде аяқтап болған. Бұл жазықсыз құрбандықтар бүкіл Қазақстан бойынша 1937-38 жылдары атылып кеткен 30 мың адамның бес бөлігінен артық екен. Осы кезде Алматыда ғана емес, мұндай зұлматты қасап республиканың барлық облыс және аудан орталықтарында жүргізіліп жатқан болатын.

Ал, енді мұндай ғаламат зобаланды кім ұйымдастырды деген сұраққа келейік. Бұлардың бәрі де тікелей Мәскеудің нұсқауымен, тек Мәскеудің шешімімен, КСРО Жоғарғы соты әскери коллегиясы көшпелі сессиясының үкімімен атылған адамлар. Бір ғажабы, Мәскеу осыншама қазақ зиялысын тыптыпыл етіп қанға бөктіріп, қасап жасау үшін бір ғана өкілін — диввоенюрист Горячевті ғана жіберуді әбден жеткіліктті деп тапқан.

— Атылғандардың ұлттық құрамына назар аударған шығарсыз?

— Жендет қолы желкесін қиған сол 631 адамның 70—75 бөлігі қазақ зиялылары. Сол кезде Алматыдағы қазақ тұрғындарының үлесі 7-8 бөліктен аспайтын. Ал, атылғандардың ішінде қазақтың үлес салмағы басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда он есе жоғары болған. Айталық, жанағы 7-8 бөліктің ішінде мемлекет, партия қызметіндегілер көп болды дегеннің өзінде де атылған қазақ славян тектілерден сан есе көп. Бұл — әккі зымияндық, халықтың кілегейін қасақана сыпыру, саяси сүргін екенін дәлелдейді. Зиялыларынан айырылған ұлттың интеллектісі, рухани күш-қуаты төмендейді. Тізімдегі орыс, еуропалық фамилиялар ішінен мен атақты, белгілі адамдарды кездестіре алмадым. Оның есесіне қазақтың сол кездегі асыл арыстары түгелдей көгенделіп, ұсталып, атылып жіберілгені байқалады. Бәрі таныс есімдер, бәрі ұлт қорғаны, ұлт мақтаныштары.

— Мәке, 28 ақпанда атылғандардың ішінде сіздің әкеңіздің іңісі, азамат соғысының батыры, Сәкен Сейфуллиннің әйгілі «Тар жол, тайғақ кешуінде» суреттелетін Мұхаметқали Тәтімов те бар. Осы кісі туралы бірер сөз айтсаңыз?

— Ағаға тағылған айып: жапон империализмінің агенті, Қазақстанды Ресейден бөліп, дербес мемлекет етуге ұмтылған, өзі әскери адам ретінде болашақ дербес Қазақстанның Қорғаныс министрі болмақшы. Тергеу кезінде кителінің қалтасына сондай арандатушы записка салып жіберген.

Мұхаметқали аға қазақ жұмысшыларынан шыққан алғашқы большевиктердің бірі еді. Қызыл Ту орденімен наградталған бірінші қазақ. Қазақ Республикасының алғашқы Еңбек наркомы, кейін Денсаулық сақтау наркомы болған. Кезінде Семей губкомында Ежовпен бірге істеген. Қаралы тізімнің ішінен біздің ағайдың да аты табылуы менің көңілімді босатып, қатты толғандырды.

1938 жылдың 25 ақпанында Сәнжар Аспандияров, Құдайберген Жұбанов, Темірбек Жүргенов, Үзақбай Құлымбетов, Ізмұхан Құрамысов, Сейтқали Меңдешев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Қабылов, Бейімбет Майлин, Жұмат Шанин, 28-і күні Ораз Жандосов, 3 наурыз күні Мағаз Масаншы, Абдолла Розыбақиев, Әбілқайыр Досовтар атылған.

Сөйтіп, қазақ халқының зиялыларына келген қанды зауал осылай жалғаса берген. Ұлт қаймағын сыпырған сол зауалға бүгінгі үрпақтың қарғыстан басқа айтары жоқ.

Әңгімелескен Қорғанбек АМАНЖОЛ.

«Бөрібай көтерілісінің» құрбандары

Қазақ төңкерісінен кейін Ақсу, Қапал және Талдықорған аудандарының жерінде Голощекиннің сұрқия саясаты 1930—1932 жылдары жазықсыз жандардың қанын судай ағызуы. Осы елге 1921 жылдан бастап қанды құрығын салып, елді шілдей тоздырып, тарыдай шашу саясаты әртүрлі әдістермен жүргізіліп отырды.

Оның бастысы — елді отырықшыландыру болды. Ол елді жыл маусымына қарамай мекен-жайынан қоныс аударуға зорлау. Өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан өмір сүру ортасынан, салт-дәстүрінен айырылған елдің бірден отырықшылыққа көндігуі қиын болды.

Ендігі солақай саясат — халыққа салық салу. Ол үшін түтін басына астықтай, еттей, сүттей, жүндей және терідей, мұнымен қоса ақшалай салық салынған. Оның барлығы 24 сағатта орындалып отыру керек. Мұнан қалса, ауыр қылмысқа тартылады.

Ендігісі — тәркілеу. Тәркіге егер жылдық табысы мәжелі санынан артық болса, голощекиншілер көзіне киімі түзік азамат түссе, ол бай, тәріктеуге жатқызылады.

Мұнан кейінгісі — коллективтендіру. Ол жер, су ыңғайына, кәсібіне сәйкес болуы тиіс еді. Бірақ, оны бұрмалатып, қазақты қырғынға ұшырату үшін құнарсыз құ далаға, құмдауыт жерге орналастыру қажет болған. Міне, осының бәрі, сайып келгенде, ел ішінде үлкенді-кішілі қобалжулар мен сол солақай саясатқа қарсы наразылық қозғалыстарына әкеліп соққаны шындық. «Мал-екеш мал да соярда аяғын серпеді»,— демекші, халық Голощекин билігіне қарсы көтеріліс ұйымдастырды. Бұл халық қозғалысы — «Бөрібай» көтерілісі деп, батыр бабамыз Қаптағай, Бөрібай атымен аталғаны, кешегі кер замандағы жері мен елін жаудан қорғап, халықты қызыл қырғыннан сақтау жолын жалғастырудың бірден-бір белгісі болды.

Ескі көз аталарымыз бен ағаларымыздың айтуына қарағанда, көтеріліс 1930 жылы наурыз, көкек айында Тараз жақтағы Мерке, Семейдің Шұбартау қозғалысына ұласып, Жетісуда «Бөрібай көтерілісі» аталып, Бүйен — Ақсу, Қапал және Ақешкі болысының, Қоңыр ауылының азаматтары бас көтерген. Көтерілістің мақсаты — озбырлық пен зорлыққа өкімет жағынан тиым салдыру, қазақтың халықтығын сақтау.

Сол 1930—1932 жылдары Ақешкі, Қоңыр болысында 132 адам жазықсыз атылып, қаны судай ағылды. Басты себебі — «Бөрібай» көтерілісіне қатысқандығы. Солардың қатарында менің өзіме ардақты да, абзал да, адам баласына бір ғайбат сөз айтпаған, өз басым түсін де, түрін де анық білмейтін әкем Құлахметұлы Қожахмет те кеткенін егемендік алған соң заң орындары арқылы іздеп тауып, жеке іс қағазын оқып, жетістен жасым асқанда көзіме жас алып, құран бағыштадым.

Сол кісімен бірге 1931 жылы 14 маусымда Талдықорғанда Жаманбалаұлы Қапыш, Күтпайұлы Нұрғали атылғаны мәлім болып отыр.

Ақешкі, Қоңырдан қызыл қырғында зардап шеккендер өте көп. Солардың қатарында Жалбақ балалары Иманқұл, Дәрменқұл, Мәдібала, Ахмет, Шаяхмет, Ербек баласы Әбіхан, Ақашбайұлы Қатбек, Мірәлімұлы Сүлеймен, Абақайұлы Нұрәділ, Рахымбекұлы Сарайт, Орманұлы Сареке, Айдарұлы Бейсен, Шәріпұлы Қалім, Абықанұлы Абильфейз, Садықұлы Далақ, Бейсенұлы Дүйсенбай, Бейсенұлы Әміре, Құтпайұлы Нүсіп және басқалар. Кейінде «халық жауы» деп құғынға түсіп, сотталғандар Құлахметұлы Қожағұл, Бекұлы Айғали он жыл сталиндік қатыгез лагерь қорлығын көрді.

Елбасының қолдауымен биылғы жыл — Татулық пен еске алу жылы деп аталуы көңіл көгін бұлттан сейілтіп, осыған орай оған алғысымызды жаудырамыз. Екіншіден, Елбасы айтқан лебізге қосыла келіп өз пікірімізді білдіргіміз келеді. Ол 1930—1931 жылдарда амалсыздан Қытай қашқан қазақ азаматтарын Қапал, Арасан жерінде қырғынға ұшыратқан Сәбитов Бари (кейбіреулерінің аттарын ұмыттым) деген қанішер екен.

Қапал ауданының Қоңырат ауылының азаматтары жазықсыз атылғандардың тұқым-тұрпағы немесе туған-туысқандары қаржы жинап үн көтеріп, Мәдениет үйінің алдына ескерткіш тақта орнатса аруақтар үшін ұмытылмас белгі, елдігіміздің асыл бір сипаты болатыны сөзсіз.

Көкімбай ҚОЖАХМЕТҰЛЫ,
Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагері.
Талдықорған қаласы.

ГОД СОГЛАСИЯ И ПАМЯТИ ТАТУЛЫҚ ПЕН ЕСКЕ АЛУ ЖЫЛЫ 97

Елбасы Н. Ә. Назарбаев үстіміздегі жылды жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялағаны баршамызға мәлім. Бұл Жарлық бүгінгі таңда қоғамдық мәнге ие болып отырған игі шара. Иә, қазіргі өміріміздің ағысын түсініп, алыс келешегімізді болжай білу үшін өткен өмірімізге талдау жасап, одан сабақ ала білуіміз керек. Осыдан алпыс жыл бұрынғы империялық сыңаржақ саясаттың құрбаны болған азаматтарды қалай ұмытармыз?!

Біздің аудан көлемінде де аталмыш Жарлық аясында шаралар белгіленіп, бірталай жұмыстар атқарылып келеді. Арнайы құрылған комиссия ауылдық аймақтардағы игі істерге мұрындық болуда. Оған бізде мекендейтін барлық ұлт өкілдері қатысады. Алғашқы шаралардың бірі — Панфилов атындағы кеншардың Мәдениет үйінде Республика күніне арналған халықтар достығы фестивалі болып өтті. Фестивальге қатысушыларды әр ұлттың өкілдері өз тілдерінде құттықтап, өздерінің халқының жүріп өткен жолдарын, тарихын әсерлі әңгімеледі. Олар ұлттық киімдерін киіп, өздері мен білерін көпшілікке ұсынды. Ұлттық тағамдарының дайындалу жолдарын көрсетуді де ұмытқан жоқ.

Фестиваль ауылдық аймақтарда да болып өтті. Онда үйғыр, түрік, көріс, поляк және тағы басқа мәдени орталықтардың белсенділігі жақсы бағаланды. Кең ауқымда өткен достық фестивалін ұйымдастыруда аудандық мәдениет басқармасының, ауыл әкімдерінің еңбегін атап өткен жөн. Жыл сайын өтетін Наурыз мейрамы да бауырмалдық пен татулық мерекесіне айналған.

Міне, бірнеше жылдан бері 1937-38 жылдардағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының жаппай атылған жері — біздің ауданымыздағы Жаңалық ауылына республика жұртшылығы назар аударып отыр. Бір ғана 1938 жылдың өзінде әр ұлт өкілдерінен 700 адам жазықсыз атылып кеткен екен. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген қазақтың аталы сөзі бар ғой. Жаңалықта солақай саясаттың құрбаны болған азаматтардың аруақтарына бағыштап ас беріп, құран оқыту жыл сайын дәстүрімізге айналған. Қуғын-сүргін құрбандарына арнап болашақта үлкен ескерткіш орнатылады. Ал, осыдан екі жыл бұрын Талғар қаласының ортасындағы көрнекті жерге Қазақстанның көрнекті қоғам қайраткері, арманда кеткен арысымыз Тұрар Рысқұловтың ескерткіші қойылды.

• *Тірілерге тағлым*

Татулық тау асырады



Жуырда Талғар қаласында жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылына арналған ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Конференцияға қатысушылар — академик Манаш Қозыбаев, республикалық архив қызметкері Марат Қасенов, тарих ғылымының кандидаты Хайдар Алдажұмановтың және тағы басқа азаматтардың сөздерінің арқауы сол бір зобалаң шақтың келмеске кетуі, республикада қазіргі кезде татулықтың сақталуы болды. Ғылыми-практикалық конференцияға қатысушылар кітап пен құжат, фотосурет көрмесін және «Қарлаг» деректі кинофильмін көрді.

Роберт Рождественскийдің «Бұл өлілерге емес, тірілерге керек» деген сөзінің астарына үңілетін болсақ, тоталитаризм жүйесінің құрбандарын еске алу жылында жауапкершілік жүгі әсіресе келешегімізді жалғастыратын ұрпақтарға тәрбие беруші ұстаздар мен баспасөз, үгіт-насихат қызметкерлеріне жүктеледі. Олар елімізде сол тұстағы қанды қырғын енді қайталанбасын, ұлттық татулық туы биікте желбірей берсін деген ізгі ниетпен көтерілген Президенттің бастамасын жан-жақты айқын көрсете, түсіндіре білуі керек. Бұл бағытта аудандық «Талғар» газетінің жұмысын айтуға болады. Лудан оқырмандарына газеттің «Олардың есімдерін халық ұмытқан жоқ» атты айдары жақсы таныс.

Республикамызда тұратын кавказдық түріктердің жер аударылғанына 50 жыл толуына орай аудандық баспасөзімізде түрік ұлттық мәдени орталығының жетекшісі Тұрсынов Саяпаттың «Менің халқымның қасіреті» деген мақаласы жарық көрді. Және түрік азаматтарының естеліктері басылды. Олардың бәрі де тебірене «Қазақстан біздің екінші Отанымыз» дейді. Иә, олар халқының төз-төзін ыңғарған сол бір зұлматты тұста кең де жылы құшағын ашқан қазақ халқының бауырмалдық пейілін ешуақытта ұмытпақ емес. Жуырда газет бетінде «Қасірет кітабының» алғашқы басылымынан алынған, 1930-40 жылдары аудан бойынша жазықсыз «халық жауы» болып атылып кеткен ардақты азаматтардың тізімі барлық тұрғындардың назарына ұсынылды. Ондағы мақсат — құрбандар жөнінде жаңа дерек немесе естеліктер айтатын жандар табылып қалар және туыстарының іздеу салуға көмегі тиер.

Ұлттар арасындағы татулықты айта отырып сол бірлікке, достыққа іріткі салатын кейбір күштер туралы да үнсіз қалуға болмайды. Олар қоғамымызда, күнделікті өмірімізде көрініс беріп қалып жататын келеңсіз жәйттерді өздерінің есебіне оп-оңай-ақ пайдаланғысы келеді.

Бұл жағдай көбіне-көп әртүрлі қоғамдық қозғалыстардың және саяси партиялардың тарапынан бой көрсетіп қалып жүр. Ұлттар арасында арандату іс-қимылдары жоқ емес. Бұған мысалды алыстан іздемесек те болады. Үстіміздегі жылдың ақпан айының басында Талғар қалалық медициналық айықтырғыш орнында Дмитрий Свентицкий деген жас жігіт қайтыс болды. Оқиғаға байланысты қылмысты іс қозғалып, тергеу жұмысы әлі жүргізілуде. Ішкі істер органының жауапқа тартылған қызметкерлері тиісті жазаларын алды да. Ал, аяулы ұлдарын жоғалтқан Дмитрийдің ата-анасы қайғы құшағында қалған еді. Қайғылы оқиға күні кезекшілікте қазақ милиционерлері болған.

Міне осыны ұтымды пайдаланғысы келген теріс пиғылдағы адамдар «Қазақстанда орыстарды өлтіріп жатыр» деп баспасөз мәслихатын ұйымдастыруға да бар күштерін салып бақты. Бірақ олардың арам ойлары іске аспады. Себебі, Валентина мен Иосиф Свентицкийлер баласының өлімі арқылы ұлттар арасындағы достыққа сызат түспесе деген тілектерін білдірген еді. Сондай-ақ олар «Талғар» және «Вечерняя Алматы» газеттеріне берген сұхбатында: «...әрбір ұлт өкілдерінің ішінде адал да адамгершілігі мол адамдардың болатыны секілді сұмпайылары да кездеседі...» — дейді.

Мұндағы айтпағымыз, адамның адамшылығы ұлтында, сыртқы келбетінде, түр-түсінде емес. Осыны түсіне білген қарапайым жандар — жүргізуші Иосиф Павлович пен үй шаруасындағы әйел Валентина Васильевна саяси арандатушыларға адамгершілік тұрғысында сабақ беріп, нәтижесінде олардың алға қойған мақсаттары орындалмай қалды.

Бүгінгі ұрпақ қуғын-сүргін жылдарының сол кездегі қатал шындығын білуге тиіс. Адамдардың жеке басын қадірлеуді, республикада тұратын ұлттардың ұзақ жылдар бойы қалыптасқан достығын құрметтей білулері қажет.

Біздің республика жайында жұз тілді Планета деп бекер айтпаған. Біздерге алдағы уақытта республикамызды мекендейтін барлық ұлт өкілдерімен жүздесіп, өңгіме-дүкен құрып, олардың талап-тілектерін, ұсыныстарын тыңдауға тура келеді. Олардың айтатыны әрине, арыз-шағым емес, біздің ортақ үйіміздің келешегі жайлы толғанысы және ұлттар арасындағы достықты, татулықты одан әрі нығайту жолындағы пікірлері. Мемлекетімізде жүріп жатқан экономикалық реформа және демократиялық қайта құруға халық сенеді. Олар қазіргі тұрмыстағы киындықтарды шыдамдылықпен көтере білуде. Өздерінің басты мақсаттары ретінде қоғамда қалыптасқан тыныштықты, азаматтық татулықты көздеп отыр.

Болатбек ҚҰТПАНОВ,
Талғар ауданының әкімі.

Халқына қайта оралған арыстар

есімдері ұмытылмақ емес

Ардақты әкелеріміздің ерлігі мен өткен тарихымыздағы сол ерлеріміз құрбан болған азалы күндерді халық ешуақытта ұмытпас, сірә. Қолдан ұйымдастырылған ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, тұтас халықтарды жер аудару — міне, бір кездегі тоталитарлық жүйенің мыңдаған адам тағдырына қиянат жасап, салып кеткен қара таңбалары.

Қазақ халқы, оның ішінде қазақ интеллигенциясы өктем жүйенің қанды шеңгеліне 1925 жылдан бастап ілікті. Қазақ зиялыларының алғашқы өкілдері — А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Тынышбаев, Ж. Ақбаев және тағы басқа қайраткерлер қуғынға ұшырады. Ал, 1925 жылғы желтоқсандағы «Ауылдарды советтендіру» атты партия конференциясының шешімі саяси қуғын-сүргіннің бастамасы және қазақ халқының қасіреті болды. Сол тұстағы күштеп ұжымдастыру мен Ф. И. Голощекиннің «Кіші Октябрь» саясаты қазақ халқының 1931-33 жылдардағы жаппай қырғынына әкеліп соқтырды. Қолдан жасалған ашаршылықта 2 миллионнан астам адамнан айрылдық. 1937-45 жылдары Қазақстанға Қиыр Шығыстан, Кавказдан, Еділ бойынан, тағы басқа жерлерден өз мекенінен қуылып, жер аударылған түтас халықтар келе бастады. Қатал үкімге ұшыраған сан мыңдаған адам жазықсыздан-жазықсыз жапа шекті.

1937 жылдың көктемінде «Халық жауларын құрту керек» деген ұранмен саяси қуғын-сүргіннің екінші толқыны басталды. «Халық жауларымен» белсенді күрес жүргізу нәтижесінде Қазақстанның картасында азап лагерлері — «Алжир», «Қарлағтар» қаптап кетті. Кейін уақыт өте келе республикамыздың көптеген аймақтары жаппай атылған адамдардың мәйіті жатқан жер екендігі анықталды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарының жерленген жері біздің облысымызда да анықталып отыр. Талғар ауданының Жаңалық ауылы мен Іле ауданының Боралдай поселкесі құрбан болған көптеген арыс азаматтарымыздың жерленген мекені.

Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Алматы облысы бойынша жүргізген зерттеу жұмысына азкем тоқталып өтейік. 1970 жылы қазу жұмыстары кезінде бір метр тереңдіктен бас сүйек пен адамның басқа да сүйектері табылған. Қазу жұмысын ары қарай жалғастырғанда, оқтан зақымданған тағы да бас сүйектер мен басқа да сүйектер шыға бастаған. Барлығы екі қап сүйек қазып алынған. Оларды 1993 жылы қайтадан жерледік.

Жаңалық ауылының тұрғыны Т. 1974 жылы ата-анасымен сонда тұрған. Бір күні үйінің ауласын қазып жатып, 70 сантиметр тереңдіктен желке тұсында тесігі бар адамның бас сүйегін тауып алған. Т. қазған шұңқырын тез арада көміп тастап, ауылға келген мұғалім А-ға үйін сатып кетеді. Ал А. ол жерге кейін жаңа үй тұрғызған. Осы ауылдың тағы бір тұрғыны К. деген азамат Қызыл-Қайрат ауылының қарттарынан «Бұрын Жаңалық ауылының төңірегінде репрессия құрбандары жерленген, үйлердің құрылысы жүргізілген кезде сол жерден желкеден оқ тескен бас сүйектер көптеп табылған» дегенді естіген. Иә, Жаңалық ауылында 1937-38 жылдары 2 мыңнан аса адам құпия түрде жерленген. Олардың бәрі халқымыздың бетке ұстар азаматтары.

Тас зындана тергеушілердің адам нанғысыз жауыздық әрекеттерін бастан өткеріп, елім деп еңіреген сол бір асыл ерлердің аруақтарын жаңғыртып, есімін елге қайтаруда біздің облыстық «Әділет» қоғамы да игілікті істер атқарып келеді. Өткен тарихымыздың парақтарын ақтарып, әділдікті қалпына келтіру ісіне 1990 жылдың ақпан айынан бастап кіріскенбіз. Біз бұл қызметімізүшін жалақы алмаймыз, жұмыс орнын да талап етпейміз. Ерікті қоғам болғандықтан, мақсатымыз — «халық жауы» болып нақақтан-нақақ атылып кеткен саяси қуғын-сүргін құрбандарының, яғни азаматтарымыздың толық аты-жөндерін, халқына сіңірген еңбектерін, империялық сыңаржақ саясаттың опасыздығын, қасіретін, шыңдығын халыққа, оның ішінде ертеңімізді жалғастыруды жастарға жеткізу, түсіндіру; сол арқылы келешек ұрпақты елін, жерін, ұлтын сүюге тәрбиелеу.

Өткен жылдың аяғында шықкан репрессия құрбандарының толық аты-жөні жазылған «Азалы кітаптың» алғашқы басылымынан бәріңіз де хабардар шығарсыздар. Енді сол кітаптың екінші басылымының I томы жарыққа шығады. Онда Алматы облысында 1930-1940 жылдары атылған 2 мыңнан астам адамның аты-жөндері беріледі.

Алдағы уақытта облысымызға қарасты әр ауылдың репрессия құрбаны болып кеткен азаматтарын анықтап, олардың туған жылынан бастап өмір жолдарын, қызметін, елге жасаған жақсылықтарын жерлестеріне жеткіземіз деген ойдамыз. Сталиндік репрессия жазасын басынан өткізген азаматтардың саны да бүгінде азайып келеді. Көбі «халық жауларының» балалары, ұрпақтары. Сол кісілер арқылы әлі де жазықсыз жазаланған есімдерді іздестіру жұмысын жалғастырып жатырмыз. Олардың отбасыларына қазіргі нарық қыспағына қарамастан қолдан келген көмегімізді аяп қалғымыз жоқ. Бұрын кеңшар мен ұжымшарлар бөлетін ақшаға әсіресе жалғызілікті жандарға тамақ, киім-кешек, қаражат жағынан көмек ұйымдастыратынбыз. Ал қазіргі экономикамыздың ауыр тұсында, репрессия құрбандарын еске алу жылында біздің тәуелсіз республикамыз сол бір зұлматтардың қайталанбауы үшін мүмкіндігінше көмек көрсетеді.

Республика Жоғарғы Кеңесінің 1991 жылғы 5 шілдедегі қаулысы бойынша 31 мамыр — 1931-33 жылдардағы ашаршылық пен репрессия құрбандарын еске алу күні болып сондықтан да жарияланып отыр деп білуіміз керек. Ал үстіміздегі жыл Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Жарлығымен жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жарияланды. Бұл тарихи күндер біздің халқымыздың өмірінде республикамызда тұратын барлық ұлт өкілдерінің қатысуымен аталып өтеді. Олар да репрессия құрбандарын еске алудың қасиетті ісіне өз үлестерін қоса бермек.

Жаңалықта, жыл сайынғы дәстүр, Талғар әкімшілігімен бірігіп «әділетшілер» қаралы митингі өткізеді. Сосын жазықсыз құрбандардың аруақтарына бағышталып ас беріліп, құран оқытылады.

Төленді АЙДАРОВ,
облыстық «Әділет» қоғамының төрағасы.

•*Жеке пікір*

Жендеттерге жем берген кімдер?

Өз ойымды ортаға салмастан бұрын, ең алдымен өзімнің кім екенімді айтқым келеді. Айтайын дегенім өзімнің көп жылдар бойы коммунист болғандығым. Бұл сөзде мақтаныш та, өкініш те бар. Мақтаныш дейтінім: коммунистер қатарына қоғамға, өзінің жанұясына адал, ар-ұяты бар, білімді, белгілі салада жұмыс істеуге қабілетті, саналы да белсенді адамдар алынды. Олар қазірде де жоғары қасиетін бойында сақтап, кін де көрсетіп келеді. Көпшілігі зейнеткерлер қатарында. Жүздеген-мыңдаған коммунистер партия жоғарыдан таратылғаннан кейін, коммунист атағын былай қойып, жай ғана адал еңбеккер болып немесе тіпті, халық сеніміне бөленіп, жекелеген аймақтарды, бүкіл елді басқаруға қатысып жүр. Бір кезде алған тәрбие, тәжірибе әлірлік азық болуда.

Екінші жағынан, өкініш бар дейтінім — неше түрлі зорлық-зомбылық, күтын-сүргін осы партияның үкімет басында тұрған кезінде болды. Оған тіпті кінәлі коммунистер деп кейде жеңіл-желпі айта салып жүрміз. Мен мұндай жалпылама баға беруге, шын коммунист пен арам ниеттіні араластыруға қосылмас едім.

Күтын-сүргінге негіз салып, «халық жауларымен» күрес жүргізуді саясаттың қағидасына айналдырған — жоғарыдан берілген нұсқаулар болғаны мәлім. Олардың авторлары Сталиннен бастап, оның төңірегіндегі Ежов, Берия, Ворошилов сияқты қанқыбалақтар болса, ол «данышпан нұсқауларды» іле-шала орындаушылар тағы да сол жер-жердегі шолақ белсенді басшылар болды. Олар бүкіл адамзаттың ойшылдары ансаған шын социализмнің мазмұнынан мүлде мақұрым болса да, оның атын пайдаланып, өздерінің мансапқорлық, зұлымдық әрекеттерін жүргізді.

Қожа Құран ұстап айтайықшы: қай кезде патшаның, президенттің, ал біздегі жағдайда бас хатшының айтқанын қарапайым жұрт екі қылған еді? Өкімет пен Қарулы күштер кімнің қолында болса, соның айтқыны да, кі де «ән», ақ дегені ақыс, қара дегені қарғыс болғанын бүкіл мемлекеттердің тарихы көрсетіп келеді. Сондықтан да әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа қарсы ешкім де ауызын аша алмай іштен тынумен болды. Тоталитарлық күрсаудың қысымы «халық жауы» аталғандардың жақын туыстарын солардан бездіріп, тіпті фамилияларын өзгертуге мәжбүр етті.

Қазір біз күрсаудан босап, демократиялық мемлекет құруға кірістік. Бірақ қысым көрсетушіліктің белгілі сарқыншақтары әлі де сақталуда. Үкіметке наразылық жасағаны үшін бұрын ату жазасына бұйырса — енді құдай одан сақтасын — қазір көшеге шығып жасаған наразылықты үкімет елеусіз қалдырады. Немесе рұқсатсыз митинг өткізгені үшін қамауға алады. Шын мәнісіндегі өсерлі демократияның ауылы әзірге алыс болып тұр-ау.

Өткендегі күтын-сүргін саясатынан туған түрлі зұлымдық әрекеттердің белең алуының бір себебі сол ауыр жағдайларды кейбіреулердің өз мақсатына пайдалануында болды. Олар өзінен беделі, білімі де асып бара жатқан көрнекті адамдарға жоқ жерден кінә тағып, келешегіне бөгет жасауға тырысты, жала жауып, айдатып жіберуге шейін барды. Мәскеудегі бас жендетке жем беріп отырған көп жағдайда осындай мансапқор опасыздар болған еді.

Біздің ауылға отызыншы жылдардың ортасында СТЗ тракторы келіп, оны Бойзілде деген жігіт бірінші болып игерді. Сегіз қырлы, бір сырлы жігіттің төресі еді. Колхоздағы жалғыз «полуторка» жүк машинасын да тек сол жүргізе алатын. Бір күні машинаның картерін бұзып, оның головкасына жаңадан прокладка саяу үшін қатырма қағаз таба алмай, кенседен бір бума газет әкеліп салады. Газеттің бірінде Сталиннің суреті кетеді. Оны байқап тұрған, жігітті көре алмайтын біреу «көсемді топыраққа былғап, темірдің арасына салып қысты» деп жоғарыға жазып жібереді. Азуақыт ішінде Бойзілдені «халық жауы» деп алып кетті. Сол кеткеннен мол кетіп, ол елге оралмады. Осыдан арам пиғылды «көрсеткіштер» көп болдақтарды қыршынынан қиды.

Сол жылдары өсіресе, тегі кедейден шыққандар «мен нағыз батырақпын» деп кеудесін қақты. Олар расында да өздерінің рухани батырақ екенін ешкім сұрамай-ақ жария етіп жүрді. Өсіресе, атақты жазушы Собит Мұқановтың осы сөзді жиі айта беруі, кейде тіпті батырақтығын мақтан етуі менің көңіліме жақпайтын сияқты еді. Біреудің жақсы аты шығып бара жатса, ол жөнінде нақтылы мәселеге өзінің тікелей қатысы болмаса да, соған араласып, батырақ емес адамның шығармашылық жағынан атының озуына Сәбең жол бермеуге тырысып жүрді.

Жетпісінші жылы мен баспасөзде мемлекеттік күпия сақтау басқармасында істеп жүргенде «Жұлдыз» журналында Мағжан Жұмабаевтың бір өлеңін жариялауға рұқсат жасаттым. Оны көрген бірінші бастығым Әбдірәшит Шалабаев «Сен саяси қателесіп тұрсың, Мағжан жөнінде мен қазір Сәбиттен сұраймын» деп сол жерде дереу телефон соқты. Телефонның ар жағында «Ойбай, ол буржуазный националист, жариялауға болмайды» деген Сәбиттің байбалам сақылдап естіліп тұрды.

Сол кезде «Простор» журналында «День шакала» деген хикаятты жариялауға да мен бастықтың орынбасары есебінде рұқсат бергіздім. Сол үшін менің «ісімді» Мәскеудегі Бас басқарманың бастығы Романов ерекше өзі қарап, маған шетелдегі «Таймс» агенттігінің қолданаты деген айдар тағып, партиялығым жөнінде мәселе қаратпақ болды. «Простордың» бас редакторы В. Ларин екеуміз жөнінде тиісті қағаз Димекене жеткенде, ол кісі «Арнаулы органдардың мәліметтері бойынша бізде ондай шет ел агенті жоқ, сын-ескертпемен шектелсін» деп жымиып қана қойған екен.

Орталық Комитеттегі кейбір «қырағылар» тонның ішінен бүрге іздеп, тауып алғанын дағарадай етіп көрсетіп, мақаланың бір жерін сызып тастаса, соны үлкен проблема шешіп отырғандай санады. Бірде Салық Зимановтың үлкен мақаласында Ғұмар Қарашев жөнінде басылған шындықты Орталық Комитеттің насихат бөлімінің меңгерушісі Плотниковтың өз қолымен сызып тастауы әділетке тіпті де жанаспай тұрды. Шығармашылық саласындағы осындай дөрекі, дөкір өктемдіктер біздің рухани өмірімізге көп зиянын тигізді.

Күтын-сүргінің құрбаны болғандар көбінесе шығармашы зиялылар өкілдері. Олар өздерінің ой бостандығына ерік беріп, шын жүректен ел қамын ойлап, ашы шындықты жазды. «Шындық көзге түртеді» дейді орыс мақалы. Өкінішке қарай, дәрежесіз және мағынасыз пікірді былай қойғанда, тіпті өмірден алынған, саналы ойдың өзі бастықтарға ұнамаса, баспасөз бетінен алынып тасталыпты. Әкімшілік жүйенің ондай әдеті күні бүгінге дейін жалтақ, өз нанымы осал баспасөз қызметкерлері тұсынан да анда-санда жылт етіп көрініп қалып отырады.

Биылғы құрбандарды еске алу жылы тек қана жоқтау-жылау немесе әркімнің өміріндегі қаралы кезеңдерді қазбалап, жүрекке жара түсіре беру емес, ең алдымен, солардың кейінгі ұрпақтарына, зейнеткерлер мен соғыс ардагерлеріне, әлеуметтік жағынан панасыздарға үлкен қамқорлық жылы болуға тиіс. Жаңа тісіп-жетіліп жатқан қазақ байлары жекешелендіру кезіндегі канталапайда ұтылып қалған қандастарының ауыр халін жеңілдетуге атсалысар деген үміттеміз.

Мұборак САЛЫҚҰЛЫ,
зейнеткер,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

•*Архивті ақтарғанда*

ОҚ ТЕСКЕН БАС СҮЙЕКТЕР сыры мәлім болды





1990 жылдың 31 наурызында «Әли» бау-бақшалық № 480 саяжай жерінің қожайыны В. П. Москвин алма ағашының түбін қазып жатып, 70 сантиметр терендіктен желке тұсында тесігі бар адамның бас сүйегін тауып алған. Осы оқиғадан кейін сол жерге қазу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде тағы да үш бас сүйегін және адамның басқа да сүйектері табылған. Бас сүйектің барінде де желке тұсында тесік бар, атылған оқтан зақымданғанға ұқсайды. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер бойынша қылмыстық іс қозғаған Алматы облыстық прокуратурасы төмендегідей жайттерді анықтады.

Алматы облысының Іле, Талғар аудандарының және Әли, Жаңалық ауылдарының төңірегінде 1930—40 жылдары репрессия құрбандарын жаппай жерлеу жұмыстары жүргізілген. Іле ауданындағы Әли ауылының тұрғындары Қ. Найманбаев пен М. Торсықовтар мынадай жайттерді көзімен көргендерін баяндайды. 1937 жылдың жазынан бастап, 1938 жылдың көктемі аралығында, Кіші Алматы өзенінің оңтүстік жағалауындағы бұрынғы Диқанбай ауылында күндіз солдаттар қатары көбейіп кетеді. Олар сай-жыралардың түбін қазып, әлде бір нәрселерге шұңқыр дайындайды. «Бұл не үшін керек?» деп сұрағандарға әлгілер «ауру жылқыларды көмеміз» деп жауап береді. Ал, кешке сол жерге жарықтарын барынша төгіп қаз-қатар тізілген машиналар келіп тоқтайды екен. Солдаттар өлген адамдардың денесін үсті брезентпен жабылған машиналармен тасып, қазылған шұңқырларға шетінен тастай береді. Ал, кейде жартылай жаланаш адамдарды әкеліп, оларды шұңқырдың шетіне тұрғызып қойып атып тастайды екен. Кейін қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері Талғар қаласында тұрған, ату жазасына қатысқан адамды тапты. Куәгер 1937 жылдың күз айынан бастап, қаладан машинамен атылған адамдарды тасығандарын баяндайды. Мәліметтер бойынша Жаңалық ауылының маңына екі мыңнан астам әртүрлі ұлт өкілдері жерленген.

Куәгерлердің айтуынша Кіші Алматы өзенінің шығыс жағалауындағы орын бұрын төмпешікті, сай-жыралы болған. Ал қазір, бұл жер колхоз, совхоздардың ауылшаруашылық жұмыстарын игеруге, өзеннің төңірегі 1986 жылы тұрғындарға саяжай бақтарын салуға берілген.

Куәгерлер Торсықов пен Найманбаевтың көрсеткен жерлеріне қайтадан тексеру жұмыстары жүргізілді. Төрт жерге — бұрынғы Диқанбай ауылының орнына, «Әли» саяжай бағының солтүстік аймағына, Кіші Алматы өзенінің оңтүстік жағалауына 1,5 және 2 метрден аса терендікте жасалған қазу жұмыстарының нәтижесінде ешқандай жерленген дене табылмады. Іздестіру жұмысы кезінде саяси қуғын-сүргін құрбандарының жерленген жері Талғар ауданындағы Жаңалық ауылының солтүстік-батыс бөлігінен екі метр терендікте табылды. Тіпті, сүйектер табылған орынның кейбір жеріне бірнеше үйлер салынған.

Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің мәліметтеріне қарағанда, Қаскелең ауданына қарасты «Өжет» ауылында да тексеру жұмысы жүргізілген. Өжеттің тұрғындары Р. Нұрқасымова, А. Әбдірешев, Қ. Қанқанованың айтуынша, 1937—1938 жылдары кешкілік уақытта ауыл төңірегінен үсті-үстіне атылған мылтықтың даусы естіліп тұрады екен. Олар сол кездегі үлкендердің ауызынан «халық жауларын» атып жатыр дегенді жиі естіп жүрген. Бірақ дағы мақсат — қозғалып отырған іске байланысты сүйектің сырын, адамның өлу себебін, алған жарақатын, жерленген мерзімін, тағы басқа мәліметтерді анықтау. Сарапшылардың қорытындысы бойынша «Әли» бау-бақшалық саяжай жерінен және тағы басқа аймақтардан табылған адамның бас сүйектері мен басқа да сүйектер бұдан 50 жылдай бұрын жерленген.

Қазақстан «Әділет» ерікті тарихи-ағарту қоғамы басқармасының өтінішімен Ресей Федерациясы Қауіпсіздік министрлігі жіберген, 1938 жылы ақпан-наурыз айларында дивизиялық әскери заңгер Горячевтің төрағалық етуімен өткен КСРО Жоғарғы соты Әскери коллегиясы көшпелі сессиясының үкімі бойынша атылған азаматтардың тізімі. 1992 жылы қолға тиген. Мәселен, Ақтөбе қаласында 1938 жылдың 15 ақпанында — 57 адам, Шымкент қаласында 19 ақпанда — 32 адам, осы қалада 20 ақпанда — 25 адам, ал 21 ақпанда — 18 азамат атылған. 1938 жылдың 25 ақпанында Алматы қаласында — 39 азамат (олардың арасында Сәнжар Асфендияров, Темірбек Жүргенов, Сәкен Сейфуллин, тағы басқалар бар), 26 ақпанда — 37 адам (Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Жұмат Шанин, т. б.), ал келесі күні — 41, 28 ақпанда 40 адам атылған. 2 наурыз күні — 40 азамат (арасында Ораз Жандосов бар), келесі күні — 38 (Абдулла Розыбақиев, Рахым Сүгіров, тағы басқалар бар), 5-і күні 40 адам атылған. 7 наурызда — 43 адам, 8-і күні — 44, 9-ында — 37, 11 наурызда — 44, ал 13 наурызда 56 адам саяси қуғын-сүргін құрбаны болып кеткен.

Медициналық сарапшылар мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінің зерттеу жұмыстарының нәтижесі Іле-Талғар аудандарының аумағы мен Әли, Жаңалық ауылдарының төңірегінен табылған адам сүйектері «халық жауы» болып атылып кеткен саяси қуғын-сүргін құрбандарының мүрделері екендігін толығымен айғақтайды.

Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

СУРЕТТЕРДЕ:
● Жаңалық ауылындағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының мүрдесі жатқан жерге 1993 жылы қойылған тас-белгі.
● 1994 жылы ауыл төңірегінен табылған сүйектерді жинастырып, төрт табытқа салып қайта жерлеген орын.

Түрмеде туған әндер кеші

Алматыдағы Ғалымдар үйінде есте қаларлықтай кеш болды. Оның «Түрмеде туған әндер» деген атының өзі ерекше еді. Кеңес өкіметінің дүрілдеп тұрған 1970-80-жылдары ешкімнен қаймықпай Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күресіп, «саяси айыпты» деген жазаның екі рет сотталған композитор-жазушы, республикалық «Азат» азаматтық қозғалысының төрағасы Хасен Қожа-Ахмет өр жылдары саяси қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарды еске алуға арналған дәстүрлік кеш өткізді.

Кеште оның 1977 жылы МХК түрмесінің тар қапасында отырып жазған «Тар заман», «Анама хат», сондай-ақ өр жылдары қуғын-сүргінге түскен ақындардың сөзіне жазған «Дұшар боп бейнет сорыма» (әлені Б. Ысқақовтікі), «Өмір-ай», (әлені Ө. Мұсіпдікі), «Түрмеден хат» (әлеуі К. Рысқұлбековтікі), атты әндерін Н. Артықбаева, Р. Бәдесов, К. Дінасыл, А. Иманбаева, К. Ысқақова сиқты әншілер орындап, жұртшылықты дән риза етті.

Кештің беташарында белгілі ақын С. Тұрғынбеков Хасеннің сүргінге толы өмір жолы туралы қысқаша айтып композиторға арнаған өлеңін оқыды. Оңтүстік Қазақстан облысы Отырар ауданының әлеуі ел әлемін аң келген халық ақыны Ә. Қалыбекова осы кештің мән-маңызын айтып, Хасеңе арнаған толғауын орындады.

Кеште Хасен Қожа-Ахмет көрермендер қойған сұрақтарға жауап қайтарды. Жұртшылықты ерікті, еңсесі биік, демократиялық қоғам орнату жолында саяси белсенділікке, ұлттық ынтымаққа шақырды.

1997 жыл — Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы екенін орай, Қызылорда облысындағы Жаңақорған ауданы мешітінің имамы А. Абылайхожаұлы аруақтарға құран бағыштады.

Ғалым ҚЫДЫР,
ҚазТАГ-тың штаттан тыс тілшісі.



Арыстардың рухы асқақтай бермек

(Соңы. Басы 1-бетте).

...Бұрынғы Диқанбай қыстауы орнындағы, Талғар ауданының Жаңалық ауылы жанындағы 1937-38 жылдары атылып жерленген, арыстарымыз жатқан қорымның қасында тұрмыз. Сол арадағы белгітасқа: «Бұл жерде біздің қасіретті заманымыздың құрбандарына, жазықсыз атылғандарға, құпия көмілгендерге ескерткіш орнатылады» деп жазылып қойылыпты. Белгітастың атшаптырым айналасы көрнекті етіліп, шарбақталып қоршалыпты, маңайы түгел көркейтіліпті, айналасы жасыл желек, қырмызы шалғын шөп.

Белгітас басында көзінің жасын сығып жылап тұрған бір қарт апаның қасына жақындадық. Сөйлесе келе ұққанымыз, бұл кісінің аты Райхан екен. Осы жерде 1938 жылдың 8 наурызында, Қаскеленде аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары, одан аудандық жер бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарып жүрген кезінде, 35 жасында жазықсыз жазаланып атылған әкесі Сағынбай Айнанов жатқан көрінеді. Райхан апай інісі Білтаймен бірге бүгін құрбандардың рухын, сонымен бірге әке рухын еске алып, сол асыл жандарға тағзым етуге келіпті.

...Былай қарай айнала берсек, жылап тұрған тағы бір кәрияға көзіміз түсті. Ол Сидорова Александра Тихоновна деген орыс әжеміз екен. «Менің әкемді 1937 жылдың 22 тамыз күні түнде келіп алып кетті. Не жазығы бар екенін білмеймін. Онда мен 13 жаста ғана болатынмын. Кейін алған құжаттарға сүйенсек, содан тура 3 ай өткенде атыпты. Әкем қарапайым адам, «Красный Октябрь» ұжымшарында ұста болып істейтін. Қарапайым ұста қалай ғана саяси қылмыс жасап, саяси айыпкер болды десеңші. Өзімнің одан кейінгі көрген қорлық, шеккен зардабымды сұраманыз. Қой да саудым, сиыр да саудым, егіз арбамен астық та тасыдым. Қазір Іле ауданындағы Байсерке ауылында тұрып жатырмын. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың біздің әкелеріміздің рухын барша халықтың ілтипатына алғызып жатқаны үшін ризамын!» — деп көзінің жасын тағы бір сығып қойды Александра Тихоновна.

Жаңалық ауылы жанындағы құрбандарға арналған белгітас басында халық көбейе түсті. Бір кездерде республика ардагерлер кеңесінің төрағасы М. Р. Сағдиев пен халқымыздың айтулы азаматтарының бірі Асқар Асанбаев келді. Құрбандарды еске алу рәсімі басталатын сәт те таяды.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш кешені орнатылатын белгітас басына Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев, одан кейін Сенат пен Мәжіліс төрағалары Өмірбек Байгелді мен Мұрат Оспанов, бірінші вице-премьеріміз Ахметжан Есімов, Қазақстан қуғын-сүргінге ұшырағандар ассоциациясының президенті Бекболат Мұстафин гүл шоқтарын қойды. Белгітас басында Қазақстан уландарының салтанатты әскери қарауылы тұр. Бір минөт үнсіздік жарияланды. Тық-тық еткен әрбір секунд ұлы Абайдың «Сағаттың шықылдағы емес ермек» деген аталы сөздерін үнсіз қайталап, еске түсіргендей, үлкен ұлағатты ойларға жетелегендей болады.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған қазалы һәм салтанатты митингіні Алматы облысының әкімі С. Ә. Үмбетов қысқаша сөз сөйлеп ашты. Бұдан кейін сөз Президент Нұрсұлтан Назарбаевқа берілді.

Нұрсұлтан ағамыз айрықша тебіреніп, қазақ-орыс тілдерінде бірдей шешен де көсем сөйледі. Қазақ халқы, деді Президент, үш ғасырдай уақыт жоңғар шапқыншылығына қарсы ерлікпен күресті. Екі жүз жыл бойы Ресей отаршылдығымен алысты. Біздің қазақ ұлты көрген қасірет қара жерден де ауыр шығар.

Бұрын Кеңес Одағында 40 миллионнан астам адам қуғын-сүргіннің зардабын көрді. 58-статья бойынша солардың бәрі түрлі жазаларға кесілді. Саяси айып тағылған 3 миллион 770 мыңнан астам адам атылды. 20-жылдан бастап жер аударылған бай-кулактар саны 27 миллион екен. Ал, нақ Қазақстанның өзінде 1 миллион 500 мың адам түрлі лагерлердің қапастарында тұншықты, 1 миллион 30 мың адамнан асатын түрлі ұлттар саяси сенімсіздік көрсетіліп, жер аударылып, қуғындалып келді.

Міне, осы қасіреттердің бәрі қазір артта қалды. Қазақстан өзінің Тәуелсіздігін алды. Қазақ ұлтымен бірге біздің республикамыздың басқа халықтары да орталықтың өктемдіктерінен құтылды деу керек. Бүгінгі таңда қазақ ұлтының өз ата мекеніндегі үлес салмағы 51 процентке жетіп отыр. Бұл оқиғаны, бұл деректі біз мақтанышпен ауызға алуымыз керек. Болашақ ұрпағымыздың бақуатты, бақытты болуы үшін, республикамыздағы барша халықтардың да ырыс-берекеге кенелуі үшін қазір қазақ халқының ауызбіршілігі әсіресе мықты болғаны абзал. Егер олай болмаса біз ғасырлар алдында қарабет болуымыз мүмкін. Сондықтан елдегі татулықты, ынтымақ-бірлікті сақтайық, біздің бүгінгі өміріміз үшін шейіт кеткен ата-бабалардың рухына адал болайық деп осы жерде ант етейік. Гитлер өзінің қаныпезер зұлымдығын басқа халықтарға жасап еді. Оның қылмысы да тарих алдында еш ақталмайтын қылмыс. Ал, біздің мемлекет, біздің үкімет зұлымдықты өз адамдарына, өз халқына қарсы жасады. Бұл бұрын-соңды тарихта болмаған жағдай. Осы жерде біздің қазақ ұлтының ең игі жақсылары, ақыл-ойының қаймағы жатыр.

Бұдан ары Президент былай деді: осының алдында мен қуғын-сүргін зардабын көрген, қазір 90 жасқа келген бес адамды, бес қарияны қабылдадым. Солармен кездесіп отырып, сөйлесіп отырып айрықша тебірендім. Өткеннің сабағы мынандай болуы керек деген ойға келдім: әрдайым біз, бізден кейінгі ұрпақ та аруақтар алдына, шейіт болған ағаларымыздың алдында бас иіп, тағзым етейік. Ортақ үйіміз Қазақстанның бірлігі-берекесі жолында жұмыс жасайық. Өткенге еш қайтып оралуға болмайды. Сондықтан осы уақытта да әр күн сайын қырағылығымызды жоғалтпайық.

Бұдан кейін Қазақстан қуғын-сүргінге ұшырағандар Ассоциациясының Президенті, 18 жыл лагерлерде зардап шеккен Бекболат Мұстафин, қазақ әдебиеті классиктерінің бірі, қазақ зиялыларының көрнекті өкілі Міржақып Дулатовтың қызы Гүлнәр Дулатова, республикалық «Әділет» қоғамының төрағасы академик Манаш Қозыбаев сөйледі. Бекболат атамыздың «Нұрсұлтан ініме ең кем дегенде өзімнің 90 жасымды тілеймін» деген сөзіне жұрт ду қол соғып жіберді. Сондай-ақ, сол қуғын-сүргін үшін кінәлі адамдар әлі де бар, соларды жауапқа тарту жағын да ескеру керек деген пікірлер айтылды. Жаңалық ауылы жанындағы арыс аталар жерленген орындағы белгітас басындағы митингі осылай жалғасып, арыстардың рухтарын асқақтата бергендей, аруақтарға тағзым еткендей, соны тірілерге тағлым еткендей болды.

***

Міне, біз Қарасу бойындағы Қандысайда тұрмыз. Бұл жерде, тарих бетін парақтайтын болсақ, қазақ пен жоңғар әскерлерінің арасында ірі шайқас болған. Қанды қырғында адам қаны сел болып аққан дейді. 1937-38 жылдардағы империялық сыңаржақ саясаттың қанды шеңгеліне іліккен құрбандарымыздың да нақақтан-нақақ төгілген қаны осы арадағы қара жер бетіне жайылды-ау. Бұл жерден атылған 19 адамның мүрдесі табылған.

Сол бір қаралы жылдары «халық жауларына» НКВД үйінде тергеу жұмысын сағат 15-тен бастап, 15.20-да үкім шығарып, ал 15.40-та атып (адам тағдыры жиырма-ақ минутта шешіліп отырған), сосын түнде үсті брезентпен жабылған машиналарға тиеп, жасырын түрде сайға әкеліп төгіп тастап отырған. Демограф-ғалым М. Тәтімов айтқан осы мәлімет жадымда қалыпты. Еріксіз алысқа, табаным тиіп тұрған жерден тым төмен жатқан сайға көз тіктім. Жап-жасыл шөптері жайқалған ауқымы кең сай ит зұлматқа душар болған ардақты азаматтарымыз туралы талай жаралы сырларды түңғиық тереңінде сақтап, мүлгіп жатқандай. Кенет сол тыныштықты бұзып, жасыл қияқтардың арасынан бірнеше рет көкек шақырды. Бір сәт әлгі жерге жан біткендей боп кетті. Зобалаң шақтың құрбаны болған азаматтарды құшағына алған жер-ана бейне бір қинала ыңырсып жатқандай, көкек те шақыруын қоймады...

Қандысай бойында өткен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне арналған митингіде азаматтарымыздың аруағына бағышталып құран оқылды. Ашаршылық пен қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш-мемориалға гүл шоқтары қойылды. Сосын бір минут үнсіздік жарияланды.


Алғаш болып сөз берілген Іле ауданы әкімінің орынбасары Ө. Исаев биылғы жылдың мәніне, аудан тұрғындарының игі шараға қалай қатысып отырғандығына тоқтала келіп, қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне айрықша ат салысқан № 1, 2, 12, 14, 19, 23, 28 және тағы басқа орта мектеп ұжымдарына, № 21, 77 ұшақ бөлімшелеріне алғыс білдірді.

Сталиндік зұлматтың құрбандарының бірі халық комиссары Нығметолла









Сырғабековтың қызы Р. Сырғабекова митингіге қатысып отырған репрессия құрбандарының ұл-қызы, туған-туыстарымен таныстырып өтті.

Репрессия құрбандарының ұрпақтары былай дейді:

Қырмызы Жүсіпбекова: «Менің ағам Хамза Жүсіпбеков Қазақстан баспасының бірінші төрағасы, әділет министрі болған. ҚазМУ-да лекция оқып тұрған жерінен «халық жауысың» деп ұстап алып кеткен. Ол кісі Н. Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысын», Маркстің кейбір шығармаларын қазақшаға аударған».

Дана Құрамысова (Ізмұхан Құрамысовтың қызы): «Әкем ұсталып кеткенде біз кішкентай едік. Рас, шешемді «Қарлагқа» не «Алжирге» әкеткен жоқ. Дегенмен, біз зорлық-зомбылық көрмесек те, рухани азап шектік. Анам «халық жауының әйелісің» деген жаламен өмірдің сан қилы тауқыметін көрді. Ал кішкентай сіңлімнің аш құрсағына тамақ іздеп, қоқыстарды жағалған кездері өте көп...».

Марат Есқараев (Сүлеймен Есқараевтың ұлы): «Әкесінің түр-түсін де білмейтін, оның аялы алақанын да сезінбеген, енді бірі анасынан тірідей айрылған сол кездегі бала — біздердің мейірімге шөлдеген заманымызды мынау тұрған балаларымыз көрмесін. Сол зұлмат келмеске кетсін!».

Көбира Қарабалина: «Әкем Ұзақбай Құлымбетов Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып жүріп ұсталып кеткен. Басымыздан өткен күндердің ащы көріністерін баяндап жатпай-ақ қояйын. Бір-екі күнде айтып тауысатын дүние емес. Басты айтайын дегенім — халқымнан, елден айналайын, есімдері қанға боялған әкелеріміздің аруағын жаңғыртып, келешек ұрпаққа жеткізіп отырған еліме мың тағзым!».

Нұра Тәтімова (Мұхамедқали Тәтімовтың қызы): «Мен балалар үйінің қамқорлығында болдым. Есімімді Сәкен Сейфуллин қойған екен. Анаммен 1946 жылы табыстым. Мен де басымнан өткерген ауыр кезеңдерді айтып жатпай-ақ қояйын. Бірақ бүгінгі күнге, осы күнді барлық ынта-шынымен, шын пейілдерімен ұйымдастырып отырған егеменді елімнің азаматтарына басымды иіп тұрып тағзым етемін. Елі үшін, келешек ұрпағының баянды өмірі үшін құрбан болған ардақты әкелеріміздің есімі халқына қайта оралып жатыр ғой».

№ 1 Қарасу орта мектебінің мұғалімі, мектеп мұражайының директоры С. Рахымбердиев естелік қалдыру үшін саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпақтарына альбом ұсынды. Митингіге қатысушылар № 1 Қарасу мектебінің мұражайында ашылған «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандары» бұрышын тамашалады. Сөз реті келгенде айта кетейік, Людмила Сергеевна басшылық ететін Қарасу орта мектебінің уландары ескерткіш-мемориалға күтім жасайды. Құрбандардың есімдерін анықтап, деректер жинастырады. Нәтижесінде сол бір тұстағы мұң-зарға толы қанды қасіретке келешек ұрпағымыз үлкен ойлылықпен, зор жауапкершілікпен қарайтын болады.

Қандысайда атылған боздақтарға қойылған ескерткіштің жанында олардың рухына бағышталып аспанға үш рет оқ атылды. Қандысай басында бір сәтке үнсіздік орнады. Атылған оқтың тарсылы қара жерді дүр сілкінткендей болды. Өлілер аруағы да тірілерге тағзым етіп жатқан болар бәлкім...

Арыстардың аруағына бағышталып ас беріліп, тағы да құран оқылды.

Қорғанбек АМАНЖОЛ,
Нұржамал ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ,
«Жетісудың» арнаулы тілшілері.
Талғар — Іле.

СУРЕТТЕРДЕ:
- **Күнәсіз кеткен бейбақтар аруақтарына дұға оқылды.**
- **Ұзақбай Құлымбетовтың қызы Көбира Қарабалина.**
- **Нығметолла Сырғабековтың қызы Сырғабекова Роза сөз алды.**
- **Репрессияға ұшыраған Хегай Николай. (Іле ауданы).**

Суреттерді түсірген Н. ҚИЗАТҰЛЫ.

26 маусым — Нашақорлыққа қарсы халықаралық күрес күні

Есірткі есті алады

Бұрындары көп жарияланa бермейтін жабық тақырыптардың бірі болып, соңғы жылдары үлкен әлеуметтік қасіретке айналған есірткіге қатысты қылмыстық мәселелер бүкіл әлем жұртшылығын алаңдатып отыр.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 18 желтоқсандағы қаулысымен облыстық ішкі істер басқармасы құрамында есірткі және күшті әсер ететін заттардың таралуын бақылайтын бөлім құрылған болатын. Олар басқарма ішіндегі жеке құрылым болып табылады. Қазіргі кезде онда 30 адам еңбек етуде. Аудандарда бөлімшелер жұмыс істейді.

Қалалық, аудандық ішкі істер бөлімдері мен басқармаларындағы жігіттер өз жұмыстарында ықдағаттылық көрсетіп, күдіктілердің барлығын картотекалық тізімге алып, жиі-жиі бақылаулар жүргізіліп, тексеріп отырады. Мұның өзі есірткіге байланысты қылмысты түп-тамырымен жойып жібермесе де, оның азаюына біраз ықпал еткені анық. Есірткілік заттар ең көп тәркіленген Еңбекшіқазақ аудандық ішкі істер бөлімінің жұмысын бөліп айтқандықтың артықтығы жоқ. Олардың жыл қорытындысында облыс бойынша алғашқы орынды иемденуінің өзі — жақсы жұмыстың нәтижесі. Осы ауданда былтыр 199 киле 390 грамм есірткі алынып, жойылған. Сондай-ақ, Іле ауданында 58 киледен астам есірткілік шикізат тәркіленген.

Республика Ішкі істер министрінің бұйрығына жауап ретінде облыстық ішкі істер басқармасында «МАК — 96» жеделсауықтыру шарасының ауқымды жоспары жасалынып, белсенді жұмыс жүргізілді. Осы кезеңде бөлім қызметкерлері өз салалары бойынша 653 құқық бұзу ісін анықтады. Осы орайда 9 есірткі сату, 6 есірткішілер жиналатын үй (притон) ұстау, рұқсатсыз есірткілік шикізат өсіруге қатысы болған 150 адам қылмыстық, 439 адам әкімшілік жауапқа тартылып, медициналық емес мақсатта есірткілік затын пайдаланған 441 азамат картотекаға тіркеліп, 450 киледен астам әртүрлі есірткілік және күшті әсер ететін заттар алынды. Осы шара өткізілген уақытта қауіпті деген аймақтарға Алматы — Бішкек тас жолының 1-59 шақырымдары, Қапшағай — Қазақстан поселкесі жолының 2-8 шақырымдары мен Кеген ауданындағы «Қарқара» кеңшары, Үйғыр ауданындағы Шарын елді мекендеріне күзет бекеттері қойылды. Қазіргі кезде кәсіптік деңгейді көтеруге қатысты жұмыстармен бірге, өткізілген шаралардың нақты нәтижемен аяқталуына көңіл бөлінуде. Қаскелең ауданындағы қызмет иттерін үйрететін питомникте есірткі іздеуге баулынып жатқан иттердің де алғашқы пайдасы тие бастаған. Былтырғы жылы біраз шараларға қатыстырылып, тиімділіктерін байқатты.

Есірткіге, нашақорлыққа қарсы күреске жалғыз бөлімнің жұмысы жеткіліксіз екені анық. Осынау қауіпті қоғамдық дертке қарсы басқа да құқық қорғау органдары және жергілікті түрғындарымен тығыз байланысты болудың маңызы өте зор. Қаңтар айында Жамбыл ауданында тәркіленген 7 тонна есірткілік шикізаттың (қылшаның) айналымға түсіп, адамдар санасының улауына жол бермеу—бірлесе қимылдаудың арқасы.

Жалпы қылмыс атаулыға қауым болып қарсылық білдірмесек оны жеңу оңай емес. Сондықтан сенің жұмысың анау, менің міндетім мынау дегенді қою керек. Есірткіге қарсы күрес бөлімінің жігіттері міне осынау мәселені жақсы түсінген. Олар өздерінің негізгі жұмыстарын атқара жүріп, басқа да құқық бұзу оқиғаларын назардан тыс қалдырмай, қылмыстың ашылуына тікелей қатысуда. Заң бұзушылар арасында заңсыз қару-жарақ, оқ-дәрі, жарылғыш заттарды сақтаушылар, мал ұрлаушылар, жазалау орнынан жасырынғандар бар.

Облыстағы денсаулық сақтау мекемелерімен тығыз байланыс орнатып, көптеген нашақордың арнаулы тізімге алынып, ерікті, еріксіз түрде емделуін қамтамасыз етудің маңызы да аса зор. Әсіресе, алғаш біреудің айтуымен удың дәмін татқан жасөспірімдерді дер кезінде тезге салмаса, кейін емдеуге мүмкіндік болмай кеш қаламыз. Қазіргі кезде арнайы тізімде 8 уытқұмар, 242 нашақор бар. Ал әлі анықталмай жатқаны қанша екені белгісіз. Осылардың арасындағы балалардың саны — 13. Дегенмен, мұны нақты сан деп айтуға тағы болмайды. Көптеген нашақор жасырын жағдайда өмір сүріп, өз әрекетін сырт көзге байқатпауға тырысады. Кейбір ата-аналар өздері бәрін сезіп, көріп отырса да жалған намысқа бой алдырып, ешкімге білдіргілері келмейді. Мұның арты қайда апаратыны жөнінде біле тұра сондайға баратындардың барлығы өкінішті-ақ. Дер кезінде дәрігерге хабарласып, ерікті түрде, тіпті болмаса, тәртіп сақшылары арқылы еріксіз түрде емделсе, нашақорлық қасіретінен құтылуға болады.

Нашақорлық, есірткі, уытқұмар деген сөздерді естігенде санасы сау адамның селт ете түсері анық. Қаншама адам осынау дертке ұшырап, жандарына дауа таба алмай, далбасалап өмір кешуде. Әсіресе жасөспірімдердің осындай жолға түсуі жиілеп бара жатыр. Оларды есірткіге елітуге үйретіп, құл қылып алатындар да жоқ емес. Бәрін білетін сияқтымыз, дегенмен нашақорлыққа салынұ, есірткі дайындау, оны сату, тұтыну азаймай отыр. Мұндайға қарсы күресетіндер бар деп көз жұма қарасақ, жағдайымыз жақсарады деуге ауыз бармайды. Ендеше есті алатын есірткіге қарсы жұмыла күресейік.

Б. ҚАБДЕШҰЛЫ.

Шерлі шындық

«Кулактың тұқымы»

1943 жылдың көктем айы. Ол кезде әкем өзінің туған колхозының қойын бағатын. Торайғыр тауындағы Ақшоқы деген қыстауды қыстайтынбыз. Бір күні қой фермасының бастығы Орынбай деген кісі келіп әкеме:

— Ертең қойды өткізесің. Өгіз берем, Өсербайдағы Әбіш қойшының жанына барасың. Әйелің қой сауады, өзің егін жұмысына шығасың, — деді. Әкем айтысуға жоқ адам еді, Орынбайдың бетіне қарап:

— Жарайды, — дегеннен басқа ештеңе деген жоқ.

Ертесіне өгізге қазан-ошақ, көрпе-жастықты артып, Әбіш қойшының кешке жеттік. Әлгі кісінің әйелі елгезек, аңқылдаған адам екен. Қазанға су қайнатып, талқанмен шай берді. Шешем қой сауатын болды. Әкемді егін жұмысына алып кетті. Шешемнен «қойдан неге кеттік?» деп мазалап сұрай бердім. Ол кісі оңашада:

— Өткен айда ауырып үш қой өлген. Колхоздың бастығы: «Үш қойды өлтірді, кулактың тұқымын қойдан шығар» деп ферма бастығына айтыпты, әкеңнің қойдан кеткені содан... — деді сыбырлай.

Бір күні дегерезге бидай шашып жүрген әкеме айран апардым. Ақбоз атқа мінген бригадир (аты жаңылмасам Айтбай) аттың үстінде тұрып әкемді екі рет қамшымен тартып өтті, өзі шала мас.

— Малай тұқымының дәуірі өткен, енді біздің дәуір басталды. Әкеңнің көрі... Кулактың тұқымы, — деп тағы да балағаттап қамшысын сілтей бергенде, әкем әлгіні аттың үстінен жұлып алып, біраз пергіледі. Содан кейін ешкім әкемді «кулактың тұқымы» демейтін болыпты. Бір күні әкемнің көңілді кезін пайдаланып (елуінші жылдардың соңында) мен:

— Тәте, ана жылы бізді неге «кулактың тұқымы» дейтін? — дедім.

Әкем аз-кем үнсіздіктен кейін:

— Олай дейтінің — менің әкем бай болған, әкемнің ағасы Сүлеймен Малайұлы би, болыс болған адам. Малайдың төрт баласына он мың қой, алты жүз жылқы біткен. 1928 жылы менің әкем Халықты, ұзын саны жиырма алты адамды Жаланаштың шығыс жағындағы жарға апарып, болшайбектер атып тастады. Өлікті бермеген соң біздер түнде мәйітті ұрлап алып жерледік. Көбі жарда қалды. Ал, әкемнің ағасын ірі байлардың қатарына жатқызып, жер аударған. Ол кезде Қарқара ауданынан отыз шақты адамды жер аударып жіберді.

Сүлеймен кедейге қамқоршы, әділетті адам болған. Өзі балуан денелі, киіз үйдің есігінен қырын қарап кіретін, отырғанда арқасын жүкке сүйеп, екі аяғын созып жіберіп отыратын адам еді, жарықтық. Ол кісіні Қарақолға жаяу айдаған. Аман-есен оралған жолдастарының айтуына қарағанда, жаяу жүргендіктен екі табаны ойылып кетіпті. Иманқұл деген жолдасы жүруге шамасы жоқта, арқалайды екен. Ол ол ма, айдаған солдаттар құйрығынан мылтықтың штығымен түртеді екен, — деп әкем көзіне жас алды. Әкемнің көзінен жас шыққанын бірінші рет көрдім. — Сөйтіп біздің тұқым тарыдай шашырап кетті. Екі інім, шешем, қарындасым Қытайға кетті. Не көрсетсе де мен көрейін деп туған жерімнен кетпедім.

Әкемнің айтқан әңгімесіндегі «Жаланаш» кеңшарының шығысындағы жарға апарып атқан жиырма алты адам кімдер? Осы сұрақты мен Жаланашқа барған сайын үлкен қарияларға қойып, жауап ала алмадым. Мүмкін архив материалдарында бар шығар. Ал ірі байлардан Қарқара ауданынан 1928 жылы отыздан астам адамды жер аударған дейтін әкем. «Ақиқат» журналы 1992 жылғы оныншы санында он төрт адамның тізімін берді. Олар мыналар:

Бәдімтаев Иса, Байбатшаев Оразалы, Дәркембаев Абыр, Иманбеков Исабек, Есенов Айдарбек, Қанапиев Әбдікәрім, Қаныбеков Қасым, Келгенбаев Әбділда, Қаныкенов Таппай, Құмаев Ақжол, Қылғибаев Жетібай, Малаев Сәмет, Тұрғанбаев Жақыбек, Тыштыбаев Дайырмаш.

Міне, осы аталған адамдардың барлығы Орал облысының Жымпиты ауданына жер аударылған екен. Олардың ұрпақтары қазір бар шығар. Іздеу салып, жерленген жерін анықтап алар деген оймен осы тізімді беріп отырмыз.

Мырқан ЖОМАРТБЕК.

Қысқа хабарлар

Ұлы достық аясында

Түбі туыс түрік халқының казакстандықтарға жасап отырған камқорлығының нышанындай Талдықорған қаласында осыдан біраз жыл бұрын қазақ-түрік ер балалар лицейі ашылған болатын. Бұл лицейге қабылданатын шәкірттер жыл сайын тестілеу арқылы үлкен сынақтан өткізіледі.

Қазір мұнда 200-ге жуық бала оқып жүр. Олардың арасында орыс, көріс балалары да бар. Бұл еліміздің ертеніне кәмил сенген болашақ ұрпақтың ел алдындағы жауапкершілігін айғақтап түрса керек-ті.

Мінсіз қызмет

Алакөл ауданындағы Үшарал қалалық байланыс бөлімшесі түрғындардың жиі келетін жері десек қателеспейміз. Себебі бүгінде кезкелген адамның өмірін почта, телеграф, телефон байланысынсыз елестету мүмкін емес. Адамдарға қалтқысыз қызмет көрсетуде байланыс қызметкерлері де жауапкершілікті түсіне отырып жұмыс істеуде.

Үйірменің үйретері көп

Талдықорған қаласындағы № 1 жоғары кәсіптік-техникалық училищесінде суретші-көркемдеуші, музыка аспаптарын жасаушы және зергерлік бұйымдарын жасайтын шеберлерді даярлайды. Бүгінде аталмыш оқу орнында 14 үйірме жұмыс істейді. Үйірмелердің көпшілігі оқушылардың алатын мамандықтарына тығыз байланысты.

Бағдат АЙТМҰҚАЕВА.

Экологиялық күнделік

Тазалық сақтау — басты талап

Облыс экологтарының үстіміздегі жылдың мамыр айында жүргізген жұмысына арналған экологиялық күнделікте біз арнайы комиссия құрылып, оның мүшелері облыс су айдындарындағы балық шаруашылықтарының жұмысын тексеріп жатқанын, істі ілгері бастыра алмаған кәсіпорындарды конкурсқа салмақшы екенін хабарлаған едік.

Бұл күндері комиссия мүшелері сол жұмыстың қорытындысын шығарып отыр. Олар осы конкурста табиғатты қорғау ісін жүйелі жүргізген кәсіпорындарға артықшылық берген. Атап айтсақ, «Флора» атты шағын жекеменшік кәсіпорнының, содан соң «Ремстройтехника» акционерлік қоғамының өтініштерін комиссия мүшелері қабылдамай тастаған. Себебі — олар 1996 жылы табиғатты қорғау шараларын орындамаған.

Сөйтіп арнайы комиссия мүшелері мынадай кәсіпорындарға өнеркәсіптік негізде балық аулау учаскелерін бекітіп беруді ұсынып отыр:

«Лифтинвест» акционерлік қоғамына Шеңгелді аймағындағы Қапшағай су қоймасының оң жағалауын, ягни бірінші және төртінші станцияның аралығын, «Телкран» акционерлік қоғамына Шеңгелді аймағы Қапшағай су қоймасының оң жағалауындағы бірінші станцияның маңайын беруді ұйғарған. Сондай-ақ «Илиречфлот» акционерлік қоғамы мен «Бақбақты» акционерлік қоғамына да белгілі телімдер бөлініпті.

Арнайы комиссияның мүшелері балық аулайтын телімдерді алғандарға әртүрлі демеушілік жұмыстарын тапсырған. Нақтылап айтсақ «Илиречфлот» акционерлік қоғамына Қапшағай қаласындағы қарттар үйіне, «Лифтинвест» акционерлік қоғамына облыстық балалар үйіне, ал «Бақбақты» акционерлік қоғамына күріш егістіктеріндегі жас балықтарды қорғауға демеуші болуды тапсырған.

Облыстық экология басқармасындағы талдау бөлімінің қызметкерлері осы жылдың мамыр айында Үлкен Алматы өзенінің суына үш рет бақылау жүргізіпті. Сол бақылаудың барысында бұл судың бактерологиялық және химиялық жағынан ластанып жатқаны әшкереленген. Сондай-ақ бұл айда Алматыдағы Сайран көлінің суы да зерттелген. Оның қорытындысы — бұл суда микробтың көптігін байқатады. Әсіресе ол бұл судың қаладан шығатын ағысында өте көп екен.

Облыс экологтары жоғарыда айтылғандармен қатар мамыр айында ТЭЦ-3 кәсіпорнына да тексеру жұмысын жүргізген. Нақтылап айтсақ, күл төгетін орынның экологиялық жағдайы зерттелген. Күлдің үйіндісі жобада көрсетілген биіктікке жеткен, бірақ оған әлі де болса күл төгілуде. Себебі — келесі күлді орналастыратын орын даяр емес. Рас, оны әзірлеу қызу қолға алынған екен, бірақ қаржының тапшылығынан бұл жұмыс тоқтап қалған. Сондықтан күл бұрынғы үйіндіге төгіліп жатыр. Оның қоршаған ортаға қандай әсер ететінін қазіргі кезде тәтенше жағдай жөніндегі комитеттің қызметкерлері зерттеуден өткізіп жатыр.

Облыстың табиғат қорғаушылары бұл жолы Қаскелең ауданындағы елді-мекендердің тазалығына да тексеру жүргізіпті. Осы жұмыстың барысында бірнеше селолық әкімшіліктің аумағында тазалықтың ауыс сақталмайтыны байқалған. Оларға тиісті ескертпелер жасалып отыр.

Мысалға бұл түста жоғарғы Каменкадағы базардың аумағын алуға болады. Онда мал соятын цехтың құрылысы салынып, ол толық жабдықталмай және пайдалануға берілмей жатып, жұмысқа рұқсат етілген. Онда канализация, су жүйелері жоқ. Сондықтан бұл цехты экологтар жауып тастаған екен. Базар әкімшілігі жіберілген кемшіліктерді екі тәуліктің ішінде жөндеп үлгерген. Қазір оның жұмыс істеуіне рұқсат етілген.

Соңғы жылдары бұрын егістіктердің жиектеріне, содан соң тас жолдардың бойына егілген жас көшет ағаштарының күтімсіз қалғаны айтылып та, жазылып та жүр. Шаруашылықтардың таратылуына байланысты түрлі егістіктердің жиектеріндегі жас көшеттер иесіз қалса, облыс тас жолдарының бойындағы ағашты күтімге алуға қаржы тапшылығы кедергі болуда. Сондықтан бұл жұмысқа қазіргі кезде тиісті орындар көніл бөле бастапты. Атап айтқанда, «Алматы жолдарының» мекемесі қаржы табу ісіне кіріскен. Олар бұл жұмысты жолға қояды деген сенімдеміз.

Студенттерге экологиялық дәріс

Қазіргі таңда табиғи қорлар азайып, қоршаған орта ластанып барады. Мәселен, түрлі экологиялық апаттардың салдарынан өсімдік түрлері сирек, үшқан құс, жүрген аң азайды.

Табиғат — туған үйіміз. Сондықтан оның жанашыры да өзіміз болуымыз керек. Ол үшін келешек ұрпағымыздың қоршаған ортамызға деген қамқор, жанашырлық сезімін қалыптастырудың да маңызы зор. Осы мақсатта Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің биология факультетінде «Экология және табиғатты пайдалану» деген пән енгізіліп, студенттерге экологиялық тәрбие беруде.

Айгүл МЕЙМАНҚҰЛОВА,
студент.

Оқуына тыйым салынған бала



— Ой, қарағым-ай, мына біздің көрмегеніміз көнтұлақ қой. Осынау қамшының қысқа сабындай ғана ғұмырымда айтса нанғысыз нелер кесел мен кесапатқа толы жайларды басымнан өткердім. Егер де уақытыңды бөліп құлақ асам десең, көкіректе шерменде болып қалған бітеу жараның аузын ашайын, — деп терең де ауыр күрсініп алған Көлкен ақсақал қанжылаған қам көніліпің сыр сандығын ашты.

Сөзге шебер, көніліне тоқығаны мен түйгені мол қарт кесек тұлғасын сергек қозғап қойды да, қос жанарын алыска қадап, ойтімесін арыдан бастап кетті.

— 1937 жылдың түп-тұра 25 тамызы еді. Сол бір түстағы мекен-тұрағымыз Кеген ауданының «Күрметі» деп аталатын колхозы-тын. Ол кезде мен 11 жастағы бала едім. Мезгіл таңертенгі шақ болатын. Ойламаған жерден қызыл жағалы екі кісі үйге кіріп келді. Біз отбасымызбен дүрлігіп, үрпиісіп қалдық. Әлгілер сөзге келместен әкем Қырғызбайдың қос қолын артына қайырып, алдарына салып айдап алды да кетті. Аң-таң күйге енген біздер шамамыз тек екі көзімізге ғана жетіп, омырауымызды жас жуып қала бердік.

Бір шаңырақ астында әкемнің әкесі — 75 жастағы Әбділда Шорманұлы, 37-ге келген шешем Нәсілхан, бірі — 9, енді біреуі 2 жаска жаңа толған қарындастарым Жуасхан мен Көкшегір және 5-тегі Қуаныш, сондай-ақ 11-ді жаңа ортайтқан мен қалдым.

Әкемді итжеккенге әкетіп, басымызға қайғының қара бұлты үйірілген бізге ауыл адамдары мен көрші-қолаңдарды былай қойғанда туыс-туған өзі үрке қарап, үрейлі пиғыл танытты. Жаңа оқу жылы басталып, мектеп табалдырығын аттаған мені мен қарындасым Жуасханға «сендер халық жауының баласысындар» деген қаралы ат тағып, оқуымызға үзілді-кесілді тыйым салды.

Елден екшеліп, бөлектеніп қалған отбасымыздың күн-көріс жағдайы тым ауырға соқты. Колхоз тарабынан ешбір көмек көрсетілмесін деп үйғарылыпты. Ондағылар да өз көленкелерінен өздері үркіп, бойларын бізден барынша аулақ салды. «Өлмегенге — өлі балық» демекші, астығы орылып алынған аңыздан шамашарқымызша мәсақ жинап алып, күйкі тірліктің күйін кешіп, өлместің қамқаракетін жасадық. Атам Әбділда сол түста колхоздың бір қора қойын бағатын. Біздің бәрімізге «ауылдан аттап алыска ұзап шықпайсындар, ал айтқанға құлақ аспасандар жазаланасындар» деген зілді сөздерді айтып, онсыз да мойынымызға түскен зіл-батпан салмақты одан да ауырлатып жіберді.

Зымыран уақыт зымырап өтіп жатты. 1938 жылдың тамыз айы туып, әкемді «халық жауы» ретінде айдап алып кеткеніне де жыл толып қалды. Мен екі қойдың жүн-жұрқасын арқалап Жалаңашқа қарай сапар шектім. Ондағы ойым — сол арада қой жүнімен тиын-тебен жасап алып, ары қарай-сол кездегі аудан орталығы Кеген селосына бару-ды. Мақсатым — сондағы ел ағаларына жолығып, қарындасымыз екеуміздің оқуымызға рұқсат алу болатын.

Түрған жеріміздеп аудан орталығы 120 шақырым. Жаяу-жалпылап онда келген соң аудандық оқу бөлімінің бастығының қызмет орнын іздестіріп жүріп тауып алдым да, сонда бас сұқтым. Менің мүшкіл жағдайымды естіп, білген ол бізді оқуға қайта қабылдаудан ат-тонын ала қашты. Одан еш нәтиже шығара алмайтынына көзім өбден жеткен соң аудандық партия комитетінің хатшысына барып мұң-зарымды шағуды жөн көрдім. Жазбаша арызымды оқып, оның мазмұнына қанықкан аудан басшысының ықыласы түсіп, арызыма оқуға алынсын деген бұрыштама соғып, қол қойып берді. Итжеккенге айдалып кеткен әкем отбасына қайтып оралғандай, сондағы қуанышымда шек болсашы. Осылайша алланың нұры жауып, өз құрбы-құрдастарымның ортасына қайта оралып, оқуымды әрмен қарай жалғастырдым. Кейіннен Алматы қаласындағы сауда техникумын тәмамдап, ұзақ жылдар бойы осы салада қызмет жасадым. Кеген, Еңбекшіқазақ, Шелек аудандарында мамандығым бойынша сауда саласында басшылық қызметтер атқардым. Қарағым-ай, айта берсек, қалған ғұмырымыз да таңға дейін таусылмайтын ұзақ-сонар әңгіме.

— Ал, енді әкеңіз Қырғызбайды неліктен «халық жауы» деп қаралады, — деген заңды сауал да қоярсыздар. Оны біз кейіннен барып білдік. Кезінде Кеген ауданының бірінші басшысы болған Ораз Жандосов қызмет бабымен біздің «Күрметі» колхозына бірнеше мәрте ат басын тіреген еді. Сондағы колхоз басшыларының үйғарымымен қасына ерген бірер адамдармен ол кісі біздің үйге қонақ болып, ас-су ішіп кеткен екен. «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» демекші, бар пәлекет міне, осыдан шығыпты.

Әкем сол кеткеннен мол кетіп, отбасымызға оралмай, сүйегі сол жақта қалды. Бір көңіл жұбатарлығы — ол кісі кейіннен толығымен ақталды.

Сонау зар мен запыранға толы жылдардың бір көрінісін нақақтан-нақақ «халық жауының баласы» деген қара күйе жағылған, бұрынғы Шелек ауданының Сарыбұлақ ауылында ғұмыр кешуші Көлкен Қырғызбайұлының өз аузынан ілгеріректе жазып алған едік. Енді соны өздеріңіздің назарларынызға ұсынуда жөн көрдік.

Ескендір РАҚЫМБАЙҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Сарыбұлақ ауылы,
Еңбекшіқазақ ауданы.

СУРЕТТЕ: Көлкен ҚЫРҒЫЗБАЙҰЛЫ.

● *Тіршілік*

Қараусыз қалған қарттар

— Сырнай тартуды кішкене күнімде үйренгем, — деп бастады әңгімесін Василий. — Қартайғанда нан тауып жеуге көмегі тиеді деп кім ойлаған. Қызметім де болған, одан шығып қалғаныма біраз жылдың жүзі болды. Лайықты жұмыс табылмады. Оның үстіне денсаулық та мәз емес. Осылай бір мезгіл көшеде ән салып, аздаған ақша табамын. Пәлендей пайдасы болмағанымен, күнделікті нан-тұзды ажыратуға жетеді.

Иә, бүгінде халықтың күнкөрісі құлдырап кеткені ешкімге жасырын емес. Тіпті адам көп жүретін кез келген жерде алақан жаюшылар қаптап жүр. Осындай халге жетуден қорыққан жұрт жас-кәрі демей алыпсатарлықпен айналысуда. Әрине әркім шамасына қарай біреуі нанын, біреуі алған арағын үстеме бағамен сатады дегендей... Қолдарына бір-бір шиша ұстаған қыз-келіншектер мен кемпірлер жолыңды бермейді. Өлмеудің қамы кімге не істетпейді дейсің.

Кімнен болса да қайырым күткендей қайыр сұрап отырған мүсәпір жандарға 2—3 теңге тастасақ, көңіліңнен зіл түскендей болады. Өлдеқандай кездерде мойын бұрмай өте шықсаң солардың жалыныш пен жалбарынышқа толы жанарын арқаңмен сезініп, өзіңнің қатыгездігің үшін ұяласың. Дегенмен, сол қайыршылардың бәрі бірдей қолынан қайраты кеткен жандар ма? Өкінішке орай, олардың ішінде өтірік кемтар болып отыратындар да, ертемен қайыр сұрап, түс қайта мас болып жататындар да, онай жанбағысқа бет бұрған арамтамақтар да бар. Оларды жұрт көреді, жиіркене қарайды. Ал мен көзіммен көргендердің көпшілігі аштан қатып қалмау үшін амалсыз арды белге буғандар. Енді соларға сөз берейік.

Хасан мүгедек.

— Кеудеде шықпаған жаны бар демесең, мен бір жүрген тірі аруақ емеспін бе? Көрінгеннің көзіне телміріп, алақан жайып, қайыр тілеп күнелткенше, өлгенім артық еді. Дәм-тұз таусылмаған соң...

Ол тізеден кесілген екі аяғының орнын сипалап, жас толы жанарын аулаққа бұрып, үнсіз отырып қалды.

Оспан Қожаұлы.

«Мен қайыр сұрағалы үшінші жыл», — дейді бір аяғы жерде, бір аяғы көрде тұрған қарт. Оның жасындағы қарттар ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, немере сүйіп отыр. Ал оның өмірінің соңғы кездерінде бір үзім нанды қол жайып, қайыр сұрап жеуге мәжбүр.

— Жүріп-тұруымның өзі қиынға соғады. Соған қарамастан үйде баласы ауру қызыма масыл болып отыра беруді жөн санамай, күндерімді қайыршылықпен өткеріп жүрмін. Неге біз осынша кедей өмір сүреміз. Осыны түсінбей өмірден өтетініме өкінемін.

Иә, қаланың әр бұрышында буындары қалтырап, қолдарын жайып тұрған қарттарды немесе балдаққа сүйеніп амалсыз алақан жайып тұрған мүгедектерді күнде көреміз. Аяймыз, мүсіркейміз. Бірақ, сол аяушылық, біз тастайтын бір-екі теңге оларды одан ары қорлай түседі.

Қазіргідей азық-түлік пен киімнің бағасы шарықтап тұрған кезеңде қарттар мен мүгедектердің мардымсыз зейнетақысы ішсе тамаққа, кисе киімге жетпейді.

Мейірбандық демекші, осынау сөз кейінгі кезде ұмытылып, күнделікті өмірімізде сирек қолданылып жүр. Мұның себебін кейбіреулер жұмыс бастылықпен және уақыттың тапшылығымен түсіндіргісі келеді. Алайда бұл жерде тек жеке басының қамын ойлап, жасы келгендерге, ата-аналарына мейірімді қамқорлық көрсетіп отыруды, көмектесуді ұмытып бара жатқандар да аз емес.

Талдықорған қаласындағы екінші шағын ауданда тұратын Сәрбиназ Аққасованың бұл дүниеден жападан жалғыз қалғанына екінші жылдың жүзі болды. Пәтері үшінші қабатта. Дүкенге шығып азық-түлік әкелу, үйдің ішін жинастырмақ түгілі бөлменің ішінде әрі-бері әзер жүреді. Қартайған шағында осылайша жалғыз қалып, мүсәпір күйге түсуіне ол кінәлі емес. Жан тыныштығын ойлап сәби сүюден бас тартқан жоқ. Қатыгез тағдыр оны жалғыздыққа душар еткен. Мұндай адамдар өмірде аз емес. Пәтерге «қамалған» көңіл-күйі, не денсаулығы жоқ, күнделікті керектісін сатып алуға дүкенге, дәрі-дәрмекке, дәріханаға бара алмайтын адамды көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Сәрбиназ апайдың тағдыры — бұл тек бір кісінің ғана өмір тауқыметі емес. Көптеген қарт адамдардың күнделікті тұрмысына тән нәрсе.

Осы Сәрбиназ апайдың тағдырымен ұқсас тағы бір әжейдің тұрмысымен танысқанымда көңілім құлазып, жаным жабырқады. Талдықорған қаласындағы 5-ші шағын ауданның жиырма екінші үйінде тұратын Ғазиза Смайлхановаңың ескі, жамау-жасқау киімі де қысы-жазы бір өзгермейтін сияқты. Жетпістің тоғызына келген қарт ананың аяғышты халі зейнетақысының аздығына байланысты. Ол айына небәрі мың теңгенің төңірегінде ғана алады. Алта бойы сүт, нанды ғана талшық етеді. Кішігірім бір кесек маймен бір жарым ай жүрегін жалғайды екен. Ал базарда бәрі толып тұрса да ақшасының аздығынан тойып тамақ ішуге мүмкіндігі жоқ. Ал ет жайлы айтуға да тұрмайды. Ғазиза ана сияқты кедейліктің шырмауынан шыға алмаған жандар аз емес. Шын мәнінде Ғазиза апай өзінің екі баласынан бес немересі бар екеніне қарамастан қарттар мен мүгедектер үйіне тапсыруды сұрайды. Өйткені, үлкен қызы қырғыз елінде, ұлы Семей қаласында тұрады. Олар өздерінің аналарына амандықтарын білдіріп хат жазып тұратындықтары болмаса, соңғы жылдары ат ізін салған емес.

Байғұс ана балалары мен немерелерін көргісі келеді. Жүрегі өзі үшін емес, олар үшін сыздайды. «Келе жатыр ма екен», — деп әрдайым жолға қарайды. Ана балаларын еске алған кезде жанарына жас толып, ауыр күрсінеді. Содан бір сәт ойдан арылып өзінің бұрынғы жұмыс істеген жері туралы айта бастады. Ұзақ жылдар бойы Талдықорған қаласындағы «ақыл-есі ауысқандар» мекемесінде тігінші болып еңбек еткен ол, әріптестері жайлы, өзінің «алған алғыстары» жөнінде әңгімеледі.

— Ғазиза апай, қазір сол мекемеден біреулер келіп, қал-жәйіңізді біліп тұра ма? — деп сұрадым.

— Олар әлдеқашан мені ұмытты ғой, — ол сәл мұңданып «Жүре берсең — көре бересің, көре берсең көне бересің...» Жарқын болашақ үшін жас өмірін құрбан қып жаумен жағаласқан, одан қала берді күш-қуатын коммунизм құрылысына сарп еткен қарияларымыздың көрейін деген күні осы ма еді...

Бағдат АЙТМҰҚАЕВА.
Талдықорған қаласы.

Тағлымы мол талқы

Жалданып жұмыс істейтіндерге еңбекақысын қолма-қол төлейтін Ават ауылындағы жүк тиеп-түсіру базасы осындағы орта мектептің жоғары сынып оқушыларын да шетқақпайламайды. Әу баста типқашып тиын-тебен табудан бастаған жасөспірімдер бертін келе ақшаның буына құнығып, мектепке келуді сиретті. Оның бержағында базада жұмыс істейтін ересек адамдардың үзіліс кезінде топтанып арақ ішіп, беталды, даурығуы, «сыныптан басқаның бәрі жұғады» дегендейін, жағымсыз әсерін тигізді. Аваттық оқушылар да шылым шегіп, ащы суға үйір бола бастады, ұстаздарын ұмытып, ата-ананың айтқанын жұрдым-бардым тыңдайтынды шығарды.

Міне, осы тұста Ават орта мектебіне Панфилов аудандық мәслихатының Мәдина Атыбаева жетекшілік ететін заңдылық комиссиясының мүшелері көмекке келді. Орта мектептің залына жиналған ұстаздармен, ата-аналармен әрі сабаққа тұрақты қатыспай үлгерімі нашарлай бастаған жоғары сынып оқушыларымен тағлымы мол ашық әңгіме болды. Комиссия мүшелері соғыс және еңбек ардагерлері аудандық кеңесінің төрағасы Шағатай Жапаровтың, аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Тұрсынай Жантағұлованың, аудандық білім бөлімінің әдіскері Бұлбұлхан Отарбаеваның, аудандық жасөспірімдер ісі жөніндегі инспекциясының бастығы Ершат Бесқалиев пен аудан әкімшілігінің жасөспірімдер ісі жөніндегі комиссиясының хатшысы Гүлмира Қыдырованың және басқаларының қазіргі экономикалық реформаның өтпелі кезеңіндегі ауыртпалықтары туралы бүкпесіз әңгімелері, оны жеңе білудің жолдары, төзімділік туралы ойтолғамдары, аталық-ағалық ақылкеңестері зая кеткен жоқ. Осы жиыннан кейін Ават орта мектебі оқушыларының сабаққа қатынасуы жақсарды. Мектепте оқу жылы сәтті аяқталды.

Ауыл тұрғындарына еңбекақы мен зейнетақы төпеудің жылға жуық кешігіп, тұрмыс жайларының нашарлауы жасөспірімдерді әртүрлі қылмыс пен жағымсыз әрекеттерге ұрындыра бастады. Соның сорақы айғағы 1996-1997 оқу жылында Үлкенағаш орта мектебінде бой көрсетті. Мұнда жоғары сыныптардың оншақты оқушысы жағымсыз әрекеттермен айналысып, төменгі сынып оқушыларын ақша әкелуге мәжбүр еткен. Олардың кейбіреулерінің осындай әрекетпен талқан табысы үш-төрт айдың ішінде бірер мың теңгеден асып жығылған. Осы себепті бұлардың үстінен қылмысты іс қозғалған. Демек, онекіде бір гүлі ашылмаған жасөспірімдер сотталады. Ақылы толысып, қабырғасы қатая қоймаған бұлардың болашағы не болмақ? Қазіргі қиын жағдайда еңбекпен түзету лагерлерінен аман-сау оралатындықтарына, оралған күннің өзінде одан әрі бұзылып, нағыз баскесер болып шықпасына кім кепілдік береді?

Үлкенағаш ауылына аттанар алдында комиссия мүшелері осындай сұрақтар төңірегінде кеңінен толғанып, өзара ой бөлісті. Бәрінің пікірі бір арнада тоғысты. Ол бопсалап қоқанлоқылықпен айналысып, жаза басқан оқушыларды қайткенде де қылмыстық жазалаудан құтқарып қалу, түзеліп, оқуын жалғастыруларына көмектесу.

Сол себепті қылмысқа барған олардан жәбір көрген балалардың, олардың ата-аналары мен ұстаздарының қатысуымен мектепте өткен жиналыс қатаңдау басталып, соңы ортақ мүддеге келумен аяқталды. Ең алдымен, екіге бөлініп, өзара араздаса бастаған ауыл адамдарының ағайыншылық жолымен татуласуларына, екіншіден, қылмысқа барған балалардың бұл әрекеттерінен біржола бастартып түзелулеріне жол ашылды. Әлімжеттік жасағандардың ата-аналары жәбірленушілерге келтірілген ақшалай зиянды өндіріп беруге келісіп, ал жәбір көргендердің туыстары жаза басқан балалардың айыбын ағайындықпен кешіре білді. Сөйтіп, ауылдағы содырлардың жолы кесілді, бұл мектепте де оқу жылы ойдағыдай аяқталды.

Аудандық білім бөлімімен бірлесіп, қоғамдық ұйымдарға арқа сүйеген заңдылық комиссиясы Айдарлы орта мектебінде оқуды тастамақ болған оқушылардың қайта оралып, сыныптан-сынылқа көшулеріне, Үлкенағаш орта мектебінде ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы келіспеушілікті реттеуге тікелей ықпал етті. Сөйтіп, мектеп өмірі, оның бүгінгі тыныс-тіршілігі Панфилов аудандық мәслихатының, оның заңдылық комиссиясының тұрақты назарында болып келеді. Қазіргі мектеп оқушылары жазғы демалысқа шыққанымен, баяғыдай лагерьлердің жоқтығына қарамастан, аудандық мәслихаттың хатшысы Азат Сәтбаева оқушылардың ойдағыдай тыныпып, жағымсыз әрекеттермен айналыспауы үшін мүмкіндік туғызатындығына сенім білдірді.

Ж. РАХМЕТОВ.
Жаркент қаласы.

Достықтың алтын арқауы

Қазақстан һам Украина. Қазақтар және украиндар. Бұрынғы Кеңестер Одағының ең ірі екі алып республикасы. Арада өлке жоқ, бауыр ғана бар, аралас-құраластықтың тамыры әріден тартылған бауырлас екі халық. Тәуелсіздік алғаннан кейін дүниежүзілік қоғамдастыққа өркениетті жолдармен шығбей еркін адымдап кіріп келе жатқан екі егемен ел, екі мәшһүр мемлекет. Осы жайларды назарға алсақ, екі елдің арасында бірден-ақ дипломатиялық алтын көпір орнауы, елшілік алмасуы, бұдан екі жарым жыл бұрын Президенттер Нұрсұлтан Назарбаев пен Леонид Кучманың бастама-қолдауларымен «Қазақстан — Украина» республикалық достық қоғамының құрылуы талғамы жетіп тұрған әбден заңды да табиғи құбылыстар болатын. Қоғам осы уақытта екі мемлекет арасындағы мәдени және экономикалық байланыстарды бекітіп, дамытуға себін тигізген бірсыпыра игі жұмыстар атқарып үлгерді. Ал жуырда «Қазақстан — Украина» достық қоғамының Алматы облысы бойынша бөлімшесі құрылып, құрылтай жиналысында оның төрағасы болып бірауыздан облыс әкімінің бірінші орынбасары Виктор Анатольевич Долженков сайланды. Біз осыған байланысты халықтар достығының жаңадан бой көтерген жас отауының жаңа төрағасын сұхбатқа шақырған едік.



ӨМІРБАЯН БЕТТЕРІНЕН:

Виктор Анатольевич Долженков, 1948 жылы Алматы қаласында туған, әкесі орыс, анасы украин, 1967 жылы құрылыс техникумын, 1979 жылы Қазақ политехникалық институтын бітірген, мамандығы инженер-құрылысшы. Еңбек жолын 1967 жылдың тамыз айында «Алматытұрғынүйқұрылыс» трестінің №11 құрылыс-құрастыру басқармасында шебер болып бастаған. Одан прораб, бас инженерлікке дейін жоғарылаған. 1982 жылы партиялық қызметке ауысқан. Ол басшылықтағы: Алматы қаласық партия комитетінің, Орталық Комитеттің нұсқаушысы, астанадағы Октябрь аудандық партия комитетінің бірінші, Алматы облыстық партия комитетінің екінші хатшысы. 1992 жылдың ақпанынан бүгінге дейін Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары

Хоббиі — жұмыс, күнде таңғы сегізден қызыл иірге дейін. Сосын шахмат. Бірақ сүйікті ойынды ойнауға уақыты бола бермейді. Сәйгүлік жоқ. Екі қызы бар.

— Виктор Анатольевич, «Жетісу» газеті өзіңізді мына құрметті төрағалыққа сайлануыңызбен құттықтайды, жаңа достық қоғамының қадамына тіл бітсін.

— Рахмет

— Қазақтар «тоқалың болғанынан боладысы қызық» дейді. «Қазақстан — Украина» достық қоғамының облыстық бөлімшесі құрылуының алғышарты болған, соған алып келген сүрлеу-соқпақтар жайлы баяндап өтсеңіз?

— Украина Еуропадағы Ресейден кейінгі екінші орында тұрған үлкен ел. 52 миллион халқы бар. Біздің Қазақстан сияқты, олар да егеменді, тәуелсіз, демократиялық құқықтық мемлекет орнатып жатыр. Алпыстан астам елмен дипломатиялық қатынас жасайды. Қазақстан мен Украина арасындағы дипломатия қарлығашы 1992 жылдың шілдесінде қанат қаққан, елшілер 1994 жылдан жұмыс істей бастады. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың осы жылы Киевке барған ресми сапары кезінде достық және ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Украина Президенті Л. Кучма біздің елге бірінші ресми сапармен 1995 жылдың қыркүйегінде келді.

Біздің елдеріміздің ең кем дегенде соңғы жүз жылдағы тарихи тағдырларында ортақ өрнектер көп-ақ. Екі елді толып жатқан саяси, экономикалық, мәдени, рухани һәм таза адами арқаулар мықтап дәнекерлеп тастаған. Соның бір айғағы — 1996 жылдың қыркүйегінде Украинаның Қазақстандағы, ал келесі жылы Қазақстанның Украиндағы күндерінің ыстық-ықыласпен табысты өтуі дер едім. Мен өзім мұның алғашқысында ел иесі, жер иесі боп бір топ украиндық меймандарды Жамбыл ауданына бастап апарғанымды, екіншісінде ресми делегация құрамында украин еліне барып, ғажап әсерге бөленгенімді үлкен мерей, мәртебе санаймын.

Бұған дейін «Қазақстан — Украина» республикалық достық қоғамы жұмыс істеп келген еді. Кейіннен бұл қоғамның қызмет аукымын республикамыздың барлық облыстарына жайып, кеңейту қажеттігі туындады. Мұның өзі аймақтық байланыстарды нығайтуға мүмкіндік береді ғой. Сөйтіп, қазақ-украин достығының облыстардағы отауы алғашқы болып біздің Алматы топырағында бой көтеруі де біз үшін мерей, мақтаныш.

Енді қоғамның мақсат-міндеттеріне келер болсақ, ол белгілі, олар мыналай. Украина мен Алматы облысы тұрғындарының достығы мен ынтымақтастығын нығайту; мәдени, рухани, ізгіліктілік байланыстарды дамыту; Украинамен мәдени, экономикалық және басқа салаларда ынтымақтастық қызметке мүдделі алматылық азаматтарға, кәсіпорындар мен ұйымдарға көмектесу. Әрине, қоғам мақсаты мұнымен шектелмейді. Бірақ ол тек екі елдің береке-бірлігіне, жақсылық мұраттарына ғана қызмет етеді.

— Виктор Анатольевич, өз басым қазақтар мен украиндардың қарым-қатыс, байланысы сонау Киев Русі мен Қыпшақтар кезінен басталады деп есептеймін. Қиян дала мен көшпелілер, яғни қазіргі қазақтардың ата-бабалары Киев Русімен, яғни қазіргі украиндардың «батыларымен» қыз алысып, қыз беріскен, құдандалжекжат болған ғой. Оны айтасыз, әскери-экономикалық одақ та құрған. Әйгілі түрколог ғалым Л. Н. Гумилев пен біздің «Аз и Я»-ны жазған Олжасымыз да осы пікірді қуаттап-құптайды. Ал, атақты орыс ақыны, украин қызы Анна Ахматова-Горенконың арғы нағашы атасы Алтын орда хандарының бірі Ахмет екенін өзіңіз де білесіз. Беріге келсек, ұлы кобзарь Тарас Шевченко Маңғыстауда айдауда болған, көшпелі қазақ өмірінен суреттер салған. Тіпті бертіндегі ұлы жазушылар Мұхтар Әуезов пен Олесь Гончардың қимас достығы, қыран партизандар Жұмағали Сани мен Қасым Қайсеновтің украин жерінде соғысуы — бәрі де сырлы шежірелер. Сіз осы сырлы шежірелерге кеңірек тоқталсаңыз?

— Шынында да. Украина мен Қазақстанды, оның ішінде біздің Алматы облысын әр уақыт тығыз байланыстырып тұрған дәнекерлер көп. Қазір де, біртұтас мемлекет — Кеңес Одағының келмеске кетіп құлағанына; республикалардың шекаралары бөлектенгеніне, елдеріміздің бір-бірінен шалғайлығына қарамастан, бұл байланыс толастап отырған жоқ. Басқаша болуы мүмкін де емес. Арғы тарихқа бармайақ, бұдан елу-алпыс жыл бұрынғы өткенімізге бұрылып қарайықшы. Соғыс жылдарында жүздеген, мыңдаған қазақстандықтар украин жерін қорғады. Бүгін таңда Украина президенті Леонид Кучма ардагерлердің сол үлесін бағалап, республиканы азат еткені үшін ескерткіш жәдігер белгі тағайындады. Бұл белгімен Жақып Сейтқабиев, Онуфрий Климентивич Слободянюк, Никита Михайлович Толмачев және басқа да жүздеген демындаған бұрынғы офицерлер мен солдаттар марапатталды.

Біздің достық дәнекеріміз жорық жылдары ғана болса қанеки! Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев ең алғаш Днепродзержинскідегі техникалық училищеден білім, келешек өмірге жолдама алғанын еске түсірмеске болмайды. Өзінің ғұмырбаяндық кітабында Нұрсұлтан Әбішұлы ұстазы Дмитрий Изотович Погореловті аса бір жылылықпен еске алады. Ал өзін үй-ішімен туысындай қабылдаған досы Николай Литошкомен әлі күнге дейін бауырластық жібін үзбей жалғастырып келеді.

Біздің бірінші мүсіншіміз Хакімжан Наурызбаев білімді Киевте алды. Соғыс кезінде Киевтен Қазақстанға эвакуацияланған мүсінші Ольга Николаевна Кудрявцева оның ұстазы, досы әрі кеңесшісі болды. Сол қиын кезде Ольга Николаевна белгісіз балғын жасөспірімнің бойынан дарын-қабілетін байқап, оны дамытуға көмектесті.

Өткен тарихтың өзегінен шыққан алтын арқаулы дәнекерлер үзілмек емес. Мысалы, Жамбылдың 150 жылдығын мерекелеу қарсаңында Алматыға ұлы жыраудың ұлы Алғадай Синельниково селосы үшін соғысып, ерлікпен қаза тапқан жер Днепропетровск облысының делегациясы келді. 1982 жылы Синельниково орта мектебінің ізашарлары әскери-патриоттық тәрбие мұғалімі Евгений Михайлович Трушеноктың басшылығымен Алғалайдың мәйітін тапқан. Делегация батырдың туған еліне оның қабірінен топырақ әкелді. Қазақ халқы, әрине, мұндай ықыласілтипатқа дән риза болды. Украиндық бауырларға зор құрмет көрсетілді.

— Қазақстандағы украиндықтар жайында не айтар едіңіз?

— Алматы қаласы мен облысында 250 мың адамдық үлкен украин диаспорасы тұрады. Украиндықтар саясаттың, ғылымның, өндірістің түрлі салаларында жұмыс істейді. Қазақстан Республикасының үкіметі басқа азаматтарымен қатар украиндықтарға да өз қабілеттерін дамытып, көдеге жаратуына, ел игілігіне жұмсауына кең мүмкіндіктер ашып отыр. Министрлердің ішінде денсаулық сақтаудан — Василий Николаевич Девятко, көлік саласында — Юрий Иванович Лавриенко, ғылымда — Владимир Сергеевич Школьник, сондай-ақ республика сауда-өнеркәсіп палатасы төрағасының орынбасары Иван Степанович Дацук, республика жоғарғы сотының мүшесі Юрий Афанасьевич Пономаренко өз саласының абыройға бөленген үздіктері. Саясатқа келер болсақ, Парламентте Таисия Александровна Ильченко, Анатолий Трофимович Литовченко және басқалар белсенділік танытып жүр. Ғылымды дамытуға, профессорлар Александр Лазаревич Жовтис, Артем Михайлович Ткаченко, Михаил Мойсеевич Копыленко, украин жазушысы Морис Симашко, ғалым-эколог Василий Николаевич Василенколар үлкен үлес қосуда. Ауыл шаруашылығында Анатолий Иванович Трегуб пен Еңбек Ері Николай Никитович Головацкийдің есімдері көпке мәлім. Адам құқығын қорғау жөніндегі бюроны Евгений Александрович Жовтис басқарады.

Мәдениет туралы ерекше айтқым келеді. Мұнда украин диаспорасына жататын, өз өнернамаларында жаңа бағыттар ұстанған мүсіншілердің, суретшілердің, артистердің үлкен шоғыры бар. Лия Петровна Колотилина Қазақстанға Тың игерген жылдары келіп еді. Ол қазақ сахарасынан өз кейіпкерлерін тапты. Бүгінде көптеген мүражайларға оның қолынан шыққан туындылар, атап айтқанда Владимир Дитюктің, Кәмшат Дәненбаеваның, қазақтың келіні Наталья Геллерттің, Михаил Картаузовтың, басқа да еңбек майталмандарының портреттері мен мүсіндері көрік беріп тұр. Лидия Коваленко, Мария Лизогуб, Ольга Кужеленколар да тамаша полотнолар жазды.

Леся Украинканың «Орман әні» пьесасының астаналық сахнада қойылуы мәдени өміріміздегі үлкен оқиғаға айналды. М. Лермонтов атындағы мемлекеттік орыс драма театрының директоры Александр Пантелеевич Долгопол өзінің ұлты украин болғандықтан да, туған халқының өміріне байланысты қойылымды жүзеге асыруды көптен бері армандап жүрген болатын. Оған украин ұлттық мәдени орталығы да атсалысып, түпнұсқадан пьеса тауып беруге көмектесті. Аталмыш драма театрында украин артистерінің үлкен тобы жұмыс істейтіндігін айтуымыз керек. Ал Абай атындағы опера және балет театрының сахнасынан ұзақ уақыт бойы Василий Яковенко ән шырқап, Қазақстан мәдениетіне айтарлықтай еңбек сіңірді.

— Виктор Анатольевич, Қазақстандағы украиндықтардың діл мен тілді, өз дәстүрі мен мәдениетін сақтау мәселелеріне тоқтала кетсеңіз?

— Бұл жалғыз украиндар емес, Қазақстандағы басқа ұлт өкілдері үшін де, әрі-беріден соң негізгі ұлт, атамекенінде отырған қазақтардың өздері үшін де ілгешегі мол мәселе. Украин диаспорасының өкілдері өз тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін қайта жаңғырту жөнінен үлкен жұмыстар жүргізіліп келеді. Олар бұл орайда қалалық және облыстық мәдени орталықтармен тығыз байланыс жасап отырады. Украин мәдени орталықтары тек Алматыда ғана белсенділік танытып қоймайды. Айталық, Қапшағай қаласында славян мәдени орталығы құрылған. Оны украин Владимир Таран басқарады. Орталық пайда болғаннан бері сахналардан украин әндері жиі шырқалып, ауызекі украин сөзі, өлеңдері жиі естілетін болды. Алматыда төрт жылдан бері №132 орта мектептің негізінде құрылған «Украиночка» балалар ансамблі табысты өнер көрсетіп келеді.

Украин диаспорасының өкілдері ешқандай насихатсыз, күштеусіз-ақ өз мәдениеті мен тілі үшін күресіп жатыр. Мұны олар өздерінің парыз міндеті деп есептейді. Осы жылдың 19 сәуірінде астана байланысшылары тауда «Халықтар достығы біртұтас» ұранымен «Наурыз» мерекесін өткізді. Әрбір телефон торабы белгілі бір ұлттың атынан сөйледі. Онда Тарас Шевченконың мәңгі өлмес өлеңдері оқылды, көңілді де әуезді украин әндері шырқалды, ұлттық тағамдар дайындалды. Жыл сайын Шевченко күндерін кеңінен атап ету игі дәстүрге айналды. Бұл кезде көрмелер, кештер, кездесулер ұйымдастырылады. Украин ұлттық мәдени орталығы барлық шараларды Қазақстандағы Украина елшілігімен бірлесіп өткізеді. Осы орайда Еңбекшіқазақ ауданында өткен славян жазуының 1100 жылдығын жоғары бағалар едік.

— Қатардағы украиндық еңбек адамдары да сіздердің назарларыңыздан қағыс қалмаған болар?

— Орынды сұрақ. Іле ауданының Дмитриевка селосында көптеген украиндар тұрады. Олардың ата-бабалары мұнда Украинадан жүз жылдан астам бұрын қоныс аударған екен. Қазір олар халық шаруашылығының барлық салаларында еңбек етеді. Любовь Трофимовна Давыденко «Алтын дән» акционерлік қоғамында бас экономист болып қырық жыл бойы істеді. Мұнда Ольга Николаевна Савченко да ерекше құрметке ие. Ол жиырма бес жыл бойы көркемөнерпаздар ұжымдарының көркемдік жетекшісі болды. Ісіне жан-тәнімен берілген адам. Ән репертуарының , билердің басым көпшілігін украин халқының өнернамасымен байланыстырды. Өнерпаздарға «Алтын дәннің» басшылығы украинның ұлттық киімдерін де тіктіріп берді. Қазір Ольга Николаевна Дмитриевкада украин ұлттық мәдени орталығын құру мақсатын алға қойған.

Осы ретте Алматы облысына жуырда қосылған Талдықорған өңіріндегі украиндықтар туралы да айтпай кетуге болмас. Мұнда да ертеден қоныстанған украиндар көптеп тұрады. Олар да өз мәдениеті мен тілін қайта жаңғырту жөнінде бірсыпыра игі істер тындырған. Бұл тұрғыда бұрынғы Гвардия ауданы мен Талдықорған қаласында сүйсінерлік күтты кадамдар баршылық. Василий Андреевич Холошнюк деген бір тынымсыз жан. Ол украин диаспорасының өмірі туралы өзіндік шежіре жасап қана қоймай, көп уақытын өлкетану музейін жасақтауға арнаған. Василий Андреевичтің түп негізі Ивано-Франковск облысының Жиница хуторынан. Әлі күнге дейін туған жерімен тығыз байланыс жасап тұрады. Оған ежелгі жерлестері музейді толықтыру үшін ескілікті экспонаттар жібереді. Өлкетану музейіндегі Қазақстандағы украиндықтар өмірін әңгімелейтін бөлім аса мазмұнды да бай.

Мәдени орталықтар тек бір бағыттағы тіл мен мәдениетті қайта жаңғырту жөніндегі жұмыспен ғана шектеліп қалып отырған жоқ. Қазір неғұрлым тығыз байланысты, сондай-ақ сауда қарым-қатынасын жолға қоятын мәселелер шешіліп жатыр. «Қазақстан — Украина» достық қоғамының Алматы облыстық бөлімшесінің құрылуы да екі республика арасындағы неғұрлым жандары байланыстарды көздейтін көптеген түйіндердің оң шешімін табуға көмегін тигізері анық. Қазір Алматы және Киев облыстарын туыстас облыстар деп тану жөнінде ұсыныс жасап отырмыз. Алматыда «Украина» сауда үйін құру туралы мәселе де өз шешімін күтіп күн тәртібінде тұр.

— Виктор Анатольевич, Қазақстандағы украин диаспорасының өмірінде, тұрмысында, рухани-мәдени сұранымдарында, басқа да мәселелер де шешімін таба қоймаған түйінді тұстар бар ма?

— Әрине, «кемедегінің жаны бір» деген сияқты. Қазақстан халықтарының алдында тұрған проблемалар, кездесіп отырған экономикалық һәм тұрмыстық киыншылықтар украин диаспорасына да ортақ. Сондай-ақ, Қазақстан ондаған ұлттардың өкілдерін біріктіріп, олардың бәріне де ұлттық тілі мен мәдениетін, салт-дәстүрін дамытуға қамқорлық жасап отырғандығын ұмытпауымыз керек. Демек, қазақ еліндегі басқа ұлттар кездесіп отырған кейбір проблемаларды украин диаспорасы да айналып өте алмайды. Ұлттық негіздерді, ұлттық тамырды қалпына келтіруді республикаға аты берілген қазақ ұлтының өзі де аз киыншылықты бастан кешпей отырған жоқ. Бәріне шыдау керек, киыншылықтармен күресу керек. Осы тұрғыда Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халықтарының Ассамблеясы, облыстағы кіші Ассамблея, он шақты ұлттық мәдени орталықтар тындырымды жұмыстар жүргізіп келеді.

Ал нақты украин диаспорасының проблемаларына келетін болсақ, олардың кейбіреулері мынандай. Айталық, украиндар өзінің тарихи Отанынан, ата-бабаларының сүйегі жатқан жерлерден, қасиетті орындарынан қол үзіп қалды. Әрине, ұлтын шын сүйетін адамның бұл үшін жаны ауыратыны анық. Міне, біздің қоғам келешекте осы үзілген байланысты жалғауға, рухани дәнекер болуға ұмтылады.

Екінші бір түйін. Тоқсаныншы жылдардың басында Қазақстан бойынша украин әндерінің үлкен фестивалі ғажайып мереке болып өткізілген еді. Қазір ондай ірі шараларды ұйымдастыруға мүмкіндік, қаржы жоқ. Дәл осы қаржының, демеушілік көмектің жоқтығынан украин тілінде мектептер, колледждер де ашылмай жатыр. Әйтпесе балаларын туған тілінде оқытқысы келетін, өз ұлтының тарихы мен мәдениетіне үйреткісі келетін украиндар осы Алматы облысы мен қаласында да аз емес.

Өздерінің республикалық газетін шығаруы украин диаспорасы үшін, әрине, үлкен жетістік. Ол ана тілін, мәдениетін, ұлттық қаһармандарды еске түсіріп қана қоймай, тарихи Отанының қазіргі өмірінен, ондағы жаңалықтардан, ондағы халықтың көңіл-күйінен хабардар етеді. Бірақ бұл газеттің оқырмандары қарт адамдар, зейнеткерлер. Олардың Алматыда өз тілдерінде шығатын газетті жаздырып алуға шамалары келе бермейді. Сондықтан «Украински новины» газетінің де қазіргі халжағдайы мүшкіл деуге болады. Міне, бұл да жалпы Қазақстандағы, әрі біздің облысымыздағы украин диаспорасының тағы бір проблемасы.

Осы арада бір жайға тоқтала кеткім келеді. Аталмыш газеттің редакторы, республикалық украин ұлттық мәдени орталығының төрағасы, профессор, философия ғылымының докторы, ардақты азамат Александр Николаевич Гарковец кезінде Парламентте қазақ тілін қорғап, талай дауға түскендігін жұрт біледі. Міне, бұл іргетасы ондаған жылдар бұрын қаланған достықтың жалғасын, ұлттар арасындағы түсіністіктің нығайып отырғандығын көрсетеді. Ендеше, біздің «Қазақстан — Украина» достық қоғамының Алматы облыстық бөлімшесі де сол достықтың жасыл жапырағын жайқалта беру жолында жұмыс жүргізбек.

Сұхбаттасқан
Қорғанбек АМАНЖОЛ.

Желтоқсанның ызғарлы түні

Биылғы жыл Елбасының арнайы Жарлығымен татулық пен құғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып белгіленді. Осыған байланысты сталиндік репрессияның зобалаңына ұшыраған боздақтарымыздың есімдері қайта жаңғырып, арыстарымыз жайлы жан-жақты жазылып жатқаны құптарлық іс. Сол зұлмат кезінде Сәкен Сейфуллин, Бәйімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров сияқты дара тұлғаларымыздың құғын-сүргінде жазықсыз атылғанын да білеміз. Шаш ал десе, бас алған НКВД-ның жендеттері қазақтың зиялы қауымының түп-тамырына балта шапқанын тарих тағлымы дәлелдеді. Отбасында ұлынан айрылған аналар, аяулы жарынан көз жазған жесірлер саны көбейген үстіне көбейе түсті.

«Халық жауы» атанып, себепсіз құғын-сүргінге ұшыратып, отбасын ойрандайтындай олардың не жазығы бар еді?! Өкінішке орай, 1937-нең құғын-сүргінінде жазықсыз жапа шеккендер біздің ауданымызда да аз емес. Солардың бірі шиендік Смағұлов Әбдіғұл болатын. Әбдіғұл зеректігінің арқасында Шиен ауылына қоныс аударған орыстарға жастайынан жалданып жүріп орысша хат таниды. Ол кейіннен несір болады. Ер жетіп, қолынан іс келетін азамат ретінде таныған көпшілік бір ауыздан Әбдіғұлды колхозға басқарма етіп сайлайды.

«Ел үмітін ер ақтар» деген ұлағатты қағидаға жүгінер болсақ, кешегі 1929-33 жылдардағы голощекиндік ашаршылықтан құр сүлделері ғана шыққан ауыл адамдарын қайта ұйымдастырып, өлеуметтік жағдайы құлдыраған колхозды жамап-жасқап, қалпына келтіру оңайға түспегені бесенеден белгілі жай. Дегенмен, жай отындай жарқылдап, күш-қайраты толысқан Әбдіғұл қиындыққа қайыспай, қарсы тура білді. Жас басқарма жұмыс ырғағын жаңаша бастап, ел тұрмысын көтеру жолында білек түріп, аянбай жүйелі жұмыстар атқарған. Алғаш Әбдіғұл сол кездердегі «Кеңес», «Қоғамшыл», «Шиен» колхоздарына басшылық жасап, өзінің ұйымдастырушылық қабілетімен танылады. Содан 1934 жылы Ерназаров атындағы колхоздың басқармалығына ауыстырылады. Ертелі-кешін, шет жайлаған шопандар арасында болып, олардың хал-жағдайларымен жіті танысатын.

1937 жылдың желтоқсан айы. Қыстың алғашқы күні айналаны тұман басқан. Қарыс жер көзге көрінбейді. Солтүстіктен соққан үскірік суық жел өңменіңнен, аяқ астындағы қардың ызғары табаныңнан өтіп миыңнан шығады. Әркім өзімен-өзі болып қым-қуыт тіршілік қамына кіріскен. Бүгін желтоқсанның 2-сі. Кешеден бері ауыл үстін басқан қою тұман сейіліп, таң атысымен аспан төрін қап-қара қою бұлт торлап, түнжырай қалған. Бұтадан бұтаға ұшқан ала қанат сауысқанда тыным жоқ. Секем алып айналасынан сақтанатын секілді. Колхоз басқармасы Әбдіғұл жол-жөнекей қыстаудағы малшыларды аралап, ат басын Шиендегі өзін күткен отбасына бұрды. Алдынан жүгіре шыққан Өмірзағы мен Жамалының беттерінен сүйген ол есік алдына келіп атынан түсті. Өзіне сәлем бере келген ауылдастарымен амандасып, олардың хал-жағдайларын сұрады. Мәре-сәре болып қуанып, түннің бір уағына дейін отырды. Мезгіл түн ортасынан ауған. Бірақ Әбдіғұлдың көзі ілінер емес, жүрегі тосын бір жайсыздықты сезетіндей ме, қалай? Осы сәтте сырттан шәуелене үрген көк төбеттің үні естілді. Ізінше біреулер үсті-үстіне дүрсілдетіп есік қақты. Не болмағанын түсіне алмай Бәтиха Әбдіғұлға жалтақ-жалтақ қарады. Даладағы абыр-дабырдан тәтті ұйқы құшағында жатқан балалар оянып, Бәтиханың етегіне оратылды. Есік ашылған сәтте өндері суық, қабақтары қату бөгде адамдар кірді. Жуан дауысты шетте тұрған біреуі Әбдіғұлға:

— Дереу жиналыңыз, Сізді алып кетуге келдік. Қарап тұруға уақыт жоқ! — деп жан алқымнан алып, асықтырып өлек. Істің мән-жайын түсіне қоймаған Әбдіғұл:

— Жігіттер, бұларың қалай? Менің ешқандай кінәм жоқ, алдымен түсіндіріп айтпайсыңдар ма? — деп келгендерге аңтарыла қарады.

— Анығын барған соң біле жатарсыз, бұйрық солай. Біздің білуімізше, сіз үкіметке қауіпті адамсыз. Сондықтан соңымыздан ерініңізге тура келеді, — деп есікке беттеді. Арадағы мүмкіндікті пайдаланған Әбдіғұл зайыбы Бәтихаға:

— Амандық болып, дәм-тұзым таусылмаса, ертең-ақ қайтып оралам, оған сенімдімін. Мына балаларға бас-көз болғын. Біреудің ала жібін аттаған жерім жоқ. Тек қана Өмірзағымның «әкелеген» даусын естіп, көз жасын көрмейін. Ала, уайымдама, — деп анасының құшағынан босап, асығыс киініп, сыртқа беттеді. Артында аяулы жары көз жасын сығып, ұлы мен қызы Айша әжесінің етегіне оратылып «ағалап» шырылдай берген-ді. Сол күні Әбдіғұлмен бірге жол-жөнекей Талап ауылынан және бір «қауіпті адамды» НКВД-ның адамдары ұстап бірге алып кеткен.

Алайда Әбдіғұл сол кеткеннен туған жеріне, өскен еліне, отбасына қайтып оралмады. «Кебін киген келмейді, кебенек киген келеді» деп, артында қалған жан-жары Бәтиха, ұл-қызы — Өмірзақ пен Жамал, анасы Айша, ауылдағы ел-жұрты, жанашыр туған-туыстары сарыла күтумен үмітті күндерді өткізді. Жалған жаламен «халық жауы» атанған Ә. Смағұлов он жылға Сібірге жер аударылды деген хабардан кейін, алдағы күндерге деген үміт оты қайта жанғандай болды. Содан кейін хабар алынбады. Аяулы жары Бәтиханың сарыла күткен үміті үзіліп, Әбдіғұлдың артында қалған қос тұяғын бауырына басып, анасы Айшаны күтіп, қатыгез тағдырға лағнет айтып, мезгілсіз қара жамылады. Әбекеңнің бұл өмірден өткеніне 60 жыл толса да, оның ұрпақтары сол бір қайғы-қасірет әкелген желтоқсанның ызғарлы түнін ұмытар емес.

Иә, талайдың арманын жер жастандырған сол қанды қырғынның бет пердесі ашылып, еліміз егемендік алғалы асыл азаматтар ақталып, ортамызға қайта оралуда. Архив беттерін ақтарғанда, қыршын кеткен Әбдіғұл өзге де аяулы азаматтармен бірге Талап маңындағы Жаңалық ауылындағы бейітте жатқандығы анықталды. Оған 1937 жылдың 18 желтоқсанында атуға үкім шығарылып, ол 30-шы желтоқсанда орындалған екен. Бұл мәселенің мән-жайы асыл азаматтың отбасына тек 1958 жылы ғана белгілі болады.

Ес білгеннен әкесінің дерегін білуге талпынған Өмірзақ пен келіні Зайра 1957 жылы Әбдіғұл Смағұловтың ақталғандығы туралы дерекке қол жеткізеді. Қағазда Әбдіғұлға тағылған кінә «байдың баласы, қоғамға жат пиғылда» делінген. Шындығына келсек, Әбдіғұлдың әкесі ортасына сыйлы, ақылымен ауылдастарын аузына қаратқан азамат болғаны рас. Ал, отбасын асыраған жалғыз сиыры айыптау хаттамасында көрсетілген. Өткен жылы жарыққа шыққан «Азалы кітаптың» 288-бетінде жазықсыз өмірден өткен Әбдіғұл қарияның да есімі бар.

«Орында бар оңалар» дегендей, Өмірзақ әке жолын жалғастырып колхозда әртүрлі басшылық жұмыстар атқарды. Зерделі азамат болып қалыптасты. Оны ауылдастары ғана емес, облыс жұртшылығы жоғары бағалап, 1967 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына сайлаған-ды. Ал, Өмірзақтан тараған ұл-қыз жоғары білімді, шетінен парасатты, өнегелі жандар болып егемен еліміздің болашағы үшін тер төгуде. Өмірзақтың зайыбы Зайра ұл-қыздарының қуаныш-қызығын тамашалап, немере, шөбере сүйген ардақты ана. Кезінде жазықсыз жаланың құрбаны болған Әбдіғұл Смағұловтың рухы артындағы ел-жұрты, ұрпақтары үшін мәңгі өлмек емес.

Күмісжан БАЙЖАНОВА,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.
Жамбыл ауданы.

Сүт өндіру артып келеді

Облысымыздың барлық салалағы меншік иелері бойынша биылғы бес айда 175 мың тоннадан астам сүт сауылды. Бұл өткен жылғы осы мерзімдегіден 13,3 мың тонна көп.


Астаналық облыста республиканың кейбір облыстарындағыдай емес, сиыр аз. Биылғы бес ай ішінде әр сиырдан 668 литрден, яғни өткен жылғы осы мерзімдегіден 80 киле сүт артық алынды.

Астаналық облыс аудандары сүт өндіруде биыл соны серпіліс жасады. Сауын малдарына ірі азықтарды тұрап, бұлап, оған дәнді жем, белокты, витаминді қоспалар қосып байытып беру арқылы елеулі еңбек жеңісіне жетті. Райымбек, Талдықорған және тарап кеткен Кеген мен Шелектен басқа аудандардың бәрі биік белеске көтерілді. Өткен жылғы осы мерзімдегімен салыстырғанда сүт өндіруді Ақсу ауданы 40 процентке, Гвардия ауданы 65 процентке, тарап кеткен Капал ауданы 48 процентке, Қаратал ауданы 42 процентке, Кербұлақ ауданы 85 процентке, Саркан ауданы 82 процентке арттырды. Бірақ бұлар өндірген өнімдердің көлемі аз.

Сүтті ең көп өндірген Талғар ауданының шаруашылықтары. Олар 18737 тонна сүт сауып, өткен жылғы деңгейден көрінді. Осы істе «Алматы» жекеменшік шаруа шаруашылығы үздік алда келеді. Мұнда 1800 сиыр бар. Соның әркайсысынан күніне 12 киледен сүт сауып, оны сатудан жарты миллион теңге табыс тауып келеді. Осы шаруашылықтағы Мұқангали Мұқаметқалиев басқаратын сүт кешенінде 950 сиыр бар. Өткен кешенінде олар әр сиырдан 3818 киле сүт сауған-ды. Ол бұрнағы жылғыдан 313, одан бұрынғы жылдағыдан 918 киле көп. Биыл өнімділікті төрт мың киледен асыруға бекем бел байлап осы жолда табандылықпен еңбек етіп келеді. Биыл мұнда жемшөптің қай түрі болсын мол. Сауыншылары мен бақташылары еңбекке ынталы. Ынталының еңбегі өнімді, жұмысы жемісті келеді емес пе. Қазірдің өзінде әр сиырдан екі мың киле, жекелеген сауыншылар үш мың киленің үстінде сүт сауды. Кешендегі сиырлардың бәрі асыл тұқымды. Сынар емшек, топ желін болып қалғандары, көрі-сиырлар табын құрамынан шығарылып, олардың орны асыл тұқымды құнажындар есебінен толықтырылуда. Осы аудандағы жоғары білімді мал маманы Тенізбай Әліповтың жеке шаруа қожалығы да биік белестен көрініп келеді. Олар кексе сиырлардан күніне орта есеппен 15 киледен, ал құнажындардан 17 киледен сүт саууда.

Қорытып айтқанда, облыстың сауын мал шаруашылығы қызметкерлерінің бес айлық жұмыс нәтижесі кімді болсын риза етерлік, деп бәрекелді дегізерлік. Ендігі міндет — еңбек орнын осыдан бәсеңдетпей, табысты-табысқа ұластыра беру. Бұған мүмкіндік мол. Қай шаруашылықта болсын көкшоп конвейері жасалуда. Құрама азық та жеткілікті. Бір мезгіл жайылымға шығарып жайып бағуға да мүмкіндік бар. Жайлауға шығарып, шөбі шүйгін сай жайылымдарға шығарып, күндіз-түні жайып бағу арқылы өзіндік құны арзан сүтті мол өндіруге болады.

М. ЖЫЛҚАЙДАРОВ.



ТМД жаңалықтары

Қатаң бақылау орнатпақ

МӘСКЕУ. РФ Премьер-министрі Виктор Черномырдин осы аптада Бельгияға баратын сапары барысында Ресейге бельгиялық деп сиыр етін Британиядан жасырын әкелуге жол берілмеу туралы мәлімдемек ниетте. Губкалық энцефалитпен залалдану хауіпінен импортқа шығаруға тыйым салынған британиялық сиыр етін бельгиялық деп 730 тоннасын Ресейге әкелгендігі туралы хабарға түсініктеме бере келіп, Виктор Черномырдин мұндай жағдайды «нағыз қылмыс» деп атады. «Шет елдерден сатып алынатын еттің сапасы үшін қатал ветеринарлық бақылауға қатысты Ресей қандай да бір болмасын ымырашылдыққа бармайды», — деп атап көрсетті ол.

Нөсер сойқаны

МӘСКЕУ. Ставрополь өлкесі мен Татарстанда соңғы екі күнде сойқан салған нөсер жанбыр мен бұршақ осы аумақтардың экономикасына аса зор материалдық шығындар келтірді. Ресей Төтенше оқиғалар жөніндегі министрлігінен алған ақпарат бойынша, тек Татарстанда ғана шығын жобамен 4 миллиард рубльді құраған. Мұнда 800 гектар алаңдағы егіндіктер жойылған. Ставрополь өлкесінде 300 гектар жердің ауыл шаруашылығы дақылары құрыған. 38 экономика және әкімшілік ғимараттары, 408 тұрғын үйлер кираған. 59 шақырым электр беру желілері мен 28,8 шақырым электр байланысы желілері істен шыққан.

Ресей төлқұжаты болады

МӘСКЕУ. Үстіміздегі жылғы қазаннын бірінен бастап ресейліктер Ресей Федерациясы азаматының төлқұжатын ала бастайды. Дегенмен, бұрынғы, кенестік құжат әлі де көп уақыт пайдаға асатын болады. РФ үкіметінің шешімі бойынша толық айырбас тек 2005 жылдың соңына карай өтеді. Ең алдымен жаңа төлқұжат оларды түңғыш рет алатын жас жігіттер мен қыздарға тапсырылатын болады. Үкімет қаулысында жасөспірім азаматтардың төлқұжатты енді 16 жастан емес, 14 жастан алуы көзделген. Өмірінің ішінде ресейліктер төлқұжаттарын екі рет— 20 және 45 жаста ауыстыруларына тура келеді. Жаңа төлқұжаттың үлгісі бекітілді. Оның мұқабасы шамалы қонырлау, КСРО елтаңбасының орнында алтындалып басылып салынған ресей елтаңбасы мен «Ресей Федерациясы» деген сөз болады.

Жүргізуші куәлігін берудің жаңа ережесі

МӘСКЕУ. 1998 жылғы қаңтардың 1-інен бастап Ресейде біліктілік емтиханын тапсырудың және жүргізуші куәлігін берудің жаңа ережесі күшіне енеді. Үстіміздегі жылғы шілденің 8-інде үкімет бекіткен ереже емтихан тапсырушыға қойылатын талапты, емтихандарды тапсыру тәртібін, олардың мазмұнын, жүргізуші куәлігін беру және айырбастау ережесін белгіледі. Құжаттың жеке тармағы шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жүргізуші куәлігін беру тәртібін реттейді. Жүргізуші куәлігі 10 жылдық мерзімге берілетін болады. Жүргізушілердің қазіргі құқы онда көрсетілген мерзімге дейін, ал егер мерзімі көрсетілмесе — 2000 жылғы қаңтардың 1-інде күшінде болады.

Шет ел жаңалықтары

Қайта жерлеу үшін ашылған

ВАРШАВА. Шілденің 14-інде Краковте 1945 жылы нацистерден қаланы босатуға қатысқан кеңес әскери қызметшілерінің мәйіттеріне экстумация жүргізілді. Ресей консулдығындағы дерек көзі армян, беларусь, орыс және украин ұлтының 19 кенес жауынгерінің денесі жатқан қабір оларды Раковичкідегі әскери зиратқа қайта жерлеу үшін ашылған.

Еске түсірді

МАДРИД. Шілденің 14-інде түс кезінде Испанияда өнеркәсіп кәсіпорындары, мемлекеттік мекемелер, бұқаралық ақпарат құралдары, сауда орталықтары және басқа қызмет көрсету саласы кәсіпорындары 10 минутқа өз жұмыстарын тоқтатты. Испандықтар баскілердің ЭТА террористтік ұйымының құрбаны болған 29 жастағы Мигель Анхель Бланко Гарридоны осылай еске түсірді.

Ел назарын аударды

ПАРИЖ. Франциянын ұлттық мерекесі — Бастилияны алған күні күрметіне шілденің 14-інде Елисей алаңында өткізілген әскери шеруде «Леклерк» аса осы заманғы танкі ел назарын өзіне аударды.Француз армиясының қаруланууына жаңадан түсе бастаған осы 55 тонналық жауынгерлік машинаның 40 шақтысы мұндай ісшараға түңғыш рет қатысты. Күрметті қонақтар үшін келісім алаңында орнатылған минберде Франция президенті Жак Ширак, премьер-министр Лионель Жоспен, қорғаныс министрі Ален Ришар болды.

Таяудағы жұма — жалпыұлттық қаралы күн

ВАРШАВА. Польша министрлер кенесі өзінің төтенше мәжілісінде таяудағы жұманы жалпыұлттық қаралы күн деп жариялау туралы шешім қабылдады. Үкімет екі аптадан бері басылмай отырған су тасқынының салдарларын жою жөніндегі кезек күттірмес шараларды қарауға жиналды. Польша полициясының бас комендатурасы шілденің 14-індегі таңға дейін табиғат алатынан құрбандар саны Польшада кем дегенде 35 адамға жеткендігін хабарлады. Хабар-ошарсыз кеткен ондаған адамдардың тағдырын анықтау одан әрі жүргізілуде.


Жаңа президент сайланды


ДЕЛИ. Шілденің 14-інде Үндістанда өткен республика президентін сайлауда жергілікті уақыт бойынша 19 сағаттағы алдын-ала мәліметтерге сәйкес, Кочерил Раман Нараянан айқын жеңіске жеткен. Осындағы жергілікті бақылаушылардың есептеуінше, қазір республика вице-президентінің қызметінде отырған 77 жастағы Нараянанға жеңіске жетуді Үндістандағы билеуші Біріккен майдан коалициясы, сондай-ақ елдегі ежелгі саяси партия Үндістан ұлттық конгресі мен Бхаратия Джаната Парти бас оппозициялық күштерінің қолдауын камтамасыз еткен.

Тиранадағы сайлау

РИМ. Тиранадан шілденің 14-інде келіп түскен мәлімет бойынша, Албания орталық сайлау комитеті маусымның 29-ында парламент сайлауымен бір мезгілде өткізген мемлекеттік құрылыс нысаны туралы референдумның ресми түпкілікті нәтижелерін жариялаған. Орталық сайлау комитетінің мәліметіне сәйкес, референдум барысында албандықтардың 66,7 процент республиканы, тек 33,3 процент ғана монархияны жақтал дауыс берген.







Ауыл ажарын азаматы ойлаған

Қазіргі нарық «алма піс, ауызға түс» деп жүретін бұрынғы бейқам басшыларды өз жолынан ығыстырып жатқаны үйреншікті көрініске айналуда. Ал, қоғамға, қоршаған ортаға жанашыр, жаңашыл азаматтардың іс-әрекеттері көп көңілінен шығуда. «Ауылына қарап азаматын таны» демекші, қысқа жіп құрмеуге келмейтін ауырлау кезеңде ауылды көркейту мәселесінде, елдің әлеуметтік жағдайының жақсы болуына үлес қосып, тынымсыз тер төгіп жүрген жандар арамызда жоқ емес.

Қызыл құм ішінде тұрмыс кешіп жатқан Балқаш ауданының елді мекендерінен түсірілген мына суреттер айтулы азаматтардың жемісті еңбегінің нәтижесі.

СУРЕТТЕРДЕ:

- **Аудан орталығындағы мешіт көз тартады.**
- **Қарағаш ауылының кіре берісі.**
- **«Береке» акционерлік қоғамының Мәдениет сарайы.**

Суреттерді түсірген Н. ҚИЗАТҰЛЫ.

дер барлық мемлекеттер мен қоғамдарға тән екендігі бәрімізге белгілі. Жұмыссыздықты біз ешуақытта мүлде түп тамырымен жойып жібере алмаймыз. Дамудың ең жоғары шегіне жеткен осы келеңсіздік кесірін адамдар әлі күнге дейін сезінуде. Бірақ та біз жұмыссыздарды жаңа, нарық талаптарына сай оқытып, үйретіп, оларға жаңа жағдай жасаудың биігіне жетеміз. Және жұмыстан айырылған адамдар өмірден түңілмейтін болады, яғни өмірдегі өз орындарын жоғалтпайды. Дегенмен, айтылған мәселелер қоғамымыздың өтпелі кезеңінде өте өзекті болып отырғаны рас. Сонымен бірге ол өткір стратегиялық проблемалардың бірі және бұл мәселелер қоғамымыздың ішкі өміріне, оның қалыпты жағдайда болуына көп әсерін тигізеді. Өтпелі кезеңнің ауыртпалықтары көпшілік. Бірақ оларды шығу тегі біреу-ақ — ол адамдардың жаңа жағдайға бейімделуге дайындықтары мен мүмкіндіктері біркелкі болмауында жатыр.

Сондықтан біз саяси партиялардағы әріптестерімізге мынандай ұсыныстар жасаймыз: жөн-жосықсыз көшеге шығып, митингілер ұйымдастырғанды қойып, бірлесе іс-қимыл жүргізу керек. Жүргізіліп жатқан реформаның қайталанбайтынын сезіне білу қажет. Дәл қазіргі кезде және жақын уақыттарда мемлекет пен халықтың алған бетін өзгертетін саяси партияның жоқ екені анық.

Коммунистер осы кезеңге дейін бірде-бір жұмысшы не зейнеткер үшін ешқандай нәтиже бермеген митингілер ұйымдастырғаннан гөрі оларды әкімшіліктердің немесе алдауарбап қанаушылардың басынуынан жеке бастарының құқықтарын қорғап шығуға үйрету керек. «Азаматтықтар» жұмыссызды кіші кәсіпорын ашуға және өзінің жеке шағын өндірісін ұйымдастыруға үйретуі қажет. Ал біздер, либералдар, халықтың әр тобына арнап, жоғарыда айтылған мәселелерді қамтитын бағдарламалар дайындап жатырмыз. Сөйтіп тиісті оқу бағдарламаларын жасауға ниет білдіріп отырмыз. Бұл істе бүкіл дүниежүзілік тәжірибенің бәрін пайдаланбақпыз. Оған күшіміз бен қаржымыз да жетеді.

Қоғамымызда белең алып отырған қылмыс төркініне келетін болсақ, қазіргі әлеуметтік мәселелер адамдарды қылмысқа еріксіз итермелеп отырғаны рас. Дегенмен, заңға бағынбай, оны белден басып өткендердің мандайынан сипай қоюымыз артықтау болар. Зорлық-зомбылық, ұрлық-қарлықтан басқа көптеген жеке мәселелерді шешу жолдары да жоқ емес. Қылмысқа тосқауыл жасаудың бір жолы — батыл да қатал шараларды күшейту керек. Әйтпесе, қылмыс жайлаған мемлекетке қалай айналып бара жатқанымызды өзіміз де сезбей қалуымыз мүмкін.

— Қазіргі таңда күнкөріс қамының жетегіндегі халықты соңымыздан ерте аламыз деп ойлайсыз ба? Халық көңілінен қалай шығуға болады?

— Сөз жоқ, халықты соңымыздан ерте аламыз деп ойлаймын. Біздің ұстанған бағытымыз мемлекетіміздің одан әрі дамуының басты қорғанышы бола алады деп сенемін. Егер белгілі бір айқын мақсатымыз болмаса, онда саясатпен айналысудың да мәні болмас еді.

Біздің соңымызға тек жалқаулар, қоғамымызға жат пиғылдағы адамдар ғана ермейді. Біз реформаны еркіне жіберу арқылы оның әрқайсысымыздың пайдамызға шешілетіндігіне кәміл сенеміз. Либералдық қозғалыс нарық пен демократияны дамытуды өзінің міндеті деп есептейді. Біз халықты нарық жағдайына бейімдеп, жаңаша өмір сүруге үйретеміз. Сөйтіп, өзімізді де, өмір сүріп отырған ортамызды да байытамыз.

Әңгімелескен
Нұржамал
ЖҰМАҒАЛИҚЫЗЫ.

Көрістердің «тар жол, тайғақ кешуі»

1937 жылдың «үр да жық» содыр саясатына, сталиндік жеке басқа табыну заманындағы жаппай қуғын-сүргінге ұшыраған халықтардың қатарында Қиыр Шығыстан еріксіз жер аударылған көрістер де бар. Осы бір еңбекқор, момын халықтың көрген қорлық-зомбылығы жөнінде көріс мәдени орталығының төрайымы, Қаратал ауданы әкімінің орынбасары Валентина Васильевна ИН былайша әңгімелейді.

— Әр халықтың тарихында, әр елдің өмір белестерінде өзіндік қиындықтары, қатал да қайғылы «тар жол, тайғақ кешулері» бар. Көріс халқы үшін аталмыш зобалаң 1937 жылы Халық Комиссарлары Кеңесі мен Кеңес Одағы Коммунистік партиясы орталық комитетінің «Көріс тұрғындарды Қиыр Шығыстан жер аудару туралы»И. Сталин мен В. Молотов қол қойған қаулысынан басталды. 1937 жылдың 21 тамызы көріс халқы үшін ең сұмдық та қатал, қайғылы күн ретінде өз тарихында мәңгілік жазылып қалып отыр. Өйткені, бұл күні шыққан қаралы қаулы бойынша бір адам емес, он, жүз адам емес, тұтастай бір халықты еріксіз күштеп өздерінің орын теуіп, бейбіт өмір сүріп жатқан аймағынан Қазақстан мен Өзбекстан жеріне жер аудару науқаны басталды. Бұл қайғылы жер аудару «Қазақстан көрістері» аталатын этникалық топтың пайда болуына әкеліп соқты.

Қаулы бойынша Қиыр Шығыстың тек шекаралық аймақтарының тұрғындарын қоныс аудару көзделсе, іс жүзінде содыр да соқыр саясат ұстанған, «шаш ал десе, бас алатын» саясатшылар сол аймақтағы бүкіл көріс халқын жаппай жер аударуға қызу кірісіп кетті. Сонда бұл науқет не үшін жасалып отыр? Әр ұлттың арасында кездесетін кейбір сатқындарға қолданатын жаза бүкіл көріс ұлтына да қолданылды. Сол ұлтқа саяси сенімсіздік білдіріліп, көрістердің Оңтүстік Қазақстан облысының Арал теңізі мен Балқаш көлі аудандарына қоныстандыру көзделгенімен, іс жүзінде Қазақстанның шекаралық аймақтарынан басқа аудандардың бәріне тарыдай шашып жіберді.

Күштеп жер аудару сол жылдың қыркүйек айының алғашқы күндерінен басталды. Салқын түскеніне қарамастан халық жүк поездарына ауызымұрнынан шығарыла толтырылды. Бір отбасының адамдары әр вагонға орналастырылу салдарынан анасы баласынан, ағасы қарындасынан көз жазып қалып, олардың бір-бірімен өмір-бақи табыспай кеткен жағдайлары да кездесті. Тіпті, қолында не жеке құжаттары, не жол билеттері болмай, бәріне сенімсіздік білдірілгендіктен олар поездың тексерушілерінің қолында болды. Аш-жалаңаштыққа ұшырады. Ел арасында жұқпалы індет тарап, көбі ауырып, олардың қазаға ұшырау жағдайлары орын алды. Жер аудару туралы қаулы шыққаннан кейін үш күн өткен соң-ақ Алматы мен Ташкент қаласына Ежовтың жасырын кодпен берілген шұғыл шифрограммасы келіп жетті. Онда көрістердің бой тасалап қалуын болдырмау, бүкіл Кеңес Одағы бойынша бытырап кетуіне, олардың орналасқан жерінде жапон тыңшыларымен байланыс жасауына жол бермеу үшін қырағылықты күшейту жөнінде арнайы нұсқаулар берілген. Ішкі істер Халық комиссариатының жоспары бойынша Қазақстанға 6 мың отбасы жер аударылуы тиіс болса, ол өзгертіліп, 14600 отбасы және 685 қызметкерлердің отбасын қоныстандыру жоспарланып, іске асырылды. Басқа ұлттардағы сияқты, көрістерден де «халық жаулары» әшкереленіп, оларды Солтүстік теміржолдары құрылыстарына, КомиАССР, Сібір, Норильск лагерлеріне жер аударып жіберді.

1937 жылдың қыркүйек айында қырғыз, түркмен, өзбек елдеріне босып кеткен қазақтарды қайта оралтып қоныстандырып жатқан қарбалас сәтте көрістердің де алғашқы эшелондары келіп жетті.

Ашаршылықта халқының тең жартысынан айрылып, тұралап қалған қазақ жеріне жер аударылушы — күрдтер, түріктер, чешен, тағы сол сияқты халықтар қоныстана бастады. Алғашқы кезде 5 мың отбасы он сегіз эшелонмен Оңтүстік Қазақстанға, екі эшелонмен 643 отбасы Бөрлітөбе ауданына, 378 отбасы бір эшелонмен Үштөбе қаласына, 652 отбасы екі эшелонмен Солтүстік Қазақстан жеріне түсірілді. Қазақстанға барлығы тоқсан эшелонмен 20789 отбасы, яғни 98 мың көріс қоныстандырылды.

Қиыр Шығыстан Қазақстанға педагогикалық институт, педагогикалық техникум, төрт орта мектеп, сегіз орталау және жиырма үш бастауыш мектеп көшіріліп әкелінді. Радиостудия, көріс газеті және театр келді. Көрістердің өздеріне жер иеліктері беріліп, жеке колхоздар, аралас шаруашылықтар, балық және оны өңдеу шаруашылықтары құрылды. Оларға жүгері, соя, арпа, бидай сияқты дәнді дақылдардың тұқымы таратылып берілді, егіншілікпен айналысуға мүмкіндік жасалды. Қазақстандағы күріш шаруашылығын көрістер бастағанын мақтанышпен айтуға болады.

Халқымның осындай геноцидті басынан кешкенін айта отырып мен ұлы қазақ халқының қонақжайлылығын, арып-ашып келген халыққа аузындағысын жырып беріп, нан-тұзымен бөліскен дархандығын, бауырмалдығын өте ризалық сезіммен айтпай кете алмаймын. Қазақ халқының достық құшағы арқасында халық ретінде жер бетінен жойылып кетпей, оқып, білім алып, екінші Отанымызда тең құқылы Республика азаматы атандық. Республикалық көріс күлдіргі театры, «Коре ильбо» ұлттық газеті, ҚазМҰУ-де, Алматы, Қызылорда университеттерінде көріс ұлттық бөлімдері бар.

Ұлттық мәдениетіміздің өсіп-өркендеуіне қазақ елі жол ашып отыр. Үш жыл болды, республикалық көріс өнерінің фестивалі дәстүрлі түрде өтіп жүрсе, ал көріс тілінің республикалық конкурсы жыл сайын өткізіледі. Мысалы, біздің ауданымыздағы Дзержинский атындағы мектептің үш бірдей оқушысы сол конкурста өткен жылы жүлдегер атанды. Республика бойынша көрістер көп тұратын облыстарда, оның ішінде біздің облыста (қазір Талдықорған қаласы) көріс халқының қоныс аударылуының 60 жылдығы күніне орай «Қазақстан халықтарының ортақ отбасында» атты фестиваль өтеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың 1997 жылды «Ұлттық татулық, келісім және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп ресми жариялап, ерекше құрмет тұтуын аса бір толғаныспен, ризашылық сезіммен қабылдап, өз ұлтымның атынан тебірене рахметімді білдіремін. «Қазақстан» атты алып шаңырақ астындағы бар халық ауызбірлікте, достықта болып, не нәрсеге де қоян-қолтық араласа жұмылсақ, біз алмайтын асқар, біз шықпайтын белес болмас сірә.

Әңгімені жазып алған Ғабдул-Сәбит ЮСУП.
Қаратал ауданы.

Алтын жұлдыздың жарығы

Жер иесі



— Малыбайлық Өзәр ака сіздер мен біздерге аздап өкпелі көрінеді, — деген еді осыдан біраз күн бұрын ұйғыр мәдени орталығының басшысы Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі Рабик Исмаилов ағамыз. — Неге дегенде ауылдың аптал азаматы, Социалистік Еңбек Ері Өзәр Үсенов соңғы он жылдан астам уақыт мүлдем хабарсыз қалған сияқты. Қазір сол кісімыз 70-ке келіп отыр. Орайы келгенде барып, ауыл ақсақалына сәлем беріп қайтсақ қайтеді.

Малыбай ауылына жолымыз осылай түскен еді.

— «Ауыл азып-тозып барады» деген сөздің жалғандығы осында келгенде көзге айқын байқалды. Көшелері көрікті, жеміс-жидегі мол, гүлзарлары толған гүл ауыл ынтымақ пен бірлікті, еселі еңбекті паш етіп тұрғандай. Сәнді үйлері сап түзеген, зәулім биік ағаштар аспанмен таласады.

Жасы келсе де еңкіш тартпаған ер көңілді Өзәр ағамыз бізді аула алдынан өзі қарсы алды. Бала сияқты қуанып-ақ жүр: — Рас-ау, енді осыдан он жыл бұрын зейнет демалысына шыққанымда ұланғайыр той жасадым. Алыс-жақыннан бәрі келді. Адамды көркейтетін еңбек екен-ау. Еңбек етпей үйде жатып едім ұмытыла бастаған сияқтымын. Дегенмен оған өкпелеуге болмас. Менікі бір реті келгенде Рабик ініме айтқан наз еді. Ал келген екенсіздер, төрлеңіздер.

Аулада оншақты бүлдіршін жеңіл әуенмен Өзәр ағаның бәйбішесі Әлаханға алаңы ортаға шығып, шыр көбелек айналып биледі жүр. Реті келгенде Өзекеңнің өзі де билеп кетеді. Билеп жүріп, ауызы әңгімеден де бір босамайды.

— Менің Отаным осы Малыбай ауылы —дейді ауыл ағасы. — Осында туып-өстім. Әкем Үсен мен анам Шарапат төрт бала тәрбиелеп өсірген жандар. Соның бірі өзіммін. Ал мына біз Әлахан екеуміз жеті бала өсірдік. Ұлды ұяға, қызды қияға қондырдық дегендей. Қазір олардан 18 немере сүйіп отырған жайымыз бар. Ертең ауылға қонақтар келсе, бұл немерелерге көңіл бөлу қайдан келсін. Сондықтан бүгінгі той осыларға арналған.

Өзәр ағаның ең үлкен ұлы Фархаджан осындағы «Малыбай» өндірістік кооперативі төрағасының орынбасары болса, Гүлнұры мен Бибинұры мұғалім, Қаһарманы — механик, Полатжан — инженер, Айгүлі — бухгалтер, ал ең кенже ұлы Дилшат аудандық қаржы бөлімінің қызметкері екен. Бәрі де оқыған, жоғары білімді. «Өке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» деген осындай-ақ болар, сірә.

— Ауылымыздың топырағы киелі, — деп әңгімеге араласты «Малыбай» өндірістік кооперативінің төрағасы Нұрахмет Ибрагимов. — Жас та болса атағы шығып жүрген кинорежиссер Талғат Теменов, ұйғыр жазушысы Ахметжан Аширов осы ауылдың балалары. Айтпақшы Ахметжан ака соңғы үш жылдан бері ауылда тұрады. Том-том кітап жазумен бірге жерге де тер төгіп жүр. Солай ғой, Өзәр ака!?

— Дәл солай. Өз басым ауылда жұмыс жоқ дегенге әсте сенбеймін, — деді Өзәр ағa ойлы жүзбен. Ауылда жұмыс жоқ емес, жалқауларға мұнда орын жоқ деген әлдеқайда дұрыс болар еді. Біздің кезімізде, әй қайдам, ауылда жалқау адам болмаған да шығар!

Үйге келіп, төрге жайласқан соң Өзәр ағa өз өмірінен сыр шертті. Біз қажет деген жерлерін қағазға түсіруге тырыстық.

Ол еңбекке ерте араласыпты. Малыбай ауылында жеті жылдық мектепті бітірген соң, уақыттың, заманның қиыншылығына байланысты оқудан қол үзген. Сол тұстары өзінің анасы Шарапат «Еңбек» колхозында бригадир болып істеген екен. Өзәрды өзіне көмекші етіп алыпты. 1952 жылға дейін ана алақанының аясында жүріп, өмірдің, еңбектің ащы-тұщысын татса керек. 1956 жылы анасы қайтыс болады. Ананың ауыр қазасы Өзәрға оңай соқпапты. Жүрегі қайғылы болса да ол өзінің бақытын еңбектен іздеді. Қайта асыл ананың орнын жоқтатпауға тырысты. 1960 жылы № 3 бригада құрылғанда осы бригаданы басқару Өзәрға жүктелді. Содан бергі уақытта жиырма жыл бойы аттан түспей «Маяк» совхозындағы ең озат бригаданы басқарды. Бастапқы кезде бригаданың қарауында небәрі 33 гектар темекі алқабы болса, бертін келе оның көлемі 150 гектарға дейін жетті. Ал шаруашылық бойынша темекі көлемі 800 гектарға дейін жеткізілсе, кіріс те мол болды. Сол жылдары шаруашылықты Тұрсын Смаиылов деген азамат басқарған еді. Ауыл тұрмысы да нашар болатын. Осыны көзбен көрген Тұрсын ауылдың мәдени, әлеуметтік тұрмысына елеулі көңіл бөлді. Жаңа клуб үйі, қойма, гараж, сиыр фермасы сол 1960—65 жылдардың үлесіне тиеді. Темекіден жылына шаруашылыққа 1,5 миллион сом пайда түссе, оған Өзәр Үсенов басқарған бригаданың үлесі де мол болды. Әр гектар темекіден 500 центнерге дейін өнім жинаған тұстар да болды. Ауыл шаруашылығында қол жеткен үздік жетістіктері үшін Өзәр Үсенов КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын, күміс, қола медальдарына ие болды. Қазақстан Компартиясының XIV—XV съездеріне делегат болып қатысты. 1971 жылы Социалистік Еңбек Ері атағын алып, омырауына Алтын жұлдызды тақты. Бұл қазақ жерінде тұратын бүтіндей ұйғыр халқының мақтанышы еді. Ал өзі болса, осы Алтын жұлдызды Асанбай Асқаровтың қолынан алғанын мәртебе санайды.

Өзі озат болумен қатар Өзәр ағa Замандин Макамов, Тұрсынбүбі Абдырайымова сияқты шәкірттерін де тәрбиелеп, шыңдады. «Өзіңіз темекіден Еңбек Ері атандыңыз, ал бүгінде темекі өсіру біздің ауылға, тіптен ауданға пайда ма, зиян ба» дейтіндерге Өзәр ағa: «Темекі өсіру пайдалы, тек еңбекті дұрыс бағалау қажет. Тәртіп болмай тағы болмайды. Темекінің піскен жапырағын ғана кептіріп отырғанда ғана оның сорты да жоғары болады. Осыны ұмытпау керек» деген болар еді.

— Өмірімде екі рет қатты қорықтым, — дейді Өзәр ағa. Соның бірі мынау. 1976 жылы КСРО Кәсіподақтарының XVI съезіне делегат болып қатыстым. Аяқ астынан біз тоқтаған «Россия» қонақ үйінде өрт шықты. Қонақ үйі әп-сәтте лаулаған көк жалынның ішінде қалды. Өзіміз сыртта едік, бүткіл құжаттарым, жол қапшығым бөлмеде қалған. Соның бәрінен айырылған шығармын деп қорықтым. Кейінтіннен білдім. Өзім далаға шығарда есіктерезені қымтап жапқан едім. Соның пайдасы тиді. Өрттен аман қалыпты. Өлгіні естігенде көзімнен бір тамшы ыстық жас ытқып кетті.

— Өзәр ағa нағыз жердің адамы. Осы жердің иесі, — дейді жазушы жерлесі Ахметжан Аширов. — Бүгінгі кооперативтің төрағасы Нұрахметті де осы Өзәр ағаның шәкірті деуге де болады. Қай кезде де ол ақылкеңесін аямайды. Қарапайым еңбек адамын көзінің тірісінде бағалап, ауылдағы бір көшеге есімін берсе жаман болмас еді.

— Өзәрдың табандылығын мынадан-ақ көруге болады, — дейді соғыс және еңбек ардагері Замандин Иләков. — Осыдан аз ғана уақыт бұрын менің үйім аяқ астынан өртеніп кетті. Сол тұста Өзәрдың өзі бас болып, жаңа үй салуды қолға алды. Айналасы екі айдың ішінде бұрынғыдан да әдемі, бұрынғыдан да сәнді үй тұрғызылды. Күндіз де, түнде де ол құрылыс басынан кеткен жоқ. Өз ауылдасына деген адалдық пен азаматтық осындай-ақ болар.

Иә, Малыбай ауылының ардақты азаматтарының бірі Өзәр ағa міне жетпіске келіп отыр. Жоғарыда айтылған ол туралы жылы сөздерге біз де қосыламыз. Лайым Өзәр сынды ауыл адамдары аман болғай...

І. ЖҮНІС.

СУРЕТТЕ: Өзәр ағa зайыбымен.
Еңбекшіқазақ ауданы.

Жаралы жылдар жаңғырығы

Жалпы тарихқа тереңірек көз жүгіртіп қарап отырсақ, оның тегеурінді тепкісін сезінбеген халықты кездестіру әсте қиын. Солардың ішінде өзге елдің қиянат-қысымын дәл қазақтай көп шеккен, зорлық пен зұлымдықтың зардабын көп тартқан халық жоқ шығар.

Десек те адамзат баласының мекеніне айналған кең даламыздың қойнауында қаншалықты тарих жатыр десеңізші. Еліміз — шаттанған қуаныш пен қабырғасы қайысқан қайғыны да аз көрген жоқ. Қазақ елі жері қандай кең болса, мандайына берілген қасіреті де қалың болды. Санасаң саусағың жетпейді. «Елім-айлың» зарына салып, «ақтабан шұбырынды алқакөл сұламаны» бастан өткерді. Балығы тайдай тулаған, бақасы қойдай шулаған — ырысты жердің ортасын ойып отырса да, заманның ықпалы мен ашаршылықтан да айналып кете алмады.

Бүгінгі күнге дейін орнын толтыра алмай отырған қасіретіміз — еліміздің ертеңіне кірпіш боп қаланып, ел туын жоғары көтеру үшін атсалысатын арыстай азаматтарымыздың ерiксіз жапа шегуі, әлі күнге дейін арттағы елдің сезімтал жүрегін қынжылтады. Күні кеше ғана 1986 жылдың желтоқсанындағы жастар қозғалысының әкімшіл-әміршіл жүйенің ызғарына ұшырағандары да әлі көз алдымызда.

Ал ауылдық жерлерде тұрып сталиндік репрессияның тырнағына ілікпеген әлипті таяқ деп білмейтін қара шаруа, момын жандардың да есімдері аталар, рухтары тірілер деп жүруші едік. Биылғы жылды Елбасымыз «Жалпыұлттық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу» жылы деп жариялап, қазір сол үміт ақталуда. Зұлмат жылдарындағы зобалаңның ауыртпалығын жеңу арқылы Қазақстан халқы бүгінгі тәуелсіздікке жетті. Жақында осы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алуға байланысты Талдықорған қаласында өткен 1931-33 жылғы ашаршылық құрбандарын еске түсіріп, аза тұту күніне арналған митингіде қала әкімінің орынбасары Күләш Нағатайқызы былай деген еді:

— Биылғы 1997 жыл Елбасымыздың Жарлығымен Ұлтаралық татулық және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланғаны бекер емес. Себебі Қазақстан халқының басына тағдыр таукыметі аз түскен жоқ. Халқымыздың аяулы ұлдары, бетке ұстар шамшырақтары, қатардағы қаншама қарапайым азаматтар жазықсыз, жалған жаланың құрбаны болып, сталиндік зұлматқа ұшырады.

Әсіресе, 1937 — 38 жылдары қазақ зиялыларын жаппай қуғын-сүргінге салу нәтижесінде әсіре сақтық, күдікшілдік, арызқойлық психология қалыптасып, ғылым мен білімде жалғандыққа, бұрмалаушылыққа ұрындық. Кезең ынғайына бейімделгіштер идеология саласында аз болған жоқ. Соның нәтижесінде 1937-38 жылдары қазақтың оқыған интеллигенция өкілдерінен 100 мыңға жуық адам жапа шекті. Қазақ елі сорпаның бетіне шығатындарының бәрін сыпырып берді. Бұл тазалау алдынғы ашаршылықтағы орасан зор шығынның жалғасы болып ұласты. Халқымыздың интеллектуалдық потенциалы өлсіреп, ежелден еркін өскен өр халқымыздың психологиясын жасытты. Ұлттық нигилистер легионы сол кезден бастап мықтап құрылды.

1946-48 жылдары ВКП (б) Орталық Комитетінің идеологиялық қаулыларын Қазақстанда түгелдей қайталап зиялыларды қуғындаудың кезекті науқаны қайта басталды.

Ғұлама ғалымдар Ермұқан Бекмаханов, Қажым Жұмалиев, Қайым Мұхаметқанов және тағы басқалары итжеккенге айдалып, Қаныш Сәтбаев пен Мұхтар Әуезов сынды кеменгерлер елден қуылды. Қуғын мен айдаудан аман қалғандары жұмыска орналаса алмай тентіреді. Әрине, уақыт өте бұл әділетсіздіктер жойылып, шындық айтылды. СОКП Орталық Комитетінің «30-40-шы жылдары және 50 жылдардың бас кезінде орын алған жазалау шараларының құрбандықтарына қатысты әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» (1989 жылдың 6 қаңтардағы) шешімі бұған негіз болды.

Тарих бетінде өркімнің аткарған игі ісі, жасаған қатесі, шалыс басқан қадамы түгелдей айтылып, жазылуға тиіс. Егер біз өткенімізді ұмытып, шындықты толық айтпасақ, даңғаза даурықпамен, әртүрлі есеп-қисаппен кесепатты әрекеттердің қайтадан қайталануына жол беріп алуымыз ғажап емес. Не нәрсені ұмытсаң, сол нәрсенің жаңалық болып қайта оралатыны дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Сондықтан да бүгінгі еске алу күні қазіргі біздер үшін, ертеңгі ұрпақтарымыз сол қасіретті қайталамауы үшін қажет.

Ал сталиндік репрессия кезеңі, дәлірек айтсақ, 1937-38 жылдар Әзірбайжан республикасындағы Нахичеван автономиялық облысының Корхмаз ауылын мекендейтін курд халқы үшін де өзінің зобалаңын ала келген еді. Бейбіт еңбекпен күн кешіп отырған аз ғана халық сол кездері қуғынға ұшырап, қазақ жеріне көшіп келген. Солардың бір бөлігі Талдықорған аймағына қоныстанған еді. Бейнеткор халық алғашқы сәттен-ақ сол кездегі колхоз шаруасына араласып кетті.

Митингіге қатысушы, зейнеткер Халит Амоев сол бір ауыр жылдарды есіне алып былай дейді:

— 1937 жылдың желтоқсаны әлі есімде. Қақаған қыс, күн болса суық. Корхмаздан Жетісуға дейін арып-ашып жеткен біздерді сол кездегі аймақтың басшылары қарсы алып, ауыл-ауылға бөлді де, әр отбасына 4-5-ген орналастыра бастады. Біз қоныстанған сол кездегі Гвардия ауданындағы Оспан, Ескендір деген кариялар болушы еді. Сол кісілердің жақсылығын еш ұмыта алар емеспіз. Құдды бір өздерінің алыстан келген ағайынын күткендей біздерге аялы алақанын тосты. Жылы үйге кіргізіп, ас-сумен, киім-кешекпен, жатын орынмен қамтамасыз етті. Осындай қамқорлықтың нәтижесінде таршылық көрмедік. Адамдармен қоян-қолтық араласып, қатар еңбек еттік. Тіпті, Оспан қариянын сол кездегі біз қатарлы Әділет, Аскар атты қос ұлымен достасып қоймай, туыстай болып кеттік. Кейінірек біздер Талдықорғанның өзіне көшкенде, алғі туыстарымызбен қимай қоштастық.

— Бірақ, біз біріміздің біріміз қол үзген жоқпыз, — дейді Хамит ақсақал әңгімесін жалғай түсіп, — өзіміз келген соң, сол бала кезімізде қазақ елінде табысқан туыстарымызбен қызмет бабында да араластық. Міне, сонау Әзірбайжан жерінен келген біздер үшін қазақ бауырларымыз осылайша қол ұшын берген еді. Сондықтан да бүгінде бар жақсылықтың бастауы — ынтымақ пен бірлікте екеніне көзіміз толық жеткендей.

— Патша өкіметінің жергілікті халықты жаппай қанау, жаншу жөніндегі жүргізген отаршылдық саясаты Кеңес өкіметі жылдары да бәсеңсіген жоқ — дейді Талдықорған қаласындағы 90 жасар карт әжей Күлипа Рысбекова. — Атап айтқанда, халқымыздың қолындағы малын тартып алып, коллективтендіруге күштеп енгізді, сөйтіп, жасанды түрде аштыққа ұшыратты. Туған жерінен, елінен қуып бездірді. Көзі ашық азаматтарымызды лагерьлерге айдап, көздерін жойды, бұл аз болғандай «тың жерлерді игеру керек» деген желеумен Қазақстанға орыстарды және басқа халықтарды үйіп-төкті. Осылай жаппай орыстандыру етек алып, қазақ мектептері жабылды. Сөйтіп, ұлттық тілден айырыла бастадық. Алапат зұлматты, ашаршылықты, кешегі саяси жүйенің небір содырлықтарын көзбен көрген жоғарғы ұрпақтың қадімгі қарапайым көзі тірі көп өкілдерінің бірі болғандықтан да құдайға шүкір осы күнді көрсеткеніне! — деп отырмын.

Иә бүгінде тәуелсіз ел атанып, көшіміз енді түзеліп келеді. Нағыз еркіндікке, теңдікке қолымыз енді-енді жетіп. «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дейді. Өмірі сол бір алмағайып заманға тап келіп, ашаршылық құрбаны болып, қынадай қырылған қазақтардың аруағын құрметтеп еске алу, құран оқып, құрбандық шалу — бүгінгінің жалғас буынының алдындағы азаматтық парызы. Бұл қасіретті ешқашан да ұмытпау керек.

Багдат АЙТМҰҚАЕВА,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
Талдықорған қаласы.

6 әулеттің қасіреті

Кеңес өкіметі өмір сүрген жылдардағы жүзеге асырылған саяси қуғын-сүргіндер тарихын шартты түрде алты кезеңге бөліп қарастыруға болады. Олар мыналар:

Бірінші кезең — 1917—1920 жылдар. Бұл кезеңде Кеңес өкіметінің орнауы мен азамат соғысының орын алуына байланысты халық екіге («ақтар» мен «қызылдарға») бөлініп, осы екі лагерь басшылары бір-біріне қарсы тұрып, атысты, шабысты. Олардың көпшілігі саяси тұрғыдан жүзеге асырылды.

Екінші кезең 20-шы жылдарды қамтиды. Бұл жылдары елде арнаған сталиншіл әкімшіл-әміршіл жүйе ең алдымен Алаш қозғалысына қатынасқан қайраткерлерді, жалпы ұлтжанды қазақ интеллигенциясының көрнекті өкілдерін моральдық тұрғыдан қыспаққа алып, оларға коммунистік партияның сара жолынан «ауытқыды» деген айыптар тақты.

Үшінші кезең — 20-шы жылдардың соңы мен 30-шы жылдардың басын қамтыды. Бұл кезеңде кезінде Алаш қозғалысына қатынасқандар жаппай түтқындалып, ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру мен оның зиянды зардаптарына қарсы шыққан сан мыңдаған адамдар сотты болды, ал олардың айтарлықтай бөлігі атылды, ұзақ жылдарға концлагерлерге кесілді.

Төртінші кезең — 1937—1938 жылдардағы «Үлкен террор» зұлматында елім деп еңіреген сан мыңдаған азаматтар «халық жауы», «ұлтшыл — фашист», «империализм шпиондары» деген жалған айыптармен атылып, айдалды.

Бесінші кезең — 40-шы жылдардың ортасынан 50-ші жылдардың басына дейінгі уақыт. Бұл жылдарда соғыс кезінде әртүрлі себептермен немістер тұтқынында болып елге қайтқандарды «сатқындар» ретінде жаппай соттау және республиканың рухани өмірінде «жергілікті ұлтшылдар» мен «отансыздарға» (космополиттерге) қарсы ұйымдастырылған саяси кудалау науқандары жүзеге асырылды.

Алтыншы кезең — 80-ші жылдардың екінші жартысынан 90-шы жылдардың басына дейінгі уақытты қамтиды.

Бұл кезеңдегі саяси қуғын-сүргін 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатынасқан жастар мен оларға іш тартқан адамдарға қарсы бағытталып, бүкіл қазақ халқы «ұлтшыл» халық деп айыпталды...

Ресми мәліметтерге жүгінсек, Кеңес өкіметі жылдарында Қазақстанда мемлекеттік қылмыс жасады деп негізсіз айып тағылу арқылы саяси қуғын-сүргінге ұшыраған 103 мыңнан астамға жуық адам сот және соттан тыс органдар үкімімен сотталған екен. Бұлардың басым көпшілігі 1937—1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргінің шырқау шегіне жеткен кезеңнің құрбандары болды. Олардың қатарында аса ірі мемлекет қайраткерлері де, ғылым мен мәдениеттің, өнер мен әдебиеттің көшбастаушы марқасқалары да, басқару жүйесі мен құқық қорғау органдарының қызметкерлері де, өз деңгейінде қаралайым еңбегімен еліне жаққан адамдар да болды.

Солардың бірі — кезінде Жетісу мен Әулиеата өңірлерінде ауылдық, болыстық, аудандық және облыстық деңгейде жауапты қызметтер атқарып, туған халқына адал еңбек еткен азамат, 1937 жылы «халық жауы» деген жалған айып тағылып, 10 жылды арқалап, Гулагтың алыстағы бір бөлімшесіне айдалған және содан туған топырағына оралмаған Сәрсембай Бейсембетов еді.


Архив қорларында сақталған жекелеген құжаттар мен Сәрсембай Бейсембетовті жақсы білген ардагер ағалардың (Мансұр Халықов, Әлірахым Тілеумбетов, Ақбас Ауғанбаев, Қайырбек Манкеев, т.б.) естеліктеріне сүйенсек, мына жәйттерді айтуға болады.

Сәрсембай Бейсембетов 1897 жылы Алматы облысының бұрынғы Кеген ауданының Қарабұлақ ауыл кеңесінің жерінде егіншілік пен қолөнершілікті (ағаштан ер шауып жасау) қатар кәсіп еткен орта дәулетті отбасында дүниеге келген.

Төрт ұлдың кішісі болған Сәрсембайды әкесі Бейсембет алғашында ауыл молдасына тіл сындырғызып, одан кейін (1911—1915 жылдары) Кеген өңірімен шектесіп жатқан қырғыздың Қарақол қаласындағы орыс-қырғыз (түземдік) ауылшаруашылық мектебінде оқытады.

Бала кезінен еті тірі, пысық болған Сәрсембайды 20-шы ғасырдың басындағы ірі қоғамдық саяси өзгерістер тез есейтті. Ол 19 жасында қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының алғашқы ошақтарының бірі болған Қарқара көтерілісіне қатынасты, ал оған жалғасқан 1917 жылғы қос революция оның азамат болып қалыптасуына үлкен әсер етіп, қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуына түрткі болды.

Сәрсембай, өзімен тағдырлас





қайнаған халық бұқарасының арасынан шыққан көптеген замандастары сияқты Қазан төңкерісі мен «әлеуметтік әділеттілік», «ұлттар теңдігі», «азаттық, еркіндік, теңдік» ұрандарын көтерген социалистік идеяларға сенді. Сондықтан да осы идеяларды өмір шындығына айналдыруға үәде еткен коммунистік партияның қатарына 1920 жылы өткен ол, Қазан төңкерісінен кейінгі алғашқы жылдарда Жетісу өңірінде жүргізілген әлеуметтік-экономикалық және саяси-мәдени өзгерістердің куәгері болып қана қоймай, оларға белсенді түрде араласты. Мұны Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивінде сақталған Сәрсембай Бейсембетовтың 1935 жылғы наурыздың 9-ында өз қолымен толтырылған «Личный листок по учету кадров» деген құжат пен сол жылғы 21-ші наурыз күні оған сол кездегі Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Ораз Жандосов қол қойып берген «Мінездеме» растайды. Осы екі құжатта 1918—1935 жылдар аралығындағы С. Бейсембетовтың еңбек жолы сайрап жатыр: 1918—1921 жылдарда — Шелек, Торайғыр ауылдық және Ақтоғай болыстық кеңестерінің жауапты хатшысы, 1921—1928 жылдары — Ақтоғай және Қоңыр Өлең болыстық, Жаркент уездік, Шу аудандық партия комитеттерінің хатшысы, Алматы уездік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1928—1934 жылдары жекелеген совхоздар мен МТС-тердің партия ұйымының хатшысы және Үзынағаш аудандық атқару комитетінің төрағасы, ал 1934 жылғы желтоқсанның 15-інен Алматы облыстық атқару комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі әрі облаткомның төрағасының орынбасары.

Сәрсембай Бейсембетов қандай қызметте болмасын өзіне жүктелген нақтылы міндеттерді ойдағыдай атқарумен қатар сауатсыздықты жоюға, жерлердегі мектеп құрылысына, оқу-ағарту ісіне үлкен мән беріп, талапты жастардың жүйелі білім алуына қолынан келген көмегін көрсетіп отырды. Ол өзі туып-өскен ауылының талапты жастарын — Ақай Нүсіпбековті (кейін академик болды), Асубай Нұрпейісовты, Қиясбай Мәшкеевті, Бекберген Матаевты, Самсалы Қожабековты, Шотан Өміровті, т.б. уезд орталығы Жаркенттегі, облыс орталығы Алматыдағы оқу орындарына түсіріп, әртүрлі мамандықтың иесі болуларына жағдайлар жасады. Олардың көпшілігі өздері қалап алған мамандықтары бойынша білім мен ғылымның, шаруашылықтың әртүрлі салалары бойынша жемісті еңбек етті, олар өз кезегінде бұл күндері алдыңғылары жас жағынан алпысты алқымдаған зиялы ұрпақ тәрбиеледі.

Сәрсембай Бейсембетов 1933 жылы Жаланаш ауылында орта мектеп ашылуына мұрындық болды, ал 1934 жылы Мойындағы Көлбастау ұжымшары орталығынан халықтық құрылыс әдісімен (сенбіліктер, ұйымдастыру арқылы) 8 бөлмелі мектеп үйін салуды ұйымдастырды, сол сияқты Қарабұлақ ауылында жетім балалар үйін салғызды.

Жаланаштағы он жылдық мектептің ашылуына С. Бейсембетов Алматыдан белгілі қоғам қайраткері Сұлтан Сегізбаевпен бірге келді. Сәрсембай Бейсембетов ұсынысымен мектеп директорлығына оның өзі оқытып, тәрбиелеген Қисабай Мәшкеевті ұсынып, тағайындатты.

Сәрсекеңнің қызметінің соңғы екі жарым жылдық мерзімі өте жемісті әрі терең мағыналы болды. 1935 жылдың басынан өзі ұсталып кеткен 1937 жылдың 28-ші тамызына дейін Сәрсембай Бейсембетов Алматы облысы басшыларының бірі болып, республикамызды қанкүйлы Ф. Голощекин басқарған жылдардағы халық мойнына түскен орны толмас қайғы-қасіретті жеңілдетуге, ол жүзеге асырған «кіші октябрь» солақай саясатының зардаптарын жоюға бағытталған шараларды жүзеге асыруға бар күш-жігерін жұмсады. Бұл істе ол Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Ораз Жандосовқа сенімді серік бола білді. Ол 20-шы жылдардың соңы мен 30 жылдардың басында Алматы облысынан басқа республикаларға (Қырғызстанға, Өзбекстанға) амалсыздан босып кеткендерді ата қонысына қайтару және оларға шаруашылық және басқасында болды. Бұл іске ол жалындап өсіп келе жатқан жас қайраткер Нұрбапа Өмірзақов сияқты талапты ұйымдастырушыларды тарта білді. (Нұрбапа Өмірзақов кейін, 1937 жылғы қазан айының 28-інде, небәрі 30 жасында Қазақ КСР-і Орталық Атқару комитетінің Төрағасы болып сайланды.). Алматы облысы басшыларының бірі болып тұрған қысқа мерзімде Сәрсембай Бейсембетов республикамыздың көптеген белгілі мемлекет қайраткерлерімен, әдебиет пен өнер саңлақтарымен көп жақты тығыз қарым-қатынаста болды. Олардың қатарында Ораз Жандосов, Абдолла Розыбақиев, Ыдырыс Көшкінов, Ілияс Жансүгіров, Құсайынбек Әміров, т.б. жақсылар мен жайсаңдар болды.

1937 жылы басталған «үлкен террор», халық басына түскен зобалаң басталысымен республикамыздың бетке ұстар азаматтары шетінен әкімшіл-әміршіл жүйе ұйымдастырған саяси қуғын-сүргіннің төртінші толқынының құрбандары болып, олардың көпшілігі келмеске кете барды. Олардың қатарында 1937 жылғы шілденің 29-ы күні тұтқындалған сол кездегі Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің баспасөз және баспалар бөлімінің меңгерушісі Абдолла Розыбақиев, сол жылғы сол айдың 31-і күні тұтқындалған Алматы облыстық атқару комитетінің төрағасы Ораз Жандосов болды. Көп кешікпей НКВД құрығы Ыдырыс Көшкіновтың, Ілияс Жансүгіровтың, Құсайынбек Әміровтің, т.б. олардың замандас, пікірлес дос-жарандарының мойнына түсті...

Кезек Сәрсембай Бейсембетовке де келіп, ол сол жылғы 28 тамызда тұтқындалды. Жарты жылдан астам тергеуде болған ол 1938 жылғы наурыздың 10-ы күні «Кеңес өкіметіне қарсы жүргізген үгіт-насихаты мен іс-әрекеті» үшін 10 жыл мерзімге сотталып, Гулагтың (мемлекеттік лагерлер басқармасының — Государственное управление лагерями) алыстағы Иркутск облысының Чукша елді мекеніндегі «нүктесіне» айдалды. Оған тағылған айыптардың қатарында «қазақтың ұлтшылдарының Кеңес өкіметіне қарсы ұйымның белсенді мүшесі әрі оның Алматы филиалының жетекшісі» деп жарияланған Ораз Жандосовтың, «Қазақстандағы ұйғырлардың ұлтшылдық ұйымын басқарған» деп жарияланған Абдолла Розыбақиевтың «сыбайлас-серіктесі» деген жалған жалалар бар. НКВД жендеттерінің жасаған айыптау қорытындыларында Ораз Жандосов «белсенді мүшесі болған қазақ ұлтшылдарының контрреволюциялық ұйымы Қазақстандағы Кеңес өкіметін қарудың күшімен құлатып, оны КСРО-дан бөліп, жеке буржуазиялық Қазақ мемлекетін құруды» мақсат етіпті-міс делінген.

НКВД тергеушілерінің пікірінше Сәрсембай Бейсембетов өз алдарына жоғарғыдағыдай «совет өкіметін құлатуға арналған» мақсат қойған О. Жандосов пен А. Розыбақиев сияқты «халық жауларының» «пікірлесі әрі әрекеттесі» болыпты-мыс.

Осындай жалған жалалармен «халық жауларының» қатарына қосылған есіл ер «Итжеккенге» айдалып кете барды. Артында жан жары, ағайын-туғандар еркелетіп Шәбет атап кеткен, хас сұлу Гүлшаһар, ұлы Жүнісбек, қызы Мәтімхан (Мәтжан) қалды. Олар «халық жауының» семьясы ретінде Алматының көрікті көшелерінің бірі Киров көшесіндегі (қазіргі Бөгенбай батыр көшесі) 66-шы үйдегі жайлы пәтерлерінен қуылды. Ерінен тірідей айырылып, баспанасыз қалған Шәбет Әубәкірқызы күйеуінің туыстары тұратын Кіші Жаланаш қыстағына қоныс аударады. НКВД мен оның жергілікті жандайшаптары Сәрсембайдың отбасына мұнда да тыныштық көрсетпейді. Оның бірнеше себебі болды. Атап айтқанда Гүлшаһар (Шәбет) — Қарқарадағы 1916 жылғы Албан көтерілісінің басшыларының бірі, Мұхтар Әуезовтің 1928 жылы жеке кітап болып шыққан «Қилы заман» атты тарихи шығармасының басты кейіпкерінің бірі Әубәкір Сұлтанбекұлының туған қызы еді. Әубәкір — Сұлтанбек әулетінің арғы аталары құт-береке дарыған байлар болған. Ол Шәбеттің бір туған әпкесі Гүлғаныш 1937 жылы «Халық жауы» аталып, сотталып кеткен белгілі қоғам қайраткері Ыдырыс Көшкіновтың туған жеңгесі, яғни Ыдырыстың ағасы Дәулетбақ Көшкіновтың әйелі болатын. Шәбет ауылға қайтып оралған кезде оның әпкесі — Гүлғаныш байдың қызы, өмір бойы орысқа қарсы күрескендердің ұрпағы болғандықтан және «Колхоз тойын», «той емес, тобырдың жиыны» деп балағаттағаны үшін деген айыппен сегіз жылға бас бостандығынан айырып, алыстағы солтүстік өлкедегі Магаданға айдалыпты. Көп кешікпей Шәбеттің жездесі Дәулетбақтың екінші інісі (Ыдырыстан кейінгі) ауыл мұғалімі Ықсан да «халық жауының» қамытын мойнына киіп, оншақты жылды арқалап кете барды.

Шәбет шешей сексеннен асып қайтыс болғанға дейін жар аманатына адал болып, Сәрсекеңнің түтінін өшірмей тура шығарып отырды. Сәрсекеңнен қалған ұл мен қызды өсірді, олардан немерелер мен шөберелер сүйді. Ол кісі өзінің ұстамдылығы, парасаты, төзімділігі, тәубешілдігі арқасында үлкен бір ауылдың ақылман анасы дәрежесіне жетіп өмірден өтті. Ал Сәрсекең болса, отбасымен қауыша алмай ит арқасы қиядағы — Ресейдің Иркутск облысының Чукша станциясында айдауда жүріп, 1950 жылғы сәуірдің 4-і күні жарық дүниемен мәңгілікке қоштасты. Сәрсембай Бейсембетовтың өлімі туралы қайғылы хабарды оның отбасы мен ағайын-туғандарына хат арқылы жеткізген онымен айдауда бірге болған Қарабай деген азамат еді.

Сәрсембай Бейсембетов жарық дүниеде небәрі 53 жыл өмір сүрді, оның 13 жылы түрме мен концлагерьдің азапты қыспағында өтті. Ол өзінің бүкіл саналы өмірін туған еліне адал қызмет атқаруға арнады. Сондықтан да ол жақсы істермен ел зердесінде қалды.

Биылғы жыл Сәрсембай Бейсембетовтың туғанына 100 толып отыр. Сол сияқты әкелеріміз бен ағаларымыздың есімдері баршамызға ардақты да қымбат болып қала береді.

Кеңес НҰРПЕЙІСҰЛЫ,
ҚР-ы Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі,
Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі,
тарих ғылымының докторы,
профессор.

Қасіретті ұмыттырмайтын қасиет





— Төре апа, әйел затында Төре деген есімді бірінші кездестіріп отырмын. Есіміңіздің Төре қойылуының бір жұмбақ сыры бар шығар-ау...

— Қарағым, Қорғанбек, не жұмбағы болсын оның. Қайта ол да бір қайғымды еске түсіріп, ескі жараның бетін тырнайды. Бала күнімде әжем Алматайдан естігенім, анамның аты Алман екен. Әкем Жұмаділ екеуінің түңғыштары бір жарым жасында шетінеп кетеді. Екінші ұлдары үш күн ғана тұрады жарық дүниеде. Мен туғанда анамның жолдасы түспей қайтыс болады. Көкірегі шерге толып у жұтқан әкем «Осынау бейкүнә нәрестеге менің күдай көпсініп көрер жарығы болмаған екі ұлымның, арманда кеткен жарымның орнына қалған кішкентай Төрем болсыншы» деп атымды Төре деп өзі қойыпты. Бұл 1925 жылы болса керек. Одан кейінгі кіші шешеміз Нұрғайшадан Сағындық, Сағынай атты екі ұлы өмірге келді.

Бүтінде бес уақыт намазын қаза қылмайтын жетпістің екеуіндегі кейуана, шырылдап өмірге келгенінде анасы еміреніп бір мәрте иіскей де алмай қалған бір кездегі мұңлық сәби әкесі «төрем болсыншы» десе де төресі бола алмапты. Бұның бас айыпкері — сталиндік құғын-сүргін мен қызыл қырғынның зұлматы, тұлымшағы желкілдеп өріліп өсіп келе жатқан Төресін жан бітіккеннен жақсы көре еркелетіп, «Төрем-ау» деп төбесіне көтерген әкесі Жұмаділ отыз жетінің қанды қасабына түсті. Дәтке бір ғана қуат бар. Ол — қызыл зұлматтың қиянатын көрген қаршадай қыздың бойында қасіретті ұмытпайтын қасиетті сақталып қалғандығы болар деп пайымдадым мен. Себебі, Төре апамыз аса қатал, аққөз саясаттың нақақ құрбаны болған әкесі Жұмаділ Омарбекұлының, он жеті жыл сталиндік лагерьлердің азабын тартып келіп жиырма жеті жыл өзімен бірге түтін түтеткен қосақ жары Телтай Сәрсенбековтің асыл бейнелерін жүрегінде төре тектілікпен аялаумен келеді. Өзі үшін аса бір аяулы сол жандардың бір кезде жаққан оттары өшпесе екен дейді, өмірде қалдырған іздері сақталса екен дейді, ардақты есімдері ел ішінде ұмыт болмаса екен дейді, күнделікті күбірлеп оқитын құранын осы екі арысының және Жамбыл тәтесінің аруақтарына бағыштап отырады. Неге Жамбыл тәтесінің? Оның мәніс сәл кейінірек белгілі болады.

— Төре апа, ол кезде бала болсаныз да отыз екідегі ашаршылықтың кейбір сүреңсіз суреттері есіңізде шығар?

— Біз әкеміздің арқасында аштық көрген жоқпыз. Әкей еті тірі, көзі ашық, орысша сауатты кісі еді. Сол кездің өзінде арнаулы оқу орнын бітірген, қолында кәлпі бар мал дәрігері болатын. 1931 жылдан бастап осы Алматы түбіндегі племсовхоз — қазіргі Мынбаев атындағы шаруашылықта істеді. Өзімз ашықласақ та, айналамыз ашаршылық данағы, әкейдің соған деген қиналыс-күйзелісін ермс-еміс білемін. Әкем біраз адамдарды племсовхозға жұмысқа алдырып, қолынан келгенше басқа да шарапат-көмегін тигізуге тырысты. Солардың ішінде Қартабай ата Сауранбекұлы, Кәдір Молдашев, Қашаған Төксейітов, Қасымбек Арғынбаев һәм тағы бірталай адамдар бар... Ашаршылық жайынан бір есімде қалғаны, әкем нәубеттен кейінгі жылдардың бірінде қасыма Молдакасым деген інісін ертіп Қырғыз жағына ауған ағайын-туыстарды іздеп сапарға шықты. Туыстармен іздеп сапарға шықты. Туыстармен қауышып, амандықтарын біліп он шақты күн жүріп келді. Сөйтсе, жол бойы жерде ашаршылық әлі басылмаған екен. Елге қайтып келе жатқанда тау ішінде, Үшконыр — Үлкенсаз жайлауларының маңында екеуін аш адамдар қамап қуалайды — шаштарын додалап жайған әйелдер, үсті-бастары далба-далба, жырым-жырым еркектер. Бір әйелдің анадай жерде өз баласын сойып отырғанын көріп жандары түршігеді. Біреудері келіп әкейдің шылбырына жармасады. Аштықтан есі шыққан адамдар сонша күшті болып кетер ме — аттан аударып ала жаздайды. Жандәрмен тартысқанда шылбырдың түйіншегі бар күшімен катты тиген әкейдің көзінің асты әуелі көкпеңбек болып жүріп, кейіннен дөңгеленген қара дақ болып қалды... Молдакасым ағам бір жақта біреумен ол алысып жатыр, дейді. Әйтеуір аман күтылыпты. Не айтарсың? Большевиктердің сынаржақ залым саясатына, осы бір озбыр заманның қолдан жасалған нәубетіне лагнеттен басқа не дерміз?.. Ал, біз әкеміздің арқасында аштықты көрмедік. Құдай бізге көресінді әлі көресін деп бар азабын кейінге сақтап жүр екен ғой.

Осылай деп Төре апа күрсінді. Шынында да осы бір қарапайым бейкүнә жандардың көресісі алда екен. Жұмаділ 1936 жылдың соңына қарай «шешей болса картайды, ел ішінде болайық» деп отбасын алып, туған ауылы Қарасуға, соның жанындағы Көкбастаудағы үш бөлмелі қамкесек үйлеріне көшіп келіп кіреді. Бұл арадағы колхоз басшығы: «Жұмаділ, сен көзің ашық, мал дәрігерісің ғой, мына Түргендегі бір жылдық оқуға адам жіберіңдер деп жатыр, соған сенің ынғайың келіп тұр, барып келгін» деп жолдама береді. Жұмакен бала-шаға, карт анаға аландап, оқуды тоғыз айда бітіріп, куәлік қағазын алып оралады. Бүгінде Төре апа «егер ертерек» келмегенде әкей үсталмас па еді, қайтер еді?» деп те өкініш айтады. Өмірден көп қайғы көріп, зәбір шеккен қайран қамкөңіл карт ана қайтсын-ай!...

Содан Жұмаділ өзі туып-өскен Қастек ауданының «Қарасу» колхозына мүше болып кіріп, жұмыс істеп жүреді. Нақ құғын-сүргін сойқаны басталып, жібі түзу адамдарды үстап әкетіп жатқан уақыт. Жұмаділдей көзі ашық азаматтар зұлмат сұмдығының сырын түсініп, іштей күйзеледі. Тұзақ өз бастарына да түсетінін сезеді. Бірде карт әжелерімен ораза уақытында сәресі ішуге әдетінше Төре де тұрады, үш-төрт жастағы кішкентай Сағындық та дастарқан басына келіп отырады. Жұмекен отағасы «Ой, сен де тұрыпсың ғой» деп Сағындықты алдына, Төрені шашынан сипап оң жағына отырғызады. Сол күнгі кейпі Төре апаның әлі есінде. Жалпы сол кездері бір түрлі көп ойланып жүрген. Қызыл шырайлы келген аққұбаша адам екен. Артық сөзі жоқ, өзінің жұмысын ғана біледі, біреу бірдеме сұраса ғана жауап береді. Ал, бүгін шешіліңкіреп сөйлейтін түр танытады.

— Апа! — дейді де үндемей біраз отырады. Өні біртүрлі.

— Апа, мен бір түс көрдім. Сол түстің өзі кәдімгідей барлығын жобалап сызып, біздің үй-ішімізге, біздің өмірде не болатынын кесіп айтқандай болды. Бір жаққа ел болып көшкен екенбіз деймін. Басқа жұрттың көші жақсы-жаман болса да, әйтеуір бәрі өткелден өтіп кетті. Менің көшімнің бір жағы жар, бір жағы кия. Қимылдап қалсақ, құлайын деп шаққа тұрғандаймыз... Апа, енді балалар жас. Нұрғайшаның да қолынан не келеді? Өзіне өзің берік бол деп, — жүрегі сезіп жүрген, дәлдеп келген жағдайды ашық айтады. Ашық айтатын да жөні бар, ойткені елдің серкесіндей азаматтардың бәрін күнде «барса-келмеске» әкетіп жатыр. Соны айтады да, сөзін кілт үзіп, Сағындықты иіскеп отырғыза салып, Төренің шашынан тағы бір сипайды да орнынан тұрып кетеді. Үй-іші отырған орындарында үрпиісіп шошынып қалады. Төре апа айтқандай, Жұмаділ шынымен-ақ көріпкелі бар кісі болса керек. Бес-алты күннен кейін — «қара-күзгын» оны да әкетеді. Тым ұзаққа көз түгілі көңіл жетпес алыска, мәңгілікке...

— Төре апа, әкеніз қызыл қырғынның жазықсыз құрбаны болып кеткен қайғылы күндердің бейнесі, жаралы жас жүрегіңіздің мұңлы халі ұмытылмаған болар?

— Айналайын-ай, қайдан ұмытарсың ондай қасіретті... Тура 1937 жылдың желтоқсаны. 23-ші жұлдызы. Әкемді дәл сол күні ұстады. Мектебіміз Қарасуда еді. Біз тұрған Қарасудан екі шақырым жерде. Арада ит-құс, қаскыр болады. Әрі сол қыста қар да қалың жауған еді. Содан әкем өзінің немере қарындасы Шәйім апайдың ұлы Нұрбек екеумізді күнде таңертең салт атпен мектепке апарады. Мені ат үстінде алдына алады. Нұрбекті астына көрпеше салып артына отырғызады... Түс көргеннен екі-үш күн бұрын бізді оқуға апара жатып әкем, әлі есімде, «Нұрбек!» деді. Нұрбек менен екі жас үлкен еді. «Ау, аға?» «Мынау Төре сенің қарындасың. Шәйім маған қандай болса, Төре де саған сондай. Алдаңжалда егер мен бір жаққа кетіп қалатындай болсам, Төрені ертіп екеуін оқуға бірге барып жүріңдер» деді әкем. Сол Нұрбек Майемеров қыршын күнінде соғыстан оралмай қалды. Ол да менің бір мұңым, өзегімді өне бойлы өртейтін өкінішім. Әкем арнайы аманаттап тапсырып кеткен, қанаттыға қақтырмайтын, түмсықтыға шоқыттырмайтын аскар таудай аға, пана болар еді ғой, Нұрбегім тірі болғанда. Бір шүкіршілік етерім, артында қалған баласы Марат Нұрбеков ат тұяғын тай басар дегендей, қайран асылдың сынығы емес пе, қазір үлкен азамат. Алматы облысының соты болып қызмет істеп жатыр. Нұрбектің анасы Шәйім қандай ісмер, бауырмал, асыл-зат апайымыз еді-ау.

Сонымен не керек, әкем Желтоқсанның 23-і күні карды қыршылдатып желе жортып Нұрбек екеумізді мектепке әкелді. Ол кезде темір пеш, лауылдатып сабан жағады. Біз ертерек келіп қалғанбыз ба, әйтеуір, пешті әлі жағып үлгермепті. Сол күні әкем де бір түрлі дегбірсіз. Уборщица әйелге: «мына балалар жаурап қалады ғой, отынды тез жақсаңшы» деді де, асығыс кетіп қалды. Содан жарты сағат өтер-өтпесте сыртқан Керімқұлов Иса деген бозбала жігіт жүгіре жетіп келіп айқай салды:

— Төре, Төре! Сенің әкеңді жаңа ғана кенсенің қасында қара машинаға салды!

Не болғанымды білмеймін. Шыңғыра жылап, оқуды тастай сала ентіге жүгірген бойы кенсенің қасына жеттім. Айтқандай, сол арада «қара күзгын» машина тұр. Машинаның қасында милиция Қошқарбаев Ділдәбек. Қолында мылтық. Ешкімге қарамайды. Өрт сөндіргендей ерсілі-қарсылы бұркылдатып кезіп жүр.

— Ділдәбек аға, Ділдәбек аға! Әкем қайда? — деп шырылдаймын.

— Бар, бар, ары! — деп зірк-зірк етеді Ділдәбек. Қайта-қайта «Бар, бар, ары!» —дан басқа сөзі жоқ. Бет қаратпайды. Қасында бір орысы бар. Ол да мылтығын шошандатып тұр... «Иди, иди!» деп ол да зекіді. Сол арада әкемнің дауысын естідім. Жалт қарасам, қара машинаның торлап тастаған терезесінің кішкентай тесігінен әкемнің жүзі көрінеді.

— Әке, әке! — деп айқай салдым.

Ділдәбек, аш есікті. Ана аттың мінезі жаман елі, баланы мертіктіріп тастап жүрер, мен мән-жайын түсіндіріп айтып үйге өз қолымен жөнелтіп салайын. Мен ешкайда қашпаймын, — десе көнбейді. Содан не керек, әкей ірі денелі, қайратты кісі еді, әлгілердің ызасына шыдамай «Қара күзгынның» ішінен теуіп жібергенінде есік аналайға үшып кетті. Ділдәбек пен орыс екеуі бірдей мылтықтарын әкеме карата кезеніп тұра қалысты. «Әкемді атпаңдар!» — деп шыңғырып жібердім. Есік шалқасынан құлағанында көрдім — колхоздың есепшісі болып істейтін Беккүлы деген немере ағамыз бар еді, Қара машинаның ішінде ол да отыр екен.

— Мен айттым ғой, қашпайтын деп, — дейді әкем ашуын баса алмай. Дауыстап жылап мен түрмын. Ділдәбектер есікті көлденеңінен қойды. Сол екі арада Иса келіп қалды: Әкем:

— Иса, шырағым, саған аманат, — деп камшысын лақтырды

Сосын: — Мына аттың мінезі шәлкес еді, тістеп алып жүрер, Төрені өзің үйге алып бар! — деді. Әкейдің естіген, құлаққа мәңгілік күйылып қалған соңғы қамқор сөздері осы. Бұдан соң қара машина қара түнекке қарай жүріп кетті.

Он екі де бір гүлі ашылмаған Төре отыз жетінің ойранында аяулы әкесінен осылай айырылып көз жазып қалған еді. Ертеңіне әкесінің інісі Сабыр, әжесі үшеуі Ұзынағаштағы түрмеге келеді. Құдай сақтасын, түрменің маңында боздап, жылап қаптап жүрген адам, дейді. Ауыл-ауылдағы іліп алар азаматтың бәрін әкеп осында қамаған. Кіргізбейді. Көрістірмейді. Еті тірі Жұмаділ бұларға әйтеуір өлдім-тірілдім дегенде хат шығартып береді. Төре апаның алпыс жыл бойы бойтұмардай жадында жаттап, қасиеттеп жүрегінде сақтап бір сөзін де ұмытпай келе жатқан сол жәдігер хаттың мазмұны мынадай.

«Апа, Төрені Жәбіл мен Зейнекүлдің қолына бергін. (Жәбіл — Төренің туған нағашысы, ал Зейнекүл Жұмаділдің туған қарындасы екен. К. А.) Қалипаны үйде босандырмай доғдырға алып барғын. (Жұмаділдің інісі Сабырдың әйелі Қалипаның аяғы сол кезде ауыр екен — (К. А.) Апа, Сағынайды (кіші ұлы) Нүркан (әкпесі) мен Қартанбайға бергін. Сағындық пен Нұрғайша үшеуінді Сабыр өз балаларымен қосып бірге бағатын шығар. Ал, апа, не болатыннын барлығын бұрын да айтып едім ғой, Алла өзі аян беріп білдіріп еді ғой. Енді не айтамын. Хош, хош болындар. Берік болыңдар».

Өзі оралмаска кетіп бара жатып отбасы мен туыс-туғанның жайын ойлаған үлкен жүректі қазақ азаматының соңғы хатындағы асыл сыры міне, осындай екен. Содан соң Жұмаділді Алматы түрмесіне алып кетіп 58-ші статьямен он жылға соттаған. Оның сыртында үш жыл жер аударылуы тағы бар. Свердлов қаласының маңындағы бір лагерьде отырыпты. Ауыр еңбек пен азапқа шыдамай соғыстың алғашқы жылдарында қайтыс болады.

Бір айта кететін жай, Сабыр Жұмаділге тамақ алып Алматыға кеткенде жанағы хатта айтылған Қалипа толғатып, дәрігерге апаратын ешкім жоқ, сөйтіп арманда дүние салады. Нәресте қызы қырық күн ғана тұрады. Сөйтіп, сталиндік зұлматтың кесірі сәбилерді де қыршынынан үзіп, алдағы көретін жарығын көрсетпейді. Төре апаның айтуына қарағанда, Қалипа жеңгесі де он саусағынан өнері тамған ісмер, ақылды, мейірбан адам болғанға ұқсайды. Ал, Сабыр ағаның өзі жүз жасап, бертінде ғана дүниеден өткен. Олардың ұлы Қуандық Сабыров қазір зейнеткер, немерелі, үлкен әулет иесі. Сол сұм зұлмат болмағанда, деп мұңаяды Төре апа, інісі жүзге келген әкем де ұзақ жасар еді ғой, Қалипа жеңгем де сарықарын боп, балашағасының қызығын көрер еді ғой.

— Төре апа, сонда Жұмаділ атамызға қандай айып тағылған екен.

— Қандай айып дерің бар ма, қарағым Қорғанбек-ау? Оны да айтайын. Бірақ, қандай айып тағылса да, бір ақиқаты сол, ол әкемнің титтей де кінәсіздігі. Алдымен осы жайға тоқталайын.

Айналайын, мен үш бірдей үлкен аруақтың орнында, оттарын түтетіп отырған адаммын. Әкем Жұмаділдің сүйегі қайда қалғанын да білмейміз. Не кебіні жоқ, не кәбірі жоқ. Сол аяулы әкенің орнындамын. Ширек ғасырдан астам отаскан жарым Телтай Сәрсембековтың орнындамын. Ол отағасым қазақ еліне еңбегі сіңген, замминистрге дейінгі жауапты қызметтер атқарған зиялы. Телтай да он жеті жыл қызыл империяның азап лагерьлерінің «қызығын» көріп келді. Және де мен Жамбыл тәтемнің ұлы Алғадайдың алған жарымын.

«Сарыарқаны сандалсам сандағымды" табам ба?

— Алатауды айналсам Алғадайды табам ба?!» — деп өлмес жырға қосылған Алғадай да соғыста оққа ұшты.

Бұл жайларды тізбелейтін бір себебім мынадай. Мен Жамбыл тәтемнің үйіне келін болып түскенде бетімді Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Қазақбаев Әбсәмет ағаймен сол үйдегі жеңгеміз ашқанды. Сонда Жамбыл тәтем ұзақ жыр толғап, өзінің құдасы, менің әкем Жұмаділ Омарқұловтың кінәсіздігін, оны ежелден білетіндігін, жау еместігін, қайткенде де ақтап алу керектігін жұмбақ сырлы, терең мағыналы тебіреніспен айтқан еді. «Тәтем-ау, Жәкем-ау, мен бәрін ұқтым» деген-ді сонда Әбсәмет аға. Жамбыл тәтемнің дуалы аузының арқасында, киелі аруағының арқасында әкем елге оралар да еді, бәлкім. Егер зұлмат қапасында қайтыс болып кетпегенде.

Ал, әкеме тағылған айып мынадай: Ол Ораз Жандосовтың құйыршығы екен, Жапон шпионы Жандосовты үйінде конақ қылған, ол да Жапонның жансыны екен, үйінде мұсылмандық һәм ескілікті, қазақтың мұң-мұдәсін айтқан кітаптарды сақтайды екен деп. Әкем бұл айыптарды мойнына алмай, түрмеде азап шегіп, қорлық-зәбір көріп, екі жыл отырған.

Телтайдан жауап алғанда жанына отты жағып, сымтемірді қыздырып қояды екен. «Сосын, дейді отағасы, қандай кінә тақса да амалсыздан мойнына ала бердім». Телтайға да тағылған айыптарды естігенде жаның түршігеді, қарағым.

Иә, үш аруақтың орнында отырған Төре апаның әңгімелерін естігенде, қасіретті еш ұмытпас қасиетін көргенде біз де тебірендік. Айтса айтқандай, ғасырдың құрдасы Телтай аға да алаштың ардақты азаматтарының бірі болған. Отызыншы жылдары Ташкент қаласында өнеркәсіп академиясын бітіріп, республика жеңіл өнеркәсібі халық комиссарының орынбасары болып істеп жүргенінде ұсталған. Азап лагерінде Өтебай Тұрманжанов, Мұхаметжан Қаратаев сынды атақты әдебиетшілермен бірге болған.

Иә, «құдай қашанғы жылата береді!» демекші, қазақ қоғамы қазір қалпына келді. Телтай ағаның ұлы Шоқан көлік саласында көп жылдардан бері жетекші қызмет істеп жүр. Ал, Төре апаның кіші інісі Сағынай да бақуатты. Жамбыл ауданының Сарыбай ауылында тұрады. «Сен тұр, мен атайын» үш ұлы һәм үш қызы бар. Олар Жамбыл бабасының тойында бәйгеге шапқан, сыйлы қонақтарға тарту етілген сәйгүліктерді баптаған. Сағындықтан қалған төрт ұл, бір қыз да Жұмаділ аталарының жолын жалғастырып, түтінін түтетіп жатыр. Өткеннің қайғысына мұңая отырып Төре апа, міне осыларға шүкіршілік етеді.

Тағы бір сыр. Димаш аға Қонаев Төре апаны өзінің жеті әпке-қарындасына қосып, «сегізінші қарындасым», «восьмая моя сестра» деп атаған. «Өтті дәурен осылай» деген кітабын Төре апаға дәл осылай деп өз қолтаңбасымен ұсынып сыйласа, Димекеннің қарындасы Фазила ағасының қазақтың ардақ перзентінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты кітабын «Бір кітабын Аға көзі тірісінде сыйлап өзі беріп еді, енді біз де сізді атаусыз қалдырмайық» деп ұлағатты шын пейілмен әкеп сыйлаған екен.

Осының бәрі Төре апаның бойында үлкен кие-қасиеттер барын аңғартады. Соған қоса әкесі Жұмаділ мен қосағы Телтайға туған ел-жерінде лайықты құрмет көрсетіліп, есте қалдыру шаралары жасалуын тілесе, Төре апаның бұл тілегі де орынды емес пе! Қасірет өтеді, Қасиет қалады деген осы.

Қорғанбек АМАНЖОЛ.

СУРЕТТЕРДЕ: Төре апа, Телтай аға.

N82

Көкіметтің ерлігі

Қанша сапырғанымен судың бетіне май шыға келмейтіндей әуреленіп, көміп жасырғанымен, бір кезде өтіріктің бетіне ақиқат шыға келеді.

М. Сервантес

«Не Көкімет тұрады, не өкімет тұрады», — деп арыстанменен алысып, жолбарыспенен жұлқысқан, көздің жасын ыршытқан Көкімет батырдың осынау бір жүрек жарды сөзінің айтылғанына да үстіміздегі жылы аттай алпыс бес жыл толып отыр. Сәл артқа шегінейік...

В. И. Ленин әділет халық комиссары Д. И. Курскийге:

«...Капитализмнің орнына келген коммунистік жүйеге қарсы үгіт-насихат жүргізушілерді ең жоғары жаза — атуға кесіп немесе соттап, әйтпесе шет елге қуып жіберу керек» деп жазған нұсқауы кейінірек атақты 58-баптың түп қазығына айналды. Сталиндік қуғын-сүргіннің қай-қайсысы да соны басшылыққа алғаны рас. Кеңес өкіметі кулакқа, байға ашық «соғыс» жариялап, оларды дарға асты, атты, малын, астығын тартып алды. Қазақстанда ойранды жылдар осылай басталған еді.

1932 жылғы ашаршылықтың белгісі ерте көктемде Іле өңірінің арғы және берғі беттеріне жеткен еді. Іленің арғы бетіндегі ашаршылыққа шыдамай, Қытайға ауған елді Константин Устинович Черненко өзен жағасындағы төбеге шығып алып, пулеметпен қырып жатты...

Дәлел бар ма? Бар!

«Черненконың екінші нөмері Севостьян Кривошеин деген біреу болды. Эскадрон командирі есеп айырысуға өзен жағасына баратын жерге оқ жаудыру үшін төбеге орналасуға бұйрық берді. Константин Черненко айқай салып жеген аттылы-жаяуды «бандиттерді» көріп, қорқынышын дереу умытып, оқ атты. Кол пулеметі тірілгендей, оның қолында селкілдеп қоя берді. Оның дискісі заматта босап қалды.

— Севостьян, басқасын әкел! — деп айқайлады ол екінші нөмеріне.

...Черненко пулемет ұңғысын өзенге бұрып, қыска-қыска атып, суда жүзіп бара жатқандарды қыра берді. Ешкім де ең болмағанда өзеннің ортасына жете алған жоқ...».

(Владислав Владимиров. «Простор» журналы, 1990 жыл, қыркүйек).

Бұл 1930 жылы қазан айында Қорғас шекарасында болған қырғын еді. Қырылушы Қытайға қоныс аударған босқын халық, қырушы — Кеңес өкіметінің болашақ сексенінші жылдардағы бірінші хатшысы К. У. Черненко болатын. Отызыншы жылдардың ойранында Кеңес өкіметіне қарсы 370-тен астам көтерілістер болды. Ырғыз, Созақ, Бөрібай көтерілістері — осының айғағы. Осы көтерілістердің барлығы да қызыл қанға бөктіріліп, басып жанышталды.

1992 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің 1932 — 33 жылдардағы ашаршылықты, көтерілістерді ақтау жөнінде мазмұнды қаулысы шықты. Үкіметіміздің осы жаңашыр қаулысынан кейін жергілікті халықтың басым көпшілігі әкелері қайта тірілгендей қуанды...

Іленің берғі бетіндегі озбырлық пен әділетсіздікке қарсы шағын күресті өзінің қатырлығымен, ұлтжандылығымен, «құралайды көзге атқан» мергендігімен аты шығып айналған Көкімет батырдың ерлігі.

Сарыбұлақ елді мекенінде дүниеге келді. Күғын-сүргінге ұшырап, халықтың қамын жеп, жазықсыз қазаға ұшыраған аяулы азамат жайлы деректерді Көкіметтің замандасы, 94 жасқа келген әжеміз Ділдәхан және Сәрсебай, Әбу, Шаден, Смағұл, Асан, Рысмұхамбет, Әлімжан, Хасен, Мәсімғазы, Мәмбетәлі, Мазақ сияқты ақсақалдардан білдік. Смағұл мен Мәмбетәлі қариялар Көкіметпен бірге шайқаска қатысқан.

1997 жыл, 31 мамыр...

Райымбек ауданының айтыскер ақыны Хасен Саматыров, аудандық радио торабының редакторы Ескермес Сәрсенбаев және бірнеше адам Ділдәхан әжеміздің үйінде отырмыз. Жамбылдың жасына жетіп қалған әжеміздің құлағының кішкене кемшілігі болмаса, көкірегі сайрап тұр.

— Көкімет кедей адам болды. Саятшылықты кәсіп етті. Атқан оғы жерге түспейтін мерген болды. Белсенділер біздің малымызды, астығымызды салық деген сылтаумен тартып алып жатыр. «Тапсырма солай» дейді олар. Тіпті, «жоспар орындалмай жатыр» деген сылтаумен жамылатын көрпедегі жүнге де қол сала бастады.

.Мұның арғы жағында «аштан өлмесе суық тиіп, жаурап өлсін» деген сұмырай саясат жатыр. Қалай өмір сүреміз? Кеңес өкіметіне оқ атсақ, қырыламыз, оқ атпай бейбіт өмір сүрсек, аштан қырыламыз. Қиындықтан шығудың бір-ақ жолы бар. Ол — Күншығыстағы көршімізі Қытай жеріне қоныс аудару. Мұнда не Көкімет тұрады, не өкімет тұрады, бұған қалай қарайсыздар? — деген екен ашынған жүрегі ел деп соққан Көкімет қаскайып түрып.

— Көкімет, айтқан сөзіңнің бәрі рас. Мұнда не Көкімет тұрсын, не өкімет тұрсын! Бұл өте орынды сөз. Біз жоқшылықтан қажыдық. Белсенділер мен ГПУ күндіз-түні күн көрсетпейді, қысым көрсетіп жатыр... Біз сенің соңыңнан ердік, қандай қиындық болса да көндік, — дейді халықтың басым көпшілігі. Сөйтіп, Көкімет адамдарын ашаршылықтан, қансыз қырғыннан құтқару мақсатында (Отанын сату мақсатында емес) Қытай жеріне қоныс аудару шараларын ұйымдастыра бастайды.

Көкімет Итемір деген азаматпен жүздеген отбасын бастап, Сарықамыс деген жердегі шекарадан өтуге әрекеттенеді. Өте сақтықпен халықты шекарадан шығынсыз өткізудің жоспарын жасайды. Балаларға жыламас үшін апиын беріп ұйықтатады, шаңқаннату үшін түтін шықпай жанатын құрайды пайдаланады, ит ертпейді, айғай-шу шығармай көш шығыска бет алады... Сірә, жергілікті тыңшылар хабар беріп қойған болу керек, жан-жақтан жарқылдап мылтық атыла бастайды. Шекара заставасының командирі А. Онопко:

— «Бандыларға» қарсы, оқ жаудырыңдар, аямандар! — деп бұйрық береді.

Көкіметтің адамдары, көші жартылай қоршауда қалады. Ол көш басшыларына:

— Көштің бағытын тоқтатпандар, әйтпесе бәріміз қырыламыз! — дейді. Бірақ түн ішінде көштің жүрісі мандымайды. Көкімет, Итемір бастаған азаматтар жаумен шайқасуға кіріседі. Шайқас таң атқанша созылды. Қаружарақтары жеткілікті шекарашылар шығыска бет алған көшті аяусыз қырды... Айнала айқай-шудан, зарлаған дыбыстан, заулаған оқтан ешнәрсені естіртпеді, қан судай ақты.. Итемірдің өзі жүздеген сайыпқыран жігіттерімен оққа ұшты. 500-дей адам қаза тапты. Тірі қалған еркек кіндіктер шешелерінің, әжелерінің кимешегін киіп, «әйел» болды. Бәрібір оларды танып қойып атты, қалған қыз-қырқын, қатын-қалаш түткынға түсті, көш таланды... Шекарашылар жағынан бір эскадрон әскер қырылды. Көкіметтің мергендігінен шекара бастығы А. Онопко өзінің бір топ қорғаушыларымен оққа ұшты. Таң ата Көкімет аман қалған шағын отбасыларды бастап, шекарадан өтіп кетті.

Ол шағын көшті тоқтатып:

— Ағайындар, сендер барып, қоныс іздендер, бірінші ден, алдарыңнан сібе деген халық шығады, олар: «Көкімет қайда, ол елін қырып кашып келді ме» деуі мүмкін, сондықтан мен Кеңес өкіметіне қайта өтемін, «Итемірдің қырғынында» қыршынынан қиылған халқым үшін кек аламын! — деп бір топ нөкерімен тау беткейлеп шауып кетеді. Халық зердесінде сақталған «Итемір қырғынының» тарихы осындай. Шекарашылар Көкіметтен айрылып қалғандарына қатты өкінді. Онопконың оққа ұшуы оларды тірі олік етті. Сондықтан олар түткынға түскендердің тең жартысын атып тастап, Көкіметтен Онын мергендігі, тапқырлығы аңыз болып тарады. 1932 жылы халқымыздың басына қою қара бұлт орнай бастағанда, ол ГПУ жендеттеріне, белсенділерге қарсы күресті басқарды. Менің ерім Сапақ аудандық милицияның бастығы еді. Ол Көкіметке «Осы істі қойсаң қайтеді», — деді. Көкімет келіспеді. Біз оны қой сойып күттік...

Көкімет: «Сапеке, түбі менің айтқаным айдай келеді, бәрібір маған ересіңдер!», — деді де, нөкерлерімен аттанып кетті. Шынында, біз бәрібір Көкеңнің артынан еруге, шет елге кетуге мәжбүр болдық, ГПУ бізге тыныштық бермеді, елді ашаршылық жайлады... Біз 1959 жылы туған жерімізге оралдық, Сапақ 1968 жылы Шонжыда қайтыс болды. Кеше Көкімет пен Сапақ түсіме кіріп еді, бекер кірмеген екен ғой, жарықтықтар! — деді әжем көңілі босап...

Белсенділер малды
тартып алды ғой,
Озбырлықтан халық
аштан қалды ғой.
Сол себепті ер Көкімет
кару ап,
Дұшпандарға қырғи-
ойран салды ғой, —

деп жырлаған Зәкір Қыдырбай ақсақалдай, ГПУ мен жергілікті белсенділерге қарсы қақтығыстар көбейе бастайды.

Жергілікті милиция мен ГПУ Көкіметке қарсы бірнеше жорық ұйымдастырады. Аткан оғы жерге түспейтін Көкімет қаша үрыс салып, тауға шығып кетіп жүрді. Оның аткан оқтары жорықшылардың талай шебін сетінеткен еді.

Көкімет бірнеше ауылда жасырын түрде жиналыстар өткізіп, халықпен ақылдасты. Ол:

— Ағайындар, біз Кеңес өкіметін екі қолымызды көтеріп, шаттықпен қарсы алып едік. Бірақ ол біздің сенімімізді ақтамады. Еліміздің орталық бөлігінде ел аштықтан баудай түсіп жатыр. Белсенділер біздің малымызды, астығымызды салық деген сылтаумен тартып алып жатыр. «Тапсырма солай» дейді олар. Тіпті, «жоспар орындалмай жатыр» деген сылтаумен жамылатын көрпедегі жүнге де қол сала бастады.

.Мұның арғы жағында «аштан өлмесе суық тиіп, жаурап өлсін» деген сұмырай саясат жатыр. Қалай өмір сүреміз? Кеңес өкіметіне оқ атсақ, қырыламыз, оқ атпай бейбіт өмір сүрсек, аштан қырыламыз. Қиындықтан шығудың бір-ақ жолы бар. Ол — Күншығыстағы көршімізі Қытай жеріне қоныс аудару. Мұнда не Көкімет тұрады, не өкімет тұрады, бұған қалай қарайсыздар? — деген екен ашынған жүрегі ел деп соққан Көкімет қаскайып түрып.

— Көкімет, айтқан сөзіңнің бәрі рас. Мұнда не Көкімет тұрсын, не өкімет тұрсын! Бұл өте орынды сөз. Біз жоқшылықтан қажыдық. Белсенділер мен ГПУ күндіз-түні күн көрсетпейді, қысым көрсетіп жатыр... Біз сенің соңыңнан ердік, қандай қиындық болса да көндік, — дейді халықтың басым көпшілігі. Сөйтіп, Көкімет адамдарын ашаршылықтан, қансыз қырғыннан құтқару мақсатында (Отанын сату мақсатында емес) Қытай жеріне қоныс аудару шараларын ұйымдастыра бастайды.

Көкімет Итемір деген азаматпен жүздеген отбасын бастап, Сарықамыс деген жердегі шекарадан өтуге әрекеттенеді. Өте сақтықпен халықты шекарадан шығынсыз өткізудің жоспарын жасайды. Балаларға жыламас үшін апиын беріп ұйықтатады, шаңқаннату үшін түтін шықпай жанатын құрайды пайдаланады, ит ертпейді, айғай-шу шығармай көш шығыска бет алады... Сірә, жергілікті тыңшылар хабар беріп қойған болу керек, жан-жақтан жарқылдап мылтық атыла бастайды. Шекара заставасының командирі А. Онопко:

— «Бандыларға» қарсы, оқ жаудырыңдар, аямандар! — деп бұйрық береді.

Көкіметтің адамдары, көші жартылай қоршауда қалады. Ол көш басшыларына:

— Көштің бағытын тоқтатпандар, әйтпесе бәріміз қырыламыз! — дейді. Бірақ түн ішінде көштің жүрісі мандымайды. Көкімет, Итемір бастаған азаматтар жаумен шайқасуға кіріседі. Шайқас таң атқанша созылды. Қаружарақтары жеткілікті шекарашылар шығыска бет алған көшті аяусыз қырды... Айнала айқай-шудан, зарлаған дыбыстан, заулаған оқтан ешнәрсені естіртпеді, қан судай ақты.. Итемірдің өзі жүздеген сайыпқыран жігіттерімен оққа ұшты. 500-дей адам қаза тапты. Тірі қалған еркек кіндіктер шешелерінің, әжелерінің кимешегін киіп, «әйел» болды. Бәрібір оларды танып қойып атты, қалған қыз-қырқын, қатын-қалаш түткынға түсті, көш таланды... Шекарашылар жағынан бір эскадрон әскер қырылды. Көкіметтің мергендігінен шекара бастығы А. Онопко өзінің бір топ қорғаушыларымен оққа ұшты. Таң ата Көкімет аман қалған шағын отбасыларды бастап, шекарадан өтіп кетті.

Ол шағын көшті тоқтатып:

— Ағайындар, сендер барып, қоныс іздендер, бірінші ден, алдарыңнан сібе деген халық шығады, олар: «Көкімет қайда, ол елін қырып кашып келді ме» деуі мүмкін, сондықтан мен Кеңес өкіметіне қайта өтемін, «Итемірдің қырғынында» қыршынынан қиылған халқым үшін кек аламын! — деп бір топ нөкерімен тау беткейлеп шауып кетеді. Халық зердесінде сақталған «Итемір қырғынының» тарихы осындай. Шекарашылар Көкіметтен айрылып қалғандарына қатты өкінді. Онопконың оққа ұшуы оларды тірі олік етті. Сондықтан олар түткынға түскендердің тең жартысын атып тастап, Көкіметтен «кек» алды? Қытай жағынан Құнанбай, Кеңес жағынан Сағымбай деген тыңшылар Көкіметтің қайда жүргенін тиісті орындарға хабарлап отырды. Көкімет өзінің туған жеріне оралды. Тауға барып бекініп жатты. Ол: «ГПУ мықты болса, менің жолымды тоссын», — деп хабар таратты. Бұл хабарды естіп ГПУ жендеттері әскер жинап, Көкіметті іздеуге шығады. Тауға жорық жасаудың ауыртпалығынан, Көкіметтің мергендігінен сескеніп, Сарыбұлақ деген ауылды қоршайды. Аудандық ГПУ-дің бастығы А. Пименов:

— Көкіметті табындар, ол бізге берілсін. Әйтпесе бәрінді қырамыз! — дейді қаны басына шығып. Ауыл басшылары бұл хабардан соң шошып, Көкіметке адам жібереді. Сарыбұлақ ауылында Көкіметтің туыстары мекендейтін.

Суық хабарды Көкіметке жеткізеді. Көкімет: — Олар ауылды қырғанша, мен оларды қырып, елді көшіріп алып кетемін, тас түйін дайын отырсын, — дейді. Бұл тарихи оқиғаны жергілікті зерттеуші ақын **Қарақұл Бөгембай** жыр кестесіне түсірді.

Жандайшаптар күні-түні
жортады,
«Мал алар» деп халық
шошып, қоркады.
«Көкіметті табындар» —
деп бір күні,
ГПУ келіп Сарыбұлақты
қоршады.

Ел үйқыға жатты-ау деген мезгілде Көкіметтің мерген жігіттері ГПУ жендеттеріне қаскырша атылады. ГПУ-дің күзетшілері оққа ұшып, қалғандары есін жиғанша тас түйін отырған ауыл азаматтары да көмекке келеді. Осы айқаста ГПУ бастығы А. Пименов оққа ұшты.

Жендеттердің басым көпшілігі қырылып, біразы тұткынға түсіп, бір бөлігі қашып кетеді. Дайын отырған ел салт түрде шығыска қарай тау жоталары арқылы көш түзейді. Тігулі үйлер, мал, дүние-мүлік Сарыбұлақта қала береді...

Сарықамыстағы «Итемірдің қырғынындағы» алтыннан да қымбат ағайындарының кегін Көкімет Сарыбұлақта ГПУ жендеттерінен осылай алады. Көкімет Жаланаштан Жақыпберді, Шелектен Сары сияқты ел үшін еніреп туған азаматтармен байланыс жасап, қару-жарақ алу үшін Қытайдағы ауқаттылардың көмегіне сүйенді. Көкімет батыр туған елін Сарыбұлақ қырғынынан осылай құткарған еді.

... Көкімет батыр Қытай жерінде тыныш жата алмады. Ол елге қайта оралды. Сұнкар елді мекеніндегі халықтарды ашаршылықтан, ГПУ-дің қысымынан құткаруды жоспарлайды. Елге келіп үгіт-насихат жүргізе бастайды. Бұл хабар ГПУ-ге жетеді. Ойламаған жерден Көкімет батыр белгілі революционер С. Журавлевтің тобымен кездесіп қалады. «Бандиттерді тірідей қолға түсіріңдер!» дейді Журавлев айкайлап. Арада атыс болады. Көкімет батыр каша үрыс салып, қарсыластарының талайын жер жастандырады. Көкімет батыр көз мерген емес, қол мерген екен. Оның аткан оғы Журавлевтің өзін Кетпен ауылының төменгі жағында допша домалатады...

(Кеңес дәуірінде осы жерге Журавлевке ескерткіш орнатылды, ескерткіш әлі бар. Сол сияқты Сарықамыстағы «Итемір қырғынындағы «Онопко мен оның жауынгерлеріне де жетпісінші жылдары ескерткіш орнатылды).

Басшылары оққа ұшқан қызылдар кейін шегінуге мәжбүр болды. Көкімет батыр тауға шығып кетеді. Ақыры бір түн Көкімет батыр сұңқарлықтарды бастап, тау сілемдері арқылы шекарадан өтуге әрекеттенеді. Осы кезде «Оу, Көкімет, бұл не істегенің, жалғызымнан айырылдым ғой, жаңа апақ-сапақта сіңлім алған екен десем, ол алмапты, жалғыз балам дем алған жерде үңгірде ұйықтап қалыпты, енді кайтемін?» деп бір ана зарлай бастайды.

— Әже, алаң болмаңыз, көштің бағытын тоқтатпандар, мен шағын топпен балаңызды іздеп табамын! — дейді Көкімет батыр нық сеніммен. Сөйтіп, Қытайға бет түзеген керуен ұзай береді. Көкімет серіктерімен бала іздеуге шығады. Баяғы демалған жерге жақындай бергенде атылған мылтық даусы бұларды қарсы алды. Көкімет батыр қоршауға түсіп қалғанын сезді, дереу карсыласуға көшті. Ол әр оғын атқан сайын: «Мұнда не Көкімет тұрады, не өкімет тұрады» деген сөзін қайталаумен болды. Ол бұл түнгі айқаста соңғы оғы қалғанынша шайқасып, серіктерінің бәрі оққа ұшып, өзі де жараланды. Ақыры оққа ұшады. Жай оққа ұшпайды, жастықтарын ала жатады. Бұл оқиғаны Ұзақ Торғауытұлы:

Түнгі көште, асуында
Қолжаттың
Ұлы көшке түсіп кетті
салмақ тым.
Шағын топпен бала
іздеп жүргенде,
Ерлікпенен оққа ұштын,
ардақтым! —

деп суреттейді. Ол жергілікті педагог, журналист.

Бұл кезде көш шекарадан өтіп кеткен еді... Сөйтіп, Көкімет сталиндік — голощекиндік озбырлыққа қарсы шығып, жүздеген отбасын ашаршылықтан, Қолжат баурайындағы шайқастан құткарып, ел үшін мерт болады. Аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы, белсенді іскер азамат Хасенхан Қасымжанов:

— Мен пайғамбар жасына келген азаматпын. Марқұм әкем айтып отыратын. Сол сөздер зердемде қапты, мен мұны елге айтып жүрмін...

Көкімет соңғы көшті алып жүрерде, аласапыран кезде қолы жетпей баска ауылда бір баласы қалып қояды. Жалпы ауыл, онын ішінде бір отбасы баланы бағып алуға ниет білдіреді. Сонда Мұстафа, Шәлеке түрып:

— Бөрінің баласы бөрілігін істемей түрмайды, — деп баланы қақ маңдайдан атып өлтіреді. Жұрт жағасын ұстап, әлгі малғұндарға теріс батасын береді. Ақыры әлгілерге алланың қарғысы тиіп, үрім-бұтақтары өспей қалады... Көкімет батырдың бір баласы — Құлжабай жақында Қытайда қайтыс болды. Құлжабайдың жеті баласы бар, өсіп-өніп отыр. Өз елімізде өсіп-өнген үрпақтары жетерлік, — дейді сұхбат арасында. Қуғын-сүргінге ұшыраған Көкімет батырдың үрпақтары, туыстары «Жеке басқа табыну шылықтың зардаптарын жою» туралы үкіметтің қаулысына сәйкес ақталып, туған жеріне қайта оралды. Олар ұзақ жылдар бойы батыр аталарының есімін ашық айта алмай келген еді. Көкімет батырды коммунистік жүйе толық ақтатпай, қара шұбар жылан боп, ысылдап жатып алған еді... Тәуелсіз еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «1997 жыл жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жариялады. Мың да бір алғыс Сізге, Елбасы! Көкімет батырдың үрпақтары, туыстары өз атасын ерекше құрметпен биыл еске алады. Қазір олар Сүмбе, Шонжы, Ақсу, Қырғызсай, Қазақстан (Еңбекшіқазақ ауданы) ауылдарында, Алматыда көптеп қоныстанған. Олар әртүрлі салада еңбек етіп, тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне өз үлестерін қосуда.

— Атамыздың айтқаны айдай келді, мұнда бәрібір өкімет тұрмады, Көкімет тұрды, — дейді Құтан, Сәрсебай, Тұрсынғожа, Кемал, Әлімжан, Әбу ақсақалдар бастаған оның туыстары мен үрпақтары бізбен әңгімесінде. Үрпақ үшін тарих беттері қайта ашылды. Шонжыдағы №9 орта кәсіптехникалық, №2 орта мектептерде Көкімет батырды еске алу сабақтары өткізілді, радиодан бірнеше дүркін хабарлар берілді. Жұртшылықтың талабы бойынша аудан орталығы — Шонжы ауылында Көкімет батырдың атына көрікті көшелердің бірі берілді. Көшеге «Көкімет батыр көшесі» деген белгі орнатылды. Көкімет батырға туыстары бүгін ас беріп, бәйге ұйымдастырады. Болашақта ескерткіш орнатпақ. Бұған да тәуба!

Құлайберген ЖЫЛҚЫБАЙҰЛЫ,
педагог-журналист,
«Жетісудың»
штаттан тыс тілшісі.
Ұйғыр ауданы.

Ата-баба арұағын ардақтап

Сәмен бабаға арнау

Аян берді бабамның рухы маған,
Қашты менен сол сәтте ұйқы жалған.
Елес берген шығар-ау өткендері,
Айқастарда өр кезде ұтылмаған.
Арқарлының жатыр ол етегінде,
Ескерусіз қалғандай бекеті де.
Ата жаумен айқасқан арыстандай
Жел өтінің жүргендей жетегінде.
Өткен ғасыр сойқандары сақталған,
Тау-тастарда жараланып дақ қалған.
Қаруланып жорықтарға шыққанда,
Тұлпарының тұяғында от жанған.
Тұлпарының тұяғында от жанған,
Тау құламәй, сол алаттан шаң қалған.
Ізі жатыр Арқарлының төсінде,
Әжімделген жер де сырын ақтарған.
О, құдірет тарих деген осы ма?
Өткенінді өкістпеген — тасқа да?
Ел үшін, жері үшін күрескен. —
Сәмен бабам! Келіп түрмын басына.
Мен бір пенде өткеніңді аулаған,
Баяндап түр баяғыңды тау маған.
Аруағың хабар беріп кеткендей —
Қасиетің шығар мені қолдаған.
Сол тартыста терді қанша төккенің,
Көріп - куә болғандайын көкте күн,
Қалмақтармен айқасқан сол сұмдықтар,
Тарихта жоқ қой сенің сөнбегің.
Жан қорғалап, қуыстарға тығылып,
Не қиындық азабына ұрынып,
Жүргендерін сыбырлайды үн қатып,
Бір сезім күш маған қарай бұрылып.
Сен жауыңнан көрген жоқсың қашақтап,
Топты құрып, шықтың бабам жасақты ап,
Сол ғасырдан қазағымның мұддесін,
Жатырсың ба зиратыңда құшақтап.
Зиратыңа сөзден шырақ шам жағам,
Сені ұмытқан қазағыма шамданам.
Білем, рухың ренжиді еліне,
«Сәмен батыр» деп аузына алмаған.
Мүмкін сені зерттемеген, білмеген,
Жете өзіңді түсінбеген кім деген?
Бабаларға ас беріліп жатқанда,
Рухың да болар бабам шөлдеген.
«Сәмен аулы» деп айтады қазірде,
Баба есімі қорғап тұрған әр үйде.
Осы жердің куәсіндей жатырсың,
Болғанменен бұл оқиға ерте де.
Өзіңсің ғой осы ауылдың иесі,
Сәмен бабам қазағымның киесі.
Кетпек емес, өшпек емес тарихтан
Қалмақтарды жеңіп шыққан күресі.
Кейде өмірге пендешілік қиналам,
Сонда өзіңе арнайы кеп сиынам.
Маған жақын келіп қалса дау-дамай,
Аластайсың, жамандықтан
мың қадам.
Уа, Алла! Уа аруақ! Жалынам,
Сен дегенде көңіл мырза, тарылман.
Келіп түрмын, бабам, саған бүгінде,
Аруағыңа бас иемін, табынам.

Гүлсім СЕЙІЛЖАНҚЫЗЫ

«Қызылшаны суаруды кешеуілдеттің»

«Халық жауы» болған тағы бір арысымыз осындай жаламен атылып кеткен

«Азалы кітаптың» (репрессия құрбандарының тізімі берілген) 312-бетінде «Түрғамбаев Құттымбет. 1897 жылы Алматы облысында туған. Сол жерде тұрған, қазақ. Қаратал ауданындағы «Қаражырық» колхозының бастығы болған. Алматы облысы бойынша УНКВД-ның үштігі (тройка) 31.12. 1937 жылы соттаған. Алматы облыстық соты 13.03.1959 жылы ақтаған» деп жазылған. Бұл менің әкем жайлы қысқаша мәліметтер.

Әкем Түрғамбаев Құттымбетті 1937 жылдың 23 желтоқсанында жазықсыздан-жазықсыз тұтқындап айдап әкетті. Содан әкемнің аты да аталмай, жиырма жылдан аса хабарсыз болдық. Артында қалған балалары — біздер әке қамқорлығын, мейірімін көрмей өстік. Мен Алматыдағы Жамбыл атындағы № 18 ер балалар қазақ орта мектебі жанындағы интернатта тәрбиеленіп, оныжылдықты сонда бітірдім. 1949 жылы Қазақ университетінің филология факультетінің журналистика бөліміне түсіп, оны 1954 жылы аяқтадым. Еңбек жолымда қилы-қилы кедергілерге тап болып жүрдім. СОКП XX съезінен кейін саяси қуғын-сүргін құрбандары ақталғанда менің әкем Құттымбет те ақталды. Әкем туралы мәліметтерді іздестіріп жер-жерге хат жолдағанда білгенім біреу-ақ — оның жазықсыз атылғандығы.

«Сонда Түрғамбаев Құттымбетке қандай айып тағылды?» деген сауал көкейге оралады. Оған «қызылшаны суару мен оны арам шөптен арылтуды кешеуілдетіп, тапсырылған жұмысты дер кезінде атқармағаны, қысқамын ертерек ойламағаны, пішенді қысқа жетерлік дайындап алмағаны үшін» деген айып тағылыпты. Осыған байланысты тергеу орны «бұл іс халық жауының әрекеті» деп көрсетеді.

Арада зымырап жылдар өтті. Қызметінде қылмыс белгілерінің байқалмағаны себепті әкем 1959 жылы 13 наурызда толық ақталды. Бірақ мемлекеттік қауіпсіздік комитетіндегілер оның қай жерде атылып, қай жерде жерленгені туралы мәлімет бере алмады. МҚК ешқандай анықтама қағаз бермеді. Міне, қанша іздеу салсам да, әкем Құттымбеттің қалай, қай жерде атылып, жерленгенін таба алмадым.

Талғар ауданындағы Жаңалық ауылына таяу Диханбай қыстауынан 1937-38 жылдары жазықсыз атылғандардың сүйектері көмілген жер кездейсоқ табылып, басына ескерткіш ретінде белгі-тас қойылды. Мен де «халық жауының» балалары сияқты әкем Құттымбеттің сүйегі сол жерде жатқан шығар деген үміттемін.

Фамилиямның Рахметов болуының себебі: «халық жауының» баласы деп бір түнде алып кетпеу үшін әкемнің інісі Тілепберген Рахметов өз атына аударып алыпты.

Жолдасбай РАХМЕТОВ,
зейнеткер.
Талғар қаласы.

Шәкірті ұстатып жіберді

1912—1916 жылдар аралығында Күнбатыс Қастек деп аталатын Өтеп руының жас жігіті Хасен Жапсарбайұлы өзінің нағашысы Әбдірахман деген молдадан 4—5 жыл дәріс алып, ескіше оптиек, Құранды бітіріп ауылға оралады.

Ауылға келісімен ауыл балаларын оқыта бастайды, молда жігіт атанады. Молдалық құра бастаған кезде 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына тап болады.

Осы оқиғадан бір ғана деректі айта кеткім келеді. Патшаның жергілікті жазалаушы отряды Өтеп руының Майлыбай ауылының адамдарын түгел қырып тастайды. Өліктердің астында 3-4 жасар екі бала ғана тірі қалады. Осындай қиын-қыстау кезеңде молда жігіт атанған Хасеннің ұстаздық қызметінде де үзіліс болады. Ол 1918—1927 жылдар арасында үзіліссіз ауылда ескіше бала оқытып, ұстаздық етеді. Соғыс басталған 1941 жылы ауылда жемісті еңбек етіп жүрген Хасен мен оның бұрынғы шәкірттерінің бірі, денсаулығы дімкәстеу Салық деген азамат екеуі сөз ерегестіріп жанжалдасып қалады. Салық өзінің ұстазының үстінен арыз түсіреді.

— Бұрын молда болған, бізді оқытқан кезде Германияны жер-көкке сыйғызбай мақтаған, — деп 3-4 жолдастарын куәге тартып, ақыры шәкірті ұстазын он жылға соттатып тынады. Соғыстың алғашқы айларында адам тағдырын таразылайтын да уақыт емес. Не үшін айыпкер болғанын да біле алмастан Хасен ағамыз түрменің төрінен, қапастың көрінен бір-ақ шығады. Соғыс жылдарында Іле бойында сотталғандардың қатарында жұмыс істеп жүріп ауырып, сол жерде көз жұмады. Білімді асыл азаматтың сүйегінің қай жерде қалғаны да туыстарына беймәлім қалпында қалды.

1937-38 жылдары «Халық жаулары» мен 1939—41 жылдар арасындағы «халық жауларының құйыршықтарын» айыптау үшін сыртынан үш кісі өтірік куәлік етсе бітті, сотталып жататын. Осындай «үштіктердің» астыртын әрекеттерінен қаншама жазықсыз жазаланған жандардың басы көрінген жерде сүйекке айналып қалғаны аянышты да өкінішті.

Әбсемет САТЫБАЛДЫҰЛЫ.
Шиен ауылы,
Жамбыл ауданы.

Қазақстан зейнетақы реформасы

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап Қазақстанда зейнетақымен қамсыздандырудың жаңа жүйесі күшіне енеді. Зейнетақы жүйесіндегі реформаны «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымда қабылданған жаңа Заңы және 1997 жылғы 16 маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы» Заңы реттейтін болады.

Зейнеткерлік жас

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңында зейнеткерлік демалысқа шығу жасына қатысты өзгерістер жоқ. 1996 жылы қабылданған заңдағыдай, зейнеткерлік демалысқа шығу жасының біртіндеп өсуі нәтижесінде 2001 жылдың 1 шілдесінен бастап ер адамдар 63 жасқа толғанда, әйел адамдар 58 жасқа толғанда зейнеткерлік демалысқа шығады. 1997 жылдың 1 шілдесінен бастап зейнеткерлік жас ер адамдар үшін — 61 жас, әйел адамдар үшін — 56 жас болып белгіленген.

Реформаның әр жас шамасындағы адамдарға әсері

Егер Сіз қазіргі кезде зейнеткер болсаңыз немесе зейнетке 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін шығатын болсаңыз, онда аталған реформаның Сізге еш қатысы жоқ. Сіз өз зейнетақыңызды қазіргі Зейнетақы қорының орнын ауыстыратын Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығынан аласыздар. Инфляциялық шығындарды өтеу мақсатымен Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін индестеу Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіп бойынша жүргізіледі.

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» жаңа Заң жұмыс істейтін зейнеткерлерге зейнетақыны толық мөлшерінде алуға құқық бере отырып, олардың жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Жұмыс істеп жүрген зейнеткерлер тапқан табыстарына қарамастан, 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап зейнетақыларын толық көлемде алатын болады.

Мүгедектігі бойынша асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты әлеуметтік зейнетақылар Мемлекеттік жәрдемақылар ретінде мемлекеттік бюджеттен төленеді.

Егер Сіздің еңбек стажыңыз 1998 жылдың 1 қаңтарына дейін кем дегенде 6 айға толса, онда Сіздің зейнетақыңыз

— Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық төлемдері

және

— Сіздің жеке зейнетақы шотыңызда жиналған қаражаттан құрылады.

Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін толық емес көлемдегі зейнетақы 1998 жылғы 1 қаңтарда болған еңбек стажына сәйкес есептеледі.

Егер 1998 жылдың 1 қаңтарына еңбек стажыңыз: әйелдер үшін — кемінде 20 жылға, еркектер үшін — кемінде 25 жылға толса, Сіздің сол кезден бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталығынан толық зейнетақы алуға құқығыңыз бар. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін толық көлемде есептеу орташа айлық кірістің 60 проценті есебінен жүргізіледі. 1998 жылғы 1-қаңтарға дейін қажетті еңбек стажынан тыс жұмыс істеген әрбір толық жыл үшін зейнетақы төлемдерінің мөлшері 1 процентке өсіріледі, бірақ ол зейнетақыны есептеу үшін ескерілетін табыстың 75 процентінен аспауы тиіс. Орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерін есептеуге арналған табыс тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін он бес еселенген айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

Сіздің жеке зейнетақы шотыңыздағы зейнетақы қаражатының көлемі Сіздің атыңызға аударылатын жарналардың мөлшері мен үзақтығына, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық қызметінен құралатын инвестициялық кірісті қоса алғандағы қаражат мөлшеріне тікелей байланысты. Ерікті зейнетақы жарналары міндетті түрде аударылатын төлемдермен қоса Сіздің зейнетақы қаражатыңыздың көлемін арттыра түсетін болады.

Егер Сіздің еңбек стажыңыз 1998 жылғы 1-қаңтардан кейін басталатын болса, Сіз Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан зейнетақылық төлем алмайтын боласыз. Бірақ сіз келешекте алатын өз зейнетақыңызды жеке зейнетақы шотыңызға міндетті және ерікті зейнетақы жарналарын төлеу арқылы жинай аласыз.

Егер Сіз жинақтауыш зейнетақы қорларына белгілі бір мерзімде міндетті зейнетақы жарналарын төлесеңіз (бұл мерзім 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнеткерлік жасыңызға дейінгі мерзімнің кем дегенде төрттен үшіне тең болу керек), бірақ белгіленген зейнеткерлік жасқа толғанда, Сіздің шотыңыздағы қаражат мөлшері заңмен бекітілген зейнетақының ең төменгі деңгейінен кем болса, онда Сізге зейнетақыңызды ең төменгі деңгейіне дейін көтеретін қосымша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төленеді.

Егер Сіздің зейнетақыға құқығыңыз жоқ болса, Сіз зейнетақы жасына толғанда, жасыңызға байланысты тағайындалатын үш айлық есептік көрсеткіш мөлшеріне тең айлық мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын боласыз.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары

Жинақталған жеке зейнетақы қаражатын қалыптастыру үшін жинақтаушы зейнетақы қорларының екі түрі құрылады. Олар: мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры және мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары. Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметі мемлекеттің қатал бақылауында болады.

Қорды таңдау құқы, сондай-ақ жинақталған зейнетақы қаражатын бір жинақтаушы қордан екіншісіне аудару Сіздің өз еркіңізде.

Сіз таңдаған қордағы өзіңіздің жинақталған зейнетақы қаражаттарыңызға осы қордың инвестициялық қызметінің нәтижесінде түсетін қосымша табыс та қосылатын болады. Бұл табысқа салық салынбайды және ол Сіздің қаражатыңызды күнсызданудан сақтайды.

Жинақтаушы зейнетақы қорларына төленетін міндетті зейнетақы жарналары

Бүгінгі таңда жұмыс беруші мекеме жалақы қорының иесіздендірілген 25,5 процентін қазіргі зейнеткерлерге зейнетақы төлеу мақсатында аударуда. Жаңа жүйе бойынша 1998 жылғы 1 қаңтардан бастап жұмыс беруші төлейтін 25 проценттік міндетті зейнетақы жарналар екі топқа бөлінеді:

15 проценті қазіргі кездегі Зейнетақы қорын ауыстыратын Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа аударылатын болады;

10 процентін жұмыс беруші Сіздің тапсырмаңыз бойынша өзіңіз қалаған жинақтаушы зейнетақы қорындағы Сіздің жеке зейнетақы шотыңызға аударатын болады. Бұл 10 процент Сіздің еңбекақыңыздың құрамында болып, оған салық салынбай, шотқа аударылады. Яғни, Сіздің таза еңбекақыңыз өзгеріссіз қалады. Ал зейнетақы қорына аударылатын 10 проценттік жарна иесіз қалмай, Сіздің жеке зейнетақы қаражатыңызға қосылады.

Ерікті зейнетақы жарналары

Сіз міндетті зейнетақы жарналарынан басқа, өз еркіңізбен, мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті зейнетақы жарналарын аудара аласыз. Ерікті зейнетақы жарналарына салық жеңілдіктері арқылы қолдау жасалады және бұл жарна түрі үшінші адамдардың пайдасына аударылуы да мүмкін.

Зейнетке мерзімінен бұрын шығу шарттары

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап жасына байланысты беріліп келген жеңілдіктердің көпшілігі өз күшін жояды. Тек Семей ядролық сынақ полигонына жапсарлас жатқан аудандарда 1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейінгі кезеңде кемінде 10 жыл тұрған азаматтар мен ауылдық жерде тұратын, 5 және одан да көп бала туған әйелдер үшін толық емес көлемде мерзімінен бұрын зейнетақы алу құқы сақталған. Сонымен қатар, жаңа Заңда әскери қызметшілердің, ішкі істер органдары мен Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерлерінің еңбек сіңірген жылдары үшін жеңілдіктер қалдырылған. Ал, басқа азаматтар, олардың ішінде мемлекеттік қызметкерлер де бар, зейнеткерлік демалысқа Заңда көзделген жалпы тәртіп бойынша шығады.

Зейнетақымен қамсыздандырудың жаңа заңына сәйкес, егер Сіз 55 жасқа толған кезде еңбек қызметіңізді тоқтатсаңыз, кем дегенде 35 жылға жарна төлегеніңізді және жинақталған зейнетақы қаражатыңыздың жеткіліктілігін уәкілетті орган мақұлдаса, Сіз зейнеткерлік демалысқа шығып, жинақтаушы зейнетақы қорына аударылған міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақы төлемдерін алуыңызға болады.

Егер Сіз жинақтаушы зейнетақы қорларына ерікті зейнетақы жарналарын аударып, кемінде 10 жылдық ерікті зейнетақы жарналары жинақталған жағдайда және 55 жасқа толғанда (тізбесін Үкімет белгілейтін азаматтардың белгілі бір санаттары үшін бұл жас 50 жасқа дейін кемітілуі мүмкін) Сіздің зейнеткерлік демалысқа шығуға мүмкіндігіңіз бар. Бұдан басқа, мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорларына енгізілген ерікті зейнетақы жарналарының есебінен мүгедектікке ұшырағанда зейнетақы төленеді.

Зейнетақы қорын мұра етіп қалдыру

Сіздің жинақтаған зейнетақы қаражатыңыз — Сіздің меншік болып табылады, оны мұра етіп қалдыруға толық құқыңыз бар.

ҚР ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ АҚПАРАТ ОРТАЛЫҒЫ

«Халық жаулары» — халық қаһармандары

Сынр жылы біздің есімізде несімен қалды дер болсақ, бнын Елбасының ұсынысымен Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы болып жарияланғаны, яғни сталиндік сыңаржақ саясаттың сеңі бұзылып, отыз жетінің ойранында жазықсыз құрбан болған абзал азаматтардың ел-жұртымен қайта қауышып, өз орталарына оралуы дер едік. Саяси қуғын-сүргін. Қызыл қырғын. Осы бір сөз тіркестерінің өзінен-ақ сонау зұлмат шақтың ызғары есіп тұрғандай. Барша халыққа құлдық қамытын киізген қызыл империяның жазықсыз құрбаны болғандар тектен-тек «халық жауы» атанған жоқ. Олар Абылай сияқты қазақ егеменді ел, өз бостандығына өзі пе болса деп армандаған есіл ерлер еді.

Деректерге қарағанда, 37-нің екі жарым мың құрбаны Алматыдан 35 шақырым жердегі Жаңалық ауылында жерленген. Ал екінші ортақ қабір іле ауданындағы Қарасу ауылының жанында. Ол жер Қандысай деп аталады. Онда 19 адамның мүрдесі жатыр. Әлі де 300-ден астам адамның сүйегі бар деп болжамдалады.

Тәуелсіздігіміздің арқасында құрбан болған сол азаматтарының есімдерінің аталып жатқандығына алғыстарын білдірген және олардың өмір жолдарынан сыр шертетін хаттар легі редакциямызға осы кезге дейін бір толастаған емес. Біразын жыл бойына жариялап та келе жатырмыз. Әлі редакция қоржынында жатқаны қаншама. Газет мүмкіндігіне орай енді солардың бірнешеуін мүмкіндігімізше ықшамдап жариялауды жөн көрдік. Қандысайда болған кезімізде зобалаң шақтың құрбаны болған азаматтарды құшағына алған жер-ана бейне бір қинала ыңырсып жатқандай күй кешіп едік. Сондықтан да,хаттарда баяндалатын есімдерге немқұрайды қарау мүмкін емес екен...

Ақжолтай есімдерге мың тағзым

«Жазалау толқыны біздің Қарабөгет ауылын да жайпап өткен,— дейді **Сарқан ауданынан хат жолдаған ұстаз Байжан Сейітқұлов.**— 1937 жылдары бізде 7 колхоз болған. Атап айтсам — Елтай, Түсінік, Жасұлан, Еңбекші, Бастаушы, Жданов және Буденный атындағы колхоздар. Сақаев Айтжан деген азамат Бастаушыда 1922 жылы Коммуна құрған, мектеп ашқан, он жылға «халық жауы» болып сотталған. Коломицев Митрофан «Жасұлан» колхозына 1935 жылы Сібірден көшіп келді. 1936 жылы Қорғаннан ары үш шақырым жерде су диірменін салды. Қойдың жүнінен пима басты. Халыққа еңбегі сіңді. Жалғыз баласы Марфа «Жасұланда» жеті класты қазақша бітіріп, осы колхозда мұғалім болып жұмыс істеген. Әкесіне «жапон шпионы» деп жала жабылып, 1937 жылы сотталып кетті. Осы жылдың маусым айында Қапалда кездесу болады деп шақыртылған Қарабөгет ауылдық кеңесінің бастығы Түлкібаев Рысбай ұсталып кетті. «Елтай» колхозының басқармасы Әбішев Әміржан да ауылға қайтып келмеді. Тоқтыбай Насыр пошташы, кейіннен «Бірлікті» колхозының басқармасы болған адам. Ауылдық кеңестің бастығы айыптау пакетін қолына ұстатып, оны Ақсуға прокурорға жіберген. Пакетте Насыр Тоқтыбаевтың атасының би болғаны, немере ағасының Қытайға өтіп кеткені жазылған екен. Бұл кісі де түрмеге қамалып, тұтқындалған-ды. Кейін Ақсудағы «Аманкелді» артелінің бастығы Қалабаев Нүкіш тұтқыннан босатып алған. Насыр атамыздың есімі Мырзағазы Данияровтың 1994 жылы жарыққа шыққан «Ақсудың арыстары» кітабында айтылады».

Біздің тарихымыздағы қаралы жылдармен бірге осы аталған азаматтардың ақжолтай есімдеріне келер ұрпақ тағзым ететін болады. Олар сол бір зобалаң шақта жалақор, екіжүзді адамдардың сатқындығынан сотталып, хабарсыз кетті. Тіпті «Түсімде Сталин шәпкісін теріс киіп алған екен» деген сөзі үшін темір тордың арғы жағынан бірақ шыққан азамат болған деп естіп едік үлкендерден. Ал, қараниетті жағымпаз адамдардың сатқындығынан он жылға жуық өмірін ауылынан алыста өткізген қария туралы **меншікті тілшіміз Нүсіп Додабайұлы** былайша әңгімелейді:

Өзегі мұнды өткен күн

«Саяси қуғын-сүргін дегенде ойыма ең адымен өзіміздің Ақши ауылында тұратын Бейсенбай Тәбиев қария оралады. Бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққа да, тіл-көзіміз тасқа, әлі тың, әр нәрсеге байыппен қарап, салиқалы сөйлейтін Бейсекенді сонау жылғы зұлмат зардаптарының салдарынан бес жылға сотталып,жазасын қиыр шетте өтеп келген десе тіпті сенгің де келмейтіндей. Бейсекең өткен күндерді ойына түсіре отырып:

— Ол кезде 21 жастағы тепсе темір үзейін деп тұрған жігіт шағым, жастық желікпен көп нәрсеге ой жіберіп қарай бермейміз. Бірде қайтыс болған Серго Ордженикидзенің орнына адам тағайындалғанын естіп: «Өлген бір орыстың орнына басқа орысты қойыпты, одан да біздің қазақтан біреуін сайламай ма?» деп қойып қалмайын ба. Әлгі айтыла салған сөз ушығып кетеді деп ойлаған кім бар?! Сөйтсем арамызда отырған бір ағайын тиісті орындарға жазып бере қойыпты. Содан атақты 58-ші баптың 10-тармағымен айдалып кете бардық»,— деді.

Иә, сол жылдары «халық жауы» деп жала жабылған Сәкен Сейфуллин, Ораз Жандосов секілді асылдарға ұқсап атылып кетпей, бес жыл жазамен құтылғандығын Бейсекең сәтін салған іс ретінде бағалайды, соған тәуба дейді. Ол Волга сияқты үлкен өзендерді бөгеп, электр стансаларын салуға қатысты. Қалт етпейтін қарулы сақшылардың бақылауында сан түрлі ауыр жұмыстар атқарды. Жаза мерзімі біткеннен кейін де ауылға қайтуға рұқсат берілмей сол жақта тағы біраз жыл ғұмыр кешуіне тура келді. Саяси баппен сотталғандарды соғысқа жібермейтіндігі тағы белгілі. Сөйтіп Бейсенбай қария Ақшиге Ұлы Жеңістен кейін, 1946 жылы бір-ақ оралды».

Ойламаған жерден тағдыр талқысына түскен Бейсенбай қария ондай зұлмат заманның ешқашанда қайтып оралмауын тілейді, әрине. Дегенмен, өзегі мұнды өткен күн қария көңілінен бүгінде тым алыстап кеткен деп айта алармыз ба, сірә?!

«...Ұлы екенімді білемін»

«Әкем Құлахметұлы Қожахмет 1897 жылы Қапал уезінің Ақешкі болысында, Ақешкі кентінде дүниеге келген. Білімі төрт кластық арабша, орыс тілінде сөйлей білген. Шаруасы —мал мен егін саласы. Ел арасында беделді,өз аталары сарт балалары деген 30 үй шамасында болған. Озбырлықтары жоқ, тек дінді уағыздаушылар болған. 1931 жылы Құлахметұлы Қожахметке «нағашы жұртың Әлібектің Ербек қажысынан және Бөрібай көтерілісіне астыртын қатысыпсың, коллективте мал басын сақтап қаламын, елді үйренген жеріне қарай топтастыру керек деп үкіметке қарсы шыққансың» деген жала жауып, өзі басқарып тұрған Ақешкі бекетінде тұтқындап, сол жерде ел көзінше зәбірлеп ұрып-соғып, жаяу Талдықорғанға айдап келіп, ол жерде де ұрып есінен тандырғанын жанында жатқан інісі Құлахметұлы Қожағұлдың айтқанын естігенмін.

Әкем өзі өмір сүрген уақытында ешбір жанға жамандық жасамаған адам екенін кейін де өзім көрген көнекөз Садықұлы Байкен, Жанысбекұлы Диханбай, Үмейұлы Сәулебек қариялардан естіп білгенім бар. Сол уақытта белсенді болған,түкірігі жерге түспей тұрған қараңғы болшевиктер Ағыбаев Толғанбай, Шәкішев Хасендердің «кедейден шықтық, бізге теңдік берілді, айдаймыз да шабамыз деп елден айрылдық» деп отырғандарын естідік. Міне, қараңғы қазақты империя қалай пайдаланған.

Сол 1931 жылы ұсталғаннан әкем хабарсыз кеткен. Ол кісінің түр-түсін білмеймін. Бірақ соның ұлы екенімді білемін.Ол кезде бес жаста екенмін. Әке кеткен соң қуғын-сүргін көрдік. «Жауыздың баласы, әкесі кісі өлтірген, Ербек қажының жиені, құзғынның тұқымы», т. б. естімеген сөзіміз қалмады ғой.

1995 жылы облыстық қауіпсіздік бөліміне арызданып, іс-қағаздарымен танысып, сонда ғана әкемнің ату жазасына кесілгенін білдім. Іс-қағазда 68 адамның тізімі бар екен. Оларға қандай айып тағылғаны да көрсетілмеген»,— деп редакциямызға хат жолдаған **Талдықорған қаласының тұрғыны соғыс және еңбек ардагері Көкімбай Қожахметұлы** биылғы жылды қуғын-сүргін көргендерді еске алу жылы деп жариялаған Елбасына мың да бір алғысын «Жетісу» газеті арқылы білдіргісі келетіндігін жазыпты. Жетпіс жастан асқан шағында бес жасында жетім қалып, «халық жауының» баласы ретінде қуғын көрген қария бүгінде ел тәуелсіздігінің желбіреген туының куәсі болды. Ал, құрбан болған әке сол егемендікті армандап еді ғой бір кездері. Жазықсыз құрбан болған басқа әкелер қаншама. Артында қалған ұрпағы олардың рухына бас иеді.

Абақтының азабы

Райымбек ауданының Қарқара ауылынан хат жолдаған зейнеткер Ө. Исмаилов зобалаң шақтың зардабын тартқан азаматпен болған әңгімесін былайша баяндайды. «Әбдірахман Қайыпов Мерке және Сарыжаздағы ауыл мектептерінде орта білім алған адам. Алғашқы кезде Әбекең өзінің өмірі жайлы қысқа ғана айтып, ал қуғынға ұшырап, зорлық-зомбылық көрген 18 жылынан сыр шертуді қаламайтын. Тек 1956 жылғы 21 қарашада Алматы облыстық сотының ақтау анықтамасы қолына тигенде ғана өмір өткелдері туралы кең толғана айтып, өксігін басушы еді.

— Мен қызметке 15 жасымда араластым,— деп бастаған әңгімесін Әбдірахман.— Алғаш комсомол қызметінде жүргенімде Алматы облысы Жетісу губерниясы деп аталатын. 1924 жылдың 9 маусымында Мерке, Торайғыр, Жаланаш, Шелек болыстарынан Ақтоғай болысы, Айт, Алжан, Кеген, Құрман болыстарынан Тұзкөл болысы, Бөдеті, Қожманбет болыстарынан Біркетпен, Байынқол, Ынтымақ болыстары құрылып, Жаркент уезінің құрамына енген. Мен сол жылдан 1927 жылға дейін Кеген ауданындағы бұрынғы Тұзкөл болыстық комсомол комитетінде үгіт-насихат жөніндегі хатшы болып қызмет атқардым. Осы жұмыста жүргенімде Жаркенттегі үш жылдық партия-совет мектебіне оқуға жіберді.

...Аудандық халық сотының төрағасы, облыстық прокурордың көмекшісі қызметтерін атқардым.

Біздің аудандағы қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтарға тағылған негізгі айып —«1935 жылы Қақпақ ауылында өткізілген колхозшылардың аудандық II слеті кезінде Ораз Жандосов үкіметке қарсы ұйым құрып, сендерді сол ұйымға мүшеге тартқан». Сол 1937 жылғы желтоқсан айындағы зобалаңда 40-қа жуық адамды НКВД-ның жсақшылары Қырғызсай түрмесінен Алматыға қарай жаяу айдап әкетті. Жүрген жолымыз — Қырғызсай — Шонжы — Кеген — Қайқы — Торайғыр — Шелек — Алматы. Бір аттық арбаға азық-түлік, киім-кешек салғанбыз. Жаяу жүрістен аяқ-киімдер жыртылып, киюге жарамай қалды. Сыртқы киімдеріміздің жеңдерін жұлып алып аяққа орап жүрдік. Аштық, аяз, НКВД жасақтарының ұрып-соғуы жанымызды қинап, күйзелтіп жіберді. Осындай қиыншылықта менің ағайым Қыдық сүйегі ауыр етжеңді кісі еді, жүре алмай құлап түсті. Тұра алмады. Мені құшақтап жылап, қоштасып, онан ары жүре алмайтынын айтып, осы жерге өлтіріп кет дейді. НКВД-ның жасақшылары ешбір айтқан тілге көнбейді. Ақыры ағаны арбаға тиеп алып, жаяу жүрісті ары қарай жалғастырдық. Бір жетідей жаяу жүріп, азаптозақты тартып ақыры Алматының түрмесіне жеттік-ау. Бізді сонда қамады. Мен ағамды одан соң көре алмадым. Барған адамдарды бөліп-бөліп алып кетті. Алматының түрмесінен белгісіз жаққа алып кетерде әрқайсысымызға НКВД-ның «үштігі» сыртымыздан соттап (31.XII— 1937 ж.), 10—15 жылдан жаза бергенін естідік».

Әбдірахман ағай елге келген соң да қол қусырып отыра алған жоқ. 1956 жылы ақтау құжатын алған соң, сол жылдың қыркүйек айынан 1963 жылдың маусым айына дейін № 337 оңтүстік өңірінде Тасбұлақ ауылдық кеңесінің төрағасы, 1963 жылғы шіл-де айынан 1969 жылдың маусым айына дейін Қарқара ауылдық кеңесінің төрағасы қызметін атқарып, зейнеткерлікке шықты. 1969 жылдың маусым айынан 1970 жылдың маусым айына дейін Қарқара кеңшарында юрист-экономист қызметін атқарып жүріп қайтыс болды. Бұл азамат қандай жұмысты болмасын барлық ынта-жігерімен атқаратын қоғам қайраткері еді. Үнемі мадақтау мен мақтауларға ие болып келген жан»,— дей келіп автор өзі туған ауылы Тоғызбұлақтан, балалық шағы өткен Сарыжаз ауылынан, өмірінің соңына дейін қызмет істеген Қарқара ауылынан немесе Кегеннен бір көшеге Қайыпов Әбдірахманның есімі берілсе екен деген ұсынысын айтады. Ұсыныс-тілек орынды. Себебі, тар зынданның адам жаны төзгісіз азабын басынан өткерген қайраткер жанның есімі атаусыз тарихтың тасасында қалмағаны абзал-ақ. Жергілікті әкімшіліктер бұл ұсынысты ескерер деп біз де хат авторымен бірге үміттенеміз. Түрменің азабын тартқан тағы бір азаматтың есіміне орын берейік. **Сарқан ауданының тұрғыны Темірбек Мизамбекұлы** жетпіс жастағы Жапарғали Сәдібаевтың нағашысы Шыныбек Нұғыманұлы туралы аһ ұра айтқан әңгімесін баяндайды.

«Шыныбек Нұғманұлы «Белсенді» колхозын басқарып, халқына пана болып тұрғанда «домалақ арыздың» зардабынан құрбан болды,— Жөкең кең тыныстап алған соң келмеске кеткір кесір заманның зобалаңын ары қарай тарқата сөйлейді. — Ол басшылық еткен тұста ауылға жер-жерден жа... дап-жүдеп аштыққа ұшыраған адамдар көптеп келе бастапты. Сырттан келгендерді жергілікті тұрғындар жылы қабылдайды. Әділ басшы атанған Шыныбек ел ынтымағына көп ықпалы тиген азамат. Ауылдағы кейбір жатыпатар жағымпаздар «Нұғыманов астықты елге таратты. Пәленбай гектар егін орылмай қар астында қалды» деп «домалақ арызды» бірінен соң бірін жіберген. О. Жандосов оның үстінен жазылған арызды еш негізсіз деп тапқанымен, кейін «Белсенді», «Қызыләскер» колхоздарының жазықсыз ұсталған 17 адамының арасында түрмеге ол да кете барды.

Жездесі Сәдібайға жазған хатында: «Мен тозақтамын. Саусақтарымның көбесі ине жүгіртіп,іріңдеп, ісіп кеткен... Шегелердің үстіне жалаң аяқ тұрғызып қойып жауап алады. Жүйке жұқарды, мен тірі қалмаймын. Хош, хош» делінген екен. Бұл жолдарды оқыған әпкесі Сақыш күйіктен көз жұмады».

Кезінде халықтың әкесі деп әспеттеп көкке көтерген Сталин жендеттерінің мұндай қатыгездігіне лағнет айтуға сөзің де жетер емес. Осы тұста кешегі Желтоқсан оқиғасы туралы оқыған бір деректің еске оралып отырғаны. Ғабиден Бөлеков деген жұмысшы жігітті алаңдағы тәртіпсіздікке қатысқанын «мойындату» үшін алдын-ала тергеу камерасында және тергеушінің бөлмесінде ұзақ уақыт бойы жалаңаш ыстық су жүретін құбырға кісеңдеп таңып қойған. Бұл қорлау жоғарыда айтылған НКВД жендеттерінің жауыздық әрекеттерінің көшірмесі демеуге лажың жоқ.

Желтоқсанның нағыз қаһармандары кімдер?

2.

«... Қатты екпінмен үш-төрт қадамдай жерге ұшып түскен әлгі қыз жол ернеуіндегі қырлы тасқа маңдайымен соғылды. Бет-жүзін қан жуып кетті. Неше жерден «бұзақы, ұлтшыл» болсам да, жігіт атым бар емес пе, менің оны байқамаған боп өте шығуға намысым жібермеді. Жүгіріп барып қызды қолтығынан демедім. Сол кезде... бетіме, басыма тиген ауыр соққылар, керзі етіктер еміс-еміс есімде... Көзімді ашсам, автобуста келеді екем. Бейтаныс бір бойжеткен басымды сүйеп өксіп-өксіп жылап отыр. Жан-жағым ыңырсыған жаралылар... (жазықсыз бес жылға сотталған Құрманбай Қалмұратовтың әңгімесінен).

Сағат кешкі 8-де бізді ұрып-соғып қуа бастады. Қашып отырып жалғыз өзім Космановтар мен Абай көшесінің қиылысына келіппін. Қашамын деп жүріп физкультура институтының алдындағы арыққа құлап түстім. Үш орыс жігіті жағамнан жұлқып суырып алды. Сүйрелеп ағаштың арасына апарып, кеудемнен жұдырықпен соққанда есімнен танып қалдым... Есімді жисам.., біреуі қорлап жатқанда, екеуі күліп карап тұрды... (Эльмираның мұны)».

Иә, Желтоқсан оқиғасы бір Құрманбай мен бір Эльмираның емес, сол кездегі көп жастардың жүрегіне жазылмастай жара салып кетті-ау.

Міне, бізге түскен репрессия құрбандары туралы мәліметтер осылай сыр шертеді. Әрине, барлық хатты бір бетке сыйғызу мүмкін емес. Себебі, сыңаржақ саясаттың қанды шеңгеліне іліккен «халық жаулары» көп. Бірақ, олардың тартқан азаптары бір еді. Олар армандаған, жете алмаған егемендікті біз бүгінгі ұрпақтары көріп отырмыз. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі арқасында бүгінгі ұрпақ кешегі «халық жауларының» нағыз халық қаһармандары екендігін білді. Кешегі күні Жаңалық ауылы мен Қандысайдағы зұлмат құрбандарына арналған қабір басында аспанға оқ атылып, үнсіздік жарияланды. Атылған оқтың тарсылы бір сәт қара жерді дүр сілкінткендей болып еді. Өлілер аруағы да бүгінгі ұрпағына яғни тірілерге тағзым етіп жатты-ау бәлкім сонда.

«САЯСАТ» БӨЛІМІ.

ДІН ҮШІН ҚҰРБАН БОЛҒАН

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ел-жұртымыз рухани еркіндік алды. Өшкеніміз жанып, өлгеніміз тірілді. Ел қорғаған батырлар ақталып, өз тұғырына көтерілді. Бәрінен қуаныштысы әр қалада, әр ауылда мешіттер салына бастады.

Мешіттерден азан шақырған дауысты естігенде менің есіме қуғын-сүргін құрбандары оралады. Қаралы күндерде, жаралы жылдарда қасірет-қайғымен өткен өмір-ай деп ойлайсың. Ойлайсың да, жүрегіңді мұң жайлайды. Содан бері қаншама жылдар өтсе де адамзаттың қайғысына айналған жылдар елесі ұмытылмайды. Өйткені жылма-жыл кейінгі ұрпақ 31 мамырда саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алып, олардың ескерткіштеріне гүл шоқтарын қойып, бейітінің басына барып, құран оқытып, рухына тағзым етеді.

Бұл да еліміздің тәуелсіздік алғанының арқасы. Дін халықпен бірге жасасып келеді. Ал адамды құдайға сенгені үшін құдалау тек кеңес өкіметінің тұсында ғана болған шығар. Тарихи ақиқат - 1937 жылдары дін өкілдерінің де қуғын-сүргінге ұшырағанын айғақтайды. Соның бір мысалы Ахметқұл Сағатбековтың тағдыры. Ол дін адамы, молда. Бірақ діндарлық оған қайдан дарыған дегенде әкесі Сағатбек Таубекұлы ойға оралады. Сағатбек халиф атанған азамат.

Сағатбектің тегі Сыршы елінің Сүгір атасынан тарайды. Ата-бабалары «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» кезінде Сыр бойына қоныс аударып, сол жерде мекендеп қалған. Бертін келе ата қонысына қайтып оралады. Сағатбектің өзі қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Сайрам ауданындағы Тереспе ауылында дүниеге келген. Әкесі оны Ташкенттегі діни семинарияда оқуға түседі. Мұнда «Шәріп» атты діни медресені бітіреді, 40 жасында «Халиф» деген жоғары діни атақ алады.


Сағатбек Таубекұлы Ташкенттегі діни мекемеде ұзақ жылдар қызмет істейді. Сыр бойынан елге оралып Лебай қалпе, Сағатбек қалпе, осы Жетісу елкесінде бас болып, қазіргі Байысов пен Алдабергенов ауылдарының аралығына «Итек» атты қыстақ салдырып, осы жерде мешіт ашып, балаларды оқытады. Озат балаларды Бұхараға, Ташкентке, Әулиеатаға оқуға жіберіп отырған. Әне солардай қаншама діни адамдар шықты. Аябек айтқандай, бізде 60 молда жоғары екі көлпеден сауат алумен қоймай, Алла тағаланың рақымы түсіп кейінгі ұрпақтарға үлгі бола бастады.

Сағатбек халиф 1888 жылы Орта Азияға қайту сапарында Байшегір руының Сүндетбай қажы ауылында (қазіргі Балқаш ауданы) қайтыс болады.

Ұлағатты әкеден тәлім алған оның ұлы Ахметқұл дін жолын таңдаған. Ол да Ташкенттегі діни семинариясын бітіреді.

Ахметқұл Сағатбеков 1883 жылы қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Тереспе ауылында туған. Ол Алматы облысы, Талдықорған ауданы Нұра ауылдық кеңесіне қарасты Шымыр ауылының тұрғыны. Негізгі міндеті - балаларды дінге баулып, ел ішінде құран-дұғасын насихаттап, емдеу қабілеті де болған.

1930-шы жылдары байлардың малдарын тәркілеу басталған, содан кейін 1931-32 жылдары қазақ жерін аштық жайлаған. Бұл қандықол Голощекиннің саясаты еді. Сөйтіп, тарихи мәліметке жүгінсек, 3 миллионға жуық қазақ аштықтан қаза тапқан. Ол ма, 1937 жылы Сталиндік әміршілдік-әкімшілдік жүйе халыққа қарсы «ұлы террор» ұйымдастырып Байларды тәркілеумен қатар, күштеп артель құра бастады. Солардың қатарында



Сағатбек халиф

азын-аулақ малы бар кедей-кепшіктер де, дін басылары да бар еді. Әрине, әміршіл жүйе ең алдымен халықты рухынан айыруға күш жұмсады. Ал мұсылман діні болса, сарқылмас рухтың қайнар көзі ғой. Сөйтіп миллиондаған адамдар Қазақстанның қуғын-сүргін алаңына айналғанын көзімен көріп, нақақтан нақақ жалаға ұшырап, темір торға қамалып, азап шекті, опат болды. Солардың ұрпақтары ұзақ жылдар бойы қайғы-қасірет тартты. Өйткені олар да «халық жауының тұқымы» деп айыпталды ғой.

Ахметқұл Сағатбеков те жай ғана молда болса да, жала жабылып, қуғын-сүргінге ұшыраған азаматтың бірі. Біз Ахметқұлдың айыптау құжатын қолға түсірдік. Сонда қандай айып тағады десеңізші. Кедей шаруа - шала сауатты А. Сағатбеков ақ-қараның не екенін айырып білмесе де, 1937 жылы «контрреволюциялық арандатушы» болып шыға келеді. Бір ғажабы, тергеу ісі де, үштіктің үкімі де «космостық» жылдамдықпен жүргізілген. Не бары 3-ақ күнде аяқталған. Сағатбековтің кінәсін мойындамағаны есепке алынбаған. Сөйтіп, Талдықорған аудандық халық комиссариаты ішкі істер бөлімі оны айыпты деп тауып, 10 жыл бас бостандығынан айырған.

Адам болған соң үміт те үзілмейді ғой. Ахметқұл ағамыз 1940 жылдың 17 ақпанында Қазақ ССР-нің ішкі істер халық комиссариатына шағым жазған екен. Енді содан үзінді келтірейік.

«Тергеу ісінде маған үйінде мал ұрлаушылар мен рецидивистерді жасырдың, халық жауларын қорғадың, ақ гвардияшылармен ауыз жаласкансың, тағысын-тағы сондай айыптар тағылды.

Мен ешқандай рецидивистер мен мал ұрлаушыларды жасырған емеспін. Олардың ұрлаған малдары түрмақ, өздерін де көрген емеспін. Халық жаулары және ақ гвардияшылармен байланыста болған жоқпын. Аудандық милиция бөлімінің бастығы мені 4 күн бойы айыптаушылар үйінің суық бөлмесінде ұстады. Осы күндерде қолдан жасалған жалған айыптау қорытындысына қол қой деп үгіттеді. Кей күндері ұрып-соқты да. Алдап-арбады. Менің үйімді де тексерді, бірақ айғақты еш нәрсе таппады. Менің кедей-шаруа, колхозшы екендігім жөніндегі құжаттар тергеу ісіне толық тіркелмей қалды. 1930 жылдан бері колхоз мүшесімін, 7 жасымнан 21 жасқа дейін байлардың малын бағып, күнімді көрдім. Колхоз мүшесі ретінде өзіме тапсырылған істі жауапкершілікпен атқардым.

Қазіргі мерзімімді өтеп жатқан колонияға 1938 жылы 27 сәуір күні әкеліндім. Бүгінгі таңда ден-саулығым нашарлады, басым ауырып, ревматизмге шалдықтым. Бұған да қарамастан мен жалпы жұмыстарды адал орындаудамын. Оны № 9 ауыл шаруашылығы колониясының бастығы растай алады.

Осы жайларды айта келіп, менің ісімді қайта қарауды сұраймын. Қорытындысын хабарлауыңызды өтінемін» деп қол қойған.

Өкінішке орай, бұл арыз қаралмаған. Себебі, Ахметқұл Сағатбеков 1942 жылдың 8-ші шілдесінде колонияда қайтыс болған.

Шындыққа жүгінсек, Ахметқұл молда білгір және көреген болған, емшілікпен де шұғылданған. Көріпкелдігі де бар екен.

- Ол легенге жылы су құйып, ішіне дұғаларын салып, сырқаттарды кезек-кезек шомылдыратын еді. Ұшықтап, өзінше құпия сөздер айтып, жан-дүниеңді сергітетін, - дейтін Шымыр ауылының көз көрген қариялары.

Ахметқұлдың кеңес өкіметінің ірге тасын қатайтып, өркендеуіне күш-қайрат жұмсап, озат еңбеккер атанған туыстарын да атап өтейік. Олар: Асанов Исабек, Асанов Нүсіпбек, Асанов Сыпабек, Сағатбеков Рүстембек, Асанов Кәмбіл, тағы басқаларының ұрпақтары бүгінде тәуелсіз Қазақстанның іргетасын қаласып, өз Отанында ұрпақ жайып, есіп-өніп жатыр.

Олар 59 жасында үштіктің үкімімен 3-ақ күнде сотталып, темір торда қаза тапқан Ахметқұл Сағатбековтың рухына тағзым етеді. Тағзым етіп қана қоймай, дәл сол Шымыр ауылында ауыл молдасы А. Сағатбековтің үлгісімен мешіт құрылысын салуды қолға алған. Қазір бұл мешіт құрылысына Шымыр ауылы округінің тұрғындары, қала кәсіпорындары, басқа да коммерциялық құрылымдар қол ұшын берсе нұр үстіне нұр жауар еді.

Иә, өлі риза болмай тірі байымайды. Мешіттен азан шақырған дауысты естігенде менің есіме Ахметқұл молда оралады. Ол дін жолында құрбан болды. Бірақ оның ұрпақтары бүгінгі тірлігі жарасқан сәулетті Қазақстанның салтанатын көруде.

Құрманбек АСАНОВ.

Өнеге

ЕҢБЕК ЕСЕЙТКЕН ТҰЛҒА

Ыбырайымжан Қожахметов. Бұл есімді кеңестік кезеңдегі колхозшылар жақсы білуі тиіс. Білетін себебі, бұл кісі ол кездерде аты Қазақстанға, қала берді бүкіл одаққа танымал болып үлгерген берекесі асып-тасыған Киров атындағы колхозды басқаратын.

...Соғыс деген суық хабар келген шақта Ыбырайымжан не бәрі 6-сыныптың оқушысы еді. Екі ағасы соғысқа қатар алынған 1941 жылы 70-80 жастағы үлкен шешесінің қолында қалған қаршадай баланың иығына ер азамат әзер атқаратын ауыр бейнеттің зіл салмағы түскен еді.

Ыбырайымжан аға мынадай бір қызық естелік айтты.

- 1943 жылы сөкә айдайтынмын, бір күні кешке жұмыстан шаршап келсем қораға бір отар қой қамап қойыпты. Шешемнен - Бұл кімдікі? деп сұрасам - Басшылар «осы қойды сен бақсын» деп қамап кетті дейді. Ертесіне басшыларға барып, «қой бақпаймын, кәрі шешем бар, жағдайым келмейді» деп соқаға жегетін атымды жеткізіп күнделікті жұмысыма кеттім. Кешке қайтып келсем өлгі қой қорада әлі тұр. Әлі алмаған ба? деп сұрасам, Шешем: - осы қойды балақ бағады, бақпаса осында қырылады, бәріне сонда жауап береді -, деп басшылар ығырлап кетіпті. «Ешнәрсеге қол қоймасам қалай төлеймін» -, деп қарсыласып едім. Шешем: - Балам, бұл қойлардың да тәңірісі бар шығар, басқа салғанын көрелік ,- деді. Сөйтіп бір күнде қой бағып шыға келдік. Ол кезде қора деген болмайды. Мал төлдеген уақытта жәрдемдесетін тағы көмекші жоқ. Бір қора қойды өзіміз төлдететінбіз. Қысы-жазы өзіміз көшеміз. Сөйте жүріп сол қойдан бір де біреусін сойып жеуге батылымыз жетпейтін еді, - деп еске алады.

Уақыт деген әділ төреші. Бәрін де өз орнына қоя білді. Сұрапыл соғыс та аяқталды. Жұрт бейбіт тіршілікке еркін араласты. Алайда, салмақ бәрібір тылдағылардың мойнына түсті. 1950 жылы іргелес жатқан Киров, Молотов, Ворошилов колхоздары қосылып, Молотов колхозы болып қайта құрылады. Сол шақта еңбек ерте есейткен он сегіздердегі жас жігіт колхоздың басшылық жұмыстарына араласа басатады. Алдымен қой фермасында есепші, бригадир, қой фермасының бастығы, 1959 жылы колхоз басшысының орынбасары, қайтадан ферма бастығы, бастықтың орынбасары сияқты қызмет сатыларынан өткеннен кейін, 1966 жылы колхоз бастығы болып бекітіледі де содан 26 жыл бойы колхоз бастығы лауазымын табысты атқарады.

Табысты атқарғандығынан болар Киров колхозының аты Одақ көлемінде ең бай шаруашылықтардың қатарында аталатын. Оны осыншалық биік дәрежеге жеткізген Ыбырайымжан Қожахметов бірнеше мәрте аудандық, облыстық, ҚазССР, СССР жоғары кеңестерінің депутаты болып сайланады. Бірнеше мәрте жоғары дәрежелі орден, медальдармен марапатталады. Осы кісінің бастамасымен Киров колхозына қарасты елді мекендерде жаңа заман талабына сай мәдени-көпшілік орындар, ауруханалар спорттық сарайлар салынады. Елді мекен көшелеріне тас төселеді. Колхозшылар озық үлгілі тұрғын үйлермен қамтамасыз етіледі. Сол шақтарда деп еске алады еңбекпен есейген тұғырлы тұлға: « - Колхоз байлығында есеп жоқ болатын. Тұрғындарды баспанамен қамтамасыз ету үшін, Сібірде құрылыс материалдарын дайындайтын арнайы бригада да ұстадық. Мал басы күн санап өседі. Табыс шаш етектен еді. 1990 жылдары колхозда тек ақшалай таза табыс 31 миллион сом және 180 АҚШ мың долларын құраған еді. Осы ақшаны жұмсайтын мүмкіндік жоқ еді. Құрылыс салу үшін аудандағы екі ПМК-ға кезекке жазылатынбыз. Колхозшыларға жеңіл көлікте санаулы ғана берілетін. Бәрі қат еді. Ақша бар, зат жоқ заман болды ғой.»

1988-90 жылдар аралығында 2 жыл қатарынан Мәскеу қаласында тұрып СССР жоғары кеңесінде депуттатық міндет атқарған кезінде жоғары жақта іргелі колхоздары дербес ұсақ шаруашылықтарға бөлу туралы әңгімелер шыға бастайды.

Ыбырайымжан аға елге оралысымен өзі басқаратын Киров колхозын 22 ұсақ шаруашылықтарға бөліп, әр қайсының дербес басшыларын сайлап, колхоз меншігіндегі жерді, малды, техниканы және банктердегі ақшаны теңдей етіп бөліп береді де, өзі жалпы басшылықты қолға алады. Колхозшылар да бұл ұсынысты бір ауыздан қолдайды. Бас кеңседе не бәрі он шақты басқарма мүшелері ғана қалады. Алайда, ертесі күні бүкіл ел бөлінбейтіндіктерін айтып наразылық білдіреді. Басты себебі жұмыссыздық еді. Колхоз бөлінеске түскенде 200 кеңсе қызметкері бір-ақ күнде қызметсіз қалған екен. Осы тұста үлкен қателік жібергенін басшы да кейін аңғарады. Бірақ бәрі кеш еді. Содан өзі бас болып түңғыш дербес шаруашылық құрып, алғашқы жекеменшіктің үлгісін салып, 26 жыл басқарған колхозымен қош айтысып кете барады.

Қазір жағдай мүлде басқа. Жекеменшіктің тиімді екенін балаға дейін білетін заман. Алайда, егер сол шақтарда колхоз ұсақ бөлініске түскен болса, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарындағы тоқырауға толы өтпелі кезеңнен қиналмай өтер ме еді. Ауыл жұртшылығы бүгінгіден де әлдеқайда дәулетті әрі сәулетте болар ма еді деген де ой меңдейді екен.

Бірін айтам деп біріне кетесің. Бұл тағдыры өнегеге толы жанның толғамды сырының көптігінен болар. Не бәрі 6-ақ кластық білімі бар жанның, тағдыр тауқыметін бұғанасы бекімей жатып көрген бозбаланың, сан алуан қиындықтардың көпірінен қиналмай өтіп, бүкілодақтық дәрежеде ел мен жер тағдырына қатысты қоғамдық-саяси істерге батыл араласып өзіндік пікір қоса білгендігі Гиннестің рекордтар кітабына сұранып тұрған жайт емес пе. Бұл да бір адам баласының ашылмай жатқан қыры шығар кім білсін. 80 жастың сеңгіріне келсе де Ыбырайымжан аға әлі де ат үстінде. Темір тұлпарының тізгінін өзі ұстайды. Балалы-шағалы, үбірлі-шүбірлі. Отбасылық шаруашылықтың ұйытқысы. Бір ауылдың бетке ұстар қариясы.

Аудан, облыс көлеміндегі шараларға қатысудан бас тартқан емес. Білімі мен білігін, көргені мен түйгенін ешкімнен жасырмайды. Облысымыздың құрметті азаматы атағына, ақсақалдықтың қадір-қасиеті кір түсірмейді. «Ауылында қартың болса, жазып қойған хатпен тең» деген мақал осындай жандардың өнегесінен алынған жарық мысал шығар.

Ерғазы Манапұлы,
ҚР Журналистер одағының мүшесі.

: Jetisu2002@mail.ru

■ АЛАКӨЛ АУДАНЫНА — 80 ЖЫЛ

Тарихи – сарапталмалық, толу

Тоқтар БЕЙІСҚҰЛОВ,
Қазақстан әлеуметтік ғылыми академиясының
құрметті мүшесі, Қазақстан теміржол қатынасы
университетінің профессоры, Жазушылар және
Журналистер одақтарының мүшесі.

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

Киргизи же постепенно беднели. Уменьшение земельной площади уменьшало их скотоводческое хозяйство и чать их пошла батраками к тарантчицам, дунганам и русским». (ОМА Ф.314, опись 1, дел о 2, стр.2)

М. Тынышпаев гимназист, одан соң студент кезінде Верныйдан бес жұл шақырымнан астам жерді басып, елге жиі келіп-кетіп жүрген. Түрлі кітаптар әкеліп, көп жайттарды айтып беруге ұмтылатын. Сондықтан оның өзіне құмданның, соның ішінде ауқұймдастырылған. Ал 1916 жылғы көзқарластың қызған кезінде ол елге тағы барғанда көтерілісшілерді қолдадың деген күдіктен оны үйге қамап ұстайды. Кейін сот жауабына да тартылады. 1917 жылғы 6-24 ақпан аралығында тексеру жүргізілгенде ол «Ерго превосходительству господину Туркестанскому генерал-губернатору» деген хатын жолдайды. Онда Жетісу өңірін көп аралағаны, қазақтардың ауыр жағдайын жақсы білетін куәгері екенін айта келіп, ашына жазған.

Болыстарды сайлау кезінен байқайтынымыз, қазақтарды бір-бірімен қыркыстырып, алакөз ғып шабыстырып, алдап ұрындырып қойған Ресей патшалығы емей, кім? Болыстықты ойлап шығарып, болыс сайлауын өткізіп жүргендер соның шенеуніктері. Сорлайтын халық, барлық шығынды өтейтін халық. Соның майлы шелпегін жейтіндер сол шенеуніктер, оған қосылатын қазақ болыстары. Міне, М. Тынышпаевтың сөзінен түйетін ой осы. Әрине, ашынған жұрт, тұйық серпер дақ құрлы жоқ па? М. Тынышпаевтың айтуынша, Мұқаншы –Садыр болысында болыс Жақамбаевтың, халық соттары Омаров пен Князевтің сарандығы мен пара алушына қарсы айбат көрсетіп шыққан қақтығыста 100 адам өліп, сонша жан қамалған. Осындай жағдай Жанабай басқарған Мәмбетбай-Қыскаш болысында да болған.

Халық наразылығы «июнь жарлығынан» кейін онан сайын өршиді. Қызылсу болысындағы Есей биден:

– Патша ағзамның тағы бір зобаланы басымызға төнейін деп тұр. Қазақты қылқындырып қыртудың бір амалы бұл. Құрықты алыстан сілтеп, қақпанды жақыннан құрып отыр. Қанша сый-сияпат, құрмет-көшемет көрсетсек те жақпай қойдық. Қазір атамекен еліміз, тұған жеріміз қайда екенін де ұмытып барамыз. Күнкөріс үшін жер іздеп әр жақтан суы мол, шұғінді кең осы өңірге табан тіреген ата-бабаларымызда не кінә бар? Қара шекпенділерді желіп, орнымызда ұрыстырып қуып шықты. Бұл дегенің жалаңдақтардың бүйдей типі Қытай жерінде, дейін кетірді. Бет жыртысып, тіс шағысқан жоқпыз. Ботадай бозdап кете бердік. Ақ патшаға құлдық ұрдық. Жыл сайын түндік басы салығын да төлеп жүрдік. Ал енді қарамыз азайып, құрып кетуімізден қауіп төніп тұр. Бозdақтарымыздың өмірі – өзгенікі, өлімі біздікі бола ма. Кететіндердің қаншасының күйгері далада қалатынын, қайсысының аман қайтатынын кім айтып бере алады. Әскеке өрт, жүрекке дерт түсіп тұр. Өмір екеу емес, біреу, қайтсек сақтап қаламыз, мазалайтын ой осы, – деп бір жынды сөйлеген сөзі әркімнің көкейіндегісін білдірген түйін. Бұл күрестің басы арыда жатыр. Мысалы, М. Тынышпаевтың 1905 жылы 19 қарашада автономиялардың Іскезінде жасаған «Қазақтар және азаттық қозғалысы» деген баяндамасында «... Ленсі уезінің қазақтары үкіметтің шірік саясатына қарсы ашық протест білдірген және өз талаптарын қойған 1000 адамның қолы бар петицияны жіберді.» – деуі соның дәлелі.

Әр ауылда өткен толқулар ақыры қарсы күреске шығуға ұмтылдырды. Көтеріліс шарпуы Алакөл өңірінің көп жерлерін қамтыды. Түркістан әскесінің генерал-губернаторы А. Н. Куропаткин Қазақстан сахарасында оттай даулаған Үлт-азаттық көтерілісін қанға бөктіріп басу үшін әлпбай кіріседі. Бүкіл Түркістан аймағы бойынша көтерілге ошақтарын басуға жіберілген әскери бөлімдер, өзінің рапортында қаранда, 14 батальон, 33 жүздік, қару-жарақтар, 42 зеңбірек, 69 пулемет. Сол кездегі Жетісу генерал-губернаторы, монорхист, әскери адам патшаға қатығездігімен жақсан М.А. Масловтың оған және Верный округтік сотына жолдаған хабарламасынан шошып, од дерлеу шара қолданады. Маслов: «Бүліншілікке қатыспаған болысты атау қиын. Мен тек мынаны білемін: бұған қатыспаған бірде-бір киргиз қалған жоқ. Кейбіреуі тікелей қатыспағанымен, солардың тілеуінде болды; ауылдастарының арасындағы толқулар туралы жұмғаи аузын ашпайды; бірдеңе сұрай бастасаң өп-өтірік саңырау да, мылқау да бола қалады», – (ОМА, ф.77, д. 2140, л.117) деп хабарлаған. Сақталған осындай деректер көтерілістің қаншалықты кең құлаш жайғанын сипаттайды.

Куропаткин бөлген әскери күштен Фольбаум Ленсі уезіне де жазалаушы отрядты аттандырды. Оның әскерлері бесатар, зеңбірек, пулемет, қылыш сияқты қару-жарақтармен мұздай қаруланған.

Қарулы күш жіберумен қоймай, Фольбаум 1916 жылғы тамыздың 15-інде Қапал, Ленсі, Жаркент және Пржевальск уездерінің бастықтарына қаруланған орыс кулактары арқылы жергілікті халықты аяусыз қырып-жойындар деген мазмұнды телеграмма жіберген. Одан кейін 13 қыркүйекте Ленсі уезінің бастығына мынадай телеграмма салған: «Біздің әскер мен қарулы переселендерге мынаны жеткізіңдер: Көтерілісті тез басудың бір ғана жолы бар. Ол – басқаларға сабақ болу үшін бүлінішілік шыққан бірер болыстың әлденеше жүздеген адамдарын бәрін қырып таста». Орталық мемлекеттің архивте сақтаулы (ф.44, о.2, д.16424, л.80) бұл материал да патша саясатының бет-пердесін ашып, өздерін әшкере етеді.

Сонымен, жазалаушы отряд та жетті. Оларға қаруланып, дайын отырған қазақтар қосылды. Жазалау басталды. Қан-құйлы нұсқауды орындау үшін жазалаушылар не істеді дегенге келсек, олардың көтерілісшілерді басудағы әрекеті төбе күйкалды шымырлатып, өне-бойынды тітіркендіреді. Ауылдар, қыстаулар өртке оранды. Кез келген жергілікті адам, ол тіпті шал-кемпір болсын, мылтықпен атылды, қылышпен шабылды. Малды тартып алу, дүниемүлкіті тонау-талау, мине олардың қатығездік ісі осы еді. Төгілген қан, кешілген жан, таланған үй, ойрандалған отбасы-қисапсыз. Ақбасты ақсақалдар қан жоса көзден жасы ағып еңіреді, ақ шашын жайып ардақты әжелер мен аналар зар-запыран жұтты, айдай толысқан, күндей күлген асыл әрулар қара жамылып еңіреген етегі жасқа толды, әке-шешеден айырылып, тірідей жетім қалған балалар бордай тозды. Күреске бел байлап шыққан қаншама боздақтар қанға бөгіп, жер жастанды.

Ленсі уезіндегі 1916 жылғы көтеріліс туралы І. Жансүгіровтің «Жетісу; 1730-1916» деген кітабынан құнды да қызықты деректер кездестіріп. Жетісу көтерілісін басқарғанда деп Алматыда – Қалыбайдың Қожамбегі, Нияздектің Сәті, Жаркентте алған Сауранның Үзағы, Жәменкесі, Сұлтанбектің Әубәкірі, Қапалда – Матай Нұрдан, Тәнекенің Қожабегі, Тоқпамбет Телібай, Қолдей, Қияз ақсақалдар, Ленсіде Мұқамеди Қажы, қаракерей Балтабек, Омар деп көрсетеді. Ілияс, Ленсі уезіндегі көтерілісті басқандардың бірі Балтабек екендігіне айрықша назар аударған. Оның бір Омар Мейірман мен кеген. «Алташқы соқтығыс Алакөл маңындағы елдің б.) дейді де біраз адамдардың өлгенін, Омардың қолға түсіп қалғанын, бірақ онан қашып құтылып кеткенін әңгіме етеді. Мұхамеди қажы бес болыс садырдың әскерін басқарған екен. Көті көргісіз Мырзаханұлы Нұрахмет деген кісіден «Азғут бен Ленсінің арасында жол тоқпақ, көрісіп, шулап жатқан қазақ күндіз-түні ағып-қазан жылап жүртіседі» деген сөзін жазып алыпты. Ол әр уезіне қанша әскер қойылғаны туралы Ленсі уезінде «Әлгізде – 40, Бақтыда – 50, Шұбарағашта – 50 ратниктен және Бақтыда – қазақ-орыс сотниясы (жүзі) деген мәліметтер келтірген. Мұздай қаруланған олар аяусыз жазалау жүргізген.

Осы апаттан, зорлық-зомбылықтан бас сауғалап, Зайсан, Мақаншы, Үржар, Алакөл аудандарындағыдай Үйгентас өңірінен де туған жерін, атамекенін тастап, Қытай асып кеткендері қапшама. Бір деректе Жетісу облысы бойынша жергілікті халықтың төртген бір бөлігі немесе 30 мың адам Қытайға ауып кетуге мәжбүр болғаны келтіріледі. Олар негізінен алты аймақтардан. Содан қазақ саны азайып кеткен. Т. Рысқұловтың мәліметі бойынша, сол тұстарда басқа елдерге қоныс аударудың салдарынан Жаркент уезі бойынша халқының саны 73 пайыз, Пржевальск бойынша – 70 пайыз, Ленсі уезі бойынша – 47 пайыз, Верный уезі бойынша – 46 пайыз, Пішкек бойынша – 42 пайыз кеміген. (Қараңыз: Ж. Қасымбаев «1916 жылғы көтеріліс – А.Н. Куропаткиннің күнделіктерінде» Ақиқат, 1995 ж. , №2). Қашпауға, қоныс аударып кетпеуге амал қалмаған, сірә. Ол үшін Куропаткиннің өз рапортында мақтанып ете жазған мәліметтеріне назар салайық. Ол өлтірылғанын жасырып қалса да, 1917 жылдың ақпанына қарай 347 адамның өлім жазасына кесілгенін, 168 адамның қаторғаға айдалғанын, 228 адамның қамау бөлмелеріне ұсталуда екенін, 129 адамның түрмете жабылғанын тізіп келтіреді. (Сонда). Бұл да толық емес мәлімет болуы мүмкін. Солардың ішінде Алакөлден де.

Тағдырдың көрсетейін деп тұрғаны сол шығар. Ата абыройын сақтайтын, ел мен жерді білек сыбанып қорғайтын ұрпақ қалмас па еken деп ой келеді. Бірақ аз болған жоқ. Шыбын жанға бір күндік жарық болар сан таппай, тоз-тоз шыққан соң, елдің ондай әбігерге түсіуеі де мүмкін емес. Асу бермее аскары, өткел бермее өзені бар жұрт қырақ ұшып жүріп солардың панасын, аз қонаулық өзіндік қорғанысқа ие. Кеткені кетті, қалғаны қалды. Аман қалғаны құдайдың жаңа бір дүбәрасының дейін айғақ ашып, алдыңғы күндердің жұмақ, әлде тозақ есігінен кіргендей жақсы өмір күтті, үміт артты.

Патша тақтан құлады. 1917 жылы ақпан, одан кейін қазан төңкерісі өтті. Кеңес үкіметі жер-жерде орнап жатты. Совдеп құрылды, аулы кеңестері ұйымдастырылды. Оның бәрі қарсыласқы болған жоқ. Кеңесті кедей жағы қолдап, байлар жағы қарсыласып бақты. Әсіресе, күшті қарсылық көрсеткен Колчак басшылық еткен «Уақытша Сібір үкіметіне» қарайтын ақгвардиашылар елдің тағы бір ойран-тоғанын шығарды. Оларға қарсы күрес жүргізу үшін құрылған қызыл әскер де қазақтардың еңбекші емес, кеңес өкіметіне қарсы ақгвардиашылар да бас көтерді.Олардың қарулы әскері Алакөл өңірі сияқты шеттеу жерлерге де келіп, елді әбігерге салады. Әсіресе, Уақытша Сібір үкіметін жарияланған патша адмиралы Колчак Қазақстан мен Орта Азияны Ресейден бөліп, Кеңес өкіметін жою мақсатымен атаман Анненков ақгвардиашыларын Семей жақтан қаптатты. Ол 1918 жылдың орта кезі.

Атаман Анненковтың салған ыланының қан судай шашылды. Сібір әскұлы Семей, Аягоз, Үржардан өтіп, Үшаралға жеткен Анненков баскесерлері бекініп алып, Черкасск қорғанысына кірген Үшаралға шілде айында кірген және штаб құрған жерлерге қауіп төндіреді. Олардың мақсаты Андреевка, Ленсі, Черкасск, Сарқан, Ақсу, Қапал мекендерін алып, Верныйға жету еді. Анненков ақгвардиашылары төрт жұз күннен кейін Черкасск қорғанысын құлатады.


Олармен күресу үшін Ленсі уезіне Черкасск қорғанысы құрылды. Анненковтың қандыбалақ жендеттері сібір жақтан бастап Үшаралға келіп бекінгенше мыңдаған адамның қанын сұлай ағызды. Оған бір дәлел келтірсек те жеткілікті. Алашорданың ардақты азаматы, жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Қарткожа» атты романында ақгвардиашылардың салған сойқаны жөнінде былай деп жазды: «Ақтың әскері басқан жерге шегіртке жайласқандай, бүйі тигендей болды. Шауып кеткен, басып кеткен, атып кеткен дегендер өте көп. Желтау маңында бір ауылды қалмақ қырып кетіпті. Жарылқаптау шіне босып кеткен бір қора қатын, қыздардың үстіне түсіп, ойына келгенін істепті. Қаржаста палонше байдың далаға тықпан жасау-мүлкін өртеп кетіпті. Ақтардың зорлығына жұрт тұлқ серпе алмады». Бұл секілді дәйектер басқа жазушылардың да шығармаларынан табылады. Ақтар Алакөлдің айналасындағы елді мекендерге де сондай әлек салған. Черкасск қорғанысын құлату үшін жанын салған одар аяусыз сойқасады. Үзеге қарайтын 15 село қорғанысқа көшеді. «Черкасская оборона» кітабында 1918 жылдың маусымынан басталып, 1919 жылдың 14 қазанында бұл қорғаныстың құлағаны туралы дерек келтіріледі. Андреевка, Көкжар, Ленсі, Черкасск т.б. селоларды жау басып алып, Ленсіде құрылған совдеп орны ауыстырған. Қорғаныс 14 ай ғана шыдаған.

Черкасск қорғанысын бұғаттаған кейін Анненков аяусыз жазалау жүргізді. «Черкасская оборона» кітабында адам түршігерлік деректер келтіріледі: 1919 жылдың күзінде жиырысына, жасына қарамай 1300 адам атып, шауып, азаптап өлтірілген. Черкасск және Покатиловка селоларында 1800, Калпаковкада 783, Саз еген жерде 200 адам қылышпен туралған, асылған, атылған. Константиновка селосы (Көкжар) тоналды, өртелді, жанын жаткан үйлерден шыққан балалар мен әйелдер оққа ұшқан, қолға түскендерін мектепке камап өртеп жіберген. Константиновкада совден бастығын жұртшы көзінше дарға асып, ішін қойған, бір топ адам тірідей өртеген, қазақ ауылдарынан жеңілген адамдарды кеңсе үйіне қамап, бір-бірлеп есіктен шығарып, балтамен бастаған шауып тастай отырған. Осындай айуандық жұртшы әрекін алып қана қоймай, ашу-ызасын көтерген. Үшарал болысына қарайтын Қарабұлақ селосындағы барлық еркекті қырып тастаған.

(Жалғасы бар).

Спорт – өлемі

◈ Жүлдызды сәт



Тайландта өткен элем чемпионатының Алтын медаль иегері Ибрагим БЕРСАНОВ.

ЕСІКТЕ ӨТКЕН ЕКІ ТУРНИР

Ауданда өткен Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы, Алматы облысындағы алғашқы КСРО спорт шеберлерінің бірі, белгілі банкер Станислав Тынысбеков атындағы жүлдені сарапқа салған республикалық деңгейдегі бокс турниріне Оңтүстік Қазақстан облысынан, Шымкент, Түркістан, Сарыағаш, Жамбыл, Алматы қалалары мен қоса ауандардан 200-ден астам жас боксшылар қатысып, 18 салмақта күш сынасты.

Баянды ЗӨКІРОВ,
"Жетісу"

Мұнда Еңбекшіқазақ ауданының болашағынан көп үміт күттірер 10 боксшы, сарыағаштық 4 сапалақ жеңімпаз атанды.

Еркін күрестен Мұрсал Расуловтың жүлдесі үшін Түргенде болған жарысқа көршілес аудандардан, Алматы қаласы спорт мектептерінен және ауыл-аудандардан 500-ден астам жас палуан-

◈ ПРЕМЬЕР-ЛИГА

Антанын ортасында футболдан премьер-лига командалары арасындағы Қазақстан Республикасының 18 чемпионатының 10 тур ойындары өз мәресіне жетті.

АСТАНАЛЫҚТАР АЙЛАСЫН АСЫРДЫ

Бұл кездесуде Талдықорғанның «Жетісу» командасы Астана қаласының «Локомотив» командасына қарсы ойын өткізді. Соңғы кездері жерлестеріміз жеңістерін көз ашпайтын болды. Осы жолғы ойында да «Жетісу» командасы жанкүйерлерін жеріне қаратты. Не керек, ойынның соңғы кезеңіне дейін қарсыластар қақпасына қауіпті сәттер туғызғанымен есеп аша алмады. Ақыры соңғы минуттарда астаналықтар «Жетісу» қақпасына жеңіс добын енгізді. Осылайша «Локомотив» командасы 1:0 есебімен премьер-лиганың 10 турын жеңіспен аяқтады.

◈ ДЗЮДО

Елбірінішілігі аяқталды

ЕЛІМ ДЕП ӨТКЕН АЗАМАТ ЕДІ

Туған елі өскен, жері үшін қолдан келгенін аямай атқарған азаматтар аз емес. Солардың қажырлы еңбегінің арқасында бүгін іргелі ел болып отырмыз. Солардың бірі, жас кезімізден жақын жүріп, ауылдас болған елі үшін еңбек етіп, игі істерімен есте қалған, қысқа жіп күрмеуге келмей тұрған қиын да қыспағы көп заманда мектеп ашып, қараңғы елдің білім алуына қолұшын берген Әріп Сауранбаев туралы жазу біз үшін үлкен құрмет. Және Ұлы Жеңістің 64 жылдық мерекелі тойында Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан бауырлас азаматты еске алуды өзіміздің борышымыз деп санаймыз.

Әріп Сауранбайұлы Алматы облысының Нарынқол ауданының атақты Шәлкөде жайлауында 1906 жылы өмірге келген. Әріп жас кезінен зерделі де зерек болып өскен екен. Болашаққа деген сана-сезімі ерте қалыптасып, еңбекке ерте араласып, өмір арнасының ізденіс жолына ерте жол тартады.

1927 жылдары Алматы облысына қарасты Шәлкөде өңіріндегі Шакрамбал сайының Қолтық деген жерінде сай-сайда қоныс тепкен кедейлерді біріктіріп, Түзкөл колхозын ұйымдастырады. Колхоздың ортақ қорын нығайту мақсатында, колхоздың басқа мүшелеріне үлгі болу үшін өзі бас болып қойға шаққанда 260 бас қой колхоз ортасына береді.

Колхозшылардың сай-саладан келіп оқитын балалары оқып, білім алсын деген мақсатпен аудан бойынша екінші Құрман мектебі ашылып, ол мектепке Жаркентте ашылған қысқа мерзімде мұғалімдер дайындайтын курсты бітіріп келген Құлмұханбетов Малғаджар деген кісі мектеп директоры болады. Алғаш оқу басталған кезде оқу үйі болмай, киіз үйжиып тігіп, балаларды оқытады.

Сауранбаев Әріптің атқарған істері жоғары бағаланып, оны 1935 жылы, қазан айында болатын Қазақстанның екінді колхозшыларының екінші съезіне шешуші дауыспен делегат болып (мандат 0704) қатынасып үлкен құрметке бөленіп, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Осы жоғарыдағы маңызды жұмыс бітер-бітпес кезде Сауранбаев Әріптің туған ағасы Сауранбаев Сұраншы ірі партия қызметін атқарып жүріп, 1937 жылы қыс айларында Шәлкөдеге жылқы зауытын құру мәселесімен бір топ мамандармен келеді. (Ол кезде Сұраншы Қазақстанның Жер шаруашылығы министрлігінің жылқы шаруашылығы жөніндегі бас басқарманың бастығы қызметін атқаратын). Олар жер жағдайымен танысып, Қытай шекарасы жақын болғандықтан жылқы зауытын құруға болмайды деп шешім қабылдаған. Осыдан біраз уақыт өткеннен кейін ағасы С. Сауранбаев 1938 ж. халық жауы деп қамауға алынады. Сот шешімі шықпай Сауранбаев Әріпті «Халық жауының інісі» деген желеумен құғынға ұшыратып, колхоз бастығы қызметінен босатады. Қызметтен босадым деп күмілжімей, қорланбай халқының қамымен бастаған ісін жай қызметте (бригадир) жүріп те жалғастыра береді. Елін жаңа қонысқа тегіс көшіріп қондырып көңілі жайланған соң көштің соңынан өзі көшіп келеді.

Ел басына төнген соғыс қаупіне байланысты елдегі ер азаматты соғысқа дайындау қарқыны қызған кезде (фин соғысы болып жатқан) жаттығуда өз мылтығынан оқ атылып, оң қолының бас бармағы оққа ұшқан. Осыдан көп ұзамай ел басына төнген соғыс аты алғашқы күннен бастап колхоз еңбеккерлерінің «Барлығы соғыс үшін» деген жалынды ұраны жауға қадалған оқтай әсер қалдырады. Қарапайым халық Қызыл Армияға не керек соның барлығын дайындайды. Әріп атам құралайды көзге атқан мергендігімен атағы шығып жүреді екен. Дереу мергендер бригадасын құрып, Қызыл Армияға ет дайындауға кірісіп, тонналап майданға ет жөнелтіп тапсырманы артығымен орындап, құрметті марапаттауға ие болыпты. Сауранбаев Әріп соғыстың алғашқы шақыруларынан бір бармағының жоқтығынан комиссиядан өтпей үш рет кейін қайтарылып, 1942 жылы 6 августағы шақыруда соғысқа аттандырылады. Алматыда Тастақта кіші артеллерия командирін дайындауда үш ай дайындықта болып, бірден соғысқа кіреді. 22 ноябрь 1942 жылы Калинин облысында соғысқа қатынасып, иығынан және бір аяғынан жаралы болып госпитальда жатқан. Жазылған соң атқыштар полкінде кіші командир болады. Оқ пен оттың арасында жүріп жараланып, соңғы хаты 1943 жылы желтоқсан айында «соғысқа кіргелі тұрмын» деп жазылған. Содан хабарсыз. Сол соғыста Смоленск қаласының түбінде қаза болады.

Бүгінде Ұлы Жеңістің 64 жылдық мерейтойын тойлау қарсаңында еліне қызмет еткен, соғыс майданында қан кешіп, соғыстың жеңіспен аяқталуын жеделдеткен, келер ұрпақтың мұңсыз өмір сүруі үшін жанын да тәнін де аямаған ерлерді ел құрметтеп еске алып, дәріптеп отырса келер ұрпақ үшін үлкен тәрбие болуы сөзсіз.

Сол үшін қазіргі Райымбек ауданындағы Түзкөл ауылына, бір кезде Әріп Сауранбайұлы іргетасын қалаған ауылға аяулы ауылдастың аты берілсе құба-күп болар еді деп ойлаймыз. Халқымыздың салтында болашақты бағалау үшін, өткеннің өз бағасын беру рәсімі қашан да сақталған ғой. Келер ұрпақ өздеріне үлгі болар Әріп сынды азаматтардың есіміне еліктеп өссе, болашағымыз сенімді қолдарға тапсырылған болар еді.

Колхоз ардагерлері
Қ.ӨБИЕВ, Б.САТЫНБАЕВ.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

«ЖАРКЕНТ – АРАСАН» ШАҚЫРАДЫ

Жетісу өңірінің тұрғындарына арасан емдік су көздері XIX ғасырдың соңынан бері-ақ белгілі болатын. 1967 жылы Кіші Жоңғар Алатауы тау пирамидаларының етегінде «Жаркент-Арасан» МСК ұйымдастырылды, мұның өзі сырқаттан арылу үшін қолайлы табиғи ауа қалыптасырады. Пирамиданың өзінің де емдік қасиеттерінің бар екендігі белгілі. «Жаркент-Арасанның» орналасуымен-ақ табиғат мұнда ыстық радон суларымен емдеуге қолайлы жағдай туғызып қойған. Ара қашықтығы: Алматы қаласынан – 300 км., Талдықорған қаласынан – 280 км., Жаркент қаласынан – 48 км., Көктал ауылынан – 24 км. құрайды.

Профилакториялық емдеу көрсеткіштері

Ремиссия кезеңіндегі жүрек-қантамырлары аурулары (жүректің артериалды ишемиялық ауруы, гипертония, ревмокардиттер, миокардиттер), перифериялық жүйке жүйесінің жеделдеу және ремиссия кезеңіндегі аурулары, (функционалдық невростениялық синдромы, ұйқысыздық, невралгия, шала салдану).

Эндокриндік аурулар: созылмалы панкреатит, семіздік, қант

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АКДЕНК ЛИМИТЕД» ЖШС Алматы облысы Қарасай ауданына төмендегідей мамандарды жұмысқа шақырады:

1. Инженер (құрылысшы) – 3 адам.

Қойылатын талаптар: жоғары кәсіби білімі және инженер қызметінде 3 жылдан кем емес еңбек өтілі болуы қажет.

2. Техник (құрылысшы) – 2 адам.

Қойылатын талаптар: арнаулы-орта кәсіптік білімі және инженер қызметінде 2 жыл еңбек өтілі болуы шарт.

3. Құрылыс және темірбетон құрылымдарын монтаждаушы.

Қойылатын талаптар: кәсіптік, арнаулы-орта білімі (сертификат, куәлік), аталған мамандық бойынша еңбек өтілі болуы керек.

Осы бойынша өз мәліметтеріңізді (резюме) Алматы облысы, Қарасай ауданы, Алматы – Бішкек күре жолының 19-шы шақырымы, «Олимпиадаға дайындаудың республикалық базасы» нысанына жіберуге болады. Факс: 8 (727)-295-43-18 «Еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы. **Мекенжайымыз: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі,**

● 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

ЗАМАН-АЙ, АҚ-ҚАРАСЫН ҚАТАР ҚЫРҒАН...

Отыз жетінші жылдың зобаланы тарих қойнауына сіңіп, запыранды да қанды жылдар тізбегі бізден қашалықты алыстаған сайын, оның қоғамға, елге, әрбір отбасына әкелген қайғы-қасіреті әлі күнге дейін жүректерді сыздатады. Кеңестік солақай саясаттың құрбанына айналып, атақты «үштіктің» әмірімен айдалып, соты болып, жазықсыздан-жазықсыз «халықты» атаның, қоғамға сіңірген еңбегі ескерілмей, туған халқына «жау» атанған арыстарымыз кейінгі ақталып, том-том ісі мұрағаттардан табылып жатыр. Бүгінде тарих ақтандақтарының бетперделесін ашуға қаламгерлер қауымы да айтарлықтай үлес қосуда. Тегінде, ақиқат әділеттілік жағында екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Біздің қолымызға қалам алып, ең кінәсіз құғын-сүргін құрбанына айналған ата ұрпақ өкілі жайлы ой төрбеуімізге елтаяғы – «Егемен Қазақстанда» жарияланған (24 желтоқсан, 2008 жыл.) белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің «Әлихан Бөкейханов пен Нығмет Нұрмақов» атты мақаласы себеп.

МӘСКЕУДЕ АТЫЛҒАН...

Осы зерттеу мақаласында автор алты Алаштың арыстары, қазақтың арда ұлдары – Әлихан Бөкейханов пен Нығмет Нұрмақовтың 1937 жылғы 27 қыркүйекте бір баспен айыпталып, бір күнде атылғандығы, олардың Мәскеу түбіндегі монастырь ауданы аталатын байырғы «Дон зиратында» жерленген болар деп топшылап отырмыз. Бірақ, қай жылы қайтыс болды? Бұл бізге әлі де жұмбақ. Өйткені, жазушы деректерді «1935–1963 жылдар аралығындағы атылғандар» кітабынан келтіреді. Осыған сүйенер болсақ, бұл жылдар аралығында атылған азаматтардың қатарында С.Боскыбаев та бар болып шығады. Біз көз жеткізген нақты дерек – әкеміздің Мәскеуде атылғаны.


Арада қаншама жыл өтті десеңізші!.. Тізімнен үлкен әкемнің атының оқып, жоғымыз табылғандай, өлгенімізі тірілтіп келгендей болды. Бұл деректер – біз үшін бағасыз қазына. Сондықтан да осы хабарды жеткізуші, белгілі жазушы Қоғабай Сәрсекеевке және «Егемен Қазақстан» газетіне мың да бір алғыс,- деп Сүлеймен ақсақал ағынан жарылды.

«ХАЛЫҚТЫҢ СӨЙЛЕУШІ ЕДІМ СӨЗІН КІЛЕҢ...»

Халықтың сөйлеуші едім
сөзін үлкен,
Кеңестің қасы емес,
досының ең,
Аман болсам таныстам
өзімді мен.

...Ата-анамды кезеді
сағынғым,
Арұмды кезеді ақылым.
Қалың елім түсіне
ескен кезде
Шырт үзіліп жанымның
ақылдың
сөзімнің.

Бұл жыр шумақтары елім-жерім үшін есепсіз еңбек етіп, халқым дегенде жырдай құлағы жастықша тимеген, бар жастық шағын мемлекетті нығайту жолындағы қызметке арнаған, алайда, кейіннен заңсыз қуғын-сүргінге ұшыраған, «халық жауы» деген тізімде Сейдахмет Боскыбаев 16-шы болып тіркелген. Яғни, Сейдахмет Боскыбаев Алматыда немесе Қазақстанның басқа өңірінде емес, одан алдекайда алыс, алдекайда жұмбақ жағдайда атылғанын білеміз. Мәскеу түбіндегі монастырь ауданы аталатын байырғы «Дон зиратында» жерленген болар деп топшылап отырмыз. Бірақ, қай жылы қайтыс болды? Бұл бізге әлі де жұмбақ. Өйткені, жазушы деректерді «1935–1963 жылдар аралығындағы атылғандар» кітабынан келтіреді. Осыған сүйенер болсақ, бұл жылдар аралығында атылған азаматтардың қатарында С.Боскыбаев та бар болып шығады. Біз көз жеткізген нақты дерек – әкеміздің Мәскеуде атылғаны.


Мәскеудегі Дон зиратының көріністері.

Жазушы келтірген тізімнің арасында әкемнің туған бауыры, жолы жағынан мағаң үлкен әке болып келетін Сейдахмет Боскыбаев есімі көзіме оттай басылды. Не қуанарымды, не жылармды білмей, әрі-сәрі күйде отырып қалыппын, – деп Сүлеймен Көшкінұлы ақсақал әңгімесін сабақтады. – Осы уақытқа дейін әкеміз туралы қаншама мұрағатты ақтардық, қаншама жерге хат жаздық. Толыққанды ақпарат ала алмай, салымыз суға кеткендей күй кешкен күндер болды. Кейін білгеніміз, 1937 жылдың 13 қарашасында жазықсыз ұсталып, бір жыл бойы тергеу жүргізіліп, сотталған екен. Тіпті, ауызекі, анықталынбаған кейбір деректерде ол кісі 1943 жылы түрмеде қайтыс болған деген сөздер де айтылған еді. Біз қайсысының шын, қайсысының жалған екенін осы кезге дейін анық білмей келдік емес пе? Арысымыздың сүйегінің қайда қалғанын да біле алмай, міне, қаншама жылдан бері шүкіре болып келеміз. Дәл осындай жағдайда, Қоғабай Сәрсекеевтің мына жаңа дерегі біздің үмітімізді қайталап оятты.

Жазушы мысалға келтірген «Казахская ССР. 2-я категория» деген тізімде Сейдахмет Боскыбаев 16-шы болып тіркелген. Яғни, Сейдахмет Боскыбаев Алматыда немесе Қазақстанның басқа өңірінде емес, одан алдекайда алыс, алдекайда жұмбақ жағдайда атылғанын білеміз. Мәскеу түбіндегі монастырь ауданы аталатын байырғы «Дон зиратында» жерленген болар деп топшылап отырмыз. Бірақ, қай жылы қайтыс болды? Бұл бізге әлі де жұмбақ. Өйткені, жазушы деректерді «1935–1963 жылдар аралығындағы атылғандар» кітабынан келтіреді. Осыған сүйенер болсақ, бұл жылдар аралығында атылған азаматтардың қатарында С.Боскыбаев та бар болып шығады. Біз көз жеткізген нақты дерек – әкеміздің Мәскеуде атылғаны.

Тоғыз жетіп, сарғая қалған мұрағаттық деректерде Сейдахмет Боскыбаевтың өмірбаяны мен қызметі туралы мәліметтер бар. Сонымен қатар, күғынға ұшырап, жазықсыз ұсталып, түрмеде отырғанда жазған өлеңдері де жақсы сақталған.

– Репрессияға ұшыраған азаматтардың тағдыры туралы материалдарды назарымнан тыс қалдырған емеспін. Сондықтан «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің мақаласын мұқият оқып шықтым. Бір мезетте, өз көзіме өзім сенбедім. Мына бір деректерден оның бұқаралық ұйғасихат жұмыстарына да белсене араласқанын білуге болады. Атап айтқанда, 1934 жылы Кеген ауданық кеңестер съезінде ұйымдастыру және партиялық-бұқаралық жұмысты үлгілі жүргізгені, бекітілген жерде шаруашылық-саяси шараларды белсенді орындағаны үшін оған арнайы сыйлық берілді.

тер оған сенің тапсырылады. Атап айтқанда, 1927–1929 жылдары Кеген ауданындағы Торайғыр ауылдық кеңесінің төрағасы, 1929–1931 жылдары ауданық жер комитетінің төрағасы, 1931–1933 жылдар аралығында жер өкімінің мені ерушісі, директоры қызметтерін абыроймен атқарады. Мемлекеттік қызметте іс-тәжірибе жинақтап, ел алдында беделі арта түседі. Ал 1933 – 1934 жылдары Кеген ауданық атқару комитетінің жауапты хатшысы, одан кейін ауданық партия комитетінің ұйқышысы болып еңбек етеді. Жауапты жұмыста өзін-өзі танытқан азаматқа партия басқа аудандағы ұйым жұмысын жетілдіру міндеті жүктеледі. Қай өңірде жүрсін, қандай жұмыс учаскесінде болсын, жаңа ортаны жатсынбаған Сейдахмет Боскыбаев ұжымды біліктілікпен басқара отырып, адамдарды натиожелі іске жұмылдыра білген.

Жазушы Сейдахмет Боскыбаевтың өмірбаяны мен қызметі туралы мәліметтер бар. Сонымен қатар, күғынға ұшырап, жазықсыз ұсталып, түрмеде отырғанда жазған өлеңдері де жақсы сақталған.

– Репрессияға ұшыраған азаматтардың тағдыры туралы материалдарды назарымнан тыс қалдырған емеспін. Сондықтан «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған жазушы Қоғабай Сәрсекеевтің мақаласын мұқият оқып шықтым. Бір мезетте, өз көзіме өзім сенбедім. Мына бір деректерден оның бұқаралық ұйғасихат жұмыстарына да белсене араласқанын білуге болады. Атап айтқанда, 1934 жылы Кеген ауданық кеңестер съезінде ұйымдастыру және партиялық-бұқаралық жұмысты үлгілі жүргізгені, бекітілген жерде шаруашылық-саяси шараларды белсенді орындағаны үшін оған арнайы сыйлық берілді.

«КІМ МЕНІ «ХАЛЫҚ ЖАУЫ» АТАНДЫРҒАН?»

Өз ісіне шынайы берілген С.Боскыбаев 1926–1932 жылдары аралығында кеңес және партия жұмысын мұлтіксіз атқара жүріп, еңбек демалысын алмағанын, сондай-ақ зая аясында тиесілі курорттық емдеу-сауықтыруды пайдаланбағанын өз өмірбаянында ашық жазады. Ұзақ уақыт демалыссыз жұмыс істеу, әрине, оның денсаулығына кері әсерін тигізгені де сөзсіз. Осындай себептермен Сейдахмет 1937 жылы караша айының басында заңды демалысын алып, отбасымен бірге Алматыға келеді. Алайда, «Жау жоқ деме – жау астында, бөрі жоқ деме – бөрік астында» дегендей, нақ осы кезде жаптым жала, жақтым күйемен істі болып шыға келеді. Демалысы жайына қалып, 1937 жылы, 13 қарашада Андреев аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Сейдахмет Боскыбаев ойламаған жерден қамауға алынады. Бұл туралы өзінің түрмеде жатып жазған өлеңінде былайша сырын шертеді:

Тілеген жоқ еді ғой
Отан құрбан,
Заман-ай, ақ-қарасын
қатар қырған...
Жұртымның жоғын
жоқтап жүрген кезде,
Кім мені «халық жауы»
атандырған?

Мен де бір ұлың едім
әріптеген,
Бір еді менің жолым
халықпенен.
Біреулер «халық жауы»
десе-дағы,
Ешкімге жаулық қылып
көрмеген.

Арыстай азаматқа Кеген ауданында шаруашылықтың сан саласын басқарып жүргенінде Ораз Жандосовпен қызметтес әрі үзеңгілес серігі болғаны кінә болып тағылады. Өйткені, Ораз Жандосов бұл кезде «халық жауы» болып «кара тізімге» ілікken еді. Сонын аркасында ол 1935 – 1936 жылдары Үйғыр аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, 1936 жылы Алматы облысы, Бөрлітөбе аудандық партия комитеті хатшысының орынбасары қызметтерін атқарады.

Деректерді саралай келе, Сейдахмет Боскыбаевтың көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосовпен үзеңгілес серіктес, ел мүддесі жолында мұратқа болғанын аңғарамыз. Бірақ, бұл жағдайды 37-ші жылғы зобаланда тасада тұрып тас ататын арыз-қойлар өздерінің қаскөй мақсаттарына шебер пайдалана білген. Бұл жайында әдекімдердің жаласымен ұсталып, түрмеде отырып жазған өлең жолдарында С.Боскыбаев былай деген:

Ораз ага, мыналарды
қара басты,
Сыбайлас деп мені сізбен
бұлар састы.
Шаш ал десе, бас алатын
сұм пенделер,
Айыра алмай отыр ғой
дос пен қасты.

Кеңес үкіметінің бардық ұлттардың, әр тап өкілдерінің теңдігін жариялаған саясатына мейлінше сеніп, тең құқылы қоғамды орнатуға барынша өз үлесін қоссам деген мақсатты көздеген С.Боскыбаев бүкіл қажыр-қайратын жұмсауда аяғып қалмайды. Бұл жөнінде өзі кейіпкер жазықсыз ұсталып, түрмеде торығып отырғанында былайша толғанады:

Тірі болсам ақталам
бұл жалядан,
Жаным менің айығар
кіл жарадан.
Елім үшін күндіз-түні
еңбек еттім,
Басқа ойды сызып тастап
санадан.

Ауыл мектебінен төрт айлық білім алып шыққан азамат, өмір көре келе, істе шыныққаны, шыңдала түседі. «Отызында орда бұзбаған, қырқында қамал алмас» дегендей, отыз үш жасында Андреев аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып бекітілді. Сөйтіп, аудан көлемінде үлкен лауазымға жоғарылатылады.

Келешегіне сенімді, өз ісін бес саусағындай меңгерген азамат білімін ұдайы толықтыра түсуге ынталы болған. Мысалы, 1935 жылы Алматыдағы облыстық партия комитеті жанындағы нұсқаушылар және аудандық партия комитеті хатшыларын даярлаудың екі айлық курстарында оқып, білімін тереңдете түскен. Осындай білім мен іскерліктің арқасында пленум мүшесі, аудандық партия комитеті бюросына кандидат болғаны анық. Мына бір деректерден оның бұқаралық ұйғасихат жұмыстарына да белсене араласқанын білуге болады. Атап айтқанда, 1934 жылы Кеген ауданық кеңестер съезінде ұйымдастыру және партиялық-бұқаралық жұмысты үлгілі жүргізгені, бекітілген жерде шаруашылық-саяси шараларды белсенді орындағаны үшін оған арнайы сыйлық берілді.


Ағайынды Сейдахмет (оң жақта), Көшкін Боскыбаевтар.

Міне, оның артынан О.Жандосовтың кадры деген желеумен, бірсыпырдың арамзалық пиғылды көрсетуімен С.Боскыбаев та ұсталып, сотты болады. Бірақ, одан кейінгі тағдыры оның отбасына, туған-туыстарына ұзақ жыл бойы белгісіз болып келді.

Журналист Шаяхмет Алжанбайдың «Заман-ай, ақ-қарасын бірдей қырған...» деген еңбегі материалы репрессия құрбандарының бірі Сейдахмет Боскыбаевтың тағдыры туралы бірақ мәлімет берген еді. (Заң газеті», 11.06.1997 ж.). Мақала авторы осы зерттеуінде С.Боскыбаевтың түрмеде жатып елін аңсап, «Тілеген жоқ еді ғой Отан құрбан, Заман-ай, ақ-қарасын қатар қырған» деп туған-туыстарына өлеңмен жазған жүрек толғанысын жеткізеді. Автор «Бір өкініштісі, Сейдахмет ұзақ жылға айдалуға кетті ме, әлде ату жазасына кесілді ме, ол жағы белгісіз еді», – деп кейіпкеріміздің кейінгі жұмбақ тағдырына алаңдайды. Ал С.Боскыбаевтың туған інісі Көшкінің ұлы Сүлеймен ақсақал «Әрлан» атты кітабында: «Елде жүргенде Ораз Жандосовпен бірге жұмыс істегенін, әрі кісінің әкеме (С.Боскыбаевқа – Н.Қ.) нағашылық жағы барлығын жіпке тізген, тығынақ астынан кір іздеген «сенсыздардың жанашырлығымен» қара тізімге ілінген. Сол кездегі сұрқия саясаттың сұрқы бұл. Сонымен 1937 жылдың 13 қарашасында қамауға алынып, бір жыл тергеу жүргізіп, 1938 жылдың қарашасында сотталып кете барған. Кейінгі алынған деректер бойынша, 1943 жылы түрмеде жүріп, 39 жасында қайтыс болған. Марқұм әкеміздің сүйетінің қай жерде жатқанын әлі күнге білмейміз. Білетініміз, – адалдығы, нақақтан-нақақ күйгені», – деп жазған («Қазығұрт» баспасы, 2006 жыл).

Сейдахмет Боскыбаевтың өз басы ғана емес, отбасы, туған-туыстары мен ауылдастары да оның жалған жаламен, негізсіз істі болып кеткеніне имандай сеніп еді. Мемлекет ісіне шын берілген, жас ғұмарын қоғам мүддесі жолына арнаған азаматтың бір күнде «халық жауы» болып шыға келгеніне оны білетін ешбір адам сене алмаған-ды. Ал партия және кеңес қызметкері С.Боскыбаев өзінің адалдығын мына жыр жолдарында туған-туысына ғана емес, келер ұрпақтарға аманат еткендей:

Амандықты айт Аяшым,
туысыма,
Еш кемшілік жоқ еді
жұмысымда.
Сейдахмет жаламенен
қамалды де,
Сенің өткін ісімнің
дұрысына.

Дегенмен, арыстай азамат бір сәтінен, өзінің жазықсыз ұсталғанына өкіне отырып өлең жолдарына айналдырса, екіншіден, түптің түбінде, әділеттілік салтанат құрып, ақталып шығарына имандай сеніп кеткеніне мына жолдарды оқығанда көз жеткізе түсесің:

Аяшым Ораз ага,
не десек те,
Қолағынды сарапап,
ел есептер.

Міне, оның артынан О.Жандосовтың кадры деген желеумен, бірсыпырдың арамзалық пиғылды көрсетуімен С.Боскыбаев та ұсталып, сотты болады. Бірақ, одан кейінгі тағдыры оның отбасына, туған-туыстарына ұзақ жыл бойы белгісіз болып келді.

Журналист Шаяхмет Алжанбайдың «Заман-ай, ақ-қарасын бірдей қырған...» деген еңбегі материалы репрессия құрбандарының бірі Сейдахмет Боскыбаевтың тағдыры туралы бірақ мәлімет берген еді. (Заң газеті», 11.06.1997 ж.). Мақала авторы осы зерттеуінде С.Боскыбаевтың түрмеде жатып елін аңсап, «Тілеген жоқ еді ғой Отан құрбан, Заман-ай, ақ-қарасын қатар қырған» деп туған-туыстарына өлеңмен жазған жүрек толғанысын жеткізеді. Автор «Бір өкініштісі, Сейдахмет ұзақ жылға айдалуға кетті ме, әлде ату жазасына кесілді ме, ол жағы белгісіз еді», – деп кейіпкеріміздің кейінгі жұмбақ тағдырына алаңдайды. Ал С.Боскыбаевтың туған інісі Көшкінің ұлы Сүлеймен ақсақал «Әрлан» атты кітабында: «Елде жүргенде Ораз Жандосовпен бірге жұмыс істегенін, әрі кісінің әкеме (С.Боскыбаевқа – Н.Қ.) нағашылық жағы барлығын жіпке тізген, тығынақ астынан кір іздеген «сенсыздардың жанашырлығымен» қара тізімге ілінген. Сол кездегі сұрқия саясаттың сұрқы бұл. Сонымен 1937 жылдың 13 қарашасында қамауға алынып, бір жыл тергеу жүргізіп, 1938 жылдың қарашасында сотталып кете барған. Кейінгі алынған деректер бойынша, 1943 жылы түрмеде жүріп, 39 жасында қайтыс болған. Марқұм әкеміздің сүйетінің қай жерде жатқанын әлі күнге білмейміз. Білетініміз, – адалдығы, нақақтан-нақақ күйгені», – деп жазған («Қазығұрт» баспасы, 2006 жыл).

Сейдахмет Боскыбаевтың өз басы ғана емес, отбасы, туған-туыстары мен ауылдастары да оның жалған жаламен, негізсіз істі болып кеткеніне имандай сеніп еді. Мемлекет ісіне шын берілген, жас ғұмарын қоғам мүддесі жолына арнаған азаматтың бір күнде «халық жауы» болып шыға келгеніне оны білетін ешбір адам сене алмаған-ды. Ал партия және кеңес қызметкері С.Боскыбаев өзінің адалдығын мына жыр жолдарында туған-туысына ғана емес, келер ұрпақтарға аманат еткендей:

Амандықты айт Аяшым,
туысыма,
Еш кемшілік жоқ еді
жұмысымда.
Сейдахмет жаламенен
қамалды де,
Сенің өткін ісімнің
дұрысына.

Дегенмен, арыстай азамат бір сәтінен, өзінің жазықсыз ұсталғанына өкіне отырып өлең жолдарына айналдырса, екіншіден, түптің түбінде, әділеттілік салтанат құрып, ақталып шығарына имандай сеніп кеткеніне мына жолдарды оқығанда көз жеткізе түсесің:

Аяшым Ораз ага,
не десек те,
Қолағынды сарапап,
ел есептер.

Ақ адамды қаралап
қамағаны,
Дұрыс болмай шығады
келешекте.

Арада қаншама уақыт өтсе де, еліне адал қызмет еткен Сейдахмет Боскыбаев солақай саясаттың құрбаны болғанын уақыт ақтап шықты. Мәселен, КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының 1958 жылғы анықтамасында марқұм Сейдахмет Боскыбаевтың ақталғандығы туралы мәлімет тайға таңба басқандай көрсетілген. Осы деректен кейін-ақ ел қамын жеген абзал азаматтың 37-нің жазықсыз құрбаны болғанын айқын аңғардық. Ол ол ма, «Әкесі үшін баласы жауап бермейді», – деп ұрандаған кеңестік өкіметтің сұрқия саясатынан, жаңа-жақтан ұйымдастырылған қуғын-сүргін зардабынан Сейдахмет ұсталғаннан кейін арада үш жыл салып бауыры Көшкін 30 жасында дүниеден озды. Екі арыстың артында аңырап қарт ата-анасы Боскынбай мен Шыныбала, асыл жарлары Аяш пен Әлия, шиеттей алты бала қалды.

«Орнында бар оңалар» дегендей, бүгінде тәуелсіз еліміздің өсіп-өркендеуі жолында аянбай еңбек етіп жүргендердің қатарында Мереке Боскынбаевтың, Айтбай, Сүлеймен Көшкіновтердің, Нұрбапа Сейдахметовтің де ұрпақтары бар. Олар бүгінде аталар жолын берік ұстанып, тәуелсіз еліміздің дамуына шама-шарқынша өзіндік үлестерін қосып келеді.

«БҰЛ ТІЗІМ – СӨЙЛЕЙТІН ТІЗІМ»

«Байқайсыз ба, өткен күндер еншісіне қаншалықты тағдыр тоғысы жатыр, бастан кеткен ауыр күндер өткен. Осы реттен де алдағы уақыттарда да бұл тақырып жалғаса игі. Оқушы қауым танысып отырған тізімдер астарында небір сыр бар, тегінде, бұл тізім жай тізім емес, сөйлейтін тізім, ұрпақтары табылып жатса құба-құп, әңгіме сонда жалғырады», – деп Қ. Сәрсекеев жазғандай, тізім сөйлеп бергенде, жазықсыз зардап шеккен ағайын-туыстарының Алматыда, тіпті Қазақстанда емес, кезінде «Отанымыздың жүрегі» атанған Мәскеуде атылып, сүйегі сонда жерленгені анықталып отыр. Жоғарыда мысалға келтіріп өткен жана дерекке қанықкан еңбек ардагері Сүлеймен ақсақал үлкен әкесі Сейдахмет Боскынбаев жерленген Мәскеуге барып-қайтуға, көп жыл бойы бейімәлім болып келген мәселенің анық-қанығына жетіп, тапқан жағдайда марқұм жерленген жерден бір уыс топырақ алып, туған жеріне, ата-бабалар мәңгілік тыным тапқан зиратқа жеткізуді жөн көріп отырған жайы бар.

Биыл Алматы облысының Кеген (қазіргі Райымбек), Үйғыр, Андреев (қазіргі Үйгентас) аудандарында жауапты басшылық қызметтер атқарған кеңес және партия қызметкері Сейдахмет Боскынбаевтың туғанына 105 жыл толады. Осы орайда, «Өлі риза болмай, тірі байымайды» дегендей, Отанымызда емес, Мәскеуде атылған Алаш арысын ардақтап, ер есімін есте қалдыру мақсатында оның туып-өскен ауылы Жалаңаштан бір көшеге есімін беріп, 60-шы жылдары ұрпақтары іргетасын қалаған Жайдақөлдық ауылындағы мектепті Сейдахмет Боскынбаев атымен атау және басқа да іс-шараларды қолға алу – бүгінгі ұрпақтың азаматтық борышы. Мұндай іс-шаралар жазықсыз атылып, небары отыздың ішінде өмірден өткен С. Боскынбаевтай азаматтың аты-жөнін жас ұрпақ біліп, халқына адал қызмет етудің жарқын бір үлгісі ретінде өнеге алып өсуі үшін керек екені шүбәсіз.

ТҮЙІН

Елбасымыз Н. Назарбаевтың бастамасымен «1997 жыл – Татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» болып жарияланды. Міне, осынау іс-шара аясында 37-нің зұлматына ұшырап, ақталғаннан кейін де тағдырлары белгісіз болып келген арыстарымыз жайлы қаншама тың дерек табылды, мұрағаттарымыз қаншама құнды құжаттармен толықты десеңізші! Содан бері елімізде саяси қуғын-сүргінге ұшырағандардың тағдырына құрметпен қарау үрдіске айналды. Ал «31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні» болып бекітілгелі бері бүкіл бір кеңестік дәуірді қамтыған, миллиондаған адамдардың жазықсыз жалаға ұшырап, қуғынға түсіп, айдалып, атылып, мезгілсіз өмірден өтуіне себепкер болған сталиндік тұсаттан келер ұрпақ сабақ алуы, адамзатқа жат мұндай зобаланға келешекте жол бермеуі іс деген тәлімдік-тағылымдық бағыттағы шаралар жыл сайын атқарылып келеді.

Өткен ғасырдың 30-шы жылдарында республика көлемін айтпағанның өзінде, бір ғана Кеген өңірінен (Бүгінде Райымбек ауданы) көптеген саналы да көзі ашық, ойы ұшқыр, білімге жүйрік азаматтар шықты. Олардың қатарында, белгілі зерттеуші-ғалым Сағатбек Медеубековтің дерегінше, кейіннен халық «Майлының Қара тамы» атап кеткен Ұзынбұлақ мектебінде мұғалім болған Майлы Орманов, Тоғызбұлақ, Ақтоғай, Подгорный ауылдарында мектеп ашып, оқыту-методикалық әдістемелер жазған, әдіскер-педагог, әнші-композитор Қапез Байғабылов, Қарқарада ұстаздық еткен Сыдық Байбұлынов, сондай-ақ, Жарқынбек Сағымбеков, Мүсілім Шәкіров, Ь. Ботыбаев, республика Халық ағарту комиссариатында қызмет атқарған, кейіннен ауданық оқу бөлімінің меңгерушісі болған Нұрбек Балабеков сынды арыстарымыз 37-нің зобаланында жазықсыздан жазықсыз «халық жауы» атанып құдаланды. «Аққа құдай жақ» демекші, халық қамын жеген есіл ерлеріміздің барлығы да кейінен ақталды.

Біз репрессия құрбандарына әрдайым тағзым етіп, олардың өнегелі істері мен өршіл рухтары алдында әрқашан бас иеміз. Өркендеген еліміздің іргетасын қалауға жастық жалынын, бар күш-жігерін жұмсаған ата ұрпақтың еселі еңбегі, ерлік істері мен есімдері ешуақытта да ұмытылмақ емес.

Нұрлан ҚАЛҚА.

РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

Мезгілсіз сөнген жұлдыздар

Кеңестік биліктің 30–40-шы жылдарында және 50-ші жылдардың басында, әлдірек айтқанда, И. Сталиннің кәзі тірісінде қаумұрт жұрттығын қуғын-сүргін Жетісу жерінің де озық ойлы, адал жүректі, елім деп еңіреген, халқым деп тебіренген азаматтарының тағдырын тәлкек етіп, болашағын бұршалады.

Бұл кезеңнің тарихқа «Сталиндік қызыл қырғын» деп енгізілгені тегін емес. Дүние жүзі пролетариатының көсемі В. Ленинның қайтыс болуының жылдығына байланысты И. Сталиннің «Рабочая газета» редакциясына хаты («Рабочая газета», №17, 1925 жылғы 21 қаңтар) жарыққа шықты. Осы хаттағы: «ішкі және сыртқы жауларымен күресте Ильичше жеңіске жетейік!», деген қағидаға ерекше екпін түсіріледі.

Оның «Социализм жаулары партияны лениндік жолдан адастыруды, сөйтіп елімізді қайтадан капитализм езгісіне алып келуді мақсат етеді» деген сөзі ұранға айналып, ел ішіндегі және халық арасындағы «ішкі және сыртқы жауларды» іздеп тауып, батыл айыптап, «халық жауларын» ортадан алластау қажет деп табылды.

1926 жылдың басында И. Сталиннің «Ленинизм мәселелері туралы» кітабы жарыққа шығып, зиновьевшілердің жоймыпаздық-сатқындық әрекеттерін ымырасыздықпен әшкерелеуге мән берілді, 1928 – 1929 жылдары Бухарин, Рыков, Томский, т.б. айыпталып, олардың көзқарастары партияға қарсы шабуыл деп есептелді. Сондай-ақ, БК/б/-нің 1928 жылғы қазан және 1929 жылғы сәуір пленумдары ленинизмді ішкі және сыртқы жаулардан кездің карашығындай сақтауға шақырды.

1930 жылдың басында қаңтарында Орталық Комитет «Коллективтендіру ісінің қарқыны және колхоз құрылысына мемлекеттік көмек шаралары туралы» қаулы қабылдады. Мұнан соң 3 наурызда И. Сталиннің «Табыстан бас айналу» атты мақаласы жарыққа шықты. Мұндағы мақсат – партия саясатының жүзеге асырылуына астыртын қырсығын тигізіп жүрген сілтіктерді ауыздықтау, ішкі және сыртқы жаулардың, олармен ауыз жалдасқан империализм агенттерін түбірімен жою үшін күш біріктіру еді. Ал осындай іс-әрекеттердің барысында ұлы көсем тарапынан халықтың саяси өресі, білімі мен тұрмысы, жаңа қоғам орнатудағы дәрменсіздігі есепке алынбады. Сөйтіп, ақ патшаның езгісіндегі бейшара халық қызылдардың семсерінің астында қалтыраған күй кешті.

Дәл осы кезде Қазақстан БК/б/П өлкелік комитетін басқару, яғни 1925 – 1933 жылдарда Ф. Голощекинге жүктелді. Канкүйлы функционер қазақтарға қасірет болып жабысты. Ол: «қазақ ауылын Қазан революциясының сыпырғышымен ұшықтаймыз» деген кезде салды және оларды, бейсенде жүзеге асырып отырды. Соның салдарынан қазақтың бетке ұстар азаматтары дек-легімен, топ-тобымен «халық жауының» қалпағын кигі. Олардың санының жедел көбейгені сондай, естіген құлақ тұнып, жан түршіктірді.

Арада жылдар өткен соң ақиқаттың ақ туы көтеріліп, елін сүйген, оның келешегі үшін жанын берген азаматтарымыз «халық жауы» деген нақақ жаладан арылып, «сүйтсе ақ, сұдан таза» келбетімен ортамызға оралды. Олар өз ұлтының шын мәніндегі мақтанышына айналды. Сонау 1990 жылдың бірінші қаңтарына дейін бұрынғы Талдықорған облысының прокуратурасы мен соты 2,5 мыңға жуық азаматты іс-әрекеттерінде қылмыстық белгілер болмауы себепті жазықсыз деп танып, оларды толық ақтау жөнінде шешім қабылдады. Соның ішіндегі коммунистердің партияға мүшелігі де қалпына келтірілді.

Қара үңгірдің ішінде, көзден тасада оққа ұшқандар есімдері қайсарлық пен ұлтжандылықтың үлгісі ретінде танылып, Қиыр Шығысқа, итжеккенге айналғандардың жаны амандары туған жердің төсінде ағайын-туысқандарымен қайтадан қауышып, жылап көрісті. Солардың бірі – Ақсу ауданының сүйікті ақсақалы Мұхаметқали Дәуренбеков болатын. Бұл атаның осыдан жиырма жылдай кейінгері сұхбат-әңгімесі әлі есімде. Қария сол уақытында сексен бес жаста болды.

– Мен сендерге қалай «халық жауы» болғанымды айтып берейін, – деген еді Мұхаң жарықтық. – Ақсу аупартқомының хатшысымын, 1942 жылдың қараша айында ойда-жоқта ұлтшыл-контрреволюцияшыл топтың мүшесі болып шыға келдім. НКВД төтеншe мәжілісінің шешімімен он жылды арқалап, партия мүшелігінен де шеттетілдім. Мұнан соңғы өмірім Коми АКСР жеріндегі көмір кенішінде жалғасты. Содан 1960 жылы туған жеріме, Ақсу бойына қайта оралдым. Айдауда жүрген жылдарда ауылдағы ағайындарға хат-хабар жолдауға, баскадай байланыс жасауға тыйым салынды.

Сонда аупартком хатшысы М. Дәуренбековтің істі болуының себебі, 1937 жылы қазақ елі басшыларының бірі Ұзақбай Құлымбетов Ақсу ауданына қызмет бабымен келіп, кедей-шаруалар тұрмысымен танысып, Алматыға келісімен ол да «халық жауы» ретінде, тұтқынға алынады. Ендігі жерде осы адаммен бірге болғандар, оның сөзін тыңдағандар «халық жауы» болуы тиіс. Ұзақбай Құлымбетов осыларды өзінің сенімді жақтастары етіп ықпалына көндіріп алыпты-мыс. Өзара ауыз жаласын, кеңестік құрылысқа тілдерін тигізген депті.

Сонымен Ақсу аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жайлау Алдабергенов, хатшылары Сатыбалды Хамитов, Мұхаметқали Дәуренбеков, комсомол ұйымының хатшысы Сайлаубай Дәулетбаев, оқу бөлімінің меңгерушісі Әбдікәрім Төтенов, колхоз басшылары Тұрысбек Еркенов, Орысбай Кененбаев, Байкожа Аманбаев және басқалар әртүрлі жазаға тартылды. Айыпталғандардың ішінде 1924 жылы В. Ленин қайтыс болған соң партия қатарын саналы саяси күрескерлермен толықтыру үшін қабылданған коммунистер де болды.

Ақсу өңірінің тамаша азаматтарының бірі – Жақып Майлин атты ауыл мұғалімі болатын. Ол 1938 жылдың басында «колхозшы-шаруаларды кеңес үкіметіне қарсы үгіттеді» деп айыпталып, НКВД «үштігінің» шешімі 19 ақпанда үкім орындалды, оған ату жазасы берілді. Істің соншалықты жедел жүргізілуі, үкімнің де жедел орындалу себебі, Жақып Майлин Білэл Сүлеевтің, қазақтың тұңғыш халық ағарту комиссарының туысы екендігінде. Расында, Білэлдің әкесі Сүлей мен Майлы туыстар. Білэл Сүлеев 1937 жылы ұсталып, ол да «халық жауы» деп табылған-ды. Мұның сыртында Білэл Сүлеев, Ілияс Жансүгіров пен Жақып Майлин есімдері туған жерінде тана емес, Жетісуда, тіпті қазақ арасында беделге не болып келе жатқан-ды.

Тек Ақсу ауданынан гана «халық жауы» деп айыпталып, кейіннен ақталып, ортамызға оралғандардың кейбіреулерінің аты-жөндерін қолдағы деректерге сүйеніп, елге таныстыруды парыз деп білеміз.

Олар: Жазылбай Байболов, Дүйсенқұл Дүйсебаев, Мұрын Бабашев, Ағадай Жамбынов, Петр Куликов, Бейсенқұл Смайылов, Жәнібек Биязаев, Сүлеймен Бәкеев, Есеңаман Балабеков, Нөкербек Елубаев, Әйткәрім Еркетанов, Қайырбек Қарынов, Қаупен Қашымбеков, Құндакбай Күнтуев, Тілеу Көмекбаев, Сейсембек Тайпылов, Құрмаш Толқынбеков, Рысбай Түлкібаев және басқалар. Осы аталғандардың бүгінде бірде-бірі арамызда жоқ. Сондықтан оларды еске алып, мақтаныш етеміз, өздерін болмаса да соңында тұқым-тұқиянларының барын білеміз.

Сарқан ауданында ғұмыр кешкен Беймұхамет Қуатбаев (белгілі композитор Күнсайын Қуатбаевтың әкесі) аксакал 1942 жылдың мамыр айында «Ораз Жандосов, Ораз Исаев, Ұзақбай Құлымбетов және басқа казақ ұлтшылдарының сыбайласы» деп айыпталды. Осынау ел басшылары Сарқан ауданында болғанда

ӨМІР ДЕГЕН ҒАЛАМАТ ҰЛЫ АҒЫСТА, ӨЗ ҚАЙЫҒЫН ӨЗІ ЕСЕР АДАМ ҰСТА



Қарттарым – қазынам

Қарттарым қазынам ғой ауылымда,
Сыйласаң жат та бірдей, бауырың да.
Үлгі боп отырсыңдар өткізумен
Әмірдің жеңілін де, ауырын да.

Шежіре әрбір айтқан сөздерінде,
Мейірім, шапағат нұр көздерінде.
Жас ұрпаққа ісіңмен үлгі болып,
Алға озып келесіңдер өздерің де.

Өмірдің көріп небір дауылын да,
Еңбектің аткарып бар ауырын да.
Зейнетін көріп бүгін еңбегіңнің,
Қадірлі боп отырсың қауымында.

Қойшыбай ҚАЛИЕВ,
зейнеткер.

БӨРІБАЙ БИ АУЫЛЫ.
ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

■ ЕСТЕЛІК

Иә, тағдыр деген өте бір қызық. Сонау 1963 -67 жылдары Абай атындағы педагогикалық институтында оқып жүрген кезімізде тобымызда 25 адам болды. Әр облыстан, дені Алматы облысынан еді. Сол біздің ішімізде өте әдемі, көзі ботадай, нәзік жанды «жай сөйлеп, шашын бір жағына түйіп қойып жүретін Ғалия Қасенова деген қызымыз болды. Білімге деген құштарлық берімізді осы жерде тоғыстырып, 4 жыл бірге оқып, бірге демалып, жастығымыздың бал-



ЖАҢЫ ТАЗА ЖАН ЕДІ

Сарқан аудандық ардагерлер кеңесінің бұрынғы төрағасы Сапа Байжұмановтың қайтыс болғанына бір жыл толуына орай

дәуренді күндерін өткіздік. Ғалиямыз Өнкурстан кейін жазғы демалыстан келсек, тұрмыс құрыпты. Таңдаған жұбайы атжақты келген орта бойлы, күліп сөйлеп тұрғанда кейде балаша төмен қарап саусақтарын санап тұрғандай күйде болатын (бұл әдеті кейін ел ағасы болғанда да қалмапты) Сапа Байжұманов екен. ҚазГУ-дің заң факультетінде оқиды, армия қатарына барып келген. Екеуі бірін-бірі мектепте оқып жүргеннен біледі екен. Мінездеріне қанық, жұптары жарасып тұрды. Екеуі де көп сөйлемейді, дауыс көтермейді. Біздің топтың студенттерін Сапа сыйлап, ер уақытта құрмет жасап жүреді. Ғалия балалары болса да Сапаның арқасында бір күн де сабақтан қалмады, конференция берілген жазып жүрді. Алғашқы қыздары Гүлнар туғанда кадимгідей шілдехана жасалып, тобымызбен жайлап, ақ тілеу, ақ ниетімізді білдіруге барғандағы Сапаның қуанышында шек жоқ, ес езуі құлағында, көп сөйлемейді, тек көңілді отырып, осы Ғалия мен балам

жылдары менің жұбайым Ә. Баймағамбетов те ішкі органдар саласында жауапты қызметте болып, тілті жиі көрісетін болдық.

Зейнетке шыққан соң да тағдыр бізді облыстық ардагерлер кеңесінде кездестірді. Сапа Сарқан аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы екен, (бұрын ішкі істер бөлімінде осындай қызмет атқарған). Қуана қауыштық. Еңбегі жемісті болды. Себебі, өз ісіне тиянақты, талап етілген шаруаны қалт жібермей уақытылы орындауға тырысатын.

Ол басқарған ұйым алдыңғы топтан көріне білген, беделді ұйым-

аман болсын деген тілекті қайталай бергені көз алдымда. Тәубе, айтқанымыз орындалып, артынан тағы да 3 баласы туып іргелі де сыйлы отбасы болды.

Сапа шын мәніндегі заңгер мамандығына сай байыпты, тереңнен ойлап, ер сөзіне де, ісіне де асқан жауапкершілікпен қарайтын. Ал Сапаның жазған жазуы тасқа салынған өрнектей өте әдемі, біркелкі анық болатын. Осы әдемі жазуы біздің топтың «үздік» дипломға бітірген төрт студенттің дипломында қалды. Институтты бітірген соң құжат толтыруды жазуы дұрыс деген 2 – 3 студентке тапсырды Біз деканымыз марқұм Н.Киікбаев ағай мен куратормыз С. Қарашев және хатшы О. Бексиханқалардан өтініш сұрап, Сапаға толтыртқызып едік. Сол қолтаңба Сападан қалған ескерткіш болды.

Кейін бәріміз мамандыққа сай ер жерде қызмет еттік. Облысымыз біреу болғандықтан жиынжай, мәдардың бірі болды, еңбегі аталып, республикалық ардагерлер кеңесінің IV съезінің делегаты болып сайланып, кейін жаңа жігермен жұмысқа араласты Бірақ ауру сыр бере бастап өзін біраз шаршатып жіберді. Ауруханада жатса да жұмысына жаны ауырып, хабарласып, мүмкін болғанынша, барлық талаптарды уақтылы орындап отырған іскер де адал басшы болды.

Енді міне, ортамыздан бақилық өңірге кеткеніне де бір жыл толып отыр. Ұмытпаймыз. Артында сүйікмді де, адал жары Ғалиясы, балалары – Гүлнар, Гүлмира, Арын, Назгүлі, немерелері бар. Арыны мен Назгүлі заңгер мамандығын меңгерген. Отбастары аман болып, екеңе ақ жолына лайықты болуларына, тілектесінің Сапаның, жары жанатта болып, ербір оқыған дұға мен айтылған ақ тілектер қабірін нұрландырып тұрсын.

Зура МОЛДАБАЕВА,
облыстық ардагерлер кеңесінің мүшесі.

ТАЛДЫҚОРҒАН.

■ СОЛ КҮНДЕРДІҢ БЕЛГІСІ

Кең маңдай, ықшам денелі, орта бойлы адамның мектеп оқушыларына, ауыл жастарына сұрапыл соғыс оқиғаларынан айтқан әңгімелері олардың көз алдынан күні кешегідей елес беріп кетер емес. Бұл адам – қазір арамызда жоқ болғанымен Ұлы Отан соғысының басынан аяғына дейін қатысып, талай қан-төгіс шайқастардың куәсі болған, бейбіт еңбекке өмірінің 35 жылын арнаған ардагер Ақылша ЖАНСЕРІКОВ еді.



Отан үшін от кешкен

Соғыстан Жеңіспен ауылға оралысымен мен II топтағы Ұлы Отан соғысының мүгедегімін деп бәлсінбестен бейбіт еңбекке араласып кетті. Тенін тауып, Қатышпен отау құрады.

Өзі туған «Науатоған» колхозына бастауыш партия ұйымының хатшылығына сайланады. Қырық бес шақырым қашықтықтағы аудан орталығына қысы-жазы жиналысқа атпен жиі барып қайтуына тура келеді.

Бір аяғы протез оған бір-екі жыл шыдағанымен ары қарай киып бола түсті. Мұны байқаған колхоз басшылығы Ақылшаға сауын сиыр фермасын басқаруды жүктейді. Ол кезде бір өзі есепші мен ферма меңгерушілік қызметті бірге атқаратын. Бұл басқарушылық істі 12 жыл жауапкершілікпен нәтижелі атқарған Ақылша 1960 жылы ауыл орталығынан 60 шақырым қашықтықта орналасқан Мақпал жайылымы ұлжасесіндегі дүкенге сатушы болып, отбасымен көшіп барады. Ел шетінде, жел өтінде малшылардың көңілінен шыға жүріп, 21 жыл мінсіз еңбек етіп, құрметті еңбек демалысына шығады.

1942 жылдың күзінде Ставрополь өлкесінде жаумен тіресken бір айқасты әңгімелегені әлі есімізде.

... Түн. Біздің артиллериялық дивизион жауды тықсырта Буг өзенінен өткізе куып жатты. Мұны байқап қалған жаудың енді бір бөлімі сырт жақтан шабуыл жасады. Осындай қиын жағдайда калса да жауынгерлеріміз жауға берілмей тіресе соғысқа кірісті. Көп кешікпей жау ұясы талқандалып, Днепр өзеніне қарай ығыстырылды. Бір тәулікке созылған бұл шайқаста жау бірнеше танкпен жүздеген әскерінен айырылды. Осы жолы жас жауынгер Ақылша Жансеріков «Ерлігі үшін» медалiне ие болған.

Варшава үшін болған шайқаста майдан газеттерінің бірі былай деп жазған: «А. Жансеріковтің атқыштар батареясы жаудың 20 танкісін, 150 әскерін жойып, аскан ерлік көрсетті». Дәл осы кездегі ерлігі үшін батарея командирі Ақылша Жансеріков III дәрежелі «Даңқ» орденімен наградталды.

Уақыт баяу жылжып жатты. Жеңіс күні де жақындай берді. Біздің айбынды Қарулы Күштеріміз неміс басқыншыларын байтақ Отанымыздың жерінен мүлде аластап, Берлинге бағыт алды. Әсіресе, Германияның Одер өзенінен өту бізге көп қиыншылықтар келтірді, – деп еске алған еді ол кезді Ақаң.

– Алайда әртүрлі ақыл-айла қолдана отырып өзеннен де өттік. Берлин түбінде біздің батарея алдыңғы шепте жүріп жатқан жаяу әскерлерге жол ашты. Рейхстагқа сегіз шақырым қалғанда жау снарядынан ауыр жараландым. Мына аяқты сонда бердім, – деген-ді ол таяғымен ағаш аяғын нұсқап. – Мұндай халге душар болған жалғыз мен емес қой...

Ол күндерді ендігі ұрпаққа бермесін. Ақаң ауыр күрсініп, ауыр ойға батқан еді. Сүйікті Отанына нағыз берілген азамат Берлин түбіндегі ерлігі үшін II дәрежелі «Даңқ» орденімен наградталды.

Мұның сыртында «Варшаваны алғаны үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарын өңіріне қадады. Осылайша Ақылша Жансеріков туған елге жеңіспен оралды. Сауда саласындағы ұзақ жылғы үздік қызметі үшін бірнеше рет аудандық, облыстық, республикалық тұтынушылар одағы басқармасының Грамоталарына ие болды. Озат сауда қызметкерінің суреті аудандық тұтынушылар қоғамы басқармасының Құрмет тақтасына ілінген.

1979 жылдың қоңыр күз болатын. Ақылшаның зайыбы Қатыш 2-3 күнге ауылға кеткен. Ақылша жалғыз өзі болған соң кешкісін көршінің үйіне барған.

Соңғы жылдары Ұлы Отан соғысының I топтағы мүгедегіне жатқызылған. Ақылша Жансеріков үкіметтің соғыс мүгедектеріне беретін жеңілдіктерін пайдаланудан шет қалып көрген емес. Жеті жылда бір рет беріліп, айырбасталып тұратын «Запорожец» жеңіл машинасына үш рет не болып, игілігіне пайдаланып, баратын жеріне барып-келіп тұрды.

Зайыбы Қатыш шалының артынан іле-шала 2005 жылы 81 жасында дүниеден өтті. Бұлардың кіші баласы Болат қара шаңырақ түтінін түтетіп, жалғастырып келеді. Балалышағалы отбасы. Ақылша ағаның үлкен баласы Асылхан соңғы жылдары Талдықорған қаласында тұрады.

Нұртай ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ,
ҚР білім беру ісінің үздігі.

АЛҒАБАС АУЫЛЫ,
КӨКСУ АУДАНЫ.

■ ТАҒЫЛЫМ

Таулары тарих, даласы шежіре саналатын қабырғалы Қаратал ауданының арғы-бергі тарихында өмір дастаны аңызға бергісіз, тау мүсінді тұлғалар көптеп үшырасады. Солардың бірі – заманында ел жұртының ризашылық пейілмен, ауыз толтырып «Шәймерден партизан, мерген»,- деп атаған, қарадан шыққан қара күш иесі, саяткер, жүрек жұтқан батыр Шәймерден Бейісов еді. Қос бірдей ғасырдың куәгері болған, өткен жүз жылдықта бейқұт жатқан қазақ даласын да от жалынымен шарпыған Азамат соғысы жылдарында партизандық іс әрекетімен, құралайды көзге атқан мергендігімен, ал Кеңес өкіметі тұсында жеке дара тіршілік еткен ағайындардың басын біріктіріп, коллективтендіруде қайраткерлігімен ерекше көзге түскен ол ақын-жазушылардың шығармасына өзек болады. Айталық, жазушылар Жүсіпбек Арыстановтың «Жер үйығы-Жетісу» кітабы, Ғабдол Слановтың «Қара аю» өңгімесі, халық ақыны Қалқа Жапсарбаевтың «Партизан Шәймерден» толғаужыры, бертіндегі арыңды ақын іниміз Қайрат Әлімбектің «Батыр бел буғанда» атты балладасының арқауы да осы ерен ердің ерлік істері еді.

ШӘЙМЕРДЕН мерген



Ақындар жырына қосқан, қаламгерлер шығармасына желі еткен Шәймерден мерген 1877 жылы қазыналы Қараталдың Қызылжар өңірін жайлаған Түрке әулетінің (Онекі ата Жалайырдың бір ұлынан тараған ұрпақ. Автор.) отбасында дүниеге келеді. Қатарынан оза туған, жасынан-ақ заңғар көкте самғап ұшар қыран тектес мінезімен танылған ол бозбала шағынан аңшылық пен саятшылық өнерге бір табан жақын тұрады. Әрдайым шу асауды құрықтап, ат жаратып, иығынан құс ауыз шиті мылтығын, жанынан жүйрік тазысын тастамайтын. Атқан оғы далаға құр кетпейтін. Ал бертін келе атқанын мүлт жібермес мергендігімен есімі алыс-жақын шартарапқа тарайды. Елдің аузына, сұлудың көзіне ілігеді. Мамыражай бейбіт күндер де ескен желдей, шапқан аттай зуылдап өте шығады. Кезінде «Жаңа заман» деп дәріптелген Кеңес өкіметінің дүмпуі де Жетісуға жетеді.

Жер басып, бойын шалқақ ұстаған әрбір адам өзі өмір сүрген қоғамның төл перзенті саналары бар. Таразының басы қызылдар жағына ауғанан бастап кеудесінде алаулаған жалын оты бар, тас қамал бұзар қырыққа толған Шәймерден шашақты тұстап, атқа мінеді. Төңірегіне елден іріктеліп шыққан еңшең сайдың тасындай: Сатқын, Қатқылбай, Омар, Мұқымжан іспеттес жігіттерді топтастырады. Бес қаруы сай болып жасақталған қызыл гвардияшылар отрядын құрады. Неге десеңіз, Ресейдің орталығынан ығысып, көршілес Қытайға барып бас сауғалауды мақсат тұтқан ақ гвардияшыл атаман Анненков пен Дутовтың бас кесерлері жолындағы жалпақ жатқан бейбіт елдің шырқын бұзады. Ауылдарды әбігерге түсіріп, төрт түлік малға қол салады. Арам ниеттілердің осындай бассыздық әрекетіне шыдамай егеулі найза қола алған Шәймерден бастаған намысшыл да қайратты азаматтар партизандық іс-әрекетке көшіп, қас дұшпанды күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырады. Әйтеуір не керек, түн қатып жүріп, түс қашып жүріп туған елі мен жерін жат жұрттықтардың езгісінен, тепкісінен қорғайды. Партизан Шәймерден, ер Шәймерден деген атақ-даңққа бөленеді. Ақ гвардияшылардың соңғы сілімтігін Қапал асырып, құып шыққанға дейін тыным көрмейді.

Екі жылдай ат арқасынан түспей, қастаңгөй жауды шекара асырып, құып тастап, кіндік қаны тамған Қараталға оралса (шамамен 1921 жыл) ертеңгі күнге үміт артқан ел-жұрты қоңторғай тіршілік кешуде екен. Соғыс пен жеті ағайынды жұт зардабынан ашаршылықтың алғашқы нышаны сезіле бастапты. Партизан Шәймерден енді мерген Шәймерден атанып, қырдан аулаған аң-құсының етімен тарыққан елін асырайды. Үштөбе төңірегінде аңшылар одағы артелін, ал төменгі Балқаш бойында балықшылар артелін құруға ұйытқы болады. Көне көздердің бізге айтқан дерегіне сүйенсек, Шәймерден ағаның тығырықтан жол таба білу іскерлігінің арқасында Түрксіб темір жолының тартылуына орай Қаратал өзеніне салынып жатқан көпір құрылысшыларын (Мостострой) және қазіргі Қызылжар ауылындағы (Бұрынғы Дзержинский селосы) балалар үйі тәрбиеленушілерін қажетті азық-түлікпен қамтамасыз етеді.

Өткен ғасырдың отызыншы жылдардың ортасы. Өз алдына жеке шаңырақ көтерген Қаратал ауданында да ауыл шаруашылығын коллективтендіру ісі қызу қарқын алады. Жаңа өмірдің талабынжан жүрегімен сезінген Шәймерден мерген «Бірлік түбі-тірлік», «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген қағиданы ұстанып, маңайына сөз өтетін, еңбек десе елеңдеп тұратын отызданастам түтін мүшелерін топтастырады. Аудан басшылары кеңсесінің табалдырығын тоздырып жүріп, түрен түспеген тың жатқан Жылыбұлақ арнасы мен Қусақтың сайы арасындағы жерді игеру рұқсатын алады. Бертіндегі «Новый мир» колхозының іргетасы саналған «20-шы точка» деп аталатын артель құрылады. «Шәймерден ауылының» берекелі тіршілігінен хабардан болған ел-жұрт құлақтанып, алыс-жақыннан ағыла келіп қосылған ағайын туыстардың қатары толысқасын шағын артель енді іргелі колхозға айналады. Көрегенділігімен көш бастаған Шәймерден бұл жолы да қағылездік танытып, колхоз төрағалығына өмірлік тәжірибесі бай, елге сыйлы азамат Рамазан Омарұлын ұсынады. Колхоз мүшелері бұл ұйғарымды бірауыздан қолдайды. Ал Рамазан аға болса жарқын ісімен көпшілік сенімін ақтайды. Ұжымдық шаруашылық аяғынан тік тұрып кеткен тұста (1941-1942 жылдар) жайқалып өскен күріш егістігінің әр гектарынан рекордты 100 центнерден түсім жиналады. Ортақ істен сырт қалмаған Шәймерден мерген колхоздың төрт түліктен тұратын мал фермасын ұйымдастырып, өмірінің соңына дейін оның меңгерушісі міндетін абыройлы атқарады.

Қиындығы мен қызығы мол бейбіт күндер қол бұлғап кейінде қалады. Батыста екінші дүниежүзілік соғыс бұрқ етеді. Өндіршін жастар мен жасамыс тарткандар қанды майданға аттанады Шәймерден ағаның ат жалын тартқан үлдары да Отанын қорғау үшін қару асынады. Ел басына күн туған сын сағатта атойлап намысқа мінген Шәймерден мерген Азамат соғысынан сақталған бес қару-жарағын асынып, найзасын қарына іліп, мылтығын асынып, қылышы мен қанжарын беліне байлап, жүйрігіне мініп ауданның әскери комиссариатына барады. Әскери комиссарға жолығып, өзін кідіртпей әскер қатарына алуды, шұғыл майданға аттандыруды сұрайды. Ондағылар істің мәнжайына қаныққан соң жасы алпыстан асқан ақсақалды сабырға шақырып: «Сіз тылда еңбек етуге, жастарға басшы болуға лайықсыз»,– деп тоқтау айтады. Арыстандай айбатына, жолбарыстай қайратына мінген қарт батырдың осы бір шамырқанған буырқаныстысәтін Қазақстан жастар одағы сыйлығының лауреаты ақын Қайрат Әлімбек «Батыр бел буғанда» балладасында: «– Әй, сонда мені кім дейсің? Менде де жауға сыйлық бар! Соғысып жүр ғой білмейсің, Буденный, Ворошиловтар. Жібергің мені майданға, «Пәшесті жөндеп көрейін, мен келдім жалғыз байламға, жастығымды ала өлейін... Болса да ісі күлкілі, батырлық еді ол нағыз...»,- деп келістіре жеткізері бар.

Әрине сайыпқыран батырдың шау тартқан тұста қайратқа мініп, намысқа шапқан бұл тілегінің аяқсыз қалып, орындалмауы заңдылық еді. Оның есесіне еңбек майданының көрігін қыздырады. Жеңістің жақындай түсуіне хал-қадірінше үлес қосады. Кезінде өзі іргетасын қалаған «Новый мир» колхозының Майлыбай төңірегіндегі қой фермасының меңгерушісі міндетін 1945 жылдың ақпанына, қашан көзі жұмылғанға дейін атқарады. Еңбек ардагері Мұсахан ағаның айтуына сүйенсек, Шәймерден мергеннің бейіті Майлыбай мал жайылымының солтүстік жағындағы Қаспақбай көліне таяу жерге орын тепкен. Бейіттің төңірегі шеңгелмен қоршалған. Қазір бұл маңайда Сәкен Серікбайұлының шаруа қожалығы орналасқан.

Халық ақыны Қалқа Жапсарбаев «Партизан Шәймерден» толғау –жырында: «Жырладым Шәймерденді бір батырды, үйретті ол халық үшін түн қатуды»,- деп жырлағандай, бес қаруын асына жүріп еліне қорған болған Шәймерден Бейісов есімін жерлестері қадірлеп, қастер тұтады. Жылыбұлақ ауылындағы көшенің бірі оның құрметіне аталады. Тағы бір ден қоярлығы, мергеннің көзі жұмылғаннан кейін Алматы қаласындағы Республикалық мемлекеттік музейдің қызметкерлері арнайы іздеп келіп, батырдың тұтынған қару-жарағы мен сырт киімін, басқадай да құнды құжаттарын аттай қалап, сұрап алса керек. Сол құнды дүниелердің содан кейінгі жылдардағы тағдырталайы беймәлім. Бәлкім, бұған кезінде жоқшысы мен іздеушісі болмағандығы да әсер етуі мүмкін. Батырдан қалған үрпақ бүгінде Бастөбе ауылын мекендейді. Елін сүйгенді елі қашан да сүйері, қастерлері бар.

Қараша ҚАРАМАН.
ҚАРАТАЛ АУДАНЫ.

e-mail:
Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Жетісу

Сейсенбі,
13 желтоқсан
2011 жыл

5

АЗАТТЫҚТЫҢ НАҚ ТҰҒЫРЫ – ЖЕЛТОҚСАН!

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНЕ – 25 ЖЫЛ

ШЫНДЫҚ ДЕП ШЫРЫЛДАДЫҚ

немесе 25 жылдан кейін айтылған ақиқат

1986 жыл. 16 желтоқсан. Шықырлаған аяз бет қариды. Түстен кейін дәріс алатын біздер аудиторияға енгенбіз. «Неғып отырсыңдар, барлығымыз алаңға барайық. Конвенты алып тастапты. Орнына Мәскеуден біреулі әкелгелі жатыр екен. Елдің бәрі алаңға жиналыпты» деген ұсынысқа елең ете қалдық. Сәлден кейін ешкім болған жоқ. Орнымыздан ширақ тұрып, сыртқа беттедік. Университеттен шығып, алаңды бетке алып бара жатқандар тек біздер емес екенбіз. Біз де соларға қосылып, алаңды бетке алдық

Барымдар ауылдарына. Көтеріліске қатысқанның қандай екенін ата-аналарын, туған-туыстарын-ақ көрсетсін. Балаларын баскесер. Бұзақылар деп ата-аналарына аударыстарды ала қолдарын шошайтады. Бұзақылардың туыстары болғандықтан ата-әжелерін, ата-сәкілерін енді жоғары оқу орнына жолай алмайтын болады... Соны тілеп бардыңдар ма? Өмірбаян сондарында адам жүреді. Қатыстым деген сөзді айтушы болсаңдар, сендермен бірге туыстарың да жазаға тартылады...

Бұл сөздер құлағымызда шаңылдап әлі күнге дейін тұр. Мұнан соңғы да шығар сол кезде. Желтоқсан оқиғасының белортасында жүрген курстастарым туралы бір сөздің айтылмағы қалғаны. Мұнан соңғы болар. намыстан өртеніп, жылап жүрп үнсіздік, тарихқа қыздарымыздың елеңбей қалғаны. Мұнан соңғы болар. айлап құдаланып, жақ ашпауға уәде берген қыз-жігіттерімиз туралы бүгінге дейін жақ ашылмағандығы.

Желтоқсан көтерілісінің маңын тұрмақ шаңын да көрмегендер туралы басласа бетінде жарияланған салқынқанды мақалаларды оқығанда сол күнгі ақ бетінді қайта шарығындай болатыны жасырын емес. Арада 25 жыл өтсе де қолшоқпардан түскен ізді көргендер мынаған не болған деюді ғой. Айтуға қорқасың, өйткені «қатыстым» десең, бүкіл тұрмың ұсталып кетеді. Өйтпесе сол кезде қуғынға ұшырап, сотталып кете жаздаған, бүгінде Жамбыл облыстық газетінде қызмет етіп жүрген Қуаныш Имембердиев. «Қазақстан» телерадиосының қызметкері Құлтөлеу Мұқашев, Д. Қонаев атындағы университеттің проректоры Дүрия Дәнірова, «Хабар» телерадиосының қызметкері Ақтанбет Әлішев, Алматы қаласының түрғыны Уралай Рысбаева мен Кербұлақ аудандық әкімшілігінің қызметкері Пәйіз Оңалбаева, қызылордалық Нұрсәуле Кенжебаева, жезқазғандық Мақпал Орынбетова, Алматы қыздар педагогикалық институтының оқытушысы Ғалия Бақбергенова. жасақшылардың қолшоқпары тиіп, алаңда есінен танып қалған жезқазғандық Зейнеп Қазыбекова оны арқалап шығып жүгіріп келе жатқандықтан, Сәйран Аубәки пен атыраулық Нұрым Ерғалиев сол кезде сәлем күрең дәкемен тілі кетіп, дәрігерге барып қарала алмаған (бүгінде мәжбүр болып кеткен) атыраулық Табыл Досымов, ұлты қазақ алаймыздың: «Неге алаңға барасыңдар?». «Малсыңдар» деген сөзі үшін ере түрегеліп, аудиториядан шығып кеткен курстастарымыз туралы еш деректің жоқтығы ешкімнің.

Ерлер елеңбей қалмауы керек. Біздер өз заманымыздың ерлері екенмізді өзімізше айтып жүрмандар. Әлгі мақтанғанымыз да рас. Курстастар жиналған кезде сол күндерді еске алып, қайтадан ашу-ызаға бұлығамыз. Сол кезде 21-29 жас аралығындағы қыналығандай қыз-жігіттердің алды 50-ден асып, 60-қа тақап, та сол Желтоқсан оқиғасы немесе түскенде болбаса, бәйекте кейінгізге қайта түсетінмі де өтірік емес.

Жастарымыздың қанымен, мұз қалағымен келген мерекеге бірер-ақ. Ол – тәуелсіздік мерекесі. Ал осы тойда сол 1986 жылы 5-курста оқыған біздің курстың жігіттері мен қыздарының елеметін жөні бар. Атақ-дәрежесі, өрнек сұрамаймыз. Өрнек еңбекпен қарай еленсе деймыз. «Елім деген ел болмаса, ептім деген бала қайдан шығадының» не уақыт умытпағанымыз да әбзал-ау.

«Ештен кеш жақсы» деген ғой. Содан кейін де қаламды қолға алдық. Өйткені шындықтың бет-жышпуы керек.

Бақыт КҮЛЕМБЕКОВА.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ЕЛ ҰЛАНЫ

ТУҒАН ОТАН ТІРЕГІМІЗ

Ел тәуелсіздігінің біз секілді жас ұрпақ тағдырына түсіне-түсе келіп, жалғасып жатқаны көпшілікке қуаныш ұялатады. Тәуелсіз Отанымыз үшін, оның мен бірге көркейіп келе жатқан елорламыз – Астана үшін, бәрібәрі үшін қуанып, мерейленетүсемін.

Биылғы жыл менің өмірімде ұмытылмастай із қалдырды. Астана қаласында болдым. Қысқы Алматы ойындарының ең жас алаутері атандым. Асанәлі Әшімов, Роза Рымбаева секілді қазақтың мақтанышына айналған дара тұлғалармен бірге жүрдім. Бұл сәттер ешқашан ұмытылмақ емес.

Әрдайым Шалкөде атты ауылымды, мектебімді, ұстаздарымды мақтан етемін. Бақбергендегі әкем мен Фариданың ақшаның құшағындамын. Атам Ілияс дегелі, батыр тұлғалы жан болған екен. Ата-бабаларымыздың бәрі сөзге келте, іске мығым болыпты. Соларға тартсам жаман болмаспын деп ойлымын. Бос уақытымда күрестен айналысамын. Мектепте оқушылардың өзін-өзі басқару кенесін басқарамын.

Бейбіт күнде ерлік жасаймын деген ой санамда болмаған. Орт ішінен, отқа оранған үйден аман алып шыққан Ерасылдай інішегім жеті жасқа келіп қалды. Аман болса, ол да ел үмітін ақтайтын азамат болады. Соған қуанамын.

Тәуелсіз туған Отанның тірегі болу үшін білім алып, еңбектене береміз. Бізде одан бөлек мақсат жоқ.

Жандос ІЛИЯС,
Шалкөде орта мектебінің 9-сынып оқушысы, «Ерен ерлігі үшін» медалінің иегі.



Жаркенттегі Ербол мен Лаззат ескерткіші.

ҚАЙСАРЛЫҚ

АҚ ҚАР, КӨК МҰЗ



Үстіміздегі жылдың қаңтарында елім деп соққан жүректер айқын сезінуде. Бағы заманнан бергі ата-бабаларымыз аңсаған Тәуелсіздігімізді алғанымызға 20 жыл толған мерейлі мерекемен қатар, осы бақытқа қол жеткізу жолында ақ қар, көк мұз жастаған жалынды жастарымыздың ел ертеңінің арайлы таңы үшін ерлік көрсеткен Желтоқсан оқиғасына да 25 жыл толып отыр.

Жетісу
Үлбосын ИСАБЕК

«Таулар алыстаған сайын биіктей түседі» демекші, тарих бетінен айшықты орын алған кезеңді оқиғаның ортасында болып, соққыға жығылған жасқыншы жандардың ерлігі мен отаншылдық сезімдері ескелең ұрпаққа ешпес өнеге болмақ. Солардың қатарында, бұл күнде ұрпақ тәрбиесіне белсене атсалысып жүрген ұлағатты ұстаздардың бірі Шынтемірова Роза Медетқызы да бар еді.

Кеше таулы Көгенің Алғабас ауылында Ұзақ Бағаев атындағы орта мектепті бітірген соң Алматыдағы Қазақ эстрадалық-цирк колледжіне оқуға түскен жас таланттың алға қойған мақсаты зор болатын. Арнайы музыкалық орта білімімен енерге бойы бар ауыл балаларының шығармашылығын шыңдауда алғашқы еңбек жолын бастаған жас маман уақыт өте келе жоғары білім алудың қажеттігін айқын ұғынады. Еңбекқор әрі үйренімпаз енер иесі осы мақсаттан білім қуған жастардың асқақ арманына айналған Алматыға қайта атбасын бұрып, Қыздар педагогикалық институтының музыкалық факультетіне оқуға қабылданады. Көңілдегі көктем қазақ қыздары енерпаздығын ерістетуде енеге беріп, талым-тәрбие үйретер ұстаздық жолда білім алып, қызық пен қиындыққа толы студенттік шақтың екінші жылын, дәлірек айтсақ, II курсында оқып жатқан Қытымыр қыс айы басталса жаңа жылдың да келіп жететіндігін ішкей сезінетін жастардың жүрегін бұл мезгілде ерекше қуаныш кернейтіні белгілі. Бірақ, бұл жолғы қыстың ызғары олар ойлағандай болмады. Желтоқсанның дәл ортасы болғанда тәбелерге тас түскендей суық хабар алып, алаңға жиналған жастардың ойраны шықты. Қанында намыс пен жігер ойнаған ұлттының жастарымыз орталық алаңға лек-легімен ағылып, билктің басына келген Г. Колбин секілді келімсекке ел тізгінін бермеуге қарсылық көрсеткендерінің қатарын көбейткен. Дәл осындай саяси сөнің ортасынан Роза Шынтемірова да табылған.

– Сағат ертеңгі он шамасы. Жатақхана алды қарақұрым жастарға толып кеткен. Барлығының аузында «биліктен Қонаев атамыз кетіп, орнына орыс келіпті» деген гу-гу әңгіме. Соған наразылық білдірген жастар алаңға жиналуда дегенді естіп, қарап қалмай құрбыларымыз біргіп, орталыққа жол тарттық. Бөтен ой жоқ, қанен-қаперсіз шеруге шыққан ығы-жығы адамдар күн қарағылана бере тарпа бас салған әскери күштің қақтығысына тап болдық. Біреу біреуді білп болмайды, қақаған қыста ауысқы су шашылып, таяқтың астына алындық. Дүниенің астан-кестең шыққандай. Ығы-жығы адамдардың табанында тапталып қалар ма екенмін деп ойлағанмын. «Әбден тиген таяқтың соққысынан есімді жия алмай қалдым, – деп ауыр күрсінді Роза Медетқызы. – Бір тобымызды машинаға тиеп, «Целинный» кинотеатрының жанындағы ішкі істер бөлімшесінің жертөлесіне апарып хатты. Сонда қамалған 54 қыздың арасынан түн ортасы ауғанда өкпем мен басымнан аққан қан тоқтамағанымен босатты. Өзіміз тұрып жатқан 5-хатақханаға есім кіресілмағасын күйде өрең жеттім. Қыздар қолынан келген көмектерін жасап, жарақатты таңды. «Жедел жәрдем» шақырған еді, алаңда болғанымды естіп, тергеп айналды, – деген Роза Медетқызы содан бері ширек ғасыр өтсе де сол күннің қаралы оқиғасын көзіне жас алмай айта алмайды. Өйткені сонда өлмес қорқынышқа ұшыратып, бойын билеген үрейдің қара бұлты сейілмеген. Оған қоса жазықсыз жастардың тағдырын түнек еткен сол күнгі оқиғаның қаны мен таңіне салған жарасы ұлайып, бүгінде оның ақыры қатерлі ісік ауруына душар етпеген.

– Осыдан кейін алаңға шыққанның нағыз азабын тартқызды. Күнде қайталанатын тергеуден жыдаңнап кетуге тағдым. Басымнан тиген соққының салдарынан ауруым қабынды. Оған көмек қылғын жан пенде жоқ. Досжаран, үсіздардың бәрі «жау саналы» теріс айналды. Ұлағаты мол ұстазым Сергей Константинович Ошлаков ғана басым ашылып жығылған мені жетелеп, қалалық ауруханаға жатқызып, кісілігін көрсетті, – деп еске алады Роза Шынтемірова.

Жастығынан өршіл де тұрашыл мінезімен танылған қазақ қызы бұдан кейінгі жылдарда да қайсарлығынан еш таңған емес. Ақталған соң қуылған оқуына қайта қабылданып, өзі армен еткен жоғары білімді мықты оқытушы танылды. Ақжүніс атты атпал азаматқа жар болып, Аман, Есен атты ұлын дүниеге әкелп, үлкен жүректі, мейірімді ана атанды. Бүл күнде ұлының үлкені шаңырақ көтеріп. Арайлымдай айдай сұлу келінінен немере сүйем деген ниетте. Жылуы мол жарасымды отбасының ұйытқысына айналған Роза Медетқызы Талдықұлақ ауылындағы №35 орта мектепте ұзақ жылдан бері ұстаздық етіп, кемелді елімізділк келешегі болар өскелең ұрпақтың тәлімді тәрбие, терең білім алуына айрықша үлес қосып келеді.

– Ата-бабамыздың арманына, 25 жыл бұрын жайқалған қазақ жастарының көз жасына жуынған тәуелсіздігіміз – елдің ең басты байлығы, құнды қуанышы. Осы күнге жеткенімізге шын жүрегімізбен қуанамыз. Ендігі тілегім – сол бір қиынқыстау кезеңдер қайта келмесін, балаларымыз ондай азуысы ауыртпалықты көрмесе екен. Тәуелсіз еліміздің тыныштығы бұзылмай, ырысы артып, мәртымағы жараса берсін, – деген ақ тілегін білдірді Желтоқсан көтерілісіне қатысқан азулы ана.

Тарихта есімдері ерекше аталатын Желтоқсан оқиғасына қатысқан кешегі жастар – бүгінгі орта буын азаматтардың ел тәуелсіздігін нығайтуға қосқан үлестері де салмақты. Тәуелсіздікке қол жеткізуде тар жол, тайғақ кешуді басынан өткізген олардың өмірлері, есиеттері ұрпаққа маңғілік енеге болмақ.

СУРЕТТЕ: Роза ШЫНТЕМІРОВА.
ТАЛДЫБҰЛАҚ АУЫЛЫ,
ТАЛҒАР АУДАНЫ.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҒЫЛЫМЫ

ЖАРКЕНТ ЖҰРТЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Жаркент қаласында өткізілетін іс-шаралардың көпшілігі 1986 жылғы Алматы қаласындағы Желтоқсан көтерілісінің құрбандары, жаркенттік өрендер Лаззат Асанова мен Ербол Сыпатаевқа қойылған ескерткішке гүл шоқтарын қойып, оларды бір сәттік үнсіздікпен еске алудан басталады. Олардың есімдерін жазиралы Жаркент өңірінің жұрты ерекше бір ілтипатпен атап, ерліктерін қастерлейді. Тарихқа Желтоқсан көтерілісі деп енген сол бір оқиғаның ерлерін жалпы Қазақстан халқының жақсы білетініне күмәнімі жоқ.

Жетісу
Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Тәуелсіздік деген татті сезімнің құшағында тіршілік еткенімізге 20 жыл толды. Осы үлкен той үстінде ата-бабамыз жүдеген жылдар бойы аңсаған бостандыққа қол жеткізген ұрпақтың бойында қуаныш, мақтанышпен қатар қарыз бен парыздың туратынын естен шығармаған абзал. Осы ойдың жауабын Ербол мен Лаззат ескерткішін жаныңда тұрып тапқандайсың.

Аудан орталығы Жаркент қаласындағы Мәдениет үйінің алдындағы кең алаңға қойылған ескерткішке келушілер көп. Байқағанымыз: балалар жиі келіп, қызықтайды екен. Соларды бірін-ңгісіне тартып, Өзін Жаркент қаласындағы Алтынсарин атындағы орта мектептің 7 сынып оқушысы Әділ Өмірсеріков деп таныстырған жеткіншек біздің сауалымызға тоқталмай жауап берді.

– Бұл ескерткіш 1986 жылы Алматы қаласында болған жастар көтерілісінде жендеттер қолынан қаза тапқан біздің жерлестеріміз Лаззат Асанова мен Ербол Сыпатаевқа қойылған. Менің үйим осы маңда. ескерткішті күнде көремін. Жыл сайын Тәуелсіздік мерекесінде мектепте Желтоқсан көтерісі жайлы әсем тәрбие сабағы өткізіледі. Сонда Ербол мен Лаззат ерлігін бейнелеп, сыныптастарымыз қойылымдар көрсетеді.

Әділдің сөзі жалғасында Жаркент қаласындағы №6 мектеп-интернаттағы кешті еске түсірді. Ел Тәуелсіздігінің 20 жылдық тойына арналған оқушылардың сазды бағдарламасында сахнаға шыққан бастауыш сынып оқушысы Назым Шалқарқызы Желтоқсан көтерілісінің құрбаны Лаззат Асанова жайлы ой қозғап, көңілімізді толқытты.

Жаркентте Ербол Сыпатаев атындағы үш бір. Үшеу қиылыстарындағы «Ербол Сыпатаев үшесі» деген жазуларды көрген жаныңа есіне Желтоқсан көтерісінің түсері сезіліп, Ербол мен Лаззатқа және Желтоқсан көтерісінің басқа да құрбандарына Құйрат пен Сәбираға ұзақ, өмір сүрп, тәуелсіз Отанға қызмет ету мен ұрпақ өсіру бақытын жазбапты. Олар қазақ елінің тәуелсіздігі жолында жандарын құдіп.

Ербол Панфилов ауданындағы Еңбекші ауылында тұратын марқұм Бекісен Алшынбековтің отбасының тұңғышы еді. Ол жайлы директі Ерболдың інісі Ерланға айтқызғанбыз.

– Анамыз Сақыш жүрегіндегі зақымданған шрамының қайнағасы Мұқаннан мен ізбасары Тұрған шешеміз қолқалап, ауылымыз бақшасында сәби сүйіп көрмеген тақырыпқа құлағымыз бітеліп, ағайынның дәмнеден болып ержетті. Есті ұл мектепті де жақсы оқып тамамдап, өскерге кетпекке жүргізуге мамандығын алып, ауылдың тұтынушылар одағында еңбек етті. Әскерден келген соң Алматыдағы энергетика институтына оқуға түсті. Екінші курста оқып жүргенде Желтоқсан көтерілісіне қатысып, алаңда өскелеңдер ұрып әперді Ерболдың қысқа тіршілігінің негізгі өмірбаяны дерек осы ғана. Бізденгі бір арман – әкеміз Бейсен баласының ақталғанын, оған Жаркент қаласында ескерткіш орнап, көше берілгенін көрмей кетті. Ербол мен Лаззатқа ескерткіш орнатуға көмек берген Алматы облысының бұрынғы әкімі Серік Өбкеұлына және Панфилов ауданының әкімі Ермек Келемсейтке әйтер алғысымыз шексіз.

Ербол мен Лаззатқа ескерткіш қазып ауданға әкім Ермек Өбкеұлының ҚР Парламентінің депутаты болып жүргенде көп көңіл сырда Еременей бұл жайды айтып бір әңгімесі есімізде. Желтоқсан комиссиясының жұмысын атқарған сарапшылар мен мамандар Ербол Сыпатаевқа таңылған қылмыстың іс-қозғалуын талап етеді. Қазақстанның сол кездегі прокуроры өзінің Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің тәралғасына 1991 жылғы 27 қыркүйекте берген мәлімдемесінде былай деп жазады: «Ербол Сыпатаевтың қылмыстық іс бойынша оның ісімнде әскери қызметкерлердің тікелей қатысы анықталғандығы дәлелденген, осыған орай Ербол Сыпатаевқа қарсы қылмыстық іс 1991 жылдың 10 шілдесінде Қазақ КСР прокуратурасы оның іс-әрекетінде қылмыстық белгі болмаған деген дәлелмен қысқартып, оның ісімнде кінәліктерге қарсы қылмыстық іс қозғалған».

Осы заңгер мамандығы жұртшылығында және Ербол Сыпатаевтың туыстарына түсініксіз жағдаймен қалған деген белгісіз болып келеді. Тек Желтоқсан көтерілісінің 10 жылдығын атап өтуге арналған құрылған комиссия тарағасы сол кездегі Премьер-Министрдің орынбасары И. Тасмағамбетовтың Ербол туралы салған сұрауы бойынша 1996 жылдың 10 қазанында ҚР Бас прокурорының орынбасары К. Елубаев берген жауаптан барып мәселенің беті ашылып, оның 1991 жылғы 10 шілдедегі ақталғаны анықталады. Алайда сол он жылда қанша су ақты, қанша көкірек шерге толып күрсінді.

Қазір Ерболдың өз бөлмі алған Еңбекші ауылындағы орта мектепке есім берілген. Аудан орталығында Ербол мен Лаззатқа ескерткіш орнатылып, көшеге есімдері берілді. Тәубе дейік, ақталған арыстарымыз қадірлеп, жад есте болады.

ПАНФИЛОВ АУДАНЫ.

ДЕСЕ ДЕГЕНДЕЙ...

қарапайым ерлігі туралы

Қауіпсіздік комитетіне алып келіп, сұрақтың астына алды. «Неге жиналыс өткізесіңдер алда, үкіметке қарсысыңдар ма?», – деп тұқырта бастап еді, мен ойымды айттым. Қасымдағы қыз жылап жіберіпздерге деп жалынды. Оны басқа бөлмеге алып кетті. Маған: «Сен мекеп. дұрыс емес деп қағаз жаз», – деді. Көнбедім, өз көргенімді қайталап айттым. Сол кезде «Целинный» кинотеатрының жанына орналасқан Советский аудандық ішкі істер бөлмине алып келді де, Ткаченко деген тергеуші: «Сен Отанның сатқынысың, қазір сені 10 жылға соттайды, сонда көресің», – деді.

Қанша уақыт өткенін білмеймін, алдыма көп сурет әкелп: «Мынаның арасынан біреуді танисың ба, шәкеңді айт», – деп зіркілдеп, айғай салды. Мен ешкімді білмеймін дегенмен танбадым. Сөйтіп, тәжікелесіп отырғанымызда бір тергеуші кіріп, құлағына сыбырлады да, мені тез алып кетті. Машинаға отырғызып сотқа әкелді. Сот бұзақылық жасады деген желеумен 30 қызды 10 тәулікке қамау туралы қолма-қол үкім шығарды. Тағы да «Целинный» кинотеатрының жанындағы Советский аудандық ішкі істер бөлмесіне қайтып келдік. Бір камерадағы 30 қыз 10 күннің ішінде не кермедік десеңіздерші. Түннің ортасында тұрғызып алып тергеуге апарады. Усталған қазақ жігіттерін «алыннан көрдік деп айтыңдар» деп, ибір қорқан-лоқсы, қорқытып-үркітудің сан тәсілін шыр көбелек айналдырады. Ие, басымыздан не өтпеді, сол күндерді.

Қамаудан босап, жұмысқа келдім. Бастығым шақырып алып, «жұмысыңа кірісе бер» деп шығарып салды. Екі күннен кейін 7-ші ауруханаға түстім. Соқырлық екем. Шұғыл операция жасалды. Бір апта жатып шықтым. Кейіннен ойлаймын, бұл соқырлықтың қабынуы сол кездегі соққылардың зардабынан болған шығар-ау деп.

Ие, желтоқсанда алаңға шыққан батыл жүректі жастарымыздың басынан қиыл-қиыл қиын кезең өтті ғой. Осы тәуелсіздігіміз үшін қаншама боздақтың зардап шеккенін кім білсін, алаңда басынан алған жабық жарақаттан жүйкесі сыр бергендердің, ауыр соққылардың зардабынан қан құсып, кейіннен мерт болғандардың қанша екенін кім есептеді дейсің», – деп Берікгүл және бір ауыр күрсінді.

Бізден батыл жүректі қарындасымыз ол кезде Ізбасарова болатын. Қазір жолдасының фамилиясына көшкен, Әбдіхалықова Берікгүл. Төлепбергенқызы Ілияс Жансүгіров атындағы Талдықорған гедиинститутының орыс тілі мен әдебиеті факультетін бітірген соң Жаңақұрылыс, Сейдахмет Бердіқұлов атындағы орта мектептерде мұғалім, аудандық білім бөлмінде әдіскер-психолог, Алматы облыстық балалар құқығын қорғау департаментінде бөлім бастығы болды. Соңғы үш жылдан бері Алматы облыстық мамандар кәсібін дамыту институтының педагогика және психология кафедрасында аға оқытушы. Облыс көлемінде психолог мамандарға көп көмек көрсетіп, бірнеше әдістемелік құрал шығарған. Отбасы Ұзынағашта болғандықтан, арасында Шоқан Уәлиханов атындағы орта мектепте өзін-өзі тану пәнінен де сабақ өткізіп тұрады.

Бір әулеттің сыйлы келіні, ауылы жақ, асыл ана. Ұлы Әлібек Қамқа үздіксіз білім беру университетінің заң факультетінде, қызы Жания Әбдіқалықова Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде оқиды. Болашақ біздің ерлітес. Жан жары Ғани – Шымалғанның гидромелиоративтік техникумын бітірген білікті электр маманы. Ашық мінезді, риясыз ақ ниетті азамат. Атасы Қамқа қарияның жыл басшылық қызметтер атқарған, кенен көудесі кең дариядай кемел ерлердің бірі. Өз шаңырағының асқар таудай тірегі. Асыл сүйекті азамат жетпіс жеті жасында жас жігіттей ширақ, адымдағанда бізге жеткізбейді. Балалары мен немерелерінің тілеуін тілеп, келінше дән риза пейілмен газетке жазбақ нетімізді жадырай күп алғанында, аталық батасына шексіз риза болдық.

Кешегі «желтоқсаншы» бойжеткеннің бүгінгі келбетіне, осындай Берікгүл десе дегендей, қайыспаған қайсар қыздың қарапайым ерлігі құрбыларына да, кейінгі сыңарлеріне де өнеге болғандай. Беріктасты туған Берікгүл қазақ, рухына тас-түйін берп тіген шәрке ғасыр бұрын бір танытса, бір әулеттің шырағын маздатып, отбасының беріктігімен және дәлелдеп отыр. Айнала жұртшылық әрқашан түге тіек етіп жүрстін алғі бақыт дегеніңіз, сіз осы шығар.

ҰЗЫНАҒАШ АУЫЛЫ
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ

Желтоқсан желі

Тәуелсіздік дәмі қандай – татығам,
Өткенді ойлап талай танды атырам.
Желтоқсанның ызғырында, желінде
Сыртқа шықты шәмдегі жапырақ.

Сыртқа шықты зорлық пенен зомбылық,
Үстемдік пен жебіршеу, құр қылық.
Желтоқсанның желі өлмеппен өтті ғой,
Ді күнге келеді ол тәңірым.

Момын едік,
Тоқырап едік ықылымда,
Таптаған-ды бойымдағы ізгі арман.
Талаптанда ештеңе аямай,
Жүрегімде жазылмайтын із қалған.

Ойым анық,
Мойымадық, тік тұрдық.
Бүгін белін отарғанын, бүкпірдік.
Ар-намысын жібермейтін сықақшап,
Әлемге біз қазақ атын ұқтырдық.

Қысымына қыстығында қыбадық,
Абақтыға қамаса да, сыбадық.
Атымекен, жерім, елім үшін деп
Ойлағанын өлең-жырды жырладық.

Не көрмедік, бастан өтті зобалаң,
Есімде ғой жас желеңдер бітіскен толы ақап.
Тауқыметін тартпын бірге күйеттің,
Жүрегімде із қалды сабалап.

Бостан болдық, енді көзім қырағы,
Көз алдымда Желтоқсан-қыс тұрады.
Алауайды ал құрбан жастардың
Сол аланға жарқ жасқақ шырағы.

Бақытжан ТОБАЯҚОВ.

Ғаным

Мұқалидың даңқты жолы

ХІІ ғасырдың 70-жылдарының соңында 80-жылдардың басында Темучин (Шыңғыс хан) ылғи да жүрген бірақ тайпаларды күшпен бағындырып, әлі де бір-бірімен өзара жауласуды қоймаған моңғол тайпалары мен түрік тектес тайпаларының жерлерін иемденуге ойы бар болатын. Моңғолдар кезеңі қарсаңындағы аса үлкен оқиға Шыңғыс ханның жүрегіндерге бірігіп шабуыл жасауы болды. Соғыс Шыңғыс ханның жеңісімен аяқталып, мыңдаған адам тұтқынға алынды. Сәтті жорықтан кейін Жалайыр тайпасының ағайынды Қаңын-Тоқырауын, Қарахан-Тоқырауын, Қаралдай-Тоқырауын руларының және басқа да жалайырлар Сеше-Домах, Арқай-Хасар-Бала руларының өз еріктерімен Шыңғыс хан әскерлеріне берілуінің үлкен маңызы бар еді. Ежелден Шыңғыс хан ұрпақтарының сенімді қызметшілері атанған Жалайыр тайпасы Керулен өзенінің жағалауында тұратын жетпіс күренді (бір күрен – мың киіз үй) құрайтын. Әрқайсысында ерекше басшылары бар он тайпаға бөлініп тұрды, яғни олардың он бұтағының атаулары мынадар еді: джайт, тукраут, куңхаут, қумсаут, уят, нилкан, күркин, тулакит, тури және самкут (кітапта осылай көрсетілген). Тұтқындылардың арасында Жалайырлардың Жат руынан Телегетті байының ұлы Күмүн қоға (Гүн сері) баласы Мұқали мен Бұқа деген балаларын Шыңғыс ханға тапсырып тұрып, былай дейді:

Босаларының құлы болсын,
Босаларын бұдәмсыз
Бөрбайын кес!
Есіліннің ешкі құлы болсын,
Есіліннен жемдәмсіз,
Бауырын езіп кетсін! – деп береді.

Жалайыр тайпасының талай тарихи тұлға, әйгілі батыр, мемлекет қайраткері шықты. Олардың ішіндегі әлемге әйгілісі – Шыңғыс ханның ең сенімді, ең алғыр, жанына жақын екі досының бірі – Мұқали болады. Мұқали 1170 барыс жылы Жалайыр тайпасының Телегет деген байының Күмүн қоға (Гүн сері) деген баласының отбасында дүниеге келген. «Ол қараша қоңыр жүзді, бойы жеті шынтақ, қалтағай қара сақалды, сұсты, батыр тұлғалы, ержүрек, ойы жүйрік, сөзге шешен, қарсыласын күрессе білекпен, сөйлесе сөзбен жығатын, сабырлы, салмақты өте адал адам болған» (З. Қинаятұлы. Астана, 2001 жыл «Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түрік тайпалары»). Ол жастайынан ақылдылығымен, тапқырлығымен, epектілігімен, жомарттығымен, аттың құлағында ойнап, атысуда ептілігімергендігімен ерекше көзге түсіпті (Сайшиял – «Сказание о Чингисхане, Улан-Удэ». 2006 год). Мұқалидың Шыңғыс ханға әкесі әкелип тапсырғанда 28 жаста екен. Бұл Шыңғыс ханның құрамында Жалайырдың Жатруы да бар жүрегіндерді талқандаған жылы, яғни 1197 жылдың қысы еді. Ал 1998 жылы бір жыл толмай жатып Мұқали Шыңғыс ханның ең сенімді деген төрт батырларының бірі, хандық Моңғолияның ұлы қолбасшысы болды; керейттің Уаң ханы (шын аты Тоғырыл) наймандармен соғысып, жеңілді. Бұл оқиға «Моңғолдың құпия шежіресінде» былай баяндалған: «Уаң хан наймандың батырынан жеңілген соң Шыңғыс ханға елші жіберіп: – Менің дүние-мүлкім мен қыз-ұлдарымды наймандар тартып әкетті. Ұлым, менің ел-жұртым мен дүние-мүлкімді құтқарып берегөр, – дейді. Шыңғыс хан жасағын жөнелтіп, Боршы, Мұқали, Бороқұл, Шұлуын деген төрт батырын әскерімен қоса жібереді. Олар наймандарды талқандап, Уаңның дүние-мүлкі мен ұл-қыздарын тартып алып береді. Сейтіп, Мұқалидың Шыңғыс ханның таныскан кезінен бастап ең қиын да маңызды істерге жұмсап отырған. Бұл жауынгерлік істерде Мұқали Шыңғыс ханның сүйеніші, тірегіші, ақылшы-кеңесшісі ретінде таныла білді. Оның Шыңғыс ханға деген адалдығын, құлшыныстылығын кәстерлейтіндігі Мұқалидың өз сөзімен айтқанда «Алтын шежіреде» былай келтірілген:

Аса дамді жемісі
жаудырған алашым,
Аса бір күшті жарылған шұ
тағлық ақ барысым!
Амал мен күшті итерген
алмағайып көлікті асығым,
Ардақты туған дана Богда
әулием!

(Лувсанданзан. «Алтын шежіре». Алматы. 1998 жыл).

«Алтын шежіренің» айтуынша, 1200 жылы мешін жылында Шыңғыс хан татарларды жеңгеннен кейін, 1202 жылы қыста Тайшуттармен соғысып, олардың әулетін ұрым-жұрағатына дейін тып-типыл қылып жояды. Бұл соғыстарда Мұқали ерекше көзге түседі. Төрт құбылаты елін жинап, шалқыған той жасап отырғанда Мұқалидың батырлығын Шыңғыс хан былай еске алыпты:

Ортіңді қауіпсіз жауға,
Тайсалмай күретін асау толы,
Айбынды тұлпен кемпі,
Таңдамай үстайтын тас
қорғаным.
Торқалы ұлы тойымды бастап,
Көпке жеткізетін өрісі кең
жолдартым,
Қақтығысқар соғыста
Мұз қарулымды ұстап үрей
тудыратын,
Қоға Мұқалайым, сен бір
сөйле! – деп мақтапты.

Сонда Мұқали:

Жауына бірге шабамын,
Аздыңа азаға сазамын!
Ат құйрығына құйын
ойнатып,
Жатына күн қондырып,
Қас жауыңды
құтылмастай етіп
Құятымды бір төгейін, –

деп уәде береді.

Шыңғыс ханның өзі емес, өзінен кем емес Жалайырдың жарық жұлдызы Мұқали бұл уәдесін мүлтіксіз орындап шықты. Шыңғыс хан 1185–1206 жылдар аралығында он екі хандықты бағындырады. Осы жорықтардың бәрінде Шыңғыс ханның адал досы Ұлы ханмен бірге бытыраңқы ру тайпаларды біріктіріп, көшпенділерді бір орталыққа бағындырған күшті мемлекетін құрудағы Мұқалидың сіңірген еңбегі, жеке басының асыл қасиеттері жоғары бағаланды. 1206 барыс жылы, көктем мезгілінде Онон өзенінің жоғары бойында төртінші құрылтай шақырылды. Хандық Моңғол мемлекетін құрылғандығы жарияланды. Темучин (Шыңғыс хан) ақ киізбен көтеріліп, үлкен хан тағына отырғызылды. Темучинді қаған жариялап, оған Шыңғыс деген ат береді («Шыңғыс» сөзі моңғол тілінде «күшті», «мықты» деген ұғымды білдіреді). Осы жылдан Шыңғыс хан жас Моңғол мемлекетін құруға ерекше еңбек сіңірген 95 әскербасын марапаттап, тұменбасы атағын берді, солардың ішінде Мұқалидың аты Меңлік әкесі мен Боршыдан кейін үшінші болып аталады. Осы марапаттау кезінде Шыңғыс хан Боршы мен Мұқалиға: «Екеуің он ісімді қолдап, теріс ісімді доғартып үлкен мәртебеге кеткіздің. Енді бәрінің үстінен сарттар, тоғыз рет пәлеге ұрынсаңдар да айыпқа бұйыртпаймын», – деп уәде береді де Мұқалиды Харагун Жидонда орналасқан сол қанаттың бірінші тұменінің (10 мың әскер) нояны етіп тағайындайды. 1212 жылы Шыңғыс хан мен Алтын әулеттің аралары шиеленісіп, соғыс басталады. Соғыстың неше түрлі қила-тәсілдерін шеберлікпен пайдаланған Мұқали Алтын әулетінің әскеріне тұтқындап шабуыл жасайды. Жауды өкшелей қуған Шыңғыс ханның негізгі әскерлері Алтын әулетінің 30 тұмен әскерін жойып жіберді «Сайшиял. «Сказание о Чингисхане»). Осы жылдан бастап 1217 жылға дейін соғыс өнерінде үлкен тәжірибе жинақтап, жеңіліс көрмеген Мұқали Алтын әулетінің мықты деген оннан астам қаласын басып алды. Кезекті бір қиян-кескі соғысты жеңіспен аяқтаған Мұқалиды Шыңғыс хан 1217 жылы Толы өзенінің бойына орналасқан сарайына шақыртып, қабылдау жасайды. Шыңғыс хан оған сіңірген орасан зор еңбегі үшін ерекше сый-сияпат көрсетіп, марапаттайды. Мұқалиға қытайша «Го-ван», яғни «тақсыр», «ұлыс басшысы» атағына қоса «тайшы», яғни «ұлы князь» атағы да берілді Сайшиял. «Сказание о Чингисхане»). Шыңғыс ханның бұйрығы бойынша «Го-ван» атағы Мұқалидың үрім-бұтағына мұра ретінде көшіп отыратын болды және Мұқалидың өзінің Қытайдағы наместниті етіп тағайындады. (Рашид ад-Дин «Сборник летописей»). Мұнан былай, Моңғол әскерлері Шыңғыс ханға қалай бағынса, Мұқалиға да дәл солай бағынуға бұйрық берілді. Мұқалиға берілген бұйрықтың белгісі ретінде Шыңғыс хан оған алтын мөр мен тоғыз алқасы бар ақ ту сыйлады. «Мен Қытай жерінің Тхай-ханьтауынан бастап солтүстік облыстарын түгел бағындырдым, енді сен сол жотаның оңтүстігін бағындыруың керек», – деді Шыңғыс хан Мұқалиға. Мұқали осы қабылдаудан кейін Алтон әулетіндегі соғыс жорықтарын жалғастыра отырып, 1223 жылға дейін Қытайдың 72 қаласын бағындырды. Ол 1117 жылдан 1223 жылға дейін Қытайды жеке дара басқарды. Мұқали хан алдында да, ел алдында да, Ұлы ханның отбасында да орасан зор беделге ие болды. Ол әскерлер арасында мықты тәртіп орнатты, тонаушылыққа тыйым салды, төңірегіндегілерді арақшарап ішпеуге үйретті. Әділдіктің салтанат құруын қамтамасыз ете отырып, жазықсыз адамның бекерден-бекер құрбан болуына жол бермеді. 1223 жылы қой жылының сәуір айында Се-чжоокругінің Вань-Си уезіне келгенде Мұқалидың бұрыннан белең беріп жүрген ескілікті ауруы асқына бастады. Күнінің бітіп келе жатқанын білген ол інісі Дайсынға: «Менің өзімнің тақсырыма, оның ерлік істеріне көмектесу үшін соғыспен айналысканымыз 40 жыл болды. Сол уақытта ешқашан мұнайып, уайымдаған жоқпын. Қазір мен бір ғана нәрсеге – Нань-Цзянді алып үлгермегеніме ғана өкінемін, соны бағындыруды саған тапсырамын», – деді. Сөйтіп, Моңғолдар державасының берік екі тұтқасының бірі, соңғы мыңжылдықтың ұлы адамы Шыңғыс ханның адал досы, үзеңгілес серігі, төрт мәрте маршалы (Сайшиял), генералиссимусы (К. Д. Оссон), Жалайыр тайпасынан шыққан жарқыраған жарық жұлдызы Гүн сері ұлы Мұқали 1123 қой жылы 54 жасқа аяқ басқанда қайтыс болды. «Мұқалиды өлді деген хабарды естіген сәтте тасжүрек Шыңғыс хан көзінен аққан жасты тия алмай, сары сақалын сүмалап, еңкілдеп тұрып жылаған», – деп жазады. О. Исмаилов «Әлем тарихындағы жалайырлар» атты еңбегінде Мұқали қайтыс болғанын кейін, Қытайдағы жаулап алынған жерлердегі әскердің қолбасшылығына Мұқалидың ұлы Бороны тағайындап, оған әкесінің «Го-ван» деген атақдәрежесін берді.

Моңғол империясындағы Мұқалидың беделінің зор болғандығы соншалық, халық Ұлы қаған Шыңғыс ханға қандай сый-құрмет көрсетсе, Мұқалиға да дәл сондай сый-құрмет көрсетті. Мұқали жіберген елшілер Шыңғыс ханнан өзі жіберіп отырған елшілермен тең тұрды. Жалайыр тайпасының даңқты ұлы Мұқали үлгілі де, өнегелі өмір жолынан өтіп, өз заманындағы әскери абыройдың ең жоғарғы сатысына көтерілді. Ол «Аспан асты» (Қытай) еліндегі әскердің Бас қолбасшысы, сол елдің уақытша императоры болды. «Кімді мен оған деген салтанат деңгейі ұлы қағанмен тең түсті» (С. Ақатай), яғни Мұқали моңғолдар империясындағы Шыңғыс ханнан кейінгі құдіретті мемлекет қайраткері деген бағалаудың өте орынды екенін дәлелдей түседі. Моңғол тарихшысы Сайшиял жазғандай, «Шыңғыс ханның соғыс пен әскер ісіндегі «ақылшылар алқасының қызметінде Боршы мен Мұқали бастаған төрт бөрісі» төрт арғымақтары, тоғыз маршалдары, ал Мұқали сол тоғыз төренің төбе төресі болып шешуші рөл атқарды». Қорыта айтқанда, «Шыңғыс хан Мұқали сияқты ұлы қолбасшы болмаса, жалғыз өзі дәл сол жағдайға жетпес еді, (Б. Тоғысбайұлы «Жылқының жалын, жаудың жағын айырған». 74 б.). Шыңғыс ханның пассионарлық лебі ХІІ ғасырдың аяғы ХІІІ ғасырдың басында моңғол үстіртіндегі көшпенділердің қоғамдық-саяси өміріне катты ықпал жасаған тұлғаларды – Мұқали мен Боршыны, Жебе мен Сүмбедейлерді шығарды. Солардың арқасында, солармен бірге соңғы мыңжылдықтың ұлы адамы Шыңғыс хан тарихта өзі де мәңгі өшпес із қалдырды. Мұқали ұрпақсыз, тәсіз қалған жоқ. Бүгін ҚХР Ішкі Моңғолия өлкесінің Ордос және Моңғолияның тобының ішінде Мухулай атты рудың сақталуы дәлел болса керек. Мұқали тек Шыңғыс ханның, моңғолдар елінің ғана емес, сондай-ақ Жалайырдың, ата-бабасының атын мәңгі-бақи өшпес даңққа бөлеп кетті, ал жалайырлар бүгінгі қазақты құраған белді тайпаның бірі екенін ескерсек, ол күлді қазаққа ортақ тарихи ұлы тұлға болып қала береді.

Нұршапағат НЕСІПБАЕВ,
Қазмұ-дың журналистика факультетінің студенті.

БАЛҚАШ АУДАНЫ.

Ақтаңдақтар ақиқаты

Қошым болыс



«Аман бол, Кәлпедегі Қошым батыр»

Тауларға тарих, даласы шежіре Жетсудың арғы-бергі тарихынан хабары бар, көкірегі ояу, көзі ашық оқырманның жадында бар жазығы болыс болғаны үшін қапыда қамалып, ізінше Талдықорған түрмесінде атылған Пышан ақын сазгердің, 1921 жылы зайырған жұта [illegible] қоштасу жыры сақталған шығар. Атақты қазақ даласына кең тараған Жалмендегі бәйгенің қажының баласы болыстығына емес, тегіне тартып елге жасаған жақсылығы құрауар еді. Алайда, ағайын алауыздығы мен қызыл иттей қызғанышынан келіп, билік басына орныққан қызылдардың тепкісіне тап болған Пышан 1921 жылы Талдықорған қаласында түрмеде жапа шегіп жатқан тұста жоғарыдағы елдің игі жақсыларымен қимай-қимай араздасу жырында: «Аман бол, Кәлпедегі Қошым батыр. Пышан да торға түсіп қашық жатыр, жеміғат қолын жайып бір дұға қыл, басыма түсіп отыр заманақыр». – деп кәлпелік Қошым батырдың есімін айрықша атары бар. Тұтқында тар қапаста жатып елдің ардақ тұтар азаматтарына жеке-жеке тоқталған Пышанның айрықша еркін беріп, ықтипат танытып отырған Қошымы кім еді?

Жеті қасиетті бойына жинақтаған

Ә дегенде басын ашып алар жайт, жалпақ жатқан Қаратал елжұрты Қошымды көбінекөп жүрек жұтқан батырлығынан гөрі ел басқарып, жұртқа шарапаты тиген болыс, ел ағасы ретінде таниды біледі. Өрине, қатарынан оза туған, басына түскен талай сыннан қаймықпай, сүрінбей өткен, ірі алып, кесек тұлғаның дағдыланған жанның бойында жойқын күш пен батырлық, қасиетінің болуы өбден мүмкін. Оны жоққа шығаратын да біз емес. Неде болса мұны Пышан ақынның көңілінен шыққан азаматқа берген өз бағасы деп ұйғарған жөн. Сонымен өзінің туа біткен алғырлығы, зеректігі, білімділігі, ең бастысы туымдылығы мен ақылдылығының арқасында қарадан шығып, бір рулы елдің ұзақ жыл бойы білдей болысы болған, артына жақсы із бен іс қалдырған Шалпұлы Қошым кім еді? Оның өскен ортасы қандай болды? Заман өзгеріп, биліктің жаңа құрылымы орныққан тұстағы басынан өткізген құқайы, шеккен жапасы жайлы не білеміз?

Өткен ғасырдың тілмен айтсақ, ұзын аққан Қаратал, Көксу мен Іленің бойын ел көсемдері Ескелді, Балпық, Жолбарыс бабаның өсиетімен, тікелей басшылығымен ұрпағының бір тармағы – Көлпе аталығының балалары бүгінгі Қаратал өңірінің орта тұсын қоныстанған еді. Түтін басы жағынан өзге ағайындармен салыстырғанда кемшін түсіп, осының салдарынан ел ішіндегі билік тізгінін ұстауда, елдік істерге біте қайнасып араласуда қағажу көріп жататын. Шөмштен, несібеден қағылмаса да аздығы алға тартылып, көңілі құсалы болған сәттері аз ұшыраспаса керек. Міне, осы олқылықтың орнын толтыру өз қатарластарына қарағанда оза туған, жүрегіне имандылық ұялатқан, азаматтық болмысы мен адамгершілік қасиеті үстем түсіп жататын Қошымның пешенесіне жазылады. Балпық әулиенің үміт артқан шөкірті, бала би атанған Айту бидің «Жігіттерім жүз болса, жүздің жүбы бір болса. Шықпас тау, алынбас жау болмас, соңынан ертер ер болмас», – деген қанатты сөзін құлағының тесігі бар, кеудесінің есігі бар Қошым ес біліп, ат жалын тартып, ат арқасына қонған тұстан-ақ азамат болсам, елге қамқорлығым тисе екен деген асыл мұратпен ұстанады. Орта дәулетті, ел арасында беделді Шалқайдың ендігінен тараған баланың (бауырлары Ешім, Ескендір, Нұрыш, Қасен, Құсайын) ортаншысы, болашақ қамал алып, қамал бұзары санатындағы Қошым (1885-1958 ж.) жастайынан ете тірі, пысық, зерделі болып еседі. Ауыл молдасынан хат таниды. Біламін шырағын жаққан Түтес мектебінде оқып, мұсылманша сауат ашады. Ауылдың игі [illegible] адал тұрғыға, өрелеуға семіген, өсіреспіс тындыруға дағдыланады.

Бағы жанып, болыс атануы

Жылжып жылдар да өтеді. Қошым да есейеді. Көкірек көзамен жақсы мен жаманды ажырататындай, бар мен жоқтың арасалмағын деп басып білетіндей дәрежеге жетеді. Қошымның кейінгі ұрпақтары мен көнекөз қариялардың пайымдауынша өткен ғасырдың алғашқы онжылдығында, шамамен 1910 жылы жер-жердегідей Қаратал өңірінде де ел басқаратын болыс сайлауының әзірлігі жүргізілед. Жан басы мен түтін санының аздығынан көптеген елдік мәселеде қағажу көріп жүрген Көлпе аталығының ақсақалдары өзара ақылдаса келіп, алдағы болатын сайлауға өздерінің үміткерін қосуды ұйғарады. Бұл үшін ауылы аралас, қойы қоралас жатқан Күшік, Кенжеке ағайындарды «Аз атаның ауызы бір» дегендей, өз бауырына тартады. Осылайша сайлау ережесіне сай түтін санын мың түтінге жеткізеді. Ал енді атағы жер жарып тұрған Байқоңырын қажының Сақбаймен тайталасып, болыстыққа түсетін ықпалды ұлға, қабырғалы азаматқа келгенде үлкендер жағы бірауыздан балағының биті бар Қошымға тоқталады. Бірді асырып, бірді жасытқанымыз емес. Айту би атанып Солтанбек би қажының үміт артқан ұлдары көпшіліктің көңілінен шыға қоймайды. Осы себепті ел ағалары сенімімізді бір ақтаса осы ақтар деп қайыспас қара нар Қошымды үкілеп болыстыққа түсіреді. Өмір дегеніміз күрес қой қашан да! Хош, сонымен бүгінгі біздің тілмен айтқанда, балама негізде болыс сайлауы өтеді. Таразының бір басында Сақбай, ал екінші басында Қошым тұрады. Сайлауға қатысқан мың түтіннің өрбір елу түтінге басшылық ететін елубасы қапауы бойынша екі үміткердің бірне шар тасын салады. Оның ережесі бойынша салынған шар сол тұста уезд орталығы – Қапалда уезд бастығының қатысуымен саналып, оның қорытындысы шығарылады. Шарды қарсыласынан көп жинаған адам болыс болып бекітіледі. Жиналған шардың есебін шығару жиынына үміткер Қошым да шақырылады. Нақ осы тұста да ауыл ақсақалдары ақылдаса, кеңесе келіп, сақтық шарасын ойластырады. «Мал ашуы жан ашуы». «Жалған намыс жарға жығады» демекші, егереки Сақбай жеңіліс тауып Қошымның тасы өрге домалаған жағдайда жеңіліп қалған Сақбай мен оның жақтастары [illegible] мүмкін деген қауіп-қаперден сақтану жолы қарастырылады. Басыңа жазатайым күн туатын жағдай болса, қашып құтылғанға септігі тисін деп ел ішінде жүйрік ұстайтын Байтана бидің шұбар жорғасы Қошымның тақымына беріледі. Шар санағы белгілі бір топтың қатысуымен жабық әрі жасырын түрде өткізілген. Нәтижесінде бұған дейін Сақбайдың ел ішіндегі алым-салығын жинайтын старшыны болған Қошымның мерейі үстем болады. Көпшіліктің қолдауымен бір қауым елге болыс болып шыға келеді. Алайда, қарсылас жағының жалған намысқа берілген үрда жық өлербақан тентектері аяқ астынан ілік іздейді. Тырнақ астынан кір тапқандай, дау-дамай шығарады. Ашу – дұшпан дегендей, ашуға берілып, өздерінше кек алмақ болып Қапалдан қайтар жолда жас болыстың ізіне түсіп, өкшелеп қуады. Содырлы сойқандардың сойылынан «шу» дегенде желмен жарыса жүйткитін шұбар жорға құтқарып қалады.

Тоған қаздырып, егін салған

Бағы жанып, болыс болған қолына өзіне қарасты ел тізгіні тиген Қошым өдегенен баз біреулердей құндыз бөрік кип, оқалы шапанын, түлкі ішігін жамылып, жал-құйрығы төгілген түлпар мінп, қолына тобылғы қамшы ұстап, жаныңа нөкерлерін ертіп ел ішін аралап, сауық-сайран құрып жүруден бойын аулақ ұстайды. Болыстықты елдің қызметшісі деп ұғынады. Алдындағы көпті көрген ақсақалдармен ақылдаса келіп, Қаратал бойында тіршілік қамымен тарыдай шашырап орналасқан ел-жұртының ауызасқа жаруы, қорасының малға толуы жолындағы бейнеті көп болса да зейнеті мол қам-қарекетті қалың жұрттың көмегімен бастап кеп жіберед. Ең біріншіден, Айту би атасының кезінде арындап аққан Қаратал мен Көксу өзеннен ішкерлікке қарай тартылған Құлжабай мен Құланбай тоғанының табанын аршып ағынды судың мол болуына күш салады. Топырағы құйқалы Қарашеңгел өңірінің үй орнындай [illegible] тал» акционерлік қоғамының аға шопаны Т. Ақылбеков жайлап, игілігін көрді. Түлігімен жыл сайын көбейген малды жазда Текелінің күн шығыс бетіндегі жайлауға шығарып, Кебежелі мен Айыркезеннен өрі асып, шекараға таяу түстағы Сарытөр жазығын жайлайды. Кезінде осы жазылымда мал баққан бүгінгі күні еңбек ардагері Алтынбек ақсақал өңірлі әңгіме арасында: «Қошым атамыздың таңдауы түскен Сарытөр шық еткен тасы жоқ, малға өте жайлы қоныс еді. Етектен алғаннан малымыз бірекі айдың ішінде қонданып, жұмырланып шыға келетін. Үлкендердің жайлым таңдаудағы [illegible] қалатынбыз. Әдетте Сақбай мен Қошымның есімі қатар аталары бар. Мал айдап, жайлауға [illegible] талай шыққанымызда Кебежелінің төсінде қызылдар қуып келіп, басына бұ[illegible] үйірілгенде шекара аспақшы болып [illegible] байбашесі екеуінің жасырынған үңгір [illegible] асын көріп, тәубалық еткенін бар». – деп сйға ой қосқан еді

«Асыл туған [illegible]орда ер, елінің қамын ойлайды» дегендей, алыс қиянды шалатын Қошым болыс егіншілік пен мал бағу көсіби [illegible]шебер меңгерген елжұртын енді зам[illegible] талабына сай саудасаттыққа үйрет[illegible] бастайды. Осы ретте Абай атамыздың «Егінің ебін, сауданың тегін, үйреніп [illegible], мал изде», – деген өсиетін басшы[illegible]қа алады. Бұл көсілке істің көзін біл[illegible] сөзі өтімді, қимылы тындырымды [illegible]удага бейім Мәнібай Биментаюлы [illegible]здері пайда[illegible]ғаннан артылған астықты түйеге [illegible] Алтынемел асуынан асып, Жаркент[illegible]ағарады. Қап-қап бидай мен тарыны [illegible]алық пұлға, киім-кешекке, кант пе[illegible]шайға айырбастайды. Осылайша қ[illegible]ұнғдағы ел-жұртын алыпсатарлар[illegible]ын өсімқорлығынан, олларға тек[illegible]текке жем болудан сақтайды.

Қарын тоқ[illegible]ы, уайым жоқтығымен қатар иманды[illegible] білім-ілімнің, ізгіліктің қатар жүреті[illegible] Мәселенің осы жағын жете ұғынған [illegible]Қошым болыс Көлпе ағайындарды[illegible]тығыз шоғырланып отырған жері [illegible]аталдың сол жағалауы Алқалы т[illegible]дегінде, қазіргі Қожбан мен Жаңатала[illegible]ының екі ортасына жаңында сауат[illegible]шар медресі бар мешіт ашады. Кейін[illegible]ге дейін елдік мәселелерді қара[illegible]шешетін Қошымның бөлек төбесі [illegible]ақтаның келді. Тасуатқа дейін [illegible]ғалған Жүнтайдың ақ төбесі де талай тарихи оқиғалардың куәгері болғандығы ақиқат. Қошымның өзгелерден тағы бір ерекшелігі, төңірегіне ақылына күш сай, ел ішінде беделі жоғары азаматтарды топтастырған. Бәрінен де адалдығы артылып тұратын жандарды бауырына тартқан, оларға қамқор қолын созған. Оның сенімді ақылшысының бірі Көбеген би, қайда жүрсең ел шаруаңды ұқтыпты ақылдасып, соз үтімді, ой шалымды Тазбек балуан болған.

Дүрбелеңді жылдар, қасіретті күндер

Заманы бірдің, тағдыры бір. Кезінде атақ-даңқы дүркіреп, болыстығымен қатар ақын, сазгер, серілігімен танымал болған Пышан жаңа өкіметтің тұсында «тақсыр», «ұлыс басшысы» атағына қоса «тайшы», яғни «ұлы князь» атағы да берілді Сайшиял. «Сказание о Чингисхане»). Шыңғыс ханның бұйрығы бойынша «Го-ван» атағы Мұқалидың үрім-бұтағына мұра ретінде көшіп отыратын болды және Мұқалидың өзінің Қытайдағы наместниті етіп тағайындады. (Рашид ад-Дин «Сборник летописей»). Мұнан былай, Моңғол әскерлері Шыңғыс ханға қалай бағынса, Мұқалиға да дәл солай бағынуға бұйрық берілді. Мұқалиға берілген бұйрықтың белгісі ретінде Шыңғыс хан оған алтын мөр мен тоғыз алқасы бар ақ ту сыйлады. «Мен Қытай жерінің Тхай-ханьтауынан бастап солтүстік облыстарын түгел бағындырдым, енді сен сол жотаның оңтүстігін бағындыруың керек», – деді Шыңғыс хан Мұқалиға. Мұқали осы қабылдаудан кейін Алтон әулетіндегі соғыс жорықтарын жалғастыра отырып, 1223 жылға дейін Қытайдың 72 қаласын бағындырды. Ол 1117 жылдан 1223 жылға дейін Қытайды жеке дара басқарды. Мұқали хан алдында да, ел алдында да, Ұлы ханның отбасында да орасан зор беделге ие болды. Ол әскерлер арасында мықты тәртіп орнатты, тонаушылыққа тыйым салды, төңірегіндегілерді арақшарап ішпеуге үйретті. Әділдіктің салтанат құруын қамтамасыз ете отырып, жазықсыз адамның бекерден-бекер құрбан болуына жол бермеді. 1223 жылы қой жылының сәуір айында Се-чжоокругінің Вань-Си уезіне келгенде Мұқалидың бұрыннан белең беріп жүрген ескілікті ауруы асқына бастады. Күнінің бітіп келе жатқанын білген ол інісі Дайсынға: «Менің өзімнің тақсырыма, оның ерлік істеріне көмектесу үшін соғыспен айналысканымыз 40 жыл болды. Сол уақытта ешқашан мұнайып, уайымдаған жоқпын. Қазір мен бір ғана нәрсеге – Нань-Цзянді алып үлгермегеніме ғана өкінемін, соны бағындыруды саған тапсырамын», – деді. Сөйтіп, Моңғолдар державасының берік екі тұтқасының бірі, соңғы мыңжылдықтың ұлы адамы Шыңғыс ханның адал досы, үзеңгілес серігі, төрт мәрте маршалы (Сайшиял), генералиссимусы (К. Д. Оссон), Жалайыр тайпасынан шыққан жарқыраған жарық жұлдызы Гүн сері ұлы Мұқали 1123 қой жылы 54 жасқа аяқ басқанда қайтыс болды. «Мұқалиды өлді деген хабарды естіген сәтте тасжүрек Шыңғыс хан көзінен аққан жасты тия алмай, сары сақалын сүмалап, еңкілдеп тұрып жылаған», – деп жазады. О. Исмаилов «Әлем тарихындағы жалайырлар» атты еңбегінде Мұқали қайтыс болғанын кейін, Қытайдағы жаулап алынған жерлердегі әскердің қолбасшылығына Мұқалидың ұлы Бороны тағайындап, оған әкесінің «Го-ван» деген атақдәрежесін берді.

Моңғол империясындағы Мұқалидың беделінің зор болғандығы соншалық, халық Ұлы қаған Шыңғыс ханға қандай сый-құрмет көрсетсе, Мұқалиға да дәл сондай сый-құрмет көрсетті. Мұқали жіберген елшілер Шыңғыс ханнан өзі жіберіп отырған елшілермен тең тұрды. Жалайыр тайпасының даңқты ұлы Мұқали үлгілі де, өнегелі өмір жолынан өтіп, өз заманындағы әскери абыройдың ең жоғарғы сатысына көтерілді. Ол «Аспан асты» (Қытай) еліндегі әскердің Бас қолбасшысы, сол елдің уақытша императоры болды. «Кімді мен оған деген салтанат деңгейі ұлы қағанмен тең түсті» (С. Ақатай), яғни Мұқали моңғолдар империясындағы Шыңғыс ханнан кейінгі құдіретті мемлекет қайраткері деген бағалаудың өте орынды екенін дәлелдей түседі. Моңғол тарихшысы Сайшиял жазғандай, «Шыңғыс ханның соғыс пен әскер ісіндегі «ақылшылар алқасының қызметінде Боршы мен Мұқали бастаған төрт бөрісі» төрт арғымақтары, тоғыз маршалдары, ал Мұқали сол тоғыз төренің төбе төресі болып шешуші рөл атқарды». Қорыта айтқанда, «Шыңғыс хан Мұқали сияқты ұлы қолбасшы болмаса, жалғыз өзі дәл сол жағдайға жетпес еді, (Б. Тоғысбайұлы «Жылқының жалын, жаудың жағын айырған». 74 б.). Шыңғыс ханның пассионарлық лебі ХІІ ғасырдың аяғы ХІІІ ғасырдың басында моңғол үстіртіндегі көшпенділердің қоғамдық-саяси өміріне катты ықпал жасаған тұлғаларды – Мұқали мен Боршыны, Жебе мен Сүмбедейлерді шығарды. Солардың арқасында, солармен бірге соңғы мыңжылдықтың ұлы адамы Шыңғыс хан тарихта өзі де мәңгі өшпес із қалдырды. Мұқали ұрпақсыз, тәсіз қалған жоқ. Бүгін ҚХР Ішкі Моңғолия өлкесінің Ордос және Моңғолияның тобының ішінде Мухулай атты рудың сақталуы дәлел болса керек. Мұқали тек Шыңғыс ханның, моңғолдар елінің ғана емес, сондай-ақ Жалайырдың, ата-бабасының атын мәңгі-бақи өшпес даңққа бөлеп кетті, ал жалайырлар бүгінгі қазақты құраған белді тайпаның бірі екенін ескерсек, ол күлді қазаққа ортақ тарихи ұлы тұлға болып қала береді.

Туған жерге оралу

Мына жарық дүниеде туған жерге жетер не бар дейсің?! Кір жуып, кіндік кескен атамекен, ата-жұрт қашан да ыстық ғой. Алапат соғыстың ауыртпалығы да кейінде қалады. Ұзамай ұлы держава саналған СССР-ді қалпына келтіріп, ұясында ұстаған күн көсем И. Сталин да дүниеден озады. Елдегі саяси ахуал сәл де болса саябырсиды. Қабырғасымен кеңесе келіп Қошым ақсақал кәштің басын өзінің құт мекені қасиетті Қаратауға бұрады. Алдымен ағайын-туыстың қалың ортасына келіп, өзінің сыйлы інісі Шәріпбайды сағалайды. Оның шаңырағында бір жыл тату-тәтті тұрғаннан кейін қалауы бойынша: «Не де болса Айту бабамның төңірегін жайлайын», – деген ұйғарыммен ірге көтеріп, Оян ауылына көшіп барады. Осындағы «Оян» колхозының негізін қалаған Оразалы атақты құсбегі, саятшы Дембосын, кезінде сенімді көмекшісі болған Мәнібай сынды елге сыйлы азаматтарды хош көріп, серік тұтады. Дін жолын ұстанған Көрібай молдамен сырлас болады. Қантбайға ағалық қамқорлығын көрсетеді. Үкілі үмітін артқан кенже ұлы Сейтқали мектеп директоры дәрежесіне дейін көтеріпеді. Туған елінің ыстық топырағын қайта басқан Қошым аға 1958 жылы жетпіс үш жасында бақилық сапарға аттанады. Ел-жұрты күлді Қараталдың ғана емес, байтақ жатқан қазақ даласының соңғы болысының бірі болған Қошым Шалұлын аза тұтып, ақ жауып, арулап жерлейді. Дәуірінде бала би атанған Айту би бабасының жанынан мәңгілік тұрағын табады.

Түйін

**Иә, сонымен өткен ғасырдың елуінші жылдарының соңында елім деп еміреніп өткен, артына жарқын із қалдырған, қарадан шыққан қазақтың соңғы болысының бірі – Қошым Шалұлы да басынан небір сергелдеңді өткізіп барып, өзінің туған жерінде көз жұмды. Шүкір дейтініміз, сексенінші жылдардағы демократиялық жаңартулар мен жариялылық желінен соң бұған дейін бай, болыстың есебінен қарапаның келген ардақты азаматтың есімі толықтай ақталды. Замана желімен көк жүзінде шудаланып тұтасқан қара бұлт күннің көзін ақыры жаба алмады. Ақтаңдақтар беті ашылып, оның ақиқаты қалың жұртқа мәлім болды. Осы орайда біз де қалыс қалмай қолға қалам алған едік. Бұған бір жағынан заң ғылымдарының кандидаты, саясаттанушы С. Қасымовтың: «Азаттық азапкерлері мемлекеттік тұрғыда ақталуға тиіс» мақаласындағы: Бір ғана ҚазОАК-тың: «Байлардың шаруашылықтарын төркілеу туралы» қаулысын қалай орындалғанын айта кетелік. «Шаш ал десе, бас алатын» шолақ белсенділер осы қаулыны сылтауратып, байға ешқандай қатысы жоқ бұрынғы сұлтандар, болыстар, билер мен атқамінерлердің ұрпақтарын тегіс жазалайды. Олардың аз ғана мүлкін тартып алумен қатар

■ ТАРИХ-ТАНЫМ

Қазақстан тарихи-ағарту «Әділет» қоғамы 1996 жылы құрылған. Содан бері қуғын-сүргінге ұшыраған, түрмелерге жабылып айдалған, атылған азаматтарды анықтап, жария етіп келеді. 2011 жылы тағы бір анықтама кітап шығарды. «Книга скорби. Захоронение «Жаналык» деп аталады. Яғни, «Азалы кітап» жақында қолымызға тиді. Талғар қаласының төменгі жағындағы Жаналық деген ауылда, айналасында атылған 4121 адамның сүйегі жатқанын анықтап, бұл кітапқа тізімі берілген. Мен осы қоғамның басқарма мүшесі болдым, әрі жазықсыз қуғын көрген, құрбан етілген біраз қайраткерлер, ақын-жазушылар жөнінде деректер жасап, мақалалар жазып жарияладым, жарыққа шыққан кітаптарыма кіргіздім. Сондай-ақ, өзімнің туған жерім Үйгентас өңіріндің (бұрынғы Үйгентас ауданы) сондай құйғе ұшыраған адамдары туралы да аз деректер жинаған жоқпын. Олар туралы да жазып, газеттерде жариялаткан едім.

Ал мына «Азалы кітаптан» аты-жөндері, олардың атылуы, ақталуы жайында мәліметтерді осы жерден бойынша жазып алдым. Туған еліміңің жұртына жетсе екен деген ой келді. Өйткені, бұл кітап әрі өрысқа шыққан, әрі таралымы 1000 дана ғана. Демек, баспасөз арқылы әйтілі болса, қата болғандардың ұрпақтарының білуі үшін де керек шығар. Қазақшалап қағазға түсіргенімде аты-жөндері бұрмаланып, қате жазылуы көп кездесті. Ол жағын да түзетіп отыруға тура келді.

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАЗАҒА ҰШЫРАҒАНДАР



Енді оларды тізімнен жазып алғандарыма назар аударайық:

Әбеуов Рахат – Жыланды ауылында туған, жұмысшы, КСРО НКВД-сының 1938 жылғы 15 қыркүйектегі шешімімен сол жылғы 26 қыркүйекте атылған. Талдықорған облыстық сот 1989 жылғы 26 қаңтарда ақтаған.

Айқынбаев Байназар – Жыланды ауылында жұмыс істеген. 1938 жылғы 2 қыркүйектегі НКВД шешімі бойынша 26 қыркүйекте атылған. КСРО Жоғарғы соты Президиумының указымен 1989 жылғы 16 қаңтарда ақталған.

Әкімов Дәуренбек – 1914 жылы туған. «Ұлгілі» колхозында есепші болып істеген. Алматы облысы НКВД басқармасының 1937 жылғы 21 қарашадағы шешімімен 1938 жылы атылған. Талдықорған облысы прокуратурасының шешімімен 1989 жылғы 22 қыркүйекте ақталған.

Аманқұлов Аят – 1902 жылы «Ұлгілі» ауылында туған. Колхозшы. Алматы облысы НКВД басқармасының 1937 жылғы 21 қыркүйектегі шешімімен сол жылы 29 қарашада атылған. Талдықорған облыстық прокуратурасының қорытындысы бойынша 1989 жылғы 22 қыркүйекте ақталған.

Аманқұлов Ергали – 1895 жылы туған. «Ұлгілі» колхозының басқармасы болып істеген. Алматы облысы НКВД үштігінің 1936 жылғы 21 қарашадағы шешімімен 1937 жылғы 23 қарашада атылған. КСРО Жоғарғы соты президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указы бойынша ақталған.

Асылбеков Әлсейіт – 1882 жылы туған. «Орнақшы» колхозында жұмыс істеген. Алматы облысы НКВД үштігінің 1938 жылғы 2 қыркүйектегі шешімімен 1938 жылғы 26 қыркүйекте атылған. КСРО Жоғарғы соты президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указымен ақталған.

Базарқұлов Ошақбай – 1893 жылы туған. «Ұлгілі» колхозында жұмыс істеген. Алматы облысы НКВД үштігінің 1937 жылғы 21 қарашадағы шешімімен сол жылғы 23 қарашада атылған. КСРО Жоғарғы сотының президиумы 1989 жылғы 16 қаңтарда актаған. Талдықорған облыстық сот 1989 жылғы 26 қаңтарда ақтаған.

Бақтияров Жұмали – 1858 жылы Лепсінск селосында туған. Молда болған. Алматы облысы НКВД үштігінің шешімімен 1937 жылғы 7 желтоқсанда атуға үкім шығарып, ол 10 желтоқсан күні орындалған. Талдықорған облысы прокуратурасы оны 1989 жылғы 10 сәуірдегі шешіммен ақтаған.

Бейсембаев Жұмабек – 1897 жылы Шөтке ауылында туған. Аягөз райпосының бастығы болып істеген. 1938 жылғы 3 наурызда сотталған, 1990 жылғы 29 наурызда ақталған.

Бекмұхамбетов Жүсіп – 1888 жылы Лепсінск селосында туған. Молда. 1938 жылғы 15 ақпанда сотталған, 1989 жылғы 8 сәуірде ақталған.

Бүтіншінов Кемелбек – 1883 жылы туған. «Ұлгілі» ауылында селыо дайындаушысы болып істеген. Алматы облысы НКВД үштігінің 1937 жылғы 21 қарашадағы шешімімен сотталған. Талдықорған облысы прокуратурасының 1989 жылғы 22 қыркүйектегі шешімі бойынша ақталған.

Далабаев Шаймардан – 1895 жылы Лепсінск селосында туған. Жай еңбекші. Алматы облысы НКВД үштігі 1938 жылғы 16 қарашада шешім шығарып, 19 қарашада атылған. САВО-ның әскери прокуратурасының қорытындысы бойынша 1989 жылғы 18 сәуірде ақталған.

Жексембиев Ахмет – 1899 жылы Бірлік ауылында туған. Колхозшы. Алматы облысы НКВД үштігі 1938 жылғы 13 ақпанда сот шешімін шығарып, 19 ақпанда атылған. КСРО Жоғарғы сотының президиумы 1989 жылғы 16 қаңтарда ақтаған.

Калибеков Нұрахмет – 1890 жылы туған. «Бірлік» колхозының басқармасы болып істеген. 1937 жылғы 21 қарашада сотталған, 1989 жылғы 22 қыркүйекте ақталған.

Карабаев Нияз6ай – 1892 жылы Төнкеріс ауылында туған. Жұмыссыз. 1937 жылғы 1 желтоқсанда сотталған, 1989 жылғы 26 маусымда ақталған.

Қонырапбаев Малайман – 1868 жылы туған. «Бірлік» колхозында колхозшы болып істеген. 1937 жылғы 21 қарашада сотталған. КСРО Жоғарғы соты президиумының 1989 жылғы 16 шілдедегі указымен ақталған.

Манақпаев Мұхамедьяр – 1881 жылы туған. «Сталин» атындағы колхозда колхозшы болып істеген. 1938 жылғы 13 ақпанда сотталып, 19 ақпанда атылған. Талдықорған облыстық прокуратура қорытындысы бойынша 1957 жылғы 26 сәуірде ақталған.

Мұсабаев Нұрғали – 1899 жылы Төнкеріс ауылында туған. Колхозшы. 1937 жылғы 20 желтоқсанда сотталып, 1938 жылғы 15 қаңтарда атылған. Талдықорған облыстық сот 1956 жылғы 21 мамырда ақтаған.

Жолдыбаев Қаражігіт – 1890 жылы Жыланды ауылында туған. Колхозшы. 1938 жылғы 13 ақпанда сотталып, 19 ақпанда атылған. Талдықорған облыстық прокуратурасының 1989 жылғы 27 сәуірдегі қорытындысымен ақталған.

Нұрлыбаев Шаймардан – 1909 жылы Төнкеріс ауылында туған. Сельпо сатушысы. 1937 жылғы 31 желтоқсанда сотталып, 1938 жылғы 15 қаңтарда атылған. Талдықорған облысотының 1956 жылғы 25 мамырда актаған.

Оспанов Бекбатыр – 1905 жылы туған. «Екпінді» колхозының колхозшысы. 1937 жылғы 29 желтоқсанда сотталып, 1938 жылғы 9 қаңтарда атылған. Алматы облысотының актаған.

Рахымов Исабай – 1896 жылы Жыланды ауылында туған. Бригадир болған. 1938 жылғы 15 қыркүйекте сотталып, 29 қыркүйекте атылған. КСРО Жоғарғы соты президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указымен ақталған.

Сағындықов Айпабұлан – 1897 жылы Жыланды ауылында туған. «Бірлік» колхозында бригадир. 1938 жылғы 13 ақпанда сотталып, 19 ақпанда атылған. Талдықорған облысотының 1958 жылғы 30 қыркүйекте актаған.

Сағындықов Кемел – 1905 жылы Жыланды ауылында туған. Колхозшы. 1938 жылғы 13 ақпанда сотталып, 19 ақпанда атылған. Талдықорған облысотының 1958 жылғы 29 тамызда актаған.

Табажанов Жанабай – 1880 жылы туған. «Бірлік» колхозында колхозшы. 1937 жылғы 21 қазанда сотталып, 2 желтоқсанда атылған. КСРО Жоғарғы Соты президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указымен ақталған.

Тәубаев Бабқұшар – 1898 жылы Бірлік ауылында туған. Сатушы. 1937 жылғы 21 қазанда сотталып, 23 қарашада атылған. КСРО Жоғарғы соты президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указымен ақталған.

Төқпенсов Мұхамеди – 1895 жылы Жыланды ауылында туған. Колхозшы. 1938 жылғы 14 қазанда сотталып, 18 қарашада атылған. КСРО Жоғарғы соты президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указымен ақталған.

Оразов Ондабай – 1890 жылы Майлышат ауылында туған. Колхозшы. 1937 жылғы 3 қарашада сотталып, 5 қарашада атылған. Алматы облысотының президиумы 1967 жылғы 29 наурызда актаған.

Оразов Нұрғали – 1903 жылы Майлышат ауылында туған. Мұғалім. 1938 жылғы 15 ақпанда сотталып, 20 желтоқсанда атылған. Каз ССР Министрлер кеңесі жанындағы КГБ 1967 жылғы 25 наурызда актаған.

Өтегенов Қамыш – 1890 жылы Жыланды ауылында туған. Колхозшы. НКВД комиссиясы 1938 жылғы 5 қыркүйекте сот шешімін шығарып, 26 қыркүйекте атылған. КСРО Жоғарғы соты президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указымен ақталған.

Шуманов Малдыбай – 1886 жылы Лепсінск селосында туған. Колхозшы. 1938 жылғы 14 қазанда сотталып, 19 қарашада атылған. КСРО Жоғарғы соты президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указымен ақталған.

Сонымен, бұл «Азалы» кітапқа бұрынғы Үйгентас ауданы бойынша атылған 60 адамның аты кірген екен. Олардың жарғысынан астамы, яғни 31-і қазақ, қалғаны орыстар. Негізінде НКВД үштігінің шешімімен сотталып, ату жазасы берілін отырған. Кейін олардың бәрі әр жылдарда ақталған. КСРО Жоғарғы соты президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы указымен 18 адам ақталған. Қалғандарын республикалық және облыстық сот, прокуратура, КНБ органдары әр жылдарда істерін қайта қарап, қылмыстық құрамы жоқ деп тауып, ақтау жөнінде шешім шығарған. Демек, олар – жазықсыз құрбан болғандар. Олардың істеген жұмыстарына қарасаң, тағылған айыпқа баратындарға жатпайды. Көпшілігі қарапайым жұмысшы және колхозшы адамдар. Бірлі-жарымы есепші, дайындаушы, күзетші, қоймашы, ұстаны, омарташы, сатушы, дәрігер, құрылысшы дегендер де ілініп кетті.

Қуғын-сүргін жөнінде көпшілік аударатын бір мәселе бар. Ол – «сол репрессияның себептері не?» – деген сұрақ. Келешекте сондай озбөтке жол бермес үшін, санаға сіңіріп, ескеріп отырудың артықтығы жоқ. Дүниеге келіп, өскен жеріміздің жұрты да білігі жұрын деген ой да келеді.

Алдыңдық тұғырын, қуғын салуды 1925 жылы республика басшысы болып келген Ф. Голощекин асқындатып жібереді. Үлкен бір себеп сол.

Осы «аса қатыгез, даңққұмар, мансұғы» (академик М. Қозыбаев) адам «Кіші Октябрь» жүргізу дегенді бастап, жерді тәркілеу, кәмпеске өткізу, мәдениет, әдебиет, оқу салаларында ұлтшылдықпен, алашордашылықпен күресу мақсатын қойды. Қарсы тұрғандар болса, оларды әшкерелеу керек, аластау кажет. Ол үшін ОГПУ, НКВД оның қолшоқтарына айналды. Қазақ қыметкерлерін арасына жік түсіру, бір-бірімен араздастыру, айтыстыру, біріне-бірін айдакерлікпен айдап салу қасақана жүргізілді.

Соңына түсіп, жалған деректер жинау, тыңшылық жасау, жазаға тартудың айла-шарғысын қарастыру, арандату, бұра тартатын қисықұлыздарды, тілбезерлерді – осы кезде желпіліре жүргізілді. Барысында алашорда қайраткерлерін (1929 жылы – 40 адам, 1930 жылы – 44 адам) тұткындау, соттау процестерімен жалғасты. Мұнда «сыншысымақ» қазақ азаматтарының да үлесі жоқ емес. «Айт!» десе болды, алақ-жұлақ етіп, дегбір таппай, ауызы көпіріп, тілін шошандатып сыпыққа сылтау табамай жүретіндер қашан да болған. Олардың әрекеттерінің зияны, кесапаты аз болмаған. Ауылды жерлерде де сол себептің салқыны тимей қойған жоқ. Сондықтан Үйгентас өңірінде де бірін-бірі көрсету өршіп, қуғын-сүргінге, қырғынға ұшыратуға жалғасып кетті. Соңы кезде үдестіріліп, жинастырып жүрген деректерім мына «Азалы кітапқа» кіргендерден әлдекайда көп. Олар туралы әр кезде жазған болатынбыз.

Тағы бір себепке – қатыгез шараларға жол сілтеген қаулыларды жатқызар едік. Бірі – 1934-1936 жылдары партия құжаттарын тексеру, ауыстыру жөніндегі қаулы. Екіншісі, 1937 жылғы ақпан – наурыз айларында БКП (б) Орталық Комитетінің пленумы өтіп, троцкистердің талқандалғанын, бірақ олардың агенттерінің зиянкестік және диверсиялық әрекеттері әлі толық жойылмай келе жатқанын атап өтіп, күресті күшейтуге бағыт сілтеді. Бұл пленум шешімі Қазқрайкомның 20 наурызда өткен VIII пленумында қолдау тауып, күрес жолдарын белгіледі. Мұның дүрілкіне лебі алыс ауылдарға дейін жетті.

Ендігі бір себеп – НКВД орындарына еркіндік берген соң, олар енжімен санаспай тұткындау, соттау, ату істерінің бәрін қолдарына алды. Партия ұйымдары, аудандық және облыстық партия комитеттері, тіпті Орталық партия комитеті де дәрменсіздік күйге түсіп, аныс-қанығына көз жеткізіп, араша жасауға да бара алмады. Үйгентас ауданы НКВД-сының қызметкері Бадамбаев деген тұткындау, түрмеге отырғызу құжаттарына қол қойып отырғаны анықталды. Оған «Мұның не?» деуші қызметкер болмады. Демек, құқық қорғау орындары ақиқатын анықтау, әділ қарау, жанашырлық жасау дегенді ысырып тастап, оңды-солды құрық сілтеп, тергеу кезінде қол жұмсап, азаптап өз дегеніне көндіру, жоқ айыпты мойындату әдістерін қолдануға мүмкіншілік алды. Сондықтан олардың тұзағынан құтылу мүмкін емес еді. КСРО Ішкі істер министрін басқарған Н. Ежов оның тапсырмасын мүлтіксіз орындайтын Қазақстандағы Ішкі істер наркомы болған Л. Залин, одан кейін келген Реденс шаш ал десе, бас алатын адамдар болып шықты. Л. Залин: «...Ежов жолдас бастаған НКВД органдары троцкийшіл-оңшыл барлық сұмырайларды және олардың контрреволюциялық достарын жақын уақыттың ішінде түгел құртады» – деп «Социалды Қазақстан» газетінде (1937 ж., 6 шілде) жазып, қорқыта сес көрсетті. Айтқанындай-ақ, Қазақстанда 120 мыңнан астам соттады, 25 мыңы атылған. Олардың ішінде жоғарыда аттары аталған 60 болдақ та бар. Ендігәрі мұндай зұлмат, қанды кәсіпет еліміздің басына төнбесін, қырғын бұлты төнбесін деп тілейік.

Төктар БЕЙСҚҰЛОВ,
жазушы, ғалым, профессор,
«Әділет» қоғамының мүшесі.

■ ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ!

Мұқағалидың құдасы



Мұқағали ақынның құдасы Қыдырбай қария мен Әйімбала апай.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың қан құдасы Қыдырбай Айдаров қарияның 90 жастың төріне шыққанын естігенде, ерекше қуаныштың құшағында болғанымызды қалай жасырайық. Кездесе қалғандар шеттерінен «Ой, Мұқағалидың құдасы Қыдырбай қария 90-ға келіпті. Қандай ғажап», – деп лепірген қуаныштарын бүгіп қалар емес. Жарылып кете жаздап тұрған қуаныштары да жарасымды. Халық ол кісіні «Мұқағалидың құдасы» деп атап кеткені біздің құлағымызға сіңісті болып қалды.

Ес білгеннен ол кісінің өмір өткелдеріне енжар қарай алмадық. Ортаншы баласы Болатжан екеуміз ара-мыз ажырамай бірге жүргендіктен, ата-анасымен де қоян-қолтық араласқаннан болар, талай-талай әңгімесін дауызбауыз естігенмді әлі күнге дейін ұмыта қойған жоқпын. Қасиетті Хантәңірдің етегіндегі, Қақпақ ауылында аяқтанып алдағы арманына алқынбай құлаш сермеген Қыдырбайдың аудандағы абыройы да аскақ тұрғанын халық жақсы біледі.

Балаң кезінен алғырлығы мен алға ұмтылуды мұрат тұтқан Қыдырбайдың жасаған қаламдары жарқырап көрінді. Ұлы Отан соғысы басталардың алдында оның сынапты аяқтап, аудандық комсомол комитетінің хатшылығы қызметіне кірісіп кетті. Өрине, ол кезде мектепті жаңа бітірген азаматқа осы жұмысты міндеттеп беру қайдан оңай болсын. Сонда оның көзінің ашық, көкірегінің ояу екендігі мен тиянақтылық, тындырымдылық іскерлігі жоғары басшылықтағылардың бірден қаперіне ілікті. Соғыс басталған кезде Қыдырбай да от пен оқтың ортасынан табылып, алдыңғы шепте жүрді. Одан бұрын Алматыдағы 100-ші атқыштар бригадасынан әскери дайындықтан өтті. Сондағы командирі сол кезде-ақ Қазақстанға әйгілі болған полковник Василий Шевцов пен комиссары, академик Сақтаған Бәйішев болғаны оның жүрегіне жатталып қалыпты. Сол 1942 жылдың ақпанында осы бригаданың құрамында батыс майданына келіп қосылады. Сондағы Пушкин, Великие Луки қалаларындағы және Калинин майданындағы шайқастарда соғыстың қандай қатігездік екенін жүрегімен сезінді. Ал, осы аймақтардағы Бурцова, Алекссевка ауылдарының қып-қызыл шығынға ұшыраған көрген кезде оның кеудесін жауға деген кек кернеп, қаруластарымен бірге сол жерде жаудың 25 танкісі мен 3 мыңнан аса жауынгерлерін жойып жібереді.

Қиыр Шығыста жүргенінде 1945 жылы Жапон империализмі басқыншыларының қабағына киліп, бүлік салуына тойтарыс беру де тарихта алтын әріппен жазылып қалды ғой. Қыдырбай да бұл қанды шайқастан шет қалған жоқ. Екінші Қиыр Шығыс майданындағы 15 армияның 63-ші шекарашылар отряды құрамында соғысқа араласты. Квантун армиясына қарсы Сахалин үшін болған үш тәуліктік қанды қырғында әлі күнге дейін есінен шығара алмайды. Сонда Харбин қаласы түбіндегі кескілескен ұрыстардың бірінде өкпесінен жарақат алады. Тоғыз айдай госпитальда жатып, 1947 жылдың ақпанында екінші топтағы мүгедек болып, туған жеріне оралады. Соғысқа Алматыдан 105 адаммен бірге аттанған еді. Солардан аман-есен елге оралғандары саусақпен санарлықтай ғана болып шықты. Ал туып-өскен ауылынан майданға аттанған 13 азаматтың 11-і опат болып кетіпті. Сонда ол тай-құлындай тебісіп бірге өскен Қоргәсбай Құлжабаев, Әбдіманап Қожекеев деген достарымен амандықпен көріскенінің өзіне жатпай-тұрмай шүкіршілік жасап жүрді. Қыдырбай елге табаны тигеннен кейін де «жарақаттарым бар еді» деп айналасына жар салмай, мүгедектігін елемей, еңсесін тік ұстайды. Бірден партия жұмыстарына білек сыбана араласады. КазПИ-дің физика-математика факультетін сырттай оқып, үздік бітіріп шығады. Осыдан бастап ұстаздықты 30 жылдан астам өзінің берік ұстанымына айналдырып, жас ұрпақ тәрбиесіне барын сала еңбек етеді. Жүздеген шәкірттерді тәрбиелеп, ел қатарына қосады. Оның қолынан шыққан шәкірттері әлі күнге дейін өзімен хабарласып, арнайы келіп сәлемін беріп кетеді екен. Мұның өзі де ол үшін үлкен құрмет екені анық. Төккен терінің төлеуі далаға кеткен жоқ. Атқарған адал еңбегінің арқасында «ҚР Білім беру ісінің үздігі» атанады. 1982 жылы зейнеткерлікке шығады.

Өмірдің көруен көші өз орнында тұрмайды ғой. Қыдырбай қария 25 жылдан бері Алматы қаласында тұрып келеді. Жүрісі де тұрысы да баз баяғы қалпында. Қайсарлығымен 90 жасқа келсе де қарттыққа берілмеген. Ұқыптылығы мен ұтқырлығын жоғалтпаған. Бостандық ауданындағы ардагерлер кеңесінің мүшесі. Қоғамдық жұмысқа қалмай қатынасып, шамасы келгенінше атсалысып тұрады. Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында соғыс ардагерлерінде бос уақыт жоқ екені белгілі. Мектептер бірінен кейін бірі оқушылармен кездесуге шақырып жатады. Ондайда жамбастап жатып алмайды. Мұнтаздай болып киініп барып, бастан кешкендерін оқушылардың алдында жайжапсарына келтіріп, әңгімелеп беретін.

Үкімет тарапынан басқа да көріп жатқан жеңілдіктері жетерлік. Қыдырбай қария құдай қосқан қосағы Әйімбала апаймен бақытты ғұмыр кешіп келеді. Әйімбала апай тылдың ардагері атанған ана. Кейіндеп зейнеткерлігіне дейін сауда қызметінде болды. Ол кісінің кеудесі де марапаттаулардан кенде емес. Самаладай самсап тұр. Екеуінің сыйластығы мен сыпайылықтарына ел-жұрттары дәйім дән риза.

«Әттең, жалған дүниеай!», – екеуі кейде көздерінің жастарын бір сығып алады. Қайтсін, енді. Тұла бойы түңғыштары, қос қанаттары атанған Бақытжаны мен Болатжаны ерте солған қызғалдақтай мезгілсіз көз жұмды. Осы жағы олардың еңселерін езіп-ақ жібереді. Соның өзінде төзімділіктерінен қайтпайды. Дәтке қуат санап, олардан қалған немерелеріне арқа сүйейді. Олардың бәрі де жоғары білімділер. Атасы мен апасының алдынан қия өтуді білмейді. Қайта аста-үстілеріне түсіп, алдарында өбектеп тұрады. Екі баласының соңынан ерген Бақытгүлін аскар таудай көреді. Қазір жаман болып жатқан жоқ. 9 немере мен 10 шөберенің қызығына кенеліп отыр.

Әңгімеміздің басында ардақты ардагер Қыдырбай Айдаровты ел-жұртының «Мұқағалидың құдасы» деп атап кетуі тегін емес. Сексенінші жылдардың басында қызы Бақытгүл Мұқағалидың ұлы Жұлдызбен отбасылы болады. Сол кезде оның аты осы жан жадыратар атауға ие болып қалып еді. Ең екіншісі осы баласы мен келінінің қуанышын ақиық ақынның көре алмай кеткені. Осы жағын Қыдырбай қария мен Әйімбала апай жиі айтып отырады. Бұл әңгімені көзінің тірі кезінде Мұқағалидың жары Лашын да ауызнан тастамаушы еді. Алайда, Қыдырбай қария қан құдасымен тірі кезінде жақсы араласқанын, оның шығармаларын қастерлеп ұстайтынын айтып, жағынызды жайлаудан келтіріп тастайды. Қызы Бақытгүлдің «Мұқағали» қорының президенті ретінде толайым жұмыстарды атқарып келе жатқаны халықтың жадында. Міне, Мұқағалидың құдасы мен құдағиы осындай жандары жадыраған жайсаң жандар.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
журналист.
АЛМАТЫ.

■ ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...

Арман алға жетелеп



1936 жылы орыстың әйгілі жазушысы Максим Горький қайтыс болады. Сол тұста Қазақстанның қиыр шетінде орналасқан Қаратал ауданына қарасты шағын ғана Құмарал (қазіргі Тастобе) деп аталатын елді мекенде туған балаға әкесі Қали Ордабаев пен шешесі Дузел Күрекқызы қаламгер болсын деген үмітпен Максим деп ат қойыпты. Алайда, бала Максим осе келе қаламнан гөрі шаруашылық жұмыстарына бейім болды. Мүмкін жазушы болар еді. Бірақ, оның өмір жолы мақсатын басқа бағыттан іздеуге жетеледі. Максим екі жасында, яғни, 1939 жылы шешесінен айырылды. Арада Ұлы Отан соғысы басталып, алдыңғы шепке аттанған әкесі 1942 жыл Сталинградтың түбінде ерлікпен қайтыс болады. Содан бастап ол Ұлтай Ордабаеваның қолында тәрбиеленді.

Десе де, бала шағы соғыстың өрті жүйкелеткен кезеңге тура келгендіктен қиындық ерекше ерекетті. От пен оқ аралас орамған соғыс жүріп жатқан тұста елдегі еңбектің бүкіл ауыртпалығы әйелдерге түскені анық. Ұлтай апа қаншалықты қажыр болды десек те, ертеден қара кешке дейінгі белін қайыстыратын ауыр еңбек бала Максимді ерте есейтті. Үш-төрт жасынан бастап қозы-лақ артынан жүгіріп, сиыр бағып, балмен бірге дала жұмысына араласып кетеді. Бұл аулы өмірінің айнымалы еңбегі еді. Осылайша қозы-лақтың соңынан жүгіріп, сиыр бағып жүріп-ақ жақсы мен жаманды, ауыр мен жеңілді ажыратып үлге жетті. Осы тұста Тастобеде «Бірлік» атты мектеп-интернат ашылады да бала Максим сол ортада арманын үкілей бастайды. Еңбек алаңындағы белсенділігімен қоса оқуға алғыр болды. Құрбылары мектептің түрлі арасының жолбасшысы атанды. Орын ол тұста барлық үйдің өзінің ұлы бар еді. Өзі сияқты балаларға деп әкелер соғыста өлген жетімдерге қатын. Олар қанша қиындық көрсе де мойымады, бірақ отбасы жылуына ерінбе алмады.

Орта мектепті бітірген соң қатарластарымен қатар Максим де білім іздеп, Алматыға ұмтылды. Бірақ түрлі қиындық салдарынан арманын қоя тұруға, ауыл жұмысына бел шеше кіріседі. Талдықорғанда жүргізушілік мамандығын үйренін, нағашысы Нұрғабыл Күреновтің шақыртуымен Көксу ауданына барып, бір мезгіл «Беларусь» тракторының тізгінін ұстады. Одан кейін туған ауылына келіп, мектеп-интернатқа жұмысқа орналасып, жүргізушілік пәнінен сабақ береді.

Аталған мектепте үш жыл сабақ берген ол бұл кәсіптің қыры мен сырын жетік меңгеріп алды. Дей тұрғанмен, осы тұста оқудың, білім мен біліктілікті көтерудің қажеттілігін терең сезінеді де республикадағы ең беделді оқу орны Қазақ Ұлттық университетінің сырттай бөліміне құжатын тапсырады. Бағы жанып аталған оқу орнының физика, экономика және география факультетіне қабылданады.

Студенттік шақ адам өмірінің ең бір тамаша шағы: өзіндік қиындығы болғанымен қызығы да таусылмайды. Ұқыптылығы, жауапкершілігі, табандылығы оқу орны басшыларының қолдауына не болып, бітірген соң Мәскеуге тағы да алты айға мамандығын жетілдіруге жіберіледі. Мәскеуден оралған соң Алматыдан бедел биік, орындығы жұмсақ жұмыс таба алады. Бірақ, ауылға келіп, туған мекенін түлету үшін Үштөбеден бірақ шығады. Арманы алдаған жоқ. Қайта беделін асырып, тәжірибесін кемелдендіре түсті. Жалпы, Максим Қалиев 1960-1975 жылдар аралығында Қаратал аудандық атқару комитеті жалпы бөлімінің нұсқаушысы, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі сияқты сатылардан абыроймен өтеді.

«Еңбегі бардың еңбегі бар» демей ме. Сондай-ақ, сенің төккен терідің бағалайтын, түсінетін жандар болады. Оны өзің байқамағаныңмен, олар сені сыртан біліп, сынап жүреді. Максимнің аудандық атқару комитетіндегі ұқыптылығын, терең білімін, жауапкершілігін өзгелер бағалай білді. Содан 1975 жылы Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне жұмысқа шақырту алады. Одан кейін Алматыдағы студенттер қалашығының директорлығын абыроймен өтейді. Көп өтпей политехникалық университеттің проректоры болып өнімді жұмыс істейді. «Спартак» ерікті спорт қоғамының бас инженері, «Арал» шағын кәсіпорнының директоры да болды. Оның ең бір өнімді қызмет атқарған жұмысы «Қазақфильм» мемлекеттік кәсіпорны бас директорының орынбасары және киномотографистер қоғамының бас директоры болған тұсы еді.

Әлбетте, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қайта құру кезінде еліміздің кино индустриясы үлкен сынаққа дөп келді. Бірақ, түбінен жоғалып, құрып кетпеді. Талант таразға ұшырап, тарап кеткен жоқ. Бұған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ықпалы да болған. Сол тоқсаныншы жылдары Елбасы «Қазақфильмге» арнайы келіп, қасиетті орынды көз қарашығындай сақтауды тапсырып кетеді. Сол тұста «Қазақфильмді» Тәнірберген Хажиев басқарып тұрған кез еді. Максим Қалиев бас директордың шаруашылық жұмысына жауапты орынбасары болып қызмет атқарады.

Бұны айтуымыздың да өзіндік себебі бар. Әлбетте, одақ тұсында «Қазақфильмнің» барлық өнімі өңделген соң міндетті түрде Мәскеуде сақталатын. Тәуелсіздік алғаннан кейін Мәскеумен байланыс үзілді. Қаржылық қиындық қыспаққа алды. Айлап жалақысыз, зейнетақысыз өткен күндер көптеген мамаңның шет елге кетуіне немесе басқа жұмысқа ауысуына түрткі болды. Бірақ, «Қазақфильм» ұжымы Тәнірберген Хажиевтің басшылығымен бар қиыншылықты бірге көтерді. Осы қатарда директордың орынбасары болып істеген Максимнің де маңызды жауапкершілік атқарғанын көруге болады. Сонымен қатар, ол ұжымның шаруашылық жұмысына жауапты басшы болғандықтан қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын шешуге мұрындық болды. Бұл ретте, оның бәрін тізбелеп отырудың кереті жоқ. Бірақ мына бір жайды айта кетпесек болмайды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1995 жылы «Қазақфильмге» келген кезекті іссапарында Максимді арнайы қабылдап, ұжымның жағдайымен танысады. Әрі зейнетке шыққалы тұрған оған киномотографистер қоғамының бас директорлық міндетін жүктеп, екі жылдан кейін, яғни 1997 жылы зейнетке кетуге қол қойып, хат жазып береді. Зейнетке шыққанын кейін де жұмысын жалғастыратын адамдар көп, десек те, Елбасының арнайы ұсынысымен жауапты жұмысқа тартылуы Максимнің белгілі биігінің қаншалық деңгейде болғанын аңғартады.

Сонымен 1997 жылы зейнетке шыққан соң ағамыз Алматымен қош айтысып, Талдықорғанға қоныстанды. Мұнда келген соң да ақсақалдардың ұйымдастырумен өтетін түрлі шараға белсене араласып, облыстық ақсақалдар кеңесінің басқармасымен қолға алған «Атадан – ұлағат» атты бағдарлама аясында өткен барлық шарада өз белсенділігін танытып келеді.

Максим Қалиев биыл 75 жасқа келді. Бұл жасқа толағай табыс, ұрпақтары үлгі өтер ұлағатты істерімен жетті.

Қажет АНДАС.

ХАЛЫҚ ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДА

Жәнек батырдың тікелей ұрпағы қарашаңырақ иесі, тарихшы этнограф, шежіреші, ақын, сәулетші, әлеуметтанушы Асылхан Артықбаев Жәнек туралы көп құнды-құнды зерттеу материалдарын жинаптты. Онда Асылхан былай дейді.

Қазақ елінің байтақ жерінде елін қорғаған батыр көп. Солардың бірі – Жетісу жерінің тәж ұлы, Қарасай батырдың шөбересі – Жәнек батыр. Әкесі Түктіқұрт, атасы Түрікпен, бірге туған ағалары Дәулет, Қаумен, інісі Бәйтелі де атақты батырлар болған.



Ұрпағы Қарасайдың – Дәулет, Жәнек

Сүйінбай Арамұлы
Ұрпағы Қарасайдың
Дәулет, Қаумен,
Алысқан күн ағылып
Тілдей жарылып,
Кайратын Жәнектің
Жер шақпаған,
Қашқаны Қытай асып
Алтауменен...
Әкесі Қарасайдың
Түгел батыр,
Ортасын орлаганның
Шамы жоқ, –

деп жырға қосқан.

Заманында ерлігі жанқиярлық, өнегелі-ісімен болған болған Жәнек батыр 17 жасында қалмақ батырын Дөнен Қарасұ жекпе-жекке шақырып, оны жеңіп, ел аузында қалған. Батыр 37 жасында Жамбыл ауданы, Қарақыстақ асуында қақпасы бағаналы-бағаналарының қалының қазы болған. Ол жерде бүгінгі күнге дейін Жәнек бастауы деген қайнар бар.

Абылай хан билік құрған заманда Жәнек оның қасында үлкен дәрежелі болып, қатарынан жүлдесіз, кейін мынбасы болып, қазақ жерінен жоңғарлы бүлдіру жасақтарын басқарған. Аяжан, Аяпберген, Шөкпар жорықтарын, Шу өңірінің бойында шайқасып, Түркістан жерін қорғау кезінде, Алтыбақан жерін жаудан қорғауда, Алтын жасауылының ақсақалы болған. Мұрагер хан Дәулетке, Сапы – Сиы (Қытай) жұмыстарын ақыл ұстыздығы қазақ жасақтарын ынтымақтастығын өткізіп, Алтын хан Сұлтанның жерін жаудан босатуға, Алтын батырларды Оңқа, Хангелді басқырған жергілікті жасақтарға қосылып, Орта Мерке, Кетеп, Қарақұлды – Құмтекей шайқастарын, Қарнас бекінісін алуға тікелей қатысқан. Бір жарым айға созылған бұл шайқас қазақ жасақтарының жеңісімен аяқталыпты. Қазақстардың Нор ноян басқарған әскері күлпынысына шегініп, олардың қашқан жолы Нарқашқа болып ел аузында қалған.

Зерттеуші, ғалым, этнограф Шоқан Уәлиханов 1857 жылы жазған «XVII ғасырдың батырлары» деген еңбегінде былай деп жазады: «Абылай хан қалмақтарға алғаш рет тұтқынға түскенде оны Жәнек батыр қалмақтарға ұзатып ұзын шпилдәкке беріп, босатып алған. Бұл Сары деген балаңыз асқан мерген, сәнқалы болыпты. Осы өнеріне қызығып, «балаларыңа ұят бұл ... ұлын өз қолың, шпилдәкке сұрап алғын». Абылай хан тұтқында екі жылдай болады, ақырында Қалдан-Серен Абылайымен бейбіт келісімге келіп, тұтқынын босатып, алтын жәшік тігілген шапан кигізіп, алтындаған қару-жарақ беріп, ат отау сыйлап, үлкен сый-сияпатпен орласынан шығарып салады.

Жәнек ұрпағы, шежірелі Әуез Кенжебаев ақсақал былай дейді: «Абылай хан екінші рет қалмақтарға тұтқынға түскенде, Жәнек батыр жанындағы шағын жауынгерлермен, аспазшы-атқосшымен қалдырмай қосып, түндетіп тоңтайшы Қалдан – Серенінің ордасын шауып, Абылай ханды, баласы Сарыны және қонтайшының қызы Ақтан сұлуды алып қашады» Бұл жайлы халық аузында мынадай өлең- шумақ сөздер қалған:

Тұлымы Қарасайдың
Дәулет, Жәнек,
Егескен жауларына –
кеттеген кек.
Қыпы елі Қалдан ханның
Ақтан сұлу
Соғыста алып шыққан
Жәнек еттеп.

Сол Ақтан сұлу Жәнек батырға ұшпан тоқалы болып, батырға етті ұл мен қызды тауып береді, кейін тағы бір ұл туады. Өсе келе етті балаларын – ұлы Малайсарыны, қызы Гауһар батырлығымен, ал екінші ұлы Бармақ күйшілігімен ел арасында аты қалған.

Жәнек батыр 1712 жылы Күнгей Алатауы, Кіші Кеминн (Қырғыстан) жайлауында дүниеге келген. Туған анасы, Шапырашты елі Теке тайпасынан шыққан бидің қызы болған. Анасы жүкті кезінде қасқырдан бауырына жерік болып, осыны естіген ауыл ақсақалдары «келін ұл туса, қасқырдай жортуылды болады» деп жорыпты.Туғанда азан шақырып қойған аты Жанақ болған, кейін қазақтың қайың-қайтарма ат қою рәсімімен Жәнек атанып кеткен. Тайсалмайтын өткір мінезімен үлкен атасы Қарасайға тартып, Түркінен атасынан тараған батырлар – Түгіскұрт, Қарша, Қастек, Бәйтелі, Кішке, Жауған, Жетісу жерінен шыққан XVII – XVIII ғасырлардың батырлары Самсы, Сұранқұлы, Сауырық, Сүттібай, Сыпатай, Аңдас, Оңқа, Хангелді, Рәшембек, Нарбота секты, «қасқырдың бауырын жеген Арқан-жүрек Жәнек» аты ел аузында қалған. Он бес жасының ағалары Дәулет, Қаумендерге қосылып жауынгерлік жолға түсіп, Орта және Ұлы жүз жерлерін қалмақтардың қол астынан жыпылып, сүйгіш денесін шаншып өтеді. Жәнек-жек тоқтатылып, Долан Қараның елі денесін атқа артып, қалмақ әскері еліне қайтады. Ал, жас Жәнек батыр ағаның, жұт басы болып тағайындалады.

Қазақ – қалмақ елдерінің арасында Абылай сұлтанның атын шығарған үлкен соғыс басталады. Осы соғыста Абылайдың ерлігіне өте риза болған Орта жүз ханы Әбілмәмбет үш жүздің ит жақсыларын шақырып, картайып қалған шақшақ Жәнібек батырдан бата алып, Абылай сұлтанды ақ киізге көтертіп, өз қолымен хан сайлатады. Хан Абылайдың ордасын күзетіп, туын көтеріп, жас жұбасы Жәнек, Барақ сұлтанның қарындасын алмақшы болып, құдалыққа ханның өзінің баруын сұрайды. Абылаймен бақталас, күндес болған Барақ сұлтан, құдалыққа келген ханды кемсіту үшін, Абылайдың қарындасымен жақын екендігін айтып, оны тоқалдыққа бер дейді. Бұл соғыс өрбілетінін Абылай құдалықты тоқтатып, ордасына қайтады. Осыны көріп, Жәнек батыр еліне ат шаптырып, ағалары Дәулет, Қаумен бидің құдалыққа баруын қалайды. Құдалыққа барған ағалары Жәнек батырдың ерлігін, Барақтың Тарбағатайдағы жайлауының қайтуына еңбек сіңіргенін айтып, қарындасын інісіне беруін сұрайды. Сұлтан айтқан соңғы құлақ аспай, құдаларды сыңға салып, не жоқ, не келістім демей, ауылында ұзақ ұстап, ақырында қарындасын ауылынан ұзатып салады. Көс жайлап келінді алып елге қайтқанда, жұртқын құдалықтың нағе ұзаққа созылғанын сұрағанда, Қаумен би ел ішіндегі тыныштықты сақтағысы келіп, былай депті:

Жаман болса да қарағым,
Жақсы болса да қарағым.
Сыландатпай бере ме,
Қарындасын Барағым, – дегенекен.

Өте ұнатып, ғашық болып алған бірінші әйелі Жәнекке – Дәуітбай, Үмбетей, Мақымбай, Байжігіт, Омар атты бес ұл тауып береді. Түңғышы Дәуітбайды нағашысы Барақ сұлтан еліне алып кетеді. Әйтпеқа көңілі тауып, жұбату үшін, Жәнек батыр әскери жорыққа жетім қалған бір он жасар Сары атты балаңы әкеліп тәрбиелуге береді. Кейін бұл баласы Баян батырмен дос болып, Сары батыр деген атақты тарихта аты қалды Сонымен бәйбішесін үш

Қазақстан Республикасының оқу-ағарту ісінің үздігі, Жәнек ұрпағы, шежіреші Мақдырақым қартқа айтуынша, бір күні Жәнек батыр ақ пұлан жүрет, бір сайдың шүйде сегіз үйден тұратын қалмақ ауылын шауып олжалап алады. Ол ауыл, Долан Қара жеңіліп жесір қалған әйелінің ауылы болып шығады. Қалмақтар Абылай ханға елші жіберіп.

– Жәнек батыр қонтайш балаларын жетім қылыпты, ауылын шауып, малын тартып алды. Бұдан былай жауластық үшін, қонтайш қызын тоқалдыққа алып, малын қайтарсын, – деп сұратты. Абылай хан оларды айтқанына көнбей Жәнекті жіберді, малын қайтарып, екінші әйел алдыртпапты. Қалмақ тоқалы Жәнекке Тайторы, Досымбек деген екі ұл тауып береді.

1995 жылы қаңтар айында Көрдай аудиомында Қарасай батырдың ұрпақтарына ескерткіш орнатылып, ат шаптырып, ас берілген еді. Осы аста Күнгей шапыраштылары Жәнек ұрпақтарының Алматы маңына көшуі жайлы мынадай әңгіме айтқан еді.

Бір жылы Көрдай маңында қыс қатты болып, мал жұтқа ұрынады. Малдың басын жылқымен есептейтін қазақ жылқыдан айырылып, қатты күйзеледі. Көрші отырған қазақ-қырғыз арасында барымта басталады. Мал басын жанартуға тырысқан Қаумен би Дәулет ағасымен келісіп, елге бірнеше жыл келмеген Жәнек батырдың Түктіқұрт әкесінен еншіге алған Кіші Кемин жайлауын сатуға ұйғарады, ақырын ол жайлауды қырғыздарға қырық байталға сатады. Жаз өтіп, күз басталғанда Жәнек елге оралады. Енішілі жайлауынан айырылғанын естіп ағаларына қатты өкпелейді. Ағайын арасында, қазақ-қырғыз арасында дау басталады. Дауымн арты қан төгіске айланбау үшін әрі қырғыз арасында өзінің ықпалын күшейтуді ойлап, қырғыз елінің бәи Жәнек батырға өзінің қызын береді. Ағаларына өкпелеген Жәнек Теке елінің бәи болған нағашысының ақылымен Алмат[ы] [ма]ңындегі «Сұлтан қорған» ат[ты] [бе]кініс аймағына қоныс, өзімен [ке]лген жасақшыларының [ба]сшысымен бірге қоныстанады. О[л] [же]рде қырғыз тоқалы Есенбек[ке] [қо]йған атты екі ұл туады. Соғыстан [қа]жыреген қазақ жерінде Сыр бе[йі]нен Хиуа, Бұхар әскерлері шабуы[л] [жа]сап, елді тонап, тыныштық бер[ма]ған. Қазақ жасақтары да Сырдан [ө]тіп оларға қарсы шабуыл жасайды. [Ел] жорықтардан Жәнек бір бек[ет] [қа]тын бесінші әйел етіп алады [Бұл] тоқалы оған Бегімбет атты [ұ]лын береді. Сөйтіп Жәнек б[ір]дың бес әйелінен он үш ұл[ы] [қа]лады. Озардан өрбіген ұрпақтар [қа]зіргі кезде Іле, Талғар, Қарасай [ау]дандарында және Алматы қаласы[на] [қо]ныстанған. 1973 жылы Жамб[ыл] [об]лысын өмірін зерттеген жүргенде К[ар]сейдегі Алмалы аумағында тұратын [Қа]умен батыр ұрпағы Ағыбай [да]лаға өзінің әңгімені айтып ел.

1749 жылы [Ж]әнек жасында қаза болған Жәнек [ба]тыр қырғыз барымташы[лар]ының қолынан ажалын табады. [Ұ]шқыр [бұ] жайлы мынадай [ж]ыр бар. Соғыс қорытынды[сы] [ке]йінгі ақтық шайқас кезінде, Үшқыпыр [ж]ақын жетсе, ауыл ұшу болып жатқанын [ес]ке сала алмаған. Сұрастырса, қырғыз барымташылары ауыл жазалаған айдап [кет]іпті. Мұны естіген ақ киіздегі [ж]ақ, қолына жалпақ қылышын алып [ге]нмен тұра шауыпты. Ұрғандағы Қарақыстақ асуында күш [ке]ліп, екеуін қылышпен шауып [та]йды, ал үшінші оны сабаққа [ал]ып қашады. Ауыл [ж]а барып батыр Жәнекті [ат]айды. Қырғыз жасақтары [ке]лін, Жәнектің өлтірген жауларының денесін жастап, жарлы денесін жоғары көтереді. Содан соң [қ]айтадан ағаларына хабарлап, денесін [са]қтайды. [Ағ]айға созылған қырғыздар айып құн төлеп [ке]ш ағаларына қайтарады. Ағалары жау батыр іңірлерінің сүйегін [қо]рламасын деп, Балқаш көлінің [ба]тысындағы Бектауата тауына [же]рлейді.

Жәнек батыр [ж]ерлестерді, ынтымақтастық [ор]нықтырған, ақсақалдар арасын[да] жеткізіп отырған, [ес]тіп, есіне [ал]ған, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп [ақ]сақалға, дуалы [ж]және Жәнек [ба]тырдың Әуез, Молдырақым, [Ше]жіреші, Ақсұлтан [Ас]ылхан Әбілмәмбет [ке]йінгі дүние демекші, [ақ]қанатын жайған [Ж]амбыл, Қарақ[ы] [ау]дандарында [ба]тыр туралы [ат]салысса деме[кш]і.

Базарбек ӘТШАБАРОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

■ Таным

Өмірге қажет өнеге

Туған жердің тарихын таңу кезқарақты әр азаматтың қасиетті парызы әсіресе, тарихты танып, туған топырағының жер атауларын оқи отырып өткен шежірені қалпына келтіруға жастарға қажет.

Тарихи шежірелерде шертілгендей Балқаш көлінің айдынын кешіп өткен Асан қайғы бабамыз ел жерлерінің бар екен деп атап өткендей Балқаш ауданының да біз білетін кейбір деректі тарихын ел біле жүрсін деген ниеттен қолға қалам алған едік. Екінші себеп: тарихшы-ұстаз болғандықтан жалпы мыңғырған елге жайылған сыңғыл құлқы қамды елімен облысымыздың өзге аудандарындағы жас жеткіншектер де біле тұрсын деп ойладым.

Солтүстікпен Балқаш көлі орай, оңтүстікпен Іле өзенімен одан бөлініп шығатын жиегіне қарай қоршаған биіктік, ұзындығы 240 мың шақырым шекарамен шектесіп жатыр. Аумақты жағынан сүмен қазақтың ешқайсысы етті жағдай Іледен бөлініп шығатын Бақдәулет Шет Бақжыс Орта Бақжыс Нарын өзендерінің арнасында бұтақ құрай қалған. Қазір көз Іледен Топар Балқатоғай Сарыөлең Жидәулет сынды арналар ғана болғанда Мұның бәрі табиғи өзгерістер мен құдай ғана тарқатқанның әрекеттерінің түсіндіріп жатудың өзі артық.

Өзім «Ұлы Жібек жолының бір бағыты «Үлкен көрнеу» ұлан-ғайыр» жерде, Көрдай жазы бойында орта ғасырлық [illegible] Ақшешек, Қарамергенді Бозоңды, Ақтам сынды ескі [illegible] Бөлек мәдениет белгісін көзімнің көрі [illegible] көздерін дүниедей түсіріп Қазақстанның ежелгі [illegible] Түркістан халқы сияқты ежелгі Жетісу [illegible] ел мекендап жеңіп бұрын өзге елге мал жорып [illegible] құлдық жерінде де көшпелі және жартылай [illegible] көшпелі тұрмыс салт болған.

Бізден ерімізге дейін 4-3 ғасырларда сақтар өздерінің тұңғыш мемлекеттік бірлестігін құрған. Оның орталығы қазіргі Қазақстанның оңтүстік-шығыс аумағы Жетісу өлкесі болған. Балқаш бойының өткен кезеңін пытыны түрлідей жерттеу басқа өңірлермен салыстырғанда кеш басталды. Қазақтың тұңғыш академигі Ш. Уәлиханов Жетісу тарихын зерттеу барысында археологиялық, этнографиялық деректерге зер салып Талғар қаласының Шелуелді қорғанының орнын сипаттады.

Ғалым академик В.Бартольд Іле өзенінің бойындағы жерлерді аралап, тарихи орындарға назар аударды. Сәйтіп XVII ғасырдың басында ғана жер тарихын жазып оның этномәдениетін жаңаруға қолға алынды. Сол тұста Қыдырғали Жалаулыр бидің еңбегі зор болғаны белгілі.

1729 – 1730 жылдары жоңғар басқыншыларына қарсы қазақ тарихын азаттық қозғалыстың кезеңі басталды. Абылайдың хан болғанын қазақтың ұлы жүзінің әскери қолы жоңғар басқыншыларына Балқаш көлінің оңтүстігіндегі «Аңырақайдың даласында» сәкеметте болды берді. Осы шайқастың нәтижесінде Қазақ жерінен ұрлауға бейіт кеткетін Ал Жетісу көшесі солтүстігіне батысында орналасқан Балқаш ауданы 1928 жылы құрылған. Аудан орталығы – Балқаш қаласы. Ауданның орналасқан жері Жетісу (Жоңғар) Алатауының Малайсарыдан Балқаш көлінің оңтүстік жағалауына

Аудан аумағындағы елеулі [illegible] жылғы «Ақөзек көтерілісі» деп [illegible] көтерілісі жатады. 1933 жылы [illegible] (ОГПУ-дың мекемесі болыпты) [illegible] жақта орын ауыстырған. Со[illegible] ауданды 36 ұжымшар [illegible] құрылыпты.

Балқаш ауданының [illegible] тұлғалар шыққан. Айталық, 1[illegible] сүйген Әлмағұлұлы Ораз[illegible] Қазақстан Компартия[illegible] бірінші хатшысы болған Д. [illegible] қайраманы атағына ие болған [illegible] Отан соғысында ерлікпен қаза [illegible] Балқаш жерін түлеп[illegible] көркемдеп мақтанышпен [illegible]

Ел тарихының осындай көрк[illegible] мен рухани өмірге қажет туған [illegible] азаматтардың жас ұрпақ білуі [illegible]

Қанағат ҚОҚТЫБАЕВ,
Жидәлі орта мектебінің ұстазы.

БАЛҚАШ АУДАНЫ

■ Ғибрат

Соғыстың соңғы сарбазы

Бар саналы ғұмырын өзінің туған ауылына арнайтын жандар болады. Онар қанды қасап қырғынның ортасынан келсе де кіндік қаны тамған ауылда тіршілік кешіп, ұрпақ өсіреді. Көпшілікке қажетті іспен айналысып, айналасына тәлім-тәрбие шуағын шашады. Мен білетін Мәзім Абаев сондай жанның бірі еді. Қазіргі Райымбек ауданының Тоғызбұлақ ауылында туып өскен Мәзім ақсақал 90 жасқа қарағанша бақылық болды.

1923 жылдың 30 қазанында дүниеге келген соғыс ардагері әкеден ерте жетім қалып, бір үйде үш ұл бір қыз балалық шағын базарын көре алмай өскен. Анасы Нұрия төрт баласына бар ғалық қажырлығын жасап, тіршілікке ерте араласуына демеу болды. Балаларын жамбағыс әрекетке қосып, ерте есейді.

1931-33 жылдардағы ашаршылықта дүниеге келіп, жанды оқи алмаған Мәзім Абаев 4 сыныптық білім алып, хат танып шығады. Алғашқы ұстазы Қапез Байғабылова. Әкесі Абай Сүйіндіков колхозда малшы болып, 1935 жылы дүние салғанда Мәзім ақсақал 12 жаста болады. Әкеден қалған үш ұл, бір қыз колхозға жастай мүше болып кіріп, тіршілік етеді.

Бүкіләлемді дүр сілкіндірген Екінші дүниежүзілік соғыстың өрті өршіген 1942 жылы 26 жастағы ағасы Ауғанбай, 22 жастағы ағасы Бұланбай соғысқа шақырылғанда 19 жасар Мәзім де бауырларының қалмай майданға аттанады. Балаларына аттандырып тұрып анасы:

– Мен сендерді үп деп таптым. Қиындыққа қайыспай, жаудан елді қорғаңдар. Мен сендер келгенше әкелеріңнің тікен отауын құлаттай, отын сындырмай, замандықтарыңды тілеп отырамын, – деп езге әйелдер секілді жылап-сықтамай шығарып салады. Ағасы Ауғанбай фин соғысына, Бұланбай екеуі Владивостокта жапон соғысына қатысады. Бауыры Бұланбай соп соғыстан қайтпай, қаза табады. Пулемет бағыттаушысы болған Мәзімге ағасы Ауғанбайдан келеген хабар 1943 жылдың басында үзіледі. Бұланбайдың қазасы қасында болады. Екі бауырының қазасына назаланған Мәзім Абаевқа әкелерінен кейін әлу жолында ақусыз тер төгіп, пулеметтен талай жауды күйдіре сөгады.

«Қырық жыл қырғын болса да аманесіз аман қалдым – дегендей бір Алланың қолдауымен, сұм соғыстың сайқалды ортасында пулеметтен жауға оқ боратып, басына түскен сынақтан сүрінбей өтіп, ауылына аман-есен жетеді. Соғыста жүріп алды-кетті орыс тілін меңгереді. Бейтарап басшының майданда[illegible] қолынан қаза орыс еді. 1948 жылы соғыс аяқталған соң туған жерге оралып, кендірлер өмірін қалыптастыра бастайды.

Бұл ауылға келгенде анасы Нұрия мен қарындасы Дина сауыншы болып жүр екен. Анасын ауыр жұмыстан құтқарғысы келген ол колхоздың бір табын бағады, сиырын бағады. Соғыннан шалған болып, қайыпының әр тағын 1983 жылы зейнеткерлікке шыққанша тастамай, ыбырайлы еңбек етеді.

Мәзім ақсақал 1970 жылдары «Қос қыртыс» деген қыстауда жерден қазып, моншаға салған адам. Таяу бір ерешелігі қайратының мығымдығы. Үлкен-үлкен жүктерді, ауыр бағаналарды жалғыз өзі көтеріп, машинаның бортына тастай салатын. Өмір жолында нелер қиын-қыстау қиындықпен мұңайып, қайысқан әр ел кезеңде қатты қамығуының айғағы отыратын. Оның бірінші – ел ауызы қан майданда опат болғанда, екіншісі – оншақты жыл бұрын жанашыр жары Күлпаш қайтыс болғанда. Онда да жасы жер ортасына келгенде жалғыз қалу, жарым кемістігін бірнеше ауыр екен дейтын.

Мәзім Абаев ақсақалдың Алла тәубасы ауызында, бұл өмірде төрт ұл, екі қыз өсіріп, 24 немере, 25 шөбере көргенімен разы болып өтті. Ара-тұра кездескен сайын:

– Жаратушы мені осыларға «Абыз ата» болсын деп қалқитып қойған ғой, – деп қоюшы еді.

Ел-жұрты, ауыл-қоғамы, бала-шағa, немере-шөберелерінің арасында сый-құрметі жеткілікті еді. Райымбек ауданының «Құрметті азаматы», «Нұр Отан» республикалық сапсы партиясының мүшесі. Екінші дәрежелі Отан соғысының орденімен, Кеңес Одағының Маршалы Г. Жуков медалімен, одан басқа онған астам медаль-дәрмен марапатталған жанның бейнесі мәңгілік сағамызда. Өрқашанда өмірден тілейтін бейбітшілік, еліміз бай, босағасы берік, береке-бірлігі мықты болса деген ниетін білдіріп өткен Мәзім Абаев ақсақалдың жары жанында нұры пейіште шалқысын дейміз. Артында қалған ұрпақтарына көрмеген қызығын көрсетсін, жасамаған жақсылығын жасатсын!

Мұқағали ақынның «Қарағым азайып бара жатыр», – дегеніндей сүм соғыстың ортасына аман сау оралған ардагерлер саны күн санап азайып барады.

Қош, соғыстың соңғы сарбазы!

Бақыт, Нұрлықүн ОРАЗБЕКОВТАР.
ТАПДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

■ Парыз бен қарыз

Кеш оралған боздақ


Жырғабайұлы Оразымбет

Ұлы Отан соғысының ұмытылмас қасіреті, жазылмас жан жарасы тасқа қашалып, тарих бетіне өшпестей мәңгі жазылып қалды. Ұрпақ ауысып, жылдар ғасырға ұласып, қоғам өзгергенімен соғыс қасіреті ел жадынан өшпек емес. Төрт жыл, 1418 күнге созылған, 55 миллион адамның өмірін мезгілсіз қиған сұрапыл соғыста хабарсыз кеткен қаншама боздақтар бар десеңізші. Солардың бірі – қазіргі Алматы облысы, Көксу ауданы Қабылиса ауылдық округі Көкбастау елді мекенінен соғысқа аттанып хабарсыз кеткен Оразымбет Жырғабайұлы еді.

Атаның үлкен ағасы Оразалы, жеңгесі Мәрипа, қарындастары Жамал мен Сәтбала өмірлерінің соңғы сәтіне дейін бауырларынан бір хабар болар деген үміттерін үзбей дүниеден өткен еді. Жарықтықтар «Аталарыңды іздеңдер, өлі табылса да құрметтеп, қадірлеңдер, басына барып мәңгәт етіңдер», – деп аманаттап кеткен болатын. Бұл аманатты біздің әрқайсысымыз әке мен ана алдындағы парызымыз, мойнымыздағы қарызымыз деп ұқтық. Осы парыз бен қарызды өтеуге бармыз атсалыстық, дегенмен, әсіресе Оразалы атаның кенже ұлы Бейсебай Жырғабаев ерекше мән беріп, Оразымбет атаны іздеуден жалықпады. Көп жылдардағы іздеу нәтижесінде Жеңістің 68 жылдығы қарсаңында Оразымбет Жырғабайұлы жөнінде Қазақ ССР-і, Алматы облысы, Қаратал ауданы, Қызылбұлақ ауылдық Кеңесі, Көкбастау колхозынан әскерге шақырылған 3-ші атқыштар батальоны 161-ші атқыштар бөлімшесінің курсанты жауынгер Оразымбет Жырғабаев 16 қыркүйек 1942 жылы Ленинград облысы, Лычков ауданы, Белый Бор елді мекеніндегі кескіленген ұрыста ерлікпен қаза тауып, №6 әскери жерлеу есеп-карточкасына жазылып, қазіргі Новгород облысы, Демянск ауданы Белый Бор елді мекеніндегі №3 бауырластар зиратына жерленіп, мрамор тақтаға есімі жазылған деген 28 ақпан 2013 жылғы № 148-ші Ресей Қорғаныс министрлігінің ресми хабарлама хаты келді. Бұл хабар Жырғабаевтар әулетіне қатысты барлық туыстарға Оразымбет атамыз тірілп келгендей әсер етіп, ата-ана аманатын орындауға бастама болды. 2013 жылғы 9 мамыр Жеңіс күні қарсаңында Оразымбет атаның ағасы Оразалы атаның үлкен ұлы Шеңгелбай, кенже ұлы Бейсебай және жиен – Базілов Сайлаубай ұшеуміз туыстар атынан ата-ана парызы мен қарызын өтеу мақсатында Мәскеу-Ленинград-Белый Бор бағытымен жолға шықтық. Жолай Ресейдегі Мәскеу, Валдай елді мекендерінде аялдап, 9 мамыр Жеңіс күні Новгород облысы, Демянск ауданы Ямник елді мекенінің әкімі Рожаева Ольга Алексеевна мен бас маманы Будзинский Татьяна Геннадиевна қарсы алып Белый Бор елді мекеніндегі №3 бауырластар зиратына жерленіп, мрамор тақтаға есімі жазылған деген 28 ақпан 2013 жылғы № 148-ші Ресей Қорғаныс министрлігінің ресми хабарлама хаты келді. Бұл хабар Жырғабаевтар әулетіне қатысты барлық туыстарға Оразымбет атамыз тірілп келгендей әсер етіп, ата-ана аманатын орындауға бастама болды. 2013 жылғы 9 мамыр Жеңіс күні қарсаңында Оразымбет атаның ағасы Оразалы атаның үлкен ұлы Шеңгелбай, кенже ұлы Бейсебай және жиен – Базілов Сайлаубай үшеуміз туыстар атынан ата-ана парызы мен қарызын өтеу мақсатында Мәскеу-Ленинград-Белый Бор бағытымен жолға шықтық. Жолай Ресейдегі Мәскеу, Валдай елді мекендерінде аялдап, 9 мамыр Жеңіс күні Новгород облысы, Демянск ауданы Ямник елді мекенінің әкімі Рожаева Ольга Алексеевна мен бас маманы Будзинский Татьяна Геннадиевна қарсы алып Белый Бор елді мекеніндегі №3 бауырластар зиратына жерленіп, мрамор тақтаға есімі жазылған деген 28 ақпан 2013 жылғы № 148-ші Ресей Қорғаныс министрлігінің ресми хабарлама хаты келді. Бұл хабар Жырғабаевтар әулетіне қатысты барлық туыстарға Оразымбет атамыз тірілп келгендей әсер етіп, ата-ана аманатын орындауға бастама болды. 2013 жылғы 9 мамыр Жеңіс күні қарсаңында Оразымбет атаның ағасы Оразалы атаның үлкен ұлы Шеңгелбай, кенже ұлы Бейсебай және жиен – Базілов Сайлаубай үшеуміз туыстар атынан ата-ана парызы мен қарызын өтеу мақсатында Мәскеу-Ленинград-Белый Бор бағытымен жолға шықтық. Жолай Ресейдегі Мәскеу, Валдай елді мекендерінде аялдап, 9 мамыр Жеңіс күні Новгород облысы, Демянск ауданы Ямник елді мекенінің әкімі Рожаева Ольга Алексеевна мен бас маманы Будзинский Татьяна Геннадиевна қарсы алып Белый Бор елді мекеніндегі №3 бауырластар зиратына жерленіп, мрамор тақтаға есімі жазылған деген 28 ақпан 2013 жылғы № 148-ші Ресей Қорғаныс министрлігінің ресми хабарлама хаты келді. Бұл хабар Жырғабаевтар әулетіне қатысты барлық туыстарға Оразымбет атамыз тірілп келгендей әсер етіп, ата-ана аманатын орындауға бастама болды. 2013 жылғы 9 мамыр Жеңіс күні қарсаңында Оразымбет атаның ағасы Оразалы атаның үлкен ұлы Шеңгелбай, кенже ұлы Бейсебай және жиен – Базілов Сайлаубай үшеуміз туыстар атынан ата-ана парызы мен қарызын өтеу мақсатында Мәскеу-Ленинград-Белый Бор бағытымен жолға шықтық. Жолай Ресейдегі Мәскеу, Валдай елді мекендерінде аялдап, 9 мамыр Жеңіс күні Новгород облысы, Демянск ауданы Ямник елді мекенінің әкімі Рожаева Ольга Алексеевна мен бас маманы Будзинский Татьяна Геннадиевна қарсы алып Белый Бор елді мекеніндегі №3 бауырластар зиратына жерленіп, мрамор тақтаға есімі жазылған деген 28 ақпан 2013 жылғы № 148-ші Ресей Қорғаныс министрлігінің ресми хабарлама хаты келді. Бұл хабар Жырғабаевтар әулетіне қатысты барлық туыстарға Оразымбет атамыз тірілп келгендей әсер етіп, ата-ана аманатын орындауға бастама болды. 2013 жылғы 9 мамыр Жеңіс күні қарсаңында Оразымбет атаның ағасы Оразалы атаның үлкен ұлы Шеңгелбай, кенже ұлы Бейсебай және жиен – Базілов Сайлаубай үшеуміз туыстар атынан ата-ана парызы мен қарызын өтеу мақсатында Мәскеу-Ленинград-Белый Бор бағытымен жолға шықтық. Жолай Ресейдегі Мәскеу, Валдай елді мекендерінде аялдап, 9 мамыр Жеңіс күні Новгород облысы, Демянск ауданы Ямник елді мекенінің әкімі Рожаева Ольга



Туған жер қандай қадірлі болса, атамыз жатқан жер сондайлық қымбат, сондайлық құдіретті көрінді. Атамыздың мәңгілік мекенін қимай артымызға қарай-қарай елге бет алдық. Оразымбет атамыздың іздестіріп табудағы және салағымыздың ер бағытын, далдығын есептеп ұйымдастырған Бейсебай бауырымызға алғысымыз шексіз. Бейсебай өрқашан жақсылықтың жаршысы, жақсы істердің бастаушысы. Қабан жырау ауылындағы мектеп, Астанадағы «Құлагер» компаниясын президент рейтинде тыңдырымды істері үшін Елбасы Н. Назарбаевтың бірнеше мәрте алғысына ие болып жүрген азамат. Лайым ісі оңға басып, бір Алла қорғап жүрсін. Ата-ана аманатын орындап, мойынымыздан үлкен жүк түскендей болды. Тек соғыс болмасын, бірлігімізді тозбасын, мезгілсіз бір-бірімізді жоғалтудан сақтасын.

Сайлаубай БӘЗІЛОВ,
КӨКСУ АУДАНЫ.

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

Уақыт бәріне емші деген тамсіл бар. Демек, тіршілікте көрген қайғы-қасіреттің де, қиындығың да күндер өте келе ұмытылады екен. Алайда, өстен ығырдың өзі кешірілмес күнә істетті, халық жадында мәңгілік сақтауы тиіс дүниелер болады. Өкінішке орай, қазақ халқының тарихында осындай жайлар жетіп артылады. Тұтастай ұлттың жанына түскен жара әлі жазыла қоймаған. Болашақ ұрпақтың өзін-өзі сақтау қайнетін ыңдан, қателіктердің алдын-алу үшін де оларды ұмытпаған жөн шығар.

Қасірет қайталанбасын



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ
"Жетісу"

Кеңес өкіметі орнығып, «пролетариат диктатурасы» деп аталатын тоталитарлық жүйе күшіне енгеннен кейін елімізде өлсін-өлсін жаппай жазалау науқандары өткізілін тұрғанын ара ұрпақ өкілдері жақсы біледі. Арамызда [illegible] қалғын өз басынан өткерген азаматтар ішінара кешесін қалады. Ал, аталары, әке-шешесі «халық жауы» атанып, азапты жолдан аман келгендердің балалары, құдайға шүкір, баршылық. Жабылған жалған жаламен жазықсыз болып, қыршынынан қиылған қайран ғұмырлар, шаңырағы ортасына түсіп, түтіні мәңгі өшкен отбасылары еске түскенде өкінішпен өзегің өртенеді. Ұлттық әдебиетіміздің өлшеусіз үлес қосқан қаншама қаламгерлерімізді, мәдениетімізді, білім мен ғылымды өрге бастар сандаған ғалымдарымыз жүйенің құрбанына айналмағанда біз қазір қай белесте болар едік деген ой да санаға мазаң бермейді. Өркен жая өсіп келе жатқан зейнетті де жерек халықтың тамырына балта шапқан сол қаралы кезеңдер болмағанда, Алашы үшін жанын шүберекке түйіп, арпалысқа түскен арыстарымыз арамыздан аластатылмағанда рухымыз дәл бүгінгідей жаншылып, тілі мен дінінен, ұлттық болмысынан бойын ала қашатын мәңгүрттер тайраңдамас еді-ау дейсің жүрегің қанға тола.

Себепсіз салдар болмайды. Осыншама зұлымдықты жүзеге асыруға түрткі болған, қандықол қараниыпылардың қаранет ойларын алапеса жүзеге асыруға мүрсат берген не жағдай екенін білу әсіресе келер ұрпақ үшін маңызды. Халықты соңынан ерте алатын, пікірлеріне құлақ асатын зиялы қауым өкілдерін айтпағанда, алыс ауылдарда айрықша ұрттап, қойын құртап жүрген кәді ашық дейтін азаматтарға да торын тастаған мұндай тажал тоталитаризмнің жемісі дейді ғалымдар. «Тоталитаризм орнаған мемлекетте қоғам өмірінің барлық саласы биліктің бақылауында болып, адам бостандығы мен конституциялық құқықтары жойылады, оппозиция мен өзге саяси ой өкілдері саяси қуғын-сүргінге ұшырайды, – делінген саяси анықтамалықта. – Оның тарихи үлгілері КСРО да Сталин Қытайда Мао Цзэдун, Солтүстік Кореяда – Ким Ир Сен, сондай-ақ фашистік Италияда – Муссолини, Германияда – Гитлер тұсында айрықша көрініс табады. Өкінішке орай, адам санасы мен мәдени өресі қарыштап дамыған XXI – ғасырда да мұндай тағылық әрекеттер әр жерден көрініс беріп қалып жүр.

Өткен ғасырдың 20 – 40 жылдар аралығында КСРО-да орын алған қасіреттің Қазақстанға әкелген зардабы әлі толық зерттеліп болмаған. Олай дейтініміз, бұл жайлы нақтылы бір тұжырым жасалынбай келеді. Дерек көздері 1913 жылғы санақ бойынша қазақтардың саны 8 миллионға жетсе, аталған зұлматтар 4,5 миллион адамды ақиретке аттандырған деп жүр. Ал, демограф Мақаш Тәтімов: «XX ғасырда болған азамат соғысы, қолдан жасалынған ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, екінші дүниежүзілік соғыста бас-аяғы 3 миллион 850 мыңға жуық қазақ қырғынға ұшыраған» – деп жазады. 1937 жылы атылды деп жүрген арыстай азаматтарымызды кейінен азап лагерьлерінде көрдік деген мақалалар да жиі ұшырайтын болып жүр. Қалай десек те, ел болып, еңсе тіктегелі алатын үшін күрескен, тәуелсіздік үшін тірескен қазақты есеңгіретіп кеткен зұлмат еді бұл.

Өткен ғасырдың басында еуропаша білім алған қазақ зиялылары ұлттың болашағы үшін жан алып, жан беріскен алапат айқасқа түсті дейік әлгіде. Олар сайын сахарада тоз-тоз болып жүрген жұрттың басын біріктіріп, тұтас мемлекет құру жолында тер төгіп қана қоймай, қазақ даласына білім шуағын әкелу үшін де құрбан сәбет сіңірген екен-ау. Аттарының өзінен ат үркетін Ахмет, Міржақып, Мағжандар, әдебиетті дамытумен бірге мемлекет қызметін де атқарған Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Тұрар, Мұхаметжан, Оразлар, Шәкәрім, Смағұл, Әлихандардың орны ешқашан толмасы анық. Егер олар тағы да 20 –30 жыл ғұмыр кешіп, бойларындағы барлық парасатты халық игілігіне қалдырғанда біз қазір дәл осындай халі нашетеген болар едік.

Қазақ елі осындай өрескел қатыгездіктің азабын тартып, жазықсыз жапа шекпегендігін бүгін жалпы жұртшылық жақсы біледі. Саяси қуғын-сүргін құрбандары «Карлаг» деп аталатын лагерьде адам төбесі қорлық көріп, олардың жарлары «АЛЖИР»-де азап шегіп жатқан екен. Кеңес одағының барлық өлкелерінен әкелінген бейбақтардың көпшілігі қазақ жерінде мәңгілік мекенін тапқанды да көпшілігіне қуаныш әкелмейді. 1921 – 1954 жылдар аралығында КСРО-да 3 миллион 777 адам жазықсыз сотталып, оның 642 мыңы атылса, Қазақстанда тағы 125 мың адамның тағдыры талқыға түсіп, 22 мың жан өлім жазасына кесілген. Тек соңғы бірер жылдың бедерінде ғана Қазақстан билігі Молдова мемлекетіне – 164, Югославияға – 43, Өзбекстанға –560, Украинаға – 520, Латвияға – 261 боздастырылып жерленген жері туралы құжаттарды табыс етті.

1997 жылы Елбасының жарлығымен "31 мамыр – саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні" болып бекітілді. Бұл болашақта қандарылар ауқымды шараның іргі бастамасы деп ұғынамыз. Енді бұған «уақыт жаратын жара», – деп қарамай, ұрпағымыздың қайталамауы үшін ұмытуға тиімес тарихтың ащы сабағы деп бағалауымыз керек.



АШТЫҚ пен ЖАЛА

Адамзат жаралғалы бері тарих бетіне көз жіберсек, аурудан, аштықтан, соғыстан жаппай қырылу көп кездеседі. Солардың негізгілерінен жаңа тарихтағы американдық үндістердің жаппай өлтірілуін, ағылшын отарлаушы кезіндегі Индиядағы зұлматтан 1 миллион адамның көз жұмуын, Түркиядағы армяндардың, Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі еврейлердің қырғынға ұшырауын еске алсақ жеткілікті. Бірақ дәл қазақ халқы бастан кешкен қасіреттен салыстырғанда, жазықсыз жапа шеккен әрі өзін-өзі қынадай қырған ел, сірә, тарихта жоқ. Жоғарыда аталған қырғындарды ақылға сыйғыза алмайсың.

Өрине, бүгінгі заманның талабы тұрғысынан көз жүгіртсек, түрлі ойдың түбіне түсіп кететініміз ақиқат. Кейде қазақ халқының жаппай аштан қырылғанын көре тұра, олардың негізгі тіршілік көзі есептелетін малын тартып алуға белсенділікпен кіріскен сталиндік-голощекиндік жаналғыштардың қатарында Голощекиннен өзге О. Исаев, І. Құрамысов, Е. Ерназаров сияқты қолшоқпарлардың болғаны өзекті өртейді. Енді бірде 1937-38 жылдардағы қанды қырғын кезінде: «Қазақтардан ақау атылсын, мынау атылсын», – деген қаңқуйлы бұйрықтарды жасасқан тек Сталин ғана болмағандығы ойландырады.

Иә, бұл – барша қоғамның іріген идеологияның кесепатына ұшырған ауыр кезең. Сондықтан мұнда бастың амандығы үшін пенделікке барған қитұрқылар өте көп болды. Ал олардың ішінде ұлттың шынайы зиялылары алған бетінен қайтпай, сатқындық пен жалған жалаңаш жете-



● *Демограф Мақаш Тәтімов: «XX ғасырда болған азамат соғысы, қолдан жасалынған ашаршылық, саяси қуғын-сүргін, екінші дүниежүзілік соғыста бас-аяғы 3 миллион 850 мыңға жуық қазақ қырғынға ұшыраған» – деп жазады.*

● *Аттарының өзінен ат үркетін Ахмет, Міржақып, Мағжандар, әдебиетті дамытумен бірге мемлекет қызметін де атқарған Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Тұрар, Мұхаметжан, Оразлар, Шәкәрім, Смағұл, Әлихандардың орны ешқашан толмасы анық.*

● *Енді бірде 1937–38 жылдардағы қанды қырғын кезінде: «Қазақтардан ақау атылсын, мынау атылсын», – деген қаңқуйлы бұйрықтарды жасасқан тек Сталин ғана болмағандығы ойландырады.*

жоғары жаққа қатаң күзгия түрде беріліп отырды. Жоспар бойынша «кінәсін» мойындамағандарды адам төзгісіз азапқа салып, медициналық жолмен есінен айырып қол қойдыртты. Ел басына күн туған шақ осы екен. Біздің елдегі зұлмат пен құғын-сүргінге бұрынғы жартылай феодалдық-демократиялық қоғамдағы большевиктік-тоталитарлық жүйенің күшпен орнатылуы, саяси мәдениеттің төмендігі, әбден кедейленген халықтың большевиктік жалған идеология мен алдап-арбаудың жетегінде кеткендігі үлкен әсерін тигізді.

Қызылдар қырғыны кезінде бұрынғы кеңес одағы құрамына енген Украинада да аштық қолдан ұйымдастырылып, миллиондаған адамдардың өлді. Украиндар оған «Голодомор» деп саяси бағасын берді. Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі еврейлердің жаппай қырылуына «Холокост» деп саяси бағаланды. Ал бізде "31-мамырды Саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күні", – деп жариялағанымызбен, қызылдар қырғынына әділ де шынайы саяси баға беріп, кінәлілерді тарихи сот тұрғысынан заң шеңберінде жазалай алған жоқпыз. Қазір еліміз тарих сахнасында тәуелсіз ел ретінде орын алды. Оған мың шүкір. Алайда халыққа орны толмас қасірет әкелген оқиғаларға саяси баға беріп, кеңестік кезеңнің зұлматты жылдарына тарихи сотпен әділ үкім шығаратын кез жеткен тәрізді.

Нүрберген ӨМІРЕ-ШОҒАН.

ҚАПШАҒАЙ ҚАЛАСЫ.

● *Орталық сайлау комиссиясының сапары*



Сенің де дауысың маңызды, құрметті ЖАС ДОС!

Алматы облысында үш күндік сапармен Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшелері мен аппараты қызметкерлері болып қайтты. Мақсат – Орталық сайлау комиссиясының жобасын іске асыру шеңберінде жастарды құқықтық оқыту жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру. Олар Іле, Кербұлақ, Ескелді аудандарының және Қапшағай мен Талдықорған қалаларының жастарымен кездесулер өткізді.

ІЛЕ АУДАНЫНА қарасты Өтеген батыр кентіндегі аудандық әкімдіктің жиынжайында Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының өкілдері аудан жастарымен жүздесіп, олардың елімізде саяси өмірінде алатын орны жайында кең көлемде әңгіме өткізді. Жиынға аудан және кенттік округтегі ұйымдар «Нұр Отан» жастар қанатының белсенді мүшелері, бірнеше колледждің студенттері қатысты.

Бұл басқосуды аудан әкімі Б. Абдуллаев кіріспе сөзбен ашып, бастап-алып жүргізіп отырды. Бердәулет Ешенұлы ең алдымен Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жастар мәселесіне үдемелі көңіл бөліп, әжептәуір қамқорлығын көрсетіп, үнемі қолдау білдіріп келе жатқандығын тілге тиек етті. Өрине, тәуелсіз елдің болашағы – бүгінгі жастар. Ертеңгі күні ел тізгінін ұстайтындар да солар болмақ. Ендеше, олардың саяси өмірде негұрлым белсенді, білгір болуы айрықша мәнге ие. Сондықтан да ауданның барлық жасы қоғамдық жұмыстың қандайына болмасын белсенді араласуы шарт.

Бұдан кейін аудан әкімі ауданға арнайы атбасын бұрған Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары В. Фоостың, басқасөз қызметінің жетекшісі В. Жексембекованың, облыстық мәслихаттың хатшысы Е. Келемсиевтің, облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Ш. Жылқайдарованың және облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Р. Алпысбаевпен жеке-жеке таныстырып шықты. Кездесу барысында Астанадан келген қонақтар В. Фоос, В. Жексембекова әсіресе, сайлау кезінде жастарды енжар болмай, оған белсене араласуға шақырды. Бұл орайда өздерінің орамды ойларын ортаға салды.

Қонақтар залдан өздеріне қойылған "Сайлау мәселесі бойынша жастардың веб-порталы бар ма?", "Ауылдық және кенттік округтердің әкімдерін мәслихат депутаттары неге жабық түрде сайлайтын болады?", "Әкімдікке кандидат болып тіркелу үшін қандай талаптар қажет?", "Сайлаудың өдіс және ашық өткізілу үшін қандай шаралар қолданылуда?" – деген сұрақтарға нақтылы жауаптар қайтарды.

ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ жастарымен кездесуге Орталық сайлау комиссиясы аппаратының бас сарапшысы – басқасөз қатынасы, саяси ғылымдардың докторы, профессор В. Жексембекова барды. Жастар мәселесімен отыз жылға жуық айналысып келе жатқан Венера Абыханқызы Кәкзу ауылшаруашылық колледжі студенттерімен тез тіл табыса кетті. Ол «Жастардың электораттық белсенділігін арттыру» тақырыбында лекция оқыды. Лектор тәуелсіздік жылдары өткен сайлау барысын талқылап, науқан басындағы ерекшеліктерге егжей-тегжей тоқталды.

Мамандар кездесудің соңғы нүктесін ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНДА қойды. Жалпы республикамыздың барлық өңірінде болып келе жатқан астаналық қонақтар бишігі жұмыс жоспарының соңғы күні де осы бірде қалада өткізіп отырған «Олар алдымен М. Тынышпаев атындағы тарих-өлкетану мұражайын құндылықтарымен танысты. Мұражайдың әлеуметтік жұмыскері Р. Жұмабайқызы қонақтарға тарихи жәдігерлермізді қызықты деректермен тұщымды әңгімелеп берді. Бұдан соң ҚР Орталық сайлау комиссиясының өкілдері Жетісу төрендегі Достық үйінің, Тәуелсіздік монументінің, «Жастар» спорт сарайларының тынысторшілгімен танысты.

Жасы 18-ге толған және сайлауда дауыс беру құқығына ие болған талдықорғандық жастармен кездесу де өз деңгейінде өтті. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы төрағасының орынбасары В. Фоос ел жастарының сайлауға қатысу деңгейі әлі де төмен екендігін айта отырып: «Біраң жас достарымға сенемін, себебі олар ерекше күш-қуатқа ие, жаңадан тұр ақылды, білімді». – деді. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі Л. Сүлеймен «Демократиялық сайлау құқығының негіздері» тақырығында, халық аралық және Қазақстан сарапшыларының демократиялық сайлау үдерісінің тарихы мен даму үрдістері туралы дәріс оқыды. Ал өз кезегінде В. Жексембекова студент жастардың электораттық сауаттылығы мен белсенділігінің әлеуметтік мәселелерін талқыға салды. Сөз соңында ол Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев жастарға көп көңіл бөлетіндігін атап өтіп, өскелең ұрпақтың сайлаудағы белсенділігі ел болашағына әсер ететіндігін жеткізіп, науқанның тыс қалмауға шақырды.

Жиын соңында 18-ге толған сайлаушыларға жеке күәліктер табыс етілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ХХІ ҒАСЫРДЫҢ ҚҰРДАСЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Күн бұрын республикамыздың түпкір-түпкірінен келген жыр сүйер жас ақындарды облыс әкімінің орынбасары Серік МҰҚАНОВ күтіп алып, ерекше құрмет көрсетті. Олларға Жетісу жерінің тамаша табиғаты мен жер-су аттарын мекнен таныстыратын естелік кітаптарды сыйға тартты. Сондай-ақ, Талдықорған қаласындағы орталық алаңдағы мәңгілік алауға салтанатты түрде гүл шоқтары қойылды. Артынша Ілияс Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында республикалық жазба ақындар байқауы өз есігін ашқан еді. Осымен үшінші мәрте облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарманың тәкелей ұйымдастырумен өтіп жатқан байқауға биыл республикадан 20 мен 30 жас аралығындағы 28 ұлтжыр қатысты.

– Құрметті жыр сүйер қауым! Құрметті Жетісу жеріне келген қонақтар! Бұл байқау облыс әкімдігінің қолдауымен жылда өтіп келеді. Заманымыздың заңғар ұлы, тума дарын иесі ақиық ақын Мұқағалидың мұрасын насихаттау – баршамызға ортақ әрі қасиетті борыш. Оның құатты да көркем поэзиясынан нәр алып, тамыры терең жырынан өнбаттасқан жас ұрпақ міндетті түрде елі мен жерін қызғыштай қорғап, сөз құдіретін түсінетін әрі қадірлей білетін екенін биыл бұным болады. Байқауға қатысушы әкімдерге тек цензурасыздық табыс пен сәттілік тілейміз, – деді байқаудың ашылу салтанатында сөз алған облыстық тілдерді дамыту жөніндегі басқарма тарағасы Тәңірберген Қасымберкебаев.

Ақын есімін әрдақтауға арналған республикалық жыр байқауы негізінен үш тапсырма бойынша өтті. Біреуі бойынша «Сен туған жерден шежірелі тәңірқұлақ, сұлу табиғатын танытатын болуы тиіс. Жарыстың «Ал екінші бақытым – тілім менің» деп аталатын екінші бөлімінде үміткерлер тіл тақырыбына арналған жыр шумақтарын шақты. Ана тілімізді бағалай жетпіс байлығын, сөз құдіретін, бабадан қалған асыл мұраны тілге тиек ететін бұл бөлімде қатысушылар жүректен шыққан өлеңдерін ортаға салды. «Болашағым, сен Тұрсың, мен өлмеспін» атты сайыстың үшінші сатысында әңгімедар Мұқағали Мақатаевтың күнделігі мен хаттарынан сыр шертіп, ән жазылған өлеңдерін орындап, әншілік шеберліктерін байқатты.

Республикалық байқауға ақын, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары мемлекеттік «Дарын» жастар сыйлығының иегері Жанарбек Әшімжан, Мұқағалидың ұлы Жүлдыз Мақатаев, Қазақстан Жазушылар одағының басқармасының әдеби кеңесшісі әдебиет Шегебай ақын, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі «Медиахолдинг «Жетқу жаңалары» АҚ-ның директоры Нүсіпбай Әбдірахым, облыстық тілдерді дамыту басқармасының басшысы Тәңірберген Қасымберкебаев әдіпкәзілік жасады.

Байқау қорытындысы бойынша бас жүлде Солтүстік Қазақстан облысының жасыл қорғаған Нұрғүл Оңашевага (100 мың теңге) бұйырды. Бірақ орнында Астана қаласының атынан қатысқан Жаңылгіт Омарханов (80 мың теңге) алды. Оңтүстік Қазақстаннан келген Дәурен Аймағамбетов пен мақтыстаулық Жұмагүл Мұрсалова (ақшалай сыйлық 70 мың теңге) екінші дәрежелі дипломға ие болды. Үшінші дәрежелі дипломды Жетісудың атынан қатысқан Ермұр Сағатбек пен Іленскен Әлбағарұлы сондай-ақ, Шерхан Арман (Шығыс Қазақстан облысы) иеленді.

Қ. ТҰҢҒАТАР.

Жыл сайын мамыр айының соңғы күнінде республика бойынша азалы әрі күйіректі жағдайда аталып өтетін саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу қарсаңында қолға қалам алып, мақалаға арқау етіп отырған жандар: айтулы азамат Әуелбек Әсербаев (1897-1938 ж.) пен жастай қайғы бұғауын жамылған Зылиқан (Зейнеп) Әсербаева (1899-1970 ж.) қайырғалы Қаратал ауданының тұңғыш перзенттері. Ең алдымен сол бір зобалаңды жылдары жазықтан жазық қаны төгілген, азаң шекпен саяси қуғын-сүргін құрбандарының есімін кейінгі ел-жұртқа жариялау, бүкіл халық болып аза тұту мақсатында шығарылған республикалық тарихи-ағартушылық «Әділет» қоғамының ұйытқы болуымен «Азалы кітаптың» екінші басылымындағы (Алматы, «Қазақстан», 1998 ж.) мына деректерге дән қосқымыз келді. Онда: «Әсербаев Әуелбек 1897 ж. Талдықорған облысы Қаратал ауданында туған. Қазақ. №335 Лепсінск совхозы директорының орынбасары. СССР ІІХКС ның 07.03.1938 ж. 52-2,7,8,11-баптарымен өлім жазасына тартылып, 07.03.1938 жылы атылған. СССР ІІХКС Жоғарғы соттық әскери коллегиясы 13.11.1958 ж. үйғарымымен ақталған», – деген жолдар бар.



Ері атылып, зайыбы сотталған

Небәрі қырық бір жасында сол дәуірде от-жалындай өршіген, іңдеттей жайпаған адамдар бір-бірін жау санаған қасіретті қоғамның құрбаны болған бетке ұстар жанның туған-туыстарының айтқандарына сүйенсек, Әуелбек ағаң жастайынан алғыр болып өседі. Заман талабына орай оқып, білім алады. Аудандық деңгейдегі жауапты қызметтер атқарады. Көзі ашық, көкірегі ояу жан төңірегіндегі келеңді-келенсіз оқиғаларға қаймықпай оң баға беруге ұмтылған. Әсіресе, Сталин мен Голощекиннің асыра сілтеушілігінен туындаған, ел ішіндегі қолдан жасалған ашаршылықтың себеп-салдары мен зардабына күйзеліс білдірген. Оны тежей, тыюдың жолдары жайлы өз ұсыныс-пікірін республика, тілті одақ басшыларына бүркемелеп атпен хат жазып жолдаса керек. Оның көпе-көрнеу қиянатқа шыдамай, мұндай батыл әрекетке баруы жергілікті шаш ал десе, бас алатын, әсіреқызыл, шолақ етек белсенділерге ұнамайды. Олар адамның өңі түгел, түсіне кірмейтін небір күйтұрқы тәсілдерге салып Әуелбек ағаңы «халық жауы» қатарына қосады. Содан не керек, жоғарыдағы «Азалы кітаптағы» көрсетілген заң баптарымен «кінәлі» болып, ең ауыр жазаға кесіледі. Ізінше әй-шаңға қаратпастан, әлептің артын тоспастан атады да жібереді.

Осылайша өмір деген өксігін баса алмаған, өмір деген бар гүлін аша алмаған қайран ер оққа байланып кете барады. Тегінде, жамандықтың атауы жалғызжарым жүрмейтіндігі белгілі ғой! Күйеуі «жаудың», өйелі де жау деген асыра сілтеушілік қағиданың кесірінен жаламен түтқындалып, жазықсыз атылған Әуелбек ағаның шаңырағына ие болып, түтінін түтетіп, бала өсіріп отырған сүйген жары Зылиқан апайымыздың басына айдың күннің аманында қара бұлт үйірледі. Әлгінде айтып өткенміздей, Зылиқан апай да Қараталдың Жазылбегінің тұмасы. Өмірлік жары Әуелбекке қарап бой түзейді. Отбасы, ошақ қасында отырып қалмай, білім алады, қызметке орналасады. КПСС мүшелігіне де өтеді. Мұрат (1933-2011 ж.) сынды ұл сүйеді. Алайда, «халық жауының» пікірлес, ымыралас зайыбы болғандықтан жазықсыздан сотталады. Қолдан жасалған мойынға қиып салған жазасын Ақмола өңіріндегі атақты Карлагтың бөлімшесі «Алжир» түрмесінде (Ақмолинский лагерь жен изменников Родины) өтейді. Тарих ғылымдарының докторы, профессор Тілеу Көлбаевтың дерегіне сүйенсек, «Алжирдегі» мыңсан жазықсыз азаматтардың қатарында Зылиқан апамыз отырған лагерьдің қоғам қайраткерлері: Т. Рысқұловтың әйелі Әзиза, Ұ. Құлымбетовтың жары Айшажазушы Бейімбеттің зайыбы Гүлжамал, тілші ғалым А. Құдайбергеновтың жары Бибіадия т.б. бірге болған. Жапа шеккен, зұлмат жылдардың құрбаны болған Зылипан апайымыз бес жыл отырып, жазасын өтеп, 1943 жылдың 6 мамырында ақталып шығады. Бертінде 1970 жылы дүниеден озады. Ардақ тұтар Әуелбектей жарының «халық жауы» деген атақтан арылып, бірқолата ақталғанының күәгері болады. Өшкен ошақтың отын қайта түтетеді. Ұлы Мұратты аяқтандырып, немере сүйеді. Ақтық демі тәусылған сәтте жүрекке шер болып жинақталған қайғы-қасіретті өзімен бірге ала кетеді. Кейінгі ұрпағына, жанашыр ағайын туысына, бүгінгі біздерге десе болады: «Қасірет қайтып келмесін, тектілер ұмыт қалмасын!» – деп өсиет қалдырады.

Осыдан бірер жыл бұрын Әуелбек ағаның немере інісі, Қарашоңғел ауылының қадірменді қариясы, еңбек ардагері Болат Спанбетов ағаймен осы тақырыпта сұхбаттасудың сәті түскен еді. Ағамыз өткенді тебірене еске ала отырып, мына төмендегі сырды ретті-ретімен ортаға салып еді:

– Ежелден-ақ, Қаратал бойын жайлаған Тергеу атамыздан төрт бала. Әсербай, Темірбек, Смайыл, Спанбет тарайды. Олардың үлкені Әсербайдан Жүнісбек, Әуелбек, ал Спанбеттен мен және кейінгі үрпағым өрбиді. Әуелбек ағамыз өтінің тірлігінің арқасында елдік істер мен Үкімет жұмысына жас кезінен араласқан. Ағамыз Қаратал аудандық партия және атқару комитетінде жауапты қызметтер атқарса керек. Бүйрегі елге бұрылған, жаны әділдікті қалаған. Қиянатқа төзбейтін, тура-шыл болған. Үлкендер мен көзкөргендердің айтуынша қазақ жеріндегі қолдан жасалған ашаршылықтың белең алуына шыдамай, ашаршылыққа ұрынғандарға жедел көмек көрсету керек деген мазмұндағы өтініш-тілек хатын жоғарғы органдарға жолдаса керек. Халқына деген осы жанашырлығы түптеп келгенде өзіне пәле болып жабысады. Ұсталады, тұтқындалады. Ақыры атылады.

Жергілікті билік таралынған тықыр таяғының сезгенінен соң ағасы Жүнісбек Әуелбектің көзінің ағы мен қарасындай болған баласы Мұратты аман сақтап қалу үшін Балқаш өңіріне қашады. Сол жақта бой тасалайды. Бертінде Түрксібтің бойындағы Қоскудық станциясын мекендейді. Қалшағай су қоймасын қазуға қатысады. Мұрат болса зоотехник мамандығын меңгеріп. Бақанас жағында (Іленің арғы беті) жұмыс істейді. Зейнеткерлікке шыққан соң Қапшағай қаласына тұрақтайды. Үлкен баласы Қанат Талғарда. Өткенде келіншегі екеуі атақоныстары Қарашоңғелге арнайылап келіп, ауасын жұтып, топырағын басып кетті. Әйтеуір, шүкір, жазықсыз жала жабылып, қыршынынан қиылған Әуелбек ағамыздың ізі бар. Өсіп-өнсін, көркейіп-көктеп отыр.

Иә, өткеннің қайғы-қасіретінен оң сабақ ала отырып, тәуелсіз Қазақстанымыздың көк байрағы төбемізде самғай желбіреп, зайырлы мемлекетіміздегі әділеттілік пен еркіндік, бостандық тамырын тереңге жіберіп, нығая берсін.

Қараша ҚАРАМАН.

ҮШТӨБЕ ҚАЛАСЫ.

■Жаңа кітап

Алашорда МИНИСТРІ

Ұлт мүддесі жолында жанын шүберекке түйіп, тар жол, тайғақ кешуден сүрінбей өткен, от пен судан өліден шығып, ел көкірегіне ұялаған ерлердің дәмесіз сауын қолдауын көтеріп кеткен Алаш арыстарын ардақтау – бүгінгі буынның парызы. Мәдениет пен оқу-ағартудың алтын тасырын бастаған жарқын есімдер қазақтан шыққан бір топ зиялы қауым өкілі бар тұмырын ат үстінде өткізді. Солардың қатарында Алашорда үкіметінің құрылтыына бір кісідей атсалысып, туған жұрты үшін жарған ұлағы жастыққа тыңеген Бәзірбай Мәметовтің есімі ерекше атналады. Ол – қазақтың мандайына бітпеген өлім ед, ұлт үшін туған сайқымқаран Мұхамеджан Тынышпаевтың ұзақтығын қатыстырған сөрігі, ағалық ақылына құлақ түрген інісі. Қос тарлан өткені көп бұралаң өмірде қазақ халқының болашағына жарқын жол сілтеді. Жаңжақтан қауқалаған қауіп-қатерге кездесіп тосып, ел жадынан өшпейтін жаңғыртқ ерліктер жасады. Жуырда белгілі зерттеуші Өмірбай АХМЕТОВ пен Уәлихан ҚАБЫШЕВТЫҢ «Бәзірбай Мәметов – Алашорда министрі» атты кітабы жарық көрді. Кітапта XX ғасырдың басындағы ұлт оқығандарын топтастырған Алашорда үкіметінің белді қайраткері Бәзірбай Мәметовтен бөлек, белгілі тарихшы, қазақтың тұңғыш теміржолшысы Мұхамеджан Тынышпаевтың да жарқын тұлғасы беріледі.

Тарихтан мәлім Бәзірбай Мәметов – қазақтың алғашқы заңгерлерінің бірі. Алашорда үкіметінен белгі мүшесі. Жетісу жерінде Алаш идеясының көрнекті қайраткері. Өлеңдей ерлеңнетке жалғай ұмтылған XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамы «рухани сілкініс» дәуірін бастан кешеді. Заманалар мың құбылып, билік жүйесіне өзгерістер енгізеді. Осындай алапаттардың уақытта қазақ оқығандары бодандықтың бұғауынан босап шығып, азаттыққа жылдам қол жеткізуді ойластырып бақты. Қалың елдің қараңғай сауатын ашып, ерлікпенің ертегінен мақтан ұстауға ұмтылған қазақ зиялылары жаңғай жаңа уақыт құрудың жоспарын жасады. Нәтижесінде Алашорда үкіметі өмірге келді. Мұнда ұлтын шынайы сүйген Алаш арыстары қызмет етті. Жаңа кітапта авторлар кеңшілікке бейімделе болып келген Бәзірбай Мәметовтің кейбір қайратқерлік қырын Алаш арыстарымен бірге қайнастырып, туындыны зерттеулер жүргізеді. Сонымен бірге, оның өмір жолын қалыққа айшықтап, кең түрде насихаттаған көрегенді ұлын қос автор өлеңдің мұрагаттарында шаң басып жатқан тарихи тұлғаны және қоғам дерегіндерді молынан пайдаланды. Бәзірбайдың ұстазы Мұхамеджан Тынышпаев салып кеткен сара жол да жаңа кітаптың басты арқауына айналған. Зерттеушілер саясы келтеген жаңа кітабында Жетісу топырағында туған Алаш арыстарының өмірін тәбектеумен шектелп қалмай, кейінгі кезде тың жарып шыққан ғылыми тұлғаларды да келтіре өтеді. Кітап шында ел үшін туған асылдардың тағдырына өтүсті қарамайтын ағалық үшін қанды деректер өте мол.

Кітаптың басты зерттеу нысанына айналған Бәзірбай Мәметов 1888 жылы жер жәнаты Жетісуда асау Лепсі өзенінің бойында қазіргі Сарқан ауданында туған. Бала кезінен білімге құштар болып өскен ол көшпелі қазақ мәдениетіне қанығып өседі. Бәзірбай он екі жасында Алматыдағы Верный ерлер гимназиясына оқуға қабылданады. Гимназияның қабырғасында білімін шыңдаған оқушы баланың ендігі арманы Мәскеу қаласындағы Алексеев әскери училищесіне оқуға түсу болды. Бірақ, та жас жігіттің жолы Қазан университетінің заң факультетімен қиылысады. Бірегей оқу орнынан заңгерлік мамандықты игеріп шыққан Бәзірбай студент кезінен-ақ ұлт мүддесін сипай бастайды. Ұзақ жыл қалықтың табанын тілп, қанын сорған әділетсіз патша билігінің заңы асланнан келген 1917 жылы Бәзірбай да оқуын аяқтап, заңгерлік мамандықты игеріп шығады.

Жаңа кітаптың алғашқы бетінде «бүгін 84 жасқа толып отырған Сәуле Бәзірбайқызы 1946 жылы өлген әкесін 63 жылдан кейін қайта өдеп отыр. Журналистерді, жазушыларды қалымдарды тандап тауып алып, өке жолын хатқа түсірмек. Соны сезгендей Өкітай Ахметов пен Ермек Өндегенов өздері өдеп Сәулені табады. Жаратқанның өз табыстырып тұр ғой. Пенің, пиғылы түзу ниеті оң екі ер Алаш жолымен Сәулені өдейді. Екеуи де ешкім мендеттеп отырған жоқ. Патриоттық сезім, ұлттық намыс, азаматтық борыш екеуін де алдыға салып итермелеп әкелген Екеуі де осы мендеттің өздерине бұйырғанына мәз. Оның үстіне Сәуледей збыз ананың естелігі көрегендің шабытқа шабыт қосып отыр», – деген сөйлем көзге бірден жылы ұшырайды. Кітап авторларының бірі Өкітай Ахметовтің ізденіс жолындағы ынтасының қаншалықты екенін осы бірауыз сөз айқын-тап түрғандай. Ол өзі жинастырып, тыңғылықты зерттеп, баспаға ұсынған жаңа кітабында Бәзірбай Мәметовтің жарқын ғұмырынан бастап, қоғам үшін атқарған абыройлы қызметіне дейін терең ұғып, сараптама жасайды.

Кітаптағы деректерге көз жүгіртсек, Бәзірбай Мәметовтің есімі аспаннан алынбаған. Ол туралы белгілі жүйрік ақын, танымал қаламгер Сәкен Сейфуллин құнды дерек қалдырып кеткен. Әйгілі «Тар жол, тайғақ кешу» тарихи романында автор «Сарыарқа» газетінде 1918 жылы Жалпықазақ, съезінің қаулысы басылғандығын айтып өтеді. Романда жиналыс қаулысының Орынборда болғандығы, оған сегіз облыстан арнайы өкілдер келгендегі айтылады. Солардың ішінде Алашорда үкіметіне өр аймақтан басшылыққа сайланғандардың тізімінде Бәзірбай Мәметов те аталады. Кітапта авторлар Бәзірбай туралы басылым бетінде жарық көрген мақалаларды топтастырып, тұлғалық қасиетін кеңінен ашып түседі. Жаңа еңбек Лепсі кентіндегі зиратын зиялтау құлпытас орнату жұмыстарын да назардан тыс қалдырмаған. Сонымен бірге, кітаптағы Сәуле Бәзірбайқызының әкесі туралы толғанған өстелігі өте құнды мәліметтерді бір өкеңдіғи атап өткіміз келеді.

«Бәзірбай Мәметұлы алғашқы сауатын ауып молдасынан ашқан. Бастапқыда Мәскеудегі әскери училищеге түссем деп армандап, өзіне қолдаушы ретінде Мұхамеджан Тынышбаевты Ташкентке іздеп барып, көмек сұрайды. Ол оқимын деп тұрған жас жігіттің көңілін жықпай, 1911 жылы Қазан университетіне оқуға қабылдануына себепкер болады, – дейді Сәуле Бәзірбайқызы. – Адмирал Колчактың қазақ ауылдарына жасаған зәуәндық істерін, ондағы Отыншы әлжановтың ерлікке толы өлеңін Семей халқына алғашқы жеткізген және оны «Абай» журналына Ыбырайым Жайнақов пен Бәзірбай Мәметов бастырған болатын» Сәуле Бәзірбайқызы бұдан әрі қарай әкесінің Кеңес өкіметі тұсында тұтқындалған сәттерін әңгімелейді. Бәзірбай 1929 жылы үш жылға Саратовқа айдалады. Сонынан жары Зейнеп Нилзова екі баласымен бірге келеді. Орыстың ең бегемел петерін жалдап, цемент зауытына қарапайым жұмысшы болып орналасады. Жер аударылған Бәзірбай елге тек 1935 жылы ғана қайтады.

Студенттік жылдарында-ақ, саяси сауат жинап, білім бұлағынан сусынын қандыра ішкен Бәзірбай қоғамдық ғұмырының құшағында жатқан туған халқын азаттыққа бастаудың қамына кіріседі. Елім, жұртым деген қазақ оқығандарының қасына барады. Қазақ халқының тұтастығын, шекарасының беріктігін, рухани дербестігін ойлаған ол 1916 жылы атышулы «Мәусым жарлығы» шығып, қазақтың ерімдей үлдарын оқ пен оттың ортасындағы қара жұмысқа айдаған кезде зығырданы қайнап, ашуға булығады. Астыртын билікке қарсы әрекеттерге кешеді. Намысқа тырысқан Бәзірбай қасындағы замандас студенттермен бірге тыл жұмысына бара жатқан қазақ бауырларына қол ұшын созады. Орыс тілін меңгермеген саяси сауаты жоқ, бұрынсонды қару ұстап көрмеген боздақтарға көмектеседі. Үгіт-насихат жүргізіп, білім береді. Сол кезден «Қазақ» газеті арқылы қара жұмысқа аттанған бауырластарына рух беріп, үндеу жолдайды. Университет қабырғасында бір топ студенттермен бірігіп осындай тың бастама көтерген Бәзірбайды ендігі кезекте ешкім де тыныштала алмас еді. Жеткен жетістіктерден сонған жас жүрегі тек халықтың мүддесін ғана ойлап тұрды.

Қазан университетін аяқтаған Бәзірбай бірден Алаш қозғалысының қоғамдық жұмыстарына белсене араласып кетеді. 1917 жылдың шілде айында Жалпықазақ съезі өтіп, сол басқосуда Бәзірбай Мәметов Жетісу облысынан бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады. Сонымен бірге мұсылмандар кеңесіне өкіл болып тағайындалады. Ел ішінде абыройы тасқындап, үлкен беделге ие болған Жетісудың перзенті азамат соғысы жылдарында екі оттың ортасында қалған қазақ жұртын қорғау мақсатында Алаш полкін жасақтауға ат салысады. Семей қаласында қолға алынған игі бастаманың нәтижесінде Алаш сарбаздары жазықсыз жала шеккен қазақ отбасыларын қанғырған оқтан қорғайды. Жабайы патша әскері мен қызылдар өкіметінің қандықол жендеттеріне жем болған тұрғындардың мүддесі үшін жан аямай күрес жүргізеді. Азамат соғысы мен жаңа биліктің орнығуы салдарынан жаңылған аштыққа да Бәзірбай бей-жай қарай алмайды. Жетісу жерінде өзек жалғайтын талшық, таптай шарасыз күн кешкен отбасыларына арнап көмек комитетін ұйымдастырады.

Бәзірбай Мәметов 1918 жылдың тамыз айында Лепсіде өткен Алашорданың Жетісу облыстық екінші съезіне қатысып, кеңес мүшелігіне алынады. Сан түрлі билктің құрсауында қалған қазақ елі Колчак пен Дутовтың уақытша өкімет пен большевиктердің талан-таражына түсті. Қаруы мықты, қарымы кең билктің қайсысы күшті, соп қазақ халқына қолқан-поқпы жасап бақты. Олардың қатарында қазақтың қарапайым еңбек адамдары ғана емес, оқыған зиялылары да қатты зардап шекті. Сондай жазықсыз жазаның бір ұшы ел мүддесі жолында көзге түсіп жүрген Бәзірбай Мәметовке тиеді. Колчактың жандайшаптары Алаштың арысын қызылдар билігімен астыртын байланысы бар деп айыптап, темірдің тордың ар жағына тоғытады. Халыққа деген жанашырлық, жас жүректі абақтымен де мойыта қоймайды. Көп ұзамай сонынан ерген жеңе ағілі тарихшы, ұлт зиялысы Мұхамеджан Тынышпаев ара түсіп, босатып алады. Есіл ер бұдан кейін де Кеңес өкметі тарапынан құғын-сүргінмен қанды шеңгелге ілігеді. Ақыр сонында отбасымен бірге Саратов маңына қатаң бақылауда жер аударылады. Қоғамның кемшін түсына кіріпш болып қаланып, жұрты үшін жан аямай еңбек етуді ойлаған Бәзірбай ұзақ жыл бойы Тараз, Талдықорған, Қарақалпақстан мен Саратов жерінде әр түрлі шаруашылықтарда жұмыс істейді.

Бәзірбай құғын-сүргіннен көз ашпай, ақырында Лепсі бекетінде 1946 жылы небәрі тоғыз күн ауырып дәнекті қайтыс болады. «Әкемнің қойылған жерін қамыспен қоршап, топырақ кірпішпен ұстатқан көрнеді Сол уақытта өзімнің үш балам болды да, қу тірішілікпен өлемнің басына жаңалап белгі қоя алмадым. Кейін өкемнің қабірін таппай қалдым». – дейді Сәуле Бәзірбайқызы. Кейіннен әке алдындағы борышын өтеуге асыққан зәулы қыз Лепсідегі қорымның таза жеріне мәрмәр тастан ескерткіш орнатады.

Қазақтың көнекөз даналықтарының ішінде: «Ер жігіттің мойнында қыл арқан шірімейді», – деген құнды сөз бар. Қиындыққа ұшырап, басына күн туған шерлі жігіттің жүрегіне осындай жалынды сөз айрықша қуат дарытқаны даусыз. Бәзірбай Мәметов туған халқының бақыты үшін отқа да, суға да түсуге дайын екенін өзінің өмегеге толы өмірінде көрсетіп берді. Басына байлықтың бақ құсы қонбаса да, ұлт жолындағы жанкешті ерлігі тарих бетінде алтын әріптермен жазылып қалды. Жаңадан басна бетін көрген Өкітай Ахметов пен Уәлихан Қабышевтың кітабын оқып отырып осындай оймақтай ой түйіндедік. Іргелі зерттеу еңбегінен Бәзірбай Мәметовтің қиын-қыстау кезеңдегі тағдыр тезіне түскен ауыртпалығын, халықтың қамын ойлап, қара басын құрбан еткен өжет бейнесін бағамдадық. Алаш үшін туған есіл ердің кейбір беймәлім қырлары туған қызы Сәуле Бәзірбайқызының өз аузынан естелік болып өріліп, оқырман қауымды бірден баурап алады. Тарихи дерекке толы еңбек оқыған адамның жүрегіне оңай жол тауып, Жетісудың асыл перзенті жүріп өткен өмір соқпағын дәлелді құжаттармен сәйлетеді. Кітаптың құнды тұсы, міне, осында жатыр.

Қуаныш ТҮНҒАТАР.

ТҮЙІН:



Құрбымен алтыбақан тепкен қандай...

Суретті түсірген ЖҰМАБАЙ.

■Өлең-өрнек

Бақанастың мақтанышы

(Өмірзақ Сәрсенованаға)

Азамат болдың қалауы,
Елім деп жүрген елжіреп.
Сәрсеннің ақ жалауы,
Тұрды үнемі желбіреп.

Ақжүністей ананың,
Өсиетін орындап
Әкеден қалған жалғыз үл,
Сәрсенұлы Өмірзақ.

Болсын деп мәңгі өмірі ұзақ,
Атының қойды Өмірзақ.
Аянбай еткен еңбекпен,
Жемісін берді өмірбақ.

Тұтынушылар одағын,
Талай жылдар басқарды.
Саласын да сауданың,
Ілгі істерді атқарды.

Депутат болдың қалауы,
Сәрсеннің ақ жалауы.

Қиындықта өшпеді,
Намыстың оты, алауы.

Оралмай қалған өкені,
Қиядан ойға аласың.
Салқалы ой тастап,
Мақала да жазасың.

Мақтан тұтқан ортасы,
Мақтан тұтқан қоғамы.
Бүлөмірзақ ағаның,
Парасаты жоғары.

Көрсетпей артық бір қылық,
Өз жұмысын білді ның.
Астамшылығы жоқ мүлде,
Бойы толған ізгілік.

Үлттық өнер айтысты,
Демеуші болып қолдадың.
Ақылшы болып інге,
Сабильяновқа хат жолдадың.

Бір туары заманның,
Қонаевтай атаның.
Мерейтойын өткізіп,
Көпшіліктен бата алдың.

Біле тұрып осыны,
Елемей қалай жатамын.
Тасысын деп нұрыңыз,
Өзімше үн қатамын.

Бес балаң - бес саусағың,
Бір тамырдан нәр алған.
Екатерина жеңгеміз,
Бір сіз үшін жараған.

Абай айтқан бес асыл,
Бойыңызда бар болған.
Жеңгемізде жоқ арман,
Қазаққа сіздей жар болған.

Ата-анаңың аяулы,
Арманы бүгін ақталды.
Өмірзақтай баласы,
Бағындырып жүр асқарды.

Жанар МАСАЕВА.

■Шешендік толғаулар

АСАН ҚАЙҒЫДАН

Бұл заманда не ғәріп?
Ақ қалпы бөз ғәріп,
Жақсыларға айтпаған
Асыл шарын сөз ғәріп.
Замандасы болмаса,
Қариялар болар тез ғәріп.
Қадірін жетпе білмесе,
Бойға жеткен қыз ғәріп.
Ел жағалай қонбаса,
Бетегелі бел ғәріп.
Қаз-үйрегі болмаса,
Айдын-шалқар көл ғәріп.
Мұрнын ғаухын алмаса,
Алғыр болса пір ғәріп.
Ата-жұрты бұқара,
Өз қолында болмаса.
Қанша жақсы болса да,
Қайратты туған ер ғәріп.

***

Ерлі бол да, Жайық бол,
Ешіммөнен ұрыспа,
Жолдасыңа жау түсе,
Жанынды аян тұрыспа.
Ердің құны болса да,
Алдыңа келіп салған соң,
Қол қусырып барған соң.

Аса кеш те қоя бер,
Бұрынғыны қуыспа.
Ақын болса біреуге,
Айыбын тап та ала бер,
Ерегесіп ұрыспа.
Мінеп жаман адамға,
Енді қайтіп жуыспа.
Тәуір көрер кісіңмен,
Жалғыз айтып суыспа.

ҚАЗТУҒАННАН

Арғымақтың баласы
Арыған сайын тыз жортар,
Арқа мен қосым қалар деп.
Азамат ердің баласы,
Жабыққанын білдірмес,
Жамандар мазақ қылар деп.

ШАЛКИІЗДЕН

Жақсының жақсылығы
сол болар,
Жаманменен бас қосып,
Сөйлемекке ар етер.
Жаманның жамандығы
сол болар,
Сөйлесе бетін дәйім қара етер.
Бір жақсыға басын қосып
сөз айтсаң,
Сол жақсы жамандығын,
жақсы ыққа жыр етер.
Бір жамайға басын қосып
сөз айтсаң,
Сол жаман сырыңды сақтамай,
Әрдайым дұшпанына
әр ісіңді көр етер.

***

Айырдан тұтап жанбоз бар
Жүтін нарға салғысыз,
Арғыматан тұған бұдан бар
Күшінде көрінім жерді алғысыз,
Жаманнан тұған жақсы бар
Адам айтса ынғысыз,
Жақсыдан тұған жаман бар
Күлдеріп күн болғанда
Бір аяқ аска алғысыз.

***

Аскар, аскар, аскар тау,
Аскардан биік тау болмас,
Басына балапанын шарлап
ұшып қона алмас.
Бұрыттен қыран құс болмас,
Бауғы жетпей бөрі алмас.
Билайықтан алтыр құс болмас,
Бұйырмаса өкеу түгіл
бір де алмас.
Сұңқардан сұлу құс болмас,
Қаңырсыны қатпай ұша алмас.
Ағайынның ішінде
Бір жақсысы бар болса,
Қонсалаған көп жаман
Сол жақсыны көре алмас.
Сол жаманның басына
Қиын-қыстау іс келсе,
Бағанағы жақсысын
Көк арғымағын қолға алып,
Күнінде іздесе де таба алмас.

АҚТАМБЕРДІДЕН

Ағайынын көп болса,
Ұлы шерік қолмен тең.
Білімді туған жақсылар
Аз да болса көппен тең.
Жақсысы кеткен ауылдың
Артынан жақсы шықпаса
Өртенін кеткен жермен тең.
Қайырлы болса баюшы
Дәрия шалқар қолмен тең.
Қайырсыз болса жаман бай
Ел қонбаған шөлмен тең.
Мінезді болса жолдасын
Күнде сонар қызбен тең.
Жаман болса жолдасын,
Астынынан өткен сызбен тең.

***

Мінезді болса алғаның,
Одан артық жар бар ма?
Екі жаман қосылса,
Күнде жанжал, күнде шу, Г
Ұялардың ар бар ма?
Білімді туған жақсыға
Залал қылмас мың қарға,
Жаман туған жігітке
Ракатты күн бар ма?
Өз мінін білген жігіттің
Тәпімінде мін бар ма?

***

Балаларыма өсиет:
Қылмыскерлер кетпет,
Бірлігінен айырылма,
Бірлікте бар қасиет.
Тәтулық болар береке,
Қылмасын жұрт келеке,
Арыз болсаң алты лұмыз
Еліне кірген әреке.
Талының салдым егінді,
Ақылын барын ұғарсың,
Ойың болса сезімді.

ҮМБЕТЕЙДЕН

Үй сыртында ақра тау,
Шыңсыз шың болса,
Бұғышкінің несі тау,
Кетеген болса түйен жау,
Тебеген болса бием жау,
Керексіз болса келінің жау.
Үйіндегі ұлың жаман болса,
Есіктегі құмен тең,
Қойнындағы қатының жаман
болса,
Қантардағы мұзбен тең,
Кей сорлының қатыны
Күндіз ауру, түнде сау, –
Арқаша арткан түзбен тең.

***

Бай болмаған бай болса –
Жайламаған сай қоймас,
Би болмаған би болса –
Айтылмаған сөз қоймас.
Хан болмаған хан болса –
Қашмаған ел қоймас,
Баласын мақтар бас жаман,
Қатының мақтар қас жаман.
Алыстағы дұшпаннан,
Алдып жүрген дос жаман.

■Жаңғырық



Кейінгі кездері Ақын Сара және оның өмірі туралы жазылған материалдар баспасөз бетінде жиі жариялана бастады. Бұны ақынға деген құрметтің артқандығы деп білемін. Десе де, көп материалда Сара Тастанбеккызының өмірі туралы әр түрлі жазылып келеді. Соның бірі – Ақын Сара 1876 немесе 1878 жылы туып, 1916 жылы 38 жыл өмір сүріп, өмірден озды деу, өмірі, заманы, қатынас ортасына сай келмейді. Шындығында қазақтың мақдайына біткен ақын қызы бнын 160 жасқа толады. Сонда1853 жылы туып, 1907 жылы өмірден өткен.

Сайраған Сара

тоnта жеке-дара

Ақын Сараның әкесінің лақап аты Тастанбек. Ағаштан түйін түйген шебер болған. Азан шақырып қойған есімі Сұлтанбек. 37 мүшел жасында Сара туған соң қайтыс болыпты. Анасының есімі Жанкөшке. Қайнар Шыңқожаның қызы. Ақын Сара өте сұлу әрі ақылды, намысшыл болып өскен. Ол өзінің өлеңінде «Қамысты терең көлдің сұқсырымын», – деп тегінен-теген айтпаған. Сара ақындықпен қоса күй де тартқан, анын де болған дескеді ауылдағы үлкендер. Ақын Сара жайлы осы күнге дейін бірақ әрнау өлеңдер шығарылып, жұртқа жетті. Соның бірі ақын Ахмет Азанқұлұлы былай тебренеді:

Қобызшы Байсақ күйді көрген бала
Талпынды оның тартқан күйін сала
Домбыра қоңырлатып тартқан кезде
Түрғандай бар қауымнан жеке дара

Ынтығып ықыласпен тыңдағанда,
Күй қонад көкейіне көкірек жара
Құмартып күйге ұмсынып
жүргендердің,
Ішінде ерекше еді Ақын Сара, – деген.

Сараның күйшілік өнерге де ден қойғанын айғақтайтын дәлелді сөз деуге болады.

Бұл жайлы Ақын Сара өзінің: «Туған елім, өскен жерім» деген өлеңде айтып кеткен, тіпті, бұл өлеңде «Елудің үшеуіне келгенімде. Дерт жеңіп қалып барад өлеңім де», – деп нақтылы жасын да көрсетіп кетеді. Ендеше, осы өлеңді бірлікте оқып шығалық.

Сақай, Тұңғат, Бастемір ататегім
Жақсылар жібермеген жауға кегін
Үш Матай Аталық, Қаптағай, Кеноке,
Тұлпардың тұяғы боп туған едім.

Елудің үшеуіне келгенімде,
Дерт жеңіп қалып барад өлеңім де.
Болды ғой қысқа менің қу өмірім,
Алпысқа жетпей бір күн өлемін бе.

Біраз күн еңбек еттім дос-жараңа,
Өлеңім аз да болса мақтанарға.
Мені де ұрпағым деп, еске ал жұртым,
Сараның айтары осы аттанарда, – деп
ұзаным шекпен.

ТҮЙІН:

Қашанда ұлыларын ұлағат тұтқан елдің ұтары аз болмайды. Сол қатарда Ақын Сараны құрметтеу қазақ қыздарын, әсіресе, олардың қазақ өнеріне сіңірген өлшеусіз үлесін көрсетумен бағаланады. Ақын Сара қайтыс болған соң оның сүйегі Үлгітерек шаруашылығындағы «Үш көукен» деп аталатын жердегі Тасыбай елінің қорымына жерленеді. Кеңес дәуірі тұсында басына кішкене мәрмәр ақ тас қойылыпты. Ол туралы Т. Қалиханов «Ақын Сара» кітабында жазады. Қазіргі Ақын Сара ауылына қарасты Ақешкі өзенінің бойындағы жеке тұрған зират Ақын Сараға арнап салынғанымен онда оның мәйіті жоқ. Бірақ, оған тәу етіп аттанатын жолаушылардың аяғы үзілмейді. Бұл да ақын қызын ардақтаған бүгінгі ұрпақтардың ізгі ниеті деп білеміз.

Қалымбек ТҰРЫСБЕКҰЛЫ.

Ақылдастар алқасы: Егеубек ДАЛБАҒАЕВ, Әлімқұл ЖАМБЫЛОВ, Ардақ СЫДЫҚ, Сүлеймен КӨШКІНОВ, Нәурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Бижамал РАМАЗАНОВА, Совет ОРАЗАЕВ.

БҮТІНГІ НӨМІРДЕ:

ҰЛТТЫҚ ұлы міндеті — 2-бет

ӨЗ ТІЛІҢДІ құрметте — 3-бет

ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚТАРҒА табыстады — 4-бет

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Жетісу

№ 62 (18050)
Сейсенбі, 2 маусым, 2015 жыл.

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

www.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

▲ ТАҒЗЫМ

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ АУЫР НӘУБЕТ

ТАРИХЫМЫЗДЫҢ ТЕРЕҢІНЕ ҮҢІЛЕР БОЛСАҚ, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ НЕБІР «ТАР ЖОЛ, ТАЙҒАҚ КЕШУЛЕРДЕН» ӨТКЕНІН БАЙҚАЙМЫЗ. СОНДАЙ ҚАЙҒЫ-ҚАСІРЕТКЕ ТОЛЫ ОҚИҒАЛАРДЫҢ БІРІ – XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДА ОРЫН АЛҒАН АШАРШЫЛЫҚ ПЕН САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН. ҰЛТЫМЫЗДЫҢ БАСЫНА ТӨНГЕН ҚАРА БҰЛТ ЕЛІМ ДЕП ЕҢІРЕГЕН ТАЛАЙ ЕСІЛ ЕРДІҢ БАСЫН ЖҰТТЫ. ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН АШАРШЫЛЫҚ ҚАРА ХАЛЫҚТЫ ҚЫНАДАЙ ҚЫРДЫ. ТАРЫДАЙ ШАШЫРАП, БАС САУҒАЛАП ШЕТЕЛ АСТЫ. ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРГЕ ЖҮГІНЕР БОЛСАҚ, 1929-53 ЖЫЛДАРЫ КЕҢЕСТЕР ОДАҒЫНДА 40 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ АДАМ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНЫНА АЙНАЛҒАН. БІРАҚ ҚАНДЫҚӨЛ САЯСАТ АРЫСТАЙ АЗАМАТТАРДЫҢ АҢСАҒАНЫНА БАЛТА ШАБА АЛМАДЫ. ОЛАРДЫҢ АСҚАҚ АРМАНЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ БОЛЫП АГТЫ. УАҚЫТ ҚАЗЫ БӘРІН ДЕ ӨЗ ОРНЫНА ҚОЙДЫ.

«Жетісу»
Болат МЕҢЖИТ

1997 жылдан бастап 31 мамыр – Ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып жарияланды. Осы күні еліміздің түпкір-түпкірінде қаралы митингілер өткізіп, боздақтардың аруағына тағзым ету дәстүрге айналды. Сондай азалы жиын мамырдың соңғы күні Жаңалық ауылында да өтті. Қарақұрым жұрт ауыл іргесіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш мемориалға қарай ағылып келіп жатты. Мұнда 3 мыңнан астам ауылдастарының құрбанына көз жұмған.

Күңіренген қобыздың үні микрофон арқылы жаңғырып, құрбандардың есімдері аталғанда кім-кімді де бей-жай қалдырмағаны анық. Бір сәт көз алдымызға сол бір зұлмат жылдар елесі келгендей болды.

Еске алу шарасына облыс әкімінің орынбасары **Бақтияр ӨНЕРБАЕВ**, Алматы қаласы әкімінің орынбасары **Зәуреш Аманжолова** және зиялы қауым өкілдері мен құрбан болған азаматтардың туған-туыстары жиналды.

– Еліміздің нұрлы болашағы үшін күрескен, жазықсыз жала шеккен барша құрбандардың аруағына зиярат етуге жылдағы дәстүрмен Жаңалық ауылында бас қосып тұрмыз. Халқымыз ұлт болып қалыптасқалы бері талай-талай қиын кезеңдерді басынан кешірді. Бірақ ақылы мен қажыр-қайратының арқасында қайта түлеп отырды. Өркенін сақтады. Сөйтіп, ұлт ретінде жойылып кетуден аман қалды.

Осы нәубет кезінде қазақ халқы аштықтан, геноцидтен, қуғын-сүргіннен бірнеше миллион адамнан айырылды. Озбырлық саясаттың салдарынан жазықсыз мерт болған арыстарымыз жарқын келешектен бір сәт те үмітін үзбеген. Әлихан Бөкейханов: «Алаштың баласы бұл жолы болмаса, жақын арада өз тізгінді өзінде болатын дербес мемлекет атанатыны күмәнсіз», – деп айтып кеткен екен. Алаш көсемі айтқан тәуелсіздікке қол жеткіздік. Тәуелсіздіктің, Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында барымыз бен жоғымыз түгенделді. Елінің амандығы, бостандығы үшін жанын пида етіп арманда кеткен Алаш арыстарын ешкім де, ешуақытта ұмытуға тиіс емес, – деді Бақтияр Әлтайұлы.


Алматы қаласы әкімінің орынбасары Зәуреш Жұманәлікызы да жазықсыз құрбан болған Алаш арыстарының есімі ұрпақ жадында мәңгілік сақталуы керек екенін атап өтті. Ал «Әділет» тарихи ағарту қоғамының төрағасы, тарих ғылымдарының докторы Ханғелді Әбжанов адамзат тарихында мұндай қуғын-сүргін болмағанын атап өтті.

– Қуғын-сүргіннің тарихы тереңге кетеді. Алайда Кеңестер одағындағыдай қуғын-сүргін адамзат тарихында болған емес. Тоталитарлық жүйе миллиондарды жазалады, жаныштады, тұншықтырды. Біздің арыстарымыз қысқа ғана өмір сүрді. Олар күндіз отырмаған, түнде ұйықтамаған ұлт перзенттері еді. Тіпті қуанып та үлгерген жоқ. Бірақ олардың істері мен есімдері біздің ұлттық тарихта мәңгі қалды. Оған азаттықтың арқасында ғана қол жеткіздік.

Неміс жерінде, Ресейде Ұлы Отан соғысында қаза тапқан аталарының есімдерін тауып, ұрпақтары сол жерден топырақ әкеліп жатыр. Мына ескерткіш те дәл солай болуға тиіс. Осында көз жұмған құрбандардың әрқайсысының аты-жөндері тасқа жазылу керек. Сонда бұл мекен әлемнің барлық жерінен ұрпағын шақырып тұратын киелі орынға айналар еді, – деп өз ойын білдірді.

Репрессия құрбаны болған қазақ адебиетінің көрнекті өкілі, ақтаңгер ақын Ілияс Жансүгіровтің ұлы Саят Ілиясұлының әке рухына арнаған өлеңін жұртшылық тебірене тыңдады. Шара соңында жиналған қауым ескерткіш-мемориалды алқызыл гүл шоқтарымен көмкеріп, құрбандар рухына Құран бағыштады.

Талғар ауданы.



Суретті түсірген автор.

Өткен ғасырдағы зұлмат жылдарда барша қазақтың басына талай зобалаң әкелген қызыл саясаттың қуғын-сүргіні Жаркент өңірі тұрғындарын да айналып өткен жоқ. Бүкіл қазақ жерінен 108 мыңға жуық ағі жақсы мен арыстай азамат саяси қуғын көріп, абақтыға қамалып, көшпелігі жазықсыз атылды.

Жазықсыз жапа шеккендер

«Жетісу»
Мырзагали НҰРСЕЙІТ

Солардың 150-ден астамы Жаркент өңірінің болғаны болатын. Бұдан тыс «асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» атты саяси науқанда малынан айырылып, ашығып, қосылған жасалған аштық кырғынында жалпы елімізде 3 миллионға жуық қандасымыз қырылыпты. Туған жерін тастап, іргедегі Қытай және басқа да шетелдерге көшіп аударғаны қаншама?!

«Ата бұзық көрген азаптың өскелең жас ұрпақтың кетпесін» деген ниетпен, жұт жылдары аштық құрбандары жерленген Жаркент қаласының іргесіндегі Бестерек деген жерге қойылған саяси қуғын-сүргін құрбандары ескерткішінің жанына аудан халқы жылда көктемнің соңғы күні жиналып, қаралы жиын өткізеді. Биыл да осы дәстүр жалғасып, ескерткішке аудан әкімі Бердәулет Абдулдаев бастаған мекеме басшылары гүл шоқтарын қойып, Қазақстан Республикасының Гимні орындалды.

– Қуғын-сүргін құрбандарын жыл сайын 31 мамырда осы жерге жинадық. Ешкім ұмытылды немесе, оларға арнадық жиынымыз осынау ескерткішке гүл шоқтарын қоямыз, – деп қаралы жиында сөз сөйлеген аудан әкімі Бердәулет Елікұлы, халқымыз басқан өткерген ащы тағдыр туралы да кеңінен тоқталды.

Жиынды Х. Хамраев атындағы үйғыр орта мектебінің мұғалімі Жансұлу Иистелова, Мәдениет қайраткері, зейнеткер Шәріпхан Тұрғанов сөз сөйлеп, ел басынан өткен зобалаңның ұмытылмайтынын тілге тиек етті. Бүгінгі тәуелсіз елдің бақуатты тіршілігіне тәубе деп тұрып, жас ұрпаққа жарқын болашақ тіледі.

Қаралы жиыннан кейін саяси қуғын-сүргін құрбандарының рухына бағыштап, Құран оқылды.

Панфилов ауданы.

▲ МЕРЕКЕ МЕРЕЙІ



Бақыт бесігінде

1 маусым – Халықаралық балалардың қорғау күні қарсаңы «Айналайын» балар үйінде жыл сайын ерекше аталып өтіледі. ал айтулы күнде оларды облыс әкімінің орынбасары **Бақтияр ӨНЕРБАЕВ**, облыстық саясат басқармасының басшысы Ғалымжар Сыбаев, облыстық, білім басқармасының басқасы Лаззат Базарғалиева құттықтап барды. Қастарды ән айтып, би билеп қарсы алған жеттеректердің қуанышты қонақтарына сый-ды. Бәрі риза, бәрі бақытты. «Бала жаны үнемі ындай болсын!» – деп тілек тілеуді де ұмытпадық.

Мерекеге сай безендірілген балалар үйінің асы жеткіншектерге деген жүрек жылулығымен ттар қайырымды жандар алып келген сыйлыққа толып кетті.

«Айналайын» балалар үйі басшысының орынбасары Жадыра Ермекқызының айтуынша, жиырма жылдық тарихы бар қарашаңырақта бүгінде 137 бала тәрбиеленуде. Олардың алды жоғары оқу орындарында білім алса, кейінгілері өздерінің білімдері мен парасаттылығының арқасында бақ белестерді бағындыруда. Биыл қаладағы №16 мектеп-гимназиясын 19 түлек бітіреді. Облыс әкімі Амандық Баталов ең оқушыға жоғары оқу орнына түсуге сертификат тапсырған. Енді мақсат – артылған сенімді ақтап, жоғары оқу орнының түлегі атану. Зарина Илясова индрокожейден спорт шебері атанып, Алматы қаласындағы спорт және туризм академиясына жолдама алған. Облыстық, республикалық пән олимпиадаларына «Үздік мектеп», «Таңшолпан» байқауларына қатысып, жүлделі орындарға ие болған ұжымның бүгінгі жетістіктері жан қуантарлық. Мақтана да, марқая да айтатын жетістіктері бір төбе.

«Құрмса, бала қуансын» деген ниетпен олардың мейірімін сыпап, жүздерін жадыратуға ұшін облыс басшылығы, мемлекеттік мекеме қызметкерлерімен қатар коммерциялық құрылымдар мен қоғамдық ұйымдар, жекелеген азаматтар тарту-тарын арқалап келген екен. Мерекелік шара үстінде балаларды құттықтап, ізгі тілектерін білдірді.

– Құрметті жас достар! Бүгін, мене, жадыраған жаздың мейірімді сәттерінде қуанышты мерекелерімен құттар келдік. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев үнемі жастарға сенім артып келеді. Сол үшті ақтау үшін әлемдік сендерге байланысты. Тәуелсіз Мемлекетіміз күн сайын көркейіп, кемелденіп, экономикасы өркендеп келеді. Бұл – барлығымыз үшін қуанышты. Біз осындай киелі елде өмір сүріп жатырмыз. Осының барлығы Елбасының салмақты саясатының нәтижесі. Оқимын, білім алдым, спортпен айналысамын десеңдер сендерге барлық жағдай жасалған. Сендердің басты міндеттерің – оқу. Өздеріңнің білімдерің мен тәрбиелеріңнің арқасында ғана бақ белестерді бағындырып, асқар жұлдыздан аса алласыңдар. Отанды, азаматтық сендерден қатарларыңнан шығады. Сендерге қолымыздан келгенше қамқорлық көрсетеміз. Мерекелеріңіз құтты болсын, – деген Бақтияр Әлтайұлы түн ұйқысын тәрт бөліп, сағаттарын берген тәрбиешілеріне алғысын айтса Амандық Ғаббасұлының селемдемесін – ұжымның теледидарды балалар үйінің басшысы Баймадиевага салтанатты түрде тапсырды.

* * *

Әдемі бал-бұл жанған үл-қыздарымыз ортаға салса, дәстүрлі түрде жыл құтыстап келетін 54/300-ші әскери бөлімінің сержанттар клубының ұжымы концертіне қатысушылардың үсынды. І Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің студенттері барлық балаға арнаған сыйлықтарын мерекемен құттықтады.

* * *

ПАНФИЛОВ. Облысымыздағы ішкер қатынастың Панфилов. Үйғыр ауданындағы балмәсімен ұйымдастырылған бұл әңгіме жұмыс уақыт болыпында өтіп жатқан жоқ. Бұл әңгімеде ішкер ауылдардың белсенді іс-қимылдары сырт жақтан келушілер жұрт. Өткен жылы бұл ауданның Жаркент өңірінде мүгедек балаларға арналған бір көрініс бұл халықаралық қорғау күні жүз берді.

Өңірдегі ішкер әйелдер қауымдастығының бірігіп, 1 маусым күні аудан орталығындағы «Ирада» мейрамханасында мүгедектігіне байланысты үйінде оқытылатын аудандағы 120 оқушыға мерекелік дастарқан жайды. Бұл шараны ұйымдастыруға аймақтық ішкер әйелдер қауымдастығының төрайымы, «Ирада-балық» ЖШС, «Ирада» ЖШҚ және осы мейрамхана қожайыны Сурият Изимова бастаған кәсіпкер келіншектер ұйытқы болды.

Мереке барысында балаларға жергілікті өнерпаз өрендер өнер көрсетіп, балаларды шаттыққа бөледі. Сонымен қатар шақырылған өнерпаз оқушылар бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Шараға арнайы келген облыстық ішкер әйелдер қауымдастығы төрайымының орынбасары Людмила Ким, Ескелді аудандық ішкер әйелдер қауымдастығының төрайымы Галина Ким, «Нұр Отан» партиясы Панфилов аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Ермек Нұрахметов, аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Мұрат Сопиев, Жаркент қаласындағы №1 орта мектептің директоры Айдын Келемсейіт, мемлекеттік қызметкерлер кәсіподағы аудандық балмәсімшің төрағасы Советхан Бекетов сөз сөйлеп, бұлдіршіндерді құттықтап, мерекеде балаларды қамқорлық құшағына алған жаркенттік кәсіпкер әйелдерге алғыс сезімдерін білдірді. Мереке соңында қонаққа шақырылған балаларға сыйлықтар таратылды. Бұл күні Жаркент қаласындағы Бәлек Батыр саябағында да қала мектептері мен балабақшаларының бұлдіршіндерге мерекелік шаралар ұйымдастырылды.

* * *

ЖАМБЫЛ ауданындағы орталық саябақ бұл күні бұлдіршіндердің шаттық күлкісіне толды. «Жас ұланға» оқушылар үйінің ұйымдастыруымен өткізілген шараға бес жүзден аса бала қатысты. Аудан әкімінің орынбасары Гүлнар Ермекбаева оларды мерекемен құттықтап, мектеп оқушыларына жазғы демалыстарын жақсы өткізіп, күш жинап, жаңадан көңіл-күймен жаңа оқу жылына оралуына тілектестігін білдірді. Өрендер ән салып, би биледі, ертегілер елінен «кейіпкерлерімен қосылып қызықты қойылымға тартылды. Дизайн үйлесімінің туындылары тамашаланып, асфальтта сурет салу, тоғызқұмалақ, тең шашпат ойындарынан жарысқа түсті, мектепаралық флешмоб байқауы болды. Үздік өнер көрсеткендер қайырымды жан Зинаш Канжасарқызының демеушілігімен сыйлықпен және Мақтау қағаздарымен марапатталды. Саябақта аттракцион ойындары жұмыс істеді.

Биыл жазғы кезеңде ауданда мектеп жанынан ашылған және қала сыртындағы лагерлерде саукетырумен 22215 баланы қамту жоспарланып отыр.

ӨЗ ТІЛШІЛЕРІМІЗ.

"ЖЕТІСУ"-ақпарат

ЕЛІМІЗДЕ

Химиялық өңдеу

Биыл Қостанай облысында 2,4 млн. гектар жерге химиялық өңдеу жүргізілмек. Оның 1,5 млн. гектары үйірлі шегірткелерге қарсы өңделетін болады. Өңірге қарасты Таран ауылында өткен агрономиялық семинарға қатысушылардың айтуынша, үйірлі шегірткелерге қарсы күрес тоғызыншы жыл қатарынан жалғасып жатқан көрінеді.

Зиянкестің көбеюі облыста 2006 жылдан бастап байқалған. Осы уақытта химиялық өңдеуден өтетін аумақ жыл сайын өседі. Мәселен, 2007 жылы Қостанайда өңделетін аумақ 175 мың гектарды құраса, 2008 жылы 295 мың, 2009 жылы 417 мың, ал 2010 жылы 487 мың гектарға жетіп, бұл көрсеткіш 2011 жылы да өсіпті. Бүгінге дейін өңдеу жұмыстары зиянкестердің шоғырланған бірнеше оңтүстік аудандарында жүргізілді. Ал 2012–2013 жылдары шекаралас жатқан Ресейдегі Орынбор облысы мен елдегі Ақтөбе өңірі аумақтарынан итальяндық прустың жаппай қоныстануына байланысты өңдеу көлемі 590 мың гектарға дейін ұлғайған. Итальяндық прус аймақтың тоғыз ауданында анықталды.

Быыл Қостанай облысында аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы химиялық өңдеулер 2,8 млн. гектар алқапта жүргізіліп, оның 1,7 млн. гектары шегірткелермен залалданған. Өткен жылы ҚР Ауылшаруашылық министрлігі агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік инспекция комитетінің мамандары ресейлік әріптестерімен бірлесе, Ресей Федерациясымен шекаралас жатқан Қостанай облысының шамамен 39 мың гектарын тексеріп, нәтижесінде шегірткелердің шоғырланған 18,4 мың гектарын анықтаған. Бүгінде ҚР АШМ АӨК мемлекеттік инспекция комитеті аса қауіпті зиянды организмдерге және ауылшаруашылық дақылдары ауруларына қарсы химиялық өңдеулер бойынша пестицидтерді сатып алу тендерін жүргізуде. Алқаптарды өңдеу үшін «Титуп Дуо» фунгицидтері сатып алынған.

ОБЛЫСТА

Патриот мың бала

Ертеңгі болашағымыз саналатын оқушыларға артылатын сенім мол. Оқушы бойына саналы тәрбие, сапалы білім беруде ұстаз қауымы да жан аяңып қалып жатқан жоқ. Соның дәлелі ретінде қаладағы №25 мектепте ҚР Рәміздерінің құрметіне және Конституцияның 20 жылдығына орай өткен «Патриот мың бала» мектепішілік акциясын айтуға болады. ҚР Мемлекеттік Гимнімен басталған акцияда үлкен форматтағы рәміздер ерекше көзге түсті. Осы көрініске қарап-ақ азат елдің ұрпақтарының бейнесін көруге болады.

Рәміздердің тарихымен, олардың мемлекет үшін алар орны турасында тарих пәнінің мұғалімі Бақыт Әбішева тағылымды баяндама жасап. «Патриот мың бала» акциясы жыл сайын өткізілетіндігін атап өтсе, мектеп директоры Әділет Рымтаев жалпы шараның бүгінгі ұрпаққа берер тәрбиесі мәнине тоқталды. Бүгінгі қоғамда патриоттық тәрбие беруде белсенділік танытып жүрген Ауған соғысы ардагерлерін ерекше атап өткеніміз жөн. Өйткені әрбір ардагердің ерлігі жас ұрпаққа мәңгі үлгі-өнеге болып қалары шындық. Облыстық Ауған соғысы ардагерлері ұйымдары үйлестіру кеңесінің төрағасы Ержан Данабеков, спорт саласында ел намысын қорғап, көк Туымызды желбіретіп, әлем елдері алдында Гимнімізді асқақтата шырқатып жүрген екі дүркін Азия чемпионы, облыстық жоғары спорт шеберлік мектебінің директоры Нұрбақыт Теңізбаев, ҚР Ұлттық Ұланының №5514 әскери бөлімі командирінің орынбасары, майор Архат Таттымбетов жас ұрпаққа Отанды сүю, ел намысын қорғау жолындағы ерлік істерін айта келе, оқушыларға патриоттық тәрбие беруде ҚР Мемлекеттік Рәміздерінің ұлт айнасы екендігін тілге тиек етіп, ұйымдастырушы мектеп ұжымына алғыс білдірді.

Өскелең ұрпақты ұлтжандылыққа тәрбиелеу аға буын алдындағы үлкен міндет. Бұл қай заман, қай ғасыр болса да өз күшін жоймауы керек. Өйткені ұлт барда, оның мемлекеті барда ұрпақ бойында патриотизмнің күші үлкен рөл ойнайды. Ұлттың және жалпыадамзаттың тәрбие ұстанымдарын негізге алар болсақ, осындай игі шараларды жүрек түкпіріне бағытталған дара жолға қосқан бірден-бір тәрбие тармағы болары анық.

АУДАНДА

Маңызды мәселелер қозғалады

Облыста дін істері басқармасы құрылғалы бері ел ішінде жүйелі жұмыс жүргізілін келеді. Оның бәрі жат әрекет, теріс ағымдың алдын алуға бағытталған. Бұл, әрине, аса маңызды.

Райымбек ауданының Қайнар ауылында «Дін және қоғам» атты облыстық семинар болып өтті. Тәнірберген Қасымберкебаев бастаған облыстық дін істері басқармасы, оған қарасты дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы ұйымдастырған басқосуға Нарынқол өңіріндегі ауылдық округ әкімдері, мектеп басшылары, ауыл имамдары мен учаскелік полиция қызметкерлері қатысты. Семинарға қатысушылар осы тақырыпты қамтыған бейнефильмді көрді.

– Адамдарға жақсылық нұрын тарататын асыл дінімізді жұзін жарқыратып, өрісін кеңге түсу мақсатындағы істерімізді одан әрі жалғаса беретін болады. Ал жат ағым, теріс ұғыздың алдын алуға негізделген дүниелерімізді нөгұрлым ауыл-ауылдарда, ел ішінде өткізуді жөн көріп отырмыз. Бүгінгі басқосу соның бір парасы, – деді семинарда алғашқы сөз кезегін алған облыстық дін істері басқармасының басшысы Тәнірберген Қасымберкебаев.

Семинарда Қарасай батыр мешітінің наиб имамы Арман Бекбосынов, Алматы қаласындағы Медеу ауданына қарасты Омар ибн әл-Хаттаб мешітінің наиб имамы, дінтанушы, дінтану ғылымының магистрі Мади Төртбаев сөз алып, көтерілген тақырып төңірегінде тамаша ойларын ортаға салды.

Басқосуда Үзақ селолық округінің әкімі Мақсат Өшімбаев, Қайнар ауылдық округінің әкімі Гүлзия Дәлденбаева көзеклеп сөз алып, осындай игі шараны ұйымдастырған азаматтарға алғыс айтты.

■ 30 МАМЫР - САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Қазақ елінің тәуелсіздік алғанына жиырма жылдан астам уақыт өтті. Осы уақыт аралығында тарихымыздың талай ақтаңдақ беттері ашылып, көптеген мәселесі бүгінгі күннің сұранысына сай қайта қаралып, зерттеліп, жаңа методологиялық тұрғыдан қорытылуда. Оның ішінде 1921-22 жылдардағы және 1930-1933 жылдардағы ашаршылық та бар. Десек те, ашаршылық туралы өңірлік көтерілгенде Түркістан әкімшілігі қарасты Сырдария мен Жетісу облыстарын 1917-1919 жылдары жайлаған аштық пен босқынның, әлі де өз дәрежесінде дұрыс зерттелмей келе жатқан мәселенің бірі ретінде аталады.



ҚАРАЛЫ ЖЫЛДАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ



айналды. Қорға-қопсын той қылар, ауа сасыр. Бірақ, адам баласы жансебіл екен, әлі өліп біткен жоқ көрінеді, тірілерге «танаста» табылып қалды дегенді естіп отырмыз, тірілері өлгендерінің етін жеп жатыр дейді. Бұған Алаш қуаңқасың, ғаламсың, езің білі Жылаған ағайынсың, бірақ, сенің көз жасың ... жұтаған жағаңа жеті болмайды. Кім жанынғанінде қарайтын болса, өзеуден кенде болса да, көздің жасынан, көңілдің қайғысынан кенде емес еді. Ағайынға Алаш шын жанып ашыса, шын жылаған, көмегіңді көрсет, жылуыңды бер. Жайшылықта қайырымға беретін тиынынды берме, рулы елің өлімнен қалғандай жылуыңды бер. Жоғарыда айтылған оқиғаны Жетісу қазақ-қырғыздары басынан кешіп отыр» – деп тебіренеді.

Міржақып Дулатұлы Сырдария мен Жетісу облысындағы жантүршігерлік жағдайды баяндай отырып осы ауыр жағдайдан шығудың жолдарын іздестіріп, аш-жалаңаш қазақ-қырғызды құтқарынған құтқару үшін құрылған комитеттің қызметі, атқарылып жатқан шаралар жөнінде: «Осы екі облыстағы ашжалаңаш қазақ-қырғыз бауырларға жұрттан жеткілікті жылу жинап, рулы елімізді өлімнен аман сақтап қалу мақсатымен Семей облысының Алаш қаласында Қазақ комитеті һам жастардың «Жанер» атты ұйымы басшылық етіп, қауым жасады. Қауым ортасынан іс басқаратын 5 кісілік комитет сайлап шығарды. Қауымның құрметті бастығы – Ә. Бекейханов, жай бастығы – Мұқыш Боштайұлы болды. Комитет председателі – Мирякуб Дулатұлы, орынбасары – Ж. Аймауытов, хатшысы – Мұхтар Әуезов, казынашысы Есіркепұлы Ғабдолла, тағы бір мүшесі – Ғабдолла Қоскенұлы» – деп комитеттің құрамына Алаш зиялыларынан кімдер кіргенін атап көрсетеді.

Осылайша ұлт зиялылары 1916 жылғы көтеріліс түсында босқындылыққа ұшырап, аштан қырылып, тағдыры талкекке түскен бауырларын құтқару мақсатында елдік дәстүрді есте ұстап, бүкіл елді босқындарға көмек көрсетуге шақырып, елінің ертеңі үшін бар ынта-жігерімен қызмет жасады. Осы мақсатта «АЛАШ АЗАМАТТАРЫНА» атты үндеу жазып, оны 11 маусымдағы «Қазақ» газетінде жариялайды. Ол үндеудің мазмұны мынадай еді: «25 июнь жарлығының кесірінен бүліншілікке түсіп, Қытайға босқан қырғыздардың халдері қандай нашарлығын көзімен көрген тілші «Қазақтың» 231-ші нөмірінде жазып отыр. Әр жерден барған жәрдемнің қанша екенін өткен нөмірден жазып көрсетіп отырмыз. Берілп жатқан жәрдемдер аш-жалаңаш қалған қырғыздардың халдеріне қарағанда жоқ есебінде. Сондықтан Түркістан комитетінің ағзасы (Торғай облысының комиссары) Әлихан Бөкейханов сол комитеттің ағзасы (Жетісу облысының комиссары) Мұхамеджан Тынышбаевқа телеграмма берді: «Босқын қырғыздар үшін 200 мың сом қазынадан қарыз сұрау керек» деп. Сондай бірден берілетін молырақ суммамен қырғыздар халін жиып алмаса, аздап жинаған көмек қырғыздардың толып жатқан мұқтаждығының біріне жетсе, екіншісіне жетпей талпылық қыла бермекші.

– Бір жағынан қарыз ақша беріліп, бір жағынан жәрдем жиналса қазіргідей қымбатшылық заманда қырғыз сияқты ішерге тамағы жоқ, киерге киімі жоқ, паналарға үйі жоқ, жұрдай болып сорлаған бүкіл мұқтаждығын өтерлік қарыз сонда ғана құралмақшы.

– Ақсал елейін деп жатқан адамның зұлына су тамызғандай аз-кем демей әркім әлінө қарай жәрдем ету әуелі адамшылық, есінші ағайыншылық жүзінен қалыс де болса борыш.

– Бұл айрықша етіп Алаш азаматтарының ісіне салып отырғанымыз қырғыз ағайындарының алдындағы борыштарын ұмытпай етеулері тиіс дегеніміз.

Әлихан Бекейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейтазим Кадірбаев, Имам Әлімбеков, Жаңұзақ Жәнібеков, Ахмет Мәметов, Елдес Ғұмаров».

Жетісудағы аштықтың шығуының бірнеше себебі бар. Оның негізгілерінің бірі – М. Дулатұлының мақаласында айтылған 1916 жылғы көтерілістің салдары. Ресейлік отаршыл үкіметің жүргізген озбыр саясатына қарсы 1916 жылы көтеріліске шыққан Жетісудың жергілікті халықтары қазақ пен қырғыз асқан қатыгездікпен аяусыз басып-жаныштальп мал-мүлкі тәркіленген-ді. Жетісудағы көтерілісті басу үшін қолданылған жазалаушы күш туралы Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің 1917 жылдың 22 ақпанында мәлімдемесінде: «...Өлкенің басқа облыстарынан Жетісуға үш бағыттан. Өндоханнан – Нарын бекінісіне, Черняевтен – Пішпек және Токмақ бағытына, теміржол арқылы айналма жолдармен – Семейге, одан әрі – Сергиополь – Лепсі – Верный бағытына 3? дружина, запастағы полктардан 7 атқыштар ротасы, 5 казак жүздігі және 14 зеңбіреклеп қаруланған әскер келген. ...Одан басқа, қызметтегі армия қатарынан казак батареясымен қоса 2 пулемет командасы және 2 казак полкы жіберілген» – деп анық жазылған. Бұл әскерге қосымша Ресей империясының жергілікті жерлердегі «әлеуметтік тірегі» саналатын келімсек орыс шаруаларынан құрылып, қаруланған халық жасағы жазалау операцияларына қатысты. Осылай бірлескен жазалаушылар «орыс қаруының күшін» көрсетіп отырып жүргізген «қызу» шараларының барысында көтеріліс аяусыз, қатыгездікпен басып-жаныштальды. Губернатордың айтуынша, «бұл жазалаушы әскер келгеннен соң көтерілісшілер алдаған қарсылық көрсеткеннен кейін азық-түлік пен малдан тапшылық көріп кедейшілік күй кеше отырып шекаралық аймақтарға ығысып, кешірім сұрауға мәжбүр болған».

Оккупациялық режимнің көтерілген халыққа жүргізген осындай репрессиялық саясатының нәтижесінде жетісулық қазақ пен қырғыз «ес жимастай» жазаланды. Арнайы дайындығы бар жазалаушы әскер қолында қаруы жоқ көтерілісшілерге қырғын салып, ауылдарды ойрандады. Оған шыдамаған көтерілісшілер көршілес жатқан Қытай жеріне ауа көшуге мәжбүр болды. Олжақта да күтіп тұрған «жұмақ» жоқ еді. Бір жағынан жазалаушы әскер мен екінші жағынан Қытай әскерінің қарсылығына тап болған халық қырғынға ұшырап, небір қорлықты бастан кешірді. Қос империяның қыспағына түскен қазақ-қырғыз киерге киімі, ішерге асы болмай, аштық қырғын, адам айтқысыз ауыртпалық күй кешіп, қиын-қыстау кезеңді, аштың өмірді өткеріп. Азып-тозып, балаларын құтқыруға, әйелдері мен қыздарын күндікке сатып, мал-мүлкінен айырылды.

Көтерілісші қалықтың мал-мүлкін беруі жақта орыстың жазалаушы әскері, ары жақта қытай әскері мен сол жақтың жергілікті халықтары талан-таражға салып тонап, тартып алып отырған. Мысалы, Верныйдағы №1 бөлімше приставының көмекшісі Иванов Ыстықкөл еңірінедегі қырғыздардың көтерілісін басуға қатысып Пржевальск қаласынан(қазіргі Қарақол қаласы) Верныйға қайтарында көтерілісшілерден тонап алған 21 түйеге артқан жүгі бар керуенмен, бір белгіне жүк артылған 27 өгіз, 25 жылқы айдап келген.

Зерттеуші Чеканинскийдің 1926 жылы жарық көрген еңбегіндегі деректерге қарағанда, бір ғана Жаркент уезінде көтеріліске дейін – 67 800 жылқы, 51261 ірі қара, 2 512 түйе, 563 486 қой-ешкі, 7 577 десятина егіндік болса, көтерілістен кейін жылқының – 78,59%-ы, ірі қараның – 63,97%-ы, қой-ешкінің – 81,19 %-ы тартып алынған, егіндіктің – 22,28%-і жойылған.

Белгілі заңгер, ғалым Ғ.Сапарғалиевтің «Карательная политика царизма в Казахстане» атты зерттеу еңбегінде келтірілген деректер бойынша Жетісу облысындағы қазақ-қырғыздың көтерілісін басу кезінде жазалаушы әскер тартып алған заттарды сатып, 1миллион 300 мың сом қаржы түсірген. Тек, Самсы мен Боранды болыстарының өзінен ғана 1,5 миллион сомның мал-мүлкі тәркіленген.

Аштықтың тағы бір себебі, 1917 жылғы қуаншылықтан егін мен шөптің шықпай қалуы. «Жылығанның үстіне жұдырық» дегендей, онсыз да азапты жағдайға душар болған халыққа табиғаттың көрсеткен тосын мінезі одан сайын ауыр тиген еді. Бұл жөнінде Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағасы 1919 жылы 17 наурызда өткен 3-ші Жетісу облыстық съезінде жасаған баяндамасында өңірде қалыптасқан күрделі жағдайды айта келіп: «2) 1917 жылы бұрын болмаған қуаңшылықтың салдарынан астық пен шөптің шықпай қалуы, жұт болуы адамдарды аштыққа ұшыратты. ... 3) әртүрлі індеттің таралуы онсыз да ауыр жағдайды одан да қиындатып жіберді. ... 1918 жылдың көктемінен бері өңірде жетісулық большевиктердің қожалық етуі, олардың қалыққа жаппай қырғын салуы, тіптен әйел, бала-шағаға қарамай атуы, ондай әрекеттердің осы уақытқа дейін жалғасып жатқандығы, кей жерлерде халықты тонап, кейде тіпті мал-мүлкті жай ғана жоюы, басқа да сорақылықтары бұл жағдайды одан әрі шиеленістірді, әлі де шиеленістіріп отыр. » – деп көрсетеді.

Бұл мәліметтер Жетісудағы аштықтың негізгі себептерінің бірі 1916 жылғы көтерілістің, оны басып-жаншу барысында жүргізген отаршыл империяның осы өлкеде жүргізген қатігез саясатының салдары екенін көрсетеді.

Қорыта келе айтарымыз, бауырлас екі халықтың азаттық жолындағы арпалысының салдары да ауыр болған еді. Ал, тарихта азаттық алу, тәуелсіздікке қол жеткізу ешқашан оңай болмаған. Елді қайтсек аман сақтап қаламыз, қайтсек өзге елмен терезесін тең етіп өркендеген ел қатарына қосамыз деп адал құлшет жасап, қайраткерлік көрсеткен Алаш зиялылары кеңестік тоталитарлық жүйенің жүргізген саяси құғын-сүргінінің құрбаны болған еді. Сондықтан өткен тарихымыздағы мұндай ауыр кезеңдерді естен шығармай, ағa ұрпақтың ел мен жердің тұтастығы, азаттығы жолында атқарған қызметіне бас иіп, құрметпен қарағанымыз абзал.

Шәмек ТЛЕУБАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы Қаз ҰПУ-дың
«Әлеуметтік тарих» кафедрасының
доценті.

ӘЖІБАЙ ҚАЖЫ КІМ ЕДІ?

КЕЗІНДЕ КОММУНИСТІК ИДЕОЛОГИЯ ДІН АТАУЛЫҒА ҚЫРҒИДАЙ ТИІП, ҚАЖЫ, МОЛДА ДЕГЕНДЕРДІ ХАЛЫҚҚА ҚҰБЫЖЫҚ ЕТІП КӨРСЕТКЕНІ БЕЛГІЛІ. САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАНДАРДЫҢ АРАСЫНДА МОЛДАЛАР ДА БОЛДЫ. СОНЫҢ БІРІ - ӘЖІБАЙ ҚАЖЫ ЕДІ.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Әжібай қажы Алматы облысының Талғар ауданында 1877 жылы өмірге келген. Үйір-үйір жылқы айдаған ауқатты әкесі Шәріптай ұлының осынау қасиетті дәстүрді Әжібай қолдағаны, Әжібай бала кезінде Алматыда, Түркістанда, Самарқанда оқып, діни сауаттанады. Мекке-Мәдинеге барып, «Балықшы» атанады. Ол елге келгесін өзінің туып-өскен жерінде мешіт салып, ауыл балаларының сауатын ашады. Терісқарағай медресесі ашып, қаржыландырады, имам, оқытушы бастайды. Медресе жанында жүз балаға арналған арнайы жатақханасы болыпты. Үлкендігіне бола ұлы жүз баланы оқытады екен. Жаңа сайлап жүз түлекті бітіреді, жүз оқушы қабылдап отырған. Мекке-Мәдинеге ең соңғылардың қатарында қажылыққа барып, үй салдырады.

Оқуға негізінен тұрмысы төмен және панасыз балаларды қабылдап, олардың асы-ауқатын, киім-кешегін қамтамасыз етіп, сауатын ашқан. Әжібай қажының медресесінде оқыған шәкірттердің арасынан бір қанша ғалым, оқытушы да тегін оқытқан. Алматыдағы қазақ мәдениетінің тарихы ескерген әжібай қажының медресесі туралы ғылыми деректер жоқтың қасы. Алматыдағы қазақ мәдениетінің тарихы ескерген әжібай қажы 1925 жылы Уфа қаласында өткен Мұсылмандардың 1-ші құрылтайына делегат болып қатысқан. Жетісу руханы басшыларының бас жиыны болып саналады. Жер-жерде мешіттер ашып, әлімін ел арасын жүріп, Ислам дінін насихаттайды. Осындайда Мекке-Мәдинеттегідей ғылыми дінге ағартушылық өзегіне бүкіл Жетісу өңірінде айналады.

Одан сайын қуғын-сүргін басталып, жаңа сатыдағы мал-мүлкін тәркілеп, жанын алу жүреді. Інісі Асайын 1930 жылы түрмеде қайтыс болады. Әжібай қажы 1 жыл 8 айға абақтыға қамалады. Одан кейін он жылға Архангельск губерниясына жер аударылғанда, Қытайдың Құлжа қаласына қашып барып, сондағы дүкеттегі мешітінде имам болып, бала оқытады. 1942 жылы дүниеден өтеді. Інісі Сары қажы Оралға жер аударылып, одан жаңу қашып Құлжа қаласына өтеді. Сары қажы да сол жақта қайтыс болады.

Бүгінде Сарыбай би ауылында Әжібай қажының немересі Әбдірашид Әбдісалықұлы тұрады. 1938 жылы Қытай жақта Қарасу ауылына келгенде, Әбдірашид 16 жаста екен. Сүт фермасында малшы болып, ұзақ жыл еңбек етті. Зейнетке Балхаш өңірі тоғыз бала тәрбиелеп өсірді. Қазіргі таңда бейнеттің зейнетін көріп, бала-шағаларының қасында бақытқа бөленіп отырғаны жайлы бір.

Жазып алған Ә.Ғұмаров.

Алаш арысы

ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ XX ҒАСЫРДА ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛЫ ҚАНДАЙ АЗАПТЫ, КҮРДЕЛІ БОЛСА, БҰЛ ПРОЦЕСТІ ЗЕРТТЕУШІ МАМАНДАРДЫҢ ОЙ-ЕЛЕГІНЕН ӨТКІЗІП, РЕТІМЕН ТАРИХ ЕСЕБІН КӨПШІЛІК ҚАУЫМҒА ЖЕТКІЗУ СОНДАЙ АУЫР БОЛДЫ. ТЕК ЕТІМІЗДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК АЛУЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӨТКЕН ТАРИХЫМЫЗДЫ ЕРКІН ҚОРЫТЫП, ОДАН ОБЪЕКТИВТІ ТЕОРИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАР ЖАСАУҒА ЖОЛ АШЫЛҒЫЛЫ. СОНДЫҚТАН ЖҮРІП ӨТКЕН ЖОЛЫМЫЗДЫ ЕШҚАНДАЙ ДА БҰРМАЛАУСЫЗ, ТҮРА ҚОРЫТУДЫҢ БІРДЕН-БІР ЖОЛЫ - ӨЗ УАҚЫТЫНДА ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ БОЛАШАҒЫ ҮШІН БАР ГЕНИЙЛЫН КҮРЕСТЕ ӨТКІЗГЕН ЗИЯЛЫЛАРЫМЫЗДЫҢ РУХАНИ МҰРАСЫН ЖАС ҰРПАҚҚА БҰКПЕСІЗ ЖЕТКІЗУ. ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ СОНДАЙ АРДАҚТЫ ҰЛЫЛАРЫНЫҢ БІРІ МҰСТАФА ШОҚАЙҰЛЫ.

М. Шоқайды саяси сахнаға әкеп орнатқан ел қамын ойлаған ата-бабасының бай дәстүрі, діни мектепте бойына дарыған адалдық пен имандылық, қоғамның дамуы заңдылықтары туралы Еуропа озаған ғаламның отарушылық, қорлық-зомбылығы Ресей империясының астанасында шоқпарланған түрік тектес халықтардың өкілдерімен қалың-қатынас, ә. Бекейханов,

А.Байтұрсынов, М.Дулатов сияқты ұлт-азаттық идеясының жоғары көкжиегінен көрінген ағалардың ақылы-нәсихаты дастүрлі дала мәдениеті мен батыс мәдениетінің өзара тоғысында ұлт-азаттық қозғалысының өзегіне жағдайында қалыптасты.

Оның қызметінің басты бағытының бірі Түркістан мәселесіне әлемге жұртшылығының назарын аудару болатын. Ол жиырма жыл Еуропа тіршілігінің тәуелсіздік туын көтеріп, Кеңес одағы құрамындағы қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, тағы басқа халықтардың ел алдында дербес өмір сүруіне құқығы екендігін, тәуелсіздікке жету жолдарын зерттеп, ақылы болды. Осы жолда бұрынғы Ресей Мемлекеттік думасының мүшесі, Грузия сыртқы істер министрі А. Чхеидзедің сөзімен айтқанда, «Халықтық-ұлттық кәсемге айналды».

Мұстафа Түркістан халықтарының азаттыққа қол жеткізетіне бір сәт күмәнданған жоқ. Ол егеменді ел болғанның кейінгі уақытта түркістандықтардың өмірін қалай ұйымдастыру қажеттігі жөнінде аса құнды ой-пікірін, тұжырымын қалдырған. Түркістандықтардың өмір сүру кепілдігін, жер-суын, байлығын қалпының зиянсыз, бүлінбей, тыныштығын сақтау, жастардың ұлттық тәрбие алуын қамтамасыз ету мәселелері, әсіресе, Мұстафа қазақ тілінің орыстандыру саясатындағы басты нысаналардың бірі болып отырғанына үлкен ұлттық абыржушылық танытып кетті. Түркістандықтардың тарихында эмиграциялық күрес ұзаққа жоспарлы қадамдастан, Түркия, Ауғанстан, Иран, Сауд Арабиясы, Шығыс Түркістан, Еуропа елдерінде түрік-мұсылман мұғалімдерінің тәуелсіздік үшін күрес туы астында топтастыра білді. Ол басқарған «Түркістан Ұлттық Бірлігі» ұйымы мен оның үні «Яш Түркістан» журналының олардың идеялық, рухани орталығына айналады. Эмиграциядағы Мұстафа Шоқайдың саяси күресі «Жас Түркістанмен» ғана шектелген жоқ. Оған дейін 1927 – 1931 жылдары «Жаңа Түркістан» басылымы жарық көріп тұрған. Одан бөлек Түркістан тақырыбында шығатын барлық тәуелсіздік жолындағы басылымдарға рухани демеу беріп отырған.

М. Шоқай кеңестік ұлт саясатының негізгі мақсаты орыс емес халықтарды ұлтсыздандыру, олардың ұлттық бегілерін жоспарлы түрде жою екенін ертеден берді. Орта Азияны экономикалық-әлеуметтік мәжелеу, қоныс аудару саясатын жүргізе отырып, өлкеден демографиялық ахуалды өзгерту және орыстардың басымдығын қамтамасыз ету осы мақсатты көздейді. Бұл шаралардың қатарында идеологиялық мүдделерге орай тарихты бұрмалау және әкімет пен орыс ұлтын бір мағынада ұғынуды халық санасына енгізу секілді әрекет те орын алады. Оның мәдениеттілігі, кісілік қасиеттері мен терең ойлылығы зиялы адамдарды өзіне тартып тұратын. Таныстары мен достарының қатары сиремейді, қайта уақыт өте келе көбейе түседі.

Мұстафа тәуелсіз Түркістанның тамаға түйіп әмір сүрген емес, өлем елдерінің барлығымен құрып-қатынаста болуын, көпшілігінің саясат ұстанын қалайды. Менің білуімше, деп жазады А. Шұпығин, алдына қойған мақсатын орындап, азат Түркістанға басшылық ету жазғанда М. Шоқай Ататүрік секілді жүретін еді, бірақ оған түгелдей електемес те еді. Ол азат Түркістан өзінің ұлттық кескін-келбетін сақтай отырып, басқа мемлекеттермен басекелестікке қабілетті болу үшін батыс елдерінен көп нәрселерді үйренуі тиіс деп ойлады".

Ғұламалығымен, халқының тәуелсіздікке қол жеткізуіне сіңірген ұшан-теңіз еңбегімен, жан-дүниесінің тазалығымен, ұлтжандылығымен болашақты болжай білген сұңғылалығымен тарихқа енген М. Шоқайдың бұл асиеттерін орындау әрбір қазақ азаматының, жас ұрпақтың парызы болуға тиіс". Бүгінгі күні Мұстафа халық жадында да, жүрегінде де берік орын алды. Оның мәңгілікке кез келген тұлға ие бола бермейтін бақыт – өз халқымен үндес, тағдырлас болу жалғасып. Туған жерінде де. Парижде де оған ескерткіш орнатылды. Мұстафаның қайраткерлік болмысын, бүгінгі күннен әлеуетсіз жатқан ой-тұжырымдарын зерттеу, насихаттау, ұлықтау елімізден егеменділігін баянды етуге, жас ұрпақты отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге қызмет етеді. Сол себепті қайраткердің ұлағатынан/ырғағынан/ырмағынан ұлттық мұрасы уақыт көшінен қалмай, халқымыздың бағы жетпес рухани қазынасы ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жетеріне кәк.

Айдана ЖЕКСЕМБАЕВА,
әл- Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
2-курс магистранты.

КЕШЕ және БҮГІН

ТӘУЕЛСІЗДІК ТАҢЫ АТЫП, ЕГЕМЕН ЕЛ БОЛҒАЛЫ ХАЛҚЫМЫЗДА ТАРИХИ МАҢЫЗЫ ЗОР ШАРАЛАР КӨПТЕП ӨТКІЗІЛУДЕ. ПРЕЗИДЕНТ НҰРСҰЛТАН ӘБІШҰЛЫ НАЗАРБАЕВТЫҢ АРНАЙЫ ЖАРЛЫҒЫМЕН 1997 ЖЫЛ - ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ТАТУЛЫҚ ПЕН САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ ЖЫЛЫ БОЛЫП ЖАРИЯЛАНУЫ СОНЫҢ БІР БЕЛГІСІ.

«Жетісу»
Еңлік САҒЫНДЫҚОВА

Сырға толы тарихымыздың қойнауына тереңірек үңіліп, ақтаңдақ беттерін парақтайтын болсақ, тың дүниелерге тап боламызымыз анық. Ұзақ жыл бойы зерттелуге жатқан құндылықтарды жаңаша ашып, жас ұрпаққа жеткізу, ең ұлтты ойлайтын қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту бүгінгі күннің басты талабы. Соның дәлелі ретінде облыстық ішкі істер департаменті қызметкерлері саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алды.

Оқиғалық жазалаушы жүйе еңбекқорлығымен, ерлігімен қарынды да аямады. Қыш-кентер кезде өз балаларын етін жеп, сіңірлерін мұжып, тірідей көр алабын тартқандарын да тарихи құжаттардан кездестіре аламыз. Кәсіретті келең жеті миллионға адамның өмірін жалмады. Сонымен қатар, жер аудару жұмыстары да атқарылды. Қазақстан аумағына бірнеше көрше ұлттың қазақтарға айтар алғысы да шексіз. Жер аударғы, ашаршылық жайында кейінгілер Алексей Ким өз ойымен бөлісті.

– Бүгінгі күні біздің қолымызда саяси қуғын-сүргін құрбандарына қатысты төрт мыңнан астам құжат бар. Олар арнайы мемлекеттік мұрағатта сақталып, тіркеліп ішкі істер департаменттінің бақылауында болады. Жазықсыз жапа жабылғандар, ақталғандар, ақталмағандар, тұрмыға түскен, айдауға жөнелтілген әрбір адамның аты-жөні мен тұрақты мекенжайына дейін қағазға түсірілген. Облыс тұрғындары келіп, арыздары мен өтініштерін жазып, бізгені құжаттар арқылы ата-бабасын іздеп жатыр. Талайлары да бар. Бұл бізді тайға таңба басқандай етіп жазылған құнды құжаттардың пайдаға жарағандығының дәлелі, – дейді облыстық ішкі істер департаменті ақпараттық-талдау орталығы бастығының орынбасары Жанар Тұрғанбекова.

Ата-бабасының тарихымен терең танысу үшін зерттеу жүргізген бірқатар азамат құнды деректері пайдалануда оң пікірлер берген жұмыстарды көпшілігін назарына ұсынып, облыстық ішкі істер департаменті қызметкерлеріне алғыстарын айтты.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы «Алматы облысы мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» № 30 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ.

ҮЛТ-АЗАТТЫҚ КОТЕРІЛІСІНЕ – 100 ЖЫЛ

Осыдан 100 жыл бұрын болып өткен, ойранға толы замана зардабы аталып кеткен қазақтың үлт-азаттық көтерілісі жантүршігерлік қаңқуйлылығымен, аласапыранның ақтаңдақ беттері ретінде ел есінде қалды. Содырлы сойқан саясаттың халықты езгіге салған, естен кете қоймайтын ерсіліктерін теріске шығармайтын көлденең тартар тарихи құжаттар баршылық. Сол бір қияметті көзі көріп, құлағы естіме-гендер оған көнере қоймаған тарих тараулары арқылы көздерін жеткізіп, таным мен тағылым алу үшін терең ден қойып отыр.



Айбат

Баска аймақтардағыны былай қойғанда, Жетісу өңіріндегі алапаттар ойға оралған сайын бір қырда жатқан Қаркара мен Ерсуытөбе аумағын алып жатқан ендіктердегі елімізің бастан кешкен қанды оқиғалары сананан қылтиып шыға бастайды. Олай болмай қайтсін?! Санасында сәулесі бар адам баласының көкірек көзінен мұражай құжаттарын ақтарып-төңкеріп қарамағанның өзінде, ғұлама жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» повесі мен тарихты зерттеушілер Тұрлыбек Ілиясұлы мен Жұмәділ Қарабайұлының «Қаркара көтерілісі», «Қаркара айбаты» кітаптарын және қоғам қайраткері Сейдәлім Тәнекеевтің «1916 Қаркара – Албан көтерілісі» шығармашылық сыбағын оқымудан тыс-қары қалған адам кемде-кем шығар деген тоқтамға тірелесіз.

Көп еңбекпен жарыққа шыққан осы бір дүние-лерді ой елегімен сүзбелеп отырғанда, сол кездегі патша қаһарының қатты болғаны, өрімдей бозба-лаларды қойдай көгенден қиян-кескі ұрыстарға емес, қара жұмысқа салғаны халықтың қаны мен ашу-ызасын қазандай қайнатып-ақ жібереді. Сонда жұдырықтай жұмылған қара халық: «Баласы мен туысынан безген адам жоқ. Көген көздерді жапан далада өлтіріп, қарға-құзғынға жем қыла алмаймыз. Соры қайнаса боздақтарының айырылған, қолқа-натының айырылған ата-аналарының соры қайнайды. Қырылса, бәрің бірдей қырылайық. Ақсатпа-әділеттен тайды. Оның шаршыл жарлығын орын-дамаймыз. Сондықтан бала бермейміз!» – деп жал-тармас жауабын кесіп-пішіп айтты.

Қарақұрым халық ал ында осы бір ойға конар-лық шешімтал жауабын айтып отырған кім деген ойдың жетегінде қалары анық. Әрине, ол жай адам емес. Ол халықтың өзі сайлап алған он алты болыс билерінің бірі – Құдиярбек би Шотаманұлы. Сондағы үлт-азаттық көтеріліс қошбасшыларының беткеұстар қаймақтарының бірі екендігі жайында жоғарыда атап кеткен кітаптарда ғана емес, мерзім-дік басылымдардағы мақалаларда да әділдік пен ақиқатты ту етіп ұстап өткен би болғандығы жөні тіл-ге тиек болып жатады. Қара қылды қақ жарып айта-тын, халықтың қамын ойлайтын би болғандықтан оны төбесіндегі төрелер мен айналасындағы халықтың алдында абыройы мен мәртебесі дараланып тұрады. Оның дуалы ауыз шешендігі де, істің ығын білер көсемдігі де көптің көңілінен шығып жүрсе керек.

Құдиярбек биге берілген қысқа әрі нұсқа мына бір мінезді байыптама да көп жайдан хабардар ете алады. «Құдиярбек би Шотаманұлы 61 жаста. 1855 жылы дәулетті шаңырақта дүниеге келген. Руы – Шоған Досалы. Иванов болысынан. Жұртқа әділетті би болған. Ұзын бойлы, таңқы мұрын, қалың қас, терең көз, қалың ерін, ұяң мінезді қара кісі». Оған берілген осынау сыртқы сипаттама оның табиғи жаратылысы қандай болғанын қаз-қалпында айнытпай айтып тұр емес пе?! Елдің беткеұстарына айналған жағалы бидің сол бір қиын-қыстау күндердегі өмірлік іс-қимылы да оны білгісі келген адамды бейжай қалдыра алмайды. Ол үшін тарихи деректердегі мына бір көріністерге көңіл аударсақ артық болмайды.

Құдиярбек би Шотаманұлы түлкі бөркін басынан алып, екі қолын арқасына ұстап, қырғыз өрме камшы-сын белине қыстырып, мәуіті шаппанның алдыңғы етегін кері қатпарлап, жоткірініп алып жиын ортасына шықты. Ол – ақылға толған, тоқтамды сөзін баптап, салмақтап айтатын, халыққа жағымды ел билеуші. Үлкен төбеде біріне-бірі сығылысып отырған адамдарға үлгі қарап сөз сойледі.

мыз. Күнде ертеңге салып, приставтың басын катырамыз. Жәменке мен Үзақтан бөлектеніп шығарымыз жоқ. Бәріміз Жәмең мен батырдың айтқандарына қосыламыз және қуаттаймыз! – деп алқалы жиында айтқан осы сөзінің өзі-ақ Құдиярбек бидің ел аталарына тән оңды көзқарас иесі болғандығын көрсетеді.

Патша тарапынан болған ықпалмен қазақтарға жасалған айуандықтың шегі жоқ еді. Оның зорлығы мен құқайын Құдиярбек би Шотаманұлы да аз көрмепті. Мына бір дерек сол сәттен айна-қатесіз сыр шертеді. «Інірде қазақтар камалған камераның екі терезесіне төрт солдат келіп, нарда жатқандарға бесатардан оқ жаудырды. Әр терезеде қос солдат, үсті-үстіне есепленген атыстың демі басылмады. Нардың терезеге тірелген жерінде бет-аузы айғыз-айғыз, жотасы қан-қан Құдиярбек етбетінен сұлап жатыр», – деп адам төбестей ашына суреттелген. Сондағы бас көтерер қазақтардың көрген күні осылай болған. Патша солдаттары адам қорлаудың айласын асырып баккан. Аяушылық дегенді білмеген.

Заманның сол бір сейіле коймайтын қара бұлты төніп тұрғанда, халықтың арқа сүйеп жүрген атпал азаматтарының күтын-сүргінге түспегені қалмапты. Одан бір болыстың биі атанған, ары мен жаны таза Құдиярбек би қалай тыскары қалсын?! Сол зобаланда ол халықтың қалқаны болып жүрген игі жақ-сылармен әйгілі Қаракол түрмесіне үш-төрт мәрте камалыпты. Тек тергеуді ғана емес, тепкінің астына алынғанын да тарихи деректер айғақтап бере алады. Ондай көрлық пен зорлықтан оның жасып қалған жері жоқ. Қайта одан әрі қаһарына мініп, қатерлі кезеңнің қайсар перзенті екендігін дәлелдеп бағады.

«Қолынан келіп тұрған, қонышынан басады» демекші, сол уақытта патшаның ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып, бас көтеріп қарсы шыққан қазақтардың үткыр ұйымдастырушылары мен топ бастар жетекшілерін қинау мен атудан аянған жері болмады. Сол сияқты патшаның «Үкіметке қарсы қарулы күш жұмсамақ болғаны үшін, патшаның жеке басына нұқсан келтірерлік қылмысты іс істегені үшін, үкіметке қарсы елді қарулы күреске шақырғаны және үгіт жүргізгені үшін жауапқа тарту туралы» қаулы қабылдағаны одан әрі қатты соққы болып тиді. Осы қаулыны желеу еткен патша жендеттері бірден өздерінің көздеріне түсіп жүрген 66 белсендіні түрмеге жабады. Олардың алдынғы-ларының бірі болып Құдиярбек би Шотаманұлы да Иванов болысынан қауіпті қылмыскерлер қатарына тіркеледі. Сонда патша үкімі бойынша жазаға тартылғандардың алды атуға, арты 15 жылдан 25 жылға дейін Сібірге айдалады. 66 адамның бірде-біреуі сау қалмайды. Бәрі де жазықсыздан жапа шегеді. Құ-диярбек би де ату жазасына кесіледі. Нақты дерекке сүйеніп айтар болсақ, сол оспадар сойқанның салдарынан Қаркарага қатысты аумақтарда 373 үй өртеніп, 1905 адам оққа ұшып, 684 жан жараланып, 1105 көтерілісші тұтқындалып, кейіннен олардың мүлдем із-түзсіз кеткендерін тарих дәлелдеп отыр.

Дегенмен, халқы үшін қабырғасы сөгіліп, оқтан опат болған Қаркара көтерілісінің тарихи тұлғасы әрі қайраткері Құдиярбек би Шотаманұлының ар-тында айшықты із қалды. Қақпақ ауылында оның атында көше бар. Райымбек ауданының орталы-ғындағы үлт-азаттық көтерілісіне қатысушыларға арналған ескерткіште аттелін жазылған аты-жөні тұр. Енді оның артында қалған ел-жұрты мен ұрпағы ауылдық, аудандық, облыстық әкімдіктер мен ҚР Президенті ішкі саясат бөлімі мақұлдаған Көкбел ауылындағы «Көксай» орта мектебіне баба атының берілуін асыға күтіп отыр. Оның да орындалары сөз-сіз. Қалың қатпарлы сол сойқандағы «Бала өлгенше, шал өлсін» деп ұран тастаған Құдиярбек би баба-сының аталы сөзін ауызнан тастамайтын, пайғамбар жасынан асқан шөбересі Әбілахат Рысмендиев патша жендеттерінің жауыздығын жырға қосып, қасіретті жылдарға тағзым жасап жүреді. Асылдың сынығы ғана емес, бүгінде қалың Алаш елі тура бидің тағылымын үлгі тұтады.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.

КӨКЕЙКЕСТІ

Жуырда Біріккен Ұлттар Ұйымы Даму бағдарламасының өкілдері, экологтар, жергілікті билік қызметкерлері және журналистер Балқаш ауданында болып, құмды аймақ табиғатының бүгінгі жағдайымен танысты. Аталған мәселеге қатысты ойларын ортаға салды. Қоршаған ортаның хал-ахуалын өз көздерімен көріп, әлемдік эко-жүйенің мүмкіндіктерін зерделеді.

ТАЗА БОЛСЫН ТАБИҒАТ

Болат МӘЖИТ

Жоғарыда айтылған топ аудан орталығы Бақанасқа ат басын бұрып, мұндағы «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының ғимаратында бас қосты. Кездесу аясында Астанадан келген Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы Алма Сайлауқызы биоәртүрлілікті сақтау, жер деградациясы және жасыл экономика мәселелерін бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы семинар-тренинг өткізді.

– Шекаралар мемлекеттік шепті ғана белгілейді. Олардың қоршаған орта мен табиғатқа пәрмені жүрмейді. Содан барып ортақ үйіміздің бүкіл адамзатқа қатысты мәселелері туындайды. Оны жақсарту үшін бірігіп қимылдау қажет. БҰҰ Даму бағдарламасы осындай жайларды қамтып отыр. Балқаш өңіріндегі шөл және шөлейт аймақтардың назарға алынғаны сондықтан, – деді Алма Сайлауқызы.

Бұдан кейін БҰҰ Даму бағдарламасының сарапшысы Арман Тілепбергенов сөз алды.

– Іле өзенінің сағасы орталық Азияда сақталып қалған жалғыз ірі саға. Жүргізілген зерттеулерге сүйенсек, оның ғаламдық маңыздылығын байқаймыз. Өйткені бұл өңірдің өзіндік ерекшеліктері ешқандай жерге ұқсамайды. Аймақта өсімдіктер мен жан-жануарлардың сан алуан түрі тіршілік етеді. Бұлардың бәрінің қалыпты өмір сүруі үшін адамзаттың қамқорлығы қажет. Табиғаттың өзара үйлесіп бүтін тұруы – келешекке көпір, – деді ол.

Кезінде Іле өзенінің бойынан Қапшағай су электр стансысы салынды. Ол экономикалық жетістік ретінде қарастырылды. Бірқатар пайда әкелгені де шындық. Бірақ, осының астарында көптеген олқылықтардың жатқанын енді ұғып отырған жай бар.

Іле сағасының маңына сан алуан ұжымдар қоныс тепті. Балық аулау қарқынды түрде белең алды. Туристік инфрақұрылымдар пайда болды. Суды кесіп жүйткіген қайықтар мен катерлердің саны көбейді. Алайда, солардың бәрі экологиялық тәртіпке сәйкестендірілі, үйлесім талпады. Соның салдарынан балықты шамадан тыс аулау, орман өрттері, браконьерлік орын алды. Ескі саға аймағындағы мыңдаған сексеуіл ағаштары кесілді. Осының бәрі жер, өсімдік жабынының деградациясына, шөлді аймақтардың ұлғаюына және аймақтағы биоәртүрліліктің азаюына әкеліп соқты.

Енді жерде соның бәрі ескерілуі керек. Сондықтан «Іле-Балқаш» мемлекеттік табиғи резерватын құру туралы ұсыныс күн тәртібіне шығып отыр. Алтынемел мемлекеттік ұлттық табиғи паркінен ескі саға бойымен қорықтық режимдегі Қараой аймағына дейін жануарлардың табиғи миграциясына арналған коридор құру да жіті назарда тұр.

Семинар-тренингке қатысушылар Береке ауылдық округіне қарасты «Дала – Қаратай» жобалық учаскесіне барды. Бұл жер соңғы жиырма жылда тозып, тартылып, шөлейтке айнала бастаған аймақ. Мұнда жер деградациясын тоқтату мақсатында шөлді аймақтарда маусымдық мал жайылымын ұйымдастыру қолға алына бастапты. БҰҰ Даму бағдарламасының арқасында заманауи озық технологиялар іске қосылуда. Оған қоса, Береке ауылдық округі әкімдігі жанынан жерді тиімді пайдалануды ұйымдастыратын кеңес құрылды. Осының бәрі ортақ іске өз үлесін қосып жатыр.

Бұдан кейін арнайы топ Желторанғы ауылына ат тұмсығын тіреді. Арман Тілепбергенов торанғы тоғайларының жағдайларына да тоқталды. Кезінде Балқаш өңіріндегі торанғы тоғайлары 2000 гектар аумақты қамтыған. Егер табиғи үдерістердің заңдылығына сүйенсек, уақыт өткен сайын оның көлемі артуы тиіс еді. Өкінішке қарай, олай болмай шықты. Бүгінде орман қатары сиреп кеткен. Өсілінде торанғының көп өскені жақсылықтың нышаны. Соңда топырақтың тұздануы, өңірдің шөлге айналуы азаяды. Бұдан бөлек, мұнда торанғы ағаштарынан түрлі жалырақты терек, торанғыл терек және Литвинов терегі өседі. Бұлар торанғының сирек кездесетін түрлері. Сондықтан, торанғы тоғайларын қалпына келтіру мәселесіне барынша көңіл бөлінуде. Арнайы жобалар жасалды. Оны жүзеге асыру жұмыстары басталып та кетті. Облыс аймағында бұл істі «Алакөл Қамқор» ҚБ іске асырмақшы.

Бұдан әрі Қазақстан биоәртүрлілігін сақтау қорының директоры Гүлмира Бекқожина Аралтөбе ауылындағы демонстрациялық жобаның жұмыстарымен таныстырды. Өзекті мәселелерді бүгінгі күннің практикасымен сабақтастырды.

– Биоәртүрлілікке зиян келтірмейтін, ерекше қорғалатын табиғи аймақтар айналасындағы өнімді ландшафтарға антропогендік жүктемені төмендету үшін шаруашылықтардың балама түрлерін дамыту қажет. Осындай мақсатта ҚР Ауылшаруашылық министрлігі, БҰҰ Даму бағдарламасы және «Ауылшаруашылығын қаржылық қолдау қоры» акционерлік қоғамы 2014–2024 жылдарға арнап «Эко Даму» шағын несиелендіру бағдарламасын қолға алды.

Ол Алматы, Қызылорда, Маңғыстау облыстарында ойдағыдай ұйымдастырылып жатыр. Аталған бағдарлама бюджеті 1,5 миллион АҚШ долларын құрайды. Несие қайтарудың алғашқы кезеңдерінің үстемесі 4 пайыздық мөлшерде, – дейді Гүлмира Бекқожина.

Осындай негізде Аралтөбе ауылындағы шаруашылық бал арасын өсіруді қолға алған. Соның тәлімді істерін тілге тиек етті. Мұндағы жұмыстың бәрі аталған жоба аясында ойдағыдай орындалып жатыр. Оның тиімді тұстары да аз емес. Бір жағынан «жасыл» жұмыс орындары құрылса, екінші жағынан араның тозаңдатуы арқылы дақылдардың өнімдері көбейді. Облыста осындай 14 жоба іске қосылды.

Бір нәрсе анық, адамзат өз ертеңіне үмітпен қарайды. Экология – жарқын болашағымыз. БҰҰ аясындағы жобалар сол үшін де жасалып жатыр. Еліміз әлемдік қауымдастықтың белсенді мүшесі. Сол ретте адамзаттық мәселелердің дұрыс шешілуіне атсалысуда. Облыс аймағында оның жарқын мысалдары аз емес. Тренингке қатысушылар сондай жұмыстардың күбесі болды.

Балқаш ауданы.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Тәуекелді бағалау жүйесінде қолдануға арналған бағалау өлшемдерінің тізбесін қалыптастыру және ішкі мемлекеттік аудит жүргізу кезінде Алматы облысы ішкі қаржылық бақылау басқармасының ішкі бақылау қызметінен келісімдеуге қажетсіз болуы туралы

Облыс әкімі А. БАТАЛОВ.

Р/с №	БЮДЖЕТ ТӘУЕКЕЛДЕРІ БОЙЫНША КРИТЕРИЙЛЕР
1	Мемлекеттік қаржылық есептілікті ұсынбаудың немесе кешіктіріп ұсынудың жоғары тәуекелі
2	Бюджеттік өрескелдіктер
3	Сомасы ақшалай қаражаттарды жылжытуға қатысты операциялар бойынша дебиторлық берешектің ұлғаюы
4	Сомасы ақшалай қаражаттарды жылжытуға қатысты операциялар бойынша кредиторлық берешектің ұлғаюы
5	Сомасы күдіктілердің тізімдерінде атауы сәйкес басқа жеңістер
6	Сомасы 2 жылдан астам уақытқа тоқтатылған қаржылық операциялары бойынша шешілуіне қаржылық бұғаттаулар жүктелген
7	Мемлекеттік сатып алу шарттарының бұзушы ағымдағы, жоспарлы кезеңге сатып алу жоспарына енгізілмеген сомасы 2 жылдан астам мемлекеттік сатып алу сомасы
8	Сомасы 2 жылдан астам уақытқа тоқтатылған қаржылық операцияларды бойынша қаржылық бұзушылықтарды жою өткен кезеңдегі сатып алу туралы шешімдердің бұзушы ағымдағы жылдың жоспарына енгізілмеген
9	Сомасы 2 жылдан астам уақытқа, оларды қайта қайтарумен және бюджетке қайтып толтырумен жалғасып қаржылық бұзушылық жүйесімен
10	Сомасы 2 жылдан бюджетке орналастырылмаған мемлекеттік сатып алу туралы шешімдерін бұзушы өткізілген, сомасы 2 жылдан астам мемлекеттік сатып алу сомасы
11	Мемлекеттік бюджет қаражатын пайдалану туралы құқық қорғау органдары тексерістерінің сомасы (құжаттарды алу фактілері)
12	Қаржы құжаттарына қол қою құқығы бар лауазымды тұлғалардың жұмыс мерзімділігі

Р/с №	КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІ БОЙЫНША КРИТЕРИЙЛЕР
1	Мемлекеттік бюджеттен бюджеттік қаржыны көлемі (мемлекеттік тапсырмалар, трансферттер, жарғы капиталын қалыптастыру/толықтыру, жұмысты қызметті орындау)
2	Жарғылық капитал мөлшерінен өсуі/төмендеуі
3	Ғимараттар және құрылымдастырылған ұйымдардың бар-жоғы
4	Өндіріс қуаттарын салыстырмалы табыстың өсуі/төмендеуі
5	Жалпы пайдың қатынасының динамикасы пайдалардың үлесі
6	Сомасы тікелей өткізу күні, жылы, қапталу мерзімі, төлем кайда таныстыратын және мәлімдері
7	Сомасы 2 жылдан астам бұзушылықтың есептерде шығынның жоюсыздығы
8	Өткен тексерис қорытындыларын бойынша анықталған қаржылық бұзушылықтардың жүйесімен
9	Сомасы 2 жылда анықталған, оларды қайта қайтарумен және бюджетке қайтып толтырумен жалғасып қаржылық бұзушылық жүйесімен
10	Мемлекеттік сатып алу шарттарының жоғары өткізілген мемлекеттік сатып алу туралы шешімдерін бұзушы өткізілген, сомасы 2 жылдан астам мемлекеттік сатып алу сомасы
11	Сомасы 2 жылда өткен бақылауда анықталған, мемлекеттік сатып алу қорытындысымен жоғарғы өзгеріс, анықталған мемлекеттік сатып алудың туралы бұзушылықтардың жүйесімен
12	Банкілер органдарының ұсыныстарын орындауы

2016 жылдың мамыр айында Алматы облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен нормативтік-құқықтық актілерінің тізбесі



ҰЛЫ ДАЛА ДҮМПУЛЕРІ

Сырым ДАТҰЛЫ



бастаған ұлт-азаттық көтеріліс 1783 – 1797 жылдардағы патшалық Ресейдің отарлық саясатына қарсы болды. Оны қаралайым көшпелі халық пен патша билігінің қызметіне шыдамаған би, старшын және батырлар бастады. Басында Қадыр, Садыр және басқа орта буынға жататын ру биleушілері ұйымдастырған көтерілістің тізгіні 1884 жылдан бастап старшын батыр Сырым Датұлының қолына өтеді. Ол ұсақ топтардың басын қосып, ірі әскери қол ұйымдастыруға тырысты. 1884 жылы маусымда көтерілісшілердің негізгі күші төменгі Жайық шебі мен Ор бекіністері төңірегінде топтасты. Старшындар Барақ, Тіленші, Оразбай, сұлтан Жантөре бас болған көтерілісшілер жоғарғы Жайық бекінісімен Елек қалашығының маңайына шоғырланды. Қараша айында Сағыз өзенінің бойында Сырымның жанына топтасқан адам саны мыңға жетті. Оларды тосу үшін патша әскер аттандырып, шығынға батып отырды. Нәтижесінде, құғыннан құтылу үшін Хиуа хандығына өтіп кетіп, 1802 жылы белгісіз себептермен дүние салды.

Исатай ТАЙМАНҰЛЫ



бастаған қозғалыс 1836 – 1838 жылдардағы Бөкей хандығындағы аса ірі көтерілістің бірі. Оның ұлт-азаттық сипаты басым. Көтерілісшілер 1836 жылғы ақпанда Исатай Тайманұлының бастауымен Жаңғыр ханға қарсы ашық шабуылға шықты. 1837 жылдың бас кезінде көтерілісшілерге беделді старшын Жүніс Жантеліұлының қолы келіп қосылып, күшін арттыра түсті. Сол жылы күзде Жаңғырдың ордасын қоршауға алды. Бұл патша билігінің зәресін алып, жазалаушы отряд аттандыруға түрткі болды. Сонымен, 1837 жылғы 15 қарашада Тастөбе деген жерде көтерілісшілер мен жазалаушы отряд арасында кескілескен қанды шайқас болып, көтерілісшілердің жеңілісімен аяқталады. 1838 жылғы 2 шілде күні Қиыл және Ақбұлақ өзендерінің бойында көтерілісшілер мен жазалаушылар екінші рет шешуші шайқасқа шығып, көтерілістің басшысы Исатай Тайманұлы қаза тапты. Көтерілісшілердің қалған тобы кейін шегініп, дала қойнауына сіңіп кетті. Ал Махамбет Өтемісұлы көтерілісті насихаттап, ерлікті жырлауды тоқтатқан жоқ.

Жанқожа НҰРМҰХАМЕДҰЛЫ



басшылық жасаған көтеріліс Сыр бойы қазақтарының Хиуа, Қоқан хандықтарының езгісіне және Ресей отаршылдарына қарсы ұлт-азаттық сипатта ұйымдастырылды. Хиуа, Қоқан хандықтары 1830 – 1840 жылдары Сыр бойындағы қазақтарға шапқыншылық жасап, малын барымталап, әйел, бала-шағаларын тұтқынға алып кетіп отырды. Осындай зорлық-зомбылықтан жапа шеккен қазақтар, жастайынан ерлігімен, батырлығымен елге танымал болған Жанқожаның төңірегіне топтасып, Хиуа мен Қоқанның қоқан-лоқысына қарсы күреске аттанды. Оның жорықтары нәтижелі болып, Хиуа бекіністері көп шығынға ұшырады. Десек те, Хиуа хандығының күшейтілген қосынына қарсы тұру үшін Жанқожа Ресейдің Раһым бекінісінің бастығы Ерофеев бастаған отрядпен бірігіп, хиуалықтарды талқандауға аттанады. Хиуалықтар жеңіліс тапқанымен мен қалған қоныстарға Ресей әскерлері бекініс сала бастайды. Осындай келеңсіз құбылыстарға ашуланған Жанқожа көтеріліске шығуға мәжбүр болады. Көтерілісшілер мен Ресей жасақтары Арықбалықтың түсында кездесіп, бірнеше дүркін шайқас жасайды.

Аттандық ұлығының қонысына,
Елді сорған борсықтай болысына.
Көп ерлер қаза тапты жауға аттанып,
Көксеген азаттықтың соғысында.

ЖАМБЫЛ.

- ***«Көтерілістің ең өршіген, ақылы қанды қырғын мен жат елге босуға айналған ауданы Жетісу өңірі болды. Патша үкіметі көтерілісті басуға 8750 штыктан тұратын 95 рота, 3900 қылыштан тұратын 24 жүздік, 16 зеңбірек пен 47 пулемет жіберді. Патша әскері мен переселендердің жасаған ойраны Жетісу халқына бұрын болмаған қайғы-қасірет әкелді. 94 ауыл бүліншілікке ұшырады, соның ішінде 5373 үй өртеліп, 1905 адам өлді. 684-і жараланды. 1105 адам тұтқынға алынды. Жетісу облысынан шамамен 300 мың адам Қытай жеріне қуылды».***

Мәмбет ҚОЙГЕЛДІ,
алаштанушы.



Түрсын ЖҰРТБАЙ,
филология ғылымдарының докторы, жазушы.

ҚАЗАҚСТАН 2050
МӘҢГІЛІК ЕЛ

Рухы биік,
еңбегі ерен, бірлігі
мығым Мәңгілік Ел
болу үшін бізде бәрі
бар. Біздің тірегіміз –
тәуелсіздік,
тілегіміз – тұрақтылық,
білегіміз – бірлік!

Н. НАЗАРБАЕВ.

ХИКАЯТ ТУРАЛЫ ХИКАЯ

«ҚИЛЫ ЗАМАН» қалай жазылды?

«Қиыл заманға» тарихи хикаяны оқырманның қолына алу жолдан соң тәуір. Ал сол жолдарды әр бірмаңызның қалтарыстарыңызды есептеңіздер, «оқтарыңыз» бұғатыңыз, ішкі психологиялық тартыс қалыңыз дегендей! Бірақ ел «Әуезов-Көбеев» пен «Қараш-Қараш» пьесаларынан гөрі тартқа ие «Қиыл заманды» қалған болар. Ол туралы Ғабит Мүсірепов 1967 жылы Ғұмырлық Мұрағатқа мұқалмасын ерік қатқан тікелей кез нәрсеге қанықтырады. «Бұл өзі жазылып біткен сияқты болатын. Бірақ бәлкім шамалы. Бұрабайдың ауылдарының тәжікшылының оқытушылығынан көрсетілім. Қызылорда, сол кездегі Қазақстанның астанасына үлкен қызметке – «Қазақтың» басшылық бас редактор болып дік ете түсіп. Мұхтардың жазған шығармасы туралының кез әңгіме, дау-шар бар екен. Екі жақ - дау-дау. Бәрі астанаға шығарып, екіншіге жіберіп-жіберсін отыр. Оқи бастап оған тартып жіберіп барады. Бұрын тақырыптарын өзіңді оған. Жұртшылыққа бағынып, кітап болып шығуларды бір Мұхтар қалай кірт ақын дет таң қалады. Бар болғаны отыз-ақ жаста. Сөзіліктерді ақыр дә терең, кіруді де қиын тақырыпқа қалықпай бірақ, ерекше көркем тұлғаны жасағанын, - дет жазады қаран Ғабең. Ғабит Мүсірепов.

Тың дерекке толы Ғабит Мүсіреповтың хаты ары қарай қалай жалғасады дейсіз ғой? «Ресми қызметте отырған кезге, есіресе, ол кезде қоңырауы бар адамның шығармасы туралы пікір айтуға болмайды, мақтау жағынан сақтық қажет. Әйтпесе, қызылкөз паленің бірі байбалам салып, аттандап шығға келсе, біреуге жақсылық істемек түгіл, өз басыңды қорғай алмай қаласың. Содан аңау алғы сөзді ойлап таптық. Сен мақаланда қадала сынап отырған ол «Алғы сөз» болмаса, ол кезде «Қиыл заманның» басылу-басылмауы екі талай. Дүние төңкеріліп түсіп, астан-кестен болып кеткен аласапыран уақыттың мәнісі де тарпаң, асау, – дейді Рымғалиға жазған хатында жазушы. – Ал Мұхтар шығармасы шалға бармаймын деп жылаған қыздың, байдан қорлық көрген кедейдің хикаясы, ауыл арасының үйреншікті ағжығысы емес, Ресей мен Қазақстан қарым-қатынасының күрделі кезеңін көрсетіп отырса, отаршылық тепкісіндегі елдің трагедиясын айтып отырса, ондай намысты туындыға қалай ара түспейсің? «Қиыл заманның» басылуына бел шешіп, білек сыбанып кіріп кеткенімді қазірдің өзінде жас кезімдегі жасаған бір батылдығымдай көремін».

Әр сөзін салмақтап сөйлейтін Ғабекеңнің қысқа хатының астарында қыруар емеурін жатыр. Әлкей Марғұлан: «1927 жылдың мамыр-маусым айлары. Ленинград университетінің студентіміз. Мұхтар «Не істеуім керек» деген ойменқатты толғанды. Біраз уақытта каникул да жетті. Бір күні отырып: «Мен Алтай экспедициясына бармауға бел байладым. Оның орнына Жетісуға барып 1916 жылғы көтерілісті зерттеймін, жолшыбай Қызылордаға соғып, оның театрымен танысамын, жаңа өсіп келе жатқан жастар өмірмен танысамын», – деді. Бұл сапар Мұхаң үшін тәкке кеткен жоқ. Бұл үлкен игілік сапары болды», – деп еске алады.

«Қиыл заманның» материалымен танысу рәсімі Бішкек қаласынан басталды. Сол жолы Мұхтар Әуезов тек «Қиыл заман» мен «Қараш-Қараш» оқиғасының, «Хан Кененің» байыбын зерттеп қоймай, қырғыздың ейгілі «Манас» жырымен де танысты. Асылдың жары Фатима Ғабитова былай дейді: «1927 жылы июльдің бас кезі. Мұхтарды бұрын көрмесем де, атына кептен қанық едім. Әсіресе, 1925 жылы ағарту комиссариатының пьесаларға жариялаған бірінші бейгесін алған «Қарағөзді» көргелі Мұхтардың талантын құрметтей қадір тұтатын едім. Мұхтар Алматының табиғатын мақтады. Білә қызметіне кеткен соң Мұхтар менмен әңгімеге кірісті: «Түнде Жетісуға келу жайымды Біләлға айтып ем, енді сізге де айтайын. Өйткені, бұл жайдың бір түйіні сізде көрінеді», – деп жымиып, Смағұлдың мен туралы айтқан бірнеше комплименттерін айта отырып, өзінің 1916 жыл оқиғасынан тарихи роман жазуды ойлағанын, сол себепті ағарту комиссариатынан ғылыми іссапар алып келгенін, көтеріліс болған жерлерде болып, көтерілеске қатысқан ерлермен әңгімелесуді тілегенін айтты. Және: «Естүмше сіздің қолыңызда да 1916 жыл туралы қымбат материалдар сақталынатын көрінеді. Мүмкін болса соларды көруге болар ма екен?» – деді».

1925 жылы жаз айларында ағарту комиссары Смағұл Садуақасов Алматыға келіп, Білә Сүлеев пен Фатима Ғабитованың үйіне түседі. Ол үйдің шығыс жағындағы екі бөлмесінде Ілияс Жансүгіров тұратын. Мәскеуге оқуға кетуі жүрген күндері Ілияс өзінің кітаптарын, қолжазбаларын Фатимаға қалдырады. Бұл көп жазбалардың ішінде 1916 жылдың көтерілісі жайлы дәптерлер бар еді. 1921 жылы Орталық Азия бюросы 1916 жылы көтеріліс болған Жетісудың жер-жеріне комиссия шығарып, көтеріліс жайлы материал жинаткан. Сол комиссияның хатшысы Ілияс болып, жинаған материалдардан өзіне көшірме қалдырған екен. Смағұл Ілиястың 1916 жыл жайлы жинағандарын тауып алып, қолы бос уағында, әсіресе, түнде ұзақ қарастырып отырыпты. Смағұлға бұл қолжазбалар таптырмайтын асыл заттардай көрінген. Бір күні Смағұл Фатимаға: «Тарихи материалдарды ақын жинағаны әлде қайдан білініп тұр. Бұл бай материалдар әттең бір жақсы жазушының қолына түссе, соншама күнды тарихи роман жазылар еді», – дейді. Мұхтардың ағарту комиссариатынан ғылыми іссапар алып, Жетісуға келу себебі осы еді. Сөйтіп, Фатима қолындағы дәптерлерді Мұхтарға береді.

Ілияс ол жылы Жаркент уезіндегі Қарқаралы жайлауында демалыста еді. Мұхтар да материалдармен танысқан соң көтерілістің Жетісудағы қанды ордасы болған Қарқаралы жайлауына, Ілиястың жанына аттанды. Сол күндері «Тілші» газетінде «Алматыға Мұхтар Әуезұлы келді» деген хабарлама шықты. «Жақын арада Ленинградта оқып жатқан қазақтың атақты жазушысы Мұхтар Әуезұлы Алматы қаласына келді. Келген жұмысы – Жетісудан қазақтың ауыз әдебиетін, 16-шы жылғы көтерілістен қалған түрлі шығарма деректер, Кенесары, Наурызбай жорықтарынан қалған, ел аузында сөйлесіп жүрген әңгіме-өлең, ертегілерді жинау. Жетісуда жоғарғы айтылғандарды (қайсысы болса да) білетін азаматтар болса «Тілші» басқармасы арқылы, тілдесуге болады. Мұхтар жолдас келген қызметі жөнінде әдебиет сүйген азаматтармен, көрі құлақ қариялармен сөйлесіп, дерек алуды тым-ақ тілейді. Әсіресе, 16-шы жылдың оқиғасы туралы деректерді жинауды өлкедегі Қазақстанды зерттеу қоғамы мен өлкелік партия комитетінің үгіт-насихат бөлімі тапсырған екен», – деп жазылған мақалада.

Бұл – Мұхтардың творчестволық жоспары хақында баспасөз бетінде бұрынды-соңды жарық көрген ең бірінші мәлімет. Алматыда ұзақ аялдамай, М. Әуезов жәрмеңкенің туы көтерілп, думаны қызған шақта Қарқараға аттанған. Әуелгі мақсат – жол-жөнекей Қараш-Қараш асуын көре отырып, көтерілістің күйіні көтерілген Асы, Мыңжылқы, Шырғанақ жайлауын аралап, жер жағдайымен танысу. Екінші, 1916 жылғы оқиғаның жай-жапсарын білетін адамдардың барлығы жәрмеңке басында Қарқараға жиналатын табылатынына байланысты мүмкіндікті пайдаланып қалу. Сол сапарда Мұхтар Ілияспен жолықты. Ақын бұл сапарда әйгілі «Жетісу суреттері» атты пейзаждық лирикаңың әжу-маржанын жазды. Екі өнер иесінің де қоржыны күн сайын толая берді. Қарқара жәрмеңкесінде құрамында Қалибек Қуанышбаев, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов, Елубай Өмірзақов, Құрманбек Жандарбеков, Серке Қожамқұлов бар қазақ драма театрының ұжымы ойын-сауық қояды. Оларды ұлт зиялылары әрі билік өкілдері Ораз Жандосов пен Ыдырыс Көшкінов қарсы алады.

Ақай Нүсіпбеков: «Қарқара жәрмеңкесіне ел-жұрттың ағылып келуін пайдаланып, жергілікті өкімет орындары осында халық жиналысын жиі өткізетін. Сондай қылы өтетін. Мұхтар Омарханұлы осы жердегі тау, өзен ру, тайпа аттарын жазып алды. Әсіресе, оның назарын тығыз қоныстанған Далашілік ауылы ерекше аударды, бұл – есімі «Қиыл заман» повесінде аталып өтетін Дәулетбақ байдың революцияға дейінгі иелігіндегі жайлау еді», – деп жазады.

Қарқара сапарынан, газеттегі құлаққағыста айтылғанындай, Мұхтар тамыздың ортасында Алматыға қайтып оралды. Шын талаптың жолдасы шабыт екені рас. Дәл сол күйді 1926-27 жылдары Мұхтар да басынан кешірді. Бұл – Мұхтардың өміріндегі асқан бір шабытты шақ, қайталанбайтын айшықты мезет. Сол жылдың қыркүйегінде «Қараш-Қараштың» тамамдаса, желтоқсанында «Қиыл заманды» қолға алды. Қолжазбаның соңына: «Ленинград. Декабрь. Январь 1927-28-ші жылдарда» – деген авторлық белгі қойылған. Іле, «Хан Кене» трагедиясына кірісті.

Әрине, шығарманы, оның ішінде «Қиыл заман» сияқты аса күрделі туындыны жазып бітіру – үлкен қуаныш. Бірақ, жазу бар да, оны баспадан шығару бар. Жазушы мен баспагердің арасындағы осынау мәңгілік таусылмайтын ырғасуды сырттай қарағанда Мұхтар бұл жолы басынан кешірмеген тәрізді. Баспаның бас редакторы Ғабит Мүсірепов те белгілі мәлшерде тәуекел жасады. Қысқаша алғы сөз жазып, қолжазбаны теруге жіберді.

«Қиыл заман» романы қазақ ішінде болған зор оқиға – 1916 жылдағы Жетісудағы Албан қазақтарының «Ақ патша» жарлығына қарсы жасаған қимылын суреттейді. Бұл оқиға қазақ арасында төңкерілшілдік мәні бар, тарихи маңызы зор қозғалыс, – дейді Ғабит Мүсірепов. «Қиыл заман» қазақ тарихында 1916-шы жылдың орны бөлек. 1917-ші жылдың оқиғасында ұлт қозғалысының, ұлт ішіндегі топ тартыстарының, бай мен болыстың, тілмаш-төре сұмдықтарының, ұлтшыл оқығандардың жақсы, жаман істерінің бәрін де ашып жазу, дұрыс суреттеу керек еді. Жазушының бұл өзінше әлеумет өзгерістерін жөндеп суреттеймін деп жазған романы».

«Қиыл заманның» қандай жазушыға жарық көрген бастырушының сәуінен-ақ ауғаны белгілі. Ғабит Мүсірепов жазушының қолжазбасын кестеден мейлінше отырып, «Қиыл заманның» тұсаудан кесіп бұрқылып келген қара көкіл ақтарыла уарын төгуге мүмкіндік алды. Мұхтарға керегі де, көрмеген мақсаты да сол еді. Ал шығарманы үкі таққан Ғабит Мүсіреповте ең кіші жоқ. «Қиыл заманның» халықтың жәдігерлік қалпына жеткізу үшін бұдан өзге айла тауып, алыс сөз жазудан өзге амал жоқ-тын. Ұзамай алғы, ұзақ ақтық тәрізді тақырып сөзін жазбар етті. Сол дәуірде тарихи етті «Қиыл заманның» жазушы Мұхтар Әуезовтың да, сөзін алысқа жазып, ақтарып сөзімен алыстырған арашасынан Ғабит Мүсіреповтің де қазасы үлкен ерлікке пара-пар еді.

ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСІНЕ –100 ЖЫЛ

Қазақ ұлтының отарлаушы орыс билігіне қарсы бас көтеруінің бірі де бірегейі Қарқара көтерілісі болған еді. Биыл аталмыш көтерілістің болғанына 100 жыл толып отыр. Бұл күн Үйғыр ауданында «Тарихқа тағзым» тақырыбымен кең көлемде аталып өтті.



БАБАЛАР РУХЫНА БАС ИДІ

Тәуелсіздік таңы атқанға дейін ата-бабамыздың қиын заманның талайын бастан өткергенін көз алдыға келтірген қойылыммен басталған осы бір іс-шара барысында тарихқа тағы бір мәрте үңілдік. «Ереуілтөбе – елдік пен ерліктің аманаты» атты сахналық көріністе Қарқара ұлт-азаттық көтерілісінің тарихи баяны негізге алынды. 1926 жылы Ораз Жандосов, Ыдырыс Көшкінов, Әубәкір Жүнісовтер бастап, Күлаш Байсейітова, Иса Байзақовтардың қостауымен жәрмеңкеге жиналған бүкіл ел кешегі көтерілістің ордасы болған Айттөбеге Желқарқара арнасынан тас тасып үйіп, оны «Ереуілтөбе» деп атаған. Сахнада сол жәрмеңкеге жиылған ерлер мен көтерілісті өлеңдерінде арқау еткен ақын-жыршылардың жырларынан үзінділер оқылды.

Осындай мағынасы зор сахналық көріністен соң сахнаға аудан әкімі Алимжан Тоқтасынов көтеріліп, бір ғасыр бұрын қасіретке көмілген Қарқарада патша өкіметінің озбыр саясатына қарсы бас көтерген бабаларымыздың қатарында иық тіресе тұрып ерлік көрсеткен қаһармандарды ерекше атап өтті. «Ұлттық тарихымызға назар аударсақ, қазақ халқының қаншама ұрпақ өкілдері елі мен жерін қорғау жолында күресті, сол жолда жанын беріп, қанын төкті. Ата-бабаларымыздың арманы азаттық, бастандық болатын. олар кейінгі ұрпақтың сол азаттыққа жететініне сенп кетті. Олардың бар арманы елдің тұтастығы мен бірлігі, тәуелсіздігі болатын. Қарқара көтерілісі де сол тәуелсіздікке, бостандыққа жетудің бір қадамы болды», – дей келе аудан басшысы елдіктің бастауына арқау болған осы бір тарихи оқиғаның болғанына 100 жыл толуына орай ерлікке тағзым жасап, өткен күннен өнеге алуға шақырды. «Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың көреген көшбасшылығының арқасында бүгінде өлем елдері Қазақстанмен санасады. Еліміз бейбітшілікті ту етіп, бірлігін бекемдеп, озық елдердің қатарына ену мақсатында алдыға ауқымды жоспар қойды. Ал ол мақсатқа жету үшін де өткен тарихқа үңіліп, бабалар жолын қастерлеуге тиіспіз. Тыныштық, Татулық, Бірлік. Мұның бәрі тарих тағылымынан туған сөздер, ежелгі бабалардан екшелп жеткен нұсқаулар. Тыныштық пен татулықтың, бірліктің қадірін білген бабалар соңына: «Бүлінгеннен бүлдіргі алма!», «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі келеді», «Сауысақ бірікпей ине ілікпейді» деген даналық сөздер қалдырған. Осынау үш ұлы мақалдың маңызы мен қадірін ұққан халықпыз. Тарихта санаулы жылдарда салықалы елге айналдық. Бірліктің арқасында іргеміз бүтін, бірлігіміз бекем», – деген аудан басшысы бұл іс-шараның маңызының зор екенін, өскелең ұрпаққа берер тәрбиелік мәнінің терең екенін ақтарды.

Аудан әкімінің құттықтауынан кейін ұлт аспаптар ансамблінің орындауында Дайрабайдың күйі «Дайрабай», «Жазерке» тыңдалды.

Қоңыр үнді күйден кейін сахна төріне облыстық мәслихат депутаты Ызғарбек Бектұрсынұлы шығып, аудан жұртшылығын азаттықтың таңы атуына айтарлықтай септігі тиген тарихи оқиғаның даталы күнмен құттықтап, елдігімізбен ерлігімізді жайындағы парасатты пікірін айтты.

Қарқара көтерілісіне қатысқандардың арасында татар, өзбек, дүнген, үйғыр халықтарының да ер-азаматтарының болғаны, олармен бірге қару ұстаған орыс қыздары мен қазақ қыз-келіншектерінің, үйғыр қыздарының ержүректік таныткаңы туралы да деректер кездеседі. Сол көтеріліске қатысқан үйғыр халқының бір азаматы Тохнияз батыр болатын. Іс-шарада батырдың немересі Абдуһжан Бараев та сөз сөйлеу құрметіне ие болды. Қарқараның қасіретті, қарапайым халыққа жасалған қысым мен заманның әділетсіздігі, азаттық жолында жан қиған ерлер жайы баяндалған өзінің жеке кітабын көпшілікке таныстырып, әр ауылдық округ пен мекемелерге сыйға тартты. Одан кейін сөз кезегін алған №4 Шонжы орта мектебінің тарих пәнінің ұстазы Салтанат Ешмұхаметқызы Қарқара көтерілісі деректеріне егжей-тегжейлі тоқталып, ауданымыздан қатысқан азаматтардың ерлігін ерекше мақтан етті. Нақты тарихи деректер келтірген Салтанат Ешмұхаметқызы өз сөзін «Биыл 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне, оның ішінде Жетісудың ең шетіндегі Қарқара көтерілісіне 100 жыл толып отыр. Оған қоса, Желтоқсан көтерілісіне – 30 жыл. Тәуелсіздікке қол жеткізгеніміз – 25 жыл. Мұның бәрі – тарихтың қасиетті кезеңі. Соларды салыстыра, байыбына жете қарағанда тәуелсіздіктің құны мен бағасы айқындала түседі», – деп түйіндеді.

Өнегеге толы бұл іс-шара жақсыға құшағы кең бабаларымыздың ерлік пен ерлікке толы жолын кең насихаттай білгенімен әсерлі өтті.

Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ.
Үйғыр ауданы.

ТАРИХИ ТОЛҒАУ

Он алтының

1916 жылдың маусым айында патша үкіметінің бұйрығына халықтардан, оның ішінде қазақтардан 19 мен 31 жас аралығындағы жігіттерді майданның қара жұмысына алу туралы жарлығы шықты. Қазақ жеріндегі үстемдігін нығайтып, халқын тоз-тоз қылу мақсатында жасалған бұл жарлық халықтың ашу-ызасын тудырып, қанды шайқасқа, жаппай үркіншілікке әкелп тіреді.

Шуақ шашқан көктегі қылғып Күнді,
Аяр жарлық Алашты дүрліктірді.
Ауа да алмай, жауа алмай томсырайып,
Алатаудың басында бір бұлт тұрды.

Сәл қозғалса болардай өмір ойран,
Бір бұлт тұрды қайысып ауыр ойдан.
Ажар қашып жайқалған жаз
аймақтан,
Тау мен дала түнеріп, қоңырайған.
Дейтіндей-ақ: «Көніп ем көп мазаққа,
Дәл мынаған тәусылды менің айдам!»

Кербез өлке төсінен ән шықпастан,
Бір бұлт тұрды еңсені жаншып-
басқан.
Бұрын-соңды бұл жерде болмағандай,
Бұла дәурен – бақыты шалқып-
тасқан.
«Уай, дүние! Балықтай екенсің-ау,
Алтын қармақ басынан
шоршып-қашқан!»

«Шынымен-ақ қасірет төнгені ме?!
Шынымен-ақ апаттың келгені ме?!
Илеуіне ілікпей көне берер,
Ақ патшаның бұл қазақ ермегі ме?!

Шырмауына шыдап-ақ келіп еді,
Шын қасірет төніп тұр елге міне.
О басында бекер-ақ болған екен,
Өрмекшінің бас сүгу өрмегіне!

Шынымен-ақ үміттің сөнгені ме?!
Шынымен-ақ жігердің өлгені ме?!
Жоғалтудың амалы қазақты бұл –
Жігіттерді бері не, бермеді не!

Көрерің осы ма еді, уа, Жәмеңке,
Жер ортасы – жетпіске келгеніңде?!
Шықпастай қып тығының тықпалы тұр,
Кіргізіп ап бұл кәпір шолмегіне.

Бұдан әрі көнді не, көнбеді не?
Ұрпағы өлсе – ұлттың да өлгені де,
Ұран салып, найза алып, атқа қонсын,
Ат салайын елімнің ерлеріне!
Қандайлығын көрерсің, қансыз иттер!
Қалың елдің қол салған жөргегіне!»

Көптен бері қалғандай ақпай қаны,
Ақылына жүр еді таппай әдері.

Таразыға сап келіп талай ойды,
Жәмеңке би осылай шорт байлады.

Шорт байлады – жанары шоққа айналды,
Өзге жолдың жанына жақпай бәрі.
Тұла бойын балқытып бара жатты,
Сел боп аққан намыстың ақ қайнары!
Сел боп аққан ашудың ақ қайнары!

«Даланы алды, тауды алды, қаланы алды,
Баланы алса өмірдің жоқ қой мәні!..
Қорған болар, дос болар деп сенген еді,
Сорға айналған бұл орыс отқа айдады.
...Жел өтінде желкілдер күн бар ма екен,
Қайғысы көп қазақтың Көк байрағы?!»

***

Ақбейіттің бауыры,
Жәмеңкенің ауылы.
Жиылуда осында,
Албан ата қауымы.
Барлығын да жинаған –
Сұм жарлықтың дауылы.
Бала да бар бұл жерде,
Басылмаған арыны.
Таяқ үстап үлгерген,
Табу да оңай көріні.

Балуан да бар сызданған
Жер иіскемей жауыры.
Батыр да бар ызгардан
Қайтпайтұғын жалыны.

Ақын да бар ел десе,
Солқылдаған тамыры.
Момын да бар өзгеше,
Ұры да бар кәнігі.

Сөз ұстаған жақсы бар –
Көнке түскен жарығы.
Байлар да бар баққұмар –
Әрі жуан, әрі ірі.

Барлығын да жинаған,
Нәлет атқыр шақұрыс.
Ақ патшаның әмірі!
Барлығын да қайрауда,
Өр намыстың шарығы!


Өр намыстың шарығы,
Ел жігерін қайрауда!
Ер жүрегін қайрауда!
Патша жарлық қылыпты,
Бала бер деп майданға,
Майданға емес – қайранға.

Қайраңға емей немене,
Қару бермей қолына.
Қан майданға шақырса,
Қара жұмыс жайғауға?!

Орда бұзар жастағы,
Небір атпал жігіттің
Зығырданы қайнауда.
Қан майданда қарусыз,

ТӘУЕЛСІЗДІК – МАҢДАЙДАҒЫ БАҚ

1916 – 1986



«Ер жігіттің басына нелер келіп, не кеппес» дейтін еді көнекөз қарияларымыз. Есейе келе «ер жігіт» сөзі «қазақ» болып есті бастады. Бодандықтың қамыты мойын қажап, текті ұлттың ұрпақтарын азаттықтың ақ жолында жан құрбан етуге мәжбүрледі. Талай жылғы толастамас бас көтерулердің нәтижесінде «елім-айлап» еңіреген жұрт бүгінгі күні Ұлы Дала төсінде тәуелсіздіктің туын тігіп, бейбітшілік бесігінде арқажарқа болып өмір сүріп отыр.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

1916 жыл. Патша жарлығы. Тылдағы тынымсыз тірлік. Ауылдан жырылған ас. Қаракөз қандастардың жат елге еріксіз қоныс аударуы. Бас көтеру. Қол жинау. Иә, бұл барша жұрттың ашу-ызасын келтіріп, ұлт-азаттық көтерілістің орын алуына әкеп соқты. Әйтпесе, «Самал тау, өскен елім, шалқар көлім, Не болар солдат болып көрген күнім, Есіме кайта-кайта түсе бердің, Кір жуып, киіздік кескен туған жерім» деген өлең халық аузында қалар ма еді, қалмас па еді? «Әке шешем бар еді, Жасы жеткен кәрі еді, Осынау әнге салдырған, Он алтының зары еді» деп тағы да мұң-мұхтаждың көз жасы келер ме еді, келмес пе еді? Қалталылардың мысы қара халықты жаншып, паракорлықтың иісі мүңкіді. Дәулеті асқандар мен шенділердің мұрагер ұлдары тылды сезінбек түгілі, көздеріне елестетіп те көрмеген кез белең алды. Әділетсіздік сайран салып, басынушылық сауық құрды. Саны жоқ сауалдар қолға қару алдырды, азаттық таңы атар деген көкіректе үміт үлпілдеп. Қазақ жеткіз болып өзін-өзі басқарушы Алашорда атқа қонды, Тоқаш Бөкин болып жауға шапты. Нәтижесінде жаппай жазаланды, атылды, жұмысқа жегілді, түрмеге қамалды қала берді шетел асып, жан сауғалаған. Алайда қазақ мойымады, болашаққа сеніммен қарап, ақшаның бәрінде тісін ақситып, арықтығын білдірмеді.

Патша билігі жасарын жасап, асарын асаған соң уақытша үкімет орнады. Бірақ ұлтсыздандыру мен отарлау саясаты бір сәт те бәсеңдемеді. Ең құнды қазынамыз жаттың қолынан табылды. Орыстар жаппай қоныстанып, ең шұрайлы жерлерімізді тартып алды. 1916 жылғы азып-тозғанымыз аздай, 1917 жылы Ақпан төңкерісіне билік түре кірістік. Құр дау-дамайдан ептене шыкпайтынын сезінген Әлихан Бөкейханов: «Орыстармен ұрыспай, жарасымды өмір сүруді өтінемін. Өйтпеген жағдайда казақтар жазаланатын болады», – деп тұшымды пікірін айтты. Автономия құрып, дербестігімізге қол жеткіземіз деген халыққа тағы да Әлихан басу айтты. Оған әлі елдің дайын еместігін жеткізіп, алдымен ес жинып, өзін-өзі басқаруға жарағанға дейін тыныштала тұруын сұрады.

Азып-тозу, қойдай қырылу, бардан айырылу. Бұл қазақ басына түскен үлкен қайғы-қасіретке толы XX ғасырдың 20-30-шы жылдары еді. Ұлы жұт миллиондаған қазақты жұтып тынды. Бұдан қазақтан ашаршылықтан 1919-1922 жылдар аралығында 1,5 миллионға жуық қандасымыз жер жастанды. Жұтқыншағынан жұтылмаған нәрсе калмады. Тағы да шекара асып, ұрпақ сақтауға кешті ұлт. Сол кездегі жан түршігерлік оқиғалар әлі күнге дейін жұрт есінен кетпей жүр, кетпейді де. Басын көтеріп үлгермеген ұлт басына 1931-1933 жылдары қара бұлт үйірілді. Сөйтті де 2,5 миллионға жуық халық қырылды. Осылайша іс жүзінде 15-20 жылдың ішінде халықтың жартысына жуығынан айырылдық. Көзқарасы жасы құрғамай, көкірегімізі қарс айырылды.

Сол тұста ауылшаруашылығын күштеп ұжымдастыруға қарсы қарулы бас көтерулердің болғандығын ешкім жасыра алмады. Сонын, ең тығым салынған тақырып болып, көптеген жыл бойы құшін қалыпта сақталды. Тек 1980 жылдың соңында ғана Ж. Абылхожин, М. Қозыбаев пен М. Тәтімовтер мақала жазып, зерттеу жүргізді. Мысалы, М. Қозыбаев: «Әсіресе қызықты мәлімет ұжымдастыру саясатына қарсы шаруалардың 372 баскөтерулері бойынша анықталды», – деп атап көрсеткен екен. Осы тұстағы құтыр-сүргінге ұшыраған алашордашыларды айтпай кетпеуге болмас. Кәсі шық, көкірегі ояу ұлт зиялыларын жаппай «Халық жауы» деп ату жазасына кесті. Әйтпесе, түрме тергеушісінен телміре Мағжан Жұмабаев: «Абақтыда айдан, күннен жаңылдым, Сарғайдым гой, сар даламды сағындым. «Қарашығым, құлыным» деп зарлаған, Алыстағы сорлы анамды сағындым...», – деп өлең жазбас еді.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың местығы басылмай тұрып, Екінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті. Ал 1941 жылы Ұлы Отан соғысының төрінде қазақтар ерліктен күресті. Қаза тапты, жан алып, жан берді, түбінде жеңіске жетуге өз септігін тигізді. Қазакстанда осы кезде ең алғаш әскери құрамалар құрылған еді. Қолына қару алып, әскерілігімен әскери тактикаларды бірден меңгеріп кетті. 100 адымға бергісіз 1 адамымыз жаудың ұшағын құлатып, танкілерін жойды. Қару кезенген ер жігіттеріміз ғана емес, тылда еңбек еткен әрбір әйел азаматтардың да еңбегі ешқашан ешкімнің есінен кетпейтіндей. Сәт сайын ауызынан жырып, майданға киер киім мен ас-су жөнелтіп отырды. Соғыстан кейінгі халықтың хал-ахуалы мен тұрмыстық жағдайы тағы күрт түсіп кетті.

1954 жылғы «Елде астық өндіруді үлғайту мен тың және тыңайған жерлерді игеру» деген шешімге байланысты жаңда жайлау, қыста қыстауды мекен еткен көшпелі жұрттың қабырғасын қайыстырды. Кенес одағы бойынша жыртылған жердің жартысы қазақтікі болды және 1954-1962 жылдар аралығында тың игеру үшін Қазакстанға сыртқан 2 млн. адам әкелінді. Республикамызда қазақ халқының үлесі 30%-ға дейін төмендеп, ұлттық тіл, салт-дәстүр жойылып кетуге аз қалды. Қазақ мектептерінің жаппай жабылуы, дінге қойылған шектеулер, орыстандыру мен ұлтсыздандыру ұлтымыздың тамырына балта шапты.

Қысқаша осу сияқты қазақтың ашу-ызасы 1986 жылы Желтоқсан көтерілісіне түсіп, Елбасы бұл жолы жаңа жағдайда қарсы тұрып, шебін жаңа шептерден бекітіп, ұлт ұлы қар қуып ұлық болып, жаңарып жаңыра жігіт жігіт шықты. Бұрқан өзінен кейін айырылып, қабағы бір ашылмай-ақ, үйінен қуып, шаруа, ақыр бірақ тәуелсіздікке қол жеткізуді «Отыздан бір өкпелі» атықты, 25 жасқа шығар жасамыздың тұсында, ақырында бақытқа қарай, Болған ел қазақтың ғұламасы - Алматың алыпқұмы. Алдағы шаруаға бекем таянар тәуелсіздік қазақтың алтын ғұламаларын бастаған ауыл алар тар.

ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА

Тәуелсіздіктің қазақ халқы үшін құны өте жоғары. Тарих талкысында ұлттық, мемлекет болу мәселесі туған сәттерде, Алаш алыптарының қанымен келген бостандықтың жас ұрпақ қадірін қағарынғандай қорғап, келешек ұрпаққа аманаттауы қажет. Тәуелсіз Қазақстанның мүддесіне сай халықтың тарихи санасын қайта қалыптастыру — елдің айқын келешегі мен ұрпақ сабақтастығын үшін аса маңызды екені белгілі. Бұл тұрғыда тарих ғылымының атқарар рөлі де, көтерер жүгі де, елдің ұлттық нышанын, дәстүрі мен мәдениетін сақтап, келер ұрпаққа жеткізу жауапкершілігі де зор.



АЗАТТЫҚ ТЫ ТУ ЕТКЕН толқулар

Оның өзі түгіл, өлгеннен кейін де үрей туғызып, басын алып Ресейде көп жылдардан бері сақтап, қайтарылмауының өзі тылсым оқиға.

1867 – 1870 жылдардағы Орал, Торғай және Маңғыстаудағы көтерілістер көп айтыла бермейді. Әкімшілік басқару реформалары қазақ даласын отарлауды күн сайын күшейте бастады. Қазақтың басқарушы феодалдық тобына патшалық шенеуниктердің төреші болып келуі, халықтың ауыр күнкөріс жағдайын күрделендіре түсті. Қазақ көшпенділерінің жері бұрынғы жасалған заңды құжат пен берген үәдеге қарамастан, бұдан былай мемлекеттің меншігіне толығымен өтетіні хабарландырылды. Ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген көшпенділер үшін Ресей империясының жерді өз меншігіне өткізіп және оны жергілікті тұрғындарға жалға беруі ауыр соққы болып тиді. Аумақтық-әкімшілік мекеменің қыстау мен жайлау қоныстарын игеру салдарынан ру аралық қақтығыстар орын алды және қиындықтарға душар етті. Өмірдің қиын-қыстау заманы қазақ шаруасын Орал және Торғай облыстарында 1868 жылы желтоқсан мен 1869 жылы қазан аралығында қарсылық көрсетуге, соның мен қатар. 1870 жылы Маңғыстауда азаттық күреске шығуына әкеліп соқты Мұның басында Ханғали Арыспанұлы, Дәулет Асауұлы, Әзберген Мұнайтасұлы, Ықылас Досұлы, Сейіл Түркебайұлы сияқты сұлтандар болды. Бұл көтерілістердің қайсысын алсақ та Ресейдің қалың қолы, жазалаушы мыңдаған отряды мен зеңбіректері жұмылдырылып, стихиялы түрде жаншылып отырды. Алайда көтеріліске шыққан халық, кейінгі көтерілістерге ұлт мүддесі үшін қорықпастан шықты.

Әрбір көтерілістің тарихта өзіндік орны мен маңызы, ерекшелігі мен мақсаты, жеткен нәтижелері мен тарихта қалған ізі бар. Көтеріліс, халық наразылығы, қозғалыстар – бір уақытта пайда болатын қарсылық емес, ол жылдар бойы қордаланған саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің толғағы жеткенде пісіп жетілетін, бұрқ етіп арнасынан тасыған су секілді шығатын ұлттық оқиға. Оны тоқтату қиын, өйткені, ол жат жерлік, үстем мемлекеттердің отарлық езгісіне қарсылық пен қанауды жоюға бағытталған, сана-сезімі жоғары, ұлттық рухы күшті, сезімтал халықтың ғана қолынан келеді. Мұндай халық өз тәуелсіздігі үшін қорықпай қарсылық білдіріп, күресе алады. Қазақ халқы өзінің жағдайы мүшкіл болып, өлімнен басқа жол жоқ болғанда, ары мен намысына тигенде ғана көтеріліске шығады, оны тарихтың өзі талай рет дәлелдеді.

XX ғасырдың басында екі бірдей – отарлық және феодалдық езгінің қыспағына түскен қазақ қоғамы бір жағынан, ауыр қоғамдық дағдарысқа келіп тіреліп, екінші жағынан, қалың үйқыдан оянып, өзіне лайық жол іздеу әрекетіне көшті. Жаңа заманда өзінің ұлттық болмысы мен тарихи тамырынан, тіл мен діннен айырылып қалмай, Еуропаның озық мәдени жетістіктерін меңгеріп, сауатын ашудан бастаудың тиімділігін ұлт жанашырлары жақсы түсінді. Өлихан Бөкейханов және ұлттың зиялы қауым өкілдері халқына теңген қауіп-қатермен құрумен емес, интеллектуалдық оймен, білімді игеру арқылы, саналы түрде мәдениетті күреске шақырды. Алаш зиялылары кезінде өз елінен тыс жерлерде білім алып, өз елінің әлауқатын сырт елдің көзімен сапыстыра көрген, болжай білген болатын.

1916 жылғы Қазақстандағы ұлт-азаттық көтерілістің 100 жылдығына орай профессор Мәмбет Қойгелдиев бір сұхбатында: «Қоғамдық сананы дұрыс арнаға бағыттау, 1916 жылғы сұрапыл оқиғаны халық жанында сақтау үшін жасалған өте маңызды шара деп ойлаймын. Бұл көтеріліс – Ресей империясы құрамындағы елдерге, сонын ішінде Орталық Азия халықтарына ортақ тарихи оқиға. 1916 жылғы көтерілістің ең үлкен екі ошағы бар. Бірі – Жетісуда, екіншісі – Торғай даласында. Жетісудағы көтеріліске жазаланған соң қазақтар Қытайға ауа көшті. Бұл – Кеңесары бастаған көтерілістен кейінгі ең үлкен қозғалыс. Бұл – қазақ жерінде жарты ғасырдан астам билік орнатқан патшалық режимге берген халықтың бағасы болатын», – деп бағалады.

Қазақстанда орын алған ұлт-азаттық қозғалыстардың жалпыұлттық идеясы отарлық езгіден құтылуға, елдің елдігін, тұтастығын сақтауға саяды. Алайда XVIII ғасырдың алғышан XX ғасырдың басына дейін өткен ұлт-азаттық қозғалыстардың бәрі жеңіліспен аяқталды. Оның басты себептері – ел жақтың күш тең келмеді, қарсы тұрған күштердің ара салмағы, әскери-техникалық қауқары жоғары болды, халықаралық қолдау болмады. Бірақ та тәуелсіз мемлекетіміздің құрылуы қазақ халқының талай ғасырларға созылған ұлт-азаттық күресінің заңды нәтижесі екені анық. Тәуелсіздікке жеткен жол ұлы белестерден, қиын-қыстау асулардан тұрды. Сондықтан да азаттық жолындағы қасиетті де қасіретті күрестің тарихын білу өзекті, ал осы жолда күрескен тұлғаларды құрметтеп өскелең ұрпаққа насихаттап, сабақ алудың маңызы зор.

Жарылқасын ЖАППАСОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті, тарих ғылымдарының кандидаты.

«Ау, Алаш! Орда құру оңай емес, оны қорғай алмасаң жұртқа күлкі боларсың. Ол орданы сақтауға құрушылар керек. Ол құрушыларды баулу мол ақша керек, жоғарғы екі нәрсенің үстіне жүрегіңде ұлт махаббаты, ел намысы, бабаларың тәрік ерлігі болуға керек.

Ау, Алаш! Сен кім? Сен жауынгер тұріктің орнын басып қалған үлкен ұлысың, балаларың ат үстінде жүріп, қылышпен өздерін дүниенің жартысына не қылған, Стамбұлды алған, Карпат тауларының қалың қамалын бұзған.

Ер тұріктің ер жүрегі ұлдары, сілкін, қуан, ат-тұрманыңды далрлап атқа мін!»

«Қазақ» газеті, 1918 жыл.

ҰЛЫ ДАЛА ДҮМПУЛЕРІ

Кенесары ҚАСЫМҰЛЫ



бастаған ұлт-азаттық қозғалыс 1837 – 1847 жылдар аралығын қамтыды. Қазақтардың патша билігіне қарсы барынша бұқаралық және ұзаққа созылған көтеріліс осы. Көтеріліс Кенесарының патша саясатын жарамсақтана қолдаған жексұрын сұлтандар мен билердің ауылдарын шауып алудан басталды. 1841 жылы бар қазақ бас қосқан жиында Кенесары Қасымұлы хан сайланып, хандық қалпына келтірілді. Ұлт-азаттық күресті табысты жүргізу үшін Кенесары хан бір орталықтан басқарылатын мемлекет құрып, жауынгерлік қабілеті күшті тұрақты әскер жасақтады. Ерлігімен көзге түскен сарбаздардан жүзбасы, мыңбасылар тағайындады. Құралайды көзге ататын мергендерден іріктеп, мергенбасы басқаратын ерекше жасақ құрды. Кенесары бастаған отаршылдыққа қарсы күреске бар қазақ бірдей белсене қатысты. Бұл жағдайға алаңдаған патша 1843 жылы қазақ ханына қарсы жарлық шығарды. Өкінішке орай, Қоқанның көмегіне сүйенген қырғыздардың екі тесіл жер жағдайын білмейтін қазақ жасауылдарының жолын кесті. Көтерілес жеңіліске ұшырағанымен Кенесары қазақ халқын бостандық пен тәуелсіздік жолындағы күреске жұмылдырды.

Амангелді ИМАНОВ



өткен ғасырдың басында Ұлы Даладағы көтерілісті бастады. 1916 жылы 25 маусым күні орыс емес «бұратана» халықтардың 19 – 43 жас аралығындағы ер-азаматтары соғысып жатқан армияға қорғаныс құрылыстарын салу және тыл жұмыстарына реквизициялануының жөніндегі патша жарлығы жарияланды. Байырғы халықты тыл жұмыстарына шақыру халықтың ашу-ызасын тудырып. Орта Азия халықтарының Ресей отаршылдығына қарсы қуатты көтерілісінің басталуына себепші болды. Сол көтерілістің негізгі ошағы Торғайдағы Амангелді Иманов бастаған ұлт-азаттық күрес еді. Көтерілістің аса ірі орталықтары Жетісу мен Торғай жері болды. Жетісу облысында қарулы қарсылық 1916 жылдың шілде-тамыз айларында бұқаралық сипат алды. 17 шілдеде Жетісу мен Түркістан өлкесінде соғыс жағдайы жарияланды. Патша бұл жерге ірі әскери күштерді жеткізе бастады. Осыдан кейін көтерілісшілер 1916 жылы қараша айының екінші жартысынан 1917 жылы ақпанның орта шенне дейін жазалаушыларға қарсы партизандық жортуылдар жасап тұрды.

Бекболат ӘШЕКЕЕВ

1916 жылы 7-8 шілдеде Алматының батысындағы Үшқоңыр деген жерде Жайылмыс және онымен көршілес болыс тұрғындарының басын қосып, Ресей патшасының маусым жарлығын талқылайды. Бекболаттың ұсынысымен тың жұмыстарына адам бермеу жөнінде шешім қабылдайды. Мұны естіген патша билігі Үшқоңырға жазалаушы әскер аттандырады. Осы тұста Бекболат ұста дүкенін ашып, қару-жарақ жасатты және жігіттерді соғыс өнеріне жаттықтырды. Үшқоңырға келетін жолдарға тосқауыл қойып, жазалаушы отрядтар өте алмайтын берік қамал жасалды. Тамыз айының ортасында Бекболат бастаған көтерілісшілер жақсы қарулаған жазалаушы отрядпен қақтығысады. Ел-жұртын қорғансыз қалдырмауға бел байлап, барлық мүлкін өз мойнына алмақ болған Бекболат көтерілісшілерді таратып, өз еркімен жаудың қолына түседі. 1916 жылы 7 қыркүйекте Ресей армиясының Верный қалалық әскери гарнизонының соты Бекболатты дарға асуға үкім шығарды.

ТАРИХИ ТОЛҒАУ

ойраны

Құшармыз құр ажал деп,
Көңілде қайғы – ауда.

Өзге жерде өлгенше –
Қос қолдары байлауда;
Тауын, тасын жастанып,
Қиянатшыл кәпірдің
Жағасына бас салып;
Құрбан болса болмас па ед,
Қасиетті бұл қойнауда!
Қасиетті мынау сайларда!

Бұндай тәжал үкімге
Қарсы тұрар бар ма айла?!
Қарсы тұрар бар ма айла?!
Нелер батыр, нелер би,
Осы жағын ойлауда.

***

Айтатұғын «жоқ», «барды»,
Мөлшерлі шақ боп қалды.
Қалың қауым бір сөзбен,
Бір байламға тоқталды:

– Бұдан әрі ұлыққа
Салдырмаймыз қақпанды.
Ұлы үмітпен анамыз
Ұл деп бізді тапқан-ды.
Бата берген бабамыз:
«Жығылсаң да жағаңа
Жолатпа деп жат қолды!»

Қарын қару талдырған,
Ерлік отын жандырған.
Жайлап талай дүшпанды,
Жерді қорған қалдырған.
Ұмытқандай болыпсыз,
Баба үмітін ақтауды.
«Тәуекел» деп тас жұтсақ,
Аруағы оның сақтар-ды.
Әзірлеңдер қолда бар.

Найза, қылыш, шоқпарды.
Жаратыңдар суытып,
Жүйрікті айғыр, аттарды.

Қабырғамыз қақырап
Сөгілетін шақ болса.
Жаудың күші басым боп,
Шегінетін шақ болса.
Қытай жағқа ауармыз
Асып анау ақ қарды!..» –

Деген ұзақ сөздері
Бар жүректе жаттталды.
Соғыс сәті жақындап,
Қалың қаудай лапылдап
Әр жүректе от жанды.

Серт байласып, Құранды ап,
«Райымбек!» деп ұрандап,
Аузынан от шашқан
Ажағымен айқасқа
Қалың қазақ аттанды!

***

Жетісудағы, оның ішінде Қаркарадағы көтерілісті басу үшін Түркістан генерал-губернаторы Куропаткин 3 дружина, 7 атқыштар ротасын, 5 жүздік, 14 зеңбірегі бар бір батарея, 2 пулеметшілер командасы бар екі казак полкін жібереді. 16 болыс Албанның басты адамдарын айламен колға түсіріп, 17 адамды Пржевальск түрмесінде атып өлтіреді.

Әртке оранды жәрмеңке,
Ашуына мінді Албан.
Ерін алып бауырына,
Асаудай боп тұлданған.
Ұлық қашып құтылған,
Қамсыз елді құлданған.
Саудагер де қалмаған,
Мұрты май боп жырталған.

Дауыл ұрып, төңкеріп,
Аскар-аскар шыңдардан.
Кеше ғана гүл болған,
Жәрмеңкеден күл қалған.
Тасқындаған толқынған,
Қызыл қанға боялды.
Үжмақтай боп тұрған маң!..

Кек қайраған қазақтың,
Атқа қонды еркелі.

Бүгінді – бұл, белгісіз,
Не болады ертеңі?!

Шырғалаңнан ап шығар,
Құрықтаған басшы бар.
Қалың елдің кеудесін,
Ашу өкініш өртеді.
Абыз жоқ – абдырап,
Қан майданнан қалжырап,
Толқып тұрды ел сенің.

«Атаңа нәлет аяқпар!
Елге тұтқа болатын,
Қиыннан ақыл табатын
Ерлерді байлап әкетіп,
Қиып та кетті желкені!
Басып та кетті еңсені!

Қапыда жауға алдырған,
Қапыда қақпан шалдырған,
Өкініштің жоқ өлшемі!
Өкініштің жоқ өлшемі!»

Күсықтан шыққан Жәменке
Аспантаудың көркі еді.
Құрманнан туған ер Ұзақ
Солқылдап тұрған серт еді.

Серікбай, Сыдық, Әубәкір,
Жаңабай, Нуке, Диқанбай
Лапылдап тұрған өрт еді.
Тұлпыгожадай айбатты,
Бекдәйырдай қайратты
Айтпан тұмас ер тегі.
Құдиярбек те Шоғанның
Сұлтан сақтар бөркі еді.

Айтып айтпай не керек,
Патшаның есін қашырған,
Атағын көкке асырған,
Алшаң да басқан Албанның
Осылар еді «тентегі».
Осылар еді көркемі!

Осылар еді нағыз ер
Басын да байлап ажалға,
Қарсы да шауып тажалға,
Қарсы да тұрып зауалға,
Қорғаған мынау өлкені!

Асанқадыр ИСАБЕК,
ақын, ҚР Жазушылар одағының мүшесі.

ЖӘДІГЕР

«АЛТЫН ТҰЛПАР» табылды

Күйқалы қазақ топырағы ежелден қазыналы. Мұбәдә, «алтын шыққан жерді белден қаз» деген ұлттық ұстанымды ұстанып, қазып берсең, қолына бір құнды жәдігердің ілінуі бек мүмкін. Сіз, бәлкім, біздің бұл құнды жәдігер деп бастаған сөзімізден-ақ әңгіме ауанының қай бағытта өрбитінін бағамдап қойған боларсыз?! Еліміздің археологтары тағы да сенсациялық жаңалық ашты. Бұл жолғы сүйінші хабар Шығыс Қазақстан облысындағы сақ патшаларының 100-ден астам қорғаны шоғырланған Берел жазығынан жетті. Онда алтынмен апталып, күміспен күптелген 7 ат табылды.


Қозыбай ҚҰРМАН

Археологтардың айтуынша, алтынмен апталған бұл аттар сақ дәуіріне тиесілі. Нөмірі екінші қорғаннан әзірше 2 аттың сүйегі шыққан. Сонымен қатар, жер бетінен жеті метр тереңдікте табылған ат әбзелдері түгелдей алтынған құйылып, түрлі құстардың бейнесімен безендірілінті. Археолог, тарих ғылымдарының докторы Зейнолла Самашев мұнда алтындалған тағы 5 аттың сүйегі жатқанын айтып отыр. Ең маңыздысы, осы қорғанда басына үлкен құмыра қойылып, сол дәуірде сақ патшаларына ықпалы болған тағы бір адам жерленипті. Әзірше ол толық ашылған жоқ.

Осы ретте Зейнолла Самашев бастаған археолог-ғалымдар мұны әлемдік артефакт үшін теңдессіз жаңалық деп бағалайды. Әрі қорғаннан табылған жылқыларының өзі соншалықты алтынмен жалатылып сақталғандықтан жерленген жерде кезекті «Алтын адам» болуы әбден мүмкін дейді. Бір айта кетерлік жайт, қыркүйек айында осы қазба жұмыстардың нәтижесі бойынша Орталық Азия мен Еуропадағы белгілі ғалымдардың қатысуымен үлкен басқосу өтпек. Сол кезде екінші қорғаннан табылған мүрде мен жылқы сүйектеріне генетикалық сараптама жасалады. Яғни, олардың жас мөлшері нақты дәлелдене түспек.

Ғажап емес пе?! Белгілі бір айтыскер ақын айтқандай, Есігінен алтын адам табылған елдің, төрінде не жатқанын қайдан білдік?! Тіпті ең кереметі сол, адамы түгіл, астында шырағын кадрлеп алтындаткан, қатпар-қатпар тарих қойнауынан бүгінге сыр шерткізе жаркылдаткан бабаларымыздың парасат-пайымына, көреген, көсем көкіректігіне таңғалмай көрініз. Бұдан соң осындай құрсағында құнды жәдігер толғаткан ұлық даланы Ұлы Дала деп қалай айтпайсыз?!

ҚАРҚАРА – 100



Жасақбасы – Тайлақ

Қарқара көтерілісінің саяси басшылары қайтыс болған соң халық көсемсіз қалғандай еді. Қарақалдағы патша жендеттерінің жауыздығы халықты ашындырып, әр ауылдан әскери жасақ құрыла бастады. Ауыл-ауылдан құрылған жасақтар саны күн санап өсе берді.

Осы саланы зерттеген ғалым Кенес Нұрпейісовтың 1991 жылы шыққан «Қарқара айбаты» атты кітабында: «Қарқара көтерілісінің «жұлдызы жанған» кезең тамыз айының аяғы мен қыркүйек айының басына деп келді. Көтерілісшілер саны 5000 аттыға жетеді. Көтеріліске Монай Ыбырайұлы басшылық етті» – деп жазылған. 1995 жылы шыққан «Қарқара көтерілісі» атты кітапта: «Көтерілісшілер арасында жекелеген жасақ басқарған Тайлақ Бекбасұлы 29 жаста, Мұқан Ұзақбайұлы 30 жаста, Дәркембай Біләлұлы 34 жаста, Жарылқасынұлы Қожеке 30 жаста, Қайыпберді Сімтікұлы 28 жаста, Қабылбек Сауранбайұлы 27 жастағы жас жігіттер болды», – деген мәлімет келтірілген. Жасақ басшыларының жасаған ерліктері ел аузында қалды. Олардың патша әскерімен соғысын ешкім қағазға түсіріп, жазып отырмаған. Дегенмен, батырлардың кейбіріне арналған дастандар табылады. Соның бірі – көтеріліске бастан-аяқ қатысқан Қабылбек Сауранбайұлының Тайлақ Бекбасұлы жайлы естеліктастаны. Бүгінгі күнге Жанғабыл Әтекеұлы, Айтбай Дәркембайұлы, Оразай Қожакелдіұлы және Себдайыр Шеніштұлы сияқты көзкөрген карттардың айтуымен жазылған дастанда бұрын айтылмаған тың деректер бар. Мысалы: «...Халық жиналып жатқан кезде оқтай жараған орауыз аты бар, ашық жүзді, орта бойлы бір жігіт аттан түсіп, қол қусырып көпке сәлем берді де Ұзақ Сауықұлының қолын алып, көрісіп, қойнынан бір пәкет суырып алып берді. Ұзақ қасында отырған сол заманның атақты хаткері Сыбанқұл Арғынұлына: «Оқыңыз!» – деп ұсынды. Сыбанқұл атаулы адамның аты жазылмаған хатты ашып, оқи жөнелді.

«Уәл бари үлкен-кіші
бауырларға сәлем!
Суан, Дулат інісі, Албан ага.
Тарайды Ұлы жүздең қанша бала?!
Үш жүздің баласынан кеңес алмай,
Жарлық тыңсыз ұлықтан,
амал бар ма?!
Теңдікті өзге үлттен бірдей ет деп,
Бірлуар ұсынғандар ақ патшаға.
Жерге ерікті праун бірдей болсын,
Қамамай халқымызды
тау мен тасқа.
Мектеп ашып оқысын бала-шаға,
Праун тең келеді сонда ғана.
Болмаса жайылған мал
қолында жүр,
Қанша алса қарсылық
жоқ патшаға!

– деп жазған бауырын Бекболат Әшекейұлы. Тілек бермеген күйде қарулы күреске шақырамын! 1916 жыл, июньнің 29-да Жеркөмірде», – деп жазылыпты.

Хатты әкелген жігіт:

– «Руым Албан, оның ішінде Алжан болмақшы. Ақбас, Шонбас, Бекбас батырларды естулеріңіз бар шығар?! Сол Бекбастың немересімін, атым – Тайлақ, – деп өзін таныстырып, салт жүрісінің жайын айтады. – Қазіргі кезіміз Алматыдан. Көкшенеп (Көкченов) байда малай болып жүріп, он бес жыл Сібір айдалып, содан қайтып келе жатып, Дулатта Бекболатқа жолықтым, үйінде болдым. Ол көпшілік сіздерге қаратып, хат жазды. Астыма ат, үстіме киім берді. Сол бетімен хатты сіздерге алып келдім».

Тайлақ әкесі Тілеубқабылдан жалғыз. Өзінен тұқым қалмаған. Тайлақтың әкесімен бірге туған Ақбастың ұрпағы, Мүсірбайдың балалары Райымбек ауданында, Алматы қаласында тұрады. Ноғайбай деген немересі кезінде Нарынкол ауылында спорт мектебін басқарып, ауылдағы спортты дамытуға күш салған. Оның Тимур деген ұлы Алматыдағы Спорт және туризм академиясында күрестен жаттықтырушы. Ал Шонбастың Сұлтанбай деген ұлының Қайранбай, Қапар деген балалары Сарыжазда шаруашылықта қызмет жасады. Қайранбай колхозда бөлім меңгерушісі, Қапар кәсіподақ комитетінің председателі болып қызмет етті. Олардың балалары Алматы қаласы мен Райымбек ауданында табысты еңбек етуде.

Мұндай тосын кездесуге халық қуанып, шу ете қалады. Ұзақ батыр: «Ой, бәрекелді! «Асыл пышақ қап түбінде жатпайды» деген емес пе?! – деп сүйінді.

Жетісудағы ұлт-азаттық көтерілістің басшыларының бірі Бекболат Әшекеев 73 жасында Верный уезіндегі көтеріліске бас болды. Оның:

...Рас, мен соғысқа шықпақ болдым,
Басыңды жер астына
тықпақ болдым.
Рас десең рас сөзімді мен айтайын,
Ақ патшаның тұқымын құртпақ
болдым... – деген өлеңі көп жайттан хабар береді. Қарсылығын осылай ашық айтқан Бекболатты 19 тамызда Боралдай маңында патша жендеттері дарға асады.

Қарқарадағы Албандар көтерілісі басшыларының Бекболат батырмен байланыста болғанын Тайлақ әкелген хаттан көріп отырмыз. Хатты оқыған халық: «Патшаға бала бермейтін жалғыз біз емес екенбіз. Біз сияқты қазақтың басқа да рулары бар екен» – деп халық бір сергіп, жігерлене түсті. Тайлақты қасына шақырған Ұзақ батыр жұртқа:

– Кешегі Бекбас батырдың тұқымы екен, атасына тартқан жігіт деп біліңдер. Басқа біреу болса сонау Сібірден осы жерге тірі келе ме?! Халыққа қалмақтан кек әперген, мына жерді қалмақтан босатуға көп еңбегі сіңген Бекбас батырдың баласы Тайлақ батыр осы деп біліңдер! – деп таныстырады.

Жасынан кедей өскен Тайлақ Көкчеков деген орыска малай болып жүргенде екі орыстың бозбаласы жасы егде тартқан бір қазақтың атын тартып алып, өзін сабап жатқанының үстінен түсіп қалады. Орысшаға жетік Тайлақтың: «Қойыңдар!» – дегеніне көңіл аудармай әлгі қазақты қамшымен ұра бастаған екі солдыры бір-бір ұрып сұлатып түсіреді. Сонда жағы сынған біреуінің әкесі приставтың жанында жүретін шенеунік екен. Сол жоғарыға: «Мал ұрлады және орыс жігітінің жағын сындырды», – деп арызданып, Тайлақты он жылға Сібірге айдатып жібереді. Онымен бірге 15 жылға кесілген Көкченовтың екі орыс жалшысы да Тайлақпен бірге болған. Сібірден еліне хат жазып тұрған ол бір хатында:

– Тірілгімді білдірем, сәлем айтып
халқыма,
Бір жеден жалғыз ем, бауыр да жоқ
артымда.
Соғыс жем күнің не болар,
қайғыменен жатуда.
Мен жүрмін қалың орман арасында,
Ауырсам қасымда жоқ жанашыр да.
Аманат өздеріңе шал мен кемтір,
Жанашыр Аламанның баласына...
Орыстың қасымдағы Сергей, Иван,
Көкченовқа бұлар да малай тұрған.
Бірге туған бауырдай бұл екеуі,
Жылағанда көзімнің жасын тыйған,
– деп тебіренеді.

Мерзімін бітіріп, елге оралып келе жатқанда жолай Бекболат Әшекейұлына арнайы барып, амандасады. Ол патшаның июнь жарлығы шыққан кез. Ұзақты билетіндіктен Бекболат батыр Тайлақ арқылы Ұзақ батырға хат берген...

Жәменке мен Ұзақтың қайтыс болғанын естіген Тайлақ қайғырып, дерсу қол жинайды. Қол жинау әр ауылдан жүріп жатады. Дастанда:

– Айқайлап халыққа Тайлақ енді,
Себебі қисынсыздан сотталған көп.

Сібірде көзім жетті жүрген жерде,
Адам деп қазақ халқын санамайды.
Құралдану керекті онан да енді,
«Жиыл» деп хабар салсаң
барлық елге.
Жиылсын құрамынан барлық халық,
Рақым болар деп енді сенбе! –
делінген.

Жергілікті халыққа қарағанда айдауда жүріп көпті көрген Тайлақ халыққа енді жерде патшаға сенім жоқтығын, қолға қару алып, қарсы шығу керектігін, бостандықтың жолына жетудің бірден-бір жолы қарулы көтеріліс екендігін айтады.

Тайлақ басқарған жасақтар Қарқара жәрмеңкесіне жасалған шабуылда және Үкіршілік патшаның жазалаушы отрядымен болған ұрыс кезінде көзге ерекше түседі. Жәрмеңке үшін үш күнге созылған табан-тірес соғыс кезінде екі жақтан көп шығын болды. Қазақ жасағының табандылықпен ұрысуының нәтижесінде патша жендеттері жәрмеңкені тастап, қашып шығады. Жасақ басшылары ішінде Құдайберсін Жауғашұлы мен Мергенбай Жаманкөзұлының болғаны жайлы мәлімет бар. Мергенбай мен Қожеке кейін қызылдарға қосылып, отряд командирі болған. Алайда Мергенбай қызылдардың істеген озбырлығына қарсылық танытады, өзін ұстайтын болған соң Қытайға өтіп кеткен. Өкіметке қарай, Кеңес өкіметі кезінде оның 1916 жылғы ерліктері айтылмады. Жазушы Бақожа Мұқай «Жалғыз жаяу» атты кітабында Мергенбай жөнінде толық жазды. Ал Қожеке көп жылдар бойы Қақпақ ауылында шаруашылықта қызмет жасап, 1964 жылы 81 жасында қайтыс болды. Райымбек ауданында шаруашылық басқарған немересі Әбікеннің «16 жыл» деген күйі «Мұқағали» журналында жарық көрді. Оның Қарқара көтерілісі жайлы атасының өз аузынан естіген естеліктері «Мұқағали» журналында жарияланды. Мергенбай мен Қожеке жайлы естелік Әбікеннен алынды.

Алматыда 1995 жылы шыққан «Қарқара көтерілісі» атты кітапта тамыздың 10 күні Текес болысының басшылары Тайлақ Бекбасұлы, Қожеке Жарылқасынұлы, Біләл Дәркенбайұлы, Диханбай Жантасұлы, Жақыпберді Сұлтанқұдұлының Қарқара жәрменкесінде пристав әскеріне қарсы соғысқа даярланғаны, ертеңінде Қожеке, Біләл қарауындағы екі мыңнан астам жасақпен Сан-Тасқа дейін жүріп өтіп, 16 тамызда Қырғызсайды, 20 күні Сүмбені босатқаны жазылған. Тамыздың 20-сы күні генерал-губернаторға жіберген Фольбаумның телеграммасында: «Атаки восставших были настолько яростными, что, несмотря на пулеметный огонь, они бросились на приступ» – делінген. Көтерілістің үрей туғызғаны соншама, өлке басшысы Куропаткин дабыл соғып, қосымша күш жібереді. Гейщиттің отрядына құрамында 28 солдат, 10 офицер, 4 пулеметі бар бір пулемет командасы, құрамында 63 солдат, 2 офицер, 9 зеңбірек бар күшейтілген батарея аттанады. Сөйтіп, барлығы 630 жауынгер бар күшейтілген әскер көтерілісшілерге қарсы шығады. Бұл мәліметтер Орталық Мемлекеттік Мұрағаттың 46-коры, 256-істен алынды. Одан бөлек, Фольбаумға жіберген Куропаткин телеграммасында 47 пулемет, 16 зеңбірек, 240 атты солдат барлаушысымен, 25 рота әскер жіберілгені айтылған. Қаруы жоқ қарапайым халыққа осынша қарулы күш жіберген патша үкіметінен не күтуге болады?! Расында мұндай қарулы, дүлей күшке төтеп беру мүмкін емес еді. Қыркүйек айында шегіпуіне тура келген көтеріліс басшылары қалған елдің амандығын ойлап, қазан айында бала-шаға мен жасы үлкендерді Қытай асырып әкетуге мәжбүр болады. Тарихта осы жылды «үркіншілік жылы» деп те атайды. Қытай асқандардың көрген қиыншылығы болек тақырыпқа жүк. Ондағы аштыққа тап болған халыққа Тайлақ, Қожеке, Монай, Мұқан, Қабылбек сияқты жігіттер жергілікті Қызайлардан азық-түлік жинап, өлімнен құтқарады.

1917 жылы патша өкіметі құлаған соң уақытша өкіметтің басшысы Керенский әскерге адам алу, осы мәселеге байланысты сотталғандар мен ату жазасына кесілгендерді қүғындауға тыйым салды. 6 наурыздағы Қаулыда: «...по поводу распоряжения от 25 июня 1916 года. Привлечение инородческого населения к работам в тылу армии прекратить навсегда, освободить всех заключенных подходящих под действии указа» делінген. Содан көп ұзамай: «...приостановить приговоров о смертной казни» деген қаулы шығарады. Осы қаулыдан соң Қытайға ауып кеткен көптеген адам кері қайтады. 1917 жылы көктемде Тайлақ та біраз елді ертіп, туған жерге қайта оралады. Елде ақ пен қызыл қақтығысып, алаңдаған болып жатқан сол тұста Тайлақ Кеңес өкіметін қолдап, ақ гвардияшылармен соғысады. Сөйтіп, ел мен жердің амандығы үшін басын бәйгеге тіккен батыр 1918 жылы Нарынқолды қорғау кезінде ақтардың қолынан 31 жасында ерлікпен қаза табады.

1916 жылғы Қарқара көтерілісі қазақтардың қиын-қыстау кезеңде «бір жеңнен қол, бір мойынған бас» шығарып, бірлесе алатынын іс жүзінде дәлелдеп берді. Ел мен жер үшін басын өлімге тіккен Тайлақ, Монай, Мұқан сынды ерлердің есімдері халықтың жадында мәңгі сақталады.

Беркін ӘКЕБАЕВ,
республикалық «Алтын қалам» байқауының жүлдегері.

ЕШКІМ ДЕ ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

МАЙДАНГЕРДІҢ СҮЙЕГІ ТАБЫЛДЫ

Мәскеуден келген хабар Талдықорған қаласына қарасты Өтенай ауылының тұрғындарын қуанышқа бөледі. Ресейде тұратын Сәуле Горбунова облыс орталығына арнайы келіп, жақсы жаңалық жеткізді. Жалынды жігерімен 17 жасында соғысқа аттанып, содан оралмаған жауынгер Сатыбалды Мұхамедиевтің денесі табылды. Жетпіс жылдан бері белгісіздер санатында келген ардагер жайында хабар алған туыстары толқу үстінде.

Құралбек СӘБИТОВ

Майдангердің үлкен ағасы Мұхаметқали соғыс алаңынан қолын жарақаттап қайтып келеді. Ал батырлығы бала күннен белгілі Сатыбалды өзі сұранып соғысқа аттанып, қайтып оралмаған. Баласын сағынған ана оны өлдіге қимай, тірі деп сезіп сәт санап күткен. Бірақ баласы келмеді, сағынышын бойына сақтаған ана да өмірден өтті. Қарындасы да бауырының бір күнә ескі ашық кіретініне ерекше сенді. «Днепрден өткелі тұрмыз, ары қарай шабуылға шығамыз» деген соңғы хаттан соң жауынгерден ешбір хабар болмаған. Туыстары соғыстан соң әскери комиссариат арқылы іздегенде белгісіздер қатарында деген жауап алған. 1942 жылы 28 тамызда аскер қатарына алынған бозбала 1943 жылдың қазанында Украина жерінде қайтыс болған екен. 1943 жылдың қазан айында бірінші гвардиялық дивизия Тетерев өзені арқылы шабуылдау кезінде үлкен шығынға ұшыраған. Жауынгер Киев облысындағы Ижгород ауданындағы Днепр өзенінен өткендегі екі ауылдың ортасында жерленген болып шықты. Бұл жаңалықты бейітке қазба жұмыстарын жүргізген Киевтің іздеу отряды жеткізді. Олар қазба кезінде азиат ер адамның бас сүйегін тапқан. Жанынан автомат оқтарын, жауынгер күрегі, граната пен ыдыс табылған. Ыдыстың сыртында Сатыбалды Мұхамедиевтің аты-жөні жазылған екен. Сол арқылы қазақтың майдангері екенін білген Киевтің іздеу тобы Мәскеудегі қазақ елшілігіне хабарласқан. Туған жерге қонаққа кетіп бара жатқан Сәулеге елшілікте істейтін құрбысы жағымды жаңалықты туыстарына жеткізе баруын өтінген. Қазақы қаны басым Сәуле де өтінішке құана келіскен. Ол Жалғызағаш ауылының өкіміне хабарласып, ардагердің туыстарының бірі Өтенайда тұратынынан хабардар болған. Айтылған мекенжайға іздеп барып, қайтыс болған сарбаздың туған жиені Гүлсім Ысқақоваға қуанышты хабарды жеткізген. Мәне, осылай Украиналық іздеу тобының арқасында майдангердің тарихы қайта қалыпталды.

Белгісіз кеткеннен гөрі сүйегі табылғанына қуанған ардагердің туыстары әкелерінің тағдырынан хабардар болғанына алғыс айтады.

– Біздің отбасы үшін атамыздың қайда екенін білу бүгінгі күнге дейін маңызды болды. Ол ұзақ жылдар белгісіздердің қатарында келді. Енді біз батыр атамыздың 1943 жылы 10 наурыз күні қайтыс болғанын білеміз. Енді дәл осы күнге құран оқытып, дұға тілейміз. Ұрпақтары бейітіне барып, ерлігін еске алу үшін атамыздың сүйегін өз туған жеріне жерлегіміз келеді. Мүмкін бұл армандығымыз да жүзеге асып қалар, – дейді жауынгердің жиені Гүлсім Ысқақова.

Батырдың тағдырын туыстарына жеткізген украиналық іздестіруші топқа Ескелді ауданы, Жалғызағаш ауылдық округінің әкімі Аманғалиұлы алғысын білдірді. Ауыл басшысы жауынгердің сүйегін Отанына жеткізіп, батырға лайық құрметпен жерлеуге үмітті екенін айтты. Қазіргі сәтте осы сұрақтың шешімі қарастырылуда.

ЗАҢ ЖӘНЕ ЗАМАН

АЗҒЫНДАРДЫ ЕСЕПКЕ АЛДЫ

Баршамызға аян, «Көмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілікке тартылған адамдарды есепке алуды жүргізу және олар туралы мәліметтерді жариялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 169 бұйрығы қабылданған болатын.

Бұйрыққа сәйкес, облыс аумағында есепке алу жұмыстары қолға алынды. Жалпы ережеге байланысты қағидалар кәмелеттік жасқа толмағандарға жыныстық зорлық-зомбылыққа қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар жасағаны үшін жауапқа тартылған адамдарды есепке алуды жүргізу және олар туралы мәліметтерді жариялау тәртібін белгілейді. Оны Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармалары «Арнайы есепке алу» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде электрондық деректер журналын жүргізу арқылы іске асырады. Аталған санаттағы адамдар туралы мәліметтер «Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 10 шілдедегі №71 бұйрығының талаптарына сәйкес оларға қатысты процестік шешімдердің қабылдануы және айыптау үкімдерінің заңды күшіне енуі бойынша қалыптасады. Көрсетілген мәліметтер электрондық деректер журналында автоматты режимде бейнеленеді.

Азаматтарды есепке алу мәліметтерін енгізу және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120-бабы, үшінші бөлігінің 3 және 5-тармақтары, сонымен қатар 120-бабы төртінші бөлігі, 121-бабы үшінші бөлігінің 3 және 5-тармақтары, 121-бабтың төртінші бөлігі және 124-бабы бойынша адамдардың электрондық журналын арнайы есептер автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде жүргізу арқылы іске асырылады. Кәмелетке толмағандарға жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқықбұзушылықтар жасағаны үшін қылмыстық жауапқа тартылған адамдар туралы мәліметтерді жариялауды комитет геоақпараттық жүйедегі интернет-ресурсында «Ақпараттық сервис» жүйесінде бейнелеу жолымен орталықтандырылған есепке қойғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде іске асырады.

Жарияланатын мәліметтер сауалнамадан, фотосуреттен, ҚР ҚК баптары бойынша сотталу немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылу туралы деректерден, тұрғылықты мекенжайынан тұрады. Қылмыстық жауаптылыққа тартылған Қазақстан Республикасы азаматтарының және Қазақстан Республикасында ықтиярхат ресімдеген шетелдіктердің фотосуреті құқық қорғау, арнайы және өзге де мемлекеттік органдардың ақпарат алмасу жүйесінен сұрақ-жауап режимінде беріледі.

М. ДАУЛЕТИЯР,
ҚР Бас Прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитеті облыс бойынша басқармасының бөлім прокуроры.

ФОРУМ

МҮМКІНДІГІ МОЛ БАСТАМА

Ел экономикасының күретамырына айналған жер жаннаты Жетісу өңірінің өндірістік өлеуеті жыл өткен сайын еселенуде. Осы ретте Қаратал ауданы да инвестиция көлемінің ұлғаюына өзіндік ықпалын тигізуде. Осы ретте аудандық Мәдениет үйінде инвестициялық форум өтті. Оған аудан әкімі Қайрат Бисембаев төрағалық етті.

Шараға облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы басшысының орынбасары Тамерлан Разбеков, «АлматыЭнергоПроджект» ЖШС құрылтайшысы Дәулет Фазылов, «Тастөбе-Агро-Фуд» ЖШС-ның қаржы директоры Нұрсұлтан Данабеков тағы басқалары қатысты.

Аудан әкімі Қайрат Бисембаев жиынға қатысушыларды аймақтағы инвестициялық жағдаймен таныстырды. Онда ол ауданның инвестор тартудағы тиімді тұстарын тілге тиек етті. Әрі бұл форумның экономикалық жағдайды одан әрі дамыту және сол арқылы көптеп жаңа жұмыс орындарын ашу мақсатында ұйымдастырылып отырғанын жеткізді.

– Мұндай салтанатты шара ауданда тұңғыш рет қолға алынды. Бұл да болса бізді экономикалық әлеуетіміздің күн санап көтеріліп келе жатқанының белгісі болса керек. Соңғы бес жылда 21 млрд. теңге инвестиция тартып келсек, енді осы жылдың соңына дейін 5 млрд.-тан астам инвестиция тартуды көздеп отырмыз, – дейді Қайрат Әшралұлы.

Айталық, бұл аймақта «Агро-ИнвестКаратал» ЖШС-ның «Бордақылау кешені және ет өңдеу цехы», «АлматыЭнергоПроджект» ЖШС-нің «Күн электр станциясының құрылысы», «Тастөбе-Агро-Фуд» ЖШС-нің «Сүт өндіретін кешенінің құрылысы», «Метал құю зауыты» ЖШС-нің «Шойын бұйымдарын өндіру», «ЛАД» жеке кәсіпкерінің «Жартылай дайындалған өнімдер шығару және кулинария цехтарын кеңейту», «Стамбеков» жеке кәсіпкерінің «Құрылыс бұйымдары және безендірілген шарбақтарды өндіру цехы» сынды жобалар іске асырылуда. Осы 6 жобаның құны 5273 млн. теңгені құрайды. Бүгінге дейін 1,5 млрд. теңге тартылған. Нәтижесінде ауанда шағын және орта бизнестің даму деңгейі айтарлықтай жоғарылаған. Тіпті, ауданда өз шаруаларын дөңгелентіп отырған жеке кәсіпкерлердің де үлес салмағы артқан.

Ауданның инвестор тартудағы мүмкіндігі таныстырылған соң басқа да кәсіпкерлер сөз алып, өз ойларымен бөлісті. Бұдан соң жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпкерлер арасында ынтымақтастық жөнінде меморандумға қол қойылды. Келісім бойынша 6 компания 3773 млн. теңге көлемінде инвестициялық жобаларды жүзеге асыратын болды.

Қ. ӘБДІГАПАР.
Қаратал ауданы.

МАМАН МІНБЕРІ

XXI ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманына сай зерделі, ой-өрісі жоғары, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру мемлекетіміздің алдына қойған аса маңызды мақсаттарының бірі болып отыр. Осыған орай еліміздің мектептеріне жаңартылған білім беру бағдарламасы мен бағалау жүйесі енгізілуде.

КУРСТЫҢ БЕРЕРІ МОЛ

Онда оқушының білімді меңгеруімен қатар танымдық іс-әрекетін белсендіру жағына да баса назар аударуға көңіл бөлінген.

Аталған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру барысында мұғалім біліктілігін арттыру бағдарламасын басшылыққа ала отырып «Өрлеу» «Біліктілікті арттырудың Ұлттық Орталығы» АҚ филиалы АОПҚБАИ жоспарына сәйкес К. Сәтпаев атындағы орта мектеп базасында ауданның бастауыш сыныптарында сабақ беретін 30 мұғалім курстан өтті және тест тапсырды. Оған қатыса отырып, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін, пән бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасының құрылымын, ондағы материалдардың өсу ретімен орналасқандығын, критериалды бағалау жүйесін қолдану жолдарын меңгердім. Білікті бапкер Гүлжаухар Фазлыева жаңа бағдарламаны белсенді оқу мен оқытуды ұйымдастыра отырып, терең түсіндіре білді. Мұғалімнің біліктілігін және ізденімпаздығын қалыптастырып, білім мазмұнын өздігінен игеруге ынталандырып, өзіндігін дәлелдеуге, қорғай білуге, яғни, шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру жолдарын меңгеруде бұл курстың тигізетін әсері мол. Курс жоғары деңгейде өтті. Мұғалімдер осындай жоғарғы деңгейде көшпелі сапалы курс ұйымдастырған институт әкімшілігіне және тренер Г. Фазлыеваға шексіз ризашылығын білдіре отырып, еңбектеріне шығармашылық табыс тілейді.

Фариза ТҰГЕЛБАЕВА,
Рахат орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.
Еңбекшіқазақ ауданы.

БАЙҚАУ

«МЕНІҢ ӘУЕЗОВІМ»

атты дарынды оқушылардың шығармашылық конкурсы

Құрметті 9-11 сынып оқушысы! Егер сіз қазақ тілін жетік меңгерген, М. Әуезовтің шығармашылық мұрасымен жете танысқан болсаңыз, онда Сізге өз біліміңізді сынап, талабыңызды ұштауға бірегей мүмкіндік беріледі! М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты 2012 жылдан бері «Менің Әуезовім» атты дарынды оқушылардың шығармашылық конкурсын өткізіп келеді. Конкурс келесі мақсаттарды көздейді: Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасын жастар арасында насихаттау, жас-өспірімдерді көркем әдебиетке баулу, ғылыми зерттеу жүргізудің дағды-машықтарын қалыптастыру және мемлекеттік тілді дамыту.

Конкурсқа ұсынылатын шығармаларға қойылатын талаптар:

– шығарма мемлекеттік тілде (қазақ тілінде) жазылуы тиіс;

– шығарма конкурсқа қатысушының дербес ғылыми-шығармашылық ізденістерінің нәтижесі болуы тиіс;

– шығарма авторы 9-11-сынып оқушысы болуы керек;

– шығарма көлемі А4 форматында (қаріп – Times New Roman, 14 кегль, жол аралығы – 1) 3-5 беттен аспауы тиіс;

– шығарма мәтінінің жоғарғы оң жағында талапкердің толық аты-жөні мен нақты мекенжайы (байланыс телефон міндетті түрде), сынып, мектеп атауы толық көрсетілуі тиіс.

Талапкер шығарманы М.Әуезов және алем әдебиеті бағыты бойынша еркін тақырыпта жаза алады.

Конкурсқа ұсынылған шығармалар 2016 жылдың 10 қыркүйегіне дейін қабылданады.

Комиссия конкурс қорытындылары бойынша жеңімпаздарды келесі ретпен анықтайды:

Үшінші орын – 1 номинация
Екінші орын – 1 номинация
Бірінші орын – 1 номинация
Гран-при – 1 номинация

Жеңімпаздар диплом және бағалы сыйлықтармен, ал оларға жетекшілік жасаған ұстаздар арнайы сертификатпен марапатталады.

Жүлделі орындарға ие болған оқушылар мен олардың жетекші ұстаздары 2016 жылдың 28 қыркүйегінде өтетін жас ғалымдардың «XIV М. Әуезов оқулары» ғылыми-практикалық конференциясында марапатталады. Үздік шығармалар конференция материалдарының жинағында жарияланады.

Комиссия қорытындылары «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» газеттерінде жарияланады.

Конкурсқа қатысатын оқушылар өз жұмыстарын келесі мекенжайға жіберуі тиіс: 050010, Алматы қаласы, М.Төлебаев көшесі, 185, «М. Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы.

Сіздерден М. Әуезов мұрасы жайлы қайталанбас, бірегей шығармаларды күтеміз! Барша-ңызға сәттілік тілейміз!

Біздің байланыс телефондарымыз:
+7 (727) 261-22-27; +7 (727) 261-74-41;
+7 (727) 390-06-16.

■Тылсым дүние

ТҮКТІБАЙ ӘУЛИЕ КЕРЕМЕТІ

Түктібай баба жайлы бала күнімнен естіп, әбден құлағыма сіңісті болып қалған аңыз, әфсаналар каншама!

Әлі есімде, қазан айы басталысымен тау мінезі бұрк-сарқ бұзылып, қара суықта ақ жауын жұмадан жұмаға сілбіреп жауды да тұрды. Әкемнің қойын Бурылға дейін айласып қайтып үйге келсем, шешем байғұс күйбеңдеп, маған тура қарай алмай киіне бастады.

– Жүр, балам, бір жарым ай оқудан кешіктін, өзім апарайын енді, – деп Қызыләскерден мені жетектеп Жамбыл ауылына қарай алып шықты.

Күздің қара суығы сүйектен өтеді, былжыраған жоқ, тұнжыраған аспан, сүп-суық мұздай жауын енсеңді езіп, басады.

Шешем жарықтық өжет, пысық еді. Міне, жаяулатып келе жатқанда да қалың ой камалап, тұк үндемеді.

Өсербайдың бейтіне жетпей жолдан төмен бұрылып, үлкен үй орындай төмпешіктің жанына жүрелей отыра кетті.

– Кел, балам, қасыма, – деді. Шөкелеп қасына отырдым. Аузы-басы жыбырлап, күбірлеп аят оқып, бетін сипады. Кенет жарықшақтана айқай салғанда селк ете түсіп, бүкіл денем тітіркеніп кетті.

– Аруағыннан айналайын Түктібай ата! Міне, қарғадай балаңды ертіп әкеліп, өзіңнен медет тілеп келдім. Барар жер, басар тауым жоқ, әбден мүжіліп біттім. Биыл қатарластарымен мектепке оқуға бара алмай қалды. Әкесі байғұс қу жалғыз. Колхоз қойын құмдағы қыстауға айдасатын адам табылмай осы қарашығым отарды айдап апарып қайтты. Биыл, міне, оқудан қалып қалды. Бұл жеңгіз жақсы оқиды – Қызыләскердегі төрт жыл бастауышты тек беске бітірді. Осы балам оқып, адам болса деп үміттенің жүр едім. Оқымай қалса не болады? Ата, саған арнайы келдім... Мен өзіннен тараған бір бұтағың едім, елбіреген бір жапырақ жиенің елеп, ескере жүр, аташай... Жолын аш, қырсық, пәле-жаладан сақтап жүр... Кімге ғана барамын, оқуға қабылдамаса қайтемін ата?!

Менің шешем Құлиман Екейдің ішінде Морға, оның Бақсыбаласы атасынан тарайды.

Қайран асыл анам-ай!.. Атасы дәл алдында тынжап тұрғандай айғайлап, тарпаша өре бастап, сөйтіп ақ жауын ішінде ұзақ уақыт ұлып жатыр. Көзінен жасы қарам-қарам ағады, бой-бой жылап отыр.

Оның сай-сүйегімді сырқыратып жылап айтқанын көріп, менің де көзімнен жас парлап, өксігімді баса алсамшы, әбден күйзеліпті ғой. Неге ғана мен елдің балалары сияқты бірінші қыркүйекте былғары портфель ұстап мектепке бара алмаймын? Әуелі үстіме биыл жаңа киім де сатып ала алмады.

– Бұл құлынымды қайда жатқызамын, оқуға қабылдай ма енді? Түктібай ата, осы қаршадай баламды өзіңнің аруағына аманаттап тапсырдым. Ал балам, қолыңды жай! Түктібай бабаңнан тілек тіле... Бұл атан айтқаны айдай келетін көріпкел, аскан әулие, атақты қобызшы, бақсы. Ал ата, тілегімізді қабыл ет! – деп шешем бетін сипап, үнілеп тұрегелп, орамалының ұшымен көзін сүрткіштеді.

Қайта жолға түскенімізше жауын сап басылып, аспан шәйдай ашылып жүре берді. Жамбыл ауылындағы екі қабатты мектепке келгенше су-су болған үсті-басымыз да кеуіп үлгерді.

Мектеп директоры Рахым Дәуітов ағай көзілдірігі жарқылдаған сыпайы кісі екен. Шешем әңгімесін айта алмай, мырсыңдап жылап қалды. Менің табелімді көріп:

– Сіз сабыр етіңіз. Бұл баланы қабылдайміз. Тек беспен оқитын мұндай оқушыны қабылдамағанда кімді қабылдаймыз?

– Жататын жері де жоқ, – деп еді.

– Қам жемеңіз, интернатқа жатқызамыз. Қойшының баласы екен. Әлі көресіз, бұл балаңыз сіздердің аттарыңызды талай жерге жеткізеді. Солай емес пе? – деп маған қарады.

– Оқимын, ағa. Жақсы оқимын! – дедім тақылдап. Жол бойы жылап келген шешем күліп, мейір-шуағын төгіп, қуанып қайтты.

Мен мұны Түктібай бабамның аруағы қолдаған шапағаты деп ұғам осы күнге дейін. Кейін Түктібай әулие жайлы біздің елдің сыр сандық, шежіре көңіл ақсақалдарынан талай-талай хикая, әңгімелер естідім. Түктібай әулие жөнінде тіптәйімнен естіп, зердеме құйып алған аңыз әңгімелер каншама?!

– Түктібай бұдан 300 жылдай бұрын Сыр өзені бойында туғанда үсті-басы түгел түк болып туады. Сексеннен аскан емші атасы немересінің бұлай болғанына қуанып: «Бұл – нышанмен туды. Аты –Түктібай болады. Әлі ел-жұртының атын шығаратын қасиет қонады бұл қарағыма», – деп бір жасқа дейін жан баласына көрсетпей ұстайды. Сүндетке отырар жылы денесін түгел жапқан түктері өз-өзінен сыпырылып түсіп, омыртқасын бойлай ат жалындай түктері ғана қалады.

– Түктібай бала күнінен домбыра тартады, нар қамыстан жонып, сыбызғы жасап алады. Бірде Сыр өзенінің жағасында отырғанда қалың қорық қамыстан нән жолбарыс етшеттей еңбектеп Түктібайға жақындай береді. Сонда Түктібай аспай-саспай жайбарақат қолындағы сыбызғысын сызылтып шертіп бергенде жылжып келе жатқан жолбарыс калт тұра қалып, бір секірсе жететін жерден қайта бұрылып, ну қамыска кіріп жоғалыпты. Су жағасындағы қыз-келіншектер зәресі ұшып Түктібайға келсе сол сыбызғысын сыңсытып, балбырап отыр дейді.

– Бала он үшке келгенде ұрғашы торағыдан өзі шауып қобыз жасап алыпты. Бұл қобызының үні шықпай, қайта-қайта қара терге түсіп қайта қобыз шабады. Бірде күн батып бара жатқанда далада ұйықтап кетіпті. Дал өңіндегідей түс көріпті. Түсінде ақ сақалы жеңбірек, белінде түскен қария: «Балам, менің жасым ұзақ дегенмен шетінде үш орныңнан ғана тақыр жер бар. Соны қазсаң өмір бойғы керегіңді аларсың. Ал, батамды бердім. Қобызды да қасиет қонған киелі жан ұстайды. Ал, қолыңды жай!» – деп батасын беріпті. Бала әкесіне айтып, екеулеп Әулиешоқы құмын шарлап, ат аунайтындай ғана тақыр жерді табады. Сол жерді қазып жіберсе түйе терісіне оралған қобыз бен төс, балға шығады.

Түктібай қобызды ала салып, айдалада ойнап кеп жөнелгенде үйлдеп, құм суырған жел де тынады, алакөбіктенің долқына ақкан өзен де сабыр табады, әуелі аспанда ұшқан құстар да бір орында тұрып қалады. Қара қобыздың үні қалың құм ішінде шалқып, дала балқып кетеді. Бала тоқтамай жеті күй тартыпты. Бүкіл өзен жағасындағы қалың ан-құс, жануар біткендер селт етіп бастарын көтеріп аңырған күйді тапжылмай тыңдасыпты.

Бой-бой терлеп жеті күйді бітіріп тоқтағанда әкесі шырт ұйқыдан оянғандай болып:

– Балам, аянмен келген бұл қара қобызды қасиеттеп ұста, ұрпақтан ұрпаққа бойтұмардай аманатта! Ал, мына төсті де ала жүрейік. Бізден тараған үрім-бұтақтардан ұста, шеберлер көп шығады екен, – депті.

Содан бастап Түктібай бақсы атаныпты. Бірде көрші ауыл отырған жерді жылан басып кетіпті. Үш мәрте жұрт ауыстырса да бір түйге жетпей қалың жылан ауыл үйіне, мал ішін басып кетеді екен. Түктібайға қос атпен кісі шаптырып, алдыртыпты. Түктібай сол ауылдағы ауыз қисайып кеткен бадырақ көз қойшының үйінде таңның атысынан кеш батқанша қобызын сарнатыпты. Сонда түске шейін қалың жыландар алғы үйді шыр айналып арқанша ширатылып жинала беріпті. Ымырт түсе, күн бата терістікке қарай бір ізбен сусылдап көшіп кетіпті, бірде-бірі қалмай біржола жоғалыпты. Жыландар жым-жылас жоғалғанда алғы қойшының кішік ауыз түзеліп, есі кіріп, көзі орнына түсіп, қояншықтығы басылыпты. «Осы қойшыда жын бар еді, жындар соны паналап келген болатын, соны құдым», – депті Түктібай бақсы.

– Жаутершілік кезінде уланған садақ оғы тиген сарбаздарды қобызымен ұшықтап, күй тартып емдегенде алынбай тұрған жебе өз-өзінен сырт етіп түсіп, домбыққан күп іріңдеген жарасы екі-үш күнде жазылып кететін болыпты.

– Кейін Түктібай әулие атанып, наукастар алыс-жақынnан арнайы іздеп келіп, шипа тауып кайтатын болған.

– Кайда не болып жатыр, кім келе жатыр, ол қандай жан екендігін алдынала біліп қояды. Алда не күтіп тұр, ол калай шешіледі, бәрін қолға қойғандай айтып береді. Ел, жұрт көріпкел әулие, емші-шипагер деп таңдай қағады.

– Бірде аламан ат бәйгесі болады. Бәйге үстінде қымызға қызған құрдастары Түктібайға «Сені әулие, көріпкел дейді. Осы бәйгеде көріпкелдігіңді көрсетші» депті. «Онда қарқындар, бас бәйгені менің мына қара қобызым алады», – депті де аттыбар кісіге: «Жүйріктерді бәйгеге жібергенде мына қобызды да жерге қоя салыңыз», – депті. Аттыбар желігі бар, есеркөктеу ұрма-перме ержар кісі екен, бар атты бәйгеге қосып жібереді де қара қобызды шылбырымен дәу ағашқа байлап тастайды. Жүйріктер күндік жерден ұзақ шұбап жеңелгенде бір караса дәу ағашты түбірімен суырып алған қара қобыз қара жолды бұрқыратып шаңдатып келеді. Бар жүйрікті басып озып, бәйгеде бірінші келеді. Ел-жұрт таңданып қараса дәу ағашқа танылған Түктібайдың қара қобызы. Бас бәйгені алып, Түктібай қобызын орап жатқанда ат айдаушы келіп, көзі-басы алақтап, есі ауып, аттан құлап түседі. Тіздеп қалып, домалай беріпті. «Өз үйіне апарыңдар, ертең ертесімен емдеймін, әйтпесе жаның шығып кетеді», – депті Түктібай. Ертеңіне Түктібай әлгіні қара қобызын тартып емдеп шыққаннан кейін есерсоқ ұрыншақ ат айдаушы бес мезгіл намазға жығылып, сабырлы, салмақты тақуа жанға айналыпты.

– Түктібай картайған шағында Ахет, Морғадан тараған ағайындарын жинап алып «Ертең Алатауға көшеміз», – депті. Бұл көктемнің аласапыран кезеңі екен. Сыр өзенінің сеңі бұзылып, дария қатты тасып, жағалаудан асып төңіректі қара су басып, шалқар көл болып кеткен екен.

Көшке жиналғандар үркіп дариядан мынандай кезде қалай өтеміз деп тұрғанда Түктібай әулие қара қобызын сарнатып, ойнап кеп жібергенде көл-дария басып жатқан өзен қақ жарылып, асты құп-құрғақ жол болып қалады. Көш түгел аман-есен арғы бетке қауіпсіз жерге өткен соң соңдарына бұрылып караса Сыр алабота боп қайта тасып жатыр дейді.

Иә, Түктібай әулие жайлы аңыз әңгімелер каншама десеңізші. Бақсы атасынан тараған Үмбетқұл деген атақты ұста, шебер болды. Ол кісінің жасаған қолөнер бұйымдарын музейлер кезінде сұрап алып кеткен. Қызыләскер ауылында өзі қиып жасаған ағаш үй әлі тұр.

Совет өкіметі кезінде «Қобызы бар, әулие тұқымы» деп бұлардың тұқымын НКВД шақырып қоймайды. «Қой, бұл қобызды теріге орап көміп тастайын, кейін керек болса ұрпақтары таупып алар», – деп Түктібай атасы бейітінің жанына көміп тастайды. Түктібай ұрпақтары аласұрып, үйқы көрмей шығады. Төрткіне барып қараса қобыз көмген жерінің үстінде жатыр екен. Үш күн бойы көмеді, үш күн бойы қобыз жердің үстіне шығып қалады. Ақыры ұрпақтары ақылдасып, қобызды көмдік деп үйлерінде тығып ұстайтын болған.

Үш ғасыр болған әулие атамыздың қасиетті қара қобызы қара шаңырағында бойтұмардай сақтаулы тұр. Қобыздың кезіндегі сылдырмақтары қолдан қолға өтіп алынған. Бірақ қобыздың киесі, қасиеті, шипагерлігі баршаға аян.

Ау әлсұмет, егер өзіңіздің жолыңызды ашып, қырсықтан арылғыңыз келсе, жаныңызға, отбасыңызға шипа тілесеңіз Алматы облысы, Жамбыл ауданындағы Жамбыл Қызыләскер ауылының ортасындағы Түктібай әулие кесенесіне барып зиярат етіп, қара қобыздан күш-қуат алып қайтыңыз.

Түктібай ата қобызын Тәлім апа ешкімге көрсетпейтін, бетіне ұстатпайды. Біреулер келіп өтініш жасайды. Ондайда қобызды ақ шүберекке сәбише бөлеп, шақырған шаңырақка әлдилеп көтеріп әкеледі Сол үйге түнетеді, өзі қара қобыздың қасына қонады да ертеңгісін бөпесін көтерген анадай қайта алып кетеді.

Тәлім апа дүниеден өткеннен кейін қара қобызды баласы Алпысбай мен келіні Қарлығаш ұстады. Қарлығаш – он бала өсірген ардақты ана, атасына аса ықыласы ауған, дастарқаны берекелі, үйі шуақты, менің Салабай досымның әпкесі ед

Алпысбайлар Түктібай атасының бейіті жанына үй салып, көшіп барғаннан кейін аруақ қолдап, дүрілдеп шаруа-тіршілігі жүріп кетті. Түктібай әулиеге ақшанкан кесене тұргызылды, жан-жағына ағаштар отыртылды. Күнді-түні еліміз ғана емес, шетелдердің өзінен қаншама адамдар ағылып келіп жатады. Әулие бабаға ырат етіп, тілеу тілейді. Қасиетті қара қобызына тәу етіп, тәнті болады.

Қаншама жандардың жолы ашылып, тілегі қабыл болып жатыр десеңізші!

Өзім білетін бір ғана мысал айтайын. Министрліктен түсіп қалған бір азамат Түктібай ата басына қайта-қайта келіп, түнеп жүргенін көріп:

– Сіз неге атаға жиі келіп жүрсіз? – деп сұраған едім.

– Түсімде аян берді. Түктібай ата жолымды ашады, қайта министр боламын, – дегенін естігенімде сенер-сенбесімді білмеген едім. Шынында да сол азамат қайта министр болып, ардақты азамат, үлкен қайраткер болды.

Иә, «елу жылда ел жаңа» демекші, Алпысбай мен Қарлығаш та бұл дүниеден өтті. Екеуінің де жатқан жері жарық, Алла алдарынан жарылқасын. Бүгін Түктібай ата кесенесінің шырақшысы ата ұрпақтары бұрынғы дәстүрді жалғастырып келеді.

Бұл атадан тараған Сара тәтем мені өз шешемдей бағып-қақты, баласы Ермекпен дос болып өстік. Ал Нұрбике әпкем Қызыләскердегі кітапханада өмір бойы кітапханашы болды. Маған арнап ұзынағаштан, Алматыдан кітаптар әкеліп, оқығаннан кейін мазмұнын сұрап, ылғи әңгіме-дүкен құратын. Көңілі терең, ойы терең әпкем нағыз зиялы жан екен ғой. Кітапқа, білімге деген құштарлығымды арттыруға осы кішкентай ауылдағы кітапханашы Нұрбике көп-көп көмектесті ғой. Ол кісі көрген жерде «кәзір не оқып жүрсің?» дер еді. Кейін «Айналайын, кәзір не жазып жүрсің? Жаңа кітабіңді берсеңші» дейтін менің жүрегіме білім шырағын жаққан қайран асыл әпкем! Көрген жерде бетімнен сүйіп, басымнан сипайды, бұл әпкелерімнің маған ықылас-пейілдері ерекше еді.

Үш ғасыр бұрын өмір сүріп, аты алты алашқа мәшһүр болған аскан әулие, көріпкел емші, шипагер бақсы Түктібай әулие жайлы әлі талай-талай зерттелін, жазылар. Айтқаны айдай келетін көріпкелдігі, таңғажайып бақсылық өнері, аузы дуалы шипагерлігі, қара қобыздың қасиет-киесі жайлы айтылар әңгімелер көп-ақ.

Түктібай ата кесенесіне бара жатқанда баяғыдағы шешемнің мені аманаттап, табыстағаны, көл-көсір жылап, шерін тарқатқаны әлі күнге дейін көз алдыма келеді.

Аруағыңмен қорғай жүр, Түктібай баба!

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ, жазушы.

■Қарқара көтерілісі — 100

Биыл қазақ жеріндегі ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл толып отыр. Көтерілістің шығу тарихы жөнінде әлі де белгісіз жайттар да, айтылмай жүрген әңгімелер де бар-шылық. Солардың бірі – Жетісудағы Қарқара ұлт-азаттық көтерілісі. Оны сөз еткенде, ауыз-ға алдымен батыр Ұзақ, Жәменке шешен және ер Әубәкірдің есімдері оралады.



Ескерусіз қалған ЕР ӘУБӘКІР

Ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» кітабының бас қаһармандары Жәменке мен Ұзақ Қараколдың азап түрмесінде өлтірілсе, Әубәкір жаралы күйінде тірі шыққан адамның бірі. Түрмеде атыс болып, көп адам соңғы демдері біткенше карсыласып, қайрат көрсеткен. «Өлсек, карсыласып өлейік. Аянатын не калды енді, ұмтыл! Ұста ана мылтықты», деп Ұзақ айқай салып жіберіп, есікке қарай тап берді», деп жазады жазушы. Бұдан кейін Әубәкір мен Сыбанқұл да қарап қалмай әрекет еткен. Жаралы болса да камерадағы нардың тактайын жұлып алып, есіктi бұзып, абақтының дуалынан қарғыған. Сыбанқұлға оқ тиіп құлаған. Ұзақ пен Әубәкір жаралы күйде сыртқа шыққан. Жаралы Ұзақ Әубәкірге: «Ұһ... біткенім осы ғой... бар енді... каш... Албан баласына тірі қалсаң сәлем айт... арман жоқ... ел үшін...» – деді де, көзін жұмып қайта талып кетіп бара жатты. Осы кезде жақын маңнан мылтық дауысы естіліп, қуғыншылардың таяп калғанын сезген Әубәкір кідіруге болмайтынын түсініп, «Қош! Қайран Ұзақ... Жамандығым болса кеш, жақсынам» деп қоштасады.

Ұзақты эрең қиған Әубәкірдің екі таяншы, бір қырғызбен жасырын қашып, бір корага тығылғандығын Әуезов жазған. Ал бұдан кейін Әубәкірдің өмірі не болды екен деп ойлайсың. Әубәкір өз естелігінде: «Кеш батқаннан кейін үн жамылып, жақын жердегі Қараболден деген тауға жеттім. Әл-дәрменім құрып, тақ ата Балпық дегеннің үйіне жетіп, денемдегі үш оқты отаушыға алғызып, жаралы жеріне мылтықтың дәрісін құйғыздым. Бір ай тауып жіпті, түнделете Сарытаудағы үйіме келдім», дейді Басшысы калған елдің көбі орыстың әскерінен қорқып, Қытайға үріккен. Әубәкір солармен бірге кетіп, бір жылдан соң қайта келген. Ол рас сияқты. Өйткені 1928 жылы елдің ішінде бай мен кедей күресі басталады. Байлар кәмпіскеленіп, мүлкі тәркіленді. Тықыр Әубәкірдің туған-туыстарына, жекжат-жұраттарына да түседі. Алды тұтқындалып, туысқандар арасында әбігер басталғанда інісі «Қилы заман» кітабындағы Жансейіт (атақты қолмерген Жақыпберді) ағасына «Қытайға кетейік» депті. Бірақ ағасы көнбейді. «Ол жакка да барып көрдік қой. Не тұрақ таптық? Кетем десеңдер, өздерің біліңдер. Ал мен болсам, өз басым ешкайда қозғалмаймын. Маған ренжімеңдер», деп жауап береді.

Кеңес өкіметі түпкілікті орнағаннан кейін 1916 жылғы ақ патшаға қарсы ұлт-азаттық көтерілістің маңыздылығы өкімет тарапынан жария етіледі. Соның ішінде Қарқара жәрмеңкесіндегі Албан көтерілісі де назардан тыс қалмай, оны зерттеп, қаһармандарын дәріптеу, елге жария ету жөнінде нұсқау түседі. 1921 жылдары кеңес өкіметі көтеріліс болған жерлер мен оған қатысқан белсенді күрескерлер жөнінде материалдар жинау мақсатында экспедиция ұйымдастырады. Бұл жұмысқа Ілияс Жансүгіров те қатысқан деген деректер Ілиястың жары Фатима Ғабитованың естеліктерінде кездеседі. «1916 жылдың көтерілісі жайлы көп дәптерлер бар еді. 1921 жылы «Средазбюро» көтеріліс болған Жетісудың жер-жеріне комиссия шығарып, көтеріліс жайлы материал жинатқан. Сол комиссияның хатшысы Ілияс болып, жиналған материалдардан өзіне көшірме қалдырған екен. Біздің үй көшкен болғандықтан кітаптар да, басқа заттар да әрбір жерде үйіліп-үйіліп жататын», деп жазуы тегін емес. Осыған байланысты шараларды ұйымдастыру ісі де қолға алынады. 1926 жылдың күз айында белгілі мемлекет қайраткерлері Ораз Жандосов, Ыдырыс Көшкінов, Әубәкір Жүнісов, Қалдыбай Абдоллаұлы және басқалардың ұйымдастыруымен Қарқарада жәрмеңке өтіп, Албан көтерілісінің 10 жылдығы аталып өтеді. Жәрмеңкеде азаттық үшін күрескендерді еске алып, дәріптейді. Көтерілістің бас қаһарманының бірі, Қарақол абақтысынан тірі шыққан ер Әубәкір Солтанбекұлына да құрмет көрсетіледі. Мерекеге Қызылордадан белгілі өнер қайраткерлері Серке Қожамқұлов, Әміре Қашаубаев, Елубай Өмірзақов, Иса Байзақов, Қалибек Куанышбаев, Құрманбек Жандарбеков, Зәуре Атабаева, Мәжит Дәулетбаев келіп, халық алдында үш күн өнер көрсетеді. 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілістің ту көтерілген Айтөбеде елі үшін қан төккен боздақтарға арнап, тас үйіліп белгі қойылады. Тас үйілген төбені осыдан кейін Ерсуілтобе деп аталу туралы ұсыныс қабылдайды. Бұл шара туралы суырыпсалма ақын Иса Байзақов «Еңбекші қазақ» газетіне мақала жариялайды.

Осыдан кейін Қарқарадағы оқиғаны зерттеу мақсатында бұл өңірге Мұхтар Әуезов пен Ілияс Жансүгіров келіп, көтеріліс болған жерлермен жете танысады.

■Ғибрат

Баба рухын аскақтатқан азамат

«Суан баба» қоғамдық қорын үш жылдан бері басқарып келе жатқан, баба атындағы сәбилер ашып, айналасын әдемі темір шарбақпен қоршап, жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген Жақыбаев Базархан ағамен өткенде бір әңгімелескенімде: «Бабаға арналған ескерткіш монументтің жанынан жас жұбайларға арнап неке сарайын салсақ өте жақсы болар еді. Үйленген жастар баба рухына бас иіп, өмірде жарасымды отбасы болып өтуге іштей ант қабылдап, гүл шоғын қойып барып неке сарайынан өмірлік махаббат куәлігін алып жатса, ажырасу, баланы жетім, ананы жесір қалдыруға тыйым болар ма еді» – деген-ді.

Ағамыздың осы бір ел болашағы, ұрпақ келешегі жайлы ой толғаныстарын есіме түсіре отырып кешіліме «Осы Жақыбаев Базархан ағамыз қандай тұлға? Қайсарлығы қанымен келген адамның мынадай жауапкершілігі мол жүкті қара нардай мойнына артуына не себеп болды екен? Ар-ұяты мен ұрпақтық намысы болар, шамасы. Әрине, солай» – деген ой келді.

Жасында екі бірдей жоғары оқу орнын бітірген ағамыз қос дипломын өмірінің қос қанаты етіп санай білігі. Сол білімінің арқасында аудиторушылығы саласы мен саудада абыройлы еңбек етіп, түрлі марапаттарға не болған. Сондай марапаттарының бірі есте кетпейді. Сонау бір жылдары «Үшарал» колхозында құс фермасының меңгерушісі болып жүргенде жыл қорытындысы бойынша жеңіл автомашинаның құнын сыйлық ретінде алғаны бар. Сауда саласындағы көп жылдық еңбегінің нәтижесі ретінде «Советтік тұтынушылар кооперациясының үздігі» атағына не болғаны да шындық.

Жаркент тұтынушылар қоғамын басқарған жылдары ауыл тұрғындарын қажетті тауарлармен қамтамасыз етуде қандай қиындық туғызымен барға тасымайтын, жоққа жасымайтын сырбаз мінезіне қызмұр-қайратын арқау сте жүріп ел құрметіне бөленгені анық.

Сәлем ағаның жүрегінен шығып, тыңдаушының тұла бойын дір еткізіп әсем әдері бүгінде өз еліміз тұрмақ шет аймақтарға да таралып үлгерінті. Әнші сүйіп орындайтын, тыңдаушысы сүйсініп тыңдайтын сом алтынға бергісіз туындылардың авторын бекзат болмыс иесі демей кім дейміз?

Ақын, жазушы, сәлгер Базархан Жақыбаевтың шығармашылықтан қолы қалт еткенде айналысатын фермерлік жұмысының өзі елге үлгі боларлықтай іс. Асыл тұқымды малынан басқа облыстар малшыларының тұқым алып, Іле-Шу өзендері алқабында табын-табын ірі қара өсіріп жатуы соның айғағы.

Халқымыз жігітті сегіз қырлы, бір сырлы деп жатады ғой. Базархан ағаның асыл тұқымды мал өсіріп, еліміздің экономикасын көтеруінің өзін сан қырының бір қыры деп есептесек, тыңдағанның жүрегін жаулайтын әуезді әндерін, оқырманның жанарына жас үйіретін прозалық шығармаларын басқа да керемет қырлары ретінде тізе беруге болады. Содан кейін де Жақыбаевтың еңбегі лайықты бағаланып, бірнеше мерейтойлық медальдермен марапатталды. Панфилов ауданының, Алматы облысының Құрметті азаматы, «ҚР мәдениет саласының үздігі» атағының иегері бүгінде Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі.

Ел ұранына айналған ұлы бабамыз Суан атаның ескерткішін орнату арқылы бүкіл Жаркент тұрғындарын қуанышқа бөлеген Базархан ағамен кездесіп, әңгімеге тарттым.

– Ағa, сіз Суан бабамыздың ескерткішін орнатып, елді қуантып жатыр екенсіз. Қуаныш құтты болсын! Жас ұрпақтың тарихын біліп өсуіне қажетті үлкен жұмыстың басын сәтті қайырдыңыз деп ойлаймын.

– Рахмет, қарындасым. Қуаныш бәріміздікі, бүкіл Жаркент тұрғындарынікі. Осы қуанышқа ортақтасып келіп отырғаның үшін саған да үлкен алғысымды білдіремін. Осындай жүрекжарды жақсылыққа жетіп отырғанымыз еліміздің тәуелсіздігі мен Елбасымыздың кемел саясатының арқасы емес пе? Жоғымызды тауып, өлгенімізді тірілтіп, өшкенімізді жандыру деген осы. Ынтымағы жарасқан бүкіл Жаркент халқы осынау игілікті іске ризашылықпен атсалысып, нәтижесіне қуанып жатыр деп айта аламын.

– Осы игі бастаманы қолға алғалы қанша уақыт болды және бұл жұмысқа кімдер қолқабыс етіп жүр?

– Кең-байтақ еліміздің барлық өңірлеріндегі замандастарымыз-дың еліне еңбегі сіңген тарихи тұлғаларын еске түсіріп, басына белгі қойып, келешекке ұлғі-өнеге болардықтай жұмыс атқарып жатқанын көріп-біліп жүрміз. Сол қатарда біз де сол кездегі аудан басшысымен және елдің ақсақалдарымен ақыл қорытып, 2013 жылы Суан баба атындағы қорды ашқан едік. Бұл игі бастама бүкіл Жаркент халқының қолдауына не болды. Себебі, Отүстіктегі туыстарымыз Бағыс-суандар 1999 жылы атамыз Байсуанға кесене орнатып та алған-ды. Біз де сол кісіден тараған ұрпақпыз ғой, ұранымыз Байсуан, сол ұлы тұлғамызға нете белгі қойып, парызымызды өтемеске деген ой мені кептен мазалап жүретін.

– Мынадай жауапкершілігі мол жұмысты атқарып шығудың бір адамға ауырлық етері сөзсіз. Сіздер осы бағытта қанша адам жұмыс жүргізіп жүрсіздер?

– Бір адамға ауыр екені рас. Біздің қордың құрамында төраға, атқарушы директор, есепші және үш құрылтайшы болды. Оның сыртында қорға қаражат жинау үшін әр ауылдан мүшелер сайлап алғанбыз. Бүгінге дейін жинармадай адам ақыл қосып жұмыс істеп келеміз.

– Қаражат демекші, құпия болмаса, жұмыс жүргізу үшін қажет қаржының қайдан жиналғанын айтсаңыз.

– Ешқандай құпиясы жоқ. Қаражат халықтың өз еркімен жиналды. Жиналған қаржы қорға арналып ашылған «Нұрбанктегі» есепшотқа аударылып отырды. Бұл орайда қор мүшелері елмен кеңесе отырып көп жұмыс істеді.

– Өзіңіз білесіз, қазір істеген жұмысына ақы төлемесе ешкім жұмыс істемейді ғой. Сонда жаңағы жиырма адамға түгел жалақы төлейсіздер ме? Өздеріңізге ше?

– Дұрыс сұрақ. Ешкімнің тегін жұмыс істеуге келісе қоймасы анық. Оны талап етсек, «құрғақ қасық ауыз жыртадының» кері болар еді. Оның үстіне, бізде жұмыс істегендердің түгелге жуығы егде жастағылар. Олардың әр үйдің есігіне барып беруге болмайды, оны қалаға әкеліп банкке өткізуі, атаған малын базарға шығарып сатуы өте қиын жұмыс. Сондықтан әр ауылдағы қаражат жинаушыға еңбекақы ретінде түскен табыстан 10 пайызы, қалдағы жинаушыға 5 пайызы төленіп тұрды. Бұл шешім қор ұжымында арнайы қаулымен бекітілген. Содан кейін ұжымда тұрақты жұмыс істеп отырған үш адам бар. Олар – қор төрағасы Б. Жақыбаев, атқарушы директор С. Жұмаділов, есепші – компьютер теруші. Қор құрылғаннан бастап төрағаға айына 40 000 теңге, атқарушы директорға 30 000 теңге, есепшіге 30 000 теңге жалақы тағайындалып, бұл шешімді де ұжым мүшелері арнайы қаулымен бекіткен. Атқарушы директор мен есепші сол бекітілген жалақыны бүгінге дейін алып келеді. Қордың төрағасы, яғни мен қаулы шыққан күннен бастап жалақымның қор есебінде қала беруін өтініп, өзіме пайдаланудан бас тарттым.

– Демек, сіз істеген еңбегіңіз үшін жалақы алмайды екенсіз ғой?

– Иә, солай, алмаймын.

– Қызық екен, сонда үш жарым жылдық жалақы қордың қазынасына кетті ғой?..

– Солай, мен үлкен отбасының бас иесімін. Бала-шағам жалақы алуыма келіскен жоқ. Үлдарым алдымда «әкелеп», қыз, келіндерім «аталап» тұрса, маған сол да жетіп жатыр.

– Бәрекелді, бала-шағаңызға рахмет! Сіздер қаражат жинау мақсатымен аудан аумағын түгел аралайсыздар, әрине, жаяу жүрмейсіздер ғой. Көлік мәселесін қалай реттейсіздер?

– Менің жекеменшік автокөлігім бар және атқарушы директордың автокөлігін пайдаланамыз. Мен қордың есебінен айына 150-180 литр жанар-жағармай жұмсаймын, жұмсалған жанар-жағармайдың чегін ай сайын өткізіп есеп беріп отырамын. Атқарушы директор 70-100 литр жанар-жағармай жұмсап, оған да есеп беріп отырады. Көлік бұзылған жағдайда жөндеуден өз есебімізден өткіземіз.

– Бүгінге дейін қорға жиналған жалпы қаржат көлемін және демеушілерді атап өтсеңіз.

– Демеушілерден алынған құрылыс материалдарының құнын қосып есептегенде есепшотқа түскен қаржат он екі жарым миллион теңгенің көлемінде болды. Жеке адамдардың ішінде Аширов Ахмет 1 200000 теңге, Калиров М. 1 200000 теңге, Исмагов Закир 500000 теңге, Сарпеков Ұлан 300000 теңге көлемінде демеушілік көрсетті. Дифу Сарди 320000 теңгенің құрылыс материалымен көп ұшын берді. Біз әрбір ақша аударушының аты-жөнін «Орбұлақ» газетінде тұрақты көрсетіп тұрамыз. Бұл деген қорға қаражат салушылармен арамыздағы сенімділікті нығайтады. Сонымен бірге қордағы қаржының жұмсалғаны жөнінде төрт рет тексеру (ревизия) жүргізіп, кіріс-шығысты анықтап отырамыз. Оның ішінде бір аудиторлық тексеру болды.

– Енді кезекте бабамызға қойылған ескерткіштің үлгі жобасы жөнінде білсек.

– Осыдан бес-алты ай бұрын Суан бабаға қойылатын ескерткіштің үлгісін жасау үшін аудандық газетке хабарландыру жариялаған болатынбыз. Онда кімнің жұмысы «жақсы» деген бағамен қабылданса 150000 теңге көлемінде сыйақы берілетіні айтылған. Соның нәтижесінде бір ай көлемінде төрт үлгі сызба комиссия сарабына түсті. Комиссия құрамы солардың ішінен тәжірибелі сәулетші Камалдин Хасановтың еңбегін таңдап алды. Тұрғызылған ескерткіш кешенінің авторы сол кісі. Баба таңбасы ойылып салынған қызыл гранит тасты Қордайдан алғызып, Алматыда қашаттық.

Өткен қыстың басында Алматыда 150000 теңге тұрған чи жақсы мүсіндік үлгі жасатып, Үкімет комиссиясынан рұқсат алып беру үшін астаналық бауырларымыздың қолына бір-бірден ұстатып жіберіп едік, ол мәселе аяқсыз қалды.

– Базархан ағa, баба ескерткішін ұрпақтарының кіндік қаны тамған жеріне тұрғызуды арман етіп келгеніңіз белгілі. Осы жолда үш жарым жылғы өміріңізді сарп еттіңіз. Бүгін сол еңбегіңіз ақталып, еңселі ескерткіш алыстан көз тартып, баба рухын аскақтатып тұр.

– Ойымдағы игілікті істің жүзеге асып, қуанышымның қойнына сыймай жүргені рас. Бір тайпа елдің бас иесін ұрпағымен қайта табыстырып, тарихта тұңғыш рет атын атап белгі орнату бақытының маған, жаркенттік жерлестеріме бұйырғанына риза екенім анық. Сол сияқты бірге жұмыс істеген еңбектес достарыма, үйғыр бауырдарға, дүнген ағайындарға, татар жолдастарыма алғыс білдіремін. Барлығын баба рухы қолдап жүрсін. Аудан әкімі мен орынбасарларының қолдауын ерекше атағым келеді. Бәріне үлкен рахмет! Бұл бүкіл Жаркент тұрғындарының татулығы мен бірлік-берекесінің аркасында атқарылған игілікті іс деп ойлаймын.

– Ескерткіш орнатылған жастар саябағында жасалатын құрылыс жұмыстары әлі баршылық сияқты...

– Иә, атқарылатын жұмыстар әлі баршылық. Енді сол жерге неке сарайын салсақ деймін. Саябақтың жалпы көрінісіне музей үйі де сұранып тұрған сияқты. Қалған жұмыстар бірте-бірте атқарыла жатар еді. Оның бәрі қаражатқа байланысты. Ел аман болса жерге қаратпайтын ер азаматтар табылар.

– Базархан ағa, бүгінде ұрпақтары шат-шадыман өмір кешіп отырған жазиралы Жаркент өңірінің төріне Байсуан бабамыздың тұғырын мәңгілік бекіткен сіздей ағамызбен пікірлесе келгенде ойыма «Адамның асыл қасиеті – қалдырған өсиеті. Қарттары қазыналы елдің жастары жайсаң келеді» деген мақалдар оралып отыр. Соған орай өзіңізге сіздей қазыналы карттарымыз аман жүріп, ойыңыз өрде, орныңыз төрде болсын деген ізгі тілек айтқымыз келеді. Еліміздің игілігі үшін атқарған ісіңізге алғыс білдіреміз.

Бағдат АЙТМҰҚАЕВА,
Жаркент қаласы,
Панфилов ауданы.

■Отызыншы жылдар ойраны

ҚАСІРЕТ ҚАЙТЫП КЕЛМЕСІН

«Мезгілсіз, мерекесіз кеткендердің,
Аруағы бізді де айт деп сыбырлайды».
Иса БАЙЗАҚОВ.

Аллаға шүкір тәуелсіздігіміз тарихымыздың ақтаңдақ беттерін қайта қарауда.

Сол қатарда 1937 — 1938 жылдарын жазықсыз жазаланып, итжекпенге айдалып, атылып, ашығып, небір қорлық, зорлықты арқалаған ардақтыларымыздың арулығын жаңғыртып, бір ауыздан түсіріп, елдік, азаматтық жасап жатқанымызға «тәубе» дейміз.

Сол боз інгендей боздап кеткен боздақтардың баршасын ақтап, бұл күнде ұрпақтарын пәле-жаладан құтқарған Елбасына рахмет!

Менің әкемнен туған ағасы Байбалаев Құрманбай елге танымал, кезі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды адам болатын. Атақты Қарқара жәрмеңкесінің шаруашылық ісін басқарған. Ел жақсылары жылдың 3-4 айында осы жәрмеңкеге жиналып, ұлы дүбір тамаша, той-думанға айналдырып, айналадағы елдің көңіл-күйін бір көтеріп тастайды екен.

Менің шешем (Құрманбайдың келіні) Үміт ол күндерді былай деп еске алушы еді:

«...Айтулы белгілі қонақтарға арнайы үй тігілір, алаңсыз демалып, тамашалауға жағдай туғызылатын. Есесіне олар да тамашаны тамашаға қосатын. Тігілген үйдің үзіктерін түріп тастап Әміре Қашаубаев ән шырқағанда үні Қарқара жәрмеңкесінің басынан аяғына кетуші еді. Қазақтың аттысы ат үстінде, жаяуы жата қалып ән тыңдайтын Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Қанабек Байсейітов бай, байдың кемпірі, тоқалы, жалшысы болып ойнап, елді қырантопан күлкіге батыратын. Иса Байзақов «бір түнде білте шамның жарығымен жазып шықтым» деп, «Ақбөпе» поэмасын оқитын».

Құрманбай әкем сол біртуар азаматтардың ақ батасын алған кісі болатын. Құрманбай жеті ағайынды еді. Байбаланың жеті баласы ел алғашқы отырықшылыққа көшкенде бірігіп кірпіш құйып, қарағай тіліп, ауылдан данғыратып үй салдырады.

«Ағайын бар болсаң көре алмайды, жоқ болсаң бере алмайды» дегендей, бір ауылдас ағайын Байбала байдың баласы Құрманбай, әне, байлығын істеп, хан сарайындай үй салды, кедей-кепшіктердің еңбегін қанап»,... деп арыз домалатып, ұстатты. Біз Жылысайда тұратынбыз. Ұзынбұлақтың екі арасы жақын, жаяу келсем, төбесі шошақ бас киім киген (ГПУ дейтінбіз) екі адам атқа мінгізіп айдап барады. Үйіші у да шу, жылау-сықтау. Шешеміз Зәуре екінабат, тоқсандағы әжем Кішімжан, 2-3 жасар баласы Ермек, кішкентай қарындасым Клара осылайша аңырап қала берді.

Әкеміз Құрманбай сол кеткеннен мол кетіп, Владивостоктан бірақ шықты. Бір күндерде 1937 жылы зар-запыран өкініш аралас бір хат келді өлеңдетіп.

«Ермегім, ұзап кеттім қарағымнан,
Зар болдым бір сүюге тамағынан.
Ел-жұртым, жетім жайын білесің ғой,
Өзіңнің кем көрмеші қарағынан....
Байбала ұлы Құрманбай деп білерсіздер,» дегендей өксік хаттар мұнан кейін де келіп жатты.

1940 жылы бір қазақ, бір башқұрттан өлеңмен жазылған суық хат келді. «...Мен Құрекеңмен сотты болып жүргенде табыстым. Ауыр азапты бірге көрдік. Мұнда көрген қиыншылығымызды адам баласының басына бермесін. Мен сияқты ол да болмашы нәрсе үшін сотталыпты. Өзі сондай парасатты, ақылды, қамқор азамат екен. Осындай азаматқа қастандық жасаған адамның өзі де оңа қоймас. Ауыр азапқа шыдамай, ауырып қайтыс болды. Мен өз қолыммен жерледім, Құран бағыштадым.

Егер осы азалтан құтылсам, міндетті түрде ауылдарыңызға, Құрекеңнің отбасына барып қайтамын,» — депті хатта. Бірақ Ұлы Отан соғысы басталып кетті, келмеді, бар ма, жоқ па ол бейбақ, білмейміз.

Құрманбайдың отбасының да ауылда көрмеген азабы-тозағы жоқ. Шешеміз Зәуре сол қайғы-қасіреттің азабынан көп кешікпей қайтыс болды.

Әкеміз Құрманбай баласы Ермекті Ішән (Рысжан) әпкемізге аманаттап кеткен, үлкен әкеміз Сәрсебек қолына алды. Үлкен баласы Зейден соғысқа кетіп, қайтпады. Үлкен апам (әжем Кішімжан), қарындасым Клара мен үшеуміздің тауқыметімізді шешем Үміт біркісідей көтеріп, мехнат, азап-тозақтың отын көсеп жүріп бағып қақты.

Бұл қасірет жалғыз біздің отбасымыздың басынан өткен тарих емес, барша қазақ баласының басынан өткен қаратүнек еді ғой.

Тәуелсіздіктің ақ таңы атып, жазықсыз жапа көріп өлгендеріміз тірілтіп, өшкен оты қайта жанды. Менің досым, құрдасым, бауырым Зықаев Әділхан балаларына бас болып, жазықсыз жазаланған өз әкесі Ашаданнан бастап 165 әкемізге Кегеннен өнселі ескерткіш орнатты. Жыл сайын ел болып, жұрт болып басына барып, қаралы күннің ақтаңдақтарын ашып айтып, еске алып, боздақтарды ұрпақтары бір аунатып түсіреді.

Заман өзгерді, адамдар да өзгерді. Мына бейбіт өмірде қазақтың жаңа ұрпақтары өсіп-өніп, көгеріп-көктеуде. Тілті Тәуелсіздік алған жылы туғандардың өзі 25 жасқа келіпті. Менің немере қызым Айдана Мақсатқызы Оразаева Тәуелсіздікпен түйдей құрдас. Биыл жаңа отау құрып, өмірлік жар тауып, ұлан-ғайыр той жасап ұзатылып, мені ұшпаққа шығарды.

Ермегім де 80-нен асып, басы аман, бауыры бүтін тірлік кешуде. Немере-шөберелердің атасы ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, жұбайы Жалғаспен бақытты өмір сүруде.

Біз, өмірдің небір қияметін көрген қариялар: «Еліміз аман, жұрттымыз тыныш болса екен, бейбіт өмір жалғасын тауып, ағайынның араздығы азайып, ынтымақ, бірлігі арта берсе екен, ұрпағымыз бай-қуатты өскелең өмір кешсе екен, қазағым Мәңгілік Ел болу арманына жетсе екен»... деп дұға жасап, күнімізді өткізудеміз. Лайым солай болғай!

Совет ОРАЗАЕВ,
Райымбек ауданының
Құрметті азаматы.

■Өнеге

ОН АЛТЫНЫҢ зары еді

1916 жылы қазақ халқының басына қара бұлт үйірілді. Оның себебі, әскердің қара жұмысына Түркістан өлкесінің және ішінара Сібірдің 19-дан 43-жасқа дейінгі ер-азаматтарын шақыру жөніндегі патша жарлығы еді. Соның ала қазақ жеріне де Кеңес өкіметі орнап, жаңа өкімет бай-кедей деп жұлдан бірікті көздеген қазақтың екіге бөлініп, арасына жік сала бастады. Бірақ қазақ жұрты бір-бірімен арпалыспады. Керісінше, татулық пен ізеттілікті, мейірімділік пен мейірбандықты ту етіп ұстады.

Байлардың мал-мүлкін тәркіледі, оны қайда жіберіп жатқанын ешкім білмеді. 5-10 шақты қойы бар адамдардың да малын қоймады, аш-жалаңаш қалдырды. Халық өлместің күнін кешті. Шамасы жеткені шекара асты. Шамасы жетпегені жолда аштан қырылды. Атаанамның бастан кешкен өміріне көз жүгіртсем, қиындықта жүріп баз кешкенін байқадым. Әкем Әбдікадыр 1887 жылы дүниеге келіпті. Атам Жақыбай қажының үлкен ұлы еді. Әбдікадырдан кейінгі ұлы Құлыншақ, ал қалғаны қыздар. Жақыбай атамыз өз заманының бай-қуатты адамы болған. 1905 жылы Меккеге барып, қажылық парызын орындап қайтады. Содан кейін шаруашылықпен айналысуды тоқтатып, оны үлкен ұлы Әбдікадырға табыстайды. Әбдікадыр шаруаны алға дөңгелетеді. Ағайын-туыс, жекжат-жұрағаттарымен жақын араласып, олардан көмегін аямаған. 1917 жылы Кеңес өкіметінің келуімен әкеміздің тыныштығы кете бастады. Біртін-біртін мал-мүлкін тәркіледі. 1931 жылға дейін байлығын түгел тауысып, 1932 жылы өзін Талдықорғанға әкеліп, қамауға алыпты. Содан әкеме «халық жауы» жаласын жауып, Қарағандыға айдалмақ болады. Ол кезде Қарағандыға жеткізу үшін Үштөбеге апарып пойызға мінгізеді екен. Ал Үштөбеге барша тұтқынды жаяу апарады. Сөйтіп, 40 шақты адамды алдарына салып Үштөбеге бет алады. Әкеме туыс болып келетін Аязбай деген кісі бірге болған екен. Қалғандарын танымайды. Талдықорғаннан 15 шақырымдай жер жүргеннен кейін бастау басында демалдырыпты. Бір кезде «тұрыңдар, кеттік» деген бұйрық беріледі. Ал әбден зорыққан Аязбай орнынан тұра алмай қалыпты.

Сол зұлмат күндерін көзіне жас ала баяндаған әкем: «Алып келе жатқандар «тұр» деп айқайға басты. Алайда Аязбай тұра алмады. Сонда командирі мылтықпен басынан атып жіберді. Бауырым сылқ етіп құлап түсті. Біздің зәреміз зар түбіне жетті. «Кеттік» деп бұйрық берілді. Аязбай бауырым сол жерде қалды, оны не істегенін білмедік. Мұндай айуандықты көргеннен кейін жүрмей гөр. Сөйтіп бізді Үштөбеге әкеліп пойыздың жүк вагонына мінгізді. Ол кезде пойыз Қарағандыға бірнеше күн жүріп жетеді. Бізді мал орнында ұстады. Тамақты вагонның ішінде жейміз. Дәреттің үлкенін де, кішісін де сонда сындырамыз. Өмірінде мұндай ауыртпалықты көрмей өскен жандар осыған төзіп, Қарағандыға да жеттік. Олардың бәрін зона-зонаға бөліп, жұмыс істейтін жерлерге орналастырды. Мені отар-отар қойы бар жерге әкеліп, сонда жұмысқа салды. Қыста қойға өгіз шанамен шөп әкеліп шашады. Бір шанада екі адам. Өмірінде қолына аша, күрек ұстап көрмеген жанға бұл өте ауыр тиді. Ішкен тамақтары тамақ емес, аш жүрді. Барғандардың бірсыпырасы ауырып жатып қалды. Қаза болып жатқандары да бар. Осының бәрін көріп, қорқыныш биледі. Алладан сұрап «Мен қайда тудым, жанымды сонда ала гөр» дейтінмін. Сөйтіп қиналып жүргенде зонаға тағы екі адамды айдап келе жатты, бәріміз қарап тұрдық. Өлгілер бізге 15 қадам қалғанда біреуі «Әбдікадыр аға, сізсіз бе?» деп жүгіріп келіп құшақтай алды. Бұл өз ауылымдағы туысымның баласы Байтан екен. Екеуміз бір-бірімізді көріп, мәре-сәре болып қалыстық. Бастығыма айтып жүріп Байтан екеуміз бірге жұмыс істейтін болдық. Енді Байтан шөпті өзі тиеп, қойға өзі шашады, мен болсам өгізді айдадым. Байтан орысша сөйлей білетін, сөйтіп жүріп орыс бастықпен жақындасып алды. Соның арқасында мені ферма меңгерушісі дәрежесіне көтерді», – дей келе еңбектің жемісті екендігін айтты.

– «Алладан сұрағанның бүйірі шығады» деген емес пе? Алланың арқасында өз жеріме аман-есен оралдым. Сол жерде жазықсыз қаза болған қанша адамды көрдім. Мұның бәрін қандай қатыгездікпен іске асырды? Жазықсыз адамдарды «халық жауы» деуге қалай ғана қымсынбады? Бірақ сол жандардың жазасын Алла береді. Дұғам қабыл болып, Байтан інімнің келуі де Алланың ісі ғой, – деді де бір нүктеге тесіле қарай үнсіз қалды.

Әкем Әбдікадыр Карлагтан аман оралғаннан кейін тыныш өмір сүрді. Артық іс істемеді, өкімет туралы артық сөз айтпады. Артынан 7-8 ұрпақ ерді. Әкем өле-өлгенше малға, дүниеге жоламады, бізді де жолатпады. Бірақ туған-туыстары аш қалдырмады. Бірінен кейін бірі келіп бір жағына шығысты. Бұл да болса әкемнің кезінде ағайын-туыстармен етене араласып, көмек қолын созып отырғандығы болар. Адамдарға жасаған жақсылығы ол кісінің тектілігінен. Ешқашан адамға дауыс көтергенін көрмедік. Қартайған шағында көк есегіне мініп алып, ауылдағы адамдардың хал-жағдайын сұрап, сәлемдесіп, үйге 2-3 сағаттан кейін оралушы еді. Әкем маған: «Балам, Аллаға құлшылық ет, Алладан сұра. Менің КарЛаг-тан аман оралуым, Байтанды жанымға әкелуі Алланың ісі», – деп отырушы еді. Әкеміздің сол кездегі айтқанына аса құлақ салмадым, заманның ағымы солай еді ғой. Бірақ тәубе, әкеміздің артынан ерген ұрпағы жаман болған жоқ. Әрқайсысы үйлі-баранды болды, ұрпақ тарапты. Немере-шөбере, шөпшектері алып бәйтеректің бұтағына айналып, жапырақ жайды. Бұл жақсылықтың бәрі Алланың ісі екеніне көзім жетті.

Балғабай қажы
ӘБДІҚАДЫРҰЛЫ,
Кербұлақ ауданының
Құрметті азаматы.

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

ҚҰРАЛАЙДЫ КӨЗГЕ АТҚАН

Құндақбай мерген қашанға дейін «банды» атанады?

Әкемнен естіген әңгіме: 5-6 жасар кезім-ау. Ешкім оятпаған таң. Ораздың үстіне ауыл-аймақ жиналып, ақ-сұрын сойып, ет асып, ауыл-қайран болады. Ерлер ат үстінде, ойын-сауықтың дайындығы, ағаның жеңгесіне, әкелер балаларын, құдаларын сағынған, тіл табысқан жақындық ағат. Осы кезде қырғын таңнан келе жатқан адамдар да көрінеді. Бір топ бұлаңның төбесінде ақ сұрын бірін көреді. Алдыңғы ақ қарағы — қалақ жүгіншілері екен, аз соңында ақбоз келе жатқан — офицер. Ол кезде ақ-қызылдардың қолдан ауысқаны белгілі. Әулие ағаның жұрт екен дейді. Өлгелелі, қашып келе жатқандардың ең соңындағы бір адам алыс төбе айналдырып төбелей қалса, арғымнан құлап келе жатқан офицер автоматынан ата салып, жығып жібереді. Ағау бір-екі рет қарс етеді, тіпті жанағындағы сағындағы да айналып ақбоз құлады. Сұлу сәскілік әр жерден қызылдан балаларын үлкендердің мерекесін қолдық көрінеді. Бір кезде қашқын жігіттің тағы да алыс төбе айналғанын, қарс-қарс етілгенін ең, офицердің екінші ұстап тұрғы. Қалағандары жығып жібереді. Бұл кезде сарбаздар Сағындық қарай ұлып, кезден таса бола бастаған. Жалғыз мерген де алыстың басын бұрып, қаша жөнелді. Тым жақындауға болмай кеткен сағындар жаңа-тарманып аттарынан жаңадан жалғыз қалған кез қапаландай болады. Сонда біздің ауылдың қарттары: «Қайран Құндақбай-ай, ең өлді-ау», — деп жылаған. Сөйтіп, құлағандар мен қашқындар ұсынған болды. Құндақбай батыр құтылыпты. Арада көп салып «Батыр ағаң!» деген хабарды ұлығлық жақсылығында өзіне Сарыбайдың жағына жіберіпті, күрсіндесін отырған ұлы-ның тәуелсіз тәуелсіз қабаны жақтырып сала берген.



Сол шайқаста Құндақбай мергеннің жігіттерін алға сап, олар ұзап кетуі үшін бір қора атты әскерді жалғыз өзі бөгеп келе жатқанын кейін біздік ғой. Мергеннің оғы мұрат кетпейді, сондықтан ол бұрыла қалғанда ана жағының бәрі жапалақша жалп етеді екен ғой. Қыр басындағы көрініс әлі күнге көз алдымнан кетпейді.

Осы әңгімені айтқанда әкем бір күрсінін алатын. Ол кезде Балғалы деген шағын ауылда тұрамыз. Үлкендер Құндақбай жайлы көп айта бермейтін. Тек Орынбасар, Бөлеген Құндақбаев деген бозбалаларды үлкен кісілер «Ой, бандының күшігі», – деп қағытқанда «ақ боздың» жеңмен сүртіп жүрген біз түсінбеуші едік. Кейін білдік. Олардың Құндақбай батырға еш қатысы жоқ екен, тіпті аталас та емес. Тек сойы болек, ірі денелі, мінезді бозбалалардың қылығы мен фамилиясы үлкендердің жүрегінің түкпіріндегі батырдың өр бейнесін оятып, еске түсіріп жібереді екен ғой.

Құндақбай – Күренбелдің шұбыты, біреуге – қылмыскер, біреуге – дала Робин Гуды. Көзге ілінгенді қалт жібермейтін қолмерген болған адам екен. Совет үкіметі мергенді барынша жағымсыз етіп сипаттады, ұры-қарыға, басбұзар бандыға теліді. Соған ел сенгендей болғанымен Құндақбай туралы карттардың әңгімелері көкейде өзгеше ой туғызатын. «Банды» Құндақбай жайлы көлемді мақалалар, көркем шығармалар әлі күнге некен-саяқ. Сондықтан жұрт арасында қанды суша шапқан, тақымы кепкеген ұры жайлы кеңестік «деректерге» сенетіндер кездесіп қалады. Ондай мәліметтер сол кезде ГПУ-да қызмет еткен адамдар жазып кеткен естеліктерде де баршылық. Жарайды, рет-ретімен айталық.

Құндақбай Төлендіұлы жасынан отаршылардың қара пиғылына қарсы шыққан адам екен. 2013 жылы «Күренбел қасіреті» деген кітап шығарып, мергенді Кіндікбай деген есімнен бас кейіпкерлердің бірі етіп енгізген Құрманбай Еспенбетов ағамыз ел аузынан Құндақбай жайлы көп дерек жинапты. Айтуынша, 1916 – 17 жылдары Черкасск қорғанын талқандап, сол аймақты қан сасытқан атаман Анненковтан қашып, боскын болған Найман ауылдарын дәл осы Құндақбай мерген Көксу, Сатылы асулары арқылы Қытайға қарай өткізіп жіберген. Ақты түре қуған қызылдардың білігі келгенде де мәндайға қызыл жұлдыз тағып, шекеден қарағандардың қазақтың шекесін қыздырмасын мерген бірден түсінпті. Сөйтіп өзі де арғы бетке көшіп кеткен. Өзіне ғана мәлім тау соқпақтары арқылы туған жерге жиі келіп, елден хабар алып тұрады. Большевиктердің қазаққа жасаған қиянатын көріп, көптеген ауылдарды көшіріп әкетеді. Ел ашыққанда кедеймен қолындағысын бөліспеген байлардың малын айдап, жұртқа үлестіріп берген. Кәмпескеге ұшыраған талай түлікті бір өңірден екінші өңірге қиқулай қуып, ашөзегіне түсе бастаған қазағына азық еткен. Міне, Құндақбайдың «ұрлығы», «бәукеспелігі» осы. «Құлжада жата бермей, неге жортып жүрсің?» – дегендерге айтқан: «Келсем біреудің ақысын жегендерді теңге салуға, не құдайын ұмытқандарды жөнге салуға келемін», – деген батыр сертін Құрманбай ағa кітабына енгізіпті. 1917–31 жылдар аралығында Күренбел, Қапал маңынан көшіп, қызылдар қиянатынан құтылған көп қазақтың арашашысы – Құндақбай.

1919–21 жылдары қазақты бір аштыққа ұрындырып, одан кейін «Кіші Қазанның» қазандығына қуыра бастаған Совет үкіметінің саясатына қарсы болған қазақ көп. Тек осы Күренбел өлкесінен атақты Тезек төренің ұлы Құдиярхан, Мұртазаның ұрпағы Омар төре, қызыл қанды Құндақбай секілді біраз адам кәдімгідей қарсылық көрсеткен. ГПУ осылардың бәрін бір-біріне қосып үлкен банды етіп сипаттай салған. Сондықтан Құндақбай Құдиярхан серіктерінің тізімінде аталады. Қолға түскен сарбаздарды тергегенде де елі үшін күрескен азаматтардың есімін бір-бірімен байланыстыруға талпынған. Профессор Аман Шотаев пен өлкетанушы Азамат Ақылбеков ҮҚК мұрағатындағы құжаттардан Құдиярханның 1930 жылдың 19 қарашасында ату жазасына кесілгенін тауып, анықтаған екен. № 4341 сол істе Малайсары ауданы, № 7 ауылдан ұсталған Қарабеков Бектастың тергеу хаттамасындағы жауабы: *«...Құдиярхан, баласы Омар, Құндақбай, Нұртазинов Омар, т.б. ешқандай да «бандит» емес, бәрін де танимын. Ешкімге тиісін көрген жоқ, аз Сіздер «банда» деп отырған Әлімжандарыңыз бізге жолай да азмайды, қорқады. Винтовканы Түяқбаев Ерназар екеуміз бірге Алматыдан сатып алдық. Ең ауамға қолданғанмыз. Ұйғыстар отаққа керектігі болғанбыз.»*

Бұдан чекистердің қару асынған қарапайым ақшыға дейін банды деп тіркей бергенін байқаймыз. Ал, Омар төренің серігі болып, сонысы үшін қызылдың қиянатын көп көрген Бектас ақсақал біреде, 1989 жылы 84 жасында қайтыс болыпты. Қазағының азаттығы үшін күрескен азаматтардың бір-біріне жанашыр, үнемі байланыста болғаны ГПУ құжаттарынсыз-ақ түсінікті.

Құдиярхан атылғаннан кейін Ералы төренің шөбересі Омар большевиктермен 2 жылдай күреседі. Қазақтың құрдымға кете бастағанын көріп атқа қонған намысты жігіттердің іс-әрекетіне Омар төре ұйытқы болады. Азаматтарды ашындырғаны – аз уақыт ішінде казақтың екі мәрте аштыққа ұрынғаны еді. Күренбелді жайлаған Жалайыр, Қаңлы, Суан босып, адам төзгісіз күйге түседі. Осы кезеңде еті тірі, жүрегінің түті бар батырлар елді құтқаруға күш салады. Біраз ауылдарды Алтынемел, Көксу асулары арқылы Қытайға өткізеді. Омар төре 1933 жылы көз жұмыпты. Азамат Ақылбеков «Каждый стремиться к истокам...» деген жазбасында Омардың Керегетас деген жерде ГПУ қызметкерлерінің қарауылына іліккенін айтады. Ақылған жаудың тасадан атылған оғы іштен тиіп, бұратыла құлаған Омар төре жазушы төніп келгенде: «Иттер-ай, еркекше ашық келмей, қатынша қалтарыстан аттыңдар-ау. Аттым сені, Қабыкен!» – деп, көз жұмыпты. Жазуы солай ма, әлде төре қарғысы тиді ме, Қабыкен көп ұзамай қайтыс болады. Бастаудан су ішкенде ішіне құрт түсіп, ол да бұралып, катты қиналып өліпті.

Жоғарыда аталғандардың, әсіресе, Құндақбай Төлендіұлының большевиктермен катты егескенін, алдырмас жау болғанын чекистердің жазбаларынан-ақ түсінуге болады. Батырдың есімі XX ғасырдың орта шенінде басылған қазақстандық ЧК жайлы кітаптың барлығында бар. «Казақстан» баспасынан жарық көрген «Незримый фронт» (1967 ж.), «Чекисты Казакстана» (1971 ж.) және «Мы из ЧК» деген кітаптарда Совет үкіметі үшін аянбай күрескен ардагерлердің естеліктері жинақталған. «Мы из ЧК» кітабындағы Ф. Ивановтың «Преступление в урочище Чурук» атты очеркі Құндақбай бандысы жасады делініп жүрген бір қылмыс жайлы. Онда Құндақбайдың сенімді үш жігіті жас өкіметтің жеріне арнайы келіп, Балабеков деген белсендіні асып өлтіріп, екі күннен кейін қайта барып мәйітін өртеп жібергені баяндалады. Қайсар комотряд бандылардан қаймықпай, ерлікпен қаза табады...

Енді осы оқиғаның ел ішінде қалай айтылатынына назар аударайық. «Күренбел қасіретінде» де бір уәкілдің өлімі жайлы эпизод бар. Жаңағы Балабеков (кітапта фамилия жоқ, бұл прототип болуы мүмкін) кедейлердің қыз-келіншегіне маза бермейтін, күйеуін тапаншамен қорқытып, көршіге *[illegible]* болған екен. Сол уәкіл Қинаш деген жігіттің әйеліне тиісіп, дегеніне жете алмай сабап, басын жарып кетеді. Ауылда болмағандарына бармағын шайнап, намыстанған Асылбек бай, Хамза, Рақым, Қинаш деген төрт кісі әлгінің артынан қуып барып, Хамза ақылы шолақ, ашуы тез уәкілмен жекпе-жекке шығады. Және жеңсе аман кететініне үзде береді. Бір-біріне қамшы сілтескенде уәкілдің шадыр мінез аты ойқастап, ала қашады да иесін жарға жығады. Уәкіл мойны үзіліп өледі. Жігіттердің қылмысы: «қандастың қанын, қарындастың жасын кешкен албастының соңы сен бол», – деп құрай, ағаш жинап өз ажалымен өлген уәкілдің өлігін өртеп жіберіп, алас жасағандары. Және бұл оқиға, Иванов жазғандай, Актөбешұрықта (Шұрықтың дұрыс атауы) емес, осы күнгі «Сарыбұлақ» совхозының №2 фермасының маңында болыпты. Хамзалар уәкіл сүйегінің қалдығын, ат-әбзелдерін жар түбіне көмген екен. Бертін келе сол жерден үзенгі табылыпты...

Совет қызметкерін кім өлтіргенін таба алмай тығырыққа тірелген ГПУ басшылары Сарыөзек маңындағы ауылдардан 35 адамды қамтады. Солардың он алтысы жаңағы жігіттер тұратын «Он екінші ауылдан» екен. Мұны естіген Асылбек бай мен Хамза өз еркімен милицияға барып беріледі де ауылдастарын босатуды өтінеді. Ауылдас 16 адам азаттық алыпты, ал өзге ауылдардан ұсталған 18 адам... олар із-түссіз жоғалған. «Бұл болған оқиға. Хамзадан қалған ұрпақ бар. Бір немересі Талдықорғанда тұрады. Сол оқиғаға қатысқан, жекпе-жекті көзбен көрген Рақымның туыстары да бар, Сарыөзекте. Олардың Құндақбайға еш қатысы болмаған. Намыстан күйіп кеткен қарапайым қазақтар ғой», – дейді Құрманбай Еспенбетов.

Бұл дерек Құндақбайға осы өлкеде болған барлық оқиғаның теліне бергенін дәлелдейді. «Қасқырдың аузы жесе де қан, жемесе де қан». Деректермен таныса түскен сайын қазақ жігіттерін ең катты шамыркандырғаны ұжымдастырудың ұранды да, аштықтың ылаңы да емес, қарагөз қарындастың көрген қорлығы екенін түсінесің. Чекистердің жазбасындағы банды Құндақбаймен «ауытқаласқан контра Омардың» да осындай бір оқиғасы бар. Ол Бектас атаның естелігінде де сипатталған. Онда жігіттердің Матай тауының етегіндегі бір ауылда 7 солдаттың бас көтерер 4 азаматты қылышпен турап тастап, жас қыздарды бір киізүйге жиып, зорлап жатқанының үстінен түскені айтылады. Омар төренің жігіттері жаңағы алты орыс, бір тілмаш татарды қолға түсіріп, ауыл сыртына алып шығып, лақша бақыртып бауыздапты. Накақ қан төкпейтін жігіттер осыны «дақпырты алыска кетсін, большевиктер естіп, қазақ қызын қорлауға қорықсын», – деп жасаған екен.

Генерал-майор А. Тілеулиев жетекшілік етіп, подполковник Я. Я. Миловалов, подполковник А. С. Ивановтар құрастырып, 1980 жылы жарық көрген «Ответный удар» кітабындағы «Садырбай и Миша» деген очеркте бандының ортасына сатқындардың калай енгені, 1930-31 жылдары Құндақбайдың қыр соңынан қалмаған Беляев дегеннің отрядының сарбаздармен үш мәрте соғысқаны айтылады. Сол шайқастардың бірінде Беляев тас-талқан болып жеңіледі. Қотыркай, Шаған таулары арасындағы Қараңғысай деген жерде Құндақбай соңына ерген елді құтқарып, аман алып кетеді. Сол атыс кезінде ок типп өлген ірі қараның сүйегі, арбаның сынықтары бертінге дейін шашылып жатыпты. Қолкүрес шебері, Азияның бес дүркін чемпионы Әбдуәли Тастанов ағамыз: «Шаған тауында «Құндақбай үңгірі» деген үңгір әлі бар. Мерген жігіттерімен осы үңгірді талай мәрте паналаған екен. Бала күнімізде сол үңгірдің ішіне кіріп ойнаушы едік», – дейді.

Құндақбай мен қызыл отрядтың екінші қақтығысы «Шайтансай» шатқалында болған. Сәлім бай секілді көптеген ауқатты адамды ауылымен Күтпанға аман жеткізіп, аштықтан қиналған қазақтың арасында есімі аңызға айналған Құндақбай батыр Күренбелге тағы келіп, Хасан Көпесбайұлының елжұртын арғы бетке асырмақ болады. Ауылдың көшкелі жатқанын бір сатқын айтып қойып, көш арқа тап болады. Елең-алаңда ұйқыдағы жұртқа ок боратқан отряд ешкімді аямайды. Тұтас ауылдан үш-ақ адам – Хасанның өзі, бір баласы және бір әйел тірі қалады. Құндақбай жігіттермен шегіне атысып әзер құтылыпты. Тұтқынға түскен Хасанды большевиктер абақтыға жабады, баласын жетімдер үйіне жібереді. Осы ұрыстан кейін ГПУ қызметкерлері Талдықорғандағы ОГПУ басшысы Иванovка «Құндақбай өлді, құрттық» деп есеп беріп, кейін өтірігі ашылып, масқара болады.

Үшінші шайқас аштық пен қорлық сүйегіне өткен қазақ атқа қонып, мерген қызылға қарсы қол жинаған 1932 жылы, Түлкілісай деген жерде болған. Құндақбай батырдың жасақ жинауын чекистер «Ақ гвардияшылардың тапсырмасы. Коноград қазақ революциясы кайдан білсін, айтақтап жүр» деп жазды. Қытай жақтан тапсырма беріп отырған «әміршісі» есебінде біресе ақтың орыс офицері, біресе сол ақтардың сапында болған капалдық Қанымбеков деген қазақ айтылады. Десе де отаршылармен 15 жылдан аса уақыт алысқан Құндақбайдай ер біреудің айтқанымен қол жинады дегенге сенетіндер аз.

Түлкілісай шайқасы жайлы жазба мәлімет жоқтың қасы. Чекистер бұл жайлы айтқысы келмеген. Есесіне Түлкілісайдың басында «Кісікырылған» деген жер бар. Оның қасіретті тарихы ел арасында ауыздан ауызға айтылып келеді. Басқа ауылында ұзақ жыл ұстаздық еткен Жанқыдыр Қыдырбайұлы осы оқиғаны әкесінен естіген картардың бірі.

«Әкем Жиеқұлтөгел Қыдырбайдан естідім, 1931-32 жылдың шамасы болса керек. Құндақбайдың жиған жігіттеріне аштықтан ыңырғайы шыққан ауылдар қосылып Түлкіліге көп халық жинала бастайды. Барып көрген адам ағасай біраз жүрген соң үшке бөлінетінін, олар Түлкілі, Теректі, Қыздың сайы деп аталатынын біледі. Күнгейінде Басқа жазығы, теріскейінде Қоғалы жатыр. Теректі – түйық сай, текше жартастарға тіреледі. Ал қалған екеуімен тау арасын жарып өтіп, Қытайға қарай шығуға болады. Құндақбай елді Қыздың сайының басына, қатар жатқан Теректі бітер түсқа топтастырса керек. Осы жерден қил жинайды, арып-ашып көмек сұрай келген ауылдарды топтастырып. Сатылы асуы арқылы арғы бетке өткізумен айналысады. Құндақбайдан көмек сұрағандар көп болған екен. Қашып-пысқан қазақтың, Құндақбай жігіттерінің Түлкілінің түбіне жасырынғанын сатқындар милицияға жеткізеді. Тау ішіне жау қайдан келсін деген қамсыз жұрт аз күзет қойып, үйқыға кеткен бір түнде қызылдар операциясын бастайды. Бейқам күзетші де мызғып кетсе керек, жақын маңда қарадан жүргендерді байқамайды. Отряд командирінің бұйрығымен солдаттар бұқпантайлап келіп жақын маңдағы жартастардың басына екі пулемет қояды. Таң ата ел үдере түрып, қозғала бастағанда екі пулемет сақылдап сала береді. Қалтарысқа тығылып үлгермеген қарт, бала-шаға, қыз-келіншектерді, жылқыларды қарша бораған оқ бәудай түсіріп көп адам өледі. Тастарды паналап үлгерген аз жігіт атыса бастайды. Пулеметтің оғы Құндақбайға да тиіп, жеңіл жаралайды. Құндақбай атысып отырып 10-15 жігітпен сытылып кетеді. Жау қашытылған отряд бірен-саран тарс еткен мылтықтың үнін өшірем деп екілене түскенде тауда ортекеше орғып жүретін Құндақбай айналып, тау сыртарынан шығыпты. Мерген алыстан көзбен, екі пулеметшіні бір-бір оқпен жер жастандырады. Мылтық қайдан атылғанын түсінбей орнынан көтерілген комотряд та мұрттай ұшады. Осыдан кейін мерген пулеметке ұмтылған солдаттарды жалғыз оққа жалығындырып, маңына жолатпайды. Оқ-дәрілер қарудан бір, командирден екі қырағы есті шыққан ротаның Құндақбайдың жігіттері қырып салып, қызылдардың азы қана қашып құтылады. Аз Құндақбайлар құдай сақтап тірі қалған, жараланған адамдарын тездетіп жинап, Қытайға қарай жүреді. Өлген адамдарды көмуге де мұрсаттары болмайды.

Түлкілі басындағы қырғынды қоғалықтық казақтар естіп, үш-төрт күннен кейін алып жатқан маркұмдарды сол маңға тастап бастырып, жерлейді. Ал сол қанды оқиғадан кейін бұл жер «Кісікырылған» аталып кетіпті».

Түлкілі шайқасындағы маскарасын жасырмақ болған чекистер жоғарыға тағы да «Құндақбай бандының көзін жойдық» деп есеп береді. «Күренбел қасіретіне» бұл шайқас кірмепті. Авторы: «Естідім. Бірақ, нақты деректер таба алмадым. Түлкілісайда 1960 жылдары да адам сүйектері шашылып жатқан екен», – дейді. Ол көмусіз қалған байғұс қазақтың сүйегі ме, Құндақбай жусатып салған солдаттардың сүйегі ме? Өлгелегушылар зерттеп, анықтайтын бір түйткіл осы.

Большевиктер жазбасы бойынша Құндақбай большевиктер оғынан қаза тапқан. Бірде қызыл әскердің операциясы сәтті болып, Құндақбай сарбаздарымен қоршауға түседі. Бір-екі адамның құтылып кеткені болмаса банды түгел қырылады... *«Комотряд, снабженный подробными сведениями о расторжении главных сил бандитов, вскоре провел успешную операцию. Многие бандиты сдались. Кундакбай с наиболее верными своими приспешниками ушел к границе, но там, в районе Дубуна, был окружен заранее предупрежденными пограничниками и разгромлен. Только нескольким бандитам удалось вырваться из окружения. Сам Кундакбай был убит».* («Ответный удар», 1980 жыл).

Мергеннің қаза тапқаны жайлы әңгіме ел арасында да бар. Құндақбай расымен коршауға түседі. Тек «бандиттердің» бәрі беріде салмаған. Карттардың айтуынша, жігіттерді бұл жолы да Құндақбайдың мергендігі құтқарады. Ол екі серігімен жартаска бекініп, қаран еткенді қанып түсіп, солдаттарға бас көтертпейді. Осыны пайдаланып сарбаздары сытылып кетеді. Оғы таусылғанша атыскан мерген сол жартастың басында сан жаралан жантәсілім етеді. Көрдіңіз бе, халық батырдың рас-өтірігі белгісіз өлімін де өр аңызға айналдырған!

Ел ішінде Құндақбай тірі кеткен, 60-жылдары бері қайткан кандастармен бірге оралып, бөтен аты-жөнімен Кербұлақ ауданындағы «Амангелді» совхозында тұрып, картайып көз жұмған деген де әңгіме бар. Құрманбай Еспенбетов осы аңыздардың бәрін жоққа шығарып отыр. Ол кісі: «Құндақбай Құлжаға аман-есен жеткен, 40-жылдардағы Қытайдағы ұлт-азаттық соғысына қатысқан. Сол жақта қайтыс болған. Мұны арғы беттен оралған азамат, «Күренбел қасіреті» кейіпкерлерінің бірі қаракалпақ Ермұраттың баласы Ақантайдың аузынан естіген адамдар бар. Ақантай арғы беттe батырдың сенімді серігі болған», – дейді. Сол Ақантай Ермұратұлының айтуынша, Құндақбай қалың қытайдың да жүрегін шайлықтырып, арғы бетте де аңызға айналыпты. Ол былай болған екен: ұлт-азаттық соғыста Құндақбай өзіне ұзақ уақыт адал дос әрі аудармашы болған Үйсінді (Ю-суің) тұи ортасында қытай сарбаздарының қосынына жіберіп, мылтықтарының оқатарын (боек) бұздіртеді. Содан кейін өзі сол әскердің ортасына сап ете қалады. Мылтығын көлденең ұстап еркін келе жатқан казакты көрген қытай солдаттары қаруларына жармасып, ата бастайды. Бірақ сан мылтықтың бірінен тырс еткен дыбыс шықпайды. Құндақбай болса жалғыз мылтықпен сес көрсетіп, қалың қытайды отырғызып кетіпті. Содан кейін қытайлар арасында мылтық оғы дарымайтын көскалдай көпті, көзінің оты бар батыр туралы аңыз тарапты.

Міне, бары осы. Қолдағы кітаптарда, тарихи жазбаларда Құндақбай Төлендіұлы жайлы мәлімет өте аз. Жеке зерттеп жүрген өлкетанушылар, тарихшылар болса тапқан құжаттарын жариялап, даланың батыр ұлы жайлы елге білдіре түссе газап болар еді. Ал, әзірге ол – ақиқатынан аңызы басым тұлға. 95 жыл дегенде Кейінің кетпенмен шабылған басына қолымыз жетті-ау, әйтеуір, ал Құндақбайдың сүйегі қайда қалды? Шатқалда қаза тапса қай түсқа қаны тамды, Қытайда көз жұмса моласы қайда? Ата-әжелеріміз есімін құлағымызға сыбырлап айтқан батыр есімін ұрпағымыз білің жүруі үшін оған неге бір ескерткіш қоймаймыз немесе көше атын беріп, дәріптемейміз? Әлде қазақ тәуелсіз болғалы ширек ғасыр өтсе де Құндақбай «банды» болып қала бере ме?

Барлық оқиға осы Жетісу жерінде болғандықтан Құндақбайға қатысты тарихтағы жағымды-жағымсыз кейіпкерлердің бәрінің ұрпақтары осы жерде өскен, өнген. Сондықтан, пікір де, көзқарас та әртүрлі болуы заңдылық. Бірақ «Әке үшін бала жауап бермейді» дегенді қаперде ұстап, бір нәрсені ескеру керек. Кеңес үкіметіне қарсы соғыстардың Жетісуда да болғаны, оның қол-басшылары, сардарлары, даңқты сарбаздары да болғаны – ақиқат. Біз солардың ең атақтысы, талай аштың аузына су тамызып аман алып қалған, мекенін қорғаған көкжалдай желке күжірейтіп, күн-түн тынбай жортып, талай ауылды қорлық-зорлықтан құтқарған Құндақбайды да жете тани алмай жатырмыз.

P.S. *С. Сейфуллиннің шығармасындағы Құдайқол деген жалғыз қулықты Абдолла Қарсақбаев ағамыздың «Даладағы қуғын» фильмінде қалың әскер өрікті дала батырын Құдіреге айналдырғанда бір сәл бар-ау... Тау шатқалы арқылы Қытайға өтіп қайтып оралу, екі пулемет секілді деталдар Жетісуды мекендеді-ау, Құдіре Құндақбайдың прототипті емес пе екен деп ойлайтын кезде... Әлде бұл режиссердің Құлан Көкіш сынданып ескертпесі ме екен, әлде маңыстаулық Құрман мерзімді ағ ұлығасын деген... Әлде біз әлі білмейтін мың Құндақбай-Көкіш-Құрман-Ораздардың бәрінің рухына бір тұғынды арнады режиссер ағамыз?..*

Сайып мұрнынан жыламаған қызыл хамшыгерлердің дәуірі өткелі қашан, ал біз Кеңес заманында Абдолла ағамыз экраннан ашық айтқызған «Ерікті даланың батырын» деген сәйкі қайталануға қайтпаймыз?! Хамшыға «Мен қазақ деген ел болып қалдым!», — деуші ме еді Құдіре?..


Серік ӘБІКЕНҰЛЫ,
журналист.

№138(18270) 15 желтоқсан 2016 6-бет

АЛДАСПАН

ӘЛИХАН және ТӘУЕЛСІЗДІК

Алаш және Түркістан автономияларының бұл ұйымдарын құрушылары енді ашықтап жазар. Мұстафа Шоқай мен Зәки Валидов Түркияның астанасында сонау Алаш және Кокан автономиясын құру туралы стратегиялық шешім Орынборда қабылданған. Кейбір қалыптасқан көзқарасқа сәйкес кеңес тарихшыларының «Кокан автономиясы» деп атаулысын бәлкім Мұстафа Шоқайдың бастамасымен құрылды, бұл мағынасын 1917 жылдың 27 қарашасынан 1918 жылдың 22 ақпаны аралығына деп жасады.



Түркістан мұхтариятты туралы зерттеушілерде оның тарихында бірден-бір жетекшілік рөл кімнің Мұстафа Шоқайға беріледі де Мұхаметжан Тынышпаевты жай Алаш қайраткері Алашқорда үкіметінің мүшесі ретінде сипатталады. Тарихшылар арасында Түркістан мұхтариятының тарихи маңызы мен рөлін Алаш автономиясынан жоғары қоятын ғалымдар да жоқ емес. Ал бүгінгі күн айналымға түскен тарихи деректер Алаш автономиясы мен Түркістан мұхтариятының тарихын түбегейлі қайта қарауға жетелейді. Мысалға, 1917–1919 жылдардағы Башқұртстан автономиясының тарағасы болған Ахмет Зәки Валидовтың мәлімдеуінше, Түркістан мұхтариятын құру туралы бастама да, түпкілікті шешім де Қоқан қаласындағы Мұсылмандардың тартпаш Түркістан құрылтайында емес, Бүкілресейлік Уақытша үкіметтің Торғай облысындағы комиссары Әлихан Бөкейханның Орынбордағы кеңсесі – резиденциясында қабылданған.

1994 жылы Уфада қайта басылған өз естелігінде Ахмет Зәки Валидов осы туралы: «Қазақ халқының көрнекті қайраткерлері Ахмет Байтұрсынұлы, Шың-ғысхан ұрпағы, Бөкей ордасының аса қадірлі ақсақалы, ерде жастағы Шыңғырей сұлтан Бөкейханов, Ташкенттен келген Мұстафа Шоқай, Жиханша Досмұхамедұлы және басқалары қазанның соңы, қарашаның басында Торғай губернаторы Ғали хан Бөкейханның резиденциясына жиналды. Мен бірнеше мәселеге қатыстым», – деп жазды. Оның мәлімдеуінше, 28 қазанда Ташкент қаласы да Кеңес өкіметінің қолына өтті, сол себепті Мұстафа Шоқай Орынборда кідіруге мәжбүр болды. Әлихannың кеңесіндегі ең күнделікті мәжіліс барысында қазақ қайраткерлері Ахмет Зәки Валидовқа башқұрд істерін қоя түрып, М. Шоқаймен бірге Ташкентке аттануды ұсынады. Ал резиденциядағы мәжілісте Ташкенттегі, яғни, большевиктердің үстемдігі орнаған жағдайда Түркістандағы ахуалды үйлестірмейінше, бүкіл Кеңес өкіметінен қайтарып алмаған күнде де, еңбекқа күшті теңестірмейінше, Алаш автономиясын жариялауға болмайды деген ортақ пікірге келеді.

Ахмет Зәки Валидовтың мәлімдеуінше, мәжіліс екі күн жалғасып, біздің келешек тағдырымызды негізінен айқындап берді. Ал Түркістан мұхтариятын құрып, оның дәржавалық-әскери-министрі болған Мұхаметжан Тынышпайұлы өзінің еңбегінде Мысалға, 1917–1919 жылдардағы Уақытша үкіметтің Жетісу облысындағы комиссары болып тағайындалуының өзінде Ташкенттен Алаш көсемине жазған хатынан анық байқауға болады.

Ашығын айтқанда Орынбордағы мәжілістен соң, Түркістан Әлиханның тікелей тапсырмасымен құрылғанын бұлтартпай дәлелдейтін тағы бір тарихи оқиға бар. Ол – Алаш автономиясы құрылып, Әлихан бастаған Алаш Орда үкіметі жасақталғанда Мұхаметжан Тынышпайұлы мен Мұстафа Шоқай екеуі, бірі Түркістан мұхтариятының төрағасы, екіншісі оның Сыртқы істер министрі болуына қарамастан Алаш Орда үкіметіне мүше болып сайланды.

Адамзат тарихында екі дербес мемлекет пен олардың екі бөлек үкіметіне бір қайраткердің, қарама-қатар мүше болып сайлануына бұрын-соңды кездескен емес. Ал сол «Ұлы Түркістан» идеясын жалғыз Мұстафа Шоқайға таңатын ғалымдар-дың кейбірі «Әлихан Бөкейхан Алаш автономиясының Түркістанмен біргуіне қарсы болды» деген пікірге дәлел ретінде Алаш көсемінің «Жалпы Сібір съезі» атты мақаласын мысалға келтіреді.

Иә, Әлихан ол мақаласында: «Түркістан өз алдына автономия болар. Біздің қазақтың Түркістанға қосылғаны ең деген пікір де бар. Біз Түркістанмен дидес, туыс-қанбыз. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қарауы соқыр болса, Түркістан 10 есе артық, Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті пар жекпен болады. Бұл арбаға мінп біз қайда барамыз?» – деп жазды.

1918 жылдың жазында Сібір автономиясының үкіметіне жолдаған баяндамасында Әлихан Бөкейханның «Алаш Автономиясы Сібір мен Түркістан облыстарының құрамына ешқашан кірмеген Қазақ өлкесінің 6 миллион қазақ-қырғыз халқын біріктіреді». – деп жазғаны тағы бар. Әлихан Бөкейхан бұл саяси кезеңдегі панисламизмнің және пантүркизмнің күшеюінен қатты сескенетін Ресей басшылары үшін оларды адастыру, алдақату мақсатында ғана жазған саяси адыс-амалы болатынын Алаш пен Түркістан автономияларының ең бәлек құрылуының басты сыры да осында жатыр еді.

Ресей империясының патшалық билігі ғана емес. 1917 жылғы Ақпан төңкерісін жүзеге асырған демократтарының өздері де, тіпті Кеңес өкіметі де түрік-мұсылман халықтарының бірігуінен одан бетер қорықты. 1924 жылы Кеңес өкметінің Орта Азия халықтарын дербес республикаларға бөліп, 1925 және 1929 жылдары Қазақстаннан Орынбор облысын бөліп Ресейге қосып беру арқылы көрші Башқұртстан мен Татарстанды Қазақ елінен ажыратып алуы соның бұлтартпас айғағы болып табылады.

Ал Әлиханның түпкілікті мақсаты орыс империясының отарлығындағы барлық түрік-мұсылман халқының басын біріктіруді көздеген Алаш автономиясы даңғаза тік тұрып кеткен жағдайда. Түркістан мұхтариятының құрамдас бөлігі болуға тиіс еді. Әлихан Бөкейхан XX ғасырдың басында Еуропа мен Азия құрлықтарындағы Болгария, Қырым (Черногория), Монголия, Қытай сынды елсіз, мәдениеті мен экономикасы мешеу ұлттар мен елдердің отаршыл, жыртқыш алып империялардың жеңіліне айналған, қайғы-қасіреттке толы тағдырын терең зерттей келе, бүкіл түрік-мұсылман халықтарының біртұтас мемлекетін қайта жаңғыруға керек деген терең ойға келген.

Әлиханның XX ғасыр басында Еуразия кеңістігіндегі жалпы бүкіл әлемдегі оқиғалардың барысы мен өрбуін қалт жібермей қадағалап, 1913-1918 жылдары «Қазақ» газетінде жариялап отырған «Англия Европа соғысына не себептен кіріскен?», «Балқан соғысы», «Түрік пен грек», «Жапон һәм Қытай», «Монғол халқ» және тағы басқа көптеген саяси шолуы оның түрік-мұсылман халықтарының бірігуі керек деген идеясы адамзат тарихының өткен мен бүгінгі терең зерттеп зерделеуінен туған маңызды қорытынды болатын.

Алаш автономиясы – бірыңғай қазақ ұлттық мемлекеті емес. Кем дегенде қазақ-қырғыз біртұтас мемлекеті, ақыр аяғында – Ресей империясының отарлығындағы бүкіл түрік-мұсылман халықтарын біріктіретін құатты мемлекет түрінде жоспарланып құрылды. Оған «Алаш» партиясы бағдарламасының II тарауындағы «Ретті келсе Қазақ автономиясы сыбайлас жұттармен әзірге бірлесе болуы, ретті келмесе – бірденақ өз алдына жеке болуы» деген жолдарынан көз жеткіземіз. Сібір автономиясының үкметіне жолдаған баяндамасындағы «Алаш Автономиясы Сібір сияқты формасы жағынан дәңгелек төрізді территорияны алып жатыр және 10 миллион халқы бар ірі саяси бірлік болып табылады» деп сол 10 миллион халықтың ішінде қырғыздар мен Орта Азияның қарақалпақ, түркімен сынды өзге түрлі халық-ұлысын да атап айтса керек.

Әлихан Бөкейханның башқұрт және татар көсемдерімен 1918 жылдың көктемінде Алаш қаласында (Семей) және сол жылдың күзінде Ресейдің Құрылтай жиналысы мүшелері комитетінің Уфа қаласындағы мемлекеттік мәжілісі сиртында өткен кездесудің нәтижесінде қазақ-қырғыздың Алаш башқұрт және татар автономиясының бірігіп бір мемлекет құруға келісімі – Алаш идеясы мен Алаш автономиясының түпкілікті мақсаты – орыс империясының отарлығындағы түрік-мұсылман халықтарының біртұтас мемлекетін құру ашығын айтқанда – Ұлы Түркістан мемлекетін Түран империясын қайта жаңғырту болды деп кесіп айта аламыз.

Оған бірден-бір дәлел ретінде Алаш автономиясының тарихына қатысты Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағатында сақталған мына тарихи картаны атап көрсетуге болады. Мысалға, Алаш автономиясының ресми тарихынан Әлихан Бөкейхан мен Башқұрт автономиясының тарағасы Ахмет Зәки Валидовтың қазақ-башқұрт одағын құрмақ болғаны мәлім. Алайда егер Әлиханның Мәскеуде ақыры рет түтқындалып, Бутырка абақтысында тергеушіге 1937 жылдың тамызында берген соңғы жауабына дең қойсақ, Әлихан Бөкейхан мен Заки Валидов Тоған Қазақ-Башқұрт саяси одағын емес біртұтас мемлекет құру туралы уағдаласқан болып шығады. Тергеуші Әлиханнан Бөкейхан сәзбе-сәз былай деп жауап береді: «1918 жылдың қыркүйегінде Уфа қаласында Алаш Орда үкіметі мен Валидовтың башқұрт үкіметі өкілдерінің мәжілісі болып өтті. Алаш Ордадан мен Бөкейхан, Әлмахан Ермекұлы, Жиханша Досмұхамедұлы, Халел Досмұхамедұлы болдым. Осы мәжілісте біз Кеңес өкметіне қарсы бірлесіп күресу және біртұтас Башқұрт-Қазақ мемлекетін құру туралы уағдаластық».


Тергеушінің кезекті бір сұрағына Әлихан Бөкейхан: «Бәрінен, Кеңес өкметіне қарсы күресу үшін біздің қарулы күштерімізді біріктіру қажеттігі болды. Бұлайша күш біріктіруді біз Қызыл армияға тәтеп беретін шараның мүмкіндік деп бағаладық. Екіншіден, жерімізді көршілес болуы және Башқұртстанда башқұрттанып кеткен қазақтардың айтарлықтай көп тұратынын ескердік. Үшіншіден, Қазақстан мен Башқұрт экономикаларын ұштастырудың тиімділігі. Башқұрт рудасы, орманы және қазақ астығы, малы және мұнайы. Мине, осы жайттарды ескере келе біз бірлесек, әскер жағынан да, экономика тұрғысынан да құатты мемлекет құра аламыз деп есептедік». – деп мәлімдеді.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейханға қатысты тағы бір адасқан пікір бар. Ол «Әлихан Алаш автономиясын Ресейден бөлып тәуелсіз мемлекет құрғысы келмеді» деген пікір. Ал тарихи деректерге сүйенсек, Әлихан Алаш автономиясын құрмай тұрып-ақ келешек ұлттық мемлекетті алып отаршыл империяның құрсауынан қалайша қантегісіз және атабаба жерінің тіпті ауақтандай телімін де қалдырмай босатып алудың барлық мүмкіндігін іздестірген. Мысалға, Әлихан 1917 жылдың қазан айында, яғни Алаш автономиясын жариялаудан 3 ай бұрын «Қазақ» газетінде жарияланған мақаласында: «Биыл жаздай болған комитет сайлауы, біздің қазақ өзін-өзі билегенде істеген істері көрсетіп тұр: іс атқаратын азаматтың аздығын, жалпы жұрттың қараңғылығын біз ойладық, ауыл Сібірге сүйеніп, тасымалдап, жалғасып, көшіп кетелік жөн жалғап. Назар аударыңыздар – зор мемлекет көсемінен құтылып-ап, отау болып сонынан балнелік деп». – деп жазды.

1917 жылы Құрылтай жиналысы сайлауының қарсаңында жарияланған «Қазақ депутаттары» атты мақаласында Кіші Алаш басшысы Әлихан: «Біздің ішкеніміз - Алаштың аты бәйгеден қалмай, тіпті басқа, алдыңғы қатар топ. Алаштың басын бұл жолы бәсекеге, жақсы арада ол тілімізді ілінде білік мәжілісте болар», - деп жазды, 1991 жылдың 16 желтоқсанында қазақ елінің ол тілімізді ол қалыпқа келтіріп, тәуелсіздік алғанының бәсекеге жолы қашық па?!

Сұлтан Хан АҚҚҰЛҰЛЫ,
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың
«Алаш» ғылыми зерттеу институтының директоры.

ТӘУЕЛСІЗДІК – МАҢДАЙДАҒЫ БАҚ!



Елдің ЕЛОРДАСЫ

Астана – елдіктің белгісі. Бабасының бөлін тізгінді өз қолына тигізе сан ғасырлар бойы ұлы арманға айналған, күрмеуі қиын мәселелерге батыл кіріса бастады. Астананы ауыстыру үшін көп ойланды, толғанды. Ұлы Даланың перзенті болғандықтан туған жеріне ту тігетін тәуелсіз елінің кең байтақ ерікті жеңбегінің астанасын қай тұстан салатынын таразылады. Расында, астананы ауыстыру – мемлекеттік дамудың перспективаларын толықтай жүзеге асыруға сәйкес. Ақиқи құатты мемлекеттің тең астанасы қасиетті қазақ жерінің кіндігінде, Еуропа мен Азияның құшағы құрышқан Ақмола қаласында орын тебуі қажет деген шешімге тоқтады.

Қажет АНДАС

Демек, қала тек астана ғана емес, стратегиялық, орталық, болғаны анық. Елбасының ел астанасын таңдағанда алдына қойған басты критерий – «Орталық Азияның кіндігінде. Ауғанстаннан Батыс Сібірдің ең қиян солтүстік шегіне дейін. Каспийден Моңғолияға дейін кең аумақта құлаш жая орналасқан жаңа астананың осы аймақтағы орасан зор инвестиция пегі ағылған орталықта айналуы. «Тынық мұхиты жағалауынан Еуропаға дейін созылған коммуникациялық сонарлардың қиылысында орналасқандықтан, ол болашақта ірі транзиттік торап болады және келешек жүзжылдықтың көлік-коммуникациялық дәбілына айқын үндестік білдіреді». – деп түйіндеді ол.

Рас, болашақ астананың тоғыз жолдың торабында орналасуы оның экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешуге икемділігін жоққа шығармайды. Бастысы, оның экологиялық жағынан икемділігі ескерілгенінде. Алматы жел өтпейтін биік таудың етегінде орналасқандықтан өндірісі, транспорты, от жағатын үйлерінен шығаратын түтін, газбен атмосфераны былғап, тұрғындардың денсаулығына айтарлықтай нұқсан келтіретін жаңа астана іздеуде есте болғаны да шындық. Қазіргі Астана қаласының төрт жағында да тау жоқ, жазық дала, ендеше бір жақтан соққан жел екінші жаққа бар кір-қоқыс, түтінді айдап кетіп, ауа жаңаруға еш кедергі жоқ. Даланың самал желіне кеудесін айқара ашқан қала ауасы таза, байтақ сахараның өмір шырынынан нәр алған тіршілік қызықтарына толы. Талай адам әлемнің бірақ астанасының ауасынан Астана ауасының ғажайып әсіретті осы тазалығы мен тұнықтығында деп бұл жағдайға бірден назар аударатын Елбасының өзі мақтаныш сезіммен еске алады.

Тұңғыш Президентіміз Ақмоланы астанаға айналдыруға, қала құрылысын жүргізуде әлемге әйгілі архитекторлардың кеңесін көп тыңдады. Соның бірі, Э.Гоуард пен Пе Карбюзье XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың отызыншы жылдарының өзінде жай қала емес, қалабақ салуды ұсынады. Олардың ойынша, мұнда қалалардағы тұрған үй ғимараттары жасыл желек теңізіне шомылған шағын аралдар сияқты болуы тиіс. Соупет өнерінің жаңалықтарын сананатын Астананың бас сәулетшісі Нұрсұлтан Назарбаев қаланы салуда Гоуард пен Карбюзьенің ойларын ескерген. Мұны Елбасының өзі де: «Ерже Есіл жағасында бой көтерген, ерекше сәулетті пандшафы бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы, болашаққа қол созған, өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен өз елін шексіз мақтаныш тұтатын көпұлтты және көпдінді халқы бар әсем де мейірлі Астана... Біздің Астана сәулет өнерінің жаңа нар туындыларына, үздік үлгідегі ескерткіштерге, алуан түрдемен өрнектелген бау-бақшаға оранған, шығыс пен батыстың ең озық, рухани құндылықтарын тапқаннен бойына жинаған жоғары мәдениетті қалаға айналды», – деп сүйсіне еске алады.

Астананы көрген кез келген эстетикалық, талғам иесі қазақ халқының «Орда» да тұрғыза алатынын жалпақ әлемге әйгіледі. Мүлдем жаңа астана салу оңайшылықпен жүзеге асатын шаруа емес, шаш етектен қаржы қажеттігін әркім-ақ түсінеді. Оны салуға тартылған инвестицияның 70 пайызы өз елімізге тиесілі. Дәтке қуат етерміз, өз бас қаламызды салуға қазір жағдайымыз көтерегін әлем таныған беделді мемлекетке айналдық. Бүгінгі Қазақстан – әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқынды, қоғамдық-саяси құрылымы берік, кешегі барлық кедергіден өтіп, тұрақтылық пен ынтымақтың бірлікте туын тікпен, әлем таныған ел.

Орталықтың Астанаға көшуінің тағы бір себебі – қазақ елінің тоғысқан құнарлы, әсем, шаруаға жайлы, тұрмысқа қолайлы аймағы солтүстік бес облыста жатқандығында. Ақмола, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарында негізгі түркіні өзге ұлттар болғандықтан Елбасының қазақтардың оңтүстік аймақтан солтүстікке өз қалауымен қоныс аударуына жол ашты. Қазір қазақтар тығыз қоныстанған Семейден Өскеменге, Жезқазғаннан Қарағандыға, Торғайдан Қостанайға, Көкшетаудан, Қызылжарға, оңтүстік облыстардан Астанаға көш түзеуде. Елбасының, міне, осындай, өзге ұлттардың құқығына қол сұқпай, өмірдің өз талабымен жүзеге асып жатқан сара жолы, ұлағатты, қайраткерлік тұлғасы, адамгершілік мұраттарына сәйкесінен арқамды тәнті етпей қоймайды.

Бүгінгі Астана – Қазақстанның жаңарудың нышаны, оның көпұлтты халқының жасампаз күш-қуатының куәсі. Есілдің оң жағалауынан қарсы бетке қарасаңыз Астананың өскелең құрылысын көресіз. Қалаға кіреберістегі биіктігі 20 метр «Мәңгілік Ел» қақпасы ұлттық рухымызды асқақтатып тұр. Енді бір сәт жапырағын жайып көк аспанға қол созған «Байтерек» назарыңызға ілінеді. Ғаламның шексіз кеңістігіне ұмтылған зымыран кешені еске салатын «Хан шатыр», әлемдегі атақты опера театрларынан кем түспейтін «Астана опера», екі мыңға жуық теңіз мекендеушілерін тамашалауға мүмкіндік беретін «Думан» ойын-сауық отауы, Қазақстанның картасын бейнелейтін «Атамекен» этномемориалдық кешені, шартарапқа жаңалық тарататын «Қазмедиа орталығы», елдіктің символы ретінде танылған «Қазақ Елі» алаңы, «Тәуелсіздік сарайы», «Бейбітшілік және Келісім сарайы» – Елорданың ең көз тартар жерлері. Кітапта тасталай өрілген осы сәулетті құрылыстар – Елбасы еңбегінің жемісі. Аталмыш кітапта алдағы уақытта бой көтеретін өзге де нысандар жайлы мағлұматтар өте көп. Сондай-ақ, Астана қаласында жаңадан салынатын бедел

Тәуелсіздік – біздің мандайға басқан бағымыз!
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

Жетісу

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет 1918 жылғы маусымнан шығады

WWW.Zhetysu-gazeti.kz

Jetisu2002@mail.ru

№ 112 (18388)
Сенбі, 7 қазан, 2017 жыл.

МЕРЕКЕ АЙШЫҒЫ

Жыл сайын дәстүрлі түрде аталып өтілетін мұғалімдердің кәсіби мерекесі облыс әкімінің назарынан тыс қалып көрген жоқ. Биыл да осы игі дәстүр жалғасын тауып, облысымыздың жеткіншектерін тәрбиелеуге өзіндік үлес қосып жүрген ұстаздарға арналған мерекелік салтанат облыстық білім басқармасының ұйытқы болуымен І. Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайында өтті.



Сурет түсірген Қуанбек МҰСАБЕКОВ

ҰЛЫЛЫҚТЫҢ БАСЫНДА ҰСТАЗ ТҰРАР

Alma Esenbaeva

Алма ЕСЕНБАЕВА

Облысымыздың әр шалғайында жатқан мұғалімдерге айрықша құрмет көрсетілген шара ұстаздардың ұстазы Ыбырай Алтынсарининің ағартушылық ісін-білімге шақырған өнегелі сөздерін ардақтаған шығар бейнежәрмеңкесімен басталды. Бұдан соң орта және жоғары оқу орындары ұстаздарға арнаған өнер-жырларын тарту етті.

«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» деп, біршымақ бас иіп, ерекше қадірлейтін мұғалімдер қауымын облыс әкімі **Амандық БАТАЛОВ** кәсіби мерекесімен құттықтады.

– Құрметті ұстаздар! Барша-мызды мерейлі мерекелеріңіз – Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – орны бөлек мереке. Қай заманда, қай қоғамда болмасын, балаңы оқыту, оған тәрбие беру – ең ұлы мұрат, ұлағатты іс. Білім жүйесінің жаңа да, жұрағат та, тірегі де ұстаз. Сондықтан, елімізден келешегі сөздерді қолдарыңызға.

Облыстағы білім ордаларының негізгі – балаларды шексіз сүйетін, өз кәсібіне шынайы берілген адал жандар, ағаң ұстаздар десек артық емес. Бүгінгі таңда білім беру саласының алдында жаңа да жауапты міндеттер тұр. Атап айтқанда, 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу, балалардың саналы білім алуына қажетті жағдай тудыру, жаңа технологияларды енгізу.

Бұл міндеттер Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Жолдауында «...оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, кәсіпқойлық спорттылықты қалыптастыруға, ұлттық құндылықты дамытуға баса көңіл бөлу керек. Қала мен ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығын кешіру қажет», – деп нақты ағаң көрсетілген. Сіздердей өз ісінің шеберлерімен Президентіміздің білім саласындағы тапсырмаларын толықтай орындай аламыз деп сенемін.

Құрметті ұстаздар!

Ұрпақ тәрбиелеу жолындағы толымды еңбектеріңізге шын пейілімен алғыс айтамын! Мерекелеріңіз құтты болсын! Отбасыларыңызға амандық, денсаулық тілеймін! Еліміздің атын әлемге танытар шәкірттеріңіз көп болсын! – деді облыс басшысы өз құттықтауында.

Бұдан соң біркатар ұстазды «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің Құрметті қызметкері», «Ы. Алтынсарин» төсбелгілерімен, облыс әкімінің "Құрмет грамотасымен", "Алғыс хатымен" марапаттады. Жылда дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан 6 педагогикалық байқау бойынша бірінші орын жеңімпаздарына арнайы диплом мен қаржылай сыйлықтар табыс етті. Атап айтар болсақ, «Үздік кәсіптік білім беру мекемесі» байқауында топ жарған Алматы облысының қызмет көрсету және тамақтандыру саласындағы инновациялық технологиялар колледжіне 300 мың теңге, "Үздік ауыл мектебі" облыстық байқауының жеңімпазы болған Кербұлақ ауданының Қарашоқы орта мектебіне 250 мың теңге, "Үздік балабақша" деп танылған Қапшағай қаласындағы «Балдәурен» балабақшасына 300 мың теңге, ал "Үздік сынып жетекшісі" атанған Балқаш ауданындағы Ақдала орта мектебінің мұғалімі Әсел Нүкербаеваға 150 мың теңге берілді. Ал "Жылдың үздік мұғалімі" облыстық байқауында жан-жақты кәсіби шеберлігін көрсете білген Текелі қаласындағы №1 орта мектебінің география пәнінің мұғалімі Бақытжан Молбаев жеңіл автокөлік иелігіне қол жеткізді. «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын Іле ауданының №26 орта мектебі иеленді. Аталмыш білім шаңырағының директоры Аманжол Науырзбаевқа 19 567 200 теңгенің сертификаты табыс етілді.

Республикалық «Үздік педагог» байқауының жеңімпаздары – Іле ауданы №1 орта мектебінің мұғалімі Гуля Күлбаева, Текелі қаласы №5 орта мектебінің ұстазы Рамазан Қайрат, Талдықорған агротехникалық колледжінің оқытушысы Серік Тұрсынбек, Қарасай ауданы Алтын ауыл орта мектебінің мұғалімі Өмірбек Майшықов 2 млн. теңгенің грантына қол жеткізді.

Мерекелік салтанатта сөз алған "Жылдың үздік мұғалімі", Текелі қаласындағы №1 орта мектебінің география пәнінің мұғалімі Бақытжан Молбаев ұстаздарға жан-жақты қолдау көрсетіп отырған облыс әкіміне алғысын айтты.

Бұдан соң мерекелік концертке орын беріліп, ауылы ұстаздарымыз үшін эстрада жұлдызы Қуандық Рахым, облысымыздың жас өнерпаздары әнмен шашу шашты.

Салтанатты жиын алдында облыстық әкімдікте Мұғалімдер күніне арналған тағы бір шара орын алған болатын. Онда облыс әкімінің орынбасары Жақсылық Омар педагогикалық байқаулар бойынша екінші, үшінші орын иегерлері мен номинация жүлдегерлерін арнайы құттықтады.

– Жас ұрпақ тәрбиесі – үлкен іс. Оған сіңірер ұстаздар еңбегі де өлшеусіз. Сондықтан ұлағат нелеріне қандай сый-құрмет көрсетсек те артық етпейді. Оқушыларымыздың білім сайыстарында ғана емес, өнерде, спорттық жарыстарда да топ жарып, облысымыздың мәртебесін асқақтатып жүргені біз үшін абырой. Осының бәрінде мұғалімдердің тынымсыз еңбегі жатыр. Ұстаз мерейін асқақтататын оқушыларының жетістігі. Сіздерді мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дарынды шәкірттеріңіз көп болсын деп тілейміз, – деді ол. Бұдан соң педагогикалық байқаулардың 2-3 орын жүлдегерлері мен номинация иегерлеріне тиісті марапаттарын тапсырды. Ардагер-ұстаздарға да ерекше ілтипат көрсетіліп, педагогика саласында ұзақ жыл жемісті еңбек еткен, бүгінгі таңда да жас ұрпақ тәрбиесіне үлестерін қосып жүрген ақсақалдарға 30 мың теңгеден ақшалай сыйлық табысталды.

Міне, осылайша ақ тілек, зор құрмет-көшеметтің ортасында, табысталған қызыл гүлдерін аялай ұстап, еңбегіне сай ардақталған ұстаздардың жүзі шұрқ толды. Облыс әкімінің ұстаздарды қолдау мақсатында қолға алған игі шарасы кәсіби мерекесі қарсаңында олардың көңілдеріне шалқар шаттық сыйлап, алдағы уақытта да соны серпін, тың жігермен жұмыс жасауларына жол аша түскені анық.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Үзінді

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША

1. Жеті және одан да көп бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Алтын алқа» алқасымен наградталсын:

Азметова Ботагоз	– үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Баймаматова Айна Азатбековна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Есболғанова Нұрсәуле Нұрмұхамбетовна	– орта мектеп мұғалімі, Панфилов ауданы
Иманкулова Жанат Абыл-газиевна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Қазарян Яна Аршаковна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Рузыева Гүлбақар Тұрсуновна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Сарсембаева Нұрбүбі Нұрмұхаметқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Умбетова Жүлдыз Тоқтаевна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы

2. Алты бала туып, тәрбиелегені үшін мына аналар «Күміс алқа» алқасымен наградталсын:

Абайбекова Бейбіт Оразбековна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Ашырова Мәхаббат Исламбековна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Гапизарова Зухра Имерхановна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Дәулетгелдинова Салтанат Жанақтиевна	– үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Дауқен Разымқан	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Жұмаш Оразхан	– үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Әлмаданова Гүлфиза Исламқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Ильясбаева Ботагөз Заңғарбаевна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Иманова Розамкүл Сақымқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Қалжанова Ермекүл Қасымқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Кимбаева Гүлнұр Мәнапқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Көкжомартова Карлығаш Жұматаевна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Курбанова Сәдетбек Абдуғалиевна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Құтымғазиева Асель Ермекбековна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Қаһарман Күлпан	– үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Қинаят Айгүл	– үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Мақатова Жанар Тұрсынқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Мекенаева Сандугаш Тұрсынқызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Нұрмұхан Қанат	– үй шаруасында, Талдықорған қаласы
Онғарбаева Гүлнар Көкшашевна	– «Шамшырақ» балабақшасының тәрбиешісі, Панфилов ауданы
Рубан Елена Геннадьевна	– үй шаруасында, Кербұлақ ауданы
Тоқтаева Шерниязкүл Әйтқожақызы	– үй шаруасында, Панфилов ауданы
Хожамкулова Эльмира Тельмановна	– үй шаруасында, Панфилов ауданы

3. Осы Жарлық қол қойылған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. НАЗАРБАЕВ.

Астана, Ақорда, 2017 жылғы 4 қыркүйек, № 539

СЕЛЕКТОР

ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫН

Облыстық әкімдіктің кіші жиынжайында облыс әкімінің орынбасары Айдарбек Байжановтың қатысуымен селекторлық жиын өтті. Онда 2017 – 2018 жылдардағы жылыту маусымына дайындық барысы тыңдалып, күзгі тазалық айлығына орай ұйымдастырылған шаралардың атқарылу барысы қаралды. Оған аудан әкімдері мен орынбасарлары қатысып, нақты жағдайды сараладық.

Жетісу

Қажет АНДАС

Жиналыста облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Асқар Кеңжеков баяндама жасап, алдағы жылыту маусымына дайындық мәселесін айтып өтті. Осыдан кейін аудан, қала әкімдері мен орынбасарлары өңірлердің жылыту маусымына сақадай-сай екендігін жеткізді. Күзгі тазалық айлығы да ойдағыдай жүріп жатыр.

Алайда, қазіргі таңда өңірлердегі көмір бағасының қымбаттауы елді мекен тұрғындарының мазасын кетіре бастаған көрінеді. Бұл мәселені алғашқы болып Ескелді ауданының әкімі Бағлан Танекенов көтеріп, бағаның күрт қымбаттағанын облыс басшыларының назарына салды.

Бүгінгі баға көрсеткіші бойынша көмірдің әр тоннасы Қарасай, Ескелді, Қаратал, Қаксу ауданында 14 мың, Жамбыл мен Талғар ауданында 16 мың, Ақсу, Сарқан аудандарында 17-18 мың, ал алыс ауылдарда 20 мың теңге айналасында сатылуда. Ал облыс бойынша ең арзан көмірді Райымбек ауданының тұрғындары иелікте-нуде. Онда бір тонна көмір 10 мың теңгеден сатылып жатыр. Тіпті, жұрттың жағдайымен санасатындар да көп екен.

– Ескелді ауданындағы «Хильниченко и К» сенім серіктестігі өз қарамағындағы жұмысшыларға көмірдің әр тоннасын 11.5 мың теңгеден тасып беруде. Ал жекеменшік көмір сатушылар осы аудан тұрғындарына 14.5 мың теңгеден сатып жатыр. Былай қарағанда, екеуі де бір жерден тасылады. Ал бағасы әр алуан, – дейді Бағлан Сағындықұлы.

Қазан айы басталә дауылдатып, несепіетін жеткен суық ауа ағысы тау қаласы Текелімізді қасат қармен қымтап тастады. Осыған орай Текелі қалалық әкімдігі 1 қазаннан бастап коммуналдық нысандарға жылу беруді бастап кетіпті.

Әрине, мезгіл сайын сан құбылып отыратын баға мәселесін ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық департаменттері қадағалап отыратынын біреміз біліміз. Сала мамандары қатты отын бағасының күрт өсіп кеткенне тосқауыл қоямыз деп сенім білдіреді.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Нұр Отан» партиясы Алматы облыстық филиалында жедел желі 8 800 080 44 41 қызмет етеді. Бұл телефондарға ерекше күтім қажет ететін азаматтар хабарласын, өздеріне қажетті кеңес алып, мемлекеттік мекемелерге өз сауалдарын жолдай алады. Біз өз тарапымыздан қажетті көмек көрсетуге әрқашан дайынбыз.

Call-орталық дүйсенбі – жұма күндері, сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін жұмыс істейді (түскі үзіліс 13.00-15.00).

Құрметті облыс тұрғындары!

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы мен латын әліпбиіне көшу үрдісі аясында Сіздер облыстық партия филиалына өз ұсыныс-пікірлеріңізді жолдай аласыздар. Ұсыныстар облыстық партия филиалының Талдықорған қаласы, Жансүгіров көшесі, 13А мекенжайындағы гимаратында қабылданады.

Байланыс телефондары: 8 (7282) 30-55-90, 30-55-22, 30-55-97.

Нұр Отан
Жедел желі
+7 800 080 44 41
WhatsApp Viber
+7 700 800 44 41
www.nurotan.kz
#нұротан #nurotan

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Қазақ әдебиетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан заңғар жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына биыл 94 жыл толып отыр. Осыған орай Үштөбе қаласындағы жазушы есімімен аталған көшеге арнайы белгітас орнатылды.

БЕЛГІТАС ОРНАТЫЛДЫ

Шараға аудан әкімінің орынбасары Аскат Қалиаскаров, жазушының туған немересі Дана Медеуова, аудандық білім бөлімінің басшысы Қуат Оңғаров, Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қорының өкілі Валентина Спиридонова, аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сейілхан Беков және аудан тұрғындары қатысты.

Кемел Тоқаев 1923 жылғы 2 қазанда Қаратал ауданында дүниеге келген болатын. Жазушы өзі өмір сүрген қоғамның кәсіреті болған шытырман оқиғаларға қалам тербеді. Қазірде өшпес мұрасы ел аузында. 1992 жылғы 12 маусымда Үштөбе қаласы әкімінің шешімімен Южная көшесіне Кемел Тоқаевтың есімі берілген-ді. Содан бері ширек ғасыр өте шығыпты.

Аудан әкімінің орынбасары Аскат Қалиаскаров пен Дана Темірбайқызы белгітасты салтанатты түрде ашты.

– Құрметті қала тұрғындары, қауалдықтар! Биылғы жылдан бастап Қазақстанның жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізуге бағытталған еліміздің үшінші жаңғыруына кіріскені баршаға белгілі. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынып отыр. Онда жастарды Отанға, туған елге, жерге деген сүйіспеншілік пен патриотизмге шақырды. Патриотизмнің ең жақсы үлгісі – орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс табуы керек. Ынтымағы жарасқан елдің данасы болған ақын-жазушы, өнер адамдары мен танымал тарихи тұлғалардың бірі – Кемел Тоқаев. Қазіргі таңда жазушы атына берілген көшенің жолы жаңартылып, көше шамдары орнатылды. Еліміздің, жеріміздің атын шығаратын, жас ұрпаққа үлгі-өнеге болатын осындай тарихи тұлғаларымыз көбейе берсін! – деді аудан әкімінің орынбасары.

Ігі лебізін жеткізген аудандық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Сейілхан Беков заңғар жазушының қалдырған мол мұрасы өскелең ұрпаққа өнеге боларын айтты. Кемел Тоқаев атындағы көшенің тұрғыны Ольга Голодова майдангер-жазушы атындағы көшеде тұратының мақтанышпен жеткізсе, Б. Римова атындағы орта мектептің оқушысы Айсұлу Тұрсынова «Кемеңгер Кемелі сен елімнің!» атты жыр шумақтарын арнады.

Одан әрі мереке мектеп ауласындағы Кемел Тоқаевқа арналған аллеяда жалғасты. Оқушылар өз қолдарымен жасаған қолөнер бұйымдарын, жазушының қан майдандағы ерлігі мен сұрапыл соғысты бейнелейтін суреттерін көрсетті. Әсем безендірілген сахна төрінде қаламгерге арнаған әндер орындалды. Жазушы шығармаларынан қойылған көрініс тіпті әсерге бөледі.

Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қорының өкілі Валентина Спиридонова қор есебінен мектепке музыкалық аппаратура, компьютер, жиһаз және оқушыларға кенсе тауарлары беріліп тұратының жеткізді. Бір қуаныштысы, осы қордың арқасында мектептің 26 түлегі жоғары оқу орнына түссе, екі оқушы Қытайда білімін жалғастыруда. 10 оқу озаты қордың қаржыландыруымен ай сайын 10 мың теңге көлемінде сыйақы алады. Сондай-ақ, жыл сайын аз камтылған балаларға киім-кешек, тағамдық әлеуметтік көмек көрсетілуде.

Шара соңында балалары қордың көмегіне не болған ата-аналар Кемел Тоқаевтың туған немересі Дана Медеуовага ризашылығын білдіріп, Алғыс хатпен марапаттады.

А. ӨМІРБАЕВ.
Қаратал ауданы.



Құрметті ұлттық ат спортының жанкүйерлері!



Сіздерді 2017 жылғы 14 қазан күні облыстық «Талдықорған» ипподромында өтетін Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласындағы «Өңірлік мәдениет, дәстүр және құндылықтар» жобасын жүзеге асыру аясында және «Рухани қазына» кіші бағдарламасын іске асыру мақсатында ұлттық ат спорты түрлерінен өтетін «Жетісу жүйрігі» облыстық турнирін тамашалауға шақырамыз.

Жарыс бағдарламасында 41 шақырымға аламан бәйге, 21 шақырымға топ бәйге, 5 шақырымға тай жарысы өткізіледі.

Аламан бәйге – бас жүлде автокөлік және 5 орынға жүлде тігіледі.

Топ бәйге – бас жүлде автокөлік және 5 орынға жүлде тігіледі.

Тай жарысы – бас жүлде мотоцикл және 3 орынға жүлде тігіледі.

Келіңіздер! Көріңіздер!

Байланыс телефондары: 87027771976, 87757500201, 87027771976.

ҰЙЫМДАСТЫРУ КОМИТЕТІ.

Жетісу
1918–2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

МАҢДАЙЫНА БАҚ БОП ҚОНҒАН ҚАЗАҚТЫҢ



ШАЛҚЫМА

Тәңірдің сыйы

Сахи дүниенің саф болмысындай сондай ізгі, құс біткеннің қарқарасындай қоңыр жүзді – Тәуелсіздік. Шабдар бестінің шалқақ аяңындай еркін көсілген, жау қайдалап шапқан батыр ноянымдай даңқымды өсірген – Тәуелсіздік. Бұл – бейнелеп айтқан сөзіміз.

Жетісу
Мұхтар КҮМІСБЕК

Бүкіл ғұмыры құба дала төсінде, жел мен күннің өтінде өткен, кер бұлақ тіршіктің керегесіне сүйеніп, сахараның саумалын өткен сақ пен ғұнан қалған – Тәуелсіздік! Көздеген жерге жетем деп, көк дөнен ойын тепеңдеп, төзіммен ойын тоздырған, көз жасын көлдей жаудырған анамнан қалған – Тәуелсіздік! Жаратылысынан жасанды сойлеп көрмеген, мәнділеден тосылмаған, уәждеи жығылмаған бабамнан қалған Тәуелсіздік! Бөтеннен бөлек үй тігіп, бөрілі байрақ көтеріп, бөрідей тиген жауына Мәде мен Шеneден қалған – Тәуелсіздік! Бытыраған елін біріктіріп, тозғындаған жұртын топтастырып, қалың нуды жарып өткен тұмадай тау бұктырған Шу мен Талас бойында хандық құрған Керей мен Жәнібектен қалған – Тәуелсіздік! Ноқталы заман шәтшәлекейін шығарса да шытынамаған, басбұзарлар бағын барымталаса да бытырамаған, Күн тауын кіндік орда етіп, қалың түркі қағанат болғанша найзасы қолдан түспеген Бумын мен Истемиден қалған – Тәуелсіздік! Тарихын таска таңбалап, ерлігін еңіреп сыр еткен, жорығын жыр еткен Білге Қаған мен Күлтегінінен қалған – Тәуелсіздік! Аумалы да төкпелі, алағай да бұлағай заманда бір жұртын Балқан асырып, бір ұрпағын Қапқа аударып, ары-бері шұбырған халық соңында көз жасын Бұқтырмадай бұлаған – Тәуелсіздік! Көкжиекке көз тартқан, көз тартқанда сөз қатқан, жазылар жырын маздаткан Қазтуған мен Бұқардан қалған – Тәуелсіздік! Жоңғарияны жер бетінен жоқ қылған, қытайға қонақ қоскан, орыспен одақтасқан Абылайдан қалған – Тәуелсіздік! Озғақ жылдар оппа батпаққа құлатса да Отанға деген құрметі саркылмаған, алмас қылыштай жарқылдаған, кектің кемпек аңғарындай, ұлттың ұраншыл нарларындай Исатай мен Махамбеттен қалған – Тәуелсіздік! Тоқыраудың тоны жіпсімей тұрғанда мұюм елді маса боп оятқан, Алаштың азаттығын ансаған Ахмет пен Әлиханнан қалған – Тәуелсіздік! Сұрапыл соғыстың қанқасабын бастан кешкен, ордасына оқ аткандарға таудай тосқауыл болған, аспантаулардың асқақ шоқысындай Бауыржан мен Қасымнан қалған – Тәуелсіздік. Сайын даланың ойқырынан шөмшек терген бүркіттей шыр айналған, шыбын жанын шүберекке түйіп, шемен ойын кісеңдеп, шежіреден сыр шерткен шайырдан қалған – Тәуелсіздік! Шүйгінді де құйқалы қара жерді қақ ортасына бөліскен, саба түбі саркындыны тең ішкен бауырдан қалған – Тәуелсіздік! Жұпары жанға дауа даркан даланың дағуа-тынышын ұрлаған, жаңғырығы сақпанның тасындай көкке зырлаған жауымнан қалған – Тәуелсіздік! Көшпелі көлеңке мұнарсе де мұзбалмеген, жедісінен құлын, күбісінен қымыз үзілмеген қауымнан қалған – Тәуелсіздік! Желтоқсанда жастарымды қоғадай қырған, болдақтарымды бозінгендей болдаткан, жалынымды маздаткан Қайрат пен Ләззаттан қалған – Тәуелсіздік! Көздегі шелді сылып, көкіректегі желді басқан, шекарамды қайта бүтіндеп, Көк Туымды көкке көтерген Нұрсұлтан боп ұрланған – Тәуелсіздік!

Қай сокпаққа сүріндім, қай сонарда ізім қалды. Қай заманда түнілдім, қай жанарда жүзім қалды. Басқан ізімді аңдыды, бұлтақ заманның бұйдасын мойныма ілді. Қыл тұсауды темір кісенмен айырбастап, басы асауды тарпа бұғаулады. Әйтсе де, азаттығымнан айыра алмады, ағаттығымды аркау қыла алмады. Жарығы күнің түссе де, күнім біреуге түспеді. Тәңірге аян. Жасырып жабары жоқ. Жүрегімді суыл кептесе де, жігерімді ешкім жаныштай алмады. Осы күнге жеткенше намысымды жыкпадым, бұғынбадым, бұкпадым.

Бүгінде төрт құбылам тең, төрт көзім түгел, төрт түлігім сай! Алты Алашқа жарасқан, алты қырдан ары аскан Тәуелсіздік – тәңірден келген тәтті сый.

•Шежіре

- *1991 жыл – Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі "Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы" Заңды қабылдады.*
- *1992 жыл – Біріккен Ұлттар Ұйымына және басқа да ірі халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданды.*
- *1993 жыл – Ұлттық валюта – теңге енгізілді.*
- *1997 жыл – «Қазақстан Республикасының тілдер туралы» Заңы бекітілді. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» ел дамуының стратегиялық жоспары жасақталып, Астана ресми түрде Қазақстан астанасы мәртебесіне ие болды.*
- *2006 жыл – Қазақстан Республикасының Гимні өзгерді. Жаңа Гимн авторларының бірі Н. Назарбаев болды.*
- *2010 жыл – Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті.*
- *2012 жыл – Қазақстан астанасы EXPO – 2017 көрмесін өткізуге байланысты конкурсты жеңіп алды. Алғаш рет қазақстандықтар Тұңғыш Президент күнін атап өтті. «Қазақстан – 2050» стратегиясы қабылданды.*
- *2015 жыл – Қазақ хандығының 550 жылдығы аталды.*
- *2016 жыл – Қазақ елі Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен Әлихан Бөкейханның 150 жылдығы аталып өтті.*
- *2017 жыл – 28-ші қыс-қы Универсиада мен ЭКСПО – 2017 көрмесі өтті.*

АҚЖАРМА

Жүсіпбек ҚОРҒАСБЕК, жазушы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

– Тәуелсіздік мәңгілік болсын! Иә, дәл осы шуағы мол шұғылалы күн оңайлықпен келген жоқ. Қаншама белестерді бағындырып, талай өткелдерден өтіп, азаттығымызды алдық. Бүгінде біз халқымыздың сан ғасыр бойы аңсаған арманы «Мәңгілік Елге» жол тартқан мемлекетке айналдық. Елбасының сындарлы саясатының арқасында аз уақыттың ішінде дамып, іргетасымыз берік іргелі ел болдық. Әдебиетіміз бен мәдениетіміз де жалпы әр салада ілгерілеу көп. Осындай дербес елдің арайлап атқан ақ таңын көрген бүгінгі ұрпақ Қазақстанның бақытты перзенті.

Ендігі мақсат – егеменді еліміздің одан әрі қарыштап дамуына үлес қосу. Ол сайын даланың төсінде өскен әрбір азаматтың парызы. Жастарымыз қырандай күшті қанатты болса, байтақ даламыз көркейе түспек. Мен жастарға сенемін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, болашағымыз баянды, тәуелсіздігіміз тұғырлы болсын!

Қуат БАЙМЫРЗАЕВ, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің ректоры:


– Баршаңызды мемлекеттік маңызы жоғары мереке – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Азаттық аңсаған елдің арманы бұдан 26 жыл бұрын орындалып, бүгінгі Қазақстан Республикасы өз Тәуелсіздігін жариялаған болатын. Тәуелсіздік – ғасырлар бойы дербес ел болуды аңсаған халқымыздың өшкені жанып, ең асқақ арманы орындалған күн.

Тәуелсіздікке ұмтылыс қашанда кедергі мен күреске толы болғаны баршаға аян. Осы ауыр жолда тағдырдың талай сынағына төтеп беріп, бостандық үшін күреске бар ғұмырын арнаған ата-бабаларымыздың ерен ерлігі мен жанкешті еңбегін еске алатын қастерлі мереке. Ынтымақты ұран, татулықты ту еткен бейбіт халқымыз осы уақыт аралығында толағай табыстарға жетті. Еліміз дами берсін, болашағымыз баянды, Тәуелсіздігіміз Мәңгілік болсын!

ТАРИХ – ТАҒЫЛЫМ

Мамадияр ЖАҚЫП, Қазақстанның Құрметті журналисі:

АҚИҚАТ



АЙТЫЛМАЙ ҚАЛМАЙДЫ

Желтоқсан оқиғасының ел тарихындағы орны мен мәні жөнінде аз айтылған жоқ. Бұл турасында тарихшылар, саясатшылар, көтеріліске қатысушылар тарапынан таратып айтылған, сарапқа салынған. Бүгінгі сөзіміз осынау ұлы оқиғаның «Жетісу» газетінің ұжымына қандай қатысы болды деген тұрғыда болмақ.

Ол кезде Алматы облыстық «Жетісу» газетіне редактор қызметіне тағайындалғаныма бір жарым жылдай ғана уақыт болған. Алдымызға қойған жоспарымыз да, жасамақ жұмыстарымыз да көп еді. Желтоқсан оқиғасы соның бәріне өзінің түзетулерін енгізіп кетті емес пе? Біз бұл оқиғаның ерекшелігін бірден аңғардық. Бұл біздің сәуегейлігіміз де, кеменгерлігіміз де емес. Керісінше, оны аңғармау кешелік болар еді. Жастардың көшеге шыққанын естіген соң-ақ оны өз көзімізбен көргіміз келді. Ол кезде редакциямыз көкбазардың қарсысында, тоғыз қабатты үйдің бір қабатын облыстық орыс тілді «Огни Алатау» газетімен бөлісеміз. Оның редакторы Надежда Гарифуллинаға хабарласып: «Көшеге шыққан жастарды көрейік?» – дедім. Ол бірден келісті. Оған хабарласудың да жөні бар: обкомның бюросына бірге барамыз, бірге отырамыз, ресми материалдарды қалай, қанша көлемде беретінімізді бірге шешіп аламыз. Оны бізден обком да талап етеді, бір-бірімізден озбауымыз да, қалмауымыз да керек. Жеке өзім ғана көрсетсем, ертең неге айтпадың деп өкпелейді.

Жастарды Карл Маркс (қазіргі Қонаев) көшесінің бойынан кездіктірдік. Жүз шақты адам Ғылым академиясы жағынан төмен түсіп, бағдаустарымен Шәмшінің «Менің Қазақстаным» әнін айтып келеді. Арасында қыздардың көп екеніне таңданғанбыз. Тіпті, мектеп оқушылары бардай көрінді. Оларды қызыққа ерген балалар шығар дегенбіз. Бізге көңіл аудармады. Біраз жоғары көтеріліп, қастарынан қайта өткенімізде, біздің өздерін көргелі жүргенімізді аңғарып, ашуланғаны болуы керек, екінші болып келе жатқан Гарифуллинаның машинесіне таяқ лақтырды. Редакцияға келгенімізде әріптесім бұған катты ренжіді. «Неге сіздің мәшинеңізге емес, менің көлігіме лақтырады?!» – деген. «Олар сенің татар екеніңді аңғармай, орыс деп қалған гой», – деп әзіл қосқанымызды қабылдамады. Осыдан-ақ Желтоқсан мәселесінде жолымыз қосылмайтынын аңғарғанбыз.

Сол күні түнде атақты республикалық партия-шаруашылық активі өтті. Түнгі сағат 2-де! Ертесіне 18 желтоқсан күні Медеу аудандық партия комитетінде нұсқау бойынша әр мекеме, кәсіпорындардың басшылары бас болып, өкілдері жиналды. Бұл жасақтың мақсаты – алаңда көтерілген жастарға қарсы тұру. Қалайша? Белгісіз. Шамалы уақыт өткенде біраз адамның қолынан газетке оралған таяқ сияқты нәрселерді көрдік. Негізінен орыс ұлты өкілдерінің қолында. Оны енді бір ұйғыр ағайынның қолынан көріп, бұларың не десең: «Қорғаныс үшін гой!», – деп газетті ашып, арматура кеспелдегін көрсетті. «Сонда қазақ жастарымен соғыспақсыңдар ма?», – деп күйіндік. «Оны бізге неге айтасыңдар, анау жоғарыға айтсандаршы!», – деп олар аукомның кеңсесін нұсқады. Сонда жасы үлкенміз: «Социалистік Қазақстан» газеті редакторының бірінші орынбасары Сарбас Ақтаев, белсенді журналист Нұрідден Мұфтахты бас етіп, сол аупарткомға жібердік. Ал өзіміз сол темірмен қаруданғандармен айтысып, айқасып жаттық. Бір кезде жоғары қабаттағы балконға шыққан аукомның бірінші хатшысы Н. Әбікаев: «Жолдастар, соғысқа бара жатқан жоқпыз, таяқтарыңды тастаңдар!» – деді. Кейін білдік, бұл таяқтарды қалалық партия комитеті әзірлеткен екен. Аудан басшысының оны тастатқаны үшін қандай жаза алғаны бізге белгісіз.

Бұл оқиға біздің жүйкемізге қатты тиді. Таяқты тастатамыз деп орысқа да, ұйғыр ағайындарға да қатты-қатты сөз айтып қалдық. Оны біреулер қабылдады, біреулер қарсы дау айтты. Бір уақытта қасыма Жәкен (Жанәбіл Темірбеков) келіп: «Мәке-ау, түрің не болып кеткен?! Аппақ, қан жоқ. Дереу үйге қайтыңыз. Мұндағы іске мен жауап беремін!», – деп мені сыртқа тартты. Ол менің бұрын инфаркт алғанымды білетін. Үлкендік жолымен зорлағандай етіп мені көлікке апарып мінгізді.

Келесі күні Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Альберт Устиновқа шақырылдық. Қалай екенін кім білген, облыстық газеттерге бастық жағында басшасөз секторының меңгерушісі Амангелді Ахметәлімовтің жылы жүзін көріп жүрегім орнына түсті. Устинов үнсіз кабинетіне бетгеді, ал Амангелді бәрімізге естіртіп: «Принимается вариант «Жетісу» – деді.

Сол Желтоқсан оқиғасынан кейін жарты жыл өткенде Желтоқсан қаһармандарына болған сот жағдайдың тағы да қысымын күшейтті. Сірә, биліктегілер сол сот арқылы жұртты тағы бір қорқытып қоюды ойлады білем. Желтоқсан оқиғасына белсене қатыскан бір топ жігітті қатаң жазаға кесті. К. Рысқұлбеков өлім жазасына, Т. Тапенов пен Т. Тайжұмаев 15 жылға, К. Күзембаев 14 жылға, Е. Көпесбаев 4 жылға кесілді. Сол жазаға ұшыраған желтоқсандықтардың суретін КазТАГ фототілшісі түсіріп, «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттері басып шығарды. Халық ауыр жазаны шылықты сол тұста обком емес, ОК бөлімі алғаны бар. Желтоқсан оқиғасына байланысты не жазбаксыңдар деген мәселені бізден Устинов сұрады. Кіріспе сөзінде ұлтшыл бұзақыларды эшкерелеу керектігін ескертіп, сес көрсетті. Кезек орыстарға берілетін заман, алдымен Гарифуллина сойледі. Ұлтшылдарды эшкерелеуге әзірлігін айтты. Газеттің екі бетіндей материалды дайын әкелітті. Қажет десе нөмірге салмақ. Байқаймын, Устинов құптап отыр. Ал, мені құптамайтынын аңғардым. Оған қазақ жастарын қаралаған, оларды жау санаған материалдар керек. Ол бізде жоқ. Іздеген жоқпыз. Орыста: «Жақсы қорганыс – шабуыл!» – деген бар. Мен сол әдіске бастым. «Сіз, Устинов жолдас, қазақ пен орыс арасында соғыс болғанын қалайсыз ба?!» – деп бастадым сөзімді. Бұл сұрақтан Устинов шошып кетті. «Сіз өзіңіз не айтып тұрғаныңызды білесіз бе?!» – деп шарт кетті. «Білем, – дедім. – Алаңға шыққан жастар қазақ балалары. Оларды жау қылып көрсетсек не болады?! Жаумен соғысу ғана калады. Қазақ пен орыс соғысады!». Аздап сабама түскеннен кейін: «Альберт Александрович, отты керосинмен өшірмейді. Ал жастарды айыптаған материалдар сондай әсер берері сөзсіз!» – дедім. «Сонда не ұсыныстарың бар?» – деді Устинов алғашқы екпінінен қайтып. Біз екі студенттің сөзін және ардагер ағамыз Айтмұхамбет Мансұровтың (Тайыр Мансұровтың әкесі) шағын ғана жастарға ақыл айтқан мақаласын апарған болатынбыз. Соны айтып, қолдарына ұстаттық.

Устинов көмекерлерін ертіп, ойласуға хатшыға кетті. Біз далаға шығып, олардың келуін күтіп қалдық. Гарифуллинада тіл жоқ. Өз ұсқасының өтетініне сенімді сияқты, тек бізге оларды құптамағанымызға өкпелі. Ал жасыратыны жоқ, бізде үрей көп. Кесек-кесек айыптаған мақалаларымыз жоқ. Орыс әріптестерімізден сөзі өтіп кетсе, аяқастынан ондай материал әзірлеу қиын. Қиын болғанда, өзінді қайтіп пышақтайсын?! Не болар екен деп Камалиденовтың кабинеті жағына жұтеңдей қараймыз. Күткенде уақыт та өтпейді. Устиновтың көңілсіз қабағына қарап, жүрегім жылып сала берген. Ар қасқайып тұрып қарсы алған ұлдарын көрді.

Бірақ бұл биліктің ойлағанынан өзгеше болып шыққан. Желтоқсан қаһармандарын сотгап, елді қорқыту орнына, сол бастарын бәйгеге тіккен жастардың өлімнен де қорыкпай, қасқайып тұрған суреттегі кейіптері басқаларды рухтандырғандай еді. Бұл биліктегілердің үрейін ұшырды. Сол күні ОК-те Устинов газет таралымы, оны жер-жерге жеткізу жөнінде жиналыс өткізіп, сонда сот процесінен түсірілген суреттерді де сөз арасында айтып кеткен. Суреттің КазТАГ-тікі екенін, оны беруге міндетті екенімізді айтқанбыз. «Орнне, сендер сойтіп құтыласыңдар!» – деп қарқылдап күлгені бар. Суреттің шын мәні, оның оқырманға әсері, билікті эшкерелеуші күші олардың зердесіне бір күннен кейін жетті. Сойкан келесі күні басталған.

Бұл сенбі болатын. Заңды демалыс. Осы күні біздерді, сот процесінен түсірілген суретке қатысы барларды – КазТАГ-тің директоры Ж. Исмағұловты, сол агенттіктің редакция меңгерушісі Н. Венцловскийді, «Жетісу» газетінің редакторы М. Жақыповты және «Огни Алатау» газеті редакторының орынбасары Б. Скороходовты Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті бюросының мәжілісіне шақырған. Бұл мәжілісте Алматыдағы ақпарат құралдары басшылары да келген. Біреулерді жазалау үшін, екіншілеріне сабақ болу үшін. Оған ОК-дан кімдер қатысқаны ұзын-сонар әңгіме.

Мәжіліс үш жарым сағатқа созылды. Көп адам сөйледі. Әрине, жиынды жүргізушы Геннадий Колбин көбірек сөйледі. Айыптаушылардың ішінде Мирошник, Камалиденов, Мещеряковтар айрықша белсенділік танытты. Барлығы біздің кемшіліктерімізді катты сынап, шетімізден қаралығын айтқан. Мен жөнінде айтқанда: «Жақыповтың тәжірибелі журналист» екенін, «зиянды суреттерді білмегендіктен емес, біліп тұрып берген» дәлелдеп шықты.

Әрине, бізді де сөйлеткен. Сөйлетіп алып сөзімізді өзімізге қарсы пайдаланды. Уәжіміздің біріне де құлақ асқан жоқ. Үлкен ғалым, белгілі қаламгер – КазТАГ директоры Жұмағали Ысмағұлов ағамыздың бұл суретте басқа ештеңе жасалынған ештеме жоқ, тек оқиғаның көрінісі ғана екенін дәлелдемек болғаны Колбиннің шабына тиген шыбықтай әсер етті. Бетпақтықпен ол осының барлығын қасақана жасадымдар деп шаптықты.

Бұл үшін біреулер жазалану керек болатын. Осылайша КазТАГ директоры Ж. Ысмағұлов партиялық жолмен есеп карточкасына жазылған катан сөгіс арқалап, жұмысынан босатылды. Осы мекеменің фотоақпарат редакциясы бас редакторының орынбасары М. Вангеловский партиядан шығарылды. Біз туралы қаулыда: «Жіберілген қателіктері үшін «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттері редакцияларының басшыларын Алматы обкомы катан жазалағаны еске алынсын...» дегенде біраз жансақтық бар, біздің жазамыз алі алда болатын.

Облыстағылар аяған жоқ. Түңғыш отырып талқылады. Жарысып сөйледі. Ол кезде обкомды М. Мендібаев басқаратын. Бізге қатысты шығарылған қаулыда біз «халық жауына» жақындап қалғанымыз анық. «Қарсы саяси қадам жасағанға» кешірім жоқ, жазамызды молынан алдық. Маған шығарылған үкім: «Саяси қырағылығынан айырылған және газетте оқырмандардың ашу-ызасын қоздыратын идеялық шиенді суреттерді жариялауға апарып соқтырған саяздық көрсеткені үшін «Жетісу» газетінің бас редакторы М. Жақыпов КПСС мүшелігі катарынан шығарылсын және қызметінен босатылсын!».

«Қызмет қолдың кірі» – деген бар. Онда да біраз шындық жатыр. Сірә, Колбиндер, Камалиденовтер, Мендібаевтар бізді қызметтен кеткеннен кейін өмірлері құса болып өтеді десе керек. Жұмағали Ысмағұлов ағамыз ғылымға барып, тау қопарғандай жұмыс істеді, сол еңбегі Мемлекеттік сыйлыкпен бағаланды. Колбиннің ңұскауынан кейін маған алып шаһар Алматыдан жұмыс табылмай, бір жылдан аса уақыт Күрті аудандық «Шұғыла» газетінде корректор болып қызмет атқардым. Ол жұмысты да жаман жасамаған сияқтымын. Әрине, облыстық газеттің редакторлығынан аудандық газеттің корректорлығына жіберу сол тұстағы компартиялық жүйенің катыгездік сипатын аңғартады.

Сыртта бір жылдан артық жүргеннен кейін Орталық Комитет қайта партия мүшелігіне қабылдап, өзімнің бауыр басқан ортам – «Егемен Қазақстанға» оралдым. Онда жай тілші, бөлім меңгерушісі, алқа мүшесі, газеттің Алматы бөлімшесінің жетекшісі қызметтерін атқардық. Бүгін жасым 80-ді алқымдаса да газеттің шолушысы болып келемін. Өмірімнің жалғасындай – бала-шаға, немерелерімнің ортасында, шығармашылық жұмысымды жалғастырып жүрп жатқан жайым бар.

Желтоқсан оқиғасы – Тәуелсіздік жолындағы күрестің шоқтығы биік белесі. Сол Желтоқсандай ұлы оқиғаның тарихына катысты бір үлкен шындықты жұрт «Жетісу» газетінің бетінен табады. Олардың шын қаһармандық тұлғалары осы газеттің 1987 жылғы 19 маусымдағы санында жарияланған суретте бейнеленген **(суретке назар аударыңыз)**. Бұл тарихта қалатын Желтоқсан оқиғасы шежіресінің ең бір шынайы беттері! Бұл «Жетісу» газетінде жарияланып қана қоймай, құндылыққа айналды!

Алматы қаласы.



ТҰЛҒА

Қазір әлемге әйгілі іргелі ел болдық. Ірі мемлекетке айналдық. Экономикамыз бен әлеуметтік жағдайымыз еселеп өсті. Оның барлығы тәуелсіздігіміздің жемісі. Соған аз да болса үлесімізді қосып келеміз. Осыған дейін Сарқан ауданында ұжымшар басқармасының терағасы, зейнетке шыққанша ауылдық округ әкімі болдық. Қазіргі кезде «Черкасск қорғанысы» музейінің қызметкерімін. Қандай салада болмасын елге еңбек сіңіру – басты мақсатымыз ретінде қалыптасты.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Дініміз бен дәстүрімізді жаңғырту жолында көптеген игілікті шаралар жүзеге асуда. Соның бірі тіліміздің қолданыс аясын кеңейтіп, дініміз бен дәлімізді жаңғырту. Осы бағыт бойынша облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруымен «Салт пен дәстүр – дін тірегі» атты жас ақындар мүшәйрасы өтті.

Асыл дінім ата ғұрпым



Байқаудың басты мақсаты – дін мен дәстүріміз туралы жыр шумақтарын жазғызу болатын.

Бұл сайысқа облыстың түкпір-түкпірінен 20-дан аса жас ақын қатысты. Арасында поэзия әлеміне жаңадан қадам басқан жастар мен өлең өлкесінде өзіндік жолдарын қалыптастырған сөз зергерлері де бар. Арыны ақындарымыз тақырыпты ашып, бір-бірінен қалмай өнерін ортаға салды. Өлең өлкесінде ешкімге ұқсамайтын ойлар мен ұйқастар тыңдар құлаққа ерекше әсер сыйлады. Дегенмен де, сайыстың өз талабы бар. Ең алдымен тіл тазалығы, сахна мәдениеті, оқу шеберлігі, ұтымды ой мен ұшқыр теңеу таба алуы басты назарда.

Шығармашыл жастарға әділ бағасын берген қазылар құрамында облыстық «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Жұматай Әміреев, театр дарбазы Алмахан Кенжебекова, ақын Сағынай Намазшамова мен дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы директорының міндетін атқарушы Айдос Игенбай болды.

Қазыларымызға да жүректері жалынды ақындардың арасынан оза шапқандарды таңдау оңайға соқпады. Дегенмен сайыс болғасын жыр шумақтарымен көзге түсіп, мәнерлеп оқуымен жүректерді баурап алған ақындарымыз да болды.

Түйдек-түйдек жыр бунақ, сырлы шумақтар төгілген жыр додасының нәтижесінде бас жүлдеге Алакөл аудандық «Алакөл» газетінің тілшісі Алмат Есенбеков (90 000 теңге) ие болды. Ал екінші орынған Ескелді ауданынан келген Мәрзия Сандуғаш (70 мың теңге) көрінсе, тиісінше, үшінші орын «Жетісу» газетінің тілшісі Мұхтар Күмісбекке (50 000 теңге) бұйырды. Отыз мыңнан бес ақшаға ынталандыру сыйлығы табысталып, қалған қатысушылар арнайы Алғыс хатпен марапатталды.

Қабыл ИСА



Есте қалған Есік сапары

Тасын түрткен тарихы сөйлейтін Жетісу өңірінің әр жеріне сапаралап барып, оны өскелең ұрпаққа таныстырып, ата-бабамыз жүріп өткен жолды көрсету арқылы олардың бойына намысты, қайратты сіңдіріп, ең бастысы қазақы қалыпқан ажырамауға үлес қосамыз. Жетісу жерінің ғана емес қазақтың мақтанышы, тарихымыздағы үшінші ғарышкер Айдын Аймбетов бітірген №14 орта мектеп-гимназиясының 7 «В» сыныбының оқушылары Есік қаласындағы тарихи орындарды, құнды жәдігерлер сақталған мұзейді көріп қайтты.

«Рухани жаңғыру» аясында ұйымдастырылған шараны 7 «В» сыныбының жетекшісі, тарих пәнінің мұғалімі Айнұр Түктібаева бастап барды. Оқушылар «Алтын адамды» және Есік археологиялық өлкетану мұзейіндегі басқа да құнды жәдігерлер мен бұйымдарды тамашалады. Алған әсерлерін сөзбен жеткізу мүмкін емес. Балалар келешекте осы жерге тағы бір келуді жоспарлап, өздерінің алдына бик мақсаттар қойды. Балпық би ауылындағы музыка мектебінің сурет бөлімінде қосымша оқи жүріп «Қош келдің, құтты Наурызым!» атты республикалық балалар мен жасөспірімдердің арасындағы байқауда «Бейнелеу өнері» композициясы бойынша I дәрежелі дипломмен марапатталған Әділхан Өркен: *Болашақта мүсінші болуды армандаймын. Ұстазым Есік қаласындағы тарихи-өлкетану мұзейіне барасың деген соң қатты қуандым. Үнемі «Алтын адамның» суретін салып, ермексаздан жасап жүретінмін. Өз күшімнен көргеніме қуаныштымын. Бұл сәт шығармашылыққа үлкен шабыт сыйлайды,* – дейді.

Ұлы Жібек жолының бір тармағы болған мекеннің әр нүктесі тұнып тұрған тарих. Сұлтанмахмұт Торайғырша жырласақ: «Бігіздерде мыңдай бар, мыңдай бар». Еңбекшіқазақ ауданының орталығына барған сапарымыз сәтімен аяқталды. Құндылықтарды бағалай білейік, дәріптейік.

Айнұр ДӘУРЕНБАЕВА,
Мәлеубай Құрманов атындағы № 2орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Балпық би ауылы,
Көксу ауданы

Алаш арысы ардақталған күн

Бала кезден қара жұмыстың қыр-сырына әбден қанығып өстім. 1968-1971 жылдары ұжымшарда шопан қызметін атқардым. 1969 жылы ауылымызда жұт болып, малды елтірмей аман-есен шығарған еңбегімді бағалаған аукомның бірінші хатшысы М.Усатаев партия қатарына алуға ұсыныс берді. Партия қатарына 1970 жылы алынып, шаруашылық жолдамасымен білім алу үшін жоғары оқуға жіберілдім. Оқуымды 1977 жылы тамамдап, кіндік қаным тамған жеріме жол тарттым. «Черкасская оборона» ұжымшарының кәсіподақ комитетін басқардым. Ұжымшардың зоотехнигі, «Киров» атындағы ұжымшардың бас зоотехнигі, басқарма бастығының орынбасары, партия комитетінің хатшысы болып жұмыс жасадым. 1991 жылы «Всемирное Пламя» ұжымшарын басқаруға ұсыныс түсті. Ол кезде бұл ұжымшар ауданның соңында болатын. Аудан басшысының тапсырмасымен жауапкершілігі мол қызметті атқаруға кірістім. Алдымен ұжымның кателіктерін жойдық, соның нәтижесінде бірте-бірте ісіміз алға жүре бастады. Сол жылы елімізде тәуелсіздікке қол жеткізді.

1992 жылы өңірімізге Дінмұхамед Қонаев арнайы сапармен келді. Барлық ұжымшар басшылары бірлесе қарсы алуға дайындық жүргіздік. «Черкасск қорғанысы» мұражайын аралап жүріп Азамат соғысында өскери дәрігер болған Әли Кетібаров туралы бірталай әңгіме айтып, жақсы лебіз білдірді. Музей қызметкерлеріне алғысын жеткізіп, істеріне сәттілік тілеп, естелікке суретке түстік. Жер жаннаты – Жетісудың табиғаты керемет көз тартады, әсіресе, Ешкіөлмес тауы жаз мезгілінде ерекше құлпырып тұрады. Димаш атамыз біраз тамашалағаннан кейін, тебіреніп тұрып мынандай әңгіме айтты.

– 1930 жылдары ат төбеліндей қазақ жастары Мәскеудің әртүрлі жоғары білім ордаларында оқып жүргенімізде осы жердің тумасы, Қазақстаннан шыққан тұңғыш теміржол инженері, қазақтың тарихын терең зерттеп, ғылыми мұра қалдырған, Ресей империясының 2-ші думасының депутаты, Қоқан Республикасының премьері, жеті тілді меңгерген Мұхамеджан Тынышпаевтай болсақ деп армандайтынбыз. Өмір бойы өнеге болған Алаштың арысын керемет ардақ тұттық. Өкініштісі, республиканы басқарып жүргенімде халқыма таныстыра алмағаным, бірақ баласы Ескендірмен доспын және жақсы қарым-қатынастамын, – деп толғанды.

Осы орайда мен: «Димаш Ахметұлы, ауылға, үйге жүріңіз, дәм татыңыз және құран бағыштап қайтыңыз», – дегеніме: «Рахмет, балам, уақыт тығыз, келесі жолы міндетті түрде бас бұрам», – деп бір жылдан кейін қонақ болды. Димаш Ахметұлы 80 жастағы қарияға ұқсамайды, қимылы ширақ, сөзі терең, алып денелі, кеңпейілділігіне, парасаттылығына риза боласың. Сол кездесуде таң қалғанымдай жағдайдың куәсі болдық. Алғашқы кездесуімізде күн жаңбырлы еді, сондықтан Киров атындағы ұжымшардың «КВЗ 21» автобусына отырдық. Арамыздағы алты азаматтың ішіндегі ең тірі пысығымыз Марат Заханұлы барімізді таныстырды. Димаш аға сол автобустың соңғы орындығында жалғыз өзі отыр екен, танысқаннан кейін мен жанына шақырып алдым. Сәл аялдап тұрған мезгілді пайдаланып, қазақтың дәстүрлі терме, әндерін домбырамен Мұратбек Кожабеков орындады. Одан кейін 14 жасар қазіргі Сарқан қаласының әкімі Амантай Орынбеков те жалғастырды. Димекең зейін қойып тыңдады және ыстық ықыласын, ризашылығын білдіріп, қол шапалақтап, қарапайымдылығын көрсетті. Шығарып салада атқа кілем жауып сыйға тарттық. Қойлыққа дейін қимастықпен шығарып салдық. Автобустың артқы орындығында екеуміз. Тереқтінің бірінші көпірінен өтіп, екінші көпіріне жақындап қалғанда алдымыздан Сарқан ауданының халық бақылау комитетінің басшысы Алихан Сүлейменов қызметтік «УАЗ» автокөлігімен келе жатты. Димаш Ахметұлына айтып ем, ол кісі автобусты тоқтатып, бәріміз сыртқа шықтық. Әлихан Сүлейменұлы ағадайдан жүгіре келіп амандасты, ыңғайсыз жағдайда қалғанына қапаланып, кешіріп келгеніне кешірім сұрады. Димаш Ахметұлы: «Оқасы жоқ, кезінде мен қызметте болғанымда сіздер жол бойында тосулы едіңіздер, енді сіздер қызметтесіздер, менің кезегім келді», – деп жауап берді. Осылайша, тапқырлығымен тағы бір тақ қалдырды. Дінмұхамед Ахметұлы бізге дән риза болып, ашық дидарласып, сергіп қайтты.

Ендігі кезекте саясатқа араласып, оның бір пұшпағын алып жүру бізге бұйырды. Яғни, өмір ағымынан қалмай, ауыл тіршілігінде қоғамның дамуына үлес қостым. Ауданда құрылған «Қазақ тілі» қоғамымен бірлесе ауылдағы ұлтжанды азаматтармен топтасып орыс сыныбында оқып жүрген балаларымызды қазақ сыныбына ауыстырып, оқыттық. Бұл істің оң нәтижесіне жетуіне, тер төгіп, табандылық көрсеткен мына азаматтар еді: ұжымшар бас құрылысшысы Есім Әбішев, бас экономисі Тынышбай Сүлейменов, басқарма орынбасары Қадыр Қалиханов сынды біртуар азаматтар мен мұғалімдер Алаштың арысы Дінмұхамед Қонаев пір тұтып, өмір бойы өнеге алып жүрген азаматы Мұхамеджан Тынышпаевтың атын шығарып, шарапатына халқымыз ие болса деген ұғыммен тағы да топ құрдық. Құрамында Қасымбек Ескелдиев, Есім Әбішев, Қадыр Қалиханов, Бекмұханбет Вахитов, Тынышбай Сүлейменов, Өнжан Райханов сынды тұлғалар болды. Ұйымдастыру мәселесінде ағайын-туысқандарын тауып, өтініш жаздыру керек екен. Соғыс ардагері, көп жыл ұстаздық қызметте болған ақын Зиядан бірден келісіп жазып беріп, біздің өтінішіміз бойынша 1992 жылы қазан айында сол кездегі облыс әкімі Сағынбек Тұрсыновқа табыстауын ұйымдастырдық. 1993 жылы көктемде облыста ауысым болып, жаңадан Серік Ахымбеков тағайындалды. Осы кісіден қолдау болып Мұхамеджан Тынышпаевтың 115 жылдық тойы аталып өтуіне рұқсат берілді. Сол жылдың мамыр айының басында, жедел түрде аудан басшысының орынбасарында қабылдауда болдым. Ол кісі мені аудан әкіміне ертіп келді. Амандасқаннан кейін ол кісі: «Неге шақырғаның, мән-жайды бірінші орынбасардан білген шығарсың», – деді. Мен мән-жайды баяндап бердім. Ол кісі мұқият тыңдап: «Өте жақсы, мен ризамын, сол ісіңді өзің жаса, орнына мықты бір орынбасарыңды қой. Өзің күнделікті менімен байланыста боласың, істеліп жатқан шаруаңнан хабардар болайық», – деп бірден қолдау көрсетті. Жауапкершілігі үлкен жұмыс екендігін және облыс әкімшілігінің қадағалауында болатынын қайта ескертіп айтты. Содан кейін сәтті сапар тілеп шығарып салды.

Жаныма бас мал дәрігері Қасымбек Ескелдиновты алып Алматыға жүріп кеттік. Қазақ академиясында академиктермен, докторлармен кездесіп, бүйымтайымызды айттық. Кеңес Нүрпейісов, Әбу Тәкенов, Бейсенбай Байғалиев келіп құшақтап: «Мұханды да іздейтін азаматтар бар екен ғой», – деп ыстық ықыластарын білдіріп, арқа-жарқа болып, қолдан келген көмектерін аямайтынын айтты. Әсіресе, балаша қуанған Қазақ география қоғамының терағасы, ғылым докторы Әбу Тәкенов жанымыздан айналшақтап шықпады. Ол кісі Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойын атқарасымен, тек қана Мұхамеджан Тынышпаевтың еңбектерімен айналысқанын жеткізді. Телефон арқылы сол академияда Д. Қонаевпен де сөйлестім. Ақ батасын жаудырып, міндетті түрде тойдан қалмайтынын және Ескендірге өзі бас-көз болатынын айтты. Академиядағы адамдар біздің іссапарда істелетін жұмыстарымызға қанық болып аттандырды.

Келесі баратын жеріміз – Алматы қаласын безендіру қоғамының президенті Төлеубек Мұқашев. Келген шаруамызды білген соң қалай есеп айырысатынымыз сөз болды. Мен: «Ақшаға болмаса заттай өтеп берем» – дедім. Біраздан кейін кабинетіне Кеңес одағының еңбегі сіңген мүсінші Шорник мырзаны шақыртып, ескерткішті жасауын тапсырды. Мүсінді 14 тамыз 1993 жылы толықтай бітіріп, ауылға әкету керек. Келісімшарт жасалып қол қойылды, мөр басылды, қуанышты хабарды бірінші академик ағаларымыз естіп, телефон арқылы Д. Қонаевты да қуантты. Сонда ол кісі М.Тынышпаевтың қоры мәнгетті түрде ашылып, үлкен жұмыс атқарылу керектігін республикамызда көптеген оқу орындарына, көшелеріне, аландарына аты берілетініне және ол қорды өзі басқаратынына дейін қуанышпен айтты. «Ең алдымен, бастап отырған сізге дән ризамын, сен – Төлеухан, көмекшім боласың», – деген еді бір сөзінде. Алайда 22 тамыз күні бақилық болды.

Аудан әкімі де қуанып келісімшартты көріп, мерекенің өтуіне комиссия құрды. Терағасы болып Мұрат Қойшыбаев тағайындалды. Шараның өтетін күні 21 тамызға белгіленді. Дайындық қызу жүріп жатты, өтетін орны – табиғаты тамаша жер Лепсі өзенінің жағасы, тау етегінде. Қарғалы ауылына тиіп тұрған алма-бақтың жанында. 14 тамызда ауылдың бас құрылысшысы Есім Әбішев Алматыдан мүсінді керекті заттарымен ауылға алып келді. Ескерткіш мектептің алдына түсіріліп, орнату жұмыстары жүргізілді. Безендіру, орнату мен ашылу рәсіміне керек-жарақтың барлығын өз жауапкершілігіне Төлеубек Төлеуұлы алды. 21 тамыз әне-міне дегенше жетіп келді. Академиядан күрметті қонақ ретінде келетін кісілер де белгілі болды. Олардың ішінде М.Тынышпаевты ардақ тұтатын академик Кеңес Нүрпейісов, ғылым докторлары Әбу Тәкенов, Бейсенбай Байғалиев, жазушы Тұрсын Жұртбай сынды азаматтар бар.

Бірнеше күн бұрын телефон арқылы Әбу ағамен сөйлескенде, Димаш Ахметұлы міндетті түрде келетінін, Мұханның баласы Ескендірді де бірге ертетінін айтты. «Төлеуханымның атқарып жатқан игі ісіне дән ризамын» деген жақсы жылы сөзді естіп, мен де қанаттандым. Салтанатты жиынға қатысушылар ең алдымен «Черкасск қорғанысы» музейінде болып, Қарғалыға жол тартты. Ескерткіштың ашылу рәсімінде лентасын қиюға Д.Ахметұлы, Мұхамеджан Тынышпаевтың баласы Ескендір және К.Бекеев атқарды. Естеліккке суретке түскен соң аудан әкімі дәм татырды.

Қайтарда шаңқайлы қазақ үйлер тігілген ауылға келдік. Төрінде М.Тынышпаевтың үлкен суреті тұр. Ол суреттен жалпақ жібек лентамен төрт қазақ үйді байланыстырып қойған. Бұл ата мен жиендерінің арасындағы ұрпақ жалғастығын көрсеткен ұғым екен. Сахна мінберінде құрметті қонақтар жайғасып, лебіздерін білдірді. Д. Қонаев алдымен қазақша, содан кейін орысша қағазға қарамай дәлмедәл аударылған түрде сөйледі. Тойдың аяғына дейін болмай түскі тамақтан кейін Бақалының қазақ үйінен Димаш Ахметұлы басшылардан, күтушілерден рұқсат сұрап Алакөл ауданына кетті. Тойшыл қауым кешке дейін қызықтап ат шаптырып, түн ортасына таман тарқады. Тойдың жоғары деңгейде өтуінде Сарқан ауданының барлық мекеме, ұжымшар, кеңшар басшылары тайлы-таяғымен атсалысты. Ертеңгісін академик ағаларым үйге келіп қонақ болды. Кетерінде М.Тынышпаевтың еңбегін бірлесіп құрастырып, жаңадан шығарған «История казахского народа» кітабын қолжазбамен сыйға тартты. Қонақтар тарқап болды-ау дегенде 22 тамыз күні сағат 10-да: «Ақши демалыс орнында Дінмұхамед Ахметұлы қайтыс болды», – деген суық хабар келді. Кеудеме шемен қадалғандай бірталайға дейін селкос күйге түстім.

Өзі жоқ болса да тәуелсіздікке жеткен еліміз атамыздың істей алмай қалған жұмыстарын іс жүзінде атқарып келеді. Алматыдағы теміржол институты, Талдықорғандағы өлкетану мұзейі, Сарқан ауданындағы алаң, қалалар мен ауылдағы көшелер М.Тынышпаев атына ауыстырылған, әлі де жалғасуын табуда. Алматыдағы теміржол академиясына аты берілісімен М.Тынышпаев мұзейі ашылды. Черкасск қорғанысы мұзейінде М.Тынышпаевқа арналған орын бар. Сонымен қатар Қарғалы орта мектебінде де көрініс талқан. Бұл мектеп те атамыздың атымен аталудың кезегін күтуде.

Ғылым докторы Әбу Тәкенов өткен той туралы «Казахстанская правда» газетіне үлкен мақала жазды. Сол газетті оқыған Дәулет Тынышпайұлы телефон арқылы Әбекеңмен тілдеседі. Аңық-қанығына жеткен соң Уфадан Алматыға жетеді. Жиеншары Нұршәкен Жүнісқызына үйіне тұрақтап, Әбу Тәкеновтің жарыққа шыққан мақаласының арқасында М.Тынышпаевтың 6 ұрпағы, екінші ұлы Дәулет те табылды. Бұл кезде атағы шыққан ғылым докторы ғылыми еңбегімен Кеңес одағына танымал болған. Құғын-сүргін заманында атақты князь тұқымынан шыққан нағашысы Шейх-Әлидың тегін алады. Әбу Тәкенов пен Дәулеттің арасында тығыз байланыс орнады. Бұл жақтағы ағайын-туысқандары, жерлестері туралы толық мәлімет алмасқаннан кейін атажұрттың дәмі тартып, үлкен кісілердің көмегінің арқасында атамекенге оралды. Мұхамеджан атамыздың тарихта ерекше орын алғаны бәрімізге аян. Зұлмат заманның құрбаны болды. Оның ұрпағы тоталитарлық жүйенің қасіретін көп тартты. Әсіресе, Ескендір Мұхамеджанұлы көп тартты. Інісі Дәулеттің бар екенін және бірнеше рет кездессе де қауіпсіздікті ойлағандықтан құпияда ұстаған. Ол туралы бастапқы кездесуде Әбу ағаға айтып еді.

115 жылдық тойын өткізу арқылы Мұхамеджан Тынышпаевтың туған жері белгіленді. Қазақ елінің дара тұлғасы Дінмұхамед Қонаевтың, ірі ғалымдар мен жазушылардың, зиялы азаматтардың, жерлестерінің, Мұхамеджанның бірінші қызы Бибісараның ұрпақтары қосылып, бірінші болып осылайша той өткізді.

Төлеухан БИТИМБИЕВ,
Сарқан ауданының Құрметті азаматы

АТАМЫЗ – АЛАШ!

Туған елінің жарқын болашағы үшін өз өмірлерінен бұрын халқының тағдырына жаны күйініп, сол күресте шейіт болған азаматтардың есімі ел тарихында, ұрпақ жадында мәңгі қалуға тиіс. Олардың қауіп-қатерге, тәуекелге толы өмір жолдары, жанкештілік пен ізгілікті істері қатар жүрген қызметтері көбірек насихатталса ғана аталған мақсатқа жетеміз. Халқымыздың сондай аяулы ұлдарының бірі Алашорда үкіметінің мүшесі, сол замандағы баспасөз басылымдарына «Бабай бүркіт», «Орта жүз» деген бүркеншік аттармен жарияланып тұрған Отыншы Әлжанұлы еді.



Азаттық үшін атқа қонған

Отыншы Әлжанұлы Жетісу өлкесінің Лепсі уезіне «саяси сенімсіз» деп айыпталып, жер аударылғаны мәлім. Сол кезден заң тәртібі бойынша «саяси сенімсіз» адамдарға бала оқытуға, аудармашы, адвокаттықпен айналысуға тыйым салынған. Соған қарамастан, ол өзінен көмек сұрай келгендерге, атап айтқанда, сот, заң мәселелері бойынша ақыл-кеңес беріп, оларға жазбаша арызданудың ең тиімді жолдарын үйретіп отырған. Ол 1917–1918 жылдардағы дүрбелең кезінде Жетісу өлкесін шарпыған қым-қуғын саяси шайқастардың бел ортасында болды. Өз мамандығы мұғалім болғанымен, Ақмолада, Омбы қаласында өңірлік сот мекемелерінде тілмаш болып істеген қызметтерінің арқасында заң жолдарын жақсы білді. Көз алдында өтіп жатқан сан түрлі әділетсіздіктер, қиянаттар, озбырлық пен қорлықтар Отыншының ар-ұжданына, намыс алдындағы әрекеттеріне қатты қозғау салды. Ол саяси көзқарастары қалыптаспаған, тіпті, саясаттан мүлдем алыс, табиғатынан момын, қанағатшыл қандастарына кайткенде көмек бере аламын деген адал ниетінен ешуақытта айнымаған адам. Отыншының қатысуымен «Алашорданың» әскери полкі жасақталып, жергілікті халықты қан қақсатқан большевиктердің, ақ гвардияшылардың, белочехтардың, қазақтардың шабуылынан қорғады.

Отыншы Әлжанұлы уақыттың аса бір аласапыран кезінде өмір сүріп, саналы, жігерлі кезеңнің халқының сәулелі болашағына арнады. Оған жете алмай, келісімге де, сатқындыққа да бармай мерт болды. Соңғы демі шыққанша ол Алаш туын биік ұстап, желбіретіп кетті. Сол қасіретті күндер туралы публицист жатушы, өзі де Алаш әскерінде жасақ жинаған асыл азамат Міржақып Дулатұлы «Тағы құрбан» мақаласын жариялады. Онда «Отыншы Алаш жолында құрбан болды! Қызықты ғұмырының көбі абақтыда, айдауда өтті, бірақ, қымбатты Отыншы, Алаштың көркейгенін көре алмай, арманда кеттім деме, сендей ұл туған ел ешкімнен кем болмас», – деп жазған еді.

«Үлт қызметінде жүріп құрбан болған Отыншы Әлжановтың мейілсіз қазасына қайғырамыз. Марқұм Алашорданың бір мүшесі еді, құрылтайдың өкілі еді. Алаш баласына Отыншының шығыны батады, орны ойсырайды, әсіресе, балшықтан кісі жасап ала алмай отырған Жетісудағы ағайындарға басшысынан, көсемінен айрылғаны жаңа ауырлық іс болды. Тағдырға шара бар ма?» – деген Жүсіпбек Аймауытовтың азалы сөзі 1918 жылдың 22 тамыз күні «Абай» журналына басылды.

Біздердің, оның ұрпақтарының, Отыншы бабамыз жайында толық біле алмауымыз – заңды құбылыс. Ол туралы балалары – Мұхаметқасым, яғни, Мұқаш, Бибіфатима, Ғалымжан балаларына ешнәрсе айтпады. Айтса да мардымсыз ғана хабарлар болды. Ал немерелері – Мұқаштың қыздары Әмина, Сәуле – Кеңес өкіметінің өркендеп, дәуірлеп тұрған заманында өмір сүргендіктен, шөберелеріне Отыншыдай бабалары жайында толық мәлімет бере алмады. Әсіресе, Әмина анамыз. Алайда қазақ халқы нешеме ғасыр бойы армандаған тәуелсіздік таңы атты, ел егемендігін алды. Алашым деп жүрегі соққан батырларымыз күн шапағымен бірге көтерілгендей, халқымен қайта қауышты. Баспасөз беттерінде «Алаш аманаты» айдарымен берілген мақалалар көңіл қуантып, жарияланып жатыр. Қазақстанның әр тарапында түрлі іс-шара ұйымдастырылуда.

Кең-байтақ жеріміздің жайнаған шығысы – Отыншы бабамыздың кіндік қаны тамған жер. Соның ішінде, табиғаты ерекше Үржар, Науалы, Маканшы, Бақты – Отыншы Әлжанұлының ең соңғы аялдаған, жан алысып, жан берісken, табаны тиген қасиетті мекендер. Отыншының ой-мақсаттары өте биік болды, үлкен ұлы Мұқаш атамыз сөзге сараң болғанымен, кей-кейде бір суыртпақтай естелік айтса, оның сөзінен Отыншы бабамыздың ерекше болмысын байқаушы едік. Мұқаш атамыз «халық жауының» баласы ретінде жер аударылып, құтын көрді. Нұржәмила әжеміздің айтуында екі ұлы да әкелерінің тағдырын қайталаған. Отыншы Көкпектіден Лепсинск уезіне жер аударылса, Мұқаш та Лепсинскке қызылдардың өктемімен келген. Бұл шамамен 1945-46 жылдар болуы керек. Оның екі қызы Әмина мен Сәуле жастай аналарынан айырылып, жетімдік көрді. Сәуле әжесінің бауырында өссе, Әмина әкесімен бірге ол қайда барса, сонда болған. Баспасөз беттерінде жарияланған Отыншының отбасы суретінде әжесі Нұржәмиланың қасында тұрған Отыншының тұңғыш немересі – Нұрсағида, яғни, Әмина. Сурет Бішкекте, 1932 жылы түсірілген. Сонда Әмина анамыздың жасы 6-да, Сәуле суретте жоқ, ол әлі сәби, бар болғаны 1-де. Осы деректің өзі көп нәрсені аңғарткандай. Анасыз өткен балалық шақ, үнемі үреймен келетін күндер мен түндер...

Сөйтіп, Әмина әкесімен әр қалада 1942 жылға дейін бірге болады. 1942 жылы Мұқаш соғысқа сұранып кетеді де, Әмина әжесімен қалады. Мұқаш атамызды 1944 жылы мүгедектігіне байланысты әскерден босатып, елге қайтарған. Осыдан кейін ол Лепсинскке кеткен. Әкесінің хабарын естіген соң қызы Әмина оны іздеп, жолға шығады. Ол уақытта жасы 18-ге келіп қалған бойжеткен кезі, орыс тілін өте жақсы меңгерген, сол уақыт үшін едәуір білімі бар адам. Бірақ әкесі кеткен Жетісу өңірін дұрыс білмейді, сұрай келе, Лепсі станысысына жетеді. Алайда Лепсинск қаласы Жасыл көл маңында, ал бұл Лепсі теміржол бекеті, яғни, екеуі екі бөлек елді мекен болатын. Әмина осылайша жеттім деп есептеп, Лепсіден түсіп қалады. Аудандық оқу бөліміне барып, жөн сұрағанында, қызметкерлер оған бұл жер ол іздеп келген Лепсинск қаласы емес, Лепсі станысысы екенін айтады. Ол қанша қапаланса да, әрі қарай кете алмаған. «Жазмышқан отмыш жоқ» дегендей, ол сол маңдағы «Үлгі» ауылына мұғалім болып келеді. Кейін Мұқан Төлебаевтың туған інісі Әбілмәжін Төлебаевпен қосылып, шаңырақ көтерген. Осылайша тарыдай шашылған Отыншының ұрпақтары заманының суық желімен жапырақтай ұшып жүре берген.

Анамыздың көз жасына не бола алмайтынын, оның себептерін біздер кеш түсіндік. Жалпы өзі көп өкпе арқаламайтын, кешірімшіл, әсемдікті, жаңалықты жақсы көретін адам еді. Нағашы жұрт кімге де болса, ыстық, қымбат қой. Бұл туралы мен өз анама да, Сәуле тәтеме де сансыз сұрақ беретінмін. Әмина анамның жайын байқаған соң, сұрақтар Сәуле тәтеме көбірек қойылды. Мен оған қатты риземын. Отыншы атамыздың жеті атасына дейін қалай таралғанын әңгімелейтін. Оған қасында әжеміз жаттаткан, ол кәдімгідей тақпақтап, әнмен айтылады. Сәуле тәтеміз соны дәл айтып жеткізді. Бұл деректі өзінің жазып, жарыққа шығарып кеткен «Отыншы Әлжанов» деген кітабына енгізді. Сәуле Әлжанова көз тірісінде бабасы Отыншы туралы екі еңбекті жазып, жариялады. Артындағы ұрпақтары – біздер үшін бұл еңбектер аса құнды.

Бірде анамыз Әминамен емен-жарқын әңгімелесіп отырғанда: «Бізден әкелеріміз бен Құнанбайдың арасында туыстық бар», – деп қалды. Бұл өткен XX ғасырдың 80-жылдары болатын. Мен аң-таң болып: «Қойшы, тәте, кәдімгі Абай Құнанбаевтың әкесі Құнанбайды айтып отырсыз ба?» – дедім. Әрине, сенгіремей отырғаным белгілі болып қалды. Бұл тақырып ешуақытта кеңінен қозғалмайтын, анамыз жүрегіне өте жақын қабылдап, өзіне-өзі не бола алмайтындықтан, көп қаузамайтынбыз. Бұл жолы өзі бастады, мүмкін, ішіне сыймай, аузынан қалай шығып кеткенін байқамай қалды-ау дейміз. «Айтсам, сенбейсіндер, М Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы Ізғұтты біздің үлкен атамыз болады», – деді. Міне, керемет! Не дерімді білмей, сәл кідіріп барып, әкеме қарадым. Ол күлімсіреп отырды да: «Тәтең айта береді ғой», – дегенде, мен де манағыдан гөрі басылып, айта бердіге сендім бе, үнсіз қалдым. Бірақ, анамыз бізден әлдекімдер білгенімізді қалады ма: «Жоқ, айта бермеймін ғой, шын мәнінде солай», – деп жалғастырды. – Ізғұттының Құнанбайдың өзі қалап, бауырына басқан. Ол тобықтыларға барған соң барысы оң болсын, ел құтты болғай деген оймен есімін Ізғұтты қойған. Үлкен бабамыз Нұранның ұлы Сақаудан, шын аты Мұхаметжанған Ізғұтты туған. Анасы Құнанбайдың туған қарындасы Молда апамыз – Тайбала. Ізғұтты өте ақылды, мінезге бай, туыска мейірімді адам болыпты. Құнанбай Меккеге барып, ауырып қалғанда Қағбаның мешітіне Құнанбайды арқалап кіргізіпті. Меккенің басында Құнанбай мұсылман баласы үшін үй салдырды дегенді білесіндер. Арабтың дін басылары үй салуға жер бөлместен бұрын кімсіндер, қандай елден келдіңдер деп сұраған. Бұлардың қазақпыз дегеніне таңырқап: «Қазақтарында қырғыз деп тұр ғой, тіпті, мұсылман емес шығарсындар, қазақ, мұсылман дегеніңіңді дәлелдейтін құжат бар ма? Ол болмаса, қонақүй салуға рұқсат берілмейді, сол құжатты әкелуге бір жыл мерзім береміз, сендер кепілдікке не бересіндер?», – дейді. Сонда Құнанбай Ізғұттыны кепілдікке берішті. Құнанбай адамдарын елге жібереді, олар бір жыл өткенше тиісті қағаз, құжаттарды көп қиындықпен тауып әкелген. Солай қонақүй салынған. Менің ата-бабаларымның осындай істерге қатысты болғандарын мақтан етемін. Олардың айтылар уақыты келеді әлі. Әзірге сендер біле беріңдер, маған ренжімеңдер, ұзақ уақыт тіс жармадым. Денсаулығым да нашарлады, өкінбейін деп айтып отырмын», – деп барын тоқтады.

Әкеміз оның осы тақырыпта көп сөйлемеуін ойлайтын. Себебі, анамыздың қан қысымы күрт көтерілі кететін. Бәрінің себеп-салдарын кейін білеміз ғой. Мына жағдайларды естігенде нағашыларымның нағаны жұрты тобықты, ауыз дуалы Құнанбай қажының рухына басымды идім. «Білгенім – бір тоғыз, білмегенім – тоқсан тоғыз» екенін ұқтым. Уақыт шіркін аңдатпай өтіп жатса да, кештеу түсініп, білгеніме ризамын.

Анамыз айтқан Ізғұтының кепілдікке берілуі туралы мен Алматыдан 2006 жылы «Қазақтар керуені» сериясы бойынша жарыққа шыққан Сәбит Салқынұлы атты азаматтың «Досжан хазірет» кітабынан мәлімет кездестірдім. Кітаптың 100 бетінде: «Мүмкін, сендер кәпір шығарсындар? Кәне, мұсылман екендеріңді дәлелдейтін құжат әкелің тапсырыңдар». Талапты орындауға бір жыл мерзім береді. Ізғұттыны кепілдікке алады. Ол – Құнанбайдың асыраған алған баласы», – дейді. Әрине, мұндай деректің елге таралып, осылай көрініс тапқанына қуанып тұрмын.

Өкініштісі, Отыншы атамыздың бұл барып, қол жайып, Құран бағыштайтын жатқан жерінің, белгісінің жоқтығы. Бұл – ең үлкен өкініш. Тағы бір қиын нәрсе, Үржар еліне аталарының ескерткіші орнатылғанын Әмина да, Сәуле де көре алмады. Алайда ұлым деген құшағы кең ел барда, қазақ деген тарихы терең Отаны барда Отыншыдай асылдар мәңгі тірі болары сөзсіз. Өзіне өзі айтқандай, Алаштың қыран бүркіті Отыншы Жетісудың да жерін басып, оның ел-халқына қамқор болып, қызмет етті.

Отанды сүю, елдікті сақтау, ел азаматы, патриоты болу деген ұлы ұғымдар осындай асылдарымызды дәріптеуден басталмай ма?! Бүгінгі ұрпақ үшін Отыншы Әлжанұлының жүріп өткен жолы тұнған өнеге. Соз соңында жазықсыз жала жабылып, құдалауға түсіп, жала шеккен арыстарымызды ұмытпайық дегім келеді.

Майра ТӨЛЕБАЕВА,
Отыншы Әлжанұлының шөбересі
Ақтау қаласы,
Маңғыстау облысы

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

СУБСИДИЯЛАР НОРМАТИВТЕРІН ЖӘНЕ КӨЛЕМДЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

2018 жылғы 13 ақпан №62
Талдықорған қаласы

Облыстық әділет департаментінде 2018 жылғы 23 ақпанда №4527 болып енгізілді.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына, «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2017 жылғы 27 қаңтардағы № 30 Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14813 тіркелген) сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

1) жеке қосалқы шаруашылықтарда және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі қара малдың және қойлардың аналық басын қолдан ұрықтандыру бойынша қызметтер көрсетуге жұмсалған шығындардың 100 %-ға дейін өтеу бойынша, базалық ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізуге шығындарының 50%-ға дейін, бие және түйе сүтін өндіру және қайта өңдеу құнын арзандатуға, оның ішінде ауыл шаруашылығы кооперативтері үшін шығындарының 50%-ға дейін, жылқы етін өндіру құнын арзандатуға шығындарының 50%-ға дейін субсидиялар нормативтері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды және мал шаруашылығының өнімділігі мен өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін осы қаулының 2, 3-қосымшаларына сәйкес.

2. Алматы облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес.

3. «Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бескемпировке жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі
А. БАТАЛОВ.



Алматы облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес:

1. «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» 2017 жылғы 12 қаңтардағы № 1449 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4271 тіркелген және 2017 жылғы 20 қаңтардағы «Жетісу» газетінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын (қаулының мәтіні жарияланбаған).

2. «Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 қаңтардағы № 1449 «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2017 жылғы 16 маусымдағы № 427 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4349 тіркелген және 2017 жылғы 30 қыркүйекте Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын (қаулының мәтіні жарияланбаған).

3. «Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 қаңтардағы № 1449 «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 510 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4402 тіркелген және 2017 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын (қаулының мәтіні жарияланбаған).

4. «Алматы облысы әкімдігінің 2017 жылғы 12 қаңтардағы № 1449 «Субсидиялар нормативтерін және көлемдерін бекіту туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2017 жылғы 26 қыркүйектегі № 508 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4402 тіркелген және 2017 жылғы 13 қазанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын (қаулының мәтіні жарияланбаған).

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ТҮРГЕН АУЫЛЫ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ АБЫХАН ЖЕКСЕМБЕКОВТІҢ ЖЫЛ САЙЫН ТУҒАН КҮНІН АТАП ӨТУ ДӘСТҮРГЕ АЙНАЛҒАН. БИЫЛ ДА МЕКТЕП ДИРЕКТОРЫНЫҢ БАСТАМАСЫМЕН "РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ӨЗІҢНЕН БАСТАЛАДЫ" АТТЫ ОНКҮНДІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Мектептен басталады

Шараның мақсаты – туған жердің тау тұлғалы азаматы Абыхан Жексембековтің өмірі мен қызметтерін дәріптеу арқылы жас ұрпақтың бойына отаншылдық, елжандылық қасиеттер мен азаматтық ұстанымдарын қалыптастыру, әскерлік ұрпақты Отанға деген сүйіспеншілікке баулу.

Оқиғалық оқушылар арасында "Туған жерге тұмсық тік" тақырыбында эссе бойынша "Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте" үш тілде мәнерлеп оқу сайысы, "Өнер алды – қызыл тіл" жас әншілер мүшәйрасы, "Туған жердің көркем бейнесі" тақырыбында сурет көрмесі іске асырылды.

Осы іс-шаралардың қорытындысы негізінде "Заманауи мектептерде оқушылардың интеллектуалды әлеуетін дамыту – рухани жаңғыру негізі" тақырыбында ғылыми-практикалық семинар жалғасын тапты.

Мерекелік іс-шараға мектеп мұғалімдерімен білім мазмұнын жаңарту аясында әдістемелік көмек көрсету мақсатында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессорлары, "Өрлеу" педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты филиалы директорының ғылыми-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, саяси ғылымдарының докторы, доцент Толқын Әуелғазина ортаға келді.

Алғаш сөз кезегін алған Түрген ауылдық округ әкімі Бота Елеусізова жас ұрпақты саналы тәрбиелеп, саналы білім берудегі мектеп ұстаздарының жеткіліктерін айта келе, ауыл мұғалімдерінің біліктілігін арттыруда әдістемелік көмектерін көрсетуге келген кеш қонақтарына алғыс айтты.

Семинарда тарих ғылымының мұғалімі Р. Рахаев "Қоғамдық пәндерді оқытуда сын тұрғысынан ойлау педагогикалық-инновациялық технологиялық ептерін оятырып, нәтижеге бағытталған білім беру жолдары" атты баяндамасын оқыды. Педагогика ғылымының кандидаты, профессор Айман Бердаханова мектеп ұстаздарына "Оқытудың интерактивті әдістерін тиімді қолдану – оқушылардың интеллектуалды әлеуетін дамытудың негіздері" атты тренинг жүргізді. Ал, Өрлеу филиалының оқытушысы Паззат Ормамбекова "Жаңартылған білім беру жағдайында критериалды бағалаудың маңызы" атты тренинг өткізді. Мектебімізден аттан шығарып жүрген жас әншілерімізді де қалыс қалған жоқ. 11-сынып оқушысы Айзада Тауман "Абыхан атаға", 9-сынып оқушысы Есбол Үсен "Еске алу", 7-сынып оқушысы Арман Жамбыл "Атаға арнау" атты өлеңдерін оқыды.

Ғылыми-практикалық семинарға келген заилы қауым А. Жексембеков туралы естеліктер ғана айтып қоймай, жастарға рухани адамгершілік тәрбие беруді, тарихи және ғылыми негіздері тұрғысындағы ойларын ортаға салып, қонақтар мұражайға сыйлық жасап, естелік ретінде сый-сияттарын ұсынды.

Қайратжеден ұрпақтары ауданнан жастары арасында А. Жексембековтің құбығына арналған волейболдан жарыс өткізіп, жеңімпаздарға сый-сияпат табыс етілді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: "Патриотизм – кімде қалам, газеттің жарнұе, әскери ауылына, қалаң мен ақдеңіз, яғни туған жеріңе деген сүйіспеншілікпен басталады", – дегендей, әрбір жас әрекетіне азаматтық туын-өскен жерін құрметтеу парыз. Қашанда алдыңғы буын Абыхан ағамыздай тұлғалардың жолын басар болса, мең далада кеселген сеңгуметтей алысқа шабар еді.

Ұрпағымыз даралған мен даналар салған сара жолды жалғастырсын деп тілейміз.

Р. ШАЛҒЫМБАЕВА
Еңбекшіқазақ ауданы


Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ТАНЫМ



Дикқанбай батыр

Әйгілі Райымбек батырдың бесінші ұрпағы саналатын Дикқанбай Жәмпейісұлының есімі Кеген, Нарынқол өңіріне кеңінен мәлім. Қазақтан окоп қазуға адам шақыртқан ақ патша жарлығына қарсы шыққан халық батырларының бірі. Кезінде Алжан болысын басқарған. Қаркара көтерілісіне қатысушылар аяусыз басып-жаншылған түста қарауындағы елді Қытай асырмай, Кетпен тауларын паналатып, босқындыққа ұрындырмай аман алып қалады. Алайда 1918 жылы көктемде жазалаушы отряд құрығына ілігіп, қайғылы жағдайда қаза табады. Ел ішінде ол жөнінде аңыз-әңгіме көп.



Батыр бабамыздың бойындағы ерекше қасиет жайлы ел аузындағы аңыздың бірі былай дейді. Бірде Іле жақта қазақ-орыс бас қосқан үлкен жиын өтеді. Нарынқол, Кеген, Шарын аймағы түгел жиналған құрылтайға Дикқанбай жердің шалғайлығынан кешігіп жетіпті. Ұлық: «Ендігі келгендер жиынға жіберілмесін!» – деген тапсырма береді. Алайда төбе басында отырған орыс ұлығы келе жатқан топқа ұзақ уақыт көз салып отырып, шабарманын жұмсап:

– Ана келе жатқандар бөгелмесін, қарсы алыңдар! Мұнда келуіне рұқсат! – дейді. Шабарман іштен тынып: – Бұл қалай? – деп ойлайды. Шағын топты бастаған Дикқанбай екен. Олар ұлыққа амандық-сәлем жасап, ел қатарына жайғасқанда, ұлық:

– Сендер, қазақтар, арыз-шағымнан қолдарың босамайды. Өсексіз өмір сүре алмайсыңдар. Сол әдеттеріңді тағы істемеңдер. Алдарыңда көргенімді айтайын. Мен патшаның ұлығымын. Мына кісі, – Дикқанбайды нұсқап, – қазақтардың ұлығы екен. Жаңа келе жатқанда ақ әулиесі жолбарыс артына мінгесе келіп, бірге түсті. Мен оны қалай өзіммен тең санамаймын?! Оған басқаларына жасалмаған көшемет көрсетілуі сондықтан. Сендер оған өкпелемеңдер де күндестік жасамаңдар! – деп жиынды жалғастырыпты.

Жиналыс тарқайды. Сиязға келгендерге сияпат көрсетіледі. Бөлінген үйлерге дастарқан мәзірі беріледі. Сонда бір қария: «Жақсыны көрмек үшін, жақсы мәслихат құрмақ үшін деген әңгіме айтыңдар», – деп арғыннан келген Өмірәлі, Сергазы атты жігіттерге сөз тастайды. Олар сыншылдығымен елге танылған жігіттер екен. Бірінен кейін бірі іліп әкетіп, жорғалай жөнеледі.

– Албан аға балалары, сезгенімізді айталық, – дейді Өмірәлі ұмсына түсіп: – Албанда екі береке, екі жүйрік, екі кесір бар екен. Берекенің бірі – Құсық Жәменке, екіншісі – Айт Ниязбек. Бұлар айранның ұйытқысы, сабаның қоры секілді. Бұл екеуі тұрғанда Албан кедей бола қоймас. Ырысы асып, ырызғысы таси берер алі дегенде, Сергазы: – Елдеріңізде екі жүйрік бар екен. Бірі – Әйтекенің Жанғабылы, екіншісі – Әуелдің Тұрысбегі, – дейді ойлы көзін жұртқа қадап. – Әсіресе, Жанғабыл өрен жүйрік. Бірақ кос аяғына кос кісен, кос шідер түсіпті. Сабаздағы кос шідер шірір-ау, ал кос кісенді үзе алмай, сылдырлатып өмірден өтер білем, – деп аяушылық танытып:

– Сондағы кос шідері малсыздығы, жалғыз атты келейлігі екен де, кос кісені перзентсіздігі көрінеді, – деп түсінік бере сөйледі әңгімеш.

Одан кейін сөзге қайта араласқан Өмірәлі: – Екі кесір мыналар ғой дейміз. Бірі – Ұзақ батыр, екіншісі – Дикқанбай батыр-ау?! Ұзақ кесір айтады, кесірі өз басына жұғып, халқына жұқпайды. Үлкен кісі Дықаң кесір айтып, сөзін: «Ей, сор», – деп бастайды екен. Жақсылығы өз басынан артылып, халқына жағады екен. Дәретсіз жер баспайды. Үйіне намаз оқымағанды қондырмайды. Әулие деуге кеш туыпты. Әйтпесе, болғандай-ақ. Әттең, кос асыл... (Ұзақ пен Дикқанды айтқаны) оқ алады-ау, ақырын, – деп әзер тоқтапты.

«Сонда Алла тағала жоғарыдағы пенделері туралы пешенесіне жазу жазып жатқанда Өмірәлі мен Сергазы қасында карап тұрды ма, қалай тағдырларын білген?» – деп егілгенде етегі жаска толады екен Ішпекбайдың. Бұны мен Қаркабат ақсақалдан естідім. Ол өз кезегінде әкесі Ахметтен ұғыныпты.

Ұйықтағанда бас жағында жолбарысы жататынын бір құрдасы естіп, «Көрсет!» деп Дикқанбайды мазалай беріпті. Дықаң: «Мына сорға, біз жататын бөлмеге төсек сап бер!», – дейді бәйбішесіне. «Өзі сұрап алған ауруға дауа жоқ» деген. Түн ортасы ауа жолбарыс бас жағына кеп жайғасыпты. Төсегіме жіберіп коя жаздап, таңға көз ілмедім, – дейді көргенін кейін әңгіме қып айтқан әлгі құрдасы.

Айттың бір топ қадірлі кісілері патша ұлығы шақырған жиынға баруға сапарға шығып, жолай Дықаңа соға жүреді. Түс әлеті көрінеді. Көбі ат үстінде былайырақ тұрып, тілдесіп шығу үшін Ұлтарақ палуанды үйге жұмсайды. Есіктен кірген ол өңі бұзылып, тыска атып шығады. Тілі байланып, үндей алмайды. Қолымен үйді нұскай береді. Дегбірсізденген жас Солтанқұл болыс батыл басып үйге енеді. Төрде Дықаңның аяқ жағын ала бәйбішесі – ақ қатын ұйықтап жатқанын, Дикқанбайдың ар жағында отырған жолбарысты ол да байқапты.

Дабырдан бәйбішесі оянып кетіп, Солтанқұлды танып: – Жиен, қайдан жүрсің? – деп жөн сұрайды. Ол: – Үлкен кісіні оятасыз ба? Сиязға жүрер ме екен, бір топ адам күтіп тұр едік?! – дейді. Сол мезетте жолбарыс сағымдай көмескіленіп ғайып болады.

Дықаң мал ішінде өгізіне міне алмай, құр жетелеп жүрген карт адамға кезігіп, «Ассалаумағалейкум» деп сәлем беріп, жөн сұрапты. Дәретке түсіп өгізіне қайта міне алмай калған кария жөнін айтып, қырқұлақ үшін жас төлдің еті керегін айтады. «Онда міп өгізіңе» дейді. Карт канша тырбанса да міне алмайды. Дықаң кариядан: – Қаншаға келдің? – деп сұрайды. – Жетпістемін, – дейді әлгі кісі ентігіп. Сонда Дықаң: – Келмей-ақ қойдым ондай желге жапырылып, ентіккен жетпісіңе, – деп аттан түсіп, картты өгізіне мінгізіпті. Айтса айтқандай, тілеуі қабыл болған Дықаң дүниеден алпыс тоғыз жасында өтіпті.

Бабамыз үлкен кісі айтыпты:

Қонар қонысыңды біл,
Шығар орісіңді біл.
Жүрер жолыңды біл,
Тұрар жеріңді біл.
Жаманды ес тартқанша,
Қамшымен бес тарт.
Ақымақ ағайыннан,
Ақылды дұшпан артық.

Дикқанбай бабамыздағы әулиеліктің бір көрінісі түс көріп, аянмен алдын болжай білетіндігі болса керек. Аян алуды ізгілікке шақырып, қауіптен сақтануы деп білген жөн сияқты. Өзі дүниеден өтер алдында түс көріп, бабасы Райымбектің атын айғайлай ұрандап, шошып оянады да, жақын бала-шағасын, дос-жарандарын шақыртып алып, көрген түс аянын айтып, катты тебіреністі бастан кешеді. Отырғандар іштен тынып, «Не болар екен?!» деген оймен жүректеріне қорқыныш сезімі ұялайды. Ол көрген түсін былай баяндайды: «Батыстан шыққан аспанды торлаған «қара бұлт», ерекше тулаған толқындай өркештеніп келіп ауыл-ауылды басып калды. Тасқын арасынан аздаған ғана жанталасқан жан иелері, бар денесін күйік шалып, сұры кетіп, әрең босайды. Қолымдағы құсымды алып қарақұс іліп кетті. Жеті бірдей желімді жиып алды. Өрісімді ерт шалды, құмай-құзғын қонысыма таласты, жайлауымды шаң басты, суатымнан лайланып кан ақты, дастарканыма күрт-құмырска үймелеп, иманымды құстар шокып жеп кетті, жеті басты жалмауыз жеткен жерін жалмады, алдымда тұрған көгеріп көрінген үш шынардың соңғысын ғана ұстап қалдым. Қорғаушы болып жүрген жолбарыс пен кабылан теріс айналып, өзара ырылдасып бел асып кетті», – дейді.

Атасы Жаңпейіске еркелеп еркін өскен Құдайберген әкесі Диканбайды «Дыка» деп атайды екен. Сол бірбеткейлігіне басып, сөз тізгінін өзгелерден бұрын алады.

– Дыка, көрген түсіңнің жоруын мен айтайын. Бұл нәубеттен аман қалу-қалмауымызды бір Алла біледі, «Түс – түлкінің боғы» деген, лайым солай болғай. «Сақтықта қорлық болмас» деген, бізге келетін нәубет болса не шара?! Алысып көреміз де. Қара халыққа кесіріміз тимесін, елден іргемізді бөлек ұстайық, қауіп айтып келмейді, жасырын келуі де мүмкін. Есімізді жиып, етегімізді қымтайық. Алланы еске ала отырып, сауымызда садақа берейік. Алладан қорқып тілеу тілеп, зекке мойын ұсынып, тасаттық беріп, жоқжітікке өрістегі жылқыдан 70 бас, қойдан 700 бас таратылсын. Малшы-жалшылар алласасын алып, риза болсын, сауыны жоқтарға сауын сиыр берілсін, алашағы барлар тартынбай еңбегінің жемісін жесін. Елден бөлек нәубет тек бізге ғана келсе өз дертімізді өзіміз тартып, тура келген ажалды қарсы алайық! – дейді. Сонда Диканбай:

– Патша жарлығына қарсы шығып, «ор қазуға» жастарымызды жібермедім, шапқынға келген әскеріне көнбедім, бір болыс елімді Кетпен тауына паналаттым, шекара асуына жол бермедім, шашылып-төгілуден сақтап қалдым. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы». «Бала өлгенше, шал өлсін» деп жастарым үшін басым кетсе де арымды сатпаймын. Қаркара ұлықтарының «Жәнпейісов Диканбай – «Алжан болысы» дегенде олардың қылышы қайраулы екенін мен де сеземін. «Аңдыған алмай қоймас» деген тағы бар. Кезегін күткен кезептер кезеніп тұрмасына кім кепіл? Межелі мезгілін күтіп, тісін қайрап жүрген «Жамағайын» көре алмас күншілдігін еселеп, «Еліңді жау шапса – қосыла шап» деп дұшпаныңа жол көрсетіп, «жөн сілтеуші» табылып жатса, өкінішпен өтерміз» депті.

1960 жылы Молдажан Мұшанұлының аузынан Диканбайдың көрген түсін баласы Құдайбергеннің қалай жорығанын айтқан өлеңді жазып алған едім. Сонда былай дейді:

Ауылдың үстін бұлт басса,
Ерлерге қатер төнгені.
Аз жанды Алла сақтаса,
Ізінен ұрпақ ергені.
Құсың ұшса қолыңнан,
Алладан аян бергені.
Өрісіңді өрт шалса,
Арнайы қырсық келгені.
Жинаса жеті желіңді,
Жеті бабаң өткені.
Қонысыңа таласса,
Жақының жаулық еткені.
Жайлауыңды шаң басса,
Қызыр бабаң кеткені.
Суатың ылай, қан болса,
Мезгілдің бізге жеткені.
Құс таласса нанына,
Татар дәмнің біткені.
Жалмаса жеті жалмауыз,
Берекенің кеткені.
Қасиет қашып бойыңнан,
Басыңнан дәурен өткені.
Батырлық пен байлығың,
Жеті атадан жеткені.
Ұрпағыңа қалмайды,
Өзіңмен бірге кеткені.
Үш ұрпаққа ауысар,
Білікке қолы жеткегі.
Барыс, қабылан бел асса,
Еліңнің басы бірікпес.
Бірімен-бірі араз боп,
Дауды даулар бітіспес.
Дұшпанына жем болып,
Болады соған тілектес.

Бұл 1918 жылы болған окиға. Диканбайдың көрген түсі шындыққа айналып, сол жылы әлдебіреулердің көрсетуімен жазалаушы отряд Шалкөдеде отырған Диканбай ауылының үстінен түседі. Диканбай ажалдан именбей тағдырдың жазмышын қасқая күтіп алып, намаз оқып отырған қалпында орыс-казактардың қолынан каза табады. Бұл туралы Көдек ақын:

Алжаннан Райымбек батыр шығып,
Қақ бөліп қара суды жарып өткен.
Атының аруағынан айналайын,
Ұраны көңілімді жарық еткен.
Туылып сол атадан талай мықты,
Санаулы күні бітіп бәрі кеткен.
Тұлпар аунап, тұк қалар деген дейін,
Шейіт қып Диканбайды шауып өткен.
Айығып жазылганша кім бар, кім жоқ,
Арман күш, жараландым қалың еттен.
Тай басып, ат тұяғын түбін берсін,
Бұл күнде қайран Албан сәні кеткен, –

деп жырлаған екен.

Ел мен жердің амандығы, қара қазанның бүтіндігі, сары баланың болашағы үшін жан қиған Диканбай батырдың өмірі осылай өрілді.

Тұрсынжан ӘЛДИБЕКҰЛЫ,
өлкетанушы

ІЗГІЛІК

Жетімдерге пана болған



ЕЛБАСЫМЫЗДЫҢ «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» МАҚАЛАСЫНЫҢ АЯСЫНДА ӨЗ АУЫЛЫМ ЕҢБЕКТІҢ ТАРИХЫНАН БІР ҮЗІК СЫР ШЕРТСЕМ. ПРЕЗИДЕНТІМІЗ Н. НАЗАРБАЕВ «ТУҒАН ӨЛКЕҢДІ ТӨҢІРЕГІҢДІ ЗЕРТТЕ, ЗЕРДЕЛЕ, ТАРИХ ДЕГЕН СОЛ» – ДЕГЕН ЕДІ. ОСЫ БІР СӨЗ ОЙЫМА ҚАМШЫ БОЛҒАНДАЙ ҚОЛЫМА ҚАЛАМ АЛЫП, БІРНЕШЕ АЙ БОЙЫ ОСЫ ТАҚЫРЫПТЫ ЗЕРТТЕДІМ. СӨЗДІҢ БАСЫН САРАЛАП, КЕЙІПКЕРІН ДАРАЛАП БАСТАҒАЛЫ ОТЫРҒАН БҰЛ МАҚАЛАМ СОЛ АУЫЛДЫҢ ТУМАСЫ ЖАЙЫНДА.

Тірісінде ел қамқоршысына айналған, жетімдердің жебеушісіндей қайырымды жан Мәкей Еркінбеков еді. Ол 1895 жылы дүниеге келген. Ақсудағы Мамания мектебінен, 1918 жылы Қапалдан мұғалімдік білім алған. 1922-1930 жылдары Талдықорған уезінде білім бөлімінде істеген екен. Одан кейін Қарағаштағы Мамания мектебінде ұстаздық қызмет атқарды. 1924-1926 жылдары Алматы облысының оқу ағарту бөлімін басқарып тұрған кезінде білім мектебінің жанынан балалар үйін ашып, ашаршылықтан қалған жетім балаларды жинап бағады.

Мен осы зерттеу мақаламды бастағанда Мәкей Еркінбековтің оқушысы, білім алған шәкірті болған Қазақ ұлттық академиясының академигі Жүрімбек Сыдыковты арнайы іздеп бардым. Академик атамыздың көзбен көргені, Мәкейден білім алғаны туралы өз аузынан естіп, көп деректі бейнетаспаға жазып алдым.

Академик атамыздан Мәкей туралы сұрағанымызда терең ойланып, ауыр күрсініп алды.

– Сол бір жылдар ел басына күн туған, ер етігімен су кешкен заман еді ғой, – деп бастады әңгімесін. – Әкемнің ағасы, менің өз әкем Сыдық, оның інісі үшеуі ерте кайтыс болып, шешемнен де айырылып жетім калыппын. 1928-1932 жылдар арасында Кеңес өкіметінің колдан жасаған саясатымен аштық жайлағаны тарихтан белгілі. Сол жылдары мен де ата-анамнан айырылыппын. Мәкей сол кезде Қарасу ауылынан (қазіргі Еңбек) балалар үйін ашып, 150-ден астам баланы ауыл-ауылдан өз ат арбасымен жинап әкеп үйіне бакқан еді.

Сол кезде қорғансыз калған жетімдердің бірі мен едім.

Мен Мәкейді Абай бастаған ұлылардың катарына қоя аламын. Ол ұстаздың бірі емес, бірегейі еді. Жетімдердің панасы болып, қорғанына айналды. Зұлмат заманда тамағын тауып беріп, асырап окытқаны әлі күнге дейін мені таңғалдырады. Ол кезде Мәкей деп бір адам атын атай алмайтын. Сабақта жақсы оқығанымның арқасында касында көп болдым. Сабаққа *кіріп келіп, «Сыдыков, жүр» деп апарып құжаттарын жазғызған. Кейіпкер* баласымен де жақсылап болып, араластық.

Академиктің осы сөзінен-ақ Мәкейдің Алатаудай атағы, теңіздей терең білімі болғанын, алтын жүрегін жетімдерге арнай білгенін аңғаруға болады. Еліміздің Премьер-Министрі болған, қазір ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Кәрім Мәсімовтың атасы Мәсімді оқытқаны, жетім калған жерлерінен алып келіп, осы балалар үйінде тәрбиелеп бакқаны туралы да әңгімелеп берді. Мәсім ата академикпен бір сыныпта оқыпты.

Мәкей 1952 жылы қайтыс болғанда атам Қапаш пен әжем Зияданың өз колдарымен жерлескені жөнінде өз әкем Бекболаттан талай естідім.

Осы зерттеуімді жалғастыра отырып, Сарқан қаласынан Мәкейдің көзін көрген 91 жастағы Сара әжейді таптым. Ақ жаулықты әжеміз ағынан жарылды.

– Ол кезде жас келін едім, атам Заканның үйіне талай рет келіп, әңгімелесіп отыратын, мен шай, тамағын беріп отырып, атам екеуінің әңгімесін естігенмін. Мәкей балалар үйінің директоры болды. Ілияс Жансүгіровтің үзеңгелес жолдасы болған. Жұмысқа адал, қаншама жетімдерді жинап әкеп, тамағын тауып, оқытып бақты.

Бір айдан артық мұрағат құжаттарын ақтарып, Мәкей Еркінбековтің Ақсу ауданы білім бөлімінің басшысы болғанын анықтадым. Қарасу балалар үйінің директоры болғаны да осы мұрағат құжаттарынан табылды.

Сол жылдардағы құжаттардың барлығы латын әліпбиінде жазылыпты. Мұрағат құжаттарының толық көшірмелері алынды.

Бір ай шамасында мұрағат құжаттарын іздеуге қол ұшын созып, көмек көрсеткен Ақсу ауданының мұрағат директоры Гүлшат Мейрамбекова әпкемізге алғысымыз шексіз.

«Жерде бір жетімді басынан сипасаң, көкте мың періште қуанады» деген қағиданың дәлелі болғандай, ол кісінің еңбегін сол кезде-ақ үкімет бағалаған екен. 1946 жылғы 24 маусымда Мақсұтхан Қусайынов жоғары атақты өз қолымен табыстаған екен. Ақсу ауданы бойынша бірінші болып «Республикаға еңбегі сіңген мұғалім» деген марапатқа ие болған. Қазақ ССР-інің бірнеше грамоталарын алуы да осы кісінің адал еңбегінің жемісі.

«Ұстаның істеген заты қалады, жақсының жазған хаты қалады» деген дана халқымыз. Әкем Бекболатты қаншама жылдар бойы қынжылтып, өзегін өртеген түйінекті шешетін сәт жақындаған сияқты. Айтайын дегенім, Мәкей Еркінбековтің кабірі Еңбек ауылында, біздің үйден 300 метрдей жерде мал астында тапталып, қоршаусыз жатыр. Қиын да қилы заманда жетімдерді бағып, балалар үйінің директоры қызметін атқарған тұлғаның осылай қараусыз, елеусіз жатуы елдігімізге, ер-азаматтығымызға лайық емес-ау.

Оның шыққан тегін әкем екеуміз көп іздедік. Бағымызға қарай шежіреден Мәкей Еркінбековтің аты-жөні шыға келді. Мәкейдің түп атасы 1465 жылдары Таразда, Шу бойында алғаш Қазақ хандығын құрған Жәнібек ханнан тарайды екен. Ал енді сол шыққан тегіне бір тоқтала кетейін. Жәнібек ханнан – Жәдік хан – Шығай хан – Қайнаркөшек – Санқай – Құдайменде – Тұрсынхан – Көшекхан – Мамырхан – Ежен – Құдайменді – Атыхан – Еркінбек – Мәкей.

Өз балалары өзінен бұрын қайтыс болған екен. Әнет баласы өз қасында жатыр.

«Тектіден текті туады» дегендей, арғы атасы алғаш Қазақ хандығын құрған Жәнібек те, қазақтың соңғы ханы Кенесары да төре. Сол тектілігіне тартып, Мәкей де соңғы өміріне дейін осы қазақка, өз еліне, жеріне еңбегін сіңіре білді. Төремін деп бөлінген жоқ, жаны жас жетімдермен бірге болды.

1928-1932 жылдары халықтың басына кара бұлт үйіріліп, аштық келген кезде үрейі қашқан ел тігулі үйін, жинаулы жүгін тастап, аударып отырған Құран кітабы ашылған қалпында бір түнде шекара асып жатқан кез екен. Сол қайғы-қасіреттің қатты ағысына қарсы жүзген Мәкейдің еңбегі ерекше. Енді сол алғыр жанның ауыл түбіндегі қараусыз, қоршаусыз қабірі көңілге көлеңке ұялатады. Малын үстіне иіріп қойып, төмпешігіне дәрет сындырып тұрған жас балаларды көргенде «Мен де сендердей болғанмын, сендер де мендей боларсыңдар» деп қабір астынан дауыс естіліп тұрғандай сезіледі.

Басшылар қолдап, азаматтарымыз жақсылығын жалғаса Мәкейдің жарқын бейнесі халықпен қайта қауышады. Ақсу ауданының мектептерінде жас ұрпаққа тәрбие ретінде жыр мүшәйралары, ашық сабақтар, тәрбие сағаттары өткізілсе нұр үстіне нұр болар еді.

Осы мәліметтердің барлығын көзі көрген қариялардан жазып алдым. Осы кісіден білім алған балалар үйлі-баранды болып, аштықтан алып қалған адамдардың ұрпақтары қазір өсіп-өніп отыр. Көкірегі ояу, көзі ашық, әке-шеше аруағын сыйлағандар бар болса, ашаршылықтан ата-бабасын аман алып қалып, ұрпақтарының осы бақытқа жетуіне бірден-бір себепкер болған Мәкей ұстазына құрмет жасап, басына қоршау, белгітас қоюға қол ұштарын берем деушілер болса 87054473059 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Біржан БЕКБОЛАТҰЛЫ,
Қарасу негізгі орта мектебінің мұғалімі
Ақсу ауданы

Оқырман назарына: 15 мамыр күні сағат 10.00-де Ақсу ауданының орталығы Жансүгір кентінде Мәкей ЕРКІНБЕКОВТІҢ өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-конференция өтеді.

■ 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ



■ ЖЫР-АРНАУ

НӘУБЕТ

Кремль. Төрде сүсты Сталин.
Қысқа сұрақ. Қысқа жауап. Қысқа үн.
(Даусасып көп жетсе егер ұстамың)
Сүсты қабақ ласқап тым,
Қарсы алдында Тұрар тұр
Мұңын айтып қазақтың...

– Оқып шықтым жазғанымды үнсіз бе,
Не көрінді мұнша саған түнсіз бе?!
Жә, жарайды!.. Бос ұзына,
Айдалада аш қасқырдай бүгіліп.
Бос әңгіме, құр шатпаққа орын жоқ,
Уақытымды ала берме менің көп.
Дәлел бар ма?.. Дерек қайда?
Ал сөйте!..
Жазған отқа сондырмас сенімім жоқ.

– Дәлелім бар, – деді Тұрар нық тұрып,
Кеудесіне қырау қатып, шық тұнып.

«Елі сүйген сіздей Ұлы адамға»,
Қажеті не бос әңгіме ұқтырып.

Жалған емес айтайыншы шынымды-ақ,
Қатал тағдыр халқымды түр қырынға ап.
Анасының аш өлегі бұралып,
Бесігінде бала жатыр шырылдап.

Бұл қорлыққа қазақ қалай шыдамақ?
Қайда барып, кімнен көмек сұрамақ?
Қорадағы малын тартып алған соң,
Аш-жалаңаш қалай колхоз құрамақ?

Әлемдегі қазақ қазақ болғалы,
Күні кешегі малын бағып қалдағы.
Жерді өңдеп елін салып көрмеген,
Малын алса дей бер оны сорлады.

Тоқтатыңыз зобалаңды, аштықты,
Жеткізіңіз жеделдетіп астықты.
Бір халықтың обалына қалмаңыз!
Қайтарыңыз Голощекин бастықты.

– Голощекин, – деді Сталин жазғырып, –
Қазақстан өрлесін деп ғұлдеріп,
Бар еңбегін төгіп жатыр,
Босқа айыптап жүрмелік,
Көп кілікпей, аз тыңда,
Голощекин маған жазған хаты бар!
Былай дейді сенің халқың хақында!

– Қазақтардың қора-қора қойы бар,
Жиһаз толы алты қанат жайы бар.
Кедейі аз, көпшілігі бай-кулак,
Өкіметті мойындамау ойы бар.

Жан көрмедім жерді жыртып өнбеген,
Кетпен ұстап, астық егіп терлеген.
Аз анығы бұл жазбайды халыққа.
Революция әлі жетіп келмеген.

Мәдениет жоқ, сауатсыздық жайлаған,
Жоқтың қасы үйретуге сай маған.
Тамақты да қолмен жейді жабылып,
Тым құрыса қасық жасап қойғызып.

Қора-қора қалмандағы қойын ап,
Жөнелтемін Москвага сойып ап.
Жолдас Сталин, сізден рұқсат болса егер,
Кіші Революция жасау мұнда ойым бар!

Сүсты Сталин оқты көзін қадады,
Қарсыласын жеңілгенге санады
«Қалай, балам, түсірдім бе торыма»,
Деген сөзді айтып түрды жаныма.

Мынау сөзге бұлк-бұлк ойнап қайғы,
Тұрды Тұрар тас кептелін таңғы.
Ағытылды содан кейін ай-кезің
Ағытпауға болмады!...

– Сауатсыз деп айыптай ма халқымды,
Аяқ асты етпек пе екен салтымды?
Дана халық!.. Шешен халық !... бұл қазақ,
Ғылымға тең әрбір сөзі алтын-ды.

Бос шатпақты, сірә, ондай қалдаман,
Сол халықта данышпан бар мыңдаған.
Білім нұры тарағанда Шығыстан,
Еуропада әлі өркениет болмаған!..

Қайтарыңыз ондай сайқымазақты,
Көрсетпесін жұртыма көп азапты,
Жарты әлемді отқа оралған қалмақ та,
Жеңе алмаған сол «сауатсыз қазақты»!..

Бітті әңгіме.
Қозғалақтап қалды кенет Сталин.
Мынау жауап ауыр тиді,
Балғасындай ұстаның.
Осыменен ортасынан үзілді,
Қысқа сұрау. Қысқа жауап. Қысқа үн.

Тұрар шақты сыртқа жауып есігін,
Уақыт-тарих ақтар Даурың шешімін,
Білген жоқ-ау елін сүйген Есіл Ер,
Тартатынын сол ерліктің кесірін.

Үсен ӨМІРЗАҚОВ

РЕПРЕССИЯНЫҢ ТОЛҚЫН-ТОЛҚЫНЫНА ҰШЫРАҒАН, ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН БАСТАҒАН ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ АЛАШ ИДЕЯСЫН ӨЛМЕС МҰРА ЕТІП ҚАЛДЫРЫП КЕТТІ. АЛАШ ҰРАНДЫ ҰЛТ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ТӘУЕЛСІЗДІК МҰРАТЫ ЖОЛЫНДА АТҚАРҒАН САЯСИ ЖӘНЕ РУХАНИ ЕҢБЕКТЕРІН XX ҒАСЫРДЫҢ 40-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҒАНДЫ ҚАЛАСЫНДА ҚҰРЫЛҒАН ЕСЕП – ЕЛІН СҮЙГЕН ЕРЛЕР ПАРТИЯСЫ ЖАЛҒАСТЫРДЫ. XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ АЛАШ АРЫСТАРЫНЫҢ ЕРЕН ІСІН ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТҚАН БІР ТОП ҚАЙРАТКЕРЛЕР КОММУНИСТІК ПАРТИЯНЫҢ ТҰСЫНДА-АҚ ҰЛТ ҮШІН АЯНБАЙ ТЕР ТӨКТІ.

ЕСЕП-тің ерлігі ұмытылмайды

Бүркіт Ысқақұлы! Бұл есім көпшілікке беймәлім болуы мүмкін. Бірақ Алаш үшін атқарған еңбегі ұшан-теңіз. Ол Қарағандыдағы екі жылдық мұғалімдер институтының оқытушысы Айтбай Нәрешовтың жеке кітапханасынан Ахмет Байтұрсыновтың «Маса», «Қырық мысал», Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» сынды латын әрпімен шыққан кітаптарын көріп, танысып шығады. Бұл 1940 жылдар еді. Содан бастап Бүркіт Ысқақұлы мектеп оқушыларының санасына Алаш идеясын сіңіре жүріп, ЕСЕП-тің негізін құрады.

Біздің Алматы қаласық ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаментінде атқарған зерттеулеріміздің арқасында тың деректер таптық. 1937-38 жылдары жаппай ұлт зиялыларын репрессияға ұшыратқаннан кейін де ұлт тәуелсіздігін армандаған ЕСЕП партиясының болғандығын растайтын құжаттарды кездестірдік. Онда: «Искаков и Темиров в период учебы в Нуринской средней школе, а затем в 1940-1942 годах в Карагандинском учительском институте создали антисоветскую националистическую организацию «ЕСЕП» (партия героев, любяших Родину), которая своей задачей ставила отторжение Казахстана и республики Средней Азии от Советского Союза и создания на их территории буржуазного государства; проводили среди казахской молодежи антисоветскую агитацию, читали контрреволюционную литературу», – деп көрсетілді.

ЕСЕП партиясының негізін салған Бүркіт Ысқақұлы мен оның пікірлестері кеңестік кезеңде қоғамдық-әлеуметтік қайшылықтар мен саяси-экономикалық күресті партия бағдарламасына қосып, жастардың санасын оятты. Бүркіт Ысқақұлы кеңестік кезең идеологиясының басты құжаттары – К. Маркс пен Ф. Энгельстің Манифесін және КОКП программасы мен уставын оқып, салыстыра отырып, ЕСЕП партиясының мақсатын бағдарламада нақты айқындап, жазып шыққан. ЕСЕП – Елін сүйген ерлер партиясының бағдарламасын зерделеп, тәуелсіздік бинігінен қарайтын болсақ, сол кезеңнің саяси жағдайды саралай алатын, әлемдегі соңғы жаңалықтармен таныс, көзі ашық, көкірегі ояу ұлт тұлғаларын көреміз.

ЕСЕП партиясының қалыптасу кезеңі империалистік мемлекеттердің әлемді бөлісу саясатынан тұтанған Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуымен тұспа-тұс келді. 1944-1951 жылдары тәуелсіздік үшін жүргізілген үгіт-насихат нәтижесіз болмады. Әділетсіз қоғамға қарсылық кейінгі буынның қолдау тапқанын: «1944 жылдың тамыз-қазан айларында өмірге әлі келмеген Елін сүйген ерлер партиясы партиясының белсенділері ретінде «Советтік Қарағанды» газетінің қызметкері Бейсембай Жақсылықов, облыстық драма театрында істейтін Зейнолла Әбілдин, Жамбыл Рүстемов, «Социалистік Қазақстан» газетінің Қарағанды облысы бойынша меншікті тілшісі Жаппар Өмірбеков Қарағанды облыстық ішкі істер, мемлекеттік қауіпсіздік басқармалары тарапынан тұтқындалады», – деп жазған тарихшы-ғалым Әбіжаппар Әбдәкімұлының дерегінен көреміз.

1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетінде Т. Шойынбаев, Х. Айдарова, А. Якунниндердің «Қазақстан тарихы мәселелерін марксистік-ленниндік тұрғыдан баяндайық» деген мақаласының жариялануы кезекті қуғын-сүргіннің басталуына себеп болды. ЕСЕП партиясы мүшелерінің Жетісудың төрі – Алматы қаласында аса сақтықпен ұлттық рухты дамыту жайлы іс-әрекеттері ерлікпен пара-пар. Қазақстан Республикасы ҰҚК құжаттарында: «Искаков пен Темиров Ұлы Отан соғысы біткеннен кейін заңға қарсы қарым-қатынастарын қалпына келтіріп, 1950 жылы Алматы педогогикалық институтының студентері Калиев, Азанбаев және Аманқұловтарды өз топтарына тартқан», – деп көрсетілді. Бұл жердегі Жекен Қалиұлы ЕСЕП партиясының 18 жастағы ең жас мүшесі Талдықорған облысының азаматы болатын. Бұдан шығатын қорытынды, кеңестік кезеңде еш қорықпастан ЕСЕП партиясының мүшелері бүкіл Қазақстанның қалаларында өздерімен рухтас жастарды өздеріне тарта білген.

Ұлтжанды азамат Бүркіт Ысқақов өзінің ЕСЕП мүшелерімен ақылдаса келе Е. Бекмахановты қолдап, Кенесары қозғалысын отаршылдыққа қарсы бағытталған күрес екенін дәлелдеп, жауап хатты «Правда» газетінің өзіне жазуға келіседі. Сол кездегі үш адамның бірі МКҚ астыртын жансыз адамдары болатын. Сондықтан, Бүркіт Ысқақовты 1951 жылдың 18 қаңтарында «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетінің жауапты хатшысы қызметінде, жұмыста отырған жерінен қауіпсіздік қызметінің адамдары тұтқындайды. Бостандықта қалған ЕСЕП мүшелерін – Махмет Теміров, Айтбай Нәрешев, Рамазан Нәрешев, Жакен Калиев, Мустахим Азанбаев, Адырбек Аманқұловтарды бірінен кейін бірін Ұлттық қауіпсіздік қызметкерлері тұтқындайды. Тергеу алты айға созылып, Бүркіт Ысқақов, Махмет Теміров, Айтбай Нәрешев 25 жыл мерзімге бас бостандығынан айырылады. Оған қосымша 5 жылға азаматтық құқығынан шектеледі.

Осы жылдары «Үкіметке қарсы үгіт жүргізгендер», «Отанына опасыздық жасағандар» деп аталатын 58-баптың 10–11 тармағы бойынша немесе «үштіктің» бұйрығымен азапталған тұлғаларымыз қаншама?! 1956 жылы атышулы XX съезі жеке басқа табынуды әшкерелеуі коммунистік партияның саясатына оң өзгерістер енгізді. КСРО Жоғарғы Соты Қылмысты істер жөніндегі Коллегиясының 1956 жылғы 17 қарашадағы қаулысы бойынша Бүркіт Ысқақов бастаған ЕСЕП мүшелері толық ақталып, партиялықтары қалпына келтірілді. 1993 жылғы «Жаппай саяси қуғын – сүргін құрбандарын ақтау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша ЕСЕП мүшелерінің құқықтары қалпына келтірілген.

Ұлтшылдар партиясының мүшелері Зейнолла Игілікұлы мен Кәмел Жүністегі бүкіл Қазақстанның оқу орындарында кеңеске қарсы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, ұлттық рухты дамытуға ерекше үлес қосқан. Зейнолла Игілікұлы мен Кәмел Жүнісұлының «Жас қазақ» атымен редакцияланған хаттарының әсері Қарағанды студенттері тарапынан қолдау тапты. Олардың көпшілігі оқудан шығарылды, қуғындауға түсті. Кейін Елін сүйген ерлер партиясының идеясын жалғастырған «Жас қазақ» ұйымына қосылып тағылды.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын жыл бойы есten шығармау керекпіз. Тарих – жас ұрпаққа сабақ. Өйткені, тарихи тұлғалардан сабақ алмай, олардың ерен істерін мұрат тұтпай, мемлекет басқаруда және саясатта үлкен дәрежеге жету мүмкін емес. Кеңестік кезеңде репрессия толқын-толқынымен жүргізіліп, 90-жылдардың аяғына дейін жалғасты деп айта аламыз. Қорытындылай айтқанда, бұл тақырып аясында шетелдегі және еліміздегі мұрағат құжаттары толығымен ашылмай, объективті баға беру қиын.

Әділет ЖАҒЫПАР,
гуманитарлық ғылымдар магистрі

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДА СТАЛИННІҢ СОЛАҚАЙ САЯСАТЫН ЖҮРГІЗІП, МЫҢДАҒАН АДАМДЫ ЖАЗЫҚСЫЗДАН ЖАЗЫҚСЫЗ ҚУҒЫНҒА ҰШЫРАТҚАН ГОЛОЩЕКИН САЛҒАН ЗОБАЛАҢНЫҢ АҚЫРЫ ҰЛТТЫҢ БЕТКЕ ҰСТАР ҰЛДАРЫНЫҢ ҚЫНАДАЙ ҚЫРЫЛУЫНА АПАРДЫ. ӘСІРЕСЕ, 1937 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫН КЕЗЕКПЕН ҚОРҒАСЫН ОҚҚА БАЙЛАУ, КӨЗІ АШЫҚ, КӨКІРЕГІ ОЯУ ЖАНДАРДЫ «ХАЛЫҚ ЖАУЫ» ДЕГЕН ЖЕЛЕУМЕН СҰРАҚСЫЗ ЛАГЕРЬГЕ АЙДАУ ХАЛЫҚТЫҢ ЕСІН АЛЫП, БОЙЫНА ҮРЕЙ СЕПТІ. СОНЫҢ КЕСІРІНЕН АТАСЫНЫҢ АТЫЛЫП КЕТКЕНІН АЙТУДАН ҚОРҚАТЫН ҰРПАҚ ПАЙДА БОЛДЫ.



ХАЛЫҚ ҚАСІРЕТІ

Бүгінгі күн биігінен қарасақ жазықсыз жазаланып, жала шеккен азаматтардың қарасы өз ауылымыздан да табылады. Қазіргідей мұрағаттардағы деректер ашылған сәтте көптеген жан шошытар мәліметтерге жолығып жатырмыз.

Мен Райымбек ауданы, Текес ауылындағы, Қазыбек Шорманов атындағы мектепте 40 жыл тарих және қоғамтану пәнінен сабақ беріп келемін. Әр сабақты күнделікті өмірмен байланыстыра өткізуге тырысып, оқушы бойына білім нәрін құйдық. Шәкірт бойындағы қызығушылықты ұштай түсу үшін мектепте «Қызыл ізшілер» тобын құрып, көнекөз қариялармен, Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлерімен кездесулер өткізіп, ауылымыздың тарихын жаздым, мектеп мұражайын жабдықтадым. Мақтанғаным емес, ұзақ жылдық зерттеу жұмысынан деректер жариялау бүгінде әдетке айналды. Сонау қанқұйлы 37-нің сұрапыл күндерін еске алып, арыстай азаматтардың, әкелеріміз бен ағаларымыздың рухы разы болсын және оларды кейінгі ұрпақ білсін деген ой мені тыныш жатқызбайды.

Жазықсыздан жазықсыз 19 жылдан астам түрмеде отырып, кешегі кеңестік кезеңдегі империялық саясаттың небір зорлық-зомбылығын көзімен көріп, мойнымен көтерген жерлесіміз Әбілқасым Ақымжанов жайлы айтпай кету келер ұрпақ алдында ұят. Бел баласы Мәкен Әлиаскарұлының «Заман зардабы» атты деректі повесінде ол кісінің өмірдерегі толық қамтылған. Біздікі тек іліден шыққан тамшыны таныстыру.

Тегістік ауылында 1904 жылы дүниеге келген Әбілқасым Ақымжанов кезінде комсомол, партия қызметтерін атқарған белгілі қоғам қайраткерлері Ораз Жандосов, Нұрбала Өмірзақовтармен бірге жүріп, адал еңбек, қажырлы жұмысының арқасында аудандық партия комитетінің екінші хатшысы қызметіне дейін көтерілген жан. Ол 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен 15 жылға сотталып, итжекке айдалады. Сол кеткеннен тек 1956 жылы ғана ақталып, еліне оралды. Халқымыздың айтулы ұлы Ораз Жандосовпен қызметтес болғаны үшін айыпталған Әбілқасымды жеңдеттер түрмеде ұрып-соғып, күндіз-түні тергеуге, сұраққа алады. Қолына кісен, тақымына бұрау салып, доп құсатып тепкілеп, есінен тандырады. «Сендер Қазақстанды бөліп аламыз, сөйтіп Жапонияға қосылмыз депсіңдер» деген жала жабады. Тағылған айыпты мойындамаса да, келісіп қол қоймаса да 15 жылға сотталып, Сібірдің Магадан облысынан бір-ақ шығарады. Хабаров өлкесіне қарасты аймақтағы шахтада құм-топырақ шайқап, алтын іздейді. Қақаған аяз бен аштық қысқан күндерді кейінгі Әбілқасым ағамыз былай еске алады:

– Алтынның қандай екенін бұрын-соңды кім көріпті дейсің?! Жылтырап күрек сабына жабысқан тарыдай түйірді еппен алып, сіріңке қорабына салып қойдым да, шегіртке ше шырылдаған шікілсары бастықсымағымызға: «Алтын осы ма?» – деп көрсеттім. Бұл ісімнің өз басым қауіп болғарын қайдан білейін?! Бас салып ұстап, қар суы мен қатырма нан беріп, тоғыз тәулікке жападан жалғыз қамап тастады. Айтатындары: «Халық жауы болмасаң алтынды қалмен ұстайсың ба?». Одан да басқа жексұрын сұрақтарынан әрең босап, аман шықтым-ау қамақтан. Құрғақ ауа, таза суға үйренген тау баласымыз ғой, ондағы ауа райы жақпады ма, әлде жер астының сызы өтті ме, оне бойым ісіп, көп ауырдым...

Осылайша он жыл жер астында жұмыс істеген соң бес жыл Магадан қаласынан Колыма өзенімен Усть-Таскан қаласына тұтыну тауарларын жеткізуші экспедитор болып істейді. Тағылған айыбынан ақталған соң көп жыл Текес, Жамбыл ауылдық кеңестерінің төрағасы болып жұмыс істеген Әбілқасым Ақымжановпен ит аркасы қинында табысып, өмірлік жары болған шешеміз Айман Қайырғалықызы да жабылған жаланың салдарынан айдау азабын бастан кешіріп, Сібірдің ызғырық аязын көрген жан.

> **“Сонау қанқұйлы 37-нің сұрапыл күндерін еске алып, арыстай азаматтардың, әкелеріміз бен ағаларымыздың рухы разы болсын және оларды кейінгі ұрпақ білсін деген ой мені тыныш жатқызбайды.”**

Әбілқасымның туысы болып келетін Таубалды Шәңгерейұлының әкесінің ағасы Әскерей Тасыбаев та сауатты, білімді азамат еді. Аудандық оқу бөліміне істеген ол 1938 жылы Қақпақ ауылындағы «Яковлев» колхозының төрағасы болып жүргенінде «Халық жауы» ретінде ұсталып кетеді. «Замана зардабы» повесінде Жаркент уездік партия комитетінің қызметкері Сәттарханұлы Құсық руынан шыққан Мергенбай батырға «Шәріптиянның қазіргі жүргізіп жатқан коллективтендіру саясатына қарсылық білдіріп, теріс үгіт жүргізуші, бандылық әрекетті ұйымдастырушы» деген жала жабылғаны айтылады. Сондай-ақ, «Текес бойындағы албандарды түгелдей көшіріп, Қытайға қашуға бел байлап жүр» деген түрлі өсек-аяң таратылады.

Нарынқол комендатурасының бастығы Шальдин бір кезде Мергенбайды сенімді адам ретінде пайдаланып, өз аты-жөнін жазып, бесатар мылтығын сыйлағаны бар еді. Соған сеніп, малданып жүрген Мергенбай жазықсыздан жазықсыз, әртүрлі өсек-аяң сөзге бола ұсталып, болған комендатура бастығының қылығына ыза болып, шекара асып кетуге бекінеді. Өйткені, кеңес билігі жалғыз Мергенбай ғана емес, Текес бойындағы ауылдардың бас көтерер азаматтарын түгел қамамақ болған. Ақырында ер етігімен қан кешкен, ат ауыздығымен су ішкен кезеңде әкімшіл де әміршіл, солақай саясаттан жазықсыз жала шеккен Мергенбай батыр Көкбел жайлауындағы халықты түгел көтеріп, үркіншілікке түскен Текес бойындағы елдің бірсыпырасын Асүтөр арқылы Қытайға өткізіп кетеді. Сондай қиын-қылы кезеңді басынан өткізген Әбілқасым Ақымжанов 1931–1932 жылдары үркіншілікке жол бермеу үшін батыл күрес жүргізеді.

Большевиктер билігіне бағынған шолақ белсенділердің «байлар табы, кедей табы» деп елді іріткен өрескел істерінің салдарынан Әбілқасым Ақымжановтың жақын ағайыны Сымайыл Баспақұлы мен кейіннен соғыс және еңбек ардагері атанған Берікбай Есқожаев құғын көреді. 1938 жылы маусымда райком бюросына шақырылған Берікбай ақсақалды «Жандосовпен бірге жұмыс істегенсің, құйыршығысың» деп партиядан шығарады. Партия бюросынан кейін прокуратураның жарлығымен Сарыжаздың комендатурасына қамалады. Онымен бірге «халық жауы» ретінде «Жамбыл» колхозының төрағасы Ешен Мұжықов, Жамбыл ауылдық кеңесінің төрағасы Битман Анарбеков, «Нарынқол» колхозының төрағасы Анан деген кісі, Жақып Тастандиев және тағы басқа адамдар қамауға алынады. Түрмеде Басаров, Сүлейменов деген тергеушілер тамақ бермей, аштан қатырады, ұйықтатпай азаптап: «Атып тастаймын, шынымды айт! Жандосовтың кезінде қызмет еттің, нендей тапсырма берді? Орындадың ба? Халыққа қандай жаулық істедің, зиян келтірдің бе?» – деген сұрақпен тергеуге алады. Сарыжаз комендатурасында 6 ай бойы «Жандосовтың істеген жаулықтары, зиянды әрекеттері» туралы тергелген Берікбай Есқожаев ақырында Жаркент түрмесіне жеткізіледі. Ондағы түрмеде Еңсебай Таңкиев, мектеп директоры Жүнісбек Құлмұханбетовпен бірге отырады. Жаркентте 6 ай жатқан соң Алматыдағы НКВД түрмесіне 1941 жылдың мамыр айына дейін қамалып, азап шегеді.

Сол нәубет жылдары Текес селолық округі бойынша көптеген адамға жазықсыз жала жабылып, қуғын-сүргінге ұшырайды. Олардың қатарында «Биыл билай жақсы өсіп тұр екен» деп бір тал бидайды масағынан үзіп, алақанына салып, уқалағаны үшін: «Халық жауысың, елге жаның ашымайды, өсіп тұрған бидайды бүлдірдің» деп аткамінерлер соттатып жіберген Көкей Қанғожаев, 1938 жылдың аяғында бригадир болып жүргенінде шолақ белсенділер: «Соканы дұрыс жасамадың, халық жауысың!» деген кінәмен соттаткан Қыдық Алимжанов сынды бейкүнә азаматтар мен айдаудан ақталып оралған Еңсебай Таңкиев секілді жандарды атауға болады. Айдаудан оралмағандардың қатарында Мейірбай Шорманов, Әбдіхалық Хамитов, Мейірбай Жаманқұлов, Нұрғали Мерекеев, Солтанбек Шамбылов, Таңатар Нұртеков, Айтбай Несіпбеков сияқты жазықсыз құғын көргендер бар.

Айдаудан оралмағандар туралы Текес аудандық Кеңесінің Ыбырайымұлы 1998 жылы «Тіршілік» газетіне «Арманда кеткен боздақтар» атты мақала жариялады. Онда 1932-1937 жылдары «халық жауы» атанып, арманда кеткен Айтбай Несіпбекұлы, Бағысбай Жайлаубайұлы, Мамытбай Құйқабайұлы, Мұхаметжан Байғұлақұлы, Манап Жылангөзұлы туралы айтылады. Олардың бәріне тағылған айып негізсіз еді. Олардың бірі – жұмысын адал атқарғаны, екіншісі – ашаршылыққа ұрынған елге жаны ашығаны, үшіншісі – мыңғырған малын елге таратқаны, төртіншісі – ақыл-ойы, даналығы, білімі басым болғаны, бесіншісі – жұртқа жағымды, елге сүйкімді істер істегені, алтыншысы – қиналғанға қол ұшын созғаны үшін қамалып, түрмеден тірі қайтпаған. Сондай жанның бірі – ауылшаруашылық қызметкері Инаш Шорманов еді. 1916 жылғы Қарқара көтерілісі көсемдерінің бірінің ұлы болғаны үшін жала шеккен азамат. Оның әкесі Қазыбек Шорманов жөніндегі деректі Қазақстан Орталық Мемлекеттік архивінен табуға болады. Онда қайсар мінезді азаматтың түрмедегі тергеу мен азаптауға шыдамай бір орайы келгенде озбыр тергеушіні орындықпен қақ шекеден конжитқаны айтылады. Сол әрекеті үшін туған-туысы мал-жанынан айырылып, айдау мен абақтыда жапа шегеді. 30-жылдардағы асыра сілтеу әрекеттеріне қарсы тұрғаны үшін Инаш Шормановтың үстінен бір ауылдасы: «Иә, албан-суанды Қытайға кетуге үгітпен жүр!» деген жала жабады. Бір күні ОГПУ өкілі түн жамылып келіп, «тұтқындалдың» деп әкетеді. Сол кеткеннен жалған айып арқалаған Инаш Шорманов Қарағанды лагерінен бір-ақ шығады.

1986 жылы Геннадий Колбин ала келген ойран-топыр кезінде «жағынып қалайын» деп құтырынған жандайшаптар өз ішімізден шықты. Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болған Мендібаев бір жарым жылдың ішінде обком номенклатурасындағы 589 басшы қызметкерді жұмыстан накақ босатқан. Олардың қатарында 9 аупартком хатшысы, 10 бөлім меңгерушісі, 7 аудком төрағасы бар. Жерлесіміз Инаш Шормановтың ұлы Марат Шорманов сол кезде Алматы қалалық партия комитетінің екінші хатшысы еді. Орталық Комитеттің пленумында алдымен Мендібаевтың, кейіннен Колбиннің атына сын айтқан Марат Шорманов партиялық қызметтен біржола аластатылды.

Шалғайдағы ауылдан шығып, кеңестік кезеңнің қысымын көрген жандардың тағдыры осылай өрбіді.

Алтай БАЙБОСЫНОВ,
тарихшы, зейнеткер-ұстаз

Текес ауылы,
Райымбек ауданы

№62 (18482), 9 маусым, 2018 жыл

Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz E-mail: Jetisu2002@mail.ru

ҮТҰҒАН ЖЕР

Алаштың ұлы қайраткері, ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан империялық-советтік идеологтар шығарған «Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылды» деген пікірді көптеген тарихи құжаттарды зерттей отырып, толықтай жоққа шығарған. Қазақстан ешқашанда өз бетімен отаршылдық қамытын кимеген. Керісінше, ұлан-ғайыр кең даланың басқыншылықтың, отаршылдықтың, әскери күштің, сайқал саясаттың арқасында бөтен біреулердің уысына түскендігін айтып өткен. Ал жерін тартып алып, елін тонап жатқанға атадан еңіреп туған ерлер көнер ме?! Сондай асыл ерлердің бірі – елім деп шырылдап өткен Құдиярхан Тезектөреұлы.



Азаттық үшін жан қиған ҚҰДИЯРХАН

Белгілі ғалым Шота Уәлихановтың айтуынша, Тезек төренің екінші әйелі Дәнекерден туған Құдиярхан сол тұстағы білімді мектеріп, орысшаға жетік болған. Ашаршылықтың зардабын тартып, Кеңес үкіметінің қысымын көрген жергілікті халықты Қытай асырмақ болғандығы үшін ұсталған асыл ер туралы кейінге дейін мүлде айтылмаған. Кербұлақ ауданы, Басшы ауылдық округіне қарасты Аралтөбе ауылының оңтүстігіндегі төртбес шақырым жердегі Қаракемер бұлағының таза суымен жергілікті халықтың бақша егетінін айтқан Шота Уәлиханов өз естелігінде: «Ауыл балалары бақша піскенде барып қауын-қарбызға қарық болатынбыз. 1953 жылдың күзі болуы керек, бір топ бала, рұқсатсыз бақшаға түсіп, таптағанымыз үшін әшейінде үндемейтін атаның ұқсап қалғаны әлі есімде. Сол бастауды ел «Ыдырыстың бастауы» деуші еді. Біз: «Ата, осы бастау Сіздікі ме, неге Сіздің атыңызбен аталады?» – деп сұрадық балалықпен. Жақаурата жауап қатқан атамыз бірде: «...бұл бастаудың бұрынғы аты сендер білмейсіндер ғой. Бұрын «Құдиярхан бастауы» деп аталатын», – дегенді байқаусызда айтып қалды. Содан бастап «Ата, Құдиярхан деген кім, не істеген, қандай кісі еді?», – деп сұрақтың астына алатын болдық. Бізден сұрауымыз көбіне жауапсыз қалады. Қойнай сұрай берген соң атам Ыдырыс: «Құдиярхан ұзынша бойлы, сұңғақ денелі, шапшы қайратты, қазақ ақсүйектеріне тән артық арам еті жоқ, көзі көкшілдеу ақсары кісі еді. Қытайдың патшасы қабылдап, грамота берген. Ол хан тұқымы, нағыз төре, оның сияқты тұқым кереғі жоқ, ұятың ба?», – деп ашу шақырғаны әлі есімде. Баламыз ғой, бәрібір қоймайтынбыз» – деп шешіледі.

Абылай хан екінші әйелі қарақалпақ қызы Сәйкім ханымнан туған үшінші ұлы Әділді Жетісудағы тайпаларды басқаруға жіберген. Осы елдерді хан дәрежесінде басқарып, билік жүргізген ол 1773 жылы Пекинге Еженханның қабылдауына кіріп, Абылай хан атынан Қытай императоры Цян-цзунға сәлемге берілген. Хан Абылайдың митымақ құрмақ болған жиетіне риза болып, ямақат баласы Әділді көптеген сыйсияпаттармен елге қайтарады. Арнайы берілген грамотада алғыс иметін білдірген император: «Абылай ұрпақтары ауыр қиыншылықтарға душар бола қалса, Қытай мемлекетінің қамқор бола алатыны, Богдыхандың ұрпақтарына да сондай қиыншылық төнсе, Абылай-Әділдің ұрпақтары да қамқор болуы тиіс екендігін» жазыпты. Сол грамотаға сенім артқан Құдиярхан 1928-1929 жылдары Қытайға барып, сол елдің жоғарғы лауазымды шенеуніктерімен кездескен. Грамотаны мойындаған Қытай шенеуніктері Жетісу өлкесіндегі біраз елдің Қытай шекарасынан өтуіне рұқсат береді. Мұны естіген кеңес өкіметінің тыңшылары бұл туралы тиісті органдарға хабар береді. Қоңырөлең ауылының маңындағы Түлкілі тауының оңтүстік сағасында отырған Құдиярхан ауылына қызылдардың әскери отряды сау ете қалады. Мұны көрген Құдиярхан: «Бұлардың неге келгенін білеміз!», – деп күбіңдеп, шығып кетеді. Үй-ішін әбден тіктіріп, асыл бұйымдар мен кітап-қағазды түгел сыпырып алған әскерилер Құдиярханды тұтқындайды. Қуғын-сүргінмен жүретін әбден шайлыққан жергілікті халық ол турасында айтуға, еске алуға қорқып күн кешеді. Сонын кесірінен елімізге тәуелсіздік алғанға дейін Құдиярханның есімі тіптен ауызға алынбады.

Біз, қазіргі қазақтар, жеңілген, жасыған, жазығырылған, жаны шегіп, рухы әлсіреген ата-әжелердің ұрпақтарымыз, сондықтан болар, жалтақтығымыз көп. Тапталған рухымызды көтеріп, қайта оянып, Тәуелсіздігімізді берік ұстауымыз керек. Ұлтымыздың азат келбетін жасауға тиістіміз. Аңыздарға сүйенсек, Мұса пайғамбар елін құлдықтан азаматтыққа жетуге, құлдық мінезден құтылуға 40 жыл жетелеген екен. Біз ше, қандай көсемдерден үлгі алуымыз керек?! Әркайсымыз өз аталарымызды өзгеден артық, батыр, ақылды санар болсақ, не болғанымыз? Ондай ұғымнан бірінші кезекте аулақ жүргеніміз дұрыс болар. Атақ-данқ өлшемсіз, тек абырой сөз бен іске сай келуі керек емес пе?!

Аш бөріше алысып-жұлысып өткен Абылайдың шөпшегі – Құдиярхан Тезектөреұлы Абылайханов жауының алдында сынуға бар, иілуге жоқ күй кешеді. Шарасыздан құса болып өлгенше 79 жасында нағыз батыр-сұлтандарша жау қолынан атылып өлгенді жөн санағаның білгіміз қажет. Оған Алланың рахымы болсын! Осынша жаска келген қарияны өлімге кесу аярлықтың ең соңғы шегі болар?! Мұндай өлімді дінімізде «шаһид» демей ме? Осындай құрбандардың аруақтары артында қалған еліне риза болғай деп тілеу тілейміз. Ата-бабаларымыз дәріптеп өткен Шығыс – Абылай ұрпағынан әрқашанда жақсылар көп шыққан, әлі де шыға берсін деген тілек көмейде бүлкілдейді.

1916 жылғы дүрбелең кезінде Алтынемелдегі 5 болыс ел Құдиярхан сұлтанды «асылдың сынығы, тұлпардың тұяғы» ретінде бағалап, хан сайлаған. Сол кездегі Алатау округіндегі 160 мың тұрғынның қатарына Қапал округінің оңтүстік бөлігі, Қаратал, Іле өзендерінің аңғарын және Күнгей мен Теріскей Алатауын мекендеген 100 мың қазақ, 50 мың қырғыз, 7 мың орыс, 3 мың басқа ұлттар кірген. Көтеріліс кезінде қазақтар мен қырғыздардың дәстүрлі хандық билікті жаңғыртып, патшалық Ресей үкіметінің басқару жүйесін жоюға ұмтылғаны тарихтан белгілі. Бұл туралы «Отан тарихы» кітабында: «Сапасында дәстүрлі билік туралы ұғым сақталған, таза көшпелілік дамыған аудандарда көтерілістің негізгі ұйымдастырушы күші ру басылары мен хан тұқымдары болды», – деп жазылған. Жетісу жерін өзге ораған көтеріліс ошақтарына Самсы («Ботпай»), Қаркара («Албан»), Лепсі және Қапал уезіндегі, Сырымбет көтерілістері (Талдықорған маңы) сынды бас көтерулер жатады. Алғашында стихиялы түрде басталып, кейінірек ұйымдаса бастаған Жетісу көтерілісін патша үкіметі аяусыз басып, жаншыды. Жазалау шараларына 7 атқыштар ротасы, 5 казак-орыс жүздігі, 3 ерікті жасақ жүздігі, 17 зеңбірек, 7 орынборлық, 9 сібірлік казак-орыс полктері батареяларымен, 47 пулемет командаларымен қатыстырылды.

Сол жылдары 300 мыңнан астам жергілікті тұрғын босып кетті. Бір ғана Талдықорған маңындағы Сырымбет қырғыны кезінде жергілікті казак-орыстар Қапалдан келген қарулы отрядпен бірігіп, Желдісайдағы бейбіт ауылдың адамдарын дарға асып, атып, қан-жоса етті, жүкті әйелдердің ішін жарып, адамдарды тірідей жерге көмді, қырсыласының қолына шеге қағып, қылышпен шапты. Сол қырғында 150-ден астам бейбіт тұрғының опат болғандығы енді белгілі болып отыр.

Жетісудағы көтеріліс басшылары қатарында Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Нұқа Сатыбеков, Ұзақ Сауриков, Тезек Тәжабеков, Әубәкір Солтанбекұлы, Самалтыр Диханбаев, Хасанай Әдербеков сияқты көптеген адамдар аталады. Бірақ Жетісудағы бар халық хан сайлаған Құдиярхан Тезековтің есімі мүлде айтылмайды. Мұны қалай түсінуге болады, әлде бұл хан ұрпағына жасалған қиянат па?! Кеңес дәуіріндегі саяси идеология бұрмалаған тарихи деректер қашан түзеледі? «Хандар мен байлардың тұқымдары үстем тап өкілдері, олар ешқашанда қарапайым халықтың қамын жемейді» деген ішмәрек, «таптық» көзқарастың әлі күнге көрініп қалатыны өкінішті. Сол кездегі мұрағаттық-тарихи құжаттарды зерделей қарасақ, көтерілісшілердің бірлігіне жік салу үшін орыс шенеуніктері ру және жекебас қайшылығын пайдаланып, ел ішіне «сатқын, жансыздарын» енгізіп, іріткі салғанын көреміз. Орысша білім алып, отаршыл орыс әкімшілігінде қызмет еткендерді өз жағында ұстап, тартуға тырысқан. Мысалы, Орыс үкіметі Омбыдан Ешмұхамет Аблайхановты шақыртып, Көксудағы қазақтар арасына белгілі нұсқаумен жіберіп, елді тыныштандыруды тапсырған.

Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Халел Досмұхамедов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ілияс Жансүгіров, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Ғазиз Қабылов, Ғазиз Тоғысов, Ғазиз Алтынсарин, Ғазиз Жиенқұлов, Ғазиз Ерғалиев, Ғазиз Ахметов, Ғазиз Ғаббасов, Ғазиз Ғаббасов, Ғазиз Ғаббас

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70, Факс: 41-09-39
E-mail: alatau_office@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

ЖАРКЕНТ

ЖЕТІСУДЫҢ ҚЫТАЙМЕН ШЕКАРАЛАС ТҰСЫНДА ОРНАЛАСҚАН ЖАРКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХЫН БЕРІДЕГІ ОРЫС ТАРИХШЫЛАРЫ КАЗАКТАРДЫҢ КЕЛУІМЕН, ЯҒНИ, 1881 ЖЫЛМЕН БАЙЛАНЫСТЫРАДЫ. ТҮПТЕП КЕЛСЕК СУЛЫ, НУЛЫ ӨЛКЕ ЕЛСІЗ БОЛМАҒАН, БҰЛ ЖЕРДЕГІ ҚОНЫСТАР ТАРИХЫ ҒАСЫРДАН БАСТАЛАДЫ. АЛ 1880-90 ЖЫЛДАРЫ БҰЛ ЖЕРГЕ ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ ӘСКЕРІ ОРНЫҚҚАН. НАҚТЫРАҚ АЙТҚАНДА СІБІРЛІК КАЗАКТАРДЫҢ 1-ПОЛКЫ ВЕРНЫЙ БЕКІНІСІ МЕН ОСЫ ЖАРКЕНТКЕ ИЕЛІК ЕТТІ. ОЛАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚҰРЫЛЫСТАРЫНЫҢ БІРІ – АҒАШ ҒИМАРАТ. 1891 ЖЫЛЫ ҚҰРЫЛЫСЫ БІТКЕН ҒИМАРАТТЫ КАЗАКТАР ОСТРОГ ДЕП АТАЙДЫ. СОНДЫҚТАН ОРЫСША ЖАЗБАЛАРДАН ЖАРКЕНТ ОСТРОГЫ ДЕП ІЗДЕГЕН ДҰРЫС.




Острог – ағаштан жөдел салынатын, штаб, қамалдың қызметін атқаратын ғимарат. Казактар өздері қоныстанған жерлерге ең әуелі осындай бекіністер салған.

Жаркент уезі жанынан Голубевская станицасы пайда болып, оған Хоргосская, Николаевский, Чунджинский, Подгоренская, Жалаңашская деген қарашекпенділер қоныстанған ауылдар қарайды. Нарынқолды Охотничий деп атапты. Дәл осы кезеңде Қытайдың Іле өңірінен қашқан көтерілісші ұйғыр, дүңгендерге де Жетісуға қоныстануға рұқсат етіледі. 1897 жылы қазақ жеріндегі ұйғыр саны 56 мыңға, дүңген 14 мыңға жетті. Бұл 1822 жылы граф-Сперанский жазған, кіші және орта жүзге қолданылған «Сібір қырғыздары туралы жарғыны» патшаның жүзеге асыруы, соған қоса Қытайға көрсеткен қыры еді. Жат жұрттықтардың бұлай қоныстануы қазақтардың өрісін де, тынысын да тарылтты. Патша саясатына қарсы шыққандар острогқа жеткізілп, осы жерде жазаланған.

1861 жылы крепостнойлық құқық жойылып, шаруаларға еркіндік берілгенде жұмыссыздар көбейіп, Ресей бүліктен көз ашпады. Тиімді жол – бүлікшілерді қазақ жеріне, Сібірге жіберу. 1906 жылғы Столыпин реформасы осы саясатты жеделдетті, казактар сол қоныстанған шараларды қорғауға міндетті еді. Жерінен айырылған, тепкі көрген қазақтар Қытай аса бастады. Тек 1909 жылы Жаркент өңірінен 700 түтін үдере көшіп, ары өтіп кеткен. Өлкеде қазақтар саны күрт кемиді.1916 жылы да бұл маңнан албан, суан ауа көшті. Атқа мініп, сойыл ұстап азаттыққа ұмтылған ер қазақты острогтың бір қанатындағы азап торына салып, шырағын сөндірді.

Қазан төңкерісінен кейін острог та, оның маңындағы ағаш үйлер де большевиктерге өтті. 1918 жылы атаман Иконовтың әскері қалаға шабуыл жасап, қызылдары қырып жібереді. Жаркент үлкен соғыс ошағына айналды. Мұнда қызыл саясатқа адал, бүліктерді басуға атсалысқан, облыстық ревком мүшесі Тоқаш Бокин секілді белсенділер көзді... Жаркент абақтысы оны да жұтты. Абақты ішіне кіргенде оң қапталда екінші қабатқа шығаратын баспалдақ тұр. Соның астында Тоқаш Бокин қамалған қарцер болған. Өз серіктері оны не өңсе тіктеп тұра алмайтын, не адымдап жүре алмайтын тар жерде ұстап, азаптапты. Осыдан кейін Тоқаш Бокин жайлы дерек күңгірттенеді. Тоқаш Бокиннің өмірбаянын оқысаң «алашордашылар, әсерлер азаптап өлтірді, саяси ойынның құрбаны болды» дегенді ғана оқисың. Зейін Шашкиннің «Тоқаш Бокин» романында оны бай-құлақтар өртеп жібереді... Ақиқаты қайсы? Оны мына абақтының мәлімеген қабырғалары біледі. 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісін бастап, Верный түрмесіне жабылған, Совет үкіметіне орнағанда адал қызмет еткен Тоқаш Бокиннің не үшін жазықты болып, қазақтың тозағы болған Жаркент түрмесін түскені, қанша жатқаны жайлы көрі тарих тіс жармайды. Өйтсе де осы комиссардың прототипі Тоқтар Бәйтенов туралы «Қилы кезең» картинасындағы оқиға шындыққа келетіндей. Жүніс байдың комиссарды ұрлап өкетіп, шекарадан өткеннен кейін өлтірмей тастап кететіні бар емес пе? Большевик Тоқаштың қазағы көшірді, ал коммунист достары «жау қолынан тірі шықтың!» – деп кешіре алмаған. Жаркент абақтысындағы азапқа да сол себеп. Тоқаш Бокин кейін Верныйға жеткізілсе керек-ті. 1918 жылдың қыркүйек айында жазаланған.



Терина Софронова «Қайдасың, менің Отаным?» деген кітабында былай баяндайды:

«...Дутовты сән-салтанатпен аттандырып салды: қаралы музыка ойнап, табыт ұстағандардың соңына қарақұрым адам ілесті. Оны Сүйдіннен 4 шақырымдай жердегі Дорженки деген қорымға қойды. Дутовқа келген үш басмашыны Совет Одағы жіберген болып шықты. Жерлегеннен үш күн өткенде біреулер атаманның моласын қазып, басын кесіп әкетті. Бұл Дутовтың шын өлгенін өздерін жұмсағандарға дәлелдеу үшін керек болған екен...»

Бұл оқиға Гольцовтың «Терновый венец атамана Дутова» деген кітабында да айтылады. Дутовқа қастандық 1921 жылдың 6 ақпанның түнінде жасалған, Шанышев тобы Жаркентке 11 ақпанда келген. Төтенше комитет басшысы Суворов оларды ерекше қошеметтеп, абақтыға айнала бастаған острог алдында жиын өткізеді. Қасымханға қарсы қозғалған іс науқыз айында тоқтатылып, туыстары бостандыққа жіберіледі. 12 сәуірде Қасымхан Шанышев, Мұқай Байсымақов, Махмұт Қожамияров секілді 6 адамға алтын сағат тарту етіледі. Операцияға жетекшілік еткен Қ. Шанышевке ЧК басшысының орынбасары Петерстің қолы қойылған: «Бұл құжатты ұсынған Шанышев Қасымхан 1921 жылдың 6 ақпанында республика үшін аса маңызды акт жасап, мыңдаған еңбеккердің өмірін бандылар шабуылынан сақтап қалды. Сондықтан бұл жолдасқа советтік қызметкерлер ерекше көңіл бөлуі керек және оны Төтенше өкілдік рұқсатынсыз тұтқындауға болмайды» – деген арнайы қағаз береді. Бірақ, бұл құжат та Шанышевті құтқара алмады. Оп да, оған іпескен сарбаздары да «халық жауы» атанып, атылды. Шанышев 1932 жылы «ағылшын тыңшысы» деп айыпталған Қожамияров пен «жапон тыңшысы» Әзіз Ушурбакиев 1938 жылы атылды. Ал бассаушалап шекара асқан Мұқай Байсымақов Қытайда «Кеңес тыңшысы» деген жаламен жазаланыпты.

Бұл ғимаратқа Константин Устинович Черненконың да қатысы бар. Жетпіс екі жасында тұтас кеңес одағының билігін қолға алып, ұлы арманы орындалған, үлкен империяны 1 жыл 25 күн басқарған, устаздардың ерекше ілтифатына бөленген Бас хатшының жоғары тырбануы дәл осы жерден, Жаркент абақтысының қан сіңген баспалдақтарынан басталған. Енесай бойында туған Черненконың өз еркімен милицияға сұранғаны, осы өлкеге тап болғаны өмірбаянында ай-

Қабанбай батыр көшесі, 32
Тел.: 41-11-42, 41-11-70, Факс: 41-09-39
E-mail: alatau_office@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru

АБАҚТЫСЫ

тылады. Ол сегіз жастан өнді асқан жігіт Жаркент түрмесінде жендеттің қызметін атқарыпты. Қолға түскен әйел, бала, шал, кемпір... ешкімді аямаған. Қан көргенде көзі қанталап, мәузерінің шүріппесін басқан сайын сүйінетін боз-баладан қызметтестері аулақтау жүруге жанталасқан екен. Соп үшін талай әскери қызметтесінің де көзін жойыпты. Бас хатшы қайтыс болғаннан кейін жариялана бастаған жазбалар солай дейді. Жаркент өңірі көп құрғыннның күәсі болған, құпиясы көп. Қытай аспақ болған албан мен суанның көп оларды қойша қуып, көрі айдаған. Оның болған адамдардың балаларын осы мәндағы қазақ-ұйғырлар асырап алып, қызын құлдықтардан қорғап қалған. Сол балалардың бірі – Гүлжамал Бәлабекова апа. 1931 жылы анасының мейітін шыр айнала жылап жүрген 5 жасар Гүлжамалды үйлер отбасы тауып алып, асырапты. Тек 1958 жылы, ағғы жақтан оралған ағалары іздеп, тауып алады. Ала: «Қазақтың», – деп айтуға қорқып, туыстарынан қашқақтаған екен. Міне, сүйекке сіңген үрейдің күші қандай. Кейін ағайынымен табысып, отбасын құрып, үбірлі-шүбірлі болған. Аланың ұрпақтары Қонырөленде, Талдықорғанда тұрады. (Шекарашы К.Ұ.Черненко, соңғы қатарда, оң жақтан санағанда екінші тұр).



Үш мәрте социалистік Еңбекерідеген атағы бола тұра қызмет жолының көлеңкелі тұсы көп Черненконың өмірбаянындағы «банды жойған»деген сөздің құпиясын ашу қиын бол тұр. Оның сол жылдардағы қылмыстарын қорғасқан екен. Он тоғыз жасында Черненко Қоргасқа, шекара қызметіне жіберіледі. Бұл – 1931-33 жыл аралығы. Хатшы өмірбаянындағы «қауіпті бандыны жойған» деген жолдардың сырына үңілейік, Куаркин «Кучер» атты саяси триллерінде сол бандыларды атын атап, түсін түстеп жазады. Қорғас өзенінің бір тармағы, тартылып қалған Сандықкөс өзенінің арнасындаКоморов бастаған шекарашылар Садырбаев деген байдың көшіне тосқауыл құрады. Қашқын қазақты шекарашылар иіктіріп, кері қайтаруы керек еді, бірақ, сақтық үшін төбе басына қойған пулеметті сала береді. Ленин ісіне адал екенін көрсетіп, көзге түсу үшін жас пулеметші Костя Черненко өліре атады. Тасада отырғандардың бәрі тұра ұмтылған.

«Төбе басына шыққанда отряд тоқтады. Көз алдымыздағы көрініс қорқынышты еді. Тартылып қалған өзеннің арнасына түсіп алған, балашаға, әйелдер, карттар лық тиелген арбалар көруені, оларды қорғап келе жатқан еркектер үлкен құмтөбе үстіне құрылған пулеметтің оғының өтінде қалыпты. Пулеметші асқан мерген еді. Оқ тиген жылқылар, адамдар, жер бауырлап зарлаған әйелдер, бақырған балалар, айғайлап, налет айтқан еркектер. Қаруы бар бесеуі жұртын қорғамақ болып қарсыласып еді мергеннің сақылдаған оғы тез-ақ мұрттай ұшырды. Пулеметші өшкімді аямады. Өне, інісін құтқармақ болған қыз ұшып түсті, өне арба тасасына тығылған кемпірге оқ тиді, өне...» (Е.Куқаркин «Кучер»)

1933 жылдан саяси жетекшілікке тағайындалған К.У. Чер өміріндегі осындай дақтарды өшіру үшін қатты асқан ықыласпен құртқаны соншалық, архив қазбаларан ресейлік тарихшылар да тұк таппай, Черненконы «өмірбаянсыз адам» деп атап кеткен. Тіпті, ол бірінші хатшылыққа тағайындалғанда қаһарман жасамақ болған жазушы Н.Фетисов та мардымды мәлімет ала алмапты. Есесіне, «Шекарашылар өні» бар:

Шекарада бұлт үйіріліп,
аспанды жапты,
Бандиттер Пемуровтан тосқауыл
тапты,
Майданға біздің
Константин Устинович Черненко
бастады,
Үнемі алғы шепте парторг атақты.
(аудармен автор)

Коммунист-хатшының кімды із қазақ карттары білмеуі, естімеуі мүмкін емес. Тек осы өлкедегі, хатшыға жағынғысы келген шопақ белсенділердің өлдің тілін байлап, аузына құм құйғаны әсер еткен. Білетінінің кебі балаларына айтпаған күйі кеткенше кетіпті. Қазіргі елжегтаушылардың қазақ қырғынынан кері, әскерткіш қойылған 33 большевикті көбірек зерттеп, тарих туралы сұрасаң солар жайлы айтатыны да содан болса керек. Уақыт өмші! Түбінде үрей сөйлеп, дерек табылар, тіл шешілер...

Міне, бұл казақтар салған, большевиктер абақтыға айналдырған, ер ағашына қазақтың қызыл қаны сіңген Жаркент абақтысы, онда қызмет еткен адамдардың кәсіретті тарихы, қаңқуілы істері жайлы аз мәлімет. Жаркентте, кәсіреттің белгісіндей болып қалқиып тұр. Өлде отын, алде құрылысқа жарап кеткен берненелердің орны үңірейіп, арса-арсасы шыққан кабырғалары омырылып құласа қазақтың шерлі тарихының бір парасын басып қалмақ. Мәліметтерге сенсек Жаркент абақтысы 2001 жылы аудандағы көне әскерткіштер тізіміне енген. Онда ғимарат қалпына келтіріліп керек еді, алдына бір белгі жазу ілінуі керек еді? Онда Жаркентте де Нижгородтағыдай түрме-музей пайда болатын еді. Ресей өз жеріндегі саяси құрбандарды қаманған остроғты сақтап, онда азап шеккен белгілі адамдардың тізімін құрыпты. Барып дұға етушілер, тарихпен танысушылар көп. Жаркентте де сондай... алде, керек емес пе? Казге сүйел болмай, көкіректегі шерді қозғамай жермен-жексен болғаны да жөн шығар...

Серік ӨБІКЕҢҰЛЫ.

Алматы – Талдықорған – Қоғалы – Жаркент – Талдықорған.

«ЖЕТІСУ» ӨЛКЕТАНУШЫЛАР ОРТАЛЫҒЫ» ҚБ

040000 Қазақстан Республикасы,
Жетісу облысы, Талдықорған қаласы,
«Болашақ» шағын ауданы, 12 үй, 27 пәтер.
Andas_kazhet@mail.ru
Тел: 87477061382

ОО «ЦЕНТР КРАЕВЕДОВ «ЖЕТІСУ»

040000 Республика Казахстан, область Жетысу,
город Талдыкорган, микрорайон «Болашак»,
дом 12, квартира 27.
Andas_kazhet@mail.ru
Тел: 87477061382

«27» шілде 2026 №26/21

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрі
Балаева Аида Ғалымқызына

Ақпарат ұсыну туралы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Кариннің бастамасымен Маңғыстау өңіріндегі киелі жер асты мешіттерінің ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілуі еліміздің тарихи-мәдени және сакралды мұрасын сақтау, зерттеу және халықаралық деңгейде насихаттау жұмыстарының маңыздылығын арттыра түсті. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Қасиетті Қазақстан» бөлімінің қызметі мемлекеттік маңызы бар бағыттардың бірі болып табылады.

«Қасиетті Қазақстан» бөлімі туралы ережеге сәйкес бөлімнің негізгі міндеттері Қазақстанның сакралды мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу, жүйелеу, есепке алу, ақпараттық базаларын қалыптастыру, экспедициялық зерттеулер жүргізу, өңірлік музейлермен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды дамыту, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады.

Осыған байланысты, бөлімнің өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы жөнінде 2022 жылдан бастап бүгінгі күнге дейінгі кезең бойынша төмендегі ақпараттарды ұсынуыңызды сұраймын:

1. Қазақстан Республикасының өлкетанушыларының бірыңғай базасын қалыптастыру және жүргізу бойынша атқарылған жұмыстар туралы толық ақпарат, оның ішінде базаның қазіргі жай-күйі, енгізілген өлкетанушылардың саны және өңірлер бойынша мәліметтер.
2. «Қазақстанның сакралды белдеуі» картасын әзірлеу, жүргізу және жаңарту бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпарат, картаға енгізілген сакралды нысандардың саны, оларды іріктеу қағидаттары және электрондық нұсқасының болуы туралы мәлімет.
3. Сакралды нысандар бойынша ұйымдастырылған экспедициялық жұмыстар туралы толық ақпарат, оның ішінде экспедициялық маршруттардың тізімі, өткізілген мерзімі, қамтылған өңірлері, зерттелген нысандар және олардың қорытындылары.

4. Өңірлік тарихи-өлкетану музейлеріне көрсетілген ғылыми-әдістемелік көмектер туралы мәлімет, оның ішінде өткізілген семинарлар, әдістемелік кеңестер, дайындалған ұсынымдар, консультациялар.
5. Қоғамдық өлкетану ұйымдарымен бірлесіп өткізілген ғылыми-зерттеу, танымдық және әдістемелік іс-шаралар туралы толық ақпарат (іс-шаралардың нәтижелері).
6. «Қасиетті Қазақстан» бөлімі әзірлеген ғылыми мақалалар, әдістемелік ұсынымдар, жинақтар, каталогтар, карталар, дерекқорлар, цифрлық ресурстар, сондай-ақ, олардың электрондық көшірмелерін ұсынуыңызды сұраймын.

Сонымен қатар, сұратылып отырған ақпарат Қазақстан Республикасындағы өлкетану саласының дамуына, ғылыми қауымдастықтың жұмысына, өңірлік музейлердің қызметіне және сакралды мұраны зерттеу ісінің жүйелі дамуына аса маңызды. Аталған мәліметтер өлкетанушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүйелеуге, сакралды мұра жөніндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге, ғылыми ынтымақтастықты нығайтуға және өңірлер арасындағы тәжірибе алмасуды дамытуға мүмкіндік береді.

«Жетісу» өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігі 2023 жылдан бері өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес ежелгі Жетісу тарихи-географиялық өңірінің тарихи-мәдени, археологиялық және сакралды мұраларын зерттеу, сақтау, қорғау, ғылыми айналымға енгізу және кеңінен насихаттау бағытында жүйелі қызмет атқарып келеді.

Қоғамдық бірлестіктің қызмет аясына ежелгі Жетісу өңірі, яғни Қазақстан Республикасының Абай, Жетісу, Алматы облыстары мен Алматы қаласының, Жамбыл облысының, сондай-ақ Қырғыз Республикасының Шу, Талас және Нарын облыстарының, Қытай Халық Республикасының Іле Қазақ автономиялық облысының аумақтарындағы тарихи-мәдени және сакралды мұраларды зерттеу, өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру, ғылыми экспедициялар өткізу, тарихи деректерді жинақтау, тарихи тұлғалар мен қасиетті орындарды зерделеу, Қазақстан халқының тарихи жадын сақтау, саяси қуғын-сүргін және босқындық, ашаршылық құрбандарының тарихын зерттеу, архивтік құжаттарды іздестіру, халық жадына қатысты тарихи деректерді жинақтау, ауызша тарих материалдарын жинақтау және ғылыми айналымға енгізу, тарихи әділеттілікті қалпына келтіруге бағытталған ғылыми-зерттеу және ағартушылық жобаларды жүзеге асыруға ерекше мән береді.

Қазіргі уақытта қоғамдық бірлестік аталған тарихи-географиялық кеңістіктегі ғылыми-зерттеу және ағартушылық жұмыстардың ауқымын кеңейтуді, тарихи-мәдени мұраны зерделеу ісін жетілдіруді, ғылыми-ақпараттық қорларды толықтыруды және өңіраралық әрі халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытуды мақсат етіп отыр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Қасиетті Қазақстан» бөлімімен тұрақты іскерлік байланыс орнату, ғылыми-ақпараттық алмасуды жолға қою, ғылыми-әдістемелік тәжірибе бөлісу, ортақ ғылыми-зерттеу, экспедициялық,

әдістемелік және ағартушылық жобаларды бірлесіп жүзеге асыру маңызды деп санаймыз.

Жоғарыда сұратылып отырған ақпараттар қоғамдық бірлестіктің ғылыми-зерттеу, экспедициялық және ағартушылық жұмыстарын жүйелеуге, сакралды мұра жөніндегі ақпараттық қорды толықтыруға, тарихи-мәдени мұраларды зерттеу бойынша жаңа жобаларды әзірлеуге және Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Қасиетті Қазақстан» бөлімімен ұзақ мерзімді ынтымақтастықтың негізгі бағыттарын айқындауға негіз болады.

Өйткені Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Қасиетті Қазақстан» бөлімінің негізгі мақсаттарының бірі – сакралды мұра бойынша ғылыми ақпаратты жинақтау, жүйелеу, ғылыми айналымға енгізу және өлкетанушылар мен музей мамандарына ғылыми-әдістемелік қолдау көрсету деп білеміз. Осыған байланысты жоғарыда сұратылған ақпараттардың толық әрі жан-жақты ұсынылуы бөлімнің өзіне жүктелген міндеттерінің орындалуын бағалауға ғана емес, қоғамдық бірлестіктің жарғылық қызметін тиімді жүзеге асыруға, ғылыми жобаларды жетілдіруге, тарихи-мәдени мұраны зерттеу мен насихаттауды жаңа деңгейге көтеруге және ғылыми қауымдастықпен өзара іс-қимылды нығайтуға мүмкіндік береді.

«Жетісу» өлкетанушылар орталығы» қоғамдық бірлестігі жүзеге асырып отырған ғылыми-зерттеу, экспедициялық, архивтік және ағартушылық жұмыстардың нәтижелері тұрақты түрде қоғамдық бірлестіктің ресми **Qandas.kz** ақпараттық сайтында, сондай-ақ әлеуметтік желілердегі ресми ақпараттық парақшаларында жарияланып отырады. Осыған байланысты сұратылып отырған ақпараттар да осы жерге орналастырылатын болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің «Қасиетті Қазақстан» бөлімімен қалыптасатын ынтымақтастықтың нәтижелері алдағы уақытта бірлескен ғылыми зерттеулерді, экспедицияларды, конференцияларды, ғылыми басылымдарды, цифрлық жобаларды және тарихи-мәдени мұраны сақтау мен насихаттауға бағытталған өзге де бастамаларды жүзеге асыруға негіз болады деп сенеміз.

Қазақстан Республикасының **«Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңына** сәйкес сұратылған ақпараттың толық әрі объективті түрде заңнамада белгіленген мерзімде ұсынылуын қамтамасыз етуіңізді сұраймын.

Құрметпен,
«Жетісу» өлкетанушылар орталығы»
ҚБ директоры **Қажет Андас**

ҮШҚОҢЫРҒА ТУ ТІККЕН

Бекболат Әшекеев жайлы не білеміз?

Халық қиналғанда қаһарманын табады. Табанының бүрі, жүрегінің түті бар, рухы берік, ел намысын қорғай білген жан ғана ту ұстап, жанын шүберекке түйіп, қол бастайды.

Бекболат Әшекеев жайлы маған алғаш жан-жақты айтып таныстырған белгілі журналист Есберген Естаев деген ағамыз еді.

1971 жылы Есберген Естаев ағамыз Жамбыл аудандық «Еңбекші еңбек» газетінің редакциясына келіп, бізбен әңгімелесіп, өзінің жаңа шыққан «Өмір өткелдері» деген кітабын сыйлаған болатын. Сонда «Ел ауырын ер көтереді» деген тақырыппен Бекболат Әшекеев жайлы біз біле бермейтін тың деректер жариялапты.

Есберген аға өте білімдар, ізденімпаз, архивпен жақсы жұмыс істейтін, ел ішіндегі әңгімелерді жазып алып жүретін алғыр журналист еді. Мен кейін ол кісімен көп әңгімелесіп, сырласып жүрдім.

– Бекболат Әшекеевті Үшқоңырда 1916 жылы хан көтергенін сен білесің бе? – деп мені таңғалдырып, бар жағдайды айтып берген. Ол кезде ондай жағдайды айтқызбайтын да, жазғызбайтын да.

Екінші бір ерекше нәрсе – Бекболат жайлы жыршы, термеші Хамза қажы Екейбаевтың атқарған игі ісін ерекше атап жүруіміз керек.

Бірде ол кісі маған телефон соғып, тез осы 1 май ауылындағы үйіне келіп кетуімді өтінді.

Дереу келсем, Хамза қажы ағам былай деді:

– Түнде түсіме Бекболат батыр Әшекеев кірді. «Мен елім үшін шаһид болдым, асым берілмей қалды ғой. Хамза балам, саған сол аманат!» – деп ақ сақалы желбіреп, маған батасын берді. Үш ат ерттетіп дайындап қойдым. Жүр, Бекболат батыр қол жинап, шайқасқан Үшқоңырға шығып, аралап қайтайық – деді.

Не керек, содан Хамза қажыда тыным болмады. Мен екі ай орталық архивте отырып Бекболат Әшекеев бастаған Үшқоңыр көтерілісі жайлы материалдар жинап, «Егемен Қазақстан» газетіне мақала жарияладым.

1 май ауылы тұрғындарын жинаған Хамза қажы Екейбаев осы ауылдың атын «Бекболат» деп атау жөнінде ұсыныс түсіріп, хаттама алып, облыс әкіміне кіріп жүріп, ол жақтан республиканың ономастика комиссиясына хат жолдады. Хамза ағам тікелей өзі сөйлесіп, мені Астанаға жіберді. Тек осы мәселемен ғана сол кездегі Мемлекеттік хатшы, атақты жазушы қайраткер Әбіш Кекілбаевтың қабылдауында екі мәрте болдым.

Ақыры 2000 жылы 1 май ауылына Бекболат есімі берілді. Ауыл жанына 10 киіз үй тігіп, 10 жылқы сойып Бекболат батыр Әшекеевке ас беріліп, Құран бағыштап, құрбан шалынды.

Ата жұрағы үшін от ырысты қалың Дулат, оның ішінде Жаныс, одан Жайлымыстан шыққан Есенқұл батырдың ұрпағы.

Есенқұл жауға шапқанда он ұлы бірге аттанады екен. Есенқұлдың он ұлы: Бигелді, Баубек, Дайырбек, Бидайбек, Сайбек, Тойынбек, Ақылбек, Бибек, Нүсіпбек, Айдарбектер ешкімге есесін жібермеген көзсіз текті батыр, алғыр болып өседі.

Дайырбек дәулетті, сәулетті болады, одан тоғыз ұл туған. Әшеке төртінші ұлы екен. Жасынан барымта-сырымтада бүкіл қырғыз-қазаққа жауқұректігімен аты шыққан сайқескер, барымташы болыпты. Тезек төреден де, Қоқан ханынан да қаймықпай, тіпті солардың кейбір жүйріктерін топтобымен айдап әкеп Үшқоңырдың жықпыл-жықпылына сүңгітіп жіберіп, ұстатпайды. Тікелей тиісуге қара ормандай жаужүрек ел-жұртынан сескенген қоқан бектері алдап қонаққа шақырып алып, үзеңгісіне у жағып жібереді. Содан Әшеке орта жолда Шу өзеніне жеткен жерде қаза табады. Сонда у бойына тарап, ісіп-кеуіп жатқан Әшеке:

– Менің атымды түбінде Бекболатжан шығарады, сонын төңірегінде болыңдар, – депті өлерінде.

Әшекеңнің Тұрысбек, Әменбек, Құрманбек, Бекболат, Албан, Пәтілбек секілді ұлдары шетінен өнерлі, он саусағынан өнер тамған ұста болған.

Бекболат Әшекеев 1843 жылы Үшқоңыр тауында туған. Ол жасынан арабша оқыған, сауатты, көзі ашық, білікке араласып би болған, орысша жақсы білген, ел ішінде қадірлі, сыйлы, әділдігімен аты шыққан, ағайындарының басын қосып, басшылық жасаған, сөзге ұста, бес мезгіл намазын қаза қылмаған, Құран оқыған діндар жан болған екен, елі болыстыққа да сайлаған. 1905-1906 жылдары Мекке-Мединеге барып, қажы атанып келген. Немере бауыры Ниязбекұлы Сәт болыс Қарғалыда мешіт сала бастағанда Бекболат бүкіл бауырларымен болысып, бірге салысқан.

***

Бекболат Әшекеевті 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі кезінде бүкіл ел-жұрты, Алатаудың күнгейіндегі қырғыздар, Шу бойындағы дүңгендер барлығы бірауыздан басшы сайлап, хан көтереді.

Көтерілістің пісіп-жетілуіне жалпы отар өмірінің ауыртпалығы, бодан ел-жұртты озбырлықпен қанауы, құнарлы жерлерді қиып сылтаумен «мемлекет пайдасына» жүйелі түрде тартып алуы беруі, одан Ресейдің Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуына байланысты үкіметтің империя бұратаналарына шектен тыс алым-салық салуы әсер етті. Ал көтеріліс қимылдарының Қазақстан мен Орта Азия халықтары арасында жаппай орын алып, іс жүзінде бір мезгілде шығуына Ақ патшаның әйгілі «Июнь жарлығы» – Ресей императоры II Николайдың 1916 жылғы 25 маусымда қол қойған «Империяның еркектігіндегі бұратана халқын армияның іс-қимылы ауданында қорғаныс құрылыстарын және соғыстың қатынас жолдарын салу жөніндегі жұмыстарға, сонымен бірге мемлекеттік қорғаныс үшін қажет кез келген өзге де жұмыстарға тарту туралы» пәрмені себеп болды. Жарлық бойынша тыл жұмыстарына 19-дан 43 жаска дейінгі қазақтардан 240 мыңға жуық кісі алу белгіленді. Егер сол кездегі қазақ шаруашылықтарының саны 700 мыңнан сәл асатынын ескеретін болсақ, патша жарлығы тұтастай орындалған жағдайда әрбір үшінші шаруашылық өзінің негізгі еңбек етушісінен айырылады екен. Ал мұндай мөлшерде жұмысшы қолын майданның тыл жұмыстарына әкету Қазақстанды ұлттық апатқа ұшыратуы мүмкін еді. Жарлық Қазақстанның барлық аймақтарында дерлік жаппай наразылық тудырды. Әлихан Бөкейхановтың сөзімен айтсақ, «қалың елдің дариядай толқуы басталды».

Көтерілістің алғашқы ошағы Жетісу облысында пайда болды. Мұнда патша жарлығына қарсы қарсылық шілде-тамыз айларында бұқаралық сипат алды. Барлық жерде найза, сүңгілермен, қылыш, шоқпарлармен, жекелеген қарапайым аңшы мылтықтарымен қаруланған сарбаздар жасақтары ұйымдастырылды. 17 шілдеде ресми билік Түркістан өлкесінде, оның ішінде Жетісуда соғыс жағдайын жариялады. Патшалық өкімет өкіметінің жарлығына қарсымыз» дейді ақсақалдардың сөз түйіні.

– Басшы Бекболат! Көтер Әшекейдің көк туын! Әумин!.. – деп алақанын ілгері жайды жасы тоқсанды алқымдаған Қаламқырдың Мыңжасары.

– Кеудесін оққа тоспайтындар атқа мінбесін! – деді Бекболат өзінен бір дебіз күткен қалың топтың шарасыз көздерін шола қарап. – Мылтық атылғанда тауға шаппай, жауға шабыңдар! – деді және біраз ойлана түсіп, қатты-қайырымсыз жауды жақсы білетін Бекболат.

Ел қызылтанау боп сабылып-шалдығусыз-ақ қол көтермей Бекболатты бірауыздан басшы сайлап алды. Ақ киізге отырғызып, хан көтереді. Бекболат та жұрт үкіміне жүгінді.

«Алматыдан орыстар шығыпты» деген хабар жұртты біраз сейілткендей болды, асуларға сақшылар жіберіліп, олар екі асудың Шұбарат пен Жамбастың аузын алды, жол бойынан сыбыс тыңдайды, өткен-кеткендерді сұраққа тартады.

– Қайдағы орыс?! – дейді жансыз боп келгені кейіпкерге әйгіленген бір «жолаушы». – Алматыдан шықтым, ырымға бір орыс көргенім жоқ.

– Олай болса, жігіттер, тартыңдар, жуық жердегі ауылдан қымыз ішіп қайтайық.

Сол екі арада Алматыдан шыққан жазалаушы отряд та асуға жетіп қалған. Отряд бастығы – Верный оязының өзі, подполковник Базилевский. Отряд Верный гарнизонының – Симбирск жаяу әскер полкінің солдаттарынан табан астына іріктелгендер. Олар қаланың атты полициясы мен өрт сөндіргіштер дивизиондарының аттарына

– Айыпкер Әшекеев, айтыңызшы: тастабандап тұрған Германияны тықсырып бара жатқан осындай дүлей күшке қарсы шығуға Сізді кім еліктірді? – дейді лепіре сөйлеген трибунал басшысы, орыстың юстиция полковнигі Левашев.

– Елімнің ерлік мұрасына мені Жасаған Ием еліктірді, – деді Бекболат жайлап. Ол жау шеңгеліне мықтап іліксе де күмілжіп саспады және жауабын сонда отырған куәгерлер Күнтубаев пен Сүлейменовтерге, жалтақтаған үрпекбас тілмәштарға да арнағандай рай білдіріп.

– Сонда да болса, өзіңіздің әлгі сыбайластарыңыздың аттарын атаңызшы?

– Сыбайласым – елім, оны қоштаған – бір өзім, көрген – екі көзім, – деді Бекболат.

– Үшқоңырдағы бата не жайлы болды? Және ол батаны берген кім? Соны айтыңызшы?..

– «Қазақтан солдат алмаймын» деген антын бұзған ақ патша оңбасын!» деп бата берілді.

– Айыпкер Әшекеев, Сіз ата жолын қуып, өзіңізді хан жариялапсыз ғой. Соны айтыңызшы?

– Мені дарға ассаңдар, сонда «кан» болады. Қан төгу сендердің қолдарыңда, – деді Бекболат Левашевті табалай түсіп, аз қалған өмірін жұдырығына жұмып отырған жаудан жасқанбай.

Сот мүшелері Бекболатқан бірнеше рет жауап алды. Бірақ халықтың адал ұлы, ержүрек ардагерінің: «Халқым, сендердің ешкайсыңды да жылатпаймын. Бар кінәні өз мойныма аламын. Сендер үшін құрбан боламын» дегені, айтқанын орындауы онын адамға деген шексіз сүйіспеншілігін, жау алдындағы қайсарлығын, батылдығын, бірбеткейлігін, алдына қойған мақсатына беріктігін байқатады. Бұл ойымызды Бекболаттың тергеушілерге берген мына жауабы да толықтыра түседі. «Ешкіммен байланысым болған жоқ. Көтерілісті өзім ұйымдастырдым», – деп өлім тұзағын саналы қарсы алады. Көпшіліктің құрбаны болуға бекінеді.

Бас-аягы бір күн ішінде әскери сот Бекболат бастаған 13 адамды (ішінде Бекболаттың үлкен баласы Әбділдә бар) ақиқат-айғақсыз ең ауыр жаза – дарға асуды ұйғарды. Бекболат Әшекеевке «заңсыз съезд шақырды», «елді көтеріліске үндеді», «өзін хан жариялады» деп оны және оның жақын серіктері Тамабаевты, Бекбатыровты, Сыпатаевты, Әбдірашевті, Сатқыновты, Қасымбековті қылмыстың ең ауыр жазасына – дарға асуға үкім шығарды. Үкімді Фольбаум сол күні бекітті.

Бұл қыркүйектің 8-і күні болатын. Қыркүйектің 9-ы күні.

Таңазанғы елең-алаңда абақтының көп камераларының бірінен:

– Молданы әкетті! Молданы әкетті! Ләйлаһа иллаллаһ! – деп сүрен салған бір тұтқынның жанайқайы шықты. Молдасы – Бекболат. Бекең сол аз күннің ішінде абақтыда «молда» атағын алған. Ажал аузында жатса да бес уақыт намазын қаза етпеген, тұтқындардың басын сәждеге жығып, өзі имамдық жасаған.

Сәске әлетінде мылтық кезеніп, қылыш көтерген айдауыл Бекболаттарды күні бұрын дайындалған жерге айдап келді. Губернатордың әмірімен төңіректегі дүйім ел осында айдаумен келтірілген. «Көрсін, түге! Шошысын! Дәрмені қашсын!» – деген Фольбаум үкімін іске асырды.

Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің сол жылғы 12 желтоқсандағы бұйрығы бойынша Жайылмыс болысының 23 адамы қосымша тергеуге тартылып, әскери соттың қармағына ілікті. Бас-аягы үш күн ішінде әскери сот 14 адамды «бүлікші» деген айыппен өлім жазасына кесті. Олардың ішінде: Әшекеев (Бекболаттың ортаншы баласы), Әбішев, Аманбаев, Нұрабаев, Сұлтанов, Аманжолов, тағы басқалары бар. Куропаткин сот үкімін іріктеп 22 ақпанда бекіткен, бірақ сол күндері Петроградта Ақпан көтерілісі басталып, ол үкім орындалмай қалды, сонда да елді меңдеген езгілік дерт асқындаған бетінде қала берді.

Үшқоңырда сұрапылда оққа сойыл сермеп, азаттық үшін өлімге жол тартқан Мұсабай Рысқұлұлының, Көпесбай Бижанұлының, Сағындық Жанысбайұлының, Иісбай Самалұлының, Әмір Шуақұлының, Сәрсенбек Қошақұлының, Бұғыбай Құрманбайұлының, Сұлтанбек Кебекбайұлының, Елеусіз Бағылұлының ерен ерліктерін бүгінгі ұрпақ ұмытпауға тиіс. Бабалардың батырлығын, олардың ел үшін өлімге жол тартқан қайсарлығын, біз үшін бітімсіз қалған сол бір қантөгісті білсе екен деймін.

Бекболаттың азаттық ұраны, көтеріліс дүбірі сарқыла қоймаған 1936 жылы бұл оқиғаны жазушы Дәулетбаев қағазға түсірген (Еркебай Қойшыбаев. Үркіншілік жыл. «Қазақ әдебиеті», №20, 14 мамыр, 1996 жыл; Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мұрағаты, 76-қор, 510-іс, 385-397-беттер).

Жайылмыс болысындағы көтерілісті дайындаған, оған басшылық еткен Тоқаш Бокин екендігі айқын сезіледі. Бекболат Әшекеевтің соғыс жоспары орасан еді. Оның батыстағы Ботбай, шығыстағы Албан, Қырғыздағы Пішпек, Токпақ, Ыстықкөл көтерілістерімен тікелей байланысты болғандығын соттың протоколдары да дәлелдейді.

Ресей Думасының мүшесі, кейін уақытша өкіметті басқарған Керенский Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы көтерілісті басып-жаншудың сорақы асқындағанын «Бұл өмірде мұндай сұмдық геноцид бұрын-соңды болмаған» деп жазды.

Бекболат Әшекеев бастаған ұлт-азаттық көтерілісі жеңіліспен аяқталды. Рас, патша жендеттері бас көтерген қазақты атты, шапты, түрмеге салды, дарға да асты, бірақ тәуелсіздікке деген елдің ұлттық рухын жоя алмады.

Патша жендеттері көтерілісшілерді ғана емес, олармен бірге бейбіт халықты да қатал жазалады. Жалпы, Түркістан өлкесі бойынша мыңдаған көтерілісші сотқа тартылып, 347 адам өлім жазасына, 168 адам каторгалық жұмыстарға, 129 адам түрмеге отыруға кесілді (ҚР ОММ, 46-қор, 1-тізбе, 385-іс, 42-п).

Қатал қуғын-сүргінге ұшыраған 300 мыңнан астам адам немесе Жетісу өңірінің тұрғылықты халықтарының төрттен бір бөлігі атамекендерін тастап кетуге мәжбүр болды. Сондықтан да Жетісуды мекендеуші тұрғылықты халықтар 1916 жылды тек қана көтеріліс жылы емес, сонымен бірге «Үркіншілік» (үрке көшу) жылы ретінде көп уақыт ұмыта алмады.

Бекболат Әшекеев дарға асылғанда жұрт күңіреніп кетті. Күнде ертеңгісін ел жиылып келіп караса дарға асылған батырдың табаны жерге тиіп, жерді басып тұрады.

Жібі созылып, денесі ұзарып екі табаны жерді басып тұрғанын көріп қалың жұрт: «Арда ардағымыз-ай, асыл еріміз-ай» – деп қан жылайды.

Болыс Сәт Ниязбекұлы Мақыш Раймбекұлы, Омарбек Жантаев, Оразалы Күртібаев бастаған жеті наркескен өжет жігіттерді жинап:

– Батыр Бекболатымның сүйегін алып келіңдер, соның жолында құрбан болсаңдар өзім жаназаларыңды шығарамын, – депті көзінен аққан жасы сақалынан алты тарам болып ағып.

Мақыштар серіктерімен түн жамылып жүріп, екі казак сақшыны өлтіріп, Бекболат батырдың денесін дардан алып кетіп, Сәт болысқа әкеледі.

Сәт болыс шымы қалың жерден ақым қаздырып, өзі құранын оқып жаназасын шығарып көміп, бетін шыммен қайта бекітіп тастайды. Қазақ солдаттар ары-бері шапқылап іздейді, бүкіл бейіт-зираттарды қарайды, Бекболаттың денесін таба алмайды.

Үшқоңырдың етегінде отырған бүкіл балашаға, туыстарын қатаң сұраққа алады. Олар білмейтіндерін айтады.

Барлық бала-шағасын, жақын бауыр, туыстарын Верныйға жаяу күйінде айдайды. Жолжонекей еркек біткенінің бәрінің он қолдарын ұрып сындырып, ал әйелі мен қыздарының оң көздерін винтовканың штығымен ағызып жібереді.

Әшеке тұқымы содан соқырлар мен шолақтар елі атанады. Кенес өкіметі орнап, аман қалғандар фамилияларын өзгертіп, басқа елге сіңіп кетеді. Күнінде сүрген кешегі жаңа жерін сол қалады.

[illegible] Бекболат Әшекеев жайлы жер-жерлерде жоғары оқу орындарының студенттерінің қатысуымен өлкетану конференциялары өткізілді. Сондай конференциялардың бірінде Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының ғылыми кітапханасының ғылыми-әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Ғалия Ахметова, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің директоры Марат Хасанаев, Әлімқұл Жамбылов, Хамза қажы Екейбаевтарды апарып, теледидарға түсіріп, сол жерге Құран оқытып, құрбан шалдырған едім. Аруақ, оның ішінде қасиетті әулие, аруақ. «Дүниеден өткен соң жүз жыл жерде боламын, жүз жылдан соң елде боламын» – деп айтады екен.

Биыл Қарасай ауданындағы Бекболат ауылында халық батыры, азаттық үшін арыстандай алысқан, тәуелсіздігіміз үшін жанын қиған Бекболат Әшекеев атындағы саябақ ашылды. Бұл – сол 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде құрбан болғандардың рухына арналған лайықты ескерткіш деп бағалаймыз.

Арада 70 жыл өткендегі 1986 жылы желтоқсан көтерілісі – сол он алтыншы жылғы көтерілістің заңды жалғасы, рухы қайсар қазақ елінің тәуелсіздікті аңсаған ерекше бұлқынысы еді.

Үшқоңыр тауы толғанып, толғатып 1916 жылдан кейін, арада 24 жыл өткенде бұл қасиетті асқар тауда маңдайы жарқыраған Нұрсұлтан есімді ұлды өмірге әкелді. Нұрсұлтан Әбішұлы – еліміздің бағы болып, тәуелсіздігімізді бейбіт жолмен алып берді, тәуелсіз Қазақстанды әлемге мойындатты.

1916 жылы Бекболат батыр Боралдайда дар алдында соңғы сөзінді айт, патшадан кешірім сұра дегенде:

Рас, мен соғысуға шықпақ болдым,
Басыңды жер астына тықпақ болдым.
Еңіреген елім үшін соғыс ашып,
Ақ патшаның тұқымын құртпақ болдым, – деп қасқайып тұрып айқай салыпты.

Ал 1986 жылғы Желтоқсан қаһарманы Қайрат Рысқұлбекұлы:

«Қазақ деген атым бар,
Атам десең атыңдар!» – деп басын имей, тәуелсіздік жолында құрбан болды ғой қайран ер!

Қайран қайсар рухты, қайтпас қара нардай батырлар осылар емес пе?!

Бекболат Әшекеев басқарған көтеріліс жайлы Зейін Шашкин, Ғ. Сапарғалиев, Есберген Естаев, Х. Тұрсынов, Ғ. Мүсірепов, Шерхан Мұртаза, Балғабек Қыдырбекұлы, Мейрамбек Төлепбергенұлы, Төлеу Көлбаев, т.б. көптеген ғалым, жазушы, журналистер қалам тербеді, арнайы ғылыми жинақтар шықты. Әсіресе, қазір жүзге келген ардагер – қаламгер журналист Үсенбай Тастанбеков ағамыз көп зерттеп, құнды деректерді жазды.

1916 жылғы көтерілістің жалынды жыршылары Жамбыл, Үмбетәлі Кәрібаев секілді атақты ақындар ел-жұртын, көтерілісшілерді жігерлендірді. Жамбыл Қастек, Шиен көтерілісшілерінде болып, азаттық жайлы жар сала жырлады, кейін Үшқоңырда қайсар сарбаздармен күндіз-түні бірге болып, жалынды өлеңдерін айтты. Шүкітай және басқа да ақындар көтерілістің бел ортасында жүрді. Иса Дәукебаевтың «Бекболат» поэмасы оқулықтарға енгізілді.

Шамалғанның ауылым жағасында,
Кім жетеді асылдың бағасына.
Ардақты ағa сен едің, ер Бекболат,

Тұлпар мініп, ел бастап барасың ба? – деп жырлапты Шүкітай ақын. Бүгінгі азат елдің ұрпақтары жетпесе, кім жетеді асылдың бағасына?

Бұл аталарымыздың ерлігі – ұлт-азаттық қозғалысы тарихында батырлық пен батылдықтың, азаттық аңсаған елдің рухының биіктігін танытатын адалдық пен азаматтықтың символына айналды.

Кеше мен бүгін үшін талассаң ертеңіңнен айырыласың. Өткенді құрметтеу – болашакка үлгі өнеге.

Бағалай білмегенге бақ қонбайды.
Қуана білмегенге құт қонбайды.

Ел-жұртымызға береке-ынтымақ берсін, Бекболаттай арыстарымызды бағалай білейік.

Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ,
жазушы

■ Жаңа ән



Қазақ мұзыка өнерінің қалбасына талы бір тұынды қосыпды. Ол жетісуымктарға белгілі сазгер Мұратхан Елінбаевтің «Алты Алаштың сұлтаны» атты жаңа әні. Ақын Әли Ысқақвайдың сөзіне жазылған бұл тұынды алты Алаштың жолын жоқтап өткен қайраткер Барлыбек Сыртановқа арналған. Жетісу жерінде алғашқы болып Императорлық Санкт-Петербург университетін бітірген, өз уақытында атақты заңгер, ағартушы демократ Бақытжан Қаратаевтан: «Меніңше жалғыз сен ғана халықтың сеніміне ие болдың, жалғыз сен ғана халық үшін еңбек еттім деп айтуға хақың бар», – деген баға алған, тұлғасы Қазақ елінің Жарқынын жазған Барлыбек Сыртановқа арналған бұл ән күллі қазақтың сүйіп тыңдар тұындысына айналсын деген ниеттен оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Алты алаштың сұлтаны

Сөзін жазған: Әли Ысқақай
Әнін жазған: Мұратхан Елінбаев

Тәуелдің биік тұлғасы,
Ақыл-ойдың тұнбасы.
Алты Алаштың баласы,
Ардақтайтын данасы.
Ел тағдырын дәл басқан,
Арман ойы алға асқан.
Сырттанұлы шығарған,
Қазақтағы алғаш заң.
Жарқыратқан шындықты,
Сом болаттай алдаспан.

Қайырмасы:
Шындықты айқара ашқан,
Елі үшін тайталасқан.
Өктемге келіспеген,
Күресте беріспеген.
Алаштың ардақтысы,
Беделді салмақтысы,
Қоғамның қайраткері,
Өр мінез айбатты ері,
Текті ұлы Барлыбекті.
Ұмытпай – ұлықтайды,
Егемен – байрақты елі.
Көрсе де өмір талқысын,
Жұмсай жүріп нар күшін.
Қажымаған қайсар ер,
Белді буып халқы үшін.
Туған жерді-қырқаны,
Жадыратып нұр таны.
Атауы үшін күрескен,
Сыртановтың ұрпағы –
Ел есінде сақталар
Алты Алаштың сұлтаны.
Қайырмасы:



■ Сол бір кез есімде

Тоқтаусыз зырлаған дүние-керуеннің сүрлеуінде менің мына қысқа да ұзақ күніме куә болған, көкірегіме шуақ құйған қуаныштарым мен мұңды сәттерім, қарап тұрсам, бір басыма жетіп артылады екен. Жасым ұлғайып, алды-артымды бағамдай келе ұққаным, әрбір адам өз уақытының жүгенсіз керуені сияқты. Уақытпен жарысып келіп, жарысып кетеміз. Санамда өзіммен бірге елес болып көргендерім мен естігендерім еріп келеді. Сол елестердің арасында тіптен қимас бейнелерді еске алған сайын «Сіз үшін не істесем риза болар екенсіз?» деген ойға соқтығамын. Мен қимайтын көп бейненің ішінде анамдай болған, тіпті көпке ана болған, биыл туғанына 100 жыл толатын апам Жамалхан Құсбекқызына деген адами, перзенттік сағыныш ерекше орын алады.



ЖАРҚЫН БЕЙНЕ

«Ойды ой қозғайды» дегендей, апаммен бірге қатарласып бүгінде тірілердің қатарында жоқ асыл бейнелер көз алдыма келеді. Олар бала жүректен өшпестей орын алған Әбікен, Тыныштықбек, Баукен, Өкен, Мәжікен, Болатбек ағайлар мен Зейнепия, Сақыш апай, ағаларым Әскербек, Баймұрат, Құдыш, нағашым Кемелбек, Өнербек, Әбеугалы, Демеш, Кенжеш, Солтан, Ғалымжан, Үрімхия, Зияш, Мәпірза, Дәнекей, Мырзахан, Қайша, Құлайша, Мәмеке, Нұрмұхамбет, Баймұхамбет сынды аға-апаларым, тіптен аттарын есіме түсіре алмаған кейбіреулері «әй, кішкентай сары қыз, мені ұмыттың ба?» дейтіндей болады. Дүние-керуеннің төрінде жүрген тілектестерім Бөкен, Кемел, Төлеубек, Қалтай, Жөкен, Аман, Рәтәй, Қияш, Әлия-Серік, Амантай жеңешем, Төребек пен Күләш үнемі есімде, қатар жүргендей де әсерде қаламын.

Анамдай болған Жамалхан апам анам Тотыхannың сіңлісі екен. Ол шешемнің ағасы Құсбектің үлкен қызы. Кіші қызы Зияштың жалғыз ұлы, нағашым Кемелбек Құсбекұлы мені 1967 жылы ағайын інісі Базарбек Өсербаевтың қолына беріп, оқытуға табыстаған еді. Міне, содан бері де 50 жыл өтті. Нағашым жүрегі мейірімді, қолы адал, мінезі тұрашыл, әсіре қазақылықтан жаңы таза адам еді. Елдің іргесін бекітуде бір адамдай туған жерінде тер төгіп, жұбайы Қайша екеуі ұл-қыздарын өсіріп, қызықтарын қатар көрді. Ұрпағын оқытты, бұйырған несібесін жеді. Ешкімге қиянат жасамаған калпында дүниеден озды. Ендігі жерден бәріміздің мәңгі тірер қара шаңырақ иесі Жанатбек те бүгінде ата. Жамалхан апам 92 жасында дүниеден озды. Ол маған ана, ақылшы, камкоршы болған. Бүгінгі күні қол жеткізген әрбір сәтті ісім үшін апамның рухының алдында ризашылығымды білдіремін.

Анам ертерек дүниеден озған кезінде менің жасым 14-ке қараған, ағам 2 балалы болған еді. Апам өз қызы Шаран апаймымен бірге мені тәрбиелеп, өмірлік сабақ болатын ақыл айтты. Айтқан ақылының арқасында мен ағаммен жеңгемнен іргемді аулақтатпадым, балаларын бақтым, үй шаруасына көмектестім, ренжіспедім, әңгіме тасымадым. Сол ақылдың нәтижесінде мен де, ағам да абыройлы болып қалдық. Апам Сайын «ағаңның қасында бол, себебі ертең өсесің, бір жерге барасың сол кезде «әркімнің босағасында жүрген қыз екен» деген атаққа қалдырасың гой, мен сені ауырсынбаймын, сені жақсы көремін, өзім қадағалап жүремін», – дейтін. Бұл ұлағатты сөзі сан мәрте алдымнан шығып отырды. Бөтен босағаны аттаған күні-ақ апам айтқан жайттың бәріне жан бітті-ау. Мұндай көрегенділік бүгінгінен ертеңін көбірек ойлаған нағыз қазақтың кеңпейіл анасының бойында ғана болады емес пе?!

Апамның өзінің айтуынша, 1917 жылы қара суықта дүниеге келіпті. Аласапыран уақыт болса керек, үйге, ауылға орыс солдаттары келетін көрінеді. Олар өздеріне керектісін сұрамай алып, ауылдың ер адамдарын ұрып қорлайды екен. Содан солдат келеді дегенді естісе ер адамдар алыска қашып, тығылуға қам қылатын. Жасы жеткен шалкемпірлер мен бала-шаға қорғансыз қалатынға ұқсайды. Апамның анасы Күлшәкен әжеміз жаңа босандым деп көрпеге оранып отыра қалады екен де, шарасыздан «міне, бөпем» деп апамды құндағынан шешіп, солдаттарға ұсынатын көрінеді. Ал, оралған көрпе астында менің анам тығылып жатады екен. Жылаған шақалақты көрген солдаттар ештеңеге тиіспестен кері қайтады. Сөйтіп отбасының амандығының қорғаншысы болған шақалақ Жамалхан заманға, елге зор жаңалық әкелген еді. Бұл оқиға Алакөл ауданының Аркарлы ауылының тұсындағы ескі Үлы Жібек жолының бойындағы «Кескенқұм» атты жерде өткен. Бұл жер дәулеті тасыған Қамысбай, Өсербай әулетінің атамекені екен...

Жылдар өтеді, заман өзгерді. Жаңа өкімет келді. Жер ортақ, мүлік ортақ кезең басталады. Кеңес өкіметінің алғашқы уақыттарында бала Кемелбек, Жамалхан, Зияштың оқуына «бай тұқымы» деген атау кедергі болыпты. Әкелерін өкімет айдауға жіберген, жетім балалардың ендігі камкоршысы менің анам болып қалады. Әжеміз Күлшәкен кайтадан тұрмыска шығады. Апам Жамалхан Нүсіпов Құдайберген атама тұрмыска шығады. Ұзақ жылдар бойы екеуі бірге өмір сүріп, қыздары Шараңды өсіріп, оқытып, немерелерін қызықтады. Бүгінде Шаран апай Қаскелең қаласында тұрады. Зейнеттегі ардагер ұстаз.

Жамалхан Құсбеккызы замандастары сияқты еліне еңбегі сіңген, ерлермен бірге бар ауыртпалықты катар көтерген нағыз еңбек адамы еді. Еңбек, тыл, тың игеру ардагері медальдарының иегері. Ел іргесін көтеруде кетпен шапты, каналдар казды, егін егісті, шөп шапты, сиыр фермасында сауыншы болды. Нағыз еңбек етудің үлгісін 1953 жылдан бастап тың игеру науқанында көрсетті. Осы жылдары шалғайда жатқан біздің ауылға да тың игерудің шапағаты жетеді. Трактор, машина мен комбайндар келіп, ел жаппай механика, техника тілін игере бастаған шақта ауылдың нөмірі бірінші шоферы Өнербек аға болыпты. Далада еңбек қызған сол шақта асхана ашылып, апам аспазшы болады. Аспазшы тек аты ғана, шын мәнінде ол ең су тасыды, өзі отын дайындаушы әрі бас-аяғы 50 шақты азаматқа нан пісірді. Не деген жанкиярлық, не деген еңбек десеңізші?!.

Мен осы сәттердің шет жағасын көрдім. Ол кезде 5-6 жасар болсам керек. Сол күндердің боз-бала жігіттері, бүгінгі күндері ақсақалды аталар шығар, кейбіреулері бақылық сапар шеккен де болар, дегенмен есімде қалғандары: шашы бұйра, мығым денелі Еркас, ұзын бойлы, сұлу Мұрат, үнемі күлімдеп жүретін Баймұрат, Сәбит, Жамбыл ағалар, менің ағам Әскербек, Болат пен Жөкен жезделерім.

Тарихтың кәсіреті болып таңбаланған сұрапыл соғыста Жамалхан апам, анам және бірқатар азаматтар Талдыбұлақ деген жерде темекі жапырағын жинап, кептіріп өткізуге еңбекке келіпті. Бұл жайлы «темекінің жапырағы ащы болады екен, саусақтарымызды ойып кететін, бейнеттің бес батпан жүгін арқаладық қой», деуші еді.

Көзін тырнап ашқаннан еңбекпен шындалған апам, өмірінің соңғы жылдары ғана жүруден қалды. Аяғы ісініп, бастырмады. Сонда да, сабырлылық танытып «ку бейнеттің әсері гой» деп қоюшы еді. Сөйтіп отырып, табиғатынан көңілді, әзілді сүйетін ол үлкенмен де, кішімен де әзілдесіп, отырған жерін базар ететін. Әзілі орынды, мазмұнды, өзіне жарасатын асыл адам еді. Қайран алтын апам...

Айша ЖАЛИМБЕТОВА,
ҚР Білім беру ісінің үздігі,
ардагер ұстаз
Қызылорда қаласы

■ Оқыдық, пікір айтамыз

ДАЛА ПЕРЗЕНТІНІҢ ЖЫРЫ

Өмір жаспен өлшенбейді. Сондықтан да бабаларымыз: «Осер елдің баласы, он бесінде баспын дер, өшер елдің баласы отызында жаспын дер» деп ескерткен. Десе де адам баласы шыр етіп өмірге келгеннен көз жұмғанша тағдыр, қоғам, ұлы жаратылыс, байтақ табиғат алдындағы парызын өтеумен болады. Иә, сексен жас біз үшін біраз ғұмыр есептелгенімен сан мыңдаған, тіпті миллиондаған жылдар бойы жас қалпында сақталатын табиғат үшін сәбидің жасымен бірдей. Ал адам баласы бұл дүниеге уақытша келген қонақ. Бірақ, әр қонақтың жауапкершілігі болады. Біреулер оны адал ісімен, енді біреулер абзал кәсібімен, тағы біреулер ой-санасының күшімен өтейді. Ал Гүлжәукен апамыз сиякты қадірін қаламнан іздегендер ынтына артылған ауыр жүкті өлең құдіреті арқылы адақтап, алыс болашаққа батыл бағдар жасайды.

Қажет АНДАС,
"Жетісу"


Гүлжәукен Мұқаеванын «Перзент парызы» жыр жинағындағы әр өлеңді оқи бастасаң осылай ой түйесің. Алматыдағы «Таймас» баспа үйінде басылған 10 баспа табақтан тұратын кітапка ақынның 140-тан астам өлені енгізілген. Сол өлеңдердің бәрі бір ғана ұғымға, яғни адам баласының өмір, қоғам, тірлік, азаматтық мұрат, сенім, жігер, тағы да басқа адамдық қасиеттер алдындағы перзенттік парызына сыйғызылған.

«Өлеңді де жаныңды жеп айтасың» дегендей, шабыттың да бірде тасып, бірде бәсеңдейтін кезі болады. Өлең жазуды доғарып, күйбің тірліктің соңынан кететін жағдай да кездеседі. Кейде өңірдегі тайталасқан тірліктен мезі болып, басқа жолдан бақ қуып, бақыт табуға ұмтылатынды да жоқ емес. Алайда, ақындықтың табандылықпен өріс-тейтінін ескерсек, осы жолды сексен жыл сергектікпен өткергендердің қатары санауды. Сондықтан да Гүлжәукен Мұқаева апамыз:

Күп сүйген күміс шыңның
қарлы басын,
Самғатып көкейден жыр
қарлығашын.
Бақытты аналар мен
балалардың,
Жүзінен шаттық күлкі
арылмасын,

– деп алыстан қармап, жүрегі сағыныштан сыздап, ағынан жарылуға қақылы. Нобель сыйлығының лауреаты И. Бунинің шығармашылығына «Салқын сабыр, суық ақыл, зердемен жазуы керек» –, деп ескерткені апамыздың шығармашылығына да қатысты. Өйткені, Гүлжәукен апамыздың әр жыры терең бәлсапаға құрылады. Белгілі бір заттың қасиетін немесе құбылыстың мәнмағынасын өлең тілімен өрнектегісі келсе, оның бар бітім-болмысын айшықтауға ден қояды.

Жүзім жарқын, көңілім шат,
күлкім де,
Қазақстан мың құлпырып
бұл күнде.



Барлық әлем бізге қарап
таңғалып,
Қос тырақтай жүйткі алға,
іркілме,

– деп толғанады елге, жерге. Отанға деген ыстық махаббатын, жүрек қалауын, айтар ойын іркпейді, қалып қалғанын жазып отырған өлеңнің келесі шумақтары арқылы жалғастырып, жетілдіріп отырады. Расында, Гүлжәукен апа сексеннің сеңгіріне тегін келген жоқ. Әр дәуірдің қиындығы мен қызығын, шындығы мен шыжығын көріп, содан ой түйіп, сезгені мен сенгенін өлең тілімен ажарлады. Бір қызығы, қайсы дәуірде де оны, асыра мактамады, жеріне жеткізе жамандаған жоқ. Аралық сақтап, өлеңі арқылы өмірге, қоғамға, адамзаттың ортақ құндылығына деген ой-пайымын екшеп отырды. Бір сөзбен айтқанда, Кенес тұсында оны екпіндете мадақтап, тәуелсіздік жылдары өлтіре жамандайтын екіжүзділіктен аулақ болды. Сондықтан апамыздың өлеңдері ертеңгі ұрпақтың да алдында жарық, нұрлы болатыны анық.

Гүлжәукен жырларының көлемі аз, мазмұны байтақ келетіндіктен ойдан ойды балапандатып жатады. Егер «Сауыншы» өлеңіндегі ауыл адамдарының кеңдігін, даркан, қонажайлығын көріп, төніректің де сондайлығын түгілінен сезініп, мерейміз үстем болса, ата-бабамыздан калған қатал тәртіптің үрдісін көріп таңғаламыз.

Мүлгімендей үндемейді
түнгі бақ,
Жасырғандай тазай
жұмбақ сырды ұрлап.
Күміс түкті қырауларын
жамылып,
Терезеден қарайды Ай
жымыңдап.


Даланың аты дала. Басы кар боп жатканда баурайы гүлден тұратын дала табиғатына тамсанған адамдардың да мінез-құлқы соған бейімделген. Қап-кара түндегі Айдың өзі оларға жымындай карайды. Мінездегі сұңғылалық осыдан бастау алмай ма?

Бұл кітаптағы басты құндылық катарына дінді, отбасы, ұлт рухын кастерлеп, насихаттауды жаткызып, ол саладағы тақырыптардың құлпыра түсіп, көркемдік көкжиегін кенейте түскенін айта кеткен жөн. Сонымен катар, халқымыз бала тәрбиесіне ерекше мән берген. Үлде мен бүлдеге бөлеп, өсірген еркелер тәрбиелеген, дүниенің парқын мәндай терімен сезініп өспеген тоғышар ұрпақ өсірген отбасынан безген. Сондықтан апамыз осы жыр кітабына қоғамдағы ашкөздік, қатыгездік, өркөкіректік, өзімділіктен оқырманын безіліп, ата-бабадан калған үлгі-өнеге, озық дәстүр, тағылым, тәрбиеге толы өлеңдерін көптеп енгірген. Кітап сонысымен де құнды. Ең бастысы, сексеннің сеңгірінде осындай жыр жинағын шығару екінің бірінің колынан келмейді. Сондықтан бізде ақын апамыздың ірілігіне дән риза болып, шабыты үкілеп, шалкар ойының ұшқыны осылай жұртка жеткігіміз келді.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы халқымызға үлкен серпіліс туғызды, рухани дүниемізді жаңғыртты, болашаққа деген сенімімізді нықтады. Елбасы қандай мәселені қозғаса да ұлттық құндылығымыздың өзегін сақтауды ескертуден танбайды.

Бақыттың кілті ЕҢБЕКТЕ



Қарттар — еліміздің алтын қазынасы, оларға жасалған қамқорлық біздің өткен өміріміз бен тарихымызға жасалған жақсылық деп біледі.

Ортамызда жүрген ардагерлерді қадірлеу біздің парызымыз. Үлкенді сыйлау, оларға қызмет көрсету атабабадан келе жатқан салтымыз. Ардагерлердің өмірлік тәжірибелері мен ақыл-кеңестері, тәлім-тағылымдары өскелең ұрпақ үшін орны бөлек. Жастар тәрбиелеп, ізбасарларын өсірген, бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отырған ардагерлеріміз ұрпағына игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісі іспетті.

40 жыл қызмет атқарған Төлқожаева Мария Тоқтамбекқызы еңбек жолын Октябрь ауылдық кітапханасында бастаған. 1985 жылдан 1999 жылға дейін бұрынғы Кеген аудандық кітапханасында қызмет атқарып, 1999 жылдан 2015 жылға дейін Райымбек аудандық кітапханасының директоры болып қызмет атқарды.

1991 жылы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталған. 2007 жылы Райымбек ауданының кітапхана саласындағы мінсіз еңбегі, қызметтік міндеттерін дұрыс және адал орындағаны үшін облыстық мәдениет басқармасының Құрмет грамотасымен марапатталып, «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 20 жыл» медалімен наградталды. Еліміздің Тәуелсіздігіне игілікті ісімен қосқан еңбегі бағаланып, «Райымбек ауданының Құрметті азаматы» атағы беріліп, қуанышқа бөленді. Өмірінің сәні, сыйластығы жарасқан, береке-бірлік орнаған үлгілі отбасы бүгінде немерелері өсіріп, олардың білім алуына ықпал еткен мейірімді жан. Еліне аянбай қызмет еткен Мария апаға зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін.

Жібек МОЛДАСАНОВА
Кеген ауылы

■ Жыр-арнау

Заңғар Мұхтар

Заңғардың қолын алып амандастым,
Қашанда үні болған замандастың.
Кездесем деп ешкашан ойламағам,
Қол беруге о баста жаман састым.

Қол ұсындым бетпе-бет келгенімде,
Мұхтардың иірлы жүзін көргенімде.
Ескі досы сияқты жылы жүзбен,
Риза болдым кос колын бергенінде.

Уа, Мұхтар, ақындардың ерегісің,
Қазақтың атылар ақ берегісің.
Поэзия әлемі теңізінде,
Ешбір өлшем жетпейтін тереңісің.

Қазақ үшін батыр болып туылдың,
Қазақ үшін талай қызып, суындың.
Ел мүддесін артық көріп басынан,
Қазағымның қасиетін ұғындың.

Бұл өмірге келгеннен соң қазақ боп,
Айта аламыз рухымыз азат деп.
Қаным тасып, зығырданым қайнайды,
Жүргендерге баска тілмен мазақ боп.

«Қазағым, қалың елім, қайран жұртым»,
Ілгеріге көз салсам келмейді ұйқым.
Жүргенде өз тіліңді бағаламай,
Көрінер сұрықсыздау сенің сиқың.

Екеу емес, екі жүз тілмен сөйлес,
Биік ұста тіліңді етіп теңдес.
Бөтен жұртты сөйлеткіз өз тілінде,
Сонда ғана биіктер, рухың өлмес.

Сонда ғана бақытқа кенелесің,
Ұлт болып өз тіліңмен көтересің.
Өнер, білім тіліңмен қаулашканда,
Алдыға озған жұртпен теңелесің.

Сабырхан ЖАҚЫПОВ,
Алмалы ауылы,
Сарқан ауданы



Ақылдастар алқасы: Егеубек ДАЛБАГАЕВ, Ермек КЕЛЕМСЕЙІТ, Сүлеймен КӨШКІНОВ, Наурыз ҚЫЛЫШБАЕВ, Бижамал РАМАЗАНОВА, Сейілхан БЕКОВ, Әскербек АБАЕВ.

■ МҰХАМЕТЖАН ТЫНЫШБАЕВ – 140 ■

Тұңғыш теміржол инженері

Биыл Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы есімін иеленген Алаштың асыл ұлдарының бірі Мұхаметжан Тынышбаевтың 140 жылдығы. Тоқсан жылға жуық тарихы бар академия еліміздің көліктік-коммуникациялық кешеніне, оның ішінде, теміржол мен автожол көліктері, сондай-ақ, телекоммуникация салаларын бойынша білікті мамандар дайындайтын жетекші жоғары оқу орны. Қазіргі таңда академия түлектерінің басым көпшілігі «Қазақстан теміржолы» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Транстелеком» АҚ, «Қазпочта» АҚ, «Қазавтожол» АҚ, «КЕГОК» АҚ және тағы басқа ірі ұлттық компанияларда және олардың филиалдарында қызмет атқаруда.



Еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін ғана М.Тынышбаевтың асыл есімі мен ғылыми мұрасы халқымен қайта қауышты, ол туралы ғылыми-зерттеу еңбектер мен көркем шығармалар жарық көре бастады. Қазақтың тұңғыш теміржол инженері, аты аңызға айналған Түркістіңтік Кұрметті құрылысшысы, Алаштың ардақты азаматтарының бірі Мұхаметжан Тынышбаевтың есімі академиямызға 2000 жылы берілген болса, ал қолдан құйылған ескерткіші білім ордамыздың гимараты алдына 2006 жылы қойылды. Тәрбие орталығы саналатын академиямның тарихынан сыр шертетін музейде Тынышбаев мұрасы бір бөлмеге жинақталған.

Атаулы күнге байланысты өткізілген салтанатты жиында академия ректоры Беріқбол Арқенов қазақтың біртуар перзенті туралы тебірене сөйлеп, оның халыққа жасаған еңбегіне тоқталды. Ардақты азаматтың ой-арманы елімізде орындалып, шәйін жолдың қызметі ел экономикасының дамуына зор үлес қосып отырғаны осыған дәлел екендігін көпшілікке жеткізді.

Салтанатта сөз алған Мұхаметжан Тынышбаевтың ұлы Дәулет Шейх Әли-Тынышбаев: «Дін-мұхамед Қонаев өзін өмір бойы қазақтың тұңғыш инженері М.Тынышбаевтың рухы шабыттандырып келгенін үнемі айтып отырады екен. Сендерді де, студенттер, жастар, Тынышбаев есімі шабыттандырсын», – десе, немересі Елена Ескендіркызы атасының биік мақсатқа толы өмірі бүгінгі және ертеңгі жастар үшін жарқын үлгі екенін айтып, данқты атасына жыр шумақтарын оқыды.

Мұхаметжанның тұлғасы мен тұрпаты, атқарған еңбектері, тірліктерінің ауқымы, қайраткерлік қарқыны, азаматтығы және біліміне сай біліктілігі, халқына адалдығы, елі мен жерін, ұлтын қалай жақсы көретіндігі жастарға үлгі. Атамыздың ғұлама ғалымдығы, тектілігі, парасаттылығы да өз алдына бір бөлек әңгіме. Ерteде Тұрар Рысқұловқа Ташкентке оқуға баруы үшін қаражаттан көмек берген де осы М.Тынышбаев екен. Бұл туралы Тұрар өзінің 1929 жылы жазған Түрксіб теміржолының тарихы мен тағдырын, келешегін қозғаған еңбегінде айтады.

Академиямызда әр жылғы сәуірде өтетін студенттер мен оқытушы-профессорлық құрамның «Көліктегі инновациялық технологиялар» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы да, студенттердің факультетаралық «Студенттік көктем – 2019» фестивалі де, «Тынышбаев апталығы» атты шығармашылық байқау да, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсы мен республикалық пәнаралық олимпиадасы да М. Тынышбаевтың 140 жылдығына арналды. Осы іс-шараларға студенттер арасындағы жеңімпаздардың барлығы да Мұхаметжан атамыздың суреті бейнеленген Мақтау қағаздарымен және сыйлықтармен, ал білім беру саласында ерекше көзге түскен оқытушы-профессорлық құрамның бір тобы М.Тынышбаев төсбелгісімен марапатталды. Атаулы күнге орай жатақхана тұрғындары арасында «Менің студенттік үйім – менің мақтанышым» тақырыбында жарыс өткізілді.

Жыл сайын түлектер диплом алу салтанатында, атамыздың туған күніне және Саяси құғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай М.Тынышбаевтың ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, тұлғаның рухы мен халқы үшін атқарған еңбегіне бас иіп, тағзым етеді.

Мұхаметжан атамыздың замандасы, Алаштың арысы Ахмет Байтұрсынұлы: «Өткенді еске алған – өскендіктің белгісі, өткенді ұмытқан – өшкендіктің белгісі», деп айтып кеткендей, халқымыздың әйгілі тұлғаларының елінің болашағы үшін жасаған құнды істерін ешқашан ұмытпай, өздерін жиі-жиі еске алып тұру – қазіргі ұрпақ парызы.

Кеңес ЖҮСІПОВ,
М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының доценті, техника ғылымдары кандидаты

■ АУЫЛ – ЕЛ БЕСІГІ ■



Дегерестің жүзжылдығы тойланды

Ауданның батыс жағындағы Басбатыр тауының етегінде Дегерес ауылының жүзжылдығы тойланды. Гасырлық мерейтойды думандата атап өтуге елді мекен тұрғындарымен бірге бүкіл аудан жұртшылығы атсалысты. Жап-жасыл болып күлпырған қырқаны қаз-қатар тігілген ақшаңқан киіз үйлер одан сайын түрлендіріп, дала сахнасында ән мен жыр күңзақ қалықтады.

Қазақстан халқының бірлігі күшімен түспа-түс келген мерекелік шарага алыс-жақыннан халық көп жиналды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін іле-шала Дүниежүзі қазақтарының алғашқы құрылтайы өткен жер бұл күні де алыс-жақыннан ағылған ағайынды қауыштырды. Кезінде атағы дүркіреп тұрған ауылда туып-өскен, еңбек еткендер сағына бас қосып, мәре-сәре болысты. Мерекенің салтанатты ашылуында аудан әкімі Бағдат Әлиев жиналған қауымды құттықтап, бір кездері ауданның ең іргелі шаруашылығы болған Дегерес жылы зауытының өткені туралы талмді ойларымен бөлісті.

Көпшілік алдында сөз алған «Бәйдібек баба» республикалық қорының президенті, академик-жазушы Нағашыбек Қапалбекұлы Дегерестің тарихы жүз жылдан да әріге кететінін, Қазан төңкерісіне дейін ол Ырғайты болысы аталып, оған Ақтерек, Көлқамыс, Жаманты, Қарағанда, Бұғымұйіз, Бесмойнақ сияқты елді мекендер қарағанын тілге тиек етті. Әр сайы мен қыркасы, тау-тасы көнеден сыр шертетін бұл аймақтың қазақ тарихындағы айтулы оқиғалар өткен киелі де қасиетті мекен екендігіне тоқталды. Дегерестің асыл тұқымды жүйріктерінің ат жарыстарда бәйгенің алдын бермегені, Ұлы Отан соғысы жылдары Дегерес жылқы зауытының майданға жылына мың жарым-екі мыңға дейін сәйгүлік дайындап өткізгені, бір жылдары мұнда 11 мың бас жылқы, 25 мың қой, 100-ге тарта түйе болғаны айтылды.

Спорт ардагері, атбегі Бақыт Байталиев көршілес Қордай ауданындағы ағайынның ыстық ықыласын жеткізді. Көпшілік алдында Нағашыбек Қапалбекұлының құрастырумен Дегерес жылқы зауытының жүзжылдығына орай жарық көрген «Ер қанаты, жер жаннаты» кітабының тұсаукесер рәсімі жасалды. Тойға келгендерге 92 жастағы Қырғызбай Мәденов ақсақал бата беріп, қалың көрермен «Сүйінбай сазы» ансамблінің концертін тамашалады. Бір шетте жастар алтыбақанның айналасына топталып, тербетілп жатты. Түс ауа түрлі спорттық ойындарға кезек беріліп, кір тасын көтеру, жазу жарыс, асық ату, қошқар көтеру ұйымдастырылды. Итбегілер құмай тазы жарыстырды. Дау қошқарды 87 рет көтерген алматылық Тынысбек Көкеұлының күші бәрінен басым түсті. Сұлтан Әлішев 66, Алмас Жүніс 55 рет көтеріп, олар да жүлде алды.

Осылайша күңзақка жалғасқан мерекелік шараны дала төсін дүбірге бөлеген тұлпарлар жарысы қорытындылады. Екі жеңіл автокөлік тігілген аламанға сонау Қызылорда, Орал, Өскеменнен де атбегілер сәйгүлік әкеліпті. Алдымен 5 шақырымға 30 тай шауып, бірінші және екінші болып Талғар ауданынан Мерхат Бұлғыновтың «Ақтанау» мен «Қызғалдақ» атты тайлары келді. 3,4,5-ші орындардан Сарыбай би, Бесмойнақ ауылдары мен Қордай ауданының тайлары көрінді. Күйрық-жалы сүзіліп 60 қонаның 11 шақырымға қолтық жазуын да қалың көрермен қикулай тамашалады. Мұнда серіс сызығын қарасайлық Әлшер Назарбаевтың «Қарлығашы» бірінші, талғарлық Мерхаттың тағы бір жүйрігі «Тұмар» екінші қиды. Одан кейінгі үш жүлдеге Қордай мен Ұзынағаштың атбегілері не болды.

Асыға күткен аламанда жетпіс ат 25 шақырымға қосілді. Көрерменің көз алдында тосқы айналым бойы бірінен бірі оза шапқан бәйгеле тұлпардың тұлпары, жүйрігінің жүйрігі танылды. Бірінші болып Жамбыл облысынан Артығали Мирзовтың жүйрігі «Қаракөз» келді. Қордайлық Алтынжол Нұрмағбетовтың тұлпары екінші, Бериктас ауылынан Ұлан Омаровтың сайгүлігі үшінші, Дегерестен Жоламановтардың «Ақбақай» мен Сатыбалдиевтардың «Беріккарасы» төртінші және бесінші, жамбылдық Мұрат Қозыбаевтың «Айзері» алтыншы, Балқаш ауданынан Бақытжан Мұздыбаевтың «Үміті» жетінші болып келіп, иелері бәйгеге ие болды.

С. ӘШІМБЕКҰЛЫ

Дегерес ауылы, Жамбыл ауданы

■ ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ ■

Желбірейді жеңіс туы

Отан қорғаушылар және Жеңіс күніне орай «Бәйтерек» күнді болу орталығында «Ер есімі – ел есінде» тақырыбымен мерекелік шара өтті.



Еңлік ҚАБДЕШ

Шараға облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ермек Келемсейіт, Кербұлақ ауданының ардагерлер кеңесінің төрағасы Төлеңді Сарыбаев, «Қызыл жұлдыз», «Айбын» ордендерінің иегері Асхат Қасенов, Аутан соғысының ардагері Халық Байболатов қатысты.

Орталық директоры Айгүл Дилданбаева жиылған қауымды мерекемен құттықтап, ардагерлерге Алғыс хат табыстады. Өз ез сөзінде орталықта 107 мүмкіндігі шектеулі бала тәрбиеленетіндігін жеткізді.

Сөз кезегін алған Т. Оспанбайұлы соғыс басталғанда бала болғандығын айтып: *«Қан майданда еліміз үшін өмірлерін қиып, ерлік орамжаған батырларды ешқашан ұмытпаймыз, – деп мерекемен жиылған көпшілікті құттықтағаннан кейін Аутан соғысының қатысушыларды А. Аутанұлы мен Х. Оспанқұлы майдандағы естеліктерімен бөлісті.*

Ресми шарадан соң көпшілік назарына орталық қызметкерлері мен бұлдіршіндері дайындаған концерттік бағдарлама ұсынылды. Шымылдық Жеңіске арналған шағын көрініспен ашылды. Қойылымда тәрбиеленушілердің ролге берілгендігі сонша, жиылған қауым көзіне жас алды.

Жүздерінен өмірге деген құштарлық байқалған балалар да өз өнерлерін көрсетті. Нақтыласақ, Аслан Оралхан «Бери шыпель, пошли домой», Дильфируза Омарбаева «Катюша», Әлшер Батыраш «Ел қорғауға әзірміз», Айдана Молдахметова «Сарбаздар» әнін орындаса, «Болашақ» би тобы мың бұралған «Десанттар» бии паш етті.

Бірнеше сағатқа созылған шараны тамашалауға келген көрерменнің қарасы қалын. Бір байқағанымыз, шарага қатысқан әрбір өнерпаз жұртшылықтың ыстық ықыласына, зор көшеметіне бөленді. Осылайша, ертеңгілікте тебіренің, көзге жас алған көрермен де, біз де жүрек жылуын сезініп қайттық.

Jetisý

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІП

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-98, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69.

Алматы қаласындағы тілшілер қосымша — 279-13-37 (факс): 279-13-86, 279-36-43.

Меншікті тілшілер: Алакөл — 8-777-388-57-77, Панфилов — 9-12-27, Іле және Қапшағай қаласы — 8-777-016-44-11, Жамбыл — 8-701-254-97-55, Талғар — 8-701-400-28-49, Қарасай — 8-701-347-60-32, Екпінділік, Қаскелең — 8-701-212-00-95, Райымбек, Кегең және Ұялы аудандары — 8-775-323-08-50.

Газет тарату өтінімсіз — 8 (7282) 24-34-55 телефонына хабарласуға болады.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен аспан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, байсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттерден көшіру үшін редакциядан рұқсат беріледі.

Эл. мекенжайымыз: www.7-su.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмабаев Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Таңсырық – 651

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 44 046, оның ішінде «Жетісу» газетінің осы шығарылымының таралымы – 27 046. Индексі – 65469.

Кезекші редактор: Мұхтар ҚҰМІСБЕК

■ ФУТБОЛ ■

СЕГІЗ КОМАНДА САЙЫСТЫ

Алдаспан жырдың алыптары Сүйінбай мен Жамбыл-дың ізін басып, «Өлеңнің қара жорғасы» атанған Халық ақыны Үмбетәлі Кәрібаевтың туғанына биыл 130 жыл толады. Мерейлі жылға арналған іс-шараларды Үмбетәлі ауылының азаматтары жыл басынан бастап, «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы аясында көкпардан командалық жарыс өткізген еді.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Айтулы датаға арналған шара Шолаққарғалы елді мекенінде жалғасты. Ақынның 130 жылдығына және Кеңес әскерінің Ауғанстаннан шығарылғанының 30 жылдығына орай ауыл стадионында футболдан аудандық турнир өтті. 2006-2007 жылдары туған жасөспірімдер арасындағы тартысты ойын Қарақыстақ, Аққайнар, Жамбыл, Ақсеңгір, Жайсаң, Қасымбек, Үмбетәлі және Шолаққарғалы ауылдарының мектеп оқушыларының құрамын сегіз команда арасында өрбіді.

Бірнеше күннен бері толастамай сіркіреп тұрған жаңбыр сол түн сап тыйылып, таңертең аспан шайдай ашылды. Қыр астындағы кішкене ауыл Шолаққарғалының шағын ғана мектебінің алды мерекеге сай безендірілп, күмбірлеген күй ойнады. Жарыстың салтанаты ашылуында Шолаққарғалы селолық округі әкімі қалдар алқасының төрағасы, ауданның Құрметті азаматы Бақыт Әбдібаев, «Үмбетәлі» шаруашылығының директоры Әуесбай Тәжібаев, ауған соғысы ардагерлерінің аудандық «Бача» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бақыт Жақыпбеков құттықтау лебіздерін білдірді. Оқушылар Ақмарал, Мәншүк, Жансая, Ақжол ақын жырларын мәнерлеп оқылы. Аяқдоп додасын ұйымдастырушы, осы мектептің дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі, білім беру саласында 39 жыл жемісті қызмет етіп келе жаткан ұлағатты ұстаз, спорт ардагері Жөкен Төтібаевтың шәкірт тәрбиелеудегі нәтижелі еңбегі атап өтілп, бұл күнде алыс жаска толған оған Республикалық Ауған соғысы ардагерлері ұйымы атынан «Құрметті Ұстаз» төсбелгісі тапсырылды.



Ауыл стадионындағы ойынан көрініс: Біртоп бағамен бірге Б.Әбдібаев, Ж.Төтібаев, С.Сүйінішев, Б.Жақыпбеков.

Дүбірлі жарыс ауыл перзенті, спорт жанашыры, ауған соғысының ардагері Сапар Сүйеншетпен бастамасымен ұйымдастырылып, оны ауыл-аудан келген қарулас достары Жұмабай Рысмендиев, Қанат Рахымбаев, Еркебай Тұрысов, Рашид Мұхамедшин, Салым Ибрагимов бірге тамашалады. Сегіз команда арасында қызған бәсеке кеш батқанша жалғасып, бектілген ойын тәртібінің қатаң сақталуын білікті төрешілер қалт жібермей қадағалады. Допты қарсыластар қақпасына барынша көп салған топтар ірікте келе ақтық сындарда күштінің күштілері сайысқа түсті.


Қорытындысында бірінші жүздені алаң иелері шолаққарғалылық өрендер жеңіп алды. Екінші орынға Жамбыл орта мектебінің оқушылары не болды. Қасымбек орта мектебінің командасы үшінші бәйгені ұтты. Ерлігімен көзге түскен жекелеген аяқдопшылардан Құрманбек Тастұлек, Болат Заңғар сияқты ұландар «Үздік ойыншы» дипломымен марапатталды. Көктемнің мамыражай сәтінде аяқдоп аланында алыс-жақын ауыл балаларының басын қосу мұнда он жылдан бері дәстүрге енген.

Шолаққарғалы ауылы, Жамбыл ауданы

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

ҚАРАЛЫ ЖЫЛДАР



Алтынемел өңіріне бара қалсам, Шоқанның басына соға кетуге тырысамын. Ескерткішіне, айналасындағы сұлу табиғатқа, өзіме белгілі тарихи орындарға қарап, біртуар тұлғаға тағзым етіп қайтудың өзі ерекше әсер береді. Кімнің түсіргені белгісіз делінетін (негізі саяхатшы Пантусов 1910 жылы түсірген деген дерек бар) «Шоқан және өнер» кітабындағы суретті қарасаңыз, қазіргі жағдаймен салыстыра зерделеуге мүмкіндік туады. Ел сол суреттегі үлкен күмбезді Ералы сұлтандікі, ал берірек қорымдағы Шоқан Уәлихановтың күмбезі деседі. Олардың айналасы аумақты, тас пен лай араластыра қалаған үлкен екі қорым. Өкінішке қарай, лай-кесектен құйылған күмбездер бүгінде құлап, үйінді түрінде жатыр. Ал қазіргі Шоқан ескерткіші сол жерден 30-40 метрдей солтүстік жағында орнатылған.

Осы жолы барғанымда ауыл имамынан мынандай қызықты дерек естідім: *«Адамның айтқаны болмайды деген рас екен. Ауылдағы сонау ардагерлі Алтай қария 1988 жылы қайтыс болғанының алдында мына Шоқан жатқан қорымдағы өз атасы Сағындықтың қасына жерленуді көрсетіпті. Алайда, сол кездегі партия, өкімет, аудандық, облыстық билік орны қазылып қойған молаға қоюға, ол жерде Шоқан Уәлихановтың жатқандығынан жазбық қорқаң ретінде рұқсат бермеген. Содан қазылып қойған қабірге молдалардың айтуымен бір тауық сойылып, қайта көмілген».* Бұл сөз көптеген естеліктерді ойға түсірді. Осы алакандай ғана Алтынемел өңірінің де ашылмаған сан құпиясы барын сезіндік.

Бірде аты аталған Сағындықтың кейінгі ұрпағының бірі, қазіргі күнде 80-ді алқымдаған апайды, үлкендерден естігенін айтып, өзінің не білетінін білмек ниетпен, әңгімеге тартқаным бар:

– Қарағым, айналайын, сен бізге кейде «көп ештеме білмейсіңдер» деп қынжылып, реніжсің. Қарағым-ау, бізге біреу айтып па, анау-пынауды, кай елмің, аталарымыз кім деп сұрай бастасаң, әйем (әкесін айтады), «оны кайтесің, барыңдар, сабақтарыңды оқыңдар» деп тыйып тастайтын. Атамызды көрмедік те, сол соғыстың алдында 5-6 жыл бұрын кайтыс болыпты ғой. Қалай кайтты, оны да білмеймін, қарағым, әйем айтпады. Кейін там-тұмдап жүріп, үлкендерден естуімізше, Сағындық атамыз бай-қуатты, білімді кісі болыпты. Серілікті, ақындықты жақсы көрген десетін. Алты ұлы болған екен. Соның үлкені менің әкемнің әкесі, ал одан кейінгі Иса атамыз, мұсылманша-орысша білімді болған көрінеді. Менің бар естіп калғаным, Оразбай апамның, яғни Жарас атамның бәйбішесінің бірер айтқандары ғана. Ол апамыз «Қызыл Қаңлының» қызы екен, атын да аталары ұлдары тұрақтамай еркекше койыпты. Беріде 1957 жылы 73 жасында біздің үйде кайтыс болды ғой. Өзі әнші, шебер-ісмер, емшілік касиеті де бар кісі еді. Осы елден сұрасаң, үлкендер талайды емдеп-жазып шығарғанын еске алатын. Мына тұрған Матайдың етегі «Көлкамыс», «Көшен Тоған» ылғи төрелердің ауылы еді ғой. Сол жерде ағайын-туыс тып-тыныш өмір сүріп жатканда патша құлап, аласапыран басталады. Сол кездерді апамыз былай айтқан еді:

«Одан кейінгі төңкеріс, қызыл мен ақтың ары-бері сапырылысуы, қазақ ауылдарын тонау, атып-асу және кейініректегі 1920 жылдан бастап жайлаған ашаршылық, күтын-сүргін Алтынемел өңірін де айналып өтпеді. Еске алудың өзі қорқынышты. Бұрынғы елге жакпайтын ұры-қарылар аякасты милиция, кәмиссар болып, қоқаңдап шыға келді. Көресінді солардан көрдік. Кеше ғана той-томалакта бірге араласып жүрген кейбір малшыларымыз канына сонша лықты катып алған. Адам аяу дегенді білмейді. Тігерге тұяқ калдырмай, бірде-бір аталы бұйым бұйыртпай, үйлеріміздің бәрін тонады. Ел тоз-тозы шығып, жан-жаққа кашты. Қол-аягы жеткендер Қытай аса бастады.

Мына әкен сол кезде 12-13-тегі бала болатын, атаң соны алып тауға тығылды. Мен емшектегі етіз екі қызым бар, үйде отырам. Атаң мылтығы бар, саятшы кісі еді ғой, түнделетіп тапкан-таянғанын, аткан аңының етін кептіріп алып келеді. Оны таспен бастырып, тығып тастап, түнде барып әкеп, талғажау етеміз. Өзім күндіз бұлдірген, сақырауқұлақ, раугаш сияқтыларды теріп, жейтін тамыр казам, оларымды кептіріп жинаймын. Аздап ет косып қайнатып, түнделетіп сорпа жасаймын, сөйтіп оңша аштықты көрмедік. Ал елде адам жегендер бар деген сұмдықтар естіліп калатын. Бірде аталарың айтты: «Иса бауырым екі баласын әкеп тастады, оларды ұлыңмен косып, тауда үңгірде тығып отырмын, ешкімге айтпа. Өзі әйелін, қызын алып, інілерімен бірге Қытайға кетті. Орналасып жатса келеді, сосын біз де солай асамыз. Ана біраз тыккан алтын-күміс әшекейлерді реттеп кой», – деді.

Бірақ көп ұзамай-ақ сұмдық хабар жетті. Қашқан елді, орысы бар, қазағы бар милиция-әскерлер таудың етегінде тосып алып, кырып тастапты. Біраз ғана адам қашып құтылыпты. Бұл хабардан есіміз шықты. Міне, сол жолда не жағдайға ұшыраганын кім білсін, әйтеуір, бір сұмдықтың болғаны анық. Өйткені, әлдекімдер Иса аталарының жас қызын бізге әкеп тастады. Сол кісілер оның әйелінің де, үш бауырының да каза болғанын естіртті, өзі аман кеткен сияқты. Жылап-сықтап есеңгіреп калдық. Сенер-сенбесімізді білмейміз. Ал қыздың түрі адам көрместей, бақырайған екі көзі ғана, сөйлеуден де калыпты. Акырындап қарай бастадым. Міне, Рысхан апаларың сол болатын! Ал екі баласын әкеңмен қосып, аталарың сол калпы елге көрсетпей тауда ұстады. Ана өлді деген екі бауырының балалары жок еді, тек Ақылбек атаңнан калған жалғыз ұл – Алтайды нағашылары тауып алғанын кейін естідік.

Аталарың үш ұлды тауда тыккан калпы әкелмейді, өзі түнделетіп келіп-кетіп жүріп, әйтеуір, күнкөріп жатканбыз. Бірде 6-7 салт атты милиция сау ете калды. Есім калмады, неше түрлі сұрайды келіп. «Күйеуің кайда? Қытайда туыстарың бар ма? Кімдер келіп тұрады? Исамен байланыстарың бар ма? Тыккан алтындарың кайда...т.б.». Басқарушысы әлгі өзіміздің Н... Сол көбіне зіркілдейді келіп. Басқалары үйдің, коранның ішін астан-кестеңін шығарып, тінтіскілеп жүр. Екі қызымды көкірегіме кыскан калпы, жаулығыммен көлегейлеп жауып, мелшиіп отырып калдым. Рысхан да қолтығыма тығылған күйі, үні де шықпайды. Оның кімнің қызы екенін біліп алса керек, бір кезде әлгі Н... ақырып:

– Әй, оңбаған жалмауыз! Білем мен сендерді! Көздеріңді құртам! Контрабандының қызын тығып отырсың. Байың да банды. Не көрсетпедіңдер сендер? Тұқымыңмен көзіңді жоям, дәп сенен бастап, аш көкірегіңді, тура дәл атам, – деп шынымен мылтығын кезеніп, маған кадала карады. Екі қолымда жан жоқ, сылк ете калғаны. Сол кезде етіз қыз да ашылып, көкіретімнен сырғып түсті. Рысханым да талыксып құлап, тыпырлап жаткандай болды. Сілейдім де калдым. Құдайдың құдіреті, екі көзімнен жас емес, көкіретімнен сүт аққандай болганы. Ләм-мимсіз әлгіге карап калыппын. Сол кезде бұрын үйдің жылқысын бақкан, өзі аталарыңмен құрдас жігіт бар еді. Аттың үстінде тұрып, әлгінің басынан қамшымен тартып кеп жібергені. Барлығы бажылдасып, өзара төбелесіп кетті. Қайдан әлмнің келгенін білмеймін, ұмтылып барып, үш баламды бауырыма қыстым да әлгіні қарғап-сілей бастадым. Тоқтай алсамшы. Соным дұрыс болмады ма, ол ит өшпенділігін одан да бетер арттырды ғой!

Қайран ата-әжелеріміз-ай! Не көрмеді десеңізші?! Ойлап отырсам, бар болғаны қырыққа әлі жетпеген, нағыз өмір сүретін кезі келген, жап-жас келіншектер екен ғой. Солардың көрген қорлық-қиындықтары көз алдыға елестегенде, қазіргі қыз-келіншектердің кейбір оспадарсыз қылық-мінездеріне не деріңді де білмейсің. Ата-анаға, жан-жарына, бауырластардың балаларына деген сүйіспеншілік пен мейірім сияқты халқымыздың асыл қасиеттері сол апаларымызбен бірге жоғалғандай құлазисың.

«Бірде бәрімізді алдарына салып, қойша айдап орталыққа алып барды. Айтуларынша «Қызыл Отау» құрылыпты, жоғарғы жақтан үлкен уәкіл келіпті, той болады екен. Ел аштан қырылып жатканда ненің тойы екенін итім білш пе, сүйретіле жаяу-жалпылап бардық. Екіден асып калған екі қыз қолымда. Рысханым етегімнен ұстап айырылмайды. Дегенмен, біраз өсіп те калған 10-11-дегі кезі ғой. Өзі сүйкімді, арып-ашканына қарамастан, әп-әдемі қыз боп келеді. Барсақ, шынымен той болып жатыр екен. Айнала қызыл шүберектер, бәрімізді алка-котан отырғызып қойып, наган асынып, белдіктерін шарт түйген біреулер мінбеге шығып, қолдарын сермеп тұрып, кезек-кезек сөз сөйлеп жатыр. Олардың айтканының бірін түсінсек, бірін түсінбейміз. Әйтеуір, сөздері аяқталған соң, бар елге кәдімгідей аздап піскен ет, аздап талқан таратты. Олардың біразын жеп, калғанын түйіншектеп түйіп те алдық. Үлкен бастықтары, уәкілдері бар, бөлек үйге кіріп, ішіп-жеп жаткандары естіліп тұрды. Қалған осы жақтың аткамінерлері де олардан қалыспай, өздері бөлектеніп, гүжілдесіп жатты. Тойынған соң баскаларға кеп тиісіп те қояды, әлгі Н-нің елді мазактап, «...ана тауарищ үлкен уәкіл-көсем дұрыс айтады. Жеңдер мына етті. Бірақ, көп жесең аштан өлгенсің бе деп, ал жемесе түк көрмеген сорлы деп сабау керек сендерді», – деп елге қамшы үйіріп жүргенін көрдік. Кейбір «өкіметпін» деп жүргендердің боза, арақ ішіп, каукылдасып жатканын байкап калдым да, олардан жақсылық шықпасын сезіп, қасымда екі үлкен әйел бар, балаларымды алып жылыстай бердік. Аса ұзаған да жоқпыз, ойпаңдау жерге келгенде Н... шауып келіп, ойқастап алдымызды орады. Ол шапканға ілескен болулары керек, тағы да 10-15 атты жинала калғаны. Кейбірі есімді шығарып, аттың үстінен түргіп, калжыңдап та қояды. Ана құрғыр Н... қасыма жақындап келіп, аузына келгенін оттай бастады. Өзінен бұркыраған арақтың иісі шығады:

– Ә, немене! Тойдан неге қашасыңдар, акымақтар, білсеңдер бұл Совет өкіметінің тойы. Контрабандының катыны екендерінді білдіріп қоясыңдар ә, сұмырайлар. Көрсетем мен сендерге! Бұлар жау екенін көрсетіп қояды өсіп. Бірақ, сендердің замандарың біткен, ендігі заман біздікі. Не көрмедік бұлардан? Құрту керек көздерін. Мынаны карандар, бөрінің бөлтірігі, өсіп те калыпты! Жауды аяған жаралы, жігіттер, тартыңдар мына қызды көкпарға, жок қылайық!

Шынымен албасты неме итініп келіп, қолымнан Рысханымды жұлып алып, өңгере кеткені! Оның құлындай шыркыраған дауысы көкке жеткендей болды! Айнала апыр-топыр болды да кетті, кейбірі еліріп алған. Құдайдың құдіреті, қайдан күш біткенін білмеймін, егіздерді қасымдағы үрпиіп, шошып кеткен әйелге тастай салып, тұра ұмтылдым. Аттардың аяқтарымды тапталп, какканына қарамай, әлгіге жетіп шаужайына жармастым. Аттардан, ойбайлап, аналарды тілдеп, катты шыңғырғаным есімде. Сол кезде олар да сәл ес жиған болуы керек, орта ашылып калды, мен өлерменденіп аттың тізгініне оралып алыппын. Жаңұшыра үлкен апа да жетіп, қызды ананың қолынан жұлып алып, бауырына басып, жерге отыра кетті. Жаулығы түсіп, шашы дудырап кетіпті. Бәрі де әлі күнге дейін көз алдымда. Сол апа да тоқтамай зарлап-қарғап жатыр: «Оңбағандар! Осыдан жақындасаңдар, ана сүтімді көкке сауып, қарғаймын сендерді. Екі дүниеде қызық көрмеңдер! Ақ жаулығым, ақ басым, аруақ атсын сендерді! Қан керек болса, өлтіріңдер мені! Тартыңдар мені!».

Әлгілер түнеріп, бірін-бірі боктаған калпы кетті. Біз қалдық жылап-сықтап. Өлмеген соң сүйретіліп үйге де жеттік. Ақыры оңбағандар сол күнімізді де көп көрді ме, бір-екі жыл өтіп, Рысханымыз 13-14-ке келгенде «жетімдерді жинап жатырмыз, оқытамыз» деп тартып әкетті. Қолымыздан не келсін, жылаумен калдық тағы да. Артынан анықталды ғой, түк те оқуға апармаған, осы күнгей жақтағы катыны өлген, әлгі Н-нің ағайынына әйел етіп беріпті.

Сол сұмдардың тегін әйелге де сол кезде қолдары жеткенге ұқсайды! Бірде үйге бір ата келді, тамақ асырды. Әлгі ата (ата дейміп-ау, сонда қаншада екен десеңші) біраз отырған соң әкейге мынаны айтты:

– Бәке, елге келгелі бері бізге, «Қаш-қашта» паспортсыз өткенімізге карамастан, жақсы қарап жатырсың. Туганымнан көрмеген жақсылықты сендерден көрдік, аталарыңызбен аталарымыз бір жүрген еді, алде соның белгісі ме екен?! Адам катарына қосылсақ, шынымды айтайын, сенің арқаң. Соның рахметіне мына келінге, өз шешемнен калған екі алтын жүзіктің бірін сыйлауға арнайы келіп едім. Әйелім бері өткенде тығып алып келіпті. Анау-мынау емес, нағыз Миколай заманының мықты алтыны!

– *Шынымен бағалы дүние екен. Мұны енді өз қажеттеріңе жаратыңыздар. Біз қазір дүниеге аса мұқтаж емеспіз ғой. Бұл қалай аман қалып жүр, соған таңғалып отырмын, одан да соны айтыңызшы.*

– Мен шын көңілімменалып келіп отырмын, қолымды қайтармаңдар. Бұл дүниенің сыры мынада, 7-8 жасар бала кезім, бәрі есімде. Үйімізбен Қытайға кашып бара жатканбыз, екі атымыз бар. Соның біріне жүк теңделген, біріне әпкем екеуміз мінгескенбіз, әке-шешем жаяу. Бір кезде артымыздан Н. қуып жетті! Атын ойнатып, мылтығын кезенген калпы айғайға басты:

– Иттің балалары! Қашқын-бандысындар сендер. Мен білмеуші ме едім, байдың сілімтіктері, осы жерде көздеріңді құртам. Түсір мына заттарды.

Әкем көзімізше аттан заттарды түсірді. Бұлғын ішік, кілем, біраз шапан, т.б. дүниелер еді. Бәрін жинатып болған соң мылтығын кезеніп, әкемді атуға ыңғайланды. Сол кезде шешем алдыға шығып, мені етегіне тыккан калпы әлгіге жалына бастады:

– Әй карағым! Сен бөтен емессің, жақын жиенімсің, өзің де білесің. Алатыныңды алдың, енді бізде не экенің көз құны бар?! Жібер бізді, мына жалғыз ұлды өзімізге кия көр. Тіптен азсынсан, мына қызды коса ал, – деп 14-15-тегі әпкемді алдына итеріп жіберді. Оның шырылдағанына карамай ананың ұстап алғанын көрдім. Оған ұмтылған әкемді шешем жібермей қолынан жетектеп, біздер ұзай бердік. Артыма карайлағанымда әлгінің екі атымызды, әпкемді алып кеткені әлі күнге көз алдымда.

Ол жаққа барғанымызды тәптіштеп жатпай-ақ қояйын, әйтеуір, құдай оңдағанда бір жақсы дүнгендерге кездесіп, әке-шешем соларға жалданды. Обалы не керек, жақсы карады, тіптен мені өз балаларына қосып, оқуға да берді. Қайтарының алдында шешем осы екі жүзікті көрсетіп, біреуін «бар болса қызыма бер, екіншісін елге барғанда ең сыйласкан адамына берерсің» деп аманаттаған еді. Бұл жаққа келгенде анда апарып, мында апарып, ақыры елге де жетіп, өзіңе тап болдық қой. Сыйлы жандарымның бірі өздерің, сол шешемнің айтканын орындап отырмын.

Шешемнің аманаты бар, өзімнің «Н-ді көрсем, ішіне пышақ тығып өлтіремін» дегеніміз бар. Ақыры, әпкемді де іздеп тауып, үйіне бардым. Барсам кайдан, 2-3 балалы болты, анауым отыр мыжырайған шал болып. Мені көріп, кемсеңдегеніне карамай үйінен қуып шықтым. Содан кайтіп, бір дастарканда отырып көрмедік.

...Әңгімемізге оралайық, сол кезде ізделмей де калды ол қыз. «Балапан басына, тұрымтай тұсына» кеткен заман еді ғой. Өзімнің де әжептеуір өсіп калған егіз қыздарымнан бір күнде айрылдым, шешектен кетті.

– Солай, інім! Менің бар естігенім, есімде қалғаны осы ғана. Енді Рысхан апа қалай табылды дейсің бе? Ел әйтеуір аздап ес жиып, ұжымшарға ұйымдасып, жан-жақтағы кашкан-пысқандар оралыпты ғой, әйтеуір. Бірақ, көп ұзамай соғыс басталып, әкемнің алты немере бауыры әскерге алынған, бесеуі іс-түзсіз кетті де, біреуі ғана мүгедек болып оралған. Менің әкем барған жоқ, есінде болса бір аяқ, бір қолының бірталай кемтарлығы бар еді ғой. Сол кісі елден бар туыстарын тынымсыз сұрастырып жүреді екен. Мына қызықты қара. Рысхан әпкеміз де аман калыпты. Әлгі берген жағы да кайтыс болып, одан бір қызымен калған екен. Содан осы өзіміз жақтың бір Қытайдан оралған азаматы алыпты. Ол жезде-атаны көрдің, есінде болар. Міне, солар әркімнен бір сұрастырып жүріп, менің әкемді тауыпты. Әйтеуір, құдай оңдағанда, сол өзін баккан апамызды көріп үлгерген, ана кейінгі барған адамы жақсы кісі болып, бірге кеп көрісіпті. Апамыз тоқтамай үш күн жылады дседі көргендер. Содан араласып жүрдік, өздері малда болғандықтан бір қызы біздің үйде тұрып оқыды. Айтпақшы, ана Тоқсын Құлыбековтың кластасы. Қазір жақсы, бала-шағалы. Ал әпкеміздің өзі 1975-ші жылдары жетпістерге таяу кезінде кайтыс болды.

Көз алдыма тура бір кино көргендей болған қасіретті оқиғалар елестеді. Алайда, бұл фильм емес, өмірде болған адамдардың көргендері еді. Алаш арыстарының: «Сары орыс, сары орыстың бәрі орыс» дегендері, атам қазақтың: «Іштен шыққан жау жаман» дегені, ең сорақы идеялармен бір халықты сорлатқан, қатігездіктері туралы ойлар шырмап алды.

Бұл естеліктерді қорытындылай айтсақ, сонау Сағындықтың алты ұлының екеуінен ұрпақ бар. Сол алтаудың үшеуі алғашқы советтік атып-асуға ұшыраса, біреуі мүлде шетел асып кеткен. Ол кісі жөнінде біраз мәлімет белгілі жазушы Қ. Толыбаевтың Құлжа қаласындағы жастық шағы туралы естелігінде келтірілінті.

Ал олардан туған жеті ұздың бесеуі Ұлы Отан соғысында құрбан болған. Әзірге екеуінен гана дерек табылды. Соғыстан екінші топтағы мүгедек болып, аман оралғаны – Алтай ата ғана. Ел сыйлағандықтан туған ауылында, орталық көшенің аты берілген.

Сонда, бір әулеттің ғана басынан кешіргенінен еліміздің қаншалықты нәубет көргенін пайымдай беріңіз. Егер сол туыстар аман-есен болып, осы күнге дейін жетсе, артынан бәрі де ұрпақ қалдырса, олардың саны қанша болар еді десеңізші?! Әрине, осы күнімізге де үлкендер айтпақшы «шүкір» дейміз.

– Солай, жарығым! Мен де, өзің білесің, сендердің әкелерін сияқты көп оқи да алмадым. Ал сен болсаң, нағыз оқыған-тоқыганы бар азаматсың ғой, – деп сөзін аяқтады кейуана.


Тура осы жерде, әлдебір жақсы, үлгілі тұлғаларды еліміздің «оқыған азамат» деп мақтайтын әдеттегі сөзін жек көріп кеттім. Өйткені, Шолоховтың бас кейіпкерінің «...айтып-айтпай не керек! Сендер, оқымыстылар, бар елді, туған бауырларды бір-бірімен қырылыстырып қойдыңдар ғой...», – деп күйінетіні есіме түсе кетті...

Азамат АҚЫЛБЕКОВ
Кербұлақ ауданы

■ 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ ■

ҰЛТТЫҢ ҰСТЫНЫ МЕН АЙБАРЫ АЙДАРЛЫ ҰЛАНДАРЫНЫҢ АМАНДЫҒЫНА ТІКЕЛЕЙ БАЙЛАНЫСТЫ. АТ ЖАЛЫН ТАРТЫП МІНГЕН ӘРБІР ЕР ЕЛІНІҢ АМАНДЫҒЫ, ҰРПАҒЫНЫҢ КЕЛЕШЕГІ ҮШІН БАРЫН БЕРЕДІ. ҚИЫН-ҚЫСТАУ КҮНДЕРДЕ ЖАН ҚИЮДАН ТАЙСАЛМАЙТЫН ТҰЛҒАЛАР АРТЫНА БҰҚАРАНЫ ЕРТІП, БҰЛҒАҚТЫ КҮНДЕРДЕ АЙҒАЙЛАП ТЕҢДІК СҰРАРЫ АНЫҚ. ХАЛҚЫНЫҢ ҚАМЫ ҮШІН ҚАРА ТҮНДЕ ҚАЛҒЫМАҒАН БОЗДАҚТАР БОЛАШАҚТЫҢ БАЯНДЫ БОЛУЫНА ҮЛЕС ҚОСАДЫ. ОСЫНДАЙ ҰЛЫ МҰРАТТЫ ТУ ЕТКЕН АЛАШ БАЛАСЫНЫҢ БАСЫНА ӨТКЕН ҒАСЫР МОЛ ҰЙҰБЕТ, ЗОР ҚАСІРЕТ ӘКЕЛДІ. СҰРАҚСЫЗ АТЫЛҒАН ҰЛЫНЫҢ ҚАЙДА ҚАЛҒАНЫН БІЛМЕЙ АҢЫРАҒАН АНАНЫҢ ЗАРЫ САЙ-СҮЙЕКТІ СЫРҚЫРАТТЫ. ТАЛДАП ТЕРІЛГЕН МАСАҚТЫ БАЛАПАНДАРЫНА ЖЕТКІЗБЕК БОЛҒАН ЖЕТІМ-ЖЕСІР ЖЕМІТ САЯСАТТЫҢ ҚҰРБАНЫНА АЙНАЛДЫ. АШТЫҚТАН ҚАРА ЖАМЫЛҒАН АУЫЛ КӨБЕЙІП, УЫҒЫ СЫҒАН ШАҢЫРАҚТЫҢ САНЫ МИЛЛИОНҒА ЖЕТТІ. ОСЫНЫҢ БӘРІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫН ТАМЫРЫНАН ЖОЮҒА АРНАЛҒАНЫ АҚИҚАТ!

ТАРИХТАН ІЗІ, ЖҮРЕКТЕН СЫЗЫ КЕТПЕЙДІ



Мәди АЛЖАНБАЙ

Айналасына мейірім танытып, мұқтаждарға қолындағысын бөліп берген аукаттылардың малын тартып алып, өздерін итжеккенге айдаткан Қужақ Голощекиннің екінің-бірін «халық жауы» деп танбалатқан соқыр саясаты зиянды қауымды туталақай етті. Оның артында Сталиннің 1925 жылдың 29 мамырында жазған: «Партия катарына кірмеген бардық зиялыларды кеңестік жұмысқа салуды бүтіндей қолдаймын. Сондай-ақ, қырғыз-қайсақ мәдениетін дамытуға рұқсат берілген олардың саяси және идеологиялық майдандағы күреске қатысуына түбегейлі қарсымын. Мен партияға кірмеген зиялылардың жастарды саяси және идеологиялық тұрғыдан тәрбиелеуіне қарсылық танытамын» – деген хаты тұрды. Мұртты басшының тапсырмасын ілініп ала жөнелген жандайшаптар 1937-1938 жылдары Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Нығмет Нұрмаков, Сұлтанбек Қожанов, Ораз Исаев, Темірбек Жүргенов сынды тұлғаларды «халық жауы» деген желеумен айыптаса, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Әлмұхан Ермеков, Халел Досмұхамедұлы, Мұхамеджан Тынышпаев, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Сәнжар Асфендияров, Жұмат Шанин, Кошке Кемеңгеров сияқты мәдениет пен ғылым кайраткерлерін сұраксыз қырып, есепке алмай жойды. Оларға тағылған айыптаулар ауылшаруашылығының тұралауына үлес қосу, 20-шы, 30-шы жылдардағы толқуларға қатысу, жапон тыңшылығын жүргізу, Қазақстанды одақтан бөліп әкету секілді ақылға сыймайтын негізсіз іс-әрекеттер еді. Шындығында елдің малын тартып алып, аштыкпен тұралатқан, ашыған халықтың толқуын күшпен басқан, кенбайтақ Ұлы Даланы бөлшектеп әкетуді көздеген кеңестік идеологияның басында отырған большевиктер еді. Оларға дем берген, айтқанын бұлжытпай орындаған өзіміздің шолақ белсенділер шаш алудың орнына бас алды, бір адамның орнына мың адамды мылтықтың ұңғысына байлатып, 9 грамм қорғасын оққа жалындырды. Мысалы, бір ғана 1937 жылы тұтқынға алынғандардың саны 105 мың адамға жетіпті.


Олардың 25 мыңы ешқандай тергеусіз, тексерусіз ел ішінде «үштік» атанып кеткен жендеттердің қолынан қаза тапты.

Бүтіндей бір ұлтты түптамырымен жойып, қырып жіберуді көздеген кеңестік идеологияның сойқаны көпке созылмады. Бірінің басын бірі жалмап, жендеттің көзін құзғын шоқыды. Көп ұзамай Екінші дүниежүзілік соғысты бастап кеткен фашистік Германияның КСРО шекарасына жасаған шабуылы халықтың бетке шығар ұландарына төнген қауіпті аздап сейілткендей болды. Себебі: «Бәрі де соғыска!» – деген ұранды жүргізетін жұмысшылар керек еді кеңестік идеологияға. Ғылыммен айналысып, тарихи деректердің жаңғыруын көздеген тарихшы Ермахан Бекмаханов Кенесары ханның соғысын зерттегені үшін 25 жылға сотталды. Ахмет Жұбанов, Хажым Жұмалиев секілді музыканттарға саяси айып тағылса, Қазақ КСР Ұлттық академиясының президенті Қаныш Сәтпаев, жазушы Мұхтар Әуезов саяси құғынның кесірінен елден кетіп, жан сауғалады.

Осы жылдар ішінде қазақ жеріне жер аударылған ұлыстар вагонмен әкелініп, сайын далаға қоныстандырылды. Қолындағы бір үзім нанын бөліп берген ақсақалды карттар мен ақжаулықты аналар 800 мың неміс, 102 мың поляк, 19 мың кәріс отбасын өз үйіне кіргізіп, төрінен орын ұсынды. Солардың катарында солтүстік Кавказдан шыққан 507 мың жан әрбір шаңырақтың мүшесіне айналды. Сөйтіп, барлығы 5 миллионнан астам адам Қазақстанға жер аударылды. Осылайша аштықтан кейін қаңырап қалған Ұлы Дала алып лагерьге айналып шыға келді. ГУЛАГ аталған 11 лагерьдің катарында әйгілі «АЛЖИР», Ақтобе лагері, Гурьев лагері, Жезқазған лагері, Қарағанды лагері, Кемпірсай лагері, Майқайың лагері, Павлодар лагері секілді көпке белгілі еңбекпен түзеу мекемелері жұмыс істеді. Онда халық жауларының балалары мен әйелдері, бауырлары мен жақын-жуықтары камалып, өлшеулі тамақпен қара жұмыстың көрігін қыздырды. Мылтық даусынан әбден шошынып қалған халық көрген азабы мен тарткан зардабын ұмытуға тырысып, өткенін айтудан тайсалды. Алайда уақыт тоқтамайды екен, зұлаған жылдардың парағы жабылған сайын сананы сілкіндірген үрей ұмытылып, көмескілене берді.

1986 жыл, желтоқсан. Алматының мұз құрсаған орталық алаңында теңдік сұраған жастардың талабы күллі әлемнің назарын еріксіз аудартты. Сом темір мен сапер күрегінің соққысынан тайсалмаған «желтоқсаншылардың» батыл қадамы КСРО атты алып мемлекеттің құлауына апарды. Одан кейінгі хронологиялық мәліметтерді көпшілік жақсы біледі.

Елімізде қалыптасқан бейбітшілік, тыныштық, тұрақтылық баянды болсын! Өткенге өкпе артқан та келешектен үміт басым. Жаратқан Алла Тағала Ұлы Даланың мұрагері Қазақ ұлтының ғұмырын мәңгілік етсін!



Арғымақ жырдың арыны,
Күмбірлеп шығып бар үні.
Алаулап жүрек жалыны,
Күбірлеп дала сарыны.
Шалқыған шақта дарыны,
Зұлматтың
қысты-ау қарымы.

Жырының ұқпай мәнісін,
Тергеуге алып әр ісін.
Күрескен ерді ары үшін,
Аяққа таптап намысын.
Қасірет мұңға батырды-ау,
Алаштың ардақ арысын.

Ілияс, Сәкен, Бейімбет
Жасауға қастық бейім деп.
Қаһарын төгіп айбаттап,
Тексермей істі зейінден.
Жаланы жауып гайбаттап,
Қазақтың құртты-ау
дөйін көп.

Шындықты балар жасынға,
Дүмбілез ойлы басырға.
Кезігіп топас тасырға,
Ұласып ылаң насырға.
Опасыз ғұмыр кешірді-ау,
Құлагер ақын – асылға.

Қадір де тұтпай ғұрпымды,
Түбіттей түтіп жұртымды.
Қынадай жайрап қырқылды,
Кірлемей жаға жыртылды.
Заман да заман, заман-ай,
Бұздың-ау, бұздың
шырқымды!

Арда ақын алты Алашқа,
Сау басы түсіп таласка.
Мінгізіп ерсіз ағашқа,
Тағылып айып оғаш та.
Шындықты сүйген нар ақын,
Қамалды-ау нақақ қапаска.

Жүрекпен сүйген елі үшін,
Тірек қып күйген жері үшін.
Тарылтып тыныс-өрісін,
Қазақтың тарлан бөрісін.
Қадалған көздер қан алып,
Тірідей сылды-ау терісін!

Білікпен батыл күрескен,
Әділдік ізден тірескен.
Араша таппай күнестен,
Шынардай тауда тік өскен.
Ілияс ақын қамықты-ау,
Құлагер сынды үні өшкен!

Жағаға жала жармасып,
Өмір мен өлім арбасып.
Шілдеде аптап қар басып,
Жүрегін мұң мен зар басып.
Құлагер қалды-ау кісінеп,
Амалын таппай алжасып.

Ұғынбай дәуір нарқынды,
Көздегі көрмей жарқылды.
Ұстатпай
дәстүр-салтымды,
Батырып мұңға халқымды.
Ұжданы таза ақынға,
Қалайша жебе тартылды?!

Боялып қанға өңірің,
Қамығып таза көңілің.
Заманның бейбас бейбағы,
Жүргізіп үстем әмірін.
Шырақты бейуақ өшірді-ау,
Қиылды-ау жарқын әмірің!

Сұқтанған көзден алаған,
Ұңғыдан мылтық қадалған.
Жәбір де шекті-ау адал жан,
Өшіріп жүрек жалынын.
Қаныңды төкті-ау
зар заман,
Айтылмай қалды-ау
арман – ән!

Жол сілтеп дәйім жүр алға,
Айналған сөзі ұранға.
Томаға салып қыранға,
Қашырып адам ұсқынын.
Ақынды салған ылаңға,
Не дейсің, түлкібұлаңға?!

Қаруын ұстап қасарып,
Жұдырық түйіп, тас ағып,
Ажалдың оғы үрейді ап,
Қоңырқай көзден жас ағып.
Құлаған шақта қансырап,
Бармады-ау,
ешкім хал сұрап.

Ағынды мөлдір өзенін,
Бел асқан биік кезеңін.
Жазира жерді көрікті,
Сүйгені үшін өз елін.
Күйдіріп жанын нақақтан,
Өртеді-ау, өрттей өзегін!

Пәк жанын қинап
тексіз дөй,
Арманға асыл жеткізбей.
Рахат ғұмыр шеккізбей,
Қазақты санап кексіздей.
Құрбанға шалды-ау
нақақтан,
Тұлғаны талай бек Сіздей.

Шындықтың жауын
түндігін,
Айтқызбай айғақ
шындығын.
Орнатып басқа мұңды күн,
Кезеніп шолақ мылтығын.
Әумесер жұлпос
көрсетті-ау,
Сұмпайы қылық сұмдығын.

Толғанып ойын тербетіп,
Тылсымын сезім сездетіп.
Тасқынды сөзін көлдетіп,
Сөгілтіп өлең қолтығын.
Жыр туын тіккен өрге тік.

Мәні де еді ерімнің,
Әні де еді елімнің.
Құлагер жырмен
тым сұлу,
Өрнектеп көркін жерімнің.
Суретін салған керім мың,
Сәні де еді төрімнің.

Нақышты сөздің сұңқарын,
Құлагер жырдың
тұлпарын.
Тізгіндеп ұстап ұран сап,
Қарсы алып жаңа
нұр таңын.
Көтеріп биік жыр тағын,
Атойлап жатыр ұрпағың.

Құлагер сынды көсілген,
Мерейін елдің өсірген.
Өмірі шорт кесілген,
Қатыгез дәуір өшірген.
Алатау асқақ тұлғасын
Айғақтап жатыр
өршіл дем.

Нақыштап алтын,
жезбенен,
Зейінді зерек зердемен.
Жетісу гүлін тергендей,
Туған жер көркін зерлеген.
Бұзаутіс қамшы өргендей,
Суретін салған сөзбенен,
Ақын ең ерек өзгеден!

Зердесі жүйрік жезкиік,
Тең келмес жырға еш биік.
Тылсымын селдей
селдеткен,
Көкжиген көздер көстіп.
Затына сұлу сезімнің
Кетті ме екен көз тиіп?!
Намысын қорғап өр қазақ,
Зобалаң көрген зерде азап.
Мүсінін тастан ел қашап,
Теңдігін ақын әперіп.
Рухын көкке көтеріп,
Ұсынды халқы төр ғажап.

Құлагер жыры –
жылқы дүр,
Жүректе ойнап
ғұрпы жүр.
Балқаймақ жырдың
құатын,
Дарытар бойға рухы нұр.
Серпілтіп сана-сезімін,
Ұлықтап жатыр
ұлты дүр!

Заманның көрген сырғағын,
Жырының бұзбай ырғағын.
Ақынды бүгін қастерлеп,
Көтеріп биік жыр тағын.
Құлпыртып өлең –
гүл бағын,
Ұлықтап жатыр ұрпағың!

Әли ЫСҚАБАЙ,
Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Алматы облысының Құрметті азаматы

ҚОЛДАН ЖАСАЛҒАН НӘУБЕТ

Өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарының аяғы мен отызыншы жылдардың басы қазақ халқының өміріне үлкен қайғы- қасірет әкелді. 1929 жылы басталған ұжымдастыру науқаны, одан кейінгі қазақ байларын тәркілеп құдалау, «Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» – деген сталиндік-голощекиндік геноцидтік репрессияның соңы аштыққа әкеліп тіреді.

Зерттеушілер мәліметіне қарасақ, сол жылдары аштықтан, құғын-сүргіннен екі миллионнан астам қазақ опат болған. Біздің халықтың бір жаман әдеті – ел ішінде беделді адамды етегінен тартып, шалып құлатуға бейімдігі, артына шам алып түсіп, әрбір кемшілігін шұқылап, көреалмайтындығы дер едім. Қазақтың осындай кемшілігін орыс империясы тиімді пайдаланды. Біріне-бірін айдап салып, айтулы жандарды түрмеге жаптырды. Соның кесірінен 30-шы жылдары халқымыздың көптеген зиялылары ұсталып, атылып кеткені белгілі. Сауаты жан-жақты, көкірек көзі ашық ондай азаматтар сол кездегі қоғамның дамуына байланысты саяси көзқарасы үшін құдаланса, шалғай ауылдағы сауатсыз немесе шала сауатты, өз шаруасымен ғана айналысып жүрген қаншама қазақ жазықсыз жапа шекті?! Солардың қатарында менің үлкен атам Мәсімбай Жәйшібекұлы өз туыстарының шағымымен тұтқынға алыныпты.

Кеңес одағы тұсында атамыздың не себеппен ұсталғанын, қандай айып тағылғанын сұрай алмай іштен тындық. Тәуелсіздіктің арқасында мұрағаттарда құпия сақталған құжаттармен танысып, ақиқатқа көз жеткіздік. Ол құжаттарда атамыздың өмір дерегі, ұсталу себебі, тергеудің қалай жүргені, кімдердің үкім шығарғаны толық баяндалған.

Атамыз 1861 жылы дүниеге келген бұрынғы Кеген ауданы, Көлбастау ауылы Кеңес одағы орнағаннан кейін Алматы округі, Еңбекшіқазақ ауданы, №16 ауыл деп аталыпты. Тұрған жері деген графада осылай жазылған.

Мал шаруашылығымен айналысып, шала сауатты болған атамыз 1916-1922 жылдар аралығында болыс болыпты. Ұсталғанға дейін, яғни 1931 жылдың 6 қаңтарына дейін өз шаруасымен айналысқан. Соншалықты асқан бай да болмаған. Тұтқынға алынар кезде жасалған санакта 20 жылқы, 30 ірі қара, 200 ұсақ малы болғаны көрсетілген. 1930 жылдың күзінде ұсталатынын сезіп Көлбастаудың басынан Қырғыз асатын Қарақия деген асумен асып, Ыстықкөлдің жағасында тұратын бір қырғыз танысының ауылын паналайды. Арыз жазғыштар қоя ма, паналаған жерін ОГПУ-ға хабарлайды. Сол жерден ұсталған атамызды Қаракол түрмесіне қамап, үстінен іс қозғайды. Қылмыстық істі ОГПУ-дың қызметкері Николаенко жүргізеді. Біраз күннен кейін Алматыға апарады, сол жерде тергеуін жалғастырады. Сол кезде он жасқа келіп қалған немересі, ағам Тұрсынәлі атасының қалай ұсталғанын:

– Үш солдат түн жарымында үйге басып кіріп, атамды бір атқа мінгізіп, қолын артына байлап, екі аяғын аттың бауырынан алып байлап, жетектеп әкетті, – деп еске алады.

Атамызға тағылған негізгі айып – ұжымдастыруға қарсы халық арасында үгіт жүргізуі екен. Ел басына түскен ашаршылықтан халық күйзеліп, өлімжітім көбейген тұста ауыр жағдайды алға тартып: «Жұрт қолындағы азын-аулақ малын ортаға берсе, сол малмен жанын бағып отырған елдің жағдайы не болмақ?! Біз көшпенді халықпыз, ұжымшар бізге әзірше тиімсіз!» – деген пікірді ұстаныпты. Осы пікірінен тергеу кезінде де айнымаған. Одан бөлек тағылған айыптар бірқатар. "Сонын ішінде 1930 жылы астыққа салынатын салықты толық орындамай, салықтан жалтарды" – деген кінә бар. Одан бөлек, үстінен жазылған арызда: «Болыс болған кезінде малай ұстаған, байдың баласы» – деген айып қоса тіркелипті. Қужақ Голощекиннің 30-шы жылдың басындағы геноцидтік саясатына шыдамаған халық жаппай Қытайға, Қырғызға жан сауғалап қашқаны белгілі. Атамыз сол жылдары біреулер арқылы Қытай жақтағы қандастарынан хабар алысып тұрған көрінеді. Тергеуде бұл жағдай да кінә ретінде көрсетілген. Егер Қырғыз аспай, Қытайға кеткенде түрме азабын көрмей, бала-шағасының қолында қайтыс болар ма еді?! Дегенмен, көрсетілген айыптарды атамыз мойындамаған. Істі сотқа жібермеген «үштік»: «Үш жылға Орал өңіріне жер аударылсын!» – деген үкім шығарыпты. Қол қойғандар: Николаенко, Рязанцев, Исабеков, 10 наурыз 1931 жыл.

Тағылған айыпты мойындату мақсатында «үштіктің» қандай әдіс, айла қолданғанын көркем әдебиеттен, деректі фильмдерден жақсы білеміз. Мойындамаған жанға азаптау тәсілі қолданылады. Сондай азаптауға шыдай алмаған болуы керек, атамыз үкім орындалмай түрмеде қайтыс болыпты. Атамның Әбдіғали, Қадыр, Рақымберді есімді үш ұлы «қайтыс болыпты» деген сыбысты есті сала анығын біліп келуге Қадыр әкемізді Алматыға жұмсайды. Түрмені тапқанымен басшыларына кіре алмай, ешқандай дерек таба алмай жүргенде, абақтының бір күзетшісі жеке шақырып алып, атамыздың камерада қайтыс болғанын айтады. Қайтыс болғанын айтады. Қайтыс боларының алдында атамыз әлгі кісіге бөркі мен белбеуін беріп: «Ауылдан біреулер келсе табыс етерсің», – деп аманаттапты. Бірақ жерленген жерін білмейтін болып шығады. Туыстары келесі жылы, ел жайлауға шыққан соң Көкжазық деген жайлауда Құран бағыштап, ас береді.

Осы әңгімелерді жақын туысымыз Әкібай Разақовтың, ағам Тұрсынәлінің естеліктерінен естіп, білдік.

Бабамыздың артында қалған бала-шағаның, ағайын-туыстың қандай кінәсі бар еді?! «Халық жауының баласы» деген айтуға қорқынышты сөз өмір бойы олардың бойында жүрді. Соның кесірінен қудалауға түсті, қорлық көрді. Ол өзінше бөлек әңгіме.

1997 жылы атамыз Мәсімбай Жәйшібекұлының ақталғаны жөніндегі анықтама газетке жарияланды. Сол жылы қазан айында кіндігінен тараған ұрпағы бас қосып, Кіші Жалаңаш ауылында ас берді. Жерленген жері белгісіз болғандықтан, туып-өскен жері Көлбастауға, Жалаңаш–Саты тасжолының бойына ескерткіш тас орнатылды. 1997 жылдың аяғында ҚР Бас прокуратурасына ақтау жөніндегі анықтама сұрап, өтініш жолдағанбыз. Арызымыз қаралып, 1998 жылғы 10 ақпанда төмендегідей анықтама жіберді. Орысша жазылғандықтан, сол күйінде беріп отырмын.

«Приговор суда, постановление НКВД и последующие судебные постановления в отношений Жайшибекова Масимбая признаны необоснованными и на оснований Закона Республики Казахстан «О реабилитации жерта массовых политических репрессий» – он реабилитирован».

Д. ЕСЕНЖАНОВ,
начальник отдела, старший советник юстиции.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың арнайы Жарлығымен 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні болып белгіленген. Жазықсыз қаза тапқан ата-бабаларымыздың жандары жаннатта болуын бір Алладан тілейік. Келешек ұрпағымызға, жалпы қазақ халқына зобалаң тумасын. Бейбіт заманда, береке-бірлікте өмір сүрейік!

Әукен МӘСІМБАЕВ
Көлбастау ауылы,
Кеген ауданы

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

Jetisý

5
22.06.2019

ТАНЫМ

Атаманды атқан кім?

СЕРГЕЛДЕҢ

Аталған папканың ішінде тұрған, бұған дейін онша көңіл бөлмей селкостау қараған екі көк дәптерді қолыма алдым. Сыртында «Из воспоминания Курмаева Хамита Ильясовича. Очевидца, лично знавшей Ходжамырова и Чанышева. 6 февраля, 1921», екіншісінде «Дополнение об убийстве Дутова со слов Ходжамырова рассказанного им 1934-35 г. тов. Курмаеву Х.И. и З. Сабирову и другим в момент когда он т.е. Ходжамыров работал...» деген сөз еріксіз назар аударты. Асықпай оқып шықтым, таңданбасқа шарам жоқ, атаман Дутовтың өлтірілуі жайындағы әңгімені айтып жүретін анық әңгімелер мен бұрындары естімеген тың мәліметтер де осы дәптердің ішіне хатқа түсіпті.


Бұл оқиға жайында Кеңес үкіметі басшысының жариялануы мен «Атаманның ақыры» фильмінідегі жағдаяттар бір сарыны, ауыл карттарының әңгімесіндегі атаманның өлімі мүлдем басқа, салмақтап зерделей білген жанға ардағы айырмашылық жер мен көктей көрінетін. Бірі қолдан бұрмаланған құпия болса, екіншісі ақиқат, сақтықпен айтылатын, жасандылықтан ада ақиқаттың өзі еді.

Жалпы, түп-тегі самаралық әскери қазақтардан тарайтын Александр Ильич Дутов Сырдария облысының Қазалы кентінде жорық үстінде дүние есігін ашқан. Балалық кезеңін Фергана, Орынбор, Санкт-Петербург қалаларында өткізген ол 1897 жылы Оренбургалық Неплюев кадет корпусын, 1899 жылы сондағы атты әскер мектебін аяқтап, хорунжий шенімен өзінің әскери өмір жолын бастайды. 1914 жылғы Бірінші дүниежүзілік соғысқа өз құранын аттанады. Өміріне түбегейлі бетбұрыс әкелген 1917 жылғы Ақпан төңкерісі еді. Оның жалғасы болған Ұлы Қазан төңкерісінің нәтижесінде Уақытша билік жойылып, үкімет басына Ленин бастаған большевиктер келеді. Большевиктер өкметін еш мойындамаған А. Дутов алғашқы күндерден бастап-ақ оларға қарсы күрес жолына түседі. 1917 жылдың 25 қазанында №816 жарлыққа қол қойып, қол астындағы әскерилерге большевиктердің Петроградтағы биліктi күшпен басып алғандығын мойындамауға бұйырады. Бірақ, жандарал каз тұрып келе жатқан Кеңес үкіметіне қарсы 1918 жылы көктемде республика аумағындағы Чехословак корпусының бүлігі кері әсерін тигізді. Антанта елдерінің қолдаумен болған бұл бүлiктің соңы Ресейде Азамат соғысының басталғандығын білдірді. Чехословак корпусын бүлікшілері Кеңес үкіметіне қарсы күштерімен одақтасып, кеңес билігін құлатып Сібірдің және Қазақстанның біршама қалаларын өз қол астына қаратты. Онтайлы сәтті шебер пайдалана білген А. Дутов Орал мен Оренбурдың қазақтарын большевиктер билігіне қарсы көтерді. Нәтижесінде, Қазақстанның көптеген аймағында Кеңес үкіметі құлатылып және Ресейге қарасты Омбыда адмирал Колчак басқаған уақытша Сібірлік ақ гвардияшылар үкіметі құрылса, 1918 жылы шілдеде А. Дутов Түркістан мен Сібір арасындағы қатынаста стратегиялық маңызы зор Орынбор аймағын басып алып, қызылдарға үлкен қауіп төндірді. Дегенмен, көп ұзамай қарсы шабуылға шыққан Қызыл армия 1919 жылы күзде Колчак армиясын талқандады, осы бір жайсыз оқиғалан кейін А. Дутов екінші рет Орынбор қазақтарының қолбасшылығына тағайындалып, Көкшетау мен Атбасардан Жетісуға шегінуге мәжбүр болады. Жол азабын тартып әрең жеткен орынборлық қазақтар, бұл жолы да Б. Анненковтан қолдау таппай қағажу көргеніне шыдамай, 1920 жылы наурызда Сарканның Қарасұрық асуы арқылы Қытайға өтуіне тура келеді. Сөйтіп, Алатау асып Шынжаңдағы Дампаң жәмшілігіне қарайтын Боротала өзені маңайына қос тігіп бір айдай аялдайды. Содан әрі Сүйдін қаласына және сол маңайдағы Мазар, Шипанзе қыстақтарына табан тіреп орналасады. Етек-жеңін жиған атаман Дутов енді жоспар бойынша Жаркентке шабуыл жасап билікті қайта қолға алу әрекетіне көшеді. Оған дәйек ретінде 1920 жылдың күзінде жазылған хаттардан деректерді келтіре кетсек: *«...Жетісу мен Ташкент арасының ең бойында жұмыс жүрiп жатыр. Мен Харбинмен, Қырымдағы генерал Врангельмен байланыс жасап тұрамын».* Зерттеуші Д. Голиковтың **«КСРО-ғы антикеңестік құпия ұйымның күйреуі»** кітабындағы 1921 жылдың басында «Ағылшын барлау қызметімен байланыс орнатуы» және Орта Азия басмашылар қозғалысының басшысы Эргашбай Бердиевке жазған хатында: *«...Мен сізбен байланыс жасауға үшінші рет әрекет етіп отырмын. Қазір біз Қытай шекарасындағы Жаркентке тақау Сүйдін қаласындамыз. Менің қол астымда 6000 адамға жуық жасақ бар. Жаркентке соққы беріп сәтті күтіп жүрмін...»* т.б. мәліметтер және Жетісудағы Кеңес үкіметіне қарсы астыртын ұйымдармен де тығыз байланыста болғандығына дәлел.

Енді кезекті біршама құпияны ішіне бүккен дәптерлерге берейік. Хамит Курмаевтың жазуы бойынша «Дутовтың өлімі» З. Сабиров екеуі М. Қожамияровтан естірген. Олар осы бір адаммен жақсы карым-қатынаста болған. Оны байқаған қасындағы бірге жұмыс жасайтын жолдастары Хамит Курмаев арқылы өтінiш білдірiп «Дутовтың өлімі» жайлы өз аузынан естігілері келетінін айтқан. Келісімін берген Қожамияров тек жұмыстан кейінгі уақытта, яғни түнде өз бөлмесінде күтетін болған. Айтқан уақытта Х. Курмаев, З. Сабиров және П. Иванов жиналып, «Атаман Дутов» жайлы хикаяның күзгері Қожамияровтың әңгімесін тыңдауға отырады.

...Жоғарғы Сот мемлекетке аса қауіпті деп танылған атаман Дутовты өлім жазасына кесіп, сырттай үкім шығарады. Үкімнің орындалуын ВЧК өзінің қарамағындағы ТүрЧК-ге тапсырады. Ұлы Қазан өзінен кейінгі Жаркент уездік ЧК-не бұйырады. Себебі, барлау қызметінің ақпараты бойынша атаман Дутов 1921 жылдың 21 мамырында қарауындағы бар әскери қосынымен Кеңес үкіметіне қарсы шешуші шайқасқа тынғылықты дайындалып жатқан. Осының алдын алу мақсатында жаркенттік уездік милицияға қайтекен күнде де Дутовтың көзін жою керек деген құпия бұйрық берілді. Тапсау тексеріс Ә. Чанышевке түсті. Неге десеңіз, әкесі Мұхаметгали Чанышев бай болғандықтан үш әйел алған, бұлайғы жұрт «Қиыш» деп атайтындықтан, бай тұқымынан шыққан адамның Дутовпен байланысқа шығуы сол кезеңдегі қоғамдық-саяси ахуалға байланысты болуы мүмкін деген ой келеді. Сөйтіп, құлия жоспардың алғашқы қадамы Жаркент ЧК-сы 1920 жылдың күзінде Қасымханға құпия түрде демалыс беріп, жедел түрде Құлжаға аттандыруымен басталды. Құлжаға үлкен әпкесі Хадишаны алған бай жездесі Фатих Алдағаровпен бірге барып ақ гвардияшылардың құрамасына басшы болып жүрген бұрынғы танысы Миловскиймен жолығады. Екі жыл бұрынғы кездесуі кезінде «ағынан жарылған» Қасымханға Миловский 1918 жылы атаман Дутовпен таныстыруға уәде берген еді. Бірақ, уәдесін орындай алмаса да қазақ офицері Абылайхановпен таныстырады, онымен етене арадасып сеніміне кірген Ә.Чанышевты ол өз кезегінде атаман Дутовпен жүздестіреді. Сәтті жалғасын тапқан кездесу барысында Қасымхан Жаркенттегі милициянның құпия түрде төңкеріске дайын екендігінен хабардар етеді. Енді атаман екеуінің арасындағы хабар беруші алғашқы байланысшы-тыңшысы Джамаза атты дунган болды. Оның түрлі себептермен хабар берудегі тыңшылық қызметі ойдағыдай нәтиже бермеді. Содан дер уақытында хабар алмасу мен карым-қатынасты ыңғайту мақсатында екінші «байланысшы» ретінде чекист Мұқай Жігітековты (Байсымақов) іске қосады. Сапардан сәтті оралған соң атаманның сенімине не болу үшін ВЧК-ның шешімімен Қасымханның атынан Мұқай арқылы Дутовка біраз қару-жарақ жіберіледі және атаманның ең сенімді адамдарының бірін шаруашылық басшысы ретінде жұмысқа тұрғызады. Ә.Чанышевтың Дутовпен етене арадасуына Қытайдың уезд бастығы Шань Ганьның да көмегі зор болды. Шань Ганьның көмегінің қарымтасы ретінде Қытай аумағында ауыр қылмыс жасап өлім жазасына кесілiп, түрмеден қашып кетіп Жаркентте тығылып жүрген «қауіпті қылмыскерді» ұстап беруін отінеді. Себебі, ол үшін Шань Ганьның Пекиндегі жоғарғы басшылықтан қатаң ескерту алған болатын. Атаманмен қоса оның да сенімді адамына айналу үшін Қасымхан амалсыз келісімін береді. Сөйтіп, алғі қылмыскерді тығылып жүрген жерінен тауып, оның күдігін сейілту үшін алғашқыда милицияға қызметке алады. Біршама уақыттан кейін қазіргі Төменгі Пенжім маңайындағы Худояр елді мекеніне контрабандистерді тұтқындайсыңдар деген желеумен қасына төрт адам қосып шұғыл аттандырады. Тұп ауа алаңсыз ұйықтап жатқан «қытайлық қылмыскерді» төртеуі жабылып қол-аяғын байлап шегара асырып, қытайлық уезд басшысы Шань Ганьға апарып тапсырады. Мұқай арқылы қару-жарақтың жеткізілуі, Шань Ганьның тілегінің орындалуы және Дутовтың сенімді серігінің жұмыска алынуы сияқты сіпіргеи еңбегі Ә. Чанышевтың атаманның ең жақын, ең сенімді адамының біріне айналыдырады.

Атаманның көзін жоюды алғаш жоспарлағанда Қасымхан бірнші байланысшы болған жансызы Джамазаны жұмсайды. Одан ешнәтиже болмағаи соң екінші байланысшы Мұқайды аттандырғанмен одан да нәтиже болмаған. Ексуінің де тапсырманы орындай алмауының себебі, Дутов күзетінің мықтылығында еді. Бірақ, көбінесе кейінгі кезеңдегі екеуінің арасындағы құпия хат-хабар мен тапсырмаларды үнемі Мұқай жеткізіп отырған. Қайтекен күнде де осы бір қауіпті тапсырманы жүзеге асыру міндеті тұрғандықтан Ә.Чанышев үшін





Кешқұрым ойламаған жерден телефон шыр етті. Мектеп директоры Айтжамал Шағанқызы екен. «Қали, тез жолыңып кетші, тапсырма бар» деп мекенжайын айтты. Бардым, хал сұрасқан соң сыртында «Милиция бастығы Чанышев Қасымхан» деп жазылған қызыл папканы беріп тұрып: «ҰҚК сұратып жатыр, жақында мейрам екен, мұндағы мәліметтерді ретке келтіріп, жүйелеп берсең. Мүмкін болса осы тақырыпта бір оқушы дайындап, ғылыми жұмыс қорғатарсың», – деді күліп. Үйге келіп тосын дүниені бірнеше рет оқып бәлендей жаңалық таба алмасақ та реттеп, артық жерлерін қысқарттық.

үшін
зады құбылыс
еді. Сөйтіп, құлия жоспардың алғашқы қадамы Жаркент ЧК-сы 1920 жылдың күзінде Қасымханға құпия түрде демалыс беріп, жедел түрде Құлжаға аттандыруымен басталды. Құлжаға үлкен әпкесі Хадишаны алған бай жездесі Фатих Алдағаровпен бірге барып ақ гвардияшылардың құрамасына басшы болып жүрген бұрынғы танысы Миловскиймен жолығады. Екі жыл бұрынғы кездесуі кезінде «ағынан жарылған» Қасымханға Миловский 1918 жылы атаман Дутовпен таныстыруға уәде берген еді. Бірақ, уәдесін орындай алмаса да қазақ офицері Абылайхановпен таныстырады, онымен етене арадасып сеніміне кірген Ә.Чанышевты ол өз кезегінде атаман Дутовпен жүздестіреді. Сәтті жалғасын тапқан кездесу барысында Қасымхан Жаркенттегі милициянның құпия түрде төңкеріске дайын екендігінен хабардар етеді. Енді атаман екеуінің арасындағы хабар беруші алғашқы байланысшы-тыңшысы Джамаза атты дунган болды. Оның түрлі себептермен хабар берудегі тыңшылық қызметі ойдағыдай нәтиже бермеді. Содан дер уақытында хабар алмасу мен карым-қатынасты ыңғайту мақсатында екінші «байланысшы» ретінде чекист Мұқай Жігітековты (Байсымақов) іске қосады. Сапардан сәтті оралған соң атаманның сенімине не болу үшін ВЧК-ның шешімімен Қасымханның атынан Мұқай арқылы Дутовка біраз қару-жарақ жіберіледі және атаманның ең сенімді адамдарының бірін шаруашылық басшысы ретінде жұмысқа тұрғызады. Ә.Чанышевтың Дутовпен етене арадасуына Қытайдың уезд бастығы Шань Ганьның да көмегі зор болды. Шань Ганьның көмегінің қарымтасы ретінде Қытай аумағында ауыр қылмыс жасап өлім жазасына кесілiп, түрмеден қашып кетіп Жаркентте тығылып жүрген «қауіпті қылмыскерді» ұстап беруін отінеді. Себебі, ол үшін Шань Ганьның Пекиндегі жоғарғы басшылықтан қатаң ескерту алған болатын. Атаманмен қоса оның да сенімді адамына айналу үшін Қасымхан амалсыз келісімін береді. Сөйтіп, алғі қылмыскерді тығылып жүрген жерінен тауып, оның күдігін сейілту үшін алғашқыда милицияға қызметке алады. Біршама уақыттан кейін қазіргі Төменгі Пенжім маңайындағы Худояр елді мекеніне контрабандистерді тұтқындайсыңдар деген желеумен қасына төрт адам қосып шұғыл аттандырады. Тұп ауа алаңсыз ұйықтап жатқан «қытайлық қылмыскерді» төртеуі жабылып қол-аяғын байлап шегара асырып, қытайлық уезд басшысы Шань Ганьға апарып тапсырады. Мұқай арқылы қару-жарақтың жеткізілуі, Шань Ганьның тілегінің орындалуы және Дутовтың сенімді серігінің жұмыска алынуы сияқты сіпіргеи еңбегі Ә. Чанышевтың атаманның ең жақын, ең сенімді адамының біріне айналыдырады.

Атаманның көзін жоюды алғаш жоспарлағанда Қасымхан бірнші байланысшы болған жансызы Джамазаны жұмсайды. Одан ешнәтиже болмағаи соң екінші байланысшы Мұқайды аттандырғанмен одан да нәтиже болмаған. Ексуінің де тапсырманы орындай алмауының себебі, Дутов күзетінің мықтылығында еді. Бірақ, көбінесе кейінгі кезеңдегі екеуінің арасындағы құпия хат-хабар мен тапсырмаларды үнемі Мұқай жеткізіп отырған. Қайтекен күнде де осы бір қауіпті тапсырманы жүзеге асыру міндеті тұрғандықтан Ә.Чанышев

гендікия
бірлаз
отырып
калған үнсіздіктен кейін бізбйын тез жия қойып, «ол оқиға былай болған екен» деп әңгімесін бастады.
Басыра жұлқ уақыт өтсе де ашы болып айтылып жүрген, ақ
[illegible]
жою туралы құлия тапсырманы орындауға бес адам барыпты. Екеуі сыртта аттарды ұстап тұрған, оның бірі Мұқайдың ініші Кәдек (кейбір мәліметтерде Көбек), үшеуі аулаға кірген біреуі есіктегі күзетшінің қасында қалып, Мұқай батыр мен М. Қожамияров кеңсенің ішіне тікелей Дутовтың өзіне кіреді. Себебі, Қ. Чанышев пен атаман арасын байланыстырушы жансызы болғандықтан, сырттай үнемі құлия тасырмамен сұйт жүретін бұлардың танып алған кузетшілер де жөнсіз тоқтатуға қаймығатын. Қасында адъютанты бар атаман ақсан сақтықпен қадала қараған қалпы суық жүзбен қарсы алады. Қасымханның ауыр жарақат алып келе алмайтынын және бар жағдайды қысқаша баяндағанын кейін, хат беріп жібергенін айтып Мұқай қойынан шығарған қағазын ұсынады. Оны Дутов оқып болған соң тағы «нең бар?» дегендей ишарат жасағанда, оны түсініп екінші хатты ұсынады. Атаман өте сақ. Үстел үстінде оқтаулы револьвер. Екеуінің әр қимылын қалт жібермей бақылауда ұстаған. Екінші хаттан кейін атаманның сұрланған жүзі жылып, босаңсып қалған сәтін дөп басқан Мұқай батыр үшінші хатты алғандай сынай танытып көз ілеспес жылдамдықпен қойындағы оқтаулы наганын суырып алған бойда Дутовты атып салады. Қожамияров адъютантты атады. Етпетінен құлаған атаманның қасына жетіп барған Мұқай дәлел ретінде оның екі погонын жұлып алып, далаға атып шығады. Қару даусын есті сала сол мезетте-ақ даладағы үшінші адам күзетшіні жайратып салған екен. Сыртта Қожамияров жоқ. Мұқай жанталасып ішке қайта кірсе, Қожамияров есі шыққаны сонша екі қолымен басын ұстап алып тұсініксіз бір сөздерді қайталап, сенделіп, айналып жүр екен. Қолтықтан алып сүйреледеген күйі оны атқа мінгізген сәт бірі жетекке алып, екіншісі күлікті қамшылай қаша жөнеледі. Олар екі көше айналғаннан кейін барып даурыққан құрышылардың айғайы мен бейберекет атылған мылтық даусын естиді. Содан аласыл калған құрышылардың артқа тастап, Қоргастан аман-есен өтіп, шегара асып Иінтал арқылы Жаркентке келеді. ЧК арнайы тыцшыларын жіберіп, Дутовтың өлімі расталған соң ғана Қ. Чанышевтың кепілдікте Жаркент абақтысында отырған туыстарын босатады. Ал Мұқай өзімен бірге ақелген екі погонды дәлел етіп, әрең дегенде ақталып шығыпты. Осы арага келгенде Тұрғанбек қария Мұқай батырдың: «Әлгі Махмұт адам өлтіріп көрмеген екен, не онысын ертерек айтпапты. Қан көргенде үрейленіп, есі ауып қалды. Әйтеуір әрең дегенде бәрімізді де аман оралдық-ау», – деген сөзін алға тартты. Назар аударарлық мәселе, 1938 жылы 12 қаңтардағы Мұқай Байсымақовтың өз қолымен жазған НКВД өкілінe күзгер ретінде берген түсініктемесінде: *«Жаркент милициясының бастығы Қ. Чанышевті («сыртқы көз үшін») тұтқынға алғадан бір ай шамасы бұрын ЧК-дан А. Дутовты өлтіру жөнінде тапсырма алған. ...Бұдан әрі операция басталады, содан М. Қожамияров пен М. Байсымақов ақ гвардияшылар генералын өлтіреді».*

Бір ескерге кететін жағдай, бес сайыскырының бірі Солтанай Маралбаев болған екен. Тақымы мықты шабандоз, жас күнінен құралайды көзге атқан мергендігімен, сондай-ақ, күнді-түні жорттқанда бағытынан жаңылмас зеректігі, жершілдігімен және ожеттігімен аймаққа аты шыққан Солтанай батырдың алпыстан асса да ат үстінен түспеген кезі екен. (*Батыр атамыздың бүгінгі ұрпағы Молот Солтанаев дәулет, әбзелі жұртшылығына таныстырсын.*) Осы айтылған әңгімені бала күнімде атам Ақжарқын, Әбдуәли, Жұмәділ ағаларынан үйіне қонаққа барғанда ақсақалдарынан: «Әй, не сөйлеп отырсың? Дутовты атқан Мұқай батыр екенін бәріміз де білеміз ғой» деп дебейілеп айтқан сөздерін талай естігенімді, сонау 1990 жылдары Алмалыдағы Қойшыбай бақсының үйінде сол ауыл қариялырының осы оқиға жайында айтқанынан естіген әңгімелерімнен дәлме-дәл сәйкес келуі таңдандырады. Сәл аялдап чекист Н. Миловановтың «Көрінбейтін майдан» жинағындағы мәліметтерге зер салып көрелік: *«...Күзет үйінен атып шығуға ұмтылған қазақтарды есік пен терезеге оқ аткан Қасымхан қайта қуып тыгады. Зәрелері зәр түбіне жеткен олар қарулары тастай сала төсек астына зып береді. Осы кезде іштен бірін-бірі сүйеген Махмұд Қожамияров пен Мұқай Байсымақов көрінеді».* Осы дерекпен қатар Н. Миловановка М. Қожамияровтың айтып берген: *«...алдымен Дутовты сұлаттым. Сонан соң өзіме атылған адъютантты қақ маңдайдан тарс еткіздім. Ол жанып тұрған майшамды тұяғымен құлатқан бойы еденге гүрс етті. Мен атаманның аунақшып жатқанын көріп оны екінші рет аттым да, не болғанымды білмей, үстімдегі тер жағып, қабырғаға сүйене тұрып қалдым. Сол кезде Мұқай кіріп келіп, далаға сүйемелдеп алып шықты».*

Міне, өздерінің қатып отырғандай, бұл деректер жоғарыда жазылған Мұқай батырдың сөзінің дәлелі іспетті. Ал «Көк дәптердегі» естелік бойынша Қ. Чанышев дәл осы сәтте бұл жерде тұрған жоқ. Ол Қожамияров пен Мұқай Байсымақов көрінеді.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

ЖОБА

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы» № 147 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағына, «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 тіркелген) сәйкес, Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы облысы әкімдігінің «Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыру бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы» 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 147 (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5124 тіркелген, 2019 жылдың 25 сәуірінде Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысының келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1, 2-қосымшалары осы қаулының 1, 2-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. «Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және оның жарияланғаны туралы «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілсін;

3) осы қаулының Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғанынан кейін орналастырылсын;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелуі өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөлімінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында қарастырылған іс-шараларды орындауы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің орынбасары С. Бесбембетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі **А. БАТАЛОВ**

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына 1-қосымша

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 147 қаулысына 1-қосымша

Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялар бағыты	Өлшем бірлігі	Тауарлық аналық субсидияланатын жануарлар саны	Субсидиялардың нормативі (теңге)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс				
1.1.	Асыл тұқымды ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
1.2.	Асыл тұқымды қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
1.3.	Асыл тұқымды жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
2.	Өсімді көбейту және будандастыру				
2.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
2.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
2.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
3.	Ауыл шаруашылығы жануарларының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау				
3.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
3.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
3.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
4.	Ауыл шаруашылығы жануарларының генетикалық материалын сатып алу				
4.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
4.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
4.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
5.	Ауыл шаруашылығы жануарларын, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сәйкестендіруді субсидиялау				
5.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
5.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
5.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
6.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бонитировкалауды субсидиялау				
6.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
6.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
6.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
7.	Ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыруды субсидиялау				
7.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
7.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
7.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
8.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бордақылауға арналған субсидиялар				
8.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
8.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
8.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
9.	Ауыл шаруашылығы жануарларын, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сәйкестендіруді субсидиялау				
9.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
9.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
9.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
10.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бонитировкалауды субсидиялау				
10.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
10.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
10.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
11.	Ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыруды субсидиялау				
11.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
11.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
11.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
12.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бордақылауға арналған субсидиялар				
12.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
12.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
12.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы «__» _____ № _____ қаулысына 2-қосымша

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 19 сәуірдегі № 147 қаулысына 2-қосымша

Мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялар бағыты	Өлшем бірлігі	Субсидияланатын жануарлардың, құстың саны	Субсидиялардың нормативі (теңге)	Субсидиялар сомасы (мың теңге)
1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
1.1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс				
1.2.	Сиырлардың санын көбейту				
2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
2.1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс				
2.2.	Қойлардың санын көбейту				
3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
3.1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс				
3.2.	Жылқылардың санын көбейту				
4.	Ауыл шаруашылығы жануарларының генетикалық материалын сатып алу				
4.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
4.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
4.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
5.	Ауыл шаруашылығы жануарларын, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сәйкестендіруді субсидиялау				
5.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
5.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
5.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
6.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бонитировкалауды субсидиялау				
6.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
6.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
6.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
7.	Ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыруды субсидиялау				
7.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
7.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
7.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
8.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бордақылауға арналған субсидиялар				
8.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
8.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
8.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
9.	Ауыл шаруашылығы жануарларын, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты сәйкестендіруді субсидиялау				
9.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
9.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
9.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
10.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бонитировкалауды субсидиялау				
10.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
10.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
10.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
11.	Ауыл шаруашылығы жануарларын қолдан ұрықтандыруды субсидиялау				
11.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
11.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
11.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
12.	Ауыл шаруашылығы жануарларын бордақылауға арналған субсидиялар				
12.1.	Ірі қара мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
12.2.	Қой шаруашылығын дамытуды субсидиялау				
12.3.	Жылқы шаруашылығын дамытуды субсидиялау				

ЕСІҢІЗДЕ

1916 жылы кірген Ұлу жылы Жетісу өніріне қырғын болып тиді. Бейбіт жатқан елді дүрбелеңге түсірді. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қара жұмысына жегу үшін бұратана халықтардың соқталдай жігіттерін әскерге шақыртқан Ресей патшасының жарлығы Ұлы Далада жатқан қазақ халқының наразылығын тудырды. Жергілікті әкімқаралар мен патша жендеттеріне қарсылықтың соңы ұлт-азаттық көтеріліске ұласты. Ондай тарихи оқиғалар мұрағаттарда әр өңірдің және оны мекендеген ру-тайпалардың атымен аталды. Сондай оқиғалардың бірі Қаратал өзенін бойлай жатқан Сарноқай тауының сай-саласын қоныстанып отырған Сиыршы елінің бір атасының атымен аталып кеткен «Сырымбет қырғыны».

СЫРЫМБЕТ қырғыны

Ресей бас штабының есептеуі бойынша тыл жұмыстарына 240 мың адам алу жоспарланыпты. Бір ғана Жетісу облысының өзінен 87 мың адамның тізімі жасалған. 1916 жылдың тамыз айында Жалайыр тайпасына қарасты болыстарда 30 мыңға жуық жігіт топтасып, патша жарлығына қарсылыққа кешеді. Жалаң қылышпен жауға шыққан жігіттердің арасында мылтық ұстағандар бірен-саран ғана. Жоғарғы Қаратал болысының тұрғындарынан жасақталған ереуілшілер алдымен орыс-қазақ қоныстанған Қаратал аулына шабуыл жасайды. Бірнеше күнге созылған қақтығыстан соң көтерілісшілер 26-шы қыркүйек күні шегініп, Қаратал өзенінің Балқашқа құяр саласына ығысуға мәжбүр болды.

Бірақ мұнымен іс бітпеді. Жоғарғы Қаратал болысын мекендеген – Сиыршылар патша жарлығын орындаудан бас тартып, қасарыса қарсыласты. Топ-топ жасақ құрып, тау шатқалдары мен шың-құздарын паналап, бекініс жасаған жігіттердің алдында елдің бетке ұстар азаматтары, ел ағалары жүрді.

Тау сағалап, қарсылық танытқан 300 жігітке қарсы 28 қыркүйек күні Қапа-дан бастап аяқ мұздай қаруланған жазалаушы отряд шығады. Осипов басқарған жасақ ел шетіне кіре сала көзге түскен еркек кіндіктіні тарсылдатып атып, шығымен шапшып өтті. Әйелдерді етегіне оралған баласымен қосарлай шапқан жазалаушы отряд аяғы ауыр келішектердің ішін жарып, қанға бөктірді. Мұндай жауыздыққа шыдамаған жұрт кері серпіліп, жазалаушы отрядқа қарсы ұмтылды. Сиыршылардың жауқұрек жігіттерінен мұндай ерлікті күтпеген казак-орыс отряды Бижы өзеніне қарай шегінеді. Олардың тастүйін отырған Мырза руының жігіттері қарсы шығып, қашқан отрядтың ардынан соққы береді.

Алапат шайқастан кейін басқан бұл бүркетен тауға шегінген Сиыршының жігіттері адам бара алмас жерлерге бекініп, партизандық соғыс жүргізу тәсіліне көшеді. Жағдайдың бұлай өзгеруіне ашуланған Осипов: *«Меніңше, Қаратал болысындағы бүлікшілерді міндетті түрде қырып тастау керек. Мазмұрын мемлекет қазынасына өткізіп, балысты таратып, адамдарын бейбіт, бүлік шығармаған болыстардың арасына бөліп қоныстандыру керек. Бұл басқа қазақтар үшін үлкен сабақ болады»*, – деп мәлімдеме жасайды. Ақырында қазан айының басында жазалаушы отрядтардың қырып-жою әрекетінен соң Қапал уезіне қарасты Жоғарғы Қаратал болысындағы көтеріліс күшпен басылды.

Осы оқиғалардың бәрі тарихта «Қаратал ісі» деген атпен сақталды. Кейінірек белгілі галым Ғайрат Сапарғалиевтің мұрагат материалдары негізінде жазған «Қарательная политика царизма в Казахстане» деген зерттеу еңбегі тақырыптың толық ашылуына себеп болды. Онда 1905-1917 жылдар аралығындағы оқиғалар кеңінен камтылған. Қаратал болысындағы көтерілісті ұйымдастырып, бостандық үшін басын байгеге тіккен, жауға қарсы алдымен атқа қонғаидардың есімі ел тарихына алтын әріппен жазылуы тиіс. Олардың ерлігін дәріптеген Ғ. Сапарғалиев бостандық үшін жанын пида еткен көтеріліс көсемдері туралы: *«Кез келген көтеріліс басшысы болмайтындығы белгілі. Қапал уезіндегі Жалайыр тайпасының Сиыршы руын патша үкіметіне қарсы мынандай тұлғалар бастап шықты. Жоқан Мәлікұлы, Разық Күшаіков, Сергазы Бекеев. Міне, осы тұлғалар бастаған Сиыршы руы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске өзіндік үлесін қосты»*, – деп жазады «Қарательная политика царизма в Казахстане» атты зерттеу еңбегінде.

Қаратал өзенінің қос жағалауын қоныс еткен қалың ел осылайша патша әскерінің қырғынын көріп, талай болдағынан айырылды. Өзеннің он жағалауындағы Қаратал, Қора, Керімбек, Көкжазық, Қайнарлы, Ақтасты, Қоржынбай деген жерлер, одан арыдағы Қапал өңірін 1916 жылы патшаның жесір қызы Антонина басқарған. Қапал од кезде оез орталығы еді. Осыншама кең-байтақ жерде қоныс тепкен ауылдар «бесінші», «алтыншы», «жетінші» деп нөмірленіп, санмен аталатын. Мыңдаған гектар шұрайлы жерді жалғыз немденген Антонина ханым сол ауылдарды өз адамдарына басқарткан. Мысалы, Қаратал мен Қора ауылдарын басқарған пристав Сибирьский айналасындағыларға жайлы, пейілінде арамдығы жоқ, жергілікті қазақтармен бейбіт, тыныш өмір кешкен адам ретінде танылады. Қазақтар одан тіпті жер жыртып, егін егуді, жемісжидек ағашын отырғызуды үйренген. Оған дейін негізгі кәсібі мал өсіру болған Сырымбет руының азаматтары да мұндай игі істен қалыс қалған жоқ. Осындай озара жақсы қарым-қатынастың ақырында Сибирьскийдің басқарушындағы қазақ-орыстар қазақтармен қыз берісіп, қыз алысты. Осылайша айрандай ұйып, аралас-құралас болып, егінінде тұрмақ, ағашына көшет алып отырған елді Сибирьскийден кейін келген пристав Андрей іркітпей іркітті. Жергілікті халық «алаяқ», «жауыз», «қара Андрей» атап кеткен пристав әумесерлікпен Қаратал өзенінің екі бетінде жатқан елдің егінін малға тапталып, қарсы шыққандарға қамшы сілтеуді әдетке айналдырады. Осы дарсыз қылығын ермекке айналдырған Андрей мен ұрда-жық есерсоқтарына әй дейтін әже, кой дейтін қожа шықпады. Сондағы Талдықорғанның орнындағы Гавриловка атты бекетті басқарған пристав Казанцовтың, Қарабұлақ бекетінің атаманы Биденоның сөзі алаяк Андрейге еш жүрмеді.

Дәл осы тұста патшаның әскерге жас жігіттерді алу жөніндегі жарлығы шығады. Тіпті жасы шектеулі әскерилік жасына толмаған, он жасар, он бір жастағы балалы-шағалы жігіт ағалары да тізімге ілініп, әскерге алынды. Былайғы жұрт не қылған соғыс екенінен мүлдем бейхабар еді.

Дәсе де, ел құлағы елу емес пе. Қаркара жәрмеңкесіндегі Албан көтерілісін, Торғайдағы Аманкелді Иманов бастаған толқуды, Үшқоңырдағы Бекболат Әшекеевтің қол жинап ақ патшаға қарсы көтерілгені туралы дүмпуден құлағдар болған қалың Сиыршы әрекетке көшуге бел байлады. Қай істи болса да көшбастысы болатындығы сияқты, өмір мен өлім үшін арпалыс жолындағы дайындық Жазықбай сынды ерге жүктелді. Алып денелі, батыр тұлғалы, шұнірек көзді, қарасұр өңді Жазықбай құралайды көзге атқан аңшы еді. Үнемі қолында шіті мылтығы, белінде қылышы жүретін. Батырдың қандай кісі болғандығын Жазықбайдың баласы Биболат қариядан бала кезімізде естіген едік. Кейін оны Жетісу ауылында тұратын Бітім Биболатов талай әңгімеге арқау қылды.

Жазықбай батыр қазақ-орыстарға қарсы тұру үшін қару-жарақ керектігін ұғынып, темірден түйін түйген шебер ұста Байборілге мылтық, қылыш жасауға тапсырма береді. Қаннен қаперсіз көрінгін қыздырып, қылыш соғып, мылтық жасаған ұстаның ісін көрген әлдебір сатқын оны сыртынан алаяк Андрейге жамандап жеткізеді. Бұл хабарды есті салысымен қасына Крючковты ертіп, Қапалға, ояздағы аткарушы пристав Казанцовка қарай ұшқан жауыз Андрей қасына 270 солдат ертіп, түнімен Сырымбеттердің жеріне дап қояды. Алдымен Байборілі ұстанып дүкенінің тастағанын шығарып, тығылған 16 мылтық, 20 қылышты тауып алады. Көзге түскен жанды шетінен өлтіріп, бала-шаға, кемпір-шалға қарамай қырғын салуға бұйрық берген жауыз атаманның әрекетінен күз аспанын қайғының қара бұлты торлады. Шыңғыра жылаған сәбилердің жан даусына аналарының ашы даусы қосылғанда қара жер шыраның, тау мен тас дүр сілкінгендей болды. Нәрестелер қылышпен туралып, жазықсыз кемпір-шал мылтықтың оғына ұшты. Көптеген ер-азамат қарусыз болғандықтан қарсылық көрсете алмай, қапыда қаза тапты.

Жазықбай қалың солдатқа қарсылық танытып, қасындағы жігіттермен бірге актық демі қалғанша айқасады. Оны тірідей қолға түсіруді тапсырған атаманның бұйрығы орындалып, батыр бастаған 11 адам қамауға алынды. Жендеттер сонда да қырғынды тоқтатпай қарайып көрінген қазақты қылышпен кесіктеп, мылтықпен атқылады. 12-14 жастағы қайналарын ұрага тығып, аузына өздері қалқан болып жата қалған Нұржамал және Сара есімді екі әйелді солдаттар жайнаған аяусыз піспелетіп, бой жасырған 4 адамды түгел өлтіреді. Байсейіт сайында төрт баласымен тұратын Ыбырайым қария үрім-бұтағымен қырылды. Қатын-қалаш, бала-шаға өз көрін өздері қазды. Қанды қырғынған тірі қалғандар беті ауған жаққа қашып, жан сауғалады. Қолға тірідей түскен 71 адамды түгел қырып салған солдаттар Жазықбай бастаған 11 адамды Қапалға жеткізбей, жолай Көктал деген жерде атып тастайды. Олардың ішінде Жазықбайдың немере ағасы Салық Дәукенұлының Сәйдахмет Ыбырайымов бар еді.

Осылайша Жазықбай батыр дегеніне жете алмай дәл 49 жасында қапиядa қаза тапты. Гавриловка бекетінің түрмесіне қамалған Байборілі бастаған 15 адамның ішінде Жазықбайдың ұлы Биболат бар. Қырғын болған жерде 150-ге жуық сырымбеттік жанның қаны мойынға жүктеген казак-орыс отряды осылайша жазықсыз ауылды қанға бөктірді. Азаттық жолында жан қиған аталарымыздың, жазықсыз сәбилердің мұрдесі Текелі қаласындағы ашықтық зауытының жанында, тау етегінде жатыр.

Түрмедегі он адам, ішінде Жазықбайдың баласы Биболат бар, Семей қаласына айдалды. Өлім жазасына кесілген тұтқындар қырғын болған күннен дәл алты ай өткенде, 1917 жылдың 21 наурызында жаңа орнаған Кеңес үкіметінің шешімімен түрмеден босап, елге қайтты.


Сырымбет ауылындағы қырғынның қысқаша тарихы осындай.

Сәбит БИБОЛОВ, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі

✓ Біртүйер

Орның отыр болса,
қорың толмайды,
Отының берік болса,
жауың алмайды.

ҚӘСІБІ – НӘСІБІ



Сүреті түсірілген АҚЖАЙЫҚ

МЕРЕКЕДЕ тегін тасымалдайды

Сарқан қаласында тұрғындарды тасымалдаумен айналысатын «Молдабеков» жеке кәсіпкерлігі осыдан үш жыл бұрын жұмысын бастады. Кезіккен кедергілерге қарамай, алға қойған мақсаттарына қол жеткізу үшін аянбай тер төкті.

Мәулен ӘНЕРБАЙ

Отбасылық кәсіпті бастауға мұрындық болған Молдабековтер әулетінің ұлы Бақтияр Дәрихат 2002 мен 2012 жылдар аралығында Талдықорған қаласында жұмыс істейді. «ГАЗель» көлігінде кондуктор болып жүріп, жолаушы тасымалдаудың қыр-сырын меңгереді. Кейіннен Сарқан қаласында тұратын әкесі Жолдыбай Молдабековке ойын жеткізіп, «ГАЗель» көлігін сатып алады.

– *Алғаш екі «ГАЗель» жүргіздік. Халықты үйрету үшін көп уақытымыз кетті. Алдымен жеңіл көліктен жүріп, уақытын есептеп, тоқтайтын аялдамаларды белгіледік. Екі айдай еш пайдасыз жүрдік. Тіпті, бос жүріп, жанармайдың қаржысы өз қалтамыздан шықты. Көліктер де ескі, жиі бұзылады, оны жөндеу керек. Қысқасы, үлкен шығын қажет екен. Екінші жылы үлкендеу автобус алдық. Уақыт өте келе халық оған сыймайтын болды. Қазір қалаішілік екі автобусымыз жүреді,* – дейді Жолдыбай Дәрихатұлы.

Автобустың қаланы толық аралап шығуына 1 сағат уақыт кетеді. Жолақасы небәрі – 50 теңге, мұндай баға республика көлемінде жоқ. Отбасы мүшелерінің бірі жүргізуші, бірі кондуктор болып жұмыс істеп жатыр. Жеке кәсіпкерлікке аудандық әкімшілік көмек көрсеткен, теңдер де ұтып алған. Қазір көпбалалы аналарға арнап субсидияның құжаттары дайындалу үстінде. Бір ерекшелігі, автобустар мереке күндері тегін қызмет көрсетеді. Айталық, қасиетті Айтта, Балалар күнінде жол жүру тегін. Жолдыбай Молдабеков осы уақытқа дейін аз қамтылған отбасыларды тегін тасымалдап келген.

– «Молдабеков» жеке кәсіпкерлігі Алматы – Бірлік ауылдарының арасына да жолаушылар тасымалдауды жоспарлап отыр. Кейін жақсалса, жақын ауылдарға да автобус жүргізіп, кішігірім автопарк құрмақшы.

100 нақты қадам

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында заңның үстемдігін қамтамасыз ету мақсатында жекеменшік сот орындаушылар институтын одан әрі дамыту және сот орындаушылардың мемлекеттік қызметін біртіндеп қысқарту мәселесі қарастырылған.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІ

Бүгінде мемлекеттік сот орындаушылар атқарып жатқан жұмыстарды және олардың тарапынан орын алып жатқан заңбұзушылықтар деректерін ескерсек, жеке сот орындаушылардың санын көбейту, мемлекеттік сот орындаушыларды біртіндеп қысқарту мәселесінің өте маңызды қадам екендігіне байқаймыз. Тарих қойнауына үңілсек, жеке сот орындаушылар ең алғаш Францияда енгізілген. Балтық елдерінде бұл жүйе өзін жақсы жағынан көрсетті. Эстония мен Латвия елдерінде де жеке сот орындаушысы ерте пайда болған. Балтық елдеріндегі тәжірибе Қазақстанда жеке сот орындаушылар институтын құруға біршама жақын болды.

Жеке сот орындаушылар институты сот орындаушын деңгейін, сот орындаушысы мамандығының беделін қосымша бюджеттік шығындарсыз едәуір көтеруге септігін тигізеді. Қазіргі уақытта жеке сот орындаушылар институты әлемнің 65 мемлекетінде, мысалға атап өткен Франция, Бельгия, Нидерланды, Италия, Грекия секілді елдерде қалыптасқан. Еліміздің төрінен орын алған зан жеке сот орындаушылардың құқықтық мәртебесін, қоғамдық рөлін айғақтайды. Осыған сәйкес мемлекеттік сот орындаушылардың өндірістері бірте-бірте жеке сот орындаушыларға берілсе, сот актілерінің нақты орындалуы жақсарып, бұл тұрғыда азаматтардан түсетін шағымдардың едәуір азаятыны сөзсіз.

Б. АКРЕМЖАНОВА,
Талдықорған гарнизоны әскери прокуратурасының аға прокуроры, әділет майоры

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

Jetisý

5
17.08.2019

ТАНЫМ

Боскындардың қорғаушысы

...Шегарадан таңғы уақытта өтіп, көштің басы мен соңы түгенделгенде Науай бір жылқыны жетектеп алып келеді. Малды сол жерде сойғызып, тау асып әлсірегендерге сұрпы етін асып бергізіп, әлдендіреді. Барлығына: «Асуда жүк артқан бикеш мерт болып еді. Жеп отырғанымыз соның еті», – дейсіндер деп ескертеді біреу.



НАУАЙ МЕРГЕН

сұрай қалған жағдайда. Айтқандай-ақ, 7-8 шақырымнан кейін екі қарулы салт атты тоқтатып, тінте бастайды.

– Мына етті қайдан алдыңдар? – деген соң бәрі алдын ала келіскен сөзді айтады. Неше әйел, неше ерлек екенін санап шығады. Тексерушінің бірі:

– Бастаушыларың менімен жүрсін! – деп әмір етеді. Олар Науайды ертіп кеткен соң қалғаны сол жерде күтіп қалады. Ақырында тексерушілер Науайды жібереді. Көш ары қарай жүреді.

Бір ауылға жақындағанда қоршаулы, көк дарбазасы бар бас барымташының үйін Науайға көрсетіп: «Кіре бер. Мен қазір», – деп ер кідіріп қалады. Науай үйге такап келіп, атынан түсіп, дауыс шығарады. Ешкім шықпаған соң ептеп қақпа есігін ашып: «Кім бар-ау?» – дегенде байлаулы екі төбет арсылдап, жұлқына береді. Арғы жағынан еңгезердей біреу шығады. Көйлек-дамбалмен, жалаңбас, төбе шашын қысқа, екі өрім етіп жіберіпті. Айғай салып: «Кімсің? Неге кіресің?» – деп Науайды итеріп шығармақ болады. Екеуі алыса кетеді. «Ағаш мықтысы – даулыда, ер мықтысы – ауырда» дегендей, әб-сәтте-ақ Науайдың оң қолы есердің сол қабырғасының қалың етіне ілініп, бір қолымен он білегінен шап беріп ұстайды. Батырдың қабырғалы жотаған қолы қалың ет: қатты қысып, бұрап жібергенде алғінің жан даусы шығып, ойбай салып, бір жағына қарай жантая кетеді. Қабырғаларының қалың еті жыртылады. Сол қолымен білегін жібермей:

– Менің атым – Науай Жөкей! – дегенше сыртқан екі барымташы келіп, арша түседі. Науай ұстап тұрған есердің қолын босатады. Қан жүрмей, қысылған жансыз білегін әуірсіңген ол жерге сылқ етіп отыра қалады. Өз-өзіне келген үй иесі Науайға:

– Тілегіңді айт? – дегенде, Науай:

– Бұдан бұлай боскын елге тимейтін бол! Малын тартып алма. Қазақтарға тиіссең қайтып келіп жаныңды алам. Үктың ба? – дейді. Қос өрімді еркек құлдық ұрып қайта-қайта басын изейді. Науай ыскырып қалғанда ақбоз ат қақпадан кіріп, қасына келіп тұра қалады. Науай:

– Анау атта тұрған қоржынды ал! Жарым құрсақ балалардың несібесі. Тамаққа лық толтыр! – деп бұйырады. Жат елдік Науайдың айтқанын істейді. Бұдан кейін барымташылар Науай Жөкейдің тілегін мойнына жүктелген парыздай орындайды. Боскындардың барар жеріне жетуіне көмектесіп, қолдау білдіреді.

Боскындарға жебеуші болған Науай – Нұрмұхамед Жөкейұлы. Ол отызыншы жылдары аштықтан арып-ашқан елдің Қытай жеріне өтіп, аман қалуына көмектескен. Оның есімі Қапалдың Қытай жеріне өтетін Демікпе асуында ары-бері өткен қандастарымызды ақусыз қырған шегара отрядының басшысы Курносовты атып, елдің көзін ашуымен есте қалып, есімі аңызға айналған.

Нұрмұхамедпен кездесу

Сол Курносовты аткан кішкентай ғана Нұрмұхамед деген қазақты көзімен көрген Қанат Құдайбергенұлының аузынан естіген әңгіме санамда жаңғырады да тұрады. Соны қаз-қалпында сіздерге ұсынайын. Қанат:

– Сонау 1956-жыл. Бригадир Есімжан Әбенов деген азамат салмақты үнмен:

– Сендер Арасанның орталығында жерленген Қызыл армия лейтенанты Курносовты білесіңдер ме? – деді.

– Иә, иә, білеміз, білеміз. Бардық митингі, парад сол жерде өтетін. Кезінде біздерді пионер, комсомолға қабылдағанда ескерткіштің алдына апарып, ант бергізетін. Гүл қойғызатын. Бірақ, оның Қытаймен екі ортадағы шегараны басқарғанын, ары-бері өткен қазақтарды қырғанын кейіннен білдік қой. Көріңде өзіргір.

– Жә, онда жарайды. Ал сол адамды аткан кісінің аты-жөнін кім айта алады? – деген сұраққа ешкім жауап бермеді.

– Онда, сол Курносовты аткан Нұрмұхамед Жөкейұлы (Науай) деген мерген мына көрші Сағабүйен жайлауына келіпті. Қазір бәрің жұмыстарыңды тоқтатыңдар. Барлық тазалетіп. Мергенді біз де көрейік, – деді.

[illegible] сындағы еңселілеуіне таман жақындадық. Есіктен ішке сығалап қарасам, үй толы адам. Нақ төрде шағын денелі, ақ жібек шапан, басына жеңіл сусар бөрік киген жігіт ағасы отыр. Киімі өзіне ерекше жарасады. Жүзі ақсары, домалақ бет, келбетті. Тыңдасам, бір әңгімесінен бірі қызық. Ерлік істер жайлы айтып, таңғалдыра бастады. Қарап тұрсам кіп-кішкентай ғана ағa. Айласы мен жүректілігі ауызды аштырады. Сонда ғана «батырлық бойда емес – ойда, білекте емес – жүректе» дегеннің растығына тағы бір көз жеткіздім.

Қазақ үйдің ішіне жиналғандар аңыз адам Науайға сұрақтарын жаудырып жатыр.

– Сол бір қысылтаяң сәтте, көп солдаттың ішінде Курносовпен қалай кездесіп қалдыңыз?

– Әлгінде айтып едім. Әр нәрсенің шегі бар. Ол бұрыннан бірге жүрген достықты ұмытып, мені ату үшін таяу жерге келіп, жасырынып жүріпті. Құдірет десеңізші, күтпеген кездесу болды. «Өмір – шолақ, адам – қонақ» дегендей, өмірден алған соңғы сыбағасы сол болды.

– Сіз «Бөрібай көтерілісінде» аскан ерлік көрсетті дейді. Бірақ, көпке жайылмапты. Неге?

– Иә, сонда шын есімім айтылмай, «Мерген» деген лақап атпен аталған мен едім. «Тарамтарам саусақтан жұмған жұдырық артық» дегендей, қызылдардың беттерін оңдырмай қайырдық. Тайсалмадық. Қаһар көрсеттік. Бірақ, эттеген-айымыз да аз болған жоқ. Заман болса – сұрқия, тарих болар – құпия. Мені ұстап, келіссөзге де шақырды. Өз жақтарына тартпақ болды. Ақыры дегендеріне жете алған жоқ. «Атыласын» деп те шошытты. Сөзді ортадағы қол көтерген жігіт бөлді.

Сұрағым бар, батыр ага?

– Айт! – деді Науай батыр.

– «Бөрібай көтерілісінде» мінген ақбоз атыңыз жайлы білгім келеді.

– Маманұлы Есенқұл қажы екеуміз замандас әрі қимас жолдас едік. Жастықтың тәуекелмас қызықты шақтарын бірге тамашаладық. Жақсымен жолдас болсаң, басыңды сыйлай-сыйлай «сұлтан етеді» демекші, талай рет көптің арасында айбынымды асырып та жүрдi. Сол ақбоз атты құлын кезінен танып, «маған ал» деп Есенқұл қажы сыйлаған. Мені дес көріп, саған лайық серік болады. Көрерсің, – деген. Дәл айтқан екен.

– Өте білгір, көреген, ауызы дуалы әрі бекзат жан еді, – деп Есенқұл Маманұлы қажыға арнап дұға оқыды. Отырғандар түгел бет сипады. Есенқұлдың ағылшын жерінен әкелген айғырының тұқымы Ақбозды Науай құлын кезінен баладай баптап өсірген екен. Өте ақылды, тау халқының «асыл тұқымды жылқы адам болуға сәл-пәл ғана жетпей қалған» дегені осы ағылшын жылқысына арналғандай. Бұл тұқым – жүйрік әрі өте сезімтал, ымыңды сезіп тұрады. Шауып келе жатып керек кезде шөге қалады. Тұр дегенше тұрмайды. Иесінен ұзап жайылмайды, басқаға ұстатпайды. Шақырғанда дәлдеп қасына келеді. Үшінші адамдікінен ат таңа төмен, – дегенде, далада: «Курносовтың ұлдары келе жатыр. Әкесін атқан адамды көргілері келеді», – деген дауыс естілді.

Мерген қайтер екен дегендей көзім бірден Науайға түсті. Мерген елең етіп, орнынан лезде көтеріліп, қайта отыра қалды. Сырттан кірген ауылдастың бірі:

– Сіз рұқсат етсеңіз ғана жолықтырамыз. Әйтпесе, сол арадан қайтарамыз. Өзіңізді бір көріп қайтамыз деп тұр, – деді. Көпшілік қазақ үйдің айналасына қаумалап тіреле қалды. Есік алдына шыққан Науай мерген:

– Келсін! – деді. Өңінен ешқандай қобалжу байқалмайды. Жамағат екіге жарылып, келген үшеуге жол берді. Ағалы-інілі бауырлар екен. Үшеуі де бойшаң жігіттер. Қазақша амандасып, қол беріп, Науайды құшақтарына алды. Қазақша, орысша кездестіргендерге рахмет айтты. Жамағатқа үшеуі де: «Әкеміз кандай адамның қолынан мерт болғанын білгіміз келді. Көру үшін ғана келдік», – деді. Бейбіт, ақ көңілмен. Қалың жамағат арасынан жол ашылып, үшеуі де көліктеріне карай беттеп бара жатты.

Аяқасты күтпеген кездесу осылай қош көңілмен, сәтті аяқталды, – деп өзі күзгер болған Қанат Құдайбергенұлы әңгімесін тамамдады.

Мұрағат деректері сойлейді

«Бөрібай көтерілісі» туралы архивтік қылмыстық іс-қағаздарда юстицияның ағa кеңесшісі, облыстық прокурордың бірінші орынбасары П. Құлтаев 25.11.1999 жылы, № 36/37 қылмыстық іс бойынша, архивтік № 8760 қолын қойып бекіткен қорытынды көшірмеде: «Жөкеев Нұрмұхамед – 37 жаста, партияда жоқ, қазақ, 1930 жылы, 29 шілде күні ПП ОГПУ үштік отырысында РСФСР қылмыстық істер кодексінің 58-2, 58-8, 58-9, 58-11, 59-3 айыпталды. Еңбекпен түзеу лагеріне кесілді. Кеңес өкіметі мен партияға қарсы алдын ала үйлестіру жұмыстарын жүргізіп, халықты қарулы қарсылыққа шақырып, көтерілісті ұйымдастырды. Кеңес басқарушылары мен партия қызметкерлеріне террорлық қоқанлоққы жасады. Орыс кулактары және қазақ байларымен бірікті. Арасан мен Абакумовка елді мекенін шауып алуға бандылар шығарды. Абакумовкада ауыл кеңес кеңсесін басып алып, жинақталған кеңестік іс-қағаз, құжаттарды өртеп жіберді. Кеңестік партия мүшелері мен кандидаттарды тұтқынға алды. Арасанда екі бағытта топтасып, Қапал мен Сарқанды басып алмақ әрекеттер істеді. Өз қатарына 40 орыс-казактарын қосып алды. Маңайындағы елді мекен адамдарынан өз әскерін жақтастармен арттырды. Қызыл армия әскерімен бірнеше рет соғысты. Көп адам мен малды Демікпе асуы арқылы Қытайға асырды. Орыс тілін білмейді. Қағазға қол қою орнына бармақ басады. Өз қинәсін мойындамады. Тек куәлардың көрсетуімен айыпталды», – деп көрсетіледі.

Алматы қаласы бойынша ҚР ДКНБ мәліметінде: «Жөкеев Нұрмұхамед – 1893 жылы туған. Алматы облысы, Бүйен-Ақсу ауданы, № 12 ауыл тұрғыны. Білімі – бастауыш. Колхозшы. Егін егумен айналысқан. 1930 жылы, 15 сәуір күні ҚССР ПП ОГПУ тұтқындаған. 10 жылға сотталған. Еңбекпен түзеу лагеріне жіберілген», – делінеді.

Тұтқындалған Науай мерген Сарқан ауданы түрмесіне қамалады. Қылмыстық іс-қағазын Сарқан оперучасткесінің бастығы Федор Аболиннің көмекшісі Николаенко деген Ақсу селосындағы арнайы оперативтік штабқа жіберіп бекіттіріпті.

Жөкеев Нұрмұхамедтің тергеушіге берген мәліметінде: «Бұрынғы болыстың ұлымын. Ауылшаруашылығымен айналысқанмын. Үйленгем. Отбасымда үш адам. Малдарым: 2 жылқы, 25 қой. Бұрын сотталып, істі болмағанмын», – дейді.

«Бөрібай көтерілісі» іс-қағаздар мәліметінде: «Жөкеев Нұрмұхамед – жаппай көтерілісті қолдаған ерен қатысушы. Бандылардың басшысы. Көтерілісті ұйымдастыру жиындарының барлығына қатысқан. Арасанды басып алған банды шайқасының белді мүшесі. Ағасы аудан орталығы Ақсуды басып алуға қатысқан. Ақсудағы кассадан 10 мың рубль тонап кеткен», – деп жазылған. Жөкеев Нұрмұхамед Қазақстан Республикасы, 14.04.1993 жылғы заңы бойынша 24 қараша, 1999 жылы «кінәсі жоқ» деп ақталған.

Науай мерген он жыл еңбекпен түзеу лагерінде болмаса керек. Саддары ебін тауып Сарқан түрмесінен қашып, Қытай аскан деседі. Қытайдан туған елге 1955 жылы оралғанын жергілікті ел біледі.

Жөкей болыс ұрпақтары Қапал мен Ақсу өңірінде тірлік етіп жатыр. Нұрмұхамед Жөкейұлының «Бөрібай көтерілісіндегі» ел үшін жасаған ерлігін ұрпақтары бағалап, есімін ел есінде сақтау үшін дәріптеу шаралары жасалса деген ұсыныс бар.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ
Талдықорған қаласы

КЕЛБЕТ

ХАЛЫҚ МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ҮЗДІГІ



Осыдан жиырма жыл бұрын «Тамаша, «Тамаша-хикая», «Ақбаян», «Кездесу» газеті авторларының бірі болған белгілі журналист, ақын Жанболат Сәрсенбай осы газеттердің танылуына елеулі үлес қосты. Оның жазған өзекті оқиғаларға толы, тағдыр түйткілдерінен сыр шертетін хикаялары оқырман жүрегінен орын алды. Сол кезде отыз жаста болған мәрт жігіт Жанболат СӘРСЕНБАЙ бүгінде ердің жасы 50-ге толып отыр.

Жанболат Қоржынбайұлы 1969 жылы маусым айының 29-жұлдызында Нарынкол ауданының Сарыжаз ауылында дүниеге келген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде оқып, жоғары білім алған Жанболат Қазақстан халық емшілері қауымдастығында 23 жылдан бері қызмет етіп келеді. Сондай-ақ, «Жас Алаш» газетінде тілші әрі редактор және «Шапағат Нұр» журналында бас редактордың орынбасары қызметін атқарды. «Тамаша» газетінің тұрақты авторы әрі Райымбек батыр қоғамдық қорында меңгеруші болып жұмыс істеді. Кейіннен ҚХЕҚ-тың вице-президенті, ҚХЕҚ-тың тексеру комиссиясының төрағасы, Алматы облыстық филиалының директоры, ҚХЕҚ-тың «Шипагер» журналы мен «Шипагерлік Баян» газетінің бас редакторы, ҚХЕҚ-тың баспасөз хатшысы, ҚХЕҚ-тың Шығыс аймақтық филиалдары директорлары кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарды.

2007 жылдан бастап ҚХЕҚ-тың Алматы облыстық филиалының директоры болып еңбек етуде. Сондай-ақ, халық медицинасының және Рухани емшілік, Шығыс медицинасының магистрі атақтарының иегері. Халықтық емшілік саласын зерттеумен де айналысады. Сонымен бірге ҚХЕҚ-тың «Құрметті мүшесі», ҚХЕҚ пен РХМО-ның емшілер мектебін бітірген. Қырықтан аса телеарна мен радиотораптарында халық медицинасының маңызы мен ролі туралы арнайы сұхбат берді. 2004–2019 жылдар аралығында көптеген конгресс пен форумдарға қатысты. Қауымдастық тарапынан бірнеше Мақтау қағаз бен Алғыс хат және сертификат, медальдармен марапатталған. «Халық емшілігі мен халық емшілері» туралы бес жүзге жуық мақаласы баспасөз беттерінде жарияланды. Халықаралық дәстүрлі халық медицинасы мамандары, психологтар мен емшілер қауымдастығы, халық медицинасы мен гарыштық қуат академиясының толық мүшесі, академик.

Ұлттық рейтингілердің халықаралық рейтингі одағының «Еңбек жолы тиімділігі» үшін медалін алған. Сонымен бірге ҚЖО мүшесі және осы одақтың Құрмет грамотасымен марапатталған. Басқа да әкімдік пен қоғамдық ұйымдар тарапынан алған Мақтау қағаздары мен Алғыс хаттары да көп. Шығармашылық жолында «Тағдыр соқпағы» кітабы мен «О, Тәңірім, қуат берші жаныма» атты жыр жинағы жарық көрген. Жақында «Қазақстан халық емшілері қауымдастығының» «Шалкөде» баспасынан «Гүл шашқан ханым» атты жыр жинағы жарыққа шықты. Ердің жасы 50-ге толып отырған мерейтой иесіне «Халық медицинасының үздігі» деген атақ берілді.

Абыройлы атақпен бірге аталған қауымдастықтың президенті, академик, профессор Зиядан қажы Қожалымов Құрмет грамотасын табыс етті. Жанболаттың Қазақстан журналистикасы саласындағы 25 жылдық еңбегі еленіп, Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаевтың қолынан Құрмет грамотасын алды. Осындай қажырлы еңбектерінің нәтижесінде Жанболат Қоржынбайұлы елге сыйлы, абыройлы азамат ретінде көпшілікке танылды. Болашақта бұдан да жоғары биіктерді бағындырады деген сенім арта отырып, ердің жасы елуге толған Жанболат Қоржынбайұлына өмірдегі бар жақсылықты тілейміз!

Әли БАТЫРХАНҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі
Алматы қаласы

ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС

«КҮНШУАҚТАҒЫ» шуақты күндер

Е. Берлікожаұлы атындағы № 11 орта мектебінің басшылығы балалардың жазғы демалысын тиімді өткізу мақсатында 180 оқушыға арналған «Күншуақ» жазғы лагерін ұйымдастырды. Тәрбиешілер лагерьдің әр күнін қызықты өткізіп қана қоймай, балалардың жан-жақты дамып, денсаулықтарын нығайтып, білімдерін арттыруды да ойластырды. Осы орайда ағылшын тілін танып білу, қолөнер, робототехника сабақтарымен қатар қалamыздың көрнекті жерлеріне саяхат ұйымдастырды.

Әрине, жаз мезгілінде бала суға шомылмай нағыз демалысты сезіне алмасы анық. Осы орайда Қапшағай қаласындағы «Бәйтерек» сауықтыру лагеріне мектебімізден 130 оқушы барып, демалып қайтты. Бұл балалар үшін ең ұмытылмас шуақты күндер болды.

Балалардың жазғы уақытының тиімді өтуіне мектеп директоры Гүлбаршын Ахметкаримқызы бастаған ұжым айтарлықтай еңбек сіңірді. Оқушылардың жаңа оқу жылына жаңа күш-жігер жинап келері сөзсіз.

Ұстаздардың жаңа оқу жылына жаңашыл идеяға толы келуін ойлаған мектеп басшылығы педагогикалық ұжымға «Туған өлкеге саяхат» тақырыбында Жетісу өлкесінің көрікті, киелі жерлері Шарын шатқалын, Көлсай көлін аралатып, Үйгыр ауданындағы ыстық судан ем алып, демалып қайтуын жоспарлап отыр. Мектептің кәсіподақ комитетінің жетекшісі Жанна Орынғалиева бұл саяхаттан ұстаздар ерекше әсер алып, жаңа оқу жылына жаңа күшпен келеді деп сенеді.

Ерлан ЕРКІНБЕКОВ,
Е. Берлікожаұлы атындағы № 11 орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Еркін ауылы, Талдықорған қаласы

ДІН – ДІҢГЕГІҢ

МЕШІТ АШЫЛДЫ



Құрбан айт мерекесі қарсаңында Ақши ауылында сәні мен салтанаты жарасқан сәулетті де көркем мешіт бой көтерді. Алланың үйі ауыл халқының қаражатына салына бастаған еді. «Салиқалы ұрпақ» қоғамдық қорының демеушілігімен құрылысы аяқталып, халық игілігіне берілді.

Мешіт ислам діні талаптарына сәйкес жоспарланған. Құрылыс жұмыстарына заманауи материалдар пайдаланылып, айналасы абаттандырылған, көгалландырылған. Мұның өзі аумақтың туризм және демалыс орталығы ретіндегі тартымдылығын арттыра түседі. Өйткені, 2018 жылы 1 миллионнан астам демалушының 80 пайызы Ақши ауылына тұрақтаған болатын.

Жаңадан бой көтерген мешітте бір мезгілде 250 адам құлшылық ете алады. Барлық жол тротуарлық плиткамен төселіп, гүлзарлар егілді. Құрылыстшылар гимаратты барынша ыңғайлы және жайлы етуге тырысып, қысқа мерзім ішінде тұрғызды.

Ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары Алмас Абдинов құттықтау сөз сөйлеп, сәні мен сәулеті жарасқан, заман талабына сай салынған имандылық үйінің құрылысына атсалысқан Болат Әбішұлы мен Қасым Қасабековке аудан әкімінің Алғыс хатын табыстап, ел болашағы мен халық игілігі жолындағы мақсатты істеріне сәттілік тіледі.

Талдықорған қаласындағы орталық «Иман» мешітінің наиб имамы Керімбек Сәрсембайұлы, ҚР Ақпарат саласының үздігі, ардагер журналист Гүлзейнеп Сәдіркызы, «Намыс» қоғамдық қорының төрағасы Серік Сүйгенбайұлы және мешіттің бой көтеруіне ұйытқы болған «Салиқалы ұрпақ» қоғамдық қорының директоры Қасым Қасабеков ауыл тұрғындарын қуаныштарымен құттықтады. Ал еңбек ардагері Сақат Құлжабай ақсақал өз батасын берді.

Алла үйінің ашылуына келген қонақтар мешіт лентасын киып, уағыз айтылып, алғашқы жұма намазы оқылды.

Василий ВОРОБЬЕВ
Алакөл ауданы

АУЫЛДАҒЫ МЕРЕКЕ

БАЛАЛАРДЫҢ АСЫҒА КҮТКЕН ЖАЙМА-ШУАҚ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ АЯҚТАЛУҒА АЗ ҒАНА УАҚЫТ ҚАЛДЫ. АУЫЛДЫҢ КҮЙБЕҢ ТІРШІЛІГІНЕН ШАРШАҒАН ОҚУШЫЛАР ҚАЛАДАҒЫ ТУҒАН-ТУЫСТАРЫНА ЕМЕС, ЖАЗҒЫ ЛАГЕРЬГЕ АСЫҒАДЫ.

Кербұлақ ауданына қарасты Онжас ауылының бірлігі жарасқан тұрғындары татуластті тірлік кешуде. Тарыдай шашылып жатқан үйлері ауыл келбетіне жарасып, жанындағы биік тау көрген адамның еңсесін тіктейді. Шынында, туған ауылыңның құшағында барынша аунап-қунап өскенге не жетсін?! Осы орайда Ақжар орта мектебінің ішінен құрылған «Күншуақ» лагеріне балалар молынан жиналды. Лагерьдің бірінші ауысымында «Зерде» тобына жетекшілік еттім. Балалардың демалысы әсерлі өтуі үшін бар күш-жігерімізді салдық.

«Қош бол, «Күншуақ!» бағдарлама желісімен тамаша көңіл күйде лагерь жұмысын жүргіздік. Балалардың жазғы демалыс күндерін тиімді өткізулеріне барлық жағдай жасалды. Оқушылар ән айтып, би биледі. Қосымша қызықты сабақтар да өткіздік.

Осылайша ауыл мектебінің жазғы демалыс лагерінің қызықты күндерінің де уақыты аяқталды. Ауылдың әр баласы кіндік қаны тамған киелі өлкенің топырағын басып, ауасымен тыныстап, суынан құмары қанғанша ішудің өзі бір бақыт екенін сезінді. Жазғы демалыспен қимай қоштасқан балалар келер жылы тағы да лагерьге асығатынын айтып тарқасты.

Фаузия МАНҚҰСОВА
Онжас ауылы, Кербұлақ ауданы

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

АЛАШ АМАНАТЫН АРҚАЛАҒАН

Биыл қазақ елі ғаламдық өркениеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқан қос перзенті: әлемнің екінші ұстазы атанған – Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдығы мен поэзия пайғамбары Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толу мерейтойларын халықаралық деңгейде атап өтуге тиіс болатын. Дүниені дүрліктірген тәжді тажал ол жоспарымызды толыққанды жүзеге асыруға тосқауыл болғаны рас. Алайда, осы бір мерекелік шаралардың көленкесінде еліміз үшін тағдыршешті маңызға ие болған тағы бір оқиға ескерусіз қалып бара жатқандай. Атап айтқанда, осыдан тура 100 жыл бұрын – 1920 жылдың 17-ші тамызында РКФСР Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы В.И. Ленниннің төрағалығымен өткен отырыста «Қырғыз (Қазақ) өлкесінің территориясы мен шекарасы» мәселесі қаралып, аса тартысты өткен келіссөздерден кейін қазіргі Қазақстанның аумағы негізінен бекітілген болатын.



Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

ТАРИХ-ТАНЫМ

Адамзат атаулы пайда болғаннан бері әлемге әмірін жүргізіп, аяғында құрдымға кеткен алпауыт мемлекеттер жайлы біле-міз аз емес. Әріге бармай-ақ, біздің Ұлы Далада дәурен құрып, Еуразия құрлығын дәрежеге келтірген Ғұн империясы, төрт тарапқа әмірін жүргізген Түрік қағанаты, аралықтарында ірге бекітіп, сыртқы және ішкі тектестірестердің салдарынан келмеске кеткен Түргеш, Қарлұқ, Қимақ қағанаттары, Еуропада халықтардың ұлы көшіс пударуына түрткі болған Дешті Қыпшақ мемлекеті, Тоғыз-оғыз құрылымы мен оларды тарих көшіне аттандырған Қидан және Таң патшалықтары, Ұлы қаған – Шыңғыс хан бекіткен Еке Моңғол ұлысы, оның ұрпақтары сан ғасыр салтанат құр-ған Алтын Орда мемлекеті мен алып им-перияның ыдырауы салдарынан дүниеге келген Көк орда, кейінгені Қазақ хандығы ұлы мәртебелі уақыттың алдында адам-дардың дәрменсіз екендігін есімізге сала-ды. Бірде әрі мемлекет ретінде әріге жайып, қиқасқы соғыстардың салдарынан мүл-дем жойылып тынған немесе өзге жұрт-тардың құрамына жұтылып кеткен ұлттар мен ұлыстар қаншама? Өмір мен өлім ара-сындағы арпалысқа сан түсіп, XXI ғасыр-ға зәрімізбен аман жеткен соң ұлы жұрт-тың сарқыты бүгінгі қазақ елі екендігінде дау жоқ.

Алайда, бүгінгі біздің айтарымыз – шаңқылдақтық пен жаутеңділіктің нәти-жесінде қолдан-қолға өтіп келген осынау қасиетті мекен – Қазақ жерінің бүтінгі ше-карасы қалай белгіленді, оны кімдер шық-тап, ұрпағына аманаттады деген сауалға жауап қайтару тұрғысында болмақ. Алды-мен айтарымыз – орыс отаршылары өздері жаулап алған жерлердің барлығын Ресей империясының меншігі ретінде қарастырып келді. Қазан революциясынан кейін биікке келген большевиктердің ұлттық саясаты Ресей құрамындағы халықтар үшін оңтайлы болғанын айта кету керек.

Елдегі азамат соғысы аяқталар тұста «ұлыорыстық шовинизм» ауруына шалдыға қоймаған Владимир Ильич Ленин бастаған жұмысшы мен шаруалар өкіметінің билігі ұлттардың өзін-өзі басқаруы, Ресей құрамынан шығу еркіндігін жария еткен болатын. Осы ұрымтал сәтті оңтайлы пайдаланған «Алаш» партиясының жетекшілері ежелгі қазақ жерінің шекарасын анықтап, ресми бекітіп алуға күш сала-ды. Бүкіл ғұмырын қазақ елінің болашағы үшін сарп еткен Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсынов сынды ел ардақтылары осы тағдыршешті мәселені шешуді Әлімхан Ермековке тапсырған болатын.

ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ КІМ ЕДІ?!

Ия, жұртының тәуелсіздігі мен жерінің тұтастығы жолында жан аямай күрескен Алаш арыстары халқымыз үшін аса маңызды жер аумағы мен ел шекарасы жайындағы жұмысты сенің тапсырған Әлім-хан кім еді? Енді соған келейік.

Әлімхан Обағалы Ермеков 1891 жылы, қазіргі Қарағанды облысы, Ақтоғай ауда-нының Бөрлітас деген жерінде дүниеге келді. Аталары Абылай хан бастаған азат-тық жорықтарына қатысып, жаужүрек ба-тыр атанса, әкесі Әбеу де халыққа қадірлі, орысша сауаты бар, өз дәуірінің зиялы-лары қатарында саналған екен. Әлімха-нды бала кезінен Қарқаралыдағы қалалық училищеге оқуға беріп, ерте кезден сауат ашуына мүмкіндік туғызады. Оны үздік бітіріп шыққан аса алғыр әрі зейінді Әлім-хан Семейдегі ерлер гимназиясын алтын медальмен тамамдап, Томск технология институтының тау-кен факультетіне бір-деп қабылданады.

Жас Әлімханның жан-жақты білім алып қана қоймай, сонымен қатар саяси шыңдалып өсуіне Шоқан Уәлихановтың досы Григорий Николаевич Потанинмен танысып, араласуы үлкен ықпал еткені белгілі. Ол: «Әлімхан, сенің білімің – ол қазақтың білімі. Сол себепті жақсы оқы және өзгелерді оқыт!», – деп оған үлкен үміт артқан. Әлімхан өзінің автобиогра-фиясында қазақ және орыс тілімен қатар ағылшын, неміс, француз, итальян және латын тілдерінде еркін сөйлеп, жаза ала-тынын көрсетеді.

Патша өкіметі құлағаннан кейін елдегі қалыптасқан жағдайды айқындап, алда не істеу керектігін шешіп алу үшін жер-жер-лерде қазақтардың құрылтайы өтіп жат-қан. Осы оңғалардан тысқары қалуды жөн деп таппаған Ә. Ермеков 1917 жыл-дың 27-ші сәуірі мен 7-ші мамыры ара-лығында Семейде өткен қазақ съезіне қа-тысады. Онда ол съезд президиумының қатысушысына, сонынан Семей облыстық қазақ комитетінің мүшелігіне сайланады. Сонымен бірге Әлімхан Халел Ғаббасов екеуі Семей облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметіне бекітіле-ді.

1917 жылдың 8-17 қазан аралығында өткен бірінші Сібір облыстық съезіне қатысып, Семей облысы атынан оның президиумы құрамына енгізіледі. Осы жылда Сібір автономиясының негізгі заңын жазатын комитет құрылып, оған қазақ делегаттары атынан Ә. Ермековтің енгізілгені де оның білім-білігіне берілген баға болса керек.

Осындай көптеген саяси шараларға қа-тысып, шыңдалудан өткен жан-жақты да-рын иесі Әлімхан Ермековтің желтоқсан айында өткен жалпықазақ съезінде Алаш-орда үкіметінің мүшелігіне өтуін заңды-лық деп қабылдау керек. Сонымен бірге ол «Алаш» партиясының Семей облыстық комитетінің мүшесі болып сайланады. Бұл – туған халқының азаттығы жолындағы күрестің бастауы ғана болатын.

ЖЕР ҮШІН ЖАНТАЛАС

Жер – елдіктің белгісі, ол халық бір-лігінің, оның тұтастығының көрінісі. Жер-ден айрылу – елдік мәртебеден айрылу деген сөз!.. Қырревкомның 1920 жылғы мамырдағы Қырғыз (Қазақ) кеңестік ав-тономиясын құру туралы жобаға байланыс-ты РКФСР Ұлт істері Халық комиссариа-тына «Қырғыз (Қазақ) өлкесінің территориясы мен шекарасы» деген құжат ұсынылады. Олар қазақтың байырғы жерлерін бір ғана қазақ автономиясына беру мүмкін еместігін, бұлай істеу тек буржуазиялық ұлтшыл-дардың күшеюі мен билігінің кеңеюіне әкеліп соқтыратынын алға тартқан болатын. Сондықтан құжаттың авторлары Қазақ республикасынан Орал облысының Гурьев, Лбищенск және Орал уездерін, Торғай об-лысынан Қостанай уезін, Ақмола облы-сының Петропавл, Омбы, Көкшетау уез-дерін мүлдем шығарып тастауды ұсынды. Алдын ала ойластырылған осы маңыз-ды жұмыспен айналысу үшін облыстардан уәкілдер Орынбор қаласына шақырыла бас-тайды. Солардың арасында қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі, елімізді тәуелсіздігі үшін жан аямай күрескен «Алаш» партия-сының өкілі, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, ұстаз, белгілі ағартушы Әлімхан Ермеков та бар болатын.

Ол кезде Орынбор қаласы – Қырэскер-ревкомның және енді ұйымдаса бастаған республиканың орталығы болатын. Мұның алдында, яғни 1920 жылдың 4 маусымын-да Орынбор губерниялық атқару комите-тінің келісімімен Қазақстанға қосу тура-лы шешім қабылданғанын айта кету керек. Ал, 1920 жылдың 7-ші шілдесінде Орын-бор мен Торғай губерниялары біріктіріліп, Қазақстанның құрамындағы бір губерния болып бекітіледі.

Ә. Ермеков Орынборда Ертіс пен Жайық өзендері бойындағы алқаптарды оны әлім-сақтан бері неленіп келе жатқан казақтарға қайтару жөнінде, әзірге, қазақтар жерге ор-наласқанша орталық аймақтардан көшіп-қонуды тоқтата тұру туралы маңызды ұсыныс жасайды. Мәскеуге келгеннен кейін Қырре-вкомның өзге мүшелерімен араласа жүріп, Ермеков өзін іскер, алғыр, жан-жақты білім-ді, мәдениетті қайраткер ретінде көрсетеді. Соның нәтижесінде көп ұзамай Қырревком мүшесі әрі коллегия төрағасы болып сайла-нады.

1920 жылдың 9-10 тамызында Бүкілре-сейлік Орталық атқару комитетінің Төра-лқасы жанында барлық мүдделі мекеме-лер мен ведомстволардың жиыны болып, онда Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқаруға байланысты оның Ресей Федерациясымен шегарасы және өзара қатынастары тура-лы мәселе талқыланғаны белгілі. Жиынға Қырревкомнан С. Пестковский, Ә. Жангел-дин, А. Кулаков, А. Мырзағалиев, Ә. Әлібе-ков, П. Петровский, Қазақстанның облыс орталықтарынан – С. Милютин, Д. Теми-ралиев, Ә. Ермеков, Оразаев, РКФСР Ұлт істері Халық Комиссариатының көмекшісі, Түрккомиссариаты Орталық комитетінің мүшелері Г.И. Сафаров, Т. Рысқұлов және өзге де танымал тұлғалар қатысқан еді. Алайда, екі күнге созылған бұл мәжілісте болашақ Қазақ автономиясының террито-риясы мәселесі бойынша тиянақты шешім болмады. Ақырында 14-ші тамызда Қыр-ғыз (Қазақ) автономиялық республикасын құру және оның шегарасын белгілеуге бай-ланысты мәселені 17 тамызда В.И. Ленин-ің төрағалығымен өтетін БОАК мен ХКК-нің бірлескен отырысында талқыға салу жайлы шешім қабылданады. Осыған бай-ланысты Ә. Ермеков Қазақ өлкесінің жағда-йы мен оның шегарасын белгілеу бойынша Халық Комиссарлары кеңесінің мәжілісіне дайындалады. Бұл мәжіліс 1920 жылдың 17-ші тамызында Мәскеу қаласында өткен болатын.

Бұрындары В.И. Ленинмен телефон ар-қылы сөйлесіп (1918 ж. наурыз) таныс бол-ған Ә. Ермеков енді оның алдында баянда-ма жасауға мүмкіндік алады. Бұл жиында бірінші болып Кеңестік Түркістан республи-касында, әсіресе Жетісу өлкесінде жер реформасын жүргізу туралы белгілі ком-мунист Г.И. Сафаров баяндама жасаған. Ол, патша өкіметінің отаршылдық саясаты тұсында, әсіресе Столыпиннің басқын-шылық, озбырлық саясаты кезінде қазақ-тың өзен-көлдерінің жағасындағы шұрайлы жерлерін, жайқалған орман-тоғайлар мен құнарлы, қаратопырақты егістіктерін өздеріне қайтарып, ондағы орыс кулактарын көшіру көзделгенін алға тартқан болатын.

Сапарынан кейін сөз алған Ермеков өз баяндамасында Қазақ өлкесінің жалпы жағ-дайына кеңінен тоқталады. Каспий теңізі-нің терiскей жағасындағы ұзындығы 70-80 шақырымға, Нарын құмына дейін созыл-ған, шаруашылыққа типті шығанақ-бұғаз-дың орыс помещиктеріне зорлықпен эпе-рілгенін және Ертістің қазақ жеріндегі ағатын өне бойының екі жағынан он шақырым-нан қатарластыра кесіп алып, Сібір қазақ-орыстарына таратып берген жерлерді Қа-зақ республикасына қайтару керектігін баса айтады. Каспий – Атырау жағасындағы Астрахань жақ алаптағы бұғаз-шығанаққа тоқталып, осы аймақты Қазақ автономия-сына қосу мәселесін көтергенде бұл ұсы-ныска партияның көрнекті қайраткерлері Ш. Әлиева, Н. Брюханов, Н. Крестинский, Астрахань губкомының төрағасы ашық қарсы шығады. Бұл жерлерді қалайда Ре-сей құрамында қалдыруды көздеген олар: «...қазір Ресейде аштық әлі қабынып тұр. Атыраудың балығы – Мәскеуге, Петро-радқа кажетті азық-түлік. Сондықтан бұл алқапты РКФСР-де қалдыру керек!» – деп негіздейді. Ә. Ермеков болса: «... аймақта тұратын халықтың көпшілігі – қазақтар. Бұ-лардың негізгі кәсіптерінің бірі – балық ау-лау. Табыс табу үшін бұрын жалданып жұ-мыс жасайтын олар бұл жағалау өздерінің иелігіне көшсе, орталыққа беретін өнім-ді екі-үш есеге дейін арттырады!», – деп тұ-жырымдайды.

Осы тұста даулы мәселені біржола шешу үшін Ленин Астрахань губерниялық атқару комитетінің төрағасынан:

– Кәне, Сіз айтыңызшы, Каспийдің осы теріскей жағасындағы бұғазда тұратын ха-лықтың көпшілігі қазақ па, орыс па? – деп сұрайды.

– Владимир Ильич, қолымда дәлме-дәл санақ мәліметтері жоқ еді... – деп екіұшты-лау жауап береді ол.

– Жоқ, бізге дәлме-дәл санақ керек емес. Сіз шамамен осы жағалаудағы ел-жұрт-тың қайсысы көп, қайсысы аз екенін ай-тыңыз?! – деп нығырлай түседі. Астрахань өкілі мұндағы тұрғындардың көпшілігі қа-зақ екенін мойындағаннан кейін пролета-риат көсемі:

– Онда бұл мәселені дауласқа қоямын! – деп Атыраудың осынау жағалауын Қа-зақ автономиясына қайтарып беруді ұсын-ған екен.

Осы отырыста Каспийдің солтүстік жағалауына қазақты қайта қоныстандыру мә-селесі қойылып, Ертіс өзенінің бойындағы ұлан-ғайыр жер, Семей, Ақмола губерния-ларын қайтару талап етіледі. Бұл маңызды мәселеде жеңілу – қазақ жерін тілгілеумен пара-пар болатын. Өзінің шешендігімен, ас-кан білімділігімен өзгелердің мысын басып, дәлелді дәйектерді келтіре отырып сөз та-ластырған Әлімхан Әбеуұлының қабілеті-не Ленинің өзі риза болғанын байқаймыз.

Осы мәжіліске қатысып отырған Әлім-хан Бөкейханов сыртқа шыққаннан кейін Әлімханға: «Мен сен сөйлеп тұрғанда көте-рілiп-басылған жанартаудың үстінде отыр-ғандай күй кештім. Сөйлегендегі жалының бетімді шарпыды!», – деген екен ризашы-лығын білдіріп. Сол кездегі Сібір ревко-мының өкілі В. Соколов та естеліктерінің бірінде: «Қайратты қара шашы артына қа-йырылған, келбеті қазақтардан оқшаулау қазақ жігіті жалындай шарпып, аса құзыр-лы сөйлеп, ораторлық қисынды қабілетімен комиссияның назарын ерікті өзіне аудар-ды», – деп жазады.

Қазақ делегациясы үшін аса табысты болған осы отырыс жайлы Әлімхан Әбеу-ұлының өзі: «Өмірімің табысыма масаттана-ныл, риза болып шықтым. Делегация құра-мы менің қолымды алып, құттықтап жатты. Қарасам, Әлихан Бөкейханов жоқ екен. Бәрі-міз далаға шықтық. Қазақстан делегация-сының құрамында 15-тей адам бар болатын. Бәріміз Әлихан Бөкейхановты тостық. Ленин-мен пікірлесіп, әңгімелесіп қалған болатын. 15-20 минуттан кейін ғана гөбе көрсетті. Біз:

– Сталинге кіру үшін Сізді күтіп тұр-мыз?» – дедік. Ленин бізге қарап:

– Сталин не шешер дейсің? Оның аз білім, аз ойы көлемді емес. Қанша бір жетіскен жоба бар дейсің? Олай жасағанша өзіміз жеке шешкеніміз дұрыс! – деп кеуде-сін асық ұстап жүріп кетті. Кейін біл-геніміздей, Ленин Ленинге белгіленген шегараны тезірек бекітіп беру жайында өтініш айтып, оның қолдауын алып шық-қан екен», – деп жазады.

Ал, мәжілістің қорытындысын тағатсыздана күтіп отырған Алаш ардагері Ахмет Байтұрсынов: «Біздің Әлиханмен бес сағат сөз талластыруға шама-шарқы жеткен орыстың мынау сақау адвока-ты Владимир Ульянов адамзаттың төресі екен!», – деп деген ленес ел арасында көпке дейін айтылып жүрілі.

Осылайша, саясы кеппеген қазақ жері-нің жобасы негізінде 1920 жылдың 26 тамызы күні Владимир Ильич Ленинің қол қоюымен Қазақ АСР-ін құру жөнін-де көп күттірген декрет жарияланған бо-латын.

...Одан бері де қазақ жеріне сұғын қадаған жайлар аз болған жоқ. Әсіресе Н. Хрущевтің кезінде жеріміздің бөлшек-теп, таратып жіберуді көздеген жобалар-дың қолға алынғаны жасырын емес. Сон-ың нәтижесінде 15 пайыз жеріміз, атап айтқанда Қарақалпақ автономиясы мен Шыршық зоданы – Өзбекстанға, Елек пен Алтайдың Жаңатыр қыркасы – Ре-сейге беріліп кете барған. Соған қарамастан Қазақстан бүгіндері жер көлемі жағынан әлемдегі тоғызыншы мемлекет ретінде мойындалып отыр. Бұл, ең ал-дымен, Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ер-меков, Ахмет Байтұрсынов сынды Алаш арыстарының жанкиярлық ерлігі мен бі-лім-білігінің арқасында мүмкін болғанын кейінгі ұрпақ ұмытпауы керек!

АЛАШТЫҢ СОҢҒЫ КӨЗІ...

«Алаш» партиясы мен Алашорда үкі-меті мүшелерінің кейінгісі жаппай қуда-лауға ұшырап, бірді-екілісі болмаса түгел-дей қызыл қырғынның құрбаны болғаны тарихтан белгілі. Бұл пәубестен Әлім-хан Ермеков те тыс қалмаған. Қазақ ел-інің шаруашылық жайын қалыптастырып, ағарту жұмысымен белсенді түрде ай-налысқан ол Қарқаралыда мектеп ашып, Ташкент пен Алматыдағы жоғары оқу орындарында математикадан дәріс оқи-ды. «Ұлы математика курсы», «Қазақ тілі-нің математика терминдері» атты оқулық кітаптарын да шығарған Ә. Ермековтің қазақтан тұңғыш болып математика ғы-лымының докторы, профессор атағын ал-ғаны өз алдына бөлек әңгіме. Сонымен бірге, нағыз білім мен біліктілікті қажет ететін сала – Халық шаруашылығын жос-парлау комитетінде және өзге де жауапты мемлекеттік қызметтерді табысты атқар-ғанын көреміз. Соған қарамастан Әлім-ханның былайғы тағдыры құтыр-сұрғын-мен өткен екен. Од жайлы Әлекеңнің өзі: «Бұрын аз ұзақт Алаштa болған бізге жа-быспаған жала жоқ! Қазақстанның бір түкпіріңде әлдекім бұзақылық жасаса да, Қарақұмда, Маңғыстауда, Шұбартауда, Бақтыда, Баканаста ашыққан жұрт ереуіл-деп атқа қонса да, Жетісу жұрты Қытайға көшсе де, бір ауылда колхоз малы ұрланса да, тіпті біреу әменгерлік жолмен қос қа-тын алса да, газет-журналларда бір ауыз оғаштау сөз жазылса да, соның бәрін біз-ден көре бастады!» – деп жазды. Сол қы-зыл саясаттың тегеурінімен алдымен 1930 жылы қамауға алынып, Алаш зиялыла-рының көмегімен Мұхтар Әуезов екеуі бо-сап шығады. Алайда, көп ұзамай «халық жауы» деген айып арқалап, 1939 – 1947 жылдар аралығында абақтыға тоғытылған екен. Түрмеден шыққаннан кейін жазамен қайта ұсталып, 1958 жылы ғана ақталып, елге оралады. Осылайша, қазақтың бағы-на біткен біртуар ұлы өмірінің 18 жылын түрмеде өткізеді.

1957 жылы толық ақталғаны жөнін-де ресми құжатқа қол жеткізген Әлімхан Әбеуұлы Қарағанды Мемлекеттік техни-калық университетіне жұмысқа орнала-сып, өмірінің соңына дейін осында дәріс оқыған екен.

Қазақтың болашағы үшін жанын шү-берекке түйе жүріп күрескен «Алаш» пар-тиясының соңғы көзі, аса білімді әрі зия-лы Әлімхан Ермеков 1970 жылы өмірден озады. Сол кезде елімізде ешкім қара жа-мылмады. Қаралы митинг те өткізілген жоқ. Алаштың бағына туған ардақты аза-мат атаусыз, үнсіз жер қойнына тапсырыл-ды да, көп ұзамай ұмыт болды. Осы бір тарихи әділетсіздікті түзейтін уақыт әлде-қашан жеткен сияқты!

Алматы қаласы

◆ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

Парасат биігі

Мемлекеттік қызмет үлкен абы-рой, парасат биігінің бастауы болса, мемлекеттік қызметшінің басты мақ-саты – халыққа адал қызмет ету.

Егемендік алған сәттен бастап мемлекет-тік қызметті жетілдіруге бағытталған түрлі ре-форма жүргізілді. Уақыттың көші жылжыған сайын мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптар да барынша күшейтілді. Нәтижесін-де, бұл мемлекеттік қызмет сапасының артуы-на мол мүмкіндік берді.

Қандай да бір қоғамның әлеуметтік-эко-номикалық дамуында мемлекеттік қызмет-тің алатын орны ерекше. Ал мемлекеттік қыз-метшілер – билік пен бұқара халықтың арасын жалғайтын алтын көпір. Мемлекеттік қызмет-шінің жұмысы терең білімділік пен іскерлікті ғана емес, үлкен жауапкершілікті де талап ете-ді. Олардың ең басты міндеті – халыққа адал қызмет ету. Әрбір мемлекеттік қызметші осы қағиданы ең уақытта ұмытпауы тиіс. Себе-бі, әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы тікелей мемлекеттік қызметке байланысты. Нақты айтатын болсақ, ұлт мәртебесін көтеретін, ел абыройын асқақ-тататын мемлекеттік қызметкер болу – жауап-ты міндет.

Мемлекеттік қызмет қашан да мінсіз болуы тиіс. Ел мүддесі, халық игілігі бәрінен жоғары тұрғанда ғана нәтижелі жұмыс болады. Мемле-кеттік қызметші мемлекеттік билікті айнасы іс-петті. Оның ар-ожданы биік, әділетті, талантты ұйымдастырушылық қабілеті бар екендігін қо-ғам бағалайды. Халық сенімі мемлекеттік қыз-метшінің мемлекеттік қызметті қаншалықты сапалы көрсеткендігіне қарап нығаяды. Сондық-тан әрбір мемлекеттік қызметшінің халықтың мүддесіне қызмет етіп, көкейкесті мәселелерді заң шеңберінде шешуі талап етіледі. Дегенмен, кей-кейде мемлекеттік қызметшілер тарапы-нан болған келеңсіздіктер мемлекет абыройына нұқсан келтіріп жатады. Мемлекеттік қызметші «арды ойлаған азбайтынын» түсінсе, ешқандай да кемшілік болмайтыны анық.

Өз заманында Жүсіпбек Аймауытов: «Оқы-ғандар! Бұл уақыт – жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойланыңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай бол-са, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр», – деп келешек ұрпаққа үлкен сенім артып, соңына өшпес мұра қалдырған еді. Олай болса, артылған сенімге селкеу түсірмей, халық-қа адал қызмет ету – біздің басты міндетіміз екенін ұмытпайық.

Шынтас НЫСАНОВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департамен-ті әкімшілік басқармасының бас маманы

◆ БІЛІМ

УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Білім беру орындарында қашықтан оқыту, білімді бағалаудың барлық түрін қашықтан жүргізу жүйесіне ауыстыру – коронавирус індетінің таралуын тежеу үшін қабылданған нақты қадамдардың бірі екені бәрімізге мәлім.

Әлемге қауіп төндірген індеттің тара-луына байланысты қауіпсіздік шараларының бірі ретінде оқушыларға қашықтан сабақ беру өз уақытында қабылданған ма-ңызды шешім болды. Осы тұста қашықтан оқытудың әдістері, мәселелері, нәтижелері мен болашағы туралы бағдарламалар білім саласындағы әрбір маманды бей-жай қал-дыра алмайды.

Қашықтан оқыту – компьютер мен ға-ламтор желісін толық қажет етеді. Біз тап қазір осы жолды таңдауға мәжбүрміз. Де-генмен, мемлекет тарапынан қашықтан оқытуға қажетті барлық жағдай жасалғанды-ғы бәрімізді қуантты.

Оқушылардың білім алуы үшін «Бі-лім.kz», «Ел Ұміт» ағаларын, «Daryn.online», «Bilimland.kz» порталдарының көмегі зор. Мұғалім балаларды қашықтан оқытуға бастапқыда алаңдаушылық бі-лдірсе, кейін оқушылар үшін бейнесабақ-тар түсіріп, сабағын аскан қызығушылық-пен түсіндіре білді. Оқушылардың өзіндік білім алуға деген жауапкершіліктері ар-тып, өзін-өзі реттеу дағдыларын дамытты. Әлбетте, қазір ақпарат заманы. Қашықтан оқытуды жасарту мақсатында виртуалды кітапхана, электронды оқу құралдары мен электронды карталарды енгізуге болатын ақпараттық білім беру кеңістіктері ұстаз-дарға үлкен көмек көрсете білді.

Жұмыстан көп үзбей қолайлы уақыт-та кез келген жерде ақпараттық-коммуни-кациялық технологиялар көмегімен оқу арқылы өткен жылды оқушылар үлкен ны-ғаймен аяқтады. Біз бұл жүйені онлайн-оқытумен шатастырмауымыз керек. Қа-шықтық форматының ұтымы алдыңғы ауқымды және бірден бірнеше әдісті пай-далануға мүмкіндік береді. Мұндай фор-мат сабақты геймификацияларға (ойын түрінде өткізуге), өзін-өзі шынату деңгейін артыруға, ең бастысы, оқытуды дербестен-діруге мүмкіндік береді. Бұл – біз қол жет-кізуге ұмтылып отырған қажетті, әрі тиімді оқыту жүйесі.

Бұл жүйенің өзіне тән артықшылық-ты мен кемшіліктері де бар. Мысалы, жүйе-нің артықшылығы деп оқушының өзіндігімен жұмыс істеп үйренуін, ғаламтордан түрлі платформада жұмыс істеу дағдысын қалып-тастырғанын айта аламыз. Оқушылардың заман талабына сай ақпараттық-телекоммуникациялық технологиялар мен құралдарды қолданып, уақытты үнемдеп, ыңғайлы уа-қытта білім алуы жүйенің артықшылығы-на жатады. Оқушыларға білім алу үшін тер-риториялық шектеу болған жоқ. Олардың үнемі ата-ананың бақылауында болғандығы қауіпсіздік шарасының күшейтілгенін біз-дреді. Ал кемшілігі – көп тапсырмалардың игерілмей қалып қалуы. Бала денсаулығына кері әсер ететін ғаламтордың зияны өз алды-на бөлек тақырып.

Десек те, кемшіліктен қарағанда артық-шылығы көп болған бұл жүйені ерікті мен-герген ұстаздар мен оқушылар барынша жақсы нәтиже көрсетуге тырысты. Отан-дық телеарналар арқылы бейнесабақтар са-бақ кестесіне сай көрсетілді. Көптеген ірі платформа өз қызметтерін тегін ұсынғанды-ғы барымызды қуантты. Бұл жүйелі жұ-мысты, қарқы мәселесін біршама жеңілдет-ті. Қазіргі уақытта «Zoom» стримингтік сервисі мен «Coursera»-ғы платформаларының бәрі тегін қызмет көрсетуде. Ұстаздар «Google Classroom», «Hangout», «Күнделік», «Moodle» жүйелерін мез-келген уақыт-та тегін қолданып, өздеріне қажетті ақпарат-ты алуына мол мүмкіндік бар. «Bilimland» платформасы өзінің 40 мыңнан астам кон-тентін тегін ұсынғандығын ерекше атап өт-кеніміз жөн.

Бүгінде қашықтан оқыту жүйесі мұға-лім мен оқушы арасында тығыз байланыс орнықтыруға зор мүмкіндік берді. Енді жаңа оқу жылында да оқушылармен, олардың ата-аналарымен бірігіп қашықтан оқытудың сапалы жүйесін құра алатындығымызға сенімдіміз.

Қымбат ІРГЕБЕКОВА,
Ә. Байсалбаев атындағы орта мек-тептің информатика пәнінің мұғалімі
Түрар ауылы,
Қарасай ауданы

◆ АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

«Сердалы, сен де аман бол, қайран Саяқ»
ПЫШАН АҚЫН

ҚОС АРЫСТЫҢ ТАЛАЙЛЫ ТАҒДЫРЫ

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТЕКТІЛІК

Сан қатпарлы, сарқылмас тарихы бар Қараталдың XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында асыл киіп, жорға мінген, сұлу сүйген, бақуатты да мағыналы ғұмыр кешкен, есімдері ел аузында қазірге дейін сақталғандардың қатарында бір әулеттен тараған Сердалы қажы мен Саяқ болыстың аты құрметпен аталады. Біз бұл жолы да әдеттен озбай, ақиқаттан аттамай халық арасында бір-бірінен ажыратпай, егіз қозыдай жұптасып айтылатын қос арыстың ел-жұртына, туған жеріне жасаған жақсылығы мен талайлы тағдыры, кейінгі текті ұрпағы жайлы сөз қозғап, сыр бөлісуді ұйғардық.

Қойнынан Құраны, аузынан Алласы түспеген халқымыз әдетте «Тектіден текті туады, тектілік жолын қуады» деп ізгі жақсылардың бекзаты арғы тегі мен көспекті ата мен әжеге тартып туған, өзіне берік, кесек алып, ірі тұлғаның бергі ұрпағына сүйіспеншілік білдіріп, өзгелерге үлгі етері бар. Өміршең маңызы бар осы қағида әңгімемізге арқау болып отырған қараталдық Сердалы мен Саяқ сынды елім деп еңіреп өткен арыстардың төл табиғатына деп келеді. Бұл ретте театр мен кино саңлағы, Қазақстанның халық әртісі Бикен Ырымқызының (Рымова) естелігіндегі қажы атасының әріден тамыр тартатын, кезінде елкетанушы, ақын Т. Шәріпбаев ағамыздың Бикен тәтенің 80 жылдығына орай жазған «Ұмытпаймыз, Бикен апа!» мақаласындағы («Бастау», 26.12.2003ж.) кейіпкердің атитек тарату жүйесіне жүгінейікші. Бикен тәтеміз 1994 жылы авторға берген сұхбатында: «Біз Аңдас атамыздың екінші баласының алтыншы ұрпағы Қалқадан тараймыз. Ал Қалқаның алты баласы болған үлкені Дүйсембіден Тәйменке, Қайдауыл, Қаныжа өрбиді. Қайдауыл бабамыздың атақ-даңқын жауапкершілік заманда ту ұстап, тұлпар мінген Түрік мен Сауырық батыр және Ордағұл есімді ұлы аспандатады. Сол жауқұрек Сауырық батырдың әжеге тарткан Құлыншақ, Байшығыр, Қасқарау, Қарқабат, Байғабат, Жанғабат атты ұлдары да ержүрек болған деседі. Байшығаштың сегіз ұлы болған. Кенже ұлы Көпелен бес бала: Жүндібай, Бұланбай, Мұнарбай, Бердалы, Сердалы тарайды. Ал Сердалының кіндігінен бойының алыптығымен ерекшеленген, өмірден ерте озған Қаспақбай (көз көргендердің айтуына сүйенсек, өте сымбатты, бойы екі метрден асатын) мен менің әкем Ырым (Рым) және Құдайберген өрбиді», – деп ағынан ақтарылады. Байқап отырғанымыздай, Бұланбай атамыздың өз қатарынан оза туған ұлы Саяқ ағамыз сонда Сердалының інісі. Замана жүгін бірге көтеріскен, ел-жұртына қамқор қолын созудың жарқын үлгісін көрсеткен. Алайда тағдырдың құйынды дауылының тепірішін, дүрбелеңді Қазан төңкерісінен кейінгі қазақ қоғамын бай мен кедей, ишан мен сұпы деп бөлген, қолдан жасалған қиянат атаулының ауыртпалығын біркісідей көтереді.

Біздің тарих жылнамасынан білетініміз, Ұлы жүздің барлық рулары амалсыздан патшалық Ресейдің құрамына кірген, бодандығын қабылдаған соң (1866 ж.) құрамына Жетісу және Сырдария облысы енген Түркістан генерал-губернаторлығы құрылады. Патша әкімшілігінің жергілікті билеушілері әу баста қазақ даласын мекендеген мұсылман қауымының (татар, ұйғыр, өзбек, т.б.) дәстүрлі дінінің қанат жайып, жастардың діни мектеп пен медреселерде оқып, білім алуына, Мекке мен Мәдинеге сапар шегіп, қажылық парызын өтеуге мүмкіндік туғызады. Осындай жылымықты сәтті пайдаланған қойнынан Құраны, аузынан Алласы түспейтін Сердалы билік орындарының арнайы рұқсатымен сол тұстағы Қапал уезінен 1912 жылдың тамыз айында Жетісу облысы бойынша жасақталған жетпістей адамның құрамына еніп, бір қырдағы Меккеге аттанады. Топ жетекшісі міндетін Тастөбе өңірі, Ши болысының оқыған мен тоқыған мол, жанжақты білімді Ғалымбек Жұматайұлы болады.

Алланың сүйікті елшісі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың ізі қалған қасиетті жерге аттанып, 1913 жылдың наурызында туған жерге аман-сау оралған Сердалы атасын ел-жұртты қалайша күтіп алғандығын Бикен апамыз «Өмір белестері» естелік кітабының «Балалық шақ» бөлімінде (А. «Арыс» баспасы, 2003 ж.) «Сол жылы (1913 ж.) қар қалың түсіп, қыс қатты болып, халықтың қатты күйзелген кезі екен. Наурыз айының ескіше оны күні Ташкент қаласына жеттік деген Сердалы атамыздан хабар келеді. Бұл хабарды есті сала ағайын-туыс қарсы алуға шығады. Ішінде менің әкем Ырым да бар. Бастап келген ағасы Қаспақбай мен Саяқ болады. Олар 1912 жылдың тамызында Меккеге аттанған атамызды бұрынғы Верный (қазіргі Алматы) қаласы Өзбек көшесі, № 37 үйде өзіміздің Шара мен Халиша Жиенқұлованың атасы Баймолда мен Байбұланның отбасында күтіп алады», – деп сипаттайды. Тектінің ұрпағы, өнер тарланы Бикен апамыздың бұл естелігінен аңғарғанымыз, сол заманда қазақ даласынан қасиетті Меккеге жүрегіне имандылық ұялатып, ат арыта отырып барған діндар жандар: Аркадағы Құнанбай сұлтан, Жетісудағы Жәлменде би қатарынан көріне білген Сердалы болыстың айшылық жол жүретін алыс сапарға аттануы мен туған жерге аман-сау оралуының өзі көл-көсір қуаныш әрі шат-шадыман мейрам іспеттес бағаланған.



Бикен апамыз (үш жаста) әке-шешесі және туыстарының ортасында.

«Аллаға жағамын десең азаншыл бол, ағайынға жағамын десең қазаншыл бол» деген қанатты қағиданы жас кезінен бойына сіңіре білген және елі құрметтеп болыстық қызмет атқарған жылдары имандылық пен биліктің тізгінін тарази басындай тең ұстаған Сердалы қажы мен шоқтығы биік інісі Саяқ болысты турашылдық пен әділдіктің ақ жолынан айнымай халқының қалаулысы, елінің сүйіктісі бола білгенін күні кешеге дейін арамызда болған, кейінгіге ғибратты сөздерін қалдырған, кеудесі қазынаға толы қараталдық абыз ақсақалдарымыз: Сейдахмет Қожанов (1920-2016 ж.ж.), Ғабдол-Ләтіп Ғисанов (1924-2002 ж.ж.), кейінгі жас толқын өкілі, журналист, ақын Гүлайым Түстікбай (1960-2015 ж.ж.) мен Жетісудың жампозы, шежіреші, қаламгер Наурыз Қылышбаев ағамыз өз жазбалары мен ауызша әңгімелерінде жетер жеріне жеткізе баяндайды. Шынтуайына келгенде, біз жоғарыдағы қария мен қаламгерлердің ойын жүйелеп, бір арнаға тоғыстырдық. Кейінгі ынталы жастың ізденісіне жөн-жоба көрсетіп, жол аштық.

БАР ЖАЗЫҒЫ – БОЛЫС БОЛҒАНЫ

Қазақ сахарасына аты шулы, қанқұйлы Қазан төңкерісі орнағанға дейін жүзді қайырып, мыңды айдаған, сал-серілігімен елді аузына қаратқан болыс Пышан Жәлмендеұлы (1884-1921 ж.ж.) жазықсыз жаланың құрбаны болып, 1921 жыл Талдықорғанның түрмесіне қамалғанда жары Қайшаға арнаған қамығу жырында: «Сердалы, сен де аман бол, қайран Саяқ, жылаймын уайым қып сендерді аяп. Өкіметтің байқасаң заңы қатты, мен кеткесін сендерге тұр ғой таяп», – деп тағдыры ортақ, сыры бір қос замандасын әсіре белсенді большевиктердің қызыл жағалысы мен жергілікті шолақөтек атқа мінерлердің өктемдігінен сақтандырады. Қапастағы Пышан өз басынан кешкен қиындыққа сүйене отырып, жоғарыдағы ойын аяушылықты білмейтін қызыл өкіметтің «Аяғың бір нәрседен тайып кетсе, түрі жоқ жіберетін ешкімді аяп», – деп толықтыратыны тағы бар. Иә, сол тұстағы ақ алмастың жүзіндей лыпылдаған замана құбылысын, уақыт тамырын дәп баса білген және дала казағының басына үйірілетін, көзді жаска, көкіректі шерге толтыратын қаңқылы нәубеттің зардабын көреген жандай болжай білген Пышан сазгердің замандасы, сырласы Сердалы мен Саяқтың алдағы талайлы тағдырына білдірген топшылауы көп уақыт өтпей-ақ айна-қатесіз шындыққа айналады. Ең алдымен, қызыл жағалылар тықыры Сердалы қажыға таянып, үстем тап өкілі бай, діндар қажы әрі ел билеген болыс деген желеумен әр тараптан әркілы түртпек басталады. Биліктегілердің үсті-үстіне қарадай соқтығысуынан зәрезап болған Сердалы қажы ауыл ақсақалдарымен ақылдаса келіп, жасының ұлғайғандығын желеу етіп болыстың тізгінін мере інісі Саякка береді. Алайда 1925 жылдан бастап Қазақстандағы өлкелік партия комитетінің хатшысы қызметін қанды-қасап жағдайда атқарған Ф. Голощекин И. Сталиннің келісімі арқасында қазақ жерінде «Кіші қазан» саясатын бет-жүзге қаратпай іске асыруға кіріседі. Әдетте революция үстемдік құрған жерде нақақтан қан төгілері, қолдағы бар байлық атаулының тәркіленері, жазықсыз жандарға қуғын-сүргін басталары бесенеден белгілі. Арағa үш жыл салып, 1928 жылы етек-жеңі кең қазақ даласының әр өңірінде өмір кешіп келген, белгілі дәрежеде мал мен қазына мүлкіне ие болып отырған, ел арасында ықпалы бар мыңдаған бай адамдар арнайы тізімге алынып, мал-мүлкі орталық қазына үшін кәмпескеленеді. Тұтқындалып, жазаға тартылады. Отбасымен түгел дерлік басқа өңірлерге еріксізден көшіріледі. Міне, сол тұста қабырғалы Қаратал өңірінен сол қара тізімге қажы ағасынан болыстық лауазымын қабылдап алған Саяқ Бұланбайұлы да ілігеді.

Біз 2015 жылы облыс әкімінің қолдауымен жарық көрген «Қаратал ақтаңдағы» тарихи-танымдық кітаптағы «Бар жазығы болыс болғаны» жазбамызда басы дауға қалған, өрістегі мыңғырған малы мен тұрмыстық мүлкі тәркілеуге түскен қараталдық болыс Сақбай Тілегеновтың осындай ауыртпалыққа тап болуы жайлы баяндаған едік. Танымал жазушы Ж. Ахмадидің «Қазақстан Zaman» газетіндегі «Мұрағат – архив сөйлесе» мақаласында ҚР мемлекеттік орталық ұлттық архивінде 1928-1930 жылдары Қазақстан бойынша «компескіге» ілінген байлардың тәркіленіп алынған мал-мүлкіне қатысты құжаттар арасынан Қаратал ауданына тиесілі тұсы сипатталады. Сол құжаттың жеке кесте күйіндегі нұсқасына сүйеніп, Сақбай мен Саякка қатысты мәліметтерді оқырманға ұсынған едік. Онда Саяқ болыстың отбасы мүшелерінің саны, оның ересегі мен балалары, жалпы кәмпескелеуге деп ұйғарылған мал саны 545 (жылқы, түйе, ірі қара, майда малды қамтиды) деп көрсетілген. Мұнымен бірге, бағалау құны 900 сом тұратын екі киіз үй мен қыс қыстайтын саз балшықтан құйылған үйі де қоса тіркелген. Жанат ағамыздың шаң басқан архивтен анықтаған мұрағаттық құжатында (4 қор, 1 жазба, № 103 іс) біз сөз етіп отырған Саяқ және Сақбай болыспен қатар қара тізімге ілінген қараталдық А. Дикамбаев, Б. Абылайханов сынды аукатты жандардың есімдері де аталады. Мұндай жанкештілік еңбегі үшін Жанат ағамызға айтар алғысымыз шексіз.

Текті әулет саналатын Сердалы қажының немересі Бикен апаның «Өмір белестері» (2003ж.) кітабындағы «Балалық шақ» бөліміндегі естелігі мен журналист, ақын Гүлайым қарындасымыздың «Тәкен Саякұлы кім еді?» мақаласындағы Сақмырза Жүндібаев қарияның айтқан дерегіне сүйеніп тараткан мәліметке жүгінсек, үкімет тарапынан малмүлкі тәркіленген Саяқ болыс та жер аударылып, қуғынға ұшырайды. Бұл аздық еткендей, жергілікті билік Сердалы қажының баласы Ырым (Бикеннің әкесі) мен Саяқ болыстың ұлы Тәкеннің (Тәнірберген) ізіне шам алып түседі. Ырым 1928-1929 жылдардағы кәмпескенің тұсындағы асыра сілтеушіліктің салдарынан кінәлі деп танылып, Алматы түрмесіне қамалады. Бикеннің анасының күйеуіне кешірім жасау үшін 1930 жылы жоғарғы органға жазған арызы негізінде ұлт жанашырлары О. Жандосов, Т. Тастеміров, Қ. Құлайқұлұлының араша түсіп, көмектесуінің арқасында Ырым ақталып шығады. Елге оралғасын тұрақтай алмай, қырғыз асып, Бішкекті паналайды. Кейінде Бөрлітөбеге көшеді. Тұрмыс ауыртпалығымен Балқаш қаласын мекендейді. Бұл жерде де ізіне құғын түседі. Қамауға алынады. Ақыры ауруға шалдығып, көз жұмады. Ал Саяқұлы Тәкенге келсек, 1930 жылы болыс, бай баласы болғаны үшін жер түбіндегі Орынборға айдалады. Абақтыда отырады. Сотталған жерінен жұмысқа берілгендігі мен тәртіпті мінезі үшін мерзімінен бұрын ақталып шығады. Қазақстанға оралып, Шу қаласындағы теміржол мекемесінде жұмыс істейді. Шаңырағы шаттыққа кенеліп, қос ұлы Долда мен Сәмен дүниеге келеді. Бертінде елге оралып, 1953 жылы қазіргі Қарабұлақ кентіне қарасты Абай атындағы ұжымшарда шопан болып еңбек етеді. Қатарының алды, өндіріс озаты атанады. Өрісті ақтылы қойға толтырады. Зейнет жасына толған соң ата-бабасының туған топырағына – Қараталға оралады. Ұлы Долданың кіндігінен тараған ұл мен қыз – Әділ, Болат және Ғанижамал атты немеренің қызығын көреді. Әйтеуір, не керек, атасы мен әжесі үшін баласы жазғырылған қиын, күндер біртіндеп артта қалады. Бүкіл әлемді қаһарымен дүрліктірген КСРО-ның сірескен мұздай солақай саясаты ең алдымен жылымық, ал кейінде жариялылық желімен, демократия үрдісімен жібиді. Еліміз бабалар аңсаған Тәуелсіздікке қол жеткізеді. Ел жүрегінде мәңгі сақталған батыр мен қолбасшыларымыз, би мен шешендеріміз, ақын, сазгерлеріміздің есімдері (қатарында мыңғырған мал айдаған бай мен жұртқа шапағаты тиген болыс пен сұлтандар да бар) әспеттеліп, халықтық құрмет көрсетіле бастады. Шүкір дейміз Аллаға!

ТҮЙІН. Заманында атқарған ізгі қызметіне сай есімдері ел аузында қосарланып айтылатын Сердалы қажы мен Саяқ болыстың кейінгі ұрпақтары, немере, шөберелері де түпкі тегіне, бекзат болмысына тарта білді. Солардың қатарында жоғарыда аттары аталған сахна саңлағы, Қазақстанның халық әртісі Бикен Римова, құрылыс инженері, кезінде республика Парламенті Мәжілісіне баламалы жүйеде депутат болған, облыстық деңгейдегі басшылық қызметті абыройлы атқарған, әлі де ат үстінен түспеген азамат Болат Долдаұлы да бар. Әсілінде, жақсы тегіне тартады, көргені жақсы көш бастайды деген осы болса керек. Осылайша замана көші тоқтаусыз алға тарта бермек. Өткенімізді ілтипатпен еске алып, арыстарымызды құрметтей білейік, ағайын! Біздің ұстаным – тектілер ұмыт қалмасын, қасірет қайтып келмесін!

Қараша ҚАРАМАН,
өлкетанушы, журналист
Қаратал ауданы

◆ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫ

Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңа үлгідегі жаңғырудың басты шарты — өз мәдениетімізді, өзіндік ұлттық кодты сақтау», — деп атап көрсетті. Осы орайда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің археология, этнология және музеология кафедрасы маңызды жұмыстар атқаруда.

СҰРАНЫСҚА САЙ

Археология, этнология және музеология кафедрасы 1971 жылы сол кездегі университет ректоры Ө. Жолдасбековтың ұсынысы бойынша Қазақстанда ең алғаш тарих факультетінде ашылды. Бүгінде бұл кафедра республикада және оның сыртқы аумақтарында жоғары маманданған кадрлар дайындаудың негізгі орталығы саналады. Маманданған кафедраның ашылуына Қазақстандағы этноархеология ғылымының интенсивті дамуы әсер етті. Әсіресе XX ғ. екінші жартысында маманданған археологтар мен этногрофтар тарих саласы үшін өте қажет болды. Кафедраның құрылған күнінен бастап оны Қазақстандағы белгілі ғалымдар басқарды.

Кафедрада «Археология және этнология», «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтары бойынша жоғары квалификациялы мамандар даярланады және бұл мәселе бүгінгі күннің басты талабы болып отыр. Мамандар бакалавр, магистратура, докторантура деңгейі және сырттай оқу бөлімі бойынша оқиды. Аталған мамандықтардың қарастыратын негізгі нысаны – халықтардың этногенезі мен этникалық тарихы, этностың шаруашылық-мәдени типі, әлем халықтарының этникалық және этномәдени процестері, қазіргі Қазақстандағы этникалық топтардың этнографиясы, Қазақстан территориясын мекендеген тайпалардың археологиялық ескерткіштері және музей ісінің бүгінгі күнгі жағдайы мен ескерткіштерді қорғау мәселелері.

Мамандықтың білім беру бағдарламасы халықаралық стандарттар және нарықтың сұранысындағы өзгерістерге сай үнемі модернизациялануда. Археология және этнология саласы бойынша студенттер кәсіби білімін бекіту мақсатында Жамбыл облысы Шу ауданында орналасқан «Ортағасырлық Ақтөбе» қалашығы-базасында үш жыл қатарынан оқу және өндірістік тағылымдамадан өтеді. Кафедра студенттері, магистранттары және докоранттары ғылыми зерттеулерге араласады. Олар Ресей, Италия, Голландия, Франция, Германия, Түркия, Жапония, Қытай және басқа елдердің мамандарымен бірге ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бірлескен археологиялық экспедицияларға қатысады.

Қ. БАУДИЯРОВА,
Г. МЕЙІРМАНОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының аға оқытушылары, тарих ғылымдарының кандидаттары

◆ ҚОҒАМ

ЖАТ АҒЫМҒА ЖОЛ ЖОҚ

Облыстық дін істері басқармасына қарасты «Діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің діни экстремизм құрбандарын оңалту бөлімінің басшысы Нұрсейіт Үсіпбек Талдықорған гарнизонында орналасқан Десанттық шабуылдаушы әскери бөлімінде «Терроризм мен экстремизмге жол жоқ» атты кездесу өткізді.

Шара барысында қатысушыларға Ислам дінінің тарихы, маңызы мен қазақ руханиятындағы алар орны және жат ағымға ермеудің алғышарттары мен олардан келетін қауіп-қатер түсіндіріліп, адамзат өміріндегі діннің маңыздылығы сөз болды. Сондай-ақ, қазіргі жастардың діни білімді дұрыс алуына баса мән беру керектігі, кез келген мәліметті ой елегі мен сана сүзгісінен өткізу қажеттілігі айтылды. Қандай да бір діни сұрақ туындаған жағдайда облыста арнайы құрылған сенім телефонына хабарласу керектігі ескертілді. Атап айтқанда, «8 800 080 28 95» ұялы байланыс нөміріне хабарласып, дінге байланысты қанағаттанарлық жауап алуға болатындығы ұғындырылды.

Кездесу аясында «Террористік актілер және олармен күрес» атты бейнеролик көрсетіліп, терроризм мен діни экстремизм және деструктивті діни ағымдар жайлы толық түсінік берілді. Қатысушылар тақырыпқа байланысты өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, нақты жауап алды.

Алдағы уақытта да көпшіліктің көңілінен, зердесінен орын алатын бастамалар мен шаралар өз жалғасын табатын болады.

Жанат СЕМБАЕВ,
капитан, Талдықорған гарнизоны баспасөз қызметінің бастығы

◆ ҚЫС — 2020

Облыстық төтенше жағдайлар департаментінің өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметімен «Текелі энергокешені» ЖШС ғимаратында оқужаттығу дайындығы өтті. «Қыс — 2020» республикалық штабтық жаттығуына сәйкес дәл осындай шаралар аймақтың барлық өңірлерінде көрініс тапты.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ӨТТІ

Мәулен ӨНЕРБАЙ

Оқу-жаттығудың мақсаты – азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесінің және халықтың қысқы кезең жағдайында төтенше жағдайларды жоюға әзірлігі мен қабілетін арттыру, азаматтық қорғау қызметтері мен құрылымдарының әзірлігін тексеру. Тактикалық арнайы жаттығу кезінде «Текелі энергокешені» ЖШС қазандық объектісінің екінші деңгейдегі галереясында қысқа тұйықталу нәтижесінде өрт шығып, қазандық төбесіне өрттің таралу қаупі туындады. Өрт салдарынан қазандық қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына қауіп төніп, Текелі қаласының тұрғындарына жылу энергиясы берілмей қалу оқиғасы орын алды.

– Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметінің бөлімшелері қазандықтағы өртті жою, зардап шеккен қызметкерлерді қазандық ғимаратынан эвакуациялау бойынша дағдыларды пысықтады. Оқу-жаттығу барысында күйік белгілері бар, ішті газбен уланған адамдар ғимараттан шығарылып, жедел медициналық жәрдем бригадасына тапсырылды. Оларға дереу алғашқы медициналық көмек көрсетіліп, кейіннен ауруханаға жатқызылды, – деген облыстық төтенше жағдайлар департаментінің «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» мемлекеттік мекемесінің бастығы, азаматтық қорғау полковнигі Данияр Ыскаков адамдарды құтқару үшін альпинистік жабдықтарды қолданғанына тоқталды. Сонымен қатар, оқу-жаттығу өз деңгейінде өтіп, жеке құрамға қойылған мақсаттар орындалғанын айтты.

Оқу-жаттығуға облыстық төтенше жағдайлар департаментінің 39 қызметкері мен 10 бірлік техникасы, Аппаттар қызметі орталығынан 3 қызметкер мен 1 бірлік техника жұмылдырылды. Жедел медициналық жәрдем қызметінен 2 бригада жұмылдырылған міндетті жоғары деңгейде атқарып шықты. «Қыс – 2020» жаттығуы шеңберінде бүкіл облыс бойынша өрбіген оқу-жаттығулар күшейтілген санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып өткізілді.

Текелі қаласы

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Тәуелсіздік күніне орай Бесағаш ауылында Алаштың ақ туы үшін жанын пида еткен ұлт перзенттерінің рухына арналған ескерткіш ашылды. Тарихи іс-шараның ашылу салтанатына республикалық «Әділет», «Жастөсем ақиқаты», «Ұлт тағдыры» қоғамдық бірлестіктерінің мүшелері, тарихшы-ғалымдар мен Алаш арыстыларының ұрпақтары, ауыл тұрғындары қа тысты.



АЛАШОРДА ЕСКЕРТКІШІ АШЫЛДЫ

Ұлбосын ИСАБЕК

– Елбасы Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасының жарық көруі ұлт санасының сілкінісіне тың серпіліс берді. Алаш арыстарының бір ғана мақсаты болды. Ол – қазақ халқын отаршылықтан азат ету. Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан «Хан баласында қазақтың қақысы бар еді, тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп, бүкіл өмірін қазақ халқы үшін сарп етті. Алаш көсемдерінің әрқайсысы қазақтың ұлттық сана-сезімін дамытуға, ұлт болып ұйысуына үлкен үлес қосты, – деген Талғар ауданы әкімінің орынбасары Ахмет Ашимахұнұлы бабаларымыздың «төртеу түтел болса, төбедегі келеді» деген тәмсілін мысалға ала келе ауызбірлікте өмір сүріп, тәуелсіздіктің мәңгілік болуына тілектестігін білдірді. Сондай-ақ, осы ескерткіштің ашылуына атсалысқан ұлт патриоттарының еселі еңбектеріне аудан жұртшылығы атынан зор алғысын білдірді.

– Бұл отыз жыл тәуелсіз ел болғалы алашордалықтарға қойылған тұңғыш ескерткіш! Жалпы, қазақтың ұлт-азаттық қозғалысы «Алаш» деп аталатын. 1917 жылы 12 желтоқсан күні Орынборда өткен екінші жалпықазақ съезінде Алашорда үкіметі құрылған болатын. Содан бері бір ғасырдан астам уақыт болды. Бұл ұмытылмайтын, ұрпақтар жадында сақталатын күн, – деді тарих ғылымдарының кандидаты, алаштанушы, жазушы Бейбіт Қойшыбаев.

Алашорданың артықшылығы – кешегі келмеске кетті деп есептелетін Қазақ ордасының Алаш орда болып жаңғыруы. Міне, соған қызмет еткен Алаш қайраткерлері шын мәніндегі ұлт мемлекетін орнатудың шарттарын жасап, негізін қалады. Жалпы, ұлттық мемлекеттің қандай болуы керектігін, оның қандай жолмен ел қатарлы өркениетке жетуі жолдарын атап, бүкіл халыққа жариялап отырды. Осылай ой өрбіткен Бейбіт Қойшыбаев: «Оған алашордалықтар көп күш салды. Осы себепті, олар сталиндік репрессияға бірінші болып ілікті. Ел үшін басын бәйгеге тіккен Алаш қайраткерлерінің осында ұрпақтары келді. 1989 жылы «Әділет» ұлттық қоғамы құрылды. Содан бері ұлт-азаттық қозғалысының, репрессияның шындығын жеткізуде көп жұмыстар істеді. Соның бір көрінісі, осы ауданның Жаңалық ауылында Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған монумент пен музейдің ашылуы. Бүгінде жақсы жұмыс істеп келеді. Алашорда ескерткішінің де Талғар ауданынан ашылуы тарихи оқиға», – деді.

Келесі сөз кезегін алған «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев монументтің бой көтеруіне халықтың өзі, қоғам белсенділері тірнектеп ақша жинап, тер төккендігін айрықша атады. «Тәуелсіздік – ең басты байлығымыз. Әлихан Бөкейханов «мемлекеттігі жоқ халық – жетім халық» деген еді. Біз жетім емеспіз. Алаш арыстарының ерлігі зая кеткен жоқ», – деген Азат Перуашев жиылған жұртты қуанышымен құттықтады.

– Алашорда үкіметіне 100 жылдан асса да бүгінгі күнге дейін толық зерттеліп, нүктесі қойылмағанын білеміз. Алаштықтар жасап кеткен еңбек орасан зор. Олардың атымен жоғары оқу орындарын, қалаларды, спорт нысандарын, әскери бөлімшелерді атасақ та артық етпеген болар еді. Ескерткіш – елдігіміздің белгісі. Бүгінгі күнге дейін отарлаған орыс империясының ескерткіштері мен жер-су аттары аталған атауларды өзгерту тікелей біздің парызымыз. Осы жерден арлы-берлі өтіп, Калининнің ескерткішін көрген сайын бұл неғып тұр деген ой келетін. Соны алуды 2017 жылдан бастап көтердік. Оның орнына Алашорда көсемдерінің ескерткіші тұруы әділ де ақиқат іс болды. Осы ескерткішке атсалысқан әр азаматқа алғыс айтамын. Талғар аудандық әкімшілік аппаратына, әсіресе, аудандық мәдениет бөлімінің басшысы Фарида Бегембаевага өте ризашылығымды білдіремін. Ескерткішті абаттандыруға атсалысқан Бесағаш ауылдық әкімдігіне де алғысымыз шексіз. Ескерткіш жасалып жатқан кезде қарапайым адамдар да қолұшын берді. Тіпті, жолай өтіп бара жатқан азаматтың бізді танымаса да алашордалықтар үшін қуана құптап, комакты қаржы беріп кетуі сынды көмектер өте көп. Сонымен қатар, үлкен көмек жасаған «Ақ жол» партиясының басшысы Азат Тұрлыбекұлына, облыстық комиссиядан өткізуге атсалысқан Т. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ректоры Акан Әбдуәліге, бұрынғы министр Арыстанбек Мұхамедиұлына алғысымыз шексіз. Осылай ұлт мүддесіне жұдырықтай жұмыла қызмет етейік. Әлихан Бөкейханов атамыз айтқандай, «тірі болсақ, ұлтқа қызмет етуді ұмытпайық, – деді жоба авторы Бейсенғазы Сәдуұлы.

Сонымен, көптен күткен монументтің лентасы қиылып, алқызыл гүл шоқтары қойылды. Алаш арыстарының рухына ауданның тіл жанашыры, ұлт қайраткері Кәмнұр Тәлімұлы Құран бағыштады.

«Ескерткіштің үш қанатты болуы 1917 жылы үш жүздің азаматтары бірігіп, Алашорда үкіметін құрды дегенін мағынаны білдіреді. Басындағы шаңырақ – сол кездегі Қазақ үкіметі екенін көрсетсе, түсінің қара болғаны – алаштықтардың басына қара бұлт үйірілгені, ал ортасындағы қызыл түс – сол кездегі қызыл империяның белгісі», – дейді жоба авторы, «Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бейсенғазы Сәдуұлы.

«Алаш» идеясы бүгінгі қазақ елінің «Мәңгілік Ел» идеясымен сабақтасып, жалғасын тауып, рухани жаңғыруға бастап отыр. Халқымыздың ұлттық кодының бір тармағы осы Алаш құндылығында жатыр. Алаш қайраткерлерінің асыл арманы осы күні шындыққа айналды. Олай болса, Алашорда көсемдері аңсаған қазақ елінің әр таңы арайлап атып, тәуелсіздігіміз мәңгілік жасай берсін!

Талғар ауданы

◆КЕЛБЕТ

Әке– асқар тау

«Әкеңің ақ тілегін өтеу парыз, мен бүгін әкемді ойдан толғанамын» деп өлең жолдарында айтылатындай, ұямыздан бауырымызды ұшырған, қанатымызға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай мәпелеп өсірген, біздер үшін кеудесін тағдыр тасына төсеп, еңбек майданының ортасына түскен ақылы – дария, кеудесі – кемел асқар таудай ардақты әкеміз Қазыбек Зәбиұлы ТҰНҒАТОВ бүгінде алпыстың асуынан алқынбай өтіп, 70-тің жотасына шығып отыр.

Өңіріміздің Бірінші май ауылында туып, Тастөбе елді мекенінде бірінші сыныпқа барған, Ленин атындағы ұжымшарда мектеп бітіріп, Шұбар ауылшаруашылығы оқу орда-сында білім нәрінен сусындаған, техника біткеннің қыр-сырына қанығып, құлағында ойнаған, «Абай» кеншарында кара жердің қыртысын жарып, камбаны дәнге толтырған, жусан иісі аңқыған сайын дала төсіне шалғы салып, төбе-төбе мая тұрғызып, озық механизатор атанған әкетайымыздың ауыл казынасын толтыруға сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Еңбек жолын екпінді жұмыспен бастаған ол көп ұзамай машина-трактор паркінің тізгінін ұстап, ұзақ жылдар бойы осы салада абыройлы қызмет атқарды. Жігіттіктің 25 деген шағында көрші Калпе ауылының тұр-сипаты келіскен Бібізада қосынды бойжеткенімен бас қосып, отау тікті, шаңырақ көтерді. Артынша, «тағдырдың пендесі жоқ жылатпаған» демекші, Алланың жазуымен әке-шешеден айырылып, құдай қосқан қосағымен артындағы үш інісі мен қарындасын қамқорлығына алып, әке орнына әке, шеше орнына шеше бола білді. «Адам түгіл ағаш та сүйемел боп, орман да бірін-бірі құлатпаған» деген тәмсілге сүйене бар күш-жігері мен мейірімін іні-қарындастарының аяққа тұрып кетулеріне жұмсады. 1990 жылдардың қиын-қыстау кезеңінде: «Алтын-күміс тас екен, арпа-бидай ас екен» деп Елтай елді мекенінің шетіне тас диірмен орнатып, ұн тартты. Ауыл жұрты бұл істі оң бағалап, ризашылықтарын білдірді. Сонымен қатар, «қимылдаған қыр асады» деген ұранмен «Шаруа қожалығын» құрып, ауылшаруашылығы өнімдерін өндірумен айналысты. Оның үстіне, бармағынан бал тамған шебер болғандықтан «тасты да қолы білген ұйдай илер» деп темірден түйін түйді, ағаштан ою ойды, яғни парық жағдайына бейімделіп, ақ адал өмір сүрді.

Үш қыз, екі ұл тәрбиелеп, тоғыз немере сүйді. «Әуелі керек нәрсе – білім деген, білімсіз ілтипатқа ілінбеген» деген қағидаға нық артып, барлық балаларының жоғары білім алуына қол жеткізді. Асыл әке, өмірінің жалғасы, іші-нінен бұтақ жайған ұрпағының өсіп-өніп берген тағылым мен тәлімінің арқасында өмірден өз орындарын тауып, жемісті еңбек етуде. Сіз болсаңыз өз ортаңызда мағыналы өмір сүріп, біздерге үлгі-өнеге бола білдіңіз, абыройлы әке, үлгілі отағасы, білікті маман атанып, қандайда қадір-құрметке лайық екендігіңізді көрсеттіңіз.

Жан әке, мерейлі тойыңыз құтты болсын! Ортамызда аман-есен жүріп, құдіретті 100-дің биігіне көтеріліңіз! Әрқашанда анамыздың қасынан табылып, балаларыңыз бен немерелеріңіздің және шөберелеріңіздің қызығына бөленіңіз!

ІЗГІ НИЕТ, ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСПЕН: ҰЛ- ҚЫЗДАРЫҢЫЗ, НЕМЕРЕЛЕРІҢІЗ.

◆ДИДАР

Осы бір қараганда қарапайым көрінетін сөздің астарына үңілер болсақ, онда терең мән-мағына мен қасиетті ұғым жатқанының куәсі боламыз және мектеп бітіргенімізге 46 жыл толса да осы сөзді естігенде санамызда олардың мейірімге толы бейнелері жаңғырып, жүрекке жағымды жылу әкеледі екен. «Мектеп – білім тірегі, ұстаз – оның жүрегі» дегендей, жүрексіз өмір болмаса, мұғалімсіз білімнің, тәрбиенің іске аспайтыны белгілі. Сондықтан бәріміз ұстазға өмірлік қарызбыз, өйткені, ол тек білім беріп қана қоймай, соныменқатар, бізді қоғамдағы өмірге дайындап, мейлінше тәрбиелеп, өмірдің нақты тұтқасын ұстауға өзінің зор үлесін қосуда.



Ұстаз– ұлы есім

Ұстаздыққа байланысты қозғалатын бүгінгі әңгіменің арқауы 1970 жылы Абай атындағы Қазақ педагогика институтының (қазір ҚазҰПУ) математика факультетін ұзақ бітіріп, біздің бағымызға қарай Қорам орта мектебіне математика пәнінен мұғалім болып келген Жайнахан апай Бекмұханбетова жайлы өрбімек. Алматы облысы, Бақанас ауылының тумасы Жайнахан апайдың әкесі Омархан да математика пәнінен сабақ берген ұстаз, ауыл орта мектебінің директоры болып қызмет істеген. Апай биылғы жылдың 24 желтоқсанында, Құдай бұйырса, 73 жасқа толады және сол елеулі күнге байланысты оның өнегеге толы өмірі жайлы қысқаша мақала жариялауды жөн көреміз.

Алдымен аздап шегініс жасап, тарих қойнауына үңілер болсақ, 1960-шы жылдардың басында Шелек ауданында алқакотан орналасқан 4 ұжымшарды біріктіру арқылы Қорам батыр атындағы село құрылып, онда қазақ, орыс және ұйғыр тілдерінде сабақ жүргізетін орта мектеп ашылған болатын. Сол мектепке ұстаздықтың қиын да қызық сүрлеуіне түскен жас мұғалім өмірлік жолдама алды. Алғашқы жылдары мектепте ақыл-кеңес берер аға буынның табылуы және Жайнахан апайды өз ұжымына аса мейірімділікпен тарта білуі ол үшін үлкен олжа болғанын айта отыру қажет. Білікті де тәжірибелі мұғалімдерден жасақталған ұстаздар ұжымы осы мектептің негізін салғанын атай отыруды қажет деп санаймыз. Ол ұжымның ішінде Ырсалды апай мен Мәулен ағай Ахметовтер, Рима апай мен денешынықтыру пәні мұғалімі Тоқтасын ағай Тұяқовтар, физик Мариям Тамашаева, тарихшы Зарқымбек Исабаев, химик Әркін Ыдырысов, математик Әлтай Сәтімбеков, биолог Баки Масимов, химик Фарида Ахметова, географ Несіп Қоқымбекова, қазақ тілі мен әдебиеті мамандары Перзене Бейбітбаева мен Мұңсыз Нарықбаева секілді өз мамандығына берілген білікті ұстаздарды атауға болады. Бұл ұстаздар Жайнахан апай сияқты жаңа келген жас мұғалімдермен өздерінің бай тәжірибесімен бөлісіп, ұрпақтар арасында «алтын көпір» бола білді және мектеп тарихында алтын әріптермен жазылатын ұлы ұстаз атына аса лайық жандар болып саналады.

Осындай «құнарлы топырағының» берері мол білім ордасына келген жас мұғалім өзіне тиесілі математика пәнінен дәріс бере отыра оның бәрімізге белгілі қиындығына орай қарапайым мысалдар арқылы мейлінше ұғынықты етіп жеткізетін еді. Ұстаз бен ананың мейірімі пара-пар келеді демекші, апай әшейінде қатал көрінгенмен сабақта аса мейірімді, оқушыларды жақсы көретін және ең маңыздысы – әділ болатын, сабақты нашар оқығандарға қосымша дәріс өткізетін. Ол өз әріптестері арасында қашанда білікті білімімен, беделді парасат-пайымымен, зор адамгершілігімен, әрдайым ізденістегі шығармашылығымен, талғампаздығымен танылды. Оның қарапайым да сыпайы киім киісі, мәдениетті сөзі, әдепті жүріс-тұрысы, жинақы іс-әрекеті, білімі шәкіртке де ата-анаға да, жұртшылыққа да өнеге болып табылды. Айта кетерлік жайт, апай өтірік-өсекке жаны қас, бұқпай, тіке сөйлейтін мінезі бар және тумысынан өте ширақ, шапшаң қимылдайтын ерекше туған жан. Осы қасиеттері арқылы ол кезінде баскетбол, шахмат, дойбы, тоғыз-құмалақ ойындарын дағдыға айналдырған және жақын араласқан жандардың айтуынша домбыра шертіп, өлең-жыр жазатын өнері де бар. Бұл өнері атақты математик Софья Ковалевскаяның: «Ақынжанды болмаған адам математик те бола алмайды», – деген сөзімен әдемі үйлесім тауып, екі қасиеттің апайдан табылуын растап тұрғандай әсер қалдырады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап еліміздің білім ордаларына егемендіктің ертеңін ойлар білімді де саналы, Отанын, туған жерін, ұлтын сүйетін ұлтжанды, парасатты азаматтар тәрбиелеу мақсаты тұрды. Осы жұмысқа құлшына кіріскен мектептегі мұғалімдердің ішінде Жайнахан апай алдыңғы шепте болды. Өйткені, оның туа біткен мінезі үнемі алға жетелесе, сонымен бірге 1974 жылдан зейнеткерлікке шыққанша ширек ғасыр мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ретіндегі қызметі оған үлкен жауапкершілік жүктеді. Апай өз кәсібін, пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін. Осы іске деген қызығушылық пен сүйіспеншілік оны небір қиын әрекеттерге жетеледі, іске батыл кірісуге септігін тигізді.

Осылай заман талабына сай жас ұрпақтың санасына тәрбие мен білім беру бағытында тынымсыз еңбек етіп, үздік қабілеттілігімен даралана білген ұжым жетекшісінің марапаттары жетерлік. 48 жылға жуық ұстаздық еткен еңбегі бағаланып, ол бірнеше рет аудан, облыс Грамоталарымен, ҚР Оқу министрлігінің Құрмет грамотасымен және «ҚР білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды

№ 7 (18859) Зенсбі, 16 Қаңтар 2021

@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

№7 (18859) 16 қаңтар, 2021 жыл

ЖАҢА БАҒДАРЛАМА ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Туризм саласы бойынша Алакөл жағалауында инженерлік инфрақұрылымды дамытуға көп көңіл бөлінбек. Ақши ауылында демалыс аймақтарының аумағын кәмтіп отырып сумен жабдықтау, су бұру жүйелерінің құрылысы басталды. Жағалауды бекітуге арналған қоршау бөгеті салынуда. Бір сөзбен айтқанда, Алакөл жағалауының халықаралық курорттардың кем түспеуі үшін барлық шаралар қабылдануда. Бұдан басқа, Балқаш, Көлсай және Қайыңды көлдеріне дейінгі автожолдарды қайта жаңарту жүргізілуде.

Тағы бір басымдық – Алматы тау кластері болып табылады, оның шеберінде Талғар, Еңбекшіқазақ аудандарында заманауи тау шаңғысы курорттары салынады. Жалпы, туристік ағын 2025 жылға қарай 3,5 млн. адамға жетеді, бұл бюджеттің кіріс бөлігіне қомақты үлес қосатын болады.

Бағдарламаның екінші бағыты – жайлы және қауіпсіз өмір құру. Мұнда халықтың тұрғын үй мәселесін шешу көзделген. 2021-2025 жылдары облыста шамамен 5 млн. 400 мың шаршыметр тұрғын үй салу жоспарлануда, оның ішінде «Нұрлы Жер» бағдарламасы аясында – 1,1 млн. шаршыметр. Сондай-ақ, 58 мың пәтерлік бір мыңнан астам коммерциялық үй салынады, оның 5 мыңы «7-20-25» бағдарламасы бойынша іске асырылады. Тұрғын үймен үш мыңнан астам алеуметтік осал және 5527 көпбалалы отбасы қамтамасыз етілмек.

Бағдарламада халықты сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге ерекше көңіл бөлінген. 9 ауданның 33 ауылына орталықтандырылған су жүйесі салынады, 72 ауылда су желілерін жөндеу жұмысы жүргізіледі. Нәтижесінде орталықтандырылған сумен 2023 жылы қалалар, 2025 жылы ауылдар 100 пайыз қамтамасыз етіледі.

Газдандыру бойынша Ақсу, Сарқан, Алакөл, Кеген және Райымбек аудандарының 195 елді мекенін қамти отырып, «Талдықорған-Үшарал» және «Шелек-Кеген» магистральдық газ құбырларын салу жоспарлануда. Нәтижесінде газдандыру мүмкіндігіне 1,6 млн. тұрғын немесе бүкіл халықтың 76 пайызы ие болады.

Бағдарламада жергілікті жолдарды жаңартуға да көңіл бөлінген. Бес жыл ішінде төрт мың шақырымнан астам жолды қайта құру және жөндеуден барлық түрімен қамту көзделіп отыр. Осының есебінен 118 ауылдағы жолдардың сапасы жақсарады. Ондағы мақсат – жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті жолдардың үлесін 2025 жылға қарай 100 пайызға жеткізу.

Сондай-ақ, бағдарламада қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіп мәселелері көрініс тапқан. Қылмысты азайту мақсатында Талдықорған, Текелі қалалары мен 14 ауданның қоғамдық орындарында 1736 бейнебақылау камералары орнатылады. Жыл сайын кемінде 30 патрульдік автокөлік сатып алынады.

Ауылдық елді мекендерді дамыту негізгі мақсат болып табылады.

Бұл орайда инженерлік инфрақұрылым мен әлеуметтік нысандарды жаңартуға да қолға алынбақ.

Бағдарламаның үшінші бағыты – өмір сүрудің жаңа сапасын қамтамасыз ету. Бұл орайда бес жыл ішінде 260 мың жұмыс орнын құру арқылы халықты жұмыспен қамту шаралары көзделмек.

Бұған «Еңбек» бағдарламасы да ықпал ететін болады, жыл сайын 30 мыңнан астам адам қамтылады. «Жас кәсіпкер», «Бастау бизнес» жобалары бойынша 5 жарым мың жас оқытылып, жұмысқа орналастырылады. Осылайша, 2025 жылға қарай жұмыссыздық деңгейі 4,5 пайызға дейін, жастар жұмыссыздығы 2,5 пайызға дейін төмендейді.

Білім беру саласында үшауысымды және бейімделген мектептердің мәселесін шешу жалғастырылады. 2022 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдармен қамту деңгейін 100 пайызға дейін жеткізу жоспарлануда.

2025 жылға дейін облыста денсаулық сақтау саласында тағы 62 нысан салу көзделіп отыр. Дәрігерлер тапшылығын жою үшін (381) медициналық жоғары оқу орындарының 122 түлегі тапшы мамандықтар бойынша резидентурада оқытын болады. Жыл сайын әкімнің гранты 260 мектеп түлегіне беріледі.

Бұқаралық спортты дамытуда 2025 жылға дейін 58 спорт нысанының құрылысын салу жоспарлануда, халықтың спорттық инфрақұрылыммен орташа қамтамасыз етілуі 1000 адамға шаққанда 60 пайызға дейін ұлғаяды.

Бағдарламаны жүзеге асыруға 3,5 трлн. теңге қаралтырылып отыр, оның ішінде 2 трлн. 300 млрд. теңге бюджет, 1 трлн. 200 млрд. теңге жеке қаражат есебінен.

Сессия жұмысын қорытындылаған облыс әкімі Амандық Баталов мақсат ел сенімін ақтау, Елбасы мен Президентіміз алға қойған міндеттерді абыроймен жүзеге асыру екеніне тоқталып, жуырда өткен Парламент Мәжілісінің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың сайлауында белсенділік танытқан Жетісу жұртшылығына алғысын білдірді.

– Сайлауда жетістіктер бірлік пен ауызбіршіліктің жоғары деңгейін көрсетіп, «Nur Otan» партиясына саяси көшбасшы ретінде сенім білдірді. Азаматтық белсенділік танытқаны үшін облыс халқына шынайы алғыс айтамын және депутаттық корпустың жаңа құрамының сайлануымен құттықтаймын. Сіздердің әрқайсыларыңыз өңірдің дамуына және жетістіктердің өмір сүру сапасын көтеруге өз үлесін қосады деп сенемін, – деген облыс басшысы депутаттар құрамында кәсіпкерлердің және жастардың құрамы артып отырғанын қуанышпен жеткізді. Бұған дейін халық қалаулысы ретінде белсенді еңбек еткен облыстық мәслихат сессиясының 5-6 шақырылым депутаттарын Құрмет грамотасы және Алғыс хатпен марапаттады.

Сессиядан соң облыс басшысы мәслихаттың жаңа сайланған хатшысы Жанболат Жергенбаевты жұмыс кабинетінде құттықтады. Бұған дейін «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары лауазымын атқарған Жанболат Әкебайұлының мол тәжірибесінің бар екенін айтып, алдағы жұмысына толағай табыс тіледі.

Жанболат Әкебайұлы еңбек жолын Кеген ауданында Қарқара ет және сүт комбинатында бастаған. Әр жылдары Талғар ауданындағы ауыл әкімшілігінде жұмыс істеп, бірқатар аудан-қала орталықтарында әкім орынбасары қызметін атқарды. «Елді Ақсу», «Ақсу», «Қарасай құрылыс» ЖШС мекемелерінде жауапты басшылық қызмет істеді. 2019 жылдың желтоқсан айынан бастап «Nur Otan» партиясы Алматы облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары болды.

Бұдан соң «Nur Otan» партиясы облыстық филиалының төрағасы Амандық Баталов партия филиалы Саяси кеңесі Бюросының ұсынысымен және партия Жарғысының 9.3 тармағына сәйкес «Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Бауыржан Байбектің бұйрығымен Гүлнәр Кожағұлқызы Тойлыбаеваны партияның облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасары лауазымына тағайындап, мол сенім артты.


Бұған дейін, 2016 жылдан бері аталған саяси ұйым төрағасының орынбасары лауазымын атқарған Гүлнәр Тойлыбаеваның партия қызметіндегі жұмыс өтілі 13 жыл. Еңбек жолын 1989 жылы Қарабұлақ кенті Киров атындағы мектепте ұстаздық қызметтен бастап, Ескелді аудандық ішкі саясат бөлімінде бас маман қызметін атқарған. 2007 жылдан облыстық «Nur Otan» партиясында саяси жұмыс, ұйымдастыру-бақылау бөлімдеріне жетекшілік етті. Облыс әкімі, облыстық партия филиалының төрағасы Амандық Баталов Гүлнәр Тойлыбаеваны жаңа қызметке тағайындалуымен арнайы келіп құттықтап, сәттілік тіледі.

✓ТІЛШІ ТОЛҒАМЫ

Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. Осының бәрі халықтың есінде сақталып, ұрпақтан ұрпаққа берілуге тиіс.

Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті

ЗҰЛМАТҚА КІМДЕР КІНӘЛІ?



ХХ ғасырдың алғашқы жартысы халқымыз үшін ең бір қатерлі, қиын-қыстау кезең ретінде тарихта қалды. Қазақстанның бүкіл аумағында басталған ұлт-азаттық көтерілістері мен оның ізін ала орын алған ауқымды жазалау операциялары, қазақ халқына да ауыр зардабы тиген ақ пен қызыл қырғыны, күштеп ұжымдастыру мен оның ізін ала келген ашаршылық алапаты, ұлт зиялыларын баудай түсірген репрессия нақ осы кезеңге тұспа-тұс келді. Соның салдарынан миллиондаған жұртымыз қырылып, миллиондаған қандасымыз жер бетіне тарыдай шашырап кетті.

Нұсіпбай ӘБДІРАХЫМ

Кеңестік заманда халқымыздың бір бөлігін жер бетінен жойып жіберген ашаршылықтың өзі бөлек әңгіме. Бірқатар тарихи деректерге көз салатын болсақ, 1920-1930-жылдары қазақтар 4-4,5 млн. адамынан айырылған. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында атап өткендей, осынау ашаршылық мәселесіне әлі күнге дейін мемлекеттік тұрғыдан баға берілген жоқ.

Біз бұл жерде сол жылдары елімізде орын алған ашаршылықтың жай-жапсарына егжей-тегжейлі тоқталуды мақсат етіп отырған жоқпыз. Оның сол кеңестік кезеңнен бері ресми түрде айтылып келген себебі белгілі – қазақ жерінде Ф.И. Голощекиннің басшылығымен жүргізілген солақай саясат, жығылғанға жұдырық болған ауа райының қолайсыздығы, т. б. Солай-ақ болсын дейік... Бірақ бұл жерде бізді тұтас бір халық қынадай қырылып жатқан кезде Одақ тарапынан сонша уақыт бойы неге көмек ұйымдастырылмады, Сталин жетекшілік еткен КСРО басшылығы сол кезде нені күтті дегендей сұрақтар мазалайды.

Бірқатар замандастарым: «Мұның бәрін Сталин білген жоқ, ашаршылықты да, репрессияны да оның бер жағындағылар жасады» деп мұртты көсемге шаң жуытқылары келмейді. Бұған орынды уәж айтуға болады. Мемлекет те отбасының үлгісімен құрылған десек, ешкім таласа қоймас. Сол отбасында бірнеше жыл қатарынан не болып жатқанын білмегені үшін отағасын ақтап алуға бола ма?

Отбасындағы бақытсыздықтың отағасының жауапсыздығынан (ақымақтығынан, аңғалдығынан, т.б.) орын алғандығын біреуге дәлелдеп жатудың қажеттігі бар ма? Бір Одақтың ішіндегі Қазақстанда ғана емес, жердің түбінде болып жатқанның бәрін біліп отырған құпия қызметі бар, қалыптасқан мемлекеттік аппараты бар басшылық өздеріне қарасты бүтін бір халықтың қынадай қырылып жатқанын, байтақ даланы алапат аштық жайлағанын қалай білмейді? Бір-екі ай мөлшерінде көмек үлгере алмауы мүмкін, ал үкіметтің бір-екі жыл мөлшерінде әрекетсіз, сыртқа ғана бақылап отырғанын қалай түсінеміз?

Осыған орай өзіміз кезінде мектеп бағдарламасында танысқан белгілі картина ойға оралады. Арал балықшыларының Волга бойындағы ашыққан тұрғындарға вагондап балық жіберіп жатқан көрінісін ағa ұрпақ өкілдері ұмыта қоймаған болар. Ондай көмек ашыққан қазақтарға неге дер кезінде ұйымдастырылмады?

Осы жақында ғана әлеуметтік желіден жаға ұстатар деректерді құлағым шалып қалды. Алапат аштықтан қазақтар баудай түсіп жатқан 1931 жылдың төртінші тоқсанында Мәскеуге Одақтың әр түкпірінен 80 мың тонна ет жөнелтілген екен. Соның жартысына жуығы, яғни 35 мың тоннасы қайдан дейсіз ғой? Әрине, Қазақстаннан. Дәл сол мезгілде Ленинградқа жіберілген 24 мың тонна ет те Қазақстанда дайындалған. Елдің өзі ашығып, көзі қарайған кезде осыншама мал етінің орталыққа жөнелтілуі қатыгездіктің, жауыздықтың шегі демеске лаж жоқ.

Қасым-Жомарт Кемелұлы өз мақаласында атап өткендей, ғалымдардың арасында да ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы нақты пайым жоқ. Бір ғалымдар халықтың үштен бірі опат болды десе, енді бірі халықтың жартысынан астамы қырылды деп тұжырымдайды. Бұл орайдағы қайғылы деректерді нақтылау, әрине, ғалымдардың, зерттеушілердің еншісіндегі мәселе. Бірақ, қалай дегенмен де бейбіт заманда, айналасындағылар аман-сау, бақуатты тірлік кешіп жатқан кезде осыншама қандасымыздың қырылуы естілмеген сұмдық жайт.

Аштық басталған кезде Алматы облысының Балқаш ауданында сол кездегі санақ бойынша 62 мың адам тұрған екен. Аштық аяқталған шақта соншама адамнан 12 мың ғана тұрғын қалған. Демек, аштан қырылғаны бар, талғажау болар тамақ тіпті босып кеткені бар, бір ғана ауданның халқы 50 мың тұрғынға кеміген. Қырғауылы мен қояны қойдай өрген, басқа да аңқұсы бар, өзен-көлінде балығы тайдай тулаған Балқаш ауданындағы жағдай мұндай болғанда басқа өңірлердің жайын көзге елестете беруімізге болады.

Сол кездегі сұмдық жайттар жайлы жазылған естеліктерді оқығанда, қариялардың әңгімесін тыңдап отырғанда үлкен бір отбасынан бірнеше баланың ғана тірі қалғаны жөніндегі деректерге жиі кезігеміз. Сондай әңгімелерге қарағанда аштық алапаты кезінде қандастарымыздың жартысынан астамы қырылды деген тұжырым қисынға келетін тәрізді.

Соңғы бір жылдары Балқаш ауданында журналистік қызмет атқарған кезімде көзі қарақты қариялардан: «Табиғаты осыншама бай өңірде де адамдар аштан қырылыпты. «Өзен жағалағанның өзегі талмайды» деуші еді ғой, адамдар сол кезде балық та ұстай алмай қалған ба? Ең болмаса тұзақ құрып неге қоян ұстамаған, неге қырғауыл атпаған?» деп сұрағаным бар. Сол кезде қариялар терең күрсіне отырып өкіметтің мойынсерік, яғни колхоз құрамыз деп балық, аң аулайтын ау-құралдардың барлығын жинап алғандығын, кейін сол құралдарға ешкімнің қолы жетпей қалғандығын айтып еді. Шолақ белсенділер қыстың сақылдаған сары аязында шұғыл түрде қой жүнін өткізу бойынша салық төлеуді талап етіп дігірлегендіктерін, содан қыстығүні қырқылған қой біткенің қырылып қалғанын еске алған. Мұндай қисынсыз «салықтардың» түрі көп болыпты. Нәтижесінде Алматыға барар жолдың бойы талғажау іздеп қалаға боскан адамдардың мәйітіне толып қалған.

Елді есінен аударған ашаршылық кезінде көршілес қырғыз еліне ауып барғандар аман қалды. Олардың көпшілігі ұлан даладағы қасіретті кезең аяқталған соң туған елге қайтып оралды. Бауырлас басқа елдер де арып-ашып келген ағайынға камқор болып, таңдайларына су тамызып, қайғы арқалаған қазақпен жарты дәндерін жарып, бүтін дәндерін бөліп жеді. Ашаршылық алапатына мемлекеттік тұрғыдан баға бергенде бұл жайтты да ұмытпауымыз, қиын кезде қолын созған бауырларымызға кеш те болса ресми түрде рахмет айтуымыз қажет деп ойлаймын.

Осылардың барлығын тізбелей келгенде қызыл империя сол жылдарғы аштықты әдейі қолдан ұйымдастырған ба деген күдік көңілінді кернейді.

Бұдан бірнеше жыл бұрын, нақтырақ айтатын болсақ, 2018 жылдың күзінде журналистік тәжірибе алмасу мақсатында Украинаның астанасы Киев қаласына барып қайтқан едім. Көздеп барған жұмысым алғашқы күні орындалған соң қалған бірнеше күнді қаланың тарихи орындарымен, мәдени нысандарымен танысуға жұмсадым. Қаланың бір шеті мен екінші шетіне метромен жеткеніммен тұрғындармен, жаңағыдай нысандармен жақынырақ танысу үшін шаһарды негізінен жаяу аралаған жөн деп шештім.

Кезінде сол елде болған ашаршылық жайынан сыр шертетін музейге, екінішке қарай, дәл қайтар күні ғана жолым түсті. Таңертеңгі сағат 9-дың кезі, ал музей болса жұмысын сағат 10.00-ден бастайды екен. Күтуге, асықпай танысуға уақыт тығыз болғандықтан музейдің еңселі ғимаратына кіре алмай, соңыма қарай-қарай жолға шығып кеткен едім. Сол сәтте көкейіме біздің елде де дәл осындай арнайы музей ашылса, замандастарым елімізде болған алапат аштық жайынан толық хабардар болса ғой деген арман оралған. Иә, ашаршылыққа мемлекеттік тұрғыдан баға беріліп жатса, ондай күннің ауылы да алыс емес шығар-ау.

Сөз орайы келгенде украиндық бауырлардың мемлекеттік тілді қалай қадірлейтіндері жөнінде бір-екі ауыз айтып кеткеннің де артықтығы болмайтын тәрізді. Қаланы екі-үш күн бойы аралағанда атақты Крещатиктен де, Киевтің басқа көшелерінен де негізінен украин тіліндегі жазулар көзіме түсті. Жарнамалар мен көше атаулары да сол тілде. Ағылшын тіліндегі жазулар тіптен көзіме шалынбады десем де болады. Орыс тіліндегі жазулар бірен-саран. Содан кейін бе, сол екі-үш күннің ішінде украин тіліндегі жазулардың мағынасын толық болмаса да шамалап түсіне бастадым деуге болады. Сол кезде ойыма өзімізде қазақша білмейтін қандастарымызды боска қинап жүр екенбіз ғой, мынадай қажеттілік туындаса орыс тілді қазақтар аз уақытта-ақ сайрап кетеді екен ғой деген қисын оралды.

Әрине, Киев тұрғындарымен орыс тілінде түсінісуге тура келді. Өзара мемлекеттік тілде сөйлескендерімен менің басқа ұлт өкілі екенімді, содан кейін де өз тілдерін білмейтінімді байқаған олар қай сұрағыма да ықыласпен жауап беріп, жоғары мәдениеттіліктерін танытты. Өз кезегінде менің де бауырлас ұлт өкілдеріне деген құрмет сезімім оянды.

Сөз етіп отырған тақырыбымыздан сәл ауытқып кеттік, білем. Сондықтан ашаршылық тақырыбына оралып, сөзімізді ел Президентінің мақаласындағы: «Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлдеқайда есе көп болар еді» деген жолдармен түйіндесем деймін.

Иә, қолдан жасалған қырғын болмағанда бүгінде санымыз 40-50 миллионнан асып, Ұлы даламызда қара ормандай ұйысып отырар едік-ау. Ондай қырғынға нақты кінәлілер аталып, ашаршылық мәселесіне мемлекеттік тұрғыдан баға беріліп жатса, сол кезде миллиондап қырылған боздақтар алдындағы парызымыздың өтелгені деп білеміз.

✓МАМАН МІНБЕРІ

АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Халқымыз үшін тәуелсіздік – ең басты құндылық. Одан кейінгі маңызды мәселе – адамның бостандығы мен уайым-қайғысыз өмір кешуі. Оның кепілі – заңдылық. Бұл ретте ҚР Конституциясының 13-бабында: «Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар» делінген.

Қазіргі уақытта адам құқығын қорғау тиімді жүзеге асырылуда. Республика соттары сот отырыстарын қашықтан өткізуге мүмкіндік беретін аудио-бейнетіркеу жүйелерімен жабдықталған. Яғни, адам басқа жерде бола тұра сот отырысы залымен бейнеконференц байланысы арқылы қосылып, тыңдалуына, сонымен қатар, өзі де сот процесінде не болып жатқанының барлығын естуге мүмкіндігі бар.

Мобильдік технологиялар сот ісінің ары қарай дамуына мүмкіндік береді. Адамға сотқа келу де қажет емес, ол үйінде, кеңседе отырып немесе сапарда, демалыста жүріп, сот жүйесіне өзінің смартфоны, планшеттік компьютері немесе смарт сағаты арқылы да қосыла алады. Ол үшін сот отырысына қатысушы өзінің мобильдік құрылғысына «TrueConf» арнайы қосымшасын орнатуы керек. Оның сот отырысына логин арқылы қосылуына облыстық соттың программистері көмек көрсетеді. Ол үшін өзінің мәліметтерін және қаралатын істің нөмірін беру қажет. Бұл адамның сот арқылы қорғалу құқығын анағұрлым жеңілдетуде.


Медиациялық келісім арқылы қаралған қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқықбұзушылық істер бойынша тараптар даусыз, ұрыс-керіссіз, өз қалауы бойынша, екі жаққа да тиімді келісімге келе алады. Бұл жерде тараптар сотқа келіп кетумен байланысты қаражат шығындары мен уақыттарын үнемдейді және өздеріне тиімді негізде медиациялық келісім бойынша іс жүргізуді тоқтатады. Демек, адам өз еркі мен қалауын білдіре алады.

Адам құқығы – адамның мүддесін қанағаттандыруға бағытталған, заңмен қорғалатын ең жоғарғы демократиялық құндылық. Сондықтан да әрбір адам өзінің де, басқаның да осы құндылығын бағалай білуі және оған ешқандай да зиян келтірмеуі тиіс.

Е. ҮСТЕЛБАЕВ,
Жамбыл аудандық сотының төрағасы

ЖАҢА АЙДАР: АЛАШ АТЫМТАЙЛАРЫ

МҰХАМЕДХАННЫҢ МӘРТТІГІ



Алаш қозғалысының мақсаты – тәуелсіздік алу, бодандықтан құтылу, қазақты жеке мемлекет етіп құру, атамекенді басқа жем қылмау еді. Зиялы қауым патшалық Ресейге қазақтың жері мен елін, дәстүр-салты мен дінін жоғалтуға жол бермейтіндерін әлсін-әлсін еске салып отырды. Қазақтың басқалармен терезесінің теңескенін қалады. Алашордашыларға сол кезде қаражат жағынан қолдау білдірген қазақтың дәулетті азаматтары болды. Елді азаттыққа үндеген басылымдар ауқатты адамдардың қаржылай қолдауымен жарыққа шығып, таратылды.



Гүлжан ТҰРСЫН

Бұл жөнінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тарих толқынында» атты кітабында: «Байқап малы белгілі бір дәрежеде бүкіл ру қауымының сақтық қоры сияқты болған», – деп сараласа. Зиялы қауым халыққа жан-жақты қызмет көрсетуді мақсат етті. Олар білім беру, кітап, газет, журнал шығару, шығармашылыққа қолдау көрсету және халықты азаттыққа үндеу сияқты игілікті іспен шұғылданды.

Тарихты пәрактау барысында ұлт оқымыстыларының жан-жақты білімді болғандығына көзіміз жетеді. Егемен ел болсақ деген арман зиялы қауымды бір оймақтағы тоғыстырды. Қазақтың белсенді азаматтары елді жаңа үкімет құруға үндеп, патшалы Ресейге талап-арыз, ағыз, петицияя жазуға жұмылдырды. Қазақ болыстарының өкілдері Алаш қозғалысының ішкі ісіне де араласты. Мысалы, қазақтың қазынын талап еткен, жерін ешкімнің басқаруына жол берлмеуі тиіс екендігін айтқан сиезы науқан – Қоқанды жәрмеңкесінде қабылданған петицияға жиналған қауымның бәрі қол қойған.

Алаштың көсемі Әлихан Бөкейхановтың айналасына елжіреген азаматтар топтасты. Қозағұлбі бірі – өз заманының көзі ашық, көкірегі ояу, белсенді азаматы Мұхамедхан Сейітқұлов. Ол Абай оқыған Ахмет Риза мешітінде имам болған. Орыс, татар, араб тілдерін жетік білген. Алаштанушы Заңғар Кәрімханның айтуынша, Мұхамедхан Сейітқұлов 1918 жылы Семейге шығып тұрған Алаш үні – «Сарыарқа» газеті мен Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов редакторы болған «Абай» журналының шығуына демеушілік жасаған. Шәкәрім мен Міржақып тұрмете қамалғанда әркайсысы үшін ақша беріп, шығарып алған.

Ол қазақ жеріне Австриядан келген шебер құрылысшыларға ақ шапқан, әдемі үй салдырған. Үйді өз қызығына ғана пайдаланбай, Алаштың бас көтерер азаматтарының бас қосатын алтын ордасына айналдырған. Кең сарайдай іргелі үйдің бір бөлмесі кітап, газет-журнал жинауға арналады. Тарихи деректерде мұнда орыстың, шетелдің әдебиеті, мерзімдік басылымдары үзбей жеднпп тұрған. Абайдың 1909 жылы шыққан тұңғыш жинағы қасиетті шаңырақтан орын алған. «Қазақ», «Сарыарқа», «Тәржіман», «Дала уәлаятьі» газеттері, орыстың «Записки императорского русского географического общества», татардың «Шура» журналы мен «Уақыт» газеттерінің тігінділері және басқа басылымдар жинақталған. Зерделі азаматтың өзі де ел аузынан көне тарихи дастандарды жинап, жатқа айтқан. Халық шығармашылығының ел ішінде таралып, сақталып қалуына күш салып, жаздырып отырған.

Мұхамедханның барын ақын-жазушылармен бөлісуінің сыры рухани әлемге жақындығынан болса керек. Алашшылар жайлы тұшымды, дерек пен дәйекке сүйене кітап жазған жазушының бірі – Ерлан СЫДЫҚОВ. Ол «Шәкәрім» (158-бет) деген кітабында: «Құлжановтар үйінде Шәкәрім қазақ мәдениетінің жалынды қорғаушысы, Абай мен Шәкәрім поэзияларының жанкүйері Мұхамедхан Сейітқұловпен достасты», – деп келтіреді. Ерлі-зайыпты Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар дарынды, өнерпаз отбасы еді. Олар Семейде ұлттық театр құрды. Сейітқұлов пен Құлжановтардың үйі қонақ қайтқандарының басын жиі қосатын. Сол жылдары Нәзипа Құлжанова Абайдың «Махаббат туралы», «Желіспі түнде жарық ай» өлеңдерін орыс тіліне аударған. Сейітқұлов сынды мәрт азаматтар жаңа қалыптасып келе жатқан ұлт зиялыларының саяси мәдениетінің өркендеуіне, жас таланттарға қолдау көрсетуге қаржатын аямай салған. Құлжановтар 1914 жылы Абайды еске алу кешін өткізеді. Бір жылдан кейін қайырымдылық түрінде екінші концертін өткізіп, түскен қаражатты Ресей университеттерінде оқып жатқан қазақ жастарына жібереді. Құлжановтардың арқасында ондаған қазақ ұл-қызы Петербор, Омбы, Қазанға оқуға баруға мүмкіндік алған.

Әлихан Бөкейханов Семейге бастапқы «Алаш» атын қайтару туралы мәселе көтереді. Сол кезде Мұхамедхан пікірлес құрдасына қолдау білдіріп, қалаға «Алаш» атауын беруди дұрыс екендігін білікке мойындатқан. Кейінгеи «Алаш» атауы қайта өзгертілді. Себебі, Алаш деген сөз Кеңес өкіметінің қитығына тиетін. Алаш сөз қазақтарды жеке шығуға үндеп тұрғындай көрінеттін. Ел азаматтары патшаға жазған петицияға қазақтарын таптатқызбайтынын, намысын өлтіспей беріспейтінін, ұлттарақтай жерін басқаға бермейтінін байқатып, сес көрсеткен.

Патша маңындағылар Алаш деген сөзден iш жиып қалған еді. Осы қорқынышқа қазақтардың рухтандыратын, жігерлендіретін сөз, атауларын біржолата алыстату керектігі жөнінде ой тудырды. Сонымен, жылдар өте Алаш атауын Жаңа Семей деген атқа алмастырды. Қазақтың жер атауын, ұранды батырларының есімін ұмыттыруы да осындай ниеттен туындаған еді.

Мұхамедхан Сейітқұлов жайлы мақала жазарда газет бетінен «Алаш атымтайлары» деген айдар ашқанымды айтып, меценаттың немересі, профессор Дина Мұхамедханмен хабарласып, дерек-дәйек сұрған едім.


– Бұл үйге ұлы Абайдан бастап, Әлихан Бөкейханұлы, Мұхтар Әуезов, Ахмет Байтұрсынұлы, Магжан Жұмабаев, Мiржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхамеджан Тынышпаев, Халел Ғаббасов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ыдырыс Мұсағамбаев, Сәбит Дөнентаев, Иса Байзақов, Әмiре Қашаубаев, Әнметжан Секілді замандастары да келіп, «Еңлік-Кебек», «Қараөкі», «Байбіше-тоқал», «Ел ағасы» пьесаларын сахнаға әзірлеген. Ягни, бұл баспана театр өнерінің бастауы болған құтты «алем» Аталмыш баспана кітапхана, мұражай және шығармашылық үйі болған, – дейді Дина Мұхамедхан.

Томск қаласында өткен Сібір автономистерінің съезіне қатысып қайтқан Әлихан Бөкейханов пен Әлімхан Ермекөвті Семей қаласының тұрғындары күрметпен қарсы алады. Мұхамедханның ұлы Қайым Мұхамедханов әкесімен болған әңгімені еске алып: «Төңкеріс болған жылы сен аяңыды енді ғана басқан сәби болатынсың. Сонда Семейге Әлекеннің келгені ерекше салтанатқа ұласып еді. Бүкіл қазақ қауымы үлкен қуаныпнен оны ханнан кем қарсы алған жоқ. Шынығында Әлекең ұлт көсемі еді ғой», – деген сөзін келтіреді.

Сұлтанмахмұт Торайғыров тарихи сәтті «Сарыарқа» газетінде «Әлиханның Семейге келуі» атты мақаламен жариялады. Онда автор: «Кешке жақын Семейге, 21 октябрьге, бұрынғы жандарал мекемесі, «Бостандық» үйіне қарай топ-тобымен ағылған қазақ еді. Семинаристер бір рет, гимназистер бір рет, курсистер, мұғалімдер бір рет, саудагерлер, қырдан келгендер де бар. «Сегіздегі бала, сексендегі шал да қалмай» дегендей, тойға бара жатқандай бәрінің де мерейлері үстем, өнселері көтерінкі, жүздері жарық, көздерінен, қозғалыстарынан қуанғандықтары көрініп тұрушы еді. Бір-бірине жолыққанда қуанышпен аман-есімді де ұмытпай, сөздері: «Пойыз қашан келеді?» деу ғана еді. Бұл қазақтар бұрынғыдай еріксіз «қанын сорған бөтін» тосып жиылған қазақтар емес, ерікті қазақтар, елге еңбегін сіңірген ерлі тосып жиылған қазақтар еді. Ол ерлі кім еді? Ол ерлі: ел үшін құрбандыққа жанын берген, бит, бүрге, қандалаға қанын берген, кордей сасық ауа, темірді үйде алаш үшін зарығып бейнет еткен, болса да қалың тұман, жарқылдаған түймеге алданбаған, басқалай бір басы үшін жалданбаған, қайткенде Алаш көркейер деген ойдан басқа ойды өмірінде малданбаған Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов еді», – деп ерекше толғаныспен суреттеп жазады.

Қазақтың мәрт азаматы, Алаштың меценаты Мұхамедхан Сейітқұлов 1921, 1928, 1932 жылдары бірнеше рет тұтқындалып, дүние-мүлкі тартып алынады. Мұхамедхан Сейітқұловқа соңғы ұсталғанында «Мұсылмандардың кеңес үкіметіне қарсы тобының белсенді мүшесі болғаны үшін ату жазасына кесіледі» деген үкім 1937 жылы шығады да, 2 желтоқсанда түн ішінде атылады.

Содан бір жыл бұрын баласы Қайым да құдалауға ілігеді. «Халық жауының» баласы институтта оқымау керек деген шешім шығарылады. Жұмысқа да алынбайды. Ол вагондардан жүк түсіріп, елден қалмай күн кешеді. Абай хакімді іерттегені үшін соттанып, Мұхтардың гимнн жүргені үшін жазаға тартылады. Қайым Мұхамедханов Қарлағтың тар қапасында отырса да рухы сынбай шығады. Асылдың сынығы емесін түсірмейді. Мұхамедханның ұлы Қайым Мұхамедханов ғалым, абайтануды ғылымн негіздеуші әрі алғашқы текстолог, ұстаз, ақын, жазушы, драматург. Қазақ КСР Гимнінің авторы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығының, Жазушылар одағы сыйлығының және Халықаралық Абай академиясының (Лондон) Алтын медалінің иегері, профессор, КСРО және Қазақстан халық әгарту ісінің үздігі, шәкәрімтанушы. Семей, Аягөз қаласы, Жаңа Семей, Абай аудандарының Құрметті азаматы, мынған аса ғылыми еңбектің авторы «Текгілеп текті туар, тектілік тұқым қуар» деген осы шығар, бәлкім.



СПРАВКА

6 января 1990 года г. Семипалатинск

СЕЙІТҚҰЛОВ Мұхамедхан, 1870 г., родился был арестован органами НКВД 26 ноября 1937г. и тут было предъявлено обвинение в том, что он являлся одним из активных участников антисоветской группы контрреволюционного руководящий в г. Семипалатинске.

Постановлением тройки УНКВД по Восточно-Казахстанской области от 27 ноября 1937г. Сейітқұлов Мұхамедхан был приговорен к высшей мере наказания – расстрелу. Постановление приведено в исполнение 2 декабря 1937г. Место захоронения неизвестно.

Алаш атымтайлары осылайша қазаққа керек азаматтарды аман сақтап, елдің бірігуі, білім алуы, өнерінің қалыптасуы, әскерінің жасақталуы үшін барын салды. Бедел биігі мен дәулеттерін зиялы қауымның мақсат-мұратына жұмсады. Алашшылардан елге қызмет етуді, Сейітқұловтардан жомарттықты бойымызға сіңірсек, елдігіміздің мәңгі сақталары анық.



Өз туған жерінің түп жұсанын өзгенің ат басындай алтынынан артық көретін ұлтжанды азаматтар болады. Ақсу ауданына қарасты Қапал-Арасан тауында тұмп, тұғырлы мекенінің әр түйір тасын ерекше қадірлейтін отансүйгіш жан бар. Ол – алпыстың асқарына қадам басқан Дәулетбек МҰСЕКЕНОВ.

КЕЛБЕТ

ҰЛТЖАНДЫ

Дәулетбек Сейдахметұлы туған жердің тұғырлы перзенттерінің бірі. Жер жанната Жетісу өлкесіне деген мақаббаты ерек. Қарапайым шаруа отбасының тәрбиін ұстаған Сейдахмет әкесі арабша тіл сындырған, кітапты көп оқитын зиялы жан болыпты. Карапайым шаңырақтың тұтінін түтетken анасы Данна да көні ашық, көкірегі ояу, мейірімді жан екен. Аскар тәудай ата-ананың тәлімін алған үш перзенттің кенжесі Дәулетбек жастайынан білімге талпынған.

Қашанда қатарының алды болған Дәулетбек Мүсекенов сонау бір жылдары Көксу ауданындағы ауылшаруашылық техникумын агроном мамандығы бойынша тамамдаған. Сапалы білім алып, оқуын жоғары деңгейде аяқтағанын кейін Кенес әскері қатарына алынып, мілдетін Германия жерінде өтейді. Аттай екі жыл Отан алдындағы борышын өтеп, сержант шенінде елге оралған.

Ел көріп, жер танып, әскерден оралғанын кейін Талдықорған облыстық есірлдіктерді қорғау станысына қызметке тұрады. Инспектордан станса директорының орынбасары дәрежесіне дейін көтеріледі. Кенес жүйесі құлдырға кеткенін кейін жаңа жұмысқа ауысып, орман шаруашылығына жұмғұшы болып ауысады. Адамгаттың ең үлкен байлығы саналар орман шаруашылығының өркендеуіне өзіндік үлесін қосып, еңбексүйгіштігімен, іскерлігімен ел құрметіне бөленген, әріптестерінің алқасусі ризашылық сөзімне не болған Дәулетбек Мүсекенов кәзіргі таңда Талдықорған орман шаруашылығының өрт сөндіру бөлімінің басшысы қызметінде. Айта кетерлігі, өткен жылы іскер азамат басқаратын бөлім облыстың үздік шаруашылығы деп танылып, марапатталды.

Қашанда ел үшін еңбек етіп, айналасындағы адамдарға мейірім ұялы тигіп, қолынан келген қамқорлығын аямайтын Д. Сейдахметұлының ең үлкен байлығы – отбасы. Бүгінде азулы зайыбы екеуі берескелі ғұмыр кешіп, Айгаймдай қыздарының қызығын көріп отыр. Қозғамда өзіндік бедел бар, достары мен әріптестерінe қадірі мол өз ісінің шебері, табигат жанашыры, туған жерін ерекше сүйетін осынау аттпал азамат мерейлі алпыс жасты бағындырса, қалірлес-сыйластары жүзге жетіп жетуіне әрқашанда тілеулестік таныта бермек. Бұл да жақсының жақсылығының жарқын көрінісі болса керек.

АРДА БИ

ЖАЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

ҚҰРЫЛЫС БАТАЛЬОНЫН ҚҰРСАҚ

Сенбі күні таңертең автокөлігіммен Алматы қаласының С. Сейфуллин және Т. Рысқұлов даңғылдарына қарай бағыт алдым. Ондағы ойым – бұрын қазылған сужиынағыш «септигім» жылдам тола берген соң жанынан тереңдетіп қаздырып, бетондатуға жалға жұмысшылар керек еді.

Құлжа автотрассасынан Рысқұлов даңғылына бұрылған кезімде бір жас жігіт қол көтеріп, тоқтауымды өтінді. Ол жақсақарай бұрылу белгісін беріп тоқтай қалдым. Бойшаңдау келген сымбатты жігіт: «Осы көшемен тура жұмысшылар тұратын жерге дейін», – деген соң отырғызып алдым.

Әңгімелесіп отырып Рысқұлов даңғылындағы жұмысшылар жиналатын орынға да жылдам жетіп қалыппыз, машинам тоқтар-тоқтамастан он шақты жігіт қоршап алды. Жолсерігім кірпіш қалау керек, үйдің ауданы 11/12 деп еді. «Кірпіш әрүшілер дефицит қой, бағана сағат алты болмай жұмысқа алып кеткен. Біздің арамызда тас қалаушылар қалмады», – деп машинадан алыстай бастады. Енді мен өз шаруамды айтып едім, кәзі бадырайған сары жігіт: «Ага, болар жері 100 мың теңге, одан төмеңге ешкім бармайды», – деді. Менің өтінішіме құлақ қоймай, кесімді ақыдан төмендей алмайтынын үзілді-кесілді айтты. Әйтеуір не керек, жолсерігім екеуміз Рысқұлов, Сейфуллин даңғылдарын түгел аралап, «Алтын орда» дейін барып, шаруамызды бітіре алмай, үйді-үйімізге тарқастық.

Қазақтардың арасында өте жақсы құрылысшылар жеткілікті, олардың басым көпшілігі Нұр-Сұлтанда, Атырауда және де Қазақстанның түпкір-түпкіріндe үлкен құрылыс фирмаларында жұмыс жасауда. Бұл үлкен фирмалар жұмысқа алар кезінде, бірінші-деи, кәсіби біліктілігіне қарайды (олар арнайы құрылыс мамандығы бардар, кезінде «строй-батта» қызмет еткендер), екіншіден, географиясына қарайды, өзбек ағайындар жергілікті ұлт өкілдеріне қарағанда біршама арзандау бағага істей береді.

Осы мәселеге орай қазіргі кезендегі құрылыс батальондары («стройбат») туралы деректермен тереңдеу танысып, оның пайдалы жақтарын көпшілікке жеткізуді мақсат еттім. «Стройбат» жайлы халық арасында көптеген әзіл-қалжыңдар, анекдоттар жеткілікті. Оның басты себептерінің бірі – бұл бөлімшеде әскери машыққа онша мән берілмейтін, екі жыл әскер қатарында болғандар автоматтан бір ок атпай, әскери билет алып қайтатын. Сонымен қатар, басқа әскери құрылымдарға қарағанда кадірсіздеу болуы құрамды қалыптастыру ерекшеліктеріне байланысты. Батальонның 90 пайыз құрамын орта білім алмаған, ауылы мамандығы жоқ Орта Азия және Кавказ жастары құрады. Мұнда жіберілетін славяндардың көпшілігі қолайсыз және сотталғандардың қатарынан-ды. Кейбір жағдайларда ауылдық жерден, орта білімі жоқ, орысша білмейтін әскерлерге ант қабылдауда сержанттар көмектесіп, әр сөйлемді оқып, оны болашақ жауынгерлер қайталап, ант беру рәсімдерін жасайтын. Сонымен бірге, «стройбат» қатарындағы жауынгерлердің басқа әскерилерден ерекше артықшылықтары болды. 1977 жылғы 30 мамырдағы Қорғаныс министрлігінің № 175-ші бұйрығына сәйкес әскери құрылысшыға еңбек жалақысы төленетін. Айлықтарынан тамағына, киімдеріне, мәдени іс-шараларға ұсталып отырады. Қысқасы, толық шаруашылық есебіндегі құрылым еді.

Нағашы ағам Молдахан айтып отыратын. Олар Владивосток қаласында көпқабатты үйлер тұрғызыпты. Ауылда тракторшы болып жұмыс істегендіктен ол әскерде экскаваторды тізгіндеп, жағдайы жақсы болыпты. Қара жұмыс істегендерге қарағанда офицерлер оны маман ғесті ретінде сыйлаған көрінеді. Екі жыл әскерде қызмет етіп ауылға оралғанда сақтық кітапшасына 4 мың 800 сом қаржы түсіпті. Ағамыз бұл ақшаға біраз мал алыпты, үйлену тойының шығыны да өтепті.

Подмосковьедегі Калуга қаласында № 6598 әскери бөлімде борышын өтеген заманда мұның Әлиаңдық айтуы бойынша, бөлімдегі 10 ротаның әрбіріңде 120 жауынгер болса, бірінші ротаға тас қалаушылар, келесілеріне бетоншы, ағаш шеберi, электр мамандары, темір дәнекерлеушілер, сылақшы-сыршылар, экскаватор, трактор, машина жүргізушілер бойынша бөлінші, құрылыс жұмыстары жүйесі жүргізілсе керек. Ауылға келген соң бір айдан кейін сақтық кітапшасына түскен 4 500 сомды Әли де игілгілне пайдаланыпты.

Мұндай мысалды көптеп келтіруге болады. Құрылыс батальонында болған бұрынғы жауынгерлердің кай-кайсысы да еңбекке бейімделді. Армаулы бір мамандықты еншіледі. Сондықтан, тәуелсіз мемлекетімізде құрылыс батальондарын қайтадан құратын болсақ, ұтпасақ, ұтылмаймыз. Біріншіден, әскер қатарына бара алмай жүрген жастарымыздың саны азаяды. Екіншіден, кәмелет жасына толған жастарымыз жаппай әскер қатарында болып қайтса, олар шыңдалып, зияңды әдеттерден аулақ жүреді. Кәсіби маман егесі болып, Отанын қорғауға дайын тұрар еді. Үшіншіден, ел экономикасының дамуы біршама артатыны айқын. Білікті құрылыс отрядтары жасақталып, құрылыс бүгінгідей әлсіздікда саналы болары сөзсіз. Осыны ескерген ресейліктер әскери құрылыс бөлімдерінің санын қысқартқанымен иегтіп сақтап қалған.

Құрылысшы батальонына бастапқыда мемлекет тарапынан алғашқы көмек көрсетілсе, бірер жылдан соң өзінді қаржыландырып, ақтынан нық тұрып кетуіне сенімімiз кәмil. Ол үшін біліктi құрылысшылармен бірге инженер-механиктер бұл салаға тартылса, ұтр үстіне ұтр болар еді.

Дархан ОМАРОВ
Алматы

✓ЛУЛЫ ТЫПЫСЫ



СҮЙІНШІЛЕР

ЖАЙТТАР БАР

«Жетісу медиа» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысы-тұрын ұйымдастырды. Аталған шарада тілшілер Сарыөзек ауылындағы тыныс-тіршілікті көріп қайтты.

Айгүл БАЙБОСЫНОВА

Журналистер алдымен Сарыөзек ауылында тұратын алтын құрсақты ана Гүлжиз Жексембайқызының үйіне барды. Көпбалалы келіншек жақында ғана босанып, он тұрғынын сабин дүниеге әкелген. Осындай қуанышқа куә болған біз Батыр анамен тілдесіп, отағасымен таныстық.

Біз барған сәтте үй ауласында ойнап жүрген балалар алдымыздан жүгіріп шықты. Олардың барлығын тәртіп тілдері былдырлап, алыстан ит терметін жеткен тілшілердің көңілін бірден өздеріне аударды. Байқағанымыздай, балаларын жақсы аралықтары жақын. Үйге кіріп, жаңа туған сәбиді көрдік. Өмір есігін жаңа ашқан нәрестеге ең алғашқы пысықтан ұйықтап жатыр.

Анасы журналистермен әңгімелесіп, отбасы жайлы ыссықана айтып берді. Жолдасы Сәрсенбай Сазуақсовпен шаңырақ көтергеніне жиырма жеті жыл болыпты. Сонау бір жиырмасыншы ғасырдың аяғында дүниеге келіп, бақытты ғұмыр кешуде. Бүгінде олардың он қыз, төрт ұлы бар. Қырық жастан енді асса да екі қызын қанға қондырып, олардан үш немере сүйіп отыр. Батыр ана әсіресе қыз бала тәрбиесіне ерекше көңіл бөледі. Оларға бар көргені, білгенін үйретіп, әрқашан қолдау көрсетеді.

Ал отағасы машинист, механик, дәнекерлеушінің сияқты кәсіптерді меңгеріпті. Барға қанағат, жоққа сабыр. Бұл Сәрсенбай ағаның ұстанымы. Көпбалалы әке үй-қыздарын өзінің сіңбеккорлығының арқасында бағып-қағып, жеткізіп келеді. Оң: «Әр баланың өз несібесі бар», – дейді.

Бересекті отбасы қазіргі тұрып жатқан үйлеріне алдыңғы жылы көшіпті. Екі қабатты үй шіне газ, су тартылған. Ал бұған дейін Каспан ауылында шағын үйде тұрып келген.

Бақытты отбасындағы әр баланың қабілеті әртүрлі. Бірі өнерге, енді бірі спортқа зеус. Мәселен, Айжан еркін күрестен ел чемпионы. Қазір ержеңсіз жекпе-жек бойынша шетелдік әріптестерімен топ жарып жүр. Спортшы қыз алдағы уақытта осы сала бойынша үлкен жетістіктерге жетіп, биік шыңдарды бағындыруды мақсат тұтады. Ұлдары Ұлан кәсіпке. Мұғалім болып жұмыс істейтін қыздары да бар. Осылайша, әрқайсысы өздерінің сүйікті істерімен айналысады.

Көпке үзіл болар отбасының ендігі арманы – балаларына тәлімді тәрбие беріп, ұрпақтарының саналы болып қалыптасуына ықпал ету. Гүлжиз апта сайын ән ашытады. Он беске жақ пісседі. Себебі, көпбалалы отбасыға тоқаш сатып алу тиімсіз. Құнары да жоқ. Сондықтан, күніге екі уақыт бір-бір қазан тамақ пісіреді. Үйренішті шаруасы.

– Бұл тұқ не қиын емес. Бала – өмірдің мәні, сәні. Одан бас тартуға мүлде болмайды. Үй шаруасына үлкен үл-қыздарым көмектеседі. Дәмелерінен жарқын, тұздан еш қашпайық. Әке-шешеге де көбдалау болған. Қазай десек те нәрестені тоғыз ай көтеріп, өмірге әкелу оңай емес. Оның үлкен қайғы-алабы, пен психологиялық мықтылық қажет. Балалы болу бір бақыт, көпбалалы болу одан да үлкен бақыт», – дейді Гүлжиз.

Осындай алтын құрсақты аналар бүгінде барлық қыз-келіншектерге үлгі-өнеге. Аудандық әкімдіктің мәлімет-сілтемесі бойынша көпбалалы отбасылардағы бес бала оқу қаһармандарының толық қамтамасыз етілген. Үшеуі балабақша жасында. Оңалған оқуларына қажетті ноутбук те мектептен беріліпті. Бүгінде ауданда 451 «Алтын алқа», 557 «Күміс алқа» иегерлері, 1395 көпбалалы ана бар. Олардың ішінде 1 тоқсан бойынша 229 отбасы атаулы әлеуметтік көмек алады.

Сарыөзек ауылында жаңадан бой көтеріп жатқан елу орынды өнер мектебінің құрылысын да көріп қайттық. Біз барған сәтте гимарат алаңында қыпу жұмыс жүріп жатты. Бұл жерлегі тірлік жайында ауданның құрылыс бөлімінің басшысы Асхат Жанатұлы баяндап берді. Оның сөзінше, бүтінде құрылыс жұмыстарының секселі пайыз аяқталған. Нысан құрылысы өткен жылы мамыр айының ортасында басталып, биылғы мамырдың соңында тамамдалады деп күтілуі отыр. Жоспарға сәйкес қазір абаттандыру жұмыстары жүріп жатыр. Құрылыс алаңында отыз шақты адам еңбек етуде.

Алдағы уақытта мамандандырылған өнер мектебінде балалар домбыра, қобыз, фортепьяно, баян сияқты музыкалық аспаптарды үйренетін болады. Заманауи құрылғылармен жабдықталған актілалы, хореография, ансамбль, хор және музыкалық-теориялық сабақтарға арналған сыныптар жұмыс істейді. Мұғалімдер мен медицина қызметкерлеріне арналған бөлмелер, оқушылардың жұынатын жері, музыкалық аспаптар сақтайтын орын бар. Оқушылар сондай-ақ, сурет салуды да меңгереді. Гимараттың айналасы абаттандырылып, көгалдандырылады. Жылу мен жарық жүйелері жүргізіліп, су тартылады. Бір сөзбен айтқанда, заман талабына сай салынып жатқан нысанда өнерлі ауыл балаларының шығармашылықпен айналасып, таланттарын шыңдауға кажетті жағдайдың бәрі қарастырылмақ.

Сарыөзек ауылында оң шешімін күткен проблемалардың бірі – ауызсу. Бұл мәселенің кезір біртіндеп түйіні тарқатылып жатыр. Осының бәрі үшін Суқұбыр-көшесінің бірақ тұрғының сөзге тартпық.

– Жасыратыны жоқ, біз қыс бойы судан қиналдық. Үлкен ыдыстармен тасып шатық. Осы мәселе бойынша сізбен жолығып, талай рет жүгіндік те. Нәтижесі жоқтың емес. Жағдай тұрақтағын, бір айға жуықтады, суға қол жеткіндік. Сондықтан, осы проблеманы шешіп беруге атсалысып, төтіпізге құлақ асқан мамандарға алғыс айтамыз, – дейді ауыл тұрғыны Салтанат Қадырова.

Осыған байланысты аудандық «Су құбыры» МКК басшысы

Азамат Әуесханұлымен де тілдестік. Сейтіп, Сарыөзек ауылындағы жаңа шағын ауданның жоғары жағынан орын тепкен жаңа су резервуарының қасына келдік. Сұрап білгеніміздей, маманның бұл қызметке келгеніне небәрі үш ай болыпты. Содан бастап суға қатысты проблемалардың түйінін тарқатуға белсене кіріскен.

Азамат Әуесханұлы, «Су құбыры» МКК басшысы:

– Бүгінде Сарыөзектегі су жүретін құбырлар тозды. Ауыз үлкейген сайын ескірген резервуардан су жетпейді. Осыған байланысты былтыр жаңасы салынды. Оны осы айда іске қосамыз деп жоспарлап отырмыз. Ал ескісі кез келген уақытта жарылуы мүмкін. Оны қайта жасау үшін суды бірақ күрек тоқтатуға тура келеді. Сол арапықта тұрғындар сусыз қалады. Осындай кедергілерге тап болмас үшін олар өздерінің қаптасынан құрғақ шығарады, техникалық шарттарға сайкес су жүйелерін жаңа құбырға ауыстыру керек. Сонда ғана су жалпы проблема болмайды деп сенемін. Халық осының дұрыс түсіне екен. Бүгінде тұрғындардың елу пайызы ескі құбырмен отыр. Енді осы бойынша жұмыс жүргізетін болдық.

Айта кетейік, аудан бойынша 63 елді мекеннің 59-ы орталықтандырылған, қалғаны орталықтандырылмаған су құбыры желлерін пайдаланады. Биыл Сарыөзек, Аралтөбе (Басшы ауылдық округі), Талдыбұлақ ауылдарының сумен жабдықтау жүйелерінің құрылыс жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Аталған ауылдар бойынша республикалық және облыстық бюджетке қаражат бөлу бойынша 2 млрд. 119 млн. 398 мың теңге бюджеттің өтінім берілді.

Қарымсақ және Қосағаш ауылдарына сумен жабдықтау жүйелерінің құрылысына жобалау-сметалық құжаттама даярлау үшін облыстық бюджеттен 10000,0 мың теңге қаражат бөлініп, мемлекеттік сатып алу байқауы жүргізілуде. Қарашоқы ауылының жобалау-сметалық құжаттамасы да әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізу жұмысы жүруде.

Шілісу (Сарыбұлақ ауылдық округі), Шағаи (Қоғалы ауылдық округі) ауылдарының сумен жабдықтау жүйелерінің дайын жобалау-сметалық құжаттамаларына мемлекеттік сараптамадан өткізуге бюджеттен қаражат сұралса, Қазынсу, Тастыөзек, Ақбастау ауылдарының сумен жабдықтау жүйелерін салуға жобалау-сметалық құжаттамаларын даярлау үшін облыстық бюджеттен 30 млн. 038 мың теңге қаражатқа бюджеттік өтінім берілді.

Кербұлақ ауданы

✓ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

ЖАЛЫНДАП ӨТКЕН жас ғұмыр



Бүгінгі ұрпақ соңау жылдардағы абзал азаматтарын ешуақытта да ұмытпақ емес. Олар қиын-қыстау жылдарда от пен оқтың ортасында жүріп, бүгінгі сәнді де сәулетті өмірдің негізін қалап берді. Солардың бірі Жетісуда бақуатты өмір орнатуға белсене қатысқан, 1918-1920 жылдары Жаркент уездік әскери-революциялық комитетінің төрағасы, 1920-1922 жылдары Жаркент уездік партия комитетінің хатшысы қызметін абыроймен атқарған Айжан Түркебаев еді.

Жаркент қаласының кең көшелерімен келе жатып терең ойға бататын. Жиырма жасында уездік партия комитетінің хатшысы болған жалынды жас жігіт ынғыма мауеріп асынып, осы көшелермен талай рет атпен де, жаяу да жүріп өткен шығар. Атаман Дутовқа қарсы операцияны ұйымдастыруға белсене қатысып, талай түнді осы қалада ұйқысыз өткізу-ау есіл ер.

Айжан Түркебаев 1900 жылы Алматы облысы Кеген ауданының Саты ауылында шаруа отбасында дүниеге келген. 1913-1914 жылдары Пржевальск (Қарақол) қаласындағы шаруа халықша арналған орыс училищесінде, 1915-1917 жылдары Қапалдың ауылшаруашылық училищесінде білім алды.

Қапалда оқып жүрген жерек балаң жігіт өмірдегі қайшылықтарды көріп, қабырғасы қайысты

Айтқанды тағы бір күйіндірген жайт – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінде бірге туған ағасы Әбжір Түркебаев пен оның бір топ жолдастарын ақ патша әскерлері ешбір сұраусыз, сотсыз атып тастады.

Бұл қайғылы хабарды Айжан Қапалда оқып жүргенде естиді. Ол бұл қазаға қатты қайғырып қана қоймай, өзі де ағаның жалғастыруға белгі бекем буады. Сол мақсатпен училищеде патша өкіметіне қарсы үйым құрады. Үйым мүшелерінің ұлттары әртүрлі болса да мақсаттары бір еді.

Бір баскосуда үйым мүшелері патша өкіметі қатаң тыйым салған сәнн – «Марсельезаны» шырқайды. Училище ішінде шырқалған қуатты ән мұғалімдердің әзре-құтын ұшырады. Содан тергеу, сұрау басталды. Ақ-қарасына бармастан оқудың бітуіне бір жыл қалғанда Айтжанды училищеден шығарып жібереді.

Ол жетідегі балаң жігіт, бірнеше күн жол жүріп арып-ашып Таушелекке келді. Ага баласы – кішкентай Нұрлан Әбжірұлының көздірнеи тарам-тарам болып аққан ыстық жас Айтжанның бетін жуды. Оған қарап Таушелектің елі де көз жастарына не бола алмап еді.

– Нұланым, сен жетімдікті көрмейсің. Азат заманның туатын күні де алыс емес, – деген сөз сонда Айтжан.

Октябрь революциясының Орталық Мемлекеттік мұрағатында сақталған өмірбаянында Айтжан Түркебаевтың 1918 жылы, он сегіз жасында Жаркенттегі қызыл гвардия отрядына өз еркімен қосылғандығы жазылған.

Ат құлағында ойнаған Айтжан Түркебаев Жаркентте кеңес өкіметінің орнауына өзіндік үлес қосты. Қазақ Совет энциклопедиясының 4-томының 312-бетінде: «Жаркент уезінде Совет өкіметін орнатып, оны нығайту жолындағы күреске А. Түркебаев... белсене қатысты», – деп жазылған. Жаркент өңірідегі ақ қазақтармен болған қанды шайқастарда Айтжан нағыз батыр екенін көрсетті.

1921 жылы Жаркент уезіндегі жағдай өте қауіпті еді. Контрреволюционерлер Қытайдың Шынжан өлкесіндегі Сүйдін қаласына бекініп алып, қазақ жеріне тарпа бас салуға әскер жинап жатты.

А. Түркебаев Жаркентте алғашқы екі жылға толмаған мерзімде-ақ үлкен белеске ие болды. Оның ұйымдастырушылық қасиетіне, қандай қиын сәттерде де дұрыс шешім таба алатынына сол кездегі басшылардың көзі жетті. Айтжанның басшылығымен Жаркентте тұңғыш рет балалар үйі ашылып, жетім балалар өкімет қамқорлығына алынды.

Жалынды жас Жаркент уездік партия комитетінің хатшысы қызметін екі жылдан астам уақыт атқарса да талай жұмысты жүзеге асырды. Осы жылы Абдолла Розыбакиев Жаркентке келіп еді. Жаркент коммунистері оны бұрыннан жақсы білетін, оның революциялық істеріне әбден қаныққ болатын.

А. Түркебаев пен А. Розыбакиев ұзақ әңгімелесті. Айтжанның жұмысына Абдолла риза болып: «Істі осылай бастап, осылай жүргізу керек. Енді ті бір мазалап жүрген жай – Сүйдіндегі атаман Дутов Жаркентке ғана емес, жалпы қазақ жеріне қатерлі қауіп төндіріп тұр», – деді.

Сонан соң А. Розыбакиев қалғасынан қағаз шығарып: «Мынаны оқыңы. Бұл Дутовтың басмашылардың бастығы Ергешке жазған хаты. Біздің адамдар оны қолға түсіріпті», – деді. Хатта «Жаркент қаласына тура шабуыл жасап, оны басып алу мен үшін сіз басты міндет. Ол үшін сіз бен біз бірігіп әрекет жасап, байланыста болуымыз керек», – деп жазылған екен.

– Дутовтың бұл пиғылынан тұк шықпайды. Жаркенттегі біздің әскер олардың тас-талқанын шығара алады, – деді Айтжан сеніммен.

– Оның дұрыс. Бірақ бәрібір адам шығыны болады. Жаңа ғана тыныштанған халықты қанға батырып алаңыз, – деді А. Розыбакиев.

– Енді не істеу керек? – деп Айтжан Абдоллаға сұрауды кескінмен қарады.

– Жоғары әскери трибунал кеңес өкіметінің атынан Дутовқа сыртай өкім жасасын шығарды. Жоғарғы жақ соны орындауды Жаркент милициясының бастығы Қасымхан Чанышевқа жүктеп отыр. Олай болатын себебі, Қасымханның әкесі Чаныш Дутов пен Еркештің жан досы. Ал Чаныштың баласы Қасымхан Дутовқа қызмет еткен болып Дутовпен хат алысып тұрады.

– Ол өте ержүрек, батыл азамат. Отанымыздың қайсар солдаты, – деп бұл кандидатураны Айтжан бірден құптады.

Сол күні кешкісін Жаркент уездік партия ұйымының бірінші хатшысы Айтжан Түркебаев Жаркент уездік милициясының бастығы Қасымхан Чанышев пен милиция қызметкерлері Махмуд Қожамияров пен Мұқай Байсымақовты кабинетіне шақырып, атаман Дутовтың көзін жою жөніндегі жоспарды тағы да тиянақтады. Осылайша Айтжан Түркебаев Жаркент милициясымен бірлесіп, партиялық басшылықты да алдыңғы орынға шығарды.

Міне, биыл, яғни 2021 жылдың 5 ақпанында бұл оқиғаға 100 жыл толды. Егер Дутовтың көзін жою операциясы екі күнге кешіктірілсе, Жаркент аймағы сол кезде уақытша болса да түгелімен атаман Дутовтың қол астына өтіп кетуі мүмкін еді.

1921 жылдың қазан айында Жаркент уездік партия комитетінің бірінші конференциясы өткізілді. Сонда баяндама жасаған А. Түркебаевтың жалынды да жігерлі сөздері делегаттардың көкейінен шықты. Конференция жұмысына облыстық партия комитетінің өкілі ретінде Ораз Жандосов қатысты.

Конференциядан соң екеуі ұзақ әңгімелеседі. А. Түркебаевтың О. Жандосовпен бірге болған күндері оның оған әрі жемісті жұмыс істеуіне үлкен ықпал етті.

Сол жылдары А. Түркебаев қызмет атқарған Жаркент уезтік партия комитетінің тарихи үйі Жаркенттің қазіргі Красноармейская мен Пушкин атындағы көшелерінің қиылысқан жерінде еді.

1922 жылдың басында А. Түркебаев Жетісудың 2-Түркістан полкінің саяси қызметкері болып тағайындалады. Бұл жұмыста ол өзінің болаттай шыңдалғанын алғашқы күндерде-ақ айқын көрсетеді. Соған орай Түркістан округі жауынгерлерінің арасында зор беделге ие болады.

Бірақ, ол бұл жұмыста ұзақ істемеді. 1923 жылы Талдықорған уездік партия комитетінің хатшысы қызметіне ауысты. Үлкен уезге қиын-қыстау кезде 23 жасында басшылық жасап, жергілікті халықпен қоян-қолтық араласуды, олардың мұң-мұқтаждарын ескеріп, көмектесіп отырудың онай емес екені белгілі. А. Түркебаевтың сол кездегі басты міндеті кайткен күнде еңбекші халықтың әл-ауқатын жақсарту еді. Ол бұл міндеттің де үдесінен шығып, көпшілікке дер кезінде көмек көрсетіп отырды.

1924 жылғы 8-сәуірде Талдықорған қаласында партия конференциясы болып, онда А. Түркебаев баяндама жасайды. Айналасы екі жылға жуық уақытта ол өңірдегі партия комитетінің жұмысын жолға қояды. Партия комитеті оның беделді де іскер басшы екенін жоғары бағалап, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы басшы партия қызметкерлерін даярлайтын арнайы курсқа оқуға жіберген.

Бұл курсты өте жақсы бітірген А. Түркебаев бұдан кейін де партиялық жауапты қызметтерін өте жақсы атқарып отырған.

1936-1937 жылдары Қазақ ССР жер шаруашылығы жөніндегі басқармасының бастығы қызметінде болды. «Алыс жол атты сынайды, ауыр күн ерді сынайды» дегендей, осындай жауапты жұмыстарды атқарғанда білімді де білікті басшы екенін көрсете білді.

А.Түркебаев 1937 жылы халық комиссариатының тапсырмасымен Жаркент қаласына келеді. Ол мұндағы маңызды жұмыстарды тындырып, Алматыға қайтады. 30-сәуір күні кешке Сарыөзек стансысынан пойызға мінеді. Ертесі 1-мамыр мерекесін Алматыда халықпен бірге қарсы алмақ. Бірақ Айтжанның Жаркентке келгеннен кабардар болған жауздары оның жолын аңдып жүріп пойызшіне жасырынып кіріп, жеті жерінен пышақтап кетеді.

Асыл азамат осылайша дұшпандарының қолынан каза табады. Бірақ оның ісі мәңгі өшкен жоқ. Ол басқарған Жаркент уезі бүгінде Панфилов ауданы атанып, республикамызға жақсы көсеткіштермен танылды.

Аудан еңбеккерлері асыл азаматты есінен шығарған жоқ. Сол үшін де 1983 жылы калаМыздың үлкен бір көшесіи А. Түркебаевтың есімімен атау жөнінде аудандық газетке көлемді мақала жазылым. Сол кездегі аудандық партия комитеті мен ауданлық Кеңес аткару комитеті газетте көтерілген мәселені дұрыс деп тауып, арнайы шешім шығарды. Бүгінде Жаркент қаласының үлкен бір көшесі Айтжан Түркебаевтың атымен аталады.

Асыл азамат Айтжан Түркебаевтың есімі ел есінде. Оны халық қашанда құрметпен еске алып тұрады. «Жақсының артында із қалады» деген де осы емес пе?

Садық ЖҰМАБАЙ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Панфилов ауданы

✓"STOPMUSOR"

ҚОҚЫССЫЗ ӨМІР СҮР

Ашық диалог алаңында "StopMusor" әлеуметтік жобасының нәтижелеріне арналған баспасөз конференциясы өтті. Онда адамдарға қоқысты арнайы жәшікке апарып салуды үйрету және Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларының қоқыстану жағдайы туралы сөз болды.

Қажет АНДАС

Онлайн-баспасөз конференциясы барысында Қазақстанның экологиялық ұйымы қауымдастығының басқарма төрайымы Айгүл Соловьева, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің төрағасы Зульфухар Жолдасов, Экологиялық ұйымдар қауымдастығы ЗТБ (заңды тұлғалар бірлестігі) төрағасының орынбасары Асхат Сүлейменов жоба барысында пайда болған қиындықтар мен нәтижелер және жобаның тиімділігі туралы айтып берді.

Әдетте, жыл сайын әрбір қазақстандық шамамен 400-450 кгл қоқыс шығарады. Қалдықтардың көпшілігі тұтыну өнімдерінен және шолмек, кәмпит орамы, қорап, тағы да басқа ұсақ бөлшектерден тұрады. Тәжірибе көрсеткендей, барлық жерде арнайы қоқыс жәшіктері мен полигон бола бермейді. Сондықтан, қоқыстар сыртқа лақтырылып, қалдықтар тау бөлып үйілін, зансыз полигондар көбеюде.

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің дерегіне сүйенсек, елімізде өткен жылы 8884 стихиялық қоқыс орны пайда болған. Нәтижесінде, қоқыс сыртқа лақтырылған кезде, ол қаланы ластап қана қоймайды, сонымен қатар, денсаулыққа қауіпті заттар шығарып, қоршаған ортаға зиянын тигізеді.

"StopMusor" жобасының мақсаты – адамдарды қалдықтарға жауапкершілікпен қарауға, қоғамдық орынға қоқыс тастамауға үйретуге және айналасындағы адамдарды экологиялық мәдениетке үйретуге, сол арқылы қалалық эко-жүйелерді қорғауға бағытталған. Жоба басталғаннан бері 9 ай ішінде арт-көрме, сенбілік, әңгімелік байқау мен қоғамдық шкіратластардың қатытын жан-жақты онлайн және офлайн іс-шаралар, Алматы мен Нұр-Сұлтан қаласында ауқымды ақпараттық науқан өткізілді. Сонымен қатар, мәселеге бейжай қарамайтын азаматтардың атсалысуымен олардың өз қаласындағы экологиялық мәселелер туралы, қалалық қызметтердің сапасын тексеруге бағытталған мобильді қосымша мен сайт іске қосылды. Бұдан бөлек, Нұр-Сұлтан мен Алматы қаласында анимациялық бейнежазбалар эзірленсе, Нұр-Сұлтан қаласында полигонға пакеттерін жинау бойынша экологиялық акция ұйымдастырылды.

Суретші Сәуле Сүлейменованың пайдаланылған полигонға пакеттерінен жасаған «Астана аспанының астында» атты өнер туындысы Нұр-Сұлтан қаласында көрсетілді. «Еріктілерге арналған эко-мектеп» онлайн-курстары, Акмола облысы Аққол ауданының Талкара ауылында «Пластикке жоқ деп айтайық» атты экофестиваль ұйымдастырылды. Алматы қаласында «АртиШОК» театры негізінде «ECO TALKS» іс-шарасы мен «Қазақстандағы қалдықтарды басқару: практикалық мәселелер» атты онлайн-конференция көпшілікті көңілінен шықты. Мұнан өзге шараларда өз деңгейінде ұйымдастырылды.

Жыл сайын 180 елде миллиондаған адам жарық пен электр құрылғыларын бір сағатқа өшіреді. Оның мақсаты – адамзат назарын планетамыздағы климат өзгерісіне аударып, экологиялық мәселені бірлесіп шеше алатынымызды көрсету. Ал "StopMusor" жобасы да алдағы уақытта дәл сондай маңызды шараның бірі ретінде қоршаған ортаны қорғаудың үлгісіне айналады деп сенеміз.

№106 (18868) Бейсенбі, 4 ақпан 2021

✓ОБЛЫС ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 6 қарашадағы «Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы» №487 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

ЖОБА

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 17-10) тармақшасына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларын бекіту туралы» Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 6 қарашадағы №487 қаулысына (Алматы облысы әділет департаментінде 2019 жылы 7 қарашада № 5295 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы Нормативтік-құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2019 жылы 15 қарашада жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Алматы облысында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларында:

2-тармақ 7-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«7) сатып алу интервенциялары – Алматы облысының аумағында бағалар төмендеген кезде және/немесе Қазақстан Республикасы аумағында төтенше жағдай енгізілгенде, мамандандырылған ұйымдардың азық-түлік тауарларын сатып алу жөніндегі іс-шаралар;

мынадай мазмұндағы 2-тармақ 9-тармақшасымен толықтырылсын:

«9) шекті сауда үстемесі – ішкі сауда субъектілерінің түпкілікті тұтынушыларға азық-түлік тауарларын өткізуі кезінде бағаны айқындау үшін қалыптастырылған сауда үстемесін»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін жұмыс органы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымдардан әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағаларды белгілеу жөніндегі шараларды қоспағанда, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарт жасасу жолымен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асырады»;

мынадай мазмұндағы 7-1. тармақпасымен толықтырылсын:

«7-1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру туралы шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі үш жылдық кезеңге жұмыс органы мамандандырылған ұйыммен тұрақтандыру қорының заттай және ақшалай мәндегі өтпелі активтерге туралы міндеттемелері көрсетілген қосымша келісім жасасады»;

мынадай мазмұндағы 10-1. тармақпасымен толықтырылсын:

«10-1. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыратын мамандандырылған ұйымның үстеме шығыстары азық-түлік тауарларының белгіленген және нарықтық бағаларының айырмасы есебінен жабылады»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Алматы облысының жергілікті атқарушы органы ай сайын айдың 20-на дейін Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығы, Сауда және интеграция министрліктеріне әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерінің іске асырылу барысы туралы ақпарат ұсынады»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Үлгілік қағидаларда регламенттелмеген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асырудың ерекшеліктері (егжей-тегжейі) осы Қағидаларымен айқындалады.

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Мамандырылған ұйым өткізетін әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті сауда үстемесі «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының қағидасына сәйкес, Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес Алматы облысының Статистика департаменті қалыптастырған әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағалар бойынша сауда бағаларының орташа нарықтық мәндерінен 10 немесе одан да көп пайызға төмен бағаларды ұстап тұру есебіне отырып қалыптастырылады»;

26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Өңірлік тұрақтандыру корларын қалыптастыру кезінде азық-түлік тауарлары тізбесіне өндірушілерден және (немесе) ауылшаруашылығы өндірушілерінен және (немесе) көтерме кәсіпорындардан (дистрибьюторлардан) сатып алынады»;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Алматы облысының жергілікті атқарушы органы әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру мақсатында Комиссия айқындайтын азық-түлік тауарларының тізбесіне сәйкес мамандандырылған ұйымға кейін кәсіпкерлік субъектілеріне беру үшін қарыз береді.»;

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«39. Қарыз беру үшін кәсіпкерлік субъектілерін Комиссия әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру қағидаларында белгіленген кәсіпкерлік субъектілеріне келесі қойылатын талаптарға (өлшемшарттарға) сәйкес айқындайды:

1) кәсіпкерлік субъектілері меншік немесе жалға алу құқығы, өндірістік немесе сауда-логистикалық инфрақұрылымды тұратын қойма гимараттары және басқа да үй-жайлардың арнайы жабдықтарын арналған тізбеті өндіріс және азық-түлік тауарларын сақтауға, сондай-ақ, сатып алу және өзге де операцияларды орындау мақсатында азық-түлік тауарларының мүмкіндік беретін және қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларын бағасын ұстап тұру;

2) кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін қарастыру сәтінде банкротқа және жоюлуына сатысында болмауы тиіс;

3) кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін қарастыру сәтінде жосықсыз қатысушылар тізілімінде болмауы тиіс;

41, 42 және 43-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Кәсіпкерлік субъектісі мамандандырылған ұйымның қарызды қайтару бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету мынадай түрде беріледі: кепіл және/немесе банктік кепілдендіру және/немесе сақтандыру шарты және/немесе үшінші тұлғалардың кепілдік/кепілгерлігі және/немесе корпоративтік кепілдендіру. Міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жазбаша нысанда рәсімделеді.

42. Қарыз беру шарттары мамандандырылған ұйым мен кәсіпкерлік субъектісі арасында жасалған қарыз шартында белгіленеді.

Қарыз беру қарыз шартын жасау жолымен мерзімділік, қайтарымдылық, қамтамасыз етілу, ақылылығы және ақылылық шарттарымен жүзеге асырылады.

43. Алматы облысының жергілікті атқарушы органы бөлетін, оның ішінде бұдан бұрын азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру корларын қалыптастыруға бөлінген қаражат қаржыландыру көзі болып табылады».

2. «Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысы әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін оны Алматы облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркеуден өткен күннен кейін он жұмыс күні ішінде Алматы облысы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқық бөліміне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.


3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің бірінші орынбасары Л. Тұрлашовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізілсі және жариялануға жатады.

Алматы облысының әкімі А. БАТАЛОВ

✓ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ

Осыдан тура бір ғасыр бұрын, 6 ақпан күні кешкі сағат алты шамасында Қытай шегарасындағы Сүйдін әскери қамалында ақ патшаның генерал-лейтенанты, Орынбор казактарының атаманы А. Дутов Жаркент уездік ЧК-сының арнайы құрылған отрядының жанкешті қимыл-қарекетінен ажал құшты. Осынау оқиғаның тарихшылар айтып, жазып, зерттеп тауыса алмай жүрген мәні мен мақызы, ұзақ жыл тұмшаланған құпия сыры әлі де тиянақтала қойған жоқ.



АТАМАННЫҢ АЖАЛЫ

Вадим Гальцевтің 2017 жылы жарық көрген «Терновый венец атамана Дутова» атты зерттеу кітабынан Түркістан әскери барлау бөлімінің бұл істі тікелей басқарғанын және Жаркент уездік ЧК-сында құрылған арнайы отрядтан басқа бірнеше құпия әскери топ жасақталып, жау ордасында қарекет жасағанын білдік. Жазушы әлгі жасырын топтарға жергілікті шаруаларша киінген, мұсылманша сауатты әскерилер қатыстырылғанын олардың кейіннен өкілеті орындарға жазған хаттары мен ұрлақтарының естеліктері арқылы анықтағанын айтады. Сонымен қатар, автор шетелдердегі кейбір мұрағаттарға қол жеткендіктен әлі де зерттеуді қажет ететін жайлардың молдығын ескертеді.

Кенестік кезеңде арнаулы органдардың мұрағаттағы материалдарының аз күпия сақталуына байланысты атышулы оқиға 1990 жылдарға дейінгі кітаптар мен әртүрлі басылымдарда үстіртүстірі жазылды. Тіпті, кейбір мақалаларда атаманға ажал құштырған оқиғаға тікелей қатысқан адамдардың ағы-жоғының, қимыл-қарекетінің бұрмаланып көрсетілгенін кейінгі зерттеулер айқындап отыр. Кемел Токаевтың «Соңғы соққы» повесінде, Бексұлтан Нұржекеевтің «Жау жағадан алғанда» атты романында генералды өлтіруге қатысқан адамдардың есімдері, теракті кезінде ағып-жарып жүрген, құрақтың ар-ұдамы бар, жақсы қарулан-ған контрабандистердің ерекетіне нақ осы топ тиым салған болатын.

Бұл топты Қасымхан Чанышев кенестік төңкеріске дейін де пайдаланған немесе олармен сыбайлас болуы мүмкін деп ойлаймыз. Себебі, Татарстанда туып, Жаркентке өскен бай татардың баласы Қасымхан мен оның бауырлары контрабандалық жолмен байыған. Оның сенімді серігі болған орынбасары Махмұд Қожамияров Жаркенттің түбіндегі Аккент ауылының тумасы. Осы ауылдан шыққан Махмұдтың «Алты каскыр» атанған аталары Қытайдан ары-бері өткен сауда керуендерін тонап, Қоргастан Алтынемелге дейінгі жол бойын ұясында ұстаған атақты қаракшылар болған. Көзін аяқтанған қаракшылықтың тағылымын алған оң да есебі келе аталарының қасіби менгергенін Қасымхан Чанышевтің мінездемесінен анғаруға болады. Ал, жастайынан әкесінен жетім қалып, анасы мен бауырларын жеткізу қамымен шегараның арығберегі жағында тіршілік жасаған Мұқай Байсымақов болса, жер мен ел жағдайын әбден меңгерген адам. Шегарага жақын Қонақай ауылында оскен Юсуп Қадыровтың да дәл табысты контрабандалық қарекеттен ала болмағаны анық. Ғазис Үшербакиевтің әгасы Насырдың сол кезде Қытайда тұрғаны, «халықаралық сауданы» көрігін қыздырғанын ескерсек, олардың да тіршілігінің топтастарына ұқсастығын бағамдау қиын емес.

Бұлардың бәрі де сол кезде қызыл саясатқа қызмет еткенімен жаңа құрылған Кеңес өкіметіне жан-тәнімен беріліген адамдар еді деп айту қиын. Олардың астыртын жолмен апиын және мал саудасын жасап жүргенін Жетісу облыстық, Жаркент уездік ЧК басшылары да жақсы білген. Түркістан әскери барлау бөлімі атаман Дутовты ұрлауды көздеген бірнеше жоспар сәтсіздікке ұшыраған соң бұл істі жеր мен ел жағдайын жақсы білетін жергілікті адамдарға тапсыруды мақұл көрген. Сондықтан Ташкент пен Алматыдағы, Қоғалыдағы әскери бөлімдер ішінде ЧК жансыны қызметін атқарып жүрген Қасымхан Чанышевті Жаркент милициясының бастығы етіп тағайындап, Дутовтың көзін жоюды тапсырады.

Қытай қамалына тастай бекініп, күн жылынысымен Жаркентке шабуыл бастауды жоспарлап отырған атаманды алу онайға соқпайды. Қасымхан тобының да бірнеше әрекеті сәтсіздікке ұшырап, ЧК басшыларының сенімсіздігіи туғызды. Соңғы тәжірибе көрсеткендей Қасымхан Чанышевті «сатқын» деген айыппен тұтқындап, өзінің өтініштемен соңғы мүмкіндік беру үшін оның сегіз жақын тұмсығын кепілдікке алып, түрмеден босатады. Алайда тапсырма орындалмаған жағдайда оның кепілдікте түрмеде отырған туыстарының түгел сотсыз, сұраусыз атылатыны ескертіледі. Осындай қатаң талаптан кейін Қасымхан мен сенімді серіктерінің атаманды қайткенде де өлтірмеске амалы қалмайды.

Осы орайда басқа зерттеушілер назар аудармаған тағы бір жайды айта кеткеніміз артық болмас. Атаманды ұрлау, болмаған жағдайда өлтіру операциясын 5-6 ақпанға жоспарлаудың бір сыры – Қытайдың күн ұзара бастайтын 22 желтоқсаннан бастап суық күндерді тоғыз күннен тоғыз Жұға болетінін, бесінші Жұбіткенде он күнге созылатын «сұық күү» мерекесінің 5 ақпанған басталатынын Қасымхан Чанышев көпеге алған сыңайлы. Өйткені, көптен бері қамалда ішіп-тесіп жаткан ақ гвардиялшылардың қандай мерекені де қуана тойлайтынын ұрымтал сәтке балаған.

Алдын ала атаманның сеніміне кіріп, тығыз байланыс орнатқан Жаркент уездік милициясының бастығы, бұрынғы патшалық Ресейдің князі «қызылдардың тұтқынынан қашып шықтым» деген желеумен қасына сенімді серіктерін ертіп, 6 ақпан күні кешкісін Сүйдін қорғанына барып кіреді. Қорған қақпасында жарау ат мінген Юсуп Қадыровты, Көдек Байсымақовты, Сұлтан Мараловты және Ғазис Үшербакиевті қалдырып, атаманға жазған хатын бұрын да арадағы байланысшы қызметін орындап жүрген Махмұдтың қолына ұстатып, Дутовтың үйіне кіргізіп жібереді де, есігіндегі күзетшілердің жанына Мұқай Байсымақовты тастап, өзі аулада жасақ тұратын үй маңында жасырынады.

Келісім бойынша Махмұд атаманды атқан сәтте Мұқай есік алдында тұрған үш күзетшіні өлтіріп, Қасымхан күзет жасағын қазармадан шығармай мәжіліс, серіктерінің қамал қақпасынан аман шығуына мүмкіндік жасауы тиіс. Атаман Чанышевтің хатын оқып отырганда Махмұд Дутовтың кеудесінен атады. Осы сәт болмедегі жарық беріп тұрған майшам жалп етіп сөніп қалады. Оқыс қару даусынан секем алған Дутовтың адъютанты бөлмеге кіріп келеді. Қараңғыда не болғанын түсіне алмай тұрған оны да атып өлтірген Махмұд сыртқа беттейді. Бұл кезде, алдын ала келісілгендей, Мұқай сегіз оқты револьвермен күзетшілерді сұлатып салса, Қасымхан атаманның үйіне жақын тұрған күзет жасағының тұрағынан шыққан әскерді аткылап, казармасына қайта қуып тығады. Қамал қақпасындағы Қытай күзетшілеріне серіктері оқ жаудырып, тез атқа қонған Қасымхан тобы қамалдағылар ес жиғанша із сұытады.

Ымыртта атылған оқтан ауыр жарақат алған атаман Дутов ертесінде, 7 ақпан күні азанда өледі. Тапсырманы орындаған Қасымхан Чанышев тобын Жаркентте халық қуана қарсы алып, салтанатты жиында одағы түгелдей революция батырына тенейді. Ташкентке арнайы шақырылған Қасымхан мен Махмұд алтын сағатпен, басқалары күміс сағаттен және арнайы табельдік қарумен марапатталады. Қамаудан босатылған Жаркент милициясы басшысының кепілдегі туыстары кейін 30-шы жылдардағы зобаланда түгелдей құғынға ұшырап, Қасымхан Чанышев пен Махмұд Қожамияров 1937 жылы халық жауы ретінде атылады. Насыр Үшербакиев Орскіге жер аударылса, Ғазис Үшербакиев 20-шы жылдардың орта шеніпде аурудан қайтыс болған. Туыстарымен Қытайға қашқан Мұқайлың інісі Көдек 1936 жылы өмірден озған. Сұлтан (Солтанай) Маралбаев 1936 жылы қаза тапқан. Бұл топтан тірі қалған Юсуп Қадыров 30-шы жылдарда көп құғын көргенімен сотталмаған. Өмірін көздеп тасада, құм ішіндегі шағын Айдарлы ауылында өткізіп, қазақ қызға үйленіп, ұрпақ өсірді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Панфилов ауданы

✓БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Кәсіпкерлер құқығы қалай қорғалды?

«Jetisu Media» ақпараттық алаңында өткен брифингте облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Әсет Шаяхметов өткен жылғы атқарған жұмыстарын баяндап, карантин кезеңінде аймақ кәсіпкерлеріне қандай қолдау көрсетілгені туралы айтып берді.

Қажет АНДАС

Оның айтуынша, облыстық палата өткен жылы экономиканың ең көп зардап шеккен салаларын анықтау үшін облыс кәсіпкерлерінің 48.1 пайызын құрайтын 7348 бизнес субъектісінің қызметіне талдау жүргізіпті. Нәтижесінде аталған кәсіпорындарда 5,6 мыңнан астам қызметкер немесе жұмысшылардың жалпы санының 6,6%-ға жуығы қысқартылғаны анықталған. 9 мыңға жуық қызметкер немесе қызметкерлердің жалпы санының 10,5%-ы жалақысы сақталмайтын демалыска жіберілпті. Ал 68 компания кірісін жоғалтқан және толығымен жабылған.

Былтыр облыстық палата жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, өңір кәсіпкерлеріне мемлекеттік қолдаудың кешенді шараларын көрсетті. Осыған орай, шағын және орта кәсіпкерлістің 690 субъектісі коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беру төлемін төлеуден босатылса, 119 мыңға жуық бизнес субъектісі салықтық ынталандыруды алып, 641 шағын және орта бизнес субъектісіне несие бойынша жеңілдік қарастырылған. Сондай-ақ, 77 сауда үйі, базар және ойын-сауық орталығының басшыларымен жалға беру шарттарын қайта қарап, 6,5 мың жалға алушының жалдау ақысы 30-дан 90%-ға дейін төмендетілген. Мұнымен қоса 20 мыңнан астам кәсіпкер infokazakhstan.kz порталы арқылы өз қызметін қайта бастаған.

Кәсіпкерлердің құқығы мен мүддесін қорғау бағыты бойынша да ауқымды жұмыс атқарылыпты. Былтыр облыстық палатаға заңды тұлғалардан 233 өтініш түсіп, оның 88%-ы оң шешім тауыпты.

– Өтініштердің басым бөлігі мемлекеттік сатып алу және жер қатынастарын мәселесіне қатысты, сондай-ақ, мемлекеттік органдардың іс-әрекетіне, салық, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мәселеге қатысты шағымдарда келеді. Біздің қолдаумыздың арқасында 1,2 млрд. теңге мөлшерінде бизнестің мүлктік құқықтары қорғалды. Бұл 2019 жылға қарағанда екі есе артық, – деп атап өтті Әсет Шаяхметов.

Бүгінде кәсіпкерлердің түйткілді мәселесін шешіп, құқығын қорғауға облыстық палатаның жанынан құрылған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес айтарлықтай ықпал етіп келеді. Былтыр кеңес отырыстарында 16 мәселе қаралып, оның 10-ы оң нәтижемен шешілген. Кәсіпкерлердің құқығын бұзған үәкілеті органдардың 5 лауазымды тұлғасы тәртіптік жауапкершілікке тартылған. Сондай-ақ, «Атамекен» «Бизнестің жол картасы – 2025» және «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы өңірдегі 16 мыңнан астам бизнес өкілше кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары арқылы 17,5 мың сервистік және консультациялық қызмет көрсетілсе, 1,3 мың жоба мемлекеттік қолдау алуына 5,8 млрд. теңге мөлшерінде, ал «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негізіне оқыту жобасын тамамдаған қатысушылардың 2039 жобасы 1,8 млрд. теңге көлемінде қаржыландырылған. Сондай-ақ, «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша жеңілдікпен несиелендіру белгілі жүртшылыққа. Бағдарлама аясында бәсекеге қабілетті өндірістер құру, халықтың мұқтаждығын қамтамасыз ету және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарының импортын көбейтуге бағытталған құны 74,8 млрд. теңге болатын 252 жоба жүзеге асырылуда.

– Осы бағдарлама бойынша кәзіргі таңда екінші деңгейлі банктер мен Аграрлық-кредиттік корпорация тарапынан жалпы сомасы 45,7 млрд. теңге болатын 181 жоба мақұлданды, – дейді облыстық палата директоры.

«Атамекен» қызметінің маңызды бағыттарының бірі – адами капиталды дамыту. Әсет Шаяхметов кәсіп иелері кәсіпорындар жанынан оқу орталығын құру кеметімен және Дуальді оқытудың жол картасына қатысу арқылы мамандастіруді кәсіпкерлердің шешіп жүргенше де тоқталды.

– Өңірлік палатаның қолдауымен облыста 80 оқу орталығы шылды. Олар жұмысқы азаматтарды еңбек нарығында сұранысқа не 46 кәсіп пен мамандық бойынша даярлауды жүзеге асырады. 2020 жылы оқу орталықтары басасында 2536 адам қысқамерзімді оқытудан өтті, оның ішінде 2272 адам жұмысқа орналастырылды. Сондай-ақ, кәсіпорындардың дуальді оқыту аясында «таңсұлпе бойынша» кадрларды даярлауға мүмкіндігі бар. Жалпы, Дуальді оқытудың жол картасына облыстағы техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің 3225 оқушысы, 23 колледж бен 344 кәсіпорын 28 мамандық, 47 біліктілік және 9 сала бойынша енгізілді, – деп атап өтті ол.

Қай қырынан келсек те өткен жылғы қиын-қыстау жағдайда жұмыс бағатын дұрыс әрі жүйелі жүргізе білген облыстық кәсіпкерлер палатасы көп жетістікке жалды қорытындылады. Алдағы қосымша да ауқымды. Ол жайлы баспасөз мәслихатының соңында журналистер сұрағына жауап берген Әсет Шаяхметов толыққанды айтып берді.

Jetisý

@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

АЗАТТЫҚТЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАРЛЫҒАШТАРЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазан айында сабақ басталды. Журналистиканың майталмандары Ыдырысов Әбілпейіз ағай, сырбаз, мінезі көркем Қалдыбаев Мамытбек ағай, есімінен журфак-филфак үркетін Қожакеев Темірбек, Грозный патшадай сұсты Амандосов Тауман ағай. Әркайсысы газет-телеарна ісінің ақтаңгерлері. Дәріс берушілер арасында аудиториядан жана шығып, алғашқы ұстаздық жолын бастаған, студенттердің жақтасы Бауыржан Жақып пен Амантай Шәріп те бар.

«Журналистиканың негіздері» сабағы өтіп жатыр. Тауман ағайдың дәрісінде шыбын ызыңы естілмеуі тиіс. Ағаш есік ақырын ашылды да басына қазақы оюлы бөрік киген, ұзын бойлы, әдеміше келген қараторы жігіт тілдей қағазды шеткі қатардағы партаға лақтырып жіберді. Бойжеткенбіз, жігіттің кескін-келбетіне бірден көңіл аударатын кезіміз. Жігіт тұлғасы көз тартарлық. Тілдей қағаз аудитория ішін аралап кетті. Менің де алдыма жетті.

«Кеуделеріңде қазақтың қаны болса, түсте алаңға жиналыңдар», – деген жазу екен. Қан деген сөз әр қазақтың бойына күш-қуат берді. Азаттық аңсаған ұлттың ұландары қан деген сөзді естігенде намыс оты өршіп, орындарынан өре түрегелді. Бәріміз Тауман ағайдың сабағының екінші жартысына қатыспай, аялдамаға жиналдық. Кураторымыз Мамытбек Қалдыбаев ағай соңымыздан қуып жетіп, алаңға барудың қауіпті екенін, бұл саяси соғыс, ұрынып қаласыңдар деді. Атқа қонған қазақты кім тоқтатып еді?! Санада қазақтың қаны, намысы деген сөз жаңғырып тұрды. Соңымен, автобуска мінейік десек табалдырықты аттағаннан ток соғады. Алаңға баратын автобустарға топталған жастарды отырғызбандар деп тапсырма берілген сыңайлы. Жаяу-жалпы алған бағытымызға қарай тартып отырдық. Алаңға жақындағанда бір көше жетпей әскери техника тізілген тұр. Басында көшемен жүріп өтетін әскери тізбек пе деп ойладық. Көпшілік жиналған алаңға жақындағанда арнайы көліктерден ит жетектеген әскерилердің секіріп түсіп жатқанын көргенде көңілге қорқыныш ұялап, көз шарасынан шығып, жүрек атша тулады.

Ауылдан келген сарыауыз 18 жасар қыз үшін бұл көрініс соғысты көргенмен тең еді. Кәдімгі Ұлы Отан соғысы жайлы кинодағы көрініс! Жан-жақтан алаңға жастар лек-легімен келіп жатыр. Бірақ қаруланған әскерилер оларды топ-топ қылып бөліп, коршап алған. Бір мезетте көше бойымен «Елім-ай» әнін зарлата орындаған жастар легі келіп қосылды. Япыр-ай, қазағым елім-ай деп зарлағанда дауысы Аллаға жетеді екен ғой. Не деген елшіл, бауырмал, қаншыл халық едік?! Жанарымыздан аққан жасқа ие бола алмай қалдық. Сол кезде орталық мінбе жақтан «Менің Қазақстаным» әні шырқалды да кетті. Елдің рухын көтерген мына әннен кейін азаттықты аңсаған ұланды тоқтату мүмкін емес еді. Бәрі жан-жақтан коршауды бұзып, ортаға қарай жүгірді. Бір-бірін құшақтап, көбейіп жатыр, көбейіп жатыр. Бір қауым ел болдық. Енді жастарды алаңнан қумаса көтерілістің үдеп кететінін білген өкімет басындағылар етіктері сатырлаған милициялар тізбегін кіргізді алаңға. Сол қолында қалқан. Оң қолында резеңке сойыл.

Мен бұрын-соңды мұндай суық жүзді милиция көрмеппін. Ауылдағы учаскелік инспектор Төлеген ага мейірімді еді. Оны ел қорған санайтын. Шөп, мал ұрлығы болмасын, ішкіштер бірденені бүлдірмесін деп соларды аңдитын. Формасы болмаса ауылдың баска тұрғындарынан еш айырмасы жоқ еді. Мыналар сұсты екен. Сатырлаған етіктердің дауысы бізге қарай жақындағанда ұлдар қыздарды өздерінің сыртына тығып, алдымызға тұра қалады. Сонан соң алдыда тұрған жігіттер оларға: «Ортаға жазушы, ақындар шықсын. Олжас Сүлейменов, Мұхтар Шахановты тыңдағымыз келеді. Елде не болып жатыр? Қазақ жерін қазақ басқаруы тиіс. Колбиннің бізге керегі жоқ. Ел басқаратын азаматтар өзімізден де шығады», – деп арман-тілектерін ашық білдіруде. Бірақ ортаға қазакша дұрыс сөйлей алмайтын ер адам шықты да, алаңнан таркауымызды талап етті. Келген жағымызға кетпесек күш колданатындарын айтып, қоқан-лоқы көрсетті. Сол кезде Үкімет үйі жақтан сап түзеген милиция легі екпіндете келіп, жастардың қатарында тұрғандарды ұрып-соға бастады. Біз алаңның екінші жағына қаштық. Соңда жастардың соңында қалып қалғандарды милициялар іштеріне тартып алып, төпелеп ұра бастады. Оны байқаған жігіттер қайтадан күш жиып, милицияның арасында қалған қыз-жігіттерді құтқару үшін полицияға тап берді.

Сол кездегі мына бір көрініс менің көз алдымда өмір-бақи қалды. Құқық қорғаушылардың аягының астынан шығарып алған қыз ес-түссіз жатты. Бет-жүзі эппақ болып кетіпті. Қимылсыз. Үш-төрт жігіт қызды дәрігерге бермейміз деп, көтеріп, алаң шетіне ала қашты. Ол кезде жастар кімге сенерін білмей қалған. Милиция менің қорганым деп жүрген құқық қорғаушылар таяқтап, төпелеп жатқанда дәрігерге де сенбеуі заңды еді. «Елім-айлаған» қыз-жігіттер осыдан кейін тастай түйілді. Азаттықты алмайынша күресуді тоқтатпайтындарын бір-біріне деген қолдаулары мен тастай түйілген жұдырықтарынан байқауға болатын еді.

Мақаланы жазу барысында «Жетісулық желтоқсандықтар» қоғамдық қорының төрағасы Ермұхан Жүнісханды тақырыпқа орай сұхбатқа тартқан едік. Ермұхан: *«Желтоқсанда қазақтың ұл-қыздары көзсіз ерлік көрсетті. Мұздай қаруланған әскерге төтеп беру ел мен жерді шексіз сүюдің дәлелі еді. Көтеріліс қазақтың намысын қайта жандандырды»*, – деп пікір білдірді.

Алаңдағы қорқыныш жан-жақтан келіп жатқан өрт сөндіруші көліктердің жастарға ыстық су шаша бастауымен үдеді. Шырылдаған қыздардың дауысы құлақ тұндырады. Ес-түс қалмады. Он сегіз жас! Ата-ана бауырынан жаңа шыққан бойжеткен. Ит абалаткан әскерилер мен ыстық су шашкан алпауыт көліктер. Қасыма курстасым Ормаш жетіп келді де менің қолымнан жетектеп, қаштық деді. Екеуміз мінбердің бұрышымен көпшіліктен сытылып шықтық та, көше бойымен сүрініп-қабынып жүгіре жөнелдік. Аяғымыз, үсті-басымыз малмандай су. Кеш қоюланған кезде жатакханага жеттік. Есіктің алдында вахтерша Люба апай емес, жүздері сұсты ер адамдар отыр. Бірден қайдан келгенімізді сұрады. Біз Пушкин кітапханасынан келдік дедік. Мәдени орыннан келмегенімізді әлемтапырық түріміз бен алба-жұлба киміміз айтып тұр еді. Ойымызда алаңда калған достарымыз. Санамызда: «Таркаңдар, әйтпесе аямаймыз», – деген өктем дауыс жаңғырады.

Азаттықтын алғашқы карлыгаштарының көкейінде Желтоқсан бағасын әлі алмады-ау деген ой тұрады. Бұл орайда Ермұхан Жүнісхан: *«Бұқаралық ақпарат құралдарында Желтоқсан оқиғасы деп жүр ғой. Бірақ 2016 жылы Астана қаласында өткен халықаралық симпозиумде 14 мемлекеттен қатысқан ғалымдар 1986 жылғы Қазақстандағы жағдайды бірауыздан көтеріліс деп танып, Қарар қабылдаған. Симпозиумге бірнеше депутат, сенатор, қоғам қайраткерлері қатысқан еді. Қарар Үкімет, Парламент, Президент аппаратына жіберілген. Өкінішке қарай, ұсыныс жауапсыз қалды»*, – дейді.

Жатақханага кірісімен тергеуге алындық. Қауіпсіздік комитетінің қара тізіміне іліктік. Сұракка шақырганда бөлмеде болуымыз керек. «Алаңга не үшін бардың?», «Көтеріліске қандай мақсатпен шықтыңдар?», «Сендерді кім бастап шықты?», «Қастарында нашақорлар болыпты ғой?», «Мына суреттердің ішінде кімді танисың?» – деп бума-бума суреттерді алдымызга тастайды. Біз жанұшырып милициядан таяқ жеп жүргенде комитетшілер бізді суретке түсіре беріпті. Бәріміз бірауыздан ешкімді танымаймын деп жауап береміз. Курстастарымыз шетінен түрмеге жабылды. Бірнешеуін алыс тауга апарып, кар үстінде тепкілепті, корлапты.

Бүкіл курсты қамай алмайтын болғандықтан комсомол комитетінің хатшысы Гүлмира Сұлтанәлі, старосталар Нұрымжан Мауытов пен Сейсен Ұлықбек екінші топтың старостасы Ғазиз Тастаевты қамауга алды. Біз күнделікті барып, тамақ апарып беріп тұрдық. Біразы оқудан шығарылды.

Алаңдағы күндерді еске алған сол кездің жастары Желтоқсан көтерілісі лайықты бағасын алса дейді. Бұл ойымызды Ермұхан желтоқсаншыга жеткізгенімізде ол: «Желтоқсан көтерілісіне әлі саяси баға берілген жок. Өкініштісі, көтеріліске қатысқан азаматтар саяси статус алған жоқ», – деді.

Университетте қамауга алынгандардың мәселесін қарау барысында үлкен жиын өтті. «Бәріміз біріміз үшін» деген ұстанымды ұстандық. «Егер бір аламды оқудан шығарсаңдар, түсер кәстеміз», – деп тістендік жиын тораңаларына. Абырой болганда, сол күні курстастарымыз оқудан шығарылмады.

Бүгінде барлық курстастарымыз елдің еңсе көтеруіне қызмет етіп жүр. Мысалы, Гүлмира елшілікте, шетелде. Нұрымжан «Жас Алаш» газетінде жауапты қызметте. Сейсен танымал журналист. Ғазиз жеке кәсібінің нәсібін көруде. Барлығының ұстанымы – Тәуелсіздіктің тұғырын биіктету. Облыста жыл сайын «желтоқсаншыларды» облыс әкімі Амандық Баталов қабылдап, пікір-ұсыныстарын тыңдайды. Көтерген мәселелеріне қолдау білдіреді. Өткен жылы Алакөл ауданының орталығы – Үшаралда Желтоқсан құрбандарына арналған ескерткіш ашылды. Желтоқсаншыларды ұлықтау әлі де жүре беруі керек.

Сол күннен бері табаны күректей 35 жыл өте шықты. Алаңга намыс жетектеп барған 18 жасар қыз бүгінде егемен елдің бақытты-бақуатты тірлігіне қуә болып, таңдаған мамандығы – журналистиканың рақатын көруде. Егер Тәуелсіздік алмағанда Алашым деп қалам тербеп, Желтоқсан жайлы жаза алмай, ішқұса болар ма едік?! Иә, Тәуелсіздік – маңдайға басқан бағымыз екен ғой.

✓ МӘСЕЛЕ

Ауданның тыныс-тіршілігін аркау ететін көпжылдық тарихы бар газеттерде тендерге қатысты тағы бір киындык туындады. Аудан жаңалықтарын бірінші жеткізетін басылымдардың қай-қайсысын шолып қарасаңыз да ең соңғы бетінен «Газет аптасына бір рет қазақ, орыс, ағылшын, ұйғыр (төртінші тілдің орнында ұйғыр ғана емес, татар, кәріс немесе басқа да тілдер жазылуы мүмкін) шығады» деген сөйлемді кезіктіресіз. «Бұл не қылған қойыртпақ?» – деген ойға қалдық. Тіпті, таңғалдық.

ТӨРТТІЛДІЛІК КІМГЕ КЕРЕК?

Ұлбосын ИСАБЕК

Таралымы 2-5 мың дананың маңайында болатын аудандағы апталық басылымдар шын мәнінде төрт тілде жарық көретін болса, ондай шимайшатпакпен мемлекеттік тілдің мәртебесі қайтіп өседі? Оның маңыздылығы қайда қалады? Ертең ұйғыр тілінде бір мақала басылса, ол аудандағы кәріс, неміс, грек, санамаласақ, саусақ жетпейтін басқа диаспора өкілдерінің өз тілінде мақала шығуын талап етпесіне кім кепіл? Сонда не мақсатпен, не үшін аудандық газетке төрт тіл тықпаланғанын түсіне алмадым. «Үштұғырлы тіл» саясатын сіңіре алмай жүріп, төрттілділік қайдан шыққан пәлсапа?! Аудандық газеттерді парақтап отырып ойымызды осындай сан сауал шырмап алды.

Сөйтсек, бұл мәселенің түбі терецде жатканын аңдадық. Аудандық мерзімді басылымдар тендерде бәрі сәтті болуы үшін тілге қатысты осындай өзгерістерге барған. Мәселен, өзге тіл қосып жіберсеңіз, ауданның ішкі саясаты аудандық газетте осындай тіл бар деген артықшылыкпен тендерге салады. Ал мұндайда басқа ЖШС-лардың талаптары келмей қалады да, тендерге қатыса алмайды. Аудандық басылым қызметкерлерінің бірінен осы мәселеге қатысты сұрағанымызда:

– Бұл, бір жағынан, шарасыздық! Үшінші тіл қосып, қулық істемесең, тендерді ұта алмайтын жағдайдамыз. Аудандық газеттердің үстінен құзғынша үйірілген ЖШС-лар бар. Олар тендерге арзан баға ұсынып, кейбір аудандық газеттерді әбден қыспаққа алған. Тіпті, кейбір газеттер тендерді ұта алмай, жалақы азайып, жекелей жұмыс жасап отыр. Ал бұған жол бермеудің бір жолы – газетке тағы бір тіл қосу. Әйтпесе, жылдық бюджеттен 4-5 млн. арзанырақ баға ұсынып, басқалар ұтып алады да, өздеріне керегін алып қалып, газетке келісімшартпен екі есе төмен қаражат береді. Болмаса газетті өздері шығарады. Бұл газеттің емес, жалпы мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі бір осалдық деп білеміз. Тендер деген «бәледен» тентіреп жүрген басылымдар көп, – деп жауап берді.

Сөйтіп, тендерлік жүйенің салқыны, айналып келгенде, мемлекеттік тілге де тиіп отыр. Өйткені, ұйғыр, кәріс немесе татар тілі қосылғаннан кейін ондай басылым сол тілде мақала шығаруға міндеттеледі. Яғни, аудан тұрғындары мемлекеттік тілді былай қойып, Қазақстандағы саны аз түрлі этнос өкілдерінің тілдерінде де мақала оқуға мәжбүр болады.

Бір жақсысы, дәл қазір осы бір томпақтау жүйеге өзгеріс енгізіліп жатқаны жайлы жылы хабар естіп, қуанып қалдық. Қазір тендердегі осындай келеңсіздіктерді болдырмайтын жаңа ережені іске асыру тетіктері қаралып жатқан көрінеді. Нәтижесінде, өпірлік газеттер тендерден құтылады деген ақпар тарауда. Дегенмен, бұл өзгерістің өзіндік талаптары да барынша күшейтілген. Соған сай газеттің таралымы мен сапасына, желілік басылымның оқылымына баса назар аударылады. Қарастырылатын қаржы мемлекеттік тапсырысты орындау мүмкіндігі мен өзектілігі аймақтық комссияның сынынан өтсе, республикада бекісе ғана берілуі мүмкін екен. Әрине, бұл да оңай емес.

«Қазақ тілі – қазақтың мандайындағы жалғыз жарық жұлдызы», – депті ұлты өзге болса да жүрегі қазақ деп соққан қазақ тілінің жанашыры Асылы Осман. Олай болса, мандайдағы жалғыз жұлдызымыздың көмескіленбей, жарқырап жануына мемлекеттік тіл – менің тілім дейтін әр азамат бейжай қарамауы тиіс қой. Әрі әлгіндей қойыртпаққа жол бермегені жөн болар еді.

Мемлекеттік тіліміздің мәртебесін арттыру және оны Қазақстанды мекендейтін өзге ұлт өкілдерінің мойындап, іс жүзінде жүзеге асыруында әлі де шикіліктер жетіп жатыр. Оған мемлекеттік мекемелерде өтетін ресми жиындардағы баяндама, есеп берулердің мемлекеттік тілде басталғанымен басым бөлігінің орыс тілінде жалғасын табатындығы баяғы жалтақтықтың, жалпақшешейліктің шеті бұзылмағанын аңғартары анық.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге бұл күнде тіл жанашырлары білек түре кірісіп, өзекті де өткір ұсыныстарын ортаға салуда. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Қазыбек Исаның ел үкіметінің алдына төрт талап қоюы мысал. Одан бөлек, жуырда ақын Тыныштықбек Әбдікәкімұлы «Шұғыл өзгеріс керек!» деп мемлекеттік тілге қатысты дабыл қақты.

Онда ол мемлекеттік тіліміздің әлі күнге дейін өз мәртебесіне сай толықканды қызмет атқара алмауының басты себептерін санамалап берді. «Ол, біріншіден, Заң бойынша, Қазақстан азаматтарының мемлекеттік тілді білуінің міндет еместігі. Екіншіден, Конституциямыздағы 7-баптың 2-тармағы бойынша, орыс тілінің мелекеттік тілмен тең жағдайда қолданылуы», – дей келіп, мемлекеттік тіліміздің тұсаулап тұрған басты кедергілерді жіпке тізгендей тарқатып өтеді. Бұл жазба көбіміздің көзжұмбайлық танытып, жылы жауып қоя салатын немқұрайдылығымызды бетімізге басты.

Ақын ағамыздың осы бір жазбасы менің де жаныма батып, жоғарыдағы жайттың жазылуына түрткі болды. Бұл орайда тиісті мекеме басшылары мен тіл жанашырлары аталған жайтқа жайбарақаттық танытпайды деп сенеміз.

✓ ӨЗЕКТІ

2021 жылдан бастап Қазақстан азаматтары Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы салым мөлшері «жеткілікті шектен» асқан жағдайда оның бір бөлігін ала алады. Көпшіліктің зейнетақы қорынан алынатын қаражаты «Отбасы банк» АҚ есепшотына түсіп те үлгерді. Десе де, кейбірі ақшаны алу жолын білмей қиналып жүрген көрінеді. Содан оның тәртібі қандай?

Ендік АРЫҚБАЙ

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНАН АҚША ШЕШУ



ЖЕТКІЛІКТІ ШЕК

Ең алдымен «жеткілікті шек» деген түсініктің мағынасын түсініп алайық. Яғни, ол – салымшының кордағы есепшотында калуы тиіс жинақ ақшасының ең төменгі мөлшері. Ол болашақта салымшыны жинақтаушы зейнетақы жүйесінен төленетін зейнетакымен камсыздандыру үшін қажет. Сондықтан салымшының есепшотында белгілі бір мөлшерде қаражаттың болуы шарт. Одан аскан бөлігін алуына рұқсат етіледі. «Жеткілікті шек» салымшының жасына карай белгіленеді.

Зейнетақы қорындағы ақшаның бір бөлігін алу тәртібі қандай, оны кімдер ала алады, ол үшін қандай шарт қойылады? Аталған сұрақтарға «Отбасы банк» АҚ Алматы облыстық филиалы мамандары жауап берді.

Мамандардың айтуынша, салымшы Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы (БЖЗҚ) жинақ есепшотындағы қаржысының шекті мөлшерден аскан бөлігін тұрғын үй жағдайын жақсартуға, емделуге немесе жекеменшік каржы компанияларының басқаруына беруге құқылы.

Мамандардың айтуынша, уәкілетті оператор ретінде 23 қаңтардан бастап біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалануға өтініш тапсыра алатын арнайы онлайн платформасы іске қосылды. Біржолғы зейнетақы төлемдерін дербес я болмаса жұбайы, жақын туыстарынан алынған зейнетақы төлемдерін пайдалана отырып, қолдануға болады. Егер БЖЗҚ салымшысы бұл төлемдерді өзі қолдануды жоспарламаса, онда ол оларды өзінің жакын туысына немесе зайыбына табыстай алады.

МАҚСАТЫН АНЫҚТАУ

Біржолғы зейнетақы төлемдерін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еліміздің аумағында тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін төменде көрсетілген мақсаттарға пайдалануға жол беріледі. Бұл туралы «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» «Отбасы банк» Алматы облыстық филиалының директоры Ғалымжан Шалғымбаев жеткізді.

Біріншіден, «Ислам банкінің» каржыландыруы шеңберінде тұрғын үйді сатып алу, Ислам банкінің тұрғын үй сатып алу жөніндегі мәмілені каржыландыруы шеңберінде берешекті ішінара, толық өтеу. Яғни, сіз кез келген банктен немесе ипотекалық компаниядан алынған тұрғын үйдің қарызын, несиені жабуға қаражатыңызды жұмсай аласыз. Сондай-ақ, сіз Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі бойынша жеке тұрғын үй немесе жеке қосалқы шаруашылық салу үшін жер телімін алуды қоса алғандағы несиені төлей аласыз.

Екіншіден, ипотекасыз тұрғын үй алу немесе атыңыздағы несиелік ипотеканы толықтай жабу. Жеткілікті шектен аскан соманы пәтер, жеке үй, жатақханадан бөлме сатып ала алуға жұмсай аласыз. Одан бөлек, тұрғын үйді бастапқы немесе қайталама нарықта, сондай-ақ, салынып жатқан нысандардан сатып алуға болады. Осы мақсатта тұрғын үйді зейнетақы жинақтары есебінен де, зейнетақы мен жеке қаражат есебінен де сатып алуға болады.

– *«Отбасы банкінде» Тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі бойынша ипотекалық тұрғын үй займын алу бар. Сіз пәтер, жеке үй, жатақханадан бөлме сатып ала аласыз. Тұрғын үйді бастапқы немесе қайталама нарықтан сатып алуға болады. Сондай-ақ, банктің бір несие шарты шеңберінде жөндеу жұмыстарын қоса есептегенде тұрғын үй сатып алуға немесе жеке тұрғын үй салуға болады (жеке тұрғын үй салу немесе жеке қосалқы шаруашылық салу мақсаттарымен жер учаскесін қоса алғанда). Ипотекалық несие алу үшін бастапқы жарна төлеу (оның ішінде Ислам банкі қаржыландыру шеңберінде). Сіз пәтер, жеке үй, жатақханадан бөлме сатып ала аласыз. Тұрғын үйді бастапқы немесе қайталама нарықтан алуға болады. Сондай-ақ, банктің бір несие шарты аясында сіз жөндеу жұмыстарын қоса есептегенде тұрғын үй сатып ала аласыз*, – деді Ғ. Шалғымбаев.

Өтініш берместен бұрын, қолданылу мерзімі аяқталмаған, қызмет алуға жарамды электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) болу қажет екен. Зейнетақы жинақтарының қолжетімді көлемін ҚР БЖЗҚ порталынан нақтылауға болады. Ең алдымен оператордың интернет-ресурсында ЭЦҚ немесе басқа электронды құралдар арқылы авторизациядан өтесіз. Содан кейін барып өзіңіздің жеке кабинетіңізді ашып, арнайы шотқа өтініш береді екенсіз.

Барлығын орындап, шотты аштыңыз. Содан кейін арнайы шоттың нөмірін, пайдалану мақсатын, қолда бар соманы, жеке табыс салығын ұстау және аудару тәсілдерін көрсете отырып, біржолғы зейнетақы төлеміне электрондық өтініш толтырасыз. Аталмыш процедураларды орындаған соң «Отбасы банкі» өтініш берушінің біржолғы зейнетақы төлемін алу туралы өтінішін қарағаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде БЖЗҚ-мен жасалған келісімде белгіленген тәртіппен БЖЗҚ-ға тіркелген өтінімдер туралы ақпаратты электронды хабарлама түрінде жолдайды.

БЖЗҚ «Отбасы банкінен» электронды хабарлама алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде біржолғы зейнетақы төлемінің сомасын өтініш берушінің арнайы шотына аударады. Ақша арнайы шотқа түскеннен кейін өтініш беруші 45 жұмыс күні ішінде «Отбасы банкіне» біржолғы зейнетақы төлемдерінің мақсатты тағайындалуын растайтын құжаттарды тапсыруы тиіс. Егер сіз белгіленген мерзімде біржолғы зейнетақы төлемдерінің мақсатын растайтын құжатты өткізбесеңіз, бұл қаражат БЖЗҚ-ға қайта қайтарылады.

ҚАУІПСІЗДІК

Көпшіліктің көкейінде: «Басқа банкте несием бар еді. Егер зейнетақы қорынан ақшаны алсам, оны банк несиені жабуға ұстап қалмайды ма?» деген сынды сауал туындары анық. Әйтсе де, қаражат жіті қорғалатынын есте ұстаған жөн. Сондықтан, өтініш берушінің басқа қарыздық міндеттемелері бойынша өндіріп алу мүмкін емес.

«Отбасы банк», уәкілетті оператор ретінде, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы жинақтары аударылатын арнайы ағымдағы шоттарды ашу және жүргізу, сондай-ақ, зейнетақы жинақтарын арнайы ағымдағы шоттан арнайы мақсатқа аударуға қатысты агенттік қызметтер көрсеткені үшін комиссия алмайды.

Jetisý

@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

АЛАШ АТЫМТАЙЛАРЫ

Жұлдыздар із тастап кетеді



Маман-Тұрысбек әулетінің кенжесі Есенқұл қажы жиған байлығын қазақ руханиятының жандануына жұмсаған атымтай жомарт жан еді. Ақсұңқардың баласындай дәулетін ел-жұртының ризығына арнаған Есенқұл данқты әулеттің кенжесі болғандықтан өткір, ержүрек, қайтпас-қайсар болып ержетеді. Негізінде Маманның төрт әйелі болған. Бірінші әйелінен Тұрысбек, Бейісбек, Сейітбаттал, екінші әйелінен Анғабек, үшінші әйелінен Құттыбек, Құрманбек, төртінші әйелінен Есенқұл дүниеге келген. Алдыңғы аналарына арқа сүйеп өскен Есенқұл еркін ойлы, мақсатшылдығымен ерекшеленеді. Дүние есігін ашқаннан баршылықта өскен ол жомарт, мәрттігімен танылады. Зерек ұл жақсы-жайсаңға бала кезінен үйір келеді.

Есенқұл қажы XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақтың ең бай адамдарының бірі болған. Жиған-терген дәулетімен ұлтқа қызмет етудің жарқын үлгісін көрсеткен меценат. Есенқұлдың анасы да дәулетті, өнерлі ортадан шыққан. Руханы әлемі әдемі, зерделі жан еді. Баланың жан дүниесін ес білгеннен әдемілікке баулиды. Жаңғақ ана атақты Жәмекеге бидің қызы. Көрген-білгенінің көптігі баланың дүниетанымын кеңейтеді. Басына бақ қонған бала көрсем, білсем, ел тапсам деп талпынады емес пе?! Есенқұл да жастайынан дінге бетбұрады. Алла жолындағы парызын толық өтеуге бет бұрады. Шаңырақ көтеріп, бөлек отау болып шығасымен Меккеге баруды жоспарлайды.

Маманның ұрпақтары Бейісбек, Есенқұл, Тұрысбек әйелдері – Бөке, Әбу, Қаукен байбішелерімен мұсылмандық міндетті өтеуге қажылыққа жол жүреді. Сапар сәтті болып, жол-жөнекей ерекшеттті елдердің жетістіктеріне таңғы болады. Өнер-білімнің ордаларын көреді. Жазу-сызу арқылы елдің көзін ашып, басқа елдермен терезесін теңестіруге болатынын бағамдайды. Ол үшін халыққа әрі үйрету керек деп ойлайды Есенқұл. Содан соң қыс қыстау, жаз жайлау деп көшіп-қонып жүрген халықты отырықшылдыққа үйретіп, білім шаңырағында балаларды үздіксіз оқытуды қолға алу керектігін ойластырады. Істі мектеп салудан бастау керектігін тоқтықтайды. Оған дәулеті жетеді. Жиған-тергенін ішіп-жеп мысқыл қылмай, қазақтың болашағына, өскіндердің білім кеңістігін ашуға жұмсауды мақсат етеді. Негізгі мәселе – білім-білігі жоғары ұстаз тарту. Оқу-білім дамымаған шалғай елге біліктті ұстаздардың келе қоюы негайбыл. Мектептерге мұғалім шақыру үшін барлық жағдайды жасау керек. Жатын орын, отбасылық жағдай. Басты мәселе – шақырылатын ұстаздың алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіншілік тудыру. Осы ойдың құшағында Меккеге барған Есенқұл қажы мектеп ашу жайын ойында тісіре жүреді. Уақыт оздыруға болмайды. Ойға алған ісін жүзеге асырмай тоқтамайтын алғыр азамат мәселеге бірден кіріседі. Әйелін ағайын-туысқа ертіп, елге қайтарады да өзі Стамбұлды бетке алады. Стамбұл оның мақсатының тұсауын кеседі. Шәрдағы білімді жандар арасынан Байдырақпан Жаңдаров Есенқұлдың көңілінен шығады. Ол Азия халықтарының тілін өте жақсы біледі екен. Оның үстіне бойдақ... Есенқұл Байдырақпанға жолығып, елге жүруге үгіттейді. Өзінің Еркебала есімді қарындасын ұстазға беруге уәделеседі. Есенқұл қажының ой-арманы білімнің қадірін білер азаматтың көңілінен шығады. Елдің сауатын ашамыз деген ой ұстаздың көңіл пернесін қозғайды. Ұсынысты қабыл алуына оқытуға деген алалдығы себепкер болады. Байдырақпан Жаңдаров Ресей жеріне барғаннан кейін Уфада «Ғалия» мектебін бітірген оқымысты Ғазиз Ахметкереев пен Нәжір Ғалиакбаровты өзімен бірге қазақ жеріне баруға үгіттейді. Есенқұлдың ұсынысы оларды да қызықтырады. Бала оқытуға құштар жандар 1907 жылы тамызда Қараағашқа келеді. Есенқұл елге келген соң, келіскен уәдесі бойынша Еркебала есімді қарындасын Байдырақпан Жаңдаровқа әйелдікке беріп, бөлек шаңырақ етіп шығарады. Мал-мүлкін түгендеп береді. Байдырақпан төрт құбыласы түгенделген соң балаларды білім нәрімен сусындатуға кіріседі. Маман ұрпақтары Қараағашты жан-жақты дамытады. Көркті қала дәрежесіне жеткізу үшін сәулеті келіскен үйлер салдырып, ағаштар отырғызға бастайды. Үй салу үшін Семейден қызыл кірпіш, Омбы, Керекуден есік-терезе алдырады. Наманған, Әндіжаннан бағбандар шақыртып, жеміс-жидек ағаштарын отырғызады. Бірнеше жылда Қараағашта көк шатырлы 50 шақты үй бой көтереді. Көркті қаладағы тұрмыс, өнер-білімнің дамуы, қанат жаюы ел-жұртқа тез таралады. Арасан, Қапал, Ақсу, Бақалы, Сарқан, Лепсі жұрты Маманның бастамасына ілесіп, білім алуға ниеттенеді. Есенқұл немере ағасы Құдайберген екеуі Уфаға барып, «Ғалия» медресесінің оқу жоспарын, білім шаңырағының ережелерін үйреніп келеді.

«Мамания» мектебінің сабақтары «Ғалия» медресесінің кестесімен өткізіледі. Білім шаңырағының қасынан орыс тілін оқытатын кешкі мектеп ашылады. Істің бірден жүріп кетуіне «орыстанудан» сескенгендер кедергі жасайды. Бірақ, Маманның сегіз ұлы Сейітбатталдың ықпалының арқасында оқу-білімге тұсау қойылмайды. Есенқұл білім алушыларға жатақхана, асхана, мешіт және мұғалімдер үйін салып береді. Мешіттің молдалары Хасен мен азаншы Омар оқушыларға Құран сүрелері, дін және жалитше дәріс береді. Адай Есенқұловтың «Ғасыр ғұмырлы мектеп» атты мақаласындағы (Қазақстан Республикасы Орталық тарихи архивтегі 90-ф, 1-тізім, 373-іс, 14-15 бет) жазбада «Мамания» медресесінде қазақ тілі, есеп, иман-шарт, Құран, орыс тілі, пайгамбарлар тарихы, жағрапия, зоология, ислам діні тарихы, татар тарихы, хадис (Пайғамбарлар өсиеті) оқытылғандығы туралы жазылғандығын келтіреді. Есенқұл «Мамания» мектебін Ғалия медресесі сияқты сапалы білім беретін ордаға айналдыруды мақсат етеді.

Қараағаш мектебі алғаш бой көтерген жылдың өзінде 300 бала қабылданып, әр сыныпта 50 баладан оқуға тура келді. Мектеп алты жылдық болып ашылады. Оқу тәртібі мен бағдарламасына сай бай балалары айына бір сом, орта шаруа балалары елу тиын төлеп, ал кедей балалары тегін оқытылған. 1908 жылға дейін діншіл Мамановтар отбасы ислам шарғатының үкімімен өлі-тірге арналған зекеттерін молдалар мен кедей-кембағалдарға үлестіріп келген екен. Қараағаш мектебі салынған жылдан бастап, зекеттерін бір орталыққа жинап, мектеп пайдасына жұмсайтын болады. Жатақханадағы балалардың ас-суы мен ұстаздардың жалақылары және жақсы оқитын оқушыларға арналған сыйақы тұрақты түрде беріледі. Қараағаш мектебінде оқушылар көбейе бастаған сон, Мамановтар оқушыларын жоғары білім алуға ынталанды. Оларды оқыту үшін жомарттық жасап, бар шығынды мойындарына алады. Сөйтіп, 1910 жылы Мейірман Ермектасов, Білал Сүлеев, Әубәкір Мәмбетбаевты Түрік еліне аттандырады. Сенім білдірген оқушыларының барлығы білімге құштар еді. Олар оқуына жағдай жасап отырған ел ағаларына алғыс айтып, үмітті ақтайтындарын жеткізіп, жолға шығады. Стамбұлдан бір жыл, Уфадағы «Ғалия» медресесінде екі жыл оқып, алтындан жазған I дәрежелі куәлік алып, 1914 жылы қайта оралады. Орыс тілі пәнінің мұғалімі жоқ еді. Оны да шешу жағын қолға алды. Ниет болса бәрін де үйлестіруге болады. Омскідегі семинарияға Бейсенбай Кедесовты аттандырады. Ол да орыс тілінен сабақ беретін дәрежеге жетіп, елге оралады. Ұстаздықты меңгерген Бейсенбай Кедесов пен Әубәкір Мәмбетбаев Қараағаш мектебінде қызметке келіп, Ермектасов пен Сүлеев ояздық, облыстық ағарту бөлімінде еңбек етеді.

Мақаланы жазу барысында Қараағаштағы коммуна мектебінде (школа коммуна молодежи) оқыған 99 жастағы Алтынай Есболатова апамен әңгімелестік. Алтынай апа Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа бата берген. Елбасы апаны соғыста паравоз жүргізгендігіне байланысты «Паравоз апа» деп атайды. Ашаршылық пен жетімдіктің азабын көп тартқан апам балалар үйіндегі өмірін каз-қалпында айтып отыр. Ол кісі оқуға барған



1930 жылдары «Мамания» мектебі жоқ елді. Қараағаш ауылы мен Мамания мектебінің ғимараты 1918-1920 жылдары ақтардың бекінісіне айналады Ақтардың атаманы Анненков қарамағындағы Белярев пен Осиповтың отрядтары Қараағашқа бекініп, 1920 жылы Қытайға асарларында мектепті өртеп кетіпті.

«Маман-Тұрысбектердің 12 бөлмелі үйінде оқыдық. Атала, қараковже қайнатып беретін. Бір күні орыстар келіп, трактор әкеліп, Қараағаш мектебін сыпырған. Маман қажыға арналып қойылған құлпытасты құлатты. Бір жеті жүріп, қақ ортасынан бөлді, бөлініп қалғырлар. Күмістен латынша жазылған жазуы болған»,– деп өткен күнді дәл бүгінгідей көз алдымызға әкелді ғасыр жасаған апа.

Есенқұлдың атымтай жомарттығы қазақ жазушыларының арасында тұңғыш роман бәйгесін жариялауымен тарихта қалды. Адамның ойына ой қосуға тағдыр әсер етіп жатады. Есенқұлдың Әнуәрбек, Ниязбек есімді екі баласы арасына аз уақыт салып дүниеден өтеді. Есенқұл екеуінің рухына арнап, есте қалардық ұлағатты іс жасағысы келеді. Нәтижесінде, қазақ романына бәйге жариялап, ең құнды кітапты сәбилерінің көзіндей көргісі келеді. Бір жағы, руханиятқа солайша қолдау көрсетуді мақсат етеді. Қорытындысы бәйге жарияланған 1914 жылдың қараша айында шығарылмақшы болып белгіленеді. «Таза қазақ тілінде және таза қазақ тұрмысынан роман жазушылардың бәйгесіне 2000 сом ақша тігемін. Жазушылар бірнеше кісі болса, олардың жазғандарын өзім белгілеген 3-4 кісілік бір комиссияның сынына беремін. Бәйге сол комиссия жақсы деп ұнатқан роман несіне беріледі», – деген. («Қазақ» газеті, № 52, 1914 жыл, 28 февраль). Бұл қазақ тарихындағы ерекше жағдай еді. Зиялы қауым бәрекелді десті. Тәуекел еткендер бәйгеге қатысуға бел буып, жазғандарын пысықтай бастаған. «Қазақ» газетінің 117- санында: *«Былтырғы роман жарысының мезгілі жақындады. Бәйгеге қосыламыз деген талапкерлер «Қазақ» басқармасына біздіріп тұрса керек. Енді солардың жазғандарын қарау жұмысы сыншы азаматтардың мойнында. Сыншылар бір жерге жиылып, кеңеспей болмас. Жиылуға Семей шаһарын ыңғайлы көрдік. Өйткені, сыншылыққа шақырып отырған мырзаларымыздың бірсыпырасы сонда көрінеді.*


Ардақты азаматтар! Жаңа жетіліп келе жатқан әдебиетіміздің бір қызмет бола ма деп бастаған ниет еді. бұған әрқайсыңыз ілтипат етіп, ұлт әдебиетінің құрметіне сыншылдықты қабыл етуіңізді өтінемін. Есенқұл Маманов». «Қазақ» газетінің 1914 жылы 24 мамырдағы № 24 санында, «Ашық хат азаматтарға» деген хабарламасында Маманұлы Есенқұл қажы: *«Бәйгеге түскен романдарға сыншылыққа Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Сералин, Райымжан Марсеков, Шәкәрім Құдайбердиев, Якуп Ақбаев, Нармамбет Ормамбетов, Нұрғали Құлжанов деген ардақты азаматтарды лайықтаймын»*, – деп жазады. Есенқұлдың қазақ әдебиетіне деген жанашырлығы мен жомарттығы көпшілікті тәнті етті. Қил жүйріктер катысқан жазу аламанында Сұлтанмахмұт Торайғырдың «Қамар сұлуы» мен Тайыр Жомартбайдың «Қыз көрелік» романы ие болған. «Есенқұл қажы Маманов – 100 сом, Ғайнижамал Есенқұл қажы жамағаты – 100 сом; Тәңірберген қажы Тұрысбеков – 429 сом; Айтмұхамбет Тұрысбеков – 100 сом; Хожа Ахмет Маманов – 50 сом; Баймұхамет Тұрысбеков – 50 сом; Құдайберген Тұрысбеков – 20 сом; Егеубек Жиенбаев – 10 сом; Ғ. Әлібеков – 150 сом; Хұсайын Үкенов – 25 сом 50 тиын; Жолымбет Тұрымбетов – 25 сом; Ерназар Жаукашаров – 20 сом; мұғалім Нығметолла Күзебаев – 15 сом; Нұғман Қанатбаев – 5 сом.

1928 жылдың тамызында большевиктер Есенқұлды тұтқынға алып, тергеу жүргізеді. Еш кінәсі болмаса да, байлығын сылтауратып айдауға жібереді. Есенқұл 1932 жылы жыраста жүріп қайтыс болған.

Журналистік зерттеу мақала жазу барысында «Қараағаш» мектебінің орнына барып, қасиетті бабаларға Құран бағыштадық. Темір қоршаумен қоршалған қорымда елге мәрттігімен танылған Маман Қалқабайұлы, Медетбек Қалқабайұлы, Сейітбаттал қажы, Маманның әйелі, Есенқұл қажының анасы Жаңғақ анаға белгітас қойылған екен.

Білім мен өнердің ордасы болған мектептің орны да жоқ. Мыңды айдаған байлардың салтанаты көршібейді, сәйгүліктерінің дүбірі естілмейді. Маман-Тұрысбек байдың көк үйлері де көз қуантпайды. Қараағаш қалашығының болғанын тек жайқалған ағаштар ғана дәлелдейтіндей. Ұмытылмайтыны – бай-қажы әулетінің осы жерде халыққа білім беріп, жаңа заманға бейімдегені. Ақсу ауданының Ақсу ауылында «Мамания» атты мектеп бар. Оған осы заманның атымтай жомарт азаматы Молдияр Нұрбаев демеушілік жасап, жөндеу жұмыстарын жүргізіп, кем-кетігін түгендеп, ұстаздарының әлеуметтік жағдайына көмектеседі. Ал елімізге танымал меценат Бауыржан Оспанов Есенқұлдың әдебиетке жасаған қамқорлығын жалғастырып, балалар әдебиетінің өркендеуіне үлес қосып «Есенқұл» атындағы бәйгеге қомақты қаржы тігіп келеді. Есенқұл қажының атымтай жомарттығы елге үлгі болса, кәне!

ӨНЕГЕ



Ауылының ардақты ақсақалы

Аспантаудың етегін ең жайлаған Үлкен Дихан ауылында тұратын берекелі де мерекелі шаңырақ Шормақовтар жайлы тек жақсы айтылады. Әлеуметті әулеттің ақылшысы, абызы БОТАН ақсақалдың өскелең ұрпақ тәрбиесі мен тәліміне сіңірген еңбегі ерен. Ауылдың берекесін асырып, тірлігінің тізу ұшуына үлес қосып келе жатқан қария биыл сексеннің сеңгіріне шығып отыр.

Алмат ЕСЕНБЕКОВ

Қасиетті Қарадалада небір тұлғалар түледі. Олардың алды республика деңгейінде танылса, облыс көлемінде мойындалғандар мен аудан аумағында аты алысқа кеткен тұлғалар да баршылық. Адам кейпіне қалар кенді ісімен, келелі ойымен, кемел ақылымен ғана жасай бермек. Соған сай жылдар жылжыған сайын қадірі артып, құрметі еселене түсетіндерді елі арқашан қадірлей білген. Солардың ішінде ауылдың абыз ақсақалы, саналы ғұмырын білім саласына арнаған Шормақұлы Ботанның есімін ерекше атап өтуге болады.

Өмірі өнегемен өрілген қария 1941 жылдың мамырында бұрынғы Бағыағаш, қазіргі Үлкен Дихан ауылында көпбалалы отбасында дүниеге келген. Үш ұл мен үш қыздан кейінгі үйдің кенжесі еді. Бірақ сұм соғыстың кесірінен еркелей де алмады. Ер-азаматтар жаппай майдан даласына аттанып, аналар мен балалар жұмысқа жегілген жылдардың қиындығын соба жүрегімен сезініп өсті. Сол жылдардағы қолайлы саясаттың кесірінен «халық жауы» деген жаламен айдалып кеткен әкесі Шормақты мүлде көрмеппі. Ағабар-ошарсыз кеткен әкесі кейін заманның беті бері қарағанда ақталды. Анасы Мінәсіл әжет еді. Жеті перзентін жалғыз жеткізіп, балаларының қатардан қалмауы жолында небір қиындықты бастан өткерді. Кіші ұлы сегіз жасқа таяған мезетте өмірден озады.

Еңбекке ерте араласқан Ботан қатарластарымен бірге қозы-лақ бағатын. Жауапкершілікті, ұқыптылықты бойына бала кезден сіңірді. 1949 жылы анасы сырқаттанып, аурухананға түсті. Қаралы хабар келіп, шешесін жер қойнына тапсырғанда ол жайлауда жүрді. Жүрт үйдің кенжесі болғандықтан анасына жақын өскен ұлды бейіт басына апармағанды дұрыс көріпті.

Әкесін тұғалы көрмей, анасынан ерте айырылғандықтан отбасылық жылылық пен махаббатқа сусап ержетті. Өз қамдарын өздері жасап өскен ағайындылар еңбек майданында ешкімге дес бермеді. Соның арқасында бүгінгі бедел биігіне көтеріліп, елдің құрметіне бөленіп отыр.

«Кішірек кезім болуы керек, өзімнен төрт жас үлкен Шәнен ағам екеуміз сауылатын қойлардың қозысының соңында жүрдік. Ол кезде мал бағатын адамның қасына төрт-бес үйді отырғызып, отардағы барлық қойды бөліп беретін. Күндізден кеш батқанша қозыларды бөлек бағамыз. Қойларды сауып, сүтін орталыққа өткізетін. Әрбір үй сүтін пісіріп, айранын ұйытып, етіндегілерге азық дайындайды. Қатық сүзіп, құрт-май жасайды, ірімшік қайнатады. Соғыстағыларға да азық-түлік, киім-кешек әзірлейді. Әйелдер түнде май шамның жарығымен қолғап, шәркей тоқып отыратын. Сүт өнімдерінен басқа ас жоқ. Нан деген нәрселерді кейінірек көрдік қой. Астық жинап жатқан кезде тұлыққа қосқан аттарға мінеміз. Ертеден қара кешке дейін жайдақ мініп, шеңберді айналатынбыз. Шаршап, қалжырап кезде жылқы үстінде қалғып та кетесің. Тұлық бастыртып жүрген үлкендер ашамен түртіп жібергенде немесе атты салып өткенде ғана шошып оянып жөніңе келесің», – деп еске алады Ботан ақсақал балалық шағын.

Түздегі тірлікке әбден жегілген ол он жасында ғана мектептің табалдырығын аттайды. Жасы үлкен болғандықтан бірден үшінші сыныпқа барып, тоғыз айдың жартысына сабақ оқып, қалған айларында жұмыста жүрді. Сөйте жүріп, хат тану, жазу-сызуды меңгерді. Табандылығының арқасында қатарластарына қосылды. Ауылда тек төрт сыныптық мектеп болғандықтан, 10-сыныпқа дейін Кеңес орта мектебінде білім алды. Жоғары оқуға түсу де оңай соқпады. Ауылдағылар дайын қойшыдан айырылғысы келмегені өз алдына, ол кезде кеміңде үш жылдық еңбек өтілінсіз оқуға қабылданбайтын. Ақыры үш жыл ұжымшарда қой бақты, қыста жүк тиеуші болды, малдың жемшөбін әзірледі. Ең бастысы ағасы Салімнің қолын ұзартып, қасында жүрді. Әр жүз бас саулықтан 180-ге дейін қозы алып, абыройы тасып тұрған ағасынан тәлім алған Ботан да кейін еңбекте абыройлы болды.

1965 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетіне «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша сырттай оқуға түсті. Сол жылы ауылға оралып, орта мектепке бастауыш сынып мұғалімі болып жұмысқа орналасты. Жаңашылдыққа жақын, мектеп тынысына тың өзгерістер әкелген жас маманның қызметтік өрлеуі де көп күттірген жоқ. Директордың орынбасары, директор сынды лауазымдарға дейін көтерілді.

Мектепте жүріп, өмірлік қосағы, Әбзелханды жолықтырды. Химия-биология пәнінің мұғалімі қызметіне орналасқан жас қызбен тіл табысып, 1968 жылы отбасын құрды. Ұл-қыздары ата-ананың атына кір келтірмей, тал бесіктен берген тәрбиенің арқасында білімді де білікті болып ержетті. «Ұстаздар әулеті», «Білімділер ордасы» атанып кеткен жанұяның жеті баласы өмірлерінің басым бөлігін ұстаздыққа арнаса, үшеуі дәрігерлік жолды таңдап, ақ желеңді абзал жандардың қатарын толықтырды.

«Қырықтың екеуінде ғанамын», – деп, әңгімеге қалжыңның қаймағын араластыра сөйлейтін Ботан ақсақал сексен жасқа да қажымай, талмай жетті. Ақсақалдың қимылы ширақ, сексен дейтіндей емес, сергек. Сөзі де шымыр, әңгіменің майын тамызғанда құдды бір кітап оқып отырғандай күйге енесің.

Қоңырқай тірлік кешкен қойлы ауылдың тумасы Ұлы Отан соғысының оты шарпи бастаған мезетте дүние есігін ашқандықтан өмірге өзгеше қарап, ең бастысы «Бейбіт күндеріміздің берекесін берсін!» дегенді қайталап отырады. Қиын кезеңнің құрдасы болған ақсақал қос ғасырдың шылбырын тең ұстап, өткен дәуірде жиған-терген білім-біліктілігін жаңа ғасырдың ұрпақтарына тәуелмас қазына қылып тарту етуде. Мектептегі қызметі, еңбек жолындағы тәжірибесі, басшылық лауазымдағы адал да аділ істері ауыл тұрғындарының көкейінде.

«Осындай дарынды да арынды әулеттен қыз алып, құдандаласып отырғанымыз қуаныштымыз. Талай азаматқа темірқазықтай жол көрсетіп, өнегелі өмір сапар жалғастырған жанұямен туыс болып, ортақ немере-шөбере өрбіту де бақыт. «Ұстаз әулеті» атанған отбасының тектілік тұғыры, білімге деген ынтызарлығы немереле бойына дарып, ойына қуат берсе құба-құп дүние деп білемін. Айтқаны өтіп, ат жетіп отырған құдамыз бүгіндей бір ауылдың ұйытқысы, дүйім халықты ауызына қ қан абыройлы ақсақал, дуалы тілінен дұғалы батасы үзілмеген данагөй қария», – алақелдік құдасы Елжан Абдрахманов.

Өзінің ғибратты ғұмырында көрген-білгенімен бөлісіп, үнемі ағалық ақылын отыратын ақсақалды жайдары да жарқын мінезі бедел биігіне шығарды. Ауы айтулы азаматтарымен бірге өскелең ұрпаққа тәрбие беруде, ұлттық болмыс лыптастыруда, рухани тұрғыда байытуда алдыңғы қатарда жүр. Қоғамдық ш мен жастар мәселесіне келгенде қол қусырып қарап отырмайды. Жиындарда, толтарда сөз бастайтын ақсақалдың ақ батасын алуға асыққан ауылдастары қарасы көп. «Сөз құдіреті түсінгенге қонады» демекші, ар сөзі өнеге болып ақсақалдың айтары мол.

Ботан ақсақал өзінің адамгершілігі мен кіршіксіз кісілік мінезі, қайырым пен бауырмалдығының арқасында ауданына аты жеткен збыз ақсақал атанды жолында да ел алдынан көрінген жанның есімі Үлкен Дихан ауылында, ауданд құрметпен аталады. Біреудің ала жібін аттап көрмеген қария жайлы кімнен с да тек жақсы ниеттерін ғана жеткізеді.

«Ұлы жол үйіңнің табалдырығынан басталады» демекші, Ботан ақсақал а ерген бала-шағасын тал бесіктен талмай бағып, бойларына тағылым дарытуд шілік жібермеген. «Жастай берген тәрбие жас қайынды ағендей» деп келетін к төмілді бағыт етіп, өз перзенттерін ғана емес, барлық шәкіртін адамгершіл ақиқатшылдыққа баулыған. Осы еселі еңбегін ауылдастары ардайым мақтан т Сөзі салмақты, ойы қаймақты ақсақалдың пікірінсіз ауылда іс ілгерілемеген. Б бастамада ақылын сұрап, айтарын тыңдап отырамыз», – дейді Кіші Дихан ауы округінің әкімі Аманжол Атагелдиев.

Он баладан 28 немере, 2 шөбере сүйіп отырған ақсақал кішкентайлардың к мен махаббатына бөленіп, шаттыққа толы ғұмырын жалғастыруда. Қартайған шағ қуаныш сыйлаған шөберелері Дәрия мен Бегімай еркелей келіп, мойнына асыл мерейі өсетін қарияға жүзжылдық ғұмыр тілейміз. Еңбек жолында ұстаздық шәкірт тәрбиелесе, қазіргі ел ағасы болған жасында өскелең ұрпаққа темірқазы жол көрсетіп жүре берсін дегіміз келеді.

Үйлер ауд

Jetisý

@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: *«Биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл — қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. ...Бостандық бізге оңайлықпен келген жоқ. Ата-бабаларымыз азаттық жолында арпалысты. Талай зұлмат замандар мен нәубеттерді бастан өткерді. ...Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі — 1921-1922 жылдардағы нәубеттен бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмағанда, халқымыздың саны қазіргіден әлдеқайда есе көп болар еді»*, — деп атап көрсеткен болатын.



ЖЕТІСУДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ

Тәуелсіздік алғаннан бергі 30 жылда тарихымыздың бірқатар ақтаңдақ беттері анықталып, көптеген мәселелер қайта қаралуда. Оның ішінде 1921-1922 және 1930-1933 жылдардағы ашаршылық бар. Мемлекет басшысы айтқандай, тарихымызда ата-бабамыздың азаттық жолындағы арпалысы аз болған жоқ. Солардың бірі 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің тарихы 100 жылдан аса уақыт аралығында көп зерттелген сияқты көрінеді, бірақ әлі де жарделеп, нақтылайтын тұстары жеткіліксіз. Олардың бірі көтеріліс тұсында орын алған ашаршылық пен босқындық мәселелері.

Тарихи деректерге қарағанда, 1917-1919 жылдары Түркістан өлкесіне қарасты Жетісу және Сырдария облыстарын аштық жайлаған. Оның ішінде ашаршылықтың ең касіреттісі Жетісуда орын алған. Ашаршылық туралы деректі материалдар сол тұста жарық көрген «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Жас азамат» сияқты мерзімді баспасөз беттерінде біршама жарияланды. Одан бөлек, архив деректері де баршылық. Зұлмат аштықтың себеп-салдары, өңірде қалыптасқан ахуал жөнінде Алаш қозғалысының қайраткері Міржақып Дулатұлы «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 9 наурыздағы № 33 санында «Мазияр» деген бүркеншік есіммен жарияланған «Ашжалаңаш қазақ-қырғызға жылу жинайтын комитет ашылды» деген хабарлы мақаласында: *«Алты алашқа аян, 1916 жылғы 25 июнь жарлығы алдында Жетісу облысындағы қырғыз-қазақтың басына қандай қасіреттер түсті. Жігіт бермейміз деп қарсылық қылғаны үшін оққа ұшып, қаншасы өз жерінде қырғын көрді. Басқыншылар дария асырды. Ұлықсыз үкіметтің қарулы әскеріне қарсы тұра алмай көбі Қытай жеріне босты. Мал-мүлкінің көбі орыс әскерінің қолына «олжаша» түсті. Көпші мәжбүрлер жолу болып, таяз тұстан тасиды, өткізбей, адамын байлап, малын айдап алды. Босқында айдап қашқан мал-мүлктен жолшыбай айырылды. Жалаң-жалаңаш, үй-күйсіз Қытай жеріне жеткенде қар жауды, қыс түсті. Онда жолаушылар жақын табылмай, қара таластық. Аштан өліп бара жатқан соң қазақтар қолдайды баю-шаларынан сатып бастады. Адам баласы ашығып, баланың құны бір шелек бидайға шықты. Бойжеткен қыздарын, жас келіншектерін қанын қара қазақтар қатыстадының қатты. Ащ-жалаңаш ауылына не түссе соны жеп, қайда болса сонда жатып, неше түрлі дертпен ұшырап, талы қырылды. Бақытсыз сорлылардың жұлын, көз жасын, қарын естір құлақ, көрер көз болмады. ...Тұлан жер, өскен ел, кешегі бастан кешкен қасіреттің дәурен кездерінен тыр-тыр ұшты. ...Байкедей, жас-кәрі, жақсы-жаман айырмасы бітіп, бәрі бірдей сорлы болды. Бәрі бірдей жұлды болды. Атадан ұл, анадан қыз, жардан жар айрылды. Жүрек қанға, көз жасқа толды. Жетім-жесір боп қалады. Жұртынан, тірлігінен күдер үзіп, бұл опасыз дүниеге қолы айтуға тағынып тұрғанда, бостандық туды» – деп жазады.*

Міржақып Дулатұлының «бостандық» деп отырғаны 1917 жылғы ақпанда Ресейде төңкеріс болып, II-ші Николай патшаның тақтан құлатылғаннан кейінгі кезең. Елде бостандық орнағының естігі келгенде үміт оты жанып, елге қайта бастаған босқындар туралы: *«...Бұл хабарды есіткенде жүректері жарылғандай қуанып, «ау-дүние, тым болмаса елге жетіп, аналтың ортасында өлсек арман бар ма?!» – деп, қайта шұбыра бастады. Тағы аштық, тағы жалаңаштық, тағы өлім. Әлі жоқ, дымы құрыған сорлылар жолдан қозының жерге жүруге жарамай, кез келген жерде жығылды, жығылған тұрған жоқ, өлген тірілген жоқ. Басы-қасында болмаған, көздеріңмен көрмелен Алаштың балалары бір минут көздерінді жұмып, қолға салып ойланып қарандар, сонда көрлендей баласыңдар, бірер талтүректер, ақылын басқа алмай жығылып жатқан, бірер аштықтан ісініп, «қандай қиямыздан мұндай күйге ұшырадық – құдай» дегендей қимылдауға шамасы келмей көзге қарап жатқаны. Жалдың бір шетінде өліп, өлгеніне рақаттанғандай, мәңгілік ұйқыға кеткен жанды көрерсің. Үсті-басы дал-дал, тәні көрініп етбетінен жығылған күйде өліп кеткен келіпімізді көрерсің. Жас баласын бауырына қысып, құшақтаған күйде өзген жас қатынды көрерсің. Бұлардың мұндай халіне қайырар ешкім жоқ, тек қуанышпен істелген тойда жиылғандай топ-топ қара-құрым, ит-құс өлгендердің көзін шұқып, етін жеп, сүйектерін кемірін жатқанын көрерсің. Бұл өліктер құдайдың кең даласын сасытқан, ық жағынан жан жүрегіңіз емес, мұның ісін өзің істегендей боларсың. Мұның бәрі ертегі емес, болған іс!»* – деген Міржақып Дулатұлы жетісулық аш-жалаңаш босқындардың Қытайдан кері қайтар жолдағы ауыр ахуалын бейнелейді.

1917 жылғы Ақпан төңкерісінен кейін Жетісуда қалыптасқан күрделі жағдайға байланысты: *«Тағы дағдарыс, тағы ашаршылық, тағы өлім. Бостандық туды, жадырап жаз шықты, күркіреп күн шықты. ...Бірақ ол бейшаралардың басынан қара бұлт сертіхмеді. Тұзыр ел қылышын қынабына салмады. Басы аман, малы түгел ағайын жеткіліксіз жәрдем бере алмады, әрі-беріден соң жұрт олардың халін ұмытуға айналды. Қазақ-қырғыз қырылып жатыр екен деп жамағат өзгерілмеді. Тағы да қыс түсті, бейшаралардың халі бұрынғыдан мың есе жаманға айналды»* – дей келе, сол кездегі аштан қырылған қазақ пен қырғыздың көлемі жөнінде: *«Бір жылдың ішінде өлгені 100 мыңнан асты. Енді бұл қыс талайын өлтірген шығар. Қанша өлгенін ақ кебіндей қар жасырып жатқан шығар. Міне, қар кетіп, жаз шығуға айналды. Қарға-құзғын той қылар, ауа сасыр. Бірақ адам баласы жансебіл екен, әлі өліп біткен жоқ көрінеді, тірілеріне «тамақ та» табылып қалды дегенді естіп отырмыз, тірілері өлгендерінің етін жеп жатыр дейді. Бұған Алаш иә қуанарсың, иә жыларсың, өзің біл! Жыласаң ағайындығың, бірақ сенің көз жасың ашқа тамақ, жалаңашқа киім болмайды. Көз жасы көмекке жарайтын болса, өзгеден кенде болса да, көздің жасынан, көңілдің қайғысынан кенде емес еді. Ағайынға Алаш шын жаның ашыса, шын жыласаң, көмегіңді көрсет, жылуыңды бер. Жайшылықта қайырымға беретін тиыныңды берме, рулы елің өлімнен қалғандай жылуыңды бер. Жоғарыда айтылған оқиғаны Жетісу қазақ-қырғыздары басынан кешіп отыр»* – деп тебіренген Міржақып Дулатұлы «Сарыарқа» газетінің 1918 жылғы 9 наурыздағы №33 санына Сырдария облысындағы ашаршылық жайлы: *«...Енді бұл күнде Жетісуда-көрші Сырдария облысында халық ашаршылыққа ұшырай бастады. Бұл елде өткен жаз егін-шөп шықпай, қысқа қарсы малдары жұтап, шеттен астық келмей, келтіруге шамасы келмей, Жетісудай болмаса да бастарына қараңғы күн туды. Шет жағасы бөлек елдерге ауып, бұлардың да адамдары сатылып, береке елдігі кетуге айналды»* – деп жазған болатын. Бұл деректер Жетісудағы ашаршылықтың қаншалықты касіретті болғаны және оның себептері мен салдарын анғартса керек.

М. Дулатұлы Жетісу облысындағы жаңтүршігерлік жағдайды баяндай отырып алаштық зиялылардың одан шығудың жолдарын ұдестіріп, аш-жалаңаш қазақ-қырғызды қырғыннан құткару үшін құрылған комитеттің қызметі мен атқарып жатқан шараларына тоқталып: *«Осы екі облыстағы аш-жалаңаш қазақ-қырғыз бауырларға жұрттан жеткілікті жылу жинап, рулы елімізді өлімнен аман сақтап қалу мақсатымен Семей облысының Алаш қаласында Қазақ комитеті ның жастардың «Жаңар» атты ұйымы басшылық етіп, қаулым жасады. Қаулым ортасынан іс басқаратын 5 кісілік комитет сайлап шығарды. Қаулымның құрметті бастығы – Ә. Бөкейханов, жай бастығы – Мұқыш Бошатайұлы болды. Комитет председателі – Мирзоуб Дулатұлы, орынбасары – Ж. Аймауытов, хатшысы – Мұхтар Әуезов, қазынашысы Есіркепұлы Габдолла, тағы бір мүшесі – Габдолла Қошкинұлы»* – деп Комитеттің құрамына кімдер кіргенін атап өтеді. Сондай-ақ, аталған Комитетті құруға байланысты өткен мәжіліс барысында жинала бастаған қаржы көлемін көрсетіп: *«...Мәжілісте 7 мың сомдай жылу жиналды. Комитет қазір іске кірісті. Жылу бүкіл Алаштан, бүкіл Россиядан, шет мемлекеттерден жылады. Жылу жинау жолы келесі нөмірде басылады»* – деп жазады да, соңында Алаш жұртын ашаршылықтан аман құтқарып жатқан жетісулық қазақ-қырғызға көмек беруге шақырып: ***«САНАЛЫ АЛАШ!*** *Мынау екі облыстағы бауырларымыздың жайын жоғарыда айттық. Біз жұрт боламыз, өз тізгінімізді өзіміз алмыз деп отырмыз! Жұртымыздың бір жағы мынадай жоғалғалы тұрғанда кімнен жұрт боламыз? Кеше бір облысымыз ойран болса, бүгін екінші облысымыз мынадай опатқа ұшырап тұрса, ертең үшінші, арғы күні төртінші облысымыздың басына, сөйте-сөйте бәріміздің басымызға мұндай халдің келмесіне қайдан көзіміз жетеді? Тұтанған өртті мекілінде сөндірмесек, өз өртке ертең бәріміз де шалынбаймыз ба, шарпылмаймыз ба, сонда бізді кім жұрт қылады!? Онда біз жұрт бола алмаймыз, жоғалармыз!*

МЕЙІРІМДІ АЛАШ! *Рулы елің қан жұтып тұрғанда, сен май жұтпа! Ата-аналар! Сендер балаларыңды еркелетіп, маңдайынан сипап, күлге-желге қақтырмай отырғанда, өздеріңдей адамдардың балалары сатылып, көздеріне көк шыбын үймелеп жетімдікте жүргенін, бір түйір тамаққа, бір жұтым суға зар болып отырғанын ойлаңдар! Сендердің қатын-қыздарың күндікте, аш-жалаңаш, абыройын жаба алмай отырғанын ойлаңдар!*

Атқа мінген азамат, сендерге ЕЛ керек, ЖҰРТ керек болса, басшылық қылып АЛАШТЫ аман сақтау қамына кірісіңдер!

– Намыстан, АЛАШ!

– Жігерден, АЛАШ!

– Тас бауыр болма, АЛАШ!» – деген үндеуі «Сарыарқа» газетінде қоса жарияланған болатын.

Мұның алдында Алаш зиялылары 1916 жылғы көтерілістің басып-жаншылуы барысында босқыншылыққа ұшырап, аштан қырылып, тағдыры тәлкекке түскен бауырларын құтқаруға бүкіл елді көмек жасауға шақырған «АЛАШ АЗАМАТТАРЫ» атты үндеуін 1917 жылғы 11 маусымдағы «Қазақ» газетінің №233 санына жариялаған еді. Ол үндеудің мазмұны мынадай: *«25 июнь жарлығының кесірінен бүлікшілікке түсіп, Қытайға босқан қырғыздардың халдері қандай нашарлығын көзімен көрген тілші «Қазақтың» 231-нөмірінде жазып отыр. Әр жерден барған жәрдемнің қанша екенін өткен нөмірден жазып көрсетіп отырмыз. Берілп жатқан жәрдемдер аш-жалаңаш қалған қырғыздардың халдеріне қарағанда жоқ есебінде. Сондықтан Түркістан комитетінің агасы (Торғай облысының комиссары) Әлихан Бөкейханов сол комитеттің агасы (Жетісу облысының комиссары) Мұхамеджан Тынышбаевқа телеграм берді: «Босқын қырғыздар үшін 200 мың сом қазынадан қарыз сұрау керек» – деп. Сондай бірден берілетін мөлшерақ суммамен қырғыздар халін жиып алмаса, аздап жинаған көмек қырғыздардың талып жатқан мұхтаждығының біріне жетсе, екіншісіне жеткізбей тапшылық қыла бермекші.*

– Бір жағынан қарыз ақша беріліп, бір жағынан жәрдем жиналса қазіргідей қымбатшылық заманда қырғыз сияқты ішерге тамағы жоқ, киерге киімі жоқ, паналарға үйі жоқ жұрдай болып сорлаған бүкіл мұқтаждығын өтерлік қаржы сонда ғана құрамақшы.

– Аңсап өлейін деп жатқан адамның аузына су тамызғандай аз-көп демей әркім әліне қарай жәрдем ету әуелі адамшылық, екінші ағайыншылық жүзінен кімге де болса борыш.

– Бұл айрықша етіп алаш азаматтарының ісіне салып отырғанымыз: қырғыз ағайындарының алдындағы борыштарын ұмытпай өтеулері тиіс дегеніміз.

Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейітәзім Кәдірбаев, Имам Әлімбеков, Жанұзақ Жәнібеков, Ахмет Мәметов, Елдес Ғұмаров».

Ел басына күн туған осындай ауыр да жауапты кезеңде қайтсек ашыққан халықты аман алып қаламыз деген алаштық зиялылар күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей жанұшыра қызмет жасаған еді.

Қазақ-қырғыз комитетінің мүшесі Қалдыбай Ғабдуллиннің «Бірлік туы» газетінің 1918 жылғы 22 наурыздағы №26 санында жарияланған «Жетісу қырғыздары жайы» атты мақаласында ашаршылыққа ұшыраған қазақ-қырғыз жайында: *«Өткен январ ішінде уездік қазақ-қырғыз комитетінің жұмысауымен аш қазақтар халын білін қайту үшін Тоқмақ қаласына бардым. Барған күні қасыма бір жігітті ертіп, қаланың базар жағына барып ішін араладым. Былтырғы Қытайға қашып кетіп қайтқан қырғыздардың осы күнде азын-аулақ қалғандары әр көшеде бытырап, мойындарына бір-бір дорбаларын алып балашағаларымен тіленіп жүргенге ұқсайды. Бірен-саран асханалар ашылса да барлық аштарды тамақтандырып түгенді көрінбейді. Аштан өлушілер, аштық себепті, ашып-кеуіп түрлі ауруларға ұшырап қалғандардың есебі жоқ. Бір күнде 9 адамның өліп қалғанын өз көзіммен көрдім. Өлгендердің өзі 2-3 күндей көмілмей қалатындары да болады екен. Ақырында, сасып-шіріп бара жатқан соң, орыс болсын, қазақ болсын ұшыраған бір адам барып жинап, шұңқырға тастайтын көрінеді»* – дейді. Сонымен қатар ашаршылықтан, басқа түскен ауыр ахуалдан жаны қиналғандардың амалсыздан бала-шағасын сатуға дейін барғанын, адам саудасының жүріп жатқанын, сондай-ақ Бірінші дүниежүзілік соғыстан қайтқан солдаттардың босқын халыққа жасап отырған жауыздықтары жайында: *«...Аштан өліп бара жатқандар қатын, қыз, бала-шағаларын 50-100 сомға сатушылар осы күні бұрынғыдан да күшейіпті. Мұны алушылар алыстан көрінбейді, сол айналадағы сарт дуған, талан-таражға ұшырамаған қазақ-қырғыздардың өздері көрінеді. Қатын-қызды сатып алғандар, ұнаса өздеріне қатын ете алады да, ұнамаса 1-2 жетіден соң қайтадан біреуге сатады. Міне, осылай етіп адам сату, кәдімгі алып-сатар сауда есебіне кіріп бара жатқан түрі бар көрінеді. Және бұл ауыртпалықтардан басқа жығылған үстіне жұдырық болып, хақал солдаттары фронттан қайта сала, атып, асып, зорлық-зомбылықты тағы үдетіп тұрған жайы бар. Ұзынқара деген жерде 26 адамды өлтіріп, бар мал, ақша, іске асар нәрселерін алып кетіпті. Бұл тағаушылар ұстаған, бірақ терлеп-шекеріп тұқ қылған жоқ»* – деп көрсетеді.

Жетісулық қазақ пен қырғыздың ашаршылыққа ұшырауының бірнеше негізгі себебі бар. Біріншісі, Міржақып Дулатұлының мақаласында көрсетілгендей, 1916 жылғы көтерілістің салдары болатын. Ресейлік отаршыл жүйенің жүргізген озбыр саясатына қарсы көтерілген Жетісудың жергілікті халқы – қазақ пен қырғыз асқан қатыгездікпен аяусыз басып-жаншылып, мал-мүлкі тәркіленді. Жарақсыз қарапайым халықты жазалау үшін бақайшағына дейін қаруланған, даярлығы бар жүйелі әскери күш тартылған еді. Жазалаушы әскер туралы Түркістан генерал-губернаторы Куропаткиннің 1917 жылдың 22 ақпанында патшаға берген мәлімдемесінде: *«...өлкенің басқа облыстарынан Жетісуға үш батальоннан: Әндіжаннан – Нарын бекінісіне, Черняевтен – Пішпек және Тоқмақ бағытына, теміржол арқылы айналма жолдармен – Семейге, одан ары – Сергиополь – Лепсі – Верный бағытына 3 дружина, запастағы полктардан 7 атқыштар ротасы, 5 казак жүздігі және 14 зеңбіректен қарулаңған әскер келген. ...Одан басқа, қызметтегі армия қатарынан казак батареясымен қоса 2 пулемет командасы және 2 казак полкы жіберілген»* – деп жазады. Бұл әскерге Ресей империясының жергілікті жерлердегі «әлеуметтік тірегі» саналатын келімсек орыс шаруаларынан құралған қарулы халық жасақтары қосылып, жазалау операцияларына қатысты. Куропаткиннің сөзімен айтқанда, бірлескен жазалаушы жасақтар «орыс қаруының күшін» көрсете отырып жүргізген «қызу» шараларының барысында көтеріліс аяусыз, аскан қатыгездікпен басып-жаншталған. Губернатордың айтуынша, «жазалаушы әскер келген соң көтерілісшілер аздаған қарсылық көрсеткеннен кейін азық-түлік пен малдан тапшылық көріп, кедейшілік күй кеше отырып шегаралық аймақтарға ығысып, кешірім сұрауға мәжбүр болған» – деген мәлімет ҚР Орталық Мемлекеттік архивіндегі 380-қор, 1-тізбе, 1-ісінің 176 парағында сақтаулы.

Оккупациялық режимнің көтеріліске шыққан халыққа «сабақ беретіндей» етіп жүргізген осындай репрессиялық саясатының нәтижесінде жетісулық қазақ пен қырғыз халықтары қайтып «ес жимастай» жазаланды. Соны көрген Әлихан Бөкейханов 1916 жылғы көтерілістің он жылдығына арнап жазған еңбегінде: *«...қарусыз елді қойдай айдап, жерлерді таптап, жаудай тонайды. ...Патша әскері немістен гөрі қарусыз қазақ-қырғызбен соғысқанды сүйеді. ...Келімсек орыс өкіметтің әскеріне қосылып босқан қырғызды шабысады. ...қазақты бірге шабысады»* – деп жазды.

Арнайы дайындығы бар жазалаушы әскер мен келімсек орыс шаруаларынан құралған халық жасақтары қолдарында дұрыс қаруы жоқ көтерілісшілерге қырғын салып, ауылдарды талқандап, ошақтарды ойрандады, мал-мүлкті тартып алып, талан-таражға салды. Оған шыдамаған көтерілісшілер көршілес жатқан Қытай жеріне ауа көшуге мәжбүр болып босқыншылыққа ұшырады. Ол жаққа өткенде де оларды күтіп тұрған «жұмақ» жоқ еді, әрине... Бір жағынан жазалаушы әскер мен екінші жағынан Қытай әскерінің қарсылығына тап болған халық шегарадан өту кезінде де қырғынға ұшырап, небір қорлық пен зорлықты бастан кешірді. Қос империяның қыспағына түскен қазақ-қырғыз ішерге асы, киерге киімі болмай, ашаршылық пен індеттен қырылып, адам айтқысыз азаныпты күй кешіп, бастарынан небір қиын-қыстау кезеңді, азапты өмірді өткерді. Азып-тозып, балаларын құлдыққа, әйелдері мен қыздарын күңдікке сатып, мал-мүлкінен айырылды. Олардың осындай зұлм да жаңтүршігерлік жағдайға душар болуына Ресейлік отаршыл жүйенің жүргізген сұрқия саясаты кінәлі еді.

Қашкан халықтың мал-мүлкін бұл жақта орыстың жазалаушы әскері мен келімсек орыс шаруалары, арғы жақта қытай әскері мен жергілікті ұлттары тонап, тартып алып отырған. Мысалы, Верный қаласының *(қазіргі Алматы)* №1 бөлімшесі пристамының көмекшісі Иванов Ыстықкөл өңіріндегі қырғыздардың көтерілісін басуға қатысып, Пржевальск қаласынан *(қазіргі Қырғызстандағы Қарақол қаласы)* Верныйға кайтарында көтерілісшілерден тонап алынған 21 түйеге артқан жүгі бар керуен, бір бөлігіне жүк артылған 27 өгіз, 25 жылқы айдап келген. Бұл дерек бір ғана Иванөтың жуас халықты жүндей түтіп, тонауынан түсірген мал-мүлкінен хабар береді. Басқа жазалаушы жасақтардың жасаған жауыздығы қанша-ма?! Ол туралы дерек жеткілікті.

Зерттеуші Чекалинскийдің 1926 жылы Қызылорда қаласында шыққан «Восстание киргиз-казаков и кара-киргиз Джетысуйском (Семиреченском) крае в июле-сентябре 1916 года» атты еңбегінде бір ғана Жаркент уезінде көтеріліске дейін 67 800 жылқы, 51 261 ірі қара, 2 612 түйе, 568 488 қой-ешкі, 7 577 десятина егіндік болғаны туралы дерек келтірілген. Көтерілістен кейін алғі жылқының 78,59%-ы, ірі қараның 63,97%-ы, қой-ешкінің 81,19%-ы тартып алынып, егіндіктің 22,28%-і жойылған.

Белгілі заңгер-ғалым Ғ. Сапарғалиевтің зерттеу еңбегіндегі деректерге қарасақ, Жетісу облысындағы қазақ және қырғыз халықтарының көтерілісін басу барысында жазалаушы әскер тартып алған заттарды сатудан 1 миллион 300 мың сом қаржы түскенін көреміз. Тек Самсы мен Боранды болыстарының өзінен ғана 1,5 миллион сомның мал-мүлкі тәркіленген.

Ашаршылықтың тағы бір себебі – 1917 жылғы қуаншылықтың салдарынан егін мен шөптің дұрыс шықпай қалуы. «Жығылғанға жұдырық» дегендей, онсыз да азапты жағдайға душар болған халыққа табиғаттың көрсеткен тосын мінезі одан сайын ауыр тиді. Бұл жөнінде Жетісу облыстық Алаш комитетінің төрағасы Ыбрайым Жайнаков 1919 жылы 17 наурызда Үржар станысында өткен Жетісу облыстық 3-ші съезіне жасаған баяндамасында өңірде қалыптасқан күрделі кезеңнің қарсаңындағы мәселелерді айта келіп: *«2) 1917 жылы бұрын болмаған қуаншылықтың салдарынан астық пен шөптің шықпай қалуы, жұт болуы адамдарды аштыққа ұшыратты... 3) әртүрлі індеттің таралуы онсыз да ауыр жағдайды одан да қиындатып жіберді. ...1918 жылдың көктемінен бері өңірде жетісулық большевиктердің қозғалыс етуі, олардың халыққа жаппай қырғын салуы, тіптен әйел, бала-шағаға қарамай атуы, ондай әрекеттердің осы уақытқа дейін жалғасып жатқандығы, кей жерлерде халықтың тонап, кейде тіпті мал-мүлкінің жойылуы ғана жоюы, басқа да соракылықтары бұл жағдайды одан әрі шиеленістірді, әлі де шиеленістіріп отыр...»* – деп баяндайды. Бұл мәлімет Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінде сақтаулы.

Осындай деректер Жетісу облысында 1917-1919 жылдары болған ашаршылықтың негізгі себептерін айқындайды. Біріншіден, 1916 жылғы көтерілісті басып-жаншу барысында отаршыл орыс империясының өлкеде қатыгездікпен жүргізген репрессиялық саясатының салдары екендігін көрсетсе, екіншіден оккупациялық режимнің жазалаушы әскері мен келімсек орыс шаруаларының бірлескен жазалау шараларының барысында жергілікті халықтың мал-мүлкінің талан-таражға салынуын біліреді. Үшінші, 1917 жылы қуаншылықтың салдарынан астық пен шөптің дұрыс шықпай қалуынан жұт болып, халықтың қолында қалған азғантай малдың қырылуы. Төртіншісі, 1918 жылдан бастап өлкеде «қожалық» етіп, ел-жұртқа жаппай қырғын салған большевиктердің кей жерлерде халықты тонап, тіпті, мал-мүлкті жойып жіберуі және басқа да соракылықтар жасауы, онсыз да ауыр жағдайды одан әрі шиеленістіруі еді.

Қорыта келе айтарымыз, мұның бәрі қосыла келе жетісулық жергілікті халыққа ауыр апат әкелді және қазақ халқы XX ғасырда ұшыраған гуманитарлық апаттың алғашқысы болды десек артық айтқандық емес. Олай дейтініміз, бұдан кейін қазақ халқының 1921-1922 және 1931-1933 жылдардағы аштықты бастан кешіргені белгілі. Сондықтан бұл мәселелерді «ашаршылық» деп қана қарастырмай, гуманитарлық апаттар дегеніміз де дұрыс болар.

Бірақ қанша қырылып, апатқа ұшырап жатқанына қарамастан азаттық пен тәуелсіздікке деген ұмтылыс ұлт жадында қайта жаңғырып, әркез белгі беріп отырды және ол жолдағы күрестің салдары да ауыр болған еді. Ал адамзат тарихында азаттық алу, тәуелсіздікке қол жеткізу ешқашан оңай болмаған. Ә. Бөкейханов айтпақшы: «Алыспаған, жұлыспаған бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, ер құлдықтан, әйелі күңдіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды!».

Ә. Бөкейханов бастаған Алаш зиялылары «ашаршылық пен босқыншылыққа ұшыраған Жетісу жұртын қайтсек аман алып қаламыз? Қайтіп жалпы алашты өзгелермен терезесін тең етіп, Ел қатарына қосамыз?!» – деген адал ниетпен қызмет жасады. Ол жөнінде Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында: *«Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды»* – деп өте дұрыс айтты. Сондықтан өткен тарихымыздағы ауыр кезеңдерден сабақ ала отырып, Алаш қайраткерлерінің Ел мен Жердің тұтастығын, ұлттың бірегейлігін сақтау жолында озық үлгі көрсеткен қызметтерінен тағылым алғанымыз, оларға бас иіп, тағзым еткеніміз, ерлікке пара-пар әрбір еңбегіне құрметпен қараганымыз абзал! Және бұл бүгінгі ұрпақтың перзенттік парызына айналуы тиіс.

Шамек ТЛЕУБАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
аға оқытушысы

✓31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

АҚТАҢДАҚТАР АҚИҚАТЫ

31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнінде қызыл империяның қанды шеңгеліне ілінген жазықсыз боздақтарды күрсіне, күңірене еске алып жатамыз. Жазықсыз жала жабылып, жарық дүниемен қоштасқан марқұмдарға сауабы тие берсін деген ниетпен Құран бағыштаймыз. Қаратал ауданында талай азамат репрессияға ұшырап, жапа шегіп, шейіт болған. Солардың бірі – Ахметше МЫЛТЫҚБАЕВ.

Ахметше Мылтықбаев 1891 жылы дүниеге келіпті. Бірге туған жалғыз бауыры Әріп Мылтықбайұлы дүниеден ерте өткен. Сол түста отбасы ауданның Исаев деген ауылында тұрған Ахметше ержетіп, ерте жастан еңбекке араласа бастайды.

1928 жылы Қазақстанның әр жерінде ауылшаруашылығын жаппай ұжымдастыру науқаны басталып кетеді. Бұл кезде ауқатты және орта деңгейдегі қожалықтардың дүниемүлкі тәркіленіп, бай мен кулактарды тап ретінде жою, шаруаларды күштеп ұжымдарға біріктіру ісі қарқын ала бастаған. Ауыл-аудандан өкіметке шектен тыс азық-түлік, мал жинау белең алады. ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Алматы облыстық департаментінің 2002 жылғы 17 маусымдағы дерегіне сүйенсек, Ахметше Мылтықбаевтың төнкеріске дейін 100 қойы, 2 ат, 5 сиыры болған. Ауыл арасында аса белделі атқамінер, уәкыметі, көпейіді, бауырмал адам болған екен. Бұл кезде жұртшы малы тәркіленіп, ел ішін ашаршылық жайлай бастайды. Сол тұста мынау келеді, анау байлың ұрғыға деп, бір-бірінің көзін шұқу, тап жауларын іздеу, накақтан біреуді сыртынан сатып жіберу үлей бастаған кез. Ахметше тыскары таяжанын сезіп, әйелі Тәуардың, жақындарын ертіп, Ресей жеріне бет түзейді. Сейтіп, аштық пен комиссердің құтылмақ болып, орыстың Бишек қаласына тұрақтап, жаңа өмір бастайды. Мұнда қолдан келер жұмыстың бәрін атқарып, ауылдастарын аштықтан аман алып қалады. 1930 жылы Ахметшенің Акай деген ұлы дүниеге келеді. Жат жерде еңбек етіп, күнін көріп жүре берер ме еді, әйтсе де туған жерге ансары ауа түседі. Елде аштық тоқтап, жұрт тұрмысы түзеліп дегендей естіп, 1937 жылы отбасымен бірге атамекенге қайта оралады.

Бұл кезде Ресейдің Сібір аймағы мен Орта Азия мемлекеттерін байланыстыратын Түрксіб темір жолының құрылысы қарқынды жүріп жатқан еді. Аудан орталығы Үштөбе қаласының ауқымы кеңейіп, жаңа өндіріс орындары ашылып жатқан тұс. Атақонысқа келген соң Ахметше жұртпен бірге еңбекке араласып кете барады. Бір жылдан соң екінші ұлы Оразғали дүние есетін ашады. Ахметше текті, ары таза, елгезек жан болған екен. «Бұтағы көп ағашқа құс қонады, атағы жақсы адамға сөз ереді» дегендей, қастық ойлаушылар халық арасындағы бедел мен еңбекпен жиған малына көз тігеді. Көреалмаушылар мен дұшпандық ойлағандар жаныңнан табылып, «Халық жауы» атанып, басына қара бұлт үйірледі. Күтпеген жерден мамыражай тіршілігі көзден бұл-бұл ұшып, 1938 жылы 9 қыркүйекте қамауға алынады. «Антисоветтік үгіт-насихат жүргізді, колхоз жүйесін кемсітті» деген айып тағылған Ахметше бес күннен соң, 14 қыркүйекте Сталиндік репрессияның құрбаны болып, ату жазасына кесіледі. Сол заманда екі-үш адам қол қойса, адамды шыбын құрлы көрмей атып тастайтын болған. Әйелі Тәуар үш баласымен (қызы Шәкира Ахметше бақиға аттанған соң дүниеге келіпті) көз жасын көлдетіп, еңіреп қала береді. Кейін есін жиып, ел қатарлы еңбек етіп, балаларын жеткізеді. Қазір Ахметшелеп өрбіген үрім-бұтақ өсіп-өніп, саялы бәйтеректей теренге тамыр жайған.

– Ақыл әкем Ахметше атам жайлы көп айта бермейтін. Кейін репрессия құрбандарын ақтау жөніндегі Жарлық шыққан соң айта бастады. Кеңес өкіметі кезінде «Халық жауы» атанған адам жайлы айтуға жұрт қорқатын. Әкем атамның ашаршылық кезінде ауылдастарын жұттан аман сақтап, Ресейге көшіргені жайлы айтып отыратын. «Май» көшарына қайтып келген соң «Бәленбай адамды ертіп, Отанын сатып, Қазақстаннан көшіп кеткен» деген сылтаумен тұтқындалыпты. Кейін ұлттық қауіпсіздік комитетіне сұрау жіберіп, атамыздың ақталғаны жайлы құжат алдық, – дейді Үштөбе қаласының тұрғыны, Ахметше Мылтықбаевтың немересі Болат Ақайұлы.

Қылышынан қан тамған қызыл империяның құрбаны болған Ахметше Мылтықбаев 1989 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1989 жылғы 16 қаңтардағы «30-40 жылдар мен 50 жылдардың басында болған репрессия құрбандарына әділеттілікті қалпына келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» жарлығымен 51 жылдан соң ақталды. Қаралы күндерді, зорлықшыл жылдарды жас ұрпақ көрмесе екен деп тілейік.

Асхат БАҚЫТҰЛЫ

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

Біз кезінде елге қызмет етудің озық үлгісін көрсеткен Алаш қайраткерлерінен тағылым аламыз. Олар өткен ғасырдың басында тәуелсіздік идеяларын халық арасында дәріптеуге зор еңбек сіңіріп, азаттық жолында құрбан болды.



31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні. Осы күні Кеңес үкіметінің кезінде әділетсіз қуғынға ұшыраған барлық құрбандарды, еңбекпен түзеу лагерьлерінде болғандар мен жер аударылғандарды, себепсіз сотталғандарды, айыпсыз атылғандарды еске аламыз.

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАПА ШЕККЕН

Елімізді Тәуелсіздік алғаннан кейін жазықсыз жазаланып, қыршын кеткен құрбандарымызды мәңгі есте қалдыру мақсатында 1993 жылы «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» ҚР Заңы қабылданды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы, сондай-ақ, 31 мамырды Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні деп жариялады.

Өткен жылы Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев: «XX ғасырдың 20-50-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы – халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы наубетгің құрбандарын мәңгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі іс-шараларды жүзеге асыра бастады. Кеңес заманында әмір сүрген халықтарға «үлкен терроршыл» орасан зор қасірет әкелгені есімізде», – деп келе сталиндік репрессия құрбандарын толық ақтау туралы Жарлығын жариялап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау ісі бойынша арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырған болатын. Бүгінде саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қазақ халқының тарихында 1919-1922 және 1931-1933 жылдардағы ашаршылық пен 1937-1938 жылдардағы репрессия қасіретті кезең ретінде есте қалды. Зұлмат жылдарда Қазақстан бойынша үш миллионнан астам адам аштан қырылды. 100 мыңға жуық азаматымыз қуғын-сүргінге ұшырап, соның 20 мыңнан астамы атылды. Қазақстанға КСРО-ның түкпір-түкпірінен бес миллионнан астам адам жер аударылды. Кеңес үкіметінің жүргізген зобалаң саясатының салқынынан, әсіресе, қазақ халқы зор зардап шекті. Ұлы жұртты көзімен көрген алаш-ордашылдардың өзі ашаршылықтың шындығын ашып айта алмай, оны табиғаттың қолайсыздығынан болған апаттардың бірі деп жазды. Ілияс Жансүгіров елдегі енді басталған ашаршылық туралы: «1919 жылдың қысында ел қатты жүдеді. Ашықты. Сол кездерде ауылда ауыр болды. Жүдеушілік, жоқшылық қысқан жаным жаман жаншылды» деп жазады. Бұл тек Ілиястың басындағы жай емес еді.

Ашаршылық кезінде менің әжем ағайындарының өз балаларын етін жеп отырғанын көздерімен көрген екен. Мұндай жағдай Қазақстанның әр жерінде болған. Сол наубет жылдары осы туралы шығарма жазып, оны баспа бетіне бергенімен кейіннен олар жоғалып кеткен. Мысалы, 1921 жылы осынау сұмдық оқиғалардың куәгерлерінің бірі ақын Ілияс Жансүгіров қазақ халқының осы трагедиясын "Жұт" туындысында былай сипаттайды:

Күніне қазақ мыңдап өліп жатыр,
Тұрмыс сағат сайын кемін жатыр.
Өз баласын өзі үйітіп, сиғасын жеп,
Көр азабын тірідей көріп жатыр.

Ақынның бұл шығармасы көптомдық шығармалар жинағына енбеген.

Бұл жылдары ұлт зиялылары үездерге шығып, аштарға жәрдем жинауға кірісті. Сол кезде, яғни 1921 жылы І. Жансүгіров Ташкент қаласындағы жастарға арналған ең беделді республикалық басылым «Жас Алаш» газетінде жауапты хатшы қызметін атқарып жүрген болатын. Қиналған халқының қамын ойлап, жұртшы малына арналған жемшөп қорын дайындау жөніндегі үгітші болып ауылына қайтады.

Аштық жылдарында Ілиястың әкесі Жансүгір Оңтүстік Қазақстанның Мақтаарал ауданында канал қазу жұмыстарына қатысып, 1932 жылы қайтып болады. Әкесінің жерленген жерін Ілияс бірнеше рет барып, таба алмай қайтады.

Ілияс ақын халқына алдал қызмет етіп, елді аштықтан аман алып қалудың амалдарын істеп жүргенде өзі де жалған жаламен істі болып, саяси қуғын-сүргінның құрбаны ретінде ажал құшты.

І. Жансүгіров түркінге 1937 жылы тамыздың 11-де алынған. Тергеу және сот барысында оған «Жансүгіров 1934 жылдан бері Қазақ КСР-нында оңшыл-троцкишіл ұйым құрамында кеңес өкіметін құлату мақсатымен, Қазақстанды қарулы көтерліс арқылы КСРО-дан бөліп әкетіп, Жапонияның жетегімен Қазақ буржуазиялық мемлекетін құруды көздеген контрреволюциялық буржуазиашыл-ұлтшыл, көтерілісші-террорист және бүлдіруші-зиянкес ұйымның мүшесі болды» деген жала жабылған.

КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының көшпелі сессиясы мен Әскери үштік 1938 жылдың 26 ақпанында Алматы қаласында өткен жабық сот мәжілісінде Жазушылар одағының төрағасы Ілияс Жансүгіровті РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-2, 58-8, 58-11 баптарына сәйкес ең жоғарғы қылмыстық жаза – атуға, жеке мүліктерін түгел конфискациялауға үкім етеді. Үкім сол күні орындалады. Ақынның атылып кеткенін жасыру үшін 1955 жылы 9 мамырь күні өлгендігі туралы жалған куәлік береді, Онда «Жансүгіров Ілияс 1949 жылғы 19 сәуірде жүректің ишфаркт-миокард ауруынан қайтыс болды» делінген.

Туған халқының жарқын келешегі үшін саналы ғұмырларын сарп етіп, қажымай күрескен азулы асылдарымыздың сүйегі қомусіз қалды. Ал соңында қалған балалары, отбасы, туған халқы ұзақ жылдар бойы арманы бик асыл ерлердің жолына үмітпен қарап, сарыла күтумен болды. Бірақ тағдыр ешкайсысына аман оралу бақытын жазбады.

Абақтыға алынғаннан кейін ақынға қабар-ошарсыз кеткен Ілияс Жансүгіровтің соңынан іздеу салған зайыбы Фатима Табитова 1955 жылы Министрлер Кеңесінің төрағасы Г. Малеңковке хат жазады. Онда: «...1937 жылы Ілияс Жансүгіров Алматы қаласында НКВД-ның ерекше мәжілісімен 10 жылға түрмеге кесілді. Содан бері 18 жыл өтті, отбасы оның тағдыры жөнінде мүлдем хабарсыз. 1945 жылы Кеңес Одағының Прокуроруынан І. Жансүгіровтің ісін қайта қарауды және қамауда отырған жерін хабарлауды сұрағанмын. 1945 жылы 8 желтоқсандағы №26550-40 жауабымен оның ісін қайта қарауды бас тартты. Ал түрмеде отырған жерін Алматыдан білуге кеңес береді. Алайда, Алматыдағы Ішкі істер министрлігі әлі күнге дейін І. Жансүгіровтің ісін таба алмай отыр...» делінген. Атылып кеткен әр азаматтың отбасының осылай гідеу салғаны белгілі. Бірақ атылғандар жөніндегі мәлімет оте құпия ұсталады.

Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана құпиялар ашыла бастады. 1957 жылғы 12 сәуірде КСРО Жоғарғы Соты әскери коллегиясының берген анықтама қағазында «1938 жылы 26-ақпанда қаза болған Ілияс Жансүгіровтің ісінде ешқандай қылмыстың белгісі болмағандықтан ақталды» делінген.

Ақталғаннан кейін де ақынның қай жерге жерленгені белгісіз болып келді. Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы бұл құпияның бетін ашуды Қазақстанның республикалық «Әділет» қоғамы қолға алды. Алматы облысының прокуратурасынан алынған анықтамада: «Алматы облысының Талғар, Іле аудандарында, «Кіші Алматы» мен «Алматы Николаевка» жол трассасының арасында, Әли, Жаналық ауылдарының маңында 1930-40 жылдары репрессияда ату жазасына бұйырылғандардың сүйектері әкелініп жерленген» делінген. Кейіннен, яғни 2002 жылы Жаналық ауылына монументті кешен тұрғызылды. Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 2018 жылы Алматы облысының Талғар ауданындағы Жаналық ауылында саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музей ашылды.

Ілияс Жансүгіровтің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылған ақынның әдеби музейінде жыл сайын саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні аталып өтіп, үнемі шаралар ұйымдастырылып тұрады. Музей жастар тәрбиесіне үлес қосатын бірден-бір мәдениет мекемесі болғандықтан қазақ тарихындағы бұл қасіретке бейжай қарамай, ұрпақ санасында өткен дәуір тарихын жаңғырту, халық зиялыларын жадымыздан бір сәт те шығармау ұлт алдындағы азаматтық парызымыз деп біледі.

Жыр жампозы, қазақ поэзиясының жарық жұлдызы Ілияс Жансүгіровтің атымен 1964 жылы ауыл, 1972 жылы облысымыздағы жоғары оқу орны, облыс орталығындағы басты көшелер, мектептер атанды. Қаламгердің 125 жылдық мерейтойына орай туған жері Алматы облысының Жансүгіров кентінде еңселі ескерткіші орнатылды. Сонымен қатар, өткен жылы Нұрсұлтан қаласындағы № 58 мектеп-гимназияға ақынның есімі берілгені көпшілікке қуаныш ұялатады. Атқарылып жатқан осынау ит шаралар жазықсыз жапа шеккен ердеріміздің есімін ел есінде мәңгі калдыруды көздейді.

Салтанат ТӨЛЕГЕНОВА,
Ілияс Жансүгіров әдеби музейінің
аға ғылыми қызметкері
Талдықорған қаласы

1 2 3 4

САРҒАЙҒАН ҚҰЖАТ

Өңі сарғайған құжаттардағы мәліметтерге орай Қазақстанда 90867 адам, Қырғызстанда 30634, Өзбекстанда 10164 адам саяси қуғын-сүргінге ұшыраған. Елімізде мемлекеттік зорлық-зомбылықтың, саяси қуғын-сүргін құрбандығының орасан көп болуына биліктің Қазрайком бірінші хатшысы Ф. Голощекиннің аса қанқұйлы «Қазақстандағы кіші қазан төңкерісін жасау» бағдарламасын саяси эксперимент ретінде жүзеге асыруы себеп болды. Одан бөлек, азамат соғысының кесірінен орын алған шаруашылық тоқырауы мен жұттың кесірінен Қазақстандағы халық саны 30 пайызға азайған.

Иосиф Сталин 1929 жылы 29 желтоқсанда өткен аграршылар конференциясында ұжымдастыру науқанына кедергі келтіретін бай-кулактарды тап жауы ретінде жоюды алға қояды. Соған орай 1930 жылы 15 қаңтарда Орталық комитет құрған арнайы комиссияны В. Молотов басқарып, Қазақстандағы «үштік» құрамына Ж. Құрамысов (төрага), А. Альшанский, А. Асылбеков сынды белсенділерді қосады. КСРО Әділет халық комиссариаты төрағасы Николай Янсонның 1930 жылы 3 қаңтардағы нұсқауымен «кулактардың контрреволюциялық белсенді тобын» тез арада қамауға алып, «қастандық актілерін ұйымдастырушы» ретінде ату жазасына кесу қатаң тапсырылды. Арада жиырма күн өткен соң 20 ауданнан шаруашылығы тәркіленген 20 мың бай мен кулак темір жолдан шалғай аудандарға қоныстандырылды. Олардың орнына жер аударылған 30 мың кулактың отбасын орналастыру көзделді. Науқанды жүзеге асыру ОГПУ органдарына жүктелді.

Қазақ АКСР Халықтық комиссариатының «Тәркілеуге ұшырағандарды жер аударатын аудандарды анықтау туралы» қаулысы бойынша Жетісу және Сырдария округтерінен тәркілеуге ұшырағандар Оралға, оралдықтар Жетісуға, Гурьевтен шыққандар Петропавлға, қарқаралылықтар Қостанайға, Семейде тәркіленген жұрт Сырдарияға, павлодарлықтар Ақтөбеге, Қызылорда жұртшылығы Адай округіне, ақмолалықтар Гурьевке, Ақтөбеден шыққандар Қарқаралыға, қостанайлықтар Семейге жер аударылды. Сөйтіп, 22 мың адам қамауға алынып, 1930 жылы 1 шілдеде 4 мың адам жер аударылған. Қазақстанда 54 мың 625 шаруашылық тәркіленіп, 1931 жылы елден тыс жерлерге 5500 кулак жер аударылды.

1928 жылдың ортасынан бастап ұлт зиялыларына, Алаш қозғалысының қайраткерлеріне, халықтың сүт бетіне шыраған қаймақтарына, біртұар тұлғаларға «бұржуазияшыл-ұлтшыл», «басқаша ойлайтындар», «кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді» деген айыптар тағылып, түрмеге жабылды, ату жазасына кесілді, жер аударылды, қуғын-сүргінге ұшырады.

1928 жылдың ортасынан бастап ұлт зиялыларына, Алаш қозғалысының қайраткерлеріне, халықтың сүт бетіне шыраған қаймақтарына, біртұар тұлғаларға «бұржуазияшыл-ұлтшыл», «басқаша ойлайтындар», «кеңес өкіметіне қарсы үгіт-насихат жүргізді» деген айыптар тағылып, түрмеге жабылды, ату жазасына кесілді, жер аударылды, қуғын-сүргінге ұшырады.

1930-1933 жылдары голощекиндік саясат жергілікті халыққа ет, астық, тері, жүн, мүйіз сынды салықтың 16 түрін салып, жаңтылай көшпелі елді күшпен отырықшыландыру науқанын бастады. Салық жоспарын орындамағандар саяси қуғын-сүргінге ұшырап, екі жылдың ішінде, яғни, 1928 жылдың қаңтарынан 1929 жылдың 15 желтоқсанына дейін 52 300 адам соттады. Жұмыска кешіккен, жұмыстан рұқсатсыз кеткені, астықтың бірнеше сабағын әкеткені және басқа да болмашы ағаттығы үшін 1932 жылдың тамызынан бастап, бір жыл ішінде 33 345 адам соттың алдын көрді. Алғаш рет Қарағандыда, Шығыс Қазақстан облысындағы Уржарда, Солтүстік Қазақстан облысындағы Преснөвта ашық сот процестері жүргізілді. 1930 жылы Ақмола облысында 3360 адам құғын көрсе, бұл көрсеткіш 1940 жылы 160 мың адамға жеткен.

Қуғын-сүргін жүргізудің құқықтық базасы жасалып, 1926 жылы РКФСР Қылмыстық кодексіндегі 17 контрреволюциялық қылмыстың 12 түріне өлім жазасы қарастырылды. 1932, 1934, 1936, 1937 жылдары «Социалистік меншікті нығайту», «Отанды сату», «Террористік актілер», «Зиянкестік пен диверсия туралы» заңдар шықты. Соған байланысты ұжымшар егістігінен масақ жинаған 12

№64 (8916) Сейсенбі, 15 маусым 2021

✓ФУТБОЛ



БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕК АТЫНДАҒЫ ТУРНИР

Талдықорғанда бұқаралық ақпарат құралдары арасында кіші футболдан қазақ журналистикасының жарық жұлдызы Бейсен ҚҰРАНБЕКТІ еске алуға арналған республикалық турнир өтті. Додаға өңіріміздегі қаламгерлермен қоса Алматы, Шымкент, Тараз, Қызылорда, Өскемен қалаларынан келген командалар қатысты.

Айдар ҚАЛИЕВ

Жарыстың ашылу салтанатында сөз алған облыстық "Жетісу" телеарнасы директорының орынбасары Досан Қызайбай:

– Қазақтың қабырғалы қаламгері Бейсен Құранбек әр әңгімесінде елдің өсіп-өркендеуін, ауызбіршілігін тілге тиек етіп отыратын. Сондай-ақ, қазақ жастарының жігерлі де қайсар болғанын қалады. Сондықтан бүгінгі жарыстың мақсаты – жастарды спортқа, отаншылдыққа баулу. Бейсекең ұлтын шексіз сүйген азамат еді. Қазақта: «Аруағын ардақтаған елдің ұрпағы тозбас» деген жақсы мақал бар. Болашақ ұрпақ елі үшін есесіз еңбек еткен жанды мәңгі ұмытпауы тиіс. Біз Бейсен сияқты азаматтардың өнегелі жолы арқылы келешегі мықты жастарды, рухты перзенттерді тәрбиелеуіміз керек. Сондықтан додаға қатысқанының өзі әр команда үшін үлкен жеңіс, – деп жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Осыдан кейін сөз алған Алматы құрамаларын бастап келген Шоқан Мақан мен Есей Жеңісұлы Бейсен ағамыз жайлы жылы естеліктер айтып, жарысты ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Доданы ұлт перзентінің інісі Нұрхан Төлегенұлы ашық деп жариялады.

Жарыстың облыстық спорт басқармасы, «Жетісу» телеарнасы, мәдениет басқармасы, жастар саясаты, Жетісу университеті, Қазақстан Журналистер одағы Алматы облыстық филиалы, қала әкімдігі және Бейсен ағамыздың досы Айтқали Бекеев ағамыздың мұрындық болуымен өткенін айта кеткеніміз жөн. Ұйымдастырушылар болашақта бұл турнирдің дәстүрге айналатынын және ауқымы кеңейетінін айтты.

Ала доп аламаны санитарлық талаптарды сақтай отырып өтті. Сайыс тартысқа толы болды. Публицистика шеберлері ала допты ұрышқа ніріп, әдемі ойын өрнегін көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша 1-орынды «Алматы құрамасы» командасы қанжығасына байлап, 250 мың теңгенің сертификатын иеленді. 2-орынды еншілеген Жамбыл облысынан келген «TARAZ-PRESS» командасына 150 мың теңгенің сертификаты табысталды. Ал 3-орын алған «Шымкент» командасына 100 мың теңгенің сертификаты берілді. Әр аталым бойынша үздік ойыншылар анықталды. Атап айтсақ, «Шығыс ақпарат» командасынан Әділхан Есімхан «Үздік қақпашы», «Қарекет» командасынан Думан Алтынбекұлы «Үздік қорғаушы», «Акмешіт» командасынан Әділбек Жаханов «Үздік шабуылшы», «Жетісу» командасынан Бауыржан Сатыбалды «Үздік ойыншы» аталымын жеңіп алды. «Ардагер ойыншы» номинациясын «Қазақ газеттері» командасынан Дәурен Берікқажы иеленді.

– Сайыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлерді ұлт перзентінің інісі Аскар Құранбек, облыстық мәдениет басқармасының басшысы Мәрлен Көлбаев, «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Жұматай Әмірев, Ескелді ауданының әкімі Рустам Әли марапаттады.

✓БАЙҚАУ



ҮЗДІКТЕР ҮКІЛЕНДІ

Қазақ даласы өнерпаздарға бай. Бірі жанынан ән шығарып, айналасын думанға болесе, екіншісі музыкалық аспапты меңгеріп, сиқырлы саз төгілтеді. Соған орай Жетісу жерінің мамандары «Жас виртуоз» атты Республикалық байқауын өткізіп, балалар мен жасөспірімдердің арасынан аспапта шебер ойнайтындарын іріктеді.

Белгілі музыка майталмандары – ермағазы атындағы Қазақ ұлттық нсерваториясының профессоры, ҚР бек сіңірген қайраткері Ерсайын Бақара, Өзбекстан Республикасының лық әртісі Фарух Садыков, ҚР еңбек ірген қайраткері, А.Жубанов атын- ы дарының балаларға арналған рес- бликалық қазақ мамандандырылған ыка мектебінің директоры Нұркен ров, ҚР еңбек сіңірген әртісі, Талды- ан балалар өнер мектебінің директо- Ғұрсынхан Қаракожаева, ҚР еңбек ірген қайраткері, дирижер-компози- Әли Алпысбаев болашағынан үміт ретін өнерпаз жастардың еңбегін ап, үздіктерді үкіледі. Баспасөз ихатында музыка мәдениетінің ұлгілерін жаңғыртуға, мәдение- ген өнеріміздің сақтауға, дарынды спірімдердің арасындағы жаңа ерді анықтауға, ұлттық өнерді туға, жас өнерпаздары қолдауға лған конкурсқа еліміздің барлық нан 30-ға жуық дарынды жастың сының жеткізген мамандар олардың у орындаушылық шеберлігіне құргізілгенін атап өтті.

қырыпқа қатысты қойылған а жауап берген облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Әділжан Ғұмаров:

– Әр аспапқа жан бітірген өнерпаздарды төрт номинация бойынша іріктеген байқау облыс әкімі Амандық Баталовтың қолдауымен биыл бірінші рет өткізіліп отыр, – деп өнер додасының ерекшелігін таныстырып өтті. – Байқауға төрелік жасаған әділқазылар алқасы қай өнерпаздың қандай мүмкіндігі мен ерекшелігі бар екенін анықтап, нақты мәліметтерге көз жеткізді. Сол арқылы бұл байқаудың өскелең ұрпақтың келешегі мен ұлттық мәдениетке қажеттігін бағамдады. Істеріңізге сәттілік тілейміз!

Конкурсқа қатысушылардың арасынан үздік шығып, I орын алған өнерпаздар 150 мың теңгені, II орын иегерлері 100 мың теңгені, III орынға лайықты деп танылған өнерпаздар 70 мың теңгені еншіледі. Бұл жасөспірімдердің музыкаға деген қызығушылығын арттырып, ұлттық өнердің дамуына әсер етері анық.

Өнер байқауының соңы үздік шығқан өнерпаздардың орындауындағы концерттік бағдарламаға ұласты.

М. ӘСЕТҰЛЫ

✓ЗҰЛМАТ

АШАРШЫЛЫҚ АҚИҚАТЫ АШЫЛДЫ МА?



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласында: «Миллиондаған адамды қазаға ұшыратып, тірі қалғанын жан сауғалап, босып кетуге мәжбүр еткен алапат ашаршылықтың алғашқы кезеңі – 1921-1922 жылдардағы науқаттан бері 100 жыл өтті. Сол зұлматтың кесірінен қырылып қалмаған халқымыздың саны қазіргіден әлдеқашан есе көп болар еді. Тарихымыздың осы ақтаңдақ беттері әлі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді. Тіпті, ғалымдардың арасында ашаршылық құрбандарының нақты саны туралы ортақ пайым жоқ. Ала-құла деректер және оның себеп-салдары жайлы әртүрлі көзқарастар қоғамды адастырады. Тиісті тарихи құжаттарды, жиналған мәліметтерді аса мұқият зерделеу керек», – деп жазды. Бұған қоса: «Біліктi мамандар жүйелі зерттеумен айналысып, соған сәйкес ашаршылық мәселесіне мемлекет тарапынан баға берілгені жөн. Біз бұл күрделі мәселеге ұстамдылықпен және жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Жалпы, тарихи зерттеулерді ұраншылдық пен даңғазасыз, таза ғылыми ұстанымммен жүргізген дұрыс», – деп қадап айтқан-ды.

Осыған орай Қазақ елiндегі зұлмат тарихын зерттеу қайта жаңғырып, Елордада Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының, Білім және ғылым министрлігі, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Мемлекет тарихы институттарының ұйымдастыруымен «Азаттық жолындағы ақтаңдақтар: ашаршылық зардаптарына шынайы тарихи көзқарас» тақырыбына арналған «дөңгелек үстел» өткізілген еді. Тоғалақ етуші ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылыми комитетінің төрағасы Мұрат Бахтиярұлы болды.

«Дөңгелек үстелдің» беташарын алғысөзбен ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев ашты. «Дөңгелек үстел» басына жиналған ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері Қазақстандағы 1920-1921 және 1931-1933 жылдардағы алапат аштықтың себептері мен зардаптарын, теориялық-методологиялық бағыттарын, жекелеген аймақтардағы ашаршылық тарихын баяндады. Соз алғандар мәселені зерттеу бойынша болашақта атқарылуға тиіс шараларды, шешілуге тиіс түйткілдерді ортаға салып, өз ұсыныстарын білдірді. Науқаттың себептері мен салдарын айқындауда, аштықты қолдан жасалған қасірет ретінде бағалауда ғалымдар пікірлері әртүрлі болғанымен, ортақ түйіндер көрініс тапты.

Осылайша аталған тақырып ұзақ жылдарға созылған үзілістен соң қайта жаңғырды. Отандық тарих ғылымында өткен ғасырдың 80-жылдарының соңы 90-жылдардың орта кезінде ашаршылық, күштеп ұжымдастыру аукымында, жаңа тарихи таным мен шындық негізінде қайта қаралып, көпшілік зерттеуші, ғалым, журналист-публицистердің өзекті тақырыбына айналып, біркатар зерттеулердің жарық көргендігі белгілі.

Осы жылдары белгілі ғалым, тарихшы М. Қозыбаев республикада алғашқылардың бірі болып ашаршылықтың шынайы тарихын айқындауда біркатар еңбектер жариялағаны баршаға мәлім. Сонымен қатар, Қ. Алдажұманов, Ж. Әбілқожин, Т. Омарбеков, М. Тәтімов М. Асылбеков пен Ә. Галиев және басқалардың зерттеулері жарық көріп, ондаған диссертация қорғалды. Ғылымда алапат аштық жылдарында құрбан болғандардың саны туралы да әртүрлі тұжырымдар жасалды. Алайда ортақ шкір тоғысы байқалмады. Содан бері жинырма жылдан астам уақыт өтті.

Өткен кезеңдегі ғылыми тұжырымдарды нақтылаудың сәті Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласынан кейін туды десек артық айтқандық емес. Тарихшылар тақырыпқа қайта орала бастады. Дегенмен, ашаршылықтың ақиқаты толық ашылды ма деген сауал көкейде сайрап тұр. Сауалға біржақты «ашылды» деп жауап берудің ауылы әлі де алыс екендігі байқалады. Ең алдымен, ашаршылықтың себептері мен зардаптарын нақты айқындаумыз қажет. Ғалымдар арасында оның қазақ халқына қарсы жасалған қасақана саясат, яғни, геноцид деген пікір бар.

Шетелдік ғалымдар да осындай тұжырымдарды ұстанады. Алайда шынымен геноцид па деген сауалдың да жауабы әртүрлі болып тұр. Десек те, ашаршылық Сталин бастаған, Голощекин қостаған биліктің қолдан жасаған зұлматы деген көзқарас басымдылық танытады. 1920-1921 жылдарда Қазақстанның Батыс аймағын жайлаған аштықтың орын алуына құрғақшылықтың тікелей әсері болғандығы белгілі. Тарихшы, ғалым Талас Омарбеков климат жағдайларын жаңама себептердің біріне жатқызады. Тікелей себептерге Алаш арысы Ахмет Байтұрсыновтың сөзімен айтқанда қазақтарға соншалықты түсінікті болып келген, сол себепті сондайлық үрейлі қорқынышпен қарсы алған революцияның жеңісінен соң күшпен орнатылған кеңес өкіметінің бүркемелі саясатын, азамат соғысы жылдарындағы елдегі дағдарысты, азық-түлік дағдарысының ауыртпалықтарын, соның салдарынан дәстүрлі шаруашылықтың тығырыққа тірелуін, мал басының айтарлықтай азаюын, өлкені тарихы мен мәдениетінен жұрдай қағa үдіт өкілдерінің басқаруын жатқызуға болады.

Тікелей болсын, мейлі, жанама болсын, бәрібір зұлматтың орын алуына алып келген саяси, экономикалық, мәдени факторлардың бар болғандығын жоққа шығара алмаймыз. Жас Кеңес өкіметінің осы жылдары терең дағдарысқа ұшырап, тұрғындарының киындық көргенін кезінде большевиктердің өздері де жасырмады. Бұл жайттың кейбіреуі бес томдық Қазақстан тарихының төртінші томынан көрініс тапқан.

Осы орайда ғылымдағы шашыраңқы пікірлерді жүйелеп, 1920-1921 жылдардағы ашаршылыққа түрткі болған себептердің бағытын бір арнаға тоғыстырса жаңа форматтағы жеті томдық Қазақстан тарихын дайындауға дайын материал болар еді. Оған қоса бір миллионға жуық халық санының азаюын 1897 және 1926 жылдардағы халық санақтарының қорытындылары бойынша мәлімдеттермен, сол кездегі чернимді басылым деректерімен, архив құжаттарымен салыстыра отырып нақтыласақ тарихи парызымыз өтелер еді. Қызыл табан шұбырынды жылдарындағы аштық пен Қазақстаннан сырт жерлерге қоныс аударудың демографиялық, әлеуметтік тұстарын ашып, ғылымда орын алған әртүрлі көзқарастарды нақтыландырып, бір жүйеге келтіретін еңбектерді жарияласақ ұлттық намысымызды бекітіп, санамызды жетілдірер едік.

Енді 1931-1933 жылдардағы аштық турасына келер болсақ, бұл – большевиктік биліктің тікелей саяси науқандарының салдарынан болған изубет. Зұлматтың салдарынан екі жарым миллион халық қырылып, бір миллионы босқындарға айналып, көршi республикалар мен мемлекеттерге ауып кетті. Ауып кетті демекші, осы тұста бала кезімізде клубтан көрген «Ташкент – город хлебный» деген кинофильм еске түседі. Одан арып-ашып, тоз-тоз болған баланың Ташкенге барып, пана тауып, ашаршылықтан аман қалуы кімкімді де бейжай қалдырмайтын. Республикадағы 40 миллионға жуық малдың 4 миллиондайы ғана қалды. Күн көрісі малға тірелген халықтың жағдайын осыдан да бағамдай беріңіз.

Ашаршылықтың етек жаюына биліктің өзі жағдай жасады. Екке етін шықпаған, малын салық түрінде тірідей де, еттей де, оған қоса жүні мен терісін, тіпті, мүйізіне дейін өткізген, қолда бар малын астық тұқымдарына айырбастаған халықтың аштан өлмеуі екіталай еді.

Осы орайда марқұм анам Бибібатиманың айтқан әңгімесі еске түседі. Анамның анасы Балқия бірде балаларына әңгіме қылып, мына бір жайтты айтыпты: «Сен бесікте жатқанда оған да қарағай ертел-кеш қолхозда (казіргі Алматы облысы Аксу ауданындағы Ойтоған ауылы) жер жырғын, егін егетінбіз. Бидайдың тұқымын малға айырбастап алдық. Егін егетін құралдар да өте қарапайым. Өгізге жегілген сока. Оның өзі әдеби шаршаған, ұрғылап, тұмсығынан тартып, артынан итеріп, әрең дегенде норманы орындаймыз. Қараңғы болғанда қолдан жасаған шамның жарығымен де жер жырта беретінбіз. Алайда жаздың соңына қарай астық шықпады. Үйімізде қорада қалған бір-екі малдан басқа тұк жоқ. Амал жоқ, сиыр фермасына барып, жұмыс істеуге тура келді. Жұмыс ауыр, сиырларды қолмен сауамыз. Бірақ басқалар тәрізді ішіп-кеуіп елге жоқпыз. Сүт пен айранды ішсек те, аман қалдық».

Бұл – есептен қарасақ, 1931-1932 жылдарға деп келетін оқиға. Себебі, Қазақстандағы күштеп ұжымдастыру мен зорлап отырықшыландырудың қызған кезі осы тұс. Шындығында өз үйлеріңде талағаж етерге ештеңе таппағандардың қарап жатып өлін қалғандары қашама?! Алыска бармай-ақ Бейімбет Майлиннің «Құлпан» деген әңгімесін мысалға келтірсек те жеткілікті. Үйіне тамақ алып келген Құлпаштың Мақтұм деген ері мен баласының өлі денелерін көрген әйелдің халі нешік болғаны Бейімбет пен ашаршылықты көзімен көргендерге ғана аян.

Өкінішке қарай, нағашы әжем мен атам тәрізді екінің бірі фермада жұмыс жасамады. Өз атам Түрксіб теміржолында еңбек етіпті. Ашаршылық басталған тұста барар жер, басар тауларын ойлап, катты қайғырыпты. Таулы жерде аман қалуға болады екен дегенді есіп, Қапал жаққа бет бұрған жолдарында көптеген киындықтарды, өлім жаткан адамдарды, адам етін жегендерді көріпті. Осы кезде дала тағысы – қаскыр көбейін кеткен көрінеді. Бірде алдарынан бір топ каскыр шыққанда араларында жүруге жарамайтын әйелдерді азыққа тастап, өздері әрең қашып құтылыпты.

Қаскырларға біреудің әжесі, енді біреуінің анасы, үшіншісінің қызы жем болғанын қазақтар айта бермейді. «Сүйекке таңба болады» деген ұғым тағы бар. Сондықтан, өз балаларын жегендер, туысқандарын қаскырларға тастап кеткендер жұмған ауыздарын ашпауға тырысқан. Алайда мұндай сұмдық жағдайлардың зұлмат кезінде орын алғаны жасырын емес. Біз осылардың бәрін қорқынышты ертегі тәрізді тыңдайтын едік.

Алайда бұл мәселенің бір жағы ғана. Екінші жағы аштық туралы айтуға халық сескенді. Құтын-сүргінге ұшырап кетпейік деген қорқыныш жадыда сақталып қалды. Енді кезекте сол тарихи жадты тарихты жаңғырту кажет. Үшінші жағы қаннен-қаперсіз «кемелдеиген социализмде» өмір сүрген халық апаттар мен жаһандық дерттен алыс болды. Ондай ауыр жағдайлар Кеңес одағында болмайды деп сенді. Кеңестік идеология ертеңгі күнге деген сенімді санада берік орнықтырды. Сондықтан да кешегі тарихтан орын алған қасіретті еске түсірілгілері келмеді.

Атамның інісі Базарбай деген кісі Қытайға ауып кетіпті. Ол жаққа қалай барды, кімдер көмектесті, кімдер жол көрсетті, ол жағы беймәлім. Міне, осындай шындықтың түбіне жетіп, ашаршылық ақиқатын архив құжаттары негізінде толықтай айтудың уақыты жетті.

Өкінішке қарай, осы тұста архив қорларының қолжетімсіз екендігі шынайы тарих жазуға қолбайлау болып отырғаны да жасырын емес. «Аса құпия» деген білгілері бар құжаттардың архивтердің түкпірлерінде жатқаны біз үшін тиімсіз.

Елбасы айтқандай, тарихта бір ұялатын ештеңе жоқ. Керісінше, ұлттық намысымызды оятып, тарихи санамызды жетілдіргіміз келсе тарихтың ащы шындығын ашқанымыз абзал. Осы тұрғыда тың зерттеулердің жариялануға ескі жараны жазғанымызбен бірдей болар еді. Оған қоса арнайы музейлерді ұйымдастырып, аштық құрбандарына ескерткіштер орнатсақ қазақ халқы айтқандай өлі риза болмай тірі байымас еді. Тәуелсіздік жылдары тарихи шындықты бейнелейтін «Ананға апарар жол», «Жауқұрек мың бала», «Қазақ Елі» тәрізді біркатар кинофильмдер түсірілді. Аштыққа ұшыраған мен босқынға айналғандар туралы жастардың бойында отансүйгіштік қасиетті қалыптастыратын осындай өнер туындылары керек-ақ.

«Мың рет айтқанмен бір рет көрген артық» дегенің де растығы мен қолданбалылығына көз жеткізер едік. Айтылғандарға қоса, облыстар бойынша ашаршылықтың өзі мен зардаптарын зерттеуге қажетті тарихи деректерді жинақтауға бағытталған экспедициялар құрылса және оған жастарды тартса нұр үстіне нұр болар еді.

Тоқсан ауыз сөздің түйіні, ашаршылық тарихын зерттеуді мемлекет қолдап отырған кезді ұтымды пайдалану елдің болашақ дамуы үшін аса кажет. Президент тапсырғандай, оны саясаттандырмай, ғылыми тұрде бәйыппен, тарихи деректер негізінде зерттеп, жүзеге асыру жағын да назарда ұстағанымыз абзал.

Оразгүл МҰХАТОВА,
тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері

№111 (8863) Бейсенбі, 7 қазан, 2021

ТАҒДЫР




Алаш қозғалысының қайраткері Ыбырайым ЖАЙНАҚОВТЫҢ туғанына биыл 135 жыл толып отыр.

Алаш зиялыларының ұлт бостандығы мен тәуелсіздігі, ұлттық бірегейлікті сақтау жолында атқарған жанкешті қызметін зерделеп, шынайы тұрғыдан баға беру мүмкіндігіне отандық зерттеушілер еліміз егемендік алған тұста ғана ие болды. Соған орай бірқатар тың зерттеулер жарық көрді. Дегенмен, Алаш қозғалысына қатысқан зиялылардың өмірі мен қызметі толықтай зерттеліп, ой елегінен өткізіліп, зерделене қойған жоқ. Олардың қатарында Ыбырайым Жайнақов та бар.

ЕЛІНІҢ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН



1893-1902 жылдар аралығында Верный ерлер гимназиясында білім алған Ы. Жайнаков 1901 жылдың 15 наурызында қатты сырқаттанып қалуына байланысты оқудан босатуын өтінеді. 1902 жылдың 13 мамырында гимназияның педагогикалық кеңесінің шешімімен 7-класқа көшірілген. Осы жылы анасы Шолпан Жайнакова Верный ерлер гимназиясының директорына арыз жазып, оның денсаулығын түзеу үшін оқудан шығарып алған. 1904 жылдың шілдесінде Қазан мәдәрәсілік институтына оқуға қабылданғанымен денсаулығына байланысты оқи алмайды. Сол жылы денсаулығының сыр бергеніне қарамастан Жаркент уездік басқармасының тілмаш қызметіне кіріседі, кейін Жетісу облысының әскери губернаторлығында тілмаш болады. Оның ұлт болашағы үшін қажырлы қызметі осы кезеңде басталды. Көз ашық, көкірегі ояу жас жігіт ел ішінде болып жатқан түрлі қоғамдық шараларға белсене қатысады.



1910 жылы 21 қазанда Жетісу облысының Қазақ-қырғыздары жасырын жиын өткізеді. Онда орыс әскерінің қоқандықтармен Ұзынағаш түбінде болған шайқастағы жеңісінің 50 жылдығын жергілікті әкімшілік орындарының салтанатты түрде атап өтуі талқыланады. Орыстардан басқа облыстық басқарушысы Д. Сауранбаев, белгілі қырғыз манабы Ш. Жантаев сынды белсенді азаматтар қазақ-қырғыздың жағдайын жасырын талқыға салады.

Қазақ-қырғыздың 50 шақты өкілі қатысқан «Ұзынағаш съезі» аталған тарихында отаршылдықтан көрген тауқымына қарамастан, жергілікті әкімшілік жасаған қысымшылықты орталық билік орындарына жеткізу үшін Петербургке арнайы өкіл жіберу ойластырылады. Сейтіп көпшілік Барлыбек Сыртановты өкілдікке лайық деп табады. Осыған орай Верный қалалық Іздестіру бөлімі тыңшыларға тапсырма береді. Верный уезінде Ы. Жайнаковтың ұйымдастырумен әр болыстан 100 сомнан ақша жиналып, Б. Сыртановқа тапсырылғаны, сондай-ақ, Пішпек және Пржевальск уезінің қырғыздары әр болыстан 200 сомнан жинап, Петербургке Б. Сыртановпен бірге Д. Сауранбаевты қосып жібергені жатқаны жайындағы мәлімет тыңшылар арқылы жергілікті әкімшілік орындарына белгілі болады.

Қазақ зиялыларының Мемлекеттік думаға жіберетін талап-тілегінің қатарында жер, оқу-ағарту, сот ісі және дін мәселелері қамтылды. Онда алдымен қазақ пен қырғыз жерге орналасқанша Жетісу өңіріне орыс шаруаларын қоныстандыруды тоқтату, жергілікті балаларды ана тілінде білім алуына мүмкіндік беру және оқу-ағарту ісін бүркемелеген орыстандыру саясатына тыйым салу, сот ісінде болыстардағы билер сотының өкілеттілігін кеңейту, Түркістан өлкесіндегі діни істерді қарайтын мұсылмандық діни басқарма құрып, Жетісу облысының қазақ-қырғызы соған қарау керектігі сынды аса өзекті мәселелер айтылады. Мұнан бөрін тыншылар арқылы білип отырған жандармерия жинаған деректерде Ы. Жайнаковтың жасы 25-те, әйелі Айкулхаят Галиевна екендігі көрсетілген. Тіпті, «Қара» деген тыншының Түркістан аудандық күзет бөліміне берген мәлімдемесінде Ы. Жайнаковтың есімі Жетісу облысындағы қазақ-қырғыздың саяси қозғалысына жетекшілік жасап жүрген қайраткер ретінде аталады. Бұдан Ы. Жайнаковтың белсенді іс-әрекеті патшалық билік тарапынан қатаң бақылауға алынғанын аңғаруға болады.

Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ» шығармасын Жетісу өңіріндегі насихаттаушының бірі болған Ы. Жайнаков туындыны Пішпек уезіндегі қырғыздарға жеткізеді. «Айқап» журналындағы М. Сералин мен Б. Қаратаев бастаған зиялылармен хат алысып, жерге қатысты мәселелер жайлы және Петербургте бүкілресейлік мұсылман съезін өткізу туралы ой бөліседі. М. Сералиннің Ы. Жайнаковқа жолдаған хаты тыншылардың қолына түсіп, полиция департаменті М. Сералинді Жетісу өңіріндегі қазақтарды қандай да бір іс-шараға топтастырмақшы деп болжайды. Осыған орай Орынбор губерниялық жандармерия басқармасы мен Түркістан аудандық күзет бөліміне Ы. Жайнаков туралы мәлімет жинау және қатаң бақылау орнату тапсырылады.

1916 жылы Жетісу облыстық басқармасында тілмаш болып жүрген Ыбырайым Жайнаков патшаның 25 маусымдағы жарлығына байланысты әр өңірде туындаған наразылыққа орай халықтың көтерілске шығуын қолдайды. Сол көтерілске шыққаны үшін 13 шілде күні Жетісу облысының әскери губернаторынан «қырғыздарға жоғары мәртебелінің жарлығының мағынасын түсіндіріп, оған көнуге шақыру үшін» деп Верный қаласында Үлкен Алматы болыстығы басшыларының кеңесін өткізуге рұқсат алып, 14 шілдеде кеңесті үйінің ауласында өткізеді.

Бұл арада мынаны айта кеткен жөн. 1916 жылы наразылық ұшқыны бұрк ете түскенде мәселені жақсы білетін қазақ зиялылары жұртты ақылға келуге шақырды. Өйткені күштің тең еместігі, қарулы қарсылықтың қан төгумен аяқталатындығы айқын еді. Оның үстіне осындай сәтті пайдаланған отаршыл жүйе саяси билігін күшейтіп, переселендерді жаңа жерлерге қоныстандыруы мүмкін екенін зиялылар жақсы түсінді. Сондықтан көтерілістің алғашқы күнінен бастап халықты тыныштандыруға шақырған үгіт жұмыстары жүргізілді. Осы ұстанымнан танбаған Ыбырайым Жайнаков та халықтың боска қырылмауын, мәселені бейбіт түрде шешу қажеттігін түсіндіріп, көпшілікті ақылға, сабыр сақтауға шақырды.

Әрине, көтеріліс аяусыз басып-жанышталды. Әсіресе, Жетісу облысындағы қазақ пен қырғыз толқуы аскан қатығездікпен тоқтатылды. Соның кесірінен қарапайым халық Қытай асуға мәжбүр болды. Қос империя арасында қыспаққа алған ел-жұрт адам төзгісіз ауыр халге түсті. Азып-тозып, тонаушылыққа тап болған жетісулық босқындарды құтқаруға Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, И. Арабаев, К. Телтаев сынды қазақ пен қырғыздың оқыған, озық ойлы зиялылары алғашқылардың бірі болып ұмтылды. Олардың қатарында Ыбырайым Жайнаков та белсенді қызмет атқарды.

1917 жылы Ақпан революциясынан кейін елдегі әлеуметтік-саяси өзгерістерге белсене араласқан Ы. Жайнаков Жетісу облыстық Қазақ комитетінің төрағалығына сайланып, 1917 жылы 12-23 сәуірде өткен Жетісу облысы қазақтарының 1 съезіне төрағалық етеді. 1917-1919 жылдары Жетісу облысындағы ауыр қоғамдық-саяси және экономикалық жағдайда жергілікті халықтың мүддесі үшін аянбайтын қайраткер екендігін таныта білген Ы. Жайнаков басқарған Жетісу облыстық Қазақ комитеті, 1918 жылдан Алаш Кеңесі болып өзгерген басқарушы орган күллі қазақ жеріне белсенділігімен танылған ұлттық биліктің бұтағына айналды. Азамат соғысы жылдары Отыншы Әлжаков, Садық Аманжолов, Мырзахан Төлебаев, Жұмахан Құдерин, Біләл Сүлеев сынды Алаш зиялыларымен бірге большевиктерге қарсы күреске шыққан Ы. Жайнаковты 1918 жылдың 9-шы наурызында Жетісу Алаш кеңесінің мүшесі Сатылған Сабатаев, Алашорда орталық кеңесінің мүшесі Отыншы Әлжановпен бірге большевиктер камауға алып, тергеуге салады. Құтылған аман құтылғанымен елдегі қоғамдық-саяси жағдайдың күрт өзгеруіне байланысты Жетісудағы Алаш қозғалысының көрнекті өкілдерімен бірге Қытайға қоныс аударған Жайнаков большевиктерге қарсылық ұйымдастыру әрекеттерін қолдайды.

1930-шы жылдары аштық пен босқынышылыққа ұшырап, Қытайға өткен қазақтарға жәрдем беріп, шешек ауруына қарсы ету жұмыстарын ұйымдастырған Ы. Жайнаков Монгол-Күре ауданының басшысы қызметінде жүрген кезінде 1938 жылы 28 ақпанда тұтқындалып, Гоминдан үкіметінің түрмесіне жабылады. Баласы Омар Жайнақов әкесін 1941 жылы Үрімжі түрмесінен Семейге экеткенін Ғабди Сәлболатов деген кісіден естігенін айтады. Ыбырайым Жайнаковтың бұдан кейінгі тағдыры беймәлім, қайтыс болған жері де белгісіз. Күрделі заманда ғұмыр кешкен қайраткердің тағдыры осылай аяқталған еді.

Өкінішке қарай, Жетісу жұртының жанашыры болып, бар саналы ғұмырын ұлтқа қызмет етуге арнаған күрескер тұлғаның есімі ескерусіз қалып келеді. Алматы қаласынан, не Алматы облысынан оның есімі бірде-бір кешеге берілмеген. Тіпті, аты-жөні оқулықтарға да енгізілмеген. Соның кесірінен көпшілікті оны біле бермейтіні өкінішті.

Жетісудағы Алаш қозғалысының белсенді қайраткері Ыбырайым Жайнақовтың өмір жолы мен қызметінің белгісіз тұстарын ашу, оны қоғамға дұрыс таныстыру заман талабы. Ел мен жердің тұтастығы, ұлттың болашағы үшін алаңдап, ұлы мұратқа қызмет еткен оның өлшеусіз еңбегіне тарихи тұрғыдан лайықты баға берілуі тиіс.

Осы ойымызды Алматы қаласы мен Алматы облысының әкімдері Бақытжан Сағынтаев пен Амандық Баталов сияқты ел ағалары ескерсе екен дейміз!

Шамек ТЛЕУБАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының
XX ғасырдағы Қазақстан тарихы
бөлімінің меңгерушісі

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Биыл – Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы. Сонымен бірге, осы қазан айында ел болып атап өтетін екі мереке бар. Ол – Қарттар мен Мұғалімдер күні. Осынау қос мерекеге орай Кеген ауданы Алғабас орта мектебінде 1965-1971 жылдары ұстаздық қызмет атқарған, бүгінде сексенінші сеңгірінен асып, тоқсанға таяған кариялармызды құттықтағымыз келіп отыр. Бейнетінің зейнетін көріп отырған **Ұлдай ӘДІЛОВА, Райхан МАЛАЕВА, Бақтығұл БОТБАЕВА, Сайлаухан БАҒАШАРОВА, Күлпара БІЛӘЛОВА, Құлай ҰЯБАЕВА, Күлэш БЕЙСЕНБАЕВА, Құлжабай МАЛДЫБАЕВТАЙ** карт ұстаздарымызға мәнді де ұзақ ғұмыр, зор денсаулық тілейміз. Үрім-бұтақтары аман болып, көгеріп, көктей берсін, ұрпағымен мың жасасын дейміз. Әрің үйретіп, сауатымызды ашқан, талім-тәрбие беріп, адамдық жолын нұсқаған карт мұғалімдерімізге:

Адамдық жолын нұсқаған,
Жаны нұрлы ұстазым,
Даналық кілтін ұстаған,
Біз үшін өттің қыс-жазым.




Ғұмырдың ашып есігін,
Бақыттың жақтығын шырағын.
Сақтаған есте есімің,
Ұстазым, биік шынарым! –

деген жыр жолдарын арнаймыз.

ҚҰТТЫҚТАУШЫ:
Алғабас орта мектебінің 50 жыл бұрынғы түлектері атынан зейнеткер қарт – Жақан АХАЕВ.

Қазан айының басында аталып өтетін Қарттар мен Мұғалімдер күніне орай осындан елу жыл бұрын аядай білім ұясынан бірге түлеп ұшып, оздерінің жүрек қалауымен ұстаздық жолды таңдаған сыныптастарды құттықтағымыз келеді. Ұлағатты ұстаз атанып, қырық жылдай ұрпақ тәрбиесімен айналысқан сыныптастарым бүгінде бір-бір әулеттің өнегелі қариясы болып отыр. **Кенжехан ТОЙҒҰЛОВА, Айман НҰСІПОВА, Тұрсынбек ӘЛІМЖАНОВ, Мұрат САТҚҰЛОВ, Мәрия СОЛТАНБЕКОВА, Тұрсынбүбі НҰРСЕЙІТОВАДАЙ** қызығы мен шыжығы мол, жауапкершілігі үлкен ұстаздық жолды таңдаған сыныптастарды осынау қос мерекемен құттықтап, отбасы, бала-шаға аман болсын деген ізгі тілегімізді білдіреміз. «Ұстаз – ұлық емес, ол – ұлы қызмет» дегендей, сіздер жауапты да сауапты істің басы-қасында жүріп, ел болашағына ерен еңбек сіңіре білдіңіздер. Сіздерге әрдайым басымызды иіп, жүз жасаңыздар дейміз. Мына жыр шумақтарын сіздерге арнаймыз:



Ұстаздық жолға түстіңдер,
Ыбырай ата ізімен.
Білімді жастар көбейді,
Нұр төгіп жылы жүзінен.

Ақ қырау түсті самайға,
Жастық шақ өтті еңбекпен.
Ұрпаққа үлгі көрсетіп,
Бақытың болсын зейнеттен.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: сыныптас зейнеткерлер атынан – Жақан АХАЕВ пен Ақан МЫРЗАТАЕВ.

ФОРУМ

Тіл сарайында «Алматы облысының кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі жанындағы еңбек етуші әйелдер мәселелері жөніндегі форум өтті.

КӘСІПОДАҚ БЕЛСЕНДІЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

Алма ЕСЕНБАЙ

Шараны «Алматы облысының кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің төрағасы Әсет Қыдырманов ашып, форумның 10 қазанда атап өтілетін Кәсіподақтар күніне орай ұйымдастырылып отырғанына тоқталды.

Астана қаласынан келіп, форумға арнайы қатысқан Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, ақпарат және туризм қызметкерлерінің кәсіптік одағының төрайымы, Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы атқару комитетінің мүшесі Светлана Иманқұлова сөз алып, кәсіподақтардың қазіргі таңдағы міндеті сыйлық тарату емес, еңбеккерлердің құқығын қорғау екенін еске салды.

Бізде Еңбек кодексін әлі де көп адамдар білмейді. Оның маңызына мән бермейді. Еңбек кодексіне әлі де көп өзгерістер енгізуіміз керек. Осы мақсатта бірлесе еңбек етуге тиіспіз. Жалпы кәсіподақ мүшелері, олардың игіліктері үшін ұйықтамай, күн-түн демей жұмыс істеуіміз керек, – деді ол.

Келесі кезекте сөз алған «YNTYMAQ» орта және кіші бизнес жұмыскерлерінің қазақстандық салалық кәсіптік одағының Алматы облыстық филиалының төрайымы, «Алматы облысының кәсіподақтар орталығы» аумақтық кәсіподақтар бірлестігі жанындағы еңбек етуші әйелдер мәселелері жөніндегі комиссиясының төрайымы Самал Бакирова кәсіподақтардағы әйелдердің жалпы саны 54,9 пайызды құрайтынын, олардың басым көпшілігі, демек, 67 пайызы бастауыш кәсіподақ ұйымдарын басқаратынын, бүгінде елімізде зиянды және қауіпті өндірістерде жұмыс істейтін әйелдердің жалпы саны 30 пайызды құрайтынын жеткізді.

Шара барысында облыс әкімінің аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас инспекторы, облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Айжан Оралбекова да баяндама жасап, Жетісу өңіріндегі әйелдер белсенділігінің жоғары екенін айтып өтті. Мәселен, 107 нәзік жанды барлық деңгейдегі мәслихаттар депутаттары құрамында болса, 5 әйел әкім бар. Облыс әкімі әйелдерге үлкен қолдау танытып, кондитер, сүт өңдеу цехтарын, балабақша, тағы басқа да кәсіптер ашуларына мүмкіндік жасап отыр.

Жинында Қазақстандық Білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағы Алматы облыстық филиалының бас маманы, комиссия мүшесі Лайла Сағынғалиқыз

Jetisý

@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru



Бәртуар

✓ТҰЛҒА

Халқымызда «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деген сөз бар. Нұрмолда АЛДАБЕРГЕНОВ туралы аз айтылып, аз жазылған жоқ, әлі де айтылар сөз көп. Бұл кісі туралы ондаған кітап жазылып, спектакльдер қойылды. Кинолентаға түсіріліп, газет-журналдарға жарияланды. Замандастарының естеліктеріне айналып, хатқа басылды. Оның өзгеге жасаған ерекше жақсылығы, жомарттығы, алғырлығы, жанашырлығы ел ішінде аңыз боп айтылады.

1906 жылдың 20-шы желтоқсанында Кербұлақ ауданындағы шағын ғана Малайсары ауылында дүниеге келген Нұрмолда Алдабергеновтің балалық шағы ауыр жағдайда өтті. Жеті жасында жетім қалған ол әжесі Акапаның тәрбиесін көрген. Батырлар жыры мен ғашықтық жырларын, ертегі-қиссаларды әңгімелеп, ұлтымыздың мақтан тұтар ер-азаматтары туралы қызықтыра айтатын әжесі немересінің бойына небір қасиетті қасиеттерді сіңіріп, нұрлы сезімдерді құйып өсіреді. Содан болса керек, адал, ақ еңбеккор, ұлттық ар-намысқа берік Нұрмолданың жан-дүниесі таза қалыптасады. Елді аласапыран оқиғалар жайлаған сол бір қиын шақта жетімектің тағдырын ойлаған ешкім болмады. Бұғанасы қатпай еңбекке араласып, ауыр жұмыс істеген ол қара нанның бағасын сол кездің өзінде-ақ білді. Жер-ананың қадірін түсініп, еңбекпен ғана бақытқа кенелуге болатынын сезген оның осы бір қасиеті еңбеккорлығын ұштап, бүкіл өмірінің мазмұнын анықтады.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін, 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі аласапыранды көрген ол ел басына ауыртпалық болып түскен жылдардың жақсы жағымен қатар көлеңкелі, әділетсіздікке толы тұсы бар екенін ұғынды. Сол бір күрделі кезеңнен сырт қалмаған Нұрмолда Алдабергенов 1928 жылы баққан қойын тастап, күллі Қазақстан жұртшылығы атсалысқан Түркістан – Сібір теміржолының құрылысына кіреді. Сөйтіп, жұмысшы қатарында бекіп, мінез-құлқы шыңдалған ол 1930 жылы ағайындарының Шұбар ауылына жиналып жатқанын естіп, жақадан құрылған «Жаңаталап» ұжымшарына мүше болып кіреді. Алғашқыда бақтаушы, бригадир болып жұмыс істеген ол еңбексүйгіштігімен, білгірлігімен еңбекшілер арасында абыройға кенелген, аянбай төккен тері үшін құрметке бөленеді. 1936 жылы мамыр айында ұжымшар басшысы болып сайланған Нұрмолда қысқа мерзім ішінде шаруашылықты алдыңғы қатарға шығарып, кәсіпкерлігімен көзге түсті. Ол «Отан үшін отқа түс – күймейсің» деп қолына қару алып, көпұлтты КСРО-ны басқыншы жаудан қорғады. Сұм соғыстан ауыр жараланып, елге қайтқан Нұрмолда келе сала ауыр жұмысқа қайта кірісіп кетеді. Қайтадан басшылық жауапкершілікті мойнына алған ол соғыстан кейінгі жылдардың ауыртпалығын халықпен бірге көтере жүріп: «Ел-жұрттың алдында еңбек етуіне не керек?» деген сұрақтың жауабын жатса да, тұрса да ойлады. Ақырында күрделі сауалды шешудің кілтін де, жолын да тапты. Бірді екі, екіні үш жасай жүріп, тұрғындардың әлеуметтік-мәдени жағдайын көтеруге, рухани көңіл-күйін өсіруге баса көңіл бөлді. Ең алдымен халыққа керегі баспана екенін ұғынып, мұқтаждарға үй салдырып берді. Одан әрі су құбырын тарту, монша салу, электр жарығын жеткізу істері өріс алды. Сол мақсатты жүзеге асыру үшін қаражат көзін тапты. Жоғын іздеді, барын ұқсатты. Не істесе де халқы үшін істеді.

Осылайша ұжымшар өндірісі өркендеп, өрлей бастайды. Егіс көлемі артып, мал басы өсті. Құс фермасы ашылып, құрылыс қарқын алады. Ағаш дайындау үшін Сібірге адамдар жіберілді. Көп ұзамай олар дайындаған ағаштарын жібере бастайды. Ең алдымен ұжымшар басқармасының кеңсесі, мектеп үйі, балабақша, машина-трактор шеберханасы салынды. Шаруашылықтың бар техникасы, құрылыс материалдары МТШ-ға қойылды. Гараждың үлкен қақпасынан жұмысшылар рұқсат қағазымен ғана өткізілді. Осылайша ұжымшар мүлкіне иелік қалыптасты.

Құрылыс жұмысы саябырламай тұрғын үй мен қора-жай салу қанат жайды. Шопандар жер үйден стандартты баспанаға көшіп кірді. Мал қыстауына дүкен, малдың жемін сақтайтын қойма салынып, мая-мая шөп үйілді. Жұмыс істеуге жағдай жасалған соң ұжымшардың шаруасы өрлей түсті. Әсіресе, қант қызылшасының өнімі артты. Бұл дақылды өсіру шаруашылық дәңгейн Кеңес одағына асырды. Осылайша шаруашылықтың барлық саласы кіріс әкеле бастады. Нәтижесінде 1948 жылы алты адам «Социалистік Еңбек Ері» деген зор атаққа ие болады. Нұрмолда Алдабергеновтің өзі де «Алтын Жұлдыз» медалінің иегері атанып, белді бұрынғыдан да арта түсті.

Оның осындай іскерлігін, қайырымды қамқорлығын ел ұмытсын ба?! 1950-ші жылы «Жаңаталап», «Жаңалық» және «Қызыл ту» ұжымшарлары ірілендірілін, Сталин атты берілгенде халық басшылыққа Нұрмолда Алдабергеновті сайлайды.

Бұл жылдар жеңіл болған жоқ. Соған қарамастан өзін өндірістің ірі ұйымдастырушысы, ауылшаруашылығының білгір басшысы, тәрбиеші ретінде көрсеткен Нұрмолда Алдабергенов басқарған ұжымшардың дәңгей аудан, облыс, республикадан тысқары жерлерге жайылды. Күн өткен сайын жетістігі шарықтай берген шаруашылықтан Кеңес одағының жоғары атағына 19 адам не болды. Бұл еш жерде болмаған жетістік еді.

Жаңашылдығымен өмір көшінен қалмай, социалистік жарыстың алдыңғы сапында жүретін Нұрмолда Алдабергенов ұжымшар құрылысын одан әрі өркендету туралы Заңды өндеуге, машина-трактор стансыларын қайта құруға белсенділікпен қатысты. Қай жұмысты болмасын қолына алса, аяғына дейін жеткізетін қайраткер үшін ел сенімі алдыңғы орында тұратын.

Отанын жанындай сүйген Нұрмолда өмірінің соңғы күндеріне дейін интернационалист болды. Сонымен қатар, ұлттық сезімі – қасиетті ұстанымын ешуақытта жоғалтқан жоқ. Шет мемлекеттерге шыққан кезінде өз тәжірибесін үйретіп, олардың жұмысы істерін қабылдай білді. 1957 жылы Қанрде өткен Азия мен Африка елдерінің халықаралық шынтымақтастық конференциясына делегат болып сайлануы соның дәлелі. Арада он жыл өткен соң, 1967 жылы шетелдермен достық және мәдени қатынас жасаудың Бүкілодақтық конференциясына Қазақ достық қоғамының атынан делегат болып қатысты.

Жұмыста адамдық болмысты алдыңғы орынға қойған Нұрмолда Алдабергенов ұжым мүшелерінің күшіне сенді. Соның арқасында ең күрделі жағдайдың өзінен жол тауып шыға білді. Соған байланысты адамдар Нұрмолдаға сенім артып, сонынан ерді.

Шаруашылықтың орталығы Алдабергенов ауылында 20 Социалистік Еңбек Ері мен Кеңес Одағының Батыры Мәтай Байысовтың күрметіне «Батырлар аллеясы» тұрғызылған. Осы ауылдың 300-ден астам азат жұмысшысы орден-медальдармен марапатталса, 11 дикан мен малшы «Республиканың ауылшаруашылығына еңбегі сіңген қызметшісі» атағын алған. Бірнеше рет Бүкілодақтық, республикалық, облыстық жарыста жеңімпаз атанған ұжымшар жоғары көрсеткіштері үшін бірнеше рет КСРО Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің Алтын медальдарын, 115 мәрте Құрмет грамотасын еншіледі. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1965 жылғы 25 мамырдағы Жарлығы бойынша ауылшаруашылық өндірісін дамытудағы табысы үшін ұжымшар Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

Жас кезінде көрген қуғын-сүргінінің кесірінен болар, 1967 жылы аз уақыт ауырған Нұрмолда Алдабергенов қараша айында дүниеден өтті. Екі рет Ленин орденін, бес медаль және Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің Үлкен және Кіші алтын медальдарымен наградталған қайраткер Нұрмолда 1940 жылдан КПСС мүшесі, Орталық комитеттердің мүшесі міндеттерін мұлтіксіз атқарды. 1955 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған ол облыстық кеңестің депутаты ретінде КПСС-тің XX съезіне делегат болды.

Қоғам және мемлекет қайраткері Нұрмолда Алдабергеновтің жеке мұрағаттық құжаттары, өмірбаяны туралы материалдар, жазған мақалалары, суреттері, кескіні салынған плакаттары Талдықорған мемлекеттік мұрағатында сақтаулы тұр.

Гүлнар ШӘРІПОВА,
Талдықорған мемлекеттік архивінің қадр және қаржы-шаруашылық қызметі бөлімінің басшысы

✓АЛАШ АТЫМТАЙЛАРЫ



Гүлжан ТҰРСЫН

Қазақта мынды айдаған бай-бағландар көп болған. Кеңес өкіметінің саясаты соның бәрін байлықты тек ішіп-жеу үшін жинаған тоғышар өтіп көрсетті. Бірақ текті ұлттың ұрпағы жеке бастың пайдасынан қашанда ұлт мүддесін жоғары қойған. Бағымызға қарай Тәуелсіздік алып, тарихты қайта сараптадық. Өткенімізге жүрек көзімен үңілдік. Шын болмысымызды іздедік. Сөйтсек, мыңғырған мал жинағандар қарының қамынан гөрі ұрпағының білімді, көзі ашық және бодандықтан ада болуына барын бөліп берілті.

МЕКТЕП АШЫП, МЕШІТ САЛҒАН



Әлеуметтік желіде Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған Алаш қайраткерлерінің ұлттық мүдделерді ұлықтаған ұлағатты ісін жалғастырып, ұлттық ұстанымдарын ұстаған, ұлтқа қызмет еткен ұлт перзенттерінің есімдерін ұлықтаған «Алаш атымтайлары» айдарымен жазылатын мақала жайлы үдеуі барысында Жаңабай биді ұрпағы Ербол Әбдірешовпен сөйлесудің сәті түсті. Ол атасы Жаңабайдың қазақтың ұлылары Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсариді іздеп барып, бала оқыту мәселесін ақылдасқанын айтты. Қазақ балаларын орыс, араб тілдерінде оқытуға күш салғанын нақты деректермен айтып берді.

Ербол Сәулеұлы ата-бабасы жайлы: «Әжібек бабамыз 1885 жылы қажылыққа барып келіп, 1886 жылы мешіт салу туралы ойын көпке білдірген. Сол кезде Жаңабайдың үйіне қыдырып келіп, мектеп пен үйдің құрылыс жоспарын жасап жаткан қытай сәулетшісі Хон Пиккe Жаркент мешітінің архитектуралық жоспарын жасатады. Уәлиһай Ахунов мешіттің рұқсат қағаздарын дайындайды. Құрылыс жұмысы үшін Қалжат жақтан шыршалар дайындалған. Ағашты Темірбек, Саламат, Мейірмандар жинап, Уәлибайдың паромына тиеп жіберіп отырған. Жерді тегістеумен Мұқа болыстың адамдары айналысқан. Мешіттің құрылысына Жаңабайдың досы Саламат Акрамұлы араласып, Самарқаннан шеберлер жалдап, алып келген. Көптің тілеуі және атсалысуымен 1892 жылы мешіт салынып, қытай сәулетшісі Хон Пик мол олжамен елінe қайтқан.

Жаңабай Батыс Сібір генерал-губернаторына барып жүріп рұқсат алып, 1897 жылы 47 бөлмелі қазақ-орыс мектебін ашқан. Ол 1913 жылы Романовтардың 300 жылдық тойына Уәлибай Ахуновпен бірге барып, сол жерде Әлихан Бөкейхановпен танысады. Алашордашылармен араласу барысында саяси көзқарасы қалыптасады. Ел мүддесіне бұрынғыдан да алаңдап, «Айқын», «Қазақ» газеттерін үзбей алып оқып, пікірін пісіре түседі. Кейіннен ұлт -азаттық көтерілісіне дайындалып, інісі Темірбек Құдайбергенұлы мен үлкен ұлы Саламаты қару-жарақ жөнелуге Қытайға жібереді. Бірақ, көтеріліс жеңілгесін аяқталып, өзі істі болады. Ақыры орыс жендетерінің қолынан қаза табады. Салғаң мектебін кейінен Кеңес өкіметінің кеңесіне айналдырады. Бертінде, яғни, 1990 жылдары тарихи жәдігерді жергілікті басшылар түк қалдырмай талқандап, құлатып тастады» деп солақай саясаттың салдарын өкінішпен еске алды. Бірақ Алаш атымтайларының ұлт үшін жасаған жақсылығы, игілікті ісі ұмытылмақ емес. Оны оқылайша жазып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, қағаз бетінде қалдырып, ұлықтап отырамыз дегім келеді.

Бүгінде Шонжыдағы қазақ орта мектебіне және сол жердегі бір көшеге Жаңабай ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫНЫҢ есімі беріліп, ескерткіш орнатылған. Қарқарада «Ереуілтөбе» деген қасиетті төбеде ұлт-азаттық көтерілісінің бір топ басшысына ескерткіш орнатылған. Сол ескерткішке Жаңабай Құдайбергенов есімі алтын әріппен ойылып жазылған. Алаштың атымтайы халқына адал қызмет еткені ел есінде мәңгі сақталатынының дәлеліндей санада жаңғырады. Қиын-қыстау кезде қаранғы қазақтың көгіне өрмелеп шығып күн болған үлкен жүректілігі мен елжандылығына тәнті боласың.

✓ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Жүз жыл бұрынғы ұлмат ешкімнің жадынан өше қойған жоқ. Ол алтының ойраны аяқталып, Кеңес билігі енді қанат жая бастаған кез. Бірақ атакәсібіне, көшпелі тұрмыс салтына иықсап келген қазақ отбасылары шаруашылықтарын жүргізе алмай, жаңа жүйенің талабын орындауда қиындыққа тап болды. Ол аздай төскейдегі малға азық табылмай Алтайдан Атырауға дейінгі аймақты қуаңшылық жайлады. Ел ішіне ауру тарап, аласапыран дәуір орнады. Бұл қиындық Талдықорған өңірін, оның ішінде аядай «Көксу» кеншарын да айналып өтпеді. Осы бір аумалы-төкпелі заманда Аманбай шаңырағында бар ауыртпалықты кейінге қалдырып, бұлт астынан шыққан жарық күндей жарқырап, іңгалаған сәби үні естілді. Қыс қаһарына енді мінген 1921 жылдың 12 желтоқсаны еді бұл. Өмірге елін, жерін қорғайтын ер-азамат келді, айналасына нұрын шашып жүрсін деп қуанған ата-ана, туған-туыс, көрші-қолаң жиылып, балаға Нұртай есімін қойды.



Қуаныш ТҰНҒАТАР

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН

Ел тілегі текке кеткен жоқ. Нұртай Мұқыры ауылындағы мектепті жақсы бағаға бітіріп, еш ойланбастан әскери қызметті таңдады. Бала кезінен әскери саланы, тарихты көбірек білуге ұмтылатын. Мұнысы бекер болмады. Қоңыр күзде әскерге шақырту келгенде Нұртайдың бойын мақтаныш сезімі кернеген. Отан қорғау, ел тыныштығы үшін күзетте тұру, қару асынып жүру, әскери формамен шеруге қатысу секілді бала кезден қалыптасқан аскақ арманы енді іс жүзінде орындалады. Жас жігіт алғашқы әскери антқабылдаған сәтін ұмытпайды. 1941 жылдың 23 ақпанында, Кеңес әскерінің құрылған күнінде Отанын қасық қаны қалғанша қорғаймын деп ант берген кезі кейін өмір бойына жадында жатталып қалды.

Адам алдында қандай сын сағаттары күтіп тұрғанын білмейді. Жиырмаға да толмаған қазақтың қайсар ұлы ант қабылдағаннан кейін үш ай өткенде сұрапыл соғыстың басталғанын естиді. Қызыл армия қатарындағы әскери қызмет енді кезекте Пенза миномет артиллериясындағы училищеде жалғасады. Қатардағы жауынгер курсант атанып, әскери оқу орнын үздік аяқтаған соң көппен бірге қан майданға аттанады. Кәсіби білім жинақтап барған қазақ жауынгері барған жерден взвод командирі болып тағайындалады. Бұл, әрине, кеше ғана ауылда жүрген бозбалаға, тәжірибесі жеткіншен толысқан, білімі де, біліктілігі де шыңдалған сақа сарбазға жауапты жұмыс болғаны айтпаса да түсінікті. Нұртай Батыс майданға кіргенде соғыс қызып жатқан шақ еді. Кеңес әскерінің 1941 жылғы жаппай шегінісі тоқтап, нәтижелі шабуылдар үдеген тұс. Бірақ неміс басқыншылары да аянып қалмады. Қарулы күштерін үсті-үстіне төгіп, Мәскеу түбіне дейінгі аймақты қайта басып алуға жанталасып жатты. Нұртай соғыс кезінде өзі сияқты қарақөз қазақ жігіттерінің өшпейтін, мұқалмайтын қайсар рухына тәнті болды. Қандастарына қарап өзінің де бойына күш бітті. «Отанды сүю – иманнан» деген қазақтың мәтелін қариялардың аузынан көп еститін. Сол даналық барша жауынгерлерді алға жетеледі. Нұртай ту сыртында туған елі тұрғаның, егер осы шайқаста бір адым кері шегінсе, Көксудай, Мұқырдай кіпелі жерінде жауды жақындатпының жақсы түсінді. Сол себепті де өліспей беріспеуге іштей серт берді. Бұл серт соғыстың алдынғы шебінде жүрген Нұртай сияқты миллиондаған Кеңес әскерінің ішінде болды. Өзінің асқан жауапкершілігімен, ұйымдастырушылық кабілетімен көзге түскен Нұртай көп ұзамай батарея командирі шеңінде соғысты ары қарай жалғастырады. Оның ұтымды әскери әдістері нәтижелі аяқталып отырды. Жылдамдық, ұшқырлық, ұрыс кезінде тиімді іс-қимылдарды қолдана білгені үшін басшылық тарапынан көзге түсіп, шені көтеріледі. Соғыс аяқталар тұста бригада командирінің адъютанты болып қызмет атқарады. Ал 1946-1947 жылдар аралығында әскери нұсқаушы лауазымында тағы көптеген игі істердің жүзеге асуына ықпал етеді.

Нұртай Аманбайұлы сұм соғыстан қаймықпады. Бойын кернеген отаншылдық рух ерен ерліктерге жетеледі. Екінші дүниежүзілік соғысты тоқтату, тезірек жеңіске жету мүмкіндігі негізінен Кеңес әскерінің қолында тұрды. Фашистік Германия да сарбаздарының 70 пайызын Кеңес одағына қарсы ашқан Шығыс майданға жұмылдырды.

Әрине, жеңіс оңай жолмен келген жоқ. Командир Нұртай канды шайқастардың талайына куә болды. Адам шығыны да аз емес еді. Қазақтың «Батыр – бір оқтық, мал – бір жұттық» деген мақалын кескілескен ұрыс кезінде ұғынды. Жүрегі елім, жерім деп соққан небір ерлер қаңғыған бір оқтың кесірінен баудай түсіп жатты. Нұртай туғаннан бақытты балалық шақтың қызығына көп кенелe қойған жоқ. Ашаршылық, жұт, малмүлікті тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, сталиндік репрессия жылдары бала санасында кино лентасындай бірінен кейін бірі қаттала берген еді. Бала жасынан ауыр еңбекке араласып, қиындықтарға темірдей төзіп, болаттай шыңдалып өскен кейіпкеріміз кейін майдан даласында да жасықтық танытпай, үнемі от пен оқтың ортасында жүрді. Жауынгерлік тапсырмаларды жылдам әрі сапалы орындап, ұрпаққа үлгі болар ерліктер жасады. Қайсар жігіт қаймығудың не екенін білмеді.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Нұртай Аманбаев Қызыл Жұлдыз орденін үш мәрте кеудесіне жарқырата тақты. Отан соғысы орденімен наградталды. «Ерлігі үшін», «Кенигсбергті азат еткені үшін», «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медальдарын алды. Нұртай Аманбайұлы балалық шағында, әскери қызметте, соғыс жылдарында көрген қиындықтарын кейінгі жас ұрпаққа ашылып айта бермейтін. Ерлікке үндеу, отаншылдық сезімді қалыптастыру мақсатында өнегелі, ғибратты тұстарынан ғана әңгіме шертіп, қанды шайқастарды қаз-қалпында баяндаудан қашқақтайтын. «Кейінгі жас ұрпақ соғыссыз өмір сүрсін, біз көрген ауыртпалықты білмей-ақ қойсын, жамандық шақырып, айта бермейік», – деп отыратын.

Жеңіс! Осы бір ауыз сөзді есті алмай Нұртайдың қаншама карулас достары арманда кетті десеңізші?! Осы бір ауыз сөздің куәсі болған Нұртай жаудың күйрегенін көргенде ең алдымен Жеңіс күніне жете алмаған бауырластарын еске түсірді. Амал нешік, сұм соғыс ешкімді аяған жоқ. Алпыс миллионнан аса адамның өмірін жалмаған Екінші дүниежүзілік соғыс әлем тарихындағы ең кәсіретті кезең ретінде ел есінде мәңгі қалды. «Ел үшін аянба, ерлігіне сын. Жұрт үшін аянба, жігіттігіне сын», – деп өзімен бір майданда шайқаскан Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, бұл соғыста небір ерлер сыналды. Нұртай Аманбаев ел үшін, жер үшін ерен ерлік жасаған жаужүректердің алдынғы қатарында болды.

Нұртай соғыс аяқталғаннан кейін де әскери қызметінен алыстаған жоқ. Кеңес Қарулы Күштері қатарында әскери қызметін абыроймен жалғастырды. 1947 жылдың қыркүйегінен бастап ауылдық, аудандық деңгейдегі әскери комиссариаттарда абыройлы еңбек етті. Қарулы Күштер қызметінде жүріп Қазақ мемлекеттік университетінен тарихшы мамандығын меңгеріп шығады. Бұл оның отаншылдық сезімін бұрынғыдан да күшейте түсті. Өйткені, алем тарихынан бұрын қазақ елінің өткен өмір шежіресі де өнегеге толы еді. Бабалар ерлігімен танысып, қазақтың терең де тағылымды тарихына үңілді. Осынау ұлан-ғайыр жерді мекен еткен қазақ халқының құнды әдігерлеріне қанықты.

1968 жылдың 19 наурызы Нұртай Аманбайұлы үшін ерекше күн еді. Ол өзінің туған өлкесі – Талдықорған облысы бойынша әскери комиссариаттың жетекшілігіне тағайындалады. Ал бір жыл өткеннен кейін оған полковник шені беріледі. Бар саналы ғұмырын әскери салаға арнаған соғыс ардагері осы қызметті 1978 жылдың маусымына дейін абыроймен атқарады. Кейіннен Қорғаныс министрлігінің бұйрығымен толыска (запаска) шығарылады.

Бақытты кілті адал еңбекте деп білетін майдангер Отан қорғап, қан кешкенін ешқашан міндетсінген емес. Көпшілікпен бірге абыройлы қызметтер атқарып, ел дамуына елеулі үлес қосты. Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуде сінірген еңбегі зор. Әскери қызметтен босатылғаннан кейін де Нұртай Аманбайұлы облыстың әскерлік инспекциясында төрт жыл еңбек етті.

Иә, ол әскери салада жүріп отбасылық өмірді де ұмытқан жоқ. Құлай қосқан қосағы Камарзия Жақыпбекқызы екеуі Нұрсейіт, Райхан, Гүлхан, Нұрлыхан есімді төрт бала өмірге әкеліп, оларды қатарынан қалдырмай, бағып-қағып, мәпелеп өсірді. Әке ретінде оларға тәрбие беріп, өмірде өз орындарын табуына ықпал етті. Балалары әкесінен әскери тәртіптің қандай болатынын ұғынып өсті. Отанға қызмет етудің қаншалықты ауыр да жауапкершілігі зор міндет екенін білді. Ата-анасын жерге қаратпайтын, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, иіліп тұратын балалары бүгінде өздері ұрпақ сүйіп, шетінен өсіп-өнген әулеттің бір-бір тірегі болып отыр.

Нұртай Аманбайұлы 61 жасқа караған шағында ұзақ уақытқа жалғасқан дертінен көз жұмды. Отан үшін туған ер соңына ұрпаққа ұран болар ерлігін, өнегелі істерін, отбасын, бала-шағасын қалдырып кете барды. Биыл 12 желтоқсанда Нұртай Аманбаевтың туғанына 100 жыл толады. Майдангер кіндігінен тараған ұрпақтары талтүсінде өмірден өтіп кеткен әулеттің алып бәйтерегін сағына еске алады. Қырық жылға жуық уақытын әскерге арнаған ардагердің әлі де берері, айтар әңгімесі көп еді. Өмір, шіркін, тым ыстық! Тірі болса, жүзге жетіп, немере-шөберелерінің ортасында күліп-ойнап, балалардың бал қылықтарына шат-шадыман болып отырар ма еді, кім білсін?! Қалай десек те жазмышқан озар шара жоқ.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жастарына да Нұртайдай ақсақалдардың ақыл-кеңесі қажет-ақ. Қай дәуірде де патриотизм күшті болмаса мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келетіні анық. Әскери салада табанды еңбек еткен, соғыс кезінде ерліктер жасап, жау шабуылын сан мәрте тойтарған Нұртай Аманбаевтың өмір жолы жастар арасында, қазіргі сарбаздар ортасында кеңінен насихаттала беруі тиіс.

«Ер ел үшін туады, ел үшін өледі» дейді халық мәтелі. Нұртай Аманбаев өзінің өмір даңғылында бұл даналықтан ауытқыған жоқ. Қарапайым ауылда туып, орта мектебін енді аяқтаған ер сын сағатта ел перзенті екенін дәлелдеді. Талдықорған түбіндегі аядай ауылдан түлеп ұшқан жас бүкіл Еуропаны уысында ұстаған, мұздай қаруланған неміс басқыншыларына қасқая қарсы тұрып, қайсар мінезімен жау бетін қайтарды. Біз бүгінгі бейбіт өмір үшін Нұртайдай есіл ерлерге мәңгі қарыздармыз.

✓ТАНЫМ

«МАМАНИЯ» МЕКТЕБІ ХАЛЫҚ ЖАДЫНДА

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 3 мамырда «Айқын» газетінде жарияланған мақаласындағы «Алғашқы қазақ ағартушылық мектептерінің бірі Ақсу жерінде ашылған «Мамания» медресесі ұлт руханиятына айрықша үлес қосты. Бұл – қазақ тарихындағы білімге салынған инвестицияның бастау көзі болатын» деген пікірі «Мамания» мектебінің негізін қалаушы Мамаңұлы Тұрысбек қажының есімі Қазақстан тарихында лайықты орын алып, халқымыз және болашақ ұрпаққа қалтқысыз қызмет етудің жарқын үлгісі болатынына үлкен үміт артты.



«Мамания» мектебі туралы алғашқы мәлімет Қазақ ұлттық энциклопедиясында жазылды (7-том, 1975ж.). Мамаңұлы Тұрысбек 1844 жылы Жетісу өңіріндегі Баянжүрек-Ақтасты қыстауында дүниеге келген. Атақты Қыдырәлі руынан тарайды. Әкесі Маман Қалқабайұлы мал шаруашылығын кәсіпке айналдырған шақтты би болған. Тұрысбек Маман бидің балаларының үлкені болғандықтан жастайынан әкесіне көмектесе жүріп еңбекке ерте араласты. Ол Қапал қаласында «Якубия» төрт жылдық мектебінде оқыған. Оған орыс, татар, өзбек тілдерін жетік меңгергендігі көп пайдасын тигізді. Тілді білуі мен сауаттылығы сол жердегі орыс офицерлері және ірі бай саудагерлермен еркін сөйлесіп, тығыз араласуына үлкен септігін тигізді.

Ол көптеген елдерде болып, іскер адамдармен араласқан, соның нәтижесінде үлкен рухани және материалдық байлыққа қол жеткізді. Тұрысбек сол дәуірдің көшпі-қонып жүрген бай-феодалы емес, малының санын көбейтіп, кәсіпкерлікті шебер меңгерген, өз дәуірінің ең жаңашыл ірі буржуазия өкілдерінің бірі еді. Әйтеке биден «Батыр болсаң жауына найзаң тисін, бай болсаң халқына пайдаң тисін» деген, ол халқына тек байлығымен ғана емес, ақыл-парасатымен, жомарттығымен сыйлы болған. Өйткені ол өзінің табысының басым бөлігін халқының қажеттілігі мен ел игілігіне тиімді жұмсай білді. Жас ұрпақтың жарқын болашағына арнап «Мамания» мектебін салғызды.

«Мамания» мектебі 1899 жылы Қарағаш ауылында алдымен үшжылдық болып ашылып, кейін алтыжылдық білім беруге ауыстырылды. Мектеп мұғалімдерін Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, Орынбор және Ыстамбұлдан арнайы шақыртып отырған.

Білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы ғана өлкесінің өркендеп дамитынын және жарқын болашаққа жол ашылатынын білген Тұрысбек қажы дінге, тілге, ұлтына қарамастан барлық жасөспірімді оқу-білімге тартты. Бүкіл ауыл балаларын қажетті оқу құралымен тегін қамтамасыз ете отырып, бай не кедей деп бөлместен жаңаша мектебінде оқытты.

Тұрысбек қажы мектепті толықтай өз қаражатымен жабдықтады. Ағап айтқанда, оқу құралдарын алғызды, оқушыларға арналған 60 орынды жатақхана салғызды, кітапхана қорын қажетті кітаптармен толықтырып, үнемі байытып отырды. Сонымен қатар мектеп жанында мұғалімдерге арналған пансионаты, білім ошағының иелігінде егістік және жайылымдық жерлері болды. Осылайша, оқушыларды бос уақытында кәсіпке баулып, еңбекке деген сүйіспеншіліктерін оятып, ынтымақ пен бірлікке тәрбиеледі.

Мектеп түлектерінің арасында Қазақстанның дамуына елеулі үлес қосқан Мейірман Ермектасов, Жұмахан Күдерин, Бейсембай Күдеров, Әбубәкір Жошыбаев, Ғали Орманов, Ілияс Жансүгіров, Білал Сүлеев, Жұрымбек Сыдыков, Есмұрат Сейкімов, Еркінбек Макей және т.б. көптеген танымал тұлғалардың болғаны тарихи деректерден белгілі.

Тұрысбек қажы 1900 жылы Мұхамеджан Тынышбаевтың Санкт-Петербургтегі император I Александр атындағы Петербор теміржол транспорты институтына оқуға түсуіне қолдау көрсетіп, институтты бітіргенше шәкіртақымен қамтамасыз еткен. Тұрысбектің бұл ісінен елінің дамуы мен халқының игілігі үшін жұмыс істейтін білімді де мықты мамандардың көбеюі үшін талантты жастардың кәсіби білім алуына көмектесіп, оларды әркашан қолдап отырғанын көруге болады.

Кеңес үкіметі орнағанға дейін мектепте бір уақытта екі жүзден астам оқушы оқыды. Жиырма жыл бойы мектеп мұғалімдері мен жұмысшыларын, сондай-ақ, басқа да қажеттіліктерді Тұрысбек толығымен тұрақты түрде қаржыландырып отырды. Жетісу өлкесінің тарихында Тұрысбек тұңғыш рет еркін жалдамалы еңбек ету түрін енгізді. Соның нәтижесінде мектептің кешенді құрылуына мұғалімдер, құрылысшылар, емшілер, бағбандар, малшылар тартылды. Олардың барлығы еркін жалдамалы еңбек негізінде жұмыс істеді.

«Қарағаш» қалашығын салу үшін өте үлкен жер телімін сатып алып, айналасындағыларды отырықшылыққа бағыттады, құрылысты ауқымды материалдық және адами ресурстармен қамтамасыз ете білді.

Тұрысбек Қытай, Орта Азия және Ресеймен сауда қатынастарының бастауында тұрған ірі кәсіпкер, қазақ жерінде меценаттықтың негізін қалаушылардың бірегейі болған. Ол Жетісу өңірінде алғаш саудамен айналысып, бірінші гильдиялы ірі саудагер атағын алған. Сондықтан ол шетелдермен сауда қарым-қатынасын жүргізіп, су кемелеріне ие болған және оның «арнайы паспорт» иесі ретінде шетелдерде еркін жүріп-тұру құқығы болған. Ол өзінің көптеген сауда үйлерін Қазақстанның Талдықорған, Жаркент, Қаркаралы, Қызылжар, Семей қалаларында, Өзбекстанның Ташкент, Самарқан, Наманган қалаларында, Қытайдың Құлжа, Үрімші және Шәуешек, Ресейдің Иркутск, басқа да қалаларда ашты. Сондай-ақ, өз өлкесінің құрылыс жұмысымен үздіксіз, тұрақты түрде айналысты. Қарағаш ауылының құрылысы үнемі жалғасып, кейіннен қала типіндегі пунктке айналды.

Тұрысбек 18 жыл Қапал уезіндегі Арасан болыстығының басқарушысы болған. Ұлы Жібек жолының бір бөлігі Тұрысбек басқарған Жетісу өлкесі арқылы өтвендіктен Қазақстан тарихында алғаш болып келеңдік баждың базалық мөлшерлемесін енгізді.

1876 жылы маңызды әлеуметтік қызметтегі белсенділігі үшін Ресей императоры Николай II Тұрысбекті 3-дәрежелі Әулие Георгий орденімен марапаттады.

Тұрысбектің Мекке ге екі рет қажылыққа барып, кейін Қарағашта мешіт салғызғанын да атап өткен жөн. Тұрысбек қажы жан дүниесі таза, рухани бай, имандылықты басшылыққа алған адам болды. Еңбек жолын бастағаннан өмір бойы тұрақты түрде мұсылман жандарға қайырымдылық және демеушілік жасап отырды. Сонымен қатар, ол жаңа бетбұрыс пен өзін жан-жақты дамытып, іскерлігін шыңдауда ізденіске толған. Оның бойында жастайынан қалыптасқан парасаттылығы мен зияткерлігін, әділеттілігі мен адамгершілігін, қамқорлығы мен қайырымдылығын, кәсібилігі мен іскерлік қасиеттерін халқы жоғары бағалаған, ол игі істерімен елінің құрметті де беделді тұлғасы бола білді.

Тұрысбек қажының үлкен ұлы Құдайберген Маманов 1909 жылы әкесінің ісін жалғастырып, алтыжылдық «Мамания» медресесін сегізжылдық жалпы білім беретін мектепке айналдырды. Білім ошағының бірінші басқарушысы болып ғалым-ағартушы Ғабдулғазиз Мұсағалиев тағайындалды.

1918 жылы большевиктердің келуімен «Мамания» мектебі және оның барлық ғимараты мен үйлері түгелдей өртелді. Осылайша Мамаңұлы Тұрысбек қажының династиясы жаңа биліктің құрбаны болды.

Тұрысбек қажының Қазақстан ағартушылығына, елдің әлеуметтік жағдайы мен экономикасына, рухани дамуы мен мәдениетіне қосқан зор үлесінің дәлелі ретінде Ақсу ауылындағы «Мамания» мектебін айтуға толық негіз бар. Ел ауызында «Тағылымды істерімен танылғандарының аты тарихта қалды. Мәселен, өзі туып-өскен жер жаннаты Жетісудың Ақсу өңірінде билік құрған Маман-Тұрысбековтердің атақ-даңқы алты Алашқа жайылғаны әмбеге аян. Дарқан мінезді дала шонжарларының Қарағашта салдырған мектебі түн түнегін түре қуған таң шапағындай қараңғылық құрсаулаған қалың қауымның санасына жарық сәулесін түсірді. Білім көгіне ұмтылған ұл-қыздардың көкірек көзін ашты. Жыр дүлдүлі Ілияс Жансүгіров осы «Мамания» медресесінде оқыған. Марғаска Маман-Тұрысбековтардың ұлт руханиятын ұлықтап, тұңғыш қазақ романына бәйге жариялап, айды аспанға шығарғаны тағы бар. Бүгінде біздің жақтың үлкендері үміт күтерлік үмбеттеріне «Құйсаң толмайтын, төксең ортаймайтын Маман-Тұрысбектің бақ-дәулеті бастарына қонсын!» деп бата береді» деген деректер күні бүгінге дейін айтылуда.

Елбасы Н. Назарбаев: «Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, рухани болмысы, жаны, ақыл-ойы, парасаты. Өркениетті ұлт, ең алдымен, тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тұлғаларымен, әлемдік мәдениеттің алтын қорына қосқан үлкенді-кішілі үлесімен мақтанады. Сөйтіп, тек өзінің ұлттық төл мәдениеті арқылы ғана басқаға танылады», – деген болатын. Елбасының бұл пікірі «өткеніңді білмейінше, болашағыңды болжай алмайсың» дегендей, тарихи деректерді әлі де зерттеп, тарихи тұлғаларымызды ел есінде қалатындай әрекет жасауымыз керек дегенді білдіреді.

Жоғарыда аталған ақпараттарды негізге ала отырып Мамаңұлы Тұрысбектің есімі Қазақстан тарихында білімге қолдау көрсеткен, руханиятқа, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға зор үлес қосқан тарихи тұлға, қазақ даласында меценаттықтың негізін қалаушылардың бірегейі ретінде қалуы тиіс. Сондықтан тарих зерттеушілері арнайы ғылыми конференциялар өткізіп, семинарлар мен дәрістер сериясын әзірлеп, БАҚ-та қосымша мағлұматтар жариялап және оның мұрасын одан әрі зерттеп, насихаттау жұмыстарын жүргізсе, тарихи деректердің маңыздылығы зор болмақ. Сонымен қатар, оның есімін мектепке беріп, өмірі мен еңбек жолын оқу бағдарламаларына қосу да маңызды, өткен мен болашақты жалғастыру мақсатында Ақсу ауылында Мамаңұлы Тұрысбек қажы атындағы мұражай ашылуы тиіс. Осылайша «Мамания» мектебі және оның негізін қалаған Мамаңұлы Тұрысбектің есімі ел есінде сақталып, тарих бетінде жазылса, Қазақстан тарихына қосылған рухани құндылық болары анық.

Ерлік ТҰРЫСБЕКОВА

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ 16 ЖЕЛТОҚСАН

МҰЗДА ЖАНҒАН АЛАҮ

/Хикаяттан үзінді/

...Арай шай қамына кірісті. Алайда Жанар ас ішіп те, дәм татып та жарытпаған. Аласа бойлы, жұмсақ, қоңырқай пішінді, кішілеу қоңыр көзді, нәзік жұмсақ, ақжарма жан еді. Екі жылдық қалалық дәрігерлік оқуды бітіруін бітірсе де, әлі қызметке орналаса қоймаған. Жаңұяға перзент сыйлаймын деген қуанышты желеу етіп, содан жанына жұбаныш тауып, жүріп жатқан еді. Ендігі халі мынау...

– Жанар, не болды саған, қай жерің ауырып тұр, – деп ана жіксжапар болды.

– Ішім, – деді келіні, – ішім ауырып тұр. Және сол сырқат сәт сайын күшейіп бара ма деп қорқамын.

– Қалай, ішің түйнеп аура ма, жоқ, бұрап тұр ма?

– Баланың қозғалысы жиілеп кетті.

– Баланың қозғалысы, – деп ана шошып кетіп, Арайға қараған. – Құдай-ау не деп тұр, шынымменен бе, әлде жай әншейін алданыш па екен?

...Осы кезде Арай өзінің болашақ дәрігер екені есіне түсіп, іске құмылы кірісіп кетіп еді. Жас келінінің тамырын ұстады. Қолын жүтіртіп, жүрек қағысын тыңдады. Одан соң ауыр аяқты әйелдің ішіне құлағын тосып тың тыңдады.

– Апа, – деді содан соң барып, – апа, мен сізге бірдеме айтайын.

– Айта қой құлыным.

– Шынында да келініңіздің жағдайы нашар. Бала қозғалып қалыпты. Толғақтың қаупі сезіледі.

– Қойшы.

– Шын айтамын, келінінізді толғақ қысып тұр.

– Толғағы несі, жеті айға жаңадан ғана толды емес пе?

– Екінқабат әйелдің басында ондай жайттар жиі болады. Аттың жеті жеңе сегіз айлығында бала қозғала береді. Мүмкін, бір тосын жағдайлар болған шығар.

– Не болды, – деп ана келініне қарады, – не болғанын айт.

– Апа, – деді келіні ыңырси сөйлеп, – жолда автобус аударылды. Бір аялдамаға келгенде, алдымыздан топты адам шықты да автобусты аударып тастады.

– О, құдай өзің сақта, өзің сақта, – деген ана даусы қатты шығып кетті, – біз секілді ешкімге залалы жоқ пендені өзің сақтай гөр...

Апа, – деді Арай тездете сөйлеп, – енді іске кіріселік. Сіз келініңіздің қасында болыңыз. Мен перзенханамен хабарласайын.

Арай осыны айта салып, телефонның кармағына жармасып еді. Қанша хабарласса да перзенханадан еш жауап болмаған. Бірі салғырт тыңдайды, енді бірі қасақана үзіп тастайды. Келесі біреуі бүгін кімнің болмасын босануына рұқсат та, уақыт та жоқ, сол үшін хабарласпаңдар дегенді айтып, байланысты үзіп тастаған. Үйдегі телефоннан, көшедегі аспа телефоннан, керек десе пошта үйіндегі байланыс жәшігінен еш хабар болмағаннан кейін Арай тәуекел деп көшеге шығып еді. Тезінен такси ұстап, өз аудандарына тиесілі перзенханаға келген. Перзенхана маңы ығы-жығы адам. Біреуді-біреу біліп болар емес. Арай кезекші бөліміне келген.

– Саған не керек, – деді кезекші әйел шаңқ ете түсіп.

– Дәрігер ханым, үйде жас ана толғағы ұстап жатыр еді. Соған сіздің жәрдеміңіз керек.

– Қандай жәрдем?

– «Жедел жәрдем» машинасын жіберіңіз. Екінқабат әйелді осында әкелу керек.

– Тапқан екенсің ақылды, – деді әйел түкірігі шашырап, қылғына сөйлеп, – тапқан екенсіңдер босанатын уақытты. Осындай кезде де әйел босана ма екен? Ол әйелдің дені сау ма, әлде жын қақканба өзін.

– Сіз не деп тұрсыз, байқаңыз, егер шарананың жағдайы қиындап кетсе, осы сөзіңіз үшін жауап беретін боласыз.

Мына сөзді естігенде әйел қарқылдап күліп жіберіп, екі қолын жайып, тұрған орнында шыр айналды.

– Жауап дейсің бе, мен саған жауапты әлдекашан беріп болғам жоқ па? Айналада не болып жатқанынан хабардар шығарсың. Жедел машинаның бәрі үкімет алаңына кеткен. Кезекте тұрған ешбір машина жоқ. Ал машина керек болса, Үкімет алаңына бар. Бәлкім жолын болып қалар.

– Сен секілді адамдардан құдай сақтасын, – деді Арай дауыс көтеріп, – сендерден ешкімге де ешқашан жақсылық келмейді. Ал зұлматтарың жетіп артылады.

– Сандалма, – деді кезекші әйел, сөйтті де дәлізде келе жатқан үш-төрт құтқарушы сарбазға қарап, бұйыра сөйледі.

– Сарбаздар, – деді саңқ етіп, – карандаршы, мұнда тағы бір декабрист келіп тұр. Өзі алаңда да болған сұры бар, ықылы солай. Мұндайларды дереу ұстамасаңдар, жағдай шұғыл өзгеріп кетері сөзсіз. Олай болатынын бұлар сәтінде талай адамды шабуылға шақырып үлгіреді. Әкетіңдерші өзін, әбден миымды қатырып болды.

– Не дейді сонда?

– Келін босанғалы жатыпты.

– Бүгінбе?

– Иә, бүгін.

– Есі дұрыс па өздерінің, басқа күн таппағандай бүгін босанам дегені қай сасқаны.

– Мен де соған таңғалып отырмын.

– Бүгін ешкімнің де босануына болмайды, рұқсат жоқ, – деп сарбаздардың жақын тұрған біреуі айтарын кесіп айтты.

– Сендер не деп тантып тұрсыңдар, – деді Арай енді бұдан арыға шыдамай, – не деп оттап тұрсыңдар. Қай әйелдің қашан босанатынын сендердің қолдарында ма? Өңшең есуас, не сандалып тұрсыңдар.

– Кім есуас, – деді өзіне ең жақын тұрған бір құтқарушы сарбаз, – сен не деп кеттің өзі?

– Сендер есуас, – деді қыз тайсалмай, – сендер барып тұрған нақұрыссыңдар.

– Нақұрыс.

– Иә, нақұрыс, орысшасы идиот.

– Сендер неғып тұрсыңдар, – деп енді кезекші әйел сарбаздарға тиісе сөйелді, – айтпадым ба мен сендерге, ол барып тұрған ұлтшыл әрі бұзақы қыз. Ал жақсы онда, нақұрыс деген сөзді естіп, нақұрыс болып тұрсаңдар тұра беріңдер...

Мына сөзді естігенде қасында тұрған екеуі елең ете қалып еді. Өйткені, маңадан бері істің аужайын түсінбей, бұлардың не деп жатқанын да біле алмай ділгірлеп тұрған қазақ тілін білмейтін қар орыс пішінді екі сарбаз, енді мына сөздің мағынасын анық сезініп, аяқасты қағынып шыға келген.

– Нақұрыс деп бізді айтып тұр ма, – деген орыс тілінде, – ендеше сол сөзді естіп тұра бермекпіз бе? Көрсетейік бұған нақұрыстың кім екенін. Машинаға алып жүріңдер.

Сарбаздар бұл бұйрықты табанда орындауға кіріскен. Қызды бас салып ұстап, қолын қайырып, дедектетіп, сүйрей жөнелуге айналып еді. Қыз байқұс дәлізді бұрышына тіреп тіп, шар-шар етеді.

Осының бәрі бір москал жастағы әзербайжан әйелі көріп тұрды. Не айтқандарын естіген. Не күлерін білмей, не күйінерін білмей, екі ұдай күйде, қапа болып тұрған. Енді жазықсыз қызды тарпа бас салып, сүйрей жөнелуге айналғандарын көргенде шалт кеткен.

– Тоқтатыңдар, – деп зекіді құтқарушы сарбаздарға түсінікті болсын деп әдейі орыс тілінде сөйлеп, – доғарыңдар бұл бассыздықты. Сендер не деп сандалып тұрсыңдар? Қай кезде босанатын шағы жеткен әйел уақытқа қараушы еді. Өй, өңшең ақылынан адасқан ақымақ немелер. Ал мына қыздың не күнәсі бар, – деді өзіне жәутең-жәутең етіп, жалынышпен қарап тұрған қызға қарап, – біле білсеңдер ол қыз босанғалы жатқан әйелге жәрдем тілеп келіп отыр. Ол қызға жүкті әйелді осында алып келетін «Жедел жәрдем» машинасы керек. Осы ма сендердің оған жасаған жақсылықтарың. Ол – бір. Екіншіден, айтпайын десе де айтқызасыңдар, осы қазақтар, сендер неткен имансызсыңдар. Сендерде иман, ұят, намыс, ұлттық рух деген бар ма өзі. Әй, жоқ-ау, сондай асыл қасиеттер сендердің бойларында. Мен сендердің бойларыңнан жылт еткен бір ізгілік, адамдық, азаматтық ұшқынын көре алмай тұрмын. Сендерден өзге ешқандай ұлттың азаматтары өздерінің адамдарын, әсіресе, нәзік жанды үлбіреген жас қыздарына таяқ көтермейді. Еш уақытта соққыға жықпайды. Тіпті қол тигізбейді. Мәселен, әзербайжан жігіттері өлсе өлір кетер, алайда әзербайжан қыздарына қолының ұшын тигізбейді. Ал сендер...Ит екеш итте өз ұяласын жөнсіз таламайды. Қарға да қарғаның көзін шұқымайды. Сендер адамшылықты былай қойғанда, сол хайуан құрлы болмағандарың ба, әй, өңшең ез немелер. Босатыңдар қызды.

Қыз да осы сөзді күтіп тұрғандай еді. Өзін тапжылтпай, бүріп ұстап тұрған немелердің қолын сілкіп тастап, әзербайжан әйелінің қолтығына тығылды. – Қызым, – деді әйел Арайды аялай өзіне тартып, – сен ештеңеден де жасушы болма, сырыңды алдырма. Мен білемін, сендер өте жақсы жұртсыңдар. Сен түп-тура ер халықтың ұрпағысың. Сол жағын да толық сезінгенің жөн. Сендердің диндеріңді де, тілдеріңді де алалап, бұзып жатқан қарғыс аткан қоғам бар. Осы күнгі оспадарсыздықтың бәрінде ескіден келе жатқан ата салт емес, сол жанамалай қосылған қызыл қоғам кінәлі. Еңсеңді түсірме, әліптің артын күт, бәрі де орнына келеді, жақсы болады. Әйел осыны айтып, қызды қолынан ұстаған қалпы есікке беттеген. Құтқарушы сарбаздар да жайына кетіп үлгірген екен.

Еш іс тындыра алмаған Арай үйге жетуге асықты. «Енді не болар екен», – деп іштей күйінді, – енді бізді тағдырдың қандай сыйы күтіп тұр екен. Перзенханалардан көмек болар түрі жоқ. Жедел машина былай тұрсын, ең болмаса жөнді жауап та ала алмадық. Сонда қалай болғаны? Бәлкім толғағы тоқтап та қалар, бәлкім үйде босанатын да шығар... Құдай-ау, бұл құқайымызды айтар кім бар, кім бізге қол ұшын бермек? Иә, Жаратушы нем, өзің пана бола гөр. Сол түні Жанар мерзімінен бұрын үйде босанып, ұл тапты. Балпанақтай нәрестенің атын Әділет деп қойды.

Дәнеш АХМЕТҰЛЫ

ЗАМАНДАС

Адам туа сала батыр болмайды. Батырды уақыт тудырады. Дұрысын айтқанда, күнделікті өмірде көппен бірге қарапайым тірлік кешіп жүрген ерлер ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде шыбын жанын шүберекке түйіп, елі үшін кезсіз ерлік жасауға барады. Менің әріптесім, досым, қазақ дегенде шығарда жаны бөлек Болат АБАҒАН осындай батырлардың бірі һәм бірегейі.





НАМЫС НАЙЗАҒАЙЫ

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Бала кезінен қаламгер болуды армандаған Болат Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай ауданының Жетіарал деп аталатын шағын ауылында дүниеге келген. Ес білгелі газет-журнал мен кітаптың ортасында есейген ол халқымыздың ұлттық құндылығынан сусындап өскені анық. «Жетіарал, жерім-ай, сауықшыл елім-ай...» деген ән бар емес пе еді?! Бөкең сол сауықшыл елдің табиғи жалғасы.

...Әкесі Қабдеш пен анасы Әзіза ауылдағы мектепте қарапайым жұмысшы болып еңбек етсе де отбасындағы он шақты баланың тәрбиесіне аса мән бергені байқалады. Қолынан шаруаның бәрі келетін Қабекең үйдегі өзі жасаған сөрелерді аса қат кітаптармен толтырыпты. Ауылдағы қысы-жазы бір толастамайтын шаруадан қолы қалт еткенде балаларына бір-бір кітап ұстатып, ұрпағының ойлы да саналы болып қалыптасуына ұйытқы болған көрінеді. Соның әсері ме, бір шаңырақтан үш бірдей әдебиетші түлеп ұшыпты.

Болашақ балалықтан бастау алады. Мектепте жүргенде-ақ өлең жазуға талаптанған бала көңіл алғашқы сынан кейін қайтып қалып, қара сөзге қайырым бергені сондықтан. Осы арманының Болатты Алматыға жетелегейі ақиқат.

Ол кезде ауыл мектебін бітірген балалардың бірден жолы болуы екіталай еді-ау. Алғашқы талпынысы сәтсіз аяқталып, Кеңес әскері қатарындағы екі жылын Моңғол Халық Республикасында өткізеді. Болат азаматтық борышын өтеп оралғаннан кейін қалай да журналист мамандығын меңгеру мақсатымен Алматы үй құрылысы комбинатына жұмысқа орналасып, кешкі дайындық курсына оқуға түседі. Қабылдау емтиханын өте жақсы тапсырып, күндізгі оқу бөліміне түсу мүмкіндігі бола тұрса да Болат сырттай оқуды таңдайды. Себебі, озат құрылысшы ретінде басшылықтан жоғары баға алып жүрген жігіт бұл кезде шаңырақ құрып, сәбилі болып үлгерген болатын. Желтоқсан оқиғасын Болат осындай жағдайда қарсы алған.

– Біз ол кезде Алматы үй құрылысы комбинатының 4-ші құрылыс-монтаж басқармасының құрамында, қазіргі «Таугүл» мөлтек ауданында көпқабатты үйлерді түргызып жатқанбыз, – дейді Болат сол кездерді еске алып, – 16 желтоқсан күні жұрт айтып жүргендей ештеңе бола қойған жоқ. Ол күні біз Қонаев ақсақалдың орнына Геннадий Колбин дегенді әкелгенін естідік. Әрине, көңіліміз алай-түлей болғанын жасырып қайтеміз?! Тіпті, қазақстандықтарға белгілі, осында еңбек етіп жүрген өзге ұлттың өкілін қойса дәл мұндай болмас па еді?! Бізді Ресейдің бір облысындағы адамды әкеліп отырғызса салғаны ашындырды. Дегенмен, жұмыс ырғағы бұзылмаған болатын.

Он жетісі күні кешке жұмыстан кейін үйге қайтып бара жатқан кезде көшеге жинала бастаған жұртты көріп Болат автобустан түсіп қалады. Алаңға барғанында өзі танитын студент жастарға жолығып, қарсылық акциясына қатысушылардың қатарына қосылады. «Бір жағында наразы жастар, екінші жағында қарулы жасақ карама-қарсы тұрды, – дейді Бөкең сол күнді еске алып. – Қолдарында қалқандары мен арнайы сойылдары бар әскерлер әл бересін бе, әлсін-әлсін шабуылға шығып, шегінген тобырға ілесе алмай қалғандарды сабап, тепкілеп, сүйрей әкетіп жатты. Осыны көрген жастардың қаны қарайып, алаң маңындағы үйлердің мәрмәр тастарын сындырып алып, лақтыра бастағаны да осы кез».

Осылай алма-кезек шабуылдан тұрғанда су шашатын техниканы әкеліп, желтоқсанның шықылтыр аязында онсыз да қалтырап тұрған халықты суық сумен аткылап, қуалай бастаған. Үсті-басы малмандай су болған Болат сағат 10-нан кете үйіне қайтуға мәжбүр болады. Жары Бибігүл де алаңдағы жағдайдан құлағдар болып, алаңдап отыр екен. Пәтер иесі, соғыстың қиындығын басынан кешірген орыс Валя апайы келіп: «Болат, дастарқанымызда нан бар, сүт бар! Қайтесің көшеге шығып? Бірәрсеге ұрынып қаларсың, бекерге. Барма!», – деп ақылын айтып кетіпті. Көп жылдан бері ауласындағы пәтерде тұрып, туғандай болып кеткен қазақ баласын қиратқа қимаған Құрістон кейуанының.

Ертеңіне жұмыска барса бригададағы қазақ балаларының бірі де келмеген екен. Соны көріп Болат қайтадан алаңға бет алады. Бүддірген ештеңелері жоқ. Көппен бірге алаңда тұрған. Араларында әдейі жіберілген арандатушылардың болғаны рас дейді. Жұртты бүлік жасауға шақырып, айқайлап жүргендерге еріп, ұрандатқандар да кездескен. Сонымен бірге ерекше белсенділік танытқан жастарды: «Сені келіссөзге қатыссын деп шақырып жатыр!» – деп алып кетіп жатқанын да байқаған. Көпшілік жұрт сол кезде көтерілісшілердің ұранына айналған «Менің Қазақстаным» әнін шыркап, «Әр ұлтқа – өзінің көсемі!» тақылеттес ұран ұстаған күйі бейбіт тұрған.

– Алаңда милиция мектебінде оқып жатқан бір танысымды кездестіріп қалдым. Ол: «Болат, кеше түнде Пенза мен Свердлов қалаларынан арнайы әскери жасақ келіп түсті. Олар ешкімді аямайды, үйіне кайт!» – деді. Намыстың ақбозына мініп алған біздер оны тыңдай қоймадық! – дейді Бөкең.

Айтқандай-ақ, сәлден кейін терезелері торланған автобустардан саулап түскен әскер әй-шайға қарамай толқып тұрған топқа лап қойған. Қолдарында түгі жоқ жастар қандай қарсылық көрсете қойсын?! Төніп келген тегеурінді күшке шыдамаған жұртшылық жапатармағай кейін шегініп, соңғылары алдыңғыларына бөгет болып, бей-берекет жазалау басталып кетіпті. Көппен бірге қашуға әрекет жасаған Болатты жазалаушының сойылы «Океан» магазинінің алдында қуып жеткен. Басынан тиген соққыдан мұрттай ұшқан оны жанашыр бір қазақ жасақшысы орнынан тұрғызып, ұсталғандарды тиеп жатқан автобусқа мінгізіпті. «Мұндай катығездікті бұрын-соңды кездестірмеппін, – дейді ол сол бір қасіретті күндерді еске алып. – Басымнан аққан қан бетімді жуып, жасақтарға сүйеніп әрең келе жатсам да өткен-кеткеннің бәрі бір соғып кетеді. Ес-түссіз жатқан қыздарды етектерінің түріліп қалғанына қарамастан тас алаңда аяқтарынан сүйреп бара жатқанын көріп, дәрменсіз калудан аскан қорлық болмайды екен. Автобусқа кеспелтек ағаштай қалай болса солай тиелген жастардың жағдайы адам шошырлық. Денеден аққан қаны сырт киімне шығып кеткен. Бірінің басы жарылса, бірінің қолы сынған. Жапырылған мұрын, жұлынған құлақ та осы жерде. Тіршілік белгісін көрсетпейтіні де кездеседі».

Қыздар мен жігіттерді бөлек тиеген 4-5 автобус «Таулы қырат» жаққа көтерілгенде бір көліктегі жігіттер төбелес ашып, каша жөнеліпті. Оны көргеннен кейін Болат мінген автобустың ішіндегілер де қимылдай бастағанда есік көзінде тұрған сары түсті капитан, ұлты татар болуы керек: «Жігіттер, сәл шыдаңдар! Қазір сендерді жібереміз. Бірақ алаңға қайта келмеңдер!» – деп ұсталғандарды босатыпты.

Оқиғаның мұнымен бітпегені белгілі. Қоғамдық көлік бұларды «бүлікшілер!» деп алмайды. Басы жарылып, оңбай таяқ жеген Болат есі кіресілішығасылы көше кезіп біраз жүрген көрінеді. Оның үстіне сол тұста қолдарына арматура кесінділерін алып, «халық жасакшылары» дегендер де шықты емес пе?! Әбден талмаусырап, бір бағанаға сүйеніп тұрғанында жанына келіп тоқтаған «Волга» көлігінен қапсағай денелі жігіт түсіп, мекенжайын сұрағаны есінде. Солар үйіне жеткізіп тастапты. Қашаға сүйреп кіргізген мұны жары мен Валя апайы бөлмеге кіргізіп, ем-домын жасаған. Жырылған құлағына дәрі жағып, жеті жерден жарылған басын таңып берген де солар. «Жедел жәрдем» шақыру қауіпті.

Әбден ашынған, намысы қорланған Болат үшінші күні таңулы басымен тағы да көшеге шығып, топ ішінде жүрген. Бәлкі күйкен басы таңнан кейін ғана пәтеріне келіп, алған жарақатынан сырқаттанып жатып қалыпты. Алаңға шыққандарды жазалау мұнымен бітпегенін бәріміз жақсы білеміз.

– 28 желтоқсанда жігіттер үйге келіп: «Болат, саған жұмыска шыксын деп жатыр?!» дегеннен кейін жұмыска келдім, – дейді Бөкең. – Мені күтіп отыр екен. Бастығымыз – Ким деген кәріс, парторг – Шербаков, кәсіподақ төрағасы – Братчиков дегендер еді. Комсорг – Қанат деген Жамбылдың жігіті болатын. Дереу жиналыс ашып, мені талқыға салды. Мен катты ашынып алғанмын. «Ал, бардым, не істейсіңдер?!», – деп тұрып алдым. Бір ғажабы, жұмысшылар ұлтына қарамай мені қолдап шыққан еді. Алғында комсомол билетімді алып, үй кезегінен шегеріп, сыйақылардан қағып, жазалаған болды. Бәріне де төзуге тура келді.

Кейіннен Желтоқсаншыларды ақтау шаралары басталған кезде Болатқа алаңға барғандығын, жарақат алғанын дәлелдейтін құжаттар алып кел деген нұсқаулар берген екен. Алайда ол ондай әрекетке бармаған. Себебі, Болат алаңда біреу үшін немесе атақ-дәреже алу үшін жүрмегенін, ұлтының аяққа тапталған намысын қорғау үшін барғанына сенімді.

Иә, құрылыс мекемесінен аламын деген пәтерге қолы жетпей, шағын отбасылық жатақхана алған Болат тәуелсіздіктің арайлаған тұсында ежелгі арманына ақ жол ашып, 1994 жылдың қарашасында «Жетісу» газетіне қызметке орналасады. Бұл кезде кәбілет-қарымы толысқан, қаламы жүйрік жігіт ағасы кез келген тақырыпты жеріне жеткізе жазып, көтерген тақырыбы көптің көңілінен шығып, аз уақытта жалпақ жұртқа танылып үлгерген.

«Jetisý» газетінде үлкен өмір мектебінен өткен Болат бүгінге дейін табан аудармай жанпатты өлкедегі бас басылымда еңбек етіп келеді. Арасында жаңадан құрылған медиахолдинг басшысының орынбасары, «Jetisý» газеті редакторының орынбасары қызметтерін атқарғаны бар. Бүгіндері «Jetisý» мен «Огни Алатау» басылымдарын біріктіретін «Өлке тынысы» ЖШС директорының орынбасары. Республикалық «Айқын» газеті ашылғаннан бері Алматы облысындағы меншікті тілшісі болып келе жатқаны тағы бар. Ал, «Қазақстанның Құрметті журналисі», «Ақпарат саласының үздігі», «Қазақ журналистикасының қайраткері» атақтары Болаттың еңбегіне берілген әділ баға деп түсіну керек.

Бірге қызмет жасаған 20 жылға жуық уақыт ішінде Болат Абағанның бір адамның көңілін қалдырған, біреуге көмектесуден бас тартқан кезін көрмеппін. Кімге де болса, не шаруа болса да: «Жақсы! Айтсаң болды гой!», – деп жауап беріп, шамасы келгенше қолғабыс жасап жүретін әріптес әрі замандас досым тағдырдың барлық сынақтарына төтеп беріп, тәуелсіз еліміздің болашағына қарлығаштың қанатымен су сепкендей септігін тигізіп келеді. Сондықтан да бүгінгі заман батыры қандай десе, мен Болат Абағанды көрсеткен болар едім.

Jetisý

@Jetisugazeti
Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖЕЛТОҚСАНЫМ, ӨР НАМЫСЫМ, ЖАЛЫНЫМ,

ЖЕЛТОҚСАН – 35

Тәуелсіздігі БІЗДІ...

«Тоңдырды мені, тоңдырды сені, Желтоқсан желі – ызғарлы». Желтоқсанның сол күні талайдың өміріне сызат түсірді. Милиция мен алаңға шыққан жастар арасында қақтығыс болды. Сол уақытта «құқық қорғаушылардың» аяғының астында тепкіде қалған қызды көрдім. Бойжеткеннің жансыз бейнесі көз алдымда. Ол әдемі екен. Әппақ. Бірақ, тіршілік белгісі байқалмайды.

Ғалжан ТҰРСЫН

Осыны жазар шапқан күнде алғаш «Jetisý» газетінің журналистері де жүрді. Олар 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында намысты таптатпауға тырысты. Соның бірі газетіміздің қарымды қаламгері Шолпан Жүнісбайқызы. Шолпан – жарық жұлдыз еді. Мінез өткір. Тумысынан отаншыл, кайраткерлік ұстанымы әр жазбасынан байқалып тұратын. Бүгінде Шолпанымыз арамызда болмаса да оның ерлік ісін, біз, әріптестері, әрқашан еске алып тұрамыз. Оқиға болған жылы Жұмалдың перзенті КазПИ-дің үшінші курс студенті еді.

Ол 18 желтоқсанда курстастары Дәурен Әбдірахбаев, Әбіл Өтемұратов, Ғалымжан Жұмашев сынды бір топ студенттермен алаңға барады. Жиналған жұрт пленум шешіміне қарсы екендіктерін білдіріп, ел алдына қоғам қайраткерлері шығып, жағдайды түсіндіруін сұрайды. «Қазақты қазақ басқарсын!» деген ұран көтереді. Бірақ қазақты басып-жаншып отырған басқарушылар бұл жолы да уақытында бәрін тып-типыл етуді ойластырады. Арнайы жасақ жастарды ұрып-соғып, алаңда жүргендерді қашуға үлгертпейді. Фурманов көшесі жағынан лап қойған қарулы милиционерлерді мен әскерлер әй-шәй жоқ жинағандарды соққының астына алады. Шолпан басына тиген ауыр соққыдан шалқасынан құлайды. Бет-аузы көгеріп, кинталып кетеді. Сол кезді еске алғанда Шолпан: «Есім кіресілі-шығасылы. Бір бөлмеге алып келді. Ол жерде фотограф отыр екен. Бір таңданарлығы фотограф мені суретке түсірмеді. Себебі, менің суретке түсетіндей бет-әлпетім жоқ еді. Бет-аузым көгеріп, көзім жұмылып, киімім жыртылған. Суретке түсіргенің өзінде бұл суретті шығартпайтын еді. Неге десеңіз кеңес империясы жасаған қылмыс тайға таңба басқандай көрініп тұрған», – деп сол кездегі жағдайды саралап, ойын тоқшылайтын. Сол жерде милиция қатарындағы қазақтың ел-жанды азаматтары Шолпанға көмек қолын созып, ауруханадан қашып шығуына септігін тигізеді. «Қара тізімге» ілікпей Шолпанға оқудан шығуға тура келеді. Әйтпесе, елдің егемендігін аңсаған қыз-жігіттермен бірге оның да темір торға тоғытылуы мүмкін еді. Шолпан сол басына тиген соққының зардабын кейін де көп тартты. Ержүрек, елжанды, қайсар әріптесіміздің ерлік ісі ұмытылмайды. Әлі талай жазылады.

Облыстың кос басылымы «Jetisý» мен «Огни Алатау» газеттерінің басын қосқан «Өлке тынысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі басшысының орынбасары, қаламы жүйрік журналист Болат Абаған да Желтоқсан көтерілісінің қатысушысы. Ұлт мүддесі Бөкеңнің жанды жері. Қаламын жебір көргеннің намысын қорғау жолында қару етіп келе жатқан қаламгер ел басына сын түскенде топтың алдынан көрінді. Қаламгер сол күнгі жағдайды бүтіндей еске алады.

«Сағат таңертеңгі он жарымдар шамасы-ау деймін. Фурманов көшесінің жоғары жағынан ақ және сары жолақты, терезелерінің ші торланған он шақты «ПАЗ» автобусы келді. Көтерілісшілерді бұзып-жарып, алаңның ішіне қарай жүрді. Топ арасынан өткенше терезелерінің шынысынан түк қалған жоқ. Алаңға жетісімен сол автобустардан секіріп түскен, малақайының бауын тамағының астынан байлап, оның үстінен баса каска киген, қолдарында резеңке тоқпақтары мен сапер күректерін ұстаған сұп-сұр солдаттар қатарласып сапқа тұрды да, бір алапат дауыспен бізге қарайлап қойды. Екі арада тұрған милицияның өзі қайда қалғанын білмеді. Фурманов көшесінде ешкім өтпеді. Бір топпен екі араны бөліп тастады да, жанталаса қашқан бізлерді соққының астына алды. Жүздеген жан ешқайда бұлтара алмай қалдық. Мені сол жердегі «Океан» деген балық сататын үлкен дүкеннің алдындағы балаған шыршаларға жете бергенде мұрттай ұшырды. Жан дәрменмен бетімді бүркеп жата қалдым. Соққы жауып кетті. Есімнен адасқандай күй кештім. Бір кезде: «Аға, тұрыңыз, жата берсеңіз өлтіреді»,– деген дауысты естідім. Қарасам, милиция мектебінің курсанты екен. Өзі жылап тұр. Ауырын тұрғызып, алып жүрді. Кашуға шама жоқ. Орыс, қазағы, солдаты, милициясы, жасақшысы аралас жазалаушылардың жанымнан өтіп бара жатқаны бас-көз демей қолындағы сойылымен ұрып кетеді. Автобусқа жеткенше бірнеше рет құлатты. Басым жеті жерден жарылып, оң жақ құлақ шекем көгеріп, құдағымның сыртағылығы жырымдалып кетті. Құлап жатып, бір ай бұрын ауылдан тіктіріп алған суыр малақайымды ойлаймын. Үшып кетсе еңбектеп жүріп тауып аламын. Ақыры автобусқа әкелді. Ішіне енгізді. Қып-қызыл ала қан, жарылған бас, сынған қол, ісінген көз, жырылған қабақ... Сол кезде бірден бес автобусты ауыз-мұрнынан шығара толтырып, Фурманов көшесімен ала жөнелді. Екі автобуста қыздар болса, үшеуінде жігіттер. Қазіргі әл-Фараби даңғылына жетіп, оңға бұрылдық. Сол сәтте үшінші әлде төртінші автобустың есік-терезесін быт-шыт қылған жігіттер кашты. Бізбегі ашынғандар да айғайға басып, құтылуға шақырды. Автобустың алдыңғы және артқы есіктерінде екі-үштен тұрған милиция-лар да сасқалақтап қалды. Алдыңғы есіктегі түрі қазаққа келіңкіремейтін капитан: «Жігіттер, қызбалыбандар, қазір барлығыңды босатамыз. Бірақ алаңға қайта оралушы болмаңдар», – деді. Сөзінде тұрды, шамамен алғанда, қазіргі Байтұрсынов көшесімен қиылысатын тұста автобусты тоқтатып, барлығымызды түсірді. Бір жігіттің қалтасынан түсіп қалған студенттік билетін де қолына берді», – дейді ызғарлы күндерді еске алған Болат Абаған.

Жаралы топ бір-бірін сүйемелдеп, қалаға қарай жылжыған. Көшедегілердің барлығы бұларға қасқыр көргендей қарайды. Тәлтіректеп жүріп, Сәтпаев көшесіне жете бергенде Абай көшесі жақтан талаңшаларын тарсылдата, иттерін арсылдата қуып келе жатқандарды көрген Болат Абаған қайда тығылларын білмей жанталасады. Одан кейін тағы да тас-түнек орнаған. Есінен танған. Тағы да соққы жеген. «Бір есімді жисам, Мечников пен Құрманғазы көшесінің қиылысында баганға сүйеніп тұр екем. Бір такси зыр етіп келіп, қасыма тоқтай қалды. Енгезердей мұртты қазақ жігіті қолтығымнан демеп отырғызды да, қайда апару керегін сұрап білісімен ызғыта жөнелді. Ақша да сұраған жоқ. Мені қақпадан кіргізді де қайта кетті», – дейді Болат ағамыз ақтарылып.

Міне, Желтоқсанның ызғарлы күнгі естелігі 35 жыл өтсе де санада жаңғырады. Жан-жарасының сызы кетер емес. Жастар арманда ған тәуелсіздіктің таңы атты. «Jetisýdyń» кос тілшісі азаттықтың ақ таңын атырушылар қатарында. Тәуелсіздік тұғырлы болғай!



Өжет қыз

Тәуелсіз еліміздің рухани-мәдени дамуына, өркендеуіне тәудай үлесін қосып, қажыр-қайратын жұмылдырып жүрген жандардың бірі – Талғар аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Фарида Бегенбаева. Жүрегі жалын, рухы асқақ өнер жанашырының тәуелсіздік жылдарда атқарған еселі еңбегі мен тынымсыз ізденісін ел-жұрт жақсы біледі. Жұдырықтай жұмылған бірлігіміздің, мың түрлі тірлігіміздің тамырына нәр беріп, рухы биік елдігімізді айқындайтын мәдени іс-шаралардың мәйегіне, ұйытқысына айналып жүрген Фарида Мамырбекқызы Алматы мемлекеттік театр және көркемсурет өнер институтының театр факультетіне 1984 жылы түсіп, тамамдаған. Қазақ өнерінің жарық жұлдыздары Ыдырыс Ноғайбаев пен Фарида Шәріпова, Асқар Тоқпанов, Хадиша Бекеева сынды ұлтжанды ұстаздардан дәріс алған, еңбек жолын Талдықорған драма театрынан бастаған Фарида Бегенбаева 2000 жылдан бері Талғар ауданының мәдени дамуына өзіндік үлес қосып келеді.



Ұлбосын ИСАБЕК

Ақ қарға өр намыстың алауын жаққан Желтоқсан көтерілісі кезінде жалындаған жастармен қатар алаңға шығып, ұн қосқан студент жастың жүрегіне ұлттық рухтың дәні ерілін, отансүйгіштік, патриоттық сезімнің өшпес оты маздайды. Содан бергі уақытта ұлтымыздың ұлы мұралары – тіліміз бен мәдениетіміздің, әдебиетіміздің өркендеуіне өзіндік септігін тигізіп келеді.

– Желтоқсан кезіндегі жастардың жанарында от болды. Сол жылдары қазақ театрында еңбек ететін, келешекте ұлт өнерін өркендететін жастар орыс тілінде дәріс тыңдайтынбыз. Сонда оқытушыларымызға: «Неге біз орыс тілінде оқимыз, біз қазақ өнеріне үлес қосамыз ғой», – дейтін көкейкесті сауалдарды жиі қоятын едік. Біздің ұстаздардың рухы мықты болды. Мысалы, қылышынан қан тамған Кеңестік дәуірде Шона Смаханұлы, Сайлау Батыршаұлы деген мұғалімдеріміздің тегін өзгертпеуінің өзі ұлгі болатын. Сол кісілерден ұлтты сүюді, ұлтқа қызмет етуді үйрендік. Қазір жастарға көп сын айтылады. Ал оларды тәрбиелеп жатқан кім? Міне, мені ойландыратын да осы мәселе, – деген Желтоқсан көтерілісіне қатысқан Фарида Мамырбекқызы ата-баба қанымен келген Тәуелсіздігімізді қастерлеп, егемен ел азаматы ретінде адал еңбек етіп, қоғам дамуына сүбелі үлес қосу қажеттігін айтты.

Жер жаннаты Жетісудың тарихқа бай бір пұшпағы – Талғар ауданында тарихи-өлкетану мұзейінің болмауы естір құлаққа ерсі. Бұл дегеніміз, елдің, жердің тарихы сақталатын, дәріптелетін орының жоқтығын айқындайды. Мұзей салу қажеттігі қаншама жылдар бойы көтерілгенмен, түйіні әлі тарқатылмай келеді. Жүрек түкпіріндегі шын сөзін ақтарған мәдениет жанашыры Фарида Бегенбаева бұған дейін де халық игілігіне қызмет етер игі істердің ұйытқысы болғанын біледі. Соның бірі – Былтыр Бесағаш ауылынан Алаш арыстарына арнап сәулетті монументтің бой көтеруіне жан аямай атсалысуы. Биыл Желтоқсан құрбандарына тағзым ретінде белгітас қойылды. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай Талғардың кешегісін, бүгінін және ертеңін арқау еткен дерек-фильм-кітаптың жарыққа шығуы. Мұның барлығының жүзеге асуында мәдениет қызметкерлерінің қолтаңбасы бары анық.

Қай іске болсын бел шешіп кірісіп қана қоймай, озық ойы, ұлттық рухжігерімен азаматтық ұн қатып, жасындай жарқылдап жүретін Фарида Мамырбекқызының өткір де өршілдігі, талапшылдығы жас буынның талайының қабырғасының қатып, буынының бекуіне септігі тиюде. Сондықтан болар, өзі шыңдаған, қайраған жастардың ар деңгейдегі байқаулардан оза шауып, бас бәйгені қанжығалап жататыны және бар.

– «Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал арам боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты», – деген Алаш арысы Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» өлеңі бүгінде өзекті. Өйткені, өмір тоқтап тұрған жоқ, жаһандану дәуірінде экономика мен руханият тізгіні тең болу керек. «Менің елім, менің жерім» деген патриоттық сезімді құр айқай, жалаң ұранмен емес, нақты іспен көрсету қажет. «Ұлтқа қызмет ету – мінезден» деген сөзді Әлихан Бөкейханов бекер айтпаған. Мен Алаш арыстарының әр сөзін күнделікті ісіме ұран, бағыт-бағдар етіп жүремін. Өйткені, Алаш арыстарының «қазағым аман болсын, тәуелсіз ел болсын!» дегеннен өзге мақсат-мұраты болмаған, – деген Фарида Мамырбекқызы ұлтқа мінсіз қызмет етуді өзінің басты мақсаты етуде.

Талғар ауданы

ЖҮРЕК АУЫРТҚАН ЖЕЛТОҚСАН

Мәскеуде екі айлық оқуда болып, желтоқсанның 16 жұлдызы күні Алматыға ұшып келдім. Әуежайда жолыққан белгілі қоғам қайраткері, жазушы, журналист Уәлихан Қалижанның: «Бекен аға, естідіңіз бе, жастар Орталық алаңға жиналып, бірінші хатшы болып сайланған Колбиннің кандидатурасына наразылық білдіріп жатқан көрінеді. Қазақстаннан ешкімді таппағандай Ресейдің Ульяновск облысынан әкеліпті», – деп жақтырмай сөйлеп тұрғанын байқадым.

Уәлихан бірнеше күннен бері Орталық комсомол комитетіндегі барлық бөлімдерден өтіп, бюроның қаулысымен «Лениншіл жас» газетіне бас редактор болып бекілті. Қуанғанымнан құшақтап бетінен сүйіп: «Айналайын інім, Алла тағала өзіне мықты денсаулық берсін, жұмысың оңынан болсын. Бұл қызметіңнің шегі болмасын, бұдан да жоғары лауазымдарға жете бер», – деп батамды бердім. Ақ батамды Жаратқан оң көрді-ау деймін, Уәлихан інім бұдан кейінгі жылдары да ел сенімін ақтап, дәйім биіктерден көрініп жүрді.

Әуежайдан Бақытжан балам қарсы алды. Көше толы халық. Балам кісі аздау көшелермен жүріп үйге әкелді де: «Папа, айналадағы бірнеше мәшинелердің терезесін сындырып кетіпті. Мәшинені басқа жаққа қойып, тез қайтып келемін», – деп шығып кетті.

Ол кезде біз Орталық алаңға жақын жерде, Күлеш Байсейітова көшесіндегі №40 үйдің төртінші қабатында тұратынбыз. Бірден балконға шықтым. Алаң толы адамдар, қолдарын көкке сермеп, баскиімдерін жоғары лақтырып айқайлап жүр. Не айтқандарын есті алмадым.

Бірден байқағаным – алаңның төңірегін қоршаған қара киімді солдаттар. Жай киінген «белсенділердің» бірқатары қолдарына темір арматура ұстап алыпты. Кейбіреулері темір таяқшаны жоғары көтеріп «Сендерге көрсетемін» дегендей бірдене деп айғайлайды. Үкімет үйінің батыс жағынан қаз-қатар тұрған жабық автокөліктер мен бронетранспортерлер көзіме шалынды.

Балаларды үйден шығармай ұстап отырмын. Бір кезде Шолпан деген қызым мен келінім Гүлмира екеуі: «Алаңға барып шет жағынан болсын көріп келейікші», – деп рұқсат сұрады. «Жарайды, бірақ ол жерде көп болмаңдар, көпшіліктің арасына кіріп кетпеңдер, біреу болмаса біреудің қолы тиіп жүрмесін», – деп келісімімді бердім.

Бір сағаттай уақыт өткенде екеуі үйге жүгіріп кірді. Үсті-бастары малмандай су, бет әлпеттеріне қарасам егіліп жылаған тәрізді. Өксіктерін әлі баса алмай тұр. Сұрастыра келіп білгенімдей, топ болып жүрген жастарға су таситын, көше жуатын мәшинелермен су шашыпты. Сол кезде биіктеу жерге шығып алған Шолпан: «Что вы делаете, это беспредел!», – деп айғай салады. Соның арасынша жақындап қалған мәшинеңің бірі екеуін тағы да суға малшындырып өткен. Гүлмира Шолпанның етегінен тартып түсіріп алып екеуі үйге қарай қашады.

Қызым мен келінімді жұбатып бола бергенде манадан бері балконнан қарап тұрған Дархан бөлмеге жүгіріп кірді. «Не деген сұмдық, жастарға барып қосылайын, мен де жігітпін ғой», – деп тап бергелі тұр. Оны әрең тоқтатып: «Балам, сен әлі жассың, 9-сыныпта оқисың. Барғанда не істемексің, мына әпкең мен жеңгеңнің көргенін көрмекпісің?!», – деп есікті ішінен жауып, кілтін қалтама салып алдым.

Өзімнің де денем қалтырап, толқып әрең тұрмын. Амал канша, қолдан келер шара жоқ. Шыдай алмай қайтадан балконға шыққанда тағы бір сұмдық көрініске куә болдым. Айғайлап жылап, қашып келе жатқан 18-20-лардағы жас қызды қара киімді үш солдат ұстап алды. «Жіберіңдерші, үйге қайтамын», – десе де жібермейді. Қыз бір кезде жұлқынып босап шығып терендігі жарты метрдей су құбырынан секіріп өтпекші болған кезде екінші бетіне жетпей құлап түсті. Қуып келе жатқан солдаттар қас қылғандай қыздың үстіне секіріп түсіп жатыр. Байғұс қыздың шырылдағанына қараған ешкім жоқ, сүйретіп апарып көшенің арғы шетіндегі мәшинеңің жабық кузовына лақтырып жіберді. «Айуандар-ай!» деп тістенгенде көзімнен жас шығып кетті.

Бір кезде Абай көшесімен күшығыска, Фурманов көшесіне карай бара жаткан адамдарды көрдім. Барлығы қосылып «Менің Қазақстаным» әнін айтып бара жатты. Көңілім тағы да толқып кетті. «Жарайсыңдар, бәріңді Алла қолдасын», деп күбірледім.

Алаң жаққа қарадым. 5-6 адам мінберге шығып бірдеңе айтпақшы болып еді, жиылғандар айғайлап сөйлетпеді. Бір кезде бәрі қосылып: «Қонаев, Қонаев» деп айғайлады.

Солдаттар, оларды нақтылап «жендеттер» дегеніміз дұрыс болар, айуандықтарын тоқтатар емес. Көз алдымда тағы бір жас жігітті ұрып-соққан күйде сүйретіп әкеліп мәшинеңің кузовына лақтырып жіберді.

Желтоқсан айында күн қысқа, қараңғы тез түседі. Түні бойы айғай-шу, иттің абалаған дауыстары, «Отпустите!» деген дауыстар шығып жатты. Таң ата қабырғаға жағылған, жол үстіне ұйыған қанды көріп жендеттерге тағы қарғыс айттық.

Өз көзіммен көрген мұндай сұмдықтарды еске түсіргенде қазір де көзіме жас келеді, сол жайлы жазып отырып та көзімнен жас шығып кетеді.

Сол жылы Меңдібаев Колбиннің айтуымен Димаш ағаға жақын деген желеумен мені партия қатарынан шығарып, жоғарыда айтылған үйімнен босатқан болатын. «Акка құдай жақ» дегендей, екі жылдан кейін өтілім сақтала отырып партия билетімді қайтып алдым. Өз қызметіме де қайта отырып, 1995 жылы Қазақстанға еңбегі сіңген зейнеткер ретінде құрметті демалыска шықтым.

Сол күндері көргенімді айтып, жазып тауыса алмайтын сияқтымын. Бұл күні талай боздақ қыршынынан қиылды, екінші жағынан 16 желтоқсан батырлық салтанат құрған күн болды. Сол батырлар болмаса бүгінгі бақытты заманымызға жетер ме едік, кім білген?!. Сондықтан да олардың ерлігін ешқашанда ұмытпауымыз керек.

Жастарымыз осы қаһармандықтарымен бұрынғы кеңес еліндегілерге жол көрсетті, сол үлгі арқылы тәуелсіздік жолындағы үлкен күрес басталды. Өзге республикалар өкілдері баспасөзде де, өзара әңгіме барысында да қазақтарға рахмет айтып, шын көңілден шыққан ризашылықтарын білдіріп жатты.

Ендігі бір ескеретін жайт – сол жастардың біразы әлі күнге дейін жоғары орындардан тиісті құжаттарын, жеңілдік құқықтарын ала алмай жүр. Олар бүгінде зейнет жасына жетті, соған орай оларға тиісті жеңілдіктер де жасалуы тиіс емес пе?!

Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастар – нағыз қаһармандар. Ендеше оларға лайықты құрмет көрсетіліп, ардақталынуы тиіс деп есептеймін.

Бекболат ТҰРЫСЖАНОВ,
Алматы облысының және Жамбыл ауданының Құрметті азаматы,
Қазақстанның құрметті зейнеткері, тыл ардагері

СЕН ТУДЫРДЫҢ АЗАТ ҚҰННІҢ ҚАРЫҒЫН!

Мен бала кезімнен «чекист» болуды армандайтынмын. Алайда бұл мекемеге жұмысқа орналасу оңай емес. МҚК-не қызметке тұру үшін арнайы оқу орнын бітіру немесе басқа мамандықты меңгергеннен кейін терең тексерулерден өтіп барып қабылданасың. Сондықтан, мен мұнда бактериологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін медицина саласы арқылы келген дұрыс деп шештім. Қарағандыдағы медицина институтына оқуға түстім.

ТАЙТАЛАС

Ембен қаласында Көкшетау облысында жаңадан ашылған Шоқан Уәлихановтың атындағы ауданның санитарлық-эпидемиологиялық станциясында дәрігер болып бастадым. Арыға жылдар салып соң мақаламда жаттым да. 1976 жылы алдымен Көкшетау қаласындағы МҚК құпиялығына жедел үзеңгі болып орналасып, кейінен Алматыдағы орталық аппаратқа қызметке ауыстым.

Желтоқсан көтерілісі кезінде елімізге қатер төндіретін тыныштықты құрысқан, мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз етемін деп алаулап жүрген шағым еді. Республикалық қауіпсіздік комитетінен ежиси істерімен айналысатын 5-ші бөлімшесінің бастығы, подполковник дәрежесінде болатынмын. 1986-нық 16 желтоқсанында Қазақстан компартиясы Орталық комитетінде болған бедгілі жиын бірмезгіл алаңдатып тастады. Өз елімдеп пайдасты адам тапшағындай, Ресейдің қайдағы бір өлкесінен Көзбекті екенін отырғызғандары нағыз пысықмыздың тұздырды. Алайда 17-ші желтоқсан әдеттегідей ешқандай ерекшелік басталды. Бұл да күндегі дағдыбенен жұмысқа келгенбіз. Жұмыс бөлмемізге кіргізбестен, автобустарға отырғызып орталық алаңға алып кетті. Ол жақта не болып жатқанынан бейхабар едік. Кешкі, алаңның жиырмыңшы тұсында 200-300 қаралы азамат бүгінде Мемлекеттік Гимнология айтылған «Менің Қазақстаным» әнін шырқап тұр. Қолдарында «Әр халыққа – өз басшысы!», «Да здравствует ленинская национальная политика!» сынды сөздер жазылған транспоранттар бар. Алаңды қоршай ешкі кетер организаторының қызметкерлері орналасыпты. Сыртқан келіп қосылып жатқан азаматтарды қатары да азаяр емес. Түскі 11-шерет кәрпі халық саны 2,5-3 мыңға тақадым-ау дейміп. Осыдан кейін жоналғандар Желтоқсан көшесіпен төмен қарай жылжып, бейбіт шеруді бастады. Айнала қоршап тұрған жасақтар сап түзеп отыр. Бәрі жаттқан нарасы топтың шетінен алаңдарды ұстап алып,



Желтоқсанның қақғаң аязы біздің әріптесіміз Күлбақыт Истамбековаға да қарып өткен. Жастайынан алғыр, өжет болып өскен ол 1967 жылы Панфилов ауданына қарасты Ақжазық ауылында дүниеге келген. 1984 жылы осы Ақжазық ауылындағы Ж. Жабаев атындағы орта мектепті бітіріп, Алматы шет тілдер педагогикалық институтының неміс-ағылшын тілі факультетіне оқуға түседі.

ЖАДЫМЫЗДАН ӨШПЕЙДІ

Желтоқсан көтерілісі кезінде ол 3-курс студенті болған. Әріптесіміз сол бір ауыр күндер жайлы кейінгі жастарға қинала-қинала естелігін айтады. «Біз бұл оқиғаны 16 желтоқсан күні түнде естідік. Қатты айқай-шудан шошып ояндық. Жүгіріп балконға шықсақ, топ-топ қазақ жастары ұранқатып, алаңға жинақтауа жатыпты. Сол сәтте қашып шыққандар барды. Бізді жатақханадан шығармады. Ертесіпсіп 301-топ студенттері грамматика пәнінен дәріс беретін А.Терехиннің автобусынан сұранып, алаңды бетке алдық. Бізді жолды бөлектеңдер болды. Бірақ бұл ешнәрсе қарамай алаңға жеттік», – деп күрсінеді.

Алаңдағы сол күнгі көрініс бәрімізді санамызға сақтауды. Қазақ ауылынан арман құып Алматыға келген барлық жас бірігіп, алаңда тұрды. Дінмұхамед Қонаевтың өзі шығып сөйлейтінін естідік. Бірақ олай болмады. Айнала азанқазан, у-шу болды да кетті. Ешкімсіміз не болғанын түсінбей қалдық. Топпен барған студенттер бір-бірімізден адасып, кәптің ішінде кете бардық. Бұл көріністі мен де көрдім. Әріптесімпіз сол кездегі бастан кешкенін бүгінгі жас ұрпақ білсе, өнеге алса, Тәуелсіздіктің қадіріне жетсе дегеп ойімен қағазға түсірдім. Өткен күнпіп ауыр естелігін айтқанда көздің жасын тия алмаған Күлбақыттың жүрегі ағ жарады. «Естеліктерді орыс әскерлері ешкімді аямады. Әрқашп, басқа, дешеге тиісп дубинка, күректің соққылары бізді бірақ есеңгіретпеді. Бір кезде бір шұңқырға құлағанымды білемін. Бірақ уақыттан кейін есімді жиып, аз-өзіме келгенде екі орыс әскері екі қолтығымнан сүйреп келеді екен. Қайда апарп жатқанын да түсінбедім. Осы сәтте алдымыздан орта жастағы әскери шенді кісі шығып, «Тастаңдар қызды», – деп бұйырды. Әскері ақ қарға мені тастай салды. Ата-жемпін бізмеспіп, бұрып-сопды көрмеген бейтаныс азаматқа жеттім, бір темір «будканы» пәтке жасырды. Ол жерде дәл өзімдей қазақтың бір апасы қызы отыр екен. Сондықан еріп тәртке бөлініп кеттік. Қан сұлқ сорылып жаттық. Әскерлер барынша алғашқы медициналық көмекті жасап бақтық. Бейтаныс апай бізді кеш батқанша ұстап отырды да, шу басылып, қарапы түскенде екеумізге жол сілтеп, шығарып салды. «Жатақханаларына жетіп алыңдар. Ешқайда шықпаңдар. Ауруханаға барушы болмаңдар», – деп қайырымдылық жасады. Міне, осы сәттен бастап нағыз құдалау жұмыстары жалғасты. Талай жастың оқудан, комсомол қатарынан шығарды. Алаңдағы суреттер арқылы әр студентті тауып, сұрақтың астына алды. Бала күннен арман етіпен оқудан да қол үземін бе деген қорқынып, үрейпен күн артынан күн өткіздік. Алаңда кім барған кімді көздеп таға қылдық, Дубинкадан соққы алған жерімізді бірақпа дейін көкеріп кетпеді. Бірақ бұл алаңда жүрекке түскен жарақпы қасында ешпеңе де емес еді. Мыңдаған да бармаспын болдық. Тіпті, оқудан шығып қалған құрбыларымыз да болды. Не болса да оқуды бітіріп, аман-есен ауылға жол тарттық», – дейді кейіпкеріміз.

Барлығы басылып, жанбыр артынан күн шыққанымен Күлбақыттың өмірінің көленке тұстары енді басталды. Ауылым деп шарқ ұрып келгенде ол үлкен дертке шалдықты. Бас ауруы оны жиі мазалайтындығы шығарды. Дәрігерлер оны қанағаттан көреді. Бірақ де білімді маман 2017 жылы мамыр айында бірнеш инсульт алып, денсаулығына бұршама күш түседі. Ауру бір емес, шыр айналдырып 2019 жылы екінші рет инсульт алып, әбден қинайды. «МРТ нәтижесінде «Мидың аневризмасы (Аневризма сосудов головного мозга)» деген диагноз қойылды. 2019 жылы наурыз айында Алматыдағы №7 Қалалық клиникасында басына опа жасалып, ұш жерден стенд қойылды. 2019 жылдың шілде айынан бастап, 2021 жылдың қазан айына дейін III топ мүгедектігі берілді. 2021 қазан айынан бастап мүгедектік алынып тасталды. Өзім осы бітірген сәттен бастап күні бүгінге дейін мектепте жас ұрпаққа сұрақы тәрбие, сапалы білім беріп келемін. Алайда қазір денсаулығым сыр беріп жатқанын ішімдегі мойындауға тура келді. Қызығы мен қызықсыз қатар жүретін ұстаздық мамандықтың жауапкершілік жүгінің ауыр екенін баршамы жақсы білемін. Оқушылардың шұғыл, компьютерсіз бірде-бір жұмыстың бітпегенін де менің мысқа салмақ сыздық. Бірақ мұның барлығы мені желтоқсанның азалы күніндегі күйміпі бір минутына да тастымайды. Ауыр күндерді, заманпздастырмды қинап, ауыр азаттықпа сәттер менің өмір белесімнің ең қымбат шағы деп білемін. Бұны Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл. Бүгінгі қолжетімді артқы жағында қайбынды қанішпа көз жасы төгілді. Енді ешкім олай қындамаса деймін». – дейді Күлбақыт.


Көз алдымыздағы қанды қырғын, жастардың жазықсыз жаңа шеккені бізге қуаныш емес, мұң сыйлады. Сондықтан, айналайын, жастар, Тәуелсіздіктің қадірін білің жүрсеңіздер деймін. Еліміз еңселі, жеріміз берекелі, Тұлымыз тұтырлы, рухымыз мықты болсын!

Күнсұлу РАХИМОВА,
М. Құрманов атындағы №2 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Көксу ауданы

✓ ЖЕЛТОҚСАН – 35

Сол бір дүрбелең болған 1986 жылдың желтоқсаны әлі көз алдымда. Ол кезде албырт жастық шақпен ештеңенің байыбына бара алмаппыз. Бүгінде сол күндерді көзімізден жас төгіп, еске аламыз.



ҰЗҒАР

Студент едік. Алматы облысының студенттеріне жатақхана берілмей, пәтер жалдап тұрдық. Алыс аймақтардан келгендерге жатақхана берілді. Сол күн Нұрсұлу, Гүлмира, Зинагүл, Мария деген қыздармен, оймызда дым жоқ, сабаққа келдік. Кешкі бәрінің көзінде үрей, мән-жайдың бәрін корпуста естідік. Бізді институттан шығармай қаман алды. Ал жатақханада тұратындар түнде естіп, бойында намысы бар қыз-жігіттерді жігерлендіріпті.

Сол тұста «Ленин көшесі» деп аталған, қазіргі «Достық» даңғылының бойымен жастар плакат, лозунгі ұстап, шеруге шығыпты. Сонда көтергендері: «Бізге өз ұлтымызды басшысы керек!» деген сөздер. Әлгі сөздерді оқыған әр қазақтың қаны ойнап шыға келетіні анық. Бірден ойға оралғаны: «Елімізі өзге ұлттың уысында кетіп қалмаса екен» деген сөз болды. Ара-тұра: «Қазақтың қара шаңырағындағы студенттер, шеруге шығыңдар!» деген дауыстар естілін жатты. Сол айқаймен өзімізі отырған Абай атындағы педагогикалық институттың бірінші қабатында қалай түскенімізі есімде жоқ. Өздерін әрен тежеп отырған бізділ жігіттер, қарсылыққа қарамай алғі топқа қосылды да кетті. Біз де ілестік. «Шықпаңдар! Қосылмаңдар! Үйлеріне қайтыңдар!» – деген қуратордың дауысын елемедік.

Қазақ жастарының батыр екенін сол кезде көрдік. Көздерінде жалынданған от, жүрегі қазақ деп соққан кілең жастардың шеруі көшеде жалғасты. Сол шерумен Қыздар педагогикалық институтының алдына келдік. Әскери қаруланған жігіттер, милиционерлер әй-шаға қарамай жігіттердеді төпелей бастады. Арасындағы қазақ милиционерлер: «Қыздар, қайтыңдар! Бұлар аямайды. Үйдегі ата-аналарыңды ойлаңдар!» – деп бізді қайтаруға тырысты. Пәтерімізге жеттік. Жамбыл облысынан келген Нұрсұлу деген дос қызымыздың таппай қалдық. Кейін оны АЗВИ-дің жігіттері құтқарып жібергені белгілі болды. Басы жарылыпты, пәтерде бірақ күн емдедік.

Алматы облысының студенттерін үйлеріне қайтарды. Ауылға қайтар жолда әскери пост тұратын, сол жерде бізден түсінік алды. «Шеруге қатыспадық!» деп жазып бердік. Өйткені, «оқудан шығарып жібереді» деген ойдан қорықтық. Кейін сабаққа барғанда суретке түсіп қалған студенттерді іледі. Нұрсұлу деген қызымыз автобусқа мінген сайын: «Алдыңғы шеріге әдімі – деп қорқып, жалдап жатқан пәтерімізге жеткей түсіп қалатын. Соған ілесіп кейде жазу келген күндерімізі болды. Сондағы сықырлаған аязды елестетсем, оне бойым мұздап сала береді.

Бірақ студент оқудан шығарылды. Фамилиясы есімде жоқ, жезқазғандық Құрманғазы деген жігіт те оқудан шығып қалды.

Қазір мұғалімміп. Желтоқсанның сол бір ызғарлы күндерін, қыз-жігіттердің ерліктерін оқушыларына айтып отырамын. Олар қызығып тыңдайды. Көк тудың желбіреп тұрғанын көргенде сол жылдардағы қыршын кеткен болдақтардың жалынданған жанары көз алдыма келеді.

Алмагүл МАЛЫБАЕВА,
Рахат орта мектебінің мұғалімі

Үйғыр ауданы

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ әділетті қоғам мен тиімді мемлекет құрудың мақсат-міндеттерін көрсеткен және Қазақстан тарихына барынша көңіл бөлген «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын жариялап, Желтоқсан көтерілісіне 35 жыл толғанын атап өткені белгілі. Бұл орайда Желтоқсан көтерілісін ғылыми тұрғыда жүйелеп, арнайы оқу құралын жазу міндеті туындап отыр.

Жүйелеу қажет

Желтоқсан қозғалысын жүйелеуде ең алдымен деректерді жаңажаңа шашыратпай, ешкімге күмәнданбай, ешкімге күмәнданбай, тарихи оқулық түрінде кітапқа айналдырудың маңызы зор. Бәріміз білетіндей, кез келген оқулық оқушылардың тарихи санасын көтеру үшін жазылады. Онда ұзын-сонар әңгімеңің кереті жоқ. Мәселе, нақты және тиянақты да тұжырымды болуы шарт. Сол сияқты Желтоқсан көтерілісі туралы оқулық та дәл осы қалыптасқан стандарт бойынша жазылуы керек. Онда көтеріліске қатысқандардың жалпы саңдық мөлшері айтылып, белсенділікке келгенде, қайтыс болғандар мен тергеуге түсіп сотталғандардың сөзіне арқа сүйеген жөн. Желтоқсан күндері қазақ жастары бірыңғай өздері ғана болған жоқ. Мұны елдегі түрақтылық пен татулықты сақтау үшін оқулықта міндетті түрде көрсету керек. Мысалы, ұсталып, милицияға жеделген 2400 адамның ішінде 25 орыс, 18 ұйғыр, 10 татар, 7 қырғыз бары белгілі. Олар көтерілске кездейсоқ қатысса да бәрібір, Желтоқсан идеясына сенген Қазақстан халықтарының өкілі болатын. Немесе, әкесі орыс, шешесі қазақ болып келетін суретші Вадим Сидоркиннің дүрбелі оқиғадан кейін салған Желтоқсан көтерілісі кезіндегі орыс шовиншімен жан-жақты бейнелейтін суреті бар. Егер оқулыққа осы суретті кіргізіп, суреттің ойын шынайы суреттей алсақ, сол сияқты алаңға барған Қазақстан халықтарының қазақтан басқа өкілдерінің алаңға бармағандығы шақ ойын дұрыс жеткізе білсек, кітапта Қазақстандағы ұлт мәселесінің тұрақтылығына да белгілі дәрежеде үлес қосамыз.

Желтоқсан көтерілісінің тарихын жүйелеудің тағы бір тұсы шығармалатын оқушыларға тақырып мәтіндерінің қоғамдық өмірмен байланысының нақты болып, тақырыптан ауытқымай, мәнді деген мәселелер төңірегіне тартымды баяндалуына барынша назар аудару керек. Бүгінде барша халық «Желтоқсан көтерілісі» оқиғасынан мынандай мәселелердің жауабын күтеді: Социализм мен коммунизмді қалай түсінеміз? Жеке басқа табыну зардаптары, жылымық, «бос жатқан жер, толқырау, әкімшіл-әміршіл басқару әдісі дегеніміз не? Кеңестік экономика, КСРО деген қандай қоғам болды және оның дүркін-дүркін түр өзгертуін немен түсіндіреміз? Демократия, жариялылық, В. Ленин және ұлт саясаты. Желтоқсанды ұйымдастырушылар, қозғаушы күш, кезеңдері, диалог, жеңіл қарулы әскерлер мен жасақтар, жастар мен интеллигенция белсенділігі, ұлттық және жігіттік намыс, қазақ қыздарының қайсарлығы, халықтың алғашқы түсініп, абұзақылық», «нашақорлық», арандату, шовинизмнің көріністері, қазақтан басқа ұлттардың алаңда болуының себебі, заңсыздық, кемсіту, құдалау, қорлау, қамау, тергеу, соттау секілді мәселелердің нақты деректерден алынған шынайы баяндаулар мен дерекгемелік нұсқаулар жағына келеек, бүгінде ондай мәселелердің жұтаңдығын мойындау керек. Бұл немен байланысты? Бұған себеп көп. Сол кездегі толқуға билік қамқорлығының солғындығынан бастап жалпы тарихшылардың бел шеше зерттеу жасамағандығы да көтерілісті көмескілендіріп жіберді. Тіпті, кейінгі мемлекеттік мәнді бар «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» сияқты бағдарламаларда да әйгілі көтеріліске қатысты нақты нұсқау мен ауқымды бағыт көрсетілмеді. Қысқасы, бүгінде тура осы мәселеле сұырылып алға шыққан тарихшы болмай тұр. Әйтсе де, шындықтың бетін ашатын күнды құжат пен тартымды кітаптарды мүлде жоққа шығара алмаймыз. Мысалы, доцент Әркен Уақтың Мәскеудеп шыққан «Геноцид против казахского народа» деген кітабын құзды құжаттар жинағына жатқызуға болады. Мұндай еңбектердің қатарына Б. Тілегенов пен Т. Сәуқетаевтың романдарын да жатқызамыз. Егер көтерілісқе тұралы көркем шығарма жазғандар санаулы болса, солардың бірі – Нұржан Қуантайұлы деп едім. Оның көтерілісқе қатысқандармен сұхбаттаса жүріп және алғадағы қанды операциялар туралы естеліктерге сүйеніп, 2001 жылы жазған «Қарақозқо» романының алғашқы тарауында тұрме мен лагерьлерде болып келген жастардың кәсіретке толы күпы да қияметті тағдырлары суреттелген. Желтоқсан көтерілісіне бастан-аяқ қатысқан публицист-жазушы Қайым-Мұхар Табеевтің «Қазақтың Желтоқсаны» деп аталатын тарихи-деректік және жылнама тұрғысындағы кітабы зерттеушілі өзінің нақты деректерге сүйеніп жазылуымен тәнті етеді. Бұдан өзге де ғалымдар, тарихшылар, журналистер жекелей, жинақ түрінде үздіксіз зерттеулер жасап келеді. Міне, осындай материал тігінділерін парақтап қарағанда, Желтоқсан көтерілісін пәш ететін маңызды деректік мақалалар дегі жылдан-жылға көбейіп келе жатқанын байқау қиын емес. Енділ мәжемізі Желтоқсан көтерілісінің 35 жылдығында барлық деректерді жүйелеп, Қазақстан тарихы оқулығына енгізіп, жаңаша зерттеулерді топтастыру, жастардың санасына көтерілістің сипатын ұялату маңызды міндет болып қала береді.


Бақдәулет БЕРДІБАЕВ,
тарих ғылымдарының докторы

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru
@Jetisugazeti

▲АҚТАҢДАҚ

АҚ-ҚАРАСЫН айыратын кез келді



Қазақтың өткен ғасырдағы кеңестік билік тарихында қайта қарауды, пікірлесуді, зерттеуді қажет ететін «ақтаңдақтар», әйтеуір, осы уақытқа дейін қозғалмай, қалың қауымға белгісіз болып келген талай-талай жеке қарсылықтар, тұтас бір ағымдар, дәуірлік сипат алған қозғалыстар баршылық. Енді солар жайында ашық өңгімелер, зерттеулер жасап, ағын ақ, қарасын қара дейтін кез де келді. Сол қатарда Қазақстанның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін күрескен адамдар тобы, қоғамдық және саяси ұйымдар қызметіне қатысушылар және қызметтік, ғылыми, мәдени және басқа салаларда мемлекет тарапынан құғынға ұшыраған тұлғалар жетерлік.

Біз солардың бір парасын «ҚРОМА: 5-қор, 21-тізім, 41-іс», «ҚРПА: 141-қор, 1-тізім, 5049-іс», «АОМА: Алматы облыстық атқару комитеті 658-қоры, 6-тізім, 9-іс, естеліктер» қатарлы архив құжаттарынан кездестірдік. Осы деректер негізінде салыстыра зерттеу барысында біраз дүниенің ақиқатына тереңдей түстік. Аталған деректерде ең алдымен назарымызды аударғаны – Кеңеске қарсы үгіт-насихат таратқаны үшін жазаланғандар. Айталық, 1931 жылғы 19 маусымда Алматы округі Лепсі ауданында Қытайдан келіп жергілікті халықты Кеңеске қарсы көтеріліске шақырып үгіт-насихат таратып жүргендер ұсталған. Таратылған үгіт-насихаттарда Қытайда бекінген полковник Вяткиннің армиясы Жетісуға басып кіруге дайын екенін көрсеткен. Осы сарындас үгіт-насихаттармен екі адам, Лепсі кулактары, казактар Глебов пен Дудукалов ұсталған. Сонымен қатар, 1933 жылдың 3-4 наурызында Еңбекшіқазақ ауданы Түрген ауылында транспорт бөлімі меңгерушісі Павел Кочевкин, аудандық сақтандыру кассасы меңгерушісі Степан Кулишко «Кеңес өкіметі жұмысшылар мен шаруалар үшін өлім әкелуші!» деген үгіт-насихат жазып, таратқаны үшін сотталған.

Жеке қарсылықтармен қатар архив деректерінде Кеңес өкіметіне қарсы іс-қимыл ұйымдастырғаны үшін жазаланғандардың да қарасы көп екендігі байқалды. Осы ретте соның бірқатарына тоқталсақ. Сол қатарда Ақсу ауданының 4-ауылында 1931-1933 жылдары ұйымдасқан, Аман Әбдібаев, Сейіт Мұқашев, Изада Ежебаев қатысқан «Сердөбе» атты топ кеңеске қарсы ұйым ретінде танылған. Қарсылыққа қатысқан ұйым мүшесі ретінде Аман Әбдібаев, Әбіл Бегімбаев, Сеит Мұқашев, Садық Қазамбаев, Нұрқожа Әнуаров, Тайген Малаев, Жұмабек Бекмаханов, Кизғали Исанов, Құрман Ержанов, Қосымбек Медеуов, Жексембай Күзембаев, Дүйсембай Наурызбаев, Толқымбай Бисембаев, Еңкубай Сауытбеков, Темірбай Исмағұлов, Махамбай Жаманбалаев, Қалиаскар Заманов, Тасболат Қауызбаев, Жанабек Қырықбаев, Балымбай Райымқұлов, Рахмет Қайтоғаев, Ұрықбай Сармамбетов, Изат Ежебаев, Азғамбек Нұрғамбаев, Бигали Мұстафинов (Қасалбаев), Әбілқасым Уақбаев (қалай сотталғаны туралы мәлімет кездеспеді) қатарлы 26 адам танылған. Мұндағы Ақсу ауданының 4-ауылы дегеніміз – Ілияс Жансүгіровтің туған жері, бүгінгі Ойтоған ауылы. Бұл дерек бойынша алдағы уақытта арнайы зерделеу жұмысы жүргізіледі.

Тағы бірі Шелек ауданының Ворошилов атындағы ауылында 22 шаруадан тұратын кеңеске қарсы кулактық ұйым. Ұйым құрамында Воликитин П., Лапшин Р., Четвериков А., Бугаков Д., Транников М., Белов А., Раков Ф., Попов М., Богреев Т., Богреев А, тағы басқа адамдар болған. Олардың жетеуі ату жазасына кесілсе, 10 адам 10 жылға сотталған. Қалғандары туралы нақты мәлімет кездеспеді. Ал 1933 жылғы 9 сәуірде Балқаш ауданының 4-ауылында «байлар тобына» жататын Қадырдос Өмірзаков, Өмірәлі Бейсембеков, Қалық Сазамбаев, Жүсіп Қасымов (молда), Қожахмет Ахметов, Сүлеймен Жалдықбаев, Сүлеймен Қалқаев, Бұрамхай Молдабаев, Бағынқұл Жүсіпқұлов қатарлы 9 шаруа жауапкершілікке тартылған. Оларға «мал басын кемітті, көшіп кетуге себеп болды» деген айып тағылған. Араларындағы 2 адам ату жазасына кесілсе, 5 адам 10 жылға, 2 адам 5 жылға сотталыпты.

Жоғарыда келтірілген деректер Ресей патшалығының соңғы дәуіріндегі және Кеңес одағы құрылған алғашқы кездегі жазықсыз жазаланған адамдар мен Кеңес билігіне қарсылығы үшін немесе өзінің жеке азаматтық ұстанымын ашық білдіргені үшін атылған, сотталған, жазықсыз жазаланғандар туралы осы күнге дейін беті ашылмаған ақиқаттардың айғағы. Алдағы уақытта мұндай деректердің әлі талайы ашылатындығы сөзсіз.

Кеңес билігіне қарсылықтар мұнымен біткен жоқ. Оның көріністері 60-80 жылдары да көрініс тапты. Айталық, 1977 жылғы 29-30 наурызда Қожахметов Хасен Кәрібжанұлы тұтқындалып, ҚазССР ҚК 170-1 бабына сәйкес кеңеске қарсы үгіт-насихат әзірлеп, таратқаны үшін екі жылға жалпы режимдегі түзеу колониясына жөнелтіледі. Сот деректерінде Хасен Қожахметовтың 670 дана үгіт-насихат, 140 дана карикатура дайындап, таратқаны жазылған. Үгіт-насихаттар «Интернационализм и использование его русскими», «Правда о свободе граждан СССР», «Союз или колония», «Об ассимиляций народов», «Проснись, казах! Проснись, моя Родина!» деген мазмұнда болған. Ал 1979 жылғы 27 қаңтарда ҚазССР ҚК 170-1 бабы бойынша мемлекетті Қауіпсіздік комитетінің Алматы облыстық басқармасы Азамат Қасымұлы Жәкібаевті кеңестік құрылысты жамандап паракшалар таратқаны үшін жауапкершілікке тартқан. МҚК назарын оның туысы Б. А. Жәкібаев та аударған. А. Жәкібаев үгіт-насихатты пошта жәшіктеріне салып тараткан. Тіпті, АҚШ-қа кетуге ниеттенген. Қаңтар айының ішінде Алматы қаласындағы 1 шағынауданы үйлерінің пошта жәшіктеріне алдымен 13, одан кейін 17 паракша салған. Алматы қалалық сотының 1978 жылғы 13 сәуірдегі үкімімен А. Жәкібаев ІІМ арнайы психиатрия ауруханасына еркінен тыс міндетті емделуге жіберілген. Алматы облысы, Талғар ауданындағы № 155\7 емдеу мекемесінде алты жыл болып, 1983 жылғы 15 қыркүйекте қайтыс болған. 1993 жылғы 1 қарашада ҚР ЖС коллегиясы қылмыс құрамы жоқ деп тауып, өндірістен қысқартыпты. 1996 жылдың 1 карашасында ақталған. Оның артында:

Сағындым тауымды да, тасымды да,
Сағындым қасымды да, досымды да.
Тереземнің алдына төргай қонса,
Ұмытамын дәрі беріп ауыртқан
басымды да, –

деген шерге толы шерменде өлеңдер ғана қалды.

Бұл деректерге қарап отырсақ Кеңес одағы тұсында елдің мұңы мен мұқтажын, арманы мен тілегін арқау еткен әрекеттерге ешқандай да мүмкіндік берілмегенін көрсетеді. Осы тұста назар аударатын тағы бір дүние – Кеңес билігіне наразылық білдірген қаншама адам жүйке ауруына шалдыққан деген сылтаумен психиатрия ауруханасына еркінен тыс жатқызылып, өмірін қиған. Бұл алдағы уақытта ауқымды зерттелетін және сондай адамдардың толық тізімін жасайтын тақырып.


Қазақ халқының басынан кешірген ауыр қасіретін бейнелейтін, ертеден бүгінге жеткен:

Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Қара көзге мөлдіреп жас келеді, – деген өлең жолы бар. Ол бүгінгі қазақ баласының әрбірінің өткен өмірімен еншілесіп жатады.

Бүгінде сол ақтаңдақтар толық анықталмай келеді. Әсіресе, көз жасын шапанының шалғайына сүртіп, намысын қанжығасына байлап, қан жұтып атамекеннен ауып кеткендердің жайы жүрек сыздатады.

Жасыратыны жоқ, сол тұста кеңестік биліктің қанды шеңгеліне ілінбей ауыл-аймағын бастап, шегара асып кеткендер де аз болмады. Олар өзге елде амалсыздан «кашқын» деген жаман атты еншілеуге мәжбүр болды. Басын аман сақтап қалғанымен шынжыр балақ, шұбар төстердің шырмауынан құтыла алмады. Жазықсыз жапа шегіп, атылып-шабылуға да ұшырады. Ұлттың рухын көтерген Әсет пен Таңжарықты улап, Дүбек бен Қапезді түрмеге жауып, Көдекті қастандықпен өлтірген де сол нәубетшілердің шетел топырағындағы қылмысы.

Жалпы, кеңестік жүйенің тигізген пайдасынан гөрі зияны көп. Ақты қара, қараны ақ дегізген, баланы әкеге, азаматты ағайынға, керек десеңіз, бір қауымның өзін жікке бөліп, жұмысшыны шаруаға, зиялыға қарсы қойып, «Бұл Кеңес үшін күрес» деп ұғындырған заман туралы не айтуға болады? Жеріміз қаншалықты бүлінген болса, елдігіміз де соншалықты бүлінді. Сол себепті де өткенімізге қайта-қайта үңіліп, таразылап, жазықсыз жапа шеккендерді ақтау – бүгінгі буынның міндеті.



Қажет АНДАС

▲ПОЭМА

ПАНДЕМИЯ



(Үзінді)

ҚАПЫДА СОҚҚАН ТАЖАЛ

Қаптады тажал,
Басталды майдан алапат.
Ар-ұят қайда,
Ақыл мен білім, парасат?
Залымдар бастап,
Қостаған ғылым зұлымдық,
Ғаламға салды,
Жазылмас ауыр жарақат.

Уханьнан ұшқан
Улы ажал кетті жайылып,
Жасытып жігер,
Сындырып бәрін, майырып.
Қапыда соққан
Қатерлі індет, зұлматқа,
Жүзінде жердің
Жоқ еді ешбір дайын ұлт!

Бүйірден келіп
Бүйідей тиген тосыннан,
Тажалдан тәжді
Тіршілік түгел шошынған.
Жаһанның жұрты
Саудалап жүрген бар-жоғын,
Дүниеге симай,
Сауғалап жанын жосылған!

ҚИНАЛҒАН ҒАЛАМ

Тына қалып ессіздік даңғырлағы,
Басталды зауал шақта тағдыр әні.
Ормандай орыс елі отқа оранып,
Алпауыт Америка абдырады.

Өркенді елдер батты қызыл қанға,
Жер таппады жан сақтап,
тығыларға.
Иісі адамзат есінен танып қалды,
Испан мен итальян қырылғанда.

Тұншықтырды төрт бірдей
тарабынды.
Түңілді түрік, иран, араб, үнді.
Адамзаттың өкпесі саналатын,
Алқынтты Амазонка алабында.

АҚШ-тың ақша тапқыш даналары,
Сарғайды, сараптады, саралады.
Ғажайып ғылымы да, қаруы да,
Вирусты тоқтатуға жарамады.

Адамзат миллиондап қаза болды.
Батырды ауыр ойға саналы ерді.
«Жаңылған тәубасынан жер жүзіне,
– Біреулер «Көктен келген жаза!»
– деді.

Қанқуды, қан бұзатын,
шындық көрді:
«Ханзулар ойлап тапқан
сұмдық!» деді.
«Зауыттан байқаусызда
шығып кеткен,
Зұлматтан қапыда біз
тындық!» деді.

Адамзат біріи-бірі кінәлады.
Есіктен ажал-елес сығалады.
Ковидты кім шығарды?
Неге? Не үшін?
Жауапсыз салбырап тұр сұрақ әлі.

ДАҒДАРҒАН ДАЛА

Кең дала.
Кеңпейіл жұрт
аңғал-саңғал,
Аңғалдық жақсы емес-ау,
Аңғарсаңдар.
Сақтанбай,
Ашық-шашық жатқан елге,
Аңталап бәле-бәтер, еркін самғар!

Күйзелді ел, күрсіне алмай,
күңіренді,
Кеселдің көрінбейтін түрін көрді.
Түгелдей дүниені түнек басып,
Түңіліп тіршіліктен дірілдеді.

Сабылды,
Сең соққандай сансырады,
Қара жер қайғы басып, қансырады.
Алдынан адамзаттың шыға келді,
Аман-сау құтылудың сан сұрағы.

Түнімен тарттырды азап тән
сынағы,
Таңға жету мұң болып, тұншығады.
Тұнжырап таң атқанда, а, дариға,
Талайдың сөнді үміті, шам-шырағы.

Ес кетіп елдің бәрі үрейленген,
Айрылып арыстардан, сүлейлерден,
Білмейді қалай, қайтіп күресерін,
Көрмеген бұрын-сонды дүлейменен.

Жандары саруайымнан сығылысқан,
Сабылып, қалтарыска тығылысқан.
Көрвирус көрінбейтін «көркап» сынды,
Жаралған жер-жаһандық ібілістен.

Жанталас...
Танымайды адамды адам.
Жалынып, құ жан үшін амалдаған.
Ангалдың алаңдаулы бар білгені,
Зар жылап, зұлымдарды жамандаған.

Көшеде ел сенделіп егіледі,
Бәуыры бауыр үшін езіледі.
Бұл бәле қайдан шықты, кім жіберді,
Төбеден кім әкеліп төгіп еді?

Әр иенің еріп жүрген әсеріне,
Кірмейтін қауіп-қатер каперіне,
Ангал ел жанын қояр жер таба алмай,
Қамалды төрт қабырға пәтеріне.

Қонаклеи бұрын үйге құт келетін,
Ал қазір болды үрей мен құрт келетін.
Келешектен керемет күтіп жүрген,
Көрешек көп екен ғой жұрт көретін.

Ауырды патшалар да пәрмені көп,
Әлеуметтің сөзі көп, әдері жоқ.
Көпшілік әрі-сәрі есі шыққан,
Көрінбейтін кеселге дәрмені жоқ.

Арыс жатыр аузымен ауа қармап,
Судан шыққан балықтай жағада аунап,
Арыстандай жалынан айбын кеткен,
Далада тұр ағайын, ана зарлап.

Даланың ұлысы да, ұрысы да,
Уханьның айла таппай вирусына.
Жүздерін төмен салды, дем бере алмай,
Тарылған туған елдің тынысына.

ОЙ-ТОЛҒАҚ

Кім тапты?
Кім таратты?
Қауіп қайдан?
Ғаламға ашқандар кім жабық майдан?
Кім, кане, қорған болмақ ел мен жерге,
Ерлерің жүрсе қуып сауық-сайран?!

Не таптың арыстандай ақырғаннан,
Ерте-кеш қызыл сөзді сапырғаннан?
Бәлеге қарсы тұрар білгірің жоқ,
Не пайда ай кезетін ақылманнан?

Жүрміз деп дүниені дүрілдетіп,
Жым болды дүрдигендер бүгін нетіп?
Көкірек кергендерді кас-қағымда,
Көрвирус қойған жоқ па дірілдетіп!

Көкжалсып, кеуде соққан батыр қайда?
Тәңірсіп, тіл безеген ақын қайда?
Қарсылық көрвируска көрсете алмай,
Қор болды ғылым, білім, ақыл, айла.

Шыдамай көр кеселдің салмағына,
Қайысты елдің не бір ардағы да.
Алшайып атқа мінген азаматтар,
Жарамай дәнемеге қалғаны ма?

Таяныш көрсе халық Үкіметті,
Жөн таппай Үкіметтің есі кетті,
Арыстай азаматтар қаза болса,
Табытты тас бекітіп, бесік етті.

Жат жұртқа жаның қалмай
жайрандадың,
Қай бетіңмен тайраңдап, сайрандадың?
Жұқпалы дерт қаптаса қайтеміз деп,
Қорғауды елді неге ойланбадың?

Оп-оңай ойы бұзық өте алады,
Ашып неге тастадық шекараны?!
Далаға каптап кіріп жатқан жоқ па,
Жұқпалы ауру, індет, топаланы!

Жан-жақтан жаһандық дерт торлағанын,
Неліктен ой жүгіртіп, аңдамадың?
Өзін қорғай алмайтын байғұс халық,
Кімге керек құр бекер зарлағаның?!

Сақтанам десең жақсы, жаманды ойла,
Белгісіз бұрылары заман қайда.
Тағы да бәле келсе, ел қорғайтын,
Білетін іс тетігін маман қайда?

МЕМЛЕКЕТ ШЕШІМІ

«Қиын сәтте күллі халық біргеміз,
Бірге болсақ, сөгілмейді іргеміз!
Түңілмейміз қара түнек басқанда,
Үмітпенен ұмтыламыз күнге біз.

Капияда каптап келген бәлекет,
Елден алас, жер бетінен мүлдем кет!».
Президенттің өзі бастап, ел қостап,
Көрвируспен шықты айқаска
мемлекет.

Шамырқанып, азаматтар бар күшін,
Халық үшін бұл майданға салды шын.
Карантиннің – қара түннің кезінде,
Аямады елден көмек, қаржысын.

Аруақтанып, көтеріп көк туынды,
Қайратты ерлер бір кісідей жұмылды.
Көрінбейтін тажал, бірақ, онай ма,
Жалмай берді талай қымбат ғұмырды.

МАЙДАНДАҒЫ ДӘРІГЕРЛЕР

Дәрігерлер еңсені езген зілді ұқты,
Кілең мықты жігер қайрап, ширықты.
Орындауға бел байлады бұлжытпай,
Мандайына
Тағдыр жазған бұйрықты!

«Айнымаймыз
Адамшылық міндеттен,
Айқасамыз
Елге келген індетпен.
Амал канша,
Білмей тұрмыз біз бірақ,
Қалай, қайтіп күресуді бұл дертпен?!
Аңталаған алды-артынды аңлатпай,
Тажалменен шайқасамыз шаң қаппай.
Қан майданда Отан үшін қылышпен,
Танкке де қарсы шапқан солдаттай!».

ҮРЕЙ мен ҮМІТ. АЙҚАЙ.

Жанталас...
Аурухана,
Көңіл күпті.
«Жараткан, үзе көрме өмір жіпті».
Құлайды қиналғанда еске алған ел,
Күбірлеп, тілейді іштей жеңілдікті.
Бетпе-бет дертпен жатыр арпалысып,
Көтеріп келген жандар не бір жүкті.

Ажалдың амалы жоқ,
Себебі көп,
Сырқат пен шипаны хақ береді деп.
Аулада сең соққандай сенделген жұрт,
Арасын үміт, үрей кезеді кеп.
Қалтаңдап дәрігерге жүгіреді,
Жаутаңдап, дәтке қуат, демеу іздеп.

Әуелде жылышырай, жұмсақ бәрі,
Тәп-тәтті, сыпайылап тіл қатқаны.
Қабағы қарс жабылды дәрігердің,
Сыйғыза алмай қалтаған сырқаттарды.
Қабарған көпшіліктің қаны қайнап,
Аузынан ашу-ыза бұрқақтады:

– Мексінбей бізді жүре
тындайсыңдар,
Басыңды кімге, неге бұлдайсыңдар?
Күттіріп күні бойы зарықтырып,
Неліктен жұртты сонша қинайсыңдар?
Бір қағазды толтырып пәлен сағат,
Дәлізге топырлатып жинайсыңдар.

Қойқаңдап әрлі-берлі жүресіңдер,
Елді емес, өздеріңді сүйесіңдер!
Дәріден дәрмен болмай, дерт меңдесе
Кінәні өзімізге ілесіңдер.
Кісіні емдеуден де артығырақ,
Үндемей өлтіруді білесіңдер!

Ойыңды жамандыкка жани көрме,
Ем қылсаң, шипалы боп, дари көр де!
Жанына батқан дертке дауа тілеп,
Шырылдайды кәрі де, сәбилер де.
Көзіңмен көріп тұрып қиналғанын,
Қалайша жатқызасың кәридөрге!?

Жақынның жайын ойлап,
мазамыз жоқ,
Ажалдан қайтсек алып қаламыз деп!
Бірдеме болып кетсе, көрсетеміз,
Табамыз сендерге де жазаны іздеп!
Көп қорқытты: «Көріңді қазамыз» деп
«Иттей гып интернетке
жазамыз!» деп.

Ел ішінде қит етсе жылайтын бар,
Сәл сүрінсе, жалп етіп құлайтын бар.
Міндетсіп күллі жұртқа,
масылдыкпен,
Қажетін қикулатып сұрайтын бар.
Жамандап, жалпақ елдің түгін қоймай,
Сапырып оңды-солды сынайтын бар...

Баянғали ӘЛІМЖАНОВ,
Ақмола облысы

▲ТАРИХ-ТАНЫМ №39 7.04.22

САЯСАТ ҚҰРБАНЫ

Қазақ — талай қайғы-қасіретті бастан өткізсе де оңайлықпен берілмеген халық. Тарихта оған көптеген дәлел бар. Патша үкіметінің халық санын азайтудағы саясатының бірі — ірі бай, кулактарды кәмпескелеу болды. 1928 жылы 27 тамызда «Байлардың шаруашылығын тәркілеу туралы» қаулының қабылдануы ашаршылыққа бастады. Бұл реттегі мәліметтерді жазушы Б. Нәсеновтың «Абыралы — қанды жылдары» кітабынан алып отырмыз.



Алматы республикалық орталық мұрағаттан алынған деректер бойынша 15 ауданнан 130 адам кәмпескеге ілінген. 1928 жылдары республикада мыңға таяу болыс болған. 1929 жылдары әр 5-6 болысты бір ауданға біріктіріп, республикада 182 аудан құрылыпты. Жазығы жоқ қаншама адам опат болып, шетелдерге қашып кеткен. Кейіннен олар «Халық жауы» деп атылған. Кәмпескеге ұшыраған байлардың түрлі тағдыры бейнеленген. Соның бірі – ауыл ақсақалы Тәнірберген Атакозин.

Саясаттың құрбаны болған Қаркаралы округіне карасты Абыралы ауданының тұрғыны Тәнірберген Атакозин ірі бай ретінде тәркіленген. Оның ісі 1928 жылы 21 қыркүйекте басталып, 1929 жылы 19 ақпанда аяқталған. 5 ақпанда КСРО-ның Орталық комитетінің атқарушы төрағасы Калининге мәлімдеме хат жіберілген. Кітапта ісі толық жазылған. Өз мәлімдемесінде:

«Айдауға жататын адам есебінде менің малым мен мүлкім тәркіленді. Мен 78 жастағы Атакозин Тәнірберген, екі әйелім бар, үлкені 63 жаста. Басшы, би, старшина болмағандықтан, міндетімді асыра пайдалану секілді артықшылықтар жоқ. Хан, сұлтандардың тұқымынан емеспін. Қарапайым малшы, халық арасында аса беделді емес, еңбекші бұқараны ешқашан қанамаған адаммын. Біріншіден, жасым келген қария, екіншіден зағиппын, үшіншіден көшеге өз күшіммен шыға алмаймын. Үлкен әйелім де көзі көрмейтін кемпір, үш балам 2-8 жас аралығындағы кәмелетке толмағандар. Еңбекке жарамдысы жоқ. Жоғарыда көрсетілгендерді ескере отырып, Калинин, өз еркіммен барлық малым мен мүлкімді тәркілеуіңізді, тек мені айдауға жібермей, Қаркаралы округіне қайтаруыңызды сұраймын. Өтініш беруші Т. Атагозин, 1929 жыл, 1 қаңтар».

Тәнірберген ақсақал басына іс түскен соң құтылудың жолын іздеген. Әйтпесе, патша заманында талай шендерді алған, ірі бай болған екен. Ауыл карттарының айтуынша, тәкаппарлық, кісіні менсінбеушілік бойында болған ақсақал көрінеді. Өз өмірін арашалап қаншама бақса да өтініші қабылданбады. Орталық атқарушы комитеттің 16 ақпандағы №74 хаттамасы бойынша Атакозиннің мал-мүлкін тәркілеуге және өзін жер аударуға үкім шығарылады.

Осылайша Патша үкіметі ешқандай аяушылық танытпай-ақ кәрі-жастың барлығын құдалаған. Бұл қаулының «қазақты жою» деген түпкі мақсаттың бір бөлшегі болғандығын көре аламыз. Арты жан түршіктірер 1931-1932 жылдардағы жаппай қырылу, ашаршылықпен етек алды. Сөйтсе де, қаншама зобаланды басынан кешірген халқымыздың сағы сынбады, елдігін жоғалтпады. Қазақ байларының еш жазығы болмаса да жер аударылды, құдалауға ұшырады, лагерьге жіберілді. Мақаланы жазу барысында өз ауданымыздың тарихынан сыр шерткен «Абыралы – қанды жылдары» кітабында жазықсыздан-жазықсыз жазаға ұшыраған қандастарымыздың тағдырымен таныстым. Еңбекте жазылған бір адамның тағдырына тоқтала отырып, бұл тақырып әлі де зерттеуді талап ететінін түсіндім. Қазақ байлары сол заманда халықтың корганы болды десек кате айтқанымыз емес. Олардың есімін ұмытпағанымыз абзал.

Жанңұр ҚАБЫКЕНОВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Фатима ҚОЗЫБАҚОВА,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры

▲НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!

АЛАЯҚТАРҒА АЛДАНБАҢЫЗДАР!

Алаяқтар бизнес нысандарына барып, кәсіпкерлерден өрт қауіпсіздігін камтамасыз ету бойынша қызметтерге ақы төлеуге мәжбүрлеуде. Бұл туралы Талдықорғандағы бизнес өкілдерімен онлайн кездесу барысында облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының құқықтық мәселелер жөніндегі орынбасары Думан Керімбаев мәлімдеді.

Сондай-ақ ол өрт қауіпсіздігі саласындағы жыл сайынғы тексерулер тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған нысандар арасында жүргізілетінін атап өтті.

– Өрт қауіпсіздігі бойынша тексерулер кестеге сәйкес жүргізіледі және нысандар басшыларына алдын ала хабардар етіледі. Өзге әрекеттері заңсыз болып табылады және бұл туралы прокуратура органдарына немесе кәсіпкерлер палатасына хабарлау қажет. Жыл сайын кәсіпкерлерден төтенше жағдайлар басқармасы қызметкерлерінің тарапынан болған негізсіз тексерулер туралы, сондай- ақ нысандарға белгісіз адамдардың барып, кәсіпкерлерді өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша келісімшарттарға қол қойғызып, сол қызметтердің ақысын төлеуге мәжбүрлеу деректері бойынша арыз-шағымдар түседі. Шартқа қол қоймаса, үлкен айыппұл саламыз деп сес көрсетеді, – дейді Думан Керімбаев.

Өңірлік палатада кәсіпкерлермен онлайн-кездесуде Талдықорған қаласы бойынша төтенше жағдайлар басқармасының бас маманы Қуаныш Рахатов өткен жылы облыс орталығында 191 нысанда өрт-техникалық тексеру жүргізілгенін айтты. Өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын 1 мың бұзушылық анықталған және 16 нысанда өрт қауіпсіздігі ережелерінің талаптарын бұзу анықталмады.

– Өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзушылықтар анықталған тексерулердің нәтижелері бойынша басқарма ережесі бұзушылықтарды жою бойынша нақты мерзімдері бар тиісті нұсқамалар енгізді. Сонымен қатар, 103 тұлға (лауазымды және заңды) әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Әкімшілік жауапкершілікке тартылған 73 тұлғаға қатысты ескерту түрінде жазалау шарасы қолданылды, 30 тұлғаға қатысты 1 млн. 837 мың 710 теңге сомасына айыппұл түрінде жазалау шарасы қолданылды, – деді Қуаныш Рахатов.

ТЖБ өкілінің айтуынша, тексеру жоспарларына сәйкес тек жоғары тәуекел дәрежесі бар нысандар (адамдар көп жиналатын нысандар, ауруханалар, мектептер, балабақшалар, базарлар, тағы басқалары) тексеріледі. Тексеру жоспарына үш жыл өтпей тіркелген шағын кәсіпкерлік субъектілері, аудиттің оң қорытындысы бар нысандар, сондай-ақ ағымдағы жылы бұзушылықтар анықталмаған нысандар енгізілмейді.

– Тексерілетін органның тексеру парақтарында белгіленген талаптар ғана тексеруге жатады. Бас прокуратура тексерулер жүргізудің жартыжылдық жиынтық кестесін өзінің ресми интернет-ресурсында ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 желтоқсанына дейінгі және ағымдағы күнтізбелік жылдың 25 мамырына дейінгі мерзімде орналастырады. Бақылау және қадағалау органдары тексеру жүргізудің мерзімдері мен нысанасын көрсете отырып, тексеру басталғанға дейін кемінде 30 күнтізбелік күн бұрын ерекше тәртіп бойынша тексеру жүргізудің басталғаны туралы тексерілетін субъектіні міндетті түрде жазбаша түрде хабардар етеді. Жоспардан тыс тексеру жүргізу кезінде мемлекеттік орган тексерілетін субъектіге жоспардан тыс тексеру жүргізудің басталғаны туралы кемінде бір тәулік бұрын хабарлауға міндетті, – деді Қуаныш Рахатов.

Бұдан басқа, тәуекелдерге тәуелсіз бағалау жүргізуге аккредиттелген ұйымның оң қорытындысын алған адал кәсіпкерлер қорытындының колданылу кезеңіне тексерулерден (жоспардан тыс тексерулерді коспағанда) және өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзушылықтар болмаған жағдайда белгіленген кезеңділікке сәйкес жоспарланатын ерекше тәртіппен келесі тексеруден босатылады.

Сонымен қатар, кәсіпкерлер үшін рұқсат беру рәсімдері қысқартылды. Қазір ТЖБ мемлекеттік емес өртке карсы қызметті аттестаттауды және өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша сарапшы ұйымдарды аккредиттеуді жүргізуде.

Егер сіздің нысаныңызға тексеру жүргізу үшін қызметкерлер келген жағдайда, тексерудің заңдылығына көз жеткізу қажет. Нақтырақ айтқанда қызметкер өзін таныстыруға және қызметтік куәлігін көрсетуге сізге прокуратура органдарында тіркелген тексеруді тағайындау туралы актіні танысу үшін ұсынуға міндетті. Тексеруді тағайындау туралы актіде тексерушінің теті, аты, әкесінің аты баржоғына, тексеру мерзімдеріне, нысанның мекенжайы және тексеруді тағайындау нысанасының сәйкес келетініне назар аудару керек.

Диас БЕЙСЕНБЕК,
облыстық кәсіпкерлер палатасының баспасөз хатшысы

Облыс әкімі баспасөз қызметінің ұжымы «Время» газетінің Алматы облысындағы меншікті тілшісі, журналист Сандуғаш Дүйсеновага ардақты әкесі

Елубайдың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Өлке тынысы» ЖШС мен облыстық «Jetisý» газетінің ұжымы әріптесіміз белгілі журналист Сандуғаш Дүйсеновага ардақты әкесі

Елубайдың

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры
Досан АТАНТЕЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркелiп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64,бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.
Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76,Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32. Қапшағай қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55. Талғар ауданы — 8-701-400-28-49. Райымбек,Кеген және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50
Газет табыс өтілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында терілiп,беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі,бейсенбі,сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 387
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010. Индексі – 65469.

▲БӘРЕКЕЛДІ!



Алаш азаттығын аңсаған

Шүкір, кешегі кеңестік кезеңде аттарын атауға тыйым салынған Алаш ардақтыларын тарихтың тоңынан аршып алып, халқымен қайта қауыштырып жатырмыз. Солардың қатарында Жетісудың тол перзенті, қазақтың тұңғыш Конституциясын жазған Барлыбек Сыртпановтың есімі ерекше аталады.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ

Ұлы тұлғаның туғанына 156 жыл, оның «Қазақ елінің уставы» деп аталатын тұңғыш қазақ конституциясының жарылуына 111 жыл толу қарсаңында Ақсу ауданына қарасты Арасан ауылындағы Барлыбек Сыртпанов атындағы орта мектепте ескерткіш-бюстінің ашылу салтанаты болып өтті. Ұрпағы ұлықтаған Барлыбектің өмірі мен атқарған қызметі жайлы жиын барысында жан-жақты айтылған еді.

Жетісу облысы Қапал уезіне қарасты Арасан болысында 1866 жылы дүниеге келген Барлыбекке тағдыры халқына қызмет етуді жазған екен. Әкесі Сырттан ауқатты, ел арасында аса беделді адам болғаны анық. Оң балаларының ішінде зеректігімен ерекшеленген Тұрлыбек пен Барлыбектің мұсылманша, орысша білім алуына ықпал етіп, алдымен Қапалдағы мектепте сауаттарын аштырып, кейіннен Верный (бүгінгі Алматы) қаласындағы ер балалар гимназиясында оқытады. Барлыбектің оқуға деген ынтасын бағалаған гимназия директоры оның Санкт-Петербург университетінің шығыстану факультетінде білімін жалғастыруына қол ұшын берген екен. Өзіне етене жақын қазақ және орыс тілдерімен қатар еуропа елдерінің, араб, парсы, түрік тілдерін меңгерген ол осында оқып жүрген М. Сералин, Б. Қаратаев, А. Теміров, Б. Құлманов секілді қазақ жастарымен бірігіп, «Жерлестер» ұйымын құруға атсалысады. Патшалық Ресейдің бұратана халықтарға жасап отырған әділетсіздігіне деген наразылық, қазақ халқын бодандықтан алып шығып, тәуелсіз мемлекет жасауға деген арманы осы кезден қалыптасқаны анық. Оқуын бітіргеннен кейін Ташкент қаласындағы Түркістан генерал-губернаторының қазыналық палатасында, кейіннен Жетісу әскери губернаторының іс жүргізу меңгерушісі болып қызмет атқарады. 1903 – 1907 жылдары Ресей мен Қытай шекарасының межесін бекіту жұмыстарына белсене араласып, қазіргі қазақ жерінің аумағын қалыптастыруға қосқан үлесі де айтуға тұрарлық еңбек.

Барлыбек сол кездегі орыс қарашекпендерінің Жетісу өніріне қоныс аударуы кезінде жергілікті халықтың мал бағуға, егін егуге жарамды жерлерін тартып алуына наразылық танытып, патша үкіметінің әділетті шешім қабылдауына ықпал етіп отырғаны тарихтан белгілі. Ол сонымен қатар «Айқап» журналында қазақ халқының әлеуметтік-саяси ахуалына қатысты мақалалар жазып, жалпықазақ құрылтайын шақыруға үндеген. 1910 – 1913 жылдар аралығында Барлыбек Сырттанов өз тарапынан құпия түрде қазақ өлкесін Ресейдің отарынан шығаруды көздеген Жаргы әзірлеуге де тарихтан белгілі. Ал, 1911 жылы досы әрі әріптесі Әлихан Бөкейхановтың ұсынысы бойынша бүгінгі демократия талаптарына жауап беретін, Еуропалық үлгідегі конституцияны (Қазақ елінің уставы) жазып шығады. «Алаш» партиясын құру, соның негізінде Алаш мемлекетін қалыптастыру идеясы да осы кездері дүниеге келген болатын. Өкінішке қарай, сыздық қала Петерборда оқып жүргенде ағзасына жабысқан ауру арманы аскан азаматтың өмірін бар-жоғы 48 жасында қиып жібереді.

Алаш ардақтысы Барлыбек Сырттановқа қойылған ескерткіш-бюсттің ашылу салтанатында алғашқы болып сөз алған мектеп директоры Ілияс Мұқашев үзіліспеуге шараны жүзеге асыруға қол ұшын беріп, демеушілік жасаған жұртшылыққа алғысын білдірсе, Ақсу ауданы әкімінің орынбасары Ғазиз Есжанов, «Ақ жол» партиясының торағасы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Азат Перуашев, Ақсу ауданының Құрметті азаматы Боранхан Жүнісов жиналған жұртшылықты мерекелерімен құттықтап, еліміздегі саяси-әлеуметтік жағдай мен алдағы болатын референдум туралы ойларын ортаға салды.

Салтанатты шарадан кейін ауыл тұрғындары мен қонақтар мектеп оқушылары әзірлеген концертті тамашалап, ауыл хатшыханасында Барлыбектің рухына бағышталған құранға қатысып, дәмнен ауыз тиді.

Ақсу ауданы

▲РУХАНИЯТ



Замана заңғарлары

Түздыбастау ауылдық Мәдениет үйінде заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы мен мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығына орай «Замана заңғарлары» атты конференция ұйымдастырылды. Оған ауылдық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі мұрындық болды.

Үлбосын ИСАБЕК

Конференцияда алғашқы болып сөз тізгінін алған «Әділет» қоғамдық бірлестігі торағасының орынбасары, филология ғылымдарының докторы, профессор Әнес Гарифолла:

– Бұл ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынұлының, Дінмұхамед Қонаевтың мерейтойлары аталып өтпек. Бүгінгі басқосулы осы мерейтойлардың тоқмағары деуге болады. Өздеріңізге мәлім, ел Президентінің наурыздағы Жолдауынан кейін елімізде тың серпіліс орын алуда. Қапшағай қаласының Қонаев атамыздың атына ауысып, облыс орталығына айналатыны көпті қуантуда, – деді.

Келесі кезекте сөз сөйлеген Халықаралық «М. Әуезов» қорының президенті Диар Қонаев қос тұлғаның де туыстық байланысы бар екенін алға тартты. Дінмұхамед Ахметұлы басшылық жасаған жылдары кен-байтақ Қазақстанда 68 жұмыспшлар кенті мен 43 қала салынғанын атап өтіп, өзі іргесін қалаған Қапшағай қаласына Қонаевтың есімі берілуі зор мақтаныш екендігін жеткізді.

Мәнберге шыққан Халықаралық «Ә. Марғұлан» қорының вице-президенті Данеля Әлкейқызы ата әлемге әйгілі ғалым, археолог, тарихшы, этнограф, филолог, академик әкесі Әлкей Хақанұлының қазақ халқының тарихы мен мәдениетіне, ғылымына қосқан ұшан-теңіз еңбегіне шолу жасап, қызықты деректермен бөлісті. Мұхтар Әуезовпен қарым-қатынасы туралы әңгімеледі. Әкесінің еңбегін көздің қарашығындай сақтап, жинақтап, ұсынуының нәтижесінде биылғы жылы 14 томдық кітаптың басылуына мұрындық болғандығын да атап өтті.

Сондай-ақ, конференция барысында сөз сөйлеген М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Тәуелсіздік дәуірдегі әдебиет бөлімінің меңгерушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор Гүлжаһан Жұмабердікызы, М. Әуезов атындағы мұражай үйінің ғылыми қызметкері Ермек Ханкей, «Д. Қонаев» атындағы халықаралық қордың вице-президенті Болат Байбол, жазушы Талғарбек Смаилұлы, Қонаев мұражайының директоры, филология ғылымдарының докторы Болысбек Батталханов, Жазушылар одағының мүшесі, ақын, «Ғ. Мүсірепов» атындағы қордың тораға Габиден Жақей, Қазақстан Ғылым академиясының академигі Әбікен Бектұровтың немересі Анеля Бектұрова естеліктерімен бөлісті. Қос тұлғаның үрім-бұтақтары айтқан әңгімелерді түздыбастаулық тұрғындар мен мектеп оқушылары сүттей ұйып тыңдады. Замана заңғарына айналған тарихи тұлғалардың өмір өткелдерін өзек еткен конференциядан өскелең ұрпақ зердем ой түйін қайтты.

Түздыбастау ауылы, Талғар ауданы

▲ӘЛЕУМЕТ

Төлем мөлшері өсті


Биылдан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан еңбекке қабілеттілік және асыраушысынан айырылу жағдайлары бойынша төленетін әлеуметтік төлем мөлшері 5 пайызға, ал сәуірден бастап қосымша 4 пайызға артты. Осылайша жалпы төлем сомасы өткен жылмен салыстырғанда 9 пайызға өсті.

Жұмыс істейтін азаматтардың төлемдерінің орташа мөлшері жұмыс істемеген алушылармен салыстырғанда шамамен 30 мың теңгеге жоғары. Сонымен бірге, сәуірден бастап айлық есептік көрсеткіштің ұлғаюына байланысты кордың төлемақы беруге қатысу құқығын алу үшін ең төменгі деңгейде алуы қажет сома 24 000-ға жуық, оның ішінде, облыс бойынша 33079 адамға төлем мөлшері ұлғайтылды.

Қордан төленетін әлеуметтік төлемдердің ұлғайтылған сомасы ағымдағы жылдың сәуірді қоса алғанда мамыр және маусым айларында төленетін болады.

Э. БОРАНБЕК,
«МӘСҚ» АҚ облыс бойынша филиалының директоры

ANTIKOR



Айыппұл арқалады

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті әкімшілік сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуді басты міндеттерінің бірі ретінде қарайды.

Қабылданып жатқан шаралардың нәтижесінде биылғы 17 мамырдағы жағдай бойынша сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарымен байланысты (ӘҚБтК-нің 154, 680-баптары бойынша) 28 әкімшілік хаттама толтырылды.

Кәсіпкерлік қызмет саласына және басшылық тарапынан қабылданбаған шараларға байланысты 28 мемлекеттік қызметші әкімшілік жауапқа тартылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің әкімшілік материалдары бойынша салынған айыппұлдардың жалпы сомасы 10 млн. теңгеден асты. Мысалы, ӘҚБтК-нің 154-бабына сәйкес тыйым салынғанына қарамастан кәсіпкерлік қызметпен айналысуына байланысты облыс бойынша көліктік бақылау инспекциясының бас маманы әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның кірістері тәркіленіп, 200 АЕК көлемінде (612 600 теңге) айыппұл салынды.

– Дәл осы баптан облыс бойынша 23 мектеп директоры кәсіпкерлік қызметпен айналысқаны үшін әкімшілік жауапқа тартылды. Қазіргі уақытта білім беру мекемесі басшыларының барлығына 200 АЕК, яғни, 612 600 теңге көлемінде әкімшілік жаза тағайындалды. Сонымен қатар, Алматы облысының 4 мекеме басшысы ӘҚБтК-нің 680-бабына сәйкес мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қолға алмағаны үшін әрқайсысына 50 АЕК (153 150 теңге) көлемінде айыппұл салынды, – деді аталған департаменттің превенция басқармасының басшысы Аскар Садықов.

Осы орайда департаменттің ресми өкілі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мекемесі қолданыстағы заңнамада қарастырылған жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тиісті шаралар қабылдамайтын мемлекеттік органдардың басшылары мен лауазымды тұлғаларына әкімшілік ықпал ету шараларын қолдануға уәкілетті екенін ескертті. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық деректері туралы белгілі болған жағдайда, азаматтардың агенттіктің тәулік бойы жұмыс істейтін 1424 Call-орталығына хабарласа алатындығын жеткізді.

▲ЭТНОФЕСТИВАЛЬ

«Жоңғар Алатауы» ұлттық саябағы аумағында Алматы облысы құрылғанының 90 жылдығына орай «Сиверс алма ағашының түлдеуі» атты этнофестиваль өтті. Шараны облыстық мәдениет басқармасы, «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы және «Алтын адам» Жетісу шеберлері орталығы» қоғамдық бірлестігі ұйымдастырды.

Қажет АНДАС

Қазақстан – әлемдегі табиғи байлығы мол мемлекеттің бірі. Біріккен Ұлттар Ұйымында «Елді ашаршылықтан қорғау» деген өсімдіктер тізіміне Жетісу жеріндегі 25 өсімдік енгізілген. Осы өсімдіктерді қорғау мақсатында Жетісу өңірінде 2005 жылы «Шарын», 2007 жылы «Көлсай көлдері», 2010 жылы «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі ерекше қорғалатын аумақ ретінде құрылды. «Жоңғар Алатауы» ұлттық саябағының құрылуына жерлесіміз, биология ғылымдарының кандидаты, профессор, академик Құралай КӨРІБАЕВА ерекше еңбек етті. Аталған шараға Құралай ханым да келіпті.

– Біраз жыл ҚР Тұрақты даму мен Ұлттық экологиялық орталығының оңтүстік аймақтық бөлімінің басшысы ретінде Жетісу жеріндегі бірқатар жобаның жүзеге асуына қол ұшын бергенімнің өзі өмірімнің ең ұмытылмас сәті десем де болады. Сол қатарда Жетісу Алатауында «Жоңғар-Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының ашылуына тікелей басшылық еттім. Көптеген халықаралық ұйымдардың мүшесі ретінде әлемдік деңгейдегі жобалардың атқарылуына инвестиция тарту арқылы атсалыстым.

Десе де жаңа табиғат паркінің ашылуы экологтардың, орман шаруашылығы саласындағы мамандардың, жұртшылықтың, мемлекеттік органдардың көп жылғы жұмыстарының нәтижесі. Өйткен, саябақ ашылмас бұрын «Таулардың жабайы алмасынан XXI ғасырдың бау-бақтарына дейін» деген тақырыппен «Жоңғар Алатауының» құрамына енетін таулардың толық картасы жасалды. Сол тұста бұрынғы 37 генетикалық резерваттың 11-і ғана сақталып қалғанын байқадық. Бұған тау бауырайындағы жердің тиімсіз пайдаланылуы, тұрғын үйлер санының көбеюі кері әсер еткен, – дейді профессор бізге берген сұхбатында.

Бүгінде әлемде 30 мыңнан артық мәдени алма сорты болса, Америка, Африка, Еуропа, Азия құрлығында өсетін алманың түп тегі саналатын Сиверс алмасы «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық саябағының аумағында өседі. Саябақ алқабының 1,5 пайызын Сиверс алмасының жабайы жемісті алқаптары алып жатыр. АҚШ-тағы Гарвард университетінде халықаралық генетиктер әлемдегі өсімдік атауларының атағегінің пирамидасын жасаған. Оның ең басында Жетісу таулы аймағында өсетін жабайы Сиверс алмасының гені тұр. Сондай-ақ, оның Азия, Еуропа, Африка, Америка елдеріне тараған бағыты көрсетілген. Өкінішке қарай, өткен ғасырдың 60-шы жылдары алма бақтарын сорттандыру бағдарламасы мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы тау бөктерлеріндегі жабайы алма ағаштарының көптеп кесілуі, отынға пайдаланылуы салдарынан осы табиғи алма ормандарының көлемі тарылып кетті. Табиғат жанашырларын алаңдататын тағы бір жағдай – орманның бүлінуі. Оған ормандағы санитарлық жағдайдың нашарлығын жатқызуға болады. Бір қуанарлығы, осыған дейін мемлекеттік парктерде орманның жаппай ауруға шалдығу жағдайы кездеспеді. Алматы облысы ірі өндірістік аймақ болса да орман қоры жерлерінің өндірістен, өндіріс қалдықтарынан зардап шеккен жағдайы тіркелмеді. Қайта ұлттық саябақтар орман байлығын жыл сайын молайтып келеді.

– Ұлттық саябақ құрылғалы орташа есеппен жылына 30 гектар аумаққа Сиверс алмасының көшетін егеміз. Кейінгі он жылда 300 гектардан астам жерге алма ұрығын септік. Алда тағы да 5 жылдық жоспарымыз бар. Өткен жылғы Президенттің 2 миллиард ағаш көшетін отырғызу тапсырмасы бойынша биыл ағаш көшетінің ұрығы себілетін 28 гектарға тағы да 6 гектар жерді қосып, мине, бір аптә болды, жоспарды толық аяқтап отырмыз, – дейді «Жоңғар Алатауы» ұлттық саябағының директоры Марат Кәбиев.

Шара аясында ұлттық және спорттық ойындар, жарыстар өтіп, этноэрменже және ұлттық қолөнер бұйымдары, кәдесыйлар мен түрлі тәттілердің де саудасы ұйымдастырылады. Бұл шараларды «Алтын адам» Жетісу шеберлері орталығы» қоғамдық бірлестігі атқарды.

– Біздің бірлестік бірнеше бағытта жұмыс істейді. Басты мақсат – аймақтағы қолөнер шеберлерін анықтап, олардың қандай өнер түрімен айналысатынын нақтылау. Сосын қолөнер шеберлерін облыстық, республикалық, халықаралық көрмелерге қатыстырып, жұртқа танылуына көмектесу. Сондай-ақ, туристер жиі келетін өңірлер, ұлттық саябақтармен кәсіпқой жасай отырып, шеберлердің қолөнер бұйымдарын сұрт назарына ұсыну. Қысқасы, қолөнер шеберлерінің жұмысын өркендетуге қатысты қандай бағыт болса, соның бәрімен жұмыс істеуге дайынбыз, – дейді «Алтын адам» Жетісу шеберлері орталығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Дина Бәкірова.

Бағдарламаға сай этнофестиваль аясында Теректі өзеніндегі бойына киіз үйлер мен шатырлар тігіліп, онда жетісулық шеберлердің көрмесі қойылса, ортаға тігілген сахнада концерттік бағдарлама көрсетілді. Облыстық "Mergender Ordasy" салақ ату бойынша шеберлік сағаты мен этнотуризмді дамыту бойынша дәріс өткізді.

– Жалпы, ең алғаш ат баптап, үзеңгіге шіреніп тұрып салақ тартуды бізден бабаларымыз ойлап тапқанмен, кейінгі дәуір сол өнерімізді ұмыттырып жіберді. Сондықтан сол ақтаңдақты жою үшін екі жыл бұрын "Mergender Ordasy" салақшылар федерациясын ашып, жайлап жұмыс істеп келеміз. Өзім шетелдің 12 елінде болып, ол жақтағы салақшылардың өнерін көріп, соны аймағымызға енгізсек деген ниетте еңбектенін жүрміз. Бүгінгі фестивальға келіп, өнерімізді жерлестерімізге көрсетіп жатырмыз. Жұртшылықпасы жақсы. Қазір Алматы қаласы мен оған жақын орналасқан аудандарда дәстүрлі салақ атудан 4, жамбыдан 3 мектебіміз бар. Алдағы уақытта басқа облыс орталықтарында да өз сыныбымызды ашпақпыз, – дейді "Mergender Ordasy" салақшылар федерациясының тораға Мұхтарқан Абаған.

Қысқасы, фестиваль жоғары деңгейде өтті. Дастарқаны кең, қолы ашық қазақпыз ғой. Сарқандықтар алыс-жақыннан келген қонақтарға ауылдың құрт-майын, кілегей-қатығын, сірнесін ұсынып, қонақжайлылығын да танытты. Таза табиғат аясында Теректі өзеніндің суынан салынған шайға мәдәлы жиһгірен көпшілік әркөн, садақ тартып, атқа мініп бір жасап қалды. «Жоңғар Алатауы» ұлттық саябағының қызметкерлері қонақтарды Сиверс алмасы мол өсетін алқапқа көліктерімен қыдыртып, мәре-сәре болды. Бұл шара келесі жылы да Сиверс алмасы гүлдеген кезде дәстүрлі түрде жалғаспақ.

Сарқан ауданы

Алманың атасы Сарқанда

№60(19055) Сейсенбі, 31 Мамыр 2022



▲ 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
– Алаш арыстары заманның сын-қатеріне қарамай, қазақ елінің мемлекетшілдік идеясын жаңғыртты. Өкінішке қарай, түгелге жуығы халық жауы атанып, қуғын-сүргін құрбаны болды. Еңбектері жойылды, ұзақ жылдар бойы олардың атын атауға тыйым салынды. Бірақ ұлтымыз ұлы перзенттерінің есімін санасынан өшірмей, жадында сақтай білді.

ҮЛКЕН ТЕРРОР

1937 жыл халқымыздың санасына тарихтың ең касіретті беттерінің бірі ретінде шегеленіп жазылып қойылған еді. Бұл жылы мемлекеттік саясат дәрежесіне көтерілген жаппай террор өзінің шыркау шыңына шықты. Тура 85 жыл бұрын, яғни, 1937 жылдың 23 ақпан – 5 наурыз аралығында өткен пленумда И. Сталин "Партия жұмысындағы кемшіліктер және троцкийшілер мен басқа да екіжүзділерді жою шаралары туралы" баяндама жасап, репрессияны тіптен күшейтті.

Осы ретте Сталин өзі атап көрсеткен «зиянкестердің принципсіз және идеясыз бандыларын, бірқатар барлау органдарына жалданып жұмыс жасаушы диверсанттар, тыңшылар, кісі өлтірушілерге» айналған троцкийшілерді кеңес елінің басты жауы деп жариялап, болашақ күрестің қандай ұранмен жүргізілетінін ашып айтты. Бұл іс жүзінде НКВД органдары алдына «халық жауларымен» күресті қалай жүргізу керек екенін білдірген нақты нұсқау еді.

Пленум барысында және ол аяқталғаннан кейін бүкіл ел көлемінде сенімсіз саналған кісілерді жаппай қамауға алу үдерісі дап ете түсті. Бұл қайғылы тағдыр пленумға қатысушылардың өздерін де айналып кете қойған жоқ. Соз партиялық жиында 72 адам сөйлеген еді. Солардың 52-сі дереу құлып астына қамалып, ату жазасын алды, тағы 2 адам өз-өздеріне қол жұмсап, өмірмен қоштасты. Ал бұлардың бәрі де пленумда Сталиннің пікірін қолдап, «халық жауларын» жоюға қол көтерген болатын.

Сот органы ретіндегі «үштіктер» ОГПУ-дің 1929 жылғы 29 қазандағы циркулярымен құрылған болатын. Оларға істерді тергеуге және сот отырыстарына дейін алдын ала қарау тапсырылды. Ал 1937 жылдың 5 шілдесінен бастап, бұл топ өзі өлім жазасын тағайындай беретін құқыққа ие болды. «Үштіктің» құрамына НКВД-ның облыстық немесе өлкелік басшылары, облыстық немесе өлкелік прокурорлар, өлкелік немесе облыстық партия комитеттерінің хатшылары кірді. «Үштіктің» дербес құрамын ОК Саяси бюросы бекітті. Бюро отырыстарында қамауға алынып, өлімге үкім етілгендердің «нақты» тізімдері бекітіліп тұрды.

КСРО Ішкі істер халық комиссары Н.Ежов 1937 жылғы 30 шілдеде өзінің БКП(б) ОК Саяси бюросының қаулысын жергілікті жерлерде қалай жүзеге асыру керектігі жөніндегі №00447 санды әйгілі шұғыл бұйрығын берді. Онда «антикеңестік элементтерді» репрессияға ұшырату тәртібі, мерзімі, лүкымы белгіленді.

Қуғын-сүргінге түскендердің бәрі алған жазалары бойынша екі түрлі дәрежеге жатқызылды. Олардың бірінші дәрежедегілерін «үштік» атуға жіберсе, екінші дәрежедегілерін 8 жылдан 10 жылға дейін лагерьлерге айдады.

Бұл бұйрық бойынша репрессиялық шара 1937 жылдың тамыз айынан желтоқсан айына дейін жүріп, КазКСР-де 2500 адамды бірінші категория бойынша (ату жазасы), 5000 адамды екінші категория бойынша (лагерьге қамау) соттау жоспарланды. Көрсеткішке келер болсақ, жоспар мынадай болды:

1. Солтүстік Қазақстан облысы – 650, 300, 950;
2. Оңтүстік Қазақстан облысы – 350, 600, 950;
3. Батыс Қазақстан облысы – 100, 200, 300;
4. Қостанай облысы – 150, 450, 600.

Бұдан бөлек, тағы үш облыс көрсетілді. Ал Алматы облысында жоспар 200, 800, 1000 адам болған.

Қазақстан БКП(б) ОК бірінші хатшысының бос орнына келген армян Левон Мирзоян жоғарыда көрсетілген лимитті көбейту жөнінде Сталиннің атына 3 қазанда, 14 қарашада, 1 және 14 желтоқсанда шифровка жазған. Бұл хатында Мирзоян: «Бірінші категория бойынша ату жазасына 2500 адам кесілді, бірақ Қазақстанда Кеңес өкіметіне қарсы шығушылар әлі де көп, сондықтан, Қазақстан үшін лимитті көбейтуіңізді сұраймын», – деген. Осындай хаттардан кейін 4 айда аяқталу керек болған репрессия 11 айға созылып, Қазақстанда 25 мыңнан астам адам ату жазасына кесіліп, 103 мыңнан астамы әртүрлі түзеу лагерьлеріне жіберілді.

Большевик көсемдерін мұндай қуғын-сүргінге жетелеген не нәрсе? Тарихшылар қазір мұның бірнеше нақты себебі бар екенін айтып отыр. Біріншіден, тұрғындардың бірқатар бөлігін мемлекет үшін тегін жұмыс күшіне айналдыру қажеттігі туды. Өйткені, елде аптарылуға тиісті жұмыстар өте көп еді де, олар үшін төленетін ақша жеткіліксіз болды. Екіншіден, бір адамның жеке билігін күшейте түсу үшін осындай қатыгез қадам жасалды. Жаңа идеология үшін жаппай табынатын адамдар керек-тін. Үшіншіден, тоталитарлық қоғамның қанаушылық қарымы мен аукымын кеңейту бағыты назарда ұсталды.

Қалай дегенде де бұл кезең бір мемлекеттің өз азаматтарын қырып-жоюға арналған, оны ең алдымен қатарды оқшерінен айыруға бағытталған кең ауқымды қанды қасап болды.

Мейіржан МҰСАБАЕВ,
«Саяси қуғын-сүргін құрбандары» музейінің меңгерушісі
Талғар ауданы

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Кеңес одағы құрамында болған кезеңдегі ақтаңдақ тұстар зор құлшыныспен зерттеле бастады. Саяси қуғын-сүргін көрген арыстарымыздың ақтаудан бастап Алашорда, халықты ұжымдастыру мен аштық, саяси репрессия тарихы терең зерттелін, көптеген шындықтың беті ашылды.

СОЛАҚАЙ САЯСАТ СОЙҚАНЫ

Өткен ғасырдың 20-30-шы жылдарындағы Қазақстанда орын алған саяси жағдайларға қатысты ҚР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы комиссиясының қорытындысында: «Күштеп қысым жасау мен зорекі отбарлыққа қарсылық ауылшаруашылық өндірісінің күрт құлдырауынан ғана көрініп қойған жоқ. Бүкіл елдегі сияқты, Қазақстанда да халық ашықтан-ашық наразылық көрсетті, ол бірсыпыра реттерде шаруалардың қарулы қимылына ұласты. Қазақстанда 1929-1931 жылдары 372 көтеріліс болды, оларға 80 мыңға жуық адам қатысты. Әсіресе, Созақ, Шемонаиха, Бұқтырма, Ырғыз, Қазалы, Қарқаралы, Семей, Абыралы, Бүйен-Ақсу, Шыңғыстау, Бөрлібаев, Кастек, Балқаш, Шұбартау, Маңғыстау және басқа аудандардағы шаруа қозғалыстары ерекше кәсіреттермен әйгілі болды. Көтерілістің аяғы халықтың республикадан тыс жерлерге, соның ішінде шетелдерге үдере көшуіне жалғасты», – деген мәлімет келтірілген еді. Кеңес өкіметінің 1928 жылғы байларды конфискелеу саясаты үлкен көлемде ұрымырлы. Мәскеудің тікелей тапсырмасын орындау мақсатында жергілікті атқарушы комитет бар күшін салып, мыңдаған байды, орта шаруаны конфискелеп, жер аударды. Талан-таражбен тартып алған малды келей-кепшікке таратып, аз уақытта жоқ етті.

Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың (ОГПУ) деректеріне сүйенсек, 1929-1932 жылдар аралығында қазақ даласында ұжымдастыруға қарсы 80 мың адам қатысқан 372 көтерілістің барлығы дерлік басылып, оған қатысқандар қатаң жазаланған. Архив құжаттарын ақтарып отырсақ, шаруалардың үкіметке қарсы көтерілуі бір жерде бейбіт түрде өтсе, кей жерлерде қарулы қақтығысқа ұласқан. Жалпы осы көтерілістерге байланысты ғалымдар арасында түрлі пікір қалыптасқан. Бірі оны «шаруалар толқуы» десе, кейбір ғалымдар «үкіметке қарсы наразылық», «кеңеске қарсы наразылық», «шаруалар көтерілісі», «көтеріліс», «халық көтерілісі» деп жазып жүр. Қалай атаса да бұл халықтың Кеңес үкіметінің жүргізіп отырған соғысай саясатына қарсылық білдірген жан айқайы, наразылығы еді.

1930 жылдың 19 ақпанында ұжымшар құрылысын өрістету және бай-кулактарға қарсы күресу туралы қаулы қабылданып, мал-мүлкі тәркіленген байларды жер аудару ісі округтік атқару комитеттеріне берілді. Осы жылдың қыстар-ақпан айларында өкімет тарапынан жасалған зорлық-комбылыққа қарсылықтар шыға бастады. Ондай көтерілістер қазақ елінің барлық аудандарында дерлік өріс алды. Мал-мүлікті жаппай тәркілеп, ұжымшар ұйымына күштеп көндіру әрекеттері, «шаш ал десе, бас алатын» кеңестік шолақ саясатқа, оспадарсыз салыққа, озбырлық істерге төзбеген халық 1930 жылы наурыз айының 20-ынан бастап ашық көтеріліске шықты. Мақсат – түрмеге қамалғандарды босатып, кеңестік биліктің озбырлығына қарсылық таныту. «Матай елінің игі жақсыларын Ақсудағы түрме қамауынан шығару үшін Бөрте елінен бастау алған «Бөрібай көтерілісі» 1930 жылы, 25 наурызда Бүйен-Ақсу ауданында №3 ауылында жиын өтіп, азық-түлік салығына, асыра сілтеуге қарсы тұру сол ауылдан бастау алды. Қарапайым халық ашатаяқпен, балтамен қарулануға келіп, Ақсудағы түрмеден, бастапқыда ұсталған игі жақсыларды босатып алады. Көтерілген халық бірнеше елді мекенді басып алып, ұстап тұрды. Ақ-қарасын анықтамай, қызылдар көтеріліске қатысқандарды жазалаған», – деп жазылған сол тұстағы есепте.

Бисебай Қылышев пен Арнай Сарбасов басқарған Матай елінің көтерілісшілері 1930 жылдың 26 наурыз күні Ақсу елді мекенін басып алады. Осылайша игі жақсылар түрмеден босатылады. Саны жүздеп көбейген көтерісшілер екіге бөлініп, бір бөлігі Қапалға, бірі Сарканға қарай бет алады. Бірақ, қаруланған қызыл отрядтар шығып, көтерілісті жедел басады. Кеңес өкіметінің ОГПУ органдары шұғыл қимылға көшіп, 27 наурыз күнгі кеште Ақсудағы көтерілісті басуға 7 пулеметпен, қалғаны аңшы мылтығымен қаруланған 25 жауынгерден тұратын жазалаушы отрядты суыт жөнелтеді. Жазалаушы отряд 28-ші наурыз күні Ақсуға бір шақырымдай жерде көтерілісшілермен кездесіп қалады. Қым-қуғын атыс басталып, жазалаушы отряд қоршауға түседі. Түн қараңғысында жазалаушы отряд ебін тауып, қоршау қыстағынан сытылып шығып, Сарканға жетеді. Жазалаушы отрядтан Сарқан комсомолының хатшысы ғана жараланады. «Ақсу көтерілісінде НКВД-ның қолынан 68 адам өліп, 517 адам тұтқынға алынды», – делінген тергеу ісінің қорытынды құжатында. Онда: «Бұл көтеріліс үш тарапты Ақсу, Сарқан, Қапал бағытына қарасты өткен. Қарашоқыда өткен жиында Сардарбек Сыртпанов, Батырбеков, Тасыров дегендер ұйымдастырған. Олар Арасан, Сарқанды басып алмақ болған. Бөрте елін Арнай Сарбасов, Бисебай Қылышев деген азаматтар қолдап, Ақсуды алған. Қапал бағытын Тәжекеннің Қожабегі басқарып, Арасанды алған», – деп жазылған. Оларға қарсы қаруланған отрядтар шығып, күдік тұтылған жанның бәрі ұсталады. Ұсталғандарға «кеңес өкіметіне қарсы болдыңдар» деген айып тағылып, түрмеге қамалады. ОГПУ-дің орталыққа берген мәліметінде 1930 жылы Ақсу аймағындағы ірі көтеріліс жойылған. Аталған көтерілісті бай және Алашорда элементтері басқарған. ОГПУ органдары 1930 жылы сонымен бірге Лепсі, Сарқан, Черкасской және т.б. «Тоғыз» деп аталатын контрреволюциялық ұйымдардың жойылғаны туралы ақпарат берген.

Алматы облысының мемлекеттік архив қорларында сақталған деректерге назар салсақ, көтеріліске қатысушылардың кейбірі туралы мынадай мәліметтер келтірілді.

Ахмет Байгөбеков 1881 жылы Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған. 52 жаста. 1930 жылғы Наурыз ауылындағы көтеріліске белсенді қатысушы, бұрын істі болмаған, бай, сауатты. 1933 жылы 23 маусымда ОГПУ үштігінің шешімімен соң кезегі қылмыстық кодекстің 58-бапының 7 тармағымен 10 жылға бас бостандығынан айырылған.

Бейсембі Төлеубаев 45 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, сауатсыз, бұрын істі болмаған, бай, бұрынғы старшынның баласы, 1930 жылы Наурыз ауылындағы көтеріліске белсенді қатысушы.

Сейтқазы Селімбаев 34 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, сауатты, бұрын істі болмаған, бай, бұрынғы сауыншы, тері илейтін зауыты бар.

Ақжолай Есімбеков 52 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, сауатсыз, бұрын істі болмаған, бай.

Әлібек Керекұлов 63 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, астық дайындау жоспарын орындамағаны үшін 3 жылға сотталған, 1930 жылы байлар көтерілісіне белсенді қатысушы.

Қожа Жүнісов 66 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, сауатсыз, бұрын істі болмаған, бай, ертеде 3 жыл ауыл старшыны болған, 1930 жылғы байлар көтерілісіне белсенді қатысушы.

Күшік Байбашев 58 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, шаласауатты, бұрын істі болмаған, бай.

Исатұл Ақжігітов 38 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, сауатты, бұрын істі болмаған, бай.

Мырзабек Өтемісов 44 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, бұрын істі болған шен-шабу науқанын тоқтатқаны үшін, 1917-1918 жылдары ақтар әскерінде қызмет етken, бай-алыпсағар.

Ыдырыс Жексенбеков 33 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, бұрын істі болмаған, бай, 1930 жылғы байлар көтерілісіне белсенді қатысушы.

Қабдулла Балабеков 20 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, бұрын істі болмаған, байдың баласы.

Құрманғали Ахметов 25 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, шаласауатты, бұрын істі болмаған, байдың баласы.

Сатифулла Арқабаев 31 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, сауатты партия мүшесі, бұрын істі болмаған, кедей.

Нұрбек Мырзабаев 26 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, бұрын істі болмаған, орташа.

Жексебек Сүлейменов 21 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, бұрын істі болмаған, байдың баласы, 1930 жылғы байлар көтерілісіне қатысушы.

Орынбасар Дадаев 38 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, партия мүшесі, кедей.

Киреев Константин Федорович орыс, Лепсі ауданы Покровка селосының тұрғыны, 25 жаста, бұрын істі болмаған. Орташа.

Жүніс Жеңгілбаев 65 жаста, Алматы облысы Ақсу ауданының 6 ауылында туған, бұрын істі болмаған, кедей, 1930 жылғы наурыздағы көтеріліске қатысушы.

1930 жылдарда болған шаруалар көтерілісінің нәтижесі аса қайғылы болды. Себебі Кеңес өкіметі көтеріліске қатысты дегендердің барлығын аяусыз жазалады. Басшылары өлім жазасына кесілді. Қалғандары 3 жыл мен 10 жылдық аралығында сотталды. Көтеріліске қатыспаса да бірақ білін тұрып тиісті орындарға айтпағандар да сотталып кеткен. Бір жағынан аштық қысқан, екіншіден, үкіметтің қысқа саясатынан әрі наразылықтан жазалаушыға ілікken шаруалар жері, елін тастап басқа өңірлерге қашуға мәжбүр болды. Осы жылдар аралығында Қытай жеріне мыңдаған шаруа мал-жанымен өтіп кеткен. Ұжымшардан қашып, шетелге өтуге қамданып жүргендерді және шегарадан жасырын өтіп бара жатқандарға кеңес әскерлері тосқауыл құрып, талай адамды қырып тастаған.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 24 қарашадағы «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құру туралы» Жарлығында халықаралық стандарттар мен құндылықтар негізінде саяси қуғын-сүргіннің жазықсыз құрбандарына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру, олардың алал және игі есімдерін халық пен ұрпақтарына қайтару міндетін басты мақсат ретінде алға қойды. Осы мақсатқа толыққанды қол жеткізу үшін архив қызметкерлері, тарихшылар, зерттеушілер, өлкетанушылар, саясаттанушылар, құқық қорғаушылар және өңірлік басқа да зерттеушілердің алдында үлкен маңызды жұмыстар тұр.

Г. АСЫЛХАНОВА,
облыстық мемлекеттік архивтің құжаттарды мемлекеттік есепке алу және сақталуын камтамасыз ету бөлімінің басшысы

ЖАЗЫҚСЫЗ жапа шеккендер жадымызда

Ел тарихының ең қайғылы беттерінің бірі – Саяси қуғын-сүргін жылдары миллиондаған адамның қаза болуына әкеп соққан қиын да кәсіретті күндерге тиесілі. Осыған орай жыл сайын ұжымдастыру кезінде аштыққа ұшыраған дарды, қызыл империяның қысымынан туған жерін тастап кетуге мәжбүр болғандарды еске аламыз. Сол жылдардағы адам шығыны мен отандастарымыз тартқан тағдыр таукыметі жайлы ойлаганда жан жүрегін езілмей қоймайды.



Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай «Қуғын-сүргінмен зардап шеккен көптеген ұлт өкілдері үшін қазақ жері құтты мекенге айналды. Ата-бабамыздан дарыған кайсарлық пен төзімділіктің арқасында қиын сыннан абыроймен өтіп, біртұтас ұлт ретінде бірігуге мүмкіндік алдық», – деп атап өтті. Сонау ұлмет жылдарды зерттеушілердің деректеріне қарағанда 1927-1953 жылдары Қазақстанда қуғын-сүргінге ұшыраған 125 мыңнан астам адамның 25 мыңы атылған. Осы жылдарда Кеңес одағында 953 лагерь болса, Қазақстанда 20-дан астам ГУЛАГ лагері болған. Жазықсыз жазаланғандардың қатарында Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхаметжан Тынышпаев, Міржақып Дулатұлы, Тұрар Рысқұлов, Магжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Санжар Асфендияров, Ыбырайым Жайнаков сынды мемлекет және қоғам қайраткерлері, ұлт зиялылары болды.

Тарихшылардың дерегі бойынша қуғын-сүргінді үш кезеңге бөліп караған дұрыс. Қуғын-сүргіннің бірінші кезеңі 1918-1922 жылдар аралығында болды. Бұл кезеңде патша үкіметінің бұрынғы шенеуніктері, әскерилер, большевиктердің саяси қарсыластары, ақ гвардияшылар, алашордашылар, имамдар, ірі саудагерлер, фабрикант байлар қуғын-сүргінге ұшырады. Большевиктік «Қызыл террор» деп аталған бұл кезең азаматтық соғыс жылдарына сәйкес келеді. Бейбіт халық ақ не қара екені анықталмастан қырғынға ұшырады. Жетісудағы халық осы қуғын-сүргін мен ашаршылық салдарынан көршілес Қытай жеріне босып кетуге мәжбүр болды.

1927-1933 жылдар аралығында болған қуғын-сүргіннің екінші кезеңінде «Ұжымдастыру» саясатына қарсы деген айыппен көптеген ірі байлар мен орташалар соттalып, мал-мүлкі тәркіленді. Солакай саясаттың зардабын халық тартып, 1932-1933 жылдар аралығында Қазақстан халқы жаппай ашаршылыққа ұшырады.

1936-1938 жылдар аралығында орын алған қуғын-сүргіннің үшінші кезеңін тарихшылар сталиндік «Үлкен террор» деп атайды. Бұл кезеңде негізінен «халық жауы» деген айыппен партия мүшелері, интеллигенция өкілдері, шаруалар қуғындалды. НКВД үштігі құрылып, жалған айып тағылған адамдар сот үкімінсіз атылды, итжеккенге айдалды. «Үлкен террор» мұнымен тоқтамай Сталиннің өліміне дейін, яғни 1953 жылға дейін жалгасты.

Осы кәсіретті де қиын жылдардың дәйекті дерегі ретінде Алматы облысының мемлекеттік архивінде тұрған 2, 270, 348, 408, 489, 685, 830 қорларда көптеген құжат сақталған. Онда Ілияс Жансүгіровті ату туралы анықтама мен фотоқұжаты, Сәкен Сейфуллиннің айыптау куәлігі және Досмұханбетовтың бақылау ісі, Садық Аманжоловтың өз қолымен жазған өмірбаяны, Ыбырайым Жайнаковтың Әскери-революциялық комитетке жазған хаты, хаттамасы, телеграммалары сияқты аса маңызды құжаттар бар.

1991 жылы Іле ауданының Әли және Талғар ауданының Жаңалық ауылдарын жалғаған жол бойынан 1930-1940 жылдар аралығында атылған 4121 адамның көмілген орны табылды. 1992 жылы Талғар ауданының Жаңалық ауылының аумағынан 3,5 гектар жер телімі бөлініп, мемориал ескерткіш орнату туралы Алматы облысы әкімінің шешімі шықты. Ал, 2002 жылы 31 мамырда Жаңалық ауылында қуғын-сүргін құрбандарына арналған ескерткіш ашылды. Облыс әкімінің қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіштің жобасына байқау жариялау туралы және облыс әкімінің 1992 жылғы 28 қазандағы Іле ауданы Әли ауылына қарасты жерде саяси қуғын-сүргін құрбандарына ескерткіш тұрғызу туралы шешімдері біздің архивтегі 972 қорда сақтаулы тұр.

Біздің халық саяси қуғын-сүргін кесірінен жазықсыз жапа шеккен қайраткерлердің есімдерін еске алу, олардың рухтарына құрмет көрсетуді есінен шығарған емес. Қадамын нық басып, іргесін берік қалаған Қазақстан халқы өткеннен сабақ алып, тарихтың кәсіретті беттерін ешқашан ұмытпайды. Тарихи жадымызда жатталған сол замандағы қиын кезеңнің табы берекебірлігімізді одан әрі бекемдеп, халық жадында мәңгілікке сақталады.

Айсұлу ДОНБАЕВА,
тарихшы
Қарасай ауданы

№61(18056) Бейсенбі, 2 маусым 2022

▲ЕСІМДЕРІ ЕЛ ЕСІНДЕ

ҚОС ҚАҺАРМАНҒА ЕСКЕРТКІШ ҚОЙЫЛДЫ

Желтоқсан көтерілісінің құрбандары Лаззат Асанова мен Ербол Сыпатаев жазиралы Жаркент өңірінің түлектері. Екі боздаққа Жаркенттегі Мәдениет үйінің алдында қолдан құйылған ескерткіш қойылды. Айта кетейік, Жаркент қаласында және оған жақын ауылдарда Лаззат пен Ербол атындағы көшелер бар. Көше тұрғындары жыл сайын тәуелсіздік қарсаңында іс-шара өткізіп, боздақтардың батырлығын дәріптеп, аларды еске алады.



1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің тарихи, саяси мәнін одан кейінгі жылдардағы қоғамдық өзгерістер аша түсті. Ал оның қаһармандары бүкіл қазақ халқының мақтанышына айналды. Желтоқсан көтерілісінің құрбаны болған жаркенттік ерлердің сол кездегі Алматы электротехника институтының екінші курс студенті Ербол Сыпатаев пен П. Чайковский атындағы музыка училищесінің студенті Лаззат Асанова ата-бабамыздың дәстүрлі ерлік дәстүрін жалғыртты. Осыған орай жазиралы Жаркент өңірінде екі алуға арналған ауқымды шаралар өтті.

Жаркенттік кос боздақ рухына бағыштап ас беру, басқа да қоғамдық-саяси іс-шаралар жасауды бастамашысы жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бексұлан Нұржекеев болса, оны алматылық қоғам белсенділері Амантай Кеңесқан пен Болатжан Қожахметов қолдады. Істің алға басуына Жаркент қаласында тұратын іскер әйелдер клубымдастығының мүшесі, журналист Роза Бістай, Жаушөгерлік дақ мұражайының меңгерушісі, тарихшы, Желтоқсан көтерілісінің ардагері Қали Ыбрайымжанов, республикалық «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық қозғалысының Панфилов аудандық филиалының төрағасы Мәулет Сымағұлов, кәсіпкер Сейітхұр Жекенбаев, қоғам белсендісі Ұлан Болатбеков, тағы басқа да азаматтар атсалысты. Боздақтардың рухына бағышталған шараға комакты қаржылай қолдау жасаған Екпінді ауылындағы Ербол Сыпатаев пен Ақжазық ауылындағы Лаззат Асанованың бейітіне басына барып, құрбандар рухына Құран бағыштауынан басталды. Бұдан кейін күрмеуі қиындатар мен жергілікті тұрғындар Жаркенттегі ауданлық Мәдениет үй алдындағы Ербол Сыпатаев пен Лаззат Асановаға қойылған қолдан жасалған ескерткіш алдына жиналып, «Желтоқсан желі ызғарлы» деген тақырыпта өткен іс-шарага қатысты. Жиын алдында аудан әкімі Марат Сағымбек, қоғам белсенділері, мәжіліс, кәсіпорын өкілдері ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Жиында алдымен аудан әкімі Марат Сағымбек сөз сөйлеп, ерлік пен елдікті өнегесі өркен жайған өңірдің тарихи тұлғаларына тоқталды. Шараның жас ұрпақ тәрбиесі мен Жаңа Қазақстан мемлекетінің өркені өркен жаюына ықпалы зор болып отыр. Бұл жиында жалыңды сөз айтып, тарих, ел тәуелсіздігі, тағылым роушіндегі оқиғалы ойларымен бағыныз ұйықтан тағы бір тұлға облыстық «Jetisý» газетінің бас редакторы, ақын, жазушы, облыстық Құрметті азаматы Әміре Әрін болды. Жүйелі сөзін ежелгі Күлтегіннен бастап, Шыңғысханның ұлы тарихи мақсаттарымен шыңдаған ол 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісі мен биылғы Қаңтар қақтығысына тоқталып, қазақ елінде елдік пен ерлік рухы жоғары екенін айтты. Жергілікті ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Исламғали Үркімбайұлының Ербол мен Лаззатқа арнап жазған «Намыс» атты толғауын жас өнерпаз Магжан Болысбаев оқығанда жиналған көпшілік көздерінде жас алып, толқи тыңдады.

Осы күні Жаркент қаласындағы ауданлық № 1 спорт мектебінде аудан әкімінің қолдауымен, республикалық патриоттық «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық бірлестігі мен Панфилов ауданлық бұқаралық іс-шараларды өткізу орталығының ұйымдастыруымен Желтоқсан көтерілісінің құрбандарын еске алуға арналған өңірдің спорт ардагерлері арасында волейболдан жарыс өтті. Оған ауданның ауылдық округтері мен Жаркент қаласынан төрт команда қатысты.

Жарыска қатысушы спортшыларға сәттілік тілеп «Amanat» партиясы ауданлық филиалының төрағасы Қанат Досмайылов, Алматы облыстық «Jetisý» газетінің бас редакторы Әміре Әрін, республикалық патриоттық «Желтоқсан ақиқаты» қоғамдық қозғалысы өкілдері Гүлбахрам Жүніс пен Нұрлыбек Қуанбаев сөз сөйледі.

Тартысты жарыс нәтижесінде Жаркент қаласындағы №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің командасы бірінші Бірлік ауылдық округінің волейболшылары екінші, Қоңыроленің ауылынан қатысқан Жұмағали Мәлікөв пен Жаркент қаласы командасының волейболшысы Ерболсын Есенов үздік ойыншы атанды.

Шара соңында Желтоқсан көтерілісінің құрбандары Ербол Сыпатаев пен Лаззат Асанованың рухына бағыштап Құран оқылып, жиынға тікелей қатысушылар дұға жасады.

Мырзағали НҰРСЕЙІТ

Панфилов ауданы

▲ОҚУ, БІЛІМ БАР ЖҰРТТА...

БАҒДАРЫ АЙҚЫН БІЛІМ ОРДАСЫ

Жоғары мектептің негізгі міндеті – білім беру, дене шынықтыру, спорт және өнер саласында білікті мамандарды даярлау. Сондықтан оның жұмысы мемлекеттің білім беру саласындағы стратегиялық мақсатына сәйкес түбегейлі жаңғыртуға бағытталған. Сондай оқу орнының бірі І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті 1972 жылы 25 қазанда Қазақстан Министрлер Кеңесінің қаулысымен Талдықорған педагогикалық институты болып ашылған. 1994 жылы 2 маусымда Талдықорған педагогикалық институты болып ашылған. 1994 жылы 2 маусымда Талдықорған университеті, 1999 жылы 21 сәуірде І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті болып өзгертілді.



Университетте экология және табиғатты пайдалану, ағылшын тілі, корей тілі, информатика, музыкалық білім, дене шынықтыру және спорт, бастапқы әскери дайындық және спорт, еңбек технологиясы және кәсіпкерлік, қаржы және несие, бухгалтерлік есеп және аудит, педагогика мен психология, дефектология, әлеуметтік педагогика, кедең, тарих, құқық пен экономика негіздері, тағы да басқа мамандық бойынша 4000-нан астам студентке 260 оқытушы дәріс береді.

Биыл аталған оқу орнының құрылғанына 50 жыл толып отыр. Жарты ғасырлық кезеңде университет қабырғасында мыңдаған студент сапалы білім алып, еліміздің түрлі саласында еңбек етуде. Әсіресе, түлектер арасында спорт, мәдениет және өнер саласында өскелең ұрпақты тәрбиелеу ісінде айтарлықтай жетістіктер көрсетіп, өз үлесін қосып жүргендер көп. Сол қатарда еркін күрестен Олимпиада ойындарының күміс жүлдегері, ҚР Еңбек сіңірген спорт шебері М. Мамыров, волейболдан спорт шебері А. Шалқыбеков, самбодан спорт шебері С. Чарапиев, аузақ айтысқадан әлем чемпионы В. Седов, бокстан спорт шебері, халықаралық дәрежедегі AIBA төрешісі Е. Суйеніш, самбодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, төрт дүркін Азия, қазақ күресінен әлем чемпионы Г. Ерболова, самбодан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, төрт дүркін Азия чемпионы, әлем чемпионатының қола, күміс жүлдегері Д. Жұмабаева, Аман Тәдеев сыйлығының лауреаты, «Өмірге ұмтылу» қоғамының президенті Д. Лопоногова, ф.г.к, доцент ҚазХҚжӘТУ тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры Т. Серёжкина, PhD докторы, MBA, «Almaty Management University» ғылым жөніндегі басқарма директорының орынбасары Д. Сапарғалиев, ҚР Суретшілер одағының мүшелері С. Сарсенбаева мен М. Касымбековаларды ерекше мақтанышпен атауға болады.

Соңдай-ақ, профессорлық-оқытушылар құрамы мен ғалымдары, ғылымизерттеу тобының мүшелері ғылыми жобаларды жүзеге асыруда белсенді атсалысуда. Олардың ішінде А. Үсенова, А. Әбдухайрова, А. Тынысханова сияқты елге танымал ұстаздар да бар. Сонымен қатар Г. Богодухов, м.г.д., Н. Смайыл, Т. Уварова, С. Сочин, Р. Хамитов, С. Канапиянов, Б. Битлеуов, Г. Галиева, Р. Саутов, Т. Дуанаев, Е. Теміров, Х. Валитова, Ж. Таубалдиева, Ж. Баримбеков, М. Шыныбаев, Ж. Камбаров сияқты білікті мамандар білім беру, ғылым және тәрбие үрдістерін жүзеге асырып, Жетісу университетінің тәнірлеуі оқу орнына айналуына еңбек етуде.

Осындай білімді де білікті ұстаздардан тәлім алған шәкірттердің де жетістігі көп. Сол қатарда бокстан Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Әлем чемпионатының қола жүлдегері Б. Ақбаева мен белбеу күрестен спорт шебері, әлем чемпионы С. Құрманғалиевті ерекше атауға болады. Ал дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің студенттерінен құралған университет командасы еліміздегі жоғары оқу орындары арасындағы жазғы универсиада қорытындысы бойынша жалпыкомандалық есепте 2011 жылы IV, 2013 жылы III, 2015 жылы V, 2017 жылы I, 2019 жылы III орын иегері атанды. 2013 жылғы дүниежүзілік жазғы универсиадаға қатысқан жоғарғы мектеп білімгерлері Д. Құрішбаева самбодан үшінші, И. Берсанов ауыр атлетикадан бесінші орынды жеңіп алды. Бүгінгі күнді 7 халықаралық дәрежедегі спорт шебері, 32 спорт шебері, 70-тен аса спорт шебері үміткер білімгерлер білім алуда. 2019 жылы «Атадан мұра» қоғамдық қоры ұйымдастырған II республикалық «Ұлы Дала ұрпақтары» шығармашылық байқауында 1 курс студенті Құрмет Тоғамбаев III орынды жеңіп алды. 2019 жылы «Қасіптік оқыту» мамандығы бойынша IX Республикалық пәндік олимпиадада Болат Бақыт, Әділбек Темірлан, Нұрлан Нұрболат («Электрон» командасы) III, биыл Нұр-Сұлтан қаласында «Алаш» өнер орталығы ұйымдастырған «Alash Star» халықаралық өнер байқауында 2-курс студенті Айбек Байділов «Вокал» номинациясы бойынша II орын иегері атанды.

Әрине, ұстаздың еңбегі қашанда шәкіртінің жетістігі арқылы өлшенетінін ескерсек, оқу орнының мәдениет, спорт, өнер бағытында тәлім алып жатқан білімгерлері өздерінің жетістігі арқылы ел өркениетіне орасан үлес қосуда. Соның бір парасын жоғарыда баяндадық. Ал осындай жетістіктерге жету үшін талпынып, табандылықпен жаттығуын жалғастырып, тынымсыз ізденіп жүрген шәкірттерімізді қатары да көп. Олар ертеңгі күні университет мақтанышына айналады деген сенімдеміз.

Ерлан ӨТЕГЕНОВ,
І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті дене шынықтыру және өнер жоғары мектебінің
► **деканы**

▲ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

ЖАТ АҒЫМНЫҢ ЗИЯНЫ

Дәстүрлі дінге қайшы ағымдарды қоғамда деструктивті немесе теріс пиғылды діни ағымдар деп атайды. Яғни, «деструктивті» деген сөз латын тілінен «құлату», «қалыптасқан жүйені бұзу» деген мағынаны білдіреді.

Жалпы айтсақ, діннің атын жамылған жат ағымдардың немесе топтардың мүшелері діни сауаты төмен, әлеуметтік тұрмысы нашар жастарымызды өз қармақтарына түсіру үшін өздерін ақиқат жолындағы шынайы діндарлар етіп көрсетеді. Сөйтіп Отанына, отбасына және ата-бабамыз гасырлар бойы дәріптеп дәстүрлі діниміз, қалыптасқан салт-дәстүрімізге күдік келтіріп, қарсы қояды.

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мен елдегі діни саланы реттеу мәселелері Қазақстанның мемлекеттік саясатының басты бағыттарының бірі. Сондықтан мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың бірлесе үйлесімді жасап жатқан жұмыстарының нәтижесінде елдегі діни ахуалдың тұрақтылығы сақталып келеді.

Деструктивті діни топтардың ықпалына түскен адамдардың бойында мынадай типтік белгілер кездеседі:
– діни тақырыпқа эсіре эуестенушілік;
– ата-анасына бағынбау, істерін теріс көру;
– өзіне тән емес бөтен және оқшау пікірлер айтып, оған қылықтар көрсету;
– өзінен-өзі тұйықталу;
– тамақтану тәртібінің бұзылуы;
– үй кітапханасындағы әдебиеттердің орнын басқа сипаттағы кітаптармен толықтыруы;
– еш себепсіз үйінен жиі кетіп қалу;
– отаншылдық сезімге, өз елінің тәл мәдениетіне, салт-дәстүріне, ата-бабасына мысқылдап қарау, үлкенге күрмет, кішіге ізет көрсетуден қалу;
– араласып жүрген адамдарына, отбасына, достарына, кәсібіне қарым-қатынасының өзгеруі.

Деструктивті діни ағымдар негізінен материалдық тұрғыда шегіне жеткен, бірақ рухани тұрғыдан әлсіреген ортадан шығуда. Олардың пайда болу шарттары да күрделі. Студент жастар, зиялы қауым өкілдері мен өнер жүлдыздары және қарапайым көпшілік арасында теріс діни ағымдардың жаппай таралуына және етек алуына қоғамдағы әлеуметтік психологиялық мәселелер де әсер етті. Күнделікті өмірлерінен мезі болған олар бақыты материалдық құндылықтардан емес, керісінше рухани құндылықтардан іздейді.

Қысқаша айтатын болсақ, еліміздегі, соның ішінде облысымыздағы діни саласында тұрақтылықты камтамасыз ету бағытындағы атқарылып келе жаткан кешенді жұмыстар дәстүрлі құндылықтар мен мәдениетімізді дәріптеуге қосылып жаткан үлес деп білемін. Ұлтымыздың терең тарихы, әрбіріңде өнеге жаткан салт-дәстүрлеріміз бүгінгі жастарды, болашақ ұрпақты адастырмайтын темірқазық екенін ұмытпайық.

Айбар АЙДАРҰЛЫ,
діни экстремизм құрбандары мен деструктивті ағым ұстанушыларын оңалту орталығының теологі

Балалар жылы 2022

Тәрбие бесігі

Балабақша – баланың дүнетанымын қалыптастырып, тәрбие негізін қалайтын орта. Жеткіншектерімізді бойына жақсы қасиеттерді сіңіріп, қабілеттерінің ашылуына ұйытқы болатын киелі орын. Өйткені, ондағы оқу іс-әрекеттері негізінде бала тілі, танымдық қасиеті, шығармашылық дағдылары дамиды. Ортаға бейімделіп, тәртіпке бағынады, өзі сынды балдырғандармен қарым-қатынас орнатады.

Бала – еліміздің ертеңі болғандықтан, оған кішкентай күнінен дұрыс тәрбие беріп, білімнің алғашқы негізін құя білген жөн. Осы орайда тәрбиешілер ертегі, жұмбақ, ойындар арқылы баланың бойына адамгершілік, жауапкершілік, еңбексүйгіштік қасиеттерді сіңіреді, жақсы әдет-қылықтарға баулиды. Үлкендерді құрметтеуге үйретіп, патриоттық сезім туралы алғашқы түсініктер қалыптастырады.

Баланың үлгілі тәрбие алуы отбасындағы қарым-қатынасқа да тікелей байланысты. Сондықтан ата-ана бала тәрбиесіне бірінші күннен мән беріп, ұрпағының саналы, тәрбиелі, білімді болып өсуіне ден қойғаны абзал.

Бала тәлімінде тәрбиешілер үлкен орын алғанымен бүлдіршінді шынайы бақытқа бөлейтін ата-ананың жылуы, аялы алақаны, мейірімі. Сол себепті бала отбасында ата-ананың ыстық ықыласына бөленіп өсуі тиіс. Ал балабақшада тәрбиеші бүлдіршінің нәзік жанын ұғынып, бар мейірімін төге білсе, соған сай жеткіншектерімізге де бойындағы бар қабілетін ашады. Балабақшаға шаттанып келіп, қуанып үйіне қайтады. Бұл жерде тәрбиеші мен ата-ана байланысының да маңызы зор. Балабақша мен отбасы арасында тығыз қарым-қатынас орнаған жағдайда ғана балаға берілетін тәрбие нәтижелі болады.

Бала – болашағымыз, оның ертең қандай тұлға болып қалыптасатыны сіз бен біздің берген тәрбиемізге байланысты. Сондықтан да бүлдіршіндерімізді асыл қасиеттерге, адамгершілікке баулудан жалықпайық. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» демекші, ел сенімін ақтайтын ұл-қыз тәрбиелеу – біздің басты парызымыз.

Айдана КЕРВЕНЕВА,
А. Макаренко атындағы №6 орта мектебіне қарасты мектепке дейінгі шағын орталығының тәрбиешісі

Талдықорған қаласы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директоры:
Досан АТАНТЕЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркелiп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32, Қапшағай қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55. Талғар ауданы — 8-701-400-28-49. Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Айдар ҚАЛИЕВ

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландыруларды мазмұнын және мәтінінің жарнама беруші қауретті.

Компьютерде 16-шы кәріппен терілгенде 8 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциямен жазбаша рұқсат керек.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында терілді, беттелді. Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Сурет өлшемін ұлғаю немесе кішірею жағына беруге болады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде "Алматы — Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 572
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010. Индексі - 65469.

№62 (18057) сенбі, 4 маусым 2022

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

▲ТАҒЫМ



ЗҰЛМАТ ҚҰРБАНЫ

1931-1933 жылдары қазақ халқының аштыққа ұшырауында субъективті жағдайлар шешуші рөл атқарды. Халық тағдырына қатысты ондай қасіреттің болу себептерін XIX ғасырдың ортасында-ақ Шоқан Уәлиханов: «Қисыпсыз теорияға немесе өзге халықтың өміріне негізделіп, зорлықпен, ырықсыз жасалған реформа адам баласын жойқын апатқа душар етіп келеді» деп тұжырымдады. 1929-1932 жылдарда көшпелі қазақ шаруаларын күшпен ұжымдастыру Шоқан айтқан кемеңгерлік ойдың нағыз айғағына айналды. Бар тіршілігі төрт түлікке тікелей байланысты қазақтың малын түгелдей колхозға алып, зорлықпен ұжымдастыру ашаршылыққа басты себеп болғаны талассыз нәрсе.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Революциялық сілкіністерден кез шыпаған өткен ғасыр көшінен XX ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болды. Біріншіден, ұлттық дамудың ықпалым заманнан жалғасып келе жаткан өзімізге ғана тән жолы бірқолға күйреп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз танылды. Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді. Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады. Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды» – деп баға берді.

Мұндай зобалаң жылдардың қасіреті Балқаш ауданын да айналып өтпеді. Тарих бетінде айшықталып қалған «Ақжал көтерілісі» осы өңірдің ақсақалдарының

ауыр жылдардың құрбаны болған балқаштықтардың саны ресми мәліметтен едәуір көп. Олардың есімдері Голощекиндік жылдарының бедерінде ғана жарыққа шығып, мемлекет тарапынан ақталып жатқан жайы бар. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген. Бүгінгі таңда өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып жатыр. Құдайға шүкір, арыстай азаматтардың жазықсыз жала шеккендерін архив құжаттамаларына сүйене отырып дәлелдеп, оларды ақтау жұмысы да мемлекет тарапынан қолға алынуда.

Жазықсыз жазаланып, тағдырдың талкегіне түскен арыстың бірі жерлесіміз Мұса Құржыков та сақалы ғұмырын ел мен жерді өркендетуге арнаған жан. Бала жасынан ауыр еңбекке білек сыбана кіріскен, ат жалын тартқан шағынан аудан көлемінде жауапты қызметтер атқарған Мұса атамыздың қиындыққа толы ғұмырына өмірдерегімен танысқанда көз жеткіздік.

Ертерек білім алып, сауатты азаматтардың қатарында Балқаш өңіріндегі бірнеше ауылда басшылық қызмет атқарып, халыққа жөн сілтеген Мұса Құржыков алдымен ауылдық кеңестің хатшысы, ұжымшар басшысының орынбасары, кейін 1935 жылы Балқаш ауданының Қарой ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайланады. 1936 жылы Балқаш аудандық партия комитетінің инструкторы болып қызмет атқарыпты.

Күллі КСРО-ны үрейде ұстаған Сталиннің қатыгез саясаты оның да отбасын айналып өтпеді. Шетінен қамауға алынып жатқан білімді, қолынан іс келетін зиялы азаматтардың кейбірі жаламен сотталып, енді бірі ату жазасына кесілін жатты. Солардың қатарында ағайынды Мұса, Иса Құржыковтар да бар еді. Ойдан шығарылған жаламен 10 жылға бас бостандығынан айырылған Мұсаның жазасын өтеу орны өте құпия ұсталады. Кейіннен Ресейдің Тверь қаласының колониясына жіберілгені анықталды. Бұл жағдай інісі Мұстафаға өте ауыр тиіп, қайғы тұзағына батырады. Бір тәуірі, ешкімнің ала жібін аттамайтын Мұстафаға да түрлі жала тағылғанымен заң жүзінде айыптауға нақты дәлел табылмайды.

Кейін 1961 жылы Баканас ауылында Мұсамен Ресейдегі бір колонияда болған қарағы кездесіп, Мұса өте еңбекқор әрі жұмысқа көп жасайтын «Мұса-ау, күшінді кішкене сақтасаншы» десек те еш тыйым қимылдай беретін. Бір өзі екі кісінің нормасын орындап тастайтын қарулы кісі еді» – деп естелік айтқан алғі кісінің Мыңарал ауылындағы мектепте директор болып қызмет істегенін, кабинетіне Сәкен Сейфуллиннің портретін ілып қойғаны үшін 10 жылға сотталғанын, кесілген мерзімді 1949 жылы толықтай өтеп, ауылға аман-есен оралғанын айтатын.

Жазықсыз жала шегіп, жалған жаланың құрбаны болған Мұса Құржыковтан 1943 жылы келген соңғы хатта: «Көзім әудем жерді көрмейді, үш мезгіл бір қасықтан шошқаның майын береді» – деген сөздер бар. Ол кезде інісі Мұстафа әскерге алынып, сұрапыл соғыс өртіне шалынып жүрген еді.

Мұса атамыз КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1989 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығымен 1989 жылы 5 мамырда ақталды, жабылған жаладан арылды. Қазіргі кезде Мұсаның жерленген жерін анықтап, топырағын туған жерге әкелу мақсатындағы ауқымды жұмыстарды інісі Мұстафаның баласы Өмірбек қолға алып жатыр.

Халқына адал қызмет жасаған Мұса Құржыков жайлы көптеген дерек жойылған. Көзін көрген жан қалмаған. Тек замандастары айтқан әңгімелер ғана жетіп отыр. Сондай әңгімені айтушының бірі Қарой ауылының байырғы тұрғыны Беріқбай Жебегенов қария.

Өмірбек Мұстафаұлының айтуымен Беріқбай қарияға телефон соқтық. Ол кісі үлкендерден естіген әңгімесін былай сабақтады:

– Мұса Құржықов туралы үлкен кісілерден көп естідім. Өз басым ол кісінің көзін көрgenім жоқ. Тек егістік басында үлкендер тарапынан айтылған аңызға бергісіз оқиғалар ойда қалыпты.

Біздің Қарой топырағында қызмет еткен жылдары Мұса Құржықов ауыл халқын егін егуге жұмылдырыпты. Ду баста егін егуге қолайлы, шұрайлы жерлерді таңдап, оз жерге су апаруды қолға алыпты. Сол жылдары ауыл халқы екпен егінен мол өнім эсіпті, қамба астыққа толыпты. Ауыл халқын жұмылдырып, қазіргі толағайдың сүрлемін қаздырған Мұса ағамыз екен. Ең өкініштісі, ол кісі ұзақ уақыт басшылықта болмапты. Жазықсыздан жазықсыз жаудан басшысымен еңбайтасының деген жаламен темір торға тоғытылыпты. Міне, аңыздың алдардың аузынан естігенім осы ғана. Одан кейінгі өмірінен бейхабармын. Тар жол, тайғақ заманда еңбектің қара қазанында қайнаған, елі мен жеріне жанашыр болған осынау азаматтың еңбегінің өз мәнінде еленбей жатқаны жаныма батады.

Жүрекке ауыр тиетіні – репрессия құрбаны болған Мұса Құржыковтан ұрпақ қалмады. Дегенмен інісі Мұстафадан тараған ұрпақ бүгінде бір қуым елге айналып отыр. Мұстафаның ұлы Өмірбек жарты ғасырдай уақыт көлемінде банк саласында лауазымды қызметтер атқарып, «Қазақстан Республикасы банк саласының еңбек сіңірген қызметкері» атанған жан. Дәния Мұстафақызы қырық жылдан аса уақыт мерзімде оқу-ағарту саласында басшылық қызмет атқарып, ұстаз деген ұлы ұғымның биігінен көрінді.

Сталиндік Саяси күғын-сүргінінің құрбанына айналған Мұса Құржыков жайындағы зерттеулер, мақалалар алдағы уақытта жазылады. Ол үшін архивтің шаң басқан құжаттарын ақтаруға тура келеді. Архивтердегі құпия құжаттармен танысып, оны жарыққа шығару, әділетті тұрғыдан баға беру, халқымыздың рухани кажетіне жарату тол тарихымыздың алдында тұрған аскаралы міндет.

Күмісбек ЕРБАЕВ
Балқаш ауданы

▲ҒИБРАТ

ҚЫЗЫР ҚОНҒАН ТАМА БАБА

Тама баба туралы нақты тарқатып айту үшін шежіреге тоқталып өтсек. Жалпы қазақтың, оның ішінде Албанның шежіресін жақсы білген көнекөз қариялардың айтқанын жастайынан жадында сақтап өскен, ел ағасы болған шағында жауапкершілікті сезініп, көзі тірі шежіреші қариялардың айтқандарын саралап, қағазға түсіріп Қоңырбөрік Тама елінің шежіресін жинақтаған Инақын Ақшалұлы атамыздың шежіресіне жүгінейік. Бұл шежіре бойынша Албаннан Шыбыл, Сары деген екі ата тарайды. Ал Шыбылдан Қызылборік, Қоңырборік, Ботый, Бойдақ, Өтей тарайды. Өтейден Қалқаман, Жарман тарайды. Жарманнан Майлы, Тама, Біте, Базар, Алаш тараған.

Біз әңгіме қозғамақ болып отырған Тама баба Жарманның бел баласы. Адамға жақсы қасиет шыққан тегіне, әке-шешесіне, ұстазына, өскен ортасына байланысты дарыды, не болмаса қонады. Тама бабаның шыққан тегіне үңілетін болсақ, қазақ хандығының негізін салушы ханның бірі болған Әз Жәнібек ханның қарашасы, жалпы қазақ жұртына қарағыш шипагерлік ілімімен танылған Өтейбойдақ Тілеукабылұлының байланысы бар екенін ұғуға болады.

Жеті атаға дейін қыз алыспау заңының шығу тарихы атақты шипагер Өтейбойдақ Тілеукабылұлымен байланысты екені бөлек әңгіме. Ұлы емші үйленбей, ұрпақ сүймей, бар ғұмырын шипагерлік ғылымға арнаған, әртүрлі емдік өсімдіктерді пайдаланып, талай ауыр науқасты емдеген, тіпті қажет болған жағдайда ота жасап, әртүрлі науқасты аяғынан тік тұрғызған, сондай-ақ, жұқпалы ауруларға қарсы екпені ойлап тауып, тәжірибе жасап көрген алғашқы ғұламалардың біретейі еді. Жәнібек ханның бас бәйбішесі болған Жиренше шешенді ауыр науқастан емдеп, ақыл-парасатымен, ілімімен ықыласына боленген Жәнібек ханның тікелей тапсырмасымен «Шипагерлік баян» атты кітап жазған.

Осы жерде Өтейбойдақ бабасының атына орай Шыбыл бес баласының бірінің атын Өтей, бірінің атын Бойдақ қойған болар деп ой топшылаймыз. Бұған тағы бір дәлел Таманың ақын ұрпағы Қоқышұлы Жүніс өзінің Тама әулиеге арналған толғауында:

– Дарқандығы далamдай,
Абзалым Тама бабам-ай!
Өтейбойдақтың кітабын
Атамұрага санаған.
Ұрпағына сақтауды,
Мұрат қылып қалаған.
Шипагерлік ілімді,
Басты байлыққа балаған.
«Ұлы дүние-ұлағат
Өшпесін», – деп санадан.
Қызырың үйрек екен-ау,
Қызына ұшқан сабаңнан, –

деп жырлаған екен. Дала академиясынан тәлім алған, естігенін, көрген-білгенін зерделеп, ой елегінен өткізген, тәжірибе жасап, жарамсызын тастап, жарамдысын іске жаратып, жетілмегенін жетілдіріп, көп ізденіп, көп еңбектеніп медицина саласына орасан мол құнды дүниелер калдырған Өтейбойдақ Тілеукабылұлы ақыл-парасаты мол, табанды, қасиетті адам болған деп тұжырым жасауға болады.

Бұрынғы заманда әр рудың өзінің ұраны болған. Әр рудың ұраны аттандап немесе атойлап шақырылған кезде сол рудың батырлары мен сарбаздарының рухы мен намысы оянып, ерік-жігері тасқындап, делебесі қозып, бойындағы үрейді жеңіп, жанкиярлық шайқастарға араласып, жеңіске жетуіне орасан зор септігін тигізіп отырған. Ұран – сол рудан шыққан аруақты, қасиетті, әулие, көреген, батыр адамдардың есімімен байланысты болған.

Аруақты адам деп нәпсісін құрықтай білген, ар-ұжданды, жан жүрегі өлімшілдіктен, менмендіктен, пайдакүнемдіктен, мақтансүйгіштіктен, немқұрайлықтан барынша тазарған, көкірек көзі толықтай ашылып, Хақтың сәулесі мен шапағаты түскен, көпшілікке беймәлім тылсым дүниелерді сезе білетін қасиетті, әулие адамды айтса керек. Қоңырбөрік руының ұранының «Өтей» болуы қасиетімен, шипагерлік ілімімен, жалпы жұртқа танымал болған бабасы Өтейбойдақпен, не болмаса Шыбылдың кенже баласы Өтеймен байланысты болуы да мүмкін. Өтей де бабаларына тарткан аруақты, қасиетті әрі батыр адам болуы әбден ықтимал.

Албандарды «Өр Албан» деп тегіннен-тегін айтпаған. Себебі, қай заманда да Албан руының арасында дүниетанымы биік, адамгершілік және рухани деңгейі жоғары, ықылас-пейілі даласындай кең, ар-ұжданды, жақсы мен жаманның, алал мен арамның парқын айыра білген, кім айтса да жүйелі сөзге тоқтай білген, антқа және аманатқа қиянат жасамаған, жетімі мен жесірін жылатпаған, үзеңге беріп, дөңкі адал, дұшпанға қатігез, жүрегінің түті бар, қайратты, табанды ерлер көп болған.

Тама әулиенің Жетісу өлкесін жайлаған Албандардың ұйытқысы болғанын көнекөз қариялар айтып отырады екен. Ақыл-парасаты кемелге келген, пейілі дарқан, мәдени-рухани деңгейі жоғары, бірегей тұлғалар ғана рудың, тіпті біртұтас елдің ұйытқысы бола алады.

Тама бабамыздың даналық, шешендік қасиеті бір төбе. Артынан қалған ұлағатты сөздерінің ішіндегі:

Дала – дарқандығымен құтты,
Халық – азбайтындығымен
мықты,
Дана – ғұламалығымен мықты.

Заман аунап құбылар,
Жон сөзге әркім жығылар,

– деген сөзі бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпаған, дөп басып айтылған дер едім.

Тама бабамыз өз заманында жеке адамдардың және руаралық туындаған дау-жанжалдарына қатысып, төрелігін айтқан әділ би болған тұлға. Ел арасында «Тама би дауға түспесін, Базар күреске түспесін» деген нақыл сөз тегін айтылмаған.

Көнекөз қариялардан бізге жеткен ақиқатқа бергісіз аңыз-әңгіменің бірінде: «Тама бабамыздың ақыл-парасатына, рухани деңгейінің биіктігіне және кең пейіліне қарай Тәңірдің ерекше назары аударғандықтан Қызыр баба ол кісіге арнайы көрініп, бата берген екен. Қызыр баба Тама байға «Тоғыз жолдың торабына ерте көктемде көшіп барып, ары-бері өткен жолаушының сусыны жоғына сусын, шапаны жоғына шапан, көлігі жоғына көлік боласың», – деген бата берілті. Сол керемет сәттен бастап Тама әулие ерте көктемде тоғыз жолдың торабына көшіп барып, қонақ күтетін бірнеше киіз үй тігіп, жүзден бие байлатып, шара толы балдай қымыз ұстатып, қазақтың қонақжайлығын, пейілінің кеңдігін, атымтай жомарттығын паш еткен бірден-бір тұлға болған» – делінеді. Ел арасында: «Тама бай жолда ма екен, кершарасы колда ма екен?!» деген сұраулы сөз кең таралған. Бұрынғы кісілер: «Таманың қызыры – сабасына конған екі үйрек» деп отырады екен. Көпшілікке көріне де, сезіле де бермейтін киелі немесе кісі деген ұғым бар. Біз үшін бұл бір тылсым дүние. Тама бабамыздың сабасындағы үйрек барлығымызға көрінетін қоллегі кәдімгі үйрек деп ойлау кате.

Тарихымызға үңілсек, мұндай тылсым дүниеге мысал жетерлік. Соның бірі Абылай ханның соңынан қалмай еріп жүретін айбарлы жолбарысы болған дееді. Қаз дауысты Қазыбек би бала күнінде қазақ елшілерімен бірге барып, атақты қалмақ қонтайшысы Қалдан Серенді сөзге жығып, қазақтың сол кездегі қалмаққа кеткен есесін қайтарып, еліне қайтып бара жатқанда Қалдан Серенге үәзірі: «Өмірі сөзге жеңілмеген едіңіз, қаршадай балаға бір ауыз сөз де айта алмай астыңыздағы тұлпарыңызды мінгізіп, үстіңіздегі қымбат шапаныңызды жапқаныңыз қалай?» – деп сұраганда былай жауап қатыпты: «Есікте отырып бала Қазыбек сөз бастағанда бір үлкен ақ желкеме мініп алып, аз шалыс бассам мойнымды бұрап, ақылы кіші екен. Бұл Қазыбек бидің бала күнінен киесі болғаның, ол киесі үлкен ақ екенін айғақтайды. Сол сияқты бабамыздың сабасындағы қызыры болған үйрек біз үшін бір тылсым дүние, дегенмен, бұл үйрек біз үшін көлдей кең пейілдің, молшылықтың көрінісі іспеттес. Бабамыздың киесі болған үйректерді қыздары көріп, алақайлап суйінші сұрағанда Тама әулие: «Менің қызырым ұлдарыма емес, қыздарыма қонады екен» деген. Тама бабамыздың бұл ой-түйіні өзінің өміршеңдігін сан мәрте дәлелдеп, әлі күнге дейін өз құндылығын жоғалтқан емес.

Тама бабаның алты баласы Бұхар, Қазыбай, Құнантай, Есенкелді, Сейітқазы, Кенжетайдан тараған ұрпақтар өсіп-өніп, ғылым, өнер, саясат, мәдениет салаларында туған еліне, Отанына адал қызмет етіп, осы күні іргелі елге айналған. Ұрпақтары бастама көтеріп, жабыла жұмылып, ынтымағы жарасып Кеген – Алматы күре жолының бойындағы Қайқы асуына жетпей жолдың оң қанатынан бабаларына арнап үлкен қоңыр мәрмәр тастан қашатып, мазмұнды ескерткіш кешенін орнаткан. Биыл жазда атақты Қарқара жайлауында Тама бабасына арнап арнайы үлкен ас беру үшін дайындық жұмыстарын да бастап кеткен.

Қайрат СМАҚАН,
Тама – Есенгелді ұрпағы

▲КҮРЕТАМЫР

ТІЛІМ — ТІРЕГІМ

Тіл – халықтың жаны. Тіл арқылы біз елдің өткені мен бүгінін, салт-дәстүрі мен ұлттық болмысын жете танимыз. Тіл – мемлекеттің ең биік сатысы, рухани байлығы. Тілі мәңгі жасаған халықтың өзі де өлмейді. Қанша жерден полиглот болсақ та әр адамды арман-мақсатына жеткізетін әрі бақытты ететін өзінің ана тілі деп ойлаймын.

Бізді ана тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілі әлем елдерінің ішінде ең бай әрі ең таза тіл. Елімізде 130-ға жуық этнос өкілдері тұрады. Өз тілімен қатар қазақ тілін де меңгеріп жүрген басқа ұлт өкілдері жетерлік. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі болған соң елімізде тұратын әрбір адам оны білуге міндетті. Тәуелсіздігімізді алғалы бері қазақ тілін дамыту жолында көптеген іс-шара атқарылып келеді. Бүгінде мемлекеттік жиындар, мекемелердегі құжаттар, өткізілетін шаралар негізінен қазақ тілінде ауысқан.

Бұл – тілге деген құрметтің белгісі. Өз тілін жетік білмейтін адамнан оның елінің тарихы мен болашағын, салт-дәстүрін сұраудың қажеті жоқ. Себебі, ана тілін білмейтін адамның жүрегінде Отанға, туған жерге деген махаббат, патриоттық сезім бар дегенге сенбеймін. Тіл арқылы біз өсеміз, өнеміз, болашағымызды қалыптастырамыз. Ана тілінде сөйлеуге ұялатын адамдар да бар.

Бүгінде шұлдірлеп тұрған қазақ баласын көрсең қарның ашады. Тіпті, қазақ тілінде ән тыңдап, фильмдер көруді кор көретіндер кездеседі. Бұл адам ойының таяздығы деп ойлаймын. Себебі, ана тілінен аскан құдірет жоқ. Ана тілі анамыздың ақ сүтімен келген қасиетті тіл. «Барында бағала» демекші, қазір өз тілі жоқ, Отаны жоқ қаншама ұлт өкілдері бар?! Олардың жалғыз арманы – өз тілдерінде сөйлеу. Сол себепті елдігіміз барда, тұғыры биік Қазақстанда ана тілімізбен мақтануымыз керек.

Жалпы, тіл туралы айтқанда мемлекеттік тілдің мәртебесін өсіріп, қолданыс аясын кеңейту әр қазақ баласының міндеті екенін естен шығармайық. Ертеңгі болашақ жас ұрпақтың қолында. Ел келешегін тапсыратын жастардың қазақ тілін сүйіп, мұдірмей сөйлеуіне мән беру керек. Барлық қазақстандық тіл тұғыры – ұлт тұғыры екенін ұмытпаса деймін.

Мадияр БОЛЫСБЕК,
М. Ломоносов атындағы
№5 мектеп-лицейінің
11-сынып оқушысы
Талдықорған қаласы

▲ДІНІМ – ДІҢГЕГІМ

БАБАЛАР АМАНАТЫ

«Ата-баба дәстүрі ұрпаққа аманат» бағдарламасы аясында Абай атындағы №1 орта мектеп-гимназиясында «Асыл дін – тәрбиенің рухани тірегі» атты әдеби-танымдық кеш өтті.

Аталмыш жиынның шымылдығын мын бұралған қыздардың орындауындағы «Томирис» биі ашты. Өз кезегінде алғашқы болып сөзді аталмыш білім ордасының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алма Доскенова алды. Ол: «Осы шарада Ардагерлер үйімен бірігe отырып, асыл дініміздің рухани бастауымен таныстыруды мақсат еттік. Оқушылардың теріс діни бағыттағы бірлестіктерден аулақ болуы керектігін көрсеткіміз келеді. Дін мен ғылымның байланысы туралы білімдерін кеңейтіп, өзіміздің ұлттық рухани байлығымызды балалардың санасына сіңіруді көздедік. Түркі қағанаты, сол дәуірдегі тастағы жазу мен өткен ғасырларды ұштастырып, орта ғасыр ғалымдарының еңбектерін дінмен байланыстыра талдадық. Абай атамыздың «Толық адам» идеясын түсіндірдік. Кеңес кезіндегі атеизмді көрсеттік. Сол кездегі қандай құндылықтардан айырылып қалғанымызды жас ұрпаққа ұғындырдық деп ойлаймын. Жалпы, діни сауатсыздықтан оқушыларды арылту керектігін білдіру – негізгі мақсат. Бір ай дайындықтан кейін балаларымыз мүмкіндігінше идеяны жақсы алып шықты деген ойдамын», – деп танымдық кештің мақсат-міндетімен бөлісті.

Рухани шарада халқымыздың діни мен дәстүрін үйлестіріп, тарихымен таныстыратын әл-Фараби, Ахмет Иүгінеки, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иассауидің тағылымды шығармаларынан үзінділер оқылды.

Салтанатты жиында Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Мұратбек Қожабеков сөз алып: «Бұл 2008 жылдан бері дәстүрге айналып кеткен іс-шара. Ардагерлер үйі осы жердегі 24 мектептің арасында өткізеді. Қыркүйек айынан бері өткізіп келеміз. Әрбір мектепке жеке тақырып беріледі. Сол тақырыпты ашуға тырасады. Сахналық безендіру, киім үлгісіне, шараның ашылуына, мазмұнына мән беріледі. Түркі дүниесінен бастап көрсеткен көріністер мен образдарды жоғары деңгейде деп айта аламын. Ұстаздар мен оқушылардың бүгінгі шараға жауапкершілікпен қараганы көрініп тұр», – деп өзінің ыстық лебізін жеткізді.

Әдеби кеште Абай мен Мәшһүр Жүсіп айтатын «Толық адам» идеясынан туындаған қойылым көпке өнеге болды. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының орындауындағы әуелеген әсем ән мен бармақтарынан бал тамған домбырашылардың өнері де ел назарын өзіне аударды. Шарада облыстық дін істері басқармасына қарасты «Дін саласындағы мәселелерді зерттеу орталығы» директорының орынбасары Ерлан Матаев пен тарих мамандығы бойынша педагогика ғылымдарының докторанты Олжас Тұрсынбаевпен сұбелі сұхбат жүргізілді.

Танымдық кеш Талдықорған қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Құрмаш Исмайыловтың ақ батасымен өз мәресіне жетті.

Кәмилла ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
І. Жансүгіров атындағы ЖУ-дің студенті

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

Jetisý

5
11.06.2022

АҚТАҢДАҚ

БОСҚЫНДЫҚ АҚИҚАТЫ

әлі де айтылған жоқ



Арғы бетке өткен елдің де маңдайы шылқыған жоқ. Осындай қиын-қыстау кезеңде, яғни, 1916 жылы IV думаның ісі басталар тұста Әлихан Бөкейханов Петроградқа аттанады. Ондағы мақсаты – жазалаушылардың айуандығы туралы жиналған деректер бойынша депутаттардан сауға сұрау еді.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін тануда оқырманға ең бір көмескі жағы – босқындық мәселесі. Бүтінде «Қытай ауып кетіп, босқын болыпты» деген сөзді жиі естиміз. Өкінішке қарай, осы мәселе түбегейлі зерттеліп, халыққа егжей-тегжейлі түсіндірілмеді. Тіпті, қанша адамның шетелге босып кеткені, қаншасы өліп, қаншасы қайта оралғаны, қаншасы сол жақта қалып қойғаны туралы нақты ақпарат жоқ. Бірақ Жетісу облысындағы босқын қырғыз-қазақтардың ауыр жағдайы жайлы «Қазақ» газетінде жазылған мақалаларды оқысаң, төбе шашың тік тұрады.

Қажет АНДАС

Сол газет түптемесінің №248 санында Пішбек, Преживальск, Жаркент, Алматы уездерінен 238795 жан саны бар 43 ұлыстан 201205 адам Қытайға қашып, оның 95200-і жолда қаза тапқаны айтылады. Осыған қарағанда босқан елдің жартысынан астамы қырылып қалған. Бұл жерде Торғай, Ырғыз, Семей, Лепсі көтерілістеріндегі қашқан, қырылған адамдардың санағы жүргізілмеген. Сол тұста Жаркент уезіне қараған Мерке, Торайғыр, Байынқол, Иванов және Әділбек болыстарының адамдары «Қазақ» газетіне: Ол хат «Қазақ» газетінің №248 санында «Босқын қырғыз-қазақтар» деген атпен жарияланады. Онда: «Жаркент уезіне қараған 14 болыс елдің көбі Қытай жеріне босып бардық. Мал-мүліктерімізді қытай-қалмақ талап алды. ...Жолда қаншамыз қырғын таптық. Ұл атадан, қыз анадан айырылды. Басымызға қиямет күні туды. Мысалы, Мерке болысында 1169 үй бар еді, соның осы күні 310-ы ғана калды. Өзгесінің қайда екенін білмейміз, әрине, қырылды ғой. ...Енді қайтеміз?! Қырыламыз да! Осы уақытта дүние жүзінде біздей кор болған ел жоқ шығар», – деп хат жазады. Ал «Қазақ» газетінің №231 нөмірінде «А. Найман Қожа баласы» деген атпен жарияланған мақалада босқан қырғыздардың аштықтан, суықтан топалаң тиген қойдай қырылып жатқаны, өлгенін көмуге де халдері келмегені айтылады. Демек, бұл жақтан орыс әскерлерінің қызыл қырғынынан аман-есен арғы бетке өткен ел ол жақта да қорлық пен зорлықтың неше түрін басынан өткерді.

Бұл кезде билігі тасырларға созылған Цин династиясы өмір сүруін тоқтатып, Қытайдың орталық билігінде алмағайып күндер туып тұрған еді. Қырғыз-қазақтың босқыншылық дүрбелеңі осыған тұспа-тұс келді. Шыңжаң өлкесінің генерал-губернаторы болған Яң Зыңшиннің «Өткен жазбалардың толықтамасы» кітабында 1916 жылға қатысты 16 құжат сақталған. Ол құжаттарда шекара аспақ болған қазақтардың мал-мүлкін орыс әскерлерінің талан-таражы қылғаны және көптеген адамды атып өлтіргендігі айтылады. Тіпті, Ресей билігі Қытай билігіне ауған елді тұтасымен қайтарып беру туралы да қысым жасайды.

Демек, арғы бетке өткен елдің де маңдайы шылқыған жоқ. Осындай қиын-қыстау кезеңде, яғни, 1916 жылы IV думаның ісі басталар тұста Әлихан Бөкейханов Петроградқа аттанады. Ондағы мақсаты – жазалаушылардың айуандығы туралы жиналған деректер бойынша депутаттардан сауға сұрау еді. Қазақстандағы демократтар осындай әрекет істеп жатқан тұста Қытайдағы мұсылман бауырлар ауған елді аман сақтап қалудың жолын қарастыра бастайды. Бұл жайлы да «Қазақ» газеті мүмкіндігінше жазып қалдыруды мақсат еткені газет бетіндегі мақалалардан көрініп тұр.

Сол мақалалардың бірінде Құлжа қаласы атқару комитетінің төрағасы Ювашев мұсылмандар тұратын қалаларға хабар беріп, нәтижесінде Алматы қазақтарының комитеті «Уақыт» басқармасы, Ырғыз уезі комитеті, Ақтөбе мұсылмандары бюросы, Семей мұсылмандары комитеті, Құлжа мұсылмандары, сондай-ақ, Түркістаннан Нәсіров, Омбы имамы Пономарев, Тройцкіден Яушев, барлығы 14716 сом қаржы жинап, аштан қырылып жатқан қырғыздар мен қазақтарға көмек көрсеткені айтылады.

Осы тұста 1917 жылдың 2-5 тамыз аралығында Ташкент қаласында Түркістан аймағындағы қазақ, қырғыз съезі өтеді. Сол жиынның Жетісу мәселесіне қатысты қабылдаған қаулысы "Бірлік туы" газетінінің 1917 жылдың 20 тамызындағы №6 санында жарық көреді. Ол «Жетісудағы оқиғалар» деген тақырыппен берілітті. Сол съезде: «Аймақтағы облыстардың бәрі де Жетісуда ашаршылықтан қырылып жатқан қазақ-қырғызға тездеп шын жәрдем беруін жылдыс ұнатады. "Бірлік туы" газеті арқылы Сырдария, Самарқан және Ферғана облыстарындағы қазақ-қырғыз комитеттерінде Жетісу қазақ-қырғыздарына жәрдем пұл жиылсын» деген қаулы қабылданады. Бұл іске Құлжа мұсылмандары да барынша ынта танытады. Ол жайлы да «Қазақ» газетінің кезекті санында жазылған. Ал «Қазақ» газетінің №233 санында Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Сейдәлім Кәдірбаев, Аман Әлімбеков, Жанұзақ Жаныбеков, Ахмет Мәметов, Елдес Ғұмаров бастаған қазақ зиялыларының босқын қазақ-қырғыздарға көмек көрсетуі туралы «Алаш азаматтарына хат» деген мақаласы басылып, осы бір игілікті іске қозғау салады. Сондай-ақ, қаламгер Жүсіпбек Аймауытов «Қазақ» газетіне «Оян, қазақ!» (Босқын қырғыз бауырларыма арнау!) атты мақала жазып, сақтауды тұрған мың дана «Оян, қазақ!» кітабын сатып, одан түскен қаржыны Қытай аскан қазақ-қырғызға қолдан келер көмегін жасамақ болған азаматтық ниетін білдіреді.

«Қазақ» газетінің №236 санында бір қырғыз азаматының хаты басылды. Онда: «Өлім халында қолымызды бұлғап, көзімізбен ишара қылып жәрдем сұраймыз» деп бүкіл қырғыз атынан қазақ туғандарына мұң шағады. Ал №237 санында Жетісу қамы үшін 15 шілде Орынбор арқылы Жетісу комиссары Мұхаметжан Тынышбаев Петроградқа барғаны туралы: «Мұхаметжан үкіметке Жетісу облысының хал-жайын доклад қылып, 25 маусым жарлығы тақырыпты бүліншілікке ұшыраған қазақ-қырғызға һәм орыстарға қазынадан жәрдем сұрамақ. Сөйтіп бірін-бірі қырғынға ұшыратқан һәм бұл күнге шейін бір-біріне кек сақтап, іштеріне қан қатқан екі жұртты татуластыру қамына кіріспек», – деп жазылған.

Осындай аласапыран болып жатқанда Семейде Жетісу облысындағы босқын қазақ-қырғызға көмек комитеті құрылады. Осыдан бастап ел ішіндегі белсенді азаматтар мейлінше көмек көрсетуге тырысады.

Осы оқиға баспасөз бетіне жазылып, дабыл көтеріліп, босқындарға жәрдем беру ісі ақыры өкіметтің назарын аударады. Нәтижесінде, 1917 жылы уақытша үкіметтің көзқарасы өзгеріп, ел іші біраз тыныштанады. Уақытша үкіметті алқымынан алған большевиктер патшалық үкімет ұстанымдарынан өзгешелеу шешім қабылдауға мәжбүр етті. Сонымен, уақытша үкіметтің 1917 жылғы 7 қыркүйектегі Жарлығымен мемлекеттік қазынадан Түркістан комитетіне 11150000 рубль бөлініп, Жетісу облысының халқына қайтарымсыз көмек ретінде таратылды.

Бұл қаржы сол жылдары елге қайтқан адамдардың жыртығына сәл де болса жамау болғандай болды. Сол 1917 жылдары елге тек босқан елдің тең жартысы ғана оралғанын ескерсек, арғы беттегілер сол баяғы қиыншылық қыспағында қала берді. Олардың ұрпақтары арага бір тасыр салып барып, еліміз тәуелсіздік алған тұста елге орала бастады.

БАЙҚАУ

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауды өткізу ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойын атап өтуге бағытталған іс-шараларды өткізу мақсатында әзірленді.

2. Конкурсты өткізудің мақсаты:

– мемлекеттік тіл мәселесіне қоғамның назарын аударту;

– мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау;

– тіл мәселелерін жарнялап жүрген журналистердің мақалалары, бағдарламалары арқылы отандастарымыздың санасын жаңғырту;

– қазақ тіліндегі контентті ұлғайту және мемлекеттік тілді қолдану аясын кеңейту.

3. Конкурс үш номинациядан тұрады:

1) Үздік мақала;

2) Үздік теле және радиобағдарлама;

3) Үздік сайт мақаласы.

4. Конкурсқа кәсіби журналистер (штаттағы және штаттан тыс), телерадио, газет, сайт ұжымдары, журналистика және филология факультеттерінің ғалымдары қатыса алады. Қатысушылардан еліміздегі және шетелдердегі ақпараттық кеңістіктегі бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекеттік тілді дамыту және оның қолданыс аясын кеңейту, сонымен қатар Ахмет Байтұрсынұлының тілтану, әдебиеттану салаларын дамыту жөніндегі ғылыми, шығармашылық мұрасының қазіргі қазақ тілтану, әдебиеттану салаларымен сабақтастығы жөніндегі мемлекеттік тілде және орыс, ағылшын тілдерінде материалдар қабылданады. Материалдар аналитикалық талдаулар, ғылыми-зерттеулер, проблемалар мен олардың шешу жолдарына негізделуі қажет. Конкурс материалдарында қазақша сөйлеуді ұлттық брендке айналдырудың тиімді жолдары көрсетілгені жөн.

5. Конкурс материалдарын бағалау критерийлері:

– тақырыпқа сәйкестік;

– қамтылған ақпараттың нақтылығы мен шынайылығы;

– мәселені талдау тереңдігі;

– материалды жеткізу шеберлігі.

Конкурсқа қатысушы үміткерлердің конкурсқа ұсынған материалдары олардың кәсіби біліктерін, мультимедиалық сторителлинг және заманауи медиа мүмкіндіктерін, мемлекеттік тілді дамытудың заманауи моделін тұтас қоғамға және әрбір жеке оқырманға аша алуы қажет. Конкурсқа ұсынылатын материалдардың авторларының заманауи кәсібиленуі, оның ішінде дата-журналистік қабілеттері де (сапамен де, санмен де жұмыс істеу қабілеті) каперге алынады.

Коммуникативтік ресурстарды орынды қолданып, заманауи медиатехнологияларды дәстүрлі журналистика құралдарымен кіріктіре отырып, мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, сол арқылы мемлекеттік тілдің қызметі, даму жолдары мен мемлекеттік тіл саясатының түрлі қырларын, өзекті мәселелерін сапалы, сенімді және нәтижелі түрде баяндау – басты талап.

Конкурсқа қатысушылардың қазақтілді контентті көрнекілендіру, дамытудың заманауи жолдары мен инновациялық шешімдерін көрсете білуі маңызды. Әлеуметтік ортада, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің нық орнығып, еркін қолданылуында кездесетін кедергілерді айқындай отырып, негізгі шешімдер ұсыну шеберліктеріне мән беріледі. Сондай-ақ, мемлекеттік тілді дамыту бойынша ғылыми, әдістемелік, зерделеу, ізденістік мақалалар назарга алынады.

6. Алдыңғы конкурстардағы бас жүлдемен марапатталған жеңімпаздар Конкурсқа қатыстырылмайды.

2. Конкурсты ұйымдастыру тәртібі

7. Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы конкурстың ұйымдастырушысы болып табылады.

8. Конкурсты өткізу туралы хабарландыру 2022 жылғы маусымда бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Басқарманың интернет-ресурсында *(https://www/gov/kz/memleket/entities/zhetysu-til?lang=kk, Facebook, Youtube, Instagram)* орналастырылады.

9. Конкурсқа қатысу үшін Конкурс қағидасының 3-тармағында көрсетілген үш номинацияның біреуі бойынша өтінім (қол қойылған, сканерленген) Басқарманың konkurs.tls.2022@mail.ru электрондық поштасына, «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық конкурсына» деген белгімен 2022 жылғы 20 шілдеге дейін мынадай құжаттармен бірге жолдануы тиіс:

1) өтінім (осы Қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша);

2) 2022 жылғы 1 қаңтар мен 2022 жылғы 19 шілде аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарық көрген екі материалды, соның ішінде радио және телебағдарламаларды, мемлекеттік тілдегі сайттардағы және мерзімдік баспасөздегі жарияланған мақалаларды;

3) жарияланған мақалалардың «Word» форматындағы электрондық нұсқалары (міндетті түрде), скриншоттары (газет-журналдар, сайттар), бағдарламалардың жазбасы;

10. Конкурс Қағидасының 9-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін ұсынылған өтінім конкурсқа қатыстырылмайды.

11. Конкурсқа ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды.

3. Қорытынды ережелер

12. Конкурсқа қатысушылардың жұмысын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамы тіл мен әдебиет, журналистика салаларының білікті мамандарынан, ғалымдардан, зиялы қауым өкілдерінен кемінде бес адамнан тұрады. Қазылар алқасының құрамы төрағадан және оның мүшелерінен тұрады. Байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлері қазылар алқасының ашық дауыс беру қорытындысы бойынша анықталады. Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Қазылар алқасы мүшелері Конкурсқа қатысушылардан түскен материалдар негізінде дауыс беру арқылы Конкурстың үш номинациясы бойынша жеңімпаздарды анықтайды. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделіп, қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды. Конкурстың марапаттау рәсімі 2022 жылғы шілде айында салтанатты түрде өткізіледі.

13. Байқау жеңімпаздары ұйымдастырушы бекіткен жүлде қорымен және арнайы дипломдармен марапатталады.

14. Конкурстың жеңімпаздары туралы ақпарат Конкурс бітккеннен кейінгі 10 жұмыс күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Басқарманың интернет-ресурсына орналастырылады.

Байланыс телефондары: 8 (7282) 40-01-60.

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» облыстық байқауына қатысу үшін өтінім

1. Т.А.Ә. _____
2. Жасы (туған күні, айы, жылы)_____
3. Білімі (толық оқу орнын, мамандығын жазу)_____
4. Қызметі (жұмыс орны, лауазымы)_____
5. Мекенжайы_____
6. Байланыс телефондары (ватсап нөмірі)_____
7. Мақала, бағдарлама, БАҚ атауы, жарияланған күні:
   1) _____
   2) _____
8. Қосымша ақпарат _____

Қолы _____
Күні _____

КӨЗҚӨРГЕН

Аққан жұлдыз

2018 жылдың 5 қыркүйегі. «Ауғанстанның Кабул қаласында екі бірдей жарылыс болып, 20 адам қаза тапты». Дәл осы қайғылы хабарды қазақстандық БАҚ жарыса жариялап жатты...

Мәулен ӘНЕРБАЙ

* * *

Қазақ ұлттық университетінде бізбен қатар Самим, Рахим есімді ауған жігіттері білім алды. Жатақханада да бірге тұрды. Әдетте, орыстың қазақша сөйлегеніне таңғалып жүрген біз ауған жігіттерінің қазақша тілдескеніне біраз уақыт үйрене алмадық. Рахим 6 тілде, Самим 7 тілде еркін сөйлейтін. Үнді, түрік тілдерінде кино көріп, музыка тыңдап, күн сайын «BBC News», «Euronews», «CNN», «New York Times» секілді әлемдік ақпараттық агенттіктердің жаңалықтарын үзбей бақылайтын. Самим сабақтан бөлек, кешкілік ағылшын тілін оқытатын орталықта жұмыс істеді. Биден де сабақ беретін.

Бізге Ауғанстан десе бірден соғыс, теракт, жарылыстар елестейтін. Сол туралы суыртпақтап сұрағанымызда.

– Бізді жұрттың бәрі соғысқұмар көреді. Бала кезден қолдарына «автомат» ұстайды деп ойлайды. Бұл қате. Біз секілді білім қуған жастар өте көп. Бәрі Отанын жақсы көреді, соғыстың, атыстың болмағанын қалайды. Сендер қандай бақытты едіңдер? Осындай тәуелсіз, бейбіт елде өмір сүру – талайдың арманы, – дейтін. Салт-дәстүрлерін, дін ұстану жайлы да сұрайтын едік.

– Дінге берікпіз. Әйелдеріміз қымтанып жүреді. Қазақстандағыдай емес. Үйге қонақ келгенде олар бөлек бөлмеде тамақ әзірлеп, есіктен беріп тұрады. Қонақ кеткенше сыртқа шықпайды. Демалыста міндетті түрде келіңдер, сендерге Ауғанстанды көрсетейік, – дейтін.

Жатақханада бөлмелеріне бара қалсақ, бос жүргенін көрмейтінбіз. Тамақты да дәмді даярлайды.

Екеуімен қазақтың тарихы, салт-дәстүрі, әдебиеті жайлы ұзақ сөйлесетінбіз. Түсінбей жүрген сөздердің мағынасын сұрайтын. Уақыт өте келе әдеби шығармаларды да қазақ тілінде оқитын дәрежеге жетті. Абайдың өлеңдерін жатқа соғатын. Қазақ тілінің ең бай, көркем тіл екенін айтып, екі ауған группаласымыз да дипломдық жұмысын қазақ тілінде қорғады. Оқу бітірген соң туған елдеріне қайтып, Рахим Ауғанстан Президентінің баспасөз қызметіне жұмысқа тұрды. Ал Самим болса сол елдегі «TOLO news» (TBC) ақпарттық агенттігінде тілші болды.

* * *

«Ауғанстанның Кабул қаласындағы жарылыстың бірінде Қазақстанда оқыған журналист қаза тапты» деген хабар жетті. «Inform.kz» сайты тарапқан: «Ірі лаңкестік оқиғасының салдарынан қаза тапқандардың арасында БАҚ өкілдері де бар екені туралы ақпарат тарады. Бүгін «TOLO news» телеарнасы жарылыс оқиғасының егжей-тегжейін білу үшін барған тілшісі Самим Фарамарздің опат болғанын мәлімдеді» деген ақпарат жүрекке салмақ салды. Себебі ол – біздің баяғы мейірімді, еңбекқор, достыққа берік Самим болатын.

САБАҚТАСТЫҚ №72. 28.06.22

Алаш идеясымен рухтанған...

Аргы беттегі қазақ баспасөзіне «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының ықпалы зор болды. Аталған басылымдардың саргайған түптемесін ақтарып отырып, Қытайдағы қазақ қандастардың өткен ғасырдың алғашқы ширегінде «Қазақ» газетіне, «Айқап» журналына үнемі қаржылай қолдау көрсетумен қатар, оны алдырып оқығаны туралы ақпарат бар. Өкінішке қарай, бұл басылымдар төте жазумен шыққандықтан ол деректер күні бүгінге дейін оқырманға жетпей келеді.

Қажет АНДАС



Бірақ ол тұста аргы беттегі қазақтардың арасында баспа өнерінің қыры мен сырын білетін маманның тапшылығынан газет шығарып, журнал бастыруға мүмкіндік болмады. Ал 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісінен кейін аргы бетке аскан зиялы қауым Қазақстанда шыккан газет-журнал түптемелерін, баспа өнімдерін өздерімен бірге алып өтіп, олардың баспагерлікке деген танымын оятты. Осының нәтижесінде 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдардың алғашқы жартысында Қазан, Алматы, Ташкент қалаларына жастарды оқуға жіберіп, баспагерлікпен айналысатын маман тәрбиелеу ісін қолға ала бастады.

Аргы беттегі қазақтар арасында баспа өнерінің алғашқы ұясы Шәуешек қаласында тігілді. 1914 жылы ашылған «Тұран мектебі» алғашында Қазақстанда Ахмет Байтұрсынұлы емлесімен шығатын оқу құралдарын пайдаланып келсе, 1925 жылдары Қазан қаласынан баспа құралдарын сатып әкеліп, өздері оқулық құрастыра бастады. Бұл сол өнірдегі баспасөздің басталғанынан дерек береді. Сол негізде «Біздің үн» (Бізнің Тауыш) деген газет өмірге келді. Ол газеттің таза ұлттық бағыт ұстанғаны жергілікті өкіметке жақпады. Сонымен 1935 жылы осы газетті тоқтату үшін қытайша, ұйғырша «Шыңжаң» газетінің Шәуешек бетін шығарып, кейін «Жаңа Шыңжаң» деген журналға өзгертілді.

Осы тұста 1935 жылы Үрімжі қаласында «Шыңжаң» газетінің қазақ тіліндегі нұсқасы шыға бастағанын айта кеткен жөн. Бұл газет Шыңжаңдағы баспасөздің дамуына оң ықпал етті.

Өр Алтай өнірінде 1935 жылы Шәріпхан төре Жәнісханұлының ықпалымен ең алғаш «Шыңжаң Алтай» газеті шықты. Сол кезден бастап атауы 6-7 рет өзгерген бұл басылымның аты 1949 жылы «Бірлік» деп ауыстырылып, 1951 жылға дейін жарық көріп тұрған.

Іле өніріндегі баспасөздің тарихын Құлжа қаласында 1935 жылы құрылған қазақ-қырғыз мәдени ағарту ұйымымен тікелей байланыстыруға болады. Сол жылы Құлжада «Төңкеріс таңы» атты газет шықты. Оны Таңжарық Жолдыұлы басқарды. 1944 жылы «Азат Шығыс Түркістан» (кейін «Төңкеріс таңына» ауыстырылды), 1946 жылы «Күрес» журналы таратыла бастады. Бұдан бөлек, Іле, Алтай, Тарбағатай өнірінде «Одақ», «Мекен», «Жаңа Шыңжаң», «Төңкерісшіл жастар», «Тарбағатай», «Сәуле», «Алға», «Төңкеріс шұғыласы», «Білім арнасы», «Әйел-қыздар үні», «Өмір», «Шолпан» (кейін «Ынтымақ туы» деп өзгертілген) журналдары жарық көрген.

Бүгінгі таңда Шыңжаңда «Шыңжаң газеті», «Іле газеті», «Алтай газеті», «Тарбағатай газеті», «Шыңжаң ғылым-техника газеті», «Іле ғылым-техника, информация газеті» сияқты газеттер үзбей шығып тұрады. Ал әдеби журналдар ретінде «Шұғыла», «Іле айдыны», «Алтай аясы», «Тарбағатай», «Сайрам», «Богда», тағы да басқа журналдар жұрттың ықыласына бөленіп жүр. Сонымен қатар, әлемдегі әдебит жауһарларымен таныстыруда «Көкжиек», ұлтымыздың мол мұрасын жинақтап, саралап, жұртқа таратуда «Мұра» (алғашқы атауы «Шалғын»), қазақ тілін зерттеуге бағытталған «Тіл және аударма» журналдарының үлесі де аз болмады.

Қысқасы, аргы беттегі қазақ баспасөзінің алғашқы төркіні «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының бағытын ұстанды. Демек, Алаш рухы аргы беттегі қазақтардың баспа өнеріне ерекше ықпал етті.

рын дамыту алдыңғы орында тұруға тиіс. Батыс елдерінде оқушылар ақпаратты, мәтінді түсініп, талдауға ертеден машықтанады.

Жаңа Қазақстандағы ең маңызды және өзекті фактор – биліктің уақтылы ауысып, әділ сайлау өткізіп тұруы. Бұл – ең бірінші мәселе. Екіншіден, заң үстемдігі шын мәнісінде орнауы қажет. Яғни, адамның дәрежесіне, лауазымына қарамастан, заң талаптары бәріне бірдей болуы шарт. Елде сөз бостандығы мен митинг өткізу еркіндігі болуы керек. Азаматтанудың кешегі күнінің кәдесіне жарамай, алға қарай дамуы аса маңызды. Осы арқылы елдің еңсесін көтеріп, халықтың жағдайын жақсартуға болады.

Асылхан ҚУАН,
Аяулым ӘБДІХАЛЫҚ,
Балжан ЖЕҢІСБЕК,
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті діntану мамандығының 3-курс студенттері,
жетекшісі: аға оқытушы
Жанна ҚАҢТАРБАЕВА

«Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Алматы облысы Әділет департаменті» РММ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 23.06.2022 жылғы №417 қаулысына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Жетісу облысы Әділет департаменті» РММ бөлініп шығуы жолымен қайта ұйымдастырылатының хабарлайды. Талаптар келесі мекенжай бойынша қабылданады: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 38. Тел.: 24-51-88, 24-51-37.

РГУ «Департамент юстиции Алматинской области Министерства юстиции Республики Казахстан» объявляет о своей реорганизации путем выделения из него РГУ «Департамент юстиции области Жетісу Министерства юстиции Республики Казахстан» согласно постановлению Правительства Республики Казахстан №417 от 23.06.2022 года. Претензии принимаются по адресу: г. Талдыкорган, ул. Кабанбай батыра, 38. Тел.: 24-51-88, 24-51-37.

ЕСКЕ АЛУ



Кеген ауылының тұрғыны, Жалаулы ауылының тумасы, ардақты әке, асыл жар, аяулы дос әрі сыныптасымыз **Уали Сейілханұлы** тірі болғанда 6 шілдеде 60 жасқа толар еді. Тағдырдың жазуына шарамыз жоқ. Бірақ аяулы досымызды әрқашан сағына еске алып тұрамыз. Жатқан жерің жайлы болып, көкте нұрын шалқысын. Арамызда болмасаң да нұрлы бейнең, жарқын жүзің мәңгі жүрегімізде сақталады.

Өзің жайлы естеліктер көп бізде,
Жарқын жүзің есімізден кетпейді.
Әрқашанда сағына еске алғанмен,
Бірге болған күндерге ол жетпейді.

Өмір деген осы екен ғой, осы екен,
Қош айтатын біреу ерте, біреу жай.
Жатқан жерің жаннат болсын ендеше,
Айналаға нұрын шашып тұрардай.

ЕСКЕ АЛУШЫЛАР: зайыбы – **Күләш,** достары – **Сауытбек-Шолпан, Ақылбек-Гүлбақыт, Ерсерік-Азигүл, Жұмабек-Гүлнар, Жолдасбай-Гүлмира, Бақкелді-Ләззат, Бақыт-Айбарша, Байбосын-Тойжан, Бақыт-Куляш, Несіпгүл, Нұргүл, Гүлжамал, Күләш, Света, Нұрбүбі, Тұрсынгүл, Бақберген, Ақерке, Хасен-Батес, Қарашаш.**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі:
«Өлке тынысы» ЖШС

Директоры
Досан АТАНТЕЛОВ
Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 747 688 17 41, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32, Қонаев қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55. Талғар ауданы — 8-701-400-28-49. Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Гүлжан ТҰРСЫН

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен аскан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: **87773880990**

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10


Тапсырыс — 664
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110, Оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010.
Индексі – 65469.

№76(8071). 9 шілде. 2022 ж

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ЖЫР- ҒҰМЫР



Айтақын ӘБДІҚАЛ, Мұқағали Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты

Бүгін маған сағыныш... өткен өмір...

Ей, Замандас!
Сен де, мен де
Періште емес,
Пендеміз.
Кателесіп, сүрінгенбіз,
Бірде алдап, бірде алданып,
Тоналып та, оналып та кергенбіз.
Иә, біз де періште емес, пендеміз,
Тағдыр сынын, өмір сырын кергеміз.
Басқа түскен сынақтарға көнгеміз.
Есті адамның өсиетін ескермей,
Кей суайттың айтқанына сенгеміз...
Кешір, Алла!
Біз осындай пендеміз.

* * *

Ашынып, тасынып,
Құбылған заманды,
Байлыққа бас ұрып,
Жұлынған адамды,
Иманнан адасып,
Кірленген санамды,
Бүлінген ғаламды,
Ойлап бір, мұңданам.
Қоғамға, адамға ой салу –
Шын парыз бұл маған.
Адам аз дәл қазір.
Естінің айтқанын тыңдаған.

* * *

Кемшілік сенде де бар, менде де бар.
Адам жоқ «пенделіктен» кенде қалар.
Өмірдің соқпақтары – бұлың-бұлың,
Жолында шынырау құз, өр де болар.
Өзгерген адамзаттың сан жасағы,
Күн мен түн, өмір... өлім... алмасады.
Қара жерді ақ мамық қар басады.
Тіршілік
үзіледі...
жалғасады...

* * *

Өткен бір дәуірлер мен замандарда,
Өмірде киналмаған адам бар ма?
Сен кателік жібердің... ол сүрінді,
Енді соны түзеуге шаман бар ма?
Иә,сондай заманда өткен, кеткен,
«Бұлбұл» болып сайраған жаман қарға.
Өкпе айтпа қоғамға да, заманға да,
Ойланғын, бәлкім кінә адамда ма?
Өкыс келген кәсірет көпке ортақ,
Батпайды ол сенімен маған ғана.

* * *

Басымды тауға да ұрдым,
тасқа да ұрдым.
Білсем деп жұмбақ сырын қас-қағымның
Сенің ойың – ақша мен байлық шығар
Ал мендегі – басқа арман,
басқа-а-аа-а бір мұң.

* * *


Не болады күні ертең?..
Болжап білу мүмкін бе?..
Ұрлап жиған байлығың,
Бақытым деп жүрсің бе?
Бүгін маған сағыныш... өткен өмір,
Оралса ғой жастық шақ, көктем-өмір.
Қартаң шақ қызығы аз, мұңы басым,
Суық күздей сұрықсыз неткен өмір?..



ТАНЫС ТА БЕЙТАНЫС

ОДАМАН АҚЫН

Қазақтың айтыс өнерінің өкілі ретінде аты аталып, жыры жатталып жүрген тұлғалар жетерлік. Десе де, еңбегі елге жетпегендер де көп. Соның бірі – Одаман ақын.



Қажет АНДАС

Ежелден қазақ халқында жер мен жесір дауы бітпеген, барымта мен сырымта тоқтамаған. 1882 жылы Ресей-Қытай арасындағы «Іле шекараны ажыратып, бекіту» келісімі жасалғаннан кейін де шекараны жағалай коныстанған рулар арасында келіспеушілік жиі орын алып тұрды. Осыған орай, екі елдің өкілдері әр екі жылда бір рет съезд ашып, ел арасындағы дау-шарды шешіп отыруға келіседі.

Сол съездердің ішіндегі ең іргелісі – албан, суан, қызай рулары арасындағы 1889 жылы өткен «Кеген съезі» еді. Съезде дау ұзаққа созылып, екі жағы да жеңістік бермейді. Осы тұста орыстың ояздары мен қытай тарабының мансаптылары дауды қазақтың дәстүрлі ақындар айтысы арқылы шешуді ұйғарады. Қай жақтың ақыны жеңсе, сол жаққа жеңісті бермек болады. Сонымен Ұлы жүз, Орта жүз руларына бұл бекімді жеткізіп, жаушы аттандырады. Албан, суан жағы Одаманды алдырады. Одаман – адамның сөзгері, асқан ақын, «алысқанын алмай қоймайтын арыстан» деген дақпырты бар, тек үйсін еліне ғана емес, арғын, найман, меркіт, қоңырат, қыпшақ, тобықты елдеріне аты кең таралған ақын. Одаманның атақ-даңқынан хабардар қызайдың аткамінерлері онымен айтыстыратын ақын таппай қиналады. Осы кезде Оразәлі Жанпейісұлы Одаманмен айтысуға өзі сұранады.

Сол тұста өзін мақтап, қарсы жағын даттау, шымбайына батар шындығын дәл тауып айту, сол арқылы қарсыласын сүріндіру айтыстың басты шарты болып есептелетін. Сөз сайысында Оразалы сол жылы Одаманның әкесі Кезеңқара бұрын жайлауға көшкенін естіп, соны алға тартып, жүйеден ұтады. Өйткені, Қытай қазақтарының арасында «Кезеңқараның көші» деген көш осы күнге дейін айтылады. Кезеңқара – Одаманның әкесі, ал атақты Мұқа болыс та осы ауылдан шыққан. Кезеңқара ауылы көшкенде аттарына тақкан алтын-күмістен айнала жалт-жұлт еткен сағымға оранып жүреді екен. Оның салтанатынан иманген басқа ел Кезеңқара ауылы жайлауға көшпей, көшті қозғамайтын болған. Сол жылы Одаман әкесінің үйінен бұрын жайлауға көшіп шығып алған екен.

Жүйеге жығылған Одаман жеңілгенін мойындап, азаматтар Оразәліні ақ киізге көтеріп, жеңісін тойлайды. Ең бастысы, бұл айтыс қазақ тарихында ақындар айтысы арқылы елдің дауын шешкен алғашқы және ең соңғы жағдай ретінде аңыз болып қалды.

Ақынның шөбересі, танымал әнші, сазгер Бақберген Асқарбеков былай дейді:

– Одаман атамды көрмесем де, жиі естітінмін. Әкем Нұршабек, атам Асқарбек, ары қарай Одаман болып жалғаса береді. Үлкендердің айтуынша, бұл кісі суырыпсалма ақын, шебер күйші болған екен. Атам жайлы бала кезімізде үлкендер: «Төрде отырып күй шерткенде бөксесімен сырғып, далаға шығып кететінін білмей қалатын» деп жиі айтатын. Дүние күйіп бара жатса да күй біткенше басқаға назар аудармайды деседі. Әбілхақ Шапахатов атамыз тірлігінде Одаманның шығарған әнін, 98 күйін біледі екен. Құнттамай жүріп, қайран қазынадан айырылып қалдық.

Әлі есімде, 1983 жылы Дәнеш аға, Төлепбай Байысов, Білісбек Қонысбаев бар, 7-8 әртіс Кербұлақ ауданының Қызылжар ауылына концерттік сапармен бардық. Ол кезде кешке үй-үйге бөлініп, қонып шығамыз. «Дәнеш аға келді» десе, елдің бәрі елеңдеп тұрады ғой. Біз қонатын үйдің ауласына адам толып алыпты. Бір кезде ақ самайлы әже Дәнеш ағаға келіп амандасып, бәріміздің аты-жөнімізді шетімізден сұрай бастады. Маған жақындап келді де: «Мынау ұзын шаш бала кім?» – деп сұрады. «Аскарбектің немересі» деп жатты біреулер. «Е, онда Одаманның шөбересі екен ғой», – деп арғы атамның атын атады да, жаныма келіп жайланып отырып, әңгімесін бастады:

– 1928 жылы атаң Одаман Жаркент-Арасанда 19 жасар қызбен айтысып еді. Сол айтыс ел арасында біраз жылға дейін тарап жүрді.

Жылқының тоқтағаны аңырғаны,
Ақынның тоқтағаны жаңылғаны.
Шырағым, жап-жас қана бала екенсің,
Арасанға келіп едің не қылғалы.

Кел, қашалық, қашалық қашар болсаң,
Арқама сап көтерейін нашар болсаң,
Алтын-Емел асқанша көтерейін,
Одан ары қарай аяғыңды басар болсаң, –

деп басталатын айтысты толығымен айтып шықты. Ол кезде сөзді таспалап алатын құрылғы жоқ. Есімде осы жолдары ғана жатталып қалыпты...

Одаман ақын 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі тұсында арғы бетке өтіп, мәңгілік мекені сол жақтан бұйырды. Қазір ҚХР Қорғас ауданы Кеген ауылының тұсындағы Шөлжота деген дөңеске жерленген. Бүгінде жұрт оны «Одаманның бейіті» деп атайды. Халқымызда: «Ат аунаған жерде тұк қалады» деген нақыл бар. Шындап кіріссек, ел ішінде әлі де талай қазына жатыр. Оны елеп-екшеп, тәптіштеп іздесек, мол байлыққа жолығарымыз анық.

БӘРЕКЕЛДІ!

«Мамания» мектебі қайта жаңғырды

«Алтын адам» Жетісу шеберлер орталығы» қоғамдық бірлестігі Текелі қаласындағы Орталық Азия университетінің ғимаратынан мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған оқыту орталығын ашты. Оны «Мамания» шеберлік орталығы деп атады.

«Мамания» мектебінің негізін 1889 жылы ағартушы, меценат Тұрысбек Маманов қалаған. Қазақ даласына білім шырағын жаққан оқу ордасының бірі. Өткен ғасырдың алғашқы жартысындағы Жетісу жерінен түлеген ұлт көшбасшыларының дені осы мектепте білім алған. Орталықтың атын «Мамания» деп атаудың да мәні терең.

– Мақсатымыз – «Мамания» мектебінің игі істерін қайта жаңғырту. Бұл жерде мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім береміз. Болашақта ауқымын кеңейтіп, шеберлер мектебіне айналдыру ойымызда бар, – дейді «Алтын адам» Жетісу шеберлері орталығы» ҚБ төрайымы Дина Бакирова.

Қамқоңіл жандарға жасалған осындай қамқорлық қала басшылары мен тұрғындарын да бейжай қалдырмағаны анық. Ашылу салтанатына Текелі қаласының әкімі Батыр Молдахметов арнайы қатысып, ізгі ниетін білдірді.

Орталықта мүмкіндігі шектеулі балалар тегін білім алып, өнерін өрістетеді. Ондағы мүмкіндігі шектеулі 38 балаға 4 шебер кескіндеме, сурет салу, безендіру, моделдеу, киіз басу, бесмер тігу, сабын жасау сияқты үйірмелерде қолөнерден сабақ береді. Олардың алаңсыз білім алуына барлық жағдай жасалғаны көрініп тұр.

– Орталықты ашар алдында мүмкіндігі шектеулі жандардың еркін кіріп-шығуына көңіл бөлдік. Ғимараттың кіріп-шығу құрылғылары, есік, үстел, орындыққа дейін еуропалық стандарт бойынша орналастырылды. Сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі азаматтармен жұмыс істеуде тәжірибеміз мол. Осы жерге келген әр адам жақсы білім алып, шеберлігін шыңдап, ешкімге жалтақтамай, жеке кәсібін ашуға керекті біліктілік жинап қайтса, қуанар едік, – дейді Орталық Азия университетінің әкімшілік өкілі Райхан Сейсекенова.

Орталық аталған бірлестіктің жеке қаржысымен ашылды. Алдағы уақытта басқа аудан, қалалардан да осындай игілікті жұмыс қолға алынбақ.

Қ. ОМАРАҚЫН

Текелі қаласы
Жетісу облысы

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

Қарғалы ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының және еңбек ардагері, ауданның Құрметті азаматы Прокопенко Михаил Алексеевич 100 жасқа қараған шағында өмірден озды.

Өмірі – өнеге

Серік САТЫБАЛДИЕВ

1922 жылы туған Михаил Алексеевич 1942 жылдың ақпанында Алматыдан әскерге шақырылып, 1944 жылдың мамыр айында Екінші Беларус майданының құрамында Белоруссия жерінде болған киянкескі ұрыстарға қатысады. Сол жылы 23 маусымда Могилев бағытында шабуылға шыққанда танкісіне снаряд тиіп, өртенеді. Денесін күйік шалған ол ауыр жарақатпен госпитальға түседі де, әскерден босатылады.

Майданнан оралған соң нәтижелі еңбек етті. 1955 жылы топографтар курсын бітіріп, Орталық Азия географиялық тресінде техник-топограф болды, Қарғалы шұға комбинатында жұмыс істеді. Қоғам өмірінен қол үзбей, ауданның өсіп-өркендеуіне үлес қосты.

Бүгінде аудан бойынша көзі тірі екі ардагердің бірі еді. Қаралы митингке қатысқан аудан әкімі Нұрлан Ертас майдангердің ерлігі мен өнегелі өмірі жерлестерінің жадында мәңгі сақталатынын айтты.

Қарғалы ауылы
Жамбыл ауданы
Алматы облысы

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

■ ӘРІПТЕС ӘЛПЕТІ

Қонаевтанушы Қауғабай



Ораз Қауғабайдың аса көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірі, халқына сіңірген еңбегі, айрықша қасиеттері туралы ұзақ жылдардан бері қаузап келе жатқан жазбаларын жұрт бұрын да, қазір де іздеп жүріп оқиды.

Д. Қонаев туралы жазбалары жазушы шығармашылығының негізгі өзегіне айналған қаламгер 2008 жылы «Таңғажайып Қонаев» атты роман-эссе шығарды. Кітап оқырмандар сұранысы бойынша 2014 жылы қайта басылды. Кітапта Димекеңнің ата-бабаларынан бастап, ұлы тұлғаның балалық шағы, студенттік өмірі, қызмет жолы, елге сіңірген еңбегі нақты мысалдармен жақсы баяндалады. Оқырман кеменгердің жұрт біле бермейтін көрегендік, данышпандық, кісілік және карапайымдылық қасиеттеріне қанығады. Бекзаттық, парасаттылық болмысы ашылады. Қонаевтың бойында әл-Фараби даналығында айтылатын 12 қасиеттің барлығы бар екені дәлелденеді.

Әрине, О. Қауғабай өмір бойы тек қана Қонаев туралы ғана жазған екен дегендей түйін жасасақ онымыз әбестік болар еді. Ол жорналшы-жазушы ретінде сан алуан тақырыпта қалам тербеп жүр. О. Қауғабай – әлемнің ғажайыптығына, дүниенің тылсымдығына пәлсапалық көзқараспен қарап, өмірде күтпеген жағдайлардың орын алатынынан өзіндік той түйіп, белгілі бір қорытынды жасап отыратын қаламгер. Әсіресе дін тақырыбына жазған еңбектерінде осы мәселеге ерекше ден қойып, адам өміріне әсерін тигізбей қоймайтын бір құдіретті күштің бар екеніне имандай сеніп, оған дәлелдер келтіріп, оқырманның назарын аударады. Мысалы, Әз-Тәуке хан тұсында Жетісу өлкесінде би әрі пірадар болған, көрікелдік, әулиелік қасиеті ел арасына кең тараған Әлмерек баба туралы ұзақ жылдар бойы зерттеу жүргізіп, көлемді кітап жазды. Аты ұмытылған тарихи тұлға ғылыми айналымға енді. Әлмерек тарихи-мәдени қоры құрылды.

Бұдан бөлек, Кеңес өкіметі жүргізген зұлмат саясат кесірінен есімі ұрпақ жадынан өшкен Бөйіт софы, Файзолла ишан, Сатыбалды ишан, Бура молда, Қашаған би және Тезек молда тәрізді кезінде ел құрметіне бөленген діндар жандарды тарих сахнасына шығарды.

Жоғарыда баяндағандарымыз О. Қауғабайдың жазушы ретіндегі қолтаңбасы десек, оның журналист ретінде тындырған шаруалары – өз алдына бөлек әңгіме. Бұл бағыттағы еңбектері оны қоғам қайраткері дәрежесіне көтерді. Бұған журналистің «Қазақстан мұғалімі», «Халық конгресі» газеттерінде, «Жұлдыз», «Ақиқат» журналдарында еңбек еткен жылдарында жазған публицистік шығармалары куә.

О. Қауғабайдың қоғам белсендісі ретіндегі және бір қыры – оның «Невада-Семей» антиядролық қозғалысының белді мүшесі болуынан көрініс табады. Бұл жөнінде журналистің өзі былай дейді:

– Әлемге әйгілі Семей полигоны жөнінде айтқанда өткен ғасырдың 70-ші жылдары есіме түседі. Менің семейлік достарым көп болды. Жұмысшылар жатақханасында олармен бірге тұрдым. Әлібек, Шәміл, Есен сияқты жігіттер әскерден келіп, оқуға түсе алмай Алматыда қалып, құрылыста еңбек етті. Олар алдына мақсат қойған мықты жігіттер еді. Кейде әңгіме-дүкен құрғанда «Біз жақта күмпілдетіп күнде жарылыс жасайды. Ауа лас, су таза емес, Дегелең жақта ақ-күс деген атымен жоқ» деп қапаланатын.

«Невада-Семей» антиядролық қозғалысы құрылмай тұрып, Сарыарқадағы «ажал аждаһасы» жөнінде осылайша семейлік достардан естідім. Кейін 1989 жылы осы қозғалысқа мүше болдым. Арада көп өтпей атақты Олжас Сүлейменовтың «Халық конгресі» газетіне қызметке келіп, полигон тақырыбына қалам тарттым.

О. Қауғабай осы қозғалыстың мүшесі ретінде Мәскеуде, Стамбұлда, Анкарада, Нью-Йоркте өткен антиядролық акциялардың ішінде жүрді. 1994 жылы Нью-Йоркте өткен ядролық сынақ жарылыстарына қарсы акцияның делегаты ретінде Семей полигонының қасіретін Біріккен Ұлттар Ұйымының қабіреніне жеткізу мақсатында халықтық қозғалыс атынан көлемді кітап жазуды қолға алып, оны ойдағыдай аяқтап шықты. Өкінішке қарай, сол кездегі дағдарыс пен аласапыран салдарынан кітаптың жарық көруі кешеуілдеп, ақыры бұл тірлік аяқсыз қалды.

О. Қауғабай осыдан 16 жыл бұрын Қапшағай қаласының 35 жылдық мерейтойына қатысқанда аталған шаһарға халық тілегі бойынша Қонаевтың есімін беру жөнінде баспасөзде мәселе көтерген еді. Бүгінде бұл идея жоғары билік тарапынан қолдау тауып, Қонаев қаласы Алматы облысының орталығы атанды.

Қонаевтанушы Ораз Қауғабай туралы ортаға салған ойымызды тұжырымдай келе, бүгінде қаламгердің шығармашылық күш-қайраты әлі де бабында екенін айтқымыз келеді. Мерейің үстем бола берсін, қадірлі қаламдас!

Орынбек ЖОЛДЫБАЙ,
Қазақстанның Құрметті журналисі

■ АҚТАҢДАҚ

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс барысында басы ашылмаған мәселе – қызыл қырғынды кімдердің жасағаны. Сол тұста қынадай қырылған қазақтың көз жасын біз тек «25 маусым жарлығы» шыққаннан кейінгі толқуды басу үшін жасалған әрекеттерден көреміз. Шын мәнінде, орыс билігі бұл қырғынды қазақтардың шұрайлы мекенін иелену, оларды атамекенінен жер аудару мақсатында ертерек жоспарлаған. Ал маусым жарлығы тек отқа май құю үшін ойластырған зымиян жоспар ғана.

Қызыл қырғынды КІМДЕР ЖАСАДЫ?

Қажет АНДАС

Расында, XIX ғасырдың соңғы ширегінде Ресей патшалығы Жетісуға орыс-казактарды көптеп көшіріп, «сенімсіз көшпелілерге» күзетші қылды. 1914 жылғы неміспен соғыс басталғанда Жетісу орыстарына мылтық-кару қайта үлестіріп, қорғаушы әскер жасақтауға ерік берді.

Бұл жайлы Ілияс Жансүгіров біраз ізденіп, құнды деректер қалдырып кетті. Соған сүйенсек, Жетісудағы көтерілістен бұрын Қапалда, Алматыда және Жаркентте 885-тен бесатары бар сақтық әскерінің дружинасы тұрған. Мұның үстіне Бақтыдағы, Жаркенттегі, Нарындағы казак-орыстың бір-бір полкіне 100-120-ға дейін қылыш жеткізілген. Алматыдағы казак-орыс запасында 264 қылыш, Бақты, Нарын, Алматы мен Қапалдағы дружинасына екі-екіден пулемет берілген. Мұнан бөлек, Алматы дружинасының 1 ротасы Әулиеатаға, 20 казак-орыс, 30 ратник Бақтыдан Шәуешекке барып орналасқан. Сөйтіп өкімет қолындағы күштің ұзын саны мұздай қаруланған 3736 адамға жетіп, қазақтарды сеспен үркітіп, тапжылтпай ұстап тұрған.

Өкінішке қарай, бүгінде бұл әскердің аймағымыздың қай жеріне орналасып, қандай мақсат пен бағытта жұмыс атқарғаны туралы кешенді зерттеу жүргізілмей келеді. Олардың дені құпия құжаттар түрінде Мәскеу, Алматы архивінде сақталғандықтан кез келген адам парақтай алмайды. Ал Ілияс Жансүгіров 1925-1928 жылдары Мәскеу жоғары журналистика институтында оқып жүрген тұсында, Алматыдағы қызмет орайында архивтегі деректерден жалықпай ізденіп, бізге қалдырды. Ілиястың назарына ілікпеген әлі канша дүние ашылмай жатыр десеңізші?!

Жетісуда көтеріліс басталған тұста аймақ «Облыс соғыс халінде» деп жарияланып, жоғарыдағы әскер 17 бөлікке бөлініп, комендант белгіленіп, әскер күшін көбейтуге рұқсат етілген.

Көтеріліске шыққанымен қасына тек қылыш, найза, құрық ұстаған карапайым халықты басуға өзге аймақтардан да әскер әкелінген. Сол қатарда Ташкенттен подполковник Гейценнің отряды – екі рота, екі зеңбірек, казак-орыстың бір жүздігі 4 пулеметпен Жетісу жеріне келіп, көтерілісшілерді аяусыз қырып-жойды. Олардың телефон, телеграф жабдығымен жабдықталған саперлар командасы тамыздың 9-ында жеткізілді. Подполковник Аларцевтің отряды 4 рота әскер, бір зеңбірек, бір жүздік казак-орыс отряды, саперлер командасы, 160 солдатымен тамыздың 15-інде келіп жетті. Осы екі отряд Пішпекте, Тоқпақта жаныштау жұмысын жүргізді. Капитан Бурныйдың отряды Скоблевтен Әндіжан арқылы Нарынға жетті. Бұдан басқа, барлық уезге казак-орыстан құрал атуға жарайтындардан қорғану отрядын жасақтауға бұйрық берілді. Сондай-ақ, 1916 жылы тамыздың 13-і күні Қаркара жайлауына Жаркенттен №3 казак-орыс полкінің бір жүздігі қосымша жіберілген.

Орыстың әскери деректерінде тамыз-қыркүйек айында Қаркара көтерілісіне 5 мыңнан астам адам қатысқаны айтылады. Ал, Сейдәлім Тәнекеевтің есебінде, қазақ жасақтарының саны 20 мыңнан асады. Оған Қаркара аймағын мекен еткен қазақ, қырғыз, ұйғыр, өзбек, татар, дүнген сынды ұлт өкілдері де қосылып, патша жендеттеріне бір кісідей қарсы шығады. Бұл дерек көп жағдайда жасырын қалып келеді.

«Қазақ» газетінде жарияланған бір мақалада мынандай жағдай сөз болған: Иванов деген аңшы қаладан қырға бара жатқанда көршілері қайда бара жатқанын сұрайды. Сонда ол: «Екі аяқты аң атуға бара жатырмын» деп қуана айтады. Қазақ-қырғыздың көрген азабы бұдан да ауыр. Өкінішке қарай, орыс деректерінде тек орыс-казактардың ғана шығыны есепке алынып, қырылған қазақ, қолды болған мүлік, әлдебір келімсектің айдауында кеткен төрт түліктің есебі әлі түгенделген жоқ.

Патша әскерінің оғынан қаншама қазақ жер құшып, сілтеген қылышы қаншама қаракөзді жарымжан еткені саналмады. Сол ащы дерт, ашулы ыза жылдар ізімен бірге ұмытылып, есесіне, «өлкемізді орыс көркейтті» деген сенімге имандай сенетіндердің қатары көп болғаны қынжылтады.



ТАРИХ – ТАҒЫЛЫМ

ҚЫЗЫЛ ҚЫРҒЫН



Отызыншы жылғы қолдан жасалған аштық 4 миллионның төңірегінде қандасымыздан айырды. Зиялыларды құдалап, ауқаттылардың малын тартып алған соң елдің жайы оңбады. Күнкөріс көзінен айырылған жұрт аштықтан өзі-ақ баудай түсіп қырылды. Осы кезде Қапал оңіріндегі атақты бай Омар мен оның батыр бауыры Алқаннан тараған ұрпақ та құдалауға түсті.

Гүлжан ТҰРСЫН

Жеті атасынан байлық үзілмеген төре тұқымы бұған дейін Баласаз атты мекенде бақуатты ғұмыр кешіп келген. Бұл кезеңде Жетісу өлкесінде дәулетті адамдар көп еді.

Бірақ жоғары жақтан жүргізілген құйтырқы саясат «ұжымдастыру» дегенді желеу етіп, елдің мал-мүлкін тартып алып, кім арқасынан қақса соған жанын сала еңбек ететін момын халықты алдаусырата бастады. Елдің бас көтерерлері аштықтан түгел қырылып қалмай тұрғанда ұрпағын аман алып қалудың амал-тәсілін ойлады. Сонымен, Қапал, Ақсу, Сарқан байлары ақылдаса келіп, көтерілеске шықты. Олар қанша мықты болғанымен, қару-жарағы аз еді. Кеңес өкіметінің соңында қаруланған отряд тұрды. Самолет, пулеметпен қаруланған әскер жай аншы мылтығы және бірен-саран винтовкасы бар көтерілісшілерді баудай түсірді. Көтерілістің соңы жаппай қырылуға әкеліп соқты. Ендігі мақсат – көрші елдерді сауғалау.

Кеңес өкіметінің отарлау саясатына қарсы шыққан байлардың бірі – Тұрсын Омаров. Ол 1930-1931 жылдары аштыққа ұрынған ауыл-аймақ, балашағаны аман алып қалу мақсатында Қытайға бет алған көшті бастайды. Тыңшылардың кесірінен Арасанның Сартауы арқылы шекаралас елге баратын Демікпе асуында қызылдардың қолынан қаза табады. Әкесіне тартып туған қайсар баласы Жолдыханды қызылдар Верный қаласына жер аударады. Арқасүйер әке мен бауырдан айырылған Қырықбай, Мәлік, Қали, Мұқаш, Асқарлардың күйі кетті. Кеңес жерінде енді өздеріне тұрақ жоғын сезді. «Байдың ұрпағысыңдар», – деп күн көрсетпейтіні белгілі еді. Аман калудың бір-ақ жолы бар. Ол – көрші Қытай еліне өтіп, жан сауғалау. 1916 жылы патшалық Ресей қылышын жалаңдатып келгенде біраз жұрт орыстан енді жақсылық болмайтынын біліп, шетел асып кеткен. Ендігі ой – соларды тауып алып, пана тұту.

...Ешкімге білдіртпей, қарасы 10-15 адамнан құралған аттылы-жаяулы көш жолға шықты. Басшылары – Қырықбай. Көштің құрамында Мәлік, Мұқаш, Сәдуақас, Қали, Аскар және Әди есімді жас келіншек пен аталарының қасында жүрген төленгіттер.Әди – Қалидың жары. Салт ат мінген Әдидің алдында әлі ес білмейтін сәбиі бар. Олар жарты жолға жеткенде өздері сияқты босып бара жатқан қандастарын кездестіреді.

Жолаушылар қауіптің сейілгенін айтқан соң көш басшылары бел жазып, тынығып, ас-су ішіп алуды ойлайды. Сол жерде бір малды сойып, аттарын тағалап, ес жимақшы болады.

Әдидің мінген атын інілері отқа қойып, аяғын тұсаулайды. Жер-ошақтағы тамақтың иісі бұрқырап, асқа енді отырамыз-ау дегенде ат тұяғының тасыр-тұсыры естіледі. Жандары жадырай бастаған ер-әйел тасыр-тұсыр дыбыс шыққан жаққа қараса мұздай қаруланған солдаттар қақ төбелерінде тұр. Бұлар ес жинағанша, қарсы жақтан оқ борап кетеді. Бірі – тастың тасасына тығылады. Енді бірі – атқа мініп, қамшыны сауырға басады.

Әди асудан ары өте алмады. Сасқалақтаған келіншек кісендеулі атқа мініп алады. Бәрі тым-тырақай кашқанда тұсаулы жылқының үстіндегі Әди қосағынан көз жазып қалады. Қызылдар оны Текелі қаласына апарып, сұраққа алады. Жас баласы бар әйелді аяды ма, жоқ келіншегін іздеп күйеуі осы жаққа келсін деді ме, біраз тергеген соң бостандыққа шығарады. Бірақ алысқа ұзамауды ескертеді. Ал, сай жағалаған ағайындылар біраз ұзаған соң бір-бірімен қосылып, бөгде елге апаратын сүрлеуге түседі...

ДАМУ АРНАСЫ

Елімізде әйелдер кәсіпкерлігі академиясының бағдарламасына қатысушыларды іріктеу жалғасуда. Байқауға Түркістан, Жамбыл, Жетісу, Алматы облыстарында тұратын 21 мен 35 жас аралығындағы қыздар келіншектер қатыса алады.



Кәсіпкерлікке – кең өріс

Нарықтық экономикаға көшу барысында Қазақстан экономикалық өсудің негізгі қозғаушы күштерінің бірін кәсіпкерлік деп таныды. Елімізде шағын және орта бизнес дамыған жағдайда орта тап қалыптасып, жаңа жұмыс орындары ашылып, ішкі бәсекелестік күшейеді. Мұның бәрі ақырында азаматтардың өмір сүру деңгейіне оң әсерін тигізеді. Дегенмен дамыған бизнес секторын құру үшін гендерлік теңдік мәселесі өзекті болып қала береді. Оның жетістігі туралы айту әлі ерте болса да, әйелдер кәсіпкерлігі қазірдің өзінде ұлттық экономика мен еңбек нарығында маңызды рөл атқарады. Дәл қазір еліміздің экономикалық белсенді халқының 48%-ға жуығы – әйелдер. Кәсіпкер әйелдер миллионнан астам қазақстандықты жұмыспен қамтамасыз етіп отыр.

Әйелдер кәсіпкерлігі академиясы (AWE) бағдарламасы АҚШ Мемлекеттік департаментіне тиесілі. «Астана» халықаралық қаржы орталығы бағдарламаның серіктесі болып саналады. 80-нен астам елде жұмыс істейтін бұл жоба әйелдерге жаңа бизнес ашу және бар бизнесін кеңейту үшін қажетті білім беріп, дағдыларын жетілдіреді. Бағдарлама бойынша қазірдің өзінде әлемнің түкпір-түкпірінен 16 мыңнан астам әйел оқудан өтіп, өз жобаларын сәтті жүзеге асыруда.

Қазақстанда оқыту қазақ тілінде арнайы әзірленген DreamBuilder онлайн платформасында өтеді. Қатысушылар өз бизнесін құру бойынша практикалық дағдылар мен білім алады, сондай-ақ ағылшын тілі мен қаржылық сауаттылығын жетілдіреді. Конкурстық іріктеуден өткен 100 қатысушы екі топқа бөлініп оқитын болады. Бірінші топ – кәсіпкерлік тәжірибесі жоқ әйелдер болса, екіншісі – белгілі бір деңгейде іскерлік дағдылары бар қатысушыларға арналған. Бағдарлама соңында үздік нәтиже көрсеткен 10 қатысушы Елордада өтетін финалдық шараға қатыса алады, сонымен қатар 1000 АҚШ долларына тең грантқа ие болады. Бағдарлама «Шеврон» компаниясының қолдауымен жүзеге асырылуда.

Жанар ҚОЙЛЫШ

КІРІС

Азаматтардың жауапкершілігі

Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінде декларацияны толық емес немесе кешіктіріп тапсырудың салдары қандай болатыны түсіндірілді.

«Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» ҚР Кодексінде бастапқы салық декларациясы мерзімінде табыс етілмесе салық органдары бірінші рет ескертумен шектелетіні белгіленген. Ескерту жасалғаннан кейін жеке тұлға тарапынан 1 жыл ішінде қайталап заңбұзушылық орын алған жағдайда 15 АЕК мөлшерінде айыппұл салынады, бұл бүгінгі күні 45 945 теңгені құрайды. Егер декларацияда салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуге әкеп соқпайтын толық және дұрыс емес мәліметтер қамтылса, онда салық органдары да бірінші рет ескертумен шектеледі. Ескертуден кейін 1 жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер үш АЕК мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Салықтарды есептеуге әкеп соғатын салық салу объектілерін жасырған жағдайда, жасырылған салық салу объектісі бойынша төленуге жататын салық сомасының 200 пайызы мөлшерінде және мұндай бұзушылық қайталанса, 300 пайыз мөлшерінде айыппұл көзделген. Бұл шара жеке тұлғалар хабарлама берген кезде салық міндеттемелерін орындамаса және салықтық тексеру жүргізілсе қолданылады. Бұзушылықты өз бетінше жою кезінде айыппұлдар салынбайды.

Мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген адамдарға қатысты өткен жылы шілдеден бастап Қазақстаннан тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтауға, шоттар (салымдар) ашуға және иеленуге тыйым салынғанын еске саламыз. Көрсетілген міндеттемелерді орындамау олардың мемлекеттік қызметті немесе өзге де тиісті қызметті тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

Кірісі мен мүлкі туралы декларацияны қағаз түрінде 15 шілдеден кешіктірмей, ал электрондық түрде 15 қыркүйектен кешіктірмей тапсыруға болады.

Салық есептілігін ұсыну және толтыру тәртібі туралы толық ақпаратты **1414** нөмірі бойынша бірыңғай байланыс орталығынан, сондай-ақ, Мемлекеттік кірістер комитетінің kgd.gov.kz және Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің сайтынан алуға болады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЗДОРОВЬЕ

■ МӘЛТЕК МӘЛІМЕТТЕР

Қазақ жері – алтын көпір

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезінің жалпы отырысында Қазақстан аумағын барлық әлемдік діндердің киелі орындары көрініс тапқан картаға теңеді.

«Бұл форумды өткізуге Қазақстанның бастамашылық етуі бекер емес. Себебі, ғасырлар бойы қазақ жері Батыс пен Шығыстың арасындағы көпір болып келеді. Ұлы дала төрінде небір алып көшпелі империялар өмір сүрген. Діни ұстамдылық олардың бәріне ортақ сипат», – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомат Тоқаев бұл орайда ежелгі Қойлық қаласынан жеткен мұраны мысалға келтірді. «Мысалы, еліміздің Алматы облысында Қойлық деген ортағасырлық қаланың орны бар. Сол жерде қазба жұмыстары жүргізілді. XII-XIV ғасырларда осы қалада ислам, христиан және буддизм дінінің ғибадатханалары іргелес тұрғаны анықталды. Шын мәнінде, Қазақстан аумағы барлық әлемдік діндердің киелі орындары көрініс тапқан карта іспетті», – деді Мемлекет басшысы.

Айта кетерлік жайт, екі күнге жоспарланған съезге 50 елден 100-ден астам делегация, оның ішінде ислам, христиан, буддизм, иудаизм, индуизм, даосизм, зороастризм, синтоизм діндерінің өкілдері, сондай-ақ, саясаткерлер мен қоғам қайраткерлері, халықаралық ұйым мүшелері келген.

Ғылыми ізденіс байқауы

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым комитеті жыл сайынғы ғылым саласындағы ізденіс конкурсының басталғанын хабарлады.



Биыл гуманитарлық, жаратылыстану ғылымдары, педагогика және түркология салаларында 6 сыйлық, 75 мемлекеттік ғылыми стипендия беріледі. Мемлекет үшін басым бағыттарда іргелі немесе қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге, ғылыми кадрлар даярлауға белсенді атсалысқан зерттеушілер осы марапатқа үміткер бола алады.

Сыйлықтар мен ғылыми стипендиялар конкурстық негізде келесі бағыттар бойынша тағайындалады:

– жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін Қ. И. Сәтбаев атындағы бір сыйлық;

– гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеуі үшін Ш. Уәлиханов атындағы бір сыйлық;

– педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеуі мен жұмысы үшін Ы. Алтынсарин атындағы бір сыйлық;

– түркология саласындағы аса зор жетістіктері үшін Күлтегін атындағы бір сыйлық;

– жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмысы үшін жас ал[illegible]ға арналған Д. А. Қонаев атындағы бір сыйлық;

[illegible] ғылымдар саласындағы үздік жұмысы үшін жас ға-

■ ТАНЫМ

Тағдырлы тұлға



Жер жаннаты Жетісудың шұрайлы өңірі Сарқанда тағдырлы тұлғалардың аз болмағандығы тарихтан белгілі. Аймаққа нәр беретін үш өзенді қатар еміп, мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын дамытып, бағзыдан бері бақуатты тұрмыс кешкен елдің бағыттаушысы, әрине, жақсы мен жайсаңдардан саралanған көшбасшылары болғаны анық.

Садырдың Мәмбетейінен тараған Ақтауұлы Базарбай би 1840 жылы дүниеге келіп, 1888 жылы тірлік сапары шектелген елеулі тұлға. Тірлігінде әділдігімен танылған, қара қылды қақ жаратын би атанып, болыс болған екен.

Жетісу облысы, Сарқан ауданы Амангелді ауылдық округінің аумағындағы Ақтауұлы Базарбай би кесенесіне алыстан зиярат етіп келетіндер көп. Олай болатын жөні бар. Заманында Базарбай би түйіні қиын дауларды старшындарға, онбасыларға тапсырмай, төрелікті өзі шығыпты. Және шешімдерінен ши шықпағаның көнекөздер кейінгілерге жеткізген. Алыстан ат арылтып келгендер бидің адалдығын, әділдігін айналасына әйгілеген.

Баба кесенесіне біздің де жолымыз түскен еді. Сол жолы Барлыбек Айнабековтың ұйымдастыруымен тарихи кесенеге баба ұрпақтары ескерткіш тақта орнатты.

Базарбайдың баласы Тәсібек те 20 жасында билік айтып, беделді билердің бірі атаныпты. Ел сенімін иеленіп, болыстыққа да сайланған. Қысқаш Садыр болысын құруда ерекше қарым-қабілетімен, қажыр-қайратымен дараланады. Қабілетті жігіт орысша тіл үйреніп, біршама төселгеннен кейін, орысша оқуға тартады. Ауылдарда мешіт ашып, сауаттандыру жұмыстарын ұйымдастырды. Аласапыран заманда тәуелсіз қазақ елін құрамыз деген алашордашылардың қатарынан көрінген.

– Менің әжем Жібек Қайнарбайқызы 14 жасында Мәмбетей ауылына келін болып түсіпті, – дейді осы өңірдегі жақсылар мен жайсаңдар жөніндегі ел аузындағы әңгімелерге қанық зерделі ағамыз Жанат Мұхаметқалиұлы. – Сонда Базарбай бидің зираты бар еді, ескерткіш күмбез көркемдігімен көз тартып тұратын. Тәсібек болыс ауылға келгенде ауылдың келіндері көзіне көрінуге батпай, киіз үйдің жабығынан сығалайтын. Зор денелі, өткір көзді, сұсты адам еді, – деп айтып отыратын әжем.

Жәкеңнің осы деректі берген әжесі 1904 жылы дүниеге келген екен. Демек болыс ауылына келін болып түсуі 1918 жылға орайлас келеді.

Базарбай бидің жолын жалғастырып, тура шешім айтуымен Тәсібек болыс та ел есінде қалды. Топта тартынбай сөйлейтін, кесімді билік айтатын, сөзін оязға өткізе алатын батыл, шешен, әділ, тапқыр тұлғаны ел-жұртының ұмытпасы анық.

Тәсібек би де замандастары сияқты 1928 жылы тәркіленіп, Оралға жер аударылады. Жолда үстіне шешек шығып, қайтыс болған екен.

1917 жылдары ақ пен қызылдың арпалысы кезінде қызылдардың әскеріне көлік, кім-кешек, тамақтарына дейін беріп жәрдем көрсетіп тұрған. Осы жақсылығымды ескеретін шығар деп арғы бетке (Қытайға) қашпаған. Қызылдарға қатты сенген.

Қаламгер-қайраткер Кәкімжан Қазыбаевтың «Сұрапыл» романында Тәсібек болыс туралы құнды деректер бар.

Болыстың қасиеттілігін, ерекшелігін еміс-еміс болса да ел аузынан естіп жүрдік. Мына төмендегі оқиғаны Абай ауылының тумасы Болат Құттыбеков әңгімелеп берген еді:

– Тәркіленіп, тағдыры шешіліп қалған кезеңде аткөсшылыққа жарап жүрген жас жігітке батасын беріпті дескеді:

– Қасиетім балаларыма қонбайтын түрі бар. Батамды саған берейін. Алғырлығың, зеректігің менің көкейіме қонады. Атыңа мін де, артыңа қарайламай шығысты бетке аларсың. Бірақ артыңа қараушы болма, – деп ығыздап тұрып тапсырыпты.

Болыстың айтқанынан шықпайтын жас жігіт аттанып бара жатып әуестігі ұстап артына қараса, болыстың екі иығында от жанып тұр екен.

– Әй, балам-ай, қасиетім саған қонсын деп ықыласым түсіп еді. Амал не, шартты өзің бұздың, – деп өкінген көрінеді болыс.

Жылдар өтті, ғасыр алмасты, заман өзгерді. Тәуелсіздіктің нәтижесінде кезінде «халық жауы» атанған жақсы-жайсаңдарымызды қайта тануға мүмкіндік туды. Осы тұрғыда Тәсібек болыс зерделі зерттеуге сұранып тұрған, есімін мәңгі есте қалдыруға лайықты тағдырлы тұлға.

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

Сарқан ауданы
Жетісу облысы

4
10.12.2022

Jetisý

Сайт: www.7-su.kz
e-mail: Jetisu2002@mail.ru

■ АЗАТТЫҚТЫҢ АҚ ТАҢЫ

ҚАЗАҚТЫҢ ҚОС ШЫНАРЫ



ҚҰРЫШ ТАБЫТ

(Қазақтың қаһарман қызы Ләззат Асановаңың рухына арнаймын)

I

Сере қар – сенсең бөрік сертке киген,
Баркөрнеу*, не түсіндің шертпе күйден?
Сор иісі, сорпа иісі аспандайды,
Шаттығы шымақталған шеткері үйден.

Қос ішек,
...ауық-ауық күй шашалып,
Домбыра үнге басқан үйқы ашарлық!
Шор саусақка шоқынып қонған құты,
Барады шолпан сынды киғаш ағып.

Кім боздар күй құстырған касіреттен?
Жол кешкен жортуылдап,
жасын өпкен;
шор саусақ –
шомбал саусақ тиек таяу
зарлықтың* зәу белінен басып өткен.

Үркек үн – дуалақтай дарақы ұшқан,
Домбыра ақ сөйлемей, ала құсқан.
Думаны тарқатылып бұлт ішінде,
Нажағай соққы берген қарақұстан...

Тан атсын,
тағдыр сазы таратылар,
Үн тынар.
Көкіректе нала туар.
Қайрылмай қос ішектен ұшты-ау әне
дуалақ-күй – қос қарыс канаты бар.

Құлаққа тосын күй кеп, тіксінді ана,
Ажазық,
аяз буған сұп-сұр дала.
Жар ашсаң, алматылық қыз сағынып,
Саз аудар соққан желден ышқындама –

Сорлы ана...
Сере қарын сертке киген,
Баркөрнеу, не түсіндің шертпе күйден?
Кім тартқан?
...Өлген жар ма,
Ләззат па, әлде?
беймәлім күй шалқып тұр шеткері үйде.

**Баркөрнеу – Жаркент жеріндегі тау*
**Зарлық – әлімсақтан келе жатқан домбыра ішегінің бір атауы.*

II

Сол күні Ай тұтылған,
Күн мұнарткан,
Естілген зар шатқалдан, үн қыраттан.
Алатау түксиеді жаннан шошып,
Ажардан,
ақ алаңнан,
Шымбұлақтан.

...Кенсайдан,
Әз Алматы көшесінен,
Шер аққан даңғылдардың нешесінен.
Сол күні каскалдақтың канын ішіп,
Қарысып, тәнірінмен не шешіп ең –

Сен айтшы –
о, тарихы қазағымның?
Алапат таскынында тозағының.
жан қиып жайрап жатқан көп боздақты,
Айналып жел айтып жүр азалы үнін.

Сұрланған тас көшеден бу аткылап,
Аққан жас жөңкіп жатыр бұлақ құрап.
Алатау тұлданады қозғалардай,
Жүрегін мыңға бөліп құрак-құрак.

Тас көше – тас мандайлы тағдырымдай,
Былғауға кім көніпті арды бұлай?!
Жар құшағын көрмеген үр қыздарға
Жендет «шапты» желігіп,
...Қорлығын-ай!

III

«Кеуделеріңде қазақтың қаны барларың алаңға жиналыңдар»

(Желтоқсан жазбасынан)

Алаң-құлаң сол шақта хат тараған,
Қазаққа қамшы басқан Хак тағалан.
Саз өнерін меңгеріп жүрген Ләззат,
Хат караған,
Кеуледе шок бораған!

Қобызын азаттық деп тарткан талай,
Осынша неге ысындың ақ тамақ-ай?!
Арының ақ білтесін сығымдап ап,
Тағдырын тосып тұрған отка қалай.

...Иә, рас хат оқылды,
қыз қызарды,
Қыранша бетке ұстаған мұз құзарды.
Шыңдарды шытынатқан зар толғатып,
Алматы әулиеліктен жүз қызарды.

Дәл сол күн алаң баска,
қарақ баска,
Қан басқа көзден аққан,
сорақ баска.
Шылбырды жат саусакка ілдірмеске,
Жас жүректер «Елім-ай» деп ұрандасқан.

IV

Ызғарлы желтоқсанның желі ызындап,
Бақ тұқырып кетіпті, сор ұзындап.
Ай астында бұркырап қазақ қаны,
Бір ғасырда барады карызым қап.

Ол карыз – боздақ каны,
боздақ жаны,
«Азаттық» – жылап айтар сөз батпаны!
Құлдық камыт асынған, сорлы қазақ,
Шыңдығыңды қай «сайтан» қозғатпады?

О, менің зар Алматым,
Алатауым,
Сол күні сен ұмыттың Ар атауын.
Уығынан сетінеп нар отауым,
Кан құсты Сарыарка мен Қаратауым.

Тұтастай қазақ жерін шер тербеді,
Жанымды одан өңге өртер ме еді?
Бір дауыл екпінінен көмілді ме,
Ақтаңдақ із – касірет өлкемдегі...

Ал тыңда Алатаудың не көргенін,
Арымды әлімсакка шегергенін.
Қан жұтып,
ыза кернеп,
итше ыңырсып,
ерлердің неге күйіп, неге өлгенін.

Қыздар ше?
Қазақ қызы
– қызғалдағым,
Тал бойында мөлтілдеп ізгі арманы.
Ақ арын талақ етіп жендеттерге,
Ак тәнін желтоқсанда мұз кармады.

Жаланаш.
Мұсатыр мұз ...ысындырып,
Бакыттың терiскейге құсын бұрып,
Тоналған арын ойлап,
нарт намыстан
бір ару босап калған тісін жұлып:

– Зорландым!
Қазақ үшін қорландым да,
Жабысты енді кек пен сор қанымa.
Он бала табам әлі бір қазақтан,
Он дарақ косам елдің орманына,

– деп жылап, шамырқана қалшылдаған,
Сен сонда меңірейдің аршыл ғалам!
Бұл сырды қазақ неге жасырады,
Тағы нең бар,
Алатау, аршылмаған?..

V

«Біз бірге оқитындар төртеу болып алаңға бардық. Одан кейін жоғалып кеткен Ләззат 3-4 күн шамасында оралып, өзін қинағанын, тергеу барысында қалғанымыздың аты-жөнімізді айтса істі жабатынын ескертіп, «Мен жазықсыз құрбан болып барамын» деп ақтық сөзін айтты».

(Курстасы Рамазанның жазбасынан)

Намыстан озық туған оғлан көрдім,
Қазақтың сілкіндірген бағлан белін.
Шүйденді ойған соққы, Ләззатым-ай,
Алаштың кайта қозғар калған кегін.

Қарлығаш канатыңмен су ұсынып,
Жүрдің бе бір суынып, бір ысынып.
Сендердің аққан қан мен жастарыңнан,
Азаттық өніп шыққан ұлы шыбық!

Ол бүгін мәуеледі, биіктеді,
Сендерді ұмытар ма сүйікті елің?
Жұмақ мекен Жаркентің күні кеше,
Бейнеңді ақ мәрмәрдан құйып берді.

Қайтейін, ерте солған лала гүлім,
Шеткері үйде калмады ана бүгін.
Құрыш табыт жамылып келген сені,
Қай күйімен тербейін шанағымның?!

Он алты жыл!
он алты көктем көріп,
Ел үшін азаттыққа от дем беріп.
Ерте кеттің,
соны ойласам Хаька деген,
Көкіректі кетердей өкпем керіп...

Сере кар сакалындай иегімнің,
Баркөрнеу белшегіндей сүйегімнің.
Хош, Ләззат!
Қажап кеткен тиегін мұң,
Сен ұлы домбырасы ең күй-өмірдің...

Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ

Есімі елдік деңгейде еленсе...

Алматыда болған бас көтеруді еліміздің бірнеше қалаларындағылар қолдап, жастар көшеге шықты. Өскемендегі Ленин атындағы алаңға жиналған студент жастар тергеуге алынып, жазықсыз жазалана бастағанда Сәбира Мұхамеджанова: «Бәріне кінәлі мен. Алаңға мен үгіттеп апардым. Оларды оқудан қумаңдар. Шеруді де мен ұйымдастырдым» деп курстастарын арашалап қалады. Ақырында тоқтаусыз тексерулер, орынсыз қорлау, жала жабу мен тергеуге төзбеген педагогикалық училищесінің 2-курс студенті жатақхананың 5-қабатынан секіріп, мерт болды. Сөйтіп ол Желтоқсан көтерілісінің құрбанына айналды. Өз өлімімен өзгелерге өмір сыйлады.

Сәбира Мұхамеджанова туралы алғаш рет жазып, қаршадай қыздың өрлігі мен ерлігін елге танытқан белгілі жазушы Асқар Алтай (Асқар Алпысбаев). Ол 1990 жылдары Алматыдан Жазушылар одағының тапсырмасы бойынша Өскеменге және Сәбираның туған ауылы Тарбағатай ауданындағы Ақмектепке келіп, журналистік зерттеулер жүргізіп, нәтижесінде «Он алты жаста еді» деген тақырыппен көлемді мақала жазды. Кейін осы мақала бірнеше газет-журнал мен кітапта басылды. Ал қазір барлық жерде жарияланып жүрген марқұмның портреттік фотосуретін жазушы сол кезде батыр қыздың анасынан сұрап алған екен. Осылайша ел Сәбира Мұхамеджанова есімін білді.

Былтыр Желтоқсан көтерілісіне 35 жыл толғанда Сәбира Мұхамеджанова ақталды. Биыл жазда мен Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде «1986 жылы Өскемен қаласындағы Желтоқсан оқиғасының құрбаны Сәбира Мұхамеджанова өмірінің ақтаңдақтары» тақырыбында магистрлік диссертациямды қорғадым. Бұл – «желтоқсаншы қыз» туралы жазылған алғашқы ғылыми еңбек.

Осы жұмысты жазу кезінде Өскемендегі облыстық мұрағаттағы құжаттардан Сәбираның мектепті кілең беске оқығандығы туралы құжатты таптым. Ол Өскемен педагогикалық училищесіне әр өңірден 8-сыныпты бітіріп келген озат оқушыларды емтихансыз қабылдау туралы № 50/а бұйрықпен қабылданған. Оның 8-сыныпты үздік бітіргендігі, сабақты кілең беске оқығаны, зейінді, зерек, талапты оқушы болғаны жайлы деректерді осы бұйрық дәйектеп тұр.

Тағы бір мұрағат құжатында Сәбираның өлімінен соң, педучилище комсомол комитеті отырысының 5 қаңтар 1987 жылы жазылған № 23 хаттамасы көрсетілген. Онда оқудан шығаруға ұйғарылған студент жастардың кейбіріне ескерту, кейбіріне сөгіс беріліп, оқуда қалдырылғаны жайында жазылған. Осылайша ол өзінің өмірін қию арқылы курстастарының білім алуына, одан ары өмір сүруіне жол ашты.

Сәбира оқыған бұрынғы педучилище, қазіргі Абай атындағы Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжінің мұражайында оның қайтыс болуына байланысты оқудан шығарылғаны туралы құжат – бұйрық бар. 1986 жылы 29 желтоқсанда училище директоры Н. Баранов қол қойған №141/а бұйрықта «2-ШО-3 тобының оқушысы С. Мұхамеджанова қайтыс болғанына байланысты оқудан шығарылды» делінген.

Жоғарыда айтылған ресми құжаттар қоғамдағы «Сәбира өлімінің Желтоқсан көтерілісіне еш қатысы жоқ немесе тәртібі нашар болған» деген сынды түрлі теріс көзқарастарды жоққа шығарады. Желтоқсанның қаһарман қызы туралы магистрлік диссертациямды сәтті қорғадым. Алдағы уақытта оны толықтырып, монография етіп құрастыру жоспары бар. Желтоқсаншы қыз туралы сыр әлі толық айтылған жоқ, оны зерттеу енді басталды.

Сәбираға құрмет көрсету, еске алуға қатысты шаралар биыл күзде жалғасып, біраз жұмыстар жүзеге асырылды. Қыркүйектің басында Шығыс Қазақстан облыстық «JELTOQSAN 86» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Марат Рамазановтың бастамасымен Зайсан қаласында жаңадан салынған үйлер орналасқан «Заречный» мөлтек ауданының 8-шартты көшесіне Сәбира Мұхамеджанова есімі берілді. Жаңа көшенің ортасына таман алдағы уақытта құрылысы басталатын жаңа зәулім мектептің орны қалдырылған, көше одан ары қарай тауға дейін жалғасады. Жаңа мектеп орналасатын көшеге Желтоқсан батырының есімін беру өскелең жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеудің үздік үлгісі екені сөзсіз.

Көшенің ашылуына Тарбағатай ауданынан арнайы Сәбираның туған ағасы Мұратай (шын есімі Мұратхан) келді. Ол: «Мен қатты қуанып тұрмын, бүгін қарындасым тіріліп келгендей күйдемін» деп толқыды. Астана, Алматы, Тараз, Түркістан, Шымкент, Павлодар, Өскемен қалалары мен Тарбағатай, Күршім аудандарынан келген «желтоқсаншылар» жүрекжарды тілектерін айтып, іс-шара жоспары ары қарай республикалық «Желтоқсан жаңғырығы – жүрегімнің жарасы» тақырыбындағы теориялық конференциямен жалғасты. Қазанда Шығыс Қазақстан облыстық «JELTOQSAN 86» қоғамдық бірлестігінің жетекшісі Марат Рамазанов пен осы бірлестіктің Тарбағатай ауданы бойынша төрағасы Бақыт Қатшабаевтың ұйымдастыруымен Сәбираның жерлестері мен құрбы-құрдастары және көпшілік бірлесіп, марқұмның ағасы Мұратханға туған ауылы Ақмектептен үй алып берді.

Туған жерінде Сәбира мүмкіндігінше құрметтеліп, тағзым ету, есте, қалдыру шаралары қолға алынуда. Дегенмен, ел бойынша Желтоқсан көтерілісінің ресми құрбаны болып айтылғанымен, әлі де оның есімін біреу білсе, біреу білмейді. 2011 жылы 1 желтоқсанда Желтоқсан көтерілісінің 25 жылдығына арналып өткен «Тәуелсіздік бастауы – желтоқсан» атты халықаралық жыр мүшәйрасында жүлделі орындардан бөлек К. Рысқұлбеков, Л. Асанова, Е. Сыпатаев атындағы арнаулы жүлделер тағайындалғанда, Сәбира Мұхамеджанова аталмай қалды. Қайрат Рысқұлбековке «Халық қаһарманы» атағы берілген. Тараз қаласында ескерткіш пен саябақ, Семей қаласында атында мектеп бар. Ләззәт Асанова мен Ербол Сыпатаевка Жаркент қаласының орталығында еңселі ескерткіш қойылған. Алматы энергетика және байланыс университетінде Ербол Сыпатаев атындағы оқу залы ашылған. Жетісу облысы орталығында Ләззат Асанова және Ербол Сыпатаев көшесі бар. Мектептерге есімдері берілуде. Ал 16 жасында құрбы-құрдастарын қорғап қалып, өзі ажал құшқан Сәбира Мұхамеджановаға арналған мұндай елдік деңгейде істер жоқ.

«Осыдан бір-екі жыл бұрын облыстық тіл басқармасына Сәбираның ауылындағы мектепке оның есімін беру жөнінде хат жазылды. Алайда, олар бұл ұсыныстың республикалық ономастикалық комиссияның мақұлдауынан өтпегенін айтады. Себебі, Сәбира Мұхамеджанова танымал тұлғалар тізімінде жоқ екен. Ел үшін құрбан болған қайсар қыздың есімінің танымал тұлғалар қатарында аталмауы өте өкінішті екені анық. Біз мұнымен тоқтап қалмай жұмыс істей береміз», – дейді Маратбек Рамазанов.

Араға 35 жыл салып барып, былтыр ғана ақталған Сәбира Мұхамеджанованың есімі алдағы кездері жалпы елге аян болып, осы уақытқа дейін сең болып қатқан мұз еріп, жадырап -жайнаған жаз келер деген үміт үлкен. Сәбираның есімі ел деңгейінде еленіп, халық батыр қызды білер, біз бұған сенеміз және осы іске атсалысамыз.

Қуаныш ҚАБИДОЛДИН,
Абай атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Тарбағатай ауданы
Шығыс Қазақстан облысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі:
«Өлке тынысы» ЖШС

Директоры
Досан АТАНТЕЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 40-20-71

Бас редактор
Болат АБАҒАН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қарашада тіркеліп, № 17368-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі — 40-20-64, бас редактордың орынбасарлары — 40-20-65, 40-20-67, жауапты хатшы — 40-10-30, бөлімдер — 40-00-98, 40-11-19, 40-00-15, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі — 40-20-78, фототілшілер — 40-20-79, жарнама бөлімі — 40-20-69, 8 775 355 89 58, 8 747 410 69 09.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 8 747 688 17 41.

Меншікті тілшілер: Алакөл ауданы — 8-777-388-57-77, Панфилов ауданы — 8-708-442-43-76, Іле және Қарасай аудандары — 8-701-347-60-32, Қонаев қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданы — 8-701-212-00-96, Жамбыл ауданы — 8-701-254-97-55, Талғар ауданы — 8-701-400-28-49, Райымбек, Кеген және Үйғыр аудандары — 8-775-323-08-50

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 30-69-47 телефонына хабарласу керек.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде іб-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

«Jetisý» газеті мен сайтында жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

«Jetisý» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі. Газет алтасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері қазақ, орыс алфавиттерінде шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша сенім телефоны: 87773880990

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы,
Жұмахан Балапанов көшесі,
28-үй, 4-қабат
8 747 390 09 90

Газет Талдықорған қаласы,Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде,"Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс – 1220
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы — 30 110, оның ішінде «Jetisý» газетінің осы шығарылымының таралымы — 20 010.
Индексі – 65469.